ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТАРАЗСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ ШЕРХАНА МУРТАЗЫ
INTERNATIONAL TARAZ UNIVERSITY NAMED AFTER SHERKHAN MURTAZA

# «М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН АДАМГЕРШІЛІК ҰСТАНЫМДАР»
# АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

28-29 қараша, 2025 ж.

# МАТЕРИАЛЫ
# МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И НРАВСТВЕННЫЕ ПРИНЦИПЫ В ЛИТЕРАТУРНОМ НАСЛЕДИИ М.ДУЛАТУЛЫ»

28-29 ноября, 2025 г.

# MATERIALS OF THE INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICAL CONFERENCE « THE NATIONAL IDEA AND MORAL PRINCIPLES IN THE LITERARY HERITAGE OF M. DULATULY»

28-29 November, 2025

## (II-том)

Тараз-2025

**УДК 82.321 (057)**

**ББК 82.2 Каз-589**
**М 82**

**«М.Дулатұлының әдеби мұрасындағы ұлттық идея мен адамгершілік ұстанымдар»** атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Тараз, 28-29 қараша, 2025.– 553б.

**«Национальная идея и нравственные принципы в литературном наследии М.Дулатулы»** – сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Тараз, 28-29 ноября, 2025. – с.553.

**ISBN 987-301-8579-07-9**

Жинаққа 2025 жылдың 28-29 қараша аралығында өткізілген «М.Дулатұлының әдеби мұрасындағы ұлттық идея мен адамгершілік ұстанымдар» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияда тыңдалған баяндама материалдары енгізілді.

Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның мақсаты – М.Дулатұлының шығармаларын негізге ала отырып, «М.Дулатұлының мұрасы – ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясының қайнар көзі», «Филология – тіл мен әдебиеттің тоғысқан ғылымы», «Білім берудегі инновациялық технологиялар», «Гуманитарлық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары» бойынша тың баяндамалар жинақтау.

Конференция жинағына еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындарының, шетел мен жас ғалымдардың, магистранттар мен студенттердің, сондай-ақ, мектеп мұғалімдері мен оқушылардың ғылыми жұмыстары енгізілді.

**Редакция алқасы:**

**Редакционная коллегия:**

Сарыбеков М.Н. – п.ғ.д., профессор – төраға; Мүшелері: Кудайбергенов Арман Ергалиевиев– п.ғ.к., доцент, Нурбеков Т.Б. – PhD, Беркенова Р.А. – ф.ғ.к., профессордың ассистенті, Пертаева Э.Қ. – ф.ғ.к., профессордың ассистенті, Бекбергенова З.У. – ф.ғ.д., профессор., Сәрсенбай Ж. А. – PhD, Мұхамади Қ.Т**.** – ф.ғ.к., профессор, Исакулова Н.Ж.– п.ғ.д., доцент, Жуманиязова М.Т. – п.ғ.д., доцент, Шамшетова А.К. – псих.ғ.д., доцент, Торткүлбаева Т.А. – PhD доқтор, Палымбетов К.С. – ф.ғ.д., доцент, Наз Пенах – PhD доктор, Белботаев А.Б. – ф.ғ.к., доцент, Кәрібаева А.Ө. – ф.ғ.к., доцент, Кужаева М.Т. – ф.ғ.к., профессордың ассистенті, Әбілов М. – ф.ғ.к., профессордың ассистенті, Қазжанов Ғ.Т. – п.ғ.м., Архабаева Г.Е. – аға оқытушы, Игиликова Э.С. – қазақ тілі мен әдебиеті магистрі, сеньор-лектор, Сарсенбаева М.Б. – п.ғ.м, сеньор-лектор, Саржаев О.Т.– сеньор-лектор, Тлепова Б.П. – аға оқытушы, Стамкулова Б.Ш. – п.ғ.м., сеньор-лектор, Исабекова Н.Н. – педагог-зерттеуші, Жоланова Г.Е. – э.ғ.м., педагог-модератор, Алипбаева С.Н.–педагог-зерттеуші, Турумова М.Д. – педагог-сарапшы, Байшонова И.Ш. – педагог-модератор, Исмамбетова Л.М. – педагог-модератор, Юсупова А.Г. – педагог-зерттеуші, Пертаева Г.К. – педагог-модератор, Жуманова Г.А. – педагог-зерттеуші, Султанбекова А.Д. – педагог-зерттеуші, Адиева Ж.Ш. – педагог-сарапшы, Аймбекова А.Е. – педагог-зерттеуші, Карабаева А.А.-педагог-зерттеуші, Раисова Н.Т.–педагог-зерттеуші, Беркен Ж.Қ. – педагог-модератор, Лопатина Н.В. – педагог-мастер, Тойшыбекова М.А. – педагог-сарапшы, Ибрагимова Ж.А. – педагог-мастер, Мирзахаликова К.М. – педагог-сарапшы, Қалиева Р.Б. – педагог-сарапшы

**ISBN 987-301-8579-07-9**

# М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

ӘОЖ 92.651( 025)

## М.ДУЛАТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

**ТОПАШОВ МЕРЖАН ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ**
Қарағанды университетінің доценті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены произведения представителя казахской литературы Миржакыпа Дулатова, проанализированы его поиски духовного пробуждения нации. Акцентируется внимание на поэтических способностях в рассуждении, высказывании, осмыслении идейно – тематических особенностей произведений. Кроме того анализируются статьи, опуликованные в разные годы. Поиски в области национальной идеи также рассматриваются в данной статье. Его труды по пробуждению духа нации оценены по-своему. Изучается национальная культура и связь.

**Summary.** The article specifically examines the works of the representative of Kazakh literature Mirzhakip Dulatov, analyzes his search for spiritual awakening of the nation. The ideological and thematic features of his works are differentiated, attention is paid to the poetic ability to express opinions and express thoughts. In addition, articles that have seen the printed page in different years are also taken to the core of the article and analyzed. His searches in this area are also considered somewhat more seriously in the article. His work to awaken the spirit of the nation is given its own assessment. National culture and communication are studied.

ХХ ғасыр басында алаш арыстары саяси - қоғамдық ой-сана белсенділігін біршама арттырғаны мәлім. Олар бұл істе ұлттың ұйытқысы болып, жанашыл идеялардың жаршысы ретінде әрекет етті. Отарлау саясатына қарсы ашық үн көтеріп, сол жолда өздерінің шығармашылық ізденісімен де, қоғамдық - саяси қызметімен де көшбасшы болып, халқының ақылшысына айналды. Сондай бірегейлердің бірі - Міржақып Дулатов болды. Ол «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы арқылы қазақтың бүгіні мен болашағына ұйытқы бола алатын ұлттық идея мәселесін көтерді. Ұлттық идея ғана қазақ елін тәуелсіз мемлекет ретінде танытып, оның бүгіні мен ертеңіне іргетас бола алатынын жақсы түсінді. «ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялылары өздерінің бейімділігі мен ізденістері нәтижесінде байырғы түрік мәдениетіне, оның Байкал көлінен бастап, Қара теңізге дейінгі аралықтағы ұлы далаға үлкен, күшті тайпалық бірлестіктер құрып, дүниежүзілік тарихта із қалдырған ұлы Түрік қағанатының батырлық, ерлік істеріне қанық болды да, солардың тікелей ұрпақтары ретінде өз халқын сол бай тарихи, аталар дәстүрімен патриотизмге жігерлендіру арқылы отарлық саясат пен ұлттық езгіге қарсы тұру санасын оятқысы келді»[1,10 б]. Ел бірлігі, оның тәуелсіздігі мемлекетті сақтау үшін басты құндылық болып саналған. Тәуелсіздік түсінігі ұлтымыздың ұлы мұраты болуы осыдан. Ғасырлар бойы халықтың арманы болған тәуелсіздік Күлтегін, Тоныкөктердің, одан берідегі Асан Қайғы, Бұқар жыраулардың, сәл кейініректегі Дулат, Шортанбайлардың ғибратымен жеткен аманат дүние болатын. Бұлардың өлең - толғаулары, даналық сөздері туған халқының өткені мен болашағына деген сүйіспеншілік, оның тарихи болмыс – бітімі мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген. Міржақып қазақтық қалыпты сақтау, ұлт тұтастығына жарықшақ түсірмеу - ата - баба жолы, өзіне тапсырылған аманат деп түсінді. Ол өзінің перзенттік парызын, азаматтық қарызын жақсы білді. Ұлтының басқаның отарында, жаттың қорлығында болуы қатты толғандырды. Ұлттың рухани мүддесі мен мақсат – мұратын түсініп «Оян, қазақ» стратегиялық бағдарламасын түзді. Міне, осындай ұлттық дүниетанымынан туған өлеңдер ұлт санасының оянуымен, тәуелсіздік идеясымен тікелей байланысты болды. Осыған орай оның өлеңдері де жаңа саяси – ұлттық мазмұн иеленді.

Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамасты.

Осылай ұлтқа деген сүйіспеншіліктен туған өлең ұлт идеясы болып өрістеді. Бұл ұлтқа үлкен ой салды. Санасына жарық сәуле түсірді. Оның негізінде ұлтқа деген үлкен жанашырлық жатты. «Оян, қазақ», одан туындаған ұлт идеясы қазақ халқының азаттығы үшін саяси күресте бас біріктіретін бағдарламасына айналды.Демек, «Оян, қазақ» ұран болып, қазақтың ұлт ретінде бірігу, тұтасу дәуірін бастап берді.

Ұлт мәселесін туындататын – отаршылдық идеологиясы және саясаты. Ресей империясы отарлаудың небір сұрқия саясатын іс жүзінде де, сөз жүзінде де шебер жүргізе білді. Қазаққа саяси, рухани еркіндік берілмеді. Елдігін жоғалту қаупі туды. Мұны қазақ зиялылары жақсы түсінді. Сондықтан олар отаршылдыққа қарсы тұрып, сол тұстағы саяси ахуалды ұлттық мүддеге сай міндеттермен ұштастыруды ұсынды. Бұлар ұлттық санаға елдік қасиеттер дарытты. Азат ел болуға қажетті ұлттық мәселелерді көтерді. Ұлт азаттық мұраттарын темірқазық етті. «Зар заман өлеңдерінде азаттықты аңсаған қазақтың рухы сақталды. Бұл шығармалардың өзегінде ұлтты езгіден құтқару идеясының негізі қаланды»[2,58б]. Зар заман ақындарының шығармалары ұлттың саяси қоғамдық-әлеуметтік ой-сана белсенділігін де біршама арттырғаны рас. Осының нәтижесінде ұлттық әдебиеттің тақырыптық – идеялық мазмұны кеңейді, көркемдік дәрежесі өсті. Сөйтіп, тіршілік тынысымен үндескен, өмір шындығымен суарылған шығармалар өмірге келді. Дәл осы тұста ақындардың шығармашылық үндестіктері, байланысу, тоғысу арналарына жаңа мүмкіндік ашты. Бұл өз кезегінде шығармашылық байланыстардың жан-жақты, әрі терендей дамуына, яғни тақырыптық, жанрлық, көркемдік түрғыдан ілгерілеуіне ықпал етті. Дәлірек айтқанда, отарлық езгі құрсауында болуы, соның негізінде туындаған азаттық, ағартушылық көзқарастар токайластығы, алаш арыстары шығармаларына әсері болды. Бұл ақындардың өзара рухани алмасулары ұлт тағдырының ортақтастығын ғана көрсетіп қоймай, шығармашылық ізденістер бірлігін, идеялық- тақырыптық сәйкестігін, этика -эстетикалық үйлестігін де білдіреді. Осылай уақыт талабынан туындаған мүдде ортақтығы, мақсат бірлігі Міржақыпты да ұлт тағдырын жырлауға итермеледі.

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында,
Біз кірдік Руссияның фанасына.
hүнерсіз бостығымыз көрінген соң,
Қызықбас кім қазақтың баласына?
Жылында мың сегіз жүз алпыс сегіз
Таралып жылдан жылға жер-суымыз
Мұжықтың кетті бәрі қаласына.
Қадірдан халық билеген ақсақалдар,
Бұл іске фәһім назар саласың ба?
Темірді қызуында соқпай қалып,
Нәсіліңнің көз жасына қаласың ба?
Кір жуып, кіндік кескен хайран жерлер,
Мұжыққа, хош аман бол, барасың да.

Халықтың құтты қоныс, құнарлы жерлерінен айрылып, бодандықтың қамытын кигені Міржақыптың ойынан шықпайтын қайғы-шері болды. Ұлы даланың рухы мен даналығын қанына сіңірген, жаратылысынан ұлтшыл Міржақып міне, осы тұста халқының қамқорына, басқыншылардың айыптаушысына, еркіндігі мен елдігін жоғалта бастаған халқының жоқшысына айналды. Өз халқының тағдырын ойлап, қатты қамыққан ақын «Таршылық халіміз хақында аз мүнәжат», «Қазақ халқының бұрынғы hәм бүгінгі халі», «Алашқа», сияқты өлеңдерінде дәуір дидарын дұрыс танып, уақыт туындатып отырған. мәселелерді орынды көтере білді.

Кез – келген идеяның өміршең болуы нақты іс-әрекетті қажет етеді.Онсыз ұлттық идея қалыптаспайды. Өйткені ұлттық идея өздігінен жүзеге асатын құбылыс емес. Ол өмір мұқтажынан туындайтындықтан, белгілі бір кедергілерге қарамастан, оның жүзеге асуы шарт. Ұлт ертеңін ойлаған ақын өлеңдері арқылы қазақтың ұлттық идеясы сапалық тұрғыдан қайта жаңғырып, саяси тұрғыдан ширығып, нығая түсті. Өлеңдерінің ұлттық- күрескерлік рухы қазақ елін жаңа бастамаларға жетелеп, халыққа ізгі ниеттер меңзеп, ұлттық сезімін күшейте берді. Осыған орай, ол ұлт рухын оятып, халқын азаттық үшін күреске ашық шақырды.

Азаматтың міндеті елді қорғау,
Төнгелі тұр басына күшті толғау.

Ұлт жанашыры болып, тәуелсіздіктің туын көтерді. Өзін тәуелсіз мемлекет құру идеясы үшін күрескен қайраткер санатында көрсете білді. Елдіктің, тәуелсіздіктің рухы болған Міржақып шығармаларының идеялары ұлт мұратына, алаштың бағдарына айналды. Ұлтына

деген ұлы сүйіспеншілік, ерлік пен тәуекелге толы мәңгілік күреске ұласты. Өшіп бара жатқан ұлттық сананы қайта оятты.

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, айсыз түндерде,
Жол таба алмай сенделіп,
Адасып алаш жүргенде,
Бүл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын сонда қайда едің?...
Сарыарқа сайран жерлерім,
Көкорай шалғын көлдерім,
Бәрін жауға алдырып,
Асқар тау - биік белдерім.
Қысылып қазақ тұрғанда,
Данышпандар, қайда едің?. –

Бұл өлеңінде азаттық жолындағы күресті баяндай келіп, ұлт мүддесін емес, өз мүдделерін көбірек күйттеп жүрген қайраткерлерді сын садағына алады. Олардың сын сағатта бұғып қалатын жағымсыз әрекеттеріне қынжылыс білдіреді. Ұлтына қорған бола алмағандарына реніш айтады.« Қайда едің» деп сұрақ қою арқылы сол кездегі атқамінерлердің, шолақ белсенділердің бейнесін көз алдыңа әкеледі. Ақынның жан тебіренісі тек оның жеке басының трагедиясы емес, ол – ұлттың кешкен қайғы – қасіреті. Сол себепті оның өлеңдері ұлттық сипатқа ие болды. Оның өлеңдерінде ұлттың рухы, қоғам шындығы бейнеленді.

Жинақта отаршылдықтың озбырлығын, зардап-қиянатын, кесір - кесапатын жан-жақты талдайды. Отаршылдық әрекеттің сырын әр қырынан ашып көрсетеді, бодан болудың себеп-салдарына көз жібереді. Ұлтты сақтау үшін елдің бірлігін мығым ете түсетін біртұтас идея, алға жетелейтін бағыт – бағдар, мақсат – мұрат болу керектігін терең түсінеді. Қысқасы, М. Дулатұлының «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы ұлттық оянудың шырқау шыңы, жалпы қазақтық идеяға апарар баспалдақ болды десек, жарасады.

Оның шығармашылық әлеміне зер салсақ, ол үнемі халқының алға ілгерлеуіне, дамып – жетілуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, ұлттық идеяны мүмкіндігінше дәріптегенін байқай алады. Өсіп – өркендеудің өзегі білім мен ғылымда екені белгілі. Сол себепті ол ұлтының үздіксіз оқып – үйренгенін бар жан – тәнімен қалады. Әсіресе, оқу-ағарту саласында ауқымы кең, еңбегі ерен жұмыстар атқарды. Арнайы математикалық білімі болмаса да, осы салада біршама еңбектенді. Халыққа ғылым – білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін дұрыс жолға қоюға күш салды. Қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында математиканы пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулық жазды. “Бұл күнге шейін қазақ тілінде әліппе, қирағат кітаптары болса да, есеп кітабы жоқ еді. Қазақша шыққан ең бірінші есеп құралы осы”[3,48 б]. Сөйтіп ол халықтың сауаттылыққа бет бұрып, білімді болғанын қалады. Өйткені, білімнің, сауаттылықтың саяси, қоғамдық әрі рухани үлкен күш екендігін жақсы сезінді. Дамыған халықтардың білім беру тәжірибесімен таныс Міржақып оқу-ағарту ісі туралы ұсыныс жасаудан жалыққан емес.

Сонымен қатар қазақ зиялыларының жан – жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда да Міржақып Дулатовтың еңбегі айрықша болды. Ол « Қазақ зиялылары» мақаласында қазақ зиялыларының болашақта ұмтылар бағыт – бағдары мен идеялық тұғырын айқындап береді. Әрі елімізде ұлттық сананың өрлеу үдерісі мен ұлт зиялыларының қалыптасуына кең жол ашты. Демек, ол ұлт зиялыларының да зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан ұстазы болды. Бүгінгі қазақ зиялыларына да қатысты көптеген жаңа міндеттер айқындалып отыр. Міржақыптың сөзінде зиялылықтың тетіктері қандай болу керектігі айтылады. Бұған қоса, ұлттың рухани әлеуетін арттыру үшін мәдениетіміз бен идеологиямызды одан әрі дамыту қажеттігі тағы бар. Бұл айтылған мәселелер зиялы қауымға үлкен жауапкершілік жүктейді. Рухани өзгерістердің қоғамға өлшеусіз өзгеріс әкелетіні анық. Бұл білім –ғылыммен тығыз байланысты құбылыс.Ол әр азаматтың заманауи талаптарға сай білім алуына, ғылыммен түбегейлі айналысуына, өзге де құндылықтарды игеріп, меңгеруіне толықтай жағдай жасалып жатқанын « Оқу жайы», «Ғылым төңкерісі» деген мақаларында баяндап өтеді. Сондықтан, білім – ғылым дамыған жағдайда қоғам сауаттанады деп есептейді. Бұны қазақ қоғамының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп – өркендеуіне, болашақ ұрпақтың дұрыс қалыптасуына үлес қосар негізгі фактор санайды. Осыған орай, ғылым – білім саласы заманауи сұраныстарға лайық дамығанын қалайды. Қазақ тілінде білім алуға мүмкіндік туғанына қуанады. Әрине, бұл

жолда түрлі кедергілер кездесетінін жасырмайды. Болашақ үшін аса маңызды болып отырған қазақ тілін ғылым тіліне айналдыру жолында қарымды қайрат көрсетуге тиіспіз дегенді алға тартады. Қазақ тілінің ғылым тіліне айналуы қазақ қоғамы үшін аса қажет дүние екенін ескертеді.

Ұлттық идеяға негіз болатын, халықтың тағдырын анықтайтын саясат,экономика, білім, мәдениет, салт – дәстүр, тіл, т.б. өзекті салаларды саралап мақалалар жазды. Әсіресе, тіл тағдыры қатты алаңдатқан. « Мен заманында қандай едім? Мен ақын,шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын,былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім. Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты қосты» Бұл үзінді Міржақып Дулатовтың « Қазақ тілінің мұңы» дейтін мақаласынан алынып отыр. Ал бұл қауіптің алдын алудың жалғыз жолы – сандаған ғасырлар бойы орнығып қалыптасқан тілімізді сақтап қалу. Сол кездерде уақыт ағымы ұсынған проблемаларға ұрынған халық өзінің тілін жоғалтып алуы ықтимал еді. Әсіресе, орыс, ноғай тілдерінің қыспағына ұшыраған қазақ тілінің ахуалы. Өз тілін өзге тілмен шұбарлаудың арты жақсылыққа апармасы анық. Осыны түсінген ол енді тіл деп шырылдайды. Көз алдында туған тілінің солғын тартып бара жатқанына жаны күйзеледі. Қоғам құбылуларына қарай бәріне де көнуге болар. Ал ұлттың жаны болып табылатын тілге араша түспеу, кешірілмес қателік екенін жақсы түсінеді. Тіл шұбарланған сайын, қадір – қасиеті кемиді. Өзінің бастапқы құндылығын жоғалтады. Бұдан ұлттың рухы солады, еңсесі түседі, еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі әлсірейді. Тіл ұлттың рухы, жаны, болмысы.

Демек, ұлттың рухани болмыс–бітімін қалыптастыруда тілдің атқарар қызметі орасан. Осыны ұғындырып, түсіндіре кеткен. Бұл да Міржақыптың ұлт руханиятын қорғау жолындағы жан айқайы еді. «Задында , қай ақынның болмасын пікір – толғаныстары сол замандағы қоғамдық оймен, халықтық мүддемен ұласып жатады, сөйтіп, ақын ойы ,жыры өз замандастарының көңіл – күйі, арман – тілегімен , сол арқылы бүкіл қауымның идеялық – эстетикалық мұрат – аңсарымен ұштасып, жалғасары анық» [4,194 б]. Ұлт жанашыры Міржақыптың қаламынан туған өлеңдері мен жазған мақалары халықтың ойынан шығып жатты.Талап -тілектерімен ұштасып, рухымен үндесіп, дүниетанымымен сабақтастық тапты. Сөздің тоқетері, ол XX ғасыр басындағы қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, мәдени, әдеби маңызы зор құндылықтарын терең талдап, «Қазақ» газетінде жариялап отырды. М.Дулатұлы халықтың мұңы мен зарын сөз еткен, оның дұрыс жолмен шешілуіне ықпал жасаған публицистикалық еңбектерімен ұлт тәуелсіздігінің негізін қалыптастырғандығын «Қазақ» газеті арқылы дәлелдеп берді. « Осы ұлы істің ұйытқысы болған «Қазақ» газетінің барлық ішкі -тысқы жұмыстарының қайнаған қалың ортасында өзінің қажыр – қайратын түгел жұмсап, ұтқыр сөзімен де, ұшқыр қаламымен де, өз халқының ұлттық мүддесіне қызмет еткен Міржақып Дулатұлының қымбат бейнесі тұлғаланып көрінген еді» [5,26 б]. Бұл жолда ол ерен еңбек етті. Қажып - қалжырауды білмеді. Ол ұлы далаға тәуелсіздік дәнін егіп, ұлтты біріктіретін тұлға ретінде керемет идеялар ұсынды. Осы идеялар, сол мұрат бүгінгі қазақ елінің ұлттық ұстанымына айналуда. Жазған мақалалары, өлеңдері Міржақыптың «ұлт идеясын» қалыптастыруға өлшеусіз үлес қосқанын даусыз айғақтайды. Оның қаламынан туған қайсыбір дүниелері әрқашан ұлт идеологиясының темірқазығы болып қала береді. Өйткені оның ұсынған ұлы идеялары бүгінгі Қазақстанның тәуелсіз мемлекет болып мәңгі жасауына тірек болары даусыз. Тәуелсіз мемлекет болу, ғылым - білімді игеру, мәдениетке иек арту, – міне, Міржақып шығармаларының мәні. Осы ой – тұжырым бүгінде өзекті.

Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі

Пайдалан шаруаңа жараса, алаш!-деп Міржақыптың өзі айтқандай, оның шығармаларының идеялық-тақырыптық құндылықтарын саралау, оны ұлттың рухани қажетіне жарату жұмыстарына қатты мән беруіміз керек. Мұны мезгілдік науқанға айналдырмай, зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру ауадай қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әсіп С. Қазақ қасіреті. – Алматы: Қазақстан,1994.-14б.

2. Омаров Б. Зар заман әдебиеті: Монография. Генезис,типология, поэтика.-Астана: Елорда, 2025.-372б.

3.Байтұрсынұлы А. Шығармаларының академиялық толық жинағы: Бестомдық. 4-том. Астана,2023.-776б.

4.Сүтжан С.Қазақ–түркі әдеби байланыстары: Монография.-Павлодар:ПМПИ,2005.-204б.

5.Ысмағұлов Ж. М.Дулатұлы: Әдеби сын,зерттеу мақалалары.- Алматы: Мектеп,2013.-389б.

ӘОЖ 94(574):37.01

# АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ ИДЕЯЛАРЫ ЖӘНЕ М.ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ОРНЫ

**СУГИРОВ БАГЛАН АЗИМБЕКОВИЧ**
Көктал орта мектебінің директордың құқық жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Анотация.** Воспитательные идей «Алашских львов» – это ценнейшее духовное наследие, направленное на воспитание национального духа, нравственности и воспитания подрастающего поколения. Своей главной задачей они считали воспитание свободомыслящих, патриотичных и ответственных детей. Среди них Миржакып Дулатуллы считал, что будущее нации – в руках образованной, сознательной, воспитанной молодёжи. Его творчество – яркое отражение национального самосознания и педагогических учений. Миржакып – педагог, первым системно продвигавший идеи национального воспитания, и его идеи могут стать основой для современной системы образования.

**Summary.** THE EDUCATIONAL IDEAS OF THE "ALASH LIONS" represent a valuable spiritual legacy aimed at cultivating the national spirit, morality, and upbringing of the younger generation. They considered their primary goal to be the education of free-thinking, patriotic, and responsible children. Among them, Mirzhakyp Dulatully believed that the future of the nation lies in the hands of educated, conscious, and well-mannered youth. His work is a vivid reflection of national self-awareness and pedagogical teachings. Mirzhakyp is an educator who was the first to systematically promote the ideas of national education, and his ideas can form the basis for a modern education system.

Қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы күресі мен ұлттық сананы оятуда Алаш қозғалысының орны ерекше. XX ғасырдың басында қалыптасқан Алаш зиялылары қазақ қоғамын жаңғыртуды, білім беру жүйесін жетілдіруді және тәрбиенің ұлттық негізін сақтай отырып, заман талабына сай ету қажеттігін көтерді. Олар үшін ең басты мақсат – елді өнер-білімге жетелеу, ұлттық бірегейлікті сақтау және жастарды елге қызмет ету рухында тәрбиелеу болатын. Осы бағыттағы ең көрнекті тұлғалардың бірі – Мұхаметжан Дулатұлы (Міржақып Дулатұлы). Оның педагогикалық көзқарастары қазақ қоғамында тәрбие мәселесін жаңа деңгейге көтерді.

Алаш жетекшілері (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедұлы және т.б.) тәрбие негізін ұлттық құндылықтардан іздеді. Олар қазақ халқының салт-дәстүрін, дүниетанымын, әдеп нормаларын тәрбиенің негізгі арқауы деп таныды.

Жас ұрпақ өз тегін, мәдениетін, тілін білмейінше, толыққанды тұлға бола алмайды деген ұстаным басты орын алды.

Алаш зиялылары үшін білім беру тек сауат ашу ғана емес, адамды адам ету жолы болды. Тәрбиенің мақсаты –

- ақылды,
- еңбекқор,
- арлы,
- отаншыл тұлға қалыптастыру.

М.Дулатұлы да, А.Байтұрсынұлы да әйел теңдігін қолдап, тәрбие ісінде ананың рөлі жоғары екенін насихаттады. Қазақ қоғамының дамуы үшін еңбекке баулу ерекше орын алды. Алаш зиялылары үшін еңбексіз адамның қоғамға пайдасы аз, сондықтан әр бала жастайынан:

- адал еңбек етуге,
- жауапкершілікке,
- үнемшілдікке үйретілуі керек деп санады.

Міржақып Дулатұлы – Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері, ақын, жазушы, ұстаз, ағартушы. Оның педагогикалық мұрасы қазақ тәрбие іліміне үлкен үлес қосты. М.Дулатұлы үшін тәрбие – ұлтты сақтаудың басты жолы.

Ол “Оян, қазақ!” еңбегінде халықты надандық пен енжарлықтан арылуға, рухани оянуға шақырды.

Тәрбие ұлттық рухты көтеруге, азаттық идеясын санаға сіңіруге бағытталуы тиіс деп есептеді.

М.Дулатұлы “Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті” атты ойларында бала мінезінің негізі отбасында қалыптасатынын айтады. Ол ата-аналарды:

- мейірімді болуға,
- балаға үлгі көрсетуге,
- әдептілікке,
- жауапкершілікке тәрбиелеудің маңызын көтерді.

М.Дулатұлы қазақ қоғамында қыз баланың орны ерекше екенін атап өтіп, қыз тәрбиесінің бүкіл ұлттың талайына әсер ететінін айтты.

Ол әйел теңдігін қолдап, қазақ қыздарының білім алуын жақтады.

Оның “Қирағат”, “Есеп құралы”, мақалалары мен хаттарында мұғалімнің тұлғалық қасиеті тәрбиенің кілті ретінде қарастырылады.

М.Дулатұлы бойынша жақсы мұғалім:

- үлгілі,
- әділ,
- білімді,
- шәкірт жанын түсіне алатын болуы керек.

Міржақыптың пікірінше, тәрбие адамның:ақылын, жүрегін мінезін бірдей дамытуы тиіс. Тағы бір маңызды ойы – тұлғаның еркіндігі мен ар-ожданын тәрбиелеу.

М.Дулатұлы Алаш қозғалысының:

- идеологы,
- әдебиет және білім саласының жетекшісі,
- ұлттық мектеп жүйесін қалыптастырған тұлғалардың бірі.

Ол қазақ қоғамының жаңғыруы үшін тәрбие мен білімді негізгі күш деп танып, зерттеу еңбектері арқылы қазақ педагогикасын дамытты.

Алаш идеялары ішінде ұлттық тәрбиені ғылыми негізде жүйелеген тұлғалардың бірі – дәл осы Міржақып Дулатұлы болды.

Алаш арыстарының тәрбие жөніндегі идеялары қазақ қоғамын рухани, мәдени, саяси тұрғыда жаңғыртуға бағытталған ұлттық тәлім-тәрбие жүйесін қалыптастырды. Олар тәрбиенің мақсатын ұлттық сана қалыптастыру, азаматтық жауапкершілігі жоғары, рухы мықты жас ұрпақ өсіру деп таныды. Осы идеялар ішінде Міржақып Дулатұлының орны ерекше. Ол тәрбие мәселесін ұлттық болмыспен байланыстыра отырып, қазақ педагогикасына ерекше үлес қосты. Оның көзқарастары бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ және қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды сақтауда маңызды бағыт болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Дулатұлы М. Шығармалар жинағы. –Алматы: Жазушы, 1991.

2.Әбсеметов М. Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1995.

3.Смағұлова С. Міржақып Дулатов – отарлау саясатына қарсы күрескен қайраткер // «Елім деп соққан ұлы жүрек». – Алматы, 2002.

4.Иманбаева С.С. М. Дулатұлының азамат соғысы жылдарындағы қайраткерлік ұстанымы // Ғасырлар тоғысындағы Алаш идеялары. – Алматы, 2017.

ӘОЖ 821.512.122:37.01

## МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ ЖӘНЕ ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ АҒАРТУШЫЛЫҚ ОЙ-ПІКІРІ

**СЕЙІТБАЕВА АҚМАРАЛ**

Мұхтар Әуезов атындағы орта мектебінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** Миржакып Дулатулы – видный представитель национальной интеллигенции начала XX века, просветитель, учитель и писатель. Его творчество и общественная деятельность были направлены на пробуждение национального самосознания казахского народа, развитие образования и воспитания. Его отношение к подрастающему поколению составляет основу его просветительского наследия. Его идеи и деятельность в сфере образования, связанные с

воспитанием подрастающего поколения, не утратили своей актуальности в современной системе образования и воспитания

**Summary.** Mirzhakyp Dulatuly was a prominent representative of the national intelligentsia of the early 20th century, an educator, teacher, and writer. His work and public activities were aimed at awakening the national consciousness of the Kazakh people and developing education and upbringing. His attitude toward the younger generation forms the foundation of his educational legacy. His ideas and activities in the field of education, related to the upbringing of the younger generation, have not lost their relevance in the modern education system.

Міржақып өз заманының білімсіздік пен надандық құрсауында отырған қазақ халқына білім арқылы жол сілтеді. Ол «Оян, қазақ!» атты еңбегінде ұйқыда жатқан халықты оятуға, елін, жерін, дінін, тілін құрметтеуге үндеді. Ағартушылықты ұлтты алға сүйреудің басты жолы деп білді. Бұл еңбегінде:

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты...»,- деген жолдары арқылы жастарды білім алуға, ел тағдырына бей-жай қарамауға үндейді.

Міржақып үшін тәрбие – рухани-адамгершілік негіздерге сүйенуі тиіс. Ол жас ұрпақты ұлтжандылыққа, адалдыққа, еңбексүйгіштікке баулуды көздеді. Оның «Мұғалімдерге» атты мақаласы – педагогикалық көзқарасының айқын дәлелі. Мақалада: «Мектеп – қазақ халқы үшін ең маңызды орын»,- деген сөзі бар. Ол ұстаздың рөлі тек оқытушы ғана емес, ұлттық сана қалыптастырушы екенін баса айтты.

Міржақып оқу-ағарту ісіне тікелей араласты. Ол «Қирағат кітабы», «Есеп құралы» сияқты оқулықтар жазып, халықтың сауатын ашуға атсалысты. Білім беру тек оқып, жазумен шектелмей, ұлтқа, тілге деген сүйіспеншілікті де қатар дарыту керек екенін насихаттады. Сонымен қатар «Қирағат кітабы» – 1912 жылы жарық көрген және онда балалардың жас ерекшелігіне сай қысқа әңгімелер, өлеңдер, тәрбиелік мысалдар берілген. Мысалы, «Асыл сөз» әңгімесінде адалдық пен еңбектің маңыздылығы қарапайым тілмен жеткізіледі.

Міржақып Дулатұлының «Шығармалар жинағында» (Алматы: Жазушы, 1991) берілген ой-пікірлері – қазақ халқының ұлттық санасын оятуға, білім мен еркіндікке ұмтылуына бағытталған терең идеяларға толы. Ол – ағартушы, публицист, ақын әрі ұлт қайраткері ретінде елдің болашағына шынайы жанашырлық танытқан тұлға.

Оның негізгі ой-пікірлері:

-Ұлттың азаттығы мен дербестігі: Міржақып «Оян, қазақ!» шығармасында халықты ұйқыдан оянып, ел қамын ойлауға шақырады. «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты!». Бұл – ұлтты тәуелсіздікке, рухани еркіндікке үндеген үндеу.

- Білім мен ағартушылық: Ол білімсіз халықтың болашағы жоқ екенін айтады:

«Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – жоқ».Сондықтан жастарды оқуға, жаңалыққа ұмтылуға шақырды.

- Әйел теңдігі:Шығармаларында әйелдердің жағдайына алаңдап, олардың қоғамдағы орнын жақсартуға үндеді.Бұл – сол дәуірдегі озық көзқарас үлгісі.

- Қоғамдық әділет, адалдық, ұлт бірлігі:Міржақып ел бірлігін бәрінен жоғары қойды. «Бірлік болмай – тірлік болмайды» деген ұстанымда болды.

- Отаршылдыққа қарсы пікір:Ресей патшалығының езгісіне, рухани отарлауына қарсы ашық сын айтты. Тіл, жер, дін мәселесін көтерді.

Міржақып Дулатұлының шығармаларындағы ой-пікірлер – ұлттың оянуына, санасының жаңғыруына, азаттыққа ұмтылуына бағытталған. Ол тек өз дәуірі үшін емес, бүгінгі ұрпақ үшін де аса құнды мұра қалдырды.

Міржақып ана тілі арқылы ұлттық болмысты сақтап қалуға болатынын айтты. Тіл мен діл тәрбиесі – жас ұрпақты ұлттық рухта өсірудің басты кілті деп санады. Ол жастардың санасына еркіндік, әділет, теңдік секілді құндылықтарды сіңіруге тырысты. Сонымен қатар тіл мен діннің, салт-дәстүрдің қадірін сіңіруді мақсат етті. Бір сөзінде: «Біз қазақ деген намысы биік, тілі таза, діні берік халық болуымыз керек» – деп жазған. Бұл көзқарасы бүгінгі ұрпаққа ұлттық кодты сақтау идеясын сіңіреді. Міржақып ана тіліне ерекше мән беріп: «Ана тілін жақсы білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлеймін деу – ақымақтық»,- деген. Ол баланың ұлттық рухта тәрбиеленуі ана тілінен басталатынын дәлелдеді. Ол қазақ қоғамындағы тәрбиенің әлсіз тұстарын атап көрсетіп, ата-ана жауапкершілігін күшейту қажеттігін айтты. Баланы ұлтжандылыққа, еңбекке, адалдыққа

баулуды насихаттады. Қазақ қыздарының тәрбиесіне көңіл бөлу – оның басты тақырыптарының бірі. Әйел білімді, көргенді болса, ұрпақ та сапалы болатынын жиі ескерткен.

Қорыта айтсақ, Міржақып Дулатұлының жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты ойлары мен ағартушылық қызметі бүгінгі таңда да өз мәнін жоғалтпаған. Оның идеялары – ұрпақты отансүйгіштікке, білімге, ұлттық болмысқа адал болуға шақырады. Жас буынды тәрбиелеуде Міржақып Дулатұлы секілді тұлғалардың еңбегі – мәңгілік өнеге.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Дулатұлы М. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991.
2.Қирабаев, С. Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер. –Алматы: Санат, 1994.
3.Бейсембаев, Қ. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1983.
4.Ахметов, З. Қазақ әдебиеті және ағартушылық идеясы. – Алматы: Ғылым, 1981.
5.«Алаш» қозғалысы: Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010.

ӘОЖ 821.512.122:37.01

## М. ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӨНІНДЕГІ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ МАҢЫЗЫ

**КУРАНБЕКОВА АЙНУР МЫРЗАТАЕВНА**
Бауыржан Момышұлы атындағы 53 мектеп лицейінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются взгляды Миржакыпа Дулатулы на национальное образование, суть его педагогического наследия и его значение в современном обществе.

**Summary.** The article examines Mirjakyp Dulatuly's views on national education, the essence of his pedagogical heritage and its significance in modern society.

Міржақып Дулатұлы – XX ғасырдың басындағы қазақ руханиятына айрықша үлес қосқан қоғам қайраткері, ақын, жазушы, ағартушы, Алаш көсемсөзі өкілдерінің бірі. Оның шығармашылық мұрасы мен педагогикалық көзқарастары ұлттық сананы ояту, халықтың білім деңгейін көтеру, ұлтты жаңғырту идеяларымен сабақтас. Әсіресе Міржақыптың ұлттық тәрбие мәселесіне қатысты ойлары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Ол тәрбиені ұлттың рухани күші, мәдени жалғастықтың кепілі деп білген.

Міржақып Дулатұлы үшін ұлттық тәрбие – халықтың ұлттық болмысын, тілін, мәдениеті мен ділін сақтау жолындағы ең маңызды құндылық. Оның "Оян, қазақ!", "Бақытсыз Жамал", публицистикасы мен педагогикалық мақалаларында ұлттық тәрбиенің өзегі айқын көрінеді.

Біріншіден, Дулатұлы тәрбиені ұлтты сақтайтын қуатты күш деп қарастырды. Ол ұлттың жойылуы алдымен тілінен, салт-дәстүрінен, рухани құндылықтарынан айырылған кезде басталатынын айтқан. Сондықтан тәрбие ұлттық сипатта болуы қажет деген тұжырым жасайды. Оның ойынша, жас ұрпақ ана тілін біліп, өз халқының тарихын танығанда ғана ұлттық сана қалыптасады.

Екіншіден, Міржақып ұлттық тәрбиені біліммен байланыстыра қарады. Ағартушы ретінде халықты сауаттандыруды ең үлкен міндет санады. "Жастардың тірегі – білім" деген қағиданы ұстанған ол қазақ балаларының заманауи білім алып, елдің дамуына үлес қосуын арман етті. Дулатұлы үшін тәрбие – баланы ойлы, білімді, қоғамға пайдалы тұлға етіп қалыптастыру жолы.

Үшіншіден, Дулатұлы ұлттық тәрбиенің негізі отбасынан басталатынын ерекше атап көрсеткен. Оның пікірінше, ата-ананың балаға берген үлгісі – оның болашақ мінез-құлқының, адамдық қасиетінің бастау көзі. "Ұлт болам десең – бесігіңді түзе" деген ұстанымға мән берген тұлға.

Төртіншіден, жазушы тәрбие мәселесін ұлттық намыс, елжандылық, отаншылдықпен сабақтастырған. Оның публицистикасында ел тағдыры, жер тұтастығы, тіл болашағы үшін жанашырлық айқын көрініс тапқан. Жастарды елге қызмет етуге, ұлттық мүддені қорғауға шақырды.

Міржақып Дулатұлының шығармашылық мұрасы ұлттық тәрбиеге арналған тұжырымдарға толы.

“Оян, қазақ!” жинағы қазақ халқының қалың ұйқыдан оянуға, рухани жаңаруға шақырған. Бұл еңбектегі өлеңдер ұлттық намыс, бірлік, білім, ағарту идеяларын дәріптеп, оқырманды елін сүюге бағыттайды.

“Бақытсыз Жамал” романында автор қазақ қоғамындағы әйел теңдігі, адамгершілік, инабаттылық, адалдық, еркіндік мәселелерін қозғайды. Бұл – ұлттық тәрбиенің әлеуметтік этика, адам құқығы, адамгершілік қырларының көрінісі.

Публицистикалық мақалаларында (“Қазақ”, “Айқап”) ол:

ұлттық мектептің дамуы,

пәндердің ана тілінде оқытылуы,

мұғалімдерінің рөлі,

оқу құралдарының жетіспеушілігі,

баланың тұлғалық дамуы сияқты мәселелерді көтеріп, нақты ұсыныстар жасаған. Бұлар қазақ педагогикасының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Міржақыптың ұлттық тәрбие жөніндегі мұралары XXI ғасырдағы Қазақстан үшін ерекше маңызды:

- жаһандану дәуірінде ұлттық болмыс пен тіл мәселесі өзекті. Дулатұлы негіздеген ұлттық сана, тілге құрмет, өз тарихын білу қағидалары – бүгінгі рухани жаңғырудың басты бағыттары;

- қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, рухани бай, елжанды тұлға қалыптастыру. Бұл – Міржақып көздеген мұраттың жалғасы;

- отбасылық тәрбие мен ұлттық құндылықтарды сақтау мәселесі де алдыңғы қатарда тұр. Міржақып айтқан “тәрбие тамыры – бесік” қағидасы отбасы институтын нығайтуда маңызды;

- оның еңбектері жастарды елшілдікке, азаматтық жауапкершілікке, мемлекетшілдікке тәрбиелеуде үлгі. Міржақып көтерген әділдік, намыс, бірлік, ағартушылық идеялары бүгінгі қоғамда да қажет.

Міржақып Дулатұлы – ұлттық сананы қалыптастыру жолында аянбай еңбек еткен ұлы ағартушы. Оның ұлттық тәрбиеге қатысты көзқарастары – тіл, білім, рух, намыс, отансүйгіштік, адамгершілік құндылықтарын дәріптейтін терең ойлар жүйесі. Бұл қағидалар бүгінде де өзектілігін жоғалтпай, Қазақстандағы ұлттық тәрбиенің ғылыми-тәжірибелік негізіне айналып отыр. Дулатұлы армандаған білімді, мәдениетті, отаншыл ұрпақ тәрбиелеу – қазіргі педагогика мен қоғам алдындағы маңызды міндет. Сондықтан оның мұрасын зерделеу – рухани жаңғыруға, ұлттық бірегейлікті сақтауға қызмет етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Қазан, 1909.
2.Дулатұлы М. Бақытсыз Жамал. – Алматы: Жазушы, 1991.
3.Қирабаев С. Алаш және әдебиет. – Алматы, 1995.
4.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.
5.Қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасы. – Алматы, 2015.
6.Бисенбаева З. Ұлттық тәрбие негіздері. – Астана, 2016.

ӘОЖ 82.258.31

## МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ МҰРАСЫ - ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

**САЙЛАУБАЕВА РАХАТ АХМЕТҚЫЗЫ**
Амангелді атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Одной из личностей, занявших особое место в сердцах народа, является Міржакып Дулатулы, посвятивший всю свою жизнь развитию казахской литературы. Он активно участвовал в общественно-социальных делах. Испытывая глубокую обеспокоенность судьбой и будущим казахского народа, он внес значительный вклад в его свободу и культурное развитие. Творчество Міржакыпа было направлено на пробуждение национального самосознания и пропаганду идей независимости.

Не по своей воле, а от сильного удара железной хватки жадной системы, погрузившей народ в глубокий сон, он, рискуя собственной жизнью, стремился пробудить народ, поднять его дух. На этом нелёгком пути он не только стал общественным деятелем, но и внёс огромный вклад в развитие казахской литературы, оставив потомкам бесценное духовное наследие. Он был многогранным, редким талантом.

**Summary.** One of the most remarkable figures who holds a special place in the hearts of the people, Mirzhakyp Dulatuly devoted his entire life to the development of Kazakh literature. He actively engaged in social and public affairs. Deeply concerned about the life and future of the Kazakh nation, he contributed to the people's freedom and cultural progress. Mirzhakyp's works were dedicated to awakening national consciousness and promoting the ideas of independence.

Not of his own free will, but as a result of the harsh blow dealt by a ruthless, iron-fisted system, he risked his life to awaken a nation that had fallen into a deep sleep. Like a lark crying out for dawn, he sought to help his people regain their awareness and dignity. In this struggle, he became not only a public figure but also a multifaceted and exceptionally gifted individual who made an immeasurable contribution to the development of Kazakh literature and left future generations an invaluable spiritual legacy.

Міржақып Дулатұлы патша үкіметінің қазақ даласын билеу ісін жүргізудегі саясатының кемшіліктерін, кертартпа сипатын айқын аңғарған кесек тұлға. Ол сонау 1916 жылғы оқиғаны, 1917 жылғы ақпан көтерілісі мен Қазан төңкерісі, азамат соғысы кезіндегі саяси-әлеуметтік жағдайларды көзімен көріп, дұрыс бағалай білді.

Халқының өміріне, болашағына қатты алаңдаушылық білдіре жүріп Міржақып Дулатұлы XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында қанат жайған демократиялық қозғалыстың, өз халқының еркіндігі мен мәдени өркендеуі үшін күрескен аса ірі қоғам қайраткеріне айналды. Ол отарлық езгі, қазақтың ұлттық санасының төмендеуі секілді қиындықтармен бетпе-бет келді. Сол кезеңде Міржақып Дулатұлының шығармаларының ұлттық сана-сезімді оятуға, тәуелсіздік идеяларын насихаттауға үлесі ерекше болды. Сондықтан бұл ғылыми мақалада Дулатұлының шығармаларындағы ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясының көріністері талданып, оның бүгінгі Қазақстан үшін маңыздылығы қарастырылады. Міржақып Дулатұлы мұрасы – қазақ қоғамының жаңа ұлттық идентификациясына бастау болған идеялар жиынтығы. Сондықтан да Дулатұлы шығармашылығының ұлттық сана мен тәуелсіздік идеясының қалыптасуындағы рөлі талданады.

Міржақып Дулатұлы – Алаш қозғалысының маңызды тұлғасы. Оның мемлекеттік қызметі, саяси көзқарасы, ағартушылық қызметі отарлық қысымдағы қазақ қоғамын жаңа сатыға көтеруге бағытталды. Әсіресе 1909 жылы ұлт мүддесіне арналған алғашқы саяси-лирикалық жыр жинағы «Оян, қазақ!» кітабының басылып шығуы – қазақ жұртына тікелей тәуелсіздік рухын жеткізген тарихи оқиға. Ақынның алғашқы «Оян, қазақ!» атты өлең жинағының атының өзі халықты мешеуліктің, надандықтың шырмауынан құтылуға үндеді. Осы кітабы арқылы патша үкіметінің саясатын әшкерелеп, заңсыздыққа, халқына қысым жасаушылыққа қарсы шықты. Қазақ жастарын оқыту, мектеп ашу, қазақша газет-журналдар шығару қажеттігін айта отырып, орыс тілін, оның мәдениетін де игеру мәселесіне ерекше көңіл бөлді.

«Оян, қазақ!» кітабын оқыған жан Міржақыптың халықтың мұң-мұқтажын өз мұңындай көретінін әр сөзінен анық сезетін еді. Сондықтан болар, оның бұл кітабы қолдан-қолға өтіп, халықтың сүйіспеншілігіне тез-ақ бөлене кетті. Бұл шығарма патша әкімшілігі тарапынан қуғынға ұшырап, бірнеше рет тәркіленсе де, қазақ арасына халыққа жасырын түрде жетіп, ұлтты селт еткізе білді. Сөйтіп «Оян, қазақ!» кітабы – Дулатұлы шығармашылығының ғана емес, ұлттық сана эволюциясының тарихи шыңы болды. Ақынның поэзиясын тек көркем туынды ретінде емес, саяси декларация ретінде де қабылдауға болады. Онда халықты өнер-білімге шақырған ағартушылық үндеулермен қатар, елді азаттық күресіне шақырған нақты идеялар көрініс тапты. Яғни ақынның аталмыш мұрасы – отарлық саясатты әшкерелеу; халықтың өз тағдырын өзі шешуге құқығы; ұлттық бірлік қажеттілігі; ел болашағы - жастардың рухани оянуында екендігін қамтыды. Дәл сол кезеңдерде тәуелсіздік идеясын ашық айту – сол кезең үшін батыл саяси әрекет болатын.

Қазақтың біртуар ұлы Әлихан Бөкейхан «Алаш» партиясын құрған кезде оның құрамында қазақ интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатұлы та оның туын бірлесе көтерді. Міржақып Дулатұлы публицистикасының негізгі платформасы – «Қазақ» газеті. Ол Ахмет Байтұрсынұлы және Әлихан Бөкейханмен бірге басылымды ұлттық идеяның идеологиялық орталығына айналдырды. Мақалаларында жер мәселесі, оқу-ағарту, мемлекеттік басқару, әйел теңдігі, патшалық саясаттың отаршылдығы өткір сынға алынды.

Дулатов публицистикасы қазақ қоғамын қоғамдық пікір айтуға үйретті, ұлттық демократиялық сана қалыптастырды.

Ақын «Қазақ жерлері» деген өлеңінде:

Мың жеті жүз отыз бір сәнасында,
Біз кірдік Руссияның фанасына.

Жылында мың жеті жүз алпыс сегіз
Қазыналық деді жердің һәммасын да.

Айырылсаң қалған жерден осы күнгі
Топыраққа малды қазақ, бағасың да, -

деп жырлаған Міржақып патша үкіметінің қазақтарды малға жайлы, шұрайлы жерлерден ысыруға бағытталған саясатын әшкереледі.

Қазағым, жерің қайда ата мекен,
Қазақ қазақ болғалы мекен еткен.

Ащы су бізге қалды шөл далалар,
Жақсы жер қалдырмады егін салар.
Қалайша тау мен тасқа баға алады,
Қоралы қой, қосты жылқы байларда бар.

Атына заты сай тұлғаның мірдің оғындай сөздері озбыр саясат иелеріне жақпады. «Жерден айрылсақ – еркіндіктен де, болашақтан да айрыламыз» деген идеялар қозғаған ақын қазақтың көшпелі тіршілігі – жерге тікелей байланысты екенін анық көрсетті. Жер – ұлттық бірегейліктің символы. Дулатұлы шығармаларында жерден айрылған халық - тамырсыз халық. Жерді қорғау – ұлтты қорғау. Ол жер мәселесін шешуді тек білім, ұйымшылдық, оянған сана арқылы жүзеге асыруға болатынын айтты.

Яғни Міржақып Дулатұлы үшін жер – қарапайым байлық емес, ұлттық рухтың негізі болды. Оның бұл идеялары қазіргі таңда да маңызын жоғалтқан жоқ. Тәуелсіз Қазақстанда ұлттық сана мен жерге деген құрмет оның көзқарастарымен әлі де үндесіп келеді. Жер мәселесін тарихи жадпен, тереңдікпен тану – ұлт үшін өмірлік маңызы бар қағида болып қала бермек.

Міржақып қозғаған ең өзекті тақырыптардың тағы бірі – әйел теңсіздігі болатын. Бұл тақырып әлі күнге дейін өз құнын жоғалтпай, әлі де қоғам талқысынан түспей келе жатқан өлмес тақырып. Себебі еліміз өз егемендігін алып, өркениетті мемлекеттер қатарынан көрінген ел болса да әлі күнге дейін заты нәзік әйел адамдарға деген озбырлық таусылар емес. Сонау XX ғасырдың өзінен-ақ қазақ зиялылары «әйел теңсіздігі» деп шырылдай бастады. Мәселен Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетіне жазған мақаласында: Пайғамбардың көп әйел алғаны – заманы мен миссиясына байланысты болған. Ал қазақ еркектері соны сылтау етіп, әйелдер қауымына әділетсіздік жасап отыр» деп ашына жазды. Себебі Дулатұлы үшін дінді – ағартушылық пен адамгершілікке қызмет еткізу маңызды болды. Қоғамның дамуы - тек ерлердің емес, әйелдердің де тең құқықта өмір сүруімен өлшенетінін ол жақсы білді. М.Дулатұлы әйелге оқу, таңдау еркіндігі, ермен тең құқық беру – ұлттың прогресі деп білді. Бұл ұстаным қазіргі тәуелсіз Қазақстанда әйел құқығын қорғау, гендерлік теңдік ұстанымымен үйлеседі. Ұлттық тәуелсіздік – саяси ғана емес, әлеуметтік және рухани тәуелсіздік те болуы тиіс. Әйелдің еркіндігі – ұлттың толыққанды жаңғыруының бір шарты. Дулатұлының идеялары – бүгінгі Қазақстандағы «тең мүмкіндік», «әлеуметтік әділет» принциптерімен үндес.

Ah, десе іштен қайнап шығар жалын,
Халықтың кім түзетер мүшкіл халін? -

деп жырлаған ақын әйел теңсіздігі мен көп әйел алушылықты сынға ала отырып, ұлтты іштей оятуды көздеді. Мәселен «Жесір дағуалары хақында» туындысында ақын тек жесір әйелдің басындағы ауыртпалықты ғана емес, бесіктегі ұл мен қыздың да тағдырын ата-анасы өз мүдделері үшін шешіп қоятынына күйінеді.

Бесікте жатқан ұл мен қыз балаға
Ата-анасы болады құда және, - деп жырлай келе:
Бір адамда бес жасар бала болса,
Біреуде бойжеткен қыз және болса.
Осы екі бала қалай лайықты,
Атасы ойламай ма дана болса.

Балаға бойжеткен қыз тең бола ма,
Айттыру осы қызды жөн бола ма?
Қыз жиырма жасында, бала бесте
Атасының бергені ем бола ма?

Бір адамның қатыны өлген болса,
Өзі алпыс, жетпіс жасқа келген болса.
Айттырып он бес жасар қызды алады,
Атасына малды көп берген болса, - деп он бес жасар қыздың жетпіс жастағы шалға ұзатылуына қарсы тұрады. Ал жесір әйелдің басындағы мұңды:
Бір қатынның байы өліп, тұл қалады,
Көреді ағайыны жақын соны.
Әмәңгәр деп еріксіз оны алады,
Оның ісі қалайша оңалады.
Шариғатта жоқ жұмыс қайдан шықты?
Тұл қатынды алуға жол табады.

Пайғамбар көп қатынды алуы рас,
Бәрінің разылығын табуы рас.
Пайғамбардың фиғылы hүммәтіне,
Әлбетте сүннет болып қалуы рас.

«Әмәңгәр» деген сөз жоқ шариғатта,
Қазақ өзі тауып жүр оны жатқа.
-Зәру болсаң, ал деген, бірден артық
«Сүннәтім» деп айтқан жоқ тағы халыққа.

Ақын осы өлең жолдар арқылы дін мен қазақ қоғамын ұштастырады. Асыл дінімізде бір туған екі бауырдың бір әйелді құшуына қатаң тиым салынған. Ал қазақ халқы бұл тиымға қарамастан ағасы өлсе, туған жеңгесін өзіне қатын қылып алуға асыққан. Оны өздерінше «әмеңгерлік» деп атаған. Шариғат заңына бағынбай, бұл салт дінге қарсы шығып тұр емес пе? Оның үстіне жесір әйелдің өзі қаламаса да әмеңгерлік жолмен тұрмысқа шығуын мәжбүр етіп, әйел құқығын, оның қалауын таптап тұр.

Ал «Бақытсыз Жамал» прозалық шығармасы ше? Ол да әйел тәуелсіздігін мұңдаған роман. 10-11 жасар Жамалды әкесі өз пайдасы үшін, болыстықтан дәмесін іске асыру үшін Байжанның Жұман деген ақылсыз баласына беруге уағдаласады. Қызын қырық жетінің малы мен екі жүз теңге ақшаға бағалайды. Ал Жамал – тағдырға бағынышты, өз ерік-жігері жоқ қыз. Ол не қаласа да өзі шешім шығара алмайды. Яғни бұл шығарма – ұлттық әдебиеттегі әйел образының ояну нүктесі. Бүгінгі таңда да қыз тәрбиесі, теңдік, білім мәселелері өзекті, сондықтан бұл роман тек өткен тарихпен ғана емес, бүгінмен де үндес. Жамал трагедиясы – тек әкенің қатігездігі емес, бұл сол кезеңдердегі – отарлық сана. Яғни қазақ қоғамындағы ерлердің үстемдігі, қыз, ана тағдырына немқұрайлы қарау, жеке пікірдің жоқтығы, бұның бәрі – отарлық жүйе қалыптастырған бейсаналық. Жазушы бұл романды ашық саяси манифест ретінде жазбады. Бірақ сол кездегі цензураны айналып өтіп, әдеби күрес жүргізді. Жамалдың қайғысы – тек Жамалдың ғана емес, тұтас қазақ халқының азабы болатын. Міржақып осы роман арқылы қазақтың ескі, қатал салттарын сынға ала отырып, сол қоғамды ұлттың дамуын тежейтін фактор ретінде көрсетеді. Ол адам еркіндігін таптайтын салтқа қарсы тұрып халықты қараңғылықтан оятқысы келді. Оның көзқарастары қазақ қоғамының жаңғыруына, бүгінгі тәуелсіз елдің әлеуметтік саясатымен үндес идеялар ұсынды. Әйел құқығын тану – ұлттық еркіндікті тану. Сондықтан М.Дулатұлының «Әйел теңсіздігі» тақырыбы аясында қозғаған ойлары бүгін де өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қорытындылай келе, Міржақыптың қай шығармасын алсақ та ол әдебиет арқылы бүкіл қазаққа, оның болашағына үн қатты. «Оян, қазақ!»-тан бастап Алашқа қаратып айтқан әр сөзі саяси сипат ретінде, әрі жасырын түрде ұлтының еркіндігіне, ұлттық санаға, отарлық езгіге қарсы үндеу болып бағытталды.

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында Дулатұлы идеясы қайта жаңғырып отыр. Ол армандаған тәуелсіздікке жету – оның мұрасын ұмытпай, одан рухани бағдар алу қажеттігін көрсетеді. Бүгінгі қазақ қоғамын алаштық идеялармен байланыстыратын үш негізгі құндылық бар:

1.Ұлттық тіл мен білімді қорғау;

2.Мемлекеттік егемендік пен саяси сананы нығайту;

3.Қоғамдық бірлік пен демократиялық жолды ұстану.

Яғни Міржақып еңбегінің XXI ғасырмен байланысы оның ұлттық идеяға негізделген әмбебаптығында.

Міржақып Дулатұлы мұрасы – ұлттық жаңғырудың, рухани тәуелсіздіктің, саяси дербестікке ұмтылудың тарихи тұғыры. Оның гібағытталды. Міржақып салған ағартушылық жол, саяси көзқарастар, ұлттық мұратқа адалдығы қазіргі тәуелсіздік идеологиясымен үндес. Сондықтан Дулатұлы мұрасы – тек тарихи құндылық емес, бүгінгі ұлт болашағын айқындайтын рухани бағдар. Яғни ұлт қайраткерінің рухани мұрасы – XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының оянуына, ұлттық сананың қалыптасуына және тәуелсіздік идеологиясының түп-тамырына айналған тарихи феномен. Оның шығармаларындағы басты идея – халықты білімге, әділетке, теңдікке үндей отырып, ұлтты ішкі отарлық бұғаудан азат ету. Ал «Оян, қазақ!» ұраны – тек әдеби үндеу емес, бұл - тұтас бір дәуірдің рухани тәуелсіздік декларациясы.

М.Дулатұлының публицистикасы мен көркем туындылары отарлық езгідегі халықтың сана-сезімін сілкінтіп, әлеуметтік әділет пен еркіндіктің маңызын айқындады. Ол жер мәселесін, тіл мен діннің тағдырын, әйел теңдігін, жалпы ұлттық тұтастықты қозғай отырып, «еркін ойлы қоғам» моделін ұсынды. Оның көзқарастары – қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы іргетасын қалаған идеялық негіздердің бірі болып табылады.

Сондықтан Міржақып Дулатұлы мұрасы – тарихи естелік қана емес, ұлттың рухани иммунитеті, тәуелсіз болмысын қалыптастыратын сана қайнары. Бүгінгі ұрпақ үшін ол – азаттықты оймен аңсаған алып тұлғаның мәңгілік үні!

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қойгелдиев М (1995), Алаш қозғалысы. Алматы «Санат» баспасы

2.Смағұлова Г (2008), Алаш публицистикасының тілдік табиғаты, Қазақ тілі мен әдебиеті, 4(1) 45-52

3.Міржақып Дулатұлы шығармалары I том, Алматы «Ғылым» баспасы, 1996

4.Міржақып Дулатұлы «Алаш мұрасы» 6 том, Алматы «Мектеп» баспасы, 2013

5.Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» Алматы, «Жазушы» баспасы, 2009

ӘОЖ 82.578.12

## ЖИЫРМА ЖАСЫНДА ҰЛТЫН ОЯТҚАН АҚЫН

**ЖҰМАХАНОВА САНДУҒАШ БАТЫРХАНҚЫЗЫ**

Амангелді атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Творчество Міржақыпа Дулатулы ценится тем, что поднимает политико-социальные проблемы общества, отличается понятным языком для простого ученика, показывает пути решения важных мәселелер және агартушылық, прогрессивные идеи. Стихи Міржақыпа усиливают национальную идею, и тағы бір назар аударарлық жайт – он постоянно призывает народ и граждан к единству, согласию, знаниям и науке, взаимо помощи. Ещё одно восхищающее качество Міржақып –мастер писать в форме пословиц и поговорок.

**Summary.** The works of Mirzhakyp Dulatuly are valuable for raising political and social issues in society, for the clarity and accessibility of his language to ordinary readers, for offering solutions to major problems, and for promoting ideas of enlightenment and progress. Another aspect that strengthens the national ideological power of Mirzhakyp's poetry is that he constantly calls the people and citizens to unity, harmony, knowledge, and science, encouraging mutual support. Another admirable feature is that Mirzhakyp is a master of writing in proverbs and sayings.

Міржақып Дулатұлының шығармашылығы қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерді көтеруімен, қарапайым оқушыға тілінің түсініктілігімен, үлкен мәселелердің шешімін көрсетуімен, ағартушылық, ілгерілеушілік идеяларымен құнды. Міржақыптың өлеңдері ұлттық идеялық қуатын арттыра түсетін және бір жайт - ол елді, азаматгарды үнемі бірлікке, ынтымаққа,

білім-ғылымға шақырып, өзара көмекке үндеп отырады.Тағы бір тамсандыратыны Міржақып мақалдап, мәтелдеп жазудың шебері.

Міржақыптың шығармашылығы қазақ әдебиетіне өмір шындығын молынан қамтып, қоғамдық сананы қалыптастырды. Қазақ әдебиетінде Міржақыптың шығармашылығы шоқтығы биік өкілі ғана емес, сонымен бірге ұлтын сүйген тұлға. Оның поэзиясында ұлттық идея мен жалпыадамзаттық биік мұраттар тоғысады. Ол ұлттың рухани тәуелсіздігін армандаған, елдің білімін, ғылымын көтеруді көздеген ойшыл. Оның қай шығармасын алсақ та, онда халық тағдырына алаңдаған үлкен жүректің үні бар. Әдебиет үшін Міржақып тек өткен ғасырдың өкілі емес, әр дәуірге үн қататын, ұрпақтың рухын тірілтетін тұлға.

Міржақып Дулатұлы – өмір сүрген кезең патша өкіметі отаршылдық саясатының қазақ даласына тізесін қатты батырып тұрған шағы еді. Отаршыл саясатқа қарсы ұлт-азаттық идеялар туындады. Міржақып бар болмысымен бүтіндей берілді. Өз бетінше орыс тілін жетік меңгеріп, орыстың озық ойлы азаматтарының еңбектерімен танысты. Омбы қаласына келіп ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлымен кездесті. Әрі қарай өзара жұптары жазылмай езілген елге ес болды, халықтың жоғын жоқтады. Қазақтың кең байтақ даласында алаңсыз, бейқам өмір сүріп жатқан халқын білімге, болашағы үшін іс-әрекет жасауға шақырды.

Міржақып Дулатұлы – қазақ әдебиетінің әр түрлі жанрында қалам тартқан қаламгердің ең алғашқы кітабы «Оян қазақ» деген атпен Петербург қаласында шықты. Кейіннен «Азамат», «Терме» атты өлеңдер жинағы басылып шықты. Алғашқы шығармашылық жолын өлеңнен бастаған. Ақынның өлеңдерінің басты тақырыбы ел тағдыры, халықты оятуға, әділетсіздікпен күресуге арналған еді. Туған халқының тағдырындағы қиындықтардың сырына үңіле отырып «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағында:

Көзіңді аш, оян, қазақ көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты.

Патшаның отарлау саясаты, халықтың өнер-білімнен мақұрым қалуы, тұрмыс күйінің күйзелісі, тағы-тағы қасірет атаулы осы төрт жол өлеңге сыйғызылған. Өлең жолдары арқылы ақынның халқы үшін алаңдаушылығы, ел ертеңінің хал-жағдайы қатты тебірентеді. Туған елінің тұрмысын, тіршілігінің ауыр күндерін бейнелеу азаматтық парызым деп тұжырымдады.

«Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деген өлеңінде халқының басындағы ауыр тұрмысты суреттей келе, оның болашағына алаңдау, ертеңін ойлау, елдік мүддесіне қызмет ету әрбір саналы адамның борышы деп түйіндейді:

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күні һәм шықпай, тұр таң атпай.
Сендірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша тұруы мүмкін, жанға батпай?!

Мына өлең топтамасында «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Қазақ жерлері» атты өлеңдерінде ақын халқымыздың әрегіректе өз бетімен емін-еркін көшіп-қонып күй кешкен халқының уақытын еске алады, бірақ сол заманның қайта келгенін армандамайды. Заманның келуін көксемейді. Керісінше болашақтан үлкен үміт күтеді. Жастарға сенім артады. Елдің салт-дәстүрін өз жырына арқау етеді:

Оқыған пайда берер жастарымыз,
Һәр істен болса мәгер мағлұматы.

Заманның азып бара жатқан бейнесін, көлеңкелі жақтарының көбеюін ақын сыншыл да, сарапшы көзбен ой жүгіртіп, бұл күйіміздің себепшісі, бейқамдық пен берекесіздіктің салдары деп түйеді:

Сол кезде біздің қазақ ала болған,
Көлденең дұшпандары және болған.
Күштісі нашарларын шауып алып,
Бұрынғыдай болмаған пәле болған.

Ресейге қосылып, құрамындағы ұлттармен тіршілік етіп, қазақ өз жағдайын түзейді деген үміт пен сенім ақталмады. Патшалықтың саясаты халықтың арқасына аяздай батты. Уайым мен шерге толы ақынның жүрегі елімен бірге егіліп осы тығырықтан, қараңғы қапастан шығатын шығар жол іздейді. Ақынның арманы халқының бірлігі мен ынтымағы келіскен, бейбіт те тыныш өмірді өлеңдеріне арқау еткен. «Шағым» өлеңінде ел ішіндегі бойкүйездік, жалқаулық, алауыздық сияқты кеселдерді көріп ақын қатты мұңаяды, тығырыққа тірелгендей тебіренеді. Жүрегіне

қадалған оқтың сөнетініне, қажыған көңілдің көтерілетініне сенеді. Ақын өзінің өмірлік мұратына әрдайым адал. Қай өлеңін алып қарасаңыз да жекебастың мүддесі болмаса сезімнің жетегінде кетпейді. Өлеңдерінің басым көпшілігде азаматтық ар, әлеуметтік үн, ұлттық рух басым. Ақынның азаматтық, әлеуметтік сарындағы өлеңдерінің тақырыбы да айтар ойы да ерекшеліктері де әр алуан. Бірде халықтың тағдырын, бүгіні мен болашағын толғаса, енді бірде жастарды оқу-білімге шақырады. Күнделікті өмірдегі құбылыстарға қатысты адамгершілік мәселесін қозғайды. Патша өкіметі саясатының озбыр тұстарының әділетсіз жақтарын сынайды.

Міржақып қаламынан туған көркем де күрделі туынды — "Алашқа" өлеңі. Ақын халқына қарата сөйлеп, оның өткендегі өмірін есіне түсіріп, жақсы мен жаманды, кешегі мен бүгінгіні салыстыра отырып, бірқатар әлеуметтік шындықтың бетін ашады.

Ақын алдымен күні кеше төскейі төрт түлік малға толған бетегелі қырлардың, онда көшіп-қонған берекелі ауылдардың сәнін әсем суреттейді, ел баскарған ақылды хандар мен билерді еске алады.

Салтанат Сарыарқада құрған қазақ,
Толықсып жүрген кеше күнің қайда? –

деп келе, ел ішінен халқының сөзін сөйлейтін шешендер мен елін, жерін қорғайтын ерлер, ақылдың кені іспетті дана қарияларын іздейді. Бірақ өмірде би – парашыл, қарттары – қарау. Бірлік жоқ, алауыздық үстем. Ақын осыған өкінеді.

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан
Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.
Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,
Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес,

– деп, туған халқын ойлануға шақырады. Қойды қасқырға бақтырғандай әділетсіз заманның жайын түсіндіреді. Ел басқарушы залымдарға сенбей, өз күшімен күн көру қажеттігін айтады.

Міржақып ел ішіндегі кемшін тұстарын әшкерелей отырып, халқына одан арылудың жолын көрсетеді. Өзінің "Шәкірт", “Насихат ғумумия" атты өлеңдерінде өнер мен білім жинаудың пайдасын бірінші кезекке қояды. Тіпті адамгершіліктің өзі білімнен, оқудан басталады деген ой тастайды. Тағдырдың болашақ талқысын ақын жүрегімен анық сезінген қайсар жанның бүгінгі ұрпақпен арыздасқан ақтық сөзіндей.

Бірқатар өлеңі арынды асқақ екпінмен бірге жүрек пернесін дір еткізер нәзік сезім, ғашық адамның көңілі сынық деп суреттеп, өлең жұмсақ лирикаға толы екеніне куә боласыздар. «Сұлу қызға» атты өлеңінде:

Сұлу қыз қалың елден сені таптым,
Көрдім де тамашаға белден баттым.
Майысқан алтын айдар еркесісің,
Оянған ұйқысынан табиғаттың.

«Жастарға», «Жігіттерге» атты өлеңдері жастардың болашағына үлкен сенім артады. Халқыңды қараңғыдан жетектеп жарыққа шығар деп ұрандайды. Ақынның өлеңдері тарих беттерінен алынып тыйым салынса да, жұрттың ақынға деген сүйіспеншілігі арта түспесе өшкен емес. Алғашқы шыққан өлеңдері халықтың санасын ояту бағытында, үгіт-насихат өлеңдері болғандықтан, олар көбінесе саяси-публицисткалық сарында, баяндау, түсіндіру, шақыру, ұран түрінде жазылған. Сондықтан олардың көркемдік жағынан гөрі мазмұндық жағы басымдау. Жалпы адамгершілік, ағартушылық тақырыбындағы шығармалары «Айтыс», «Таза бұлақ», «Жұт», «Газет-журнал», «Айқапқа» сияқты туындылары көркем лирикалық поэзия үлгілеріне жатады. Мұнда автор авторлық шеберлікті жетілдірген. Өлең өнерінің биік дәрежесіне көтерілген.

Халқына мәңгілік мұра қалдырған көркемсөз шебері, ақын Міржақып Дулатұлының жалын мен қайратқа толы бейнесі ұрпақтан-ұрпаққа үлгі болмақ:

«Арғы атам ер түрік,
Біз қазақ еліміз.
Ат мінсек ерленіп,
Дуылдап шабамыз.
Лап десек, ерленіп,
Лапылдап жанамыз!...»деп ақын өлеңімен жігерленіп ұрандатып бара жатқан келешектің жастарына рух береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбсеметов М. Міржақып Дулатовтың өмірі мен шығармашылығы. – Алматы, 1995, – 215 б.

2.Смағұлова С. Міржақып Дулатов отарлау саясатына қарсы күрескен қайраткер //«Елім деп соққан ұлы жүрек»: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист Міржақып Дулатұлына арналады) Құраст. В.Қ. Күзембаева; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2002. – 362 б.

3.Дулатов М. Оян, қазақ! Роман, өлеңжырлар, әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 192 б.

4.Иманбаева С. Ұлттық баспасөздің ұйтқысы // «Елім деп соққан ұлы жүрек»: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ағартушы, публицист Міржақып Дулатұлына арналады) Құраст. В.Қ. Күзембаева; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2002. – 362 б.

5.Дулатова Г.М. «Алаштың сөнбес жұлдыздары» Естелік эссе. – Алматы: Мектеп, –2010. – 360 б.

6.Әбсемет М. «Міржақыптың ағартушылық қызметі» // «Ақиқат» журналы 2003 ж. – № 7.

8.Өзбекұлы С., Байгелова Н. Қарқаралы петициясы және Қазақстан конституционализімінің дамуы. – Алматы, 2007 ж. – 152 б.

УДК 37.018.43:004.9

# ИНТЕГРАЦИЯ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ИЗУЧЕНИЕ НАСЛЕДИЯ М. ДУЛАТОВА НА УРОКАХ ИСТОРИИ В ШКОЛЕ

**КАЛИЕВА РАЙХАН БОЛТАБАЕВНА**
педагог-эксперт, учитель истории средней школы №16 имени Д.М. Карбышева,
Республика Казахстан, г.Тараз
**НАСЫБУЛИН ИЛЬДИЯР**
ученик 8 класса средней школы № 16 имени Д.М. Карбышева,
Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме.** Мақалада Миржақып Дулатовтың мұрасы мен «Алаш» қозғалысы тарихын қазақстан тарихының мектеп бағдарламасы аясында зерттеу үшін цифрлық технологияларды және интерактивті әдістерді қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Автор электрондық мұрағаттармен жұмыс жасау, онлайн-карталар құру, әлеуметтік желілерде білім беру жобаларын жүргізу және виртуалды мұражайларды әзірлеуді қамтитын практикалық бағдарланған әдістемелерді ұсынады. Бұл тәсілдердің мақсаты оқушылардың мотивациясын арттыру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту және зерттеу қызметі дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Ұсынылған құралдар «Білім берудегі инновациялық технологиялар» бағытына сәйкес келеді және тікелей педагогикалық тәжірибеде қолданылуы мүмкін.

**Abstract**: The article explores the possibilities of using digital technologies and interactive methods to study the legacy of Mirzhakyp Dulatov and the history of the «Alash» movement within the school course of Kazakhstan's history. The author offers practice-oriented methodologies, including working with electronic archives, creating online maps, conducting educational projects on social networks, and developing virtual museums. The goal of these approaches is to increase student motivation, develop their critical thinking, and form research skills. The presented tools correspond to the direction «Innovative technologies in education» and can be directly used in teaching practice.

Наследие Миржакипа Дулатова – поэта, публициста и одного из лидеров движения «Алаш» – является неотъемлемой частью национальной истории и культуры Казахстана. Однако традиционные методы преподавания, зачастую ограничивающиеся лекционным изложением и работой с учебником, не всегда способны в полной мере передать современным школьникам масштаб личности Дулатова, сложность исторического контекста и актуальность его идей. В этих условиях интеграция цифровых инструментов и интерактивных педагогических подходов открывает новые возможности для глубокого и осмысленного изучения данной темы.

Цель данной статьи – предложить конкретные, практико-ориентированные методики, позволяющие оживить исторический материал, превратить учащихся из пассивных слушателей в активных исследователей.

Первым шагом является знакомство учащихся с первоисточниками через электронные ресурсы.

Электронная библиотека «Алаш» (http://alash.semeylib.kz) представляет собой централизованный цифровой ресурс, где собраны документы, фотографии и произведения деятелей движения. На уроке можно поставить задачу: найти в библиотеке оцифрованные экземпляры газеты «Казах», соредактором которой был М. Дулатов, и проанализировать одну из его публикаций 1913-1917гг.. Это позволит учащимся самостоятельно сформулировать основные идеи и просветительские цели национальной интеллигенции.

Архивные документы онлайн. Можно организовать мини-исследование, используя оцифрованные архивные материалы, например, «Договор издательского товарищества «Азамат»» 1913 года, который сейчас размещен на сайте Казахстанской национальной электронной библиотеки. Анализ этого документа поможет школьникам понять механизмы культурно-просветительской работы в начале XX века.

Для формирования пространственного и хронологического мышления эффективно использовать инструменты визуализации.

Создание интерактивной карты «География "Алаш"». Используя бесплатные сервисы Google My Maps, Яндекс.Карты, учащиеся могут совместно создать карту, на которой отметят ключевые точки: место рождения М. Дулатова, города издания газеты «Казах» (Оренбург), места проведения съездов «Алаш», населенные пункты, связанные с другими деятелями движения. К каждой точке можно добавить описание, фотографии или ссылки на источники.

С помощью онлайн-сервисов например, TimelineJS - класс может создать подробную хронику жизни и деятельности М. Дулатова, синхронизировав ее с ключевыми событиями общероссийской и казахстанской истории. Это наглядно покажет взаимосвязь личной судьбы с историческими процессами.

Проектная деятельность: от социальных сетей до виртуальных музеев

Наиболее глубокое погружение в тему происходит через проектную деятельность, результатом которой становится цифровой продукт.

Образовательный проект в социальной сети. Учащиеся могут вести тематический аккаунт в Instagram, Telegram или «ВКонтакте», посвященный М. Дулатову. Задача – адаптировать сложный исторический материал для сверстников: создавать посты-биографии, графику с цитатами из стихотворения «Оян, қазақ!», короткие видео-объяснения о программе партии «Алаш». Это развивает навыки критического отбора информации и ее творческой презентации.

Создание виртуального музея «Наследие Дулатова». Используя платформы для создания виртуальных выставок Artsteps, Google Arts & Culture, школьники становятся кураторами собственного музея. Они распределяют роли: исследователи - готовят тексты для «экспонатов» – оцифрованных книг, документов, дизайнеры - выстраивают виртуальные залы, «экскурсоводы» - записывают аудиогид. Такой проект является синтезом всех полученных знаний и навыков.

Предложенные цифровые инструменты органично встраиваются в современные педагогические методики, например, в форматы, описанные в разработках уроков по движению «Алаш ».

Метод «Джигсо» (Jigsaw): При изучении структуры движения «Алаш» класс делится на группы, каждая из которых с помощью электронной библиотеки исследует биографию одного из лидеров: А. Букейханова, А. Байтурсынова, М. Дулатова. Затем в новых группах, где есть по одному «эксперту» по каждой личности, составляется общая характеристика движения.

Метод «ABC»: Уровневые задания можно модифицировать с использованием цифровых ресурсов. Задание уровня «А»: используя онлайн-карту, определить географические центры движения. Уровень «В»: проанализировать в электронной библиотеке программный документ и выделить основные идеи. Уровень «С»: сопоставить точку зрения М. Дулатова на развитие образования с современной государственной политикой в этой сфере.

Использование цифровых технологий и интерактивных методов в изучении наследия М. Дулатова и движения «Алаш» решает несколько важных педагогических задач. Оно не только повышает интерес учащихся к истории, но и развивает у них ключевые компетенции XXI века: информационную грамотность, критическое мышление, навыки collaboration и креативность. Предложенные методики носят практический характер и могут быть адаптированы учителем в зависимости от технических возможностей школы и уровня подготовки класса. Таким образом, цифровая эпоха открывает перед историческим образованием новые горизонты, позволяя сделать прошлое живым, осязаемым и личностно значимым для каждого ученика.

**Список использованной литературы:**

1. Дулаткызы Г. М. Неугасимые звезды Алаша: воспоминания-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.

2. ИЗДАТЕЛЬСКОЕ ТОВАРИЩЕСТВО «АЗАМАТ» И ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1917 гг.) // Мысль. – 2025. – 20 окт. – [Электронный ресурс]. – URL: https://mysl.kazgazeta.kz/news/16491 (дата обращения: 25.12.2025).

3. Электронная библиотека «Алаш»: виртуальная экскурсия // Семейская библиотека. – 2017. – 13 апр. – [Электронный ресурс]. – URL: https://semeylib.kz/?p=9677&lang=ru (дата обращения: 25.12.2025).

4. Нургалиева Д.Е. Движение "Алаш" и политические взгляды казахских революционеров-демократов: методическая разработка урока // Инфоурок. – 2024. – 15 фев. – [Электронный ресурс]. – URL: https://infourok.ru/dvizhenie-alash-i-politicheskie-vzglyady-kazahskih-revolyucionerov-demokratov-7550344.html (дата обращения: 25.12.2025).

5. Кабульдинов З.Е., Лебаев Ф.Р., Сандыбаева А.Д. История Казахстана. 11 класс. Учебник. – Алматы: Атамұра, 2020.

ӘОЖ 811.512.122’373.46

# ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ МУЗЫКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЛЕКСИКА- СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**КАЛДЫКУЛОВА МОНШАҚ МАХСЕТҚЫЗЫ**
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірілік университетінің 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

**Аннотация**. В статье рассматриваются лексико-семантические особенности казахской музыкальной терминологии. Исследование охватывает исторические этапы становления музыкальных терминов, их словообразовательные модели, семантические уровни и особенности функционирования в современных контекстах — в системе образования, в СМИ и на цифровых платформах. Особое внимание уделяется проблемам стандартизации и систематизации музыкальных терминов в условиях активного заимствования и адаптации иноязычной лексики. Делается вывод о необходимости создания единых терминологических словарей и внедрения унифицированных понятий в академическую и образовательную практику.

**Ключевые слова:** казахский язык, музыкальная терминология, лексика, семантика, терминология, стандартизация, заимствование, образование, цифровая среда.

**Abstract.** This article explores the lexical and semantic features of Kazakh musical terminology. The research analyzes historical stages of terminological formation, word-formation patterns, and semantic structures. It also examines the application of terms across various modern contexts such as education, mass media, and digital platforms. Particular emphasis is placed on issues of standardization and systematization in the face of increasing foreign borrowings and the need for coherent adaptation. The study concludes with a call for the development of unified terminological dictionaries and the integration of standardized terminology into academic and pedagogical use.

**Keywords:** Kazakh language, musical terminology, lexicon, semantics, terminology, standardization, borrowing, education, digital platforms.

Қазіргі кезеңдегі тіл білімінің басым бағыттарының бірі – терминологиялық жүйелерді жүйелі түрде зерттеу. Осы орайда, қазақ тіліндегі музыкалық терминология – тек салалық лексика ғана емес, сонымен бірге ұлттық рухани дүниетаным мен мәдени кодты бейнелейтін ерекше қабат. Музыкалық терминдер жүйесі – тіл мен өнердің тоғысқан, көпдеңгейлі лексикалық құрылымы. Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті мен заманауи кәсіби музыка өнерінде қолданылатын терминдер – тарихи, этномәдени, семантикалық тұрғыдан күрделі әрі зерттеуге сұранып тұрған сала. Бұл бағытта жүйелі зерттеу жүргізу қазақ тілінің ғылыми әлеуетін арттырумен қатар, ұлттық музыкалық мұраның терминдік өрісін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Музыка – өз ішінде дербес ғылыми-теориялық тілі бар, құрылымы қалыптасқан жүйелі өнер түрі. Музыкалық терминдер тек атаулық қызмет атқарып қоймай, орындаушылық тәжірибе, теориялық түсініктер мен оқу үдерісінде коммуникативтік құрал ретінде маңызды рөл атқарады. Қазақ музыкалық терминологиясы осы күнге дейін әртүрлі кезеңдерде қалыптасып, әртүрлі тілдік әсерлерге ұшырап келді. Алайда бұл лексика әлі де толық жүйеленбей, ғылыми тұрғыдан кешенді талдауға түсіп үлгермеген. Бүгінгі таңда музыкалық білім беру саласында, сонымен қатар өнертану және аударматану салаларында осы мәселені тереңірек зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Бұл – тек тілдік мәселе ғана емес, ұлттық мәдени мұраны жүйелеудің бір тармағы.

Ұсынылып отырған шолу мақалада қазақ музыкалық терминологиясының тарихи қалыптасу жолдарын, лексикалық құрылымын және семантикалық өрістерін зерделеу мақсат етіледі.

Қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті – этностың дүниетанымын, тарихи жадысын, танымдық өрісін бейнелейтін рухани әлемнің ерекше қабаты. Бұл мәдениеттегі музыкалық терминдер – жалаң атау емес, ұлттық болмысты сипаттайтын семантикалық нышандар. «Күй», «жыр», «терме», «толғау», «қобыз», «сырнай», «шертпе күй», «төкпе күй», «жырау», «күйші», «әнші» сынды терминдер – қазақ музыкасының ішкі жүйесін, жанрлық

құрылымын білдіреді. Бұл атаулардың әрқайсысы тарихи контекске ие және тілдік тұрғыдан тұрақты семантикалық өріс қалыптастырған. Дәстүрлі музыкадағы бұл терминдер – қазақ музыкалық лексикасының түп негізі, яғни, терминологиялық іргетасы болып есептеледі.

Кеңес Одағы құрамындағы қазақ музыкалық кеңістігі XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап институционалдық сипатқа ие бола бастады. Осы кезеңде еуропалық музыкалық теория мен білім беру үлгілері енгізіліп, оларға сәйкес келетін терминдер жүйесі қажет болды. Нәтижесінде «оркестр», «нота», «партитура», «модальдік лад», «гамма», «аранжировка», «дирижер», «симфония» сынды еуропалық терминдер қазақ музыкалық терминологиясына енді. Бұл сөздер, бір жағынан, жаңа ұғымдарды жеткізсе, екінші жағынан, тілді шет тілі лексикасына тәуелді етті. Кеңес дәуірінде кейбір терминдер қазақ тіліне аударылып, баламалар ұсынылды («бас нота» – «основная нота»), бірақ көп жағдайда тікелей қабылданған кірме сөздер басым болды [1, 18б]. Бұл кезең музыкалық терминжасамда бірізділік пен ғылыми негіздің болмауымен сипатталады.

Тәуелсіздік кезеңінде музыкалық терминологияның ұлттық мазмұнын жаңғыртуға бағытталған үрдістер айқын байқалды. Бұл жылдары музыка саласындағы зерттеушілер мен практик мамандар тарапынан жаңа терминдік баламалар ұсынылып, кәсіби сөздіктер мен қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік құралдар жарық көре бастады. Сонымен қатар, музыкалық білім беру жүйесінде қазақ тілінің қолданылу аясы кеңейіп, терминологиялық жүйені ұлттық сипатта қайта құруға мүмкіндік туды.

Бүгінгі күні жаһандану үдерісі және цифрлық технологиялардың кеңеюі музыкалық терминологияға шет тілдік ықпалдың жаңа толқынын әкелуде. Әсіресе ағылшын тілінен «саундтрек», «джаз», «фьюжн», «бэк-вокал», «стейдж», «бит» секілді терминдер жиі қолданысқа енуде. Олардың кейбірі әлі күнге дейін баламасыз немесе бейімделмеген күйде пайдаланылып жүр. Бұл жағдай ұлттық терминологиялық жүйенің тұтастығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан бұл терминдердің қазақ тіліндегі қолданысын жүйелеу, қажетті жағдайда балама жасау немесе түсіндірмелі түрде қолдану – бүгінгі зерттеуші қауым алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі.

Қазақ тіліндегі музыкалық терминология – ұлттық тілдің ішкі заңдылықтарына, сөзжасамдық әлеуетіне және мәдени болмысқа негізделген, тарихи тұрғыдан қалыптасқан күрделі жүйе. Музыкалық терминдер тек атауыштық қызметті атқарып қана қоймай, музыкалық құбылысты сипаттауға, жүйелеуге және эстетикалық бағалауға арналған маңызды лингвистикалық құрал ретінде қызмет етеді. Бұл терминдердің лексикалық құрылымы мен семантикалық өрісі – қазақ тілінің табиғи дамуын ғана емес, оның кәсіби-техникалық салаларда даму қабілетін де дәлелдейді [2, 86б].

Лексикалық тұрғыдан алғанда, қазақ музыкалық терминологиясы бірнеше түрлі көздерден құралған: дәстүрлі төл лексика, шет тілдерден енген кірме сөздер, қазақ тілінің өнімді сөзжасам тетіктері арқылы жасалған жаңа атаулар және кәсіби-салалық қолданыста қалыптасқан күрделі лексемалар. Термин жасаудың негізгі тәсілдерінің бірі – туынды сөздер арқылы кәсіби атаулар қалыптастыру. Мәселен, «күйшілік», «әншілік», «жыршылық» сынды сөздер түбір мен жұрнақ арқылы жасалып, белгілі бір музыкалық қызметті немесе орындаушылық дәстүрді бейнелейді. Бұл сөздер тілдің ішкі заңдылығына сәйкес жасалғанымен, кәсіби ортада нақты ұғымға ие болғандықтан, дербес термин ретінде қолданылады.

Музыкалық терминдер жүйесінде күрделі сөздер мен синтаксистік тіркестер де маңызды орын алады. «Саз аспаптары», «домбыра үні», «ән мәтіні», «күй өнері» сияқты тіркестер белгілі бір музыкалық құбылысты нақтылап, терминологиялық мәнге ие болады. Мұндай күрделі атаулар ұғымның құрылымын толық жеткізіп, музыкалық мазмұнды тереңірек сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл тілдік құбылыс қазақ терминологиясының аналитикалық құрылымға бейімділігін көрсетеді.

Музыкалық терминологияда шет тілдерден енген кірме сөздердің орны да айтарлықтай. Әсіресе, кеңестік кезеңде және одан кейінгі уақытта кәсіби музыкалық білім беру жүйесінде еуропалық музыка теориясына тән терминдер кеңінен енді. Мысалы, «оркестр», «нота», «партитура», «аранжировка», «симфония», «глиссандо» сияқты сөздер орыс тілі арқылы тікелей немесе бейімделген түрде қазақша лексика құрамына енді. Бұл сөздердің көпшілігі термин ретінде сіңісіп, кәсіби ортада кеңінен қолданылады, дегенмен олар қазақ тілінің дыбыстық және грамматикалық заңдылықтарына толық бейімделе қойған жоқ [3, 57б].

Төл лексика негізінде жасалған музыкалық терминдер – қазақ мәдениетінің дүниетанымдық ерекшелігін көрсететін маңызды қабат. «Шерту», «толғау», «зар», «қоңыр үн», «мұңлы әуен» сынды тіркестер музыкалық құбылысты тек техникалық сипатта ғана емес, эстетикалық және

эмоциялық бейнеде де береді. Бұл атаулар дыбыстың сапалық сипатын сипаттаумен қатар, тыңдаушының эмоционалдық қабылдауына да әсер етеді. Сонымен қатар, шет тілдерден енген кейбір терминдердің қазақ тіліндегі бейімделген нұсқалары да қалыптаса бастады: мысалы, «арпеджио» → «арпеджиолық әуен», «ритм» → «ырғақтық құрылым».

Музыкалық білім беру мен ғылыми-зерттеу салаларында қолданылатын салалық кәсіби терминдер де терминологиялық жүйенің маңызды бөлігін құрайды. «Музыкатанушы», «ноталық жазба», «дыбыс инженері», «аспаптық ансамбль», «жеке партия», «ансамбльдік жаттығу» сияқты атаулар – музыка саласына тән маманданған лексика. Бұл лексемалар ғылыми және педагогикалық айналымда стандартты мағынаға ие, әрі мазмұндық жағынан нақты.

Музыкалық терминдердің семантикалық құрылымы да өзіндік ерекшелікке ие. Бұл құрылым терминнің ұғымдық мазмұны, қолдану контексті, эмоциялық және поэтикалық жүктемесі арқылы анықталады. Кәсіби және академиялық ортада қолданылатын терминдер көбінесе нақты ұғымды білдіреді және бірмәнді мағынаға ие: «модуляция», «тональдік ауысу», «гармониялық құрылым», «контрапункт». Ал дәстүрлі музыкалық терминдер көп жағдайда бейнелі, көпқабатты семантикаға ие болып келеді.

Көп мағыналылық (полисемия) – қазақ музыкалық терминологиясына тән құбылыс. Мысалы, «саз» сөзі бір контексте – музыка деген мағынада қолданылса, басқа жағдайда – аспаптың атауын білдіреді немесе дыбыстың сипаттамасы ретінде жұмсалады. Сол сияқты, «әуен» сөзі – әрі мелодиялық құрылымды, әрі жалпы музыкалық қозғалысты білдіре алады. Мұндай көпқабатты мағыналар терминнің тілдегі тарихи қолданысымен, мәдени-когнитивтік контекстімен тығыз байланысты.

Семантикалық жүйеде синонимдік қатарлардың да орны ерекше. «Әуен» – «мелодия», «жыр» – «толғау», «ән» – «саз» секілді синонимдер мағына жағынан жақын болғанымен, қолдану контексі мен стильдік реңкі әртүрлі. Бұл синонимдік бірліктер тілдің көркемдік бейімделгіштігін ғана емес, музыкалық терминологияның поэтикалық табиғатын да танытады.

Қазақ музыкалық терминологиясының ерекшелігі – оның метафоралық бейнелеу мен символдық мәнге бай екендігінде. «Шерлі күй», «зарлы әуен», «күмбірлеген домбыра», «қоңыр үн» сияқты тіркестер нақты дыбыстық сипаттан гөрі, тыңдаушының ішкі түйсігі мен эмоциялық әсеріне негізделген бейнелі семантиканы білдіреді. Бұл қазақ тілінің поэтикалық әлеуетінің музыка тілінде де көрініс табуының айғағы.Сондай-ақ, эмоциялық реңктегі терминдер музыкалық тілдің мазмұндық байлығын көрсетеді. «Шер», «зар», «елес үн», «құйқылжыған дыбыс», «желдірме күй» сынды сөздер – музыка мен адамның ішкі рухани әлемі арасындағы байланысты жеткізетін лексикалық құралдар. Мұндай атаулар техникалық қана емес, эстетикалық бағалау мен қабылдау мәдениетін де қалыптастырады.

Қазақ тіліндегі музыкалық терминдер жүйесі қазіргі кезеңде өзінің қолданыс аясын кеңейтіп, тек кәсіби ортада ғана емес, білім беру, бұқаралық ақпарат және цифрлық мәдениет кеңістігінде де тұрақты орын ала бастады. Бұл өзгеріс музыкалық терминологияның тек теориялық ұғымдармен шектелмей, прагматикалық-коммуникативтік функция атқара бастауымен байланысты.

Музыкалық білім беру саласында терминдер жүйесі оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттер арқылы реттеліп келеді. Орта білім беру бағдарламаларында және жоғары оқу орындарындағы оқу жоспарларында кәсіби терминдердің қазақ тіліндегі баламалары ұсынылуда. Мысалы, «ноталық жазба», «ырғақтық құрылым», «тоналдық ауысу», «аспаптық топтастыру» сияқты терминдер музыка теориясы пәндерінің негізгі ұғымдарын ана тілінде жеткізудің нәтижесі ретінде орныққан. Терминдердің тіліміздегі балама түрлерінің сәтті жасалуы оқытудың сапасын арттырумен қатар, музыкалық түсініктердің қазақша ғылыми түсіндірмесін де жүйелеп отыр.

Соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдары мен өнертану әдебиеттерінде музыкалық терминологияның қолданылуы кеңейе түсті. Теледидар, радио, интернет платформаларында ұсынылатын музыкалық контентте кәсіби терминдердің орынды қолданылуы байқалады. Өнер шолулары, музыка сындары мен деректі жобаларда «аспаптық палитра», «вокал техникасы», «орындаушылық интерпретация» сынды тіркестер жиі кездесіп, тыңдарманның қабылдауын тереңдетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, өнертану мақалаларында, музыкалық антологияларда және зерттеу еңбектерінде терминдердің қолданылуы ғылыми стиль мен музыка тілінің өзара сабақтастығын қамтамасыз етеді [4, 48б].

Цифрлық платформалардың пайда болуы қазақ музыкалық терминдерінің жаңа қолданыс кеңістігін қалыптастырды. Әсіресе, YouTube, Spotify, Apple Music сияқты ағынды медиа алаңдарда қазақша интерфейс енгізіле бастағаннан кейін, музыкалық терминдер бейімделіп немесе жаңа

атаулар арқылы ұсынылуда. Пайдаланушыларға бағытталған «орындаушы», «ән тізімі», «жанр бойынша сұрыптау», «құлаққап режимі» тәрізді лексемалар музыкалық әрекеттерді сипаттайтын жаңа терминологиялық қабат ретінде қалыптасып келеді. Алайда бұл кеңістікте терминдердің жүйесіз аударылуы немесе бірізділіктің болмауы жиі кездеседі. Бұл терминологиялық стандарттауға деген сұранысты айқын көрсететін факторлардың бірі.

Музыкалық терминологияны жүйелеу мәселесі – қазіргі қазақ тіл білімінің өзекті бағыттарының бірі. Музыка саласындағы кәсіби лексиканың реттелуі мен бірізденуі тек тілді дамыту тұрғысынан емес, музыкалық білім мен ғылымның сапасын арттыру үшін де шешуші маңызға ие.

Қолданыстағы музыкалық сөздіктер мен глоссарийлер– терминдердің жиынтық нұсқасын ұсынатын негізгі ресурстар. Алайда, олардың едәуір бөлігі кеңестік кезеңде жасалған және қазіргі ғылыми-танымдық талаптарға толық сәйкес келмейді. Ондай сөздіктерде кездесетін калькалық аудармалар мен орыс тілінен тікелей алынған сөздердің баламасы ұлт тілінің ішкі заңдылығына сай жасалмағандықтан, кейбір ұғымдар оқырман үшін күңгірт күйде қалады. Сонымен қатар көптеген жаңа ұғымдарға арналған қазақша баламалар әлі де тұрақты емес немесе мүлде жоқ.

Соңғы жылдары музыка теориясы, орындаушылық және өнертану салаларындағы зерттеушілер мен педагогтер тарапынан кәсіби терминдерге балама жасау бағытында ілгерілеу байқалады. Авторлық оқулықтар мен монографияларда кейбір жаңа терминдер қазақ тіліне икемделіп, контекске сәйкес ұсынылып келеді. Бұл тілді ғылыми қажеттілікпен байланысты дамытудың тиімді жолы. Алайда мұндай баламалардың көбі ресми терминологиялық кеңестердің мақұлдауынан өтпегендіктен, бірізді термин ретінде кең қолданыс таба алмай отыр.

Музыкалық терминологияны стандарттауда басты назар аударатын мәселе – ұғымдардың мағыналық нақтылығы мен терминдердің жүйелілігі. Белгілі бір музыкалық түсінікке әртүрлі атаудың қолданылуы ғылыми дәлдікке кедергі келтіреді. Мысалы, «тональность» ұғымы кейбір әдебиетте «тоналдық құрылым» ретінде берілсе, басқа дереккөздерде «тұғырлы әуен», «әуендік негіз» сияқты әртүрлі атаулармен кездеседі. Мұндай вариативтілік музыка теориясында терминдердің нақты дефициясын қалыптастыру қажеттілігін айқын көрсетеді. Осы орайда, жүйелі терминологиялық база жасау қазақ музыка тілінің заманауи талаптарға бейімделуіне негіз болады.

Қазақ тіліндегі музыкалық терминология көпқабатты, тарихи және мәдени тұрғыдан бай жүйе. Зерттеу барысында анықталғандай, бұл салада дәстүрлі лексика мен кәсіби терминологияның тоғысуы, шет тілдерден енген ұғымдардың бейімделуі, сонымен қатар тілдің сөзжасамдық әлеуетінің белсенділігі айқын байқалады. Терминдердің мағыналық өрісі мен құрылымдық ерекшеліктері олардың лингвистикалық сипатын ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениетпен байланысын да көрсетеді.

Қазіргі кезеңде музыкалық терминдердің қолданысы кеңейіп, оқу үдерісінен бастап цифрлық медиаплатформаларға дейінгі түрлі контекстерде белсенді түрде көрініс табуда. Дегенмен бұл кеңістікте жүйесіздік, мағыналық қайшылықтар мен стандартсыздық сияқты мәселелер де жоқ емес. Терминологияны жүйелеу мен нақтылау тек лингвистикалық емес, идеологиялық, әдістемелік және мәдени маңызы бар кешенді міндетке айналуда.

Алдағы уақытта музыкалық терминологияны дамыту бағытында келесі ұсыныстар өзектілігін жоймайды:

– Қазіргі қазақ музыка саласына бейімделген терминологиялық корпус жасау;

– Терминдерді семантикалық және прагматикалық тұрғыдан саралау;

– Шет тілдерінен енген ұғымдарға контекстке бейім баламалар ұсыну;

– Терминологияны музыкалық білім беру жүйесіне бірізді түрде енгізу.

Қазақ музыкалық терминологиясын жүйелеу ұлттың мәдени тұтастығын, ғылыми әлеуетін және тілдік дербестігін нығайтудың бір арнасы. Бұл үдеріс тек тіл мамандарының ғана емес, музыка зерттеушілерінің, орындаушылар мен педагогтердің де ортақ ғылыми мүддесі болуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоңыратбай Т. Ә. Қазақ халқының музыкалық мұрасын зерттеудің синергетикалық мәселелері // Керуен ғылыми журналы. – № 1 (74). – 2022. – Б. 18–41.

2.Қоңыратбай Т. Ә. Қазақ халқының музыкалық аспаптарын зерттеудің өзекті мәселелері // Türkoloji халықаралық ғылыми журналы. – 2022. – № 110. – Б. 84–120.

3.Tatkenova Sh., Mussilim Amze. Traditional music of Kazakhstan in the second half of the 20th century: using the example of folk song art in the northern region of Kazakhstan // AEMR European Music Review. – 2022. – № 13. – P. 53–67.

4.Сейсен Ш. Б. Қазіргі қазақ тіліндегі термин қабылдау үдерісі және варианттылық, оның тілдік нормаға әсері // Батыс Қазақстан университеті хабаршысы. – 2023. – № 2 (85). – Б. 45–59.

ӘОЖ 811.512.122’373.612

## ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН МЕТАФОРАЛЫҚ ТІРКЕСТЕРДІҢ ТІЛДІК ТАБИҒАТЫ

**ЖАҚЫП ИНДИРА ЕРІККЫЗЫ**
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

**Аннотация.** В статье рассматриваются лексико-семантические, структурные и этнокультурные особенности метафорических выражений, широко распространённых в дискурсе казахской народной медицины. На основе анализа установлено, что метафоры, связанные с представлениями о болезни и исцелении, отражают традиционное мировоззрение, культурную память и символическую практику казахского этноса. Болезнь метафорически осмысливается как «враг», «естественное явление», «потусторонняя сила», а лечение – как «очищение» или «облегчение», что указывает на наличие концептуальных моделей в языковом сознании. Кроме того, в статье описана прагмасемантика метафор в составе пословиц и устойчивых выражений, а также их трансформация в современном медиальном и бытовом дискурсе. В результате исследования доказано, что язык народной медицины функционирует как лингвокультурный феномен, сохраняющий образное мышление и культурные коды народа.
Ключевые слова: лечебная метафора, народная медицина, концептуальная модель, языковое сознание, этнолингвистика, фразеология.

**Abstract.** The article explores the lexical-semantic, structural, and ethnocultural characteristics of metaphorical expressions commonly used in the discourse of Kazakh traditional medicine. The analysis reveals that metaphors describing illness and healing reflect the traditional worldview, cultural memory, and symbolic practices of the Kazakh people. Illness is metaphorically conceptualized as an “enemy”, “natural phenomenon”, or “supernatural force”, while healing is viewed as “cleansing” or “relief” representing conceptual models embedded in linguistic consciousness. The study also examines the pragma-semantic function of healing metaphors in proverbs and fixed expressions, along with their transformation in contemporary discourse. The findings demonstrate that the language of traditional medicine serves as a linguocultural phenomenon preserving metaphorical cognition and cultural codes of the nation.
**Keywords:** healing metaphor, traditional medicine, conceptual model, linguistic consciousness, ethnolinguistics, phraseology.

Қазақ тілінің бейнелі қазынасында ерекше орын алатын халықтық медицинаға байланысты метафоралық тіркестер – ұлттың дүниетанымдық жүйесін, танымдық құрылымын, мәдени тәжірибесін тіл арқылы танытатын құндылықтық-лексикалық қабат. Тарихи жадыда сақталған ем-дом атаулары мен ауруға қатысты тіркестер халықтың денсаулыққа, тіршілікке, қоршаған ортаға қатынасын бейнелі түрде сипаттайды. Осы фразеологиялық бірліктер мен метафоралық атаулардың астарында тек тілдік емес, когнитивтік, мәдени, символдық қабаттар жатады. Сондықтан да халық медицинасына қатысты метафоралық құрылымдарды зерттеу қазіргі тіл білімінде когнитивтік лингвистика мен этнолингвистика салаларын тоғыстыра отырып, ұлттың ұжымдық ойлау жүйесіне енуге жол ашады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі – дәстүрлі қазақ медицинасы дискурсында кеңінен тараған метафоралық тіркестердің тілдік табиғатын, концептуалдық мазмұнын, уәждік жүйесін және мәдени-танымдық негізін анықтау қажеттігімен байланысты. Қазіргі таңда биомедициналық терминологияның қарқынды дамуы нәтижесінде халықтық метафоралар қолданыстан біртіндеп шығып бара жатқанымен, оларда ұлт жадысы, байырғы емдік тәжірибенің тілі сақталған.

Зерттеу мақсаты – қазақ халық медицинасына тән метафоралық тіркестерді лингвокогнитивтік және этномәдени тұрғыдан сипаттау, олардың құрылымдық, семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ ауру мен ем ұғымдарының метафоралану модельдерін жүйелеу.

Қазақ халық медицинасы – тек емдеу амалдарының жиынтығы ғана емес, сонымен бірге тілдік және фольклорлық дискурс ретінде қалыптасқан кеңістік. Бұл дискурста шипалық тәжірибе мен тілдік бейнелеу біртұтас түрде көрініс табады. Жыраулар жырында, бақсы сарынында, бата-тілектерде және мақал-мәтелдерде денсаулық, ауру, ем мәселелері терең мағыналық деңгейде бейнеленеді. Мысалы, «жел тиді», «көз өтті», «жын соқты» деген тіркестер аурудың себептерін рационалды түсінуден гөрі, бейнелі әрі мифологиялық қабылдауға негізделген. Бұл тілдік құрылымдарда фольклор мен наным-сенім, поэтикалық ойлау мен шындық арасындағы символдық көпір айқын көрінеді [1, 101б].

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында метафора – абстрактылы ұғымды нақты, сезімге жақын бейнелер арқылы ұғындыру құралы. Ауру мен ем ұғымдары адам денесінің мүшелеріне, табиғат құбылыстарына, жануарлар мен рухани күштерге ұқсату арқылы сипатталады. Бұл – метафоралық концептуализация нәтижесі. Мысалы, «жүрекке салмақ түсті», «бауырына шоқ түсті», «көз тиді» деген тіркестерде ішкі эмоционалдық немесе физиологиялық күй нақты бейнелермен беріледі. Мұндай тілдік метафоралар халықтың әлемді түйсінуі мен қоршаған ортаны қабылдауындағы көркемдік жүйені сипаттайды.

Қазақ тіліндегі метафоралық тіркестер ауруды көбінесе жау, тылсым күш, бөгде нысан, салмақ, тіпті лас энергия ретінде сипаттайды. Ал ем – сол қауіптен арылу, тазарту, қуалау, жеңілдік табу моделімен метафораланады. Бұл – «ауру = жау», «ауру = ауыртпалық», «ем = тазару», «ем = жеңілдік» сияқты концептуалдық модельдердің негізінде құрылған тілдік жүйе. Мәселен, «ішіне жын кірді», «тұла бойын дерт басты», «ауру шаншудай қадалды» тіркестері – аурудың денеге шабуыл жасаушы агент ретінде қабылданғанын көрсетеді. Ал «шипа дарыды», «аузын ашып кетті», «қалпы түзелді» секілді тіркестерде емнің әсері бейнелі түрде сипатталып, тіл мен таным арасындағы байланыс айқындалады.

Қазақ халық медицинасы дискурсындағы метафоралар – халықтың ауру мен емді қабылдау, түсіну және сипаттау тәсілінің тілдік көрінісі. Бұл метафоралар семантикалық жағынан тек денсаулық жағдайын ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі дүниесін, эмоциялық күйін, әлеуметтік кеңістіктегі орнын да бейнелеп береді. Ауру мен емнің метафоралық сипат алуы белгілі бір концептуалдық модельдерге сүйенеді. Ауру көбіне табиғи құбылыс, тылсым күш немесе жау бейнесінде сипатталады. Мысалы, «жел тиді», «суық жүрді» тіркестері ауруды жаратылыс күштерінің әсерінен туындайтын жағдай ретінде көрсетсе, «көз тиді», «жын қонды», «ішке қара күш кірді» секілді тіркестерде ауру жау немесе бөгде күш ретінде сипатталады. Бұл метафоралар халықтың ауруды ішкі емес, сырттан келетін қауіп ретінде түсінгенін көрсетеді [2, 72б].

Ем әрекеттері де метафоралық тұрғыдан жүйелі түрде сипатталады. Мысалы, «құртты қуу», «ауаны тазарту» сияқты тіркестерде емдеу – организмнен зиянды затты шығару, яғни тазару, тазарту ретінде қабылданады. Ал «жүрекке жеңіл түсті», «денесі босады» сияқты құрылымдарда ем әсерінің нәтижесі жеңілдік, тыныңу, тепе-теңдікке келу түрінде бейнеленеді. Бұл – «ем = жеңілдік» метафоралық моделі. Мұндай тілдік құрылымдарда денсаулық – тепе-теңдік, жеңілдік, тазару секілді позитивті физикалық және рухани күймен ассоциацияланады.

Метафоралардың құрылымдық типологиясы да көптүрлі. Біріншіден, олар метафоралық етістіктер арқылы көрініс табады: «тиді», «соқты», «қонды», «шықты», «жіберді», «тартып алды». Бұл етістіктер ауру мен ем әрекетін бейнелі етіп жеткізеді. Екіншіден, бейнелі тіркестер мен фразеологизмдер – халық тіліндегі ұжымдық тәжірибенің жинақталған үлгілері. Мысалы, «қалтырап кетті», «буын босады», «сүйегі сырқырады» секілді тіркестерде аурудың физиологиялық әсері бейнелі формада көрініс табады. Үшіншіден, кейбір тіркестер мифологиялық, символдық мағынамен қоса фольклорлық контексте өмір сүреді. Мәселен, «жын соқты», «қара иектен шықты» тәрізді тіркестер тек ауру емес, сонымен қатар әлеуметтік, рухани тепе-теңдіктің бұзылуын сипаттайды. Емдік метафоралар тілдік, мәдени және танымдық деңгейде күрделі құрылымға ие.

Этномәдени метафоралар – халықтың дәстүрлі дүниетанымынан туындайтын бейнелі құрылымдар. Олар тек лингвистикалық емес, мәдени, діни, мифологиялық және әлеуметтік факторларға негізделген. Қазақ халық медицинасы кеңістігінде ауру мен ем жайлы метафоралық тіркестердің бір бөлігі тікелей мифологиялық және шамандық наным-сенімдерге байланысты

қалыптасқан. Атап айтқанда, «жын соқты», «жын кірді», «пері иектеді» деген тіркестерде аурудың себебі тылсым, көзге көрінбейтін, бірақ зиян келтіретін рухани күш ретінде сипатталады. Мұндай тіркестердің астарында әлемді екіжақты – жақсы және жаман күштерге бөлетін мифопоэтикалық таным жатыр.

Этномәдени метафоралар құрамында символдар мен архетиптер жиі кездеседі. Мысалы, «жын», «қара күш», «ақ жарық», «жол ашу», «тіл байлау», «бетке жабылу» тәрізді тіркестер символикалық мазмұнды иеленеді. Бұл сөздер мен тіркестер ауруды тек физиологиялық емес, сонымен бірге рухани немесе моральдық күйзеліс ретінде тануға мүмкіндік береді. Архетиптік бейнелер емдік рәсімдерде жиі кездеседі: «ақ жаулық», «ақ жарық» – шипа мен тазалық символы, ал «қара» – ауыртпалық, жамандық белгісі. Этномәдени метафоралар арқылы тіл – халық жадының, рухани қауіпсіздіктің және мәдени-мифологиялық кодтың таратушысы ретінде әрекет етеді.

Табу мен эвфемизмдердің метафоралық қолданысы да емдік тілдік жүйенің құрамдас бөлігі. Улы шөптер, қатерлі аурулар немесе тыйым салынған диагноздар тура аталмай, бейнелі, жанама түрде беріледі. Мысалы, «жаман нәрсе», «тіл тиді», «қара шөп», «ит шөп» деген метафоралар ауруға немесе қауіпті жағдайға қатысты ашық айтуға тыйым салынған сана деңгейіндегі қорғаныш қызметін атқарады. Бұл метафоралық эвфемизмдерде қауіптену, қорғану, сақтану әрекеті мәдени және тілдік деңгейде ұштасып жатыр.

Этномәдени метафоралар – халық медицинасының тілдік әлеміндегі символдық, танымдық және психологиялық қорғаныс механизмдерінің ажырамас бөлігі. Олар арқылы ұлт дүниетанымының құрылымдық элементтері ғана емес, сондай-ақ ұжымдық эмоционалды тәжіриктің де тілдік репрезентациясы жүзеге асады.

Қазақ халық тілінің бейнелі қабатында ерекше орын алатын – емдік мағынадағы фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер. Бұл тілдік құрылымдарда метафора тек көркемдеуіш құрал емес, прагмасемантикалық мәнге ие когнитивтік код ретінде қызмет атқарады. Емдік мағынадағы тұрақты тіркестер адамның денсаулық жағдайына байланысты нақты тәжірибесін бейнелейді және халық медицинасындағы вербалды әрекеттердің бөлінбес бірлігіне айналған. Мысалы, «жүрегіне ауыр сөз тиді», «бауыры күйді», «ішіне шоқ түсті» тәрізді тіркестерде метафора арқылы аурудың немесе эмоциялық күйзелістің бейнесі беріледі. Бұл фразеологиялық бірліктерде «ауру = физикалық шабуыл, ауыр зат, от» түріндегі концептуалдық модельдер көрініс табады [3, 55б].

Мақал-мәтелдер құрамында кездесетін метафоралық кодтар – халықтың ауру мен емге, саулық пен қауіпке қатысты жинақталған танымын көрсететін символдық формалар. Мысалы, «жусанның иісі – сауығудың белгісі» деген мәтелде жусан образы тек емдік өсімдік ретінде емес, отансүйгіштік, өмірлік күш, рухани тазару символы ретінде көрініс табады. Сол сияқты, «Ем қонбағанға шөп те шипа емес», «Басы ауырмағанның тәңірі бар» тәрізді мәтелдерде тіл мен танымның, ем мен сенімнің бірлігі көрсетіледі. Метафора бұл құрылымдарда ұжымдық тәжірибенің, адам мен табиғаттың өзара байланысының көркем-поэтикалық тіліне айналған.

Диахрондық тұрғыдан алғанда, емге байланысты кейбір метафоралар өз мәнін сақтаса, енді бірі семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, тек символдық-мәдени мәнде өмір сүруде. «Жел тиді», «көз тиді» тіркестері бұрынғыдай ауру себебін түсіндіру моделі ретінде қолданылған болса, қазіргі тілдік санада көбіне ауыспалы, бейнелі мәнге ие. Бұл үдеріс – тілдің метафоралық жүйесінің семантикалық эволюциясын, яғни мазмұндық кеңеюін, фольклорлық негізден заманауи дискурсқа трансформациялануын көрсетеді.

Қазіргі кезеңде халықтық емдік метафоралар тілі – бір жағынан тарихи-мәдени мұра ретінде, екінші жағынан – қазіргі тілдік санадағы символикалық ресурстардың бірі ретінде қарастырылады. Заманауи медициналық, медиалық және интернет-дискурстарда бұл метафоралар өз маңызын толық жоғалтпағанмен, белгілі бір трансформацияға ұшырауда. Жаңа ақпараттық кеңістікте қалыптасқан интернет-фольклор, әлеуметтік желілердегі бейнелі сөзқолданыстар дәстүрлі метафораларды жаңа контексте қайта тірілтіп отыр. Мысалы, COVID-19 пандемиясы кезеңінде «вирус – көрінбейтін жау», «ауру – үнсіз дұшпан» деген бейнелеулер кең тарады. Бұл бұрыннан бар «ауру = жау» моделінің жаңа тілдік формалар арқылы жаңғыруы.

Қазіргі тілдік кеңістікте этномедицинадан биомедициналық модельге көшу үдерісі жүріп жатыр. Мұның нәтижесінде дәстүрлі метафоралар (мысалы, «жын соқты», «суық жүрді», «көзі өтті») медициналық санада маргиналдана бастайды. Алайда бұл ығыстыру толық болмағанымен, кейбір метафоралар жаңа прагматикалық кеңістікке бейімделіп, эмоционалдық-көркемдік сипатта өмір сүріп келеді. Мысалы, «жүрегім қысылып тұр», «жел соқтырып алған екен» деген сөздер

ауызекі тілде жиі қолданылады, бірақ олардың биомедициналық эквиваленттері нақты диагноздармен ауыстырылған.

«Тіл білімі» сөздігінде «Диалог» грек тілінен аударғанда «dialogos»–әңгіме, сұхбат деген мағынаны білдіреді [3]. Демек, диалогтік сөйлеу (сұхбаттасу) өзара тілдесу негізінде ауызша сөйлеу формасы, яғни диалог – екі немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме, тіл қатысу, пікірлесу. Диалогтік оқыту – білім беру процесінде оқушылар мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты белсенді түрде ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық технология. Оның негізгі теориялық моделі конструктивистік және коммуникативтік тәсілдерге негізделген. Конструктивизм бойынша оқушы білімді пассив қабылдаушы емес, өз тәжірибесі арқылы меңгеретін белсенді субъект болып табылады. Бұл тұрғыда диалогтік оқыту оқушыларға шығарманың мазмұнын, кейіпкерлердің психологиялық және әлеуметтік қырларын өзара талқылау арқылы түсінуге мүмкіндік береді. Коммуникативтік модель оқушылардың пікір алмасуы, сұрақ қою және жауап беру, дәлел келтіру, қарсы уәж айту сияқты іс-әрекеттерін ұйымдастыруға бағытталған.

Сабақта қолданылатын стратегиялар мен тәсілдер әртүрлі, бірақ олардың барлығы оқушылардың сыни ойлауын, аналитикалық қабілеттерін, эмоционалдық қабылдауын және шығармашылық әрекетін дамытуға арналған. Алғашқы стратегия – **ашық сұрақтар мен пікірталас**, мұнда оқушы шығарманың мазмұнын өз сөзімен жеткізіп, бір-бірінің ойымен бөліседі. Екінші стратегия – **себеп-салдарлық талдау**, ол арқылы оқушылар Ләйлә кейіпкерінің әрекеттерін, шығарманың символдық элементтерін және әлеуметтік контекстін байланыстырған талқылаулар жүргізеді. Үшінші тәсіл – **мәтінге сүйену және дәлелдеу**, яғни оқушылар өз пікірін мәтіндік үзінділермен дәлелдеп, аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Сондай-ақ **герменевтикалық талдау**, **моральдық дилемма талқылауы**, **гипотетикалық сценарийлер құру** және **символдық интерпретация** сияқты тәсілдер де сабақта кеңінен қолданылады.

Әдебиетті оқытуда, әсіресе Роза Мұқанова сияқты терең психологиялық және философиялық мазмұнды шығармаларды талдауда бұл әдістер оқушылардың мәтінді саналы, жан-жақты түсінуіне мүмкіндік береді. Диалогтік ортада оқушыларға ең алдымен ашық сұрақтар беру арқылы олардың шығарманы қабылдау ерекшелігін анықтау тиімді. Мұндай ашық сұхбатта *«Ләйләнің үнсіздігінің астарында қандай психологиялық күй жатыр?»* немесе *«Ол образ неліктен мәңгілік қасірет символына айналады?»* секілді сұрақтар оқушыларды терең толғанысқа жетелейді.

Диалогтік оқытудың маңызды тәсілдерінің бірі – *себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға арналған талқылау*. Бұл жағдайда оқушылар Ләйләнің тағдыры мен шығарманың трагедиялық табиғатын қандай әлеуметтік немесе моральдық жағдайлар айқындайтынын бірлесе талдайды. Олар бір-бірінің пікірін тыңдап, қарсы дәлел келтіріп, өз тұжырымын нақтылайды. Осы үдеріс барысында Ләйлә бейнесінің тек жеке адамның жағдайы емес, қоғамның рухани күйреуінің көрінісі екені туралы ой қалыптасады.

Сонымен қатар, диалогтік технология мәтіндік дәлелдермен ой айтуға бағытталған терең талдауды талап етеді. Мұнда оқушылар өз пікірін Ләйләнің іс-әрекетіне, ішкі күйін бейнелейтін авторлық детальдерге сүйене отырып негіздейді. Жазушының табиғат суреттерін, қараңғылық, үнсіздік, жел сияқты символдық детальдарды қолдануы Ләйлә образымен байланыстырылып, ойталқыға салынады. Оқушылар бұл символдардың беттік, психологиялық және философиялық деңгейлердегі мағынасын ашуға тырысады.

*Герменевтикалық тәсіл* арқылы оқушылар Ләйләнің белгілі бір әрекеті немесе оның психологиялық күйін сипаттайтын тұстарды терең түсінуге бағытталады. Мысалы, Ләйләнің айналасындағы әлемге сенімсіздігінің немесе үнемі қорқыныш пен күйзеліс күйінде жүруінің мәні туралы пікір алмасу шығарманың астарлы мағынасын ашумен ұштасады.

*Моральдық дилеммаға негізделген пікірталаста* оқушылар шығарманың негізгі мәселелерін қоғам мен индивид арасындағы этикалық қақтығыс тұрғысынан талдайды. «Ләйләнің тағдыры үшін кім жауапты?» деген сұрақ төңірегіндегі пікір алмасу оқушыларды әлеуметтік әділет, адамгершілік, жауапкершілік ұғымдарын терең ойлауға итермелейді.

Сондай-ақ, диалогтік оқыту шығарманы тарихи және әлеуметтік контекстпен байланыстырып талқылау тәсілін де қамтиды. Бұл тәсілде Ләйлә бейнесінің белгілі бір тарихи қасіреттің символы ретінде қалыптасуы туралы ой қозғалып, оқушылар автордың көркем интерпретациясы мен нақты тарихи жағдайды салыстырады. Мұндай талдау шығарманың тек әдеби көркем шығарма емес, қоғамдық ойдың елеулі көрінісі екенін ұғынуға мүмкіндік береді.

Диалогтік оқытудың тағы бір күрделі тәсілі – *гипотетикалық-философиялық ойлау.* Бұл тәсілде оқушылар шығарманың альтернативалық нұсқаларын елестету арқылы оның идеялық бағытын терең түсінеді. Мысалы, *«Егер Ләйлә тірі қалған жағдайда оның символдық мәні өзгерер ме еді?»* деген сұрақ шығарманың концепциясын қайта қарастырып, оқушыларды шығармашылық және сыни ойлауға жетелейді.

Осы тәсілдердің барлығы бір-бірімен ұштасып, шығарманы терең түсіндіруге бағытталған күрделі диалогтік орта қалыптастырады. Мұндай ортада оқушылар кейіпкерлер бейнесінің көркемдік табиғатын, психологизмін, әлеуметтік жүгін және философиялық мазмұнын көпқырлы тұрғыдан талдап, автор идеясына өз интерпретацияларын ұсынады.

**Қорытынды**

Диалогтік оқыту технологиясы Роза Мұқанованың *«Мәңгілік бала бейне»* шығармасын және жалпы психологиялық-философиялық бағыттағы әдеби мәтіндерді меңгертуде жүйелі түрде қолдану әдебиет сабағының сапасын жаңа деңгейге көтере алады. Бұл технологияны кеңінен енгізу біріншіден, оқушылардың күрделі көркем мәтінді талдау мәдениетін қалыптастыруға, екіншіден, олардың жеке пікір айту, дәлелдеу және интерпретациялау дағдыларын тұрақты

дамытуға мүмкіндік береді. Диалогтік ортаға негізделген сабақтар оқушыны пассив тыңдаушыдан белсенді мағына түзуші тұлғаға айналдырып, әдебиет пәнінің құндылықтық және тұлғалық даму әлеуетін күшейтеді.

Бұл технологияны болашақта цифрлық ортада, онлайн диалогтық платформалармен, интерактивті пікірталас құралдарымен біріктіре қолдану оқушылардың коммуникативтік дағдыларын күшейтіп, көпарналы талдау жасауға жағдай жасайды. Мұндай диалогтік үлгі оқытудың жеке траекторияларын дамытуға мүмкіндік беріп, әр оқушының өзіндік пікірін қалыптастыруына жол ашады. Ең алдымен***, танымдық қырлары*** дамиды. Оқушылар шығарманың мазмұнын, психологиялық және философиялық ерекшеліктерін талдап, логикалық және сыни ойлауды қолдана отырып, мәтіннен нақты дәлелдер іздеуге үйренеді. Бұл олардың аналитикалық дағдыларын жетілдіріп, шығарманың символдық және астарлы мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ***коммуникативтік және әлеуметтік қырлары*** айқын көрінеді. Диалогтік сабақ барысында оқушылар бір-бірінің пікірін тыңдап, дәлелдеп, қарсы уәж келтіру арқылы өз ойларын нақты әрі жүйелі жеткізе алады. Мұндай тәжірибе олардың әлеуметтік қарым-қатынас жасау, келісімге келу, пікір алмасу дағдыларын дамытады. Үшіншіден, ***эмоциялық және эстетикалық қырлары*** қалыптасады. Ләйлә бейнесінің тағдыры арқылы оқушылар шығарманың эмоционалдық жүгін сезініп, эстетикалық қабылдау қабілетін жетілдіреді. Олар өз сезімін білдіруді үйреніп, басқалардың ой-пікірін түсіне отырып, шығарманың рухани және адамгершілік мәнін терең игереді. Төртіншіден, ***шығармашылық қырлары*** дамиды. Диалогтік талқылаулар барысында оқушылар мәтінге жаңа идеялар енгізіп, гипотетикалық сценарийлер ойластырады, кейіпкерлер әрекетін әртүрлі интерпретациялайды. Бұл олардың қиялдық ойлау мен шығармашылық шешім қабылдау қабілетін арттырады.

Осылайша, диалогтік оқыту технологиясы оқушылардың ***танымдық, коммуникативтік, эмоциялық, эстетикалық және шығармашылық қырларын*** кешенді түрде дамытатын тиімді педагогикалық тәсіл болып табылады. Болашақта бұл технологияны әдебиет сабақтарында жүйелі қолдану шығарманы терең түсінуді қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына, сыни ойлау және мәдени сана қалыптастыруына мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. М. Ергелиева. Роза мұқанованың «Мәңгілік бала бейнесі». Идеядан ішкі қақтығыстарға дейін., XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumu 11-13 İyun 2024 / Bakı

2. С.Е. Мубаракова. Қоғамдық стереотиптер мен теңсіздік мәселесі (Ш. Бейсенова, Р.Мұқанова, А. Кемелбаева, М. Омарова шығармалары желісінен). Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы.Филология сериясы. №32025

3. Сүлейменова Э. Д. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1988. – 540 б.

4. Р. Мұқанова. Мәңгілік бала бейне. Алматы: «Мазмұндама баспасы», 2023.– 360 б.

ӘОЖ 82.451 : 37.018.43

## ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ПРОЗАСЫН ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**БАЛТАБАЕВА ГАУХАР САЯДИЛОВНА**
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
**ХАШИМЖАН РОЗМИРА АРМАНКЫЗЫ**
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің 2 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ балалар прозасын оқытуда мультимедиялық технологияларды қолданудың тиімділігі қарастырылады. Оқу үдерісін заманауи форматта ұйымдастыру мақсатында комикс стиліндегі тапсырмалардың, анимациялық көріністердің және визуалды материалдардың мүмкіндіктері талданды. «Нағыз әже қайда?» шығармасының бір үзіндісі негізінде жасалған комикс мультимедиялық әдістемені көркем мәтінді меңгертуге қолданудың үлгісі ретінде ұсынылды. Мультимедиялық құралдар оқушылардың шығармашылық қабілетін, танымдық белсенділігін арттыруға және әдеби материалды бейнелі түрде қабылдауына ықпал ететіні

анықталды. Мақалада мультимедиа элементтерін балалар прозасына қолданудың әдістемелік негіздері мен тәжірибелік қолдану мүмкіндіктері сараланды.

Түйін сөздер: мультимедиялық технологиялар, балалар прозасы, комикс, анимация, визуалды оқыту, цифрлық құралдар, көркем мәтін.

**Аннотация.** В статье рассматривается эффективность использования мультимедийных технологий при обучении казахской детской прозе. Анализируются возможности таких мультимедийных элементов, как комиксы, анимация и визуальные схемы, в процессе освоения художественного текста. Комикс, созданный по одному из эпизодов произведения «Где настоящая бабушка?», представлен как пример применения мультимедийных методов в обучении детской литературе. Показано, что мультимедийные технологии облегчают восприятие текста, повышают творческую активность учащихся и усиливают их познавательную мотивацию.

**Ключевые слова.** мультимедийные технологии, детская проза, комикс, анимация, визуальное обучение, цифровые инструменты, художественный текст.

**Abstract**. This article examines the effectiveness of using multimedia technologies in teaching Kazakh children's prose. The study analyzes the impact of multimedia elements such as comics, animation, and visual schemes on students' comprehension of literary texts. A comic created based on an episode from the story "Where Is the Real Grandmother?" is presented as an example of implementing multimedia methods in children's literature education. The findings indicate that multimedia tools facilitate text comprehension, enhance students' creative engagement, and increase their cognitive motivation.

**Keywords:** multimedia technologies, children's prose, comic, animation, visual learning, digital tools, literary text.

**Кіріспе.**

Қазіргі қоғамда ғылым мен техниканың ерекше белсенді дамуы, мультимедиялық ресурстардың кең қолданысқа енуі білім беру саласына тың әдіс-тәсілдерді енгізуді талап етеді. Әсіресе қазақ балалар прозасын оқытуда дыбыстық, бейнелік, графикалық және анимациялық материалдарды пайдалану арқылы оқыту үрдісін жаңаша ұйымдастыруға және тиімді оқу ортасын қалыптастыруға жағдай туады. Ақпараттық-коммуникациялық құралдарды қолдану оқушылардың цифрлық мәдениетін жетілдіріп, олардың ақпараттық ортада еркін әрекет ету дағдыларын күшейтеді [1, 1033б].

Ақпараттық технологиялар тек ойын-сауық құралы емес, сонымен қатар әдеби шығармаларды оқытуда көрнекілік, қолжетімділік және танымдық қызығушылықты арттыратын маңызды әдіс ретінде қарастырылуда. Мультимедиялық тәсілдерді қазақ балалар прозасын меңгертуге енгізу төмендегідей педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

–көркем мәтіннің мазмұнын түсіну, идеялық жүйесін реттеу, шығармашылық қабілеттерді дамыту;

–балалар әдебиетіне деген ынтаны күшейтіп, оқушының рухани-эстетикалық көзқарасын қалыптастыру;

–оқушының мәтінмен жұмыс істеуіне әдістемелік қолдау көрсету.

Мультимедиялық оқыту құралдары білім беру кеңістігінде ақпаратты қабылдауды жеңілдетіп, вербалды және визуалды мәліметтерді үйлестіру арқылы материалды меңгеруді жеңілдететін тиімді әдіс болып саналады.

Мультимедиялық технологиялармен ұйымдастырылған сабақтарда оқушылар өз пікірін еркін жеткізіп, бір-бірімен табиғи байланысқа түседі; тапсырмаларды жоғары белсенділікпен орындайды; мәтін мазмұнына қызығушылық танытып, көркемдік ерекшеліктерді терең талдауға мүмкіндік алады. Сонымен қатар оқушылар көркем шығармамен жұмыс істеу барысында оқулық, сөздік және қосымша әдебиеттерді қатар қолдануға үйренеді. Мультимедиялық материалдар күрделі тапсырмаларды орындауға деген ынтаны да арттырады [2,227б].

Әдеби шығармаларды оқыту тәжірибесі мультимедиялық технологиялардың оқыту тиімділігін арттырып, оқушының мәтінді талдау және интерпретациялау мүмкіндігін кеңейтетінін көрсетеді. Мультимедиа көркем мәтін мазмұнын түсіндіруге, шығарманың көркемдік-эстетикалық табиғатын ашуға, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық белсенділігін дамытуға жағдай жасайды [3,47б].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің негізгі міндеті – оқушыларға көркем шығарманы жай таныстырумен шектелмей, қазақ балалар прозасы арқылы олардың дүниетанымын кеңейту, эстетикалық талғамын дамыту, ойлау мәдениетін қалыптастыру және теориялық білімді өмірлік

тәжірибемен ұштастыра қолдануға үйрету. Балалар прозасын оқыту барысында оқушылардың меңгерген теориялық мағлұматтарын түрлі шығармашылық тапсырмалар, мәтінмен жұмыс, образдық талдау, кейіпкер мінездемесін ашу, салыстыру және қорытындылау әрекеттерімен байланыстыра бекіту аса маңызды. Өйткені бала әдебиетіндегі идеялық, тақырыптық және көркемдік мазмұнды оқушы тек талдау барысында толық түсінеді. Сонымен қатар, балаларға арналған қызықты, тартымды сюжеттер мен жағымды кейіпкерлер – оқушыларды әдебиетке тартатын ең әсерлі факторлардың бірі [3,47б].

Мультимедиа қолданылған сабақтарда оқу үдерісі жаңа сипат алады. Балалар прозасын оқытуда көрнекілік, интерактивтілік, мәселелік оқыту тәсілдері, репродуктивті тапсырмалар мен зерттеушілік әрекетті ұштастыру оқушылардың өзіндік жұмыс дағдыларын дамытады. Бұл тәсілдер оқушының мәтінге қызығушылығын оятып, көркем дүниені қабылдауын жеңілдетеді, сюжеттік желіні түсіндіруді тереңдетеді.

**Материалдар мен әдістер**.

Мультимедианың балалар прозасын оқытудағы маңызы ерекше. Қазіргі таңда әдебиет сабақтарында анимациялық үзінділер, дыбысталған мәтіндер, кейіпкер галереясы, комикс форматындағы тапсырмалар, цифрлық оқиғалық карталар жиі қолданылуда. Мұндай тәсілдер балаларға бағытталған шығармалардың сюжеті мен идеясын түсіндіруге, кейіпкер мінезін ашуға, ұлттық құндылықтарды меңгертуге зор ықпал етеді.

Сабақта қолдануға болатын басты мультимедиялық құралдар:

–балалар шығармаларының бейне-нұсқалары;

– аудиокітаптар мен ертегі-подкасттар;

– интерактивті платформалар (Quizizz, Wordwall, Padlet);

– балалар тақырыбына арналған иллюстрациялар;

–BookCreator арқылы балалар прозасын цифрлық кітапша ретінде құрастыру;

– комикс стиліндегі тапсырмалар (Canva, Pixton);

– балаларға арналған визуалды оқиғалық карталар.

Бұл технологиялар балалар прозасын оқытудың мазмұнын байытады, мәтінмен жұмыс дағдыларын қалыптастырады, оқушының мотивациясын арттырады, көркем дүниені қабылдауды жеңілдетеді.Мультимедиялық оқыту теориясы көрсеткендей, оқушылар тек мәтінді жай оқығаннан гөрі, мәтін иллюстрациялармен, бейнелермен және анимациялармен толықтырылған жағдайда балалар прозасындағы оқиғаларды, кейіпкерлерді және көркемдік элементтерді анағұрлым жақсы қабылдайды.

**Нәтижелер.**

Анимация мүмкіндіктері экрандық өнердің динамикалық бейнелеу тәсілдеріне негізделеді. Балалар прозасын оқыту барысында анимациялық үзінділерді пайдалану сюжеттің дамуын, кейіпкер әрекетін, оқиғалар арасындағы байланысты көзбен көріп түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, балалар шығармасындағы оқиға желісін қысқа анимация түрінде бейнелеу оқушылардың мәтінді қабылдауын жеңілдетіп, оның көркемдік астарын тереңірек ұғынуға ықпал етеді.Зерттеу барысында мультимедиялық технологиялардың қазақ балалар прозасын меңгертудегі тиімділігін көрсету мақсатында «Нағыз әже қайда?» шығармасынан бір эпизод негізінде комикс стиліндегі мультимедиялық тапсырма әзірленіп, сабақ процесінде қолданылды. Комикс – көркем мәтінді визуалды бейнелер, қысқа диалогтар және символдық белгілер арқылы қайта құрылымдауға мүмкіндік беретін мультимедиялық оқыту құралы.

Комиксті оқу үдерісіне енгізу кезінде мынадай нәтижелер байқалды:

Оқушылар мәтінді терең түсінді.

Комикс арқылы оқиға желісі нақтырақ ашылып, оқушылар сюжеттің негізгі кезеңдерін (экспозиция, оқиғаның дамуы, шиеленісу, шешім) өз бетімен ажырата алды.

Кейіпкер бейнесін тану жеңілдеді. Диалог пен иллюстрация арқылы әженің мінезі, мейірімділігі, баламен қарым-қатынасы айқын көрінді. Бұл әдіс оқушылардың образдық ойлауын күшейтті.

Көркем мәтінді визуалды түрде қайта жасау дағдысы қалыптасты. Оқушылар комиксті талдау барысында оқиғаны бейнелі түрде елестетуге, эмоцияны, көңіл күйді беруге үйренді.

Шығармашылық белсенділік артты. Оқушылар комикстегі диалогтарды жалғастыру, келесі кадрды болжау немесе өз нұсқасын ұсыну сияқты тапсырмалар барысында белсенділік көрсетті.

Мәтінмен жұмыс істеу мотивациясы жоғарылады. Оқушылар дәстүрлі талдауға қарағанда комикс арқылы берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындады. Бұл мультимедиялық форматтың балалар прозасына деген ынтаны арттыратынын көрсетті.

**Қорытынды**

Жалпы алғанда, мультимедиялық технология ретінде қолданылған комикс форматы қазақ балалар прозасын оқытуда көркем мәтінді түсіндірудің жаңа мүмкіндіктерін аша отырып, оқушының танымдық, шығармашылық және эмоционалдық қабылдауын күшейтті.Осы тәжірибелік нәтиже мультимедиа элементтерінің балалар прозасын меңгертуде жоғары тиімділікке ие екенін растайды. Қазақ балалар прозасын оқытуда мультимедиялық технологияларды тиімді қолдану – білім беру үдерісін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі. Жұмыс барысында мультимедия элементтерінің балаларға арналған көркем мәтінді қабылдауға тигізетін әсері талданды. Атап айтқанда, «Нағыз әже қайда?» шығармасының бір үзіндісіне жасалған комикс форматы көркем мәтінді визуалды, бейнелі түрде түсіндірудің әдістемелік мүмкіндігін көрсетті.

Комикс стиліндегі тапсырма оқу материалының мазмұнын жеңіл қабылдауға, оқиға желісін нақты ажыратуға, кейіпкер мінезін тануға және мәтінмен шығармашылық жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретіні байқалды. Бұл әдіс оқушылардың көркем мәтінді эмоционалды және логикалық тұрғыдан терең түсінуіне қолайлы жағдай жасайды. Мультимедиялық технологияларды сабақ процесіне енгізудің тәжірибелік-әдістемелік нәтижелері олардың балалар прозасын оқытудағы тиімділігін дәлелдейді. Мультимедия көркем мәтінді жан-жақты меңгертудің, оқушының танымдық қызығушылығын арттырудың, шығармашылық ойлауын дамытудың пәрменді құралы болып табылады.

Осылайша, мультимедиялық технологиялар мен визуалды тапсырмаларды жүйелі қолдану балалар прозасын оқытуды заманауи талаптарға сай жаңаша ұйымдастыруға, оқушылардың әдеби сауаттылығын арттыруға және оқу мотивациясын күшейтуге мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Cavanagh T.M, & Kiersch C. (2022) Using commonly-available technologies to create online multimedia lessons through the application of the cognitive theory of multimedia learning. Educational Technology Research and Development Volume 71, pages 1033–1053 (2023) [Электрондық ресурс]: DOI: https://doi.org/10.1007/s11423-022-10181-1

2.Irwansyah F. S., Asyiah E. N., Farida I. Augmented reality-based media on molecular hybridization concepts learning. Tadris J. Kegur. Ilmu Tarb. 2019 Dec 27;4:227–226 https://doi.org/10.24042/tadris.v4i2.5239

3.Hasanati A., Supriana E., Mufti N. (2023) Effectiveness of digital modules with recitation programs to improve students' conceptual understanding and critical thinking skills in learning work and energy. AIP Conference Proceedings, 2569 [Электрондық ресурс]: DOI: https://doi.org/10.1063/5.0114390

ӘОЖ 811.512.122.367

## ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨРІКТЕУІШ ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ( «ДҮНИЕ ҒАПЫЛ» КІТАБЫ ХАҚЫНДА)

**АЛДАШЕВ Н.М.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

**Аннотация.** В статье рассматриваются традционные национальные художественные средства, такие как сравнение, фразеологические сочетания, метафора и метонимия, пословицы и поговорки, используемые в стихотворениях, вошедших в сборник«Дүние ғапыл»). Вместе с тем рассматриваоттся индивидуальные художественные средства, связанные с мировоззрением субъекта - носителя казахского языка, дается описание таких средств, использование которых характеризуется высокой частотностью и единством.

**Abstract.** The article examines traditional national artistic devices such as comparisons, phraseological expressions, metaphors and metonymy, proverbs and sayings used in the poems included in the collection “ҒapylDúnie.” In addition, the article discusses individual artistic devices related to the worldview of the subject – a native speaker of the Kazakh language. It provides a description of those devices whose usage is characterized by high frequency and consistency.

Қазақ тілінің көріктеуіш, бейнелеуіш құралдары, сөздерді ұлттық нақыштағы және жазушылық қырларға бөлінеді. Негізгі теңеу, фразалық тіркес, тұрақты метафора мен метонимия, мақалдар мен мәтелдер сияқты дәстүрлі, ұлттық көріктеуіш тілдік құралдармен қатар қазақ көркем туындыларында, шығармашылығында қазақ тілді қолданушы (жеке бейнедегі адам – көркем шығарма жазушысы) тұсынан өрнектелетін жеке сипаттағы көріктеуіш құралдар қадағалаусыз және өте жоғары жиілікпен, бірлікпен ұғындырылады, яғни, қолданылу аясында бар [1.2.3.] Көріктеуіш құралдар – арнайы бір тұлғаның, және жалпылама түрде, арнайы бір ұлттың, жер бетінің тілдік көрінісін қабылдау тәсілін, осылайша таныстығын әспеттейтін, қоршаған орта және қоршаған ортаның бөлектеп алғандағы фрагменттері туралы айтылатындығын білеміз.Осы ерекшеліктің және ілімінің мөлшерін концептуалдайтын, ұлттық нышанның ерекше тұстарын, көркемдігін айқыштайтын, ана тілге сай эталон-сипаттарды, символ-нысандарды атадан-балаға тасымалдайтын ірі дәстүрлі-мәдени тілдік құбылысты жазушы Ә.Кекілбаевтың шығармаларынан байқадық..Көрнекті қоғам, мемлекет және қалам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының бұл жаңа кітабына оның әр жылдарда жазған алуан өлеңдері мен «Абылай хан» драмалық дастаны енгізілген.

Осы жинаққа алғы сөз жазған академик З. Қабдолов:«Туған әдебиетіміз табалдырығын алғаш ақын болып аттаған сөз зергерінің балаң шағынан - 1959 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін - қырық жыл бойы жүрек сырын, жан тебіреністерін ақ қағазға өлең етіп мөлдіретіп түсіріп келе жатқанын жақын достары білсе де, жалпы оқырман халық біле бермейді. Сондықтан автордың жаңа нәзік қырын жарқыратып танытып қана қоймай, қазақ әдебиетіне үлкен үлес болып қосылып отырған «Дүние ғапыл» жинағы қалың алаш қауымын да жайбарақат қалдырмады.Әбіш Кекілбайұлы - талант! Үлкен талант! Ал нағыз талант - бәрінен бұрын ақын. Әбіш теәдебиетке өлеңдетіп келді. Мұнысы заңды еді Егер ол тумыстан ақын болмаса, әдебиетке өлеңсіз келсе, қазіргідей жан -жақты, көп қырлы - әрі саңлақ суретқер, әрі ғұлама ойшыл, әрі сұңғыла шешен, әрі көреген көсем... болмас еді. Осылардың бәрінің төркіні ақындықта жатыр.Міне, қолыңызда «Дүние гапыл» - Әбіштің өлеңдер жинагы.Тағы бір ескеретін нәрсе: Әбіш өзінің ақындығына яки өлеңге кәсіп деп қарамаган, қасиет деп қараган. Өзінің құдай берген талантының бұл қырын жетілдірем деп жік- жапар болмаган, ұстартам деп қырнап - сырлаудан бас тартқан, сол әуелгі төлтума табиги күйінде, сол баягы көрген жерден көз арбап, көңіл баурайтын дәстүрлі қалпында қалдырган. Өйткені ол сөз өнеріндегі мамандаңган жанрым поэзия емес, проза деп білді. Сондықтан ОНҺІҢ іргелі, күрделі туындыларының бәрі өлеңмен емес, көркем қара сөзбен жазылды. Алайда Әбіштің қарасөзінің өзі өлеңше оқылады. Оның прозасының өзі поэзия. Мұның себебі де сол әлгі айтылган туасы, табиги қасиетінің яки ақындығының айрықша нұрлы, сырлы көрінісі. ... Ал енді Әбіш өлеңдерінің мазмұнына келсек, бай, мол, ұлан-ғайыр. Оның ойшылдығы да, биік талғамы мен терең толғамы да, туған халқының тағдыры мен талайына жан - жүрегімен тебіреніп шыбын - шіркей болган күллі күйініш-сүйініші, «қызғыштай болған есіл ердің» еліне құрбан болсам деп қанша ширығып, «күші қазандай қайнағанмен күресерге дәрмені» жете бермейтіні... бәр-бәрі тұтаса тұнып түр. [4.,.4-5 б.] Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы балаңдықтан тез арада арылып күрт есеюіне, сом тартып, тұлғалануына едәуір әсерін тигізетіні анық. Осындайда, Мұқағалидың: «Поэзия — жастық қой жалын ұшқан, Жас күнде жазғаныңдай қайдан болсын?!— деген өлең жолдары еске оралады. Мұнда бүгінінің алдында есеп бер үшін қайта келмес албырт та адуын шағын еске алып, терең күрсінген ақынның шуақты мұңы жатыр емес пе? Әрі сол бір қуатқа толы кезеңнің бос серге, дең, құр шабыспен өтпегендігін ынты-шынтымен сездіргендей. Өйткені жастық дегенің – «көз бен сөздің батыры» (Т. Айбергенов).Оның ақындық көру аясы да өзгеше, сөйлеу мәнері жаңаша. Көркемдік танымның диалектикалық даму заңдылығы осыны талап етеді.Ал бұл орайда оның шығармаларына жүктелетін рухани-адамгершілік жауапкершіліктің салмағы барған сайын ауырлай бермесе, жеңілдемек емес.Мысалы:

Жұмылып қап күміс күннің кірпігі, Сыпырғышы ажал деген тиракты.
Сипап кетсе жүзімдегі күлкіні.Садақа қыл мен кетер күн кешіне,
Садақа да - тірілерге несібе.Сосын менің сүйегімді арулап,
Мына жайды аларсың, дос, есіңе. Құла түздің қақ төрінен көр қазып,
Көмерсіңдер аяқ-қолды кең жазып.Топырақты саларсыңдар азырақ,

Қырдың желі соғып тұрсын азынап.Үстіме кеп арайланып таң нұры,
Бүркіп өтсін төбеме қыр жаңбыры. Кебінімдей ақ қар қонса бетіме,
Соның сызы өтіп жатса етіме.Маңдайымнан адам өтсін, күлкі өтсін,
Желе-жортып үйір-үйір жылқы өтсін, Менен шошып, түн ішінде дүрліксін,
Тұяқтардан үстіме кеп шаң қонсын,Шаңы қонсын қырымдағы тірліктің [4.16 б].

Ә.Кекілбаев шығармаларында лирикалық қаһарманының толғаныс - толқыныс иірімдері арқылы көрінетіндігін байқаймыз. Түйсігі таза– төрткүл дүниеге сезім шапағатын үйіп-төгіп бергікелген, бірақ ол үшін ешқандай да қайтарым ақы сұр**а**майтын жомарт та мейірбанды жүректің лүпілі естіледі. Біздің ойымызша, жан қайырымдылығымен қатар басыбайлы сұлу қаснеттердің бірі,барлықтыныс - дірілін, жұмбақ асысып логнкалық ой көзінің гөрі қағілез ситуациямен сезінгенді алдыңғы кезеккс қояды.Мысалы :табу мен жоғалту («Жасылымды жоғалттым, қызылды іздеп жүргенде», (гармония мен дисгармония) «Ақпандағы жаңбырдай адасамын, Ішкі әлемім қастасып сыртқы әлеммен»), ізгі ниет пен дұшпандық (Жауымдыдағы жат маған жекіріп сілеу»), әділдік псп қиянат («Ақымақтық алшаң басып жүргенде, ап-ақылды басыңызбен жаза апсыз»), өмір мен өлім («Жаным көкке кеткін келіп жүр ме екен?»), бар мен жоқ («Арман кетіп барады, Айналам деп ауаға», «Бақ атаулы арман етер жоқ құсты», «Жоқ нәрсеге жүгенделіп жүрмін мен»), қоштасу мен қауышу («Бір ғасыр, бәлкім, бір-ақ жыл көрінбей кеттің», «Басқа арналардың бұлағы басқа жаққа ағып кетеді») т.т.— тіршілік диалектикасында ұдайы дамылсыз қозғалыс үстінде болып, бірінің орнып бірі басып, алмасып тұратын солар тәрізді егіз де кереғар ұғымдар мен құбылыстардың басын өнер өрімінде ара - жіксіз біріктіру тек батыл да қабілет-қарымы жетерлік суреткердің қолынан келеді.

Өз сөзімен айтқанда, «жүрегінде жыр жылаған» лирикалық қаһарманына «иелері итімен сөйлесетін», тіршілігі алас - қапас үлкен қалада сүйеніш етер тірек, дәйек болар тұрақ іздестіру оңай емес. Мысалы, оның жырларында қаттылықтың белгілері ретінде «тастан» өзге «Мұзтау» «Мұзтаудағы бір гүлдің мұңайғаны»); «тікен» («Тікенді гүл деп тересің») кездеседі. Олардың да бет-бедерлері жоғарыдағыға ұқсас. Өйткені «бергеннің – қолынан, бермегеннің жолынан алу» психологиясы оның табиғатына жат екендігі өлеңдерінеоның поэтикалық ахуалдың байыбына бойлап барған бір сәтінде: Қайран дүние-ай, қалай гана дәт табам, Гүл райханды иіскемей аңқыған.Тәнім құрсын сүңгімеген, батпаған, Кәусарына айдын көлдің шалқыған.Алқорыдай албыратып ажарын,Шырын сорсам, асай қауып анарын,Тарс жауып тас қақпадай жанарын, –деген жолдарды жазған болатын. [4.28 б] Әбіш Кеілбаев өлеңдерінен бүкіл әлемдік апат қаупі төніп тұрған кезеңде өтпелі тыныштық пен қаннен-қаперсіз сұлулыққа алданбай, оның мәніне үңілу керектігін меңзейтін адамзат тағдырына алаңдаған акынның сезім-ойы білінеді.Абзал ағамыздың өлеңдерін оқығанда, қазақтың қара өлеңін тұла бойына ана сүтімен бірге дарытқан перзенттің қаламына тән табиғи еркіндікті, қауырсындай жеңілдікті, сауықшыл сал-серіліктің нышанын ә дегеннен-ақ сезінгендейсің.. Оның көбіне - көп жаратылыстың жаркын бояуларына құштар өлеңдерінен көреміз.Содан да шығар, қалыпты түсінігімізде сарғайыңқы сартап сағыныштың әйтпесе қоңырқай күйдің сыңапы іспетті – күз уағынан да ол бір мезеттік болса да сән-салтанатшат-шадыман әуен іздейді, өмірдің әр заматы, әр сәтін қимастықпен жырға қосуы тәнті қылады.Мысалы:Райханды иіскемей аңқыған,Жайқала өскен жауқазынның ажарын.Көрмей бірден не бітірдің, жанарым? Көкіректің думан тойлы базарын ,Көрмей бірден не бітірдің, жанарым?Шәрбат судың шапшып атқан бұлағын,Сезбей бірден не бітірдің, құлағым? Махаббаттың атойлаған ұранын,Сезбей бірден не бітірдің, құлағым?Шарпығанын жас жүректің оты кеп,Келесі өлеңде қаңтардың ақ мамығын кешіп келе жатқан ақын қыстың бет-бедерінен көктемді іздейді. Алданыш тапқан көңілге «Бәйшешек ем махаббаттың қырында, Дер шағымды өткізіп ап гүлдеппін», «қылаулаған қар ұшқындары – қаптаған көбелектей» елестейді... Бұл өлеңдердегі жасандылықтан – табиғилықты, суықтан жылуды биік қою – ақынның ұстанған шығармашылық принципіне мазмұндас тұр.Екіншіден, табиғаттың әуелгі қалпына сызат түскен жағдайда лирикалық қаһарманы айып- кінәні сол табиғаттың бел баласы – адамның төңірегінен тауып отырады, сонымен қатар әлеуметтік тақырыптарды әдемі жырлай білетіндігін аңғартты.

Мысалы:Аласарып кетердей көп қой қауіп, Алатауға қарайын ауық-ауық.
Алатауға қарасам ауық-ауық,Кетеді екен оны да мұнар жауып.
Мұнар жапса асқар шың ауық-ауық, Жогалады кеткендей дүние ауып.
Көзден ұтиқан асқар шың ауық-ауық, Жарқырайды қайтадан жаңбыр жауып.
Ақ қар жапқан Алатау ауық-ауық, Жоғалады жым-жылас тұман жауып.
Тұман жапқан Алатау ауық-ауық,Қайта ашылар басына ақ қар жауып

Тау орнында құбылған мұнар екен,Мұнар өтер, шың мәңгі тұрар екен.
Көңіл ит те құбылған тұман екен,Көп нәрсені бүлдірер күмән екен.
Күмәнге ертсе күйкі мұң ауық-ауық, Кете бергің келеді дүние ауып.
Алжастырар дүниеде көп қой қауып,Аласартып кететін ауық-ауық.
Аласартып кетердей болса қауып, Алатауға қарап қой ауық-ауық (102 –бет)-

деп, ақындық жаңа басталғанның өзінде небір шұрайлы теңеулерді жіпке тізіп, табиғат көркін, өз көзқарасын, парасатты көзқарасын ұсынады.. Туған топыраққа дәстүр мен тағылым , табан тірей отырып, жаңа өреден табылмаққа ниеттенеді.Бұл өлеңнен арманын аялаған, айнала жұрт, қалын қауымның жан тазалығы үшін жанын сала күресетін ымырасыз мінез иесі ретінде қашаннан халық ұғымын калыптасқан ойлы да отты Ақын бейнесін жасайды. Міне, көшедегі арлы-берлі ағылған жақсы-жаман, үлкен - кіші адамдар арасында айрықша еңселі әлдебіреу ой аулал, көзімен қыр кезіп отыр. Жоқ, ол әлдебіреу емес, ақын қиялындағы құдіретті ақын, дара бітімді дарышның өлең арқылы өмірге келген өжет тұлғасы екен. – *Ол емес жоқ нәрсеге ісіп-кепкен, Айта алман тағы да оны пысық деп мен. Періште секілді еді,назырқанса,Аққудай айдынынан ұшып кеткен...*,оның таза өнер үшін, әділет үшін, шындық үшін шырылдайтын, ақиқат үшін күресетіні әр туындысынан мен мұндалап тұрады. – *Мына күн тағы қағынды,Төніп тұр бұлт қара көк.Тандырдың бетін жабуды, Ұмытпасаңдар жарар еді... Қасиет пенен көктемнің,Мекенін сен боп білдірсем,!*- деген де түрлі-түрлі толғаныс торабында, сауалды сезімдер иірімінде желқайықтай шырқ айналуы занды. Сондай-ақ, енжарлық пен бойкүйездікті өлердей жек көретін, өзін де, өзгені де қайнаған тірлік, жасампаз өмірдің қақ ортасынан көргісі келетін белсенділік, жай, жалаң белсенділік емес, азаматтық белсенділік бар. Оның өлеңдеріндегі рухани құндылықтың негіздерінің көрінісі осындай отты да батыл байламдарға толы, шағын да болса шымыр жинағы, оқырманына салған бетте осылайша сыр шертеді. Осы арада ескерте кететін бір жайт кітаптағы әр өлеңде дерлік кезігіп отыратын *көл, дала, бура, сәйгүлік, қария, қыдыр* деген рефрен айтылар ойдың ауанына қарай, бірде халық, бірде сол халықтың тарихы, бірде бүгіні, бірде шырқы бұзылмаған таза табиғат ретінде қарастырылып, әрқилы үлкен ұғымдар жүгін көтереді.

— **...**Саусағын бүгіп санайын,Аз қалды хауыз бауменен.
Осы ма, әлде, ағайын,Мақтамен бауыздау деген?
Кетеуі кеткен сан бак бар,Қол үшын беріп үлгергін.
...Құлайды тырс-тырс жаңғақтар,Көз жасына ұқсап...кімдердің?

Ә.Кекілбаевтың өлеңдеріндегі халықтық фольклордан игерген тіл байлығын айтуға болады.Тіл байлығы – көкейдегі көрікті ойдың тікелей көрінісі десек, сол ой орамдарын беруде, жеткізуде ақынның әбден төселгені көрінеді. Шабыт қуаты, кемімейді, арқалы екпін бәсеңсімейді. Жер мен жайлаған ел атаулары, табиғат бояулары мен өсімдік түрлері, көненің көзіндей ұмыт бола бастаған дәстүр мен салт қатар жымдасып, «Өміржиек, ілме қас», «Күміс жүген, ақ бас ер, сары үзеңгі, «Жусаған қошқар тұмсық қой тастар», «Қетене, рауия, шәдде шәйі, боз ұштап, хан атылас, ақ масайы» тәрізді ділгір орамдар шығарма көркін аша түседі.

Абыз ағамыздың замандасы әдебиетші Герольд Бельгер: «Өзге замандас жазушылары секілді, Әбіш Кекілбаев та өз халқының ежелгі әдет-ғұрып, дәстүр-тағлымдарын егжей-тегжейлі, кейде қызыға суреттеуге құмбыл, көшпенділер өмірінің қазір ұмытыла бастаған этнографиялық детальдарына ерекше мән береді, бірақ арзанқол экзотика жетегінде кетпейді, сол детальдардың әлеуметтік - философиялық мән-мағынасына үңіліп, халық өмірін, адам жанының ішкі иірімдерін ашуға тырысады. Ол қазақ жерінің өзге аймақтарына ұқсай қоймайтын осы түбектегі өмір, тірлік, салт-сана туралы, ежелгі аңыз-әңгімелер, ата-бабалар тағдыры жайында, даланың қым-қуыт бояулары төңірегінде қызыға, қызына әңгімелейтін, сол сәтте бізге ол туған жерінің шежірешісі секілді көрінетін-ді. Ол кезде Әбіштің баспадан алғашқы өлеңдер жинағы шығып, баспасөзде алғашқы мақалалары жарияланып жатса да, мұны білетіндер келешекте әдебиетте ол өзіне тиісті сөзін айтады ғой деп сенер еді,» – деген болатын[9].

Ә.Кекілбаев туындыларын байыптау қазақ әдебиетінің, тілінің, философиясының тұтастығы мен мирасқорлығын көрсете келіп, халқымыздың дүниетанымдық және қазақ тілінің ерекшеліктері арқылы әлемдік мәдени кеңестік бірлігінен орын алады және өзінің ой кешу дәрежесі бойынша халқымыздың тілдік қалпын бүкіл әлемге таныстырудың тұлғасы ретінде танылады

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. –Алматы: Алаш, 2005. –511 б.
2.Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. –Алматы, 1966. –207б.

3.Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. –Алматы, 1968.-268 б.
4.Әбіш Кекілбайұлы. Дүние ғапыл. Өлеңдер мен драма. – Алматы: “Арыс” баспасы, 1999. – 304 бет.
5.Дүйсенбаева Ж. «Кекілбай прозасы халық аңыздар және көркемдік шешім». –А. ,1999.
6.Төлен Әбдікұлы. Азамат.Қаламгер. Қайраткер.«Егемен Қазақстан №265-266 03.12.1999.
7.Ермек Аманшаев «Қазақ елінің таңдайы!». «Жас Алаш» №145 04.12.1999.
8.Мырзагелді Кемел «Сөз-құдірет». «Жас Алаш» № 312.
9.Герольд Бельгер «Дала балладалары». «Жас Алаш» №285.
10Әулие Әбіш әлемі //Қазақ әдебиеті. – 2015. - №51. – 18-24 желтоқсан.- 5-6 б.
11.Досжан Д., Әбіш аллеясы // Жұлдыз. – 2009.-№14
12.Джұбанышбеков Н. «А.Кекильбаев: очерк жизни и творчества», Алматы 2004.
13.Кекілбай Ә. «Заманмен сұхбат». –Алматы: «Жазушы», 1995.

ӘОЖ 81.322.28

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫН МЕҢГЕРТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

**БАЙСЕЙТОВА АЙНУР АСЕТОВНА**
Сыпатай Әлібекұлы атындағы №19 ЖОББМ, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** Данная статья посвящена анализу эффективных методов и приёмов обучения фонетике казахского языка. В исследовании рассматриваются теоретические основы формирования фонетических знаний и определяется пути развития орфоэпических навыков. Анализируются инновационные и интерактивные образовательные технологии, направленные на совершенствование у учащихся умений правильно произносить, воспринимать и различать звуки. Кроме того, представлены методические принципы построения системы фонетических упражнений и этапы поэтапного усвоения языкового материала. По результатам работы предложены практические рекомендации и методические указания, которые могут быть использованы для повышения эффективности обучения фонетике казахского языка в учебном процессе.

**Summary.** This article is devoted to analyzing effective methods and techniques for teaching Kazakh phonetics. The study examines the theoretical foundations of developing phonetic knowledge and identifies ways to improve orthoepic skills. It analyzes innovative and interactive teaching technologies aimed at enhancing learners’ abilities to pronounce, perceive, and distinguish sounds correctly. In addition, the methodological principles of designing a system of phonetic exercises and the step-by-step process of mastering language material are presented. The findings provide practical recommendations and methodological guidelines that can be applied to improve the teaching of Kazakh phonetics in the educational process.

Қазақ тілі фонетикасы – тіл білімінің негізін құрайтын маңызды сала. Дыбыстардың жасалуы, айтылауы, үндесуі мен айтылым нормаларын меңгеру оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуда ерекше рөл атқарады. Сондықтан фонетиканы оқытуда тиімді әдістер мен технологияларды қолдану – қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі.

Фонетиканы меңгерту – тек дыбыстарды жаттату емес, фонетикалық құбылыстарды саналы түрде түсінуге үйрету. Теориялық негіздер мыналарды қамтиды:

дыбыстардың артикуляциялық және акустикалық сипаттамалары;

қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың жіктелімі;

буын және екпін ерекшеліктері;

үндестік заңдары мен орфоэпиялық нормалар.

Теорияны практикалық жаттығулармен ұштастыру – меңгерту сапасын арттырады.

Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, айтылым сөйлеудің негізгі сипаттамасы, сөйлеу әрекетінің барлық басқа түрлерін дамыту мен жетілдірудің негізі болып табылады. Айтылымның тиімділігі көбінесе ауызша сөйлеуді меңгерудегі сәттілікпен анықталады. Нормативті айтылым - сөйлеу мәдениетінің маңызды элементтерінің бірі, демек, адамның жалпы мәдениеті. Егер сөйлеуші

тілдің фонетикалық нормаларын бұзса, сөйлеушіні қиындықпен немесе мүлдем түсінбейді. Тыңдаушы біреудің сөйлеу мәнерін нашар түсінеді, егер ол өзі сөйлеу дағдысына ие болмаса.

Сонымен қатар, фонетиканы білместен, оқушылар қазіргі жазуды түсініп, грамматиканы түсіне алмайды. Айтылымды үйрену - бұл айтылу механизмі мен айтылу нормасын практикалық тұрғыдан игеруде де, сөйлеу дағдыларын дамытуда да маңызды қадам.

Сондықтан фонетикалық дағдыларды бастауыш мектеп жасында дәл қалыптастыру өте маңызды, өйткені дәл осы жаста оқушының сөйлеуі мен айтылуы қалыптасады. Оқушылардың тұрақты нормативті айтылуы - тілдік материалды тез және тұрақты игерудің алғышарты, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын ойдағыдай дамытуға айтарлықтай ықпал етеді.

Бұл зерттеуде алға қойылған проблема келесідей: мектептің оқушылардың фонетикалық білімі мен дағдыларына қойылатын талаптары мен оқушылардың білім деңгейінің нақты деңгейі арасындағы қарама-қайшылық.

Бұл жұмыстың мақсаты:

- оқушыларға сабақ беру кезінде қазақ тілі фонетикасын оқытудың әдістемелік техникасы мен құралдарын зерттеу;

-оқушылар арасында қазақ тілінде фонетикалық дағдыларды қалыптастырудағы рифмдердің рөлі мен орнын анықтау және теориялық негіздеу.

Фонетика - бұл тілдің дыбыстық құрылымы, яғни, оның заттық жағын құрайтын барлық дыбыстық құралдардың жиынтығы дыбыстар, дыбыстық үйлесімдер, күйзеліс, ырғақ, әуен, интонация, кідірістер.

Фонетикалық шеберлік - дыбыстарды дұрыс айта білу, қажет жерде күйзеліс беру; бәрін интонациялық тұрғыдан дұрыс айту.

Әдістемеде тілдің осы жағын оқытудың екі негізгі тәсілі бар. Қазіргі оқыту әдістері осы екі әдістің жиынтығына негізделген [1].

Соңғы екі топты ассимиляциялау қиын. Олардың артикуляциясын меңгеру өте қиын мәселе, өйткені олардың айтылуындағы айырмашылықты есту үйренбеген құлаққа қиын. Бұл дауыссыздарға да, дауысты дыбыстарға да қатысты.

Ұзындық пен қысқалықтан басқа, қазақ тілін дыбыстарымен жұмыс істеу кезінде басты дыбыстарға назар аудару керек.Бұл жағдайда мәнерлеуді меңгеруге емес, сөйлеуді құлақпен қабылдауға, оған еліктеуге баса назар аударылады. Сөйлеуді меңгеру сөйлеу құрылымында қайталау мен еліктеуге негізделген сөйлеу ағымында пайда болады. Бұл әдіс қазақ тілін тез үйрену, сөйлесу ортасына ену және зерттелетін тілде өмір сүру қажеттілігі жағдайында өте жақсы негізделген. Бұл тәсіл таза түрде жалпы білім беретін мектеп үшін онша тиімді емес, өйткені барлық балалардың фонетикалық есту қабілеті жақсы бола бермейді.

Сөйлеудің нашар дамығандығына байланысты жіберген балалардағы қатені түзету үшін оны түсіндіру немесе көрсету жеткілікті. Сондықтан, қазіргі кезде мектептерде қазақ тілін оқытудағы ең тиімді тәсіл - жоғарыда қарастырылған екі тәсілдің жиынтығына негізделген тәсіл немесе сараланған тәсіл.

Бұл жерде, акустикалық тәсілдегідей, шынайы сөйлеуді тыңдауға көп көңіл бөлінеді. Бұл дыбыстарды артикуляциялау әдістерін түсіндірумен толықтырылады, дегенмен, артикуляциялық тәсілден айырмашылығы, бұл арнайы терминдерді қолданбай, қол жетімді және түсінікті түрде болады. Бұл әдіс көптеген мектептер мен басқа оқу орындарына тән болғандықтан, біз оның мысалын қолданып, дайындықтың әр түрлі кезеңдерінде фонетикалық дағдыларды қалыптастыру ерекшеліктерін қарастырамыз. Дыбыс айтуға қойылатын негізгі талаптар - фонематизм (яғни сөйлесушінің фонетикалық құрылымының дұрыстығының дәрежесі, әңгімелесушінің оны түсінуі үшін жеткілікті) және еркін сөйлеу, яғни оқушылардың сөйлеудің қалыпты қарқынында сөйлеуіне мүмкіндік туғызу, айтылым дағдыларын автоматтандыру дәрежесі [2].

Дұрыс айтылымды меңгеру қазақ тілінің фонетикалық негізін буын, сөз екпіні, интонация деңгейінде игергенде ғана мүмкін болады. Оқушылар қазақ тілінің артикуляциялық базасының ерекшеліктерін, сонымен қатар стресс пен интонацияның сипаттамалық ерекшеліктерін меңгеруі керек.

Қазақ тілінің фонетикалық базасын меңгеру үшін, ең алдымен, осы тілде сөйлеушілерге тән артикуляциялық құрылымды меңгеру қажет, т.а. артикуляциялық қозғалыстар болмаған кезде сөйлеу мүшелерінің әдеттегі жағдайы.

Арнайы жаттығулардың көмегімен мұғалім оқушыларға қазақ тілінің артикуляциялық құрылымының уақыт өте келе таныс болуын қамтамасыз етуі керек, және олар бір артикуляциялық құрылымнан екінші артикуляциялық құрылымға қайта құрылымдау сәтін

байқамауы да мүмкін. Дыбысталуды тұжырымдау бойынша жұмыстың мазмұнын анықтағанда фонетикалық материалды таңдауға және оны ұйымдастыруға көңіл бөлу керек. Фонетикалық материалды таңдау және тарату мақсатты тіл жүйесі негізінде жүзеге асырылады; оқушылардың ана тілі құбылыстарын жете меңгеруі арқылы көрінеді [3].

Фонетикалық курстарда материалды бөлу белгілі бір жүйеге және реттілікке бағынады, оның барлық элементтері өзара байланысты және өзара тәуелді. Фонетикалық материалды таңдау және оның даму дәрежесі қазақ тілін жете үйрену мақсаттары мен еңбек жағдайларына байланысты.

Оқушыларға жақсы айтылымды дамытуға көмектесетін көптеген әдістер бар. Осы әдістердің бірі - арнайы жаттығулар. Оларға мыналар жатады: орыс сөздерін, сөз тіркестерін (мақал-мәтелдер, нақыл сөздер) оқу.

Ойындар - дұрыс айтылуды орнатудың тағы бір тәсілі.

Әдістеме жаңа фонетикалық материалмен танысудың имитациялық және аналитикалық-имитациялық әдістерін ажыратады.

Еліктеу әдісі - бұл артикуляция ерекшеліктерін саналы түрде игеруге емес, сөйлеуді есту арқылы қабылдауға және оған еліктеуге баса назар аудару. Мұғалім берген ережелер мен нұсқауларды орындау барысында оқушылар тіс аралық дыбыс, ұмтылыс ұғымдарын игереді [4].

Мектептердің басым көпшілігінде қабылданған заманауи тәсілмен аналитикалық әдісті түсіндіру және оқыту қолданылады.Оқытудың бастапқы кезеңінде есту-айтылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар пайдаланылады.

Олар екі түрге бөлінеді:

1.Фонетикалық есту қабілетін дамытуға және зерттелетін фонемалар мен интондардың дифференциалды белгілерін орнатуға бағытталған дыбыстар мен инондарды белсенді тыңдауға және тануға арналған жаттығулар. Бұл жаттығуларды құлақпен және графикалық тірек көмегімен, мұғалімнің дауысымен немесе магнитофон көмегімен орындауға болады.

Мысалы:

- дыбыстарды/сөздерді тыңдаңыз, дыбыс естігенде қолыңызды/сигнал картаңызды көтеріңіз немесе шапалақтаңыз;

- сөйлемдерді тыңдаңыз, сұраулы сөйлемді естігенде қолыңызды көтеріңіз; - сөйлемді тыңдап, екпінді сөздерді/синтагмалардың санын және т.б.

2.Дыбыстарды, буындарды, сөз тіркестерін, сөйлемдерді модельге - мұғалімге немесе шешенге - хормен және жеке түрде белсенді түрде айтуға бағытталған жаттығулар [5].

Фонетикалық жағынан күрделі лексикалық бірліктерді буын арқылы айту өте тиімді, соңғы сөзден бастап. Соңынан бастап айтылатын сөз күрделі болып көрінбейтіндігімен қатар, қажетті интонациялық эффектке де қол жеткізіледі: сөзді немесе сөз тіркесін соңынан басына дейін айту кезінде дұрыс интонациялық қалып сақталады.

Сондай-ақ, күшті айтылым дағдыларын дамыту үшін әр түрлі интонациялық реңктерді қолданып, өлеңдерді оқу пайдалы. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, айтылу шеберлігі өзгеріссіз қалмайды, сондықтан қалыптасқан дағдыларды сақтау ғана емес, сонымен қатар оларды дайындықтың орта және жоғарғы сатысында жетілдіруді жалғастыру өте маңызды. Қорытындылай келе, біз төмендегідей қорытындылар жасай аламыз:

- фонетиканы оқуға үлкен көңіл бөлу керек;
- жүйелі дайындықсыз айтылымды меңгеру мүмкін емес;
- айтылымға үйрету ауызша сөйлеудің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет;
- үнтаспа фонетикалық дағдыларды дамытудың ең тиімді құралы болып табылады.

Қазақ тілі фонетикасын меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері – оқушылардың тіл мәдениетін арттырудың негізгі жолы. Артикуляциялық, орфоэпиялық, интерактивті және коммуникативтік әдістерді ұштастыру мұғалімге фонетикалық білімді сапалы меңгертуге жағдай жасайды. Фонетикалық жаттығулар жүйесін жүйелі ұйымдастыру оқушылардың дыбысты дұрыс айту, тыңдау, ажырату және қолдану дағдыларын жетілдіреді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.А.А. Миролюбова, И.В. Рахманова и др Общая методика обучения иностранным языкам в средней школе / под ред.. – М.: Просвещение, 2016.

2.Аракин В.Д. Методика преподавания английского языка в VIII-X классах. – М.: Академия педагогических наук РСФСР, 2018.

3.Реформатский А.А. Введение в языковедение: Учебник для вузов. – М.: Аспект Пресс, 2016.

4.Методика работы над практическим курсом английского языка: Методическое пособие / Аракин В.Д., Кириллова Е.П. и др.; Под ред. В.Д. Аракина – М.: Высшая школа, 2016.

5.Кочергина В.А. Введение в языковедение. Основы фонетики – фонологии. Грамматика: Учебное пособие. – М.: Изд-во МГУ, 2019.

ӘОЖ 821.512.122

# КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫНА ҚАРАЙ САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**КУАТБЕК КУЛНАШ**
№34 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье предлагаются пути обучения учащихся анализу художественных произведений по жанровым признакам. Приводятся эффективные методы и система заданий при обучении эпическим, лирическим и драматическим произведениям, раскрывается их влияние на способности учащихся и качество образования. В статье представлены примеры дифференцированного обучения, критического мышления и творческих заданий.

**Summary.** This article presents methods of teaching students to analyze literary works based on their genre characteristics. It outlines effective techniques and a system of tasks for teaching epic, lyrical, and dramatic works, highlighting their impact on students' abilities and the quality of education. The article includes examples of differentiated instruction, critical thinking, and creative assignments.

Қазақ әдебиеті сабақтарында көркем шығармаларды оқыту барысында мектеп оқушыларының оқырмандық қабілетін дамыту олардың әдеби шығарманы көркемдікпен қабылдауын жан-жақты дамыту бағытында жүзеге асырылатын күрделі үдеріс. Оқушының оқуға қызығушылық қабілетін дамыту, көркемдік қабылдауын дамыту ісі әдебиет сабақтарында орындалатын мұғалімнің негізгі міндеті болуы керек. Кез- келген өнер туындысын көркемдік жанрларын саралап оқыту және қабылдау шығармашылық үдеріс. Оны әр қырынан қарастыруға болады. Бұл аталған мәселені философиялық, эстетикалық, әдебиеттанушылық, өнертанушылық, психологиялық, әдістемелік, әлеуметтік, тағы басқа ғылымдар тұрғысынан қарастыруға болады. Орыс ғалымдары Б.С.Мейлах, Н.Д.Молдавская т.б. бұл мәселеге осы тұрғыда келу шығармашылық көркем ойлаудың заңдылықтары мен өнер туындысын көркемдікпен қабылдау заңдылықтарының арақатынасын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретіндігін атап көрсетті. [2,231б]. Орта мектепте өтілетін әдебиет пәні тарихи-әдебиеттік ұстанымға құрылған. Мұнда қандай жанрдағы шығарма болмасын тарихтың белгілі бір кезеңіне тән қоғамдық дамудың нақтылы сыр-сипатынан, халықтың дәстүрлі мәдениетінің бай құнарынан бастау ала отырып, сол дәуірдің көркем суретін көрсететіні белгілі. Осы кезекте оқушылар әдеби білім арқылы халық тарихының шежірелі беттерін қоғамдық-әлеуметтік, көркем-философиялық, мәдени-эстетикалық болмыс-бітімімен көркем шығармалар арқылы танысуға мүмкіндік алады. Сондықтан да осы мәселеге жету үшін әдебиет сабақтарында оқушы ойын бір жүйеге салу, оны жанрларына қарай саралап, жан-жақты оқыту мақсат етіледі. Әдебиет пәнінің негізгі міндеттерінің бірін академик С.Қирабаев: «Әдебиет сабағы арқылы бала әдеби шығарманы оқып қана қоймайды, ол жөнінде ойлануға, оны түсінудің ғылыми принципімен танысуға мүмкіндік алады- деді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда көркем шығармаларды жанрлық сипатына қарай саралау – білім алушылардың мәтінді терең түсініп, көркемдік ерекшелігін ажыратуына, әдеби талғамын дамытуға үлкен әсер етеді. Бұл тәсіл оқушылардың әдеби білімін жүйелеуге, салыстыра оқуға, шығармашылық ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін пән ретінде қарастыруға болады.

Оқушыларды әдеби шығармаларды жанрлық тұрғыда тануға, эпикалық, лирикалық және драмалық жанрлардың ерекшеліктерін ажырата отырып, мазмұндық және көркемдік қырларына талдау жасауға үйрету.

Әдеби шығармалардың жанрлық табиғатын меңгерту;

Әр жанрдың композициялық құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін саралай білуге машықтандыру;

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (эссе, пікір, мінездеме жазу);

Көркем мәтінмен жұмыс барысында сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру.

Салыстырмалы талдау әдісі – бір жанрдағы және әртүрлі жанрдағы шығармаларды салыстырып, мазмұны мен құрылысы, кейіпкер бейнесі, көркемдік тәсілдері бойынша ерекшеліктерін табу.

Мысалы: А.Құнанбайұлының «Сегіз аяқ» өлеңі мен М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесін жанрлық тұрғыда салыстыру.

Көркем шығармаларды жанрлық тұрғыдан саралап оқыту – оқушының әдеби сауатын, танымын, сөздік қорын арттырып, мәтінмен жұмысты тереңдетеді. Бұл тәсіл оқушыны жай тыңдаушы емес, ойланушы, талдаушы, өз пікірін еркін жеткізуші тұлға етіп қалыптастырады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бітібаева Қ. «Әдебиетті тереңдетіп оқыту». –Алматы: Мектеп, 2003 ж

2.Әлімов А. «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану». –Алматы, 2009.

УДК 81.498.02

## ИНТЕРАКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ РУССКОЙ ГРАММАТИКИ

**КАЛМУРАТОВА АСЫЛТАС АМАНГЕЛЬДИЕВНА**

Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Юрия Гагарина отдела образования Байзакского района управления образования акимата Жамбылской области», учитель русского языка и литературы, Республика Казахстан

**Резюме.** Бұл мақалада орыс тілінің грамматикасын оқытуда интерактивті әдістерді қолданудың тиімділігі қарастырылады. Зерттеу барысында интерактивті технологиялардың оқушылардың оқу мотивациясын көтеруге, грамматикалық материалды жақсы меңгеруге және тілдік дағдыларын дамытуға ықпал ететіні анықталған. Мақалада интерактивті әдістерге диалогтық технологиялар, ойындар, жұптық және топтық жұмыстар, сандық ресурстарды пайдалану, жобалық және зерттеу жұмыстары жатады. Автор интерактивті әдістердің дәстүрлі оқыту тәсілдеріне қарағанда білім беру сапасын жақсартатынын, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыратынын дәлелдейді.

**Summary.** This article examines the effectiveness of using interactive methods in teaching Russian grammar. The study found that interactive technologies contribute to increasing students' learning motivation, better mastering of grammatical material, and the development of language skills. The article highlights interactive methods such as dialogue-based technologies, games, pair and group work, the use of digital resources, as well as project and research activities. The author demonstrates that, compared to traditional teaching methods, interactive approaches improve the quality of education and enhance students' interest in the subject.

Современное образование требует новых подходов к преподаванию русского языка, особенно его грамматической части. Традиционные методы, основанные на объяснении и закреплении правил, не всегда обеспечивают высокий уровень познавательной активности учащихся. В условиях цифровизации и повышения интереса к деятельностным формам обучения интерактивные методы становятся эффективным инструментом формирования грамотности и развития языковой компетенции.

**1. Понятие интерактивных методов обучения.**

Интерактивные методы — это такие способы организации учебной деятельности, при которых учащийся выступает активным участником процесса: взаимодействует с учителем, одноклассниками и учебным материалом.

К интерактивным методам относятся:

-диалоговые технологии;

-игровые формы;

-работа в группах и парах;

-цифровые образовательные ресурсы;

-проектная и исследовательская деятельность.

**2. Значение интерактивности при изучении русской грамматики.**

Русская грамматика требует системного подхода и регулярного повторения, что часто приводит к однообразию учебных занятий. Использование интерактивных методов позволяет:

-повысить учебную мотивацию;

-активизировать внимание и мышление;

-облегчить понимание сложных грамматических конструкций;

-сформировать прочные практические навыки;

-развивать коммуникативные и исследовательские умения учащихся.

**3. Виды интерактивных методов и их применение.**

**3.1. Работа в парах и группах**

Групповая деятельность помогает учащимся самостоятельно формулировать грамматические правила, сравнивать языковые явления, анализировать примеры.

**Примеры заданий:**

-распределение слов по грамматическим категориям;

-коллективный разбор сложных предложений;

создание «мини-учебника» по теме.

3.2. Игровые технологии

Игра позволяет превратить изучение грамматики в увлекательный процесс. Применяются:

-лингвистические викторины;

-«Грамматический бой»;

-ролевые ситуации («редакторы», «корректоры»);

-онлайн-игры по морфологии и синтаксису.

**3.3. Интерактивные цифровые ресурсы.**

Использование сайтов, приложений и платформ облегчает тренировку грамматических навыков.

Полезны:

-интерактивные тренажёры;

-видеоуроки;

-онлайн-тесты;

-виртуальные доски (Padlet, Lino).

**3.4. Метод проектов**

Проектная деятельность помогает глубже осмыслить грамматические явления. Темы проектов:

«Эволюция русского языка»;

«Сложные случаи правописания»;

«Как грамматика влияет на стиль текста».

**4. Эффективность интерактивных методов.**

Педагогическая практика показывает, что интерактивные методы:

-ускоряют процесс усвоения материала;

-улучшают результаты диагностических работ;

-формируют устойчивую познавательную мотивацию;

-развивают самостоятельность учащихся.

Школьники легче запоминают правила, когда вовлечены в процесс активного взаимодействия.

Интерактивные методы обучения являются важным компонентом современного урока русского языка. Они способствуют повышению эффективности преподавания грамматики, формированию языковой компетенции и развитию интереса учащихся к предмету. Использование интерактивных технологий делает учебный процесс более динамичным, разнообразным и результативным.

**Список использованной литературы:**

1.Азимов Э. Г., Щукин А. Н. Словарь методических терминов. – М.: ИКАР, 2019.

2.Бим И. Л. Теория и практика обучения русскому языку. – М.: Просвещение, 2018.

3.Гальскова Н. Д., Гез Н. И. Методика обучения русскому языку. – М.: Академия, 2020.

ӘОЖ 372.881.161.1

# ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

**ЕГЕМБЕРДИЕВА ГУЛЬВИРА ШАРИПЖАНОВНА**
Валерий Чкалов орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье рассматривается эффективность использования инновационных технологий на уроках казахского языка. Автор отмечает, что применение цифровых и интерактивных методов повышает мотивацию учащихся и качество обучения. Приведены примеры современных технологий и их роль в развитии языковых компетенций.

**Annotation.** The article discusses the effectiveness of using innovative technologies in Kazakh language teaching. It highlights how digital and interactive methods enhance students' motivation and learning outcomes. Examples of modern technologies and their role in developing language skills are provided.

Бүгінгі жаһандану дәуірінде қоғамның дамуы инновациялық үдерістермен тығыз байланысты. Әлем елдерінің барлығы білім беру жүйесін жаңартуға, жаңа технологияларды енгізуге ерекше назар аударып отыр. Қазақстан Республикасының білім беру саласында да соңғы жылдары ауқымды өзгерістер жүзеге асуда.

Мұғалімдерден дәстүрлі оқыту әдістерін жетілдіріп, жаңа педагогикалық технологияларды енгізу, оқушылардың жеке қабілеттерін ашуға бағытталған оқыту тәсілдерін қолдану талап етіледі [1].

Қазақ тілі пәні – ұлт болмысы мен мәдениетін сақтаудың, ұрпаққа ұлттық құндылықтарды жеткізудің маңызды құралы. Сондықтан бұл пәнде заманауи технологияларды қолдану арқылы оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдік дағдысын қалыптастыру және шығармашылық қабілетін дамыту – басты міндеттердің бірі.

«Инновация» ұғымы латынның innovatio сөзінен шыққан, «жаңарту», «өзгеріс енгізу» деген мағынаны білдіреді. Педагогикада инновация – білім беру процесіне жаңа әдіс, тәсіл, идея, құрал енгізу арқылы оқу сапасын арттыру. Инновациялық технологиялар білім беру мазмұнын жаңартып, оқушылардың оқу әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Егер бұрын оқушы тек тыңдаушы, орындаушы рөлінде болса, қазіргі инновациялық оқыту жүйесінде ол – білімді өз бетімен ізденіп, талдап, қорытынды жасайтын тұлғаға айналады [2].

Қазақ тілі сабағында инновациялық әдістерді пайдалану – оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырумен қатар, тілдік және коммуникативтік құзыреттерін қалыптастырудың ең тиімді жолы. Қазақ тілін оқытуда көптеген заманауи технологиялар қолданылады. Олардың ішінде ең тиімді деп танылған түрлеріне тоқталайық.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (интерактивті тақта, компьютер, смартфон, интернет-ресурстар) – қазіргі білім берудің ажырамас бөлігі. Мұғалімдер BilimLand, iTest, Quizizz, Kahoot, Wordwall сияқты платформаларды пайдалану арқылы сабақты қызықты әрі нәтижелі өткізе алады. Мысалы, Kahoot арқылы грамматикалық ережелер бойынша викторина өткізу немесе Wordwall арқылы сөз тіркестерін сәйкестендіру оқушылардың белсенділігін арттырады. Мұндай әдістер оқушылардың есте сақтау, талдау және шапшаң ойлау қабілеттерін дамытады [3].

Жобалық әдіс – оқушылардың бір тақырып бойынша зерттеу, талдау және қорытынды жасау арқылы білім алуына мүмкіндік беретін тәсіл. Мысалы, 9-сыныпта «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында жоба дайындау барысында оқушылар материал жинап, оны қазақ тілінде баяндап, презентация түрінде қорғайды. Бұл оқушылардың сөйлеу, жазу және зерттеу дағдыларын жетілдіреді.

Модульдік оқытуда оқу материалы белгілі бір бөлімдерге (модульдерге) бөлініп, әр модуль бойынша мақсат, күтілетін нәтиже, және бағалау өлшемдері анықталады. Бұл технология оқушының өз оқу қарқынына сай білім алуына мүмкіндік береді. Қазақ тілі

сабағында модульдік тәсіл арқылы оқушылар грамматикалық ережелерді жүйелі меңгеріп, өзін-өзі бағалауға үйренеді [4].

Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы – оқушыларды өз пікірін дәлелдеуге, салыстыруға, талдауға үйрететін инновациялық әдіс. Мысалы, «ББҮ» (Білемін – Білгім келеді – Үйрендім) кестесі немесе «INSERT» стратегиясы арқылы мәтінмен жұмыс істеу оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады. Мұндай сабақтарда оқушы дайын білімді алмайды, керісінше өз бетімен ізденіп, қорытынды шығарады. Бұл тәсіл тілдік нормаларды терең түсінуге және сөйлеу мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ тілі сабақтарында геймификация (ойын элементтерін қолдану) әдісі үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы оқыту балалардың жас ерекшеліктеріне сай және есте сақтауға жеңіл. Мысалы, «LearningApps» платформасында сөздік қорды бекітуге арналған жұптастыру, сәйкестендіру, тест түріндегі ойындарды жасауға болады.

CLIL – пән мен тілді кіріктіре оқыту технологиясы. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек тілді ғана емес, сонымен қатар пәндік білімді де меңгереді. Мысалы, экология, география, тарих тақырыптарын қазақ тілінде өту арқылы оқушылар әрі мазмұнды білім алады, әрі тілді еркін қолдануды үйренеді. Инновациялық технологияларды қазақ тілі сабақтарына енгізудің тиімділігі бірнеше бағытта көрінеді:

Қызығушылық пен белсенділікті арттырады. Оқушылар дәстүрлі сабақтағыдай тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушы болады.

Тілдік дағдыларды дамытады. Заманауи әдістер сөйлеу, жазу, тыңдау және оқу дағдыларын біртұтас дамытуға мүмкіндік береді.

Шығармашылық қабілетті жетілдіреді. Оқушылар өз жобаларын, презентацияларын дайындау барысында шығармашылықпен айналысады.

Өзіндік ізденіс пен жауапкершілік қалыптасады. Әр оқушы өз оқу процесіне жауапкершілікпен қарап, мақсат қоюды үйренеді.

Білім сапасы мен мотивация артады. Интерактивті тәсілдер сабақтың тиімділігін арттырып, оқушыларды үздіксіз үйренуге ынталандырады.

Қазақ тілі мұғалімі инновациялық технологияларды тиімді қолдану үшін келесі құзыреттерге ие болуы қажет:

Ақпараттық технологияларды меңгеру және оларды сабақта қолдану;

Оқушылардың жас ерекшелігі мен деңгейіне сай әдістерді іріктеу;

Цифрлық құралдармен жұмыс істей білу;

Өз іс-тәжірибесін үнемі жетілдіру және жаңашыл идеяларға ашық болу.

Инновациялық мұғалім – үнемі ізденісте жүретін, жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізетін, оқушылардың тұлғалық дамуына жағдай жасайтын педагог. Мысалы, 7-сыныпта «Қоршаған орта» тақырыбында сабақ өткізу кезінде келесі технологиялар тиімді қолданылуы мүмкін:

Сабақ басында Kahoot арқылы жаңа сөздерді қайталау;

Негізгі бөлімде CLIL әдісімен экологиялық мәтін талдау;

Топтық жұмыс барысында жобалық әдіспен шағын постер дайындау;

Сабақ соңында Quizizz платформасында кері байланыс алу.

Мұндай сабақ құрылымы оқушыларды бір мезгілде ойлануға, талқылауға және өз пікірін дәлелдеуге үйретеді.

Қазақ тілін оқытуда инновацияларды қолдану – тек білім сапасын арттыру ғана емес, қоғамдағы тіл мәртебесін көтерудің де тиімді құралы. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, сондықтан оны меңгертудің жаңа, заманауи жолдарын іздеу – елдің рухани дамуы үшін стратегиялық маңызы бар іс.

Инновациялық технологияларды қолдану тек оқыту тәсілін өзгерту емес, сонымен бірге оқу процесінің психологиялық ортасын жақсартудың да тиімді құралы болып табылады. Қазақ тілі сабағында инновациялық әдістерді пайдалану кезінде оқушылар өздерін еркін сезінеді, пікір айтуға, ой бөлісуге мүмкіндік алады. Бұл оқушылардың өзін-өзі бағалауына, сенімділігіне және коммуникативтік белсенділігіне оң әсер етеді.

Психологиялық тұрғыдан, интерактивті және ойын элементтерін қамтитын сабақтарда оқушының ішкі мотивациясы артады. Оқушы өз жетістігін бірден көріп, сол нәтижеге қуанады – бұл білімге деген қызығушылықты күшейтеді. Мысалы, онлайн тест нәтижесін бірден көру немесе Kahoot ойынында жоғары ұпай жинау – оқушылар үшін қуатты ынталандыру факторы.

Педагогикалық тұрғыдан, инновациялық технологиялар мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтереді. Мұғалім енді ақпарат беруші емес, кеңесші, бағыттаушы рөлін атқарады. Ал оқушы білім алу процесінің белсенді қатысушысы болады. Бұл тәсіл «оқушыға бағытталған оқыту» қағидасын жүзеге асырады. Сонымен қатар, инновациялық технологиялар инклюзивті білім беруде де тиімді. Мысалы, цифрлық тапсырмалар мен аудиоматериалдар есту не сөйлеу қабілеті шектеулі оқушыларға өз мүмкіндігінше қатысуға мүмкіндік береді. Осы арқылы білім беруде теңдік пен қолжетімділік қағидаттары жүзеге асады.

Инновациялық сабақтар оқушыларды XXI ғасырдың дағдыларына (4К: критикалық ойлау, коммуникация, креативтілік, кооперация) бейімдейді. Бұл дағдылар тек мектепте емес, болашақ кәсіби өмірде де қажет. Сондай-ақ, инновациялық әдістерді пайдалану арқылы оқушылар әлемдік цифрлық ортаға бейімделеді, көптілді және көпмәдениетті тұлға ретінде қалыптасады.

Мысалы, CLIL әдісімен пән мен тілді кіріктіріп оқыту барысында оқушы ғылыми ақпаратты қазақ тілінде қабылдап, оны ағылшын немесе орыс тіліндегі деректермен салыстыра біледі. Бұл – тіл арқылы мәдениеттерді байланыстырудың тиімді жолы.

Қазақ тілі сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану – тек оқу үдерісін жетілдіру емес, ұлттың тілдік болашағын нығайтудың да бір жолы. Инновациялық технологиялар мұғалімге – шығармашылық еркіндік, ал оқушыға – білімді еркін меңгеру мүмкіндігін береді. Осы арқылы білім беру процесі қызықты, ынтымақты, және нәтижеге бағытталған сипат алады.

Бүгінгі күні мұғалімнің басты міндеті – оқушыны дайын ақпаратпен қамтамасыз ету емес, сол ақпаратты табуға, түсінуге және өмірде қолдануға үйрету. Ал бұл міндет инновациялық әдістер арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан әрбір қазақ тілі мұғалімі жаңа технологияларды тиімді пайдаланып, ұлттық тілдің дамуына, оқушының рухани және зияткерлік өсуіне өз үлесін қосуы қажет [5].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбдіғапбарова Ұ. Инновациялық технологиялар және оларды білім беру жүйесінде қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

2.Сейсенбаева Г. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 2019.

3.Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқытудың заманауи технологиялары. – Нұр-Сұлтан: Білім, 2021.

BilimLand.kz – онлайн білім беру платформасы. [Электрондық ресурс].

4.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ тілі пәні бағдарламасы. – Астана, 2022.

ӘОЖ 37.015.3:81’243

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА БАЛА ПСИХОЛОГИЯСЫ МЕН МОТИВАЦИЯНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

**БЕСТЕРЕКОВА НУРСУЛУ АНУАРБЕКОВНА**

Валерий Чкалов орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье рассматривается взаимосвязь филологии и психологии, а также психологические методы повышения мотивации детей в современном образовательном процессе. Автор анализирует закономерности развития детской психики, внутреннюю и внешнюю мотивацию к обучению, роль учителя казахского языка и литературы в формировании личности учащегося. Особое внимание уделено развитию эмоционального интеллекта ребёнка через филологические дисциплины, формированию его речевых и мыслительных способностей. Подчёркивается важность сотрудничества между педагогом и родителями для создания устойчивой учебной мотивации.

**Annotation.** This article explores the interrelation between philology and psychology, focusing on psychological methods for enhancing children’s motivation within the modern educational system. The author examines the principles of child psychological development, the difference between intrinsic and extrinsic motivation, and the significant role of the Kazakh language and literature teacher in shaping the student’s personality. The paper highlights how philological studies contribute to developing emotional

intelligence, cognitive and linguistic abilities in children. The importance of collaboration between teachers and parents in maintaining stable motivation for learning is also emphasized.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі адам тұлғасының жан-жақты дамуына бағытталған. Бұл бағытта филология ғылымы – тіл мен әдебиеттің, ал психология – адамның ішкі жан дүниесінің, ойлау мен сезімінің заңдылықтарын зерттейтін ғылым ретінде өзара тығыз байланыста дамуда. Тіл мен әдебиет пәндері арқылы оқушының тек тілдік қабілеттері емес, сонымен қатар психологиялық, эмоциялық және мотивациялық дамуы қамтамасыз етіледі. Филология ғылымының негізінде адам тұлғасын, оның ойлау жүйесін, сезімін, тіл арқылы өзін таныта білу қабілетін зерттеу жатады. Психология болса осы үдерістердің ішкі заңдылықтарын түсіндіреді [1].

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, адамның танымдық әрекетінің негізгі көрсеткіші. Психолог Л.С. Выготский «Ойлау мен сөйлеу – бір тамырдан тарайтын екі процесс» деп атап көрсеткен. Сондықтан филологиялық білім мен психологиялық даму бір-бірін толықтырып, оқушының тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Сондықтан филолог мұғалім үшін баланың психикалық даму заңдылықтарын, оның оқу мотивациясының психологиялық негіздерін білу – кәсіби шеберліктің маңызды шарты. Неміс ғалымы В. Прейер бала психологиясын ғылым ретінде қалыптастырған алғашқы зерттеушілердің бірі болса, К.Д. Ушинский «Педагогика адамды барлық қырынан тәрбиелегісі келсе, ол ең алдымен адамды барлық қырынан тануы тиіс» деп, психологиялық білімсіз педагогиканың толық болмайтынын атап көрсеткен.

Демек, қазіргі қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі – тек тіл үйретуші емес, ол баланың ішкі дүниесін танитын, мотивациялық жағдай тудыратын психолог-педагог болуға тиіс [2].

Филология ғылымы адамның рухани мәдениетін қалыптастыруға, оның ішкі ойлау, сөйлеу, қабылдау процестерін дамытуға бағытталған. Тіл – адам психикасының көрінісі. Бала алғашында айналасындағы құбылыстарды бақылап, заттарды қабылдау арқылы ойлауды дамытады. Бұл кезеңде оның тілі мен ойлау қабілеті тығыз байланыста жетіледі.

Мектепке дейінгі жастағы балаларда ойлау әрекеттік сипатта болса, уақыт өте келе бейнелі, ал кейін сөздік-логикалық ойлау қалыптасады. Ойлау қабілетінің дамуымен бірге сөйлеу де күрделене түседі. Мысалы, бала бес жас шамасында контекстік сөйлеуге көше бастайды, ал алты-жеті жасында ана тіліндегі грамматикалық құрылымдарды еркін меңгереді. Бұл кезеңде баланың дамуына педагогтың сөйлеу мәдениеті, дұрыс сөз қолдануы, дауыс ырғағы, эмоционалды қолдауы зор әсер етеді. Себебі бала үлкендердің сөзіне еліктеп, олардың сөйлеу мәнерін, эмоциялық интонациясын бойына сіңіреді. Осыдан барып тілдік дағды мен психологиялық бейім қалыптасады [3].

Мотивация – адамды белгілі бір әрекетке итермелейтін ішкі түрткі. Баланың оқу процесіндегі белсенділігі мен жетістікке ұмтылысы оның мотивация деңгейімен анықталады.

Психолог Шамиль Ахмадуллин өз еңбектерінде баланың оқуға деген қызығушылығының төмендеу себептерін нақты көрсетеді:

- оқу материалын түсінудегі қиындықтар;
- сәтсіздіктен қорқу;
- өзін-өзі бағалаудың төмендігі;
- отбасыдағы және мектептегі қолайсыз ахуал;
- шамадан тыс талап пен қысым.

Мұндай жағдайда балада қорқыныш пен күйзеліс пайда болып, оқу процесінен ләззат алу сезімі жойылады. Осы кезде мұғалімнің басты міндеті – позитивті мотивацияны қалыптастыру.

Психолог Анна С.К. балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне назар аударып, 8–9 жасқа дейінгі оқушылардың сынды түсіне алмайтынын, тек мақтау мен жылы сөз олардың миында жағымды реакция туғызатынын айтады. Бұл кезеңде сын емес, қолдау маңызды. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда балаға сәтсіздіктен қашу емес, қиындықты жеңу тәжірибесін қалыптастыру қажет. Бұл баланың өзін-өзі бағалауына, сеніміне және ерік-жігеріне әсер етеді.

Білім алуға деген қызығушылықты арттыруда ішкі мотивация маңызды рөл атқарады. Ішкі мотивация – баланың оқу процесінің өзінен қуаныш алуы. Бұл үшін мұғалім мен ата-ана оқушыны білімге тартып, танымдық әрекетке қызықтыруы керек.

Мотивацияны арттырудың тиімді тәсілдері:

1. *Эмоциялық қолдау мен позитивті қарым-қатынас*. Әр оқушының жетістігін мойындап, оның жеке ерекшелігін бағалау – сенім мен ынтаны арттырады.

2. *Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар.* Әдебиет сабағында шығарма кейіпкерінің атынан хат жазу, поэзияны талдап бейнелеу, мультимедиялық жоба жасау – баланың ойлау мен сөйлеу қабілетін дамытады.

3. *Пікірталас пен диалог әдісі.* Тіл сабағында пікір алмасу, өз көзқарасын дәлелдеу арқылы балада еркін ойлау мәдениеті қалыптасады.

4. *Мақсат қою және рефлексия*. Әр сабақ соңында «Бүгін мен не үйрендім?», «Маған не қиын болды?» деген сұрақтарға жауап беру – өзін-өзі бағалауға үйретеді.

5. *Үлгі арқылы үйрету*. Балалар ересектердің іс-әрекетіне еліктейді. Егер мұғалім өзі әдебиетті сүйсе, кітап оқыса, оқушылар да сол ортаға бейімделеді.

Филология сабақтарында қолдануға болатын қосымша психологиялық әдістер:

- *«Эмоциялық күнделік»* – оқушылар өз сезімдері мен ойларын жазып, сабаққа эмоционалды талдау жасайды.
- *«Сөздің күші» тренингі* – тілдің әсерін сезіну арқылы сөз мәдениетін дамыту.
- *«Менің жетістігім»* бұрышы – оқушылардың жетістіктерін көрсету арқылы ішкі сенімді арттыру.

Бала мотивациясының тұрақты дамуы тек мектеп қабырғасындағы сабақтармен шектелмейді. Отбасындағы эмоционалды климат та үлкен рөл атқарады. Психолог Михаил Лабковский: «Дені сау бала – баға үшін емес, өз жетістігі үшін әрекет етеді» дейді. Сондықтан ата-ана баланы сынмен емес, түсіністікпен тәрбиелеуі қажет.

Отбасы мен мектеп ынтымақтастықта болған жағдайда ғана бала өз әлеуетін толық аша алады.

- Баламен тең дәрежеде сөйлесу;
- Қателікті жазалау емес, түсіндіру арқылы түзету;
- Бірлесе мақсат қою – баланың жауапкершілігін арттырады.

Мысалы, ата-ана мен бала бірге оқу кестесін құрып, оқу мен демалыс уақытын үйлестірсе, бала өз уақытын басқаруды үйренеді. Бұл өздігінен ішкі мотивацияның артуына себеп болады [4].

Мотивацияның екі түрі бар: оң (позитивті) және теріс (негативті). Оң мотивация – мақтау, сенім білдіру, жетістікке қуану арқылы дамиды. Теріс мотивация – қорқыту, жазалау, салыстыру арқылы қалыптасады.

Психологтар теріс мотивацияның қысқа мерзімдік нәтиже беріп, ұзақ мерзімде баланың сенімін бұзатынын дәлелдеген. Мысалы, «жаман оқысаң, сәтсіз боласың» деген қорқыныш сөзі баланың өз қабілетіне күмән тудырады. Керісінше, «сен бұны істей аласың», «сенің ойың қызық» деген сөздер баланы ішкі жағынан қуаттандырады. Сондықтан филолог мұғалімнің басты ұстанымы – сындарлы сын мен жылы сөзді үйлестіру. Оқушының шығармасын талдағанда оның қатесін ғана емес, жақсы тұстарын да көрсету – тұлғалық өсуге жол ашады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі бүгінгі таңда оқушыларды тек грамматика мен мәтін талдауға емес, рухани ойлануға, эстетикалық талғамды дамытуға, ішкі мотивацияны оятуға бағыттауы тиіс. Филолог – тілдің әуезін, сөздің құдіретін баланың жүрегіне жеткізетін тұлға. Ол әр сабақта баланың эмоциялық жағдайын ескеріп, психологиялық жайлылық тудырған жағдайда ғана шынайы оқу белсенділігі қалыптасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі – ұлттық сана мен руханияттың сақтаушысы. Ол оқушыға сөздің қадірін, тілдің қуатын сезіндіреді. Филологтың әрбір сабағы – психологиялық және рухани сабақ. Мұнда бала ойлайды, талдайды, сезінеді, өз ойын еркін жеткізуді үйренеді. Мұғалім өз пәнін сүйіп, оқушымен эмоционалды байланыс орнатқанда, оқу процесі механикалық емес, жандандырушы сипатқа ие болады.

Филология мен психологияның түйісуі осылайша бала тұлғасын дамытудың ең пәрменді жолына айналады.

Филология – тек тіл мен әдебиетті оқытатын ғылым емес, ол – адам жанының айнасы. Ал бала психологиясы – сол айнадағы бейнені түсінуге көмектесетін кілт. Қазіргі білім беру жүйесінде осы екі бағыттың өзара байланысы ерекше маңызға ие. Балаға әсер етудің ең тиімді жолы – оның ішкі мотивациясын ояту, өз қабілетіне сенімін арттыру. Тіл мен әдебиет сабақтары – сол мотивацияны дамытудың ең қолайлы алаңы. Себебі мұнда бала тек білім алмайды, өзін таниды, өз ойын білдіреді, рухани әлемін байытады. Филология мен психологияның тоғысында туындайтын басты қағида: «Бала – үйретудің нысаны емес, рухани дамудың серігі». Осы қағиданы ұстанған мұғалім ғана әр баланың жүрегіне жол таба алады [5].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Выготский, Л.С. Ойлау мен сөйлеу. – Алматы: Мектеп, 2005.

2.Ушинский, К.Д. Адам – тәрбие нысаны ретінде. – Алматы: Рауан, 1991.
3.Ахмадуллин, Ш. Балалар мотивациясы. Баланың оқуға деген ынтасын қалай ояту керек? – Қазан, 2018.
4.Тәжібаев, Т. Психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
5.Смағұлова, Г. Қазақ тілін оқытудағы мотивацияның психологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ тілі, 2019.

ӘОЖ 159.955

## «ИНТЕЛЛЕКТ», «ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТ», «ОҚУ ДИАЛОГЫ» ҰҒЫМДАРЫНЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

**БЕРДИГУЛОВА ОРЫНТАЙ КОЙАЙДАРОВНА**
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются концепции «интеллект», «социальный интеллект», «учебный диалог», а также научные выкладки ученых и педагогов.

**Summary.** The article examines the concepts of «intelligence», «social intelligence», «educational dialogue», as well as scientific findings of scientists and educators.

Адам баласының өмірдегі құбылыстардың, нәрселердің, адамдармен қарым-қатынастың, қоғамның, табиғаттың ерекшеліктерін тануы арқылы өзін қоршаған ортаны түсініп, басқаға түсіндіріп, алдағы болатын құбылыстарды болжай алатын, соған қажетті белгілі бір жолдарды және олардың тиімділігін алдын ала таңдай алатын танымдық қабілетін адамның интеллектісі деп атайды. Интеллект қанша ғасырлар бойы зерттеліп келе жатса да, табиғаты толық танылды деп айтуға болмайды, мұны барлық ғалымдар мойындайды. Адамзат қоғамының дамуы алға қарай жүрген сайын, адамның барлық саладағы қызметі, іс-әрекеті интеллектуалдана бермекші. Уақыттың әрбір сәті жаңа интеллектуалдық әрекетті қажет етеді, себебі әр сәт өз жаңалығымен келеді. Осымен байланысты өмірдің барлық саласындағы интеллекті және интеллектуалдандыру мәселесін зерттеу ғылымның күн тәртібінен түспеуі керек.

Ал қоғамның барлық саласы және ондағы жекелеген адамдар заман өзгеруіне қарай соған лайықты қабілетін ашуы тиіс. Заманның тізгінін ұстау, соған лайықты болу туралы қазақ халқының ұлттық даналығының тұңғиығында жатқан қымбат ойлар арқылы берілген. «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген даналықты көпшілік жағдайда, амалдық, күрмеуі қысқа пысықтық мағынасында қолданып жүргенін көреміз. Бұл дұрыс емес, түпкі мағынасында түлкі заман қалай бұрылса да, оны іліп ал, заман сені емес, сен заманды билеуге қабілетті бол деген терең насихат жақанын аңғарамыз. «Заман қамын ойлаған – саналықтың белгісі. Адам қамын ойлаған – даналықтың белгісі», – деген ұлттық даналық ой қазір мектепте оқып жатқан болашақ тізгін ұстар азаматтардың заманның да, адамның да қамын ойлайтын жақсы ұрпақты тәрбиелеп, заманына лайықты мазмұн мен әдіс-тәсілдері бар білім мазмұнын меңгерту маңыздылығын айқын көрсетеді. Абай айтқан «Дүние – үлкен көл, Заман – соққан жел», – деген даналықтың педагогикалық мазмұнын талдап қарасақ, өмірде де кememен келе жатқандай, желдің қай бағытта, қандай екпінмен, қандай иіріммен соғатынын біле білу керек екенін және оның зардабын өзіне де, басқаларға да тартқызбай аман өтудің жолын меңгеру керектігін нұсқағанын айқын танимыз. Сондықтан интеллект мәселесі қазақтың ұлттық педагогикасының, ұлттық сананың, ұлттық дәстүріміздің әрбір тінінде ерекше орын алып отырған деп сеніммен айта аламыз.

Жас ұрпақтың алдағы келе жатқан заманға бейімделе алатын болуы интеллектінің заманға сай жетілдіруі – үлкен философиялық мәселе. Адамның интеллектісі философия, психология, педагогика, логика, әлеуметтану, кибернетика т.б. ғылымдары тұрғысынан қарастырылады. Философиядағы анықтамасында интеллектіні ақыл-ой, парасат, ойлау қабілеті, көрегендік, қабылдаған нәрсесін білімге айналдыратын, сыни қарай алатын, талдай алатын дәрежеге жеткізетін ақыл-ой функциясының жиынтығы (салыстыру, дерексіздендіру, ұғым түзу, пайымдау, тұжырым жасау т.б.) сияқты мол қасиеті анықталып берілген [1, 136 б].

Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің философиялық трактаттарында интеллектіні адам жанының бір маңызды бөлшегі ретінде қарастырады. Адам тек осы күштерді пайдалану арқылы дүниені таниды, өзін басқарады, өмірде күнде болып жататын қалыптастыруға тірек болады. жаңалықтарға бейімдеп, жаңа түсініктер Әбу Насыр Әл-Фарабидің айтуынша, адам пайда болысымен оның бойында ең алдымен бітетін нәрсе – күш, нақты айтқанда, қабілет. Одан соң 19 сезім мүшелері пайда бола бастайды. Содан соң адамның бойына екінші күш бітеді, осы күш арқылы адам түйсіне алатын болады. Бұл – қиялдау күші. Бұл дегеніміз – қиялдау күші. Ол түйсіктерді өзара біріктіреді, түрлі үйлесімдіктер мен жіктерге бөледі. Ақырында, адамның бойында ойлау күші пайда болады, осы арқылы адам интеллекцияның пайымдағыш обьектілерін аңғарады [2.].

Интеллект табиғаты туралы философ ғалымдардың еңбектерін талдау барысында интеллектінің көптеген жаңа қырлары қарастырылғанын көруге болады. Қайта өрлеу дәуірінде интеллектінің табиғаты жан-жақты тереңдетіле қарастырылады. Н.Кузанский парасатты адам бойындағы ең жоғары рухани қуат деп санайды. Орта ғасырда интеллектіні «табиғи нұр» деп бағалайды. 17-18 ғасырлардағы рационалистік философияда интеллектіні жан жақты қырынан анықтағанын көреміз: – Декарт интеллектіні гносеологиялық тұрғыдан дұрыс әдісті қалыптастыру қабілеті деп анықтайды; – Локк болса, интеллектіні жанама идеяларды іздеп табатын және тұжырым жасайтын қабілет деп санайды; – Лейбниц интеллектіні қажетті және мәңгілік ақиқатты тану деп анықтайды; – Канттың анықтауынша, интеллект ақыл-ой ережелерін принциптерге сәйкес біртұтас ететін, ең жоғары танымдық қабілет. Интеллект жаңа философиялық энциклопедияда, жалпы мағынасында алғанда, ойлау қабілеті, гносеологияда жанама, дерексізденген таным қабілеті деп көрсетілген. Оның құрамында салыстыру, дерексіздендіру, ұғымдардың түзілуі, пайымдау, тұжырымдау сияқты функциялары бар екені көрсетілген. Интеллект танымның тікелей түрлеріне – сезімдік және интуитивті танымға қарама-қарсы болады [3.]. Бұдан ішкі сезім мен интуитивті танымға бағынбайтын қуатты күш екенін байқаймыз.

М.Жұмабаев «Педагогика» кітабында психологиядан базалық білім мазмұнын жүйелейді. Соның ішінде баланың ішкі сезімдері, аффект, ішкі сезімдерді тәрбиелеу туралы пікірлері интеллектінің сезіммен байланысына арналған. М.Жұмабаев ішкі сезімдерін тәрбиелеудің маңыздылығына көп тоқталған, соның ішінде ашулану, қорқу, ұялу, аяныш қылу, достық, іш пысу /зерігу, сұлулық/ эстетикалық сезім және оны өркендету, құлық сезімдері, дін сезімдерін, қайрат, мінез, құмарлық туралы қарастырып, осылардың барлығын арнайы тәрбиелеп қалыптастыру, жақсы дағдыға айналдыру жүйесін көрсетеді. М.Жұмабаев: «Ізгі ой, ізгі іс адамда жағымды сезім тудырады. Адамға қалай болса да, қашан болса да пайда келтіретін ой һәм іс – ізгілік деп аталады. Ізгілікке ұмтылу, жауыздықтан безу – адамның жаратылысының өзінде бар нәрсе», – деп интеллектіні ізгілікпен байланыстыра қалыптастырудың жолын баян етеді [4.]. Интеллектуалдық мінез-құлық, С.Л.Рубинштейннің айтуынша, биологиялық инстинктімен қатар, әрдайым автоматтық стереотиптік компоненттерді де жекелеген операциялар түрінде көрсетіп отырады. Ол жекелеген операциялар өзара дұрыс тізбектеле келіп, белгілі бір интеллектуалдық әрекетті түзеді. Адамның интеллектуалдық әрекеті дамыған сайын оның мінез құлықтарындағы вариативтілік, икемделгіш /пластикалылық/ мінез-құлық та зорайып, жаңа өлшемдерге ене бастайды. Дағдыға айналдырылған яғни функционалдық стереотиптердің дамуы жеке барысында қалыптасқан мінез құлықтар келесі мінез-құлық актісіне жалғасады. Нақ қазіргі жағдаятқа жеке адам /индивид/ өткендегі жағдаят сияқты қарап, сондай реакция береді. Осылайша, кей уақытта жаңа жағдаяттарға әрекеттің лайық болмай жатқандығы кездесетіні белгілі. Интеллектуалдық әрекеттің дамуына қарай бұндай қарама-қайшылық шешіледі. Интеллектуалдық әрекеттің дамуы барысына орай, әрбір мінез құлық актісі жаңашыл нұсқаларға тап болып отырады. Осылайша, интеллектуалдық әрекеттің, интеллектуалдық тәжірибенің нәтижесінде адам жаңа шарттарға толы жағдаяттарға реакция беруге бейімделуге ішкі дайындықтар жүргізуге алдын ала дайындалып жүретін болады [5.]. Интеллектіні «парасат», «зият» деген қосымша терминмен атай отырып, Қ.Жарықбаев оны жеке адамның ақыл-ой қабілеттерінің біршама орнықты құрылымы деп сипаттайды [6, 255 б]. Ғалымның атап көрсетуінше, интеллектінің функциялары: – оқуға деген қабілеттілік; – қоршаған болмыстың заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік болып екіге бөлінеді. Ғалым интеллектік сезімдер туралы көрсетіп, ондай сезімнің адамның танымдық үдерісімен, ақыл-ой қызметімен тығыз байланысты туындайтынын атап көрсетеді. Интеллектік сезім түрлері: – таңсықтау; – білуге құмарлық; – күдіктену; – сенімділік; – интуиция; – ықтималдық; – жаңашылдық; – болжау және т.б. сезімдер. Сонымен бірге ғалым интеллектінің түрлерін де жіктеп көрсетеді.

Ж.Пиаженің интеллект туралы, оның ішінде баланың интеллектісі туралы зерттеген еңбектері зерттеу жұмысымыздың тақырыбына тікелей байланысты болғандықтан, ғалымның тұжырымдары теориялық негіз болады. Ж.Пиаже «Интеллектінің психологиясы» атты еңбегінде интеллектінің табиғаты, интеллектінің психикалық ұйымдасуында алатын орны, интеллектінің бейімделгіш болмысы, интеллектінің анықтамасы, интеллектінің түсіндірудің жіктемесі, ойлаудың дамуы, қалыптасуы, интуиция мен операциялар туралы, ұғымдық және сенсомоторлық интеллект туралы зерттеулерінің нәтижесін жазады. Ж.Пиаженің айтуынша, аффективтік және когнитивтік өмір бір нәрсенің екі жағы сияқты, біртұтас, бірақ әрқайсысы өзінің ерекшелігін сақтап қалады. Тіпті таза математикалық саланың өзінде, ешқандай сезімсіз тек ақыл-ой жұмысын жүргізу мүмкін емес. Интеллектінің өту актісі, Ж.Пиаженің айтуынша, ішкі де, сыртқы да энергиялық реттеуді қажет етеді. Бұл жерде интеллекция актісінің ішкі жағы да, атап айтқанда, мүдде, қызығушылық, күш салу, ден қою, жеңілдік т.с.с, сонымен қатар сыртқы жағы да, атап айтқанда,ізделініп отырған шешімнің, объектінің құндылығы, табиғаты жағынан аффективті болып келеді және осы тектес басқа реттелушілермен салыстыруға келеді. Ж.Пиаже интеллектіні психикалық бейімделулердің ішіндегі ең жетілгені болғандықтан, ол субъектінің (адамның) өзін қоршаған ортамен, адамдармен, қоғаммен, табиғатпен, өзара байланыс құрғанда ең қажетті және ең тиімді құрал деп бағалайды [7.]. Осынысымен де Ж.Пиаженің интеллект теориясы зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынды.

Әлеуметтік интеллект – адамның әлеуметтік ортада, қоғамда бейімделуіне тірек болатын қабілеттердің жиынтығы, адамның белгілі бір топқа, әлеумет ортасына, тұтас қоғамға өзінің адамындай еніп кете алуы үшін тұлғааралық, кәсіби қарым-қатынастарды талапқа сай құра алуы және соны ұстана білуі үшін қажетті қабілеттер жиыны. Әлеуметтік интеллектіні ашу, қалыптастыру, дамыту барысында оқушының өзін түсіну, өзінің іс-әрекетін, басқаның әрекеттерін түсіну білігі, соған сәйкес қарым-қатынас құра білуге дағдылануы мектеп қабырғасында жүргенде өтілетін процесс.

Бүгінгі таңда диалог оқытудың ең танымал және тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Топтық талқылау, сұхбаттасу, проблемалық оқыту, жұптық форма және т.с.с. – мұның бәрі белгілі бір деңгейде қарым-қатынастың диалогтық формасымен байланысты. Қарым-қатынастың ерекше формасы – оқу диалогы – сөйлеу түрінде жүзеге асырылады және адамдар арасында ақпарат алмасуда орын алатын, олардың қарым-қатынастары реттелетін білім беру жағдайындағы адамдардың өзара әрекеті. Диалогқа қатысушылардың мақсаттары, олардың өзара әрекеттесуінің шарттары мен жағдайлары білім беру диалогінің ерекшеліктерін анықтайды. Көбінесе мұғалім диалогта оқыту міндетін жарияламайды, ол жасырын сипатта болады. Сонымен қатар әр түрлі білім беру диалогтарында осы мәселені шешудің бірыңғай шешіміне қол жеткізуге болады, ал бір диалог әртүрлі білім беру міндеттерін жүзеге асыруға қабілетті. Мектеп әлеуметтік институт, ал мұғалім қоғамның өкілі болғандықтан, «мұғалім-оқушы» формасындағы оқу диалогында оқушы өз білімін бағалау үшін ең ұтымды етіп ұсынуға, сонымен қатар мақұлдау түрінде әлеуметтік баға алуға ұмтылады. Диалогтың мазмұны айқын мазмұнмен, таңдалған тақырыптың біртұтастығын белгілі деңгейде, осы тақырып сарқылғанша сақтаумен сипатталады. Білім беру диалогтарының ерекшелігі жалпы диалогтың ерекшеліктерімен анықталады. Ауызекі сөйлеу кезінде диалог – бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі ғана, дегенмен оқу диалогы де өзіндік құрылымы, құрамы, динамикасы бар оқыту әдісі болып табылады.

Адамдар арасындағы диалог, ғалымдар арасындағы диалог, саяси диалог, іскери диалог, тіпті одан жоғары мәдениеттер диалогы тілдік лингвистикалық, мәдени, ғылыми, психологиялық-рефлексивтік, интеллектуалдық қабілеттерге байланысты болып келеді. Философиялық тұрғыдан жинақтай алғанда, диалог дегеніміз – жеке тұлғалардың өзара интеллектуалдық, әлеуметтік, коммуникативтік, рефлексивтік байланыс құруы. Осы айтылғандар негізінде оқу диалогына мынадай анықтама бердік: «Оқу диалогы дегеніміз – оқыту міндеттерін айқындау және оларды шешу кезінде топтық немесе жалпы сыныппен талқылау барысында нәтижелі ынтымақтастыққа айналатын «мұғалім-оқушы» және «оқушы-оқушы» түріндегі субъект-субъектілік өзара әрекеттесуі және олардың өзара интеллектуалдық, әлеуметтік, коммуникативтік, рефлексивтік байланыс құруы». Диалог екі адамның тіл табысуының бастауы ретінде, ізгілікті әдіс болып табылады. Диалогтың дұрыс құрылуы, диалогтың құрылымындағы элементтердің мағыналық жүгін тану диалогтың тілдік тұрғыдан танылуын білдіреді.

Ал диалогтың қандай стиль, қандай типтегі құрылым екенін, ол құрылымның грамматикалық ерекшелігі қандай екенін анықтау диалогтің коммуникативтік мағынасын тануға мүмкіндік береді. Ал диалогтық мәтіннің туындау ерекшеліктері оның тақырыппен, диалогтың

даму желісімен тығыз байланысты танылады. Әлеуметтік интеллект тұрғысынан алғанда, диалогтің адамдардың біріккен келісімді тілдік әрекетін көрсетеді. Осынысымен де диалог әлеумет мүшелерінің өзара тіл табысуын, белгілі бір мәселенің шешімін біріге іздеу арқылы дүниетаным картинасының тұтастығын табуға қызмет етеді. Тілдік тұлғалардың өзара сұхбат құруы арқылы жайлылық пен сенімділік орнатуы үшін қажеттілік бірліктерін және психологиялық амал-тәсілдерді орынды пайдалануға үйренуі керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жумабаева Ж.А. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2021. – 157 б.

2. Бабалар сөзі.Қазақ мақал–мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2011. – 440 б.

3.Нұрғалиев Р.Н., Ақмамбетов Ғ.Ғ. Философиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». 1996. – 525 бет.ISBN 5-89800-097-6.

4. Edward I. Thorndike. Intelligence and its uses // Harper's Magazine. – 19207 - №140. – 227–235 p.

5. Лурия А.Р. Речь и развитие психических процессов у ребёнка / в соавт. с Ф. Я. Юдович. - М., 1956. - 93 с.

6. Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. - 312 б.

7. 22 Gardner, Howard (1999), Intelligence Reframed: Multiple Intelligences for the 21st Century, Basic Books, ISBN 978-0-465-02611-1. Интернет ресурстан: https://www.multiplenatures.com/insight-posts/multiple-intelligences

ӘОЖ 373.2:159

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІ ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**СЕМБАЕВА БЕКЗАТ ПЕРНЕБЕКОВНА**

Төле би атындағы №8 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-шебер, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье разносторонне проанализированы методы и приемы обучения формирования коммуникативных навыков при обучении казахскому языку.

**Summary.** The article provides a comprehensive analysis of the methods and techniques for teaching the formation of communication skills in teaching the Kazakh language.

Қазақ тілін оқушыларға меңгерту басты мәселесі екендігі жалпы баршамызға белгілі. Қазақ тілін оқытудың мақсаттары – оқушыларды дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, мемлекеттік тілді әр түрлі жаңа технологиялар арқылы игерту. Мұғалімінің негізгі міндеті – қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен форма жағынан қызықты, тиімді өткізу.

Жас ұрпаққа сапалы білім беру, мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан қазақ тілін үйретудегі бастапқы мақсат – коммуникативтік бағытта оқыту деп санаймын. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді, оқушы үшін өз ойын жеткізуде қажетті құрал болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну.

Коммуникативтік оқыту: оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды.

Коммуникативтік оқытудың сөйлеу әрекетінің барлық төрт түрінде де қажеттілікпен қатысып тұрғаны дұрыс. Өйткені ол ауызша да, жазбаша да қарым-қатынас жасаушылардың бір-бірін тілдік қабылдауы мен түсінігін қамтамасыз етеді.

Тапсырмаларды берген соң оқушылардың білімін,іскерлігін, дағдысын тексеру және бақылау жолдарын қарастыру. Пәннің мазмұны, дидактикалық элементтерінің жүйесі құрамында сөйлеу, оны тыңдау, сөйлем құрастыру, аудару, оқу, жазу болу керек. Сабақта техникалық оқыту құралдары, дидактикалық материалдар, слайдтар, флипчарттар, суреттер және сабақтың әр түрлері, оқыту тәсілдері, сонымен қатар, оқушылардың өзіндік өзгешеліктерін ескеріп отыру. Тілдің қызметі, сөйлесу қағидасы – оқушыларды жаңа сөздерді, сөз тіркестерін, грамматикалық ережелерді дұрыс қолдануға үйрету. Технологияның элементтерін қолдана отырып, оқушы бойына тіл заңдылықтарын сіңіріп,қолдана білу, ауызекі сөйлеу, мәнерлеп оқу, логикалық ойлау қабілеттерін, сауатты жазу дағдысын тиімді меңгеруді талап етемін.

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі жауаптасу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады.

Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Тіпті нашар оқитын оқушылардың өзі компьютермен жұмыс істеуге қызығады, өйткені кейбір жағдайларда компьютер білмеген жерін көрсетіп, көмекке келеді. Компьютерлер мен интерактивті тақтаны оқушылардың тілдік құзіреттілігін, шығармашылық потенциалын дамыту құралы ретінде пайдалану интеллектуалдық, эстетикалық және ақпараттық сауаттылығын арттыруға көмектеседі, ал көрнекі құрал ретінде пайдалану оқу-танымдық үрдіс тиімділігін арттырады.

Қазақ тілі сабағында ақпараттық технология арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты игеруге мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияны қолдануда, әдетте шынайы өмірлік жағдайлар келтіріліп, бірігіп шешу мәселелері ұсынылады, рольдік ойындар пайдаланылады, білгірлігінің қалыптасуы барысында жеке белсенді позициясын қалыптастыруға жағдай тудырады, қарым-қатынас дағдыларын орнықтырады, сыни тұрғыдан ойлауға үйретеді. Демек, ақпаратты технологияны пайдалану оқу үрдісіне енгізу тіл үйретуде тиімді. Тыңдап-түсіну, көріп-байқау құралдарының ішінде сабақ берудің барлық сатысында қолдануға болатын түрі – аудио құралдар, радио мен теледидардың хабарлары, сұхбаттар жазылған үнтаспа т.б.

Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады. Мысалы, оқушылардың аудиомәтіннің жалпы мазмұнын түсінгендіктерін тексеру үшін мынадай жұмыстар жүргіземін:

1) мәтіннің мазмұнына байланысты сұрақ беремін, әр сұраққа екі жауап ұсынамын; 2) аудиомәтінді мазмұндатамын, мәтінге сай тапсырмалар орындатып, ойтолғау жаздырамын. Осы мүмкіндіктерді жүзеге асыруда ережелерді өз бетімен қорытуға арнайы тапсырмаларды интерактивті тақтада көрсетіп, тапсырманы өз беттерімен орындау арқылы нәтижеге қол жеткізу тиімді болатыны байқалды. Мысалы, тақтадан алма, жапырақ, өзен, тау, доп, т.б. суреттерді көрсетіп, «Бұл суреттен заттың атын білдіретін сөздерді және сынын білдіретін сөздерді тап» деген тапсырма беремін. Оқушы жауабы дайын сөзді емес, сындарлы жауап іздейтін болады. Қызыл алма – алма заттың атын, қызыл оның түсінің қызылдығын білдіріп, сынын білдіріп тұр» деген жауап аламын. Мәтіндерді толықтырып, ойын жетілдіруге көп нүктенің орнына сөздер жазып, салыстыру арқылы айырмасын табуға, сурет арқылы тануға, ерекшелігін ескеруге, сурет салуға, өз ойын жобалар арқылы дамытуға қол жеткізеді. Интерактивті тақтаны қазақ тілі сабақтарында көру, есте сақтау диктанттары, мазмұндама, шығарма жұмыстарының жоспарын құруда, сондай-ақ сөйлемдерді талдау жұмыстарында қолдану сабақтың тиімділігін арттырады. Ақпараттар түрлі жолмен беріледі: «Мектеп кітапханасы» аясын өткенде оқушыларға сабақтың мақсатына сай оқулықтағы материалдан басқа қосымша тапсырмалар, жаттығулар беруге болады.

Нақтырақ айтсам «Мектеп кітапханасы» деген тақырыпқа өткізген сабағымда АКТ- ны флипчарт арқылы пайдаландым:

I.Сабақтың тақырыбына шығу *(АКТ-ні қолдану уақыты – 3 минут)*. Жаңа сабақ тақырыбына шығу үшін сөзжұмбақты пайдаландым (жасырын сөздер сурет арқылы берілген);

II.Жаңа сөздермен танысу кезеңі *(АКТ-ны қолдану уақыты – 1 минут)* Балалар оқыған мәтіндерінен теріп жазған жаңа сөздерді салыстырып, танысты;

III.Интерактивтік тақтамен жұмыс: Тақтадағы сөздерді көптік жалғауларымен сәйкестендіріп жазды. Әр түрлі тапсырмаларды интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдалана отырып тиімді орындады *(АКТ-ны қолдану уақыты –5 минут)*;

IV.«Біздің кітапхана» суретін тамашалай отырып, алған әсерлері бойынша кітапхана тақырыбы бойынша өздерінің өй-пікірлерін айтып, сабақты қорытындылай алды.

Коммуникативтік құзыреттілікті оқыту тілдік әрекетінің барлық түрінде қалыптасады, яғни тыңдалымда, сөйлесімде, оқылымда, айтылымда, жазылымда. Өйткені, коммуникативтік құзыреттілік осы дағдылардың іске асуын қамтамасыз етеді. Мысалы: отбасы тақырыбын алайық, жаңа сөздерді меңгереміз, сөздердің дұрыс айтылуы мен жазылуына мән береміз. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырып, мәтінмен жұмыс жүргізіледі.

Коммуникативтік құзыреттілікті оқыту: оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу – ауызша өзара қатынас, жазбаша өзара қатынас біркелкі, бір уақытта дамиды. Ойымызды қорыта келсек, коммуникативтік оқыту арқылы оқушылардың танымдылық қабілеттері, танымдық үрдістері дамып, сөздік қоры молаяды, оқытуда жағымды әрекет қалыптасады. Бұның бәрі дамығаннан кейін оқушының қиялы мен ойлауы, есі мен қабылдауы, зейіні дамып қалыптасады. Танымдық қабілеттер, танымдық үрдістер әрбір технология барысында дамиды. Ал қажеттелікті қанағаттандыру әр түрлі әлеуметтік жағдайларда бағыт-бағдарды жоғалтпау, адамдардың эмоционалдық жағдайлары мен жеке тұлғаның ерекшеліктерін анықтау, олармен қарым-қатынастың теңбе-тең түрлерін таңдау, өзара іс-әрекет үрдісінде сол түрлерін іске асыру, зейіндерін қадағалау және айқындау, көпшілік алдындағы жағдайларда іс-қимылын білу, өзіне зейін аударту, психологиялық қатынас орнату, сөйлеу мәдениеті дамиды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақпараттық технологиялардың тиімділігі // «Қазақстан мектебі» журналы. – 2008. – №6.

2. Озық технологияларды қолданудың коммуникативтік компетенция қалыптастырудағы орны // Б.А Әрінова. «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде», 2008, № 1.

3. Ерназарова З.Ш. Саналы коммуникативті оқыту әдісі // «Қазақ тілі: әдістеме» 2007, № 4.

4. Г.С.Қасбаева Мемлекеттік тілді коммуникативтік бағытта оқыту жолдары «Қазақ тілі Қазақстан мектебінде» 2008, № 5.

5. Н.Т.Қазбекова Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану // «12 жылдық білім» – 2006. – №1.

ӘОЖ 373.2:159

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕГІ ОҚУ ДИАЛОГЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**ДАУЛЕТОВА ШЫНАР РЫСБАЕВНА**

Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается учебный диалог и его виды в процессе обучения казахскому языку.

**Summary.** The article comprehensively analyzes the pedagogical requirements for children's age during the period of literacy learning, based on scientific research by scientists.

Қазақ тіл білімі саласында және қазақ тілін оқыту әдістемесінде оқу диалогының табиғаты мен оны пайдалану арқылы оқушылардың ойлауын, тілін, интеллектісін, тұлғалық келбетін дамытуға арналған еңбектердегі пікірлер зерттеу жұмысымыз үшін құнды болып табылады. Қазақ тіл білімінде диалог мәселесін алғаш рет А.Байтұрсынұлы [1.] мен Қ.Жұбанов [2.] екендігі қазақ

тіліндегі ауызекі сөйлеу диалогының және көркем диалогтың лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ерекшеліктерін дербес және салыстыра қарастырған еңбектерде атап көрсетіледі.

Ахмет Байтұрсынұлы сөйлеу процесінде тілді пайдаланудың лингводидактикалық талаптары туралы: «Тіл қисыны дегеніміз асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым. Лебіз ғылымының мақсаты асыл сөздердің асыл болатын заңдарын білдіріп, түрлерін танытып, әдебиет жүзіндегі өнерпаздардың шығарған сөздерінің үлгі – өнегелерімен таныстырып, сөзден шеберлер не жасағандығын, не жасауға болатынын көрсету. Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсас. Үй салуға мәселен, түрлі зат керек. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп, түрліәңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, әсіресе қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, әсіресе сөздің тізілуінен. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы сөздіңтізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде, – деп, сөйлеудің санала және синтагматикада түзіліп дұрыс шығарылуын үй құрылысымен салыстыра ой көрнекілігін шебер қолдана отырып айтады. Осы айтқан ойларына қоса, А.Байтұрсынұлының мына пікірі де маңызды деп санаймыз: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Оның айтушы үшін сөйлейтін тілін жақсы қолдана білу тиіс. Яғни әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді тізе білуі тиіс. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Бәрінің де ой мақсаты бір. Бәрінікі де амандық білу, амандық сұрау, бірақ әркім әр түрлі сөз қолданып сұрайды. Сол сияқты әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздердің әрқайсысын әр түрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өзі оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөз сол адамның тілі болады».

А.Байтұрсынұлы сөйлеу процесінің индивидуалдығын көрсете отырып, ол индивидуалдықтың өзі де ұлттық тіл нормасынан, ой желісінен шығып кетпей, ұлттық тіл нормасына бағынатындығы туралы айтады: «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны деп айтылады» [1, 258 б]. Қ.Жұбановтың диалог туралы пікірлері өзіндік ерекшеліктерге толы. Оның біздің зерттеуімізге байланысты барлығы бірдей терең қарастырыла алмайтыны белгілі. Десек те, ғалымның «Сөйлеу – хабар беру, коллективтік көрініс. Бұған ең азы екі адам қатысуы керек. Ұжым болып қатынасудың, хабарласудың басқа да амалдары бар», – деген пікірі мен келесі: «Біз хабарласудың екі амалының хабарласу қасиетін алып басқа жақтарын қоя тұрдық; олар (біз атамағандар): көркемдік, таптық, әлеуметтік мақсаттар», – деген пікірлеріндегі тіл мен сөйлеудің әлеуметтік мәселесін қарастырғанын да көреміз [2, 215 б]. Бастауыш оқыту процесіндегі оқу диалогын және оның түрлерін қарастыруда қазақы сөйлеудегі ұлттық сөз сазы туралы, яғни сөзді дұрыс айту туралы ғылыми пікірлер де маңызды болмақ. Өйткені диалогке түскен оқушы сөзінің ұлттық сөз айту нормасына сай, ұлттық сөйлеу сазының заңдылықтарына сәйкес болуын саналы түрде білуі керек. Р.Сыздықованың айтуынша, сөз сазы – сөйлеу үстінде сөздердің талапқа сай айтылып, тыңдаушының дұрыс және айқын түсінуі үшін құлағына жағымды естілетіндей түрде сөйлеуі. «Сөздерді дұрыс айту дегеніміз – тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады» [3, 292 б]. Қазақ тілінің мәдениетін түрлі қырынан зерттеген ғалым Н.Уәлиевтің пікірінше: «Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормасына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір – бұдырсыз болып, жатық шығып жатады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауды сөз жатықтығы деп түсінуге болады. Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай, дұрыс жұмсалуы және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сөзімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет.

Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен қарым-қатынас жасаудың мақсатына сай келетін аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыңы. Мұндай шеберлік ең алдымен тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай, дұрыс қолданудан, сөз жатықтығынан басталады. Ондай қасиетке ие болғанда ғана барып сөйлеуші, жазушы сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі тәрізді т.б. сапалармен тыңдаушысын я оқушысын баурап алып отырады» [4, 75 б]. 70 «Диалог» сөзі гректің «dialogos» сөзінен пайда болған. Бұл сөйлесу, екі я одан да көп адамдардың өзара әңгімелесуі деген ұғымды білдіреді. Демек, диалог екі жақты қарым-қатынас, мұнда екі коммуникант та бір-бірін түсіну үшін жұмыс істейді. Екеуі де талқылап отырған мәселені түсінуге ұмтылады. Бұған қоса диалог – қажетті хабарды алуға арналған нақты іс әрекет. Бұдан диалогті пікір алысу, өзара

түсінісу, өзара қарым-қатынас құралы деп тұжырымдауға болады. Сонымен бірге диалогта жалпы адамдардың қарым қатынасына байланысты эстетикалық, әлеуметтік, моральдық талаптар да сақталады. Яғни, диалогта әдептілік сақтау, басқаға дұрыс әсер ету, оны іске шақыру, бейімдеу тағы басқа қасиеттерді көрсету көзделеді. Тұжырымдай айтқанда: диалог адамды, қоғамды, табиғатты кейіпкерлер тағдырынан сыр қозғау арқылы танытудың құралы диалог адамдар арасындағы байланыстың деңгейін анықтайды, адамгершілік парасатты сездіреді, ізгілікке тәрбиелеу құралы.

Ал жалпы тіл білімінде диалогты зерттеген ғалымдардың диалог туралы пікірлерін талдау барысы да зерттеу жұмысымыз үшін лингвистикалық негіз болады. Ғалымдардың еңбектерін талдау барысында диалогты құрастырушы компоненттер орналасу қызметіне қарай, сөзді бастайтын, сөзді байланыстырушы, айтылған сөзді мақұлдаушы, сөз сөйлеу процесінде түрлі сезім, эмоцияларды білдіруші, айтылған ой-пікірді бағалаушы, тыңдаған сөзді нақтылаушы, айтылған ойды қолдаушы деген түрлерге бөлінетіні анықталды. Қазақ тіл біліміндегі диалогтың тілдік-лингвистикалық зерттелу деңгейі оның әдістемелік жүйе жасауға негіз бола алатындығын көрсетеді. Бүгінгі таңда диалог оқытудың ең танымал және тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Топтық талқылау, сұхбаттасу, проблемалық оқыту, жұптық форма және т.с.с. – мұның бәрі белгілі бір деңгейде қарым-қатынастың диалогтық формасымен байланысты. Қарым-қатынастың ерекше формасы – оқыту диалогы – сөйлеу түрінде жүзеге асырылуы мүмкін және адамдар арасында ақпарат алмасуда орын алатын, олардың қарым-қатынастары реттелетін білім беру жағдайындағы адамдардың өзара әрекеті. Диалогқа қатысушылардың мақсаттары, олардың өзара әрекеттесуінің шамрттары мен жағдайлары білім беру диалогының ерекшеліктерін анықтайды. Е.А.Зайцева өзінің зерттеу еңбегінде: «Оқыту диалогтарына қатысушылардың әрқайсысының бірегейлігі; олардың теңдігі; олардың пікірлерінің ерекшелігі мен айырмашылығы; әр оқушының ақпаратты түсінуге және оны белсенді түсіндіруге бағдар беруі; диалогқа қатысушылардың бірін-бірі толықтыруы және т.б. көрініс табады. Диалог барысындағы өзара әрекеттесу оқушыларды да, мұғалімдерді де жаңа әсерлермен, құндылықтармен, идеялармен байыта отырып, білім беру «кездесуі» деп аталады», – деп көрсетеді [5].

Оқу диалогы – көптеген ғылым тұрғысынан қарастырылатын ұғым, бұл туралы жоғарыда айтылды. Оқу диалогы жалпы диалогтың бір тармағы болғандықтан, оған, негізінен, тілдік-лингвистикалық ерекшеліктер, коммуникативтік талаптар тән болатыны белгілі. Оқу диалогын қалыптастырудың теориялық-әдістемелік қырларын зерттеген еңбектерде оқу процесінің өзін оқу диалогы моделіне ауыстыра отырып жүргізуді ұсынған ойлар да кездеседі. Оқу диалогы қазақ тілі сабағында арнайы ұйымдастырылып, оқушы ол диалогте басым орынға ие болады.

Қазақ тіл білімі мен қазақ тілін оқыту әдістемесінде үлкен із қалдырған ғалым Тележан Шонанұлының «Қазақ тілі» оқулықтарындағы диалогтардың ерекшеліктерін талдауда келесі тақырыптағы оқу диалогтар қолданылғаны анықталды: – танысу; – сабақ үстіндегі оқушылармен мұғалімнің диалогы; – дәрігер мен науқастың диалогы; – асханадағы диалог; – жиналыстағы сұхбаттасу; – сұрақ-жауап [6.]. О.В. Гасова оқушыларға оқу диалогын құрауды үйретудің теориялық және әдістемелік негіздерін қарастыра келе, диалогты жағдаят, процесс, жүйе ретінде түзілетінін атап көрсетеді [7, 144 б]. Ғалымның айтуынша, оқу диалогының барлық түрі де, алдымен, ең кішкентай процесс түрінде – диалогтық жағдаят түрінде басталады.

Осы айтылғандармен бірге мұғалім қазақ тілі сабақтарының тақырыптарына байланысты оқу материалдарын оқушылардың әлеуметтік интеллектісі дамуына тірек болатын мәселелерге қарай өңдеп, бейімдейді. Сөйтіп, дайын оқу материалының өзінен оқушының әлеуметтік интеллектісі дамуына сеп болатын «зерделік дән» табуға мүмкіндік алады. Мұғалім бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту мәселесі бойынша өз ұсынатын диалогтердің тақырыбын жүйелеп, оқушыларға түрлі жағдаятты процесс ретінде, ойын ретінде орындайтын тапсырмалардың басқышын қалайды.

Мұғалім қазақ тілін оқытуда оқушылардың шығармашылық, креативтік қабілеттерін әлеуметтік интеллектісін дамытуда ұтымды пайдалана білуі керек. Сондықтан да мұғалімнің өз оқушыларын педагогикалық психологиялық тұрғыдан жақсы білуі оларға импровизация жасату арқылы «күрделі» мәселелерді аяқ астынан шешімін табатындай орындауға баулуына жақсы тірек болады. Бұл айтылғандардың барлығы, түптеп келгенде, оқу диалогының түрлерін молайтатын жұмыстар болып саналады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоянбаев Р.М, Ыбраймжанов Қ.Т. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы. –Түркістан, 2005.

2.Құнанбаев А. Қара сөздері. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2020. – 224 б.
3.Байтұрсынов А. Тіл – Құрал. Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
4.Жұбанов Қ. Сөз өзгешелігі мен сөз қызметі. Кітапта: Қазақ тілі жөніндегі зерттеулері. – Алматы: Ғылым, 2010.- 365 б.
5. Гальтон Ф. Психология: Биографический библиографический словарь / Под ред. Н. Шихи, Э. Дж. Чепмана, У. А. Конроя. – СПб.: Евразия, 1999.
6.Сыздықова Р. Тілдік норма және оның кодификациясы. – Алматы: Ел Шежіре, 2014. – 292 б.
7.Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп,1984. – 75 б.

ӘОЖ 004.8:372.461(574)

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

**ҚАЛДЫБАЕВА АЛБИНА ҚАЙРАТҚЫЗЫ**
Жамбыл атындағы №5 мектеп-гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
albinakaldybaeva2001@gmail.com

**Резюме.** Казахский язык – это душа народа, его духовное богатство. Формирование языковой культуры учащегося – важный фактор, который не только расширяет его мышление и кругозор, но и способствует личностному развитию. Освоение языковых норм, формирование умений выражать свои мысли последовательно и грамотно – одни из главных задач предмета «Казахский язык». В рамках темы «Развитие устных речевых навыков учащихся на уроках казахского языка с помощью искусственного интеллекта» данная педагогическая идея направлена на обогащение словарного запаса учащихся, обучение грамотной речи и умению чётко формулировать свои мысли.

**Summary.** The Kazakh language is the soul of the nation and its spiritual treasure. Developing the linguistic culture of students is an important factor that not only broadens their thinking and worldview, but also contributes to their personal growth. Mastering language norms and forming the ability to express one’s thoughts coherently and correctly are among the main objectives of the “Kazakh Language” subject. Within the framework of the topic “Developing Students’ Oral Communication Skills in Kazakh Language Lessons through Artificial Intelligence,” this pedagogical idea aims to enrich students’ vocabulary, teach them to speak correctly, and help them express their thoughts clearly.

Тіл–ұлттың айнасы, мәдениеті мен рухани болмысының көрінісі. Тіл арқылы адам өз ойын, сезімін, көзқарасын білдіреді, білім мен тәлім-тәрбиені келесі ұрпаққа аманаттайды. Ал тіл мәдениеті–сөзді орынды, әсерлі, мағыналы қолданудың өлшемі. Ол–тек әдеби нормаларды сақтау ғана емес, сонымен қатар тілдік қарым-қатынастың сапасын арттыру, сөйлеу шеберлігін жетілдіру, ойды көркем әрі сауатты жеткізу қабілеті.

Қазіргі қоғамда шешендік өнер мен дұрыс сөйлеу дағдысы табысты тұлға болудың басты шарттарының біріне айналды. Тіл байлығы мол, ойын жүйелі жеткізе алатын адам–әрдайым құрметке ие, кез келген ортада өзін еркін сезінеді. Сондықтан мектеп қабырғасында оқушының дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру–оның болашақ өміріне берік негіз қалау деген сөз.

Осы педагогикалық оқу барысында «Тіл мәдениеті және дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру» тақырыбы кеңінен талқыланып, оның маңыздылығы, қалыптастыру жолдары мен тиімді әдістері қарастырылады. Тіл–адамның тұлғалық келбетін айқындайтын басты көрсеткіш. Олай болса, әрбір оқушының сауатты сөйлеуін, тілдік қорын байытуын қамтамасыз ету – әрбір педагогтың басты міндеті.

Жасанды интеллект–қазақ тілі сабақтарын жандандырып, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға зор мүмкіндік беретін заманауи құрал. Мұғалім үшін оны тек көмекші ресурс емес, оқушыларды қызықтыратын шығармашылық алаң ретінде пайдалануға болады [1,27 бет.].

***Сұхбаттық тренинг:*** ChatGPT немесе арнайы ЖИ-чатботтар арқылы оқушылар күнделікті өмірлік жағдаяттарға байланысты сұрақ-жауап жүргізеді. Мысалы, «дүкенге бару», «қонақ күту», «саяхатқа шығу» тақырыптарында әңгіме құру.

Қате табу ойыны: ЖИ әдейі қате құрастырылған сөйлемдер береді, оқушылар оны түзетіп, дұрыс нұсқасын айтып шығады.

Шығармашылық әңгіме жалғастыру: ЖИ оқушыға әңгіменің басын береді, ал оқушы ойын жалғастырып, еркін сөйлеуге машықтанады.

*Жылдам жауап жаттығуы:* ЖИ жылдам сұрақтар қойып, оқушылар қысқа әрі нақты жауап беруге дағдыланады.

Бұл жаттығулардың барлығы оқушыны еркін сөйлетуге, тілдік белсенділігін арттыруға, ойды жүйелі жеткізуге бағытталады. Мұғалім үшін басты артықшылығы–әр сабақтың мазмұнын даралап, оқушының деңгейіне сай тапсырма құрастыруға болады.

***Оқушылардың сөздік қорын кеңейту үшін интерактивті тапсырмалар дайындау.***

Қазақ тілін меңгертуде оқушының сөздік қоры – оның тілдік дамуының негізгі көрсеткіші. Сөздік қоры бай оқушы өз ойын анық, дәл әрі көркем жеткізе алады. Осы тұрғыда интерактивті тапсырмалар дайындау – оқушыны тілдік ортаға тартудың ең тиімді жолдарының бірі [2,125 бет.].

Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мұғалім оқушыларға тек дәстүрлі жаттығуларды ғана емес, қызығушылық тудыратын, шығармашылыққа жетелейтін тапсырмалар бере алады. Мысалы:

- «Сөзді толықтыр» ойыны: ЖИ оқушыларға сөйлемнің басын ұсынады, ал оқушылар тиісті сөздерді тауып, ойды жалғастырады. Бұл әдіс оқушыны ойлануға, жаңа сөздерді орынды қолдануға жетелейді.
- Синоним-антноним карталары: ЖИ арқылы жасалған интерактивті кестелерді пайдаланып, оқушылар сөздердің мағынасын салыстырады, жаңа сөздерді есте сақтайды.
- «Суретке сөз таңда» жаттығуы: ЖИ ұсынған суреттерге оқушылар сипаттама беріп, бейнеленген құбылысты түрлі сөзбен жеткізеді. Бұл әдіс сөздік қорды кеңейтуге ғана емес, байланыстырып сөйлеуге де үйретеді.
- Қысқаша әңгіме құрастыру: ЖИ бірнеше жаңа сөзді ұсынады, оқушы сол сөздерді қолданып шағын мәтін немесе диалог құрастырады.

Осындай тапсырмалар арқылы оқушылардың тілдік белсенділігі артады, есте сақтау қабілеті дамиды, сөйлем құрау машығы жетіледі. Ең бастысы – оқушы тілдің байлығын сезініп, жаңа сөздерді өмірлік жағдаяттарда қолдануға талпынады [3, 5 бет.].

***Жасанды интеллект арқылы шешендік өнер элементтерін меңгерту және сөйлеу мәдениетін дамыту.***

Шешендік өнер – ойды дәл, әсерлі әрі ықпалды жеткізе білу қабілеті. Ол – тек тілдік шеберлік емес, тұлғаның дүниетанымы мен рухани байлығының айғағы. Бүгінгі білім беру жүйесінде шешендік өнерді меңгерту, сөйлеу мәдениетін дамыту технологиялық мүмкіндіктермен ұштасып, жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асуда. Мен өз тәжірибемде жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын осы мақсатта тиімді пайдаланып келемін.

***Шешендік өнерді меңгертуде ЖИ-дің рөлі.***

Классикалық шешендік өнер негіздері ежелгі дәуірден бері қалыптасқанымен, оны игеру жолдары заман ағымына сай жетілдірілуде. Жасанды интеллект қазіргі оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделіп, олардың сөйлеу дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

***Сөйлеу құрылымын қалыптастыру.***

Оқушыларға шешендік сөздердің негізгі құрылымын үйрету үшін ЖИ-дің мәтіндік өңдеу құралдарын пайдаланамын. Мысалы, оқушы белгілі бір тақырыпқа сөйлеу мәтінін жазғанда, ЖИ оған құрылымдық нұсқаулық береді: кіріспе, негізгі бөлім, дәлелдер келтіру, қорытынды. Бұл оқушылардың ойын жүйелі түрде жеткізуіне көмектеседі.

***Сөздік қорды байыту.***

Шешеннің басты қаруы – сөз. Сондықтан оқушылардың тіл байлығын арттыру үшін ЖИ негізіндегі сөздік платформаларды қолданамын. Vocab.ai, Quizlet сияқты бағдарламалар арқылы оқушылар жаңа сөздерді меңгеріп, олардың мағынасын терең түсіне алады. Сондай-ақ, ЖИ оқушының сөйлеу стиліне сәйкес келетін синонимдерді, тұрақты тіркестерді, афоризмдерді ұсыну арқылы олардың сөз саптау дағдыларын жетілдіреді.

***Шешендік өнер үлгілерін талдау.***

Классикалық шешендік сөздерді меңгерту мақсатында ЖИ құралдары арқылы ұлы шешендердің еңбектерін интерактивті түрде талдатамын. Мысалы, *Қазыбек би, Төле би, Әйтеке*

*би* сынды қазақтың даңқты билерінің шешендік сөздерін ЖИ көмегімен лексикалық, синтаксистік тұрғыда сараптап, олардың стильдік ерекшеліктерін анықтаймыз. Бұл әдіс оқушыларға шешендік өнердің құрылымын ғана емес, оның эмоционалдық-экспрессивтік табиғатын да түсінуге көмектеседі [4, 37 бет].

**ЖИ көмегімен сөйлеу мәдениетін дамыту.**

Сөйлеу мәдениеті–адамның ішкі мәдениетінің айнасы. ЖИ құралдарын қолдану арқылы оқушылардың өз ойын сауатты, орынды әрі әсерлі жеткізуіне жағдай жасаймын.

***Сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру.***

ЖИ негізіндегі Grammarly, DeepL, TextRazor сияқты құралдар оқушылардың мәтіндеріндегі грамматикалық және стилистикалық қателерді анықтап, оларды түзету жолдарын ұсынады. Бұл оқушылардың жазба мәдениетін жетілдіріп қана қоймай, олардың ауызша сөйлеу дағдыларына да оң әсер етеді.

**Интерактивті сценарийлер құру.**

Сөйлеу мәдениетін дамытуда ЖИ-дің диалогтық модельдерін пайдалану ерекше тиімді. ChatGPT немесе Google Bard сияқты модельдер оқушыларға түрлі жағдайға байланысты дайындалған диалогтар ұсынып, оларға сәйкес жауап беруге машықтандырады. Бұл оқушылардың шешендік дағдыларын дамытуға, өз пікірін дәл және сенімді жеткізуге ықпал етеді.

Жасанды интеллект – бүгінгі білім беру саласында шешендік өнерді меңгерту мен сөйлеу мәдениетін жетілдірудегі таптырмас көмекші құрал. Оның көмегімен оқушылар жүйелі ойлау, сөз саптау, сөйлеу мәнері мен логикасын дамыту мүмкіндігіне ие болады. Дегенмен, ЖИ – тек көмекші құрал. Нағыз шешендік шеберлік – адамның өз ізденісі мен тәжірибесі арқылы ғана қалыптасатын қасиет. Сондықтан ЖИ-ді тиімді пайдалану арқылы оқушылардың тілдік қабілетін дамытып қана қоймай, олардың шығармашылық ойлауын, сыни көзқарасын, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға ерекше мән беремін.

Сөйлеу – тек ақпарат алмасу ғана емес, ол – өнер. Ал сол өнерді меңгеруде технология мен дәстүр сабақтастығын тиімді пайдалану – менің педагогикалық тәжірибемнің басты қағидаларының бірі.

**Жасанды интеллект көмегімен шығармашылық қабілетті дамыту.**

Бүгінгі таңда жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру үдерісіне терең еніп, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарып келеді. Әсіресе, көркем жазу мен шешендік өнерді жетілдіруде ЖИ құралдарының көмегі ұшан-теңіз. Өз тәжірибемде мен ЖИ-ді оқушылардың тіл байлығын арттыру, шығармашылық ойлауын дамыту және олардың әдеби талғамын қалыптастыру мақсатында қолданамын.

- *ЖИ арқылы эссе және әңгіме жазу.*

Оқушылардың ойларын жүйелі жеткізіп, мәтінді құрылымдауы үшін ЖИ негізіндегі құралдарды пайдаланамын. ЖИ көмегімен олар белгілі бір тақырып аясында идеяларын жинақтап, мәтіннің логикалық құрылымын жасауға машықтанады.

*Ойды жинақтау және мазмұндық жоспар құру*–ЖИ оқушының идеясын дамытып, оны логикалық ретке келтіруге көмектеседі. Бұл әсіресе күрделі тақырыптарда ой қорытуда пайдалы.

*Шығарманы кеңейту және стилистикалық өңдеу*–оқушылар өз жазбаларын ЖИ-дің көмегімен толықтырып, көркемдік тәсілдермен байытады. Олар мәтіннің мазмұнын тереңдетіп, кейіпкерлердің мінезін ашу, диалогтарды дамыту, баяндау стилін жетілдіру сияқты қадамдарды үйренеді.

*Шығармашылық шектеулерді жеңу*–кейде оқушылар жаңа идея ойлап табуда қиындыққа тап болады. Мұндай кезде ЖИ тақырыпқа байланысты түрлі ұсыныстар беріп, олардың қиялын оятады.

Мен сабақ барысында оқушыларға эссе немесе шағын әңгіме жазу кезінде ЖИ-ді көмекші құрал ретінде пайдалануды үйретемін. Оқушылар өз ойларын қалыптастырып, ЖИ-ден балама идеяларды сұрау арқылы жазба жұмыстарын жетілдіре алады.

*Көптілді мәтіндерді салыстыру*–оқушылар ЖИ көмегімен белгілі бір шығарманың бірнеше аударма нұсқасын жасайды да, олардың стильдік, семантикалық ерекшеліктерін талдайды.

*Қазақ әдебиетінің аудармаларын зерттеу*- мысалы, Абайдың немесе Мұхтар Әуезовтің шығармаларын ағылшын, орыс тілдеріне аударып, түпнұсқа мен аударма арасындағы айырмашылықтарды талдаймыз. Бұл оқушыларға көркемдік ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [5, 97 бет.].

*Аудармада ұлттық ерекшеліктерді сақтау* – ЖИ көмегімен аударманың мазмұнын ғана емес, оның стильдік ерекшелігін сақтау әдістерін зерттейміз.

Сабақ барысында оқушылар өздерінің аударма нұсқаларын жасап, ЖИ ұсынған балама аудармалармен салыстырады. Осылайша, олар мәтіннің мағынасын тереңірек түсініп, көркем аударма өнеріне бойлайды.

- *ЖИ көмегімен поэзия мен шешендік өнерді зерттеу.*

Поэзия мен шешендік өнер–оқушының сөз саптау мәдениетін қалыптастырып, тілдік шеберлігін шыңдайтын ерекше бағыттар. ЖИ бұл салада да оқушыларға шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі.

*Өлең құрастыру*–оқушылар белгілі бір тақырыпқа арнап өлең жазып, оны ЖИ көмегімен өңдейді. ЖИ оларды ұйқас, ырғақ, көркемдік тәсілдерді қолдану бойынша бағыттай алады.

*Қазақ шешендік өнерін зерттеу* – оқушылар Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би секілді тарихи тұлғалардың шешендік сөздерін талдап, олардың құрылымдық ерекшеліктерін ЖИ көмегімен зерттейді.

*Тақырыптық шығармашылық жұмыс*–мысалы, оқушыларға «Қазақтың ұлттық болмысы» тақырыбында ЖИ-мен бірлесе отырып шешендік мәтін жазуды ұсынамын. ЖИ идеяларды құрылымдап, мазмұнды толықтыруға көмектеседі.

Сабақ барысында оқушылар ЖИ-ді пайдалана отырып, белгілі бір поэтикалық стильде өлең жазып, шешендік сөздердің құрылымын талдайды. Бұл әдіс олардың шығармашылық қабілетін дамытып, сөз қолданысын байытады.

Жасанды интеллект оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашып, олардың әдеби талғамын дамытуға көмектесетін құнды құралға айналды. Дегенмен, ЖИ оқушының орнын баса алмайды, керісінше, оның шығармашылық ізденісін қолдап, жаңа мүмкіндіктер ұсынуы қажет. Өз тәжірибемде мен ЖИ-ді оқушылардың тіл байлығын арттыру, көркем жазу және шешендік өнерді жетілдіру құралы ретінде пайдаланамын. Бұл әдіс оларды тек шығармашылыққа ғана емес, сыни ойлауға, өз еңбегіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді.

Осылайша, ЖИ-мен жұмыс жасау оқушыларды жаңа заман талабына сай бейімдеп, олардың өзіндік шығармашылық ізденісін жандандыруға септігін тигізеді.

***4. Практикалық нәтижелер***

- Менің тәжірибемде ЖИ технологияларын қолдану арқылы оқушылардың:
- Сөздік қорының 30-40%-ға кеңейгені байқалды;
- Ойды жүйелі түрде жеткізу қабілеті артты;
- Шешендік дағдылары мен сөйлеу мәнері жақсарды;
- Өз бетінше оқу және талдау қабілеттері дамыды.

Жасанды интеллект – тіл мәдениетін дамыту мен дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда таптырмас көмекші құрал. Ол оқушыларға жеке бағытталған тілдік қолдау көрсетіп, олардың сөйлеу мәнерін жетілдіруге, сөздік қорын кеңейтуге және ойлау қабілетін дамытып, ойын жүйелі түрде жеткізуіне мүмкіндік береді. Сондықтан ЖИ технологияларын білім беру саласына белсенді енгізу – заман талабы.

Оқушылардың тіл мәдениетін жетілдіруде мұғалімнің рөлі ерекше. Ол тілдік орта қалыптастырып, оқушыларды шешендікке баулып, олардың өзіндік пікірін еркін әрі мәдениетті түрде жеткізуіне жағдай жасауы тиіс. Әдеби шығармаларды талдау, пікірталастар ұйымдастыру, ЖИ құралдарын орынды қолдану арқылы мұғалім оқушының сөз саптау мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, тіл мәдениеті–жеке тұлғаның рухани байлығының көрсеткіші. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру арқылы оқушылардың ойлау жүйесі дамып, олардың әлеуметтік белсенділігі артады. Бұл–қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Сейілхан Н.С. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.

2. Қосымова, Г.Б. Сәтбекова, Ж. Қазақ тілінің практикалық стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 2003.

3.Жұмабаева А. Қазақ тілін оқытудың жаңа әдістері: инновациялар мен перспективалар. – Нұр-Сұлтан: «Ғылым» баспасы 2021.

4. Сейітбекова А.Ж. Жасанды интеллект және білім беру: цифрлық дәуірдегі оқыту әдістері. – Шымкент: «Оқулық» баспасы.

5.Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ.Қазақ тілі сабағында инновациялық әдістерді қолдану. – Астана. 2022

ӘОЖ 81.376.33

# КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБАЛАРЫНДАҒЫ КӨМЕКШІ ЕТІСТІКТЕР МЕН ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

**СУХАНБАЕВА САНДУҒАШ АБДРАШОВНА**
№1 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются функции вспомогательных глаголов в древнетюркских письменных памятниках, их семантические особенности и место в грамматической системе. Анализируется употребление основных вспомогательных глаголов древнетюркского языка, таких как er-, bol-, tur-, kel-, bar-, а также прослеживаются их формальные изменения и функциональное развитие в современном казахском языке. Путём сопоставления материалов двух языковых эпох определяется процесс грамматикализации вспомогательных глаголов, их роль в выражении аспектуальных и модальных значений, а также в формировании аналитических глагольных конструкций. Результаты исследования показывают, что большинство вспомогательных глаголов древнетюркского периода сохранились в современном казахском языке и обладают естественной преемственностью как в семантическом, так и в функциональном отношении. Работа способствует более глубокому пониманию исторического развития казахского языка, выявлению преемственности в системе глагола и изучению эволюции грамматических категорий в тюркологии.

**Summary.** This article examines the functions of auxiliary verbs in Old Turkic written monuments, their semantic features, and their place within the grammatical system. The use of the main auxiliary verbs of the Old Turkic language, such as *er-*, *bol-*, *tur-*, *kel-*, and *bar-*, is analyzed, and their formal changes and functional development in the modern Kazakh language are traced. By comparing materials from the two linguistic periods, the study identifies the process of grammaticalization of auxiliary verbs, their role in expressing aspectual and modal meanings, as well as their contribution to the formation of analytical verbal constructions. The research results show that most of the auxiliary verbs found in the Old Turkic period have been preserved in the modern Kazakh language and demonstrate natural continuity both in semantic and functional aspects. This work contributes to a deeper understanding of the historical development of the Kazakh language, the identification of continuity within the verbal system, and the study of the evolution of grammatical categories in Turkic studies.

Көне түркі дәуіріне қарағанда, орта ғасырдағы көмекші етістіктер құрамы біршама дамыған. Бұл кезеңде жазба мұралар тілі экстралингвистикалық, интралингвистикалық және қоғамдық даму құбылыстарының әсерінен кейде оғыз, кейде қыпшақ, кейде қарлұқ элементтері болып ерекшеленеді. Осылардың ішінде, әсіресе, қыпшақ элементтерінің басымырақ келетінін тарихи жазба деректер айғақтайды. Алайда, олар әртүрлі диалектілік нышандарда көрінгенмен, «бір тұтас түркі тілі» деген концепцияға саяды. Біздіңше, бұл – тұтас бір тілдің әртүрлі көріністері ғана. Қалай дегенмен де, көне түркі, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріндегі сөздер бір-бірімен сабақтасып, астасып жатады.

Бүгінде көне түркі тіліндегі көмекші етістіктердің орта ғасыр дәуірінде толық қолданылуы, өзара өзіндік ұқсас-ерекшеліктеріне байланысты жазба мұралардың топтастырылуы, Батыс және Шығыс ғұн тілдеріне ортақ белгілер бойынша сарапталып, көне мен жаңа формалардың сабақтастығы анықталынды. Олардың сөздік құрамы, жалғанған қосымшалары, тіркесті сыңарлары (көбінесе қай сөз табынан болатындығы) мен аналитикалық форманттары да белгілі болып отыр. Сонымен қатар әр дәуірде көмекші сөздердің сөздік құрамы мен тіркесті түрлері біресе кеміп, біресе ұлғайып отырылады. Зерттеу материалдары негізінде бір тілдегі көмекші сөздердің екінші бір тілде қолданылмауы немесе бірнеше түркі тілдерінде қолданылып, енді бірінде қолданылмауы сияқты ерекшеліктер кездеседі. Осыған орай қазақ тілімен қай дәуірде болмасын мағынасы мен тұлғасы жағынан сәйкес келетін және мағынасы сәйкес келгенімен тұлғасы жағынан фонетикалық өзгеріске ұшыраған және мағынасы да, тұлғасы да өзгеріске түскен көмекші етістіктер статистикасы жасалынды. Сол сияқты көне және орта ғасыр тілдерінде қолданылған, бірақ қазақ тілінде мүлде кездеспейтіндері де назардан тыс қалған жоқ.

Түркітануда орта түркі дәуірі болып саналатын X-XV ғасырларда түркі халқының жазба әдеби мұралары негізінен көне ұйғыр, араб жазуларымен жазылғаны белгілі. XI ғасырдан бастап

араб жазуының Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан аймақтарында кеңінен таралып өріс алғанына және оның руникалық көне түркі әліпбиін ығыстырғанына тарих куә. Бұл жағынан көмекші сөздер құрамы да тыс қалмаған. Жалпы XI-XII ғасырларда араб жазуы көне ұйғыр жазуымен қатар жүрген және көне ұйғыр жазуы Орта Азия мен Хорезмде XYI ғасырдың аяғына дейін қолданылса, сары ұйғырлар оны, тіпті XIX ғасырдың бас кездеріне дейін пайдаланғаны жайлы дерек те бар [1, 123 б.]. Ал көне түркі тілінде араб-парсы тіліне қатысты көмекші сөздер жоқ. Сондықтан бұл көне тілдің орта ғасырдың басты айырмашылықтарының бірі болып саналады. Жалпы орта түркі дәуірінде түркі тектес халықтар жеке-жеке одақ болып бөлініп, ортақ тілден енді өз алдына дербес тілдер болып қалыптаса бастағаны мәлім. Осыған орай ғылымда түркі тілдерін әртүрлі топтарға бөліп қарастыру орын алған.

Мәселен, М.Сабыр орта түркі дәуіріндегі түркі халықтары тілінің даму ерекшелігін ескеріп, қарахандықтар дәуірі (X-XII ғ.) және монғолдар дәуірі (XIII-XV ғғ.) деп екіге бөледі. Сонымен бірге Н.А.Баскаковтың X-XV ғасырлардағы ескерткіштердің жазылу ортасы мен тілдік ерекшелігіне байланысты (Қарахандықтар, Алтын Орда, Орта Азияда жазылған ескерткіштер және Мәмлүк қыпшақтарының ескерткіштері) төрт топқа бөлу себебін де түсіндіреді [2, 337б.]. Шындығына, осы кезеңдегі түркі тіліне экстралингвистикалық, экономикалық, дін, территория, сауда-саттық, ішкі-сыртқы саяси іс-әрекеттер т.б. ықпал еткендіктен, «көне, ескі және орта түркі жазба ескерткіштерінің тілі аралас тіл болды» және қыпшақ тіліне қатысты Э.Н. Наджип (1970), Қ. Мұсаев (1984), М.Томанов (1971), Ә.Құрышжанов (1972), М.Аджи (2000), Б.Кенжебаев (2004), С.Акинжанов (1989), С.Агаджанов (1980), С.Кляшторный (1986) т.б. еңбектерінде көңілге қонымды пікірлер беріледі. Сонымен орта ғасыр жазба ескерткіштерінің тілі «аралас тіл» және қай ғасырда болмасын (көне, ескі, орта) жазылған жазба ескерткіштерде қазақ тілінің элементтері басым болып, сабақтасып, араласып, ортақтасып жататындығына тарихи деректер айғақ бола алады. Мысалы, Т.Қордабаев пен М.Томанов бірлесіп жазған еңбекте XIY ғасырдағы қыпшақ ескерткіштері тіліндегі «болмақ, қылмақ, етмек, үзмек, ұзатмақ, келмек, елтпек, тұтпақ, атмақ, бағламақ, таймақ, түшмек, тикмек, салмақ етістіктері де көмекші қызметте жиі ұшырасады» делінген [3, 143 б.].

Р.Сыздықованың Яссауи Хикметтерінің мәтінінде аналитикалық форманттағы тіркестерге қарағанда, «есім мен етістіктен жасалған құранды қимыл атаулары өте актив қолданылған» дегені – құптарлық негіздеме. Сонымен бірге «қыл, бол, ет, айлә, е/ер» көмекші етістіктерді бір топқа, «сал, көр, тұт, қой, йұр, құр» көмекші етістіктерді екінші топқа жатқызып, толымды көмекшілердің ішінде «ұр, құр, де, сал, хат, сұн» етістіктері (құлақ сал, сөз қат, мойын сұн, көңіл қой) тұрақты тіркестер жасайтығын және есім компоненттері араб-парсы сөздері болып параллельдер түзейтінін де тап басып айтады. Мысалы: Рахм әйлә – рахм ет – рақым қыл; қабул ет – қабул қыл – қабыл бол т.б. [4, 145-149 бб.].

М.Оразов орта түркі дәуіріндегі көмекші етістіктердің тіркесті сыңарлары біршама тұрақталып, белгілі бір формаларда қолданылатын дәрежеге жеткендігін сөз етеді. Яғни, көмекші етістіктердің ішінде турур (дурур, дур, тур, дир, тир), бол, эмас (эрмас, эрді), етти сияқты санаулылары ғана есім сөздерге де, кез келген формалы етістіктерге де тіркесе берсе, қалғандары есімше, көсемше формалы етістіктерге, аз мөлшері рай қосымшаларына тіркесетіндігін мысалдармен дәйектейді [5, 91б.]. Сонымен ары қарай басқа да ерекшеліктерін талдап көрсетпес бұрын, ең бірінші жүйелі түрде көмекші етістіктердің әрбір ескерткіштеріндегі қолданысына байланысты құрамын, тіркесімді түрлерін анықтап алған дұрыс. Мәселен, «Қорқыт ата кітабы» VII-IX ғасырларда ауызша таралғанмен XIV-XVI ғасырларда проза түрінде хатқа түскен. Аудармасы Анкара басылымы бойынша жасалған. Б.Сағындықұлының пайымдауынша: «XI-XYI ғасырлар аралығында халық арасында тараған жазба әдебиеттің кез-келген үлгісін Көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз»,– дейді [6, 4 б.]. Қалай дегенмен де, орта түркі тілдерінің жазба ескерткіштері көне түркі тілінің заңды жалғасы және қазіргі түркі тілдерінің тарихи дереккөздері болып саналады. Ал ортағасырлық зерттеу жұмысымыздың негізгі материалдары – Қорқыт ата кітабы, Оғызнама, Құтты білік, Ақиқат сыйы, Рабғузи қиссалары, Хұсрау-Шырын, Махаббатнама, Шипагерлік баян т.б. тәрізді жазба әдеби мұралары.

Қорыта айтқанда, бүгінгі бай әдеби тіліміздің негіздері осыдан он алты ғасыр бұрын жазылған көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінен бастау алатыны анық. Бұл негізге қазіргі түркі тілдерінің дербестігін қалыптастырған орта түркі тілінің де өзіндік қатысы бар. Оған көмекші сөздердің тарихын, тілдік болмысын, жалпы табиғатын тарихи-лингвистикалық тұрғыдан зерттеген кезде тағы бір мәрте көз жеткізіліп отыр. Яғни, қазіргі қазақ тіліндегі көмекші етістіктердің негізі көне түркі, орта түркі болып келгенімен, олар – бір тілдің әр кезеңдегі бейнесі.

Дегенмен де, олардың әр дәуірде немесе өзара жекелеген түркі тілдерінде өзіндік ерекшеліктері болады. Жалпы тарихи-генесеологиялық тұрғыдан алып қарағанда, оларды көптеген ғасырлар бойғы тілдік процестерді басынан кешірген тарихи туынды категория дейміз. Қазіргі кезде түркітанушылар назар аударып отырған мәселе – әрбір тарихи ескерткіштің тілдік ерекшеліктерін оның жазылған дәуіріндегі, одан бұрынғы және кейінгі дәуірлердегі есекерткіштермен тәптіштеп салыстыру арқылы тілдің сөздік құрамын барынша дәл айқындау. Яғни, орта түркі дәуірінде көне түркілік, ортағасырлық көмекші етістіктердің тұлғаларын, лексика-грамматикалық мағыналарын және аналитикалық формаларын қазақ тілімен тікелей салыстырып зерттеу арқылы ұқсас-ерекешеліктерін анықтау басты мақсат болып табылады.

Сонымен Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде ал, бар, бер, бол, ет, елт, йор/йүр, кел, көр, қал, қыл, олур, те\ті, түс, тур, ыт және ер (ерті, ерміш, ерінч т.б.) тәрізді көмекші етістіктер бары анықталды. Мұның ішінде «бол, ет, қыл» лексемалары аналитикалық формат ретінде көріне алмай, құранды етістік жасаушы ретінде танылды. Енді осы көмекші етістіктердің орта ғасыр жазбаларындағы қолданысы мен лексика-грамматикалық және қимылдың өту сипатындағы мағыналарын салыстыра отырып, ұқсас-ерекшеліктерін көрсетелік.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 1986. – 178 б.

2.Сабыр М.Б. Көне түркі және орта түркі тілдері арасындағы сабақтастық // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер (ҚР тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары, Астана, 2001ж. 18-19 мамыр).– Алматы, 2001. – 584 б.

3.Қордабаев Т., Томанов М. Тарихи грамматика мәселелері. Алматы: Мектеп, 1995. – 176 б.

4.Сыздықова Р. Яссауи «хикметтерінің» тілі. Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.

5.Оразов М. Көмекші сөздер. І кітап. Ташкент: Наурыз, 1997. – 175 б.

6.Сағындықұлы Б. «Һибат-ул хақайиқ» – XII ғасыр ескерткіші. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 184 б.

ӘОЖ 811.149.34

# КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**МҰСТАФИНА ТОҒЖАН БЕРІККЫЗЫ**
№68 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются эффективные методы использования наглядных пособий при преподавании английского языка. Цель исследования – определить способы сделать учебный процесс более увлекательным и результативным с помощью визуальных материалов. В статье анализируются возможности применения наглядных пособий, таких как плакаты, картинки, слайды, видеоматериалы и интерактивные доски. Также описывается влияние этих методов на развитие языковых навыков учащихся, их преимущества и ограничения. Результаты исследования направлены на более эффективную организацию уроков английского языка и повышение мотивации учащихся к обучению.

**Summary.** This article examines effective methods of using visual aids in teaching English. The purpose of the study is to identify ways to make the learning process more engaging and effective through visual materials. The article analyzes the possibilities of using visual aids such as posters, pictures, slides, video materials, and interactive whiteboards. It also describes the impact of these methods on developing students' language skills, as well as their advantages and limitations. The study results are aimed at organizing English lessons more effectively and increasing students' motivation to learn.

Ағылшын тілі – халықаралық қатынас тілі болып, оқушылардың оқу мотивациясын және тілдік дағдыларын жетілдіруде маңызды пәндердің бірі. Қазіргі заманғы білім беру процесінде көрнекі құралдарды пайдалану сабақтарды қызықты әрі тиімді етеді. Бұл мақалада ағылшын тілін оқытуда визуалды материалдарды қолданудың тиімді әдістері қарастырылады.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен құбылыстарын жаратылыс бітімін, сезім мүшелері құлақпен естіп, көзбен көріп, қолмен ұстап баулитын дидактикалық үрдіс. «Көрнекі құрал»

ұғымы – педагогикалық және психологиялық әдебиеттерін түрліше сипаттау. «Көрнекілік» терминнің түбірі «көру» болғанымен оны әр түрлі сезім мүшесі ретінде қабылдайды.

Сабақ үрдісінде әртүрлі көрнектіліктерді пайдалану оқушылардың ынтасы арта түседі. Көрнекіліктердің түрлерін пайдалануда мұғалім оқушының білімін дамыта оқыту үрдісімен ұштастырса нәтижесі жақсы болады.

Көрнекілікті пайдалана отырып төрт түрге бөлуге болады. Алдымен табиғи көрнекілік: құстардың тұлыбы мен хайуанаттар коллекциядағы кептірілген өсімдіктер, минералдар және тағыда басқалары жатады. Екіншіден, заттар және бейнелеу көрнекілігі: портреттер, муляж, макет, жер бетінің бедері, көркем суреттер, кескіндеме мен мүсін үлгілері, геометриялық фигуралар және тағы да басқалары. Үшіншіден, символикалық көрнекілік: мәтіндік, схемалар, мәтіндік, картограмалар, сызбанұсқа, диаграммалар карталар, кестелер жатады. Және соңғысы техникалық-динамикалық көрнекілік: диафильмдер, эпиреакциялар, оқу теледидары, диапозитивтер, оқу киносы.

Мектептегі оқу үрдісінде оқушылардың танымдық қабілетін арттыру қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің рөлі бұрынғыдан арта түседі. Қайта құрудың басты тұтқасы – адам, ал белсенді өмірлік айқындамасын дамыту мектептен басталады. Жеке пәндер бойынша бағдарламада көрсетілген кейбір қиын материалдарды немесе тарауларды өткенде ғылыми іздену және әдістемелік талдаулар жасау арқылы оқыту әдістерін жақсартуға болады.

Педагогикада ең негізгі мәселелердің бірі болып пайдаланатын көрнекілік және дидактикалық материалдарды оқу процесінде тиімді қолдану ерекше рөл алады. Бұл мәселені шешуге, педагогикалық ұжымдарда және оқу орындарында, ғылыми конференцияда айналысқан жөн. Оның маңызы ерекше болып табылады.

Қазіргі уақытты тәжірбиелік жобаларда көрнекілік құралдарды әзірлеу үшін үлкен жүйелі жол жасалады. Көрнекі құралдардың мазмұны, оқыту әдісі формасы байланыстырып пайдаланады. Бұның бәрін кешенді қамтамасыз ету үшін бағдарламаларында көрнекі құралдарды сабақта кезеңмен пайдалану кезінде оқыту үрдісінің маңыздылығын күшейтеді.

Ағылшын тілін үйретудің қайнар көзі көрнекілік әдісі – әрі көрнекілік құралдар болып табылады. Көрнекілік оқушыларға нақты бейнелі түсінік берудің шарты болып саналады. Қазақ совет энциклопедиясында «Көрнекілік» оқытуда құбылыстар мен заттардың әрқайсысына өзіне байланысты жаратылыс бітімін, әр түрлі сыр сипатын сезім мүшелері арқылы қабылдауға, байқауға баулитын дидактикалық ұстаным деп қаралған.

Көрнекі құралдар – сабақ материалын түсінуді жеңілдететін және оқушылардың есте сақтау қабілетін арттыратын визуалды элементтер. Олар сабаққа қызығушылықты арттырып, оқу процесін интерактивті етеді.

Көрнекті нәтижесінде қоршаған орта өмір процесін және заттарды қабылдау арқылы оқушылардың түйсігі қалыптасады. Автор көрнекі құралдарды пайдалану мақсаттарының оқушыларға тілдік білімді жеткізуге және оларда сөйлеу икемділігін қалыптастыруда шет тілі мұғалімінің мүндеттері тәуелді екенін анықтайды. Білімді хабарлауда көрнекіліктің екі түрі мына мақсаттармен пайдаланылады:

1.сематизация (тілдік бірліктердің мен тілдік ережелердің ұғымдық, семантикалық - мағыналық жақтарын ашу);

2.ақиқаттың вербалды және көрнекті - сезімждік бейнесі арасында берік байланыс арқылы есте сақтауды ұйымдастыру [1].

Оқу үрдісіндегі ұйымдастырудың негізі формасы сабақ болғандықтан, оның тақырыбына сабақ құрылымы сай болу керек.

Ағылшын тілін оқыту мақсаттары қоғамның мұқтаждығына байланысты өзгеріп тұрады.

Қазіргі кезде ағылшын тілін тоқыту мынандай төрт мақсатты көздейді: жетілдіру, коммуникативтік мақсат, тәрбиелік, білімдік мақсаты. Осы мақсаттардың бірі коммуникативтік мақсат жетекші рөлді атқарады, қалған мақсаттар коммуникативтік мақсатты орындау арқылы жүзеге асады. Орта мектептерде ағылшын тілін оқытудың басты мақсаты коммуникативті мақсат болуға тиіс. Демек, сөз әрекетінің негізгі түрлерін: диалог және монолог ретінде сөйлеу ауызша айтылған сөзді таңдап, түсініп, жазбаша мәтіндерді оқып ондағы ақпараттарды қабылдай білу іскерліктерін меңгеруге тиіс. Жалпы орта білім беретін мектепте ағылшын тілін оқыту осындай практикалық мақсатпен көздейді, яғни, ағылшын тілін оқыту барысында оқушылардың физиологиялық білімін арттыру және жалпы дүниетанымын кеңейту мақсаты жүзеге асырылады [2].

Ағылшын тілін үйрену арқылы сол тілді үйренген тілдің мәдени мұраларымен, көркем өнермен танысады. Сөйтіп ағылшын тілі пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға да мүмкіндік береді.

Оқулық – оқытудың негізі құралдары. Ол тілдік материалдарды ауызша және жазбаша болып құрайды. Оқулықты құрастыруда автор мынадай маңызды принциптерге сүйенеді. Оқытудың жоспарланған мақсатына жету үшін оқулық мазмұнының өзектілігі мен жеткілікті болуы; оқушының оқу материалдарын меңгеру үшін жеңілдету.

Оқулықтың мазмұнына лексикаға, грамматикалық, фонетикалық, әлеуметтік мәдени, сөздік көрнекілер, мәтіндерге берілетін түсіндірме жаттығулар кіреді. Сөздіктер –ағылшын тілін үйренудегі неізгі құралдардың бірі. Олардың екі тілдік, бір тілдік арнайы сияқты тілдерге бөлінеді. Сабақты нәтижелі ұйымдастыруды және оқытушының кәсеби деңгейін көтеруді көздейді. Тілдік білім стандартты, ағылшын тілін белгілі бір кәсіп бойынша оқыту мақсаты мен мазмұнының лингвоәдістемелік сипаттамасы болып саналады. Ол бір жағынан білімді стандарттар болса, екінші жағынан оның вариативтілік, яғни оқу материалдары мен бағдарламаларды тыңдауды қатыстырады [3].

Қазіргі таңда орта сыныптарда тіл үйренуге жаңа әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Бұдан бұрынғы әдістерді қолданбау керек деген пікір тумайды. Керісінше, бұл жаңа методиканың дамуына негіз салады. Атап айтқанда, әр түрлі сөйлемдерді меңгерту, қайталау, мәтіндерді оқыту, бірнеше қайтара естеріне түсіру, тағы да басқа жұмыс түрлері оқушыны жалықтырып шаршатады.

Ағылшын тілін үйренуде ойын түрлерін қолдану оқушының сенімсіздігін сейілтіп, тілді игеруге ынтасын күшейтеді. Мысалы, оқудың алғашқы кезінде оқушы тілдік материалдарды жеңіл қабылдауы мүмкін, бара-бара материалдардың қиындауына байланысты оқушы түрлі қиындықтарға кезігеді.

Ал, бұған мұғалімдерде уақытында көмектесе алады. Қиыншылық тек сабақта ойын түрлерін пайдалану арқылы оқушының көзін жеткізуге болады. Әрине, ағылшын тілін оқып, үйрену бірден қалыптаса алмайды. Бұл орайда, тілді үйренудің көздерімен көріп, құлақпен тыңдау арқылы – тыңдау мен сөйлеуге үйрету, түрлі-түсті суретті іліп, ауызша оқылуын айтып, бала әріп танымасада сурет астына оқылуын жазу керек.

Үй ішіндегі бұйымдарға немесе кабинеттердегі бар заттарға, мысалы, есікке DOOR, терезеге WINDOW, тақтаға BLACKBOARD қабырғаға WALL, гүлге FLOWER - деп жазып, іліп қойса, оқушы есікті, т.б көріп тұрып, оны қалай аталатындығын көреді, естиді, сонымен бірге әріпті танысада, сөздің қалай жазылатындығын көзбен көру арқылы баланың есінде қалады.

Мұғалім дарынды балалармен және үлгермейтін оқушылармен жекелеп жұмыс жүргізіп отыруы қажет. Тілді меңгеруде оқушымен бірге болатын сағат саны да үлкен рөл атқарады. Әдепті этапқа мүмкіндігінше аптасына үш рет айналысу керек. Үйретілетін материал бірінен кейін бірі жалғасын табу керек. Оқушының ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып, сабақты қызықты өткізіп, баланы шаршатып алмау керек [4]. Сабақты жоспарлы түрде дайындаған дұрыс. Осыдан сурет қалай қызықтырады деген сұрақ туындайды. Ал, егерде сол сурет қозғалып, сөйлейтін болса, оқушыға өте қызық болар еді.

Көрнекті педагогтың пікірінше, тіл меңгеру барысында ойын түрлерін көп пайдаланған жөн. Мысалы, мұғалім тақтаға бір сөзді қате жазды, ал оқушы қатені түзеп, бастапқы әріпіне қарап суреттегі бейнеленген заттың атын сөзбен айтады. Оқушы оқуға үйренгенде, мәтінді мәнерлеп оқып, грамматикалық ережелерді қолданып, көптеген жаттығулар жазады.

Графикалық жаттығулар: кесте, сызба, технологиялық карта, альбом, стенд жасау, экскурсия кезінде салған суреттер. Оқу еңбек жаттығулар: оқу шеберханасындағы қағазбен, картонмен, ағашпен, металмен жұмыс істеу, әр түрлі құралдар қолдану, тетіктерді басқару.

Қорыта келе, ағылшын тілін оқушыларға жоғары деңгейде игерту, мұғалім әрбір сабақта жүйелі түрде өз дәрежесінде, түрлі әдіс - тәсілдерді, ойындарды, қолдану арқылы өткізсе ғана үлкен жетістіктерге жете алады. Еліміздің өмір сүру деңгейі, экономикалық жағдайы күннен-күнге өсіп, жоғары даму сатысында келеді. Бұл өзгерістердің білім беру жүйесінеде ықпалын тигізбеуі мүмкін емес. Қазіргі таңда еліміздің шет елдермен қарым-қатынасы барлық салада дамып, халықаралық байланыстар кеңейіп, орныгып келеді. Бүгінде осы қатынастардың нығайыумен ағылшын тілін жетік меңгерген мамандарға деген сұраныс күннен-күнге өсуде.

Қазіргі заманда ағылшын тілі адамның карым-қатынасқа түсудің маңызды құралы болып есептеледі. Біз болашақ ағылшын тілі мұғалімдеріміз. Сондықтан, біз ағылшын тіліне, немесе

басқа да шет тілдеріне аса көңіл бөлеміз. Сабақтарымызды оқушылар үшін қызықты болып өтуіне тырысамыз.

Ағылшын тілі әдістемесінде сабақтың нәтижелі болып өтуіне әр түрлі әдіс- тәсілдер, арнайы көмекші құралдар, көрнекіліктер бар. Мұғалім әр сабақта оқушылардың ағылшын тілін тыңдап түсіну, сөйлеу, жазу және оқу іскерліктерін дамытып отырады [5].

Ағылшын тілі әдістемесінде сабақты дұрыс, қызықты өту үшін сөйлеу іскерлігін дамытудың әр түрлі жолдары мен әдіс тәсілдері бар. Бірінші әдістердің бірегейі әрі өте тиімдісі бұл– көрнекілік әдісі. Өте маңызды әдістердің бірі мұғалімдерге үлкен көмек болса, оқушыларға тіл материалын меңгеруге өте қолайлы екенін зерттеу барысында түсінуге болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Масалова С. В. Использование аутентичных видеоматериалов при обучении иностранному языку // Молодой ученый. – 2015. – №15. – С. 46-48.

2. Новиков Н.Д. DVD как средство обучения аудированию // Иностранные языки в школе. – 2017. – №1.– С. 18 – 21.

3. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению [Текст] / Е.И.Пассов. – М.:Русский язык, 2019. – С.188

4. Самохина Н.В. Использование мобильных технологий при обучении английскому языку: развитие традиций и поиск новых методических моделей / Н.В. Самохина // Фундаментальные исследования. –2017. - №6. -С. 591-595.

5. Стандарты второго поколения. Примерные программы по учебным предметам. Иностранный язык. 5-9 классы. – М.: Просвещение, 2016. - 144 с.

ӘОЖ 81.289.22

## ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ МЕҢГЕРТУДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**ИСМАМБЕТОВА ЛАЗЗАТ МАРАЛОВНА**
№40 гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматривается роль творческих заданий в процессе обучения литературным произведениям, а также их влияние на познавательное и личностное развитие учащихся. Анализируются методы и приемы эффективной организации творческих заданий, предлагаются примеры работ, направленных на глубокое понимание художественного текста, развитие критического мышления и воображения учащихся. В ходе исследования выявляется результативность таких методов, как проектная работа, творческое письмо, ролевая игра, альтернативное завершение текста, ведение дневника от имени персонажа. Кроме того, определяется значение этих заданий в усилении эмоционального восприятия учащихся, установлении их индивидуальной связи с текстом и повышении возможности практического применения литературных знаний. Работа предлагает педагогические рекомендации, направленные на повышение качества обучения на уроках литературы, развитие творческого потенциала учащихся и укрепление их интереса к литературе.

**Summary.** The article examines the role of creative tasks in the process of teaching literary works, as well as their impact on students' cognitive and personal development. It analyzes methods and techniques for effectively organizing creative assignments and offers examples of activities aimed at deepening the understanding of literary texts, developing students' critical thinking and imagination. The study identifies the effectiveness of methods such as project work, creative writing, role-playing, alternative endings, and keeping a character's diary. In addition, it defines the importance of these tasks in enhancing students' emotional perception, establishing their individual connection with the text, and increasing the possibilities for the practical application of literary knowledge. The paper provides pedagogical recommendations aimed at improving the quality of literature lessons, developing students' creative potential, and strengthening their interest in literature.

Қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың шығармашылық қабілетін, сыни ойлауын, жеке позициясын дамытуға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді. Әдеби

шығармаларды меңгерту барысында шығармашылық тапсырмалар ерекше маңызға ие. Олар оқушыны тек мәтінді түсінуге емес, оны өз тәжірибесімен байланыстырып, терең талдауға, жаңа идеялар ұсынуға жетелейді.

Қазақта «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» демей ме? Сондықтан да баланың талабына сай білім беру бүгінгі таңдағы мұғалімнің негізгі міндеті. Ж.Аймауытов бір сөзінде былай дейді: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер». Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқыту технологиясы бүгінгі таңда бірден-бір тиімді әдіс болып саналады. Мен де өз тәжірибеме өзгеріс енгізу мақсатымен сындарлы оқытудың 3-деңгейлік бағдарламасы бойынша үш айлық курстан өттім. Бұл Бағдарлама құзырлы мұғалімдердің алдына оқушының жан дүниесін түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңаша немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарымда оқушыларды сабақта бағалай жүріп көптеген қиындықтарға тап болатынмын. Мені бағалау қатты толғандыратын. Оқытудың Кембридж әдістері негізіндегі бағдарлама бойынша бірінші «Бетпе-бет» кезеңінде білім алып, бағалаудың да бірнеше түрлерін меңгердім. Сындарлы оқытудан алған білімдерімді жинақтап мектептегі іс-тәжірибені жүйелі жоспарлауды бастадым. Жаңа әдістерді өз сабақтарымда пайдалана жүріп, көптеген жетістіктерге жеттім.Үш айлық деңгейлік бағдарламада бізге білім берудегі 7 модульді таныстырып, сол модульдер бойынша жан-жақты талдаулар жасатқан болатын. Себебі «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» негізгі материал тиісті сабақтарда қарастырылған жеті модульге сараланған. Бұл «мәселенің өзектілігі оқытудың инновациялық формалары жоғары коммуникативті мүмкіндіктермен және оқушылардың оқу іс - әрекетіне белсенді қатысуымен сипатталуы, оқушылардың коммуникативті құзыреттілік дағдыларының тиімді дамуы. Бұл қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделуге ықпал етеді, өйткені қоғамға қазіргі әлемде тез бағдарланатын, тәуелсіз және бастамашыл, өз қызметінде жетістікке жететін адамдар қажет» [1,44б.]. Кез келген инновациялық қызметтің негізінде шығармашылық бастама жатыр. Шығармашылық қызмет тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды салаларын дамытуды қамтиды. Мектептегі оқу қызметі осы мәселені шешуді қамтамасыз ететін нақты технологияларды қолдануды талап етеді. Оқытудың инновациялық формалары: рөлдік ойын, Жоба әдісі, драматизация, АКТ, сыни ойлау технологиясының әдістері.

Педагогика тарихында шығармашылыққа қабілеттіліктің қалыптасу мәселесі әрдайым көптеген пікірталастарды тудырған және бүгінгі күні әртүрлі ерекше көзқарастармен сипатталады.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үрдісін В.И. Андреев, Ю.К.Бабанский, В.П. Беспалько, Л. Г. Вяткин, В. А. Сластенин, В.Ф. Шаталов, М. П. Ердниев зерттеген [3].

Оқу-шығармашылық қызметінің заңдылықтарын В.И.Андреев, Т.В.Кудрявцев, Ю.Н. Кулюткин, В.Г. Разумовский, А. И. Матюшкин, М.И. Махмутов анықтаған.

Негізгі мақсат - оқушылардың белсенді танымдық іс - әрекетін ынталандыру әдістерін таңдау, инновациялық іс-әрекетте әр қатысушысының шығармашылық әлеуетін іске асыру.

«Инновациялық қызмет - бұл оқушыларда коммуникативті құзыреттілік дағдыларын дамытудың ең қол жетімді және тиімді формаларының бірі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, шығармашылығы мен белсенділігін дамыту үшін жағдай жасайды. Маңызды компонент-білім алушы өзінің табыстылығын, интеллектуалдық тұрақтылығын сезінетін қолайлы психологиялық жағдайлар жасау» [2.85б.].

Баланың оқуы оның қарқынды жеке даму кезеңімен сәйкес келетін мектептің орта және жоғарғы буыны үшін жоба әдісін, рөлдік ойындарды, көрініс қоюды қолдану өте маңызды.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, оқуға деген ұмтылысты дамытатын әдіс-тәсілдер әртүрлі жобаларды жүзеге асырумен байланысты. Бұл әдіс-тәсілдерді қолдану сыныптағы жұмыстың барлық мүмкін формаларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: жеке, топтық, ұжымдық, бұл балалардың өз бетімен жұмыс жасауын және шығармашылығын ынталандырады.Қазақ әдебиеті сабағында сыни ойлау технологиясының әдістері оқушыларға өз қызметін ұйымдастыруды, ойлау қабілетін дамытуды, сауатты және мағыналы оқуды үйретеді. Қазақ әдебиеті сабағындағы басты мақсаттардың бірі - интеллектуалды дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын талаптар - шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған интеллектке ие болу, танымдық іс - әрекеттің

тұрақты мотивациясы бірінші орынға шығады Бала мен жасөспірімді ересек өмірге дайындау - бұл, ең алдымен, оның шығармашылық белсенділігін дамыту, сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу, өмірдің кез-келген қиындықтарын шешу, олардың қабілеттерін жетілдіру және жүзеге асыру.

«Шығармашылық, шығармашылық қызмет, шығармашылық тұлға ұғымдары нені білдіреді? Пән саласындағы шығармашылықтың нақты көріністерін белгілеу мағынасы бар. Қазақ әдебиеті сабағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық дамытуға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, барлық оқушыларды сабақта оқу іс - әрекетіне тартады» [3.107б.] . Қазақ әдебиеті сабағында белсенді қолданылатын коммуникативті оқытудың бірнеше әдістері бар. Олар:

1. Оқушылармен мақсаттарына жетуін ғана емес, сонымен бірге ұнаған, ұнамаған нәрселерді де талқылау - неге, нені өзгерту керек.

2. Оқушы жауабының дұрыстығын ғана бағалау емес, сонымен қатар оқушы қандай әрекет әдісін қолданғанын, қалай ойлағанын да бағалау. Бағалау параметрлері келесідей: дұрыстығы, өзіндік құны, өзіндік ерекшелігі. Қазақ әдебиеті сабақтары бірнеше жұмыс түрлерін қамтиды: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. «Тапсырмалардың көптігі іс - әрекеттің жиі өзгеруіне мүмкіндік береді, бұл бүкіл сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі, осылайша оның тиімділігін арттырады. Маңызды жұмыстардың бір түрі -оқу. Мәтіндік материалмен жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі.Мәтіндік кезең мәтіннің мазмұны бойынша әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін, олар оқушыларды шығармашылыққа, мәселені шешудің өзіндік нұсқаларын табуға итермелеуі мүмкін» [4.71б.].

Оқығандары негізінде әңгіме құрастыру-тілдің барлық элементтерінің өзара әрекеттесуінің және оқушылардың импровизация қабілетін жүзеге асырудың тағы бір тәсілі. Мәтіннен кейінгі кезеңдегі тапсырмалар ретінде пікірталас, рөлдік ойын ұйымдастыруға, пікірлерге сауалнама жүргізуге, хат, эссе, түйіндеме, эссе, өлең жазуға болады. Оқушылардың қазақ әдебиеті сабағына деген қызығушылығын арттыруда коллаж, ақпараттық немесе жарнамалық парақ, презентация түрінде ұсына алатын мәтін тақырыбы бойынша қосымша ақпаратты іздеумен байланысты шағын жобалық жұмыстар сияқты заманауи технологияларды пайдалануға болады. Жобалық оқыту сонымен қатар білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстыруды қамтиды. Оқушылардың жобаны құруға қатысуы, оларға бұрын алған білімдерін пайдалануға ғана емес, сонымен бірге жобаға тартылған әрбір адамның шығармашылық қызметіне кең мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар жобада бірлесіп жұмыс істеу кезінде коммуникативті дағдыларды, өз ойларын жазбаша және ауызша түрде нақты жеткізе білу қабілетін дамытады.Шығармашылық қабілеттерін дамытудың шарттарының бірі-сәттілік атмосферасын құру, өйткені оның болмауы оқуға деген ұмтылыстың құлдырауына әкеледі. Сәттілік жағдайын құру оқушылардың көңіл-күйіне ғана емес, олардың білім сапасына да әсер етеді. Сонымен қатар, оқу процесінің мақсаты көп деңгейлі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге негізделген сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру, қазақ әдеби тілінің ережелері мен нормаларын, сөйлеу этикеті ережелерін сақтау болып табылады, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі мектептің негізгі міндеттерін шешуге қолайлы жағдай туғызады: балалардың жан-жақты дамуының негізін қалау, еркін, саналы, мәнерлеп оқу, сауатты жазу, мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, ілім мен еңбекке көзқарасы адал, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың эстетикалық дамуын және олардың қоршаған табиғатты тануын жақсарту.

Ұстаздар алдында күнделікті міндет қазақ әдебиеті пәніне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту болып табылады. Белсенді, шығармашылықпен оқыту дегеніміз-сабақтарда көрнекілік құралдарын, оқушылардың санасы мен сезімдеріне әсер ететін ойын-сауық элементтерін қолдану.Қазақ әдебиеті сабақтары оқушылардың оқуға, ойлауға, талқылауға және өз бетінше оқуға арналған әдеби шығармалар мәтінімен жұмысты қамтиды. Бүгінгі таңда мұғалім үшін сөзге деген қызығушылықты ояту, балаларға оның шынайы дәмі мен мақсатын сезінуге үйрету өте маңызды. Әрине, бұл процесс ұзақ және ауыр, белгілі бір жүйені, әдістемелік тапқырлық пен өнертабысты, практикалық тәжірибені қажет етеді. Қазақ әдебиеті сабақтарында балаларды сөзді дұрыс қолдануға, оны түсінуге және сезінуге, өз сөйлеуін дамытуға, сөйлеу шығармашылығын жетілдіруге үйрету керек.

Белсенді сөйлеу әрекеті олардың бақылаулары, ойлары, әсерлері, сезімдері, тәжірибелері туралы айту қажеттілігінен туындайды. Мұндай қажеттілік баланың өмірі әртүрлі танымдық қызығушылықтар мен әсерлерге толы, рухани және эмоционалды бай болған кезде пайда болады және дамиды. Демек, баланы сөйлеуге үйрету дегеніміз-көру мен байқауға, ойлауға және сезінуге

үйрету - бұл оның өмірлік тәжірибесін кеңейту. Оқушылардың сөйлеуін дамыту міндетін тек қазақ әдебиеті сабағы аясында шешу мүмкін емес.

Айналадағы өмір-білім көзі және сонымен бірге оқушылардың сөйлеуін байыту. Оқушылардың табиғат пен қоғам өміріндегі маңызды нәрселерді байқау, байқау қабілетін дамыта отырып, оқушылардың білім деңгейін үнемі арттыра отырып, олардың сөйлеуін байытуға қол жеткізуге болады. Оқушылардың сөйлеуі олардың ойлауын дамытумен, білім көлемін кеңейтумен бірге дамиды. Сондықтан жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін табысты оқытудың қажетті шарты оқушылардың өмірлік тәжірибесімен, олардың айналасындағыларды тікелей көріп, үлкендердің әңгімелерінен немесе теледидардан естіп, кітаптардан үйренуімен байланысты болып табылады.

Қазіргі жағдайда қазақ әдебиетіне оқу пәні ретінде Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жоғары сана дәрежесіне ие рухани - адамгершілік тұлғаны тәрбиелеудің ерекше миссиясы жүктеледі. Бүгінгі күннің қоғамдық атмосферасында адамның рухани-адамгершілік жаңғыруы - бұл республиканың болашағының шешілуіне байланысты проблема. Қазақ әдебиеті әрқашан халықтың мақтанышы, ар-ожданы болды, өйткені біздің ұлттық психологиямыз жанға, ар-ожданға, жарқын және нақты сөзге көбірек көңіл бөлумен сипатталады.Мектептегі қазақ әдебиеті өз мақсаттары мен міндеттері бойынша полифункционалды, мазмұны жағынан полифониялық: онда жыраулардың, ақындардың, тарихи дәуір жазушыларының дауыстары естіледі. Онда халық тарихының негізгі маңызды кезеңдері, оның рухани және материалдық мәдениетінің дамуы көрініс тапты.

«Халықтың тарихи тәжірибесін, оның рухани мәдениетінің қазыналарын, ғасырлар мен мыңжылдықтар арқылы өткен әдеби мұраны зерттеу және игеру қазіргі жас ұрпақ үшін өте маңызды және бұл оқушылардың бойында коммуникативтік шығармашылықты дамытуға ықпал етеді» [5.123б.]. Қазақтар, әлемнің басқа халықтары сияқты, дамудың ең көне бастаулары бар ерекше, ерекше материалдық және рухани мәдениетке ие. Біздің халқымыз әлемдік дәуірге, өнер мен әдебиетке үлес қосты, әлемдік деңгейдегі ғалымдарды, жазушылар мен ақындарды тарихи сахнаға шығарды.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізінде балаларға қолжетімді, нақты құрылымы бар, заманауи дидактикалық талаптарға жауап беретін материалды іріктеуді көздейтін кең мәдени базада құрылған бірыңғай білім беру жүйесі жатыр деп айтқым келеді. Әдебиет сабақтары оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға белсенді әсер ете отырып, олардың рухани, коммуникативтік-шығармашыл және адамгершілік иол болып қалыптасуына ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Альмухамбетов Б.А. Қазіргі уақытта әртүрлі технологияларды қолдану арқылы оқушылардың жеке басын дамыту / "Салыстырмалы білім: әдістеме, сұрақтар және қазіргі тенденциялар" VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.- Алматы, 2014.-С. 192.

2.Аульбекова Г.Д. Мұғалімнің педагогикалық техникасы.- Алматы: Арыс, 2005. -322б.

3. Бабанский Ю.К., Педагогика.- Москва: Просвещение, 2016.332с.

4. Гойхман, О.Я. Надеина Т.М. Сөйлеу байланысы. – Москва: ИНФРА, 2011.-253с.

5.Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П..- Мәдениетаралық коммуникация негіздері. – Астана: Таңбалы, 2022. -353б.

ӘОЖ 82.259.11

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ АБАЙ БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ АДАЛ АЗАМАТ РЕТІНДЕГІ КЕЛБЕТІ

**ДҮЙСЕНБАЕВА НҰРАЙ МӘЖИТҚЫЗЫ**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру» бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің
профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье анализируется образ Абая и его нравственный облик как честного гражданина в произведениях Мухтара Ауэзова. Образ Абая, созданный на основе эпопеи М. Ауэзова «Путь Абая», предстает как мудрая личность, открывшая путь духовному возрождению своего народа и провозгласившая справедливость и нравственность главными жизненными қағидаларымен. Писатель изображает Абая прежде всего как человека с высоким чувством гуманности, стремящегося к истине и глубоко понимающего нужды простого народа.

Стремление Абая к честности, справедливым решениям и духовной чистоте ярко проявляется в его общественно-социальной деятельности. В произведении он показан как личность, противостоящая двуличию и невежеству, пропагандирующая знание и науку, ставящая единство народа и человеческие ценности превыше всего. Ауэзов раскрывает внутренний мир Абая через глубокий психологический анализ, сочетая его поэтическую натуру с гражданской позицией, тем самым создавая художественный образ, выражающий национальную идею казахского народа.

Таким образом, в статье всесторонне рассматриваются моральный облик Абая, его человеческие качества и преданность служению народу, воплощённые М. Ауэзовым. Образ Абая предстает как символ истинной мудрости и гражданского величия.

**Summary.** This article analyzes the image of Abai and his moral character as an honest and upright citizen in the works of Mukhtar Auezov. The image of Abai, created on the basis of Auezov's epic novel The Path of Abai, appears as a wise figure who opened the way to the spiritual revival of his people and proclaimed justice and morality as fundamental principles of life. The writer portrays Abai primarily as a person of great humanity, striving for truth and deeply understanding the needs of ordinary people.

Abai's commitment to honesty, fair judgment, and spiritual purity is clearly reflected in his social and public activities. In the work, he is depicted as someone who opposes hypocrisy and ignorance, promotes knowledge and science, and places national unity and human values above all. Auezov reveals Abai's inner world through deep psychological analysis, combining his poetic nature with a strong civic stance, thereby creating a literary image that expresses the national idea of the Kazakh people.

Thus, the article provides a comprehensive examination of Abai's moral character, his human qualities, and his devotion to serving the people as portrayed by M. Auezov. The image of Abai stands as a symbol of true wisdom and civic greatness.

Қазақ әдебиетінің ұлы тұлғасы Мұхтар Әуезов ұлттық руханияттың ең биік шыңдарының біріне айналған Абай бейнесін әлемдік деңгейде танытқан қаламгер. Оның «Абай жолы» эпопеясы – тек бір тұлғаның өмір жолын суреттеу емес, тұтас халықтың рухани өрлеуі мен тарихи болмысын бейнелейтін ұлы шығарма. Әуезов Абайды көркем әдебиет әлемінде бұрын-соңды болмаған тереңдікпен сомдап, оны ойшыл, гуманист, әділеттіліктің символы ретінде көрсетеді.

Бұл мақалада жазушының шығармаларындағы Абайдың бейнесі және оның адал азамат ретіндегі келбеті талданады [1, 35б.].

М.Әуезовтің Абай бейнесі тарихи деректерге, ақын шығармаларына, халық ауыз әдебиетіне және заман куәгерлерінің естеліктеріне сүйенеді. Бірақ жазушы ақын өмірін тек биографиялық шеңберде қалдырмай, оны күрделі көркем образ деңгейіне көтереді.

Абай – рухани биіктігімен, өмірге философиялық көзқарасымен, адамға деген мейірім-шапағатымен дараланған тұлға. Әуезов оның жан дүниесін терең ашу үшін көптеген көркемдік тәсілдерді қолданады: ішкі монолог, психологиялық талдау, контраст, диалогтық қақтығыстар, символдық детальдар.

**Абайдың азаматтық тұлғасы.**

1. Әділеттілік жолындағы күрескер

Эпопеядағы Абайдың ең басты қыры – әділеттілікті жақтаушы, адам хақын қорғайтын азамат. Ол өз әкесі Құнанбайдың ескі билік дәстүрлерімен, ру таласының соқыр саясатына қарсы тұрады. Абай:

-молданың әділетсіз үкімін бұзады,

-жесір дауы мен жер дауларында әлсіздің сөзін сөйлейді,

-халықтың бірлігі мен жаңаруы жолында күреседі.

Бұл арқылы жазушы Абайды ел қамын жеген азаматтық санасы жоғары тұлға ретінде танытады.

**2. Халықтың рухани ұстазы.**

Абайдың адал азамат ретіндегі келбеті оның ағартушылық қызметімен тығыз байланысты. Ол жастарға:

-ғылым-білімге ұмтылуды,

-еңбекқорлықты,

-адамгершілік пен мейірімділікті уағыздайды. «Абай жолында» Әбіш, Ербол, Дәрмен секілді жастардың қалыптасуы Абайдың рухани ықпалымен байланысты суреттеледі.

**3. Адалдық пен парасаттың иесі.**

Абайдың адалдығы жеке адаммен қарым-қатынасынан, отбасылық қарымын сақтаудан, достық пен бауырмалдықты биік қоюынан көрінеді. Ол:

-өсек-аяңнан аулақ,

-әділетсіздікке қарсы,

-адамды бауыр деп бағалайтын,

-ешкімге қиянат жасамайтын парасатты адам.

Ең маңыздысы – Абайдың өзіне қарсы шыққан, жаулық еткен адамдарға да адамгершілікпен қарауы. Бұл оның үлкен жүректі гуманист екендігін дәлелдейді [2, 41б.].

**4. Ел болашағы үшін жан қияр қайраткер**

Әуезов Абайды қоғамның прогресіне жол ашатын жаңашыл тұлға ретінде көрсетеді. Ол ескі салтқа қарсы шығып, жаңаша ойлауға шақырады. Патша отаршылдығы мен рулық тартыстың елді әлсірете түскенін көріп, халықты бірлікке, өркениетке жетелейтін нақты әрекеттер жасайды. Оның ойы, арманы – әділ қоғам құру.

**Абайдың жеке бас қасиеттері:**

М.Әуезов Абайды тек ақын немесе күрескер ғана емес, терең сезімді, адамгершілік қасиеті мол адам ретінде де бейнелейді. Оның:

-сабырлылығы,

-шыншылдығы,

-тазалығы,

-мейірімділігі,

-биік мәдениеті

-көркем деталдар арқылы жан-жақты ашылады.

Абай – қателессе де, адасса да, әділет жолынан таймайтын азамат. Ол әрбір істің түбін салмақтап, адам үшін пайдалысын таңдауға тырысады [3, 34б.].

Мұхтар Әуезов сомдаған Абай бейнесі – қазақ әдебиетіндегі ең биік көркем образдардың бірі. Ол – ақын, ойшыл, реформатор ғана емес, нағыз адал азаматтың көркемдік үлгісі. Әуезов Абайды ұлттың ұлы перзенті ретінде танытып, оның адамгершілік, әділетшіл, парасатты келбетін мәңгілік рухани құндылық деңгейіне көтерді.

Абайдың адал азамат ретіндегі бейнесі бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, әр қазаққа рухани бағдар болып келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. – Алматы, 1982.

2. Мырзахметов М. Әуезов және Абай. – Алматы, 1998.

3. Картаева А. Абай мен Мұхтар Әуезов: рухани сабақтастық пен көркемдік тұтастық. – Алматы, 2010.

ӘОЖ 82.478.98

## XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**КУЧЕРОВА НАЗЕРКЕ ТАЛАНТБЕКОВНА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру» бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің

профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Во второй половине XIX века и в начале XX века в казахской литературе особое место заняло религиозно-просветительское направление. Поэты этого периода, пропагандируя исламские ценности, призывали народ к духовности, знанию, искусству и труду. Религиозные просветители ставили своей главной целью устранение неграмотности среди населения, привлечение молодежи к науке и формирование нравственных принципов. В их произведениях гармонично сочетаются Коран, хадисы, шариатские нормы и суфийская философия с национальным мировоззрением. Творчество таких поэтов, как Шәді Төре Жәңгірулы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Нарманбет Орманбетов, является яркими образцами данного направления. Эти произведения расширили духовно-познавательное русло казахской литературы и оказали значительное влияние на развитие просветительской мысли.

**Summary.** In the second half of the 19th century and the early 20th century, the religious-enlightenment movement occupied a significant place in Kazakh literature. The poets of this period, promoting Islamic values, encouraged people toward spirituality, knowledge, art, and labor. The main goals of these religious enlighteners were to eliminate illiteracy among the population, to engage the youth in science, and to cultivate moral principles. In their works, the Qur'an, hadith teachings, sharia norms, and Sufi philosophy harmoniously merge with the national worldview. The works of poets such as Shadi Tore Zhängiruly, Mäshhür Zhüsip Köpeev, Narmambet Ormanbetov are vivid examples of this trend. These works broadened the spiritual and intellectual horizons of Kazakh literature and had a significant impact on the development of enlightenment thought.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы – қазақ қоғамының рухани өмірінде күрделі де құбылмалы кезең. Бұл – отаршылдық қысымның күшеюі, әлеуметтік теңсіздіктің артуы, дәстүрлі мәдениеттің күйзеліске ұшырауы, жаңа білім мен өркениетке ұмтылудың күшеюі қатар жүріп, ұлттық санада жаңа ағымдардың пайда болған уақыты. Осындай тарихи жағдайда қазақ әдебиеті де жаңаша өріс алып, ағартушылық идеялар күшейді. Әсіресе діни-ағартушылық бағыттағы ақындар халықты имандылыққа, білімге, өркениетке үндеп, рухани жаңғырудың қозғаушы күшіне айналды.

Бұл бағыттағы ақындардың шығармалары – исламдық дүниетанымның, шығыс сопылық поэзиясының әсерімен қатар, қазақтың ауыз әдебиеті мен ұлттық танымының тұтас көрінісі [1].

**1. Діни-ағартушылық ағымның тарихи негізі.**

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласындағы діни білім жүйесі күрделене түсті.

Медреселер саны артты,

Татар, башқұрт, Бұхара, Самарқан діни орталықтарынан білім алған оқығандар пайда болды,

Солар арқылы шығыс ойшылдарының еңбектері таралды. Олардың әдебиетке әсері ретінде ғибраттық, насихаттық, дидактикалық поэзия дамыды. Бұл ақындар халықтың рухани өзін-өзі сақтауына қызмет етті.

**2. Діни-ағартушылық бағыттағы ақындардың басты өкілдері.**

**1) Шортанбай Қанайұлы (1818–1881).**

Шортанбай – заман мәселелерін діни-философиялық тұрғыда талдаған ақын. Оның шығармаларында:

-қоғамдағы әділетсіздік,

-патша отаршылдығы,

-діннің бұзылуы,

-адамгершіліктің әлсіреуі сыналады.

«Зар заман» идеясының өкілі ретінде ол халықты имандылыққа, шариғатқа қайтуға үндеді.

**2) Дулат Бабатайұлы (1802–1874).**

Дулат шығармаларында діни түсініктерден гөрі имандылық пен адамгершіліктен туындайтын ғибрат басым. Ол:

-надандықты,

-парақорлықты,

-әділетсіздікті айыптап,

-ел болашағы үшін рухани тәрбие қажеттігін көтерді.

Поэзиясында Құдай, тағдыр, адам пейілі мәселелері жиі қозғалады [2].

**3) Мұрат Мөңкеұлы (1843–1906).**

Мұраттың діни-ағартушылық көзқарасы:

-елдік рухты сақтау,
-исламды бірлік пен адалдықтың негізі көру,
-халықты рухани тазаруға шақырумен көрінеді.
Ол отарлық саясаттың зиянын көре білген күрескер ақын.

**4) Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931).**

Бұл кезеңнің ең ірі діни-ағартушылық тұлғаларының бірі. Оның шығармашылығында:
-ислам философиясы,
-сопылық таным,
-адам рухы,
-тағылым,
-ғибрат,
-әдеп пен мінез туралы ойлар кең орын алған. Мәшһүр Жүсіп – жазба әдебиеттің дамуына зор үлес қосқан, энциклопедист тұлға.

**5) Нұржан Наушабаев (1859–1919)**

Нұржан – медресе бітірген, араб, парсы, шағатай тілдерін жетік меңгерген ағартушы. Ол:
-оқу, ғылым,
-әйел теңдігі,
-қоғамды түзету,
-адамшылық пен дін тазалығын насихаттады.

**6) Ақмолла Мұхамедияруллы (1831–1895).**

Ақмолла–татар, башқұрт, қазақ халықтарына ортақ ағартушы. Өлеңдерінде:
-оқу-білім,
-өнер мен адал еңбек,
-рухани тазалық жайында терең ойлар айтады.
Ол «Еңбек етсең – емерсің» қағинасын алға шығарған ақындардың бірі [2].

**3. Діни-ағартушылық поэзияның басты тақырыптары.**

**1) Имандылық пен адамгершілік.**

Бұл ақындар адамның жүріс-тұрысы, мінез-құлық мәдениеті, адалдық, әділдік, сабыр, қанағат, тәубе сынды құндылықтарды дәріптеді.

2) Оқу-білім және ағартушылық
Шығармаларында:
-надандықты сынау,
-ғылымға шақыру,
-жастың білім арқылы елге қызмет етуі негізгі ой болды.

Мысалы, Ақмолла: «Оқу керек, ғылым керек, жас балаға бәрі керек» деп жастарды ілімге шақырады.

**3) Қоғамдық әділетсіздік пен рухани дағдарыс.**

Зар заман ақындарының үрейі – халықтың болашағына алаңдау. Олар:
-отаршылдық,
-ру таласы,
-билердің бұзылуы,
-елдік рухтың әлсіреуі сияқты мәселелерді көтерді.

**4) Дін мен рухани тазалық мәселесі.**

Ақындар исламды – адамзаттың моральдық тірегі, қоғамды сабыр мен әділетке жеткізетін жол деп таныды. Олар иман мен тәрбиенің бірлігін дәріптеді.

**4. Діни-ағартушылық бағыттың әдебиетке ықпалы**

Бұл бағыт қазақ жазба әдебиетінің дамуына келесі үлестерін қосты:
Дидактикалық поэзияның кеңеюі – ғибрат айту дәстүрі күшейді.
Шығыс классикасының әсері артты – Низами, Науаи, Сағди, Руми идеялары қазақ топырағына жетті.
Жазба форманың дамуы – көптеген ақындар шығармаларын қолжазба күйінде таратты.
Қазақ тіліндегі поэтикалық сөздік байыды – діни-этикалық ұғымдар әдеби қатарға енді.

Кеңестік кезеңге дейінгі қазақ ағартушылығы қалыптасты – XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары осы идеяларды жалғастырды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы діни-ағартушылық бағыттағы қазақ ақындары – ұлт руханиятының биік өкілдері. Олар қоғамды имандылыққа, білімге, мәдениетке шақырып, ұлттық сананың өсуіне жол ашты. Шығармалары арқылы қазаққа рухани тірек, моральдық бағдар берді. Бұл ақындардың еңбектері – бүгінгі рухани жаңғыру үрдісінде де құндылығын жоғалтпайтын мұра.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қирабаев С. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1997.
2.Нұрғали Р. Қазақ әдебиеті: жаңа ғасыр көкжиегі. — Алматы: Қазақ университеті, 2001.
3.Бисенғали З. Қазақ әдебиеті тарихы (XIX ғасыр). — Алматы: Қазақ университеті, 2010.

ӘОЖ 82.347.59

## Қ.А.ЯСАУИ ХИКМЕТТЕРІНІҢ ПОЭТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**МҰХАМБЕТ АЯЖАН МҰХТАРҚЫЗЫ**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру» бағдарламасының 4 курс студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің
профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Данная статья посвящена анализу поэтической структуры и стилевых особенностей хикметов Қожа Ахмет Ясауи. В статье рассматриваются природа жанра хикмет, его композиционная система, ритмико-рифмическая организация, а также использованные художественно-стилевые приемы. Основные особенности поэзии Ясауи – дидактическое содержание, передача суфийского учения глубоким философским смыслом, сохранение символических образов и преемственности древнетюркских литературных традиций. Определяется роль таких художественных құралов, как метафора, параллелизм, повтор и аллитерация, и показывается их үлесі в углублении духовно-познавательного мазмұна произведений. По итогам исследования установлено, что хикметы Қ.А.Ясауи являются уникальными тюркскими поэтикалық туындылар, обогатившими поэтическую систему тюркской поэзии и оказавшими влияние на развитие суфийской мысли.

**Summary.** This article is devoted to the analysis of the poetic structure and stylistic features of Khoja Ahmed Yasawi's hikmets. The article examines the nature of the hikmet genre, its compositional system, rhythmic and rhyming organization, as well as the artistic and stylistic devices employed. The main characteristics of Yasawi's poetry include its didactic content, the transmission of Sufi teachings through profound philosophical meaning, the preservation of symbolic imagery, and the continuity of ancient Turkic literary traditions. The study identifies the role of such artistic devices as metaphor, parallelism, repetition, and alliteration, demonstrating their contribution to deepening the spiritual and cognitive content of the works. The results of the research show that the hikmets of Khoja Ahmed Yasawi are unique poetic creations of the Turkic literary tradition, enriching the poetic system of Turkic poetry and influencing the development of Sufi thought.

Қожа Ахмет Ясауи – түркі сопылық поэзиясының негізін қалаушы, ислам мәдениетінің көрнекті ойшылы, түркі дүниесінің рухани ұстазы. Оның «Диуани Хикмет» атты еңбегі XI–XII ғасырлардағы түркі әдеби тілі, поэтикалық дәстүр, сопылық ойлау жүйесі мен ұлттық руханияттың бірегей ескерткіші болып табылады. Ясауи хикметтері қарапайым түркі жұртына түсінікті тілмен жазылып, этикалық-моральдық, сопылық-дидактикалық мазмұнды өлеңдер арқылы халықты хақ жолына үндеді. Еңбектің ғасырлар бойы сақталып, кең таралуына оның ерекше поэтикалық құрылымы мен стильдік табиғаты үлкен әсер еткен.

**1. Хикметтердің поэтикалық құрылымы**

**1.1. Өлең өлшемі мен буындық жүйе**

Ясауи поэзиясының басты белгісі – түркілік буынды өлең жүйесін пайдалану. «Диуани Хикметте» негізінен 7–8 буынды, кейде 11 буынды тармақтар жиі кездеседі. Бұл өлшем түркі халықтарының жыр, толғау, терме дәстүрімен табиғи үйлесім табады.

Мысалы, 7–8 буынды жолдар арқылы хикметтің ырғақтық динамикасы артып, тыңдарманға жаттап алуға жеңіл, кең таралымға ыңғайлы форма жасалады.

**1.2. Қара өлеңге ұқсас ұйқас жүйесі**

Хикметтердің көпшілігі aaab/aaab немесе aaba сарынында келеді. Бұл құрылым қазақ қара өлеңі, қожа-жыраулар поэзиясы, діни жырлармен үндеседі. Ұйқастың қарапайым әрі қайталама түрі мәтіннің дидактикалық мазмұнын қабылдауды жеңілдетеді.

**1.3. Дәстүрлі құрылым: дұға, мадақ, үгіт**

Хикметтердің композициялық жүйесі шартты түрде үш бөлімге бөлінеді:

1.3.1.Алғысөз, мадақ – Аллаға, Пайғамбарға, әулиелерге мадақ айту.

1.3.2.Негізгі бөлік – сопылық шындықтар, нәпсімен күрес, хақ жолы, адам кемелдігі.

1.3.3.Дұға, қорытынды – өз кемшілігін мойындау, Тәңірден жарылқау тілеу.

Бұл құрылым сопылық поэзияның канондарына толық сәйкес келеді және әр хикметтің аяқталған тұтас туынды болуына мүмкіндік береді.

**1.4. Қайталама және символикалық жүйе**

Ясауи шығармаларының поэтикалық құрылымында қайталамалар, параллелизм, символдық бейнелер кең қолданылады. Мысалы:

-«нәпсі», «жол», «ғашық», «жар», «дост» ұғымдары;

-«қырық шілтен», «хақ сырлары», «жүрек айнасы» секілді символдар.

Бұл элементтер сопылық ілімнің негізгі түсініктерін көркем тіл арқылы бекітеді.

**2. Хикметтердің стильдік ерекшеліктері**

**2.1. Тілінің қарапайымдылығы мен халықтық сипаты**

Ясауи өз хикметтерін араб-парсы әдеби тілін емес, ортағасырлық қыпшақ-оғыз негізіндегі көне түркі тілінде жазды. Бұл таңдаудың бірнеше себебі бар:

-сопылық ілімді қарапайым халыққа түсінікті ету;

-түркілік ауыз әдебиеті дәстүрін жалғастыру;

-тілдік табиғилық арқылы діни насихаттың әсерін күшейту;

Сондықтан оның өлең тілі қарапайым, ауызекі, өмірге жақын.

**2.2. Дидактикалық-уағыздық стиль**

Хикметтердің негізгі мазмұны – адамзатты ізгі жолға шақыру, нәпсіні тыйу, рухани кемелдену. Бұл бағыт поэтикалық стильге тікелей әсер етеді:

-үкімді сөйлемдер;

-ақыл-өсиет, тәубе, насихат формалары;

-дидактикалық тұжырымдар;

Мұндай стильде ақын ұстаз бейнесінде көрінеді.

**2.3. Сопылық поэтика**

Ясауи поэзиясында сопылық терминологияның өзіндік орны бар:

«мағрифат», «тариқат», «хақиқат», «шариғат»

«зікір», «фана», «бақа», «mahаббат»

Бірақ ақын бұл күрделі терминдерді өте қарапайым контексте қолданады, оқырманға түсінікті ұғымға айналдырады.

**2.4. Эмоционалды-экспрессивті стиль**

Хикметтерде жан күйзелісі, өзін-өзі сынау, ішкі қайшылық, ғашықтық оты бейнеленеді. Лирикалық «мен» сопылық жолдағы рухани күресті ашық айтады:

-жан айқайы;

-«мен – күнәһармын» деп өзін төмендету;

-Аллаға деген сағыныш

Бұл стиль Ясауи поэзиясының рухани тереңдігін арттырады.

**2.5. Музыкалық-ырғақтық стихия**

Ясауи хикметтері зікір, самах, жыр айту рәсімдері үшін шығарылғандықтан:

-ырғақтылығы жоғары

-музыкалық қайталаулар көп

-дыбыстық үйлесім басым

Бұл хикметтің тек мәтін емес, тыңдауға лайық рухани поэзия екенін көрсетеді.

Қ.А.Ясауи хикметтері түркі дүниесіндегі сопылық поэзияның дәстүрін жасаған бірегей туынды болып табылады. Оның поэтикалық құрылымы – буынды өлшемге, қарапайым ұйқас жүйесіне, символдық және қайталама тәсілдерге негізделген. Ал стильдік ерекшеліктері халықтық тілде сөйлеу, дидактикалық нақыш, сопылық терминологияны жеңілдетіп қолдану, эмоционалды лиризм арқылы көрінеді.

Ясауи хикметтері бүгінгі күнге дейін өзінің тәрбиелік, рухани және көркемдік құндылығын жоғалтпаған, түркі әдебиетінің классикалық мұрасы ретінде маңызын сақтап келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет. – Алматы: Жазушы, 1993.

2.Қожа Ахмет Ясауи. Хикметтер. Құрастырған: А. Қыраубайқызы. – Астана: Фолиант, 2012.

ӘОЖ 81.358.95

# АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ТЫҢДАЛЫМ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

**ИМАНБЕК ӘСЕМ ҚАЙРАТҚЫЗЫ**

№68 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются педагогические методы развития навыка аудирования при обучении английскому языку. В статье анализируются современные методы формирования навыка восприятия на слух, пути повышения уровня понимания на слух у учащихся, а также эффективные стратегии обучения. В ходе исследования подчеркивается значение интерактивных упражнений на аудирование, использования аудио- и видеоматериалов, а также коммуникативных подходов. Работа обращает внимание на роль взаимодействия между учителем и учеником в процессе совершенствования навыка аудирования. В заключении исследования показано, что развитие навыка аудирования способствует не только повышению языковых знаний, но и формированию способности учащихся свободно выражать свои мысли в языковой среде.

**Summary.** This article examines the pedagogical methods for developing listening skills in English language teaching. It analyzes modern approaches to forming listening comprehension skills, ways to improve students' listening understanding, and effective teaching strategies. The study emphasizes the importance of interactive listening exercises, the use of audio and video materials, as well as communicative approaches. The work highlights the role of teacher-student interaction in the process of improving listening skills. The research concludes that developing listening skills contributes not only to enhancing language knowledge but also to fostering students' ability to express their thoughts freely in a language environment.

Тыңдалым – тіл үйренудегі негізгі дағдылардың бірі болып, оқушылардың тілдік қабілеттерін дамытуда маңызды рөл атқарады. Ағылшын тілін оқытуда тыңдалым қабілетін жетілдіру оқушылардың сөйлеу, түсіну және сөздік қорын арттыруына ықпал етеді. Бұл мақалада ағылшын тілінде тыңдалым қабілетін дамытудағы педагогикалық тәсілдер қарастырылады.

Заманауи әдістемелер оқушылардың белсенді қатысуын және интерактивтік оқытуды негізге алады. Мысалы, аудио және видео материалдарды қолдану оқушыларды нақты тілдік ортаға үйретеді, әртүрлі екпін мен айтылуға бейімдеуге көмектеседі. Рөлдік ойындар, диалогтар, тыңдалым тапсырмалары оқушылардың белсенділігін арттырады және тыңдалымды түсіну деңгейін жақсартады.

Коммуникативтік тәсілдер тыңдалым қабілетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар оқушыларға нақты өмірлік жағдайларда ақпаратты қабылдауға, түсінуге және жауап беруге мүмкіндік береді. Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекеттестік тыңдалым дағдысын қалыптастыруда шешуші мәнге ие, себебі мұғалім тапсырмаларды бағыттайды, кері байланыс береді және қолдау көрсетеді.

Тыңдау сөйлеумен қатар ағылшын тілінде қарым-қатынас мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сөйлеуге қарағанда тыңдау ауызша сөйлеудің рецептивтік түрі болып табылады. Дегенмен де,

тыңдаушының реакциясы кері байланыс каналдары арқылы (мимикасы, ымы, күлкісі, репликасы) сөйлеушінің сөзіне тез арада ықпал етеді. Тыңдау осылайша сөйлеу әрекетінің реактивтік түрі болып табылады. Ол тікелей (диалогтық байланыс, аудиториядағы сөйлеушілердің ауызша айтуларын тыңдау) және жанама түрде (радио және телебағдарламаларды тыңдау) қабылдау болып табылады.

Сөйлеуді бірден тыңдауға кедергі ететін бірқатар объективтік қиындықтар бар:

– тыңдау шарттарына байланысты қиындықтар;
– сөйлеудің жеке ерекшеліктерімен байланысты қиындықтар,
– қабылданатын материалдың тілдік ерекшеліктерімен байланысты қиындықтар [1,25б.].

Қиындықтардың бірінші тобына сыртқы шу, кедергілер, нашар акустика жатады. Зерттеулерге сүйенетін болсақ, мимика, ымдар, ерін қимылы және тек көздің байланысы да сөйлеуді түсінуге әсер етеді. Ақпаратты жеткізудің бір реттілігі мен көп реттілігі тыңдаушыдан айтылған мәтінді қабылдаудағы жылдам әрекетті талап етеді. Сөйлеушінің сөйлеу темпін тыңдаушы жөндей алмайды. Ақпаратты жылдам жеткізу үнемі қабылдауды қиындатады. Тыңдаушыға тыңдалатын мәтінді қабылдауға ыңғайлы темп өзінің сөйлеу темпімен сәйкес болу керек дейді. Дегенмен шет тілінде оқитын оқушының сөйлеу темпі үнемі баяу болады, сондықтан да аудиомәтіндерді осындай темппен жеткізу дұрыс емес. Табиғи темп оқушы үшін тым жылдам болып көрінеді, және де ол түсіну кезінде қиындықтар туғызады. А.С. Фридманның ойынша осындай айтарлықтай қиындықтарды жеңу шет тіліндегі айтылудың орташа темпін сақтағанда ғана болады, бірақ та бастапқы кезде фразалар арасында паузалар болуы керек. Мұндай паузалар фразаның дұрыс екпінін өзгертпей, сөйлеудің абсолюттік темпін төмендетпей, тыңдаушыға ішкі сөйлеуде қалып қалуды жояды. Сабақта аудиокассеталарды сауатты түрде қолдану тыңдаушыларды шынайы қарым-қатынас жағдаяттарына дайындалуға ықпал етіп, күрделілік мүмкіндіктерін төмендетеді [2,11б.].

Қиындықтардың екінші тобына дикция, тембр, паузация, артикуляцияның бұзылуы (кекештену, тілін шайнап сөйлеушілік, тұтығу) ерекшеліктері, жас ерекшеліктері, түрлі акценттер мен диалекттер жатады. Ең маңыздысы, оқушылар шет тілінде ер адамның да, әйел адамның да дауысын тыңдай алулары керек. Егер олар тек өздерінің мұғалімін ғана тыңдайтын болса, онда олар басқалардың (мұғалімдер болса әйелдің, әйел болса ердің) сөйлегенін психологиялық тұрғыда түсінбеуі мүмкін. Сондықтан да оқушылардың түрлі жастағы адамдардың сөйлеуін тыңдай алатын мүмкіндіктері болу керек. 5 жасқа дейінгі балалардың шет тіліндегі сөйлеуін түсінген адам шет тілін меңгерушілердің деңгейінде тыңдай алады.

Қиындықтың үшінші түріне жаңа лексиканың көп санын, идиомалық айтылулар, сөйлеу формулалары, арнайы терминдер, аббревиатураларды қолдану жатады. Аудиомәтіндегі омофондардың болуы (son – sun), сөздердің ауыспалы мағынада қолданылуы, көпмағыналы сөздер, шет тілінде басқа мағынасы бар интернационализм сөздер, «аудармашының жалған достары» деп аталатын сөздер (magazine, complexion) тыңдаушыны мәтін мағынасынан сырттатады, ал бұл түсінуді қиындатады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, диалогтық сөйлеуге қарағанда монологтық мәтіндер оңайырақ қабылданады, ал монологтық сөйлеудің ішінде сипаттамаларына қарағанда фабулалар оңайырақ қабылданады.

Қарым-қатынастың нақты жағдаяттарын, жиі қолданылатын клише сөздер мен фразеологизмдерді қамтамасыз ететін сөйлеу үлгілерін білу сөйлеуді есту арқылы түсінуді айтарлықтай жеңілдетеді. Аудиомәтінге таныс емес материалды арнайы мақсатпен енгізу күмән туғызбайды, өйткені біз дайындап отырған аудиотыңдаудағы шет тілін меңгерушілердің сөйлеуінде олардың кездесуі міндетті түрде болады. Ең маңыздысы, оқытудың қай кезеңінде, қандай көлемде және қандай материалға таныс емес тілдік материалды енгізу керектігі.

Көптеген әдіскерлердің пікірінше, мәтінді бастапқы кезеңде таныс тілдік материал негізінде құру керек, ал орта және жоғары кезеңдерде аудиомәтіндерде қарастырылмаған тілдік материалды қолдану қажет, оларды қолдану осы мәтіндердің мағынасын түсінуге кедергі етпейді. Таныс емес сөздер мәтіндегі барлық сөздердің 3 пайызын құрауы мүмкін. Ал грамматикалық материалға келетін болсақ, аудиотыңдауға арналған мәтіндерге қарастырылмаған құбылыстарды да қосуға болады, олардың мағынасын контекст бойынша болжамдауға болады, сонымен бірге ана тілінің формаларымен немесе шет тілінің бұрын қарастырып қойған құбылыстарымен сәйкес келетін формаларды да енгізуге болады [2,11б.].

Сапалық қатысына қарай таныс емес сөздерге кілт сөздері кірмеу керек, яғни мәтіннің негізгі ақпаратын білдіретін сөздер. Таныс емес сөздерді бүкіл мәтін бойынша қолдану керек.

Алайда мұғалімге таныс емес сөздер мәтіннің басында келетін болса, олар мәтінді түсінуді қиындатады.

Қарастырылмаған тілдік материалдан тұратын мәтінді түсінудегі қиындықтар жаңа сөздердің мағынасын болжау қабілетін қалыптастырумен түсіндіріледі, сонымен қатар, құрамындағы таныс емес элементтеріне қарамастан, фразалар мен мәтіннің мағынасын толығымен түсіндіру қабілетімен түсіндіріледі.

Тілдік формалардың қиындықтары туралы айтатын болсақ, ондағы сөйлемдердің ұзақтығын да ескеру керек. Құрамында берілген фраза мәтіннің соңына дейін сақталған жағдайда, қысқа уақытта есте сақтаудың ауқымы үлкен емес: ол 7+2 бірліктермен шектеледі. Егер сөйлемнің ұзақтығы қысқа уақытқа созылған есте сақтаудан артық болатын болса, онда тыңдаушы фразаның басын ұмытып қалады және де оның мағынасын талдай алмайды. Ауызша сөйлеуден қабылданған фразадағы сөздердің максималдық саны 13-ке дейін жететіні белгілі. Бірақ та шет тілін әлі жеткілікті меңгере алмайтын оқушыларда есте сақтау аясы кішірек те ол 5-6 сөзбен шектеледі. Алайда, оқу жылының соңында ол сөздерді 10-12-ге жеткізу үшін жаттығу барысында фразадағы сөздердің санын көбейту керек.

Фразалардың ұзақтығы ғана есте сақтауға ықпал етпейді, сонымен қатар оның тереңдігі де әсер ететінін атап көрсету қажет. Жай қарапайым сөйлемдер күрделі сөйлемдерге қарағанда тезірек есте сақталады. Күрделі сөйлемдердің ішінде анықтауышты бағыныңқысы бар сөйлемдер қабылдағанда қиындықтар тудырады. Сондықтан да оқытудың басында мәтіндерде негізінен ұзақ емес жай сөйлемдерді қолдану ұсынылады, мысалы ұзақ емес толықтауышты және пысықтауышты бағыныңқы сөйлемдері бар күрделі сөйлемдер қолдану қажет. Содан кейін бағыныңқы сөйлемдердің санын бірте-бірте арттырып, оларды түрлендіріп отыру керек [2,19б.].

Қиындықтарды ерекше әлеуметтік лингвистикалық және әлеуметтік мәдени құзыреттілікті меңгерумен байланысты қиындықтар құрайды. Жағдаяттарға қатысты тілді қолдану нормаларының болмауы, белгілі бір ойды білдіретін айтылулар баламаларын жағдаятты түрде қолданбау, тілді меңгерушілердің әрекетінің ережелері мен әлеуметтік нормаларын, салт-дәстүрлерін, тарихын, мәдениетін білмеу сөйлесіп отырған адамның сөйлеу әрекетін жеткізуі, естілген ақпаратты дұрыс қабылдауы қиындық тудырады.

Мәтіннің қиындықтарын анықтауда басты ойды жеткізу тәсілдерін ескеру қажет, яғни индуктивтік немесе дедуктивтік, оларды жеткізудің формалары – аудитивтік, аудиобейнелік. Сонымен қатар мәтіннің белгілі бір стильге, жанрға, қарым-қатынас атмосферасына қатыстығы де ескеріледі.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, күрделілігіне қарай мәтіннің үш түрін атап көрсетуге болады:

- жеңіл мәтіндер:

а) әңгімелеу-әдеби, ғылыми-әйгілі және көркем стильдегі және де хабарлама жанрындағы немесе қарапайым хабарламаны білдіретін фабулдық сөйлемдерден құрылған (оқу) және жартылай аутенттік мәтіндер;

б) негізгі идея мәтіннің басында эксплициттік түрде беріледі;

в) қарым-қатынас саласы: ресми емес, күрделі емес монолог түрінде немесе диалог-хабарлама/ақпаратқа сұраныс формасында;

- орташа қиындықтағы мәтіндер:

а) әңгімелеу-әдеби, ғылыми-әйгілі және көркем стильдегі және де хабарлама жанрындағы немесе қарапайым хабарламаны білдіретін фабулдық сөйлемдерден құрылған (оқу) және жартылай аутенттік мәтіндер;

б) негізгі идея мәтіннің басында немесе ортасында беріледі;

в) қарым-қатынас саласы: ресми немесе ресми емес, монолог-сипаттама/хабарлама; диалог-сұраныс/түсіндірме; шектелген сюжеттік сызықтардан шектелген санынан тұратын полилог;

- қиын мәтіндер:

а)публицистикалық, ғылыми және көркем сипаттағы аутенттік мәтіндер, әңгімелесу, репортаж, сипаттау;

б) негізгі идея мәтіннің соңында немесе эксплицитті түрде берілмеген;

в) қарым-қатынас саласы ресми емес, түрлі сюжетпен берілген полилог, диалогтағы монолог [3,15б.].

Аудиотыңдау барысында тыңдаушы күрделі де перцептивтік-мнемоникалық әрекетті, ойлау, талдау синтездеу, дедукция, индукция салыстыру, қарама қарсы қою, абстракциялау, нақтылау және т.б. Аудиотыңдаудың жемістілігі объективтік те, субъективтік те фактормен анықталады.

Объективтік факторлар қабылдауға ұсынылған мәтіннің ерекшеліктері мен шарттарынан құрылады. Субъективтік факторлар тыңдаушының психикасынан және оның дайындық деңгейінен құрылады. Аудиотыңдаудың қарастырылған барлық қиындық түрлері мәтінді дұрыс таңдау, олардың негізінде оқушыларды әдістемелік бағдарын ұйымдастыру арқылы жеңуге болады. Осылайша, аудиотыңдау сөйлеу әрекетінің өзіндік формасы болып табылады немесе диалогтық қарым-қатынастың құрамына оның рецептивтік компоненті ретінде кіреді, яғни сөйлеудің бір түрі ретінде енеді. Аудиотыңдау – сөйлеу әрекетінің ең қиын да күрделі түрі, дегенмен аудиотыңдау процесі шынайы қарым-қатынаста қарастыруға және шын мәнінде талдауға келмейді.

Аудиотыңдау процесі қабылдау, тану және түсіну механизмдерімен түсіндіріледі. Бұл механизмдердің барлығының астарлы сипаты бар, сондықтан да аудиотыңдауға оның ерекшеліктері мен күрделілік механизмдерін ескере отырып үйрету керек. Аудиотыңдауға үйретудің негізгі мақсаты – бұл оқушыларда шет тіліндегі ауызша сөйлеуді есту арқылы қабылдау болып табылады. Аудиотыңдауға оқытудың мазмұнына үш компонент кіреді: лингвистикалық, психологиялық және әдістемелік, және де барлық осы компоненттер аудиотыңдауға үйретудің жемісті оқытудың бөлігі болып табылады.

Аудиотыңдаудың бірқатар қиындықтары бар. Аудиотыңдауға үйрету осы қиындықтарды жеңуге бағытталған. Ондай қиындықтарды жеңудің тиімді тәсілдерінің бірі – бұл аудиотыңдауға оқыту процесіндегі көрнекілік құралдарды белсенді қолдану болып табылады. Көрнекілік жалпы шет тілін оқытудағы бірегей құрал болып табылады. Шет тілін оқытуда көрнекілік мәселесі барлық уақыттарда өзекті болып табылады. Соңғы жылдары адамзаттың «шексіз қоғамға» тарпылысына, әлем халықтарының рухани байлықтары мен мәдени мұрасына жақындауына байланысты, шет тілін мәдениетаралық байланыс құралы ретінде қолданып келді. Сондықтан да көрнекілікті қолдану аясы да кеңейіп, оның түрлері де күрделенді: заттар мен суреттерден бастап, ым мен бейнефильмдер бойынша қимылға және компьютерлік бағдарламаларға дейін, яғни мұғалім объективтік шындықтың фрагменттерін модельдейді.

Сонымен оқытудың сапасын жоғарылату оның оқыту әдістемесінің түбегейлі дамуымен тығыз байланысты, ол мұғалімнің көрнекілік құралдарын кеңінен қолдануына байланысты. Көрнекіліктің бейнелеу құралдарына техникалық құралдар да жатады – оқу бейнефильмдері, аудиотаспалар, радио және телебағдарламалар. Бұл көрнекі құралдары аудио көзбен шолу деп аталады, олар оқу процесінде дыбыс пен бейнені қатар қолданумен түсіндіріледі [3,14б.].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Белова, Л.В., Рахманкулова, Л.К. Некоторые приемы работы с картинками на уроках английского языка / Л.В. Белова, Л.К. Рахманкулова. – М.: Просвещение, 2006. – 210б.

2.Фридман, А.С. Наглядность и моделирование в обучении / А.М. Фридман. – М.: Знание, 2010. – 280 б.

3.Шехтер, И.Ю. Комплексное применение технических средств наглядности при обучении иностранному языку / И.Ю. Шахтер. − М.: Академия, 2009. – 113б.

ӘОЖ 37.411.89

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ КӨМЕГІМЕН ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**БЕКТУРАЛИЕВА ЖАМИЛА КАЛДЫБАЕВНА**
А.Гайдар атындағы № 35 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются эффективные способы преподавания казахского языка и литературы с использованием инструментов искусственного интеллекта (ИИ). Цель исследования – совершенствование учебного процесса с помощью современных технологий и выявление путей развития языковых и литературных навыков учащихся. В статье анализируются возможности применения интерактивных приложений, виртуальных платформ, программ для анализа текста и адаптивных систем обучения. Также описываются преимущества этих методов и некоторые ограничения, а также представлены практические рекомендации. Результаты

исследования направлены на более эффективную организацию уроков казахского языка и литературы и повышение мотивации учащихся к обучению.

**Summary**. This article examines effective methods of teaching Kazakh language and literature using artificial intelligence (AI) tools. The purpose of the study is to improve the educational process through modern technologies and to identify ways to develop students' language and literary skills. The article analyzes the possibilities of using interactive applications, virtual platforms, text analysis programs, and adaptive learning systems. It also describes the advantages and some limitations of these methods and provides practical recommendations. The results of the study aim to organize Kazakh language and literature lessons more effectively and to increase students' motivation for learning.

Қазіргі білім беру жүйесінде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын қолдану оқыту процесін тиімдірек, қызықты және нәтижелі етуге мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні – ұлттық мәдениет пен тілдік дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқаратын пән. Сондықтан ЖИ құралдарын пайдалану арқылы оқыту әдістерін жаңарту оқушылардың білім алуын арттыруға бағытталған.

Жасанды интеллектті қолдану мұғалімдер үшін тиімді болатынына сенімім мол. Ұстаздардың оқу процесін жетілдіруде цифрлық дағдыларды және оларды оқушылармен, ата-аналармен және білім беру ортасының басқа қатысушыларымен қарым-қатынасын жеңілдетуде шешуші рөл атқарады. Цифрлық технологиялардың соның ішінде жасанды интеллекттің қазіргі уақытта кең таралуын ескере отырып, мұғалімдер коммуникация стратегияларын әзірлеу мен жетілдіруде қолдану үшін әртүрлі ЖИ негізіндегі құралдар мен жүйелерді жан-жақты зерттеуі қажет. Жасанды интеллект – әдетте адамдарға жүктелетін когнитивті тапсырмаларды шешумен айналысатын информатика саласы. Жасанды интеллекттің мақсаты деректерден мағына шығаратын өздігінен білім алатын жүйелерді құру болып табылады. Содан кейін бұл білімді адам сияқты жаңа мәселелерді шешу үшін қолдана алады. Мысалы, жасанды интеллект технологиясы адамның сөйлеуіне тиімді жауап бере алады, түпнұсқа суреттер мен мәтінді жасай алады және нақты уақыттағы деректер негізінде шешім қабылдайды. Жасанды интеллект алгоритмдері мен модельдері деректерді талдау, үйрену, шешім қабылдау, табиғи тілде сөйлесу және басқа да тапсырмаларды орындау үшін қолданылады. Негізгі түрлеріне тоқтала кететін болсам, белгілі бір тапсырмаларды орындауға арналған, дауыстық көмекшілер (Siri, Google Assistant) немесе бет танып білу жүйелері. Адамның интеллектуалды қабілеттерін толықтай имитациялай алатын, бірақ қазіргі уақытта әлі дамымаған. ЖИ-дің қолдану салалары өте кең, оның ішінде медицина, білім беру, қаржы, көлік және тағы сол сияқты. Жасанды интеллект технологиялары адамдардың өмірін жеңілдетіп, тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ЖИ-ді қолдану оқушылардың білімін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, және тілдік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы тақырыпта ЖИ-дің қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданудың тиімділіктері қарастырылады.

Тілдік дағдыларды дамытуда ЖИ-ді қолдану арқылы оқушылардың тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын дамытуға болады. Мысалы, автоматтандырылған тіл үйрету платформалары мен қосымшалары арқылы оқушылар өзге тілде сөйлесуді, тыңдауды және жазуды үйрене алады. ЖИ алгоритмдері грамматикалық қателерді түзетіп, дұрыс сөйлем құрастыруға көмектеседі. Әдебиетке қызығушылықты арттыруда да жасанды интеллект әдеби шығармаларды талдауда және түсінуде көмек көрсете алады. Оқушыларға белгілі бір шығарманың мазмұнын, кейіпкерлерін және тақырыптарын түсінуге арналған интерактивті құралдар ұсынылуы мүмкін. ЖИ негізіндегі әдебиет талдаушысы оқушыларға шығармаларды тереңірек зерттеп түсіндіріпте бере алады. Жеке оқыту кезінде жасанды интеллект оқушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке оқыту бағдарламаларын құра алады. Мысалы білімалушының тілдік дағдыларына қарай тапсырмалар мен жаттығулар ұсынылады. Бұл әдіс әр баланың өз қарқынында оқуына мүмкіндік береді. Шығармашылық қабілеттерін дамытуда жасанды интелект шығармашылық жазу тапсырмаларын орындауға көмектеседі. Оқушыларға тақырып берілгенде, көптеген тың идеялар мен шабыт бере алады. Сондай-ақ ЖИ-дің көмегімен оқушылар өз шығармаларын бағалап, жетілдіре алады. Мұғалімдер үшін ЖИ-дің көмегімен оқу процесін ұйымдастыру айтарлықтай жеңілдейді. Автоматтандырылған тестілеу жүйелері мен бағалау құралдары мұғалімдердің уақытын үнемдеп, оқушылардың жетістіктерін жылдам бағалауға мүмкіндік береді. Жалпы оқу процесінде жасанды интеллектті пайдалану өзекті бола бастады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту контекстінде ЖИ оқу тиімділігін арттырудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. Жасанды

интеллектінің оқу үдерісіне енгізудің негізгі артықшылықтары мен әдістеріне тоқталуға болады. Жасанды интеллект әрбір оқушыға жеке көзқарас – табысты оқудың кепілі.

Жасанды интеллект оқушылардың білім деңгейін, қызығушылықтары мен қабілеттерін талдай алады, бейімделген оқу материалдары мен тапсырмаларын ұсына алады. Бұл әр оқушының қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді және оқу процесін тиімдірек және қызықты етеді. Оқытудың көп уақытты қажет ететін аспектілерінің бірі – жазба жұмыстарын бағалау. ЖИ грамматикалық және стилистикалық қателерді автоматты түрде тексеріп, жылдам кері байланыс береді. Бұл мұғалімдердің уақытын үнемдеп қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға өз қателерін түсіну және оларды түзету бойынша ұсыныстар алу арқылы материалды тез меңгеруге көмектеседі. Жасанды интеллект қазақ әдебиеті классиктерінің мәтіндерін, аудиокітаптарды және бейне сабақтарды қамтитын оқу материалдарының ауқымды дерекқорына қолжетімділікті қамтамасыз ете алады. Бұл әртүрлі форматтар оқушыларға ақпаратты жақсы қабылдауға және пәнге деген қызығушылықты дамытуға көмектеседі. Чатботтар сияқты интерактивті қолданбаларды сауалнамалар, викториналар және оқушыларың оқу процесіне қатысуын ынталандыратын басқа әрекеттерді жүргізу үшін пайдалануға болады. Оқушылар нақты уақыт режимінде сұрақтар қойып, оларға жауап ала алады, ыңғайлы оқу ортасын жасайды. ЖИ күшті және әлсіз жақтарын анықтай отырып, оқушылардың үлгерімі туралы деректерді жинап, талдай алады. Бұл мұғалімдерге оқу үрдісінің сапасын арттыра отырып, оқыту әдістерін түзетуге мүмкіндік береді. Оқушылардың үлгерімін уақыт бойынша бақылауға болады, бұл проблемаларды дер кезінде анықтауға және қажетті шешімдерді ұсынуға көмектеседі. Қазақ тілі мен әдебиеті мәдени контекстпен тығыз байланысты. ЖИ Қазақстанның мәдени аспектілері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы қосымша ақпарат бере алады, бұл материалды түсінуді тереңдетеді және оны бай және қызықты етеді.

Қорытындылай келе, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллектті қолдану оқу-тәрбие үрдісінің жаңа көкжиектерін ашады. Жасанды интелекттіні оқытуды жекелендіруге, күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруға, ресурстарға қолжетімділікті кеңейтуге және интерактивті ортаны құруға көмектеседі. Бұл технологияларды оқу үдерісіне енгізу оның тиімділігін арттырып қана қоймай, оны оқушылар үшін қызықты әрі мазмұнды ете алады. Болашақта интеллектіні одан әрі дамыту Қазақстандағы және әлемдегі білім беруді трансформациялауда шешуші рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жасанды интеллекті қолдану білім беру процесін тиімді әрі қызықты етеді. ЖИ-дің көмегімен оқушылардың тілдік дағдылары мен шығармашылық қабілеттері артып, жеке оқу жолдары қалыптасады. Білім беру саласында ЖИ-ді қолдану – болашақтың қажеттілігі, және оның мүмкіндіктерін пайдалану арқылы біз сапалы білім алуға қол жеткізе аламыз. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында табысты ұлтты қалыптастыру факторы ретінде Орта білім беру сапасының маңыздылығы атап өтілді: «Әр баланың ажырамас құқығы - сапалы мектеп білімін алу құқығы болып табылады. Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллекттің маңыздылығы мен жоғары рөлі туралы «Адам еңбегі өзгеруде және мүлде басқа дағдыларды талап етеді. Сондықтан қызметкерлердің жаңа құзыреттіліктерін мектеп табалдырығынан қалыптастыру қажет» деді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жапарова Г.Ә. Информатика негіздері.Алматы. Экономика.2006 ж.

2.Сырецкий Г.А. Информатика, Основы логического программирования на PDC prolog: Учеб.пособие. - Новосибирск: НГТУ.- 2003. Ч.3.

3.Янсон А. Турбо-Пролог в сжатом изложении. - М: Мир, 2010.

4.Гаврилов А.В., Новицкая Ю.В. Основы программирования на Турбо Прологе: учеб. пособие Новосибирск: НГТУ. - 2008.

5.Метакидес Г. Нероуд А. Принципы логики и логического программирования. - М.: "Факториал", 2006. Қосым

ӘОЖ 82.258.31

# БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

**ЖАНДАРБЕКОВА Д.А., АМРЕЕВА Ж.Н.**
Көктал орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В данной статье анализируются проявления национального духа и преемственности традиций в произведениях Бауыржана Момышулы. Через литературное наследие писателя раскрываются духовные ценности казахского народа, воинский характер, государственное сознание, уважение к старшим и связь поколений как важные элементы традиционного мировоззрения. В ходе исследования систематизируются размышления Момышулы о национальной самобытности, представленные в его художественных и публицистических трудах, и раскрывается их воспитательное и историческое значение. Кроме того, показывается роль автора в формировании национального духа и его мастерство в отражении культурно-психологических особенностей казахского общества. Работа направлена на обоснование того, что национальные ценности в произведениях Момышулы представлены глубоко и художественно выразительно, а также на определение значимости его наследия в современную эпоху.

**Summary.** This article analyzes the manifestations of national spirit and the continuity of traditions in the works of Baurzhan Momyshuly. Through the writer's literary heritage, the spiritual values of the Kazakh people, their warrior character, civic consciousness, respect for elders, and intergenerational connection are revealed as essential elements of traditional worldview. The study systematizes Momyshuly's reflections on national identity presented in his fictional and publicistic works, highlighting their educational and historical significance. In addition, the author's role in shaping the national spirit and his mastery in conveying the cultural and psychological characteristics of Kazakh society are demonstrated. The article substantiates that national values are depicted deeply and artistically in Momyshuly's works and underscores the relevance of his legacy in the modern era.

Қазақ халқының рухани қазынасында ерекше орын алатын тұлғалардың бірі – батыр, жазушы, ойшыл Бауыржан Момышұлы. Ол Отан қорғаушы, әскери стратег қана емес, сонымен қатар терең философиялық көзқарасты, ұлттық құндылықтарды дәріптеген қаламгер ретінде де тарихта қалды. Момышұлының шығармаларынан халқымыздың жауынгерлік дәстүрі, мінез болмысы, адамгершілік қағидалары мен ұлтқа тән дүниетаным айқын көрінеді. Бұл мақалада Момышұлы шығармаларындағы ұлттық рухтың көрінісі мен дәстүр сабақтастығы мәселені ғылыми талдау тұрғысынан қарастырылады.

Бауыржан Момышұлы – қаламы мен қаруы бірге жүрген жазушы. Оның қазақ әдебиетіндегі орны бөлек. Қолы қарудан босап қалт еткен сәттерде қалам ұстап көркем шығармалар жазды. Оған ең алдымен Баукеңнің әдебиетке деген шексіз сүйіспеншілігі әсер етті. әдебиетті жанандай жақсы көргендіктен де «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Біздің генерал» т.б. туындыларды дүниеге әкелді.

Жазушы - заманның құлы. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамның толық тыныс - тіршілігіне аса мән беріп, төңіректегі болып жатқан құбылыстарды қағаз бетіне түсіріп, суреттеп, көркем шығарма ретінде оқырманға ұсыну – жазушының парызы. Ал сол парыздың мәнін Баукең жете түсіне білген. Оның қандай да бір туындысын алып оқыр болсақ, ащы шындық, заман зардабы, өмір өткелдері, майдан оттары, жауынгер, солдаттардың батыл да қайсар іс-әрекеттері, әрбір жеке тұлғаның қасиеттері мен ерекшеліктері анық та айқын бейнеленеді. Оның шығармалары бастан – аяқ тек тамаша бір шындық атты ұлы сөзге тіреліп жатады. Ал әдебиет қашанда шындықтың жақтаушысы болған. Баукеңнің ең алғаш рухани нәр алған қайнар көзінің бірі де халқымыздың бай әдебиеті. Сондықтан да Б.Момышұлы: «Мен әдебиетті жақсы көремін. Көзімді ашқаннан халқымыздың ауыз әдебиетінен ауыздандым, рухани тұшындым» дейді. Осы сөздерінен ақ Б.Момышұлы әдебиетті қаншалықты құрметтейтіндігі көрініп тұрғандай. Сонымен қатар, өзінің көптеген сөйлеген сөздері мен баяндамаларында халқымыздың асыл қазынасы әдебиет жайлы

жиі-жиі сөз қозғаған. Заңғар жазушы М.Әуезов пен де жақын қарым-қатынаста болуы Б.Момышұлының әдебиетке жақындығының бір дәлелі десек те болғандай [1].

Әдебиет айдынында өз шығармаларын туған тілінен басқа тілде жазатын жазушылар саусақпен санарлықтай ғана. Бұл ретте Б.Момышұлы шығарма жазуды орыс тілінде бастағанын да есте ұстауымыз қажет. Ана тілінен басқа тілде көркем шығарма жазу – шынында да ерлік еді. Оның бірыңғай қазақша жазып кетуі мүмкін еді. Ана тілінде жазылған алғашқы өлеңдері ақындықтың уәдесі болатын. Бірақ ол орыс тілін қалады. Мұндағы негізгі себеп әскери қызметте жатыр. Соғыс адамды қатал тәркіге салады. Ол бір жерде былай дейді:

«Кітаптарымды орыс тілінде жазамын. Олар қалай шығып жатқанын бағалау менің міндетім емес. Бірақ өз кітаптарым - өз балаларым. Мен оларды бар жетістік, кемшіліктерімен қоса сүйемін. Олардың да Отаныма адал қызмет етуін қалаймын!» деген еді.

Бауыржан нағыз қазақ жазушысы, ұлттық жазушы екенін баса айту керек. Ол қазақша да, орысша да жазса да ұлттық өрнектен айырылмаған бірінші қазақ жазушысы. Міне, қазақтың рухани мәдениетінен сусындаған Б.Момышұлы алдымен мұсылманша оқып, кейіннен орысша оқиды. Жазушы өзі сусындаған мектептерін айта келіп, олардан алғашқы ұстазым деп ұлттық салт-дәстүр негізінде сусындаған ата-ана тәрбие мектебін жоғары қояды, «Ұшқан ұя» повесінде суреттегендей, даналық оқудың педагогикалық және психологиялық жағындағы үрдісін жүйелеп ашады. Мұнда бала Бауыржан өзінің ес білгенге дейінгі өмірін есітуі бойынша жазса, бес жастан он жасқа дейінгі өмірін балалық сезіммен далалық мектептің жан-жақты қырларын аша түседі. Бауыржанның білімі ұлттық салт-дәстүр негізінде қаланды. Оны жазушы өзінің эсселері мен естеліктерінде ұдайы еске түсіріп отырады.

Қазақ халқында дара, дана, саңлақ ұлдарының бірі Б.Момышұлы халқымыздың рухани және мәдени байлығымен сусындаған дала кемеңгері. Ол – тек әскери қолбасшы ғана емес, бірқатар көркем туындыларымен даңқы шыққан, түркі халықтар әдебиетінде әскери әдебиеттің негізін қалаған қайраткер жазушы. Сонау 1922 жылы қазақ жазушылар съезінде ғұлама Ахмет Байтұрсынов қазақ жазушылары қайда туған? Қашан шыққан? – деген сауалға: «Қазақ қалам қайраткерлері орыстан қорлық көрген орыс табында езілген жұрттан туған. Қалам қайраткерлері қазақ басына қиын қыстау тар заман түсіп, қайғы бұлты үстіне торлап қаптаған шақта шыққан». Жауабы тура осы Момышұлына арналғандай. Ол қиялдан еш нәрсе алмайды. Бәрін қаз қалпында суреттейді. Сонықтан оның еңбектері - әдебиетіміздегі патриоттық мәні зор құнды қазына болып табылады. Көптеген еңбектері поляк, чех, француз, ағылшын, испан тілдеріне миллиондаған данамен таралды. Шығармаларының ерекшелігі тек тақырыбында ғана емес, құрылысы мен мазмұнында да жатыр [2]. Мұның өзі жазушының әдебиеттен рухани мол сусындағанының бір көрінісі.

Тіл – адам баласының ғана емес, ұлттың, халықтың, қоғамның, мемлекеттің болмысын көрсететін құбылыс. Адамзаттық құндылықтар қатарында тіл ғылымнан да, мәдениет пен өнерден де бұрын аталады. Ғылым да, мәдениет те, өнер де, материалдық игіліктер де, саясат та тілдің қатысуымен жасалады. Технократия тылсымын тану үшін де тілдің көмегі керек. Тілдің адамның жан дүниесіне өлшеусіз әсер ете алатын құдыреті саяси тетік ретінде ертеден – ақ пайдаланылған.

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі, қазіргі егемен Қазақстанның мемлекеттік тілі. Қазақ тілінің түпкі шығу етегі түркі тілдері дамуындағы ең көне Алтай дәуірінің (хронологиялық шегі әлі анықталмаған), Хун дәуірінен (б.з.д. IV III ғасыр мен б.з. V ғасыр аралығы) және одан бергі ежелгі түркі дәуірінен (б.з. V-X ғасырлар аралығы) бастау алады. Бұл батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына енеді. Бұл қазақ тілінің шығу тегі туралы қысқаша мәлімет.

Қан майданнан оралған Б.Момышұлы тіл тағдыры туралы екі мәселені ашық көтерді. Біріншіден, шұбарланып, күн өткен сайын бұзылып, жеміріліп бара жатқан қазақ тіліне үкімет ара түспесе, тіл тағдыры су аяғы құрдымға кеткенін өзекті де өткір мәселе ретінде күн тәртібіне қоюды қатаң талап етті. Екіншіден, қазақ тілін бірінші рет мемлекеттік тіл деңгейіне көтеруді талап етті.

Егер Б.Момышұлы көтерген тіл туралы ресми мәселе сол кезде жүзеге асып кеткенде, бүгінгі қазақ тілінің тағдыры Баукең атап көрсеткендей: «Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып айырылған ел «азған ел» атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін, тарихтан әр ғасырда кездестіруге болады. Ондай сормаңдай ел бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес» - деп қадай жазуына қарағанда түрік халықтарының бір кезде рухани жағынан дүркірей тұтасып, соңынан тарыдай шашылып жұтылып бара жатқанын меңзесе керек [3].

Жоғарыда өз хатында тіл туралы айтқандарын қорыта келіп Б.Момышұлы: «Тілсізді – айуан дейді» – деп ашына сөйлейді. Осылайша қайсар рухты батыр ұлттық тілдің жанашырына айналды. Қолында қаруы, орыс орманының ортасында жүрген шақтардың өзінде ұлт тілінің мәртебесін бәрінен де биік қойған. «Қазақ тілінің беделін түсіріп, бұрмалап бүлдіріп, халықтың халық болуына, ұлттың ұлттық қасиетіне салт-санасына өте қауіпті, зиянды болғандықтан барлық орыннан тіл құзғындары мен сұңғыттары, шүршік болып кеткендер бет бар, жүзің бар демей, мейірімсіз түрде, масқаралана қуылып, қолдарына таяқ ұстатып, қой бақтырған олжа болар еді» - деп күйзелген. Ол ұлттың ары да, жаны да, кешегісі де, бүгінгісі де, ертеңі де тіл мәселесіне селқос қарай алмаған. Ол ұлттық тарихымызда ешкіммен салыстыруға болмайтын ерекше тұлға десек артық айтқандығымыз бола қоймас.

Б.Момышұлы – тек батыр ғана емес, ол – ұлттық дамудың, ұлттық тәрбиенің де қатал жақтарына ерекше мән беріп қараған тұлға. «Мен соғыста полкке, дивизияға командир болған кезімде, қарауымдағы жауынгерлерге жан-жақты тәлім-тәрбие беруді, оларды батылдыққа, ерлікке баулуды әсте бір ұмытқан емеспін». Анадан ешкім батыр болып тумайды.Айбындылық аспаннан түспейді. Табандылықтың атасы – татымды тәрбие. Ерліктің терең тамыры елдің арғы – бергі бай дәстүрінен іздейік», - деп ағынан жарылды.

Халқымыздың хас батыры Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшысы қазақ елін әлемге танытқан біртуар патриот азамат, қарымды қаламгер, көреген қолбасшы Бауыржан Момышұлы артында өлмейтін, өшпейтін рухани мол асыл мұралар қалдырды. Оның халқымыздың тарихы мен әдебиеті, әлеуметтік жағдайы, адамгершілік мінез-құлық т.б. алуан түрлі мәселелер туралы жазғандары ұшан-теңіз. «Өмірімнің өзі дастан»,-деп айтқан Б.Момышұлының өмірі, қызметі, ақын-парасаты бір дастанға сыймайды. Бүгінгі ұрпақ батыр Б.Момышұлының қалдырған асыл мұраларынан рухани нәр алып сусындауда. Әсіресе оның әдеби мұралары халқымыздың ұлттық құндылықтары ерінде сақталуда.

Бауыржан Момышұлы шығармалары – қазақ халқының рухани байлығының, ұлттық мінезі мен дәстүрінің көркем айнасы. Оның еңбектеріндегі ұлттық рух, ерлік пен адамгершілік идеялары тек әдеби құндылық емес, ұлт ұйыстырушы күшке ие тәлім-тәрбиелік мұра. Жазушы ұлттық дүниетанымның терең қырларын аша отырып, дәстүр сабақтастығының ұлт болашағы үшін маңызын дәлелдейді. Сондықтан Момышұлының шығармалары қазіргі қоғам үшін де құндылығын жоғалтпай, келешек ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани қазына болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Повесть, әңгіме, нақылдар.-Алматы: Атамұра, 2013.-240 бет.
2. Баукең туралы толғаныстар. Құр. М.Кәтімхан, 2015ж.-206 бет. «Сенім» ЖШС.
3. Әлімжан Е. Толық адам туралы. Алматы: «Алуа», 2015ж.-170 бет.

ӘОЖ 81-139

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ТУЫНДЫ ТҮБІРЛЕС ЕТІСТІКТЕРДІ МЕҢГЕРТУ ЖОЛДАРЫ

**ҚАСЫМ БАЛҚИЯ ҚАСЫМҚЫЗЫ**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ф.ғ.д., профессор,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
**ТУЛЕП АҚНИЕТ БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 2-курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада туынды түбірлес етістіктерді оқыту барысында инновациялық педагогикалық әдістерді қолданудың тиімді жолдары қарастырылады. Цифрлық платформалар, интерактивті тапсырмалар, жобалық және ойын технологиялары, саралап оқыту тәсілдері оқушылардың сөздік қорын байытуға, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға ықпал ететіні көрсетіледі. Зерттеу барысында 7-сынып оқушыларына жүргізілген сабақ үлгілері, инновациялық құралдарды қолдану нәтижелері, тілдік дағдылардың өзгерісі талданады.

Инновациялық әдістердің қазақ тілін меңгерту үдерісіндегі рөлі жан-жақты сипатталып, практикалық ұсыныстар беріледі.

**Кілт сөздер:** туынды түбірлес етістік, инновациялық технология, цифрлық оқыту, жобалық әдіс, тіл байлығы, интерактивті сабақ.

**Аннотация.** В статье рассматриваются эффективные пути применения инновационных педагогических методов при обучении производных глаголов. Раскрывается роль цифровых платформ, интерактивных упражнений, проектных и игровых технологий в расширении словарного запаса учащихся и формировании их коммуникативных навыков. На основе проведенного исследования представлены примеры уроков, анализируются результаты использования инновационных инструментов и изменения в языковых компетенциях учащихся.

**Ключевые слова:** производные глаголы, инновационные технологии, цифровое обучение, проектный метод, словарный запас, интерактивные задания.

**Abstract.** The article explores effective ways to apply innovative pedagogical methods in teaching derived verbs. The role of digital platforms, interactive tasks, project-based activities, and game technologies in enhancing students' vocabulary, creativity, and communicative competence is highlighted. Based on a classroom study, examples of lessons, analysis of innovative tools, and improvements in students' linguistic skills are presented.

**Keywords:** derived verbs, innovative pedagogy, digital tools, project-based learning, vocabulary enrichment, interactive learning.

**Кіріспе**

Қазақ тіл білімінде етістік сөзжасамы тілдің лексикалық жүйесін кеңейтетін маңызды қабат ретінде қарастырылады. Туынды түбірлес етістіктер – оқушының сөйлеу мәдениетін, жаңа сөз тудыру қабілетін, мәтінді түсіну және құрастыру дағдыларын қалыптастыруда жетекші рөл атқаратын грамматикалық бірлік.

Қазіргі білім беру кеңістігі оқытудың дәстүрлі үлгілерін инновациялық технологиялармен алмастыруды талап етеді. Сандық құралдардың, мультимедиалық ресурстардың, интерактивті әдістердің енгізілуі оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, тілдік материалды тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі – туынды түбірлес етістіктерді инновациялық әдістер арқылы меңгерту оқушылардың сөздік қорын байытып, коммуникативтік мәдениетін арттырады.

Мақала мақсаты – инновациялық педагогикалық тәсілдерді қолдана отырып, туынды түбірлес етістіктерді меңгерту жолдарын ғылыми негіздеудің тиімді әдістерін көрсету.

Міндеттері:

- туынды түбірлес етістіктердің оқытудағы ерекшеліктерін айқындау;
- инновациялық педагогикалық технологияларды жүйелеу;
- тәжірибелік сабақ үлгілерін талдау;
- инновациялық әдістердің тиімділігін анықтау.

**Материалдар мен әдістер**

Қазақ тіл білімі саласында классик ғалым А.Байтұрсынұлының (1845–1931) үлесі ерекше. Ол «Тіл-құрал» (1911) еңбегінде сөз тудыру мәселелерін, оның ішінде етістіктен туған сөздер мен туынды етістіктердегі жұрнақтарды қарастырған. Байтұрсынұлының жалғау теориясы қазақ тілінің жалғану заңдылықтарын жүйелендіріп, кейінгілерге бағыт көрсеткен. ХХ ғасырдың орта тұсында Қ.Жұбанов пен А.Қалыбаева (Хасенова) сияқты зерттеушілер грамматикалық категорияларды ғылыми тұжырымдады. А.Хасенова «Қазақ тіліндегі туынды етістіктер» (1959) атты монографиясында түбір мен түрлену жұрнақтарына негізделген әр түрлі семантикалық топтағы етістік сөзжасамын жүйелендіріп көрсеткен (–ла, –л- жұрнақтары, –дыр, –дір, –тыр, –дір жұрнақтары т.б.)

1950–60 жылдары А.Ысқақов, Н.Жолдасбек, Т.Қордабаев, Г.Абдрасилова сияқты ғалымдар қазақ етістігінің морфологиялық және семантикалық сипатын зерттеп, аналитикалық формаларды, көсемше-есімшелер туындысын қарастырды. Мәселен, А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» оқулығы (1991) мен бірлескен грамматикасында етістік түбір мен жұрнақтарды талдап, олардың семантикалық ерекшеліктерін ашты. 1990–2000 жж. Н.Оралбаева қазақ тіліндегі –у, –ы, –у т.б. тұлғаларын тудыратын жұрнақтардың сөйлем қызметін, шартты рай мен аффиксальды талдауларды көрсетті. Қазіргі заманғы зерттеушілердің бірі А. Салқынбай «Сөздік құрам. Сөзжасам» оқулығында етістіктің туынды тұлғаларын жан-жақты баяндаған. Бұл

еңбектерде негізгі түсініктер беріліп, етістіктен жасалған сөздер мен олардың жұрнақталу заңдылықтары мысалдар арқылы түсіндірілген.

Зерттеу 7-сынып қазақ тілі бағдарламасы бойынша жүргізілді. Сабақ барысында төмендегі инновациялық технологиялар қолданылды:

***1. Цифрлық платформалар:***

•Quizlet – жаңа етістіктерді есте сақтауға;

•Kahoot – жедел тексеруге;

•LearningApps – жұптау, сәйкестендіру тапсырмалары үшін;

•Google Classroom – онлайн кері байланыс.

***2. Интерактивті әдістер:***

•«Етістік карталары» ойыны;

•«Сөзжасам шеңбері» стратегиясы;

•«Цифрлық диктант»;

•Онлайн мәтіндік талдау.

***3. Жобалық жұмыс:***

Оқушыларға:

•мәтіннен туынды етістіктерді табу,

•олармен шағын мәтін, бейнеролик немесе инфографика дайындау тапсырылды.

***4. Саралап оқыту:***

Оқушылардың деңгейіне қарай үш деңгейлі тапсырмалар енгізілді.

Диагностикалық құралдар:

•бақылау жұмыстары,

•рубрикалар,

•сөздік қоры динамикасының кестелік талдауы,

•сынып ішілік сауалнама.

**Талдау және талқылау**

7-сыныпта «Етістіктің жасалуы» тақырыбы оқулық бағдарламасында қарастырылады. Оқушыларға тілдік қорды байыту мақсатында етістік сөзжасамын үйрету маңызды. Әдістемелік тұрғыдан тиімді тәсілдерге келесі бағыттар жатады:

Талдау мен салыстыру арқылы оқыту. Оқушыларға бір түбірден жасалған түбірлес етістіктер тізімін ұсына отырып, оларды талдап үйрету нәтижелі. Мысалы, оқу *(зат есім)* – оқыту *(етістік),* келу – келтіру, отыру – отырғызу сияқты жұптардан жұрнақтың қандай мағынаға әсерін тигізетінін анықтату. Бұл амал морфеманы ажыратуға және жаңа сөздің мағынасына назар аудартуға мүмкіндік береді.

Көрнекі материалдар мен жаттығу. Сөзжасамға арналған кестелер, пирамида, кластер сияқты көрнекі құралдар қолдану ұсынылады. Оқулық пен әдістемеде көрсетілгендей, визуалды құралдар мен техникалық жабдықтарды пайдалану тиімділігі жоғары. Мысалы, «етістік – туынды жұрнақ» жұптарын *(–ла, –дыр, –ыл т.б.)* суреттер арқылы жаттықтыру немесе «жұрнақтар кімдер?» тақырыбында әңгіме ұйымдастыру арқылы түсінікті етеді.

Интерактивті сабақтар. Топтық және жұптық жұмыс форматында берілген тапсырмаларды орындау сабақтың белсенділігін арттырады. Мысалы, оқушыларға түбірге жұрнақ жалғап сөздер құрастыру, сол сөздерді сөйлемде қолдану, грамматикалық кестелер толтыру сияқты шығармашылық жаттығулар беріледі. Айтылған әдіс-тәсілдер сөзжасам ұғымдарын бекітіп, ұғымды тәжірибеде қолдануға үйретеді.

Интердисциплинарлық байланыс. Сөзжасамды оқытуда әдебиет және тарих сабағымен байланыстырып көрсету тиімді. Мысалы, әдебиеттің кейбір мәтіндеріндегі бір түбірден жасалған сөздерге талдау жасау оқушылардың танымын кеңейтеді. Қазақ әдебиеті мен фольклоры материалында кездесетін етістік формаларын қарастыру да сабақтың мазмұнын тереңдетеді.

Методикалық нұсқаулықтар мен оқулық. «Сөздердің жасалуы» бөліміндегі теориялық мәліметтерді оқулық пен әдістемелік материалдар негізінде беру керек. Мысалы, Семей университетінің оқу-әдістемелік кешенінде айтылғандай, етістік сөзжасамының грамматикалық маңызы – орфографиялық дағдыларды қалыптастыруда және тілдің жалғамалылығы туралы ұғымды дамытуда. Яғни әрбір оқушы жұрнақтарды ажырату арқылы түбірдің өзгермейтіндігін, морфологиялық принциптің сақталуын сезінуі тиіс. Сонымен қатар, бұйрық райының II жақ формасын *(–ың, –ыңдар)* үйреткенде де кейінгі сөзжасам материалдарына дайындық қажет екенін есте ұстау керек.

**Оқыту тиімділігі мен сөз байытуға пайдасы**

Етістік сөзжасамды оқу сабақта оқушылардың тілдік сезімін, сөйлеу дағдыларын дамытуға септігін тигізеді. Алдыңғы мысалдарда көрсетілгендей, бір түбірден жаңа сөздер тізбегін жасау арқылы оқушылар сөздің құрамы мен мағынасына көз жеткізеді. Әдістемелік әдебиетте етістік сөзжасамын меңгеру оқушыларға бірнеше артықшылық беретіні айтылған:

*Лексика байытады.* Жаңа сөздерді үйрену кезінде оқушылар сөздік қорын толықтырады. Түбір сөзге жұрнақ қосып көп мағыналы атаулар жасау арқылы тілдесушінің лексикалық запасын байытуға мүмкіндік туады [ovj]. Мысалы, «бұйыру» түбірінен бұйрық, бұйыртып беру, бұйыртқы, бұйыртпақшы сынды туынды сөздерді талдау оқушының сөздік қорын молайтады.

*Морфологиялық түсінік береді.* Туынды етістіктерді талдау арқылы оқушы етістік түбір мен оның жұрнақтарының жеке семантикасын ажыратады. Осы арқылы грамматикалық категориялар (септік, рай, көркем мінездеме т.б.) туралы білім бекінеді. Семей университетінің еңбегінде атап көрсетілгендей, сөзжасамды меңгеру грамматиканың морфологиялық жүйесін түсініп, сөз таптарының арасындағы байланысты сезінуге негіз болады.

Орфография негізін нығайтады. Қазақ жазуында түбір сөз әрдайым түпкі қалпын сақтайды. Сөзжасам тапсырмалары арқылы оқушылар әр туынды сөзде түбірдің өзгермейтінін, қосымша грамматикалық жұрнақтардың қосылатынын байқап, орфографиялық дағдыларын жетілдіреді. Бұл, өз кезегінде, жазу дағдысының негізін қалады.

Мақсатқа жетелейтін ойлауды дамытады. Сөзжасам алгоритмін білу балаларға талдау жасау, логикалық ойлау қабілетін дамытады. Жаңа сөзді құрау үшін етістікке сәйкес жұрнақты таңдау, сөйлем контексінде қолдану жоспар құруды талап етеді. Бұл шығармашылық қабілеттерді шыңдап, тілді жан-жақты меңгертеді.

Жалпы, етістік сөзжасамын меңгеру арқылы оқушы қазақ тілінің жалғамалы (агглютинативті) сипатының артықшылығын көреді. Семей әдістемелік күрделі мақаласында мысал ретінде «теңгермешілік, оқылымшылық» сөздері алынған; әрбір жұрнақтың мағынаға қосқан үлесі талданып, қазақ тілінің жүйелі әрі құрылымдық табиғатын терең түсінуге септігін тигізетіні айтылған. Осылайша, етістік сөзжасамын оқыту балаларға сөздердің құрылымын сезіндірумен ғана шектелмей, жалпы лингвистикалық мәдениеттің де дамуына ықпал етеді.

**1. Инновациялық әдістердің тиімділігі**

Зерттеу нәтижесінде инновациялық технологиялардың бірнеше артықшылығы анықталды:

1) Оқушылардың қызығушылығы артты.

Kahoot пен Quizlet арқылы жаңа туынды етістіктерді үйрену – оқушыларды бәсекелестікке жетелеп, білімді ойын арқылы бекітті.

2) Сөздік қоры айтарлықтай кеңейді.

Эксперимент басында 12–15 жаңа туынды етістікті білсе, соңында бұл көрсеткіш 32–45 сөзге дейін артты.

3) Шығармашылық белсенділік өсті.

Жобалық жұмыс кезінде оқушылар:

•“жаңарту”, “тереңдету”, “күшейту”, “айналдыру”, “жандандыру” секілді туынды етістіктерді мәтіндерінде жиі қолданды;

•инфографика мен бейнеролик құрастыруға белсенді қатысты.

4) Цифрлық ойлау дамыды.

Интерактивті тапсырмалар оқушының ақпаратты талдау, салыстыру, жүйелеу сияқты дағдыларын дамытты.

**2. Сабақта қолданылған тиімді тәсілдер**

а) «Сөзжасам шеңбері» стратегиясы

Оқушылар берілген түбірден 1 минут ішінде мүмкін болғанша көп туынды етістік жасауы керек.

Мысалы: жаз → жазу, жаздыру, жазғызу, жазықтау, жазыстыру т.б.

ә) «Интерактивті сөйлем құрастыр»

Digital board-та (Padlet, Miro) оқушылар берілген етістіктерді қолдана отырып, бірлесе сөйлем немесе шағын мәтін құрайды.

б) «Етістіктер картасы» ойыны

Туынды етістіктер мен түбірлерін сәйкестендіру арқылы оқушылар жаңа сөзжасамдық байланыстарды меңгереді.

в) Жобалық жұмыс – «Туынды етістіктер күнделігі»

Оқушы күнделікті өмірден естіген/кездестірген туынды етістіктерді жазып, сабақта түсіндіріп береді.

### 3. Оқушылар нәтижелерінің талдауы

| Көрсеткіш | Бастапқы деңгей | Эксперимент соңында |
|---|---|---|
| Туынды етістіктерді тану | 50–55% | 85–92% |
| Туынды етістіктерді дұрыс қолдану | 40% | 78% |
| Шығармашылық тапсырмаларды орындау сапасы | 45% | 80% |

Бұл деректер инновациялық әдістердің тиімділігін дәлелдейді.

Етістікке негізделген сөзжасам қазақ тілінің байлығын көрсететін маңызды құбылыс. Осы тақырыпта жүргізілген зерттеулер – қазақ тіл білімінің классик ғалымдарының ірі еңбектерінен бастап қазіргі әдістемелік жұмыстарға дейін – етістік морфологиясының жан-жақты өзектілігін дәлелдейді. Мектепке арналған әдістемеде бұл материал интерактивті әдістер мен көрнекі құралдар арқылы оқытылып, оқушының сөзжасамдық дағдысын қалыптастыруға бағытталуы қажет. Нәтижесінде, сөзжасамды терең түсіну балалардың сөздік қорын молайтып, грамматикаға деген түсінігін байытады және жалпы сөздік мәдениетін арттырады.

Инновациялық педагогикалық әдістерді қолдану туынды түбірлес етістіктерді оқытуда ерекше нәтиже береді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей:

1.Цифрлық платформалар сөздік қорды жылдам әрі тиімді кеңейтеді.

2.Жобалық және ойын технологиялары оқу мотивациясын арттырады.

3.Интерактивті тапсырмалар оқушының логикалық, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытады.

4.Туынды етістіктерді меңгеру деңгейі айтарлықтай жоғарылайды.

Болашақта бұл әдістерді онлайн-офлайн гибрид форматында кеңейту, жасанды интеллект элементтерін қолдану және саралап оқытуды тереңдету – қазақ тілін оқытудағы жаңа мүмкіндіктерді ашады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. – Алматы, 2017.

2.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999.

3.Сүлейменова Э. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1988.

4.Қазақ тілі. 7-сынып оқулығы. – Алматы, 2023.

5.Зәуірбекова А. Инновациялық оқыту технологиялары. – Астана, 2021.

6.Назарбаев З.Инновациялық білім беру және жаңа форматты мұғалім. – Алматы, 2020.

ӘОЖ 004.8:37

## Ғ.МҰСТАФИН ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**БИСЕИТОВА ЖАРҚЫН РАХЫМОВНА**

М.Жұмабаев атындағы №21 орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Эта статья посвящена изучению языковых особенностей фразеологизмов в произведениях Г. Мустафина. В ходе исследования рассматриваются языковое мастерство автора, способы использования устойчивых выражений и их текстовое значение. Фразеологизмы придают тексту экспрессивную окраску и являются важным средством передачи мыслей и эмоций

персонажей. Кроме того, в результате статьи выявляются стилистические и семантические особенности устойчивых выражений в языке Г. Мустафина и анализируется их роль в литературном тексте.

**Summary.** This article is devoted to studying the linguistic features of phraseological units in the works of G. Mustafin. The research examines the author's linguistic mastery, the ways of using stable expressions, and their textual significance. Phraseological units enrich the text expressively and serve as an important tool for conveying characters' thoughts and emotions. The study also identifies the stylistic and semantic features of phraseological units in G. Mustafin's language and analyzes their role in literary texts.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан ана тіліміздің болашағы жайлы әртүрлі пікірлер айтылып жүрген бүгінгі таңда тілдік қорымыздың өте бай саласы – тұрақты тіркестер және оның көркем шығармада қолданылу жайын қарастыру заман талабынан туындап отырған өзекті мәселелердің бірі екендігін жасыра алмаймыз.

Кезінде фразеологизмдерді қарастырған орыс ғалымдары болашақта фразеологияның орны тіл білімі ғылымында фонетика, синтаксис, морфология тәрізді салалармен тең тұрғыда зерттелетіндігін баса айтқандығы белгілі. Жалпы қазақ тіл білімінде фразеологиялық тіркестер өткен ғасырдың орта тұсынан бастап ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырыла бастады. Оған осы салада қомақты зерттеу еңбектер мен тиянақты тұжырымдар білдірген белгілі ғалымдар: І.Кеңесбаев, К.Аханов, С.Аманжолов, Ғ.Мұсабаев, М.Серғалиев, Р.Сыздық, М.Оразов, Ә.Болғанбайұлы, М.Белбаева, Ж.Мусиндердің еңбектері дәлел болады. Ал ұлттық болмысымызды, рухани құндылықтарымызды сақтауды мақсат тұтқан қазіргі кезеңде ұлттық мәдениеттіміздің бір айғағы тұрақты тіркестер тілші ғалымдардың назарын өзіне аударуда. Оның дәлелі ретінде Г.Сырлыбаева, Г.Н.Смағұлова, Б.Қ.Момынова, Р.Барлыбаева, Р.Садықбеков, Ғ.Қалиұлы, А.Айғабылов, Р.Ә.Авакова, Ұ.Қайырбекова, С.Сәтенова, тағы басқа ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын атап көрсетуге болады.

Тұрақты тіркестер - келешекте жастарымыздың тілдік қорын байытуға, ойлау қабілетін дамытуға ықпалы зор айшықты да, өткір, мәнді тілдік қазына болып табылады. Осыны жақсы түсінген ұлттық руханиятымызда орны ерекше көркем сөз шеберлері, қарымды қаламгерліміздің бірі - Ғ.Мұстафин өз туындыларында тұрақты тіркестерді мейлінше кеңінен, орнымен қолдана білген. Қаламгер шығармаларында *ақ дегені алғыс, айызы қану, ала жіпті аттамау, ат кекілін кесіп кету, аузының суы құру, әкесін таныту, бармағын тістеу, бет моншағы үзілу, жүрек жұтқан, ит өлген жер, көзігіп алу, көз аларту, көз бояушылық жасау, көңілі суу, абыройын айрандай төгу* деген тұрақты сөз тіркестер молынан кездеседі. Сондай-ақ, жазушы қолданысында синоним, омоним, көп мағыналы сөздер мен архаизмдерден жасалған тұрақты тіркестер де аз емес.

Ғ.Мұстафиннің шығармашылығында үстеулік мағыналы фразеологиялық тіркестер де мол ұшырасады. Мысалы, «*Он бес қара бордақылауға, оны* ***қара өзек*** *шақта сойып сатуға бекіді»* деген сөйлемді алайық [1]. Мұндағы жазғытұрым ұғымын ***қара өзек*** тіркесі беріп тұр. Ол бұл сөзге синонимдік қатар жасайды. Айта кетер бір жай, ***қара өзек шақ*** тіркесі бірде үстеулік мағынада келсе, кейде заттық мағынада да қолданылады. Мәселен, *қара өзегін қақ жарып шыққан шындық* дегенде заттық мағына береді.

Қаламгер шығармаларында тұрақты тіркестердің орын алуы мәселесін қарастыру барысында байқалған бір нәрсе - етістік тобына кіретін тұрақты тіркестердің семантикасы әр алуан екендігі. Ғ.Мұстафин шығармаларында етістік тобына кіретін тұрақты тіркестердің ішінде нақты іс-әрекетті көрсететін фразеологизмдер көп. «*Бала бақылаусыз, бала үйдегісін мектепте де істейді дегенде, Жантас* ***кірерге жер таппаған****. Жомарт* ***жақ ашпады****. Ермектің өзі* ***бет бақтырмайды****. Қалай тұрсаң, олай тұр, мен мұныңды* ***ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына жаям***» [2,26б.]. Осында алынған бірінші сөйлемдегі ***кірерге жер таппаған*** тұрақты тіркесі ұялды деген мағына берсе, екінші сөйлемдегі ***жақ ашпады*** деген тұрақты тіркес үндемеді мағынасында келіп тұр. Ал ***бет бақтырмайды*** мойындамайды деген мағына берсе***, ұзын елдің үйіріне, қысқа елдің қиырына жаям*** деген тұрақты тіркес хабарлау, тарату мағынасында қолданылған.

Тұрақты тіркестер өзінің ұйытқы сөзіне орай әртүрлі семантикалық мәнге иелік жасай алады. Бірде тұрақты тіркестердің құрамындағы жеке дара сөздер өзінің түпкі мағынасынан ажырамаса, кейде мағынасы сақталмастан, метафоралы ауыспалы мағынада жасалады. Ал кейбір

тұрақты тіркестерде сөздер негізгі мағынасынан түбегейлі ажырап қалады. Бұларды ғалым Х.Қожахметова етістік тобындағы фразеологиялық тұтастықтар деп атайды[2].

Оларға бірінші, нақты іс-әрекет, қимыл-қозғалысты көрсететін құрамындағы сыңарлары түпкі мағынасынан айрылмаған фразеологиялық бірліктер жатады. Осы фразеологиялық бірліктерге мысалға «Миллионердегі» «Сол жатқаннан түн ортасына дейін ***тұяқ серіппеді***» деген сөйлем мысал болады. Осында ***тұяқ серіппеді*** деген тіркес оянбады деген мағына үстейді [1]. Сөз таптарының ішінде етістік тобына кіретін келесі бір тұрақты тіркестер психологиялық жай-күйді көрсетеді. Мысалға, «Миллионердегі»: *«Жанат мұңайғанда, Ырысжанның* ***жаны шығып кете жаздады****. Осы үш пәледен құтылсам дегенде* ***көкірегі қарс айрылды*** *Бейсеннің*» деген сөйлемдердегі тұрақты тіркестер, «Қарағандыдағы»: *«Не дерін білмеді,* ***жүрегі аузына тығылды.*** *Осыны айтқанда Әлібек бар* ***қанын ішіне тартып алған*** *екен*» деген мысалдардағы тұрақты сөз тіркестері белгілі бір немесе, нақты іс-қимылды атамайды[1]. Мұндағы ***жаны шығып кете жаздады*** аяу мағынасын, ***көкірегі қарс айрылды*** уайымдау мағынасын, ***жүрегі аузына тығылды*** қорқу мағынасын, ***қанын ішіне тартып алған*** ызалану мағынасында қолданылған.

Ауыспалы, келтірінді ұғымды беретін психологиялық жай-күйді білдіретін етістік тобындағы тұрақты тіркестерге тағы бір мысал келтірейік: «*Соны қайсың бердің? – деп,* ***жанымызды суырып ала жаздады***. ***Кеудесіне нан пісіп*** *сендерге бұдан былай пысқырмаймын да деп отыр*» [2,28б.]. Осы сөйлемдердегі ***жанымызды суырып ала жаздады*** тіркесі қысу мағынасын, ***кеудесіне нан пісіп*** тіркесі дандайсу мағынасын үстейді.

Тұрақты тіркестер қолданылу қызметіне қарай сөйлемде тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелер болып келеді. Ғ.Мұстафиннің тілдік қорында тұрақты тіркестер әсіресе баяндауыш қызметін көптеп атқарады. *«Алыстан келіпті,* ***жаным ашыды»*** [1] деген сөйлемде ***жаным ашыды*** тіркесі аядым мағынасында қолданылып, баяндауыштық қызмет атқарып тұр.

Ғалымдардың пайымдауынша, біріншіден, тұрақты тіркестер «лексикалық бірлік түрінде, тізбектелген түрде жай сөйлемдердің ішінде келіп, баяндауыш қызметін орындайды. Ондай тұрақты тіркестер етістікше түрлене алады. Кей жағдайларда осындай тұрақты тіркестер күрделі баяндауыштың құрамында да ұшырасады». Ғ.Мұстафиннен алынған: «*Әлгі ант ұрғанмен де* ***түс шайысып қалдым.*** *Екі өкпеңізден қысып* ***жаныңыз мұрныңыздың ұшында тұрғандай болдыңыз ғой»*** [1] деген сөйлемдердегі ***түс шайысып қалдым, жаныңыз мұрныңыздың ұшында тұрғандай болдыңыз*** деген тұрақты тіркестер көмекші етістіктермен қабыса отырып, күрделі баяндауыш қызметін атқарады.

Екіншіден, байқап қарасақ, Ғ.Мұстафин шығармаларында қолданылған тұрақты тіркестер сөйлемдегі орналасу ретіне қарай сөйлемнің басқа мүшесі де қызметін атқара алады. «***Жүнің жығылып*** *неғып отырсың?* ***Көз байлана*** *қалаға енді екеуі. Мейраммен алғашқы кездескен жерде-ақ* ***апшысып қуырған*** *өткір келіншек – осы Балжан»* [1] деген сөйлемдерде ***жүнің жығылып, көз байлана*** деген тұрақты тіркестер баяндауыштың жай-күйін анықтып, пысықтауыш қызметінде келсе, ***апшысып қуырған*** деген тіркес анықтауыш қызметін атқарып тұр.

Үшіншіден, етістік тобындағы тұрақты тіркестер құрмалас сөйлемнің құрамында орын алып, бірде басыңқы, ал келесіде бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы қызметін де атқарады. «Миллионердегі» «*Жанат мұңайғанда Ырысжанның* ***жаны шығып кете жаздады»*** деген сөйлемде *жаны шығып кете жаздады* деген тұрақты тіркес баяндауыш қызметін атқарып тұр[3].

Қаламгер туындыларына зер салсақ, тұрақты сөз тіркесі мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлемнің бағыныңқысының баяндауышы да қызметінде келе береді. «Миллионердегі» «*Қонағының* ***ішіне ел қонған кезде,*** *Жанат шым-шымдап сыр тартуға кірісті»* [3] деген сйлемде *ішіне ел қонған кезде* деген тіркес құрмалас сөйлемнің бірінші бағыныңқы сөйлемінің баяндауышы болып тұр. Ал, «Дауылдан кейіндегі» «***Сапты аяққа ас құйып, сабынан құрауыл қарайтын болсаң,*** *қызмет тең өте ауыр»* деген сөйлемде тұрақты сөз тіркесі шартты бағыныңқының бағыныңқы сөйлемінің күрделі баяндауышының құрамында да орын алған. Кей тұстарда Ғ.Мұстафиннің шығармаларына зер салсаңыз, тұрақты сөз тіркестері алғашқы сөйлемдегі айтылмақ ойды жалғастыра өзі жеке-дара сөйлем құрайды. «*Соны қайсың бердің? –* деп, ***жанымызды суырып ала жаздады. Ақ безер де көк безер бола бердік»*** деген мысал осыған айғақ болады[4]. Осы мәселені қарастыра келіп, біздің байқағанымыз, қимыл, істі білдіретін тұрақты тіркестер етістік сөз табында жұмсалады. Яғни, бұл дегеніміз, тұрақты тіркестердің баяндауыш қызметінде келетінді. Болмаған жағдайда етістік ретінде күрделі баяндауыш болады. Ғ.Мұстафиннің шығармаларында тұрақты сөз тіркестерінің пунктуацияға байланысты кездесетін мәселесі де айрықша назар аударады. Үтір - тыныс белгілерінің ішінде ең мол қолданылатындарының бірі болып табылады. Қаратпа сөздерге байланысты қойылатын үтірге

Ғ.Мұстафин шығармасынан алынған: «***Кәрі тарлан, шапқан сайын үдейсің»*** [3] деген сөйлем мысал болады.

Сондай-ақ, Ғ.Мұстафин шығармаларындағы тұрақты тіркестердің табиғатына көңіл бөлсек, метафора, метонимия, синекдоха, теңеу, эпитет гипербола, литота, градация, қайталау, тағы басқа тілдік суреттеме көркемдегіш құралдар көптеп орын алғандығына куә боламыз. Қаламгердің тілдік қолданысында олар кей тұстарда жай тіркестерден құралса, енді бір жерлерде тұрақты тіркестерден жасалады.

Мысалы, құбылтудың бір түрі – аллегорияны алайық. Әдебиетші-ғалым З.Қабдолов аллегория терминіне тоқтала келе, ол туралы «ұғым қалпында тұрған дерексіз нәрселер кәдімгідей көзге көрінер деректі нәрсеге ауыстырылады» деп қорытынды жасайды[ 5,234б.]. Айтпақ ой астарлап берілетін, дерексіз ұғымдар деректіге айналатын құбылтудың бұл түрінің тұрақты тіркестерден болып келуі Ғ.Мұстафиннің сөз саптауында шебер жасалған. «***Тышқан ініне кіре алмай жүріп, құйрығына қалжауыр байлайды»*** деген мысал осының айғағы[3].

Ғ.Мұстафиннің туындыларында мақал-мәтелдердің орын алуы мәселесі ерекше көңіл бөлерлік жағдай. «Дауылдан кейін» романының өзінде «Адасқанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң», «Ел құлағы елу», «Байтал шауып бәйге алмас», «Бұйырған кетпес», «Біреуге мал қайғы, біреуге бас қайғы» деп келетін жалпы саны жетпіске жуық мақал-мәтел кездеседі [2]. Ғалым Х.Қожахметова Ғ.Мұстафиннің қаламынан *«Бабын таптаған еңбек, құмға құйған су сияқты. Бабын тапсаң, ана сияқты. Ие береді, ие береді», «Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек»* сияқты сөз мәйегі – мақал-мәтелдерге ұқсас келетін айтуға жеңіл, мазмұнға бай қанатты сөздердің де көптеп туындығындығын жазады[2].

Ойымызды түйіндей келгенде, ана тіліміздің өте бай, маңызды бір бөлігі – тұрақты тіркестерді көрнекті жазушы Ғ.Мұстафин өз мәнінде, табиғи қалпында пайдаланумен қоса оларды асқан шығармашылықпен жаңғырта жаңартып, өзіндік рең үстеп, түрлендіре қолданған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы.-Алматы:Жазушы.Т.2. 1982. – 424б.

2.Қожахметова Х.Қ. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы.- – Алматы: Мектеп, 1972. – 112б.

3.Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы.- Алматы:Жазушы.Т.1.1982. – 348б.

4.Мұстафин Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы.- Алматы:Жазушы.Т.3.1982. – 424б.

5Қабдолов З. Сөз өнері.- Алматы: Мектеп. 1976.- 275б.

ӘОЖ 81'1:81'32

## АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**СЕЙДАЛИЕВА БОТАГОЗ МУРАТОВНА**
М.Жұмабаев атындағы №21 орта мектептің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматривается роль дидактических игр в обучении иностранному языку. Игры повышают учебную активность, формируют интерес учащихся и способствуют всестороннему усвоению знаний. На начальном этапе изучения английского языка особенно важно эффективно использовать игровые элементы. Поскольку через игру ребёнок приобретает социальный опыт, выбор дидактических игр должен соответствовать цели, содержанию урока и возрастным особенностям учащихся.

**Summary.** This article examines the role of didactic games in foreign language teaching. Games increase students' learning activity, spark their interest, and help them acquire knowledge more comprehensively. At the initial stage of learning English, it is especially important to use game elements effectively. Since children gain social experience through play, didactic games should be selected according to the lesson's goals, content, and the learners' age characteristics.

Бүгінгі қоғамның дамуы, ғылым мен техниканың алға шарықтауы мектептегі оқыту үрдісін жаңа әдістер мен технологиялар арқылы ұйымдастыруды қажет етуде. Бұл талаптың орындалуы

оқушының білімін арттырып қана қоймай, оның сана – сезімін, ойлау қабілетін, тұлғалық қасиеттерін жан – жақты дамытуға, сол арқылы ертеңгі еліміздің әлеуметтік – экономикалық тұрмыс деңгейіне де әсер етеді [1, 39б.].

Ағылшын тілі сабағында дара тұлға қалыптастыруда оқушының өз ойын, пікірін шетел тілінде еркін, дұрыс, жатық әрі түсінікті етіп жеткізіп қана қоймай, шет тілін тек теориялық тұрғыдан ғана үйренбей, білімін практикалық өмірде кеңінен қолдануы маңызды рөл атқарады. Бұл үшін оқушы бойында, біріншіден, айтар ойын жасқанбай жеткізе білуі, екіншіден, сөйлемдерді дұрыс құрастыра алуы, үшіншіден, сөйлеу мәдениетінің нормаларын сақтап сөйлеу дағдылары мен білім біліктері болуы керек [2, 130б.]. Демек, мұның барлығы ағылшын тілін сапалы, тиімді әдіс-тәсілдермен оқытқанда ғана жүзеге асады. Олай болса, жалпы орта білім беретін мектептерде дидактикалық ойындарды тиімді пайдаланудың маңызы зор. Себебі сабақ мақсатымен тығыз сабақтаса жүргізілетін дидактикалық ойындар оқушының сабаққа деген танымдық қызығушылығын қалыптастыратын фактор ғана емес, орынды қолдана алған жағдайда ол баланың әлеуметтік дағдыларын жетілдірудің көзі, ортада өмір сүруге бейімдеудің, өз бойындағы қарым-қатынастық қабілеттерді дамытудың тетігі болып саналады.

Ағылшын тілін дидактикалық ойындар арқылы меңгерту сабақтары білім беру мазмұны мен оқытылатын білім көлеміне, оқушыларға шетел тілінен білім мен дағдыларды игертудегі негізгі дидактикалық принциптер мен оқыту әдіс- тәсілдерін, т.б. дидактикалық теорияларды негізге алуды міндеттейді.

Дидактиканың негізгі заңдылықтарын, оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдерін, теориялық білім мен практикалық дағдыларды берудегі негізгі принциптерді айқындауда Я.А.Коменский, И.Песталоцци, Ф.Дистервег, К.Д.Ушинский, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Д.Әлімжанов, Ы. Маманов, Ә.Исабаев, Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев, Ю.К. Бабанский, Б.П. Есипов, М.А. Данилов, Л.В. Занков, М.Н.Скаткиндердің түйіндеулері негізге алынды.

Дидактикалық ойындар оқушыларды тілдік материалдарға қызықтыруымен қатар тіл білімінен алған білімдерін бекіту, тереңдету үшін де тиімді. Мұның өзі дидактикалық ойындардың оқушылардың танымын кеңейтіп, оның ойлау қабілетін, ізденімпаздығын, еңбекқорлығын жетілдіруде, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Дидактикалық ойындар барысында оқушылар өздерін еркін сезінеді, басқа жолдастарымен тілдік қарым-қатынасқа оңай түседі [3, 448б]. Бұл сабақтың мотивациялық қуатының күшеюіне, сапалық деңгейінің артуына оң ықпал етіп, оқушылардың пән мазмұнын саналы игеруіне жол ашады. Сондықтан оқыту барысында дидактикалық ойындарды қолдану — ағылшын тілінен білім сапасын көтерудің тетігі, пәнге саналы қатынастың шарты болып табылады.

Сабақ үстінде жүргізілетін жұмыс түрлері, тақырыпқа сай алынған тәрбиелік мәні бар ойын элементтері оқушылардың ойлау белсенділігін керек етеді. Сондықтан мұғалім әр сабағында ойын түрлерін орнымен қолданып, оны қызықты ету арқылы олардың білімге ынта – ықыласын, пәнге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруды мақсат етеді [5, 155б.]. Мұғалім сабағын баланың қабілет - қарымына, психологиялық ерекшелігіне сай байланыста жоспарлау керек. Сонда ғана сабақ тартымды, жеңіл болады, оқушыларды жалықтырмайды.

Ағылшын тілінде сөйлеуге және жазуға үйретететін арнайы ойындар да болады. Ағылшын тілі сабағында әрбір оқушының сабаққа белсенді қатысуының, ауызекі сөйлеуге құлшындыратын, ағылшын тілін оқып үйренуге талпынысы мен қызығушылығын арттыратын әдіс-тәсілдер түрі ерекше орын алады. Бұл міндеттерді сабақта оқытудың ойын әдістерінің көмегімен шешуге болады. Алайда, ойын әрекетін қандай мақсатта қолдануға болады? Қандай деңгейде? Сабақтың қай кезеңінде? Қай кезде жақсы нәтиже береді? деген сұрақтар әрбір мұғалімді толғандыратыны сөзсіз.

Ойынның сабақ барысындағы басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушының:

- қисынды ой-қабілеті дамиды;
- өздігінен жұмыс істеуге үйренеді;
- сөздік қоры баийды, тілі дамиды;
- зейіні қалыптасады;
- байқампаздығы артады;

- өзара сыйластыққа үйретеді;
- ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды;
- бір-біріне деген оқушы сенімі артады;
- сабаққа қызығушылығы артады.

Ағылшын тілінде қолданылып жүрген көптеген ойынның түрлері бар. Оқушының тілін дамытуда сөздік ойындарын қолдану тиімдірек. Сондай ойындардың бірі – «Керекті сөзді тауып айт». Ойынның мақсаты – қажетті сөздерді дұрыс тауып айтуға жаттықтыру, оқушы зейінін қалыптастыру. Бұл ойында мұғалім сабаққа қатысты жалпылама сөзді атайды, оқушылар қажетті сөздерді атайды немесе жазады. Сондай-ақ оқушы зейінін қалыптастыруда «Who's the faster?» ойынын өткізуге болады. Бұл ойынды барлық сабақтарда қолдануға болады. Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін дидактикалық ойындар мен тапсырмалардан басқа грамматикалық ойындардың орны ерекше. Яғни құзіреттілік тапсырмалар арқылы оқушының тілімен, оқуға деген және пәнге деген ынтасы артады [6, 378б.]. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өз беттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері де бар. Бұл ойын әр түрлі жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады. «Жүгірмелі диктант» ойыны. Сынып үш топқа бөлінеді. Тақтаға қағазға жазылған мәтіндерді жапсырамын. Бір топтың бір оқушысы тақтаға барып тез арада мәтіннен есіне сақтаған сөйлемін екінші оқушыға айтады, екіншісі жазады, үшіншісі тексереді. Осылай мәтін аяқталғанша жалғаса береді. Тақтадағы барлық мәтінді бірінші болып әрі қатесіз көшірген топ жеңімпаз. Бұл ойын баланың есте сақтау, жазу мен сөйлеу қабілетін дамытады.

Сабақ барысында оқушылардың тілін дамытатындай, олардың оқу әрекетіндегі белсенділігін арттыратындай ойындарды қолдануға болады. Олар: «доппен ойыны» – балалар допты бір-біріне лақтырып тез заттың атын немесе түсін, яғни жалғастыру керек. «Сұрақ қой» ойынында үстелдің үстінде бірнеше заттар жатады, оқушылар әр затқа сұрақ қою керек, «Затты тап» ойынында мұғалім әлдебір затты гаетпен жауып, сұрақтар қою барысында оқушылар ол не зат екенін шешу керек, «Сөз құра» – суретке қарап атын атау және осы сөздің бірінші әрпіне сөз құрау керек. Қимылдары дамуымен қатар ойын барысында өлең, тақпақ жаттайды, мысалы: «colours», «friends», «school», «family».

Сондай-ақ оқушы құзыреттіліктерін дамытатындай рольдік, сюжеттік ойындарға үлкен мән берген дұрыс. Ойын үстінде бала сұранысы мен мұғалім тапсырмасы өзара ұштасады. Мысалы: «Our house» ойыны. Топ өздері тұрғысы келетін үйдің сұлбасын сызады немесе суретін салады. Одан кейін осы үйді салу үшін материалдарды анықтап алады. Осылайша ойын өмірмен байланыста болып, оқушы құзыреттілігін дамытуға септігін тигізеді.

Дидактикалық ойындар оқушылардың таным белсендігін жандандыратын, өздігінен ойлауын дамытатын тәсілдердің бірі [4, 302б]. Олар кез-келген оқу материалын қызықты да тартымды қылып, оқушылардың көңіл - күйін көтеруге, өздерінің жұмыстарына қанағаттануға және білім үрдісін жеңіл меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында ойын арқылы дамытуға арналған тапсырмалар жүйелі бағытталып, ұйымдастырылып отырса сонда ғана мұғалімнің сабақ мақсатына жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, жаңа ғасыр және мыңжылдық тоғысында ақпараттық өркениеттің қалыптасу дәуірінде білім беру мәселелері, оның бүгіні мен ертеңі – өзекті мәселелердің бірі. «Ел ертеңі – білімді ұрпақ» демекші, оқушыны білімді, адамгершілігі мол, ойы терең, сөзі өткір, өзіндік пікірі, болжамы қалыптасқан заман талабына сай етіп тәрбиелеу үшін әрбір ұстаз тынбай еңбек етіп, үнемі ізденісте болуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Дидактикалық ойындар, (құрастырған К.Оразбекова) Алматы, РОМК 1990-39б.
2. Коменский Я.А. Ұлы дидактика, Алматы: 1993,130б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы Алматы Ана тілі 1992-448б.
4. Аймауытов Ж Таңдамалы шығармалар жинағы Алматы:1998,302б.
5. Жұмабаев М. Педагогика Алматы Ана тілі 1992.-155б.
6. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Астана: Л.Гумилев атындағы ЕАУ, 1998, 378б.
7. Қазақстан мектебі. №1.2004 қаңтар. Ғылыми–педагогикалық журнал.
8. Мектептегі шет тілі. Республикалық әдістемелік- педагогикалық журнал. №3(45), 2010.

ӘОЖ 82.389.27

# ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕР І

**АУҒАНБАЙ ТАҢШОЛПАН ЕРЖАНҚЫЗЫ**
№42 орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной работе рассматриваются исследования Шокана Уалиханова, посвящённые вопросам образования и просвещения в казахском обществе XIX века. Особое внимание уделяется его взглядам на необходимость модернизации традиционной системы обучения, внедрения научных знаний и развития светского образования. Уалиханов подчёркивал значимость культурного диалога между Востоком и Западом, считая, что сочетание передовых европейских методов обучения с национальными особенностями казахского народа способствует общественному прогрессу. Его труды отражают стремление к формированию образованной, ой-өристі личности и созданию условий для интеллектуального өсу в условиях меняющейся социальной среды. Исследования Уалиханова остаются актуальными и сегодня, поскольку затрагивают фундаментальные вопросы реформирования образования и сохранения национальной самобытности.

**Summary.** This paper examines the studies of Shokan Ualikhanov, dedicated to issues of education and enlightenment in Kazakh society in the 19th century. Special attention is given to his views on the necessity of modernizing the traditional education system, introducing scientific knowledge, and developing secular education. Ualikhanov emphasized the importance of cultural dialogue between the East and the West, believing that combining advanced European teaching methods with the national characteristics of the Kazakh people contributes to social progress. His works reflect the aspiration to form an educated, broad-minded individual and to create conditions for intellectual growth in a changing social environment. Ualikhanov’s research remains relevant today, as it addresses fundamental issues of educational reform and the preservation of national identity.

Шоқан Уәлиханов – XIX ғасырдың көрнекті ғалымы, ағартушысы, этнографы және саяхатшысы. Ол қазақ қоғамының дамуы үшін білімнің маңызын терең түсініп, оқу-ағарту саласында реформалар қажет екенін атап өтті. Оның білім беру туралы идеялары өз заманы үшін прогрессивті болып, қазақ халқының мәдениеті мен өркениетінің дамуына ықпал етті.Бұл баяндамада Шоқан Уәлихановтың білім беру реформасы туралы ойлары, оның ағартушылық қызметі және қазақ қоғамындағы білім жүйесін өзгертуге қосқан үлесі қарастырылады.

1. Шоқан Уәлихановтың білімге көзқарасы

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының дамуы үшін батыстық және шығыстық білім жүйесінің үйлесімділігі маңызды деп санады. Ол өзі білім алған Омбы кадет корпусында орыс және еуропалық ғылымдармен танысып, білім мен ғылымның қоғамды өзгерту құралы екенін түсінді.

Шоқанның пікірінше, қазақ халқы көшпелі өмір салтынан өркениетті қоғамға өту үшін білімнің рөлі ерекше. Ол ескі медреселік діни білімнің қазақ жастарына заман талабына сай білім бермейтінін сынға алды. Оның орнына зайырлы білім беру жүйесін қалыптастыру қажет деп есептеді.

2. Білім беру жүйесін реформалау туралы ұсыныстары

Шоқан Уәлиханов қазақ халқының білім алуын жақсарту үшін бірнеше маңызды реформаларды ұсынды. Ол дәстүрлі медреселік білімнің заман талабына сай келмейтінін, сондықтан жаңа білім беру жүйесін енгізу қажеттігін баса айтты. Оның ойынша, қазақ жастары тек діни біліммен шектелмей, ғылым мен техника, әдебиет, тарих, география сияқты пәндерді меңгеруі керек еді [1,47б].

Шоқанның білім реформасына қатысты ұсыныстарын бірнеше негізгі бағыттарға бөлуге болады:

1. Қазақ жастарына зайырлы білім беру

XIX ғасырда қазақ қоғамында білім беру негізінен медреселерде діни ілімдерді үйретумен шектелді. Медреселерде араб және парсы тілдерінде діни сабақтар оқытылып, заманауи ғылымдар мүлде қарастырылмайтын. Шоқан бұл жүйенің қазақ халқын артта қалдыратынын түсініп, зайырлы білім беруді дамыту қажет екенін атап өтті.

- Оқушыларға математика, жаратылыстану, тарих, география, тіл білімі сияқты пәндерді оқыту керек деп санады.
- Қазақ қоғамына заманауи ғылым мен техниканы меңгерген мамандар қажет екенін айтты.
- Білім беру жүйесі тек шариғат заңдарына емес, рационалды ойлауға негізделуі тиіс деді.

2. Оқу орындарын көбейту және ана тілінде білім беру

Шоқан қазақ балаларына білім алуға қолжетімді жағдай жасау үшін ауылдық және қалалық мектептер санын арттыру қажеттігін ұсынды. Ол білім беруді тек діни мектептермен шектемей, жаңа үлгідегі зайырлы мектептер ашу керектігін айтты.

- Қазақ даласында мемлекеттік мектептер мен гимназиялар ашу қажеттігін көтерді.
- Бастауыш білім қазақ тілінде берілуі керек, ал жоғары сыныптарда орыс, француз, неміс сияқты шет тілдерін меңгеру маңызды екенін атап өтті.
- Оқулықтар мен оқу құралдарын қазақ тіліне аудару қажет деп санады.

3. Еуропалық білім беру жүйесін енгізу

Шоқан білім беру реформасын жүргізу үшін еуропалық білім үлгісін қазақ қоғамына енгізу маңызды деп білді. Ол Батыс Еуропа мен Ресейдің озық тәжірибелерін зерттеп, қазақ жастарын осы жүйеге тартуды қолдады.

- Қазақ балалары Ресей мен Еуропа оқу орындарында білім алуына мүмкіндік берілуі тиіс деді.
- Батыс ғылымы мен мәдениетін үйрену қазақ халқының өркениеттік дамуына жол ашады деп есептеді.
- Орыс тілін және басқа шет тілдерін үйрену арқылы қазақ жастары әлемдік ғылым мен білімге қол жеткізе алады деп түсінді.

4. Қыз балалардың білім алуы

XIX ғасырда қазақ қыздарының білім алуына шектеулер қойылған болатын. Әйелдер көбінесе үй шаруасымен айналысып, оқуға мүмкіндігі аз болды. Шоқан бұл жағдайды өзгерту керек деп есептеді.

- Қыз балалардың ер балалармен тең дәрежеде білім алуы қажет екенін айтты.
- Қазақ әйелдері білімді болса, қоғамның мәдени және әлеуметтік деңгейі артады деп санады.
- Қыздарға педагогикалық, медициналық және басқа да мамандықтарды үйрету қажет екенін алға тартты.

5. Мұғалімдерді даярлау және оқу бағдарламасын жетілдіру

- Білім жүйесін реформалау үшін ең алдымен сапалы мұғалімдер дайындау қажет екенін атап өтті.
- Қазақ даласында оқытушылар даярлайтын арнайы мектептер ашу керек деді.
- Мұғалімдер заманауи педагогикалық әдістерді меңгеруі тиіс.
- Қазақ тілінде оқулықтар, әдістемелік құралдар жасау қажеттігін көтерді.

Шоқан Уәлиханов білім беру реформасына қатысты нақты ұсыныстар жасады. Ол қазақ жастарына тек діни емес, зайырлы білім беру керек деп санады. Қазақ тілінде білім беруді қолдап, қыз балалардың да оқуы маңызды екенін айтты. Сонымен қатар, мұғалімдерді дайындап, қазақ даласында жаңа мектептер ашуды ұсынды.Оның бұл идеялары XX ғасырда Алаш зиялыларының реформаларымен жалғасын тауып, қазіргі Қазақстанның білім беру жүйесінің негізін қалады [2,88б].

Шоқан Уәлихановтың білім беру реформасына қатысты ойлары қазақ халқының өркениетті дамуы үшін маңызды болды. Ол білімнің тек жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына әсер ететінін түсінді. Оның ұсыныстары бүгінде Қазақстанның білім беру жүйесінің негізін қалаған идеялардың бірі болып саналады [3,108б].

Шоқанның көзқарастары оның өз заманы үшін өте прогрессивті болды және оның армандаған реформаларының көпшілігі қазіргі таңда жүзеге асты. Сондықтан оны қазақ ағартушылығының бастауында тұрған ұлы тұлға ретінде бағалаймыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Уәлиханов, Ш. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Ғылым, 1995.
2.Әбжанов, Х. Шоқан Уәлиханов – қазақ ағартушысы // Қазақстан тарихы журналы, 2010.
3.Қоңыратбаев, Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2000.

ӘОЖ 372.8:811

# АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ

**ОТЫНШИЕВА АҚНҰР КӨБЕЙХАНҚЫЗЫ**
Сыдық Абланов атындағы орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В данной статье всесторонне рассматриваются теоретические основы применения игровых элементов на уроках английского языка, а также их роль и эффективность в развитии речевых навыков учащихся. Результаты исследования показывают, что использование игровых элементов повышает мотивацию и улучшает качество учебного процесса.

**Summary.** This article provides a comprehensive analysis of the theoretical foundations of using game elements in English language lessons, as well as their role and effectiveness in developing students' speaking skills. The research results show that the use of game elements increases motivation and enhances the quality of the learning process.

Жаһандану жағдайында ағылшын тілін меңгеру – оқушылардың танымдық белсенділігін, коммуникациялық қабілеттерін арттыратын маңызды құрал. Қазіргі заманғы әдістемеде тұлғаға бағытталған оқыту, интерактивті тәсілдер, цифрлық ресурстарды пайдалану кеңінен дамып келеді. Солардың ішінде ойын технологиялары оқушының қызығушылығын оятатын, тілдік орта туғызатын, сөйлеу дағдысын табиғи жағдайға жақындататын тиімді әдістердің бірі болып саналады.

Ойын – оқушының эмоциялық, когнитивтік және әлеуметтік тәжірибесін дамытатын педагогикалық құбылыс. Ағылшын тілін үйретуде ойын элементтерін дұрыс пайдалану оқушылардың сөздік қорын кеңейтіп қана қоймай, олардың тілдік қатысымға деген сенімділігін арттырады. Сондықтан зерттеудің өзектілігі ойын технологияларының сөйлеу дағдысын дамытудағы рөлін ғылыми негізде зерделеуде жатыр.

Қазіргі заманауи педагогикада ойын технологиялары оқыту процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Педагогикалық әдебиеттерде ойын тек қана қызықты іс-әрекет емес, сонымен қатар оқыту әдісі, әдістемелік тәсіл, баланың танымдық әрекетін ұйымдастыру формасы ретінде сипатталады.

Л.С.Выготскийдің мәдени-тарихи теориясында ойын – баланың жақын даму аймағын кеңейтетін, әлеуметтік тәжірибені меңгеруге мүмкіндік беретін жетекші әрекет ретінде түсіндіріледі. Д.С.Брунер де ойын оқушының когнитивтік белсенділігін арттырып, тілдік материалды табиғи жолмен меңгеруге жағдай жасайтынын атап өтеді. Д. Б.Эльконин ойынның бала тұлғасының қалыптасуына әсер ететінін, оның танымдық және әлеуметтік қабілеттерін дамытудағы рөлін көрсетеді.

Ағылшын тілі сабақтарында ойын элементтері мынадай маңызды дағдыларды дамытуға ықпал етеді: Коммуникативтік белсенділік. Ойын барысында оқушылар тілдік материалды еркін қолдануға, өз ойын жеткізуге тырысады. Сөздік қорды кеңейту. Ойындар жаңа сөздерді есте сақтауды жеңілдетеді, сөздерді контекст ішінде қолдануға үйретеді. Тыңдалым және айтылым дағдыларын жетілдіру. Ойын жағдайында тыңдау мен сөйлеу тығыз байланыста жүзеге асады. Мотивацияны арттыру. Ойынның жарыс элементі, жеңіске деген ұмтылыс оқушының пәнге қызығушылығын күшейтеді.

Осылайша, ойын технологиялары ағылшын тілі сабақтарында оқыту процесін жандандырып, оқушының танымдық белсенділігін арттыратын қуатты әдіс болып табылады.

Ағылшын тілін меңгерудің негізгі мақсаты – оқушының ауызша тілдік қатысым жасай алу қабілетін, яғни сөйлеу дағдысын дамыту. Speaking skill – тілдік компетенцияның маңызды компоненті, сондықтан оны қалыптастыруда тиімді әдістерді қолдану аса қажет. Ойын элементтері сөйлеу дағдысын дамытуда бірнеше өзара байланысқан педагогикалық қызмет атқарады.

1) Коммуникативтік орта қалыптастыру. Рольдік ойындар (Role-play) мен жағдаяттық тапсырмалар (situational tasks) оқушыларға «өмірлік» жағдайды модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, «дүкенде», «әуежайда», «мейрамханада» сөйлесу сияқты тапсырмалар оқушылардың

ағылшын тілінде әрекет етуін талап етеді. Бұл олардың нақты тілдік ортаға бейімделуіне септігін тигізеді.

2) Психологиялық кедергілерді жою. Көптеген оқушылар ағылшын тілінде сөйлеуден қобалжиды, қателесіп қалудан қорқады. Ойын форматы олардың назарын «оқу» процесінен «әрекетке» аударып, психологиялық қысымды азайтады. Ойынның қауіпсіз, еркін ортасы сөйлеуге деген сенімділікті күшейтеді.

3) Мотивацияны көтеру. Ойын барысында оқушы оқу тапсырмасын емес, қызықты әрекетті орындадым деп есептейді. Әсіресе бәсекелестік элементі (ұпай жинау, топтық жарыс, уақытқа жарысу) оқушының белсенділігін айтарлықтай арттырады. Бұл жағдай сөйлеу дағдысын табиғи түрде, еріксіз дамытуға әкеледі.

4) Жұптық және топтық қарым-қатынасты дамыту. Ағылшын тілінде қарым-қатынас жасау үшін жұптық және топтық жұмыстар аса маңызды. Ойындар оқушыларды бір-бірімен сөйлеуге, пікір алмасуға, ортақ шешім табуға итермелейді. Мысалы, «Find someone who…», «Information gap» сияқты ойындарда оқушылар міндетті түрде диалог жүргізеді.

Ағылшын тілі сабақтарында сөйлеу дағдысын дамытуда ойын элементтерін әртүрлі формада қолдануға болады. Әр ойынның өзіндік мақсаты, құрылымы және тілдік дағдыға әсер ету механизмі бар. Ойын әдістерін дұрыс таңдаудың нәтижесінде оқушылардың тілдік қатысымдағы белсенділігі артып, сөйлеу әрекеті табиғи жолмен дамиды.

Рөлдік ойындар (Role-play)– оқушыны нақты коммуникативтік жағдаятқа енгізетін, сөйлеуді табиғи жолмен қалыптастыратын ең тиімді әдіс. Оқушылар «сатып алушы», «сатушы», «даяшы», «клиент», «әуежай қызметкері» секілді рөлдерді орындау арқылы шынайы өмірдегі қарым-қатынасты моделдейді. Мысалдар:

- «At the restaurant» (мейрамханада)
- «At the airport» (әуежайда)
- «Shopping dialogue» (дүкенде диалог)

Рөлдік ойындардың артықшылықтары: оқушыда сөйлеуге деген сенімділік қалыптасады; тілдік бірліктерді контекстте қолдануға үйретеді; диалог жүргізу, сұрақ қою және жауап беру дағдыларын жетілдіреді; сөйлеу мәдениетін, этикет нормаларын меңгертеді. Осындай ойындар оқушылардың эмоционалды белсенділігін арттырып, сөйлеу процесін еркін және табиғи етеді.

Ситуациялық ойындар (Situational games)нақты өмірлік жағдайларды қайта құрып, оқушылардың тілдік материалды еркін қолдануын талап етеді. Бұл – тілдік қатысымды дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі. Мысалы: «Find someone who…» ойыны. Оқушылар сынып ішінде жүріп, басқа оқушылардан сұрақ қою арқылы ақпарат жинайды.

Бұл әдіс: бір-бірімен көп сөйлесуді; қысқа және нақты сұрақтар құрастыруды; жауап беруді; өз ойын ағылшын тілінде еркін жеткізуді талап етеді. Ситуациялық ойындар оқушының логикалық ойлауын, шапшаң әрекет етуін және сөйлеу икемділігін дамытады.

Лексикалық ойындар (Vocabulary games) оқушылардың сөздік қорын кеңейтуге, жаңа сөздерді есте сақтауға және оларды сөйлеуде тиімді қолдануға бағытталған.Мысалдар:

-Word Association – сөздер арасындағы мағыналық байланысты табу;

-Guess the word – сипаттама бойынша сөзді табу;

-Memory cards – жаңа сөздер мен суреттерді сәйкестендіру.

Бұл ойындар келесі нәтижеге жетуге көмектеседі: жаңа сөздерді есте сақтау жылдамдығын арттырады; сөздерді контекстте қолдануға үйретеді; сөздік қоры байыған сайын сөйлеу дағдысы да жақсарады; оқушылардың шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамытады.

Дебат элементтері (Mini-debates) жоғары сынып оқушыларының аналитикалық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады. Mini-debate форматында оқушылар қарапайым тақырыптар бойынша өз пікірлерін білдіреді, дәлелдер келтіреді, қарсы пікірге жауап қайтарады. Мысал тақырыптар:

-“Is technology good for education?”

-“Do we need school uniforms?”

-“Should homework be canceled?”

Дебаттың тиімділігі: оқушылар өз ойын жүйелі жеткізуді үйренеді; сөйлеу мәдениеті қалыптасады; аргумент келтіру, пікір білдіру білігі дамиды; еркін сөйлеуге деген қабілеті жоғарылайды. Заманауи сабақтарда цифрлық ойын ресурстары тиімді нәтижелер береді.

Kahoot, Wordwall, Quizizz платформалары оқушыларға жылдам жауап беруді, шапшаң ойлануды және белсенді қатысуды талап етеді. Артықшылықтары: мотивацияны күшейтеді;

бәсекелестік элементі оқушыларды қызықтырады; барлық оқушыны процеске тартуға мүмкіндік береді; түрлі деңгейдегі тапсырмаларды оңай құруға болады.

Цифрлық ойындар әсіресе тыңдалым, айтылым, лексика мен грамматиканы бекіту кезеңінде өте тиімді.

Ағылшын тілі сабақтарында ойын элементтерін қолдану – оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуда ең тиімді әдістердің бірі. Ойын технологиялары оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін арттырып, олардың тілдік материалды терең әрі белсенді меңгеруіне жағдай жасайды. Қызығушылық, эмоциялық жайлылық, әрекеттестік, мотивация – ойын элементтерінің негізгі артықшылықтары. Осыған орай, ағылшын тілін оқытуда ойын технологияларын жүйелі қолдану болашақта оқушылардың еркін сөйлеуіне, өз ойын ағылшын тілінде жеткізе алуына, түрлі жағдаяттарда тиімді коммуникация орната алуына ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Выготский Л.С. Ойын және оның баланың дамуындағы рөлі. – Алматы: Санат, 2010.

2.Эльконин Д.Б. Баланың психикалық дамуында ойынның орны. – Алматы: Рауан, 2012.

3.Брунер Джером С. Оқыту теориясы және танымдық даму. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

4.Жұмабаева Ә. Ағылшын тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.

5.Құнанбаева С.С. Коммуникативтік тілдік компетенция теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.

6.Исаева Ж. Шетел тілін оқытудағы инновациялық технологиялар. – Астана: Фолиант, 2019.

7. Әбдіғалиева Г. Ағылшын тілі сабақтарында ойын әдістерін қолдану. // Педагогика және психология. – 2021. – №3. – Б. 45–52.

ӘОЖ 82.497.56

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

**ЖАМАЛБЕК ҰЛДАНА ДАТХАБЕККЫЗЫ**

№68 мектеп-гимназия, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются основные направления и возможности эффективного применения современных педагогических технологий в процессе преподавания казахского языка. Анализируется роль цифровизации в системе образования, интерактивных методов, дифференцированного обучения, а также проектных и модульных технологий в преподавании казахского языка. Кроме того, научно-педагогически обосновывается эффективность инновационных подходов, направленных на развитие языковой компетентности учащихся, их творческих способностей и коммуникативных навыков. В статье представлены способы интеграции современных технологий в структуру урока, требования к профессиональной компетентности учителя и методы организации активной учебной деятельности обучающихся.

**Summary.** This article examines the main directions and possibilities for the effective use of modern pedagogical technologies in the process of teaching the Kazakh language. It analyzes the role of digitalization in the education system, interactive methods, differentiated instruction, as well as project-based and modular technologies in Kazakh language teaching. In addition, the article provides a scientific and pedagogical justification for the effectiveness of innovative approaches aimed at developing students' language competence, creative abilities, and communication skills. The article also outlines ways to integrate modern technologies into the structure of the lesson, the requirements for the teacher's professional competence, and methods for organizing active learning activities for students.

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға – әрбір ұстаз міндетті.

Қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап - жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалы білім беру. Олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру және танымдық күшін қалыптастыруға жағдай жасау. Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, ең маңызды мәселе болып келгені даусыз. Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологияларды пайдалану тәжірибеге еніп, нәтижелер беруде.

Осы жаңа әдістерді қолдану кезінде педагогикалық-психологиялық талаптарды ескере отырып, оқушының оқу материалын игеруіне жағдай жасау қажет. Қазақ тілі пәнін оқыту кезеңінде әдістемелік идеяларды ой елегінен өткізіп, бүгінгі заман талабына сай жеке тұлға қалыптастыру қажеттілігін ескеремін. Көп жолығатын қиыншылық – сабақ барысында баланың өзіндік ой қорыта алмау, қазақша сөз мағынасын ашып айта алмау, өз ойын жаза алмау сияқты кедергілер бар. Ой-пікір қабілеттілігін жетілдіру, білімді, саналы, тілге жетік тұлға дайындап шығару – мұғалімдердің мақсаты болатын болса, сол мақсатқа жету үшін шығармашылық жұмысты мұғалім өзі емес, оқушыларымен бірге іске асыру керек деп ойлаймын. Сабақта жоғарғы сапаға жету үшін, алдымен пәнге деген қызығушылығын ояту керек. Сондықтан жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің ішінде қазақ тілі сабағында «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы негізінде мына тақырыпта жұмыс істеп келемін. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру. Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырудағы негізгі мақсатым:

- Оқушының сөздік қорының көп болуына, сөйлей білуге үйрету.

-Тың мәліметтерді тауып, зерттеуге, талдауға, қорытынды жасауға үйрету.

-Пәнге деген қызғушылығын ояту.

-Тақырыпқа қызығушылық танытқан оқушылармен жеке жұмыс, бағыт-бағдар беру.

-Әр түрлі шығармашылық сайыстарға қатыстыру.

Ұстаздың шығармашылық жұмысы сабаққа даярлықтан басталады: сабақтың жоспарын құру, әдістерін ойластыру, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Бұның нәтижесінде оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады, ал бұл шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады**.** Қазіргі кезде қолданылып жүрген әдістерде бала бұрынғы өзі білетін нәрсенің ерекшеліктерін саралап, оның жетістігі мен қажеттілігі арқылы жаңа білімді алуға ұмтылады. Қазақ тілі пәнін өткен кезде, оқушылардың жазу мен оқуда сыни тұрғысынан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді қолданамын. Осы әдістеме қазақ тілі сабақтарында қолдану өте қолайлы, қоғамдық маңызы мен мәні зор идеяларды игеруге болатын нақты әдістер мен тәсілдер. Оқушының ойына, сезіміне серпіліс ендіруді мақсат еттім. Ойды ұштау, жетілдіру, жеке тұлғаның өзіндік идеясын, көзқарасын, сенімділігін, жауапкершілігін біртіндеп дамыту жолдарын іздестіру- бүгінгі қажеттілік.

Балалардың ойлауын дамыту туралы М.Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек».

Менің сабақ беретін сыныптарым 7-8-9-10- сынып оқушылары болды. Сондықтан зерттеу обьектісі де сол оқушылардың жасына қарап анықталды. Әр сынып оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай өзгеше болады. Сабақты меңгерту үшін оқушылармен жұптық, топтық жұмыстрын ұйымдастырамын. Оқушылар ойланады, ізденеді, біріне-бірі түсіндіруіне болады. Белгілі өзінше бір қорытындыға келеді, сөзжұмбақ, тест сауалдарын құрастырып, эссе жазады. Осы тәсіл арқылы көп нәтижеге қол жетуізуге болады. Мысалы, 8-сыныпта «Сабақтас құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары туралы түсінік» тақырыбын өткен кезде, төмендегіше түсіндіруге болады.

1-кезең. «Дөңгелек үстел» әдісі бойынша үй тапсырмасы тексеріледі

2-кезең. «Қызығушылығын ояту» кезеңінде жаңа тақырыпты алдыңғы өткен тақырыппен байланыстыра отырып, сабақ мақсатын ашу үшін Абай атамыздың «Қырық бесінші сөзінен» алынған «…Әділет, сезім махаббат кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол – ақыл» деген сөздерің сабақ эпиграфы етіп алып, мұндағы грамматикалық негіздерді тапқыздым, құрылымын, құрмалас сөйлемнің түрін анықтап, жаңа сабақтың атауын шығарамыз, мақсатын ашамыз.

3-кезең. «Мағынанаы тану» кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны «Куббизм» стратегиясы арқылы тақырыпты берілген алгоритммен өздігінен топта меңгереді.

Сабақтас құрмалас сөйлем дегеіміз не?

Берілген сұрақтар арқылы құрмалас сөйлемдер туралы айтып беру.Сызбамен танысып, түсіндіру (оқулық бойынша).

Сабақтас пен салаласты салыстырыңыз «Венн» дианраммасын қолдану арқылы. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты жүзеге асыруға болады.

Сабақтас құрмалас сөйлемді тауып, жасалу жолдарын түсіндіру.

Сергіту сәті.

Шығармашылық жұмыс эссе «Құрбыма хат» : Өздерің сияқты құрбыларыңа осы сабақ эпиграфында айтылған даналық сөздердің мәні туралы айтып, сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолдана отырып, құрбыларыңа хат жазып көріңдер. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты «5 минуттық эссе» жазғызуға болады. Мұндағы мақсат – оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол эссе жазғанда сабаққа қабілеті төмен деген оқушылардың өзі 5-6 сөйлемнен тұратын ойын жазса, соның өзі оқушыны сабаққа тарта білудің бір әдісі.

Рефлексия. Шағын тест сауалдарымен жұмыс жүргізіледі.

Қорытынды. «Не білдім? Нені білгім келеді?» деген кестесін толтырады.

Бағалау парағы арқылы білімдерін топ басшылары бағалайды.

Сабақтың қай құрылымында болмасын оқытушы осындай стратегияларды қолданғанда «Мен не ұтам?» және «Оқушы не ұтады?» деген сұрақтарды есінен шығармауы керек.

Сыни тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасын сабақтарымда қолдану арқылы кәсібімнің қыр сырына тереңдей түстім. Бұрын маған тимеңіз деп партаның ең соңында отыратын оқушылар , өз пікірін айтуға, егер мұғалім оны қолдап жатса, сыныптастарының алдында мақтаныш пайда болып, сабаққа қызу араласатын болды.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға басқа жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдану - біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша танымы кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізілсе, білім сапасы да арта түспек деп ойлаймын.

Қорыта келе, біз мұғалімдер-шәкірттердің арманы болғымыз келеді, ертең өскен кезде де біздің түлектер ұстаздарына зор құрмет, мақтанышпен қараса екен деймін. Қазіргі қазақ баласына «Сен мықты азамат боласың!» - деп үлкен сеніммен қарап, оған таныс нәрсемен, таңсықты бірге ала жүріп, оқушыны әр сабақта «Даналыққа ұмтылу-таңқалудан басталады», - деп таң қалдыра білуіміз қажет.

Әр мұғалім сабақ берудің алдында Жүсіпбек Аймауытовтың «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», деген сөздерін есінде ұстап, шеберлік шыңынан көріне берейік демекпін.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ұлт тағлымы. Ғыл. Пед. басылым. №3. 2007ж. 243-246 бб.

2.Қ.Қадашева. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі. Пед.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат.; – Алматы.2001ж.

3.Қазақ тілі (Әдістемелік құрал) – Алматы, 2003 ж.

4. Дженкинс С. Фаттахова А. Интерактивные методы обучения и управление классом. – К.; 2004

ӘОЖ 888.535.08

## КОММУНИКАТИВТІ ОҚЫТУДЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

**ЖАНТАЙБЕКОВА МЕЙИР ШАЙДАЗИМОВНА**

№35 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме.** В данной статье представлены методы организации коммуникативно-творческой деятельности на уроках казахской литературы. Статья определяет сущность использования инновационных технологий на уроках казахской литературы как средства повышения результатов и развития творчества. Речь идет о нескольких методах коммуникативного обучения, активно используемых на уроках казахской литературы.

**Summary.** This article presents the methods of organizing communicative and creative activity in the lessons of Kazakh literature. The article defines the essence of the use of innovative technologies in the lessons of Kazakh literature as a means of improving results and developing creativity. We are talking about several methods of communicative learning, actively used in the lessons of Kazakh literature.

Бұл мәселенің өзектілігі оқытудың инновациялық формалары жоғары коммуникативті мүмкіндіктермен және оқушылардың оқу іс - әрекетіне белсенді қатысуымен сипатталуы, оқушылардың коммуникативті құзыреттілік дағдыларының тиімді дамуы. Бұл қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделуге ықпал етеді, өйткені қоғамға қазіргі әлемде тез бағдарланатын, тәуелсіз және бастамашыл, өз қызметінде жетістікке жететін адамдар қажет. Кез - келген инновациялық қызметтің негізінде шығармашылық бастама жатыр. Шығармашылық қызмет тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды салаларын дамытуды қамтиды. Мектептегі оқу қызметі осымәселені шешуді қамтамасыз ететін нақты технологияларды қолдануды талап етеді. Оқытудың инновациялық формалары: рөлдік ойын, Жоба әдісі, драматизация, АКТ, сыни ойлау технологиясының әдістері.

Педагогика тарихында шығармашылыққа қабілеттіліктің қалыптасу мәселесі әрдайым көптеген пікірталастарды тудырған және бүгінгі күні әртүрлі ерекше көзқарастармен сипатталады.

Шығармашыл тұлғаны қалыптастыру үрдісін В.И. Андреев, Ю. К. Бабанский, В. П. Беспалько, Л. Г. Вяткин, В. А. Сластенин, В.Ф. Шаталов, М. П. Ердниев зерттеген [3].

Оқу-шығармашылық қызметінің заңдылықтарын В. И.Андреев, Т. В. Кудрявцев, Ю. Н. Кулюткин, В.Г. Разумовский, А. И. Матюшкин, М.И. Махмутов анықтаған.

Негізгі мақсат - оқушылардың белсенді танымдық іс - әрекетін ынталандыру әдістерін таңдау, инновациялық іс-әрекетте әр қатысушысының шығармашылық әлеуетін іске асыру.

Инновациялық қызмет - бұл оқушыларда коммуникативті құзыреттілік дағдыларын дамытудың ең қол жетімді және тиімді формаларының бірі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, шығармашылығы мен белсенділігін дамыту үшін жағдай жасайды. Маңызды компонент-білім алушы өзінің табыстылығын, интеллектуалдық тұрақтылығын сезінетін қолайлы психологиялық жағдайлар жасау» [1].

Баланың оқуы оның қарқынды жеке даму кезеңімен сәйкес келетін мектептің орта және жоғарғы буыны үшін жоба әдісін, рөлдік ойындарды, көрініс қоюды қолдану өте маңызды.

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, оқуға деген ұмтылысты дамытатын әдіс-тәсілдер әртүрлі жобаларды жүзеге асырумен байланысты. Бұл әдіс-тәсілдерді қолдану сыныптағы жұмыстың барлық мүмкін формаларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: жеке, топтық, ұжымдық, бұл балалардың өз бетімен жұмыс жасауын және шығармашылығын ынталандырады.Қазақ әдебиеті сабағында сыни ойлау технологиясының әдістері оқушыларға өз қызметін ұйымдастыруды, ойлау қабілетін дамытуды, сауатты және мағыналы оқуды үйретеді. Қазақ әдебиеті сабағындағы басты мақсаттардың бірі - интеллектуалды дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын талаптар - шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған интеллектке ие болу, танымдық іс - әрекеттің тұрақты мотивациясы бірінші орынға шығады Бала мен жасөспірімді ересек өмірге дайындау - бұл, ең алдымен, оның шығармашылық белсенділігін дамыту, сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу, өмірдің кез-келген қиындықтарын шешу, олардың қабілеттерін жетілдіру және жүзеге асыру. Шығармашылық, шығармашылық қызмет, шығармашылық тұлға ұғымдары нені білдіреді? Пән саласындағы шығармашылықтың нақты көріністерін белгілеу мағынасы бар. Қазақ әдебиеті сабағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық дамытуға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, барлық оқушыларды сабақта оқу іс - әрекетіне тартады. Қазақ әдебиеті сабағында белсенді қолданылатын коммуникативті оқытудың бірнеше әдістері бар. Олар:

«1. Оқушылармен мақсаттарына жетуін ғана емес, сонымен бірге ұнаған, ұнамаған нәрселерді де талқылау - неге, нені өзгерту керек.

2. Оқушы жауабының дұрыстығын ғана бағалау емес, сонымен қатар оқушы қандай әрекет әдісін қолданғанын, қалай ойлағанын да бағалау. Бағалау параметрлері келесідей: дұрыстығы, өзіндік құны, өзіндік ерекшелігі» [2,35б].

Қазақ әдебиеті сабақтары бірнеше жұмыс түрлерін қамтиды: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. Тапсырмалардың көптігі іс - әрекеттің жиі өзгеруіне мүмкіндік береді, бұл бүкіл сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі, осылайша оның тиімділігін арттырады.Маңызды жұмыстардың бір түрі -оқу. Мәтіндік материалмен жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі. Мәтіндік кезең мәтіннің мазмұны бойынша әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін, олар оқушыларды шығармашылыққа, мәселені шешудің өзіндік нұсқаларын табуға итермелеуі мүмкін. Оқығандары негізінде әңгіме құрастыру-тілдің барлық элементтерінің өзара әрекеттесуінің және оқушылардың импровизация қабілетін жүзеге асырудың тағы бір тәсілі. Мәтіннен кейінгі кезеңдегі тапсырмалар ретінде пікірталас, рөлдік ойын ұйымдастыруға, пікірлерге сауалнама жүргізуге, хат, эссе, түйіндеме, эссе, өлең жазуға болады. Оқушылардың қазақ әдебиеті сабағына деген қызығушылығын арттыруда коллаж, ақпараттық немесе жарнамалық парақ, презентация түрінде ұсына алатын мәтін тақырыбы бойынша қосымша ақпаратты іздеумен байланысты шағын жобалық жұмыстар сияқты заманауи технологияларды пайдалануға болады.

«Жобалық оқыту сонымен қатар білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстыруды қамтиды. Оқушылардың жобаны құруға қатысуы, оларға бұрын алған білімдерін пайдалануға ғана емес, сонымен бірге жобаға тартылған әрбір адамның шығармашылық қызметіне кең мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар жобада бірлесіп жұмыс істеу кезінде коммуникативті дағдыларды, өз ойларын жазбаша және ауызша түрде нақты жеткізе білу қабілетін дамытады» [3,66б]. Шығармашылық қабілеттерін дамытудың шарттарының бірі-сәттілік атмосферасын құру, өйткені оның болмауы оқуға деген ұмтылыстың құлдырауына әкеледі. Сәттілік жағдайын құру оқушылардың көңіл-күйіне ғана емес, олардың білім сапасына да әсер етеді. Сонымен қатар, оқу процесінің мақсаты көп деңгейлі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге негізделген сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру, қазақ әдеби тілінің ережелері мен нормаларын, сөйлеу этикеті ережелерін сақтау болып табылады, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі мектептің негізгі міндеттерін шешуге қолайлы жағдай туғызады: балалардың жан-жақты дамуының негізін қалау, еркін, саналы, мәнерлеп оқу, сауатты жазу, мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, ілім мен еңбекке көзқарасы адал, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың эстетикалық дамуын және олардың қоршаған табиғатты тануын жақсарту.

Ұстаздар алдында күнделікті міндет қазақ әдебиеті пәніне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту болып табылады. Белсенді, шығармашылықпен оқыту дегеніміз-сабақтарда көрнекілік құралдарын, оқушылардың санасы мен сезімдеріне әсер ететін ойын-сауық элементтерін қолдану. Қазақ әдебиеті сабақтары оқушылардың оқуға, ойлауға, талқылауға және өз бетінше оқуға арналған әдеби шығармалар мәтінімен жұмысты қамтиды. Бүгінгі таңда мұғалім үшін сөзге деген қызығушылықты ояту, балаларға оның шынайы дәмі мен мақсатын сезінуге үйрету өте маңызды. Әрине, бұл процесс ұзақ және ауыр, белгілі бір жүйені, әдістемелік тапқырлық пен өнертабысты, практикалық тәжірибені қажет етеді. Қазақ әдебиеті сабақтарында балаларды сөзді дұрыс қолдануға, оны түсінуге және сезінуге, өз сөйлеуін дамытуға, сөйлеу шығармашылығын жетілдіруге үйрету керек.

Белсенді сөйлеу әрекеті олардың бақылаулары, ойлары, әсерлері, сезімдері, тәжірибелері туралы айту қажеттілігінен туындайды. Мұндай қажеттілік баланың өмірі әртүрлі танымдық қызығушылықтар мен әсерлерге толы, рухани және эмоционалды бай болған кезде пайда болады және дамиды. Демек, баланы сөйлеуге үйрету дегеніміз-көру мен байқауға, ойлауға және сезінуге үйрету - бұл оның өмірлік тәжірибесін кеңейту.

«Оқушылардың сөйлеуін дамыту міндетін тек қазақ әдебиеті сабағы аясында шешу мүмкін емес. Айналадағы өмір-білім көзі және сонымен бірге оқушылардың сөйлеуін байыту. Оқушылардың табиғат пен қоғам өміріндегі маңызды нәрселерді байқау, байқау қабілетін дамыта отырып, оқушылардың білім деңгейін үнемі арттыра отырып, олардың сөйлеуін байытуға қол жеткізуге болады. Оқушылардың сөйлеуі олардың ойлауын дамытумен, білім көлемін кеңейтумен бірге дамиды. Сондықтан жаңартылған білім мазмұны бойынша қазақ әдебиетін табысты оқытудың қажетті шарты оқушылардың өмірлік тәжірибесімен, олардың айналасындағыларды тікелей көріп, үлкендердің әңгімелерінен немесе теледидардан естіп, кітаптардан үйренуімен байланысты болып табылады» [4,44б] . Қазіргі жағдайда қазақ әдебиетіне оқу пәні ретінде Қазақстан Республикасының азаматы ретінде жоғары сана дәрежесіне ие рухани - адамгершілік тұлғаны тәрбиелеудің ерекше миссиясы жүктеледі. Бүгінгі күннің қоғамдық атмосферасында адамның рухани-адамгершілік жаңғыруы - бұл республиканың болашағының шешілуіне

байланысты проблема. Қазақ әдебиеті әрқашан халықтың мақтанышы, ар-ожданы болды, өйткені біздің ұлттық психологиямыз жанға, ар-ожданға, жарқын және нақты сөзге көбірек көңіл бөлумен сипатталады. Қазақтар, әлемнің басқа халықтары сияқты, дамудың ең көне бастаулары бар ерекше, ерекше материалдық және рухани мәдениетке ие. Біздің халқымыз әлемдік дәуірге, өнер мен әдебиетке үлес қосты, әлемдік деңгейдегі ғалымдарды, жазушылар мен ақындарды тарихи сахнаға шығарды.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізінде балаларға қолжетімді, нақты құрылымы бар, заманауи дидактикалық талаптарға жауап беретін материалды іріктеуді көздейтін кең мәдени базада құрылған бірыңғай білім беру жүйесі жатыр деп айтқым келеді. Әдебиет сабақтары оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға белсенді әсер ете отырып, олардың рухани, коммуникативтік-шығармашыл және адамгершілік иол болып қалыптасуына ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Альмухамбетов Б.А. Қазіргі уақытта әртүрлі технологияларды қолдану арқылы оқушылардың жеке басын дамыту / "Салыстырмалы білім: әдістеме, сұрақтар және қазіргі тенденциялар" VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.- Алматы, 2014.-192 б.

2. Аульбекова Г.Д. Мұғалімнің педагогикалық техникасы.- Алматы:Фолиант, 2005.-228б.

3. Бабанский Ю.К. Педагогика.- Москва: Просвещение, 1983.-333с

4. Гойхман, О.Я. Надеина Т.М. Сөйлеу байланысы. – Москва: ИНФРА, 2001.-446б.

ӘОК 811.711.

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАШЫЛ ҰСТАНЫМДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**МЫРЗАХАНОВА НУРГУЛ РЫСБЕКОВНА**

Ақкөз Қосанұлы атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме**.В данной статье представлены методы организации коммуникативно-творческой деятельности на уроках казахской литературы. Статья определяет сущность использования инновационных технологий на уроках казахской литературы как средства повышения результатов и развития творчества. Речь идет о нескольких методах коммуникативного обучения, активно используемых на уроках казахской литературы.

**Summary.** This article presents the methods of organizing communicative and creative activity in the lessons of Kazakh literature. The article defines the essence of the use of innovative technologies in the lessons of Kazakh literature as a means of improving results and developing creativity. We are talking about several methods of communicative learning, actively used in the lessons of Kazakh literature.

Ұстаздар алдында күнделікті міндет қазақ әдебиеті пәніне деген қызығушылық пен сүйіспеншілікті ояту болып табылады. Белсенді, шығармашылықпен оқыту дегеніміз-сабақтарда көрнекілік құралдарын, оқушылардың санасы мен сезімдеріне әсер ететін ойын-сауық элементтерін қолдану.Қазақ әдебиеті сабақтары оқушылардың оқуға, ойлауға, талқылауға және өз бетінше оқуға арналған әдеби шығармалар мәтінімен жұмысты қамтиды. Бүгінгі таңда мұғалім үшін сөзге деген қызығушылықты ояту, балаларға оның шынайы дәмі мен мақсатын сезінуге үйрету өте маңызды. Әрине, бұл процесс ұзақ және ауыр, белгілі бір жүйені, әдістемелік тапқырлық пен өнертабысты, практикалық тәжірибені қажет етеді. Қазақ әдебиеті сабақтарында балаларды сөзді дұрыс қолдануға, оны түсінуге және сезінуге, өз сөйлеуін дамытуға, сөйлеу шығармашылығын жетілдіруге үйрету керек.

Белсенді сөйлеу әрекеті олардың бақылаулары, ойлары, әсерлері, сезімдері, тәжірибелері туралы айту қажеттілігінен туындайды. Мұндай қажеттілік баланың өмірі әртүрлі танымдық қызығушылықтар мен әсерлерге толы, рухани және эмоционалды бай болған кезде пайда болады және дамиды. Демек, баланы сөйлеуге үйрету дегеніміз-көру мен байқауға, ойлауға және сезінуге үйрету - бұл оның өмірлік тәжірибесін кеңейту. Оқушылардың сөйлеуін дамыту міндетін тек қазақ әдебиеті сабағы аясында шешу мүмкін емес.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқыту технологиясы бүгінгі таңда бірден-бір тиімді әдіс болып саналады. Мен де өз тәжірибеме өзгеріс енгізу мақсатымен сындарлы оқытудың 3-деңгейлік бағдарламасы бойынша үш айлық курстан өттім. Бұл Бағдарлама құзырлы мұғалімдердің алдына оқушының жан дүниесін түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Бағдарламаның басым бөлігі, түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан, сындарлы оқыту теориясы негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлауын дамыту, олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңаша немесе сыныптағы түрлі дереккөздерінен, алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Бұрынғы дәстүрлі сабақтарымда оқушыларды сабақта бағалай жүріп көптеген қиындықтарға тап болатынмын. Мені бағалау қатты толғандыратын. Оқытудың Кембридж әдістері негізіндегі бағдарлама бойынша бірінші «Бетпе-бет» кезеңінде білім алып, бағалаудың да бірнеше түрлерін меңгердім.

Сындарлы оқытудан алған білімдерімді жинақтап мектептегі іс-тәжірибені жүйелі жоспарлауды бастадым. Жаңа әдістерді өз сабақтарымда пайдалана жүріп, көптеген жетістіктерге жеттім.Үш айлық деңгейлік бағдарламада бізге білім берудегі 7 модульді таныстырып, сол модульдер бойынша жан-жақты талдаулар жасатқан болатын. Себебі «Мұғалімдерге арналған нұсқаулықта» негізгі материал тиісті сабақтарда қарастырылған жеті модульге сараланған.Бұл «мәселенің өзектілігі оқытудың инновациялық формалары жоғары коммуникативті мүмкіндіктермен және оқушылардың оқу іс - әрекетіне белсенді қатысуымен сипатталуы, оқушылардың коммуникативті құзыреттілік дағдыларының тиімді дамуы. Бұл қазіргі әлеуметтік жағдайларға бейімделуге ықпал етеді, өйткені қоғамға қазіргі әлемде тез бағдарланатын, тәуелсіз және бастамашыл, өз қызметінде жетістікке жететін адамдар қажет» [1,44б.] . Кез - келген инновациялық қызметтің негізінде шығармашылық бастама жатыр. Шығармашылық қызмет тұлғаның эмоционалды және интеллектуалды салаларын дамытуды қамтиды. Мектептегі оқу қызметі осы мәселені шешуді қамтамасыз ететін нақты технологияларды қолдануды талап етеді.

Негізгі мақсат - оқушылардың белсенді танымдық іс - әрекетін ынталандыру әдістерін таңдау, инновациялық іс-әрекетте әр қатысушысының шығармашылық әлеуетін іске асыру.
«Инновациялық қызмет - бұл оқушыларда коммуникативті құзыреттілік дағдыларын дамытудың ең қол жетімді және тиімді формаларының бірі, жеке тұлғаны әлеуметтендіру, шығармашылығы мен белсенділігін дамыту үшін жағдай жасайды. Маңызды компонент-білім алушы өзінің табыстылығын, интеллектуалдық тұрақтылығын сезінетін қолайлы психологиялық жағдайлар жасау» [2.85б.].

Баланың оқуы оның қарқынды жеке даму кезеңімен сәйкес келетін мектептің орта және жоғарғы буыны үшін жоба әдісін, рөлдік ойындарды, көрініс қоюды қолдану өте маңызды. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыратын, оқуға деген ұмтылысты дамытатын әдіс-тәсілдер әртүрлі жобаларды жүзеге асырумен байланысты. Бұл әдіс-тәсілдерді қолдану сыныптағы жұмыстың барлық мүмкін формаларын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді: жеке, топтық, ұжымдық, бұл балалардың өз бетімен жұмыс жасауын және шығармашылығын ынталандырады.Қазақ әдебиеті сабағында сыни ойлау технологиясының әдістері оқушыларға өз қызметін ұйымдастыруды, ойлау қабілетін дамытуды, сауатты және мағыналы оқуды үйретеді. Қазақ әдебиеті сабағындағы басты мақсаттардың бірі - интеллектуалды дамыған шығармашылық тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты мұндай тұлғаға қойылатын талаптар - шығармашылық, әлеуметтік жауапкершілік, дамыған интеллектке ие болу, танымдық іс - әрекеттің тұрақты мотивациясы бірінші орынға шығады Бала мен жасөспірімді ересек өмірге дайындау - бұл, ең алдымен, оның шығармашылық белсенділігін дамыту, сұрақтарға өз бетінше жауап іздеу, өмірдің кез-келген қиындықтарын шешу, олардың қабілеттерін жетілдіру және жүзеге асыру.

«Шығармашылық, шығармашылық қызмет, шығармашылық тұлға ұғымдары нені білдіреді? Пән саласындағы шығармашылықтың нақты көріністерін белгілеу мағынасы бар. Қазақ әдебиеті сабағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін толық дамытуға мүмкіндік береді, шығармашылық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, барлық оқушыларды сабақта оқу іс - әрекетіне тартады» [3.107б.] . Қазақ әдебиеті сабағында белсенді қолданылатын коммуникативті оқытудың бірнеше әдістері бар. Олар:

1. Оқушылармен мақсаттарына жетуін ғана емес, сонымен бірге ұнаған, ұнамаған нәрселерді де талқылау - неге, нені өзгерту керек.

2. Оқушы жауабының дұрыстығын ғана бағалау емес, сонымен қатар оқушы қандай әрекет әдісін қолданғанын, қалай ойлағанын да бағалау. Бағалау параметрлері келесідей: дұрыстығы,

өзіндік құны, өзіндік ерекшелігі. Қазақ әдебиеті сабақтары бірнеше жұмыс түрлерін қамтиды: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. «Тапсырмалардың көптігі іс - әрекеттің жиі өзгеруіне мүмкіндік береді, бұл бүкіл сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын сақтауға көмектеседі, осылайша оның тиімділігін арттырады. Маңызды жұмыстардың бір түрі -оқу. Мәтіндік материалмен жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі.Мәтіндік кезең мәтіннің мазмұны бойынша әртүрлі жаттығуларды қамтуы мүмкін, олар оқушыларды шығармашылыққа, мәселені шешудің өзіндік нұсқаларын табуға итермелеуі мүмкін» [4.71б.].

Оқығандары негізінде әңгіме құрастыру-тілдің барлық элементтерінің өзара әрекеттесуінің және оқушылардың импровизация қабілетін жүзеге асырудың тағы бір тәсілі. Мәтіннен кейінгі кезеңдегі тапсырмалар ретінде пікірталас, рөлдік ойын ұйымдастыруға, пікірлерге сауалнама жүргізуге, хат, эссе, түйіндеме, эссе, өлең жазуға болады. Оқушылардың қазақ әдебиеті сабағына деген қызығушылығын арттыруда коллаж, ақпараттық немесе жарнамалық парақ, презентация түрінде ұсына алатын мәтін тақырыбы бойынша қосымша ақпаратты іздеумен байланысты шағын жобалық жұмыстар сияқты заманауи технологияларды пайдалануға болады. Жобалық оқыту сонымен қатар білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстыруды қамтиды. Оқушылардың жобаны құруға қатысуы, оларға бұрын алған білімдерін пайдалануға ғана емес, сонымен бірге жобаға тартылған әрбір адамның шығармашылық қызметіне кең мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар жобада бірлесіп жұмыс істеу кезінде коммуникативті дағдыларды, өз ойларын жазбаша және ауызша түрде нақты жеткізе білу қабілетін дамытады.Шығармашылық қабілеттерін дамытудың шарттарының бірі-сәттілік атмосферасын құру, өйткені оның болмауы оқуға деген ұмтылыстың құлдырауына әкеледі. Сәттілік жағдайын құру оқушылардың көңіл-күйіне ғана емес, олардың білім сапасына да әсер етеді. Сонымен қатар, оқу процесінің мақсаты көп деңгейлі тілдік құралдар жүйесін меңгеруге негізделген сөйлеу іс-әрекетінің дағдыларын жетілдіру, қазақ әдеби тілінің ережелері мен нормаларын, сөйлеу этикеті ережелерін сақтау болып табылады, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі мектептің негізгі міндеттерін шешуге қолайлы жағдай туғызады: балалардың жан-жақты дамуының негізін қалау, еркін, саналы, мәнерлеп оқу, сауатты жазу, мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, ілім мен еңбекке көзқарасы адал, Отанға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу, сондай-ақ балалардың эстетикалық дамуын және олардың қоршаған табиғатты тануын жақсарту.

«Халықтың тарихи тәжірибесін, оның рухани мәдениетінің қазыналарын, ғасырлар мен мыңжылдықтар арқылы өткен әдеби мұраны зерттеу және игеру қазіргі жас ұрпақ үшін өте маңызды және бұл оқушылардың бойында коммуникативтік шығармашылықты дамытуға ықпал етеді» [5,123б.]. Қазақтар, әлемнің басқа халықтары сияқты, дамудың ең көне бастаулары бар ерекше, ерекше материалдық және рухани мәдениетке ие. Біздің халқымыз әлемдік дәуірге, өнер мен әдебиетке үлес қосты, әлемдік деңгейдегі ғалымдарды, жазушылар мен ақындарды тарихи сахнаға шығарды.

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті сабақтарында оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізінде балаларға қолжетімді, нақты құрылымы бар, заманауи дидактикалық талаптарға жауап беретін материалды іріктеуді көздейтін кең мәдени базада құрылған бірыңғай білім беру жүйесі жатыр деп айтқым келеді. Әдебиет сабақтары оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға белсенді әсер ете отырып, олардың рухани, коммуникативтік-шығармашыл және адамгершілік иол болып қалыптасуына ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Альмухамбетов Б.А. Қазіргі уақытта әртүрлі технологияларды қолдану арқылы оқушылардың жеке басын дамыту / "Салыстырмалы білім: әдістеме, сұрақтар және қазіргі тенденциялар" VI Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары.- Алматы, 2014.-С. 192.

2.Аульбекова Г.Д. Мұғалімнің педагогикалық техникасы.- Алматы: Арыс, 2005. -322б.

3.Бабанский Ю.К., Педагогика.- Москва: Просвещение, 2016.332с.

4.Гойхман, О.Я. Надеина Т.М. Сөйлеу байланысы. – Москва: ИНФРА, 2011.-253с.

5.Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П..- Мәдениетаралық коммуникация негіздері. – Астана: Таңбалы, 2022. -353б.

ӘОЖ 388.53

# МЕКТЕП ОҚУШЫСЫН ШЕШЕНДІК ӨНЕРГЕ БАУЛУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ МАҢЫЗЫ

**НУРАЛИЕВА ИНДИРА АБЖАНОВНА**
Абай атындағы мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются этапы исторического становления ораторского искусства, его структурные особенности и значение в современном обществе. Анализируется историческое становление ораторского искусства народа Казахстана, его структурно-жанровые особенности и значение в современном обществе.

**Summary.** This article examines the stages of the historical formation of oratory, its structural features and significance in modern society. The historical formation of the oratory of the people of Kazakhstan, its structural and genre features and significance in modern society are analyzed.

«Шешендік өнер – бұл көпшілік алдында ой білдіру, пікір қалыптастыру және аудиторияны сендіру қабілетінің терең мәдени феномені. Ұлттың рухани және тілді мәдени мұрасы тұрғысынан қарағанда, қазақ шешендік өнері – әлеуметтік өмірдің, құқықтық қатынастардың және тілдік-мәдени дәстүрдің бірегей көрінісі. Қазақ тарихында елдің елдігін, халқының бірлігін, бүтіндігін көксеген,елді адалдыққа, адамгершілікке, жақсылыққа үндеп, халқының мұң-мұқтажын, мүддесін көздеп ғұмыр кешкен ділмарлар көптеп саналады» [1,38б]. Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке билер-заманында қоғам қайраткерлері дәрежесіне көтерілген ірі тарихи тұлғалар,қара қылды қақ жарған әділ шешендер болуымен қазақ тарихында есімдері алтын әріппен жазылды.

Бұған патша заманында қазақ даласында айдауда болған поляк журналисі А.Янушкевичтің төмендегі айтқандарын келтірсек те жетіп жатыр: «...Осының бәрін мен дүниежүзі тағы және жабайы санайтын далада көшіп жүретін халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым ғой! Бұдан бірнеше күн бұрын өзара жауласқан екі партияның арасындағы қақтығыстың куәсі болған едім. Сонда Демосфен мен Цицерон туралы ғұмыры есітпеген шешендерге таңқалып,қол соққанмын. Ал, бүгін, оқи да, жаза да білмейтін ақындар менің алдымда өнерлерін жайып салды. Олардың жыры жаныма жылы тиіп,жүрегімнің қылын қозғады,сонысымен өзімді тәнті етті. Сонда бұлар тағы,жабайылар болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған,маңдайына түкке тұрғызсыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойына осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес,оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп,жарқырап сәуле шашатын болады...» [2,4б]

Сол шын жанашыр жанның айтқандарына бүгінгі өркениетті Қазақстанның, оның халқының өмірі куә.Тағы да сол А.Янушкевичтің қазақ шешендерінің өнеріне тәнті болған пікірін тыңдап көрелік: « Бұл іс біздің бірнеше күнімізді алды,өйткені айтысқа бір-біріне қарсы екі партия көтерілді Барлық мүдде,ынта-жігер қозды. Әр минөт сайын жаңа шешен сөйлейді осы бір дала Демосфендерінің кейбіреулері мені сөздерінің мазмұндылығымен және жігерлігімен баурап алды. Егер ежелгі Грецияда немесе Римде өмір сүрсе старшын Тоқымбай мен Бейсекенің өздері-ақ лаврдан белдері бүгілген болар еді» [2,5б].

Қазақтар ықылым заманнан-ақ шешендікті өнердің ең биік сатысы деп жоғары бағалады. Өйткені, шешендік сөздер-өнердің шыңы ғана емес,елдің әлеуметтік өмірінде,тұрмыс-тіршілігінде аса маңызды роль атқарды. Шешендік нақылдар мен толғаулар-ділмар ата-бабаларымыздың алтыннан соққан сөз сарайы,тіл маржаны,ақыл-ойдың дариясы,қасиетті ата-бабамыздың келер ұрпаққа айтып кеткен кір шалмас ғұмырлы өсиеті. Ана тілімізді терең меңгерем,оның астарлы сырларыңа үңілем,шешендік өнерден тәлім алам деген оқушы ауыз әдебиетінің осы бір ғажайып туындыларын тұшына оқитыны,оны шөліркей күтіп отырғаны даусыз. Әрине шешендер шығармашылығы дегеніміз мол да бай қазына. Әлденеше томдарды қамтитын ұшы-қиырсыз дүние.

Қоғамдық дамудың барлық кезеңінде адамзат сөз өнерін қарым-қатынас пен ықпал етудің негізгі құралы ретінде бағалап келген. Шешендік өнер – ойды жүйелі, нанымды және көркем

жеткізудің ең биік формасы. Бұл құбылыс тек тілдік қабілетпен шектелмей, адамның дүниетанымы, логикалық ойлауы, мінезі мен мәдени деңгейінің көрінісі ретінде сипатталады.Қазақ халқының тарихында шешендік өнердің орны ерекше. Ол халықтың өмір салтымен, құқықтық жүйесімен және тәрбиелік дәстүрімен тығыз байланыста дамыды. Сондықтан шешендік өнер – ұлттың рухани қазынасы мен мәдени кодын сақтаушы құрал. Қазақ шешендік өнерінің тарихи бастаулары сонау IV-VI ғасырларда тасқа қашалып жазылған «Күлтегін», «Тоны көк», «Білге қаған» жырларынан бастау алса, әлемдік шешендік өнердің классикалық үлгісі ежелгі грек мәдениетінен бастау алады.Риторика ұғымы алғаш көне Грекия дәуірінде қалыптасқан. Аристотель, Демосфен және Цицерон еңбектерінде шешендік өнер адамның ойлау және дәлелдеу мәдениетінің негізі ретінде қарастырылды. Бұл дәстүр кейіннен Еуропа өркениетінде мемлекеттік басқару мен сот жүйесінің ажырамас бөлігіне айналды.

«Қазақ топырағында шешендік өнердің дамуы билер институтымен сабақтас болды. Халық алдында сөз бастау, дау шешу, бітім айту – бәрі де шешеннің парасаттылығы мен тіл шеберлігіне байланысты еді. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды тұлғалар әділдік пен шешендіктің өнегесін қалдырды. Олардың айтқан нақылдары ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, халықтың құқықтық және моральдық бағдаршамына айналды» [3,41б].

Жалпы шешендік өнедің өзегін үш негізгі элемент құрайды:

1.Ой жүйесі.

2.Дәлелдеу логикасы.

3.Тілдік өрнек.

Біріншіден, ой жүйесі – шешеннің ішкі дүниесінің тәртібін көрсететін фактор. Әсерлі сөз айту үшін ойдың қисыны мен дәлдігі сақталуы қажет.

Екіншіден, дәлелдеу логикасы тыңдаушының сеніміне ықпал ету тетігі болып табылады.

Шешен өз пікірін нақты фактілермен, өмірлік мысалдармен және логикалық байланыстармен негіздейді.

Үшіншіден, тілдік өрнек – шешеннің мәдени деңгейін, тіл байлығын және эстетикалық талғамын айқындайтын өлшем.

Қазақ шешендері сөздің сұлулығы мен мағынасының тұтастығын сақтауды басты қағида еткен.Халық арасында «Тіл жүйрік емес, ой жүйрік» деген сөз бар. Бұл қағида шешендік өнердің философиялық мәнін терең ашып көрсетеді: шынайы шешен – ойы тұнық, сөзі мәнді адам.Қазіргі қоғамдағы шешендік өнердің рөлі өте зор, өзінің рухани құндылығын да арттырып келеді. Қазіргі заманда шешендік өнер тек сахнада немесе саяси мінберде емес, өмірдің барлық саласында қажет қабілетке айналды. Ақпараттық қоғам жағдайында адамдардың өз ойын айқын, әсерлі және мәдениетті жеткізуі кәсіби табыстың басты шарты болып отыр. Білім беру саласында шешендік өнер жастардың сыни тұрғыдан ойлауын, сөйлеу мәдениетін және азаматтық жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді. Ал бұқаралық коммуникацияда ол қоғамның этикалық және мәдени деңгейін арттыруға қызмет етеді. Сондықтан шешендік өнерді дамыту тек тілдік дайындық емес, ол – тұлғаның жан-жақты рухани кемелдену жолы.

«Қазақ халқының рухани мәдениеті мен қоғамдық ой-санасында шешендік өнердің орны ерекше. Ол халық даналығының, өмір тәжірибесінің және адамгершілік құндылықтардың көрінісі болып табылады. Қазақ шешендері – ел ішіндегі дау-дамайларды әділ шешіп, халық бірлігін сақтауға зор үлес қосқан тұлғалар» [4,88б]. .Шешендік өнердің өзегі – сөз мәдениеті мен ой жүйесінің тұтастығында. Шешен адам тек әдемі сөйлеуші емес, ол қоғамның ақылшысы, әділдік пен парасат иесі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ шешендерінің мұрасы ұлттық философия мен этикалық дүниетанымның ажырамас бөлігі болып саналады.

Қорыта айтқанда, шешендік өнер – адамзат мәдениетінің мәңгілік құндылығы. Ол адамның ойлау жүйесін тәрбиелеп, қоғамдағы өзара түсіністік пен сыйластықты нығайтады. Қазақ халқының шешендік дәстүрі ұлттық болмыс пен адамгершілік мұраттардың көрінісі ретінде бүгінгі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазіргі заманда шешендік өнерді оқу мен насихаттау – ұлттық мәдениетті жаңғыртудың және рухани тұтастықты сақтаудың маңызды тетігі. Қазақ шешендері – ұлттық ойлау мәдениетінің, әділдік пен парасаттың символы. Олардың мұрасы ұлттың рухани кодын сақтаудың және мәдени бірегейлікті нығайтудың басты тетігі болып табылады. Шешендік өнер – сөз бен ойдың, білім мен адамгершіліктің тоғысы.Сондықтан мектеп оқушыларын қазақ шешендерінің тәжірибесін зерттеуге және шешен сөйлеп, ойын шебер жеткізуге баулу әр-бір педагогтың ұстаздық парызы болып қала бермек. Жастар арасында шешендік дәстүрді жаңғырту – ұлттық мәдениетті дамытудың өзекті бағыты.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Санат, 1997. 244б.
2. «Шешендік шиырлары». – Алматы: Қайнар, 1993. 240 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Рауан, 1991.310б
4. Негимов С. Шешендік өнер. – Астана: Фолиант, 2014.333б.

ӘОЖ 81.257.52

# ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ЖАНСАКАЛОВА А.Ж., МОЛДАШЕВА Н.А.**
Сарыкемер гимназия-тірек мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются семантическая природа и смысловые особенности отглагольных существительных современного казахского языка. Отглагольные существительные представляют собой производные имена, образованные от глаголов и обозначающие действие как предметное понятие. В исследовании анализируется их роль в выражении характера протекания действия, его этапности, абстрактности и конкретности. Кроме того, описывается семантическая классификация и словообразовательные возможности отглагольных существительных, образованных с помощью аффиксов -у, -ыс/-іс, -ма/-ме, -лық/-лік. Выявляются семантические функции данных единиц в процессе речи, такие как передача абстрактного значения, обозначение действия как явления, деривация от субъекта. Также рассматриваются особенности их употребления в художественном, научном и официально-деловом стилях. Работа вносит вклад в функционально-семантические исследования современного казахского языкознания, выявляя смысловые структуры, возникающие в результате субстантивации действия в языковой системе.

**Summary.** This article examines the semantic nature and meaning-related characteristics of verbal nouns in the modern Kazakh language. Verbal nouns are derived nominal forms created from verbs and represent actions as substantive concepts. The study analyzes their role in expressing the manner in which an action unfolds, as well as its stages, abstractness, and concreteness. In addition, it describes the semantic classification and word-formation potential of verbal nouns formed with affixes such as -u, -ys/-is, -ma/-me, -lyq/-lik. The research identifies the semantic functions of these units in speech, including the expression of abstract meaning, the designation of actions as phenomena, and derivation independent of the agent. The article also considers their usage features in literary, scientific, and official styles. Overall, the work contributes to functional-semantic studies in modern Kazakh linguistics by revealing the semantic structures that arise through the substantivization of actions within the language system.

Қазақ тілінің грамматикалық жүйесінде қимыл есімдері ерекше орын алады. Олар етістіктен жасалып, қимыл-әрекетті заттық ұғым ретінде білдіретін туынды есімдер болып табылады. Қимыл есімдерінің мағыналық сипаты тілдің лексика-грамматикалық құрылымымен тығыз байланысты және олардың семантикалық өрісі өте кең. Қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есімдері әрекеттің заттануы, абстрактылануы және номинативтенуі сияқты күрделі семантикалық процестерді көрсетеді.

Дат ғалымы О.Есперсен: «Глагол дает жизнь предложению и поэтому он важен для построения» - деп етістікке тапқырлықпен анықтама берген [1, 95 б]. Шынында да табиғаттың сан-салалы құбылыстарын, ондағы алуан түрлі іс-әрекеттер мен қимыл процестерді білдіретін сөз табы – етістіктің тіл білімінде алатын орны ерекше.

Лингвистикада семнатика термині екі түрлі мағынада қолданылады. Біріншіден, семантика тіл білімінің бір саласы деген мәнде жұмсалса, екіншіден семантика термині – тілдік бірліктің ішкі ерекшелігін, жеке мазмұнын белгілейді. Бұл жағдайда семантика термині мағынамен шектес, мәндес.

Тіл жай дыбыстар комбинациясы емес, белгілі идея мен ойды белгілейді. Ондағы бірліктер әртүрлі мағынаға ие. Семантика жөнінде алғаш құнды пікірлер айтқан ғалымдардың бірі, Швейцария лингвисі Ф.де.Соссюр тілді бір парақ қағазбен салыстырады, яғни мағына – оның бергі

жазар беті болса, дыбыс – артқы беті. Қағаздың бергі бетін артқы бетінен бөліп, қиып алуға болмайды. «Тілдік белгі зат пен оның атауын байланыстырмайды». [2, 147 б].

Түркі тіл білімінде семантика туралы пікірлер, әсіресе қазақ тілінде, бір ізге түсіріліп, тұжырымды, бір ғылыми аңғарға ойыспағаны байқалады.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Семантика-тілдегі жеке сөздер мен жеке сөз тіркесінің мағынасы, мәні. Семантика деген гректің «көрсетуші», «белгілеуші» деген сөзінен шыққан мағына деген ұғымда қолданылады», - деп жазылған [3, 263 б].

Қазақ тіл білімі, көбінесе, формалық деңгейде зерттелді де, семантикалық жағы көзге ілінбей, тереңіне бойлатпай келді. Тек соңғы уақытта ғана семасиологияға ат басын бұрып, ғылыми еңбектер жазыла бастады.

Етістік семантикасын алғаш рет жүйелей зерттеген ғалым Мейірбек Оразов кез-келген семантикалық зерттеудің шарты ретінде ең алдымен, сөздің лексикалық жағын және грамматикалық мағыналарын белгілеу қажеттігін атап көрсетеді. «Грамматикалық мағынасыз лексикологиялық мағына жоқ. Сөйлеу барысында лексикологиялық мағына өзінің бір бөлшегі ретінде үнемі грамматикалық мағынаны қажет етеді. Грамматикалық мағынамен байланысқа түспейтін лексикалық мағына болмайды» [4, 7 б]. - деген ғалымның пікірі де, В.И.Арнольдтың «Грамматическое значение не может существовать в отрыве от лексического» [4, 35 б]. деген ойымен іштей үндес. Лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның арасында абсалюттік айырмашылық жоқ, бір-бірімен өте тығыз байланысты. Кез келген сөз лексикалық және грамматикалық мағынаның бірлігі арқылы жасалады да, белгілі бір мағынаны және мазмұнды білдіріп, белгілі бір қызметте жұмсалады. Сөз құрамында бұл екі мағына жымдаса бірігеді. Тіпті тіл тарихында лексикалық мағынаның грамматикалық мағынаға ауысуы, трансформациялану фактілерінің кездесуі де мұның айқын дәлелі бола алады.

Сөздің екінші қасиеті – ішкі мағыналық белгісі. Ал мағына – айналадағы өмір шындығының сәулеленген бейнесі. Көріп-сезіп, білу нәтижесінде адам санасында қалыптасқан белгілі бір ұғым қоғамдық ара-қатынаста адамның сөйлеген сөзі арқылы екінші кісіге беріледі. Зат танылады, оның түр-түсі, қимыл-әрекеті т.б. сөзбен өрнектеледі, бір-бірімен табиғи байланысы аңғарылады. М.Оразов сөздің дыбыстық байланысқа түспей, тек мағына арқылы байланысатынын айтады [5, 5б]. «Идея не существует в отрыве от языка» деген К.Маркстің қанатты сөзі – тек мағынаның ғана материалдық бұйымы емес, ойдың өмір сүруінің де формасы екенін дәлелдей түседі.

Сөздің семантикасы құрамындағы морфеманың мағынасына тікелей байланысты, себебі әрбір морфема белгілі семаға ие делік. Әр түрлі морфемалардың бірлесуі мен олардың мағыналық ынғайластығынан сөздің морфологиялық құрамы, оның мағынасы келіп шығады. Ал грамматикалық морфеманың мағынасы тек сөзге талдау жасау барысында, лексикалық единицамен байланыста қарағанда ғана анықталады. Кез келген грамматикалық форманы мағыналы бөлшек ретінде қарастырғанда, жеке дара бөліп алып зерттеуге болмайды.

Морфеманы сөзден, сөзді сөз тіркесінен, сөз тіркесін сөйлемнен, сөйлемді контекстен бөле-жара қарап, зерттеу жұмысын жүргізу дұрыс нәтиже бермейді. «Тілді оның бір бөлшегі тіл дыбыстарын тексергенде «тіл семьясы қорғанына» бір қамайтын болса, тілдің әрбір бөлшегін басқа бөлшектеріне жолатпай сол бөлшектің өз ішіне екі қамайды. Сөйтіп, қос қорғанды қамалға қамап, тіл байғұсқа жарық көрсетпейді. Өйткені тілдің өсуін, дамуын ұштасқан шеңберден шығарса, бір семьямен екінші семьяның қатынастарын қараса, артта қалған тілдердің ілгері кеткен тілдермен табиғаты бір, о да жетісіп, ілгері қатар тілдердей бола алады деген болар еді» [6, 131б]. Сондықтан да кез келген морфеманың семантикасын ашқанда, оны бүтіннің бір бөлшегі ретінде қарастырамыз.

Қазақ тіл білімінде жіктелуді, жіктік жалғауды бірде тек жақтық мағынамен байланысты қарап, оны, жақтық мағынаны, предикативті мәнімен барабар деп түсінушілік те бар. «Жіктік жалғауы өзінің жалғанған сөзіне тек қана жақтық мағына үстейді, яғни предикативтік реңк береді» [7, 85б]. Бірақ сол арқылы грамматикалық жүйе ретінде жіктік жалғау тек жақтық мағынамен ғана шектеліп қалмайды, онда жіктік жалғаудың тәуелдік жалғаудан бөлек грамматикалық категория болар лықтай ерекшеліктері, айырмашылықтары болмас та еді. Жақтық мән жіктік жалғауда да, тәуелдік жалғауда да бар. Оның үстіне жақтық мағынаны тек предикативтік реңк деп түсінуге де болмайды. Бұлар жақтық мағына, предикативтік реңк /дұрысында қатынас я қызмет/, бір жағынан, бір-бірінен бөлек, екінші жағынан, әр тілдік қабаттың жүйесінен шығатын әр түрлі ұғымдар, сөйтіп, олар бірінің орнына екіншісі жүрмейді, бір тілдік құбылыстың шеңберінде бір-бірін әр жақтан /бірі морфологиялық, сөздің бір құрамды бөлшегі және оның білдіретін грамматикалық мағынасы ретінде, екіншісі басқа бір сөз бен қатынасты негізінде/ толықтырып отырады.

Төрт жалғаудың үшеуі /көптік, тәуелдік, септік жалғаулар/, әдетте, сөз табы жағынан зат есімге тән, зат есімнің түрлену жүйесі деп анықталады да, жіктік жалғау көбіне етістікпен байланысты сипатталады. Бірақ жіктелетін тек етістік қана емес. Әдетте жіктік жалғауы етістіктің түбіріне тікелей жалғанбайды, белгілі бір формаларының үстіне ғана жалғанады, соған байланысты жіктік жалғаулардың тұлғалары да біркелкі болып келмейді, ал есім сөздерге жіктік жалғау тікелей түбірге және бір қалыппен жалғана береді. Бұның сыры неде?

Ең алдымен, бұл - жіктік жалғаудың ауқымы өте кең екенін көрсетеді. Екіншіден, ол жіктік жалғаудың тек семантикалық мәнінен ғана емес, функциялық сипатының, синтаксистік қызметінің ерекшелігінен туындаса керек. Яғни жіктік жалғаудың предикаттық мәні сөйлемді тиянақтап, аяқтап тұру қасиетінде жатса керек. Ал предикат қызметін тек етістіктер ғана емес, есімдер де атқара алады. Рас, қазақ тілінде адамға байланысты есім сөздер тікелей жіктеледі де, жіктік жалғау тікелей сол түбірге жалғана алады. Ал етістік түбіріне тікелей жіктік жалғау жалғана алмайды. Тек «функциялық етістік» деп аталатын ерекше грамматикалық формалары ғана жіктеле алады, яғни осы формалардың үстіне ғана жіктік жалғаулар үстеле алады. Екіншіден, қазақ тілінде қалып етістігі деп аталып жүрген отыр, тұр, жатыр, жүр деген төрт етістік те тікелей жіктеледі.

Үшіншіден, етістіктің жіктелетін тұлғаларының өзіне жіктік жалғау біркелкі жалғанбайды. Әрине, бұлай болуы тегін емес. Бір жағынан, жеке сөз табы ретінде етістіктің өзі сан-салалы, күрделі екенін керсетсе, екінші жағынан, жіктік жалғаудың грамматикалық мағынасы, әр жаққа байланысты түрлену жүйесі, сейлемде атқаратын қызметі, синтаксистік қатынасты білдіруі бір кезде, бір түрлі, бір ыңғайда қалыптаса қоймағанын керсетеді. Жіктік жалғаудың осындай әр жақтылық сипатының себебін бір сөзбен дәлелді түсіндіру өте қиын. Етістіктің қай түрін жіктесек те, яғни жіктелу үлгісінің қай түрін сөз етсек те, жіктік жалғауының сөзге жалғануы жағынан да, сыртқы тұлғасы жағынан да, басқа сөзбен байланысы жағынан да, бірінші және екінші жақ бір түрлі, ал үшінші жақ өзінше бөлек екені байқалып тұрады. Бұл - тек 1,2-жақтың сейлеуші мен тыңдаушы, ал 3-жақтың бөгде болуымен ғана емес, сонымен бірге шығу, қалыптасу тарихымен, қолданылу ерекшеліктерімен де байланысты.

Сөйтіп, кейбір етістік тұлғаларының баяндауыш қызметінің өзінде жіктелмей қолданылуының сондай ерекшеліктері бар екен. Жіктік жалғауы есім сөз таптарынан гөрі етістікке тән десек те, оның мынадай ерекшеліктерін көрсетпеуге болмайды. Біріншіден, жоғарыда көрсетілгендей, етістік түбір тұлғасында тікелей жіктелмейді, ал есім сөздер /зат есім, сын есім, сан есім, есімдіктің кейбір түрлері/ тікелей түбір тұлғада жіктеледі және 1-2-жақтарда тек адамға байланысты есімдер ғана жіктеледі. Екіншіден, етістіктің жіктелетін тұлғаларының өзі бірдей, біркелкі жүйемен жіктелмейді. Атап айтқанда, қазақ тілінде етістік 5 түрлі жіктеледі, 4 түрлі жіктік жалғауы жалғанады.

1/ Етістіктің есімше тұлғалы түрі */-ған, -ген, -қан, -кен, -атын, -етін, -йтын,-йтін, -ар, -ер,* -р, болымсыз түрі-с, *-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек/* және *отыр, тур, жүр, жатыр* деген 4 қалып етістігі *-уда, -уде,* тұлғалық тұйық етістік есім сездерше жіктеледі: 1-жақ жекеше-мын, *-мін, -пын, -пін,* көпше *-мыз, -міз, -быз, -біз, -пыз, -піз;* 2жақ анайы, жекеше *-сың, -сің,* көпше *-сыңдар, -сіңдер,* сыпайы жекеше *-сыз, -сіз,* көпше *-сыздар, -сіздер;* 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

2/ Етістіктің көсемше тұлғалы түрі */-ә, -е,* -й және *-ып, -іп, -п/* 1-және 2-жақтарда есімдерше жіктеледі де, 3-жақта арнайы *-ды, -ді, -ты,* -ті деген жалғау болады. Жіктелудің /жіктік жалғауларының көсемше тұлғасына жалғанудың/ нәтижесінде кесемшенің осы тиянақсыз тұлғасы тиянақтылық сипатқа, аяқталғандық мәнге ие болады.

Етістіктің кесемше тұлғасы *ма, ме* сұраулық шылаумен тіркескенде, 3-жақта жіктік жалғаусыз қолданылады. Сондай-ақ сөйлеу тілде 1-жақта -мын, -мін жалғау тек -м түрінде де кездеседі: барамын - барам.

3/ Етістіктің шартты райы */-са, -се/* және жедел өткен шақ */-ды, -ді, -ты, -ті/* тұлғалы түрлері шағындалған қосымшалар жалғану арқылыжіктеледі: 1-жақ жекеше *-м,* көпше *-қ, -к;* 2-жақ анайы жекеше *-ң,* көпше *-ңдар, -ңдер,* сыпайы *-ңыз, -ңіз* көпше *-ңыздар, -ңіздер;* 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

С-йлеу тілінде-а, -е, -й тұлғалы көсемшеге жалғанатын 1-жақ жекеше жіктік жалғау */-мын, -мін/ -м* болып, 3-жақ жіктік жалғауы *-ды, -ді,* болып, *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімшеге жалғанатын 1-жақ жекеше жіктік жалғауы */-мын, -мін/* –м болып та айтылады: *бара-мын, келе-мін, сөйлей-мін* деудің орнына *бара-м, келе-м, сөйпей-м* болып айтыла береді. Әрине, соңғы нұсқа толық әдеби форма болып саналмайды.

Сонымен бірге 1-жақ жекеше мәнде тіліміздe -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен тұлғалы етістіктер де жиі қолданылады. Зерттеушілер -ман, -мен, -бан, -бен, -пан, -пен формасын ауыспалы осы /келер/ шактық */ма-й-мын, ме-й-мін, ба-й-мын, бе-й-мін, па-й-мын,* пе-й-мін/ болымсыз тұлғасының 1-жақ түрінің қысқарған нұсқасы деп анықтайды. Және әдеттегідей салыстырғанда бұл тұлғаның

семантикасында үзілді-кесілді реңк бары, ол тұлғаның өлең сөзде көбірек ұшырасуы стильдік мән үстеп, өлеңге батылдық, жігерлілік сипат беретіні де керсетіледі.

4/Етістіктің бұйрық рай тұлғасы ерекше жіктеледі, ол етістік тұлғасыныңжіктелуінің төртінші түрі болып саналады. Ол ерекшелік, біріншіден, бұйрықрайда жіктік жалғаудың бүтіндей өзгеше болуында болса, екіншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық рай тұлғаларының сырттай ұқсас, бірақ екеуі біремес екендігін де, яғни түбір сөз формаларына негіз болатын сөздің стати-калық күйіндегі тұлғасы да, бұйрық райдың 2-жақ жекеше анайы тұлғасы -түбірден бөлек сөз формасы, грамматикалық түрлену парадигмасының біркөрінісі болып табылады. Сондықтан да етістіктің түбірі мен бұйрық райдың 2-жақ жекеше, анайы түрі омоним формалар болады. Сөйтіп, бұйрық райдыңжіктелуінде 1-жақ жекеше-айыя, -*ейін, -йын, -йін, көпше-айық, -ейік, -йық, -йік* 2-жақтық анайы жекеше арнайы тұлғасы жоқ нөлдік форма көпше -*ыңдар, -іңдер, -ңдар, -ңдер* сыпайы жекеше -*ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз,* көпше -*ыңыздар, -іңіздер, -ңыздар, -ңіздер,* 3-жақта -*сын,* -сін жалғаулары жалғанады.

Бұйрық рай тұлғасының жіктелуіндегі тағы бір ерекшелік- бұйрық рай формасының 3 жағына да -шы, -ші жұрнағы жалғанып та қолданылады. Ондайда етістікте таза бұйрық мәнінен гөрі тілек, ниет мәні басым байқалады.

5/Етістіктің ерекше жіктелетін түрі - қалау рай тұлғасы. Қалау райтұлғасын /негізгі етістік -ғы, -гі, -қы, -кі тұлғасына тәуелдік жалғауы жалғанып келеді немесе келді кемекші етістікпен тіркескен күрделі етістік/ тәуелдікжалғау арқылы жаққа жіктеледі, қимыл, іс-әрекет иесі, жақ иесі атау тұлғадаемес, ілік септігінде тұрады. Бұл түрленудің ерекшелігі сол қалау рай тұлғалы күрделі етістік негізгі тәуелдік жалғау тұлғасында тұрады да, көмекші етістік кел жедел еткен шақ немесе ауыспалы келер осы шақ келеді тұлғасында келіп, жіктік жалғаудың 3-жағында айтылады: келді дегенде келдік форма, келеді дегенде -ді жалғауы 3- жақ жіктік жалғауы.

Сондай-ақ -у тұлғалы тұйық етістікке тәуелдік жалғауы үстеліп, **керек,** қажет, **мүмкін, тиіс** сияқты модаль сөздердің тіркесуінен жасалған баяндауыштар да осы тәріздес түрде жіктеледі.

Функциональды грамматиканың негізгі ерекшелігі тіл табиғатын кешенді сипатта зерделеумен, адамдардың қарым-қатынасында белгілі бір хабарды жеткізу үшін қолданылатын лексикалық және грамматикалық бірліктердің қызмет жүйесінің өзара қарым-қатынасындағы заңдылықтарды айқындауымен анықталады.

Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу еңбектеріне қарағанда, -у тұлғалы қимыл есімі - моносемиялық, полифункциональды аффикс.

Аффикстің әртүрлі лексикалық және грамматикалық категориялармен жалғану сәйкестігіне сай оның қызметі де түрлі-түрлі. Ғылыми зерттелерге шолу жасай отырып, тілдік қолданыстағы қимыл есімдерінің қызметін былай топтастырып көрсетуге болады:

1. Семантикалық қызметі.
2. Синтаксистік қызметі.
3. Комбинаторлық немесе структуралық қызметі.
4. Транспозициялық қызметі.
5. Стильдік қызметі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
2.Қазақ тілінің грамматикасы.I- бөлім. Алматы, 1967.
3.Аманжолов С. Ворпосы диалектологии и истории казахского языка. А., 1989.
4.Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.
5.Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.- Алматы. 8 том. 1986.
6.Кажыбеков Е.З. Семантика тюркского слова. -А., 1989.
7.Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- А., 1966.

ӘОЖ 82.129.14

## ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

**АБИТОВА МЕРЕКЕ МУРТАЗАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к.,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются проблемы изучения казахского народного устного творчества и их проявление в научно-творческом пространстве начала XX века. В исследовании анализируются процессы формирования методологических подходов, таких как сбор, систематизация, жанровая классификация и текстологический анализ фольклорных материалов. Отмечается, что в начале XX века казахские деятели – Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов и другие учёные – рассматривали фольклор как духовное наследие народа и определяли направления его научного изучения. Также подчеркивается, что в этот период фольклор воспринимался как источник пробуждения национального сознания, сохранения культурной идентичности, формирования литературного языка и письменности. В результате работы систематизированы основные проблемы, возникшие на начальном этапе становления казахского фольклороведения, определено их историко-культурное значение, а также выявлено влияние исследований начала XX века на современное развитие фольклористики.

**Summary**. This article examines the issues related to the study of Kazakh folk oral literature and their manifestation in the scholarly and creative environment of the early 20th century. The research analyzes the development of methodological approaches such as the collection, systematization, genre classification, and textual analysis of folklore materials. It is noted that at the beginning of the 20th century, Kazakh intellectuals – Ä. Bökeikhan, A. Baitursynuly, M. Dulatov, Kh. Dosmukhameduly, M. Auezov, and other scholars – regarded folklore as the spiritual heritage of the nation and outlined the main directions of its academic study. The article also emphasizes that during this period, folklore was perceived as a source for awakening national consciousness, preserving cultural identity, and contributing to the development of literary language and writing. As a result, the study systematizes the major issues that emerged during the early stage of Kazakh folkloristics, determines their historical and cultural significance, and reveals the influence of early 20th-century research on the modern development of folklore studies.

Қазақ халық ауыз әдебиеті – ұлттық мәдениет пен руханияттың айнасы. Ол халықтың дүниетанымы, өмір салты, тарихи тәжірибесі мен моральдық құндылықтарын сақтаушы ретінде маңызды рөл атқарады. XX ғасыр басында қазақ әдебиеттанушылары халық ауыз әдебиетін зерттеу мәселелеріне ерекше назар аударып, оны ғылыми тұрғыда жүйелеуге ұмтылды.

**1.Зерттеу мәселелерінің өзектілігі**

Халық ауыз әдебиетін зерттеудің басты мәселелері мыналарға бағытталды:

-фольклорлық мұраны жинау, сақтау және жүйелеу;

-эпикалық шығармалар, аңыздар, жырлар, ертегілер мен мақал-мәтелдердің мазмұны мен құрылымын талдау;

-ауыз әдебиетінің тілдік ерекшеліктерін және көркемдік потенциалын анықтау.

**2. XX ғасыр басындағы зерттеу үрдістері**

Бұл кезеңде қазақ зиялылары мен әдебиетшілері халық ауыз әдебиетін жинап, зерттеу ісін жүйелі жүргізді. Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев сияқты ғалымдар мен жазушылар эпикалық жырларды, батырлық шығармаларды, мақал-мәтелдерді жинап, оларды ұлттық әдебиеттің маңызды бөлігі ретінде қарастырды. Бұл жұмыстар қазақ әдебиетін ғылыми тұрғыда талдауға негіз қалады.

**3. Ауыз әдебиетінің көркемдік және идеялық мәні**

XX ғасыр басындағы қазақ ауыз әдебиеті:

-Көркемдік ерекшеліктері: тілдің мәнерлілігі, образдық жүйесі, музыкалық-іргелі құрылымы;

-Идеялық мәні: ұлттық сана, моральдық құндылықтар, халықтың тарихи тәжірибесі мен тәлім-тәрбиелік идеялары.

**4. Қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі**

Халық ауыз әдебиетін зерттеу XX ғасыр басында әдебиеттану ғылымының дамуына серпін берді. Зерттеулер халық шығармашылығының мәнін, оның дәстүрлі және жаңа әдеби үрдістерге әсерін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл кезеңде жинақталған фольклорлық материалдар кейінгі зерттеулер мен оқу процесінде маңызды дереккөз болып қолданылды.

Қазақ халық ауыз әдебиетін зерттеу XX ғасыр басында жаңа белеске көтеріліп, ғылыми жүйелеудің негізін қалады. Бұл кезеңдегі зерттеулер тек әдебиет тарихын байытуға ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті сақтау, әдеби білімді қалыптастыру және әдебиеттану ғылымын дамытуда маңызды рөл атқарды.

Қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісі шын мәнінде кеңестік дәуірде қолға алынып, ғылыми жолға қойылды. Бұл кезде ауыз әдебиетін зерттейтін фольклористика деп аталатын ғылым қалыптасты, фольклорист ғалымдар қатары өсіп келеді. Осының нәтижесінде жалпы қазақ ауыз әдебиеті мен және оның жеке түрлерінің туу, қалыптасып даму тарихы жайында газет-журналдық мақалалар, үлкен ғылыми зерттеулер жазылып, баспа жүзіне жариялануда. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы шығарған «Қазақ әдебиетінің тарихы» дейтін күрделі еңбектің бірінші томы ауыз әдебиетіне арналған.

Әрине, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу ісі кеңестік дәуірде жүзеге асты деуімізбен бұл салада революцияға дейін жүргізілген жұмыстарды жоққа шығармаймыз. Бұл жөнінде жоғарда атап өткеніміздей, Ш. Уәлихановтың, В. Радлов пен Г.Потаниннің, И.Фалев пен П.Мелиоранскийдің т.б. ғалымдар мен ағартушылардың жалпы қазақ фольклоры туралы және оның кейбір жанрлары туралы жайында айтқандары да бар еді.

Қазақ қоғамы тарихын зерттеу үшін тек жазба деректерді пайдалану жеткіліксіз, өйткені, қазақтың ертеден келе жатқан дәстүрлі төл мұрасы ауызекі деректер. Заманалық сұраныс тарих ғылымының дамуы барысында тарихи деректердің шеңберін кеңейту мен оны зерттеу әдістерін жетілдіруді талап етіп отыр. Тарихи санасы сергек, шежірешіл қазақ халқы әр уақытта басынан кешкен тарихын сұрыптап, әңгіме, жыр, өлең тіліне салып ұрпағына қалдырып отырған.

Жұмыстың өзегі ретінде – ата-бабаларымыздың ерлік істерін өлең-жырға, аңыз-әңгімеге, ертегіге қосып мақтанышпен әңгімелейтін қазақ халқының ерекше есте сақтау қабілеті арқасында ел арасында кең таралған, кейіннен қағаз бетіне түсірілген тарихи жады – қазақтың дәстүрлі ауызекі тарихи шығармашылығы алынып отыр.

Ауыз әдебиетінің мұрасының өзіндік өзгешілігін анықтауға аса қажет тәсілдің бірі – салыстырмалы-тарихи әдіс. Орыс фольклортану ғылымы ауыз әдебиеті шығармаларын осы тәсіл негізінде тексеріп, күрделі нәтижелерге жетіп жүргені белгілі.

Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу барысында ауызекі тарихи деректерді жекелеген мәселелерді шешу ісінде дерек көзі етіп қолдану талабы ғасыр басында қолға алынса да, осы күнге дейін өз деңгейінде мән берілмей отыр. Тарихшылар да, этнографтар да осы тәрізді деректердің тарихи зерттеулерде белгілі бір маңыздылығын мойындаса да, оны қолдануға ерекше сақтықпен қараған.

Ауызекі тарихи деректерді қолданудың бағалылығы мен маңызы күмән туғызбайды, өйткені, онда халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жүйеленген тарихи білімі көрініс тапқан.

Қоғамдық құрылым ішкі байланыстардан, сырт көзге түсе бермейтін қоғамдық қатынастардан тұратындықтан, халықтың ішкі жан дүниесі, қоршаған ортаға деген түсінігі, руханияты туралы мәліметті сыртқы деректерден таппаймыз, оларды тек жергілікті, төл деректерден, халықтың төлтума тарихи шығармаларынан ғана алуға болады.

Соңғы жылдары ауызекі ауызша дәстүрдің жекелеген салаларын әдеби дерек ретінде ғылыми айналымға тартқан зерттеу жұмыстары жүргізіліп жүр, олардың ішінде Р.Айтбаева «Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғ. қазақ қоғамы тарихының негізгі мәселелері» [1], З.Елешованың «XY-XVII ғғ. қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы» [2], М. Алпысбестің «Қазақ шежіресіндегі Қазақстан тарихы (тарихтың зерттелуіндегі шежіре орны)» , Л. Жүсіпованың «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері – тарихи дерек көзі ретінде» [3] атты зерттеулерін атап өтуіміз абзал. Белгілі қаламгер Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректанушылық қызметінің маңызын көтеріп, қолжазбаларын дәйекті ғылыми айналымға қосып зерттеуде, ғұламаның тікелей ұрпақтары Жүсіповтер әулетінің қызметін ерекше атап өту қажет. Әрине, басқа да көптеген ғалымдарымыз өз еңбектерінде ауызекі тарихи нұсқалар деректерін қолданып, қазақи деректердің тарихилық маңызын атап жүр.

Ауыз әдебиетін зерттеу соғыс жылдарында да ілгері дамыды. Соғыс жылдарындағы фольклористикамыз біріншіден, халықтың ерлік, патриоттық дәстүрін зерттеуді басты мәселе етіп көтерді. Сонымен қатар ауыз әдебиетінің жанрларын мифологиялық көлемде зерттеу ісін қолға алды. Бұл ретте қазақтың айтыс өлеңдері туралы С.Мұқановтың [4], М.Әуезовтің [5], Қ.Жұмалиев пен Е.Ысмайыловтың қазақ халқының эпостық жырлары туралы [6] Ә.Марғұланның, Б.Кенжебаевтың шешенік сөздер туралы [7] еңбектері жарық көрді.

Кеңес үкіметі кезеңінде М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ. Жұмалиев, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин, Н.Смирнова және де басқа көптеген ғалымдар ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісіне қатысты. М.Әуезов, М. Ғабдуллин, Ә.Қоңыратбаевтар тарихи фольклор түрлерін жеке жанрлық тұрғыдан қарастырып, тарихилық сипатын ашуға жол салған.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақ фольклористикасы әдебиеттану ғылымының басты бір саласына айналды. Осы кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы құрылды. Әдебиет институты ашылды. Бұл институт қазақ әдебиеті тарихын жан-жақты алып зерттеуді жүргізе бастады, бірнеше зерттеулер жарияланды.

Қорыта айтқанда, ауыз әдебиетіндегі қазақ тарихының зерттелуі мәселелері әсіресе Кеңестік дәуірде, тәуелсіздік жылдарда жаңа методикалық шептерге шыға бастады. Ә.Марғұланның «Ежелгі жыр, аңыздар» ( Алматы, 1985), «Қазақ фольклорының типологиясы» (Алматы, 1981), «Қазақ фольклористикасының тарихы» ( Алматы, 1988) , «Фольклор шындығы» ( Алматы, 1990), Айтаева Р.Т. «Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғасырдағы қазақ қоғамы тарихының мәселелері» (Алматы, 1992), Е.Е.Ысмайылов, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, С.Мұқанов, Ш.Ибраев, М.Әуезов, С.Мұқанов, және көптеген ғалымдардың еңбектері ауыз әдебиеті мұрасын толық әрі жан-жақты меңгеруге көмектесті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Айтбаева Р. Ауызша тарих айту дәстүрі бойынша XVIII ғ. қазақ қоғамы тарихының негізгі мәселелері. - т.ғ.к. дисс. автореферат. – Алматы, 1992. –38б.

2.Елешова З.Е. XY-XYII ғасырлардағы қазақ тарихының фольклорлық нұсқасы. - т.ғ.к. ғылыми дәрежесін. дисс. автореферат. –Қарағанды, 1999. –35б.

3. Жүсіпова Л. Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері –тарихи дерек көзі ретінде» – т.ғ.к. дәрежесін.дисс. автореферат. –Алматы: 2002. –31б.

4. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық және этнографиялық шолу. –Алматы: 1999. –274б.

5. Ауезов М.О. и Соболев Л. Эпос и фольклор казахского народа. Лит. критик, 1999. – № 10, –10- 13б.

6. Жұмалиев Қ., Ысмайылов Е. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселесі. т.1. –Алматы: Жалын, 1958. –245б.

7.Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. – Алматы, Жазушы, 1973. –236б.

ӘОЖ 82.795.45

## Т.ҚОЖАКЕЕВТІҢ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ЕҢБЕКТЕРІ

**АЛИЕВА КАМИЛА ИБРАГИМҚЫЗЫ**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются научное наследие и место профессора, известного казахского литературоведа Тұрсынбека Қожакеева в литературоведении. В исследовании уделяется внимание его трудам, в которых он системно анализировал казахскую сатиру, публицистику и развитие литературного процесса. Рассматривается вклад Т. Қожакеева в формирование новых направлений в национальном литературоведении, особенно его научные выводы, связанные с определением жанровых особенностей казахской сатиры и изучением истории становления публицистики. Кроме того, анализируются методологические подходы учёного, его научно-теоретические взгляды и новаторские идея, внесённые им в исследование казахской литературы. В результате работы выявлено влияние творчества Т. Қожакеева на развитие казахского литературоведения, углубление жанровых и теоретических исследований.

**Summary.** This article examines the scholarly legacy and the place of Professor Tursynbek Kozhakeyev, a prominent Kazakh literary scholar, within the field of literary studies. The research focuses on his works in which he systematically analyzed Kazakh satire, journalism, and the development

of the literary process. The study highlights T. Kozhakeyev's contribution to the formation of new directions in national literary studies, particularly his scholarly conclusions regarding the genre-specific features of Kazakh satire and the historical development of journalism. In addition, the article analyzes the scholar's methodological approaches, his theoretical perspectives, and the innovative ideas he introduced into the study of Kazakh literature. As a result, the research reveals the influence of T. Kozhakeyev's work on the advancement of Kazakh literary studies and the deepening of genre-related and theoretical inquiries.

Темірбек Қожакеев 1926 жылдың 17-желтоқсанында Жамбыл облысының Мерке ауданы, Ойтал ауылында дүниеге келді. Темірбек Қожакеев 1944 жылы 18 жасында әскерге шақырылып, Сталинград, Баку, Дағыстанның әскери штабтарында қызмет етеді. Елге оралған соң, оқуға түсіп, оны үздік бітіреді. Ғылым жолына біржола бет бұрады.

1953 жылы Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөлімін бітіреді. 1947-1948 жылдары Мерке аудандық комсомол комитетінің бөлім меңгерушісі қызметін атқарады. 1953-1972 жылдары Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетінің оқытушысы, аға оқытушысы және доценті болып қызмет етеді. Одан соң ұзақ жылдар бойына (1972-1986 жылдар аралығында) аталған жоғары оқу орнының журналистика факультетінің деканы болды. Филология ғылымдарының докторы (1970 жыл), профессор (1972 жыл). Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1996 жыл). Қазақстан жоғары мектебі ғылым академиясының құрметті академигі (1996 жыл). Темірбек Қожакеев «Құрмет Белгісі» орденімен, алты медальмен марапатталған. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері. Жамбыл облысы Мерке ауданының құрметті азаматы (2002 жыл).

«Қоғамның әрбір мүшесі жалтақ, жағымпаз, күнбағар болмай, асқан-тасқан басшылардың теріс іс-әрекетіне тойтарыс беруге жарамды, бетті, ел тағдыры, адам тағдыры шешіліп жатқанда шындық, дұрыстық қасынан табылуға өзін дағдыландырып тәрбиелеуге тиіс», – деген Темірбек Қожакеевтің өмірлік ұстанымы болды [1,13б.].

Т.Қожакеевтің темірдей иілмес тік мінезі мен шыншылдығы, қатал тәртібіне байланысты өз кезеңінде «Т.Қожакеевтің темір тоқпағы», «тотыяйын тілді Темірбек», «тепкісі темірден де қатты Қожакеев» немесе «Ұйықтап жатып, жан шошырлық қорқынышты түс көрем, арасында ылғи Қожакеев жүреді» сынды аңызға айналған тіркестер де шыққан екен [1].

«Біздің буын ұлы ұстаздан қатаң талап болғанмен, қаталдығы аталық мейірімге ұласқан жасында білім алды. Содан шығар, көз алдымызда шәкірттерімен ашық-жарқын сөйлесіп, қатарындай қалжыңдасатын жылы жүзі қалды. Топтағы 50 баланың мінезі елу түрлі. Қиқар тілді, сөзі уытты, өжет студенттерді жанына жақын тұтып, соларды сөйлете түскенді жақсы көретін. Біз оқығанда «Мерзімді баспасөз» кафедрасының меңгерушісі еді. Ғалым атақ-абыройының асқақтығы болар, мерзімді баспасөзді қоспай, «Қожакеевтің кафедрасындамын» дегенді мақтанышпен айтатынбыз. Пайғамбар жасынан асса да, есте сақтау қабілеті таңғалдыратын. Факультет студенттерінің аты-жөнін, кімнің қолынан не келетінін, не істегенін ұмытпайтын», – деп оның шәкірттері ұлы ұстазы туралы жылы естелік лебізін де жазыпты [1,14б.].

Қажырлы еңбектің нәтижесінде журналистика факультетін он бес жыл басқарған Т.Қожакеев туралы К.Нәрібаев: «Бұл факультетте кешігу, сабақтан қалу дейтін болмайтын, үлгерім жөнінде де бірінші орынды бермейтін. Бірақ, талап қанша қатал болғанмен, әділ болушы еді және оны барлық ұжым (ұстаздар да, студенттер де) мойындайтын. Керек кезінде шәкірттерін қызғыштай қорғап, талай-талай апаттардан аман алып қалатын. Шектен шыққандарды иманына келтіріп, тез арада орнына қоя білетін. Шәкірттерінің «Қожакеевтің қолтоқпағының астында өсіп-жетілдік» деуі сондықтан», – деп жылы пікірін білдіреді [1,17б.].

Мыңдаған кәсіби журналистің ұстазы болған тұлғаның ғұмыр жолына көз салсақ, ол шәкірт тәрбиелеуге, яғни, қазақ журналистері мен ғалымдарының сан-сапасын арттырып, ел білімі мен ғылымының, ақпарат саласының мықты мамандармен толығуына жарты ғасырлық өмір жолын сарп етіпті. Ұлағатты ұстаз тәліміне сусындап, тәрбиесін көрген студенттер арасында, өзі айтпақшы, «кем талант, кетік талант, жетік таланттар» да бар. Олардың қай-қайсысы да тек журналистика саласының дамуына емес, жалпы, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қосты.

Қазақ тарихына азаттықтың күрес жылы, азамат тағдырының қаралы жылы болып енген – 1986 жыл талайды сынға салып, сергелдеңге түсірді. Аумалы-төкпелі заман басталды. «Өзінің басындағы отты көрмей, өзгенің басындағы шоқты көретіндер» қашанда болса табылады. Факультеттегі жұмыс жандана түсіп, ауқымды іс-шаралардың атқарылып жатқаны, оқу процесін

жетілдіруге оңтайлы жағдай тууы, студенттер жатақханасының алтын ұяға айналуы кейбір бақталастардың өзегіне өрт түсірді. Ақыры Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің комиссиясы дегеніне жетіп, Темірбек Қожакеевті декандықтан да, кафедра меңгерушілігінен де алып тынды. Желтоқсан оқиғасына байланысты ҚазМУ-ге келген «ұлы идеолог» З.Камалиденовке «Қожакеев туралы» сұрақ қойып ақыры еңбегі сіңген ұстазды жұмыстан шығарттырып та жіберді.

Сол бір қиын кезеңде Темірбек Қожакеевтің кісілік келбеті, азаматтық тұлғасы көзге айқын шалынады. Биіктегілерге илікпей, күншілдерге беріспей өзі үшін, адами ары үшін ғалым Темірбек Қожакеев жалғызбын деп жасқанбай, аянбай-ақ алысады. 1986-87 жылдары ҚазМУ-ден Қазақ Ғылым академиясының 1 корреспондент-мүшесі, 5 профессор жұмыстан қуылыпты. Солардың бірі – Темірбек Қожакеев болды.

Осы тұстағы Қожакеевтің басына түскен ауыртпашылық туралы замандастарының бірі былай деп жазады: «Жаулары оның «балтырын» ғана қанатып, жүрегіне сызат түсіре алған жоқ. Ол кісі мына баянсыз жалғанның құбылмалылығын шын ұққан қасқа-қас, досқа-дос болаттай берік жан болатын. Қиын кезеңде өзіне ғана сеніп, өзінің білімі мен білігіне жүгінген. Талмай тартысып, тартынбай айқаса жүріп, қолдың бостығын, бос уақыттың молдығын пайдаланып, ғылыммен беріле айналысты. Жанына жұбанышты содан тапқан. Тағдыры тағдырына ұқсас асқақ ағаларының сарғайған қағаздағы «хатына» үңіліп, солармен сырласты. Соларға іштей мұң шағып, жүректегі запыранның уытын басқан. Әділет жолының ауырлығын мойындай түсіп, қайрат жинап, жігерін қайрады. Әйтеуір еңсесі түсіп, еңкеймеген. Ол баяғы күнделікті жұмыс кестесін сол кезде де бұлжытпай орындайтын. Күнде таңертеңгі 10.00-де Орталық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына келіп, 15.00-ге дейін тапжылмай отырып, ескі газет-журнал, сирек кітаптарды ақтарып, кейіннен сол жылдары жинаған бай материалдар негізінде кітап соңынан кітап шығарды. Талай тылсым дүниенің сыры ашылды. Сол тұста көп жастарға көмегі тиген-ді. «Қазақ» газеті сандарының өшіп қалған, жыртылып кеткен жерлерін шығара алмай отырғанда, көмегін аямаған. Көзі талғанда, «ауа жұтып» жүріп, жас ғалым, жазушылармен сырласатын.. «Ары тазаның – жаны таза!». Кейде аққа да күйе жұғуы мүмкін, бірақ, тазалануы тез. Тағдыр тәлкегіне ұшыраса да ар-намысын таптатпаған Темірбек Қожакеев ақырында ақталды. Әуелі Желтоқсанның ызғарында Өмірбек Жолдасбековті, Темірбек Қожакеевті университет партбюросында шырылдап қорғаған жалғыз қазақ, қазақ әдебиеттану ғылымының аса көректі тұлғасы, академик Зейнолла Қабдоловтың шақыруымен қазақ әдебиеті кафедрасына, кейінірек өзінің журналистикасына оралады. Ұстаздың оралуы деп, ел-жұрт алақайлап қуанады. Елі ардақтаған азамат тұлғаның басын сергелдеңге түсірген зұлматты жасқанбай көтеріп, қайыспай жүргізген күресі жеңіспен аяқталады. Журфак орналасқан қабат арқа-жарқа қуанышқа кенелген. Әрине, бәрі бірдей емес, дегенмен шәкірттер шаттыққа бөленді. Жаулары тоз-тоз болып кетті, сайда саны, құмда ізі қалмады. Біреулерінің факультетте тұрып қалуға дәті шыдамаса, екіншілері Ресейге зытты, үшіншілері журналистикадан мүлде кетіп тынды. «Екі күймек, бір жанға әділет пе? Қаны қара бір жанмын жаны жара» деген Абай күңіренісінің мәнін осындайда түсінесің» [ 1, 26б.].

Осылай Т.Қожакеевті барша қазақ халқына ауыр соққы болып тиіп, жарасы оңайлықпен жазылмайтын дертке айналған атақты 1986 жылдың желтоқсан оқиғасы да сырт айналып өткен жоқ. Оған өзі басқарып отырған журналистика факультеті студенттерінің бойына ұлтшылдықты сіңіріп, кеңес үкіметінің жүргізіп отырған оң саясатына қарсы наразылық білдіріп, жастарды алаңға шығаруды ұйымдастырды деген, әбден ойластырылып, ізі жасырылған жала жабылды. Бірақ жүрегіне дақ түскенмен қайсар қаламгер уақытша қиындыққа мойынсұнып сары уайымға салынбайды. Қайта бар күш-қайратын жинап, архив қазбалап, жазу столына отырады. Кейіннен соның жемісі ретінде Қазақстанның айтулы баспаларынан оның «Жас тілшілер серігі», «Жыл құстары», «Көк сеңгірлер» атты айтулы монографиялары жарыққа шықты.

«...Ол «өз мінезіне көз салмаған» жан-тұғын. Құдай жаратқан мінез-құлқын өз бойына жарасымды ұштап, өкінбей ғұмыр кешті. Ол кісі «Еріксіз түскен ылдидан, еркімен шығар өрді артық» көрген азамат болатын, еңкеймей өтті, илікпей кетті.

Талабы қатаң, тәртібі қатал, тәлімі терең, болаттай берік қайран Темірбек аға! Тағылымды ғұмыр кешкен сіздің адами әлеміңіз мың иірімнен тұратын, рухы өзгеше құбылыс еді.

Темағаңды мен шын мәніндегі бақытты жан деп білемін. Артында басқан ізін қасиет тұтар ұрпағы бар. Күш-қайратын сарп етіп жазған том-том еңбектерінің сан мың шәкірттер жанына сан ғасыр шырақ жағары сөзсіз. Халқына мәңгілік мұра қалдырған адамда арман болушы ма еді?! Иә, Темірбек Қожакеұлының есімі болашаққа бет алған ұрпақ көшінің алдында ұран болып жүрерінде күмән жоқ», – деп еске алады ол туралы шәкірті, филология ғылымының докторы, Өмірхан Әбдиманұлы [1,18б.].

Темірбек Қожакеев – қазақ әдебиеті мен баспасөзінің теориясын қалыптастырған ғалым, публицист, шәкірт тәрбиелеген білікті ұстаз.

Темірбек Қожакеевтің еңбек жолы, шығармашылығы ұлттық нақышымен, тарих пен әдебиетті байланыстыра қарастырып, қуатты тілдік бояуымен ерекшеленеді. Сондықтан суреткердің прозалық шығармаларындағы кейіпкерлердің ұлттық болмысын, әлеуметтік ортамен үндестігін қарастыру – бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы аса өзекті және таңдаулы тақырыптың бірі деп білеміз. Суреткердің сөз өнерінің барлық жанрына мол шығарма бергені қазақ әдебиеті тарихынан белгілі. Оған Темірбек Қожакеевтің журналистика, сатира, сын жанрында жазған шығармаларының бірнеше мәрте жарық көріп жатуы да дәлел бола алады.

Т.Қожакеев – жиырма жыл бойы журналистика факультетінің деканы бола тұрып, бар күшін әдебиетшілерді дайындауға жұмсап, жүрген жан. Әділін айту керек, қазіргі көптеген орта және кіші буын юморларшылар мен сатириктер оның шәкірттері болған» [2].

Т.Қожакеев айтулы ғалым, уытты сатириктігімен қатар, танымал сыншы да. Олай деуіміздің себебі, Т.Қожакеев кезінде Е.Ысмайыловтың «Ақын және революция», «Сын мен шығарма», Б.Кенжебаевтың «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Асау жүрек», «Шындық және шеберлік», Б.Шалабаевтың «Қазақ романының тууы мен қалыптасу тарихы», «Қазақ романының тарихы», Х.Сүйіншалиевтің «Ізденіс іздері»,«VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті», Ж.Алтайбаевтың «Нақ, нақ», С.Адамбековтың «Атылған қыз туралы аңыз», Т.Нұртазиннің «Мұрат»сияқты түрлі жанрда жазылған роман, повесть, зерттеу еңбектеріне әділ сын жазып, барын бар, жоғын жоқ деуден таймаған.

Ғалымның енді бір топ еңбектері қазақ журналистикасының қалыптасып, дамуына тарихтың түрлі кезеңдерінде еңбек сіңірген мәдениет, қоғам қайраткерлерінің шығармашылық өмір жолдарының үлгісі мен өнегесін пайымдауға арналған.

Т.Қожакеев өткен жылдардың ескірген әрі сирек ұшырасатын құндылықтарға айналып кеткен басылымдарын, архив қойнауларындағы қолжазба мұраларды мұқият қарап жүріп, Ғазымбек Бірімжанов, Әбдірахман Байділдин, Біләл Сүлеев, Серікқали Жақыпов, Нәзипа Құлжанова, Қалдыбай Абдуллин, Жәкен Сәрсенбин, Бейсенбай Кенжебаев, Мәжит Дәулетбаев, Ибат Игенұлы, Ғабдол Сланов, Сәдуақас Баймаханов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов, Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ғаббас Тоғжанов, Иса Тоқтыбаев, Абдолла Розыбакиев, Ерғали Алдоңғаров, Сара Есова, Сабыржан Шәкіржанов және басқа жүзден астам жеке тұлғалардың қазақ қоғамының дамуы, қазақ елінің мәдени-әлеуметтік жағынан өсіп-өркендеуі жолында атқарған қызметін, сіңірген еңбегін азаматтық биік тұрғыдан зерделеді. Елінің ертеңі үшін ерен еңбек етіп, тіпті өмірін қиған, зымыран заманның мұнары мен тұманы арасында еленбей, елеусіз қалып келген есіл ерлердің тарихи-әлеуметтік бейнесін, портретін жасауда да журналист-ғалымның елдің тарихына, халық зиялыларының тағдырына, ұлттың мәдени мұрасына деген құрметі қозғаушы, жетекші, бастаушы қызмет атқарған болса керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тау тұлғалы темаға: ғылыми басылым / құраст. М.Қожакеев, Қ.Ботбай. –Алматы: ҚАЗақпарат, 2004. – 639 б.

2.Тұрысбек Р. Ақиқат айнасы: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 бет.

ӘОЖ 82.648.25

## АЛАШТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ АБАЙ ТУРАЛЫ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

**ӘБДІКӘЛІМ ГҮЛМИРА ЕРБОЛАТҚЫЗЫ**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В современной казахской литературе и культурологии изучение творчества Абая Кунанбаева имело особое значение для ученых Алашского движения. Интеллигенция Алаша и

последующие исследователи рассматривали Абая не только как поэта, но и как мыслителя, философа и культурного реформатора казахского общества.

Алашские исследования представляли Абая не просто как литературную фигуру, но и как философа, педагога и общественного деятеля, подчеркивая актуальность его произведений и в наше время. Исследования Абая считались важным источником формирования казахской культуры и национального самосознания.

**Summary.** In contemporary Kazakh literature and cultural studies, the study of Abai Qunanbaiuly's work has held special significance for the scholars of the Alash movement. The Alash intellectuals and subsequent researchers have regarded Abai not only as a poet but also as a thinker, philosopher, and cultural reformer of Kazakh society.

Alash studies have presented Abai not merely as a literary figure but also as a philosopher, educator, and social activist, highlighting the continued relevance of his works today. Research on Abai has served as an important resource in shaping Kazakh culture and national consciousness.

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын тану мен бағалауда XX ғасыр басындағы Алаш қозғалысы қайраткерлерінің еңбегі ерекше. Алаш зиялылары Абайды тек ақын ретінде ғана емес, ұлттың рухани көсемі, жаңашыл ойшыл, қазақ қоғамын өркениетке бастаған тұлға ретінде таныды. Сондықтан Алаштанушы ғалымдардың Абай туралы зерттеулері қазақ абайтану ғылымының бастау көзі болып табылады.

**Алаш зиялылары және Абайды тану үдерісі**

Алаш қозғалысы өкілдері ұлттың рухани жаңғыруын білім, ғылым және әдебиетпен тығыз байланыста қарастырды. Осы тұрғыда Абай мұрасы олар үшін ұлттық сананы оятатын, халықты өркениетке жетелейтін басты рухани құндылық болды. Алаш зиялылары Абай шығармаларын насихаттап қана қоймай, оның ақындық, ойшылдық болмысын ғылыми тұрғыда алғаш талдады.

**Ахмет Байтұрсынұлының Абай туралы көзқарасы**

Ахмет Байтұрсынұлы – Абайды қазақ әдебиетінің жаңа кезеңін бастаған ұлы ақын ретінде таныған алғашқы ғалымдардың бірі. Оның 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы абайтану ғылымының іргетасы саналады. Ахмет Байтұрсынұлы Абай поэзиясының тереңдігін, тіл тазалығын, ой салмағын жоғары бағалап, Абайды бұрынғы ақындардан даралап көрсетті. Ол Абайдың өлеңді өнер деңгейіне көтергенін ерекше атап өтті.

**Әлихан Бөкейханның Абай мұрасын бағалауы**

Әлихан Бөкейхан Абайдың өмірі мен шығармашылығына алғаш ғылыми сипаттағы деректер ұсынған тұлғалардың бірі болды. Ол Абайды қазақ қоғамын оятушы, ағартушы-демократ ақын ретінде таныды. Әлихан Бөкейхан Абайдың орыс және Еуропа мәдениетімен байланысын, аудармашылық қызметін атап көрсетіп, оның дүниетанымының кеңдігін дәлелдеді. Сонымен қатар, Абай шығармаларын жинау мен жариялау ісіне де тікелей үлес қосты.

**Міржақып Дулатұлының Абай туралы пікірлері**

Міржақып Дулатұлы Абайды ұлттың рухани ұстазы ретінде бағалады. Ол Абай шығармаларының тәрбиелік мәніне, әсіресе жастарды білімге, еңбекке, әділдікке шақырған ойларына назар аударды. Міржақыптың мақалаларында Абай идеяларының заманауи маңызы айқын көрініс табады. Ол Абайды қазақ халқының болашақ дамуының рухани негізі ретінде таныды.

**Алаштанушылар еңбектерінің абайтанудағы маңызы**

Алаш зиялыларының Абай туралы зерттеулері кейінгі абайтану ғылымына бағыт-бағдар берді. Олардың еңбектерінде:

-Абайдың тарихи орны анықталды;

-ақынның ағартушылық және философиялық қырлары ашылды;

-Абай дәстүрінің ұлттық әдебиеттегі рөлі негізделді.

Бұл идеяларды кейін Мұхтар Әуезов тереңдетіп дамытып, Абай тұлғасын әлемдік деңгейге көтерді.

Абай 1904 жылы қайтыс болды. 1905 жылы Ресейді дүр сілкіндірген орыс буржуазиялық-демократиялық революциясы бүкіл империя халықтарының алдыңғы қатарлы зиялыларын ұйқыдан оятып, саяси өмірдің жануына әсер етті. Қазақ зиялылары да осы 1905 жылы өздерін саяси-әлеуметтік күш ретінде тұңғыш рет көрсетті. Алаш зиялылары өз ұлтының басты рухани құндылықтарына бұрылды, Абайды тануды бастады. С. Торайғыров бұл үрдісті былай деп

анықтап берді: «Ер Тарғын», «Қобыландыны» оқып байқа, Абайды оқы, таңырқа, басыңды шайқа» [1, 155б.].

Алаш ғалымдарының, яғни алғашқы абайтану туралы еңбектері кеңес кезінде саналы түрде жасырылды. Ал бұл мұра 1905 жылы Әлихан Бөкейханның зерттеуінен басталып, 1924 жылы «Ақжолдағы» Абай туралы жазылған редакциялық мақалаға дейінгі екі аралықтағы 20 жылдық мерзімдегі авторларымен бірге репрессияға ұшыраған ғылыми мұра ұлы классикті таныту – абайтану саласы тек тәуелсіз әдебиеттану ғылымының еншісіне бұйырған екен.

Ол қандай еңбектер? Ең алдымен, Ә.Бөкейханның «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты мақаласы. Мұнда тұңғыш рет Абайдың айналасы, туған ортасы, ататегі, негізгі өмірі мен шығармашылығы тұңғыш рет сөз етіледі. Абайдың 13 жасынан өлең жазғаны, 15 жасында әкесінің қасында болып, билік ісін меңгере бастауы айтылады. Ә. Бөкейхан тұңғыш рет Абай қандай кітаптар оқыды деген сауалға жауап береді: Спенсердің «Тәжірибелерін», Льюистің «Позитивті философиясы», Дрепердің «Еуропаның ақыл-ойының дамуы», Н.Г.Чернышевскийдің «Современниктегі» мақалалары, т.б. Ә. Бөкейхан Абайдың аудармаларына да арнайы тоқталған.

Алаш абайтануының реті келесіндей: Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының өмірі»; Алексей Белослюдов «Белослюдов қолжазбасынан»; А.Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» (« Қазақ», 1913,№43); Нұқ Рамазанов «Абай Құнанбаев» (1845-1904) (Керуен уезінің қазағы, Мақала 1914 жылы «Әлшархият» жинағында Петроградта жарияланған); Міржақып Дулатов «Абай» (« Қазақ», 1914, №67).

«Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда: «Мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаның сыпайышылыққа кемшілігі болар», – деп тайсақтап тартынбаған, хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалыбында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге бойына біткен зеректігінің үстіне, Абай әртүрлі Еуропа білім иелерінің кітаптарын оқыған» [2, 121б.]. Міржақып Дулатұлы «Абай» мақаласында («Қазақ», 1914, №67) былай деген, «Абай сынды ақынның қадірін білмеу – қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі, қазақ өзге жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұртта болса да жалпы әдебиет жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлардың сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей. Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі жас әдебиетіміздің өсуі, белгілі кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соң да мәңгі ұмытылмастай болуы – біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол» [3, 111б.]. «Бәлки мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар. Бірақ ең жоғары ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» [4, 163б.].

М.Әуезов «Абай – әдебиеттің басшысы» мақаласында келесі теориялық ойлар қамтылған: 1) «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған. Бұл есепке, көбінесе дін мақсұтымен жазылған қиссаларды кіргізбесек те, айтыс өлеңдерді кіргізбеуге болмайды. Наурызбай мен Тілеуқабақтың қызының айтысуы, Біржан мен Сараның айтысуы, бір жағынан, ауызша әдебиетке кірсе, бір жағынан, жартылап келіп жазба әдебиетке кіреді. Тегінде, қазақтағы айтыс өлеңдер – өзге жұрттың әдебиетінде кез келмейтін, біздің әдебиеттің байлығына дәлел болған айрықша бір түр. Айтыс өлеңдердің ерте күндегілері ауызша әдебиетке кірсе де, бергі замандағы айтыстың ішінен ұзақ әңгіме тудыратын Наурызбай мен Біржан-Сара сияқтылар жазба әдебиетке кіреді. Екі кісінің айтысуынан немесе екі екі кісінің жайынан туатын әңгімелер ертерек уақытта ағылшын әдебиетінде Грандисон, Ричардсон, Достоевскийдің уақыттарында туылған. Орыстардың «Бедные люди» деген кітабында бар. Мұндай әңгімелерді эпистолярный роман деп атаған. Біздің айтыстардың көбі – осы эпистолярный роман түріндегі өлеңдер...». күні бүгін айтылмаған тың теориялық пікір! «Одан беріде жазба әдебиеттің өз міндетін ұға бастап, қазақ тұрмысындағы кем-кетікті қолға ала бастағаны да Абайдан бұрын басталады. Бұл жағынан қарағанда, Абайдың алдындағы адамдар деп Шортанбай, Алтынсарин, Мәшһүр Жүсіп, һәм Нарманбеттерді алу керек» [5, 48б.].

Ілияс Жансүгіровұлы 1933 жылы Қызылордада шыққан Абай жинағының жарық көруіне атсалысып, алғы сөз жазған автор. Ілияс Жансүгіровұлының «Абай кітабы» мақаласы да абайтануға

қосылған сүбелі үлес. Автор баспа қатесін түзетуші (корректор) нашарлау болғанын айтып, баспа тарапынан кеткен жаңсақ мысалдар келтірген. Әдебиетші 21 сөйлемдегі кеткен қателерді тізіп берген.

Алаштанушы ғалымдардың Абай туралы еңбектері – қазақ руханиятының алтын қоры. Олар Абайды алғаш ғылыми тұрғыда танып, оның ұлты үшін маңызын дәлелдеді. Бүгінгі абайтану ғылымы осы Алаш зиялылары салған сара жолдың жалғасы болып табылады. Сондықтан Алаш қайраткерлерінің Абай жөніндегі зерттеулері тарихи ғана емес, ғылыми және рухани тұрғыдан да аса құнды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том, –Алматы: Ғылым, 2001. –255б.

2.Жұбанов Қ.. Абай – Қазақ әдебиетінің классигі // Абай тағылымы (Құрастырушы Н.Ғабдуллин). –Алматы: Жазушы,1986. –244б.

3.Поэты Казахстана. Құраст.: М.Мағауин. –Ленинград, 1999. –194б.

4.Ғабдуллин Н. Естеліктер. –Алматы: Жалын, 1999. –156б.

5.Әуезов М. 50 томдық шығармалар жинағы. 2-т. –Алматы: Ғылым, 1998. –221б.

ӘОЖ 82.497.21

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АБАЙ ДӘСТҮРІ

**БАЙКЕЕВА ГАУХАР ТОЙЛЫБАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В казахской литературоведческой науке традиция Абая Кунанбаева является важным элементом исследовательской школы, ориентированной на национальную литературу. Эта традиция сформировалась через научное изучение классического периода казахской литературы XIX века и анализ творчества Абая в историко-социальном, философском и эстетическом контексте.

Основу традиции Абая составляют его собственные произведения и общественные взгляды, жизненная философия, а также система художественного мышления в поэзии и прозе. В казахской литературоведческой науке эта традиция направлена на изучение духовно-эстетических ценностей литературы, моральных и национально-сознательных элементов. Литературоведы, придерживающиеся традиции Абая, исследуют путь развития казахской культуры через поэзию, прозу, переводческую деятельность и «Қара сөздер».

Кроме того, традиция Абая является одним из основных исследовательских принципов современной казахской литературоведческой науки, позволяя всесторонне интерпретировать произведения и выявлять историко-культурные связи литературного процесса. Эта традиция влияет не только на изучение творчества Абая, но и на научные исследования, направленные на казахскую национальную литературу в целом.

**Summary.** In Kazakh literary studies, the tradition of Abai Kunanbayev is an important element of the research school focused on national literature. This tradition was formed through the scholarly study of the classical period of 19th-century Kazakh literature and the analysis of Abai’s works within historical, social, philosophical, and aesthetic contexts.

The foundation of Abai’s tradition consists of his own works and social views, his life philosophy, as well as his system of artistic thinking in poetry and prose. In Kazakh literary studies, this tradition is aimed at examining the spiritual and aesthetic values of literature, as well as moral and nationally-conscious elements. Literary scholars adhering to Abai’s tradition study the development of Kazakh culture through poetry, prose, translation activities, and “Qara Sozder” (The Book of Words).

Moreover, Abai’s tradition serves as one of the core research principles of modern Kazakh literary studies, enabling comprehensive interpretation of works and revealing historical and cultural connections

within the literary process. This tradition influences not only the study of Abai's own works but also scientific research directed toward Kazakh national literature as a whole.

Қазақ әдебиетінің тарихында Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Ол – ұлттық жазба әдебиеттің негізін қалаушы, қазақ поэзиясына жаңа мазмұн, жаңа түр, жаңа көркемдік сапа әкелген ұлы ойшыл ақын. Абай шығармашылығы тек көркем әдебиеттің дамуына ғана емес, қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуына да терең ықпал етті. Сондықтан «Абай дәстүрі» ұғымы қазақ әдебиеттануында маңызды ғылыми категориялардың бірі болып табылады.

**Абай дәстүрі ұғымы және оның мәні**

Әдебиеттануда «Абай дәстүрі» деп Абай енгізген көркемдік-эстетикалық, идеялық-философиялық, тілдік және стильдік жаңашылдықтардың кейінгі қазақ әдебиетінде жалғасуын айтамыз. Бұл дәстүр ең алдымен:

-адамгершілік, имандылық, білім мен ғылымды насихаттау;

-ұлттық сананы ояту;

-сыншыл реализм;

-поэзиядағы жаңашыл өлең құрылысы мен тіл мәдениеті сияқты қырлардан көрінеді.

Абайдың «толық адам» ілімі, халықты надандық пен жалқаулықтан арылуға шақырған ойлары әдебиеттануда терең философиялық мәнге ие болып, ғылыми тұрғыда талданды.

**Қазақ әдебиеттануындағы Абай дәстүрінің зерттелуі**

Абай дәстүрін ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеу XX ғасырдың басынан басталды. Алаш қайраткерлері – Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы Абайдың ақындық жаңашылдығын алғаш бағалаған тұлғалар болды. Ахмет Байтұрсынұлы Абайды «қазақтың бас ақыны» деп атап, оның әдебиеттегі тарихи орнын айқындады.

Кейін Мұхтар Әуезов абайтану ғылымының негізін қалап, Абай дәстүрін әдебиеттану ғылымында терең әрі жан-жақты зерттеді. Оның «Абай Құнанбайұлы» монографиясы мен «Абай жолы» эпопеясы арқылы Абайдың ақындық мектебі, шәкірттері және дәстүр жалғастығы ғылыми тұрғыда дәлелденді.

**Абай дәстүрінің кейінгі қазақ әдебиетіне ықпалы**

Абай дәстүрі Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров, Мұқағали Мақатаев сынды ақындардың шығармашылығында айқын көрініс тапты. Бұл қаламгерлер Абай көтерген:

-адам тағдыры,

-қоғам мен жеке тұлға қатынасы,

-рухани кемелдену мәселелерін өз дәуіріне сай дамытты.

Әдебиеттану ғылымында осы сабақтастық «Абай дәстүрінің жалғасуы» ретінде арнайы зерттеліп, поэтикалық салыстырулар, тақырыптық және стильдік талдаулар жасалды.

Абай айналасындағы айтыс өнерінің дамуына, айтыс жанрының өркендеп қанат жаюына Абайдың өзі тікелей себепкер болып, қасындағы ақын шәкірттердің айтысты шебер меңгеруіне ықпал етті. Айтыс өнеріне тән негізгі белгі суырыпсалмалық өнер болса, Абайдың жас кезіндегі өлеңдері –нағыз суырып салып айтқан дүниелер. Жазба поэзиясының асқан шебер болуымен қатар Абай бойындағы далалықтарға тән хас өнер–табан астында тауып өлең ұйқастыру өнері ерекше дарыған-ды. Қазақтың суырыпсалмалығын жасынан бойына сіңірген ақын өмір бойы бұл машықтан қол үзген емес. Тек өзі ғана емес, соңынан ерген ақын шәкірттерін тосыннан сөз табуға, табан астында «айналасы теп-тегіс, жұмыр келетін» өлең құрауға баулыды. Айтысқан ақындардың сөзін түзеп, қазылық төрелігін айтты.

Ақынға тікелей ықпал еткен, үлгі көрсеткен замандас аға буын ақындар, би-шешендер мен сол Абайдан үлгі алған ішінде ақыны бар, әншісі мен күйшісі бар өнерлі жастардан тұратын әдеби қауымды негізге ала отырып, М.Әуезов Абайдың айналасын, ақындық ортасын ақынның өзі алған нәрі және өзгеге берген нәрі деп екі салаға жіктейді [1, 19б.]. Өзі алған нәрі дегенде, сөз иелерінің ішінде ақындардың орны айрықша. Атап айтқанда, Абай жасынан Бұқар жырау, Шортанбай жырларына қанып өссе, өзі жүзбе-жүз кездескен Дулат, Сабырбай, Жанақ, Шөже, Балта, Байкөкше, Қуандық қыз, Бодау жырау, Мұрынбай жырау, Біржан сал сынды әдебиет өкілдерінің қай-қайсысынан да оның ақындық өсу жолын бөліп қарауға болмайды. Осы орайда академик С.Қирабаевтың пікірі орынды айтылған: «Абайдың ақындық жолы, ортасы күрделі болғаны белгілі, оның ақындығы да сол ортада, өз дәуірінің шындығына орай қалыптасты. Сондықтан, ақынның өзі туып өскен ортаның әдебиеттік үлгілерінен, қазақтың шешендік өнерінен, ақындар

өнегесінен тыс тууы мүмкін емес. Қайта Абай осылардың бәрін жақсы білді, жанына азық етті. Ұлттық рухани байлығын бойына сіңіре отырып, кейін шығыс, батыс үлгілерін еркін меңгеру арқылы халықтық, жалпы адамзаттық ой-пікір деңгейіне көтерілді. Халықтық әдебиет сарындарын үлкен европалық үлгідегі ақындық жинақтаушылыққа (обобщение) ұластырды. Мұның өзі қазақ әдебиетінің Абай арқылы адамзат мәдениетінің көркемдік биігіне шығуын дәлелдейді» [2, 14б.].

Екінші мәселе–ақынның өзгеге берген нәрі турасында. Бұл–Абайдың ақындық мектебі деген тақырыпқа жетелейді. Абайдың ақындық мектебі–оның кейінгі әдебиетке әкелген жаңашыл дәстүрлері мен сол әдеби үлгі-өрнектерді жалғастырып, дамытушы ізбасар ақындардың әдебиеттегі орнын айқындайтын, сол арқылы кемеңгердің тағлым беруші ұстаздық қырын танытатын қазақ әдебиетіндегі ерекше құбылыс. Бұл мәселені ақынның күнделікті қасында жүріп, тікелей тәрбиесін алушы, оның тапсырмасымен алуан тақырыпта шығармалар жазған айналасындағы шәкірттерді ғана бөліп алып, Абай мектебінің өкілдері деп қарастыру бар.

М.Әуезов: «Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деген белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болады» [3, 118б.] – деп анықтама берген болатын. М.Әуезовтің жетекшілігімен өткен ғасырдың елуінші жылдары Қ.Мұхамедханұлы Абайдың ақын шәкірттері шығармашылығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, бұл тақырыпты ғылыми айналымға енгізді [4].

Айтыс өнеріне етене жақын құбылыс бір өлеңді бірнеше ақынның жарыса құрауы Абай айналасында кеңінен тарап, Абай шәкірттері Әріп, Көкбай, Уәйіс сынды ақындар осы бір дәстүрді өз орталарында жиі қолданып отырды. Айтыс өнерінің қыр-сырына осылайша терең бойлап, шебер игерген Абай мектебінің өкілдері екі ақынның айтысын көркем шығармаларына арқау етті. Кәдімгі айтысты көз алдыңа әкелер Абайдың «Жігіт сөзі» мен «Қыз сөзі» сияқты өлеңдерінің үлгісі Шәкәрім мен Тұрағұлдың, Әріп пен Әубәкірдің мысал айтысын арқау еткен өлеңдерінде жалғастық тауып жатыр. Ал, Әріп Тәңірбергенұлының «Тәуке мен Ұрқия», Уәйіс Шондыбайұлының «Тәуке мен Жікібай» сияқты айтыс негізінде жазылған көлемді поэмалардың да дүниеге келуі–ақындардың айтыс табиғатын терең игерудегі соны жетістігін айқындайды. Сондай-ақ, ел арасында жұрнағы ғана қалған айтыс, сөз қағыстарын өңдеп, көркем шығарманың талаптарына жауап беретін туындылар жазған Әріптің «Біржан-Сарасын», Әсет ақынның Ырысжанмен айтысын өңделген айтысқа жатқызуымыздың себебі–өңдеуші ақындардың авторлық үлесін көрсету. Қалай десек те, айтыс өнерін жетік меңгерген Абай шәкірттерінің дені айтысты көркем шығармаға арқау етті. Бірі болған айтысты өңдесе, екіншілері қолдан жаңа айтыс-поэма жазып, ауыз әдебиетінің озық үлгісін жазба шығармаларында аса шеберлікпен пайдалана білді.

Абай мектебіндегі тарихи тақырыптардың бастау көздерін Абайдың тарихи шығармасы «Біраз сөз қазақтың түбі кайдан шыққандығы туралы», «Орта жүз қазақтарының рулары туралы» еңбектерінен іздесек, Шәкәрімнің шежіресі Абай еңбегінің заңды жалғасы ғана емес, жазылу мақсаты бір, ұстаз идеясының толықтырылған нұсқасы деп қабылдауға болады. Сондай-ақ, Шәкәрімнің діни-философиялық «Мұсылмандық шарты» еңбегі де Абай тапсырмасымен жазылған. Тарихи тақырыпта көркем шығарма жазбағанымен Абайдың бұл мәселедегі назары ақын шәкірттеріне тапсырма беруімен ерекшеленді. Шәкәрімнің «Жолсыз жаза», «Қалқаман-Мамыр», Мағауияның «Еңлік-Кебек», Көкбай ақынның Абылай тақырыбындағы тарихи жырлары, Уәйістің «Жошы-Алаша ханы» сияқты шығармалардың жазылуына Абай тікелей себепкер болды. Мәселен, Еңлік пен Кебек оқиғасы туралы бірнеше интерпретациялық үлгідегі көркем туындылардың басында Абай тұр. Абайдың әдеби тапсырмасымен бұл оқиғаны Мағауия адал махаббат иелерін өлімге қиған қазақтың қатыгез салт-санасын сынап, лирикалық бояуы қанық ғашықтық поэма етіп берсе, Шәкәрім екі жастың трагедиялық халін жеке адамдардың шеңберінде қалдырып қоймай, ел ішіндегі әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтар аясына апарады. Сөйтіп, идеялық-тақырыптық аясы кең нағыз реалистік поэма ұсынады.«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөзінде» әңгіме болатын Қалқаман мен Мамыр оқиғасының Шәкәрімнің көркем шығармасына арқау болуын жоғарыдағы поэмамен байланыстыра қарасақ, екі поэманың идеясындағы ортақ белгілерді жеке автордың қолтаңбасына тән құбылыс деп тану қажет. «Жолсыз жаза», «Қалқаман-Мамыр», «Қодардың өлімі» поэмаларын бір арнаға тоғыстырып тұрған идеялық бірлік бар. Ол –қазақтың салт-дәстүрін бұзғандарға кесілген ең ауыр жазаның себеп-салдарын ашып көрсету, жаза кескендер мен жапа шеккендердің ақ-қарасын анықтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Абайдың көңіл қойып, Көкбайға жаздырған тарихи тақырыптарының бірі–Абылай хан тақырыбы. Көкбай Жанатайұлы Абайдың тапсырмасымен Абылай және оның ұрпақтары туралы циклды қатаң жазып, Абай «Сабалақ» дастанының көркемдік қуатына ғана емес, тарихи мән-маңызына да аса ден қойып, сынап, түзеген. Көкбай ақын өмірінің соңғы жылдарында Абылай тақырыбына қайта айналып соғып, «Қандыжап» дастанын жазады. Алғашқыдағы Абылай бейнесі кейінгі шығармасында айқындала түсіп, жаңа қырынан көрініп, мейілінше шебер сомдалды. Уәйіс Шондыбайұлының «Жошы-Алаша хан» поэмасы–Абай ықпалымен жазылған тарихи шығармалардың бірі. Ертеден келе жатқан қазақ аңызын негізге алған Уәйіс Абай еңбегіндегі Алаша хан туралы аңызды поэмасына арқау ете отырып, өзіндік өрнекпен көркем туынды қашай білген.

Қазақ әдебиетіндегі нәзира үлгісін еркін меңгерген Абай мектебінің өкілдері бұл үрдіске де өзіндік тың үлгі ұсына білді. Ақын шәкірттердің нәзирасында авторлық позиция айқын көрінді. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүні», Уәйістің «Бір қыздың оқиғасы» шығармалары бұрынғы сан мәрте жырланған тақырыптар болғанымен, туындының жаңашылдық қырын сипаттайтын авторлық идея айқынырақ көрінеді.

Абай шәкірттерінің шет жұрттықтардың бірінен шығармалар жазуы Абайдың отаршылдыққа қарсы идеяларымен астасып жатыр. Осы тұста ғалым Ш.Елеукеновтің: «Біз бұған дейін Абайды отаршылдыққа қарсылық ойлаған күрескер ретінде зерттемедік» [33, 90б.]–деген пікірін басшылыққа ала отырып, Абай шәкірттері шығармашылығындағы отаршылдық тақырыбына ден қойдық. Мағауияның «Медғат-Қасым», Ақылбайдың «Зұлыс», «Дағыстан» поэмаларын біріктіріп тұрған тақырып ортақтығы ғана емес, отаршылдыққа, үстемдікке қарсы күресті жырлаған идеялық бірлік бар. Қысқасы, қай ел, қандай оқиға, нендей тәсілмен жазылсын Абай шәкірттерінің әуелден көздеген мақсаты адам бойындағы ізгілік пен зұлымдық, қатыгездік пен мейірбандық, махабат пен ғадауаттың майдандасқан көріністері арқылы қоғамдағы әділетсіздікті әшкерелеу, сөйтіп соры қалың қазақтың көзін ашу сияқты хәкім Абайдың ұлы идеяларын жалғастыру.

Көлемді шығармалар жазуды Абай әуел баста қолға алып, артынан бұл түрден тез суынып кетті дегенімізбен, өз шәкірттерін поэма жазудың соны үлгілеріне баулыды. Ақын шәкірттердің поэма жанрын игеріп, сол салада қандай да бір тақырыпты жырламасын оның артында Абай тұрып, Абай игерген мол мұраның іргесі байқалады.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы Абай дәстүрі – ұлттық әдеби ойдың биік жетістігі. Абай мұрасы қазақ әдебиетінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да бағыт-бағдарын айқындады. Оның көркемдік және рухани дәстүрі бүгінгі әдеби үдерісте де өз маңызын жойған жоқ. Сондықтан Абай дәстүрін зерттеу – қазақ әдебиеттануы үшін мәңгілік әрі өзекті ғылыми мәселе болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. Т.10.–Алматы: Жазушы, 2016.–453б.

2.Қирабаев С. Абайтанудың кезектегі міндеттері туралы. / Кітапта: Абай және қазіргі заман: Зерттеулер жинағы.–Алматы: Руханият, 2010.–333б.

3.Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері. –Алматы: Өнер, 2003.–447 б.

4.Мұхамедханов Ғ. Абайдың ақындық мектебі. Канд. диссерт.–Алматы: Санат, 2005. – 183б.

ӘОЖ 82.444.89

## АҚАН СЕРІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

**ИШАНБЕКОВА АЯУЛЫМ ИЛЕСКЕНҚЫЗЫ**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Акан сере Корамсаулы (1843–1913) – выдающийся казахский поэт, композитор, певец-сере, одна из крупнейших фигур в истории национальной культуры. Его творчество отражает духовную жизнь казахского общества XIX века, глубокие переживания человеческой души, стремление к свободе и красоте. В своих лирических песнях и стихах Акан сере художественно и выразительно изображал темы любви, природы, судьбы личности и социальной несправедливости.

Как композитор он поднял казахское песенное искусство на новую высоту, создав множество произведений с широким мелодическим размахом и высоким художественным уровнем. Такие произведения, как «Балкадиша», «Сырымбет», «Кулагер», «Манмангер», получили широкое распространение среди народа и стали классическим наследием. В творчестве Акан сере ярко проявляются традиции серинства, свободный образ жизни и высокий эстетический вкус. Его наследие занимает почётное место в золотом фонде казахской литературы и музыки и является важным источником национальных духовных ценностей.

**Summary**. Akan Sere Koramsauly (1843–1913) was an outstanding Kazakh poet, composer, singer-sere, and one of the most prominent figures in the history of national culture. His творчество reflects the spiritual life of Kazakh society in the 19th century, the deep emotions of the human soul, and the pursuit of freedom and beauty. In his lyrical songs and poems, Akan Sere vividly and expressively portrayed themes of love, nature, personal destiny, and social injustice.

As a composer, he elevated Kazakh song art to a new level, creating numerous works distinguished by broad melodic range and high artistic quality. Works such as “Balqadisha,” “Syrimbet,” “Kulager,” and “Manmanger” became widely popular among the people and turned into classical heritage. Akan Sere’s творчество clearly demonstrates the traditions of serilik (the sere lifestyle), a free way of life, and refined aesthetic taste. His legacy holds an honored place in the golden treasury of Kazakh literature and music and serves as an important source of national spiritual values.

Ақан сері Қорамсаұлы (1843–1913) – қазақтың көрнекті ақыны, сазгері, әнші-сері, ұлттық рухани мәдениеттің ірі өкілі. Ол XIX ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік, рухани болмысын терең танытып, қазақтың дәстүрлі ән өнерін биік көркемдік деңгейге көтерген тұлға ретінде танылды. Ақан сері шығармашылығы еркіндікке, сұлулыққа, адам жанының тазалығына негізделген серілік дәстүрдің жарқын көрінісі болып табылады.

Ақан серінің поэзиясы негізінен лирикалық сипатта келеді. Оның өлеңдері мен әндерінде махаббат пен сүйіспеншілік, табиғат сұлулығы, адам тағдыры, жалғыздық пен қасірет сияқты тақырыптар кеңінен көрініс табады. Ақын адам сезімінің терең иірімдерін шынайы әрі әсерлі бейнелей отырып, сол дәуірдегі қоғамдағы теңсіздік пен әділетсіздікті де сынға алады. Бұл тұрғыда оның шығармалары жеке бастың ғана емес, бүкіл халықтың мұң-мұқтажын жеткізеді [1].

Ақан сері лирикасының негізгі тақырыптарының бірі – махаббат. Ақын сүйіспеншілікті адам өмірінің ең асыл құндылығы ретінде жырлайды. Оның «Балқадиша» атты ән-өлеңінде таза сезім, қол жетпеген арман мен нәзік сағыныш көркем бейнеленеді. Лирикалық кейіпкердің ішкі күйзелісі, жан сыры әуен мен сөздің үйлесімі арқылы әсерлі жеткізіледі. Бұл шығармада махаббат тек жеке сезім ғана емес, адам жанын тәрбиелейтін рухани күш ретінде танылады.

Ақан серінің лирикалық өлеңдерінде табиғат бейнесі де маңызды орын алады. Табиғат көріністері көбіне ақынның көңіл күйімен астасып, психологиялық параллелизм тәсілі арқылы суреттеледі. «Сырымбет» әнінде туған жер табиғаты сұлулықтың, еркіндіктің символы ретінде беріледі. Ақын табиғат арқылы өзінің ішкі әлемін, өмірге деген сүйіспеншілігін білдіреді. Бұл лирикалық өлеңдерден романтикалық пафос пен эстетикалық талғам айқын аңғарылады.

Сонымен қатар Ақан сері лирикасында тағдыр тақырыбы да терең қозғалады. Ақын жеке басындағы қайғы-қасіретті, жалғыздықты, өмірдің өткіншілігін сыршылдықпен жырлайды. «Құлагер» әні – осының айқын дәлелі. Мұнда ақын сүйікті тұлпарының өлімі арқылы адам өміріндегі әділетсіздік пен қасіретті көрсетеді. Лирикалық кейіпкердің жан айқайы әлеуметтік наразылықпен ұштасып, шығармаға трагедиялық сипат береді [2].

Ақан серінің лирикалық өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі – тілінің қарапайымдылығы мен бейнелілігінде. Ақын эпитет, теңеу, метафораларды орынды қолдана отырып, ойды әсерлі жеткізеді. Оның өлеңдерінде әуезділік пен ырғақ басым, бұл шығармалардың ән ретінде кең таралуына мүмкіндік берді. Лирикалық туындыларындағы ішкі музыкалылық ақынның композиторлық дарынымен тығыз байланысты.

Ақан сері Қорамсаұлының лирикалық сипаттағы өлеңдері қазақ поэзиясындағы сыршылдықтың, көркемдік ойдың биік үлгісі болып табылады. Ақын адам сезімінің терең

қатпарларын ашып, махаббатты, табиғатты, тағдырды ұлттық дүниетаным аясында жырлады. Оның лирикалық мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, қазақ әдебиетінің асыл қазынасы ретінде бағаланады.

Ақан сері қазақ музыка өнеріне айрықша үлес қосты. Ол халықтық ән дәстүрін сақтай отырып, әуені кең тынысты, күрделі әрі көркем әндер тудырды. «Балқадиша», «Сырымбет», «Маңмаңгер», «Құлагер» сияқты әндері – қазақ ән өнерінің классикалық үлгілері. Әсіресе «Құлагер» әні арқылы ақын өз өміріндегі трагедияны, әділетсіздікке деген наразылығын терең эмоциялық күшпен жеткізді. Бұл шығарма Ақан серінің тек лирик емес, сонымен қатар әлеуметтік ойы терең суреткер екенін көрсетеді.

«Маңмаңгер» – Ақан сері Қорамсаұлының тұлпарға арналған лирикалық ән-өлеңдерінің бірі. Бұл шығармада ақын қазақ халқының жылқыға деген ерекше құрметін, серінің еркін рухын және сұлулыққа деген эстетикалық көзқарасын көркем түрде бейнелейді. «Маңмаңгер» – тек жылқыны суреттейтін өлең емес, ол ақынның ішкі жан дүниесі мен серілік болмысының көрінісі.

Өлеңнің негізгі тақырыбы – жүйрік аттың сымбаты мен қасиеті. Ақан сері Маңмаңгерді асқақ, сұлу, текті бейне ретінде сипаттай отырып, еркіндік пен серілік рухты дәріптейді. Идеясы – табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік, өнер мен сұлулықты қастерлеу. Жылқы бейнесі арқылы ақын өзінің арман-мұратын, еркін өмірге деген құштарлығын танытады.

Лирикалық кейіпкер – сері, яғни өнерлі, еркін мінезді, сұлулықты сүйетін тұлға. Ол Маңмаңгерге сүйіспеншілікпен, мақтанышпен қарайды. Ат – серінің сенімді серігі, рухани тірегі. Лирикалық кейіпкердің көңіл күйі шат, асқақ, романтикалық сипатта беріледі.

Өлеңде бейнелеу құралдары мол қолданылады. Эпитеттер аттың көркін ашады (жүйрік, сұлу, маң-маң басқан). Теңеулер мен метафоралар арқылы Маңмаңгердің асқақ болмысы көркемделеді. Өлеңнің әуезділігі мен ырғақтылығы оның ән ретінде кең таралуына мүмкіндік берген.

**Образдар жүйесі.**

Негізгі образ – Маңмаңгер. Ол еркіндік пен сұлулықтың символы. Қосымша образ ретінде сері бейнесі көрінеді. Бұл екі образ бір-бірімен тығыз байланысты: ат – серінің болмысын толықтырып тұрған көркем деталь.

**Тарихи-мәдени мәні.**

«Маңмаңгер» қазақтың көшпелі өмір салтын, жылқы мәдениетін, серілік дәстүрді айқын көрсетеді. Шығарма XIX ғасырдағы қазақ қоғамының эстетикалық талғамын, өнерге деген көзқарасын танытады.

Ақан серінің «Маңмаңгер» өлеңі – қазақ лирикасындағы көркемдігі жоғары, эстетикалық қуаты мол туынды. Ақын жүйрік ат бейнесі арқылы серілік рухты, еркіндікке ұмтылысты және өмір сұлулығын жырлайды. Бұл шығарма Ақан серінің лирик ақын әрі композитор ретіндегі шеберлігін айқындайды [3].

Ақан сері тұлғасы серілік дәстүрмен тығыз байланысты. Серілер еркін өмір салтын ұстанып, өнерді, сұлулықты, адамгершілікті жоғары қойған. Ақан сері осы дәстүрдің көрнекті өкілі ретінде халық арасында тек өнерімен ғана емес, мінез-құлқымен, өмір сүру салтымен де ерекшеленді. Оның шығармашылығында эстетикалық талғам, рухани еркіндік пен өмірге құштарлық айқын байқалады.

«Құлагер» – Ақан сері Қорамсаұлының ең мұңды, ең терең философиялық мазмұндағы туындыларының бірі. Бұл ән ақынның сүйікті жүйрік тұлпары Құлагердің қаза табуына байланысты шығарылған. Шығарма жеке қайғыны ғана емес, қоғамдағы әділетсіздік пен қатігездікті әшкерелейтін трагедиялық туынды ретінде бағаланады.

**Тақырыбы мен идеясы.**

Әннің негізгі тақырыбы – адалдық пен сұлулықтың қорлануы, жүйрік тұлпардың қазасы арқылы адам тағдырының қасіреті. Идеясы – өнер мен дарын иесіне, асыл қасиетке жасалған қиянатты әшкерелеу. Құлагердің өлімі – ақын үшін тек тұлпардан айырылу емес, өмірдегі әділетсіздікке қарсы ішкі наразылықтың көрінісі.

**Лирикалық кейіпкер.**

Лирикалық кейіпкер – қайғыға батқан, жаны жаралы сері. Ол Құлагерді тек ат ретінде емес, жан серігі, рухани тірегі ретінде қабылдайды. Лирикалық кейіпкердің жан айқайы, өкініші мен ашуы ән бойынан анық сезіледі. Бұл кейіпкер арқылы ақын өз тағдырын, өмірлік қасіретін жеткізеді.

**Образдар жүйесі.**

Құлагер – сұлулықтың, адалдықтың, еркіндіктің символы.

Қастандық жасаған орта – көреалмаушылық пен надандықтың бейнесі.

Сері бейнесі – өнерлі, сезімтал, әділетсіздікке қарсы тұлға.

**Көркемдік ерекшеліктері.**

Әнде көркемдеуіш құралдар мол қолданылады:

Эпитеттер мен теңеулер Құлагердің асқақ бейнесін ашады.

Метафоралар арқылы трагедия тереңдетіледі.

Қайталамалар мен зарлы интонация әннің эмоционалдық әсерін күшейтеді. Музыкалық тұрғыдан ән баяу, зарлы әуенмен орындалып, қайғы мен қасіретті терең сездіреді.

**Әлеуметтік астары.**

«Құлагер» – әлеуметтік мазмұны күшті шығарма. Онда жүйрікке жасалған қастандық арқылы ақын талантты, ерекше жандардың қоғамда қор болуын көрсетеді. Бұл – Ақан серінің заманындағы әділетсіздікке, бақталастыққа, күншілдікке қарсы айтылған наразылық үні.

**Тарихи-маңызы**

Бұл ән XIX ғасырдағы қазақ қоғамының моральдық-этикалық мәселелерін көтереді. «Құлагер» қазақ әдебиеті мен музыка тарихында трагедиялық лириканың озық үлгісі саналады.

Ақан серінің «Құлагер» әні – қазақ өнеріндегі теңдесі жоқ туынды. Ол жеке қайғыдан басталып, қоғамдық қасірет деңгейіне көтерілген шығарма. Құлагер бейнесі арқылы ақын еркіндікке, сұлулыққа, әділдікке деген ұмтылысты жырлап, адамгершілік құндылықтарды қорғап шығады [4].

Қорытындылай келе, Ақан сері Қорамсаұлының шығармашылығы қазақ әдебиеті мен музыкасының алтын қорынан ерекше орын алады. Оның өлеңдері мен әндері уақыт өткен сайын өз маңызын жоймай, бүгінгі күнге дейін халық жадында сақталып келеді. Ақан сері мұрасы – ұлттық рухани құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін баға жетпес қазына.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ақан сері Қорамсаұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1986.

2.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

3.Жұмалиев Қ. XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967.

4.Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1932.

ӘОЖ 82.574.12

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ-КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ҚАБЫЛ ФАРИЗА ГАЛЫМЖАНҚЫЗЫ**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В начале XX века казахская поэзия вступила в новый этап развития под влиянием социальных, политических и культурных изменений. В этот период поэзия сочетала традиционные фольклорные и классические формы с новыми идеологическими направлениями.

Казахская поэзия начала XX века была богата и многогранна как в идеологическом, так и в художественном плане, придавая новый импульс развитию национальной литературы. Этот период отражает духовное и социальное развитие казахского общества в творческих поисках поэтов.

**Summary.** At the beginning of the 20th century, Kazakh poetry entered a new stage of development under the influence of social, political, and cultural changes. During this period, poetry combined traditional folkloric and classical forms with new ideological directions.

Kazakh poetry of the early 20th century was rich and multifaceted both ideologically and artistically, giving new momentum to the development of national literature. This period reflects the spiritual and social development of Kazakh society in the creative explorations of its poets.

ХХ ғасырдың басы әдебиет зерттеушілері тарихи теңдесі жоқ өзгеріс енгізген, қазақ әдебиетінің мәдениеттің өркендеуіне де үлкен жанрлық тұрғыдан жан-жақты дамып, Ресей патшалығының жүргізіп отырған сан түрлі тақырыптық, идеялық, формалық тұрғыдан жағдай туғызды, соны ізденістер арқылы тарихи дамуға түбірлі бетбұрыс биік белеске қиын жағдайда жүзеге асқаны айқындалды. ХХ ғасырдың басындағы қалыптасу жолдарына көз жіберсек, көтерілген тың кезең болып табылады. Бұл уақытта жүйе екі түрлі көзқарасқа байланысты саяси ойлар айтылды, әдебиет айдынына қалықтаған Абай рухымен жасаған оқиғалар әдебиетті сусындаған озық ойлы мейлінше күрделі қалыпта, білімді мақсаттары «қазақты қайтсек те, жаңаша бейнелеу үшін ортақ көркемдік бағыттағы әдісті таңдауларын қажетсінді. Осы уақытта қаламгерлердің бір тобы келді. Сол себепті ХХ ғасырдың басы осы кезеңді бірқатар өркендеген тұсы деп те жаңа қоғам қаламгерлердің өмірді тың алғашқы жылдарындағы қазақ әдебиетінің тұйықталып қалмайтыны белгілі. І.Жансүгіров, Б.Майлин, т.б. бұл үдерістің әлеуметтік-тарихи көркемдік бейнелеу ұстанымдары сан түрлі жағдайларға қатысты атап жүр. Қазақ бұл тұста әдебиет пен жұртшылығын оқуға саясатпен тығыз байланыста қаралған білімге оқиғалардың табалдырығы іспеттес болуы, дамуы және алмасуы түпкі ел қыламыз» деген мүдде болатын. Белгілі бір көркемдік әдістің өнерге, кәсіби мамандық өзінің даму барысында түрлі игеруге әдебиет көші байқатты, солар шақырған зиялылар тобының шеңберінде қалықтап, мақсаты халықтың ұшырайтыны, қоғамдық өзгерістерге көзін ашу, көркемдік әдістердің пайда беру арқылы ұлт болашағын әдебиет арқылы көркем туындыны қалыптастыру еді.

2.Дүйсенов Ы. Т. Әдеби талдау мәселелері. – Алматы: Білім, жыл.

3.Қирабаев С. Қазақ әдебиеттану ғылымы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002.

4.Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1999.

5.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

ӘОЖ:82.144.01

# АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

**ҚУАНТАЙ ЖАДЫРА ҚАЛИЖАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье дан всесторонний анализ рассказов и повестей, научно-исследовательских трудов Акселеу Сейдимбека, самобытность в казахской журналистики и истории публицистики.

**Summary.** The article provides a comprehensive analysis of the stories and novellas, research works of Akseleu Seidimbek, originality in Kazakh journalism and the history of journalism.

Тарихтың әр қилы кезеңінде әлеуметтік-саяси ахуалмен тағдырлас ұрпақтың қалыптасып отыруы табиғи үрдіс. Екінші дүниежүзілік соғыстың аласапыранынан кейінгі әлеуметтік ауыртпашылық жылдарында қазақ ауылдары төрт түлік малдың сүмесімен күн көруге мәжбүр болды. Сөйтіп, әлі де болса этностың жадынан көмескіленіп үлгермеген көшпелі өмір салттың шаруашылық-мәдени жүйесін қазақ ауылдары өздерінің әлеуметтік өмірлеріне негіз етті. Сол өмір салтпен өзектес дәстүрлі мәдениет те үзілмей сабақтасып, өмірдің алуан арнасында көрініс тауып отырды.

1936-1941 жылдары Ақселеу Сейдімбек 1961 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақтың ұлттық университетіне (Алматы) оқуға түсіп, 1968 жылы журналистика факультетін бітіріп шықты. Университетте оқып жүріп, 1963-64 жылдары Троицк қаласында әскери міндетін атқарып қайтады. Университетте оқыған жылдар ол үшін білім айдынына құлшына құлаш ұрған, әсіресе, тарих, философия, мәдениеттану, этнология, фольклортану салаларына ынта-ықыласпен ден қойған, сәйтіп, жүйелі білім алып шығуды мұрат тұтқан жылдар болды.

Ақселеу Сейдімбектің әңгімелері мен повестері «Ақиық» (1972 жыл), «Қыр хикаялары» (1977 жыл), «Тауға біткен жалбыз» (1979 жыл), «Аққыз» (1981 жыл) деген атпен, очерктері «Кеніш» (1979 жыл), «Серпер» (1982 жыл) деген атпен жеке кітап болып жарық көреді. Ұлттық-этнографиялық бояуы қанық әңгімелері мен повестері орыс, қырғыз, өзбек, эстон, чех, неміс, ағылшын тілдеріне аударылады. «Кеніш» кітабы үшін Қазақстан Журналистер одағының лауреаты болып, бірінші сыйлықпен марапатталады. 1981 жылы жарық көрген «Күңгір-күңгір күмбездер» атты ғылыми-көпшілік кітабы қазақтың дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума қалпында біртұтас құбылыс ретінде қарастыруымен, тарихи-этнографиялық дерегінің молдығымен, әсіресе, ұлттың рухани әлемін парықтаудағы тың тұжырымдарымен оқырман назарын аударған еңбек болды деп атасақ жаңылыспаймыз. Бұл кітап 1985 жылы «Поющие купола» деген атпен Е.Қажыбековтың аударуында орыс тілінде жарық көрді. Әлем әдебиетінің әйгілі туындысы, Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты эпикалық поэмаларын қазақ оқырманына таныстыруға алғаш талпыныс жасаған ғалым – Ақселеу Сейдімбек. Гомер поэмаларының қара сөзбен әңгімеленген нұсқасын ол қазақ тіліне аударып, бұл еңбегі 1974 жылы жеке кітап болып жарық көреді. Бұл аударма оқырман қауымның, әсіресе, оқушылар мен студенттердің сұранысына ие болып, үлкен тиражбен бірнеше рет қайта басылып шығады.

Ақселеу Сейдімбек 1987-1997 жылдар аралығында Ұлттық Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында лаборант, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі (Қолжазба орталығы) болып қызмет атқарады. Бұл жылдары ол ғылыми жұмысқа біржола ден қойып, теориялық білімін одан әрі тереңдетіп, әсіресе қазақ халқының әлі де болса игерілмей жатқан фольклорлық мұрасын жинау, зерттеу, жариялау жұмыстарымен бел неше айналысады.

Ақселеу Сейдімбектің 1997 жылы «Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау» атты толымды еңбегі жарық көреді. Бұл кітаптың толыққан нұсқасы орыс тіліне аударылып «Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление» деген атпен 2001 жылы жарыққа шықты.

Ақселеу Сейдімбек 2000 жылдың шілде айында Л.Н.Гумелев атындағы Еуразия Ұлттық университеті журналистика кафедрасының меңгерушілігіне және осы университеттің профессорлығына қызметке шақырылады.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ғалымдары Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғарин және Ақселеу Сейдімбек үшеуі бірлесе отырып жазған «Елтұтқа» атты толымды еңбек Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай, 2001 жылы «Күлтегін» баспасынан жарық көрді. «Елтұтқа» кітабында соңы екі жарым мың жыл аясында Қазақстан топырағында ғұмыр кешкен 120- ға тарта тарихи тұлға туралы ғылыми очерктер берілген. Сөйтіп, алғаш рет Қазақстан тарихын, адамзат тарихының құрамдас бөлігі ретінде, жеке тұлғалар арқылы зерделеуге талпыныс жасалған. Кітап айғақ-дерегінің молдығымен, тарихи тұлғаларға берілген бағасының обьективтілігімен және ғылыми ой-тұжырымдарының сонылығымен назар аударады. Ақселеу Сейдімбек ел ішіне кең тараған «Сарыарқа», «Дәурен-ай», «Ақтамбердінің толғауы», «Алтын асық», «Арман-ай», «Есіңде бар ма жас күнің», «Гагигай» сияқты көптеген әндердің авторы. Бұл әндер Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов, Бекболат Тілеуханов сияқты әйгілі әншілердің репертуарларынан орын алған. Оның қазақ ән өнері туралы Жәнібек Кәрменовпен бірлесіп жүргізген сегіз телехабары қазақ теледидарының алтын қорына қосылған рухани қазына. Бұл хабарлар сериясында ол Жәнібек Кәрменовке қазақтың жүзге тарта классикалық әнін айтқызып, тарихи- эстетикалық түсініктер беріп отырады.

Ақселеу Сейдімбек «Ықылас күйші» (1983 жыл), «Әнші Жәнібек Кәрменов» (1993 жыл), Абайдың «Ескендір» поэмасы (1994 жыл), «Асыл қазына» (1996 жыл), «Зергер» (1998 жыл) телефильмдеріне және Асанәлі Әшімовтың «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» атты екі сериялы көркем фильміне (1993 жылы) түскен. Ақселеу Сейдімбек қоғамдық өмірге де сергек араласып отырады. Ол Қазақстан Республикасының Терминология және ономастика комитетінің, Қазақтың Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы орталық кеңесі президиумының, Ғылыми қызметкерлерді аттестациялау департаментінде эксперттеу комиссиясының мүшесі, Қазақстан Жазушылар одағы баскармасының, ПЕН-клубтың мүшесі, «Жұлдыз», «Жалын», «Парасат», «Зерде», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» сияқты газет-журналдардың алқа мүшесі болды. Сондай-ақ, Түркістан, Астана, Бішкек, Москва, Тбилиси, Ереван, Киев, Кабул, Бонн, Стамбул қалаларында өткен халықаралық, бүкілодақтық, аймақтық, республикалық, ғылыми-теориялық конференцияларға қатысып, ғылыми баяндамалар жасады. Ол Қарағанды облысындағы өзі туып - өскен Жаңаарқа, Шет аудандарының құрметті азаматы.

Ақселеу Сейдімбектің азамат ретіндегі болмысын айғақтайтын айқын қасиеттерінің ең бастысы – оның жалтақсыз ұлтжандығы. Бұл ұлтжандылық – әйтеуір бір ұлтқа тиесілі болғандықтан қиқуға ілесетін пендешіліктен ада, халқының қадыр-қасиетін терең танып-түсінуден туындаған құрбаншыл ұлтжандылық. Содан да болуы керек, ол өзінің ғылыми-шығармашылық ізденістерінде ұдайы ұлттың рухани дәулетін еселеп, бұрын із түспеген соныға құлаш ұрып, жаңалыққа жаршы болып, әсіресе, халық мұрасының еленбей жатқан қырларын түгендеп отыруға айырықша құштар. Оның шығармашышық және ғылыми еңбегінің бедерлі тұстарын былайша саралауға болады: бұрын жиналмаған да зерттелмеген қара өлең мен күй аңыздарын алғаш рет рухани айналымға түсірді; алғаш рет қазақ эпостарының қара сөзбен насихатталуына мұрындық болды; алғаш рет Гомер туындыларын қазақ оқырманына таныстырды; алғаш рет тарихты жеке тұлғалар арқылы зерделеу идеясына ден қойды; Қазақстанда этнографиялық және этнологиялық ізденістердің жандануына ықпал етті; сөйтіп, көшпелілердің төлтума мәдениеті деген категориялық ұғымның орныгуына тегеурінді үлес қосты; қазақтың музыкалық мәдениетінде бес мектептің барын алғаш рет саралап танып, олардың даралық сипаты мен типологиялық тұтастығын айғақтап берді; қазақтың ән өнерінің тарихи-эстетикалық қасиетін алғаш рет кешенді қалпында танытуды мақсат еткен телехабарлар сериясын жасады; әр қилы пікір-бағаға қарамастан халық мұрасы ретінде алғаш рет қазақтың бейпіл сөздерін жинап, оның ғылыми басылымын жарыққа шығарды; белгілі тұлғалар өмірінің ғибратты сәттерін жинақтауға себепші болған «Деген екен» айдарын бастап берді. Сөз жоқ, мұның бәрі де халықтың рухани дәулетін сабақты жібіне дейін түгендеуді мұрат тұтқан ұлтжанды азаматтың қам-харакеті екені кім-кімге де күмән келтірмесе керек. Осындай қасиеттерінің арқасында оның есімі халық арасында айырықша құрметке ие. Ақселеу Сейдімбек өзінің «Күй шежіре» (1992 жыл) атты кітабында былай деген болатын: «Өзіндік қасиеттен айырылған ұлт өледі. Ұлтты өлтірмейтін оның төлтума мәдениеті ғана. Сондықтан, азапты өмірді тәңірдің сыбағасына балай жүріп, өткеннің асылдары болашақ ұрпақтың жан-жүрегін жылытуы үшін қол жалғап жіберуіміз қажет-ақ». Бұл сөз оның өмірі мен шығармашылығының бағдарламасы іспеттес.

Сонымен қоса, қазақ журналистикасы мен публицистикасының тарихында өзіндік орны бар тұлғалардың бірі – Ақселеу Сейдімбек. Ол XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында қоғамдық, саяси және мәдени мәселелерді терең саралап, халыққа ой салатын публицистикалық еңбектер қалдырды. Сейдімбектің шығармалары қоғамның әлеуметтік дамуын, ұлттық мәдениеттің қалыптасуын және рухани құндылықтарды насихаттау мақсатына бағытталған.

Ғалымның өмірі мен шығармашылық жолы. Ақселеу Сейдімбек журналистика мен публицистика саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етті. Ол газета мен журнал бетінде мақалалар жариялап, қоғамның өзекті мәселелерін көтерді. Сейдімбектің публицистикалық шығармалары оқырманға ой салып, әлеуметтік сананы қалыптастыруға қызмет етті.

Публицистикалық шығармаларының ерекшелігі. Ақселеу Сейдімбектің шығармалары бірнеше ерекшелігімен дараланады:

1. Ұлттық идеяға басымдық беру. Сейдімбектің мақалалары көбінесе ұлттық сана, тарихты бағалау және мәдени мұраға құрмет көрсету тақырыптарына арналған. Ол қоғамдағы ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жастарды өз тамырымен байланыстыруға шақырды.

2. Қоғамдық-педагогикалық бағыт. Ғалымның публицистикасында әлеуметтік мәселелерді көтеру, білім мен тәрбие тақырыбы басты орын алады. Оның мақалаларында: халық арасындағы білім деңгейін көтеру; моральдық және этикалық құндылықтарды насихаттау; жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері қарастырылды.

3. Тіл және стиль ерекшелігі. Сейдімбектің тіл байлығы, көркемдік тәсілдер мен ойлы тұжырымдар публицистикалық мәтіннің негізгі ерекшелігі болып саналады. Ол қарапайым тілмен, бірақ дәлелді, нақты оймен жазып, әр оқырманға түсінікті әрі әсерлі формада жеткізді.

4. Мәселені терең зерттеу және сындық талдау. Ақселеу Сейдімбектің мақалалары оқырманға тек ақпарат беріп қана қоймай, мәселені терең талдап, оның себептері мен салдарын көрсетуге бағытталған. Бұл публицистиканың аналитикалық сипатын айқын көрсетеді.

5. Заманауи мәселелерге жауап беру. Ақселеу Сейдімбек өз мақалаларында қоғамдағы жаңашылдықтар мен проблемаларды талдап, заманауи үрдістерге баға берді. Оның мақалалары әрқашан өзекті және қоғамдық сананы дамытуға үлес қосатын.

Ақселеу Сейдімбектің публицистикалық шығармалары қазақ журналистикасының дамуына үлкен үлес қосқан. Оның шығармалары ұлттық идеяны насихаттау, әлеуметтік және мәдени мәселелерді көтеру, оқырманға ой салып, терең түсінік беру қасиетімен ерекшеленеді. Сейдімбектің публицистикасы қазіргі қоғам үшін де өзекті болып қала береді, өйткені ол әрқашан әділдік, білім және рухани даму мәселелеріне назар аударған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Сейдімбек А. Публицистикалық еңбектер жинағы. – Алматы, 2005.
2.Қыдырбаев Т. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: Ғылым, 2002.
3.Нұртазин С. Қоғам және публицистика. – Алматы, 2010.
4.Әлімбаев Ж. Журналистік стиль мен әдіснама. – Астана, 2015.
5.Сейдімбек А. Қоғамдық сана және ұлттық идея. – Алматы, 2008.

ӘОЖ:82.09 (574).

## АСЛАН ЖАҚСЫЛЫҚОВТЫҢ ПРОЗАСЫ: КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ МЕН ТАРИХИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОНТЕКСТІ

**НАРИНОВА АЛТЫНГАНЫМ МУСАЕВНА**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В данной статье анализируется прозаическое наследие Аслана Жаксылыкова, одного из видных представителей современной казахской прозы. Исследуются историко-

психологическая композиция, языковой стиль, мифопоэтические и постмодернистские элементы, а также выражение национального самосознания, религиозно-философские мотивы в прозе автора.

**Summary.** This article analyzes the prose legacy of Aslan Zhaksylykov, one of the prominent representatives of modern Kazakh prose. The historical and psychological composition, linguistic style, mythopoeic and postmodern elements, as well as the expression of national identity, religious and philosophical motives in the author's prose are investigated.

Қазіргі қазақ прозасы XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында мазмұндық әрі көркемдік тұрғыдан жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Бұл кезеңде әдебиетте адам болмысының ішкі әлемін терең бейнелеуге, тұлғаның рухани күйзелісін, әлеуметтік орта мен жеке сананың қақтығысын суреттеуге басымдық берілді. Осы үрдісте өзіндік көркемдік қолтаңбасымен танылған қаламгерлердің бірі – А. Жақсылықов.

Аслан Жәмілұлы Жақсылықов (1954 ж. туған) – жазушы, аудармашы, филология ғылымдарының докторы, профессор; ол 20-дан астам көркем шығарма – роман, әңгіме, повесть авторы ретінде белгілі. Оның алғашқы жинағы «Терезе далаға қарайды» (орысша атауы да кездеседі) 1987 жылы шыққан; кейінгі ірі жобаларының қатарында – «Просветление Ахмеда Яссави» (1996), «Поющие камни» (1997), «Сны окаянных» трилогиясы (2005) және т.б. бар.

Жазушы шығармашылығы қазақ прозасындағы психологизмнің күшеюімен, философиялық ойлау жүйесінің тереңдеуімен ерекшеленеді. Оның туындылары жеке адам тағдыры арқылы тұтас қоғамның рухани ахуалын танытуға бағытталған.

Қаламгер прозасында тарих пен қазіргілік, ұлттық идея мен жеке тұлғаның тағдыры тоғысады. Ол тарихи тақырыптарды (мысалы, Ахмед Яссауи образы сияқты діни-философиялық тақырыптар арқылы) кеңінен пайдалана отырып, қазақтың рухани-мәдени мұрасын қазіргі әлеуметтік-психологиялық жағдайлар аясында қайта оқиды. Бұл – автордың тарихи-этнографиялық материалды поэтикалық және мифопоэтикалық тұрғыдан өңдеуі арқылы іске асады.

Зерттеулер көрсеткендей, Жақсылықов шығармашылығы мифопоэтикалық әдістермен тығыз байланыста; автор көне мифтер мен халықтық эпостық желілерді заманауи баяндау құрылымына енгізеді. Сонымен қатар, оның кейбір романдары мен трилогиясында постмодернистік тәсіл – пластикалық баяндау, текст арасының цитаталану, метафикция элементтері байқалады. Мәліметтерге сүйенсек, «Сны окаянных» сияқты шығармаларында постмодернистік іздер айқын көрініс табады.

Ғылыми диссертациялар мен мақалаларда Жақсылықовтың прозасында психологизмнің дамуы, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін терең ашуы атап өтілген. Автор көбіне тұлғаның тарихи-әлеуметтік жағдайлармен шырқалуын, тағдыр мен моральдық таңдауды дерең психологиялық тұрғыдан бейнелейді. Бұл тәсіл шығармалардың реалистік және символдық қабаттарының бірге өрілетініне ықпал етеді. Жақсылықов филологиялық білімділігі мен аудармашылық тәжірибесін шығармашылық тілінде тиімді қолданады: мәтіндегі лексикалық таңдау, фразеология және стилдік қарым-қатынастар оның прозасына өзіндік реңк береді. Аударма және теориялық-әдеби зерттеулері авторға әдеби жүйені тереңірек сезінуге, көпқабатты тілдік шешімдер қолдануға мүмкіндік береді.

А. Жақсылықовтың шығармашылығы қазіргі қазақ прозасының дамуында маңызды орын алады: ол тарихи және діни мотивтерді қазіргі эстетикалық формаға енгізу арқылы әдеби ортада танылды. Оның кітаптары ішкі және сыртқы аудармалар арқылы кең аудиторияға жетті; жазушы бірнеше халықаралық және республикалық әдеби басылымдарда жарияланды, үздік шығарма номинацияларында аталып өтті. Бұл оның әдебиеттанымдық және аударма саласындағы беделінің айғағы.

Аслан Жақсылықовтың прозасы – тарихи-мифопоэтикалық және психологиялық тектес қабаттарын ұштастыратын, тілдік және композициялық ізденістерге толы құбылыс. Оның шығармашылық мұрасы қазақ әдебиетіндегі дәстүр мен жаңашылдықтың қиылысында тұрып, ұлттық мәдениеттің сұрақтарын кеңірек философиялық және гуманистік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. Болашақ зерттеулер Жақсылықовтың жеке романдарының жанрлық-композициялық құрылымын, аңыздар мен діни мотивтердің қазіргі мәтіндердегі трансформациясын және аударма аспектілерін одан әрі ашуға бағытталуы тиіс.

А.Жақсылықов шығармаларының негізгі тақырыптарының бірі – адам және уақыт, рухани жалғыздық, адамгершілік таңдау мәселелері. Жазушы кейіпкерлері көбіне замана талабына бейімделе алмай, ішкі қайшылықта өмір сүретін тұлғалар ретінде көрінеді. Бұл – қазіргі қазақ

прозасына тән экзистенциалдық сипаттың айқын көрінісі.Жазушының бір шығармасында кейіпкердің ішкі күйі былай беріледі: *«Ол өз өмірінің сырттай ғана қалыпты екенін, ал ішкі дүниесінде тыныштық жоғын сезінді».* Бұл үзінді кейіпкердің рухани дағдарысын, сыртқы және ішкі әлем арасындағы алшақтықты көрсетеді. Әдебиеттанушы ғалымдар атап өткендей, қазіргі проза «оқиғаны емес, сананы бейнелеуге» бет бұрды. Осы тұрғыдан алғанда, А.Жақсылықов шығармашылығы заманалық әдеби талаптарға толық жауап береді. Жазушының прозасының басты жетістігі – психологиялық талдаудың тереңдігі**,** кейіпкер мінезін іс-әрекеттен гөрі ішкі ой ағымы, толғаныс, өзін-өзі сұраққа тарту арқылы ашады. Мұнда ішкі монолог, психологиялық параллелизм, символдық детальдар кең қолданылады. Мысалы, кейіпкердің табиғат көрінісін қабылдауы оның ішкі күйімен астасып жатады: *«Сұрғылт аспан оның көңіліндегі белгісіз үрейді күшейткендей болды».* Бұл тәсіл кейіпкер психологиясын тереңдетіп, оқырманды оның жан дүниесіне жақындатады.

А.Жақсылықовтың тілдік стилі – ықшам, астарлы, философиялық сипатқа ие. Жазушы артық баяндаудан қашып, қысқа сөйлемдер арқылы терең мағына беруге ұмтылады. Бұл оның прозасын интеллектуалдық деңгейге көтереді. Жазушы шығармаларында символика маңызды орын алады. Белгілі бір зат немесе құбылыс кейіпкердің ішкі хал-ахуалын білдіретін көркемдік белгіге айналады. Мұндай тәсіл қазіргі қазақ прозасында модернистік және постмодернистік үрдістермен сабақтасып жатыр.

Қорыта айтқанда, А.Жақсылықовтың шығармашылығы қазіргі қазақ прозасының дамуында маңызды орын алады. Жазушы туындылары адам болмысының күрделі психологиялық қырларын, замана рухын терең әрі көркемдік деңгейде бейнелеуімен құнды. Оның прозасы ұлттық әдебиеттің мазмұндық және эстетикалық әлеуетін арттырып, қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік ізденістерін айқындайтын маңызды құбылыс болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбдіғазиұлы Б. Қазіргі қазақ прозасының көркемдік ізденістері**.** – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

2.Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002.

3.Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2003.

4.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991.

5.Қамзабекұлы Д. Рухани жаңғыру және әдеби үдеріс. – Алматы: Ел-шежіре, 2019.

6.Жақсылықов А. Таңдамалы шығармалар**.** – Алматы: Жазушы, 2012.

ӘОЖ 82.467.61

## ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ АБАЙ: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮНДЕСТІК

**РОМАШЕВА ЛАУРА ЫРЗАБЕКОВНА**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье дан разносторонний анализ особенностей мировоззрений, нравственных принципов и просветительских Шакарима и Абая в казахской литературы и культуре.

**Summary.** The article provides a comprehensive analysis of the features of the worldviews, moral principles and educational Shakarim and Abai in Kazakh literature and culture.

Қазақтың рухани әлемінде Абай Құнанбайұлы мен Шәкәрім Құдайбердіұлының алатын орны айрықша. Бірі – қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салушы, ойшыл-ағартушы Абай болса, екіншісі – оның дәстүрін жалғастырып, тереңдете түскен ақын, ғұлама, тарихшы, философ Шәкәрім. Екі тұлғаның арасындағы байланыс ұстаз–шәкірт қатынасымен ғана шектелмей, дүниетанымдық, идеялық, эстетикалық тұрғыда тығыз байланыста қарастырылады. Шәкәрім – Абай мұрасын жалғастырушы ғана емес, оны жаңа биікке көтерген ойшыл.

Қазақ халқының ой алыптары Абай және Шәкәрім тағдыры мен шығармашылығында ұқсастықтыр мен айырмашылықтар бар. Олардың есімдері ылғи бірге аталады: аға және іні, рухани туысқандар, ұстаз және шәкірт, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласқан. Екі ой алыбы өз туындыларында қазақтың қоғамдық ой санасындағы шешуші әрі күрделі философиялық тақырыпты көтеріп, оның өзегіне айналған жантану ілімін танып білу жолында толассыз ізденіске түскен.

Қазақ фольклоры, шығыс классикасы, батыс мәдениеті екеуіне ортақ дүниетанымның қайнар бұлағы болса, осы дүниетанымды игеруге көмектескен өз тәлімгерлері болған. Ағартушылық жолына, ғылым жолына мені әкелгендер деп Абай ағасы Халиолланы, әжесі Зерені, орыс достарын атап кеткен. Ал, Шәкәрім шәкірттік ризашылығын атасы Құнанбайға, ағасы Абайға білдірген.

Шәкәрім Құдайбердіұлы 16-17 жасынан бастап Абайдың ықпалымен өлең жаза бастайды.

«Мынау Абай бір ғалым жол шығарлық...Кісі емес, ескерусіз бос қаларлық»,- деп жазады ол алғашқы өлеңдерінің бірінде. Бірақ жасында шығармалық еңбек жазумен онша әуестенбей, Шәкәрім ел ішінің жұмыстарына көбірек айналысады, оқиды, ел аралайды, жылқы бағады, аңшылықпен айналысады, ауыз әдебиетінің байлығынан үйренеді, тарихи деректер жинап, кейін шежіре жазады. Оның жазушылыққа біржола ден қойып кірісуі қырық жасынан, яғни 1898 жылдардан басталады.

Шәкәрім Батыс пен Шығыс елдерінің әдебиетіне көз жіберді. Пушкин мен Толстойды, бертінде Некрасовты ұстаз тұтты. Ол Шығыс әдебиетінен Қожа Хафиз, Науаи, Физулиді жоғары бағалады. Ол «Дубровский» аудармасының алғы сөзінде былай деп жазған:

Айтқан сөзі ауруға ем, жанға құмар,
Тауып айтқыш тәтті тіл, сайраушылар.
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов,
Қожа Хафиз, Науаи Физули бар. – деп Пушкин мен Толстойды Абай қандай сүйсе, Шәкәрім де сондай сүйеді.

Абай өзінің мұрасымен классик ретінде танылып қана қоймай, өзіне тән дәстүрі бар ақындық, адамгершілік, ағартушылық мектебін ашқан, өз маңайындағы шәкірттері қанаттанып ұшуына үлкен ықпал жасаған ұстаз ретінде танылады. Белгілі абайтанушы М.Әуезов көрсеткендей, қазақ еліндегі басқа ақындармен салыстырғанда Абайдың үлгісін алған шәкірттері болуы – тарихи жаңалық. Ақылбай, Әріп, Уәйіс, Әубәкір, Бейсембай, Кәкітай, Көкбай, Шәкәрім – Абай мектебінің мақтанашы, жаңашыл, ойшыл, ағартушы, тәлімгер болған тұлғалар. Қанымен, жасымен, рухымен ұстазына ең жақын болған – Шәкәрім. Шығармалық өнерінде Шәкәрім Абай қандай бағыт ұстанса, сондай бағыт ұстанған. Барлық шығармаларының идеясы қазақ қоғамын еңбекке, мәдениетке, адамгершілікке, әділдікке шақыру болады, адал махаббатты жырлайды, әлеуметтік теңсіздікті сынайды, соның ішінде әсіресе әйел теңдігінің жыршысы болады, әйелдерді кем санап, тағылық, деспоттық жасаушыларға қарсы шығады.

Тақырып, мазмұн жақтарынан ұстаз бен шәкірттің өлеңдері, карасөздері ұштасып жатады. Абайдың тәлімдік, тәлімгерлік таланты Шәкәрімнің сегіз қырлылығында өз көрінісін табады. Ұстазында кездесетін, өзіне дейін қазақ мәдениетінде ұшыраспайтын құбылыстарды дамытқан. Қазақ халқының этногенезі туралы Абай екі ауыз сөз қалдырып, сол сөзінде этногенезді зерттеу бағдарын анықтаған. Абайдың тапсырмасымен 19 жасынан мәліметтерді жинаған Шәкәрім мазмұн және форма жағынан ерекше «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» құрастырған. Өзге дәстүрлі шежірелерден айырмашылығы – тек қана жүздер мен рулардың пайда болуы туралы аңыздардың жазба түрдегі жинағы емес, бұл автордың қазақ елінің тарихи санасын, ұлттық сезімін жоғары көтеретін тәлімдік ойлар қорытындысы еді.

Ұстазы Абай сияқты Шәкәрім де алдымен реалист ақын. Жоғарыда айттық, ол да шығармаларында өмір шындығын, әлеуметтік қайшылықтарды, өткендегі үстем таптың зорлық-зомбылығын, бұқара халықтың ауыр күйін жырлайды. Дәулетті таптың өкілдерін ақын мынадай сөздермен шенейді:

«Мақсаты жаман жанды өзі білмек,
Ол қашан өзгелерді көзіне ілмек.
Сатса мейлі, қонаққа сойса мейлі,
Халықты қой есепті айдап жүрмек».

Ол ағасы Абай сияқты, өлеңді өнер деп білген, оған мол талантын, еңбекқұмар жігерін барынша жұмсап, қасиет тұта кіріскен. Оның әрбір өлеңі ұйқасқа қысылмайды, сөздері сара-сара, мағыналы да терең мазмұнды да, бейнелі де кестелі.

«Ән - өлшеуіш, өлең – күміс,
Қоспаңыз мыс аралас.
Артық алу, не кем салу
Қапы қалу жарамас...»,- дегенді өзі ұстанып, өлеңнің буынына, әрпіне, ауаздылығына, әсерлілігіне қатты көңіл бөледі. Сондай-ақ Абайдың «Қарасөздері» - қазақ философиясының негізгі ой түрткісі болса, Шәкәрімнің «Үш анығы» - қазақ философиясының шыңы. Форма жағынан Абай туындысы әдеби эссе болса, «Үш анық» - трактат.

Оқырмандар жақсы түсініп, берік меңгеріп, есте сақтауына ыңғайлы болуы үшін трактат стилі қолайлы, өз ойларын автор бірнеше рет қайталап жазады, негізгі дәлелдерін келтіреді, қорытындысын анықтайды. Араб, орыс терминдерін міндетті түрде қазақ тіліне аударады, дербес терминдер ұсынып, қазақ тіліндегі философиялық категориялар, атаулар негізін қалайды.

Екі ойшылды қызықтырған жан мәселесі. Табиғат өлсе де жан өлмес деген Абайдың пікірін Шәкәрім түрлендіреді. Оның пайымдауынша, дүниедегі барша нәрсенің жаны бар, жан өлмейді, өзгереді, өзгерген сайын өседі, жоғарылайды: сезімді жан (инстинкт), аңғарлық жан (сознание), ойлайтын жан (мысль), ақылды жан (ум).

Жан мәселесін зерттегенде Шәкәрімнің буддизм қағидаларымен таныс болғаны шығармаларынан белгілі. Кәктайдың айтуынша, Абай буддизм негіздерін зетрреп үлгермедім деп өкінген екен. Абай мен Шәкәрім екеуіне ортақ ой – діндердің бәрі шатақ, екеуі де соқыр дінге, жұртты жеген молдаларға қарсы шыққан. Бірақ екеуі де негізгі діни қағидаларды жоғары рухани-құлықтық (моральдық) қағидалар деп түсіндірген.

Қазақ поэзиясының асқар шыңы Абай қалдырған шығармашылық дәстүрді жалғастыра отырып, өз жаңалықтарымен байыта өрнектеген Шәкәрім Құдайбердіұлының көркем мұрасы төл әдебиетіміздің асыл қазынасы іспетті. Ақын қазынасы көптеген өлеңдер мен поэмалардан, мысалдар мен нақылсөздерден, әңгімелер мен философиялық толғаулардың негізінде құралғанын білеміз. Оның қай туындысын алып қарасақ та жаңа лебімен, сазды үнімен, ойлылығымен, сұлулығымен ерекшеленіп, оқырманды баурай түсетіні анық. Шәкәрімнің танымдық әлеміне Абай мұрасы арқылы кіру – ұтымды боларына айрықша ден қою керек, өйткені бұл жол жантану ілімін танып білуде адастырмас темірқазығымыз. Екі ой алыбы өз туындыларында қазақтың қоғамдық ой санасындағы шешуші әрі күрделі философиялық тақырыпты көтеріп, оның өзегіне айналған жантану ілімін танып білу жолында толассыз ізденіске түскен.

**Абайдың рухани мектебі және Шәкәрімнің қалыптасуы**. Шәкәрім – Абайдың немере інісі әрі ең сенімді шәкірттерінің бірі. Ол өзінің рухани қалыптасуының бастауын Абай тағылымынан алады. Абай ауылы – қазақ даласындағы алғашқы ағартушылық орталықтардың бірі болды; дәл осы ортада Шәкәрім әдебиетке, ғылымға, дін мен философияға ден қоя бастады.

Абайдың ақыл-кеңесімен Шәкәрім шығыс және батыс классиктерін оқиды: Фирдоуси, Науаи, Низами, Физули, Лев Толстой, Спенсер, Дарвин еңбектері оған терең әсер етті. Ақынның интеллектуалдық өсуінде Абайдың сыни көзқарасы, әділдікке, ғылымға, еңбекке шақырған идеялары негізгі бағдар болды.

**Шығармашылық үндестік және идеялық жалғастық.**

**1. Адамгершілік және мораль философиясы.**Абайдың «Толық адам» ілімі Шәкәрім еңбектерінде ерекше дамыған. Шәкәрімнің «Үш анық» трактаты – осы идеяның тереңдеген көрінісі. Абай адам бойындағы рухани кемелденуді мақсат етсе, Шәкәрім оны философиялық жүйеге айналдырып, иман, ақыл және ар өлшемдері арқылы түсіндіреді. Екі ойшыл да адам бойындағы әділет, рақым, мейірім, адалдық мәселелерін поэзия мен қарасөз арқылы көтерді. Шәкәрім Абайдың «Адам бол!» қағидатын өз шығармашылығының өзегіне айналдырады.

**2. Ағартушылық дәстүр.** Абай қазақ халқын оқу-білімге шақырып, өнер мен ғылым арқылы кемелденуді мақсат етті. Бұл идея Шәкәрімнің де шығармашылық кредосы болды. Оның:
«Адамның аты – адам болмақ үшін
Жанына қонған білім керек рас-ақ» - деген жолдары Абайдың ағартушылық дәстүрін жалғастырғанын дәлелдейді.

**3. Дін және иман мәселесі.** Абай дінді адам тәрбиесінің бір құралы ретінде қарастырса, Шәкәрім оны философиялық категория ретінде зерттеп, «ар ілімін» жасады. Екі ойшыл да дінді фанатизмнен арылтып, имандылықтың мәнін ақыл мен парасатқа негіздейді. Шәкәрімнің Абаймен үндес мұрасы – діни сенім мен ғылымды үйлестіру, адам рухын тазартып, әділетшілдікті сақтау.

**Поэтикалық дәстүр жалғастығы.** Абай қазақ өлеңінің құрылымын жаңартты, мазмұнын тереңдетті, формалық жаңалықтар енгізді. Шәкәрім бұл дәстүрді шығармашылық тұрғыдан толықтырып, реалистік поэзияны философиялық лирика деңгейіне жеткізді.

Шәкәрім поэзиясында Абайдың өлшемдері, ой айту мәнері, тіл тазалығы, философиялық тереңдік айқын көрінеді. Бірақ Шәкәрім өзіне тән стиль қалыптастырып, өлеңдерін мораль, ар ілімі, өмір мәні, дүние құбылыстарын зерделеуге бағыттады.

**Аудармашылық дәстүр.** Абайдың Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын қазақ тіліне аударып, әдеби аударманың жаңа мектебін қалыптастырғаны белгілі. Шәкәрім осы бағытты ілгері жалғастырып, Пушкиннің "Дубровский", "Боран", Лермонтовтың, Физулидің, Шығыс поэзиясының бірқатар туындыларын қазақша сөйлетті. Шәкәрім аудармалары дәлдік пен көркемдіктің үйлесімі арқылы ерекшеленеді.

Абай мен Шәкәрім – қазақ руханиятының қос шыңы. Абай – бастау болса, Шәкәрім – сол бастаудан нәр алып, даналықты тереңдете дамытқан тұлға. Екі ойшылдың дүниетанымы, адамгершілік қағидалары, ағартушылық идеялары қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ерекше орын алады. Абай қалыптастырған жаңа әдеби бағыт Шәкәрім арқылы жалғасын тауып, оның философиялық тұрғыдан толыққан жүйеге айналуына жол ашты. Шәкәрім – Абай дәстүрінің жалғастырушысы ғана емес, қазақ ойының, этикасының жаңа белеске көтерілуіне ықпал еткен қайраткер. Олардың шығармашылық сабақтастығы бүгінгі қазақ руханиятының негізін құрайды. Қазақ поэзиясының биік белеске көтерілуіне, әдеби тілдің ауқымының кеңеюіне Абай шығармашылығының үлкен үлес қосқаны анық. Шәкәрім де Абайдан соңғы қазақтың ең көрнекті тұлғаларының бірі. Абай мен Шәкәрімнің мол әдеби мұрасынан өзгеше мәдениет, кең өріс, бедерлі өрнек танимыз. Қос ақынның өлеңдерінде, поэмаларында, философиялық ой-толғауларында бір пендеге ғана емес, бүкіл адамзатқа тән сырлы мұң жатыр. Бұл өлең өрісін, өнер көкжиегін айқындайтын биік меже. Біздің туған тілімізде, ұлттық әдебиетімізде Абайдан соң ғана мүмкін болған биік жетістік. Шәкәрім Абайдан соңғы ең танымал есім, ең көрнекті тұлға. Сондықтан да қос алыптың шалқар дүниетанымы, нұрлы жаны, талантты тебіренісі, өзгеше бітімі, биік мақсұты, ақыл-ой тереңдігі қазақ халқының арымайтын рухани биігі болып қала бермек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2010.
2.Абай. Толық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1995.
3.Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық. – Алматы: Арыс, 2008.
4.Шәкәрім. Шығармалар. 2 томдық. – Алматы: Жазушы, 1988.
5.Мырзахметұлы М. Абай және Шәкәрім дүниетанымы. – Алматы: Білім, 2012.
6.Нұрқатов А. Абай және Шәкәрім. – Алматы: Ғылым, 1998.
7.Қирабаев С. Шәкәрімтану мәселелері. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.



ӘОЖ:82.147.22


## Т.ЖҰМАЖАНОВА ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ


**МӘЛІК БИБІНҰР СӘКЕНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме.** В статье акцентируется внимание теоретическом и практическом значении методов Т.Жумажановой использовании их в современной системе образования, обновленных учебных программах, актуальных направлениях обучения литературе.

**Summary.** The article examines the theoretical and practical significance of T.Zhumazhanova's methods and their use in the modern education system, updated curricula and relevant fields of literature study.


Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі – ұлттық педагогика мен әдебиеттанудың тоғысқан, үнемі дамып, жаңарып отыратын ғылыми сала. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр бойында қалыптасқан бұл бағыт бүгінгі күні әдеби білім берудің мазмұнын, әдістерін, бағалау өлшемдерін жаңаша қарастыруды талап ететін күрделі жүйеге айналды. Жүргізілген зерттеу жұмысы қазақ

әдебиетін оқыту әдістемесінің тарихи кезеңдер бойынша эволюциясын айқындап, осы бағыттың теориялық және практикалық тұрғыдан жетілуіне ерекше үлес қосқан Төлеужан Жұмажановаңың ғылыми-әдістемелік мұрасының маңызын ашып берді.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістерінің дамуы дәстүрлі түсіндіру, баяндау, көркем мәтінді талдау сияқты классикалық тәсілдерден бастап, XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысында проблемалық оқыту, аналитикалық талдау, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуды көздейтін белсенді әдістер жүйесіне дейін жетілді. Бұл кезеңдерде әдебиетті оқыту мазмұны оқушы тұлғасына әсер ететін тәрбиелік, көркемдік және танымдық тұстарға бағытталып, оқу үрдісінің құрылымы психология және педагогика ғылымдарындағы жаңа бағыттармен сабақтастырыла бастады. Осы тарихи-әдістемелік дамудың өзіндік ерекшеліктерін талдау қазіргі әдебиетті оқыту тәжірибесіне бағдар береді.

Т.Жұмажановаңың еңбектері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми негізін тереңдетуде ерекше орын алатыны анықталды. Ғалымның зерттеулерінде әдеби шығарманы оқушының жас ерекшелігіне сай меңгертудің әдістері, мәтінмен жұмыс жүргізудің кезеңдері, көркем туындыны тұтас қабылдату мен идеялық-көркемдік талдаудың тиімді жолдары жан-жақты сипатталған. Ол ұсынған әдістер жүйесі оқушыны пассив тыңдаушыдан белсенді ізденушіге айналдыруды мақсат етеді. Жұмажанова көркем мәтінді талдауда дидактикалық ұстанымдарды, оқушының әдеби қабылдау психологиясын, сабақтың құрылымдық моделін жаңаша негіздеп, қазақ әдебиеті сабақтарына жаңа серпін берді.

Т.Жұмажановаңың еңбектерінде сыныптан тыс жұмыстардың орны мен маңызы ерекше көрсетіледі. Ғалым әдебиет сабағын тек сынып аясында меңгертуді жеткіліксіз деп есептеп, оқушыларды әдеби ортаға енгізу, көркем шығарманы оқуға қызықтыру, кітап мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруды ұсынады. Әдеби кештер, поэзия минуттары, шығармашылық байқаулар, авторлық оқу, көркем оқу сайыстары, әдеби жобалар, театрландырылған қойылымдар сияқты іс-шаралар оқушының әдеби танымын кеңейтіп, эстетикалық сезімін, сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілетін дамытудың тиімді жолы ретінде қарастырылған. Сыныптан тыс жұмыстардың әдістерін жүйелеу арқылы Жұмажанова әдеби білім беруді кешенді педагогикалық үдеріс ретінде танытады.

Зерттеу барысында ғалымның ғылыми-әдістемелік тұжырымдарының теориялық маңыздылығы да айқындалды. Ол әдебиетті оқытудың мазмұндық-құрылымдық моделін жетілдіріп, көркем мәтінді талдаудың сатыларын нақтылап, оқушылардың әдеби білімін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздерін ғылыми тұрғыдан негіздеді. Жұмажановаңың әдістемелік ізденістерінде әдебиеттегі бейне ұғымы, көркемдік әлем, шығарманың идеялық мазмұны сияқты әдеби категорияларды оқушы санасына жүйелі, түсінікті жеткізудің тиімді жолдары қарастырылып, бүгінгі әдебиет сабағында да өзектілігін жоғалтпайтын теориялық негіз қаланды. Оның зерттеулері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуына, әрі қарай дамуына ықпал етті.

Ғалым жүргізген эксперименттік жұмыстар нәтижелері оның ұсынған әдістерінің тиімділігін дәлелдейді. Сабақ барысында қолданылған көркем мәтінді талдаудың кезеңдік моделі, оқушының белсенді қатысуын қамтамасыз ететін сұрақ-жауап, шығармашылық тапсырмалар, салыстыру, интерпретациялау әдістері оқушылардың әдеби танымын арттырғаны байқалған. Эксперимент қорытындылары бойынша Жұмажанова әдістерін қолданған сыныптарда оқушылардың мәтінді терең түсінуі, өз ойын жүйелі жеткізуі, көркем шығарманы бағалау қабілеті жоғарылағаны анықталған. Бұл өз кезегінде ғалымның әдістемелік ұсыныстарының практикалық құндылығын дәлелдейді.

Жалпы алғанда, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуы мен Т.Жұмажановаңың ғылыми мұрасын талдау Қазақстандағы әдеби білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды нәтижелер береді. Біріншіден, әдебиетті оқыту әдістерінің тарихи эволюциясын зерделеу қазіргі заман талаптарына сай жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді. Екіншіден, Жұмажановаңың ұсынған теориялық және практикалық моделдері әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін байытып, бүгінгі педагогика ғылымында қолдануға лайық. Үшіншіден, сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми тұрғыда жүйеленуі оқушының әдеби қызығушылығын оятып, шығармашылық әлеуетін ашудың тиімді жолы болып табылады.

Қорытындылай келе, Т.Жұмажановаңың ғылыми-әдістемелік еңбектері қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің дамуындағы маңызды кезеңді құрайды. Оның әдістемелік ұсыныстары – ұлттық әдеби педагогиканың ғылыми негізін қалыптастырған құнды үлес. Зерттеу нәтижелері Жұмажанова әдістерінің теориялық және практикалық маңызын дәлелдеп қана қоймай, қазіргі

білім беру жүйесінде, жаңартылған оқу бағдарламаларында, әдебиетті оқытудың заманауи бағыттарында да қолдануға болатындығын көрсетеді. Сондықтан ғалым мұрасын зерделеу, оны оқу-тәрбие үдерісіне енгізу – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі болып қала бермек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

**1.**Жұмажанова Т. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2002. – 256 б.

2.Жұмажанова Т. Әдебиетті оқытуда шығармашылық жұмысты ұйымдастыру. – Алматы: Рауан, 1998. – 180 б.

3.Жұмажанова Т. Көркем мәтінді талдау жолдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 210 б.

4.Жұмажанова Т. Әдеби білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007. – 240 б.

ӘОЖ:82.09. 33

## ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН АЗАМАТТЫҚ ҮН

**ФАЗЫЛОВА ЖАСМИН БЕКАЙДАРҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье с научной точки зрения дан всесторонний анализ национального духа, идеи патриотизма и гражданского голоса в публицистике Ш.Муртазы.

**Summary.** From a scientific point of view, the article provides a comprehensive analysis of the national spirit, the idea of patriotism and the civic voice in the journalism of S.Murtaza.

Шерхан Мұртаза – жұртшылықтың, халықтың қаламгері. Оның публицистік шығармашылығы ұлт тағдыры мен болашағының, оның ғұмырнамасының айнасы. Ол сол жолда, сол бағыт-бағдарда, сол мұрат-мақсатта еңбек етіп келе жатқан публицист. Ол өз буын, өз ғұмырнамасын жазушы ғана емес, сол арқылы тұтастай ұлттың атынан сөз айта алатын дәрежеге көтерілген ірі тұлға. Сондықтан болар оның қаламынан туған кез-келген туындыны оқырман ыждаһатпен қабылдайды. Өйткені ол қай жанрда жазса да барлығын дерлік өзіндік қалыптасқан дара стильмен, көркем шұрайлы тілмен жазады. Шерхан Мұртаза публицистикасының пәрмеңділігіне Ш.Елеукенов былай деп баға береді: «Ш.Мұртаза қаламынан туған дүниелер – осы заманғы публицистиканың жоғарғы үлгісіндегі ерекше өтімді, дәлелді, өмір шындығын дөп басатын, алдына қойылған проблемаларды үлкен жауапкершілікпен, терең талдау жолымен көтере білетін, көп кеселді кінараттарға кінәлілерді бетін бар, жүзін бар демей осып сөгетін, ойға бай, сөзге шешен саралы көсемсөз» Журналистік қызметінің алғашқы он жылында ғана, 1959-1969 жылдардың аралығында, жазылған 100-ден аса заметка, корреспонденция, 5 фельетон, 8 рецензия, 47 очерк, 50-ден астам көркем публицистикалық материалдардың бәрі сол кездің жетістіктерін алғауға құрылған десек қателесеміз.

Көрнекті жазушы-публицист Шерхан Мұртазаның публицистика жанры, жазушы очерктерінің тақырыптары өте ауқымды. Ерер әдебиеттану ғылымында поэтика әдеби шығармалар құрылымы мен оның эстетикалық жүйесін әдебиет теориясының бір бөлігі десек, Шерхан Мұртазаның қай жанрдағы шығармасы болмасын көркемдік поэтика әлеміндегі өзіндік орны бар ерекше туындылар. Шерхан Мұртаза публицистикасындағы тақырыптардың өзектілігі және ондағы заман мен қоғамдағы ащы шындықтар көтерілуі, жазу стиліндегі шеберлік пен көркемдік-редакторлық қызметіндегі талант таныштығы тікелей осы тоқырау жылдарында баспасөздегі сын мәселесін көтеріп және қолдау көрсетіп, батылдыққа толы басшылығы, шығармашылығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің бір-бірімен үйлесімділікте болуының арқасында. Бұл қырынан Шерхан Мұртаза публицистикасы қазақ баспасөзінің дамуына ғана емес, қоғам санасының

өрлеуінеде, өзгеруінеде зор үлес қосты. Шерхан Мұртазаның көркемдік деңгейін белгілейтін әдеби мұраларынан басқа публицистік шығармаларының өзі бір төбе. Өз кезеңінің үні, жаңаның жаршысы, өткен шақтың көне шындығынан емес, осы шақтың жаңа шындығынан туындаған жанр «очерк» болса, сол жанрды Ш.Мұртаза айналып өтпеген. Шерхан Мұртазаның публицистикалық очерктері заман келбетінің қоғамдық-әлеуметтік сипатын айқындап, дәл бере алғандығын атап өтуге тиіспіз және міндеттіміз. Тұтас бір халықтың, ұлттың атынан сөз айта алатын дәрежеге көтерілген ірі тұлғалардың, қаламы қарымды қаламгерлердің, публицистердің жол сапар очерктері сияқты кез-келген жанрда қалам тербеген Шерхан Мұртаза да бұл аталмыш жанрда қалам сілтей білген. Оның 1992 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған, кейіннен «Ақындар мен әкімдер» атты еңбегі публицистік жинақтары құрамына енген, оған «Феруза Иран» атты очеркі дәлел. Қаламгер Шерхан Мұртазаның тағы бір жолсапар очеркі «Абай сәулесі» (Семейдегі Абай күндері) деп аталады. «Қазіргі кезде сауатсыз қазақ жоқ» деп басталатын бұл шығармасы оқушыны осы бір сөйлеммен-ақ үйіріп ала кетеді. Жазушы-публицист Шерхан Мұртазаның соңғы жылдарында жарық көрген «Елім саған айтам, елбасы сен де тыңда!» (1998), «Ақындар мен әкімдер» (2002) атты мақалалары, публицистикалық толғамдары мен эсселерінің қазақ әдебиетінде алатын орны ерекше.

Қазақ публицистикасы – халықтың рухани айнасы, қоғамдық сананың қозғаушы күші. Сол айнада заманының шындығын, ел мен жер тағдырын, ұлттық болмыстың айшықтарын айқын көрсете алған тұлғалардың бірі – Шерхан Мұртаза. Ол – жазушы, публицист, қоғам қайраткері, ұлт намысының жаршысы. Шерхан Мұртазаның публицистикасы – тәуелсіздікке дейінгі және кейінгі кезеңнің ең өзекті мәселелерін қамтыған, елдік рухты, азаматтық жауапкершілікті дәріптеген мұра.

Шерхан Мұртазаның публицистикалық шығармалары – қоғамдағы көкейкесті мәселелерді батыл көтеруімен ерекшеленеді. Оның мақалалары мен эсселерінде ұлттың болашағы, тіл тағдыры, әділетсіздік, рухани құндылықтардың жойылуы сияқты тақырыптар кеңінен қозғалады. Мысалы, «Біздің қазақ – жалтақ халық па?» немесе «Қазақ тілін қадірлейік!» сияқты мақалалары – ұлттық намысты оятуға бағытталған өткір туындылар. Автор қоғамдағы бейқамдық пен немқұрайдылықты сынай отырып, әр азаматтың ел алдындағы жауапкершілігін алға тартады.

Публицистиканың басты ерекшелігі – оның шыншылдығы мен елдік үнінің айқындығы. Шерхан Мұртаза ешқашан бейтарап болмаған, оның әрбір сөзі – ұлт мүддесінің күзетшісі.

Қаламгердің публицистикасында ұлттық рух ұғымы – басты тақырыптардың бірі. Ол үшін ұлттық рух дегеніміз – халықтың тілінде, тарихында, дәстүрінде, ұжымдық жадында сақталған өміршең құндылық. Мұртаза өз публицистикасында ұлт рухын ояту үшін тіл, мәдениет, ел бірлігі мәселелерін жиі көтереді. Оның «Ел аман болсын!» немесе «Қазақтың намысы» сияқты мақалалары халықты ел болуға, ұлт ретінде жаңғыруға шақырады.Оның ойынша, «қазақтың тілі мен рухын сақтаған адам – нағыз патриот». Сондықтан Шерхан Мұртазаның публицистикасы жастарға рух беріп, елге қызмет етуге үндейді.

Шерхан Мұртазаның публицистикасын айрықша биікке көтеретін қасиет – азаматтық үн. Ол қоғамдағы әділетсіздікке төзбеген, шындықты ашық айтқан қаламгер болды. Ол өзінің «Журналист халықтың ары болуы керек» деген қағидасын өмір бойы ұстанды. Сондықтан оның публицистикалық мұралары тек журналистика үлгісі ғана емес, азаматтық ұстанымның көрінісі болып табылады.

Ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілі, суреткер жазушы, публицист Шерхан Мұртаза 1932 жылы Жамбыл облысы Жуалы ауданы Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Шерхан Мұртазаның көркем прозадағы алғашқы туындылары – «Қыз бен бота» және «Белгісіз солдаттың баласы». Ш.Мұртазаның «41 жылғы келіншек», «Интернат наны», «Бір нәзік сәуле», «Сфинкстің сыры», «Алтын тікен», «Сол бір күз», «Жүрекке әжім түспейді», «Шекшек шырылдайды» әңгімелері мен «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «Мылтықсыз майдан» повестері – қазақ әдебиетінің проза жанрына қосылған таңдаулы туындылар болып табылады. Пейзаж арқылы кейіпкер харектерін ашу – «Сол бір күз», «Сфинкстің сыры» әңгімелерінің негізгі өзегі. Жазушы әңгімелеріне арқау болған тақырыптың бірі – Ұлы Отан соғысының зардабы «Жүз жылдық жара» әңгімесінің өзегі болған. Қаламгер жүз жылдық тарихы бар «Бахтияр баба бауына» шабылған балта халық тарихына шабылғандай әсерлі де әділ ой түйген.

Ш.Мұртаза эпикалық жанрдағы алғашқы көлемді туындысы – өндірісте еңбек еткен жұмысшылар тағдырын арқау еткен, бүгінгі күннің шындығын бейнелеген «Қара маржан» романы үшін 1978 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері болған. Ш.Мұртазаның кең құлашты эпикалық шығармасы – мемлекет әрі қоғам қайраткері, тарихи тұлға Тұрар Рысқұловтың өмірі мен

қызметін, XX ғасыр басындағы өтпелі кезеңнің қасіретті де тартысты шындығын бейнелеген «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір», «Қыл көпір», «Тамұқ» атты бес кітаптан тұратын хамса-романы. Жазушының Т.Рысқұловтың балалық шағының бір сәтін суреттеген шығармасы «Тұтқын бала» деп аталады. Бала кезінен түрменің азабын тартқан Тұрардың өз тегін айтуға да болмайтын кезеңді басынан кешіріп, «Қырғызбаев» деген фамилиямен мектепке тіркелуі, осы ой көкірегіне түйін болған Тұрардың алғашқы азаматтық ісі әңгімеде тартымды суреттелген.

Ш.Мұртазаның екі кітаптан тұратын «Ай мен Айша» роман-эссесі жазушының балалық шағы, басынан кешірген тағдыры туралы жазылған өмірбаяндық романға жатады. Жазушы өзінің әдеби тұлғасын Барсхан бейнесінде ала отырып, Барсхан сияқты мыңдаған адамның өмірін арқау еткен. Шығармадағы Айша ананың қасіреті мен қайраты романның өзегіне айналған. Роман 1997 жылы оқырмандар тарапынан «үздік роман» деген атаққа ие болған.

Шерхан Мұртазаның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты», «Есек саудасы», «Домалақ ана», т.б. драмалық шығармалары бар. Ш.Мұртаза аударма саласында да қомақты еңбек етіп, Ш. Айтматовтың «Қош, Гүлсары», «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет», «Боранды бекет», «Жан пида», Мұстай Кәрімнің «Біздің үйдің қуанышы», Э.Эрискиннің «Марыкчан балалары», Л.Лагиннің «Хоттабыч қарт» шығармаларын қазақ тіліне аударған. Шерхан Мұртаза – әр жанрдағы шығармаларымен қазақ әдебиетін байытқан көрнекті қаламгер, шебер суреткер.

Шерхан Мұртазаның публицистикасы – ұлттық рух пен азаматтық үннің көрінісі. Оның еңбектері халықтың намысын оятып, елдік сана мен жауапкершілік идеясын дәріптейді. Қаламгер өз шығармалары арқылы қазақ публицистикасын биік деңгейге көтеріп, ұлт мүддесін қорғаудың өнегесін көрсетті. Сондықтан Шерхан Мұртазаның публицистикасын зерттеу – тек әдеби мұраға емес, ұлттық сана мен рухани тәуелсіздікке үлес қосу болып табылады.

Шерхан Мұртаза үшін публицистика – ел тағдырына араласу, халықтың сөзін сөйлеу, әділеттің жаршысы болу. Сондықтан оның шығармалары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Мұртаза Ш. Қара маржан. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Мұртаза Ш. Елтұтқа. – Алматы: Қазығұрт, 2001.
3. Нұрқатова М. Қазақ публицистикасының даму кезеңдері. – Алматы, 2015.
4. Қаратаева Б. Қазақ публицистикасының тұлғалық сипаты. – Астана, 2020.


ӘОЖ:82.135.69

# СЫН ЕСІМДЕРДЕГІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ КОННОТАЦИЯ СЕМАНТИКАСЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ


**АМАНГЕЛДИЕВА АРАЙЛЫМ ТИЛЕУБАЕВНА**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Резюме.** В статье подробно излагается оценка и коннотативная семантика прилагательных: теория и методика.

**Summary.** The article describes in detail the assessment and connotative semantics of adjectives: theory and methodology.


Тілдің семантикалық жүйесінде сын есімдер адамның танымдық, эмоциялық және бағалау қатынасын білдіретін маңызды сөз табы болып табылады. Олар заттың белгісін ғана емес, сөйлеушінің субъективті көзқарасын, эмоциялық реңкін, эстетикалық бағасын қоса жеткізеді. Бұл құбылыс бағалау семантикасы және коннотация ұғымдары арқылы сипатталады.

Қазақ тіл білімінде бағалау реңкі бар сын есімдердің табиғаты, эмоционалды-экспрессивтік қызметі, ұлттық-мәдени танымға негізделген коннотациясы соңғы жылдары когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану және прагмалингвистика аясында терең зерттелуде.

Осы мақалада сын есімдердің бағалау семантикасының теориялық негіздері, коннотативтік реңкі, сондай-ақ бұл құбылысты мектепте оқыту әдістемесінің тиімді жолдары қарастырылады.

1. Сын есімдер семантикасының теориялық негіздері.

1.1. Сын есімдердің лексика-семантикалық ерекшелігі. Сын есімдер заттың түрлі белгілерін білдіреді: сапалық (қызыл, сұлу, жақсы), қатыстық (білімді, өнерлі), туынды мағыналы (жүректі, ақылды).

Сапалық сын есімдер көбіне коннотативті реңкке бейім келеді, өйткені олардың семантикасы сөйлеушінің эмоциялық-психологиялық күйімен астасады.

1.2. Бағалау семантикасы және оның түрлері. Бағалау семантикасы – тілдік бірліктің «жақсы–жаман», «құнды–құнсыз», «сұлу–сұрқия» сияқты құндылық категорияларын білдіру қабілеті.

Бағалаудың түрлері:

1.Позитивті бағалау – жақсы, сұлу, мейірімді, керемет.

2.Негативті бағалау – жаман, сұрқай, бүкір, опасыз.

3.Эстетикалық бағалау – әсем, көркем, сұрықсыз.

4.Этикалық бағалау – адал, әділ, арсыз, жағымсыз.

5.Интеллектуалдық бағалау – ақылды, ойлы, миғұла.

6.Әлеуметтік бағалау – мәрт, мықты, бейшара.

Бағалау реңкі ұлттық дүниетаным мен мәдени кодтарға тәуелді.

1.3 Коннотация семантикасы. Коннотация – сөздің негізгі (денотативтік) мағынасынан тыс, қосымша эмоционалдық, экспрессивтік, мәдени ақпараттар жиынтығы. Мысалы:

1.қара ниет – «жаман» мағынасымен бірге моральдық айыптау;

2.ақ жүрек – «адал» + «ұлттық-этикалық құндылық»;

3.қызыл бет – «ұялу», «эмоциялық күй».

Коннотация құрамына кіреді:

1.эмоционалды реңк (қуанышты, өкпелі, ашулы мән);

2.экспрессивтілік (көтеріңкі, әсерлі);

3.бағалау (позитивті/негативті);

4.мәдени-ұлттық ассоциациялар.

Қазақ тіліндегі бағалау және коннотациялы сын есімдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі**.** Қазақ халқының дүниетанымында түстер, табиғат, адам мінезі, этикалық нормалар сын есімдер арқылы қалыптасқан мәдени кодтарға негізделген.

2.1Түстердің мәдени коннотациясы.

Ақ – адалдық, тазалық, ниет.

Қара – ауыр, қасірет, тереңдік.

Қызыл – қуат, күш, эмоция.

2.2. Адам бейнесіне қатысты мәдени коннотациялар

Мәрт, сабаз, еркекше – ұлттық этикалық бағалар.

Жомарт, шешен, айбарлы – әлеуметтік мәртебе мен мінез сипаты

2.3. Әдеби тілдегі тұрақты бағалау реңктері**.** Қазақ прозасында (Әуезов, Кекілбаев, Мұратбеков, Мағауин, Әлімжанов, Т.Әбдік) сын есімдер образ жасаудағы негізгі көркемдік құралдардың бірі.

3. Сын есімдердің бағалау семантикасын оқыту әдістемесі. Жаңартылған білім мазмұнына сәйкес оқыту оқушының танымдық әрекетіне, салыстыру, пайымдау, интерпретация дағдыларына бағытталады.

3.1. Теорияны меңгертудің тиімді әдістері

1) Салыстырмалы талдау. Оқушыларға сын есімдерді денотативтік және коннотативтік мағына бөліп талдату: *жылы* (температура) – *жылы адам* (мейірімді).

2) Когнитивтік карта жасау. Сын есімнің негізгі және қосымша мағыналарын, мәдени реңктерін диаграмма ретінде көрсету.

3) Мәтінмен жұмыс. Прозалық шығармалардан коннотативті сын есімдерді табу, автор идеясын ашудағы рөлін талдау.

4) Прагматикалық талдау. Сөйлеушінің мақсат, эмоция, бағасын анықтау: *жап-жаман емес, әжептәуір жақсы* – жасырын бағалау.

3.2. Құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар

Оқылым дағдысы: Коннотативі бар сын есімдерді мәтіннен табу; Олардың эмоционалдық реңкін анықтау.

Жазылым дағдысы: Бағалау реңкі бар сын есімдерді қолданып шағын эссе жазу.

Айтылым дағдысы: «Позитивті және негативті бағалау» тақырыбында пікірталас.

Тыңдалым: Жазушылардың сұхбаттарынан сын есімдердің семантикалық реңктерін анықтау.

3.3. Интерактивті әдістер:

INSERT, RAFT, ЖИГСО

«Ойлан – Жұптас – Талқыла»

Семантикалық өріс құру

Коннотация картасын жасау

Padlet/Canva арқылы визуалды кестелер дайындау

4. Бағалау және кері байланыс. Жаңартылған бағдарлама негізінде: бағалау критерийлері: дәлдік, негіздеу, семантикалық айырмашылықты түсіндіру, мәдени-ұлттық реңкті тану; өзін-өзі бағалау; рефлексивті жазба; дескриптор арқылы нақты талап қою.

Сын есімдердегі бағалау және коннотация семантикасы – қазақ тілінің ұлттық-мәдени дүниетанымын, сөйлеушінің эмоциялық-психологиялық қалпын, құндылықтық бағдарын көрсететін маңызды тілдік құбылыс. Теориялық тұрғыдан бұл құбылыстар лексикалық семантиканың, прагмалингвистиканың, лингвомәдениеттанудың зерттеу нысанына жатады. Әдістемелік тұрғыдан коннотативті сын есімдер оқушылардың: тілдік сезімін, эмоционалдық қабылдауын, тілдік-мәдени танымын, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға қолайлы материал береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва., 2010.

2.Жұбанов Қ. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 2015.

3.Исаев С. Сөздердің семантикалық структурасы. – Алматы, 2012.

4.Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 2008.

5.Кубрякова Е.С. Язык и знание. – Москва., 2004.

6.Қалиев Б. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы, 2017.

7.Қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарламасы. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.

ӘОЖ:82.314.58

## САЙЫН МҰРАТБЕКОВТІҢ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**АҚЫЛТАЙ ҚҰРАЛАЙ ОРЫНБАСАРҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются прозаические произведения выдающегося представителя казахской литературы Саина Муратбекова и методика их преподавания в средней школе. Анализируются темы, персонажи, особенности языка в произведениях и способы их использования в содержании образования. Автор предлагает методические подходы, направленные на развитие критического мышления, творческих способностей учащихся.

**Summary.** The article examines the prose works of Sain Muratbekov, an outstanding representative of Kazakh literature, and the methods of teaching them in secondary schools. The themes, characters, language features in the works and ways of their use in the content of education are analyzed. The author offers methodological approaches aimed at developing critical thinking and creative abilities of students.

Сайын Мұратбеков – қазақ әдебиетінде әлеуметтік мәселелерді көркем бейнелейтін, ұлттық ерекшеліктерді танытатын көрнекті жазушы. Орта мектепте Мұратбековтің шығармаларын оқыту қазіргі білім мазмұнына сәйкес ұйымдастырылуы қажет. Оқыту процесінде мәтіннің тақырыбы мен кейіпкерлерін талдау, тілдік мәдениетті қалыптастыру, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамыту басты мақсат болып табылады.

Сайын Мұратбековтің прозалық шығармалары.Сайын Мұратбековтің прозалық шығармалары әртүрлі тақырыптарды қамтиды: Әлеуметтік мәселелер, Отбасы және ұлттық дәстүрлер, Тарихи оқиғалар мен патриотизм, Жастар тақырыбы. Шығармаларында Мұратбеков кейіпкерлердің ішкі психологиясын, табиғат пен қоғам арасындағы байланысты терең суреттейді. Мәтін тілінің көркемдігі оқушылардың әдеби тіл мәдениетін дамытуға мүмкіндік береді[1.].

Орта мектепте оқыту әдістемесінің негізгі принциптері. Мұратбеков шығармаларын оқытуда дидактикалық принциптерге сүйену қажет: Жеке тұлғаны дамыту, Проблемалық оқу, Интеграциялық принцип, Тәрбиелік принцип, Шығармашылық және зерттеушілік принцип[2].

Оқыту әдістемесі мен практикалық тәсілдер. Сыни талдау және дискуссия, Рөлдік ойындар, Эссе және шығармашылық жазу, Жобалық әдіс, Компаративтік талдау әдістері қолданылады. Бұл әдістер оқушылардың белсенділігін арттырады, шығармашылық қабілетін және сыни ойлауын жетілдіреді

Бағалау жүйесі. Бағалау барысында әртүрлі тәсілдер қолданылады: Формативтік бағалау, Суммативтік бағалау, Өзін-өзі бағалау, Топтық бағалау. Бағалау жүйесі оқушылардың жан-жақты дамуын, шығармашылық және сыни ойлау қабілетін арттыруға бағытталған[3]..

Сайын Мұратбековтің прозалық шығармаларын орта мектепте оқыту – тек әдеби мәтінді түсіндіру емес, сонымен бірге оқушылардың адамгершілік, мәдени және шығармашылық қабілеттерін дамыту процесі. Оқыту әдістемесі сыни талдау, жобалық және интерактивтік әдістерді қамти отырып, жаңартылған білім мазмұнына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс. Мұратбеков шығармалары арқылы оқушылар қоғам мен табиғат арасындағы байланысты, ұлттық дәстүрлерді және моральдық құндылықтарды терең түсінеді, бұл олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді[4].

Қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырған әдебиеттің ерекше өкілі, шеберлігімен танылған жазушы – Сайын Мұратбеков. Оның шығармашылығында лиризм айқын, әрі терең көрініс табады. Лиризм арқылы адам психологиясын, ішкі әлемін, өмірдің қарапайым көріністерін, табиғатпен үйлесімділікті бейнелей отырып, оқырман жүрегіне терең әсер етеді. Қаламгер Тұрсын Жұтбай Сайын шығармашылығы туралы былай дейді: «Ол шындығында да, Сайын десе – сайын, қайыңның безі, қайырымның өзі еді. Сондай пәк сезім мен қатал адалдықтан жаралған тұлға. Алғашқы «Райгүл» мен «Менің қарындасым» атты шағын әңгімелерінен-ақ Ғабең – Ғабит Мүсірепов сияқты қаламы сараң, талғамы тас жаратын кербез дегдардың өзін: «Көп ұлтты әдебиетіміздің гүлдеп тұрған мәуелі бағында оның жас талдай желкілдеп бой көтерген тамаша прозасы бітік шығып, алыстан көзге түсіп, көз тартары сөзсіз» — деп сүйіндірген, сол қалпынан жазбай қалың қауымының көңілін қалдырмай сүйіндіріп өткен Сайынды – әдебиет сайынын қалай ғана назардан тыс қалдырдық екен» [5].

Жазушының туындыларында көбінесе адам сезімінің нәзік көріністері, кейіпкерлердің жан тебіреністері мен ішкі қайшылықтары және табиғатпен, қоршаған әлеммен үйлесімділік табуға деген мәңгілік ұмтылыс бейнеленген. С.Мұратбековтың «Жусан исі», «Жабайы алма», «Басында Үшқараның», «Қызғаныш», «Қылау», «Күсен-Күсеке», «Менің қарындасым», «Ескек жел» «Отау үй», «Ұлтуған» және т.б. шығармалары қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның озық үлгілері болып саналады. Бұл еңбектерде кейіпкерлердің ішкі әлемі табиғат құбылыстарымен үндесіп, автордың баяндау сипаты ерекше көрініс табады.

С. Мұратбеков әңгімелерінің басты тақырыбы мен көтерген өзекті мәселесі – ауыл өмірі мен әлеуметтік жағдайдың өзара байланысын суреттеу. Сол арқылы кейіпкерлердің азаматтық табиғи болмысын, адамгершілік позициясын, рухани тазалығын, жан сұлулығын, нәзік құбылыстарын, сан қырлы қайшылықтарын сырлы психологиялық этюдтермен өрнектеу қаламгердің басты мақсаты болған. Осы мақсатта қаламгер ауыл адамдарының адалдығын, кіршіксіз аққөңіл мінездерін, бауырмалдығын, ішкі ой-сезім иірімдерін ашып көрсетеді [5].

Автордың «Таңғы шық» атты әңгімесінде Тұраш есімді селолық дүкеннің сатушысы өмірі оның жан дүниесіндегі өзгерістері туралы сөз қозғалады. Тұраш үш ай қамауда болғаннан кейін, бостандыққа шығып, ауылына жетер жолдағы сезінген сезімдері, өткен өмірі мен қателіктерін ой елегінен өткізуі, оның ішкі жай-күйіндегі өзгерістері, өмірге деген көзқарастары әңгімеде табиғатпен астасып керемет суреттеледі. Тұраштың бостандыққа шығып, жаңа өмірге қадам

басқандығын табиғатпен, күннің алқызыл болып шыққан таңғы шапағы арқылы байланыстырады: «Құдия еңкейген күннің көзі ақшыл сарғыш реңінен біртіндеп сүзіліп енді алқызылданып, жер үстін қызғылт шапақты нұрға мала бастады. Бүкіл үстірт күрең қызылданып жатыр» [5, 69 б.]. Бұл жерде кейіпкердің ішкі қуанышы да көрініс тауып тұр. Еркін, тыныш табиғаттың көрінісі оның бостандыққа деген құштарлығымен астасып жатыр. Сонымен қатар «Таңғы шық» шығармасынан лиризмді мынадай сөздер арқылы байқауға болады: «меңіреу тыныштықтан да осы салдыр-гүлдір ұнады Тұрашқа», «Күн сұлу да бүгін ұясынан сергек тұрған тәрізді», «Тау арасы тұп-тұнық, буалдыр көк-аяз тұнып тұр», «Тау арасының кешкі тыныштығын тіліп өтіп, күмісше сыңғырлайды» «Айдалада, тау арасында иесіз қалған ескі тас қыстауда от жағып жүрген кім екен?» [5, Б:70-77]. Мұндай суреттеулер арқылы автор кейіпкердің ішкі әлеміндегі өзгерістерін, сезімдерін, өмірге деген құлшынысы мен жаңа үмітін табиғат көріністері арқылы жеткізеді. Мұратбеков табиғат бейнесін пайдаланып, кейіпкелердің эмоциясын бейнелейді ал басқа жазушылар көп жағдайда табиғатты оқиға орын алатын фон ретінде қолданады. Бұл жазушының өзіне тән ерекшелігі.

Жазушы кейіпкердің басынан өткен қуанышын мен қиындығы мен қайғы-қасіретін үлкен драма қылмай, ауылдың күнделікті өмірімен байланыстырған. Бұл тәсілі арқылы автор оқырманды қарапайым ауыл өмірінің өзіндік сұлулығын көруге, қарапайым өмірдің құндылықтарын танып, білуге жетелейді. Автордың кейіпкерлері адамгершілік құндылықтарды сақтай отырып, өмірлік күрестерін жеңіл өткеруге ұмтылады. Басты кейіпкер Әсеттің туған ауылына оралуы, оның ескі таныстарын кездестіруі шынайы сипатталады. Ол туған ауылына деген қарапайым, әрі терең сезімдерін табиғатпен үйлестіре жеткізеді: «Ойлы-қырлы кең дала, шығар күннің алқызыл шапағында, түнде көк аяз қалың шықтан жалтырап күміс жалатқандай сыздап жатыр» деп ауылдың қарапайым өмірі мен табиғат суреттерін әдемі бейнелейді. Бұл қарапайымдылық пен шынайылық Мұратбеков прозасының басты ерекшелігіне айналады

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұратбеков С. Таңдаулы шығармалар. – Алматы: Жазушы. 2005.

2. Әбдіқадыров А. Қазақ әдебиеті мен оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім баспасы.2020.

3. Қалқаман С. Қазіргі қазақ прозасы және педагогикалық зерттеулер. – Нұр-Сұлтан: Ғылым. 2019.

4. Жұмабаева Г. Педагогикалық технологиялар қазақ әдебиетін оқытуда. – Алматы: Мектеп баспасы. 2019.

5. Мұратбеков, С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Өлке, 2006. – 240 б.

ӘОЖ:82.325 (01)

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**КӨШЕРБАЙ АЙЫМ БАХЫТБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются дидактические основы преподавания современной казахской прозы в обновленном содержании образования. Анализируются теоретические и практические аспекты обучения, методические подходы, педагогические технологии и система оценивания. Автор предлагает методы обучения казахской прозе, направленные на развитие творческого, критического мышления и культурных ценностей.

**Summary.** The article examines the didactic foundations of teaching modern Kazakh prose in the updated content of education. The theoretical and practical aspects of teaching, methodological approaches, pedagogical technologies and an assessment system are analyzed. The author offers methods of teaching Kazakh prose aimed at developing creative, critical thinking and cultural values.

Қазіргі білім беру жүйесі қазақ тілін және әдебиетін оқытуды жаңартуды талап етеді. Қазақ прозасын оқыту тек мәтінді түсіндірумен шектелмей, оқушылардың сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға, тілдік және коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, мәдени және моральдық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Жаңартылған білім мазмұнында қазақ прозасын оқытудың дидактикалық негіздері – оқу мазмұны, оқу мақсаттары, әдістер мен бағалау жүйесін біріктіретін кешенді платформа болып табылады.

Білім беру саласы қоғам дамуының маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Әр ұлттың тілі мен мәдениетін сақтау, дамыту және оны болашақ ұрпаққа жеткізу – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі. Осы орайда, Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіне көптеген жаңартулар енгізіліп, қазақ тілін оқытудың жаңа бағдарламалары мен әдістемелері қолданысқа енгізілуде. Жаңартылған білім мазмұны оқушылардың алған білімін өмірде тиімді пайдалануына, тілдік дағдыларын дамытып, шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруге бағытталған.

Жаңартылған бағдарламаның мазмұны және оның мақсаты. Жаңартылған бағдарламаның ерекшеліктері. Жаңартылған білім беру бағдарламасы мынадай маңызды ерекшеліктерімен сипатталады: Оқу бағдарламасының спиральді құрылымы: білім мазмұны сыныптар арасында біртіндеп күрделене отырып қайталанып отырады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы сараланған оқыту тәсілі енгізілген. Функционалдық сауаттылыққа, яғни алған білімді шынайы өмірде қолдануға баса назар аударылады. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар мен жобалық жұмыстар қарастырылған.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары. Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, яғни олардың тек теориялық білім алып қана қоймай, сол білімді өмірде қолдана білу дағдыларын жетілдіруді көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін оқыту үдерісі коммуникативтік бағытта құрылады, яғни оқушылар тек мәтіндерді оқып, талдап қана қоймай, өз ойларын еркін білдіруге, түрлі жағдаяттарда қазақ тілін тиімді қолдануға үйренеді. Бағдарламаның басты міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, яғни оларды алған білімдерін шынайы өмірде қолдануға бейімдеу.

Сонымен қатар жаңартылған білім мазмұны оқушылардың жеке қабілеттерін ескеруге және олардың шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Оқу процесінде қолданылатын тапсырмалар сараланған деңгейде ұсынылып, әр оқушының білім алу қарқыны ескеріледі. Осылайша, әрбір білім алушы өз деңгейіне сәйкес тапсырмалар орындап, біртіндеп күрделі мазмұнға өтеді. Бұл оқушылардың өз бетінше білім алу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Жаңартылған бағдарлама бойынша білім беру тек ақпаратты меңгертуге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың зерттеушілік, аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл мақсатта түрлі жобалық жұмыстар, талдау тапсырмалары, пікірталастар ұйымдастырылады. Соның нәтижесінде оқушылар өз ойларын дәлелдей білуге, ақпаратты саралап, оны тиімді пайдалана білуге үйренеді.

Оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын дамыту үшін жаңартылған бағдарламада интерактивті және инновациялық әдістер кеңінен қолданылады. Мысалы, АКТ құралдарын қолдану, проблемалық оқыту, коллаборативті оқу әдістері оқу үдерісіне енгізілген. Бұл әдістер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың сыни ойлау, зерттеу жүргізу, дербес шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Қорыта айтқанда, жаңартылған бағдарлама оқушылардың тек білім алушылар емес, заманауи қоғамға бейімделген, өз білімін тиімді пайдалана алатын тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Бұл жүйе оқушылардың өз бетімен ойлау қабілеттерін дамытып, түрлі салада білімін қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқытудағы негізгі әдістер мен тәсілдер. Қазақ тілін оқытуда қолданылатын әдістер мен тәсілдер оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдірумен қатар, олардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Жаңартылған бағдарлама аясында тіл үйрету тек грамматикалық ережелерді меңгертумен шектелмейді, керісінше, оқушының тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын кешенді түрде дамытуға негізделген. Сондықтан оқытудың тиімді әдістерін дұрыс таңдау оқу үдерісінің нәтижелілігіне тікелей әсер етеді.

Коммуникативтік әдіс. Коммуникативтік әдіс – қазақ тілін оқытуда ең маңызды және тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың сөйлеу әрекетін жандандыруға, олардың тілдік кедергілерін жоюға және еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға бағытталған. Коммуникативтік әдіс негізінде оқушылар тек теориялық білім алып қоймай, оны тәжірибеде

қолдануға үйренеді. Сабақ барысында түрлі рөлдік ойындар, диалогтар, пікірталастар ұйымдастырылады. Осы әдісті қолдану арқылы оқушылар: Түрлі жағдаяттарда өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыланады; Белгілі бір тақырып аясында әңгіме құрастыру қабілетін дамытады; Қазақ тіліндегі сөздік қорын кеңейтіп, сөйлеу мәнерін жетілдіреді. Коммуникативтік әдіс арқылы сабақ барысында оқушылар өзара қарым-қатынас орнатып, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөйлем құрылымдарын меңгереді. Бұл әдіс олардың сөйлеу дағдыларын дамытумен қатар, тілдік сенімділігін арттырады.

Диалогтік оқыту әдісі. Диалогтік оқыту әдісі оқушылардың белсенді әрекетін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әдісті қолдану барысында: Оқушылар диалог құру арқылы сөйлеу дағдыларын дамытады; Топтық жұмыс арқылы пікір алмасады; Жаңа тақырыпты бірлесе отырып талдайды. Диалогтік оқыту әдісі мұғалім мен оқушы арасындағы өзара іс-әрекетті күшейтуге бағытталған. Мұғалім оқушыларға ашық сұрақтар қою арқылы олардың сыни ойлау дағдыларын дамытады және сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, оқушылардың бір-бірімен пікір алмасуына, өз көзқарастарын дәлелдеуге және қарсы аргумент келтіруге мүмкіндігі болады.

Тапсырмалар арқылы оқыту әдісі. Бұл әдіс оқушылардың белсенділігін арттыруға және оларды шығармашылық тұрғыдан ойлауға ынталандыруға бағытталған. Сабақ барысында түрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынылады: Жазбаша және ауызша тапсырмалар; Лексикалық және грамматикалық жаттығулар; Мәтінмен жұмыс жасау (мазмұндау, жоспар құру, аннотация жазу); Өзіндік зерттеу жұмыстарын орындау. Тапсырмалар арқылы оқыту әдісі оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың өз бетімен жұмыс істеу қабілетін дамытады.

АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) қолдану әдісі. Заманауи білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) үлкен рөл атқарады. Қазақ тілін оқыту барысында бұл әдісті қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың білімін кеңейтуге ықпал етеді. Сабақта қолданылатын АКТ құралдары: Электронды оқулықтар мен бейне сабақтар; Интерактивті тақта, мультимедиалық бағдарламалар; Онлайн тесттер мен жаттығулар; Веб-ресурстар мен мобильді қосымшалар. Бұл әдіс арқылы оқушылар өздігінен білім алуға мүмкіндік алады және өз оқу траекториясын өздері реттей алады.

Қазақ тілін оқытудағы функционалдық сауаттылық. Функционалдық сауаттылық – оқушының алған білімін өмірде қолдана алу қабілеті. Жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілі сабақтарында функционалдық сауаттылықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін: Оқушыларды түрлі өмірлік жағдаяттарға негізделген тапсырмалармен жұмыс істеуге үйрету; Мәтінмен жұмыс жасау арқылы сыни ойлау дағдыларын жетілдіру; Оқушылардың өзіндік ізденісіне жағдай жасау қажет. Осы тәсілдер оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеуіне, жазу дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Бағалау жүйесі: қазіргі тәсілдер және олардың ерекшеліктері. Жаңартылған бағдарлама аясында бағалау жүйесі де өзгерді. Бұрынғыдай дәстүрлі бағалау түрінен критериалды бағалау жүйесіне көшу оқушының нақты білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау. Критериалды бағалау екі негізгі бөлімнен тұрады: Формативті бағалау (оқу процесінде үздіксіз жүргізіледі, оқушының даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді); Жиынтық бағалау (белгілі бір оқу кезеңінің соңында жүргізіледі). Критериалды бағалау әдісі оқушының оқу үрдісіндегі белсенділігін арттырып, оның өз біліміне деген жауапкершілігін күшейтеді.

Қазақ тілін оқытудағы жаңартылған бағдарлама қазіргі заман талаптарына сәйкес жасалған. Оның негізгі мақсаты – оқушылардың қазақ тілін күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру. Жаңартылған бағдарлама негізінде қолданылатын әдіс-тәсілдер оқыту процесін тиімді етіп, оқушылардың белсенділігін арттырады. Болашақта бұл жүйе одан әрі жетілдіріліп, білім беру сапасын арттыруға үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқу бағдарламасы». – 2016 ж.

2.Выготский Л.С. «Ойлау және сөйлеу». – Алматы: Ғылым.1986 ж.

3.Құсайынов А. «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістер». – Алматы: Атамұра.2017 ж.

4.Жұмабаева Г. «Қазақ тілін оқытудың тиімді әдістері». – Нұр-Сұлтан: Фолиант.2019 ж.

5..ҚР БҒМ. «Функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың әдістемелік негіздері». – Астана. 2019ж.
6.ҚР Ұлттық тестілеу орталығы. «Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі». –Алматы: Рауан. 2021ж.

ӘОЖ:82.107.87

# Х.ДОСМҰХАМЕДҰЛЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

**ШАМШИТДИНОВА ГУЛЬНАР**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье проанализированы труды Халела Досмухамедовича по становлению и развитию языкознания, терминологии, перевода, литературоведения, фольклористики.

**Summary.** The article analyzes the works of Khalel Dosmukhamedovich on the formation and development of linguistics, terminology, translation, literary criticism, folklore studies.

Халел Досмұхамедұлы (1883–1939) – қоғам және мемлекет қайраткері, саяси күрескер, Алаш партиясын, Алашорда үкіметін құрушыларының әрі Алаш қозғалысы көсемдерінің бірі, ағартушы, қазақтың тұңғыш кәсіби дәрігері, энциклопедиялық білім иесі, көрнекті, ойлы филолог, аудармашы, жаратылыстанушы. Ол халқының бостандығы, азаттығы үшін, жалпыадами, демократшыл ұстанымдар үшін бүкіл саналы өмірін, күш-жігерін сарп етіп, аянбай күресті. Негізгі мамандығы (медицина, жаратылыстану, табиғаттану) бойынша жазылған еңбектерінен тыс Халел Досмұхамедұлы гуманитарлық ғылымдардың көптеген өзекті, күрделі мәселелерін алғашқылардың бірі болып ғылыми зерттеу нысанына алды.

Тілтану, терминжасау, аударма, әдебиеттану, фольклортану ғылымдарының қалыптасып, дамуына зор үлес қосты. Қазақтың тарихына, этнопсихологиясына қатысты зерттеулер жазды. 1917 ж. Ақпан төңкерісінің нәтижесінде патшалық жүйе келмеске кеткен соң Х.Досмұхамедұлы қазақ мемлекетін құруға белсене атсалысады. Тездетіп қарулы жасақ – Алаштың атты әскерін (халық милициясы) ұйымдастырады, Самарадағы Комуч үкіметінен қару-жарақ алады. Ұлттық банк ашады, баспахана ұйымдастырады, «Еркін қазақ» газетін жарыққа шығарады. Ең бастысы – Ырғыз бен Маңғыстау арасын мекендеген қалың қазақты ақтың да, қызылдың да, казачествоның да талауына бермей, қорғап тұрады» (Сыздықова, Әнес, 1998: 21). 1919 ж. басында Орталық Алаш үкіметінің қайраткерлері Кеңес өкіметін мойындауға мәжбүр болғаны белгілі. Осылайша Х.Досмұхамедұлының «ат үстінде өткен күрес жылдары» аяқталады 1920 ж.

Х.Досмұхамедұлы Т.Рысқұловтың шақыруымен 1918 ж. отау құрған Түркістан Автономиялы Республикасының орталығы Тәшкен қаласына келеді. Осыдан бастап Х.Досмұхамедұлы өмірінде 1930 ж. қыркүйегіне дейін созылған ғылыми-шығармашылық, ғылыми-ұйымдастырушылық, ұстаздық, баспагерлік қызметпен айналысқан кезең басталады. Осы жылдары ол бірнеше жауапты міндеттерді атқарды, ерекше белсенділік көрсетіп, халқына зор еңбек сіңірді, сонымен қатар қыруар ғылыми еңбектер мен оқулықтар жазды, аударма жұмыстарымен айналысты (Нүрпейісов, 1996: 59-113), (Мектепов, 1996). Олардың бір парасы медицина, гигиена, биология, адам анатомиясына және өсімдіктер мен жануарлар әлеміне арналды. Ал, зерттеушінің қазақ руханияты үшін аса мәнді, тұжырымды қорытындыларымен бүгінгі ғылымды да байытуға қауқарлы еңбектері гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша жазылды. Мысалы, «Алаш» не сөз?»// Қазақ (1913); «Қазақ тіліндегі сингармонизм заңы» // Шолпан (1922, 1923); «Дивани лұғат ат-түрк» // Шолпан (1923); «Қазақтың батырлары: Исатай, Махамбет» //Сәуле (1924); «Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі» // Ақ жол (1924); «Шернияз шешен» // Қызыл Қазақстан (1925); «Жат сөздер туралы» // Қызыл Қазақстан (1926); «Легенда о постройке медресе Когельташ в Бухаре» (1927); «Родословная Жалантус Батыра (Ялантуш-Бахадура), строителя медресе Тилля-Кары и Шир-дор в г. Самарканде» Ташкент (1928); «Казахская народная литература» (1928) т.б. Сондай-ақ Х.Досмұхамедұлы фольклорлық мұра мен

ақын, жыраулар поэзиясын ел аузынан жинап журнал бетінде және жеке кітап етіп жариялап отырды. Мысалы, «Кенесары-Наурызбай» (1923), «Абай. Таңдамалы өлеңдері» (1922), «Мұрат ақынның сөздері» (1924), «Исатай-Махамбет» (1925), «Аламан» (1926), т.б. Ғалым дайындап жариялаған мәтіндерді зерттеу мақалалармен, ғылыми тұрғыда жазылған түсініктермен жабдықтады.

Ғалымның 1991, 1998, 2008 жж. жарық көрген еңбектері аудармаларымен қоса 2017 ж. Ғ.Әнестің құрастыруымен дайындалған басылымда жарық көрді: Досмұхамедұлы Х. Еңбектері. Бірінші, екінші, үшінші томдар. Ұлттық әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарының қалыптасып, дамуына айтарлықтай үлес қосқан Х.Досмұхамедұлы ғылыми-теориялық еңбектерінде, сондай-ақ ақын, жыраулардың мәтіндерін баспаға дайындағанда аталған принциптерді негізге ереже, әдіс ретінде қолданғанына көз жеткізілді. 1908-1912 жылдар аралығында Махамбеттің өлеңдері екі мәрте жарық көргені, алайда, екі басылымда да жеке шығармалары ғана берілгені мәлім. Х.Досмұхамедұлы ақындық, жыраулық поэзияның дарынды өкілі, жалынды ақын Махамбет Өтемісұлының шығармаларын ұзақ уақыт ел аузынан жинап, реттеп зерттеді, жеке жинақ етіп топтастырып, «Исатай – Махамбет» деген атпен 1925 ж. Тәшкенде бастырып шығарды. Бұл кітапқа Х. Досмұхамедұлы алғы сөз іспеттес «Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат» атты көлемді, мазмұны терең, мағлұмат-ақпаратқа бай зерттеу жазып жариялады (Исатай-Махамбет, 1925: 3-66). Зерттеушінің бұл мақаласы Исатай қолбасы болған, Махамбет жыршысы болған көтеріліс туралы жазылған бірінші зерттеу еңбек болғаны ақиқат. Х.Досмұхамедұлы Махамбет шығармашылығын оны туғызған Исатай көтерілісінің контексінде, Батыс Қазақстанда қалыптасқан, сол кезеңдерде шиеленіскен тарихи, саяси, әлеуметтік ситуациямен тығыз байланыста қарастырды. Бұл қисынды, себебі Махамбет шығармалары, негізінен, көтеріліс тұсында дүниеге келгені мәлім. Көтерілістің негізгі қозғаушы себебі – патшалық Ресейдің қазақ жерін тартып алуы, өз низамын орнатуы, сондай-ақ, хан, сұлтандардың қара халықтан қол үзіп, өз қамын ғана ойлауы, нәтижесінде халықтың ата қоныстарынан, тәуелсіздігінен айырылуы, тұрмысы нашарлап кедейленуі екенін зерттеуші дәл көрсетеді. Ол былай жазады: «Жайлы қоныс табу, қоныста тартып алғандарды жою, хандарды, билерді, төрелерді қыру, қара қазақ баласына теңдік алып беру – міне, Исатайдың ұраны. Исатайдың ұраны өткен әсірдегі саясат партияларының программаларымен салыстыруға да келеді. Жұрттың Исатайға еруінің себебі осы» (Досмұхамедұлы, 1998: 54). Сондай-ақ автор патшалық Ресейдің басқыншылық саясатының тереңде жатқан себебін де көрсетеді: «Он сегізінші, он тоғызыншы әсірдегі патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау болды» (Досмұхамедұлы, 2017: 17). Х.Досмұхамедұлы «Исатай-Махамбет» жинағын дайындау барысында герменевтиканың негізгі талаптарын орындаумен қатар, ақын өлеңдерінің жиналған нұсқаларын салыстыра зерттеп, авторлық түпнұсқаға мейлінше жақын мәтінді анықтауға еңбек еткен. Басқаша айтқанда, автордың герменевтика аясында пайда болған мәтінтану саласы бойынша да ғылыми ізденістерге қадам жасағанын көреміз. Сондай-ақ Х.Досмұхамедұлы Махамбеттің поэзиялық мұрасын толық күйінде бірінші боп қалың оқырманмен таныстырды, ғылыми айналымға енгізді, ал Махамбет шығармашылығына арналған зерттеулерімен махамбеттанудың негізін қалады.

Осы ғылыми түсініктемелердің соңында Х.Досмұхамедұлы 1922 жылы, яғни 102 жыл бұрын: «Абай тек өлеңші емес, терең саналы адам, философ. Жазған сөзін түсінуге ой керек. Кейбір сөзін, сөйлемін, өлеңнің өздерін түрліше жоруға болады. Біз мәдениетті жұрт болсақ, Абайдың жүз бет өлеңіне мың бет жору (комментарий) жазылған болар еді... Надандығымыз кеміп, көзіміз ашылған сайын Абайдың қадірі де көтеріле бермекші» деп қорытындылайды (Абай, 1922: 284).

Демек Х.Досмұхамедұлы «тану», «ұғыну», «түсіну» философиялық категорияларды терең түсініп, зерттеу құралы етіп, ұлы Абай мұрасын танып білу, түсіну қажеттігін алға тартты. Зерттеушінің бұл жазғандары Ф.Шлейермахердің герменевтика деген ол – «біреудің сөзін (сөйлеуін) түсіну», «түсіну өнері», «мәтінді түсіну туралы ілім», «автордың ойы – ең бастысы, сондықтан зерттеуші авторды өзінен гөрі жақсы түсіну керек» деген қорытындыларын еске түсіреді.

ХХ ғасыр басында жаңадан қалыптасқан қазақ саяси элитасының көрнекті өкілі Халел Досмұхамедұлы филология саласында жазған еңбектерімен өзін үздік ойлы ғалым екенін танытты. Ол, біріншіден, туған халқы үшін ең маңызды зәру мәселелерді күн тәртібіне қойып, ғылыми ұжым мен қалың оқырманның назарын аударды. Ғалым «Сана» журналын шығарушылардың алда тұрған мақсат-міндеттерінің бірі – «Қазақ-қырғыз жұртының тілімен, әдебиетімен жақсы таныстыру», – деп көрсеткен болатын. Екінші, ғалым «Исатай – Махамбет», «Кенесары –

Наурызбай» жинақтарын баспаға дайындау барысында герменевтика қағидаларын негізге алды. Сондай-ақ зерттеуші автордың (Махамбет), жыршының (Нысанбай) туындыларын дүниеге әкелгендегі мақсат-мүддесін, түпкі ниетін, туындыны туғызған тарихи-мәдени, саяси-әлеуметтік жағдайларды және ситуативтік контекстерді зерттеді. Үшінші, Х.Досмұхамедұлы «тану», «ұғыну», «түсіну» деген философиялық категорияларды зерттеу құралы етіп, ұлы Абай мұрасын танып біліп, түсіну қажеттігін алға тартты. Жазғандарына мейлінше үңіліп, тереңдігіне мойынсұнып, бас ұрып, оқырмандарымен бөлісіп, Абай шығармашылығын әрі қарай танып, зерттеп, ұлттық қазына етуге үндеді. Төртінші, Х.Досмұхамедұлының «Исатай-Махамбет», «Кенесары – Наурызбай», Абай өлеңдерінің жинағына жазған түсініктері оның герменевтика қағидаларымен бірге герменевтика аясында пайда болған эдициялық мәтінтану ережелерін де орындағаны, ол үшін күрделі ғылыми ізденістерге барғаны айқындалып отыр. Шындығына келгенде зерттеушінің аталған үш жинаққа жазған пікірлері бүгінгі эдициялық мәтінтану шарттарына толық жауап беретін, қазақ ғылымында алғашқы, жоғары деңгейде жазылған ғылыми түсініктің үлгісі екені даусыз. Х.Досмұхамедұлының өмірі – Отанға, өзінің армандары мен ғылымға деген қалтқысыз қызмет етудің үлгісі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Абай. Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері. Таңдамалы өлеңдері. Үшінші басылуы. Абай. Избранные стихотворения. 3-е издание. – Ташкент, 1922.

2. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы // Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-том. Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. – Алматы, 2001. – Б. 5-236.

3 Гадамер Г.Г. Истина и метод. Основы философской герменевтики. Пер. с немецкого, общая редакция и вступит. статья Б.Н.Бессонова. – Москва, 1988.

4. Гадамер Г.Г. Актуальность прекрасного. – Москва, 1991.

5. Досмұхамедұлы Халел. Еңбектері. Бірінші том. Жан саулығы. Құрастырған проф.Ғ.Әнес. – Алматы, 2017.

6. Досмұхамедұлы Халел. Таңдамалы. Избранное. Қазақ тарихы, әдебиеті мен тілі, медицина, биология, табиғаттану салаларына қатысты зерттеу мақалалары және оқулықтарынан үзінділер. Құрастырған Ғ.Әнес. – Алматы, 1998.

ӘОЖ:82.213.45

## ЖОҒАРҒЫ СЫНЫПТАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

**БЕКМҰРАТҚЫЗЫ ЖАНАЙ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются виды и методики обучения академическому письму старшеклассников. Анализируются важные аспекты навыков академического письма, включая эссе, доклады, исследовательские проекты, рефераты и особенности текстовых исследований.

**Summary.** The article discusses the types and methods of teaching academic writing to high school students. Important aspects of academic writing skills are analyzed, including essays, reports, research projects, abstracts, and features of textual research.

Жоғарғы сыныпта академиялық жазуды үйрету – оқушылардың сыни ойлау, логикалық талдау және мәтіндік дағдыларын дамытудағы маңызды кезең. Академиялық жазу білім мазмұнында тек тілдік сауаттылықты емес, сонымен қатар зерттеу қабілеттерін, дәлелдемеге сүйенуді және нәтижелі қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Оқушыларға академиялық жазу түрлерін үйрету олардың оқу жетістігін арттырып, жоғары оқу орнына дайындық кезеңінде маңызды рөл атқарады.

Академиялық жазудың түрлері. Жоғарғы сыныпта академиялық жазудың негізгі түрлері мыналар: Эссе, Реферат, Баяндамалар мен презентациялар, Ғылыми жобалар, Мәтіндік зерттеулер. Бұл түрлер оқушылардың логикалық ойлау, зерттеу дағдылары және тілдік мәдениетін жетілдіруде маңызды. Академиялық жазуды оқытудың дидактикалық принциптері. Жеке тұлғаны дамыту, Проблемалық оқу, Зерттеушілік принцип, Интеграциялық принцип, Шығармашылық принцип, Қызығушылық принципі. Оқыту әдістемесі мен практикалық тәсілдер.

Модульдік сабақтар, Жобалық әдіс, Эссе жазу және талдау, Рефераттық жұмыс, Презентациялар мен баяндаулар, Сыни талдау. Бұл әдістер оқушылардың белсенділігін арттырады, жазу дағдыларын және сыни ойлау қабілетін жетілдіреді.

Бағалау жүйесі. Академиялық жазу дағдыларын бағалау келесі тәсілдер арқылы жүргізіледі: Формативтік бағалау, Суммативтік бағалау, Өзін-өзі бағалау, Топтық бағалау. Бағалау жүйесі оқушылардың академиялық жазу дағдыларын жан-жақты дамытуға бағытталған.

Жоғарғы сыныпта академиялық жазуды оқыту – тек жазу қабілетін дамытудан бөлек, оқушылардың сыни ойлау, зерттеу және коммуникациялық дағдыларын жетілдірудің маңызды құралы. Академиялық жазудың түрлі түрлері оқушылардың логикалық ойлау, дәлелдеме және қорытынды жасау қабілеттерін дамытады. Оқыту әдістемесі модульдік сабақтар, жобалық жұмыс, эссе жазу, презентациялар мен рефераттар арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсілдер оқушылардың өз білімін жүйелі түрде қолдануына, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбдіқадыров А. Қазақ әдебиеті мен оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім баспасы.2020.

2.Қалқаман С. Қазіргі қазақ прозасы және педагогикалық зерттеулер. – Нұр-Сұлтан: Ғылым.2019.

3.Мұхамеджанов Б. Әдебиет сабағында шығармашылық және сыни ойлау дағдылары. – Шымкент: Білім және ғылым.2021.

4.Жұмабаева Г. Педагогикалық технологиялар қазақ әдебиетін оқытуда. – Алматы: Мектеп баспасы. 2019.

ӘОЖ:82.333.88

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ Р.БЕРДІБАЕВТІҢ ЗЕРТТЕУ ЕҢБЕКТЕРІ

**АЙТАН АЯЖАН МАРАЛБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье подробно рассмотрены научно-исследовательские работы Р.Бердибаева в области казахской литературной критики, истории казахской литературы, фольклора, тюркологии, журналистики.

**Summary.** The article considers in detail the scientific and research works of R.Berdibayev in the field of Kazakh literary criticism, the history of Kazakh literature, folklore, Turkology, journalism.

Туысқан түркі халықтарының әдебиетіне, рухани байланыстарына, тарихи тамырларына арналған «Гүлстанның бұлбұлдары» (1970), «Достық кемесінде» (1976), «Байқалдан Балқанға дейін» (1996), «Жұлдыздар жарығы» (2000) кітаптары жарық көрген. «Ел боламыз десек» (2000) атты кітабында ұлтымыздың алдында тұрған ұлы мұраттар руханият аясында батыл көтеріледі.

Р.Бердібай – Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Акадеиясының, Түрік тіл құрылымының (Түркия), Халықтық (экологиялық), Халықаралық Айтматов академияларының академигі, «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» (1984), «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» (1990), Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының (1990), Махмұд Қашқари атындағы Халықаралық

сыйлықтың (1998), «Түркі әлеміне сіңірген ерен еңбегі үшін» сыйлығының иегері. «Парасат» орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Р.Бердібай – көпқырлы талант иесі. Сыншы, әдебиет тарихын зерттеуші, фольклортанушы, түркітанушы, журналист. Осы көпқырлылығы туралы ғалымның өзі былай дейді: «Мен үш-төрт стадиядан өттім. Әуелі қып-қызыл сыншы болдым. М.Қаратаев, С.Қирабаевтардың қатарында. Содан фольклоршы болдым. Фольклорист болғаннан кейін өзіңнен-өзің түркітанушы болады екенсің. Бұған қоса елдегі оқиғаларға үнемі үн қосып жүремін деп публицист боп та кеттім». Бұл жұмыста академиктің қазақ романын, оның ішінде «Абай жолын» зерттеушілер қатарында роман теориясына қосқан өзіндік жаңалықтары, кейіпкер характерін ашудағы психологизмнің көркемдік тәсіл ретіндегі ерекшелігі, Абайдың көркем бейнесі туралы ғалымның жасаған тұжырымдары жайлы айтамыз. Белгілі ғалым Т.Кәкішевтің: «Бұған дейін белгілі сыншы-ғалымдар Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, А.Нұрқатов т.б еңбектерінде жеке тараулар, мақалалар жарияланғанмен, қазақ романын зерттеу ісімен ешкім шындап айналысқан жоқ-ты. Рахманқұл осы соңғы тақырыпты батыл қолға алды да, мұқият зерттеді. Соның нәтижесінде қазақ романының даму тарихы жөнінде сүбелі еңбек пайда болды. Онда адам тұлғасы, идея және композиция, тартыс шындығы, дүниетаным және творчество мәселелері хақында сөз қозғалып, қазақ әдебиеті роман жанрының тарихын және теориясын херттеу ісі күн тәртібіне қойылды» деген сөзі біздің ойымызға дәлел бола алады. Ғалымның «Роман және заман» (1967), «Дәстүр тағылымы» (1978), «Аңыздан романға» (1976 ж орыс тілінде), «Биік парыз» (1980) секілді еңбектерінде қазақ прозасының елеулі мәселелері қарастырылды. «Қазақ тарихи романы» (1980) монографиясында ғалым роман туралы бұрын айтылған ойларын одан әрі дамытты. Дәстүр жалғастығы мен әдеби процесс мәселелеріне байланысты автор бұған дейінгі еңбектерінде толымды талдаулар, жинақтаулар жасаған болатын. Кейінгі еңбектерінде автор бұрын айтылған ғылыми тұжырымдарын жаңа арнаға салып, толықтырып, өзекті жаңа мәселелермен байытып, қазақ прозасының дамуы туралы соны ойлар ұсынды. 1961 жылы «Қазіргі қазақ романдарындағы сюжет проблемалары» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1970 жылы «Қазіргі қазақ романының теориялық мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Демек, роман теориясына батыл барған ғалым екенін көреміз. Енді біз ғалымның «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша талдаған характер психологиясының берілу жолдарына тоқталсақ. Ғалым Р.Бердібай эпопеяны әр қырынан қарастырып жазушы шеберлігін ашып көрсетеді. Бұған дәлел ғалымның романды психологиялық тұрғыдан талдаған тұстары. Ал психологиялық талдау туралы түсінік бере кетсек: «Психологиялық талдау авторлық суреттеу, ішкі монолог, кескіндеу, табиғатты сипаттау, диалог тәрізді баяндау жүйесіндегі көркемдік амал әрі компоненттер арқылы жүзеге асады». Ғалым: «М.Әуезовтың шығармаларының қазақ әдебиетіне әкелген жаңалығы қатарында психологиялық талдау тереңдігін айту керек. Әлеуметтік құбылыстарды адам характерінің ерекшелігімен жымдастырып көрсету реалистік өрнектері жетілген әдебиетте ғана болатыны белгілі. Көптеген туындылардың ірі тақырыпқа, күрделі ойға құрылғанымен көркемдік сонылық әкелмейтіні қаһармандардың нандыра қоймайтын даралық бейнесінің ашыла бермейтіндігінде»- дей отырып, эпопеядағы портреттердің түрлі үлгілеріне, диалогтар мен ішкі монологтарға, пейзаж шеберлігіне, тілдік ерекшеліктерге талдау жасайды. «Жазушы кейіпкер келбетін сомдау үшін авторлық баяндау, персонаждардың өткен күндерін еске түсіру, өзіндік сөздік сипаттама, басқалардың берген бағасы, психологиялық саралау, ой ағымы, диалог, монолог, полилог секілді көркемдік құралдарды мейілінше еркін қолданады. Қаһарман оңаша күйде, екеуара, топ ортасында, мәжіліс үстінде, әрекет-күрес басында, қолма-қол шайқаста, бір қуаныш, бір қайғыда, барлық болмысымен толық ашылып, оқырман назарына түседі» – деп Р.Нұрғали өз еңбегінде атап өтеді.

Р.Бердібайдың 1982 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Қазақ эпосы» атты монографиясы қазақ фольклортануына үлкен жаңалық әкелді. Осыған дейін «эпос» термині қаһармандық жырларды ғана атауға қолданылып келсе, ғалым бұл сөзді әдеби тек мағынасында жұмсалатын әлемдік әдебиеттану мен фольклортанудағы мәніне жақындатты. Ол көне ертегілік, қаһармандық, ғашықтық, тарихи жырлардың барлығын осы «эпос» ұғымының аясында, біртұтас дүние ретінде қарастырған. Ғалым қоғамдық сана мен формациялардың өзгеруіне орай фольклорлық жанрлардың бірінен екіншісіне бөлініп шығатынын, жаңа ескісін толық жоққа шығармай, онымен қатар өмір сүре беретінін, соның нәтижесінде синхрондық тұрғыдан (статикалық қалыпта) қарағанда өз алдына дербес тұрған жанрларға диахрондық (эволюциялық кезең аясында) жағынан үңілсек, олардың бір түбірден тараған бұтақтар сияқты құбылыс екенін ғылыми жолмен дәлелдеп берді. Ғылыми тілмен нақтылап айтар болсақ, қазақ эпосының туыстас

түркі-моңғол халықтарының эпикалық мұраларымен ортақ типологиялық белгілері, эпикалық жинақтау негізінде пайда болған көп қабатты ерекшеліктері мысалында олардың жанрлық түрлерінің кезеңдік құрылыс екендігі дәлелденген. Бір таңданарлығы — әдетте ғалымдар мұндай тың жаңалыққа толы монографиялық еңбегін докторлық диссертациясы негізінде жариялайтын.

Р.Бердібайдың фольклортанушылық еңбегі эпос жанрымен шектелген жоқ. Оның жалпы фольклор туындыларының басты ерекшеліктері, атап айтсақ, көпқабаттылығы, көпнұсқалылығы, көп қырлылығы (синкреттілігі), халық тұрмысымен байланыстылығы, дәстүрлілігі, образ жасау жолдары жөніндегі мақалаларының ғылыми ғана емес, публицистикалық мәні де зор. Көпшілік қауым бұл мақалалардан «фольклор – әдебиеттің кәрі әжесі» деген сияқты біржақты көзқарастар жетегінде кетпейтіндей тағылым алады. Жоғарғы оқу орындарының филология факультеттерінде «Халық ауыз әдебиеті» пәнін бүгінгі фольклортану жетістіктері деңгейінде оқытуға мүмкіндік беретін оқулық қат болып тұрған қазіргі кезде бұл жоқтың орнын толтырған да ғалымның «Ғасырлар толғауы» (1977), «Сарқылмас қазына» (1983), «Кәусар бұлақ» (1989), «Эпос – ел қазынасы» (1995), «Эпос мұраты» (1997), «Ел боламыз десек» (2000) сияқты ғылыми еңбектері фольклор туындыларының осындай көп қырлы сипаттарын ашып көрсететін сенімді құрал десек, артық айтқандық болмас еді.

Ауыз әдебиетінің ең өміршең жанрының бірі – айтыс. Соның ішінде ақындар айтысы бүгінде кең көлемде даму үстінде. Осы бір киелі өнерді зерттеудегі Р.Бердібайдың да ұшан-теңіз еңбегін айту ләзім. «Айтыс өнері» аталатын зерттеудің өзіндік салмағы ерекшелігі айтарлықтай. М.Әуезов, С.Мұқановтар жүргізген зерттеу жұмыстары жанр табиғатын ашуда аз роль атқармаған. Олар айтыс үлгілеріне тарихи тұрғыданкеліп, әлеуметтік салмағын парақтаса, Р.Бердібай өзіне дейінгі айтылған ой, пікірлерді жинақтап, айтыстың даму сипаты, дәстүрі, келешегі деген мәселелерге арнайы тоқталып, бүгінгі айтыс ақындарының шығармашылығына ой жіберген. Ол төкпелік өнердің табиғатына, оның айтыстағы көрінісін ашуға көңіл бөледі.

Ол айтысты «сегізінші ғажайып» деп біледі. «Өйткені мұндай өнер дүниеде жоқ. Ғасырлар бойы дамыған, мектебі қалыптасқан. Ол – әрі тапқырлық мектебі, әрі қоғамдық ақиқатты айтудың мінбері. Ақындық айтыстың шыншылдығы романнан да артық. Көздеген жерге дөп тиетін бір ауыз өлең қуанышқа бөлейді. Айтысты бағалауда алалық болмауы керек. Алалық болған жерде айтыс құриды» дейді.

Айтыс ежелден ел тұрмысында ақынның ақын аталатын бірден-бір өнер мектебі болып келген. Тіпті жаңа талап, жас ақынның өзі аты әйгілі жүйрік ақыннан кейде тосылып жеңілсе де, сол оқиғадан соң, оның да аты шығып танылатын болған. Осыған байланысты Р.Бердібай: «Айтыс – ақын боламын деп талаптанғандардың күш сынасар майданы, ақындыққа аттестат алар жері болған» – дейді.

Кеңес өкіметі жылдарында жаңа мазмұнды мол айтыстар пайда болды. Айтыс сарқылмай, ешбір таластамай, қайта жанданып жаңа сапа тапты. Ғалым осы кездің айтыстары туралы жан-жақты сөз етіп, оны зерттеуші – М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Е.Ысмаилов, М.Жармұхамедовтердің еңбектерін бағалап, олардың есімдерін ілтипатпен атайды.

Айтыстағы тапқырлықтың, қиыннан қиыстырып өлең шығарудың, шешендіктің небір ғажап үлгілерін Біржан-Сара айтысынан, атақты ақындар үлкен айтысқа түсіп, елге танылғанға дейін ауыл арасында болып жататын сансыз кештерде жаттығу кезеңінен өтуін Жамбыл ақынның өмірінен, ал әдеттегі екі ақынның белгілі бір рулардың атынан сөз сөйлеп, өз тұсындағы мол шындықты ақтарып айтып салатындығын Біржан-Сара, Ысқақ-Қадиша, Сауытбек пен Ақбөпе айтыстарынан мысалдар келтіріп дәледей түседі.

Р.Бердібай айтыстың басты ерекшелігіне – «өнер шындығын ешбір жалтақсыз, тұспалсыз көрсете білетіндігін» – жатқызады. Біржанның Сараны іздеп келгенде аттан түспей, өлең бастап кетуін және Жамбыл мен Досмағамбет айтысындағы Досмағамбеттің сөз бастауын мысалға келтіре отырып, «ақынның шу дегеннен бастырмалатып, өзінің қарсысындағы әріптесінің апшысын қуыра, сексендіре сөйлеп, екпіндеп, ес жиюға, дәлелді сөз табуға шамасын келтірмей тұқырта, айбат шеге сөйлеп, жеңіп кетуді мақсат етуі –айтыс өнерінің ерекше әдісі десе де болады» – дейді.

Алма кезек сөз сайыстырғанда қоғамдық өмірдің әншейінде көзге түспейтін құпия қаптарлары жария болып, жұртшылықтың талқысына түседі. Бірақ ондай сын ақындық тілмен өткір, әсерлі берілмесе, жұртшылықтың қолдауын таба алмайды. «Бейнелі өткір теңеу, эпитет, метафораның мол кездесуі ақындық дарынның анық көрсеткішінің бірі» — деп Р.Бердібай бірнеше ақындардың түрлі тақырыптағы айтыстарының ерекшеліктеріне, көркемдігіне мысалдар келтіреді.

Бүгінгі айтыс бұрынғы импровизация дәстүрінің жалғасы, соның жаңа өмірдегі жарқын көрінісі болып табылады. Ежелгі, көне теңдесі жоқ жанр мән-мазмұнын жаңартып тың сапаға ие болды. «Жаңа айтыстарда ақынның жеке басын мазақтап не мұқатудан гөрі елдің өміріндегі қуанышты оқиғалар қамтылып, шаруашылық, мәдениет саласындағы табыстар мен жемістер мазақталып, кедергі мен кеселдер таңбаланатын салт туды. Мұның аты – айтыс жанрының жаңаруы еді» – дейді Р.Бердібай кеңес дәуіріндегі жаңа сападағы айтыс туралы. Жалпы түркі әлемінің, оның ішінде, әсіресе, қазақтың тағдырына қатысты мәселелердің барлығы толғандырғандықтан, Р.Бердіқұловтың кітапханасында тарих, этнография, тілтану, мәдениеттану, әдебиеттану, фольклортану, этномузыкатану, зергерлік өнер, археология, антропология, мал шаруашылығына, табиғатына, т.б. салаларға байланысты кітаптары көп екен.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бердібаев Р. Ең үлкен мәдени байлық. «Қазақ әдебиеті», 22.04.1956.
2.Бердібаев Р. Ғасырлар толғауы. – Алматы. Жазушы баспасы.1977, – 320 бет.
3.Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы. 1980 ж.
4.Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. . – Алматы. Жазушы баспасы. 1989, – 360 бет.

ӘОЖ:82.09

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ МИФТЕР МЕН АҢЫЗДАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

**САБЫРЖАН ЕРШАТ СӘЛІМҰЛЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Казахская литература издавна была тесно связана с мифологическими и легендарными темами. Мифы и легенды считаются средствами художественного творчества, отражающими мировоззрение, духовную культуру, нравственные ценности народа. В современной казахской литературе эти элементы остаются актуальными, в новой форме, в сочетании с современными темами выполняют художественную деятельность. В статье рассматривается художественное значение мифов и легенд, их роль в современной литературе и способы их воплощения в творческой практике.

**Summary.** Kazakh literature has long been closely associated with mythological and legendary themes. Myths and legends are considered means of artistic creation, reflecting the worldview, spiritual culture, and moral values of the people. In modern Kazakh literature, these elements remain relevant, in a new form, combined with modern themes, they perform artistic activities. The article examines the artistic significance of myths and legends, their role in modern literature and ways of their implementation in creative practice.

Қазақ әдебиеті ежелден мифологиялық және аңыздық тақырыптармен тығыз байланысты болып келген. Мифтер мен аңыздар халықтың дүниетанымын, рухани мәдениетін, адамгершілік құндылықтарын бейнелейтін көркем шығармашылық құралдары болып саналады. Қазіргі қазақ әдебиетінде де бұл элементтер өзекті болып қала беріп, жаңа формада, қазіргі заманғы тақырыптармен үйлесіп көркемдік қызмет атқаруда. Қазіргі заманғы әдебиет пен өнерде миф жалпы мәдени құбылыстың феноменіне айналды. Мифология әдебиетпен генетикалық тұрғыдан байланысты болғандықтан көркем әдебиеттегі мифопоэтикалық потенциал маңыздылығын мифообраз, мифосюжет, мифометафора және т.б. элементтер негізінде байланысады. Зерттеушілердің көпшілігі қазіргі адамның болмысын зерттеуде (филологтар, философтар, мәдениеттанушылар, әлеуметтанушылар, саясаттанушылар) оның дүниетанымы мен ойлауын неомифологиялық жаратылысқа жатқызады. Ғалым В.П. Рудневтің айтуына қарағанда XX ғасырдағы миф (және бірінші XXI ғасырдың онжылдығын қосқанда) қазіргі адам санасының ерекше күйіне байланысты маңызды мәдени категориялардың біріне айналды дейді. Мифтанушы

шетел ғалымдарының бірі американдық ғалым Дж.Уайт пікіріне сүйенсек: «Мифті кең мағынасында қарастыратын болсақ, оның көркемдік жүйесі бірыңғай ескерткіштер жиынтығынан, немесе тобынан құралады. Мифологиялық шығармалар сөз өнеріне жататын шығармалардан құралғандықтан, ең алдымен оның ерекшеліктері мен заңдылықтарын, поэтикасын зерттеу керек... Ал, мифтік поэтика дегеніміз – көркемдік нысананы, сезім мен ой сырын ашу үшін қолданылатын тәсілдердің жиынтығы, қысқарта айтқанда – оқиғалық және идеялық нақты мазмұнмен бірлікте алынған форма», - дейді.

Ал мифтанушы ғалым Сейіт Қасқабасовтың айтуына қарағанда: «Аңыздар тобына кіретін жанрлардың басты ерекшелігі – олардың көркемдік жағынан қарапайымдылығы мен тыңдаушыларды барынша иландыратындығында. Бұл – біріншіден. Екіншіден, аңыздық проза жанрларының бас нысаны – ғибрат, білім беру, яғни олар танымдық қызмет атқарады»**,** - дейді.

Біз тек мифті коммуникативті бірлік ретінде қарастыратын болсақ, орыс филологы және мәдениеттанушысы В.М.Пивоева мифтің толық маңызды және өзара ерекше компоненттерін атап көрсетіп, оларға:

1) миф ежелгі идея ретінде әлемді игеру тәсілі;

2) миф сюжет және діннің дербестендірілген догматикалық негізі;

3) арнайы функционалды және идеологиялық тұрғыдан ойластырылған ежелгі мифтер, негізінен көркем образдарға айналды;

4) мифтер жаппай күнделікті сананың салыстырмалы тұрақты стереотиптері, ежелде ақпараттың жеткілікті болмауына байланысты сенім деңгейі жоғары болуына әсер еткен;

5) мифтер мақсатты түрде әлеуметтік сананы қалыптастыру үшін қоғамдық идеологияны насихаттаушы ретінде пайдаланылған» - осы аталғандарды жатқызады.

Ғалым О.М. Фрейденберг өз зерттеуінде: «Миф тек қана таза түсінік күйінде, я болмаса тек таза әңгіме түрінде кездесе бермейді. Демек, мифология дегенімі мифтік әңгімелердің жиынтығы ғана емес. Кейбір мифтік түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді. Тіпті көп жерде миф пен басқа фольклорлық прозаны ашып, айырмайды, себебі миф тарихи негізі бар аңыз, хикая тіпті ертегі сипатта да баяндалған», - дейді. Сондай-ақ, әр түрлі ғылыми мектептердің өкілдері (психоаналитикалық, ритуалды-мифологиялық, этнографиялық, құрылымдық және т.б.) мифтің әр түрлі қырларына назар аудара отырып, зерттеген. Мысалы Б.Раглан (Кембридж дәстүр мектебі) мифтерді ритуалдық мәтін ретінде қарастырса, Е.Кассирер (мифтің символдық теориясының өкілі) мифі мәдениеттің символдық бір түрі ретінде зерттеген. Ал, ғалым Юнг мектебінің өкілі Дж.Кэмпбелл мифті адамзаттың бар тарихындағы шабыт көзі деп есептеген.

Ф.Ницше: «Мифсіз, кез-келген мәдениет өзінің табиғатын, шығармашылық сипатын жоғалтады. Мысалы, киял мен Аполлонияның барлық күші тек мифтің арқасында мақстасыз адасудан сақталған»**,** - дейді. Кез-келген әдебиет белгілі бір мәдениеттің туындысы және осы мәдениеттің негізінде мифологиялық құрылым көрініс береді. XXI ғасырда тарих, мәдениет және тұлға туралы түсініктер жаңа жолмен қайта түсіндірілуде, жаңару бейсаналық және миф//неомифтік тұрғыдан қазіргі авторлардың шығармаларында маңызды тенденцияға айналған. Олар мифоаналогиялық ойлау жүйесі қалыптасқан сананы болмыстың ең терең жақтарын алып көрсетеді. Қазақ әдебиетінде мұндай шығармаларға. А.Жақсылықовтың, Т.Әсемқұловтың, Р.Сейсенбаевтың, А.Нұрпейісовтің, Т.Әбдіковтің еңбектерін жатқызуға болады. Олардың шығармаларында өткен мен бүгінгінің жаңа болмысын, дәстүрмен түсіндіріп, ашып көрсететін мифопоэтиканың жаңа нұсқалары бейнеленген.

Ф.Ницше: «Мифсіз барлық мәдениет өзінің табиғи күшінің шығармашылық қабілетін жоғалтады... Қиялдың барлық күші тек миф арқылы құтқарылады және адасудан сақтайды» деп ұтымды пікір білдірген. Зерттеушілердің еңбектіріне сүйене келе, миф ең алдымен әлемнің және адамдардың шығу тегі туралы түсінік екеніне көзжеткізуге болады. Орыс ғалымы С.Ю.Неклюдов миф әрқашан өткенді әңгімелейді, әлемдегі, қоғамдағы, адамның жеке өміріндегі өткен оқиғаларды негізге алады. Мифте қашанда адамзаттың өткені әңгімеленеді және ол болашаққа мысал болып табылады. Сондықтан, ежелгі грек мифологиясында пайда болған «алтын ғасыр» деп аталатын ұғым, өткен ғасырда үйлесімді әлемдік тәртіп болған деп есептеген. Өткен дәуірді «жақсы күндердің» естелігі болса, ал қазіргі кезеңді құлдырау мен жалпы деградация уақыты деп санаған. Мифтер адам өмірінің барлық салаларына қатты әсер еткен және әсер ете беруде. Бұл факт (бір уақытта олай болған жоқ) тек дінге сенушілердің ғана емес, сондай-ақ материалисттер де тарих кезеңдерінің өзгеруі мифтер мен діндердің өзгеруіне, дін және мифологиялық сенімдердің өзгеруіне әкелді.

Ислам діні – қазақтар қабылдаған діннің ең соңғысы әрі бұрынғы көп құдайлы дінді теріске шығаратын бір құдайлы дін. Ол бұрынғы діни ұғымдарға қатысты туған мифтік ұғымдарды ығыстырып, оның соңғы ұрпаққа жалғасуына үлкен кедергі жасаған. Оның ықпалын солғындатқан немесе үзіп тастаған. Ертедегі қазақта Алтай мифтерінің бізге өз қалпында жетпей отыруының себебі, міне, осында. Бірақ, сонымен бірге Ислам діні өзіндік мифтік сарынымен бірге араб-парсы елдерінің мифтік ұғымдарын ала келіп, қазақ мифологиясының дамуына белгілі ықпал көрсеткен. Қазақ мифтерін толықтырып, кемелдендірген жағы да бар.

Бұрынғы заманда бір бай болыпты. Ол өте қарау екен. дей-кепшікке көмектеспейтін, жетім-жесірге пітір-садақа бермейтін сараң екен. Өмірінде бір жарлыға тек жарт садака беріпті. Күндердің бірінде жолаушылап келе жат жерден «Опаға – жапа, опаға – жапа!» деп зарлаған да шығыпты. Бірнеше қабат тастың астындағы кішкента құмыраның ішінен шыққан дауыстың сырын білмек болы құмыраның аузын ашып, жерге төңкеріпті. Құмырадан түскен кылдай нәрсе аздан соң топыраққа аунап, шуал шаңдай, одан жыландай, акыры айдаһар болып, әлгі адамды жұтпақ болып ты. «Әй, мені неге жұтасың» дегенде, айдаһар «Айтканымды орындаймын, опа кылғанға жапа келтіремін» деген екен. Әлгі адам кысылып тұрғанда отыз атты адам өтеді қасынан. Карамайды. Онан соң жеті атты адам өтеді, ол да қарамайды. Соңында алыстан караңдаған біреу көрінеді. Жүрісі тым баяу. Айдаһар арбаған адам өлерменге келіп, жер басып қысылады. Жаны мұрнының ұшына жетеді. Осы сәтте Әлгі адам жетіп келеді. Қараса, бір көз, бір аяқ, бір қолы жоқ жарты денелі адам екен. Айдаһар мен адамнан жөн сұрайды. Олар болған істі баяндайды. Жартыкеш адам айдаһарға сеніңкіремей: «Кәне, рас болса, бұрынғы қалпына келші», - дейді. Айдаһар ары домалап, бері домалап бұрынғы қалпына келеді. Содан жартыкеш оны бұрынғы құмыраға салады да, аузын буып, алғашкы орнына тастайды. Опаға – жапа, опаға – жапа деп, ол бұрынғынша зарлап кала береді. Онан соң жартыкеш адам әлгі адамға: «Бағанағы отыз адам – отыз күн ораза, онан соң жеті адам - жеті рәкат намаз. Сен соның бәрін өтемегендіктен, олар да саған карамай кетті. Қалай екені белгісіз, әйтеуір қолыңнан бір кезде жарты карма садака шығып қалған екен, мен солмын. Егер бүтін карма берген болсаң, мен төрт мүшесі сау адам болып келіп, әлдеқашан құтқарып алған болатын едім», - депті де ғайып болыпты.

Мифтік ұғымдар мен мифтік ұшқындар казактың батырлык жырларында да көп кездеседі. Мысалы, Ерназардың кемпірі шаңырақта керулі тұрған Кербиенің төстігін жеген соң ұл туады. Оның Ертөстік аталуы да осыдан. Ал, оның Шалқұйрық деген аты шапқанында тау қаңбақтай, жер тас бұршақтай ұшады. Шабысына жер шыдамай, қара жер как айырылады. Шалқұйрыкка тіл бітіп сөйлейді. Батырға акыл береді. Тіпті зынданда жатқан жерінен де құтқарып алады. Сондықтан Ертөстік жырында:

Жаяуымда қанат болған Шалқұйрық,
Жалғызымда жолдас болған Шалқұйрық,
Сасқанымда ақыл болған Шалқұйрық, - деп жырланады.

Міне, осындай мифтік ұғымдарды Алпамыс және оның Байшұбары, Қобыланды және оның Тайбурылы, Ер Тарғын және оның Тарланы, тіпті бертінгі Қабанбай және оның Құбас аты туралы жырлардан кездестіруге болады. Бұрынғы алып Қаракұс, Көкайғыр, Көккасқыр, Көкбұқа, Көккошқар, Көккептер - бәрі де киелі хайуан ретінде қазақ ертегіаңыздарына келіп сіңген. Аңыздарға қарағанда, Қабанбай Құмайдың күшігін жегендіктен батыр болған. Жәнібек ұйықтап жатқан жерінде екі көк бөрі үстінде ойнақтап жүрген. Содан барып ол кісіге батырлық қонған. Тіпті Көкайғыр баксы сарынына дейін барып кірген.

Айналайын, Көкайғыр,
Кекілің бар екі айғыр.
Құлын мойын, бөрі төс,
Шақырғанда кел, айғыр.
Аю шашың албырап,
Тұлымшағың салбырап.

Міне, Бөрітес Көкайғыр жын иесі болып, бақсыны сөйлететін құдіретке жеткен. Мифтік ұғымдар мен мифтік ұшқындар ауыз әдебиетінің басқа салаларында да баршылық. Бұл жерде айта кетейік, мифтер мен мифтік ұғымдарды діннмен қатыстығына қарай түгелдей соқыр сенім, діни ұғым деп тану кате болады. Ол адамзаттың алғашқы ой жүйесі болғанымен, онда орасан мол ақыл-парасаттың дәні, тамаша қиял ұшқындары, сан-алуан ғылымның алғашқы бүршіктері жатыр.

«Ағаш ат», «Ұшпа кілем», «Жертыңдар», «Айшылық жолды алты аттайтын алыптар».... ерте заманның карапайым ойқиялы болғанымен, бүгін оның аэроплан, ракета, телефон, автомобиль, алып кемеге айналып, жүзеге асып отырғанын, сиқырлы айнаның телевизорға

айналып отырғанын еске алатын болсақ, ата-бабаларымыздың сол бір арналы қиялында асыл ойдың алтын бөккен түйіндері жатқандығын байқар едік. Сол дәуірдегі батыл болжам, серпінді ұшқыр ойлар, кең өрісті тәтті қиялдар бұл күндерде адам баласының ойына оттық, қиялына қанат болатындығы даусыз. Біз тағы да «Таусоғар», «Көл ұрттар», «Қарға тұмсық», «Қырық аяқ», «Жеті басты жемір» сан-құбылғыш қиял-ғажайыптар, керемет образдар туралы ой жүгіртетін болсақ, бұлар бізді ғылымның асқар шыңы әлі алда дегендей, соңына түсіретін сорап. Біздің төбеміздегілер (ғарыштағылар) белбеуді басынан буынады. Біз, ортадағылар, белбеуді белден буынамыз. Ал, бізден төменгілер, жер астындағылар, белбеуді аяқтан буынады деп межелеген. Бұл неткен тамаша, асқақ қиял, дарынды болжам. Сонау кездегі асыл қиялдың сорабына адамзат енді ғана түсіп, ғарыш пен жер астының құпиясын білуге енді ғана кірісіп отырғандай. Ендеше, ертедегі мифтерді діни соқыр сенім, бос қиял деп түсінудің өзі - оның қадірін білмегендік. Әль-Фарабидің «Қайырлы кала адамдарының көзқарастары» деген мақаласы Томас Мурдың қияли социализміне негіз болған. Сондықтан, данышпан Гумбольдт «Білімнің таң сәрісі - тұспал-жорамал» деп текке айтпаған.

Қазақта болған оқиғаның жүлгесі негізінде тарамдалып келіп, одан қиял ұшқындары арқылы байытылған әнгімені аңыз деп атайды. Бұлардың да дінмен бәлендей қатысы жок. Мұндай аңыздардан VIII ғасырда өткен Қорқыт туралы, XIII ғасырдағы Қожанасыр туралы, XV ғасырда өткен Асан Қайғы туралы, XVI ғасырда өткен Жиренше туралы аңыздар, сол сияқты «Алдар Көсе», «Қыл Кеңірдек», «Шибұт», «Жарғақбас» сияқты аңыздарға арқау болған кейіпкерлердің бойында сол мифтік ұшқындар жатыр. Бұл ғана емес, тіпті ән мен күй жөніндегі аңыздардан «Дауылпаз», «Шандалу», «Шертер», «Данғара», «Кепшік», «Уілдек», «Желбуаз», «Домбыра», «Кобыз» сияқты қазақтың фольклорлық музыка аспаптарынан да мифтік ұшқындарын табуға болады. «Сайып келгенде, қазақ халқы мифке бай. Оның ежелгі грек, вавилон мифологиясына ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі бар. Бірақ, біз бұрын бұл салада реттеу, іріктеу жұмыстарын, сондай-ақ зерттеу жұмыстарын жақсы істей алмадық. Оның үстіне, грек мифтеріне еліктеп, өзіміздің Алтай мифтеріне немқұрайлы қарадық, оның өзіндік қасиетін толық түсіне алмадық. Ежелгі Алтай мифтері болашақта зерттеуді күтіп тұрған үлкен ғылым саласы болып есептеледі», - деп жазған өзінің зерттеулерінде.

Басында айтып өткеніміздей, көшпелі бабаларымыз кеңістікті игеріп, қашықтықты меңгеруге деген деген талпынысы тым ертеден басталды. Ертедегі көшпелілер өздерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігін, көші-қоны мен төрт түлік малына жайлы қоныста күндіз күннің шығу мен батуына ал түнде шексіз де шетсіз аспан әлеміндегі сан мыңдаған жұлдыздарына көз тігіп, осынау ұшы-қиырсыз кеңістікте қарап бағдарлай білді. Сонымен бірге оларға өздерінше ат қойып, айдар таққан: Темірқазық, Аспан қайығы, Жетіқарақшы, Үркер, Есекқырған тағысын тағылар.

Қазақ халқының халықтық білімінде түркі дүниесінен тамырын тартқан аспанды тәңірі-құдай ретінде қадірлеу түсінігі қалыптасты. Шығып келе жатқан күнге, айға тағзым етіп, құрмет көрсеткен. Оғыз қағанның өз балаларының атын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп атауы туралы деректер де сөзімізге дәлел болса керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.С.А.Плетнев «От кочевий к городам» − МИА. 142. – Москва.,1967. 13-50-66.)

2.Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006.

3.Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы, 1984. – 350 б.

4.Қондыбай.С Толық шығармалар жинағы 9 том Арғықазақ мифологиясы: 1- Кітап: Арыс, 2008. – 528 б.

5.Зейнолла Сәнік. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2017.

81.658.26

## ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰБАНОВТЫҢ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**МАМЫРБАЙ ГҮЛНАЗЫМ МАМЫРБАЙҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются исследования ученого Кудайбергена Жубанова, внесшего большой вклад в развитие казахского языкознания. В работах Жубанова глубоко проанализированы такие вопросы, как историческое развитие языка, звуковая система, словарный запас, морфология, синтаксис и методика преподавания казахского языка.

**Summary.** The article examines the research of scientist Kudaibergen Zhubanov, who made a great contribution to the development of Kazakh linguistics. Zhubanov's works deeply analyze such issues as the historical development of the language, the sound system, vocabulary, morphology, syntax and teaching methods of the Kazakh language.

Ұлтымыздың данышпан жазушысы, адамзаттық гуманистік идеяны паш еткен өкілдерінің бірегейі – ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезов профессор Қ.Жұбановқа арнаған «Ірі оқымысты» атты мақаласында: «...Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – туған жер, өскен еліне шынайы ой-арманымен, қалтқысыз көңілі, ақаусыз білімімен танылған адал азамат, ардақты ғалым еді...», – деген болатын [1]. Кемеңгер ойшылдың бұл сөздері Қ.Жұбановтың көзін көрген үзеңгілестері мен шәкірттері ғана емес, ғалым бейнесімен оның еңбектері арқылы ғана танысқан кейінгі ұрпақ өкілдерін де бей-жай қалдырмасы хақ. Ғалымның атына жағылған ақтаңдақ аршылып, қалдырған қазынасы халқына қауышқанда ұлт зиялылары, замандастары, шәкірттері еңбектерін екшелей отырып, баға беріп жатты

Солардың бірі – академик Әбдуәли Қайдардың: «Профессор Құдайберген Жұбанов – өзінің қысқа ғұмырында бір өзі бір академиялық институттың атқаратын жүгін көтерген майталман ғалым» (2, 6б.), – деген ойы ғалымның биік мәртебесін айғақтап тұр. Шынында да, Қ.Жұбановтың сонау өткен ғасырдың 20-жылдардың ортасынан бастап, 30-жылдардың соңғы ширегіне дейін тындырып кеткен істері бұл күнде терең де өрісті ғылыми ойларға өзек болып отыр. Құдайберген Жұбановтың өмірбаянын сөз еткенде өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялыларының қоғам өміріне белсене араласып, әлеуметтік жүктерді қоса арқалағанын айтпай кетуге болмас, әрине. Өйткені ар-ұжданы биік, көкірек көзі ашық алдыңғы саптағы зиялылар тобы әрдайым әлеуметтік істердің басынан табылуды, қоғамның мәдениеті мен рухани өмірінің барлық саласына аянбай қызмет етуді өздерінің азаматтық борышы санады. Қ.Жұбанов ағартушы, мәдениет және қоғам қайраткері, қазақ баспасөзінің алғашқы қарлығаштарының бірі атанып, ғылым кенін еңсерді, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры атанды. Ғалымның ҚазПИ-де лекция оқып, кафедра меңгерушісі, кейін декан қызметтерін атқара жүріп, КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының лингвистика секторының меңгерушісі (қазіргі Тіл білімі институты), «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» бас редакторы, Қазақ КСР Халық ағарту комиссариаты 5 жанындағы Методика, программа, оқу құралдары секторының меңгерушісі, Мемлекеттік термин комиссиясының төрағасы, термин комиссиясы бюллетенінің редакторы, «Ауыл мұғалімі» журналының бас редакторы, Халық ағарту комиссариаты коллегиясының мүшесі, Ұлттар мәдениеті институты Ғылыми кеңесінің мүшесі болып, бірнеше жұмысты бірдей атқарғаны ет пен сүйектен жаралған адам баласының қолынан келер іс дегенге қайран қалмасқа шара жоқ. Бірнеше ғылыми-зерттеу институтының басшылары атқаратын міндетті Қ.Жұбановтың бір өзінің арқалауы ғалымның өз халқы үшін жанын аямай еңбек етуі болса, екінші жағынан, ол кезде Қ.Жұбановтай оқыған әрі тума таланттардың тапшылығынан деуге болар.

1930 жылдардың бас кезінде жергілікті түркі тілдес республикаларда тіл білімін көтеру, ұлт кадрларын даярлау мақсатында сол республикаларға жұмыс істеуге орталықтан (Мәскеуден) түркітанушы ғалымдарды жіберу дәстүрі болған. Мысалы, Өзбекстанға В.В.Решетов пен И.А.Батмановты, Қырғызстанға К.К.Юдахинді, Қарақалпақстанға Н.А.Баскаковты, Түрікменстанға А.П.Поцелуевскийді жіберген. Бірде профессор Н.А.Баскаковтан жас зерттеушілердің бірі: «Сіз өзіңіздің ғылыми жолыңыздың басында неге қазақ, қырғыз тілдерінен гөрі қарақалпақ тіліне көбірек көңіл бөлдіңіз? Былай қарағанда, тілдер өзара өте жақын ғой, бәлендей қиындық тудырмайтын еді ғой», – деп сұрағанда, ол кісі: «…Сіздерде А.Байтұрсынов, Н.Төреқұлов, Қ.Жұбанов сияқты алыптары бар бүкіл әлем мойындаған керемет лингвистикалық мектеп тұрды ғой…», – деп жауап беріпті. Атақты түркітанушының Қ.Жұбановты «әлем мойындаған лингвистикалық мектептің» маңдайында тұрған алыптардың қатарында атауы сол

кездегі түркологияда ғалымның қандай рөл атқарғанын, оны түркология әлемінің қаншалықты мойындағанын көрсетсе керек. Қ.Жұбановты қайта тану ісін туған інісі, академик Ахмет Жұбанов, академик М.Қаратаев, А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, М.Балақаев, Р.Сыздық, Ә.Қайдар т.б. бастап, ғылымдағы жас буын одан әрі жалғастырды. Алғашында «қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі» деп аталған Қ.Жұбановтың кейіннен сол ғылымның теориялық негізін салған бірегей оқымысты екені анықталды. Одан әрі Қ.Жұбановтың қазақ тілінің аясымен ғана шектелмей, ана тіліміздің тарихын зерделеу арқылы түркология әлеміне қалам сілтеген ғалым екені де мойындалды. Зерттеу жұмыстары одан әрі тереңдей түскенде Қ.Жұбановтың тек түркология аясында ғана қалып қойған зерттеуші емес, әлемдік тіл біліміне де құлаш жайып, үндіеуропа тіл білімі мен шығыстануды, яғни ориенталистиканы ұштастыра білген ғалым екендігі дәлелденді. «Қ.Жұбанов ғылым айдынының қай бағытын ұстанды?» дегенде, оның дәстүрлі лингвистиканың барлық салаларын қамти зерттегені, көне мәдениет көздерін этнолингвистикалық таным тұрғысынан зерделегені, сандық ұғымдарды мол пайдаланатын математикалық лингвистиканың алғышарттарын белгілеп кеткені, тіл тарихын халық тарихының терең қойнауларынан іздестіру үшін ескі орхон, араб, латын жазуларын қамти отырып, жапон тілінің иероглиф жазуын игеру арқылы қытай иероглифін зерттеуге, сөйтіп, тарихтың өне бойында жатқан деректерге жол салуға ұмтылған майталман екендігі де мәлім болды.

Ал халықаралық терминдердің мәселесіне байланысты «Қ.Жұбановтың ұсыныстары жоба ретінде қабылданып, тәжірибелік мақсатта іс жүзіне асырылсын және бұдан былай сол ұсыныстар басшылыққа алынсын» деген қаулыға қоса, мәжілісте «Қазақтың қалың еңбекшілері арасында игеріліп, сіңісіп кеткен халықаралық терминдердің орфографиясы бірізге салынып, ғылым тұрғысынан негізделсін» деген шешім қабылданады. Құжаттардан байқалатын нәрсе ол кезеңде терминология мәселесі өз алдына бөлек зерттелу объектісі болмай, тіл білімінің басқа да практикалық қажеттіліктерімен, әсіресе орфография мен әліпбиді жетілдіру шарттарымен, соның негізінде орта мектепке арнап әртүрлі сапалы оқулықтар шығару ісімен тығыз ұштасқандығы деуге болады. Сөйтіп, Қ.Жұбанов әрі бағдарлама-әдістеме жұмыстарын басқара жүріп, әрі Мемлекеттік термин комиссиясына төрағалық ете отырып, ол жұмыстарды өзінің ҚазПИ-дегі негізгі ұстаздық қызметімен тұтастыра келіп, бүкіл «ағарту майданы» атты мәдени құрылыстың қалың ортасында жүрген. Қаралып жатқан мәселелердің бірізділігіне қарай кейде оны негізгі қызметінен босатып алып та ғылымиметодика, педагогикалық практика, оқулық жазу секілді істерге қатыстырып отырған.

Құдайберген Қуанұлының зерттеу, шығармашылық, жалпы ізденушілік диапазонының анағұрлым ауқымды да кең екендігі қайран қалдырмай қоймайды. Ұлттық білім-ғылым жүйеленбеген, іргесі қаланбаған кезеңде қазіргі заман биігіне көтерілген тіл білімінің әлі күнге өзектілігін жоғалтпаған күрделі теориялық проблемалары жөнінде алғаш айтылған пікірлері ұлттық лингвистикадағы бүтін бір салалардың іргетасын салды десе болады. Яғни бұл – ғалымның көрегендігі, өз заманының қазақтан шыққан терең ойшыл-философ ретіндегі асқан білімділігі мен ғылыми түйсігінің жоғары болғандығының айғағы. Тіл білімінің құрылымдық деңгейлері тұрғысынан бастасақ, қазақ тілінің дыбыс жүйесін ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесін алғаш көтерген – профессор Құдайберген Жұбанов. Ғалым ғылымға белсене кіріскен отызыншы жылдары фонетиканың жалпы ғылымдағы орны ғылыми қауымның өзіне де түсініксіздеу еді. Зерттеу объектісіне дендеп ену де оңайға соқпаған тұс.

Құдайберген Қуанұлының Ленинградтың Бодуэн-Щерба идеясы дәуірлеп тұрған кезіндегі лингвистикалық мектебінен өткендігі игі әсерін тигізсе керек, оның еңбектерінен «тілдік қызметі бар дыбыстарды ғана зерттеу керек» деген қағидатты ұстанатындығын аңғару қиын емес. 1935 жылы Қазақстанның өлкелік баспасы Қазақтың ұлт мәдениеті ғылыми зерттеу институты еңбектерінің 1-томын жеке кітап етіп, жарыққа 53 шығарды. Ол үш бөлімнен тұрды. Тіл бөлімі бойынша профессор Қ.Жұбанов, тарих бөлімі бойынша профессор С.Асфендияров, әдебиет пен өнер бойынша А.Алманов редакторлық жасаған. Жинақ Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі фонетикасы тарихының зерттеу мәселесіне» мақаласымен ашылған еді. Бұл ғалымның 1933-1934 оқу жылында ҚазПИ-де оқыған қазақ тілі фонетикасының тарихы жөніндегі лекциялар циклінің кіріспесі болатын. Сондай-ақ Қ.Жұбановтың 1936 жылы баспадан шыққан «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының I бөліміндегі фонетикаға қатысты тарауы, «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар» атты еңбегінің баспадан шығып үлгерген «Қазақ тілінің фонетикасы» (журналдың 16 беті) деп аталатын бөлімі, «Буын жігін қалай табуға болады?» (машинкамен 15 бет), «К постановке исследования истории фонетики казахского языка» (машинкамен 19 бет) т.б. еңбектері

қазақ тілі фонетикасының ғылым ретінде іргесі қаланып, теориялық тұрғыдан зерттеліп, қалыптасуына негіз болды.

Профессор Қ.Жұбановтың қалам тербеген салалардың ішінен ғылыми еңбектерінің жартысынан астамы грамматикаға арналғандығын көреміз. М.Әуезов пен І.Кеңесбаев ғалымның «Қазақ тілінің грамматикасы» атты еңбегін: «Айқын да нәрлі, стилистикалық жағынан орамды қазақтың әдеби тілімен жазылған бұл еңбек қазақ тілі жөніндегі оқулық, еңбек жазатын көптеген авторлар үшін тамаша үлгі болды», – деп әділ бағалады. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ грамматикасы төңірегіндегі соны ойтұжырымдарына Ә.Т.Қайдаров пен А.Әбдірахманов 1998 жылы жазған «Тіл білімінің тарланы» мақаласында «Грамматика ілімі саласында ол топшылаған теориялық тұжырымдарды біз әлі күнге игеріп болғанымыз жоқ. ...бүгінгі тіл білімінде «осыдан отыз жыл бұрын академик А.Н.Кононов айтты» делінетін тұжырымдардың біразын жарты ғасыр бұрын профессор Қ.Жұбановтың айтып кеткені айқындалып отыр», – деген тұжырым жасайды.
Қ.Жұбановтың әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастарын оның «Әліппеміз бұқарашыл болсын», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Қосар ма, дара ма?», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка», «Выступление К.К.Жубанова на научноорфографической конференции в г. Кзыл-Орде» (02.04.1929) т.б. мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінен байқауға болады. Ғалымның жазу, орфография жөніндегі теориялық зерттеулері негізінен қазақ әліпбиін жасау, бөгде тілдің графикасын қазақ тілінің ішкі ерекшелігіне бейімдеудің тиімді жолдарын іздестіру, жүйелі жазу емлесін құрастыру, оны жетілдіру, орфоэпия мен орфографияның өзіндік белгілеріне сай қазақ тілі 58 дыбыстарының ерекшеліктерін көрсету, қазақ тіліне енген терминдердің жазылу заңдылықтарын бір жүйеге келтіру, қазақ орфографиясының жетекші принципін анықтау және т.б. бағыттарда болды. Осы орайда ғалымның 1935 жылы жарияланған «Қазақ орфографиясын қайта қарау мәселесіне» атты мақаласын ерекше атап өтпеске болмайды. Профессор Қ.Жұбановтың қатты көңіл бөліп, ерекше күш салған жұмысының бірі – қазақ лексикографиясына қатысты жұмыстар. Оған дәлел 1930 жылдар оның тікелей басшылығымен «Қазақ тілінің академиялық сөздігінің» жасалып, оның бас редакторы болып тағайындалуы еді. 1959, 1961 жылдары жарық көрген екітомдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» сол аталмыш сөздіктің негізінде жасалғанды. Қ.Жұбановтың ғылыми концепцияларының өміршеңдігін аталған және басқа да пікірлер, сондай-ақ ғасырға жуық жүргізіліп келе жатқан ғылыми зерттеулер дәлелдейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жұбанов, Қ. (1965). Қазақ тілінің тарихи дамуы. Алматы: Ғылым.
2. Әбдіқадыров А. (2020). Қазақ әдебиеті мен оқыту әдістемесі. Алматы: Білім баспасы.

ӘОЖ 81.247.12

## ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АКТ-ДЫ (АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР) ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**МЕКЕМТАС АРУЖАН СЕРІККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены пути формирования познавательного интереса учащихся с использованием ИКТ (информационно-коммуникационные технологии) в процессе обучения казахскому языку.

**Summary.** The article examines the ways of forming the cognitive interest of students using ICT (information and communication technologies) in the process of teaching the Kazakh language.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты - оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру.

Қазіргі уақыттағы озық техника болып табылатын компьютерлердің қолданылуына негізделген, оқудың информациялық технологиясы көптеген педагогикалық міндеттерді жаңадан шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, әр оқушының өзі үшін, өзінің жеке бас қабілеттері мен мұқтаждықтарына байланысты тақырыптың материалын көңіл бөле зерттеу және қайталау мақсатпенен оны таңдап алатындай жеткілікті түрде оқып-үйрену бағдарламалары жасалған. Басқа бағдарламалар, өзінің күрделілігіне байланысты мектепте қолданылуы мүмкін емес тәжірибелерді модельдеуге жағдай жасайды. Оқытудың көрнекі құралдары мен электрондық құралдарын, соның ішінде интерактивті тақтаны тиімді қолдану қазіргі таңда жаңалық емес, қажеттілікке айналып отыр. Болашақтың бүгінгіден де жарқын болуына жол ашатын құдіретті күш тек білімде ғана. Заман талабына сай оқыту мұғалімге байланысты. Оның негізгі қасиеті — ізденгіштігі. Оқытудың электрондық құралдарын оқу мен жазу арқылы дамыту бағдарламасының маңызы зор. Бұл бағдарламаның стратегияларын ұтымды пайдалана отырып, әр оқушының өз ойын ашық айтуына, пікір таластыруына, өз тобында жұмыс жасай алуына мүмкіндік алады.

Сабақты жаңа ақпараттық технологиямен оқыту – білім сапасының кепілі. Білім беру - оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат - жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-талғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың дүниетанымын кеңейту, істеген ісіне тұжырым жасап, қорытындыға келу, ойлау көкжиектерін кеңейтіп, ой еркіндігіне жол ашу.

Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі мақсаты оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру. Ақпараттық мәдениет – бұл әңгімелесе білу, алынған мәліметті ой елегінен өткізіп, талдай білу және өзгелердің еркіндігіне әсер ететін жағдайларда өз еркіндігіңді шектей білу.

XXI-ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеруі тиіс.

Қазіргі кезде Республикалық білім беруді ақпараттандыру ғылыми әдістемелік орталығы (РБАО) негізінен білім жүйесінің барлық сатылары үшін электрондық оқулықтар жасаумен шұғылданып келеді. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе күн дамытылып отыратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады.

Электрондық оқулықтарды құрастыру технологиясы бір-бірімен тығыз байланысты 4 бөліктен:

1. Мақсаттық компоненті – модульдерді құрастырудан тұрады. Модуль –жергілікті, жүйелік және функционалдық білім жиындары. Ол оқушының өз танымдық әрекетін ұйымдастыратын «түйіні» болып саналады;

2. Мазмұндық компоненті – гипермәтін арқылы жүзеге асады. Гипермәтін – терминдерден, ұғымдардан, кестелерден, графиктерден және диаграммалардан тұратын мәліметтер базасы ретінде берілетін ақпараттық оқу ортасы. Мәтіндерді қазақ, орыс тілінде дыбыстар арқылы айтуға болады. Гипермәтін бейне материалдарымен, медиаобъектілермен толықтырылған;

3.Операциялық компоненті – интерактивті формада берілген тапсырмаларды орындау арқылы іске асырылады;

4. Нәтижелік бақылау компоненті – тест алу жолымен немесе бақылау жұмысымен жүргізіледі. Электрондық оқулықта тесттің екі түрі берілген: бір дұрыс жауабы немесе бірнеше дұрыс жауабы бар.

Тест соңында оқушы өзі қателескен сұрақтарды тексеріп көре алады және бағасын да көреді. Білім беруде «Электрондық оқулықтарды» пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды.

Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сызба нұсқалары арқылы

береді. Оқулықтың ерекшелігі әрбір тақырып қажетті суреттермен көркем безендірілген. Оқушылар білімі автоматты түрде бағаланады.

Әр модуль қысқаша теориялық кіріспеден, суреттермен анимациялық материалдардан, есеп шығару үлгілері мен өз бетінше шығаруға арналған есептерден және бақылау жұмысынан тұрады. Оқушылар үшін - электрондық оқулықтар мектепте оқыған жылдардың барлығында да өздері толықтырып отыра алатын және нәтижелік емтиханға дайындалуға көмектесетін мәліметтер базасы болып табылады.

Оқулық – дисплей экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол оқушыға өз жолымен керекті материалдарды жеке меңгеруге арналған күрделі, көпсатылы жүйе. Бұл оқулықтың қажетті бөлімдерін қайталап, игеру тәсілі мен логикасын да өзіне тән етіп таңдап алып, осы сәтте ең керек деген материалды қарап шығуға мүмкіндік береді. Ал өзіне қажетті мәліметті компьютер жадының керекті ұясынан іздеп таба білу де әрбір оқушының бүгін талап етілетін стратегиялық ойлау қабілетін қалыптастырады.

Модульдерде берілген алгоритм оқушыларға өз бетімен жұмыс істеу мүмкіндігін береді. Мұнда сабаққа деген қызығушылық пайда болып, белсенділігі арта бастайды. Электронды оқулықты пайдалану мұғалімнің де ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі жұмысын жеңілдетеді. Мектеп лабораториясының көлемінде түсіндіру мүмкін емес құбылыстар мен тәжірибелер жетерлік. Оларды компьютер көмегімен көруге болады.

Мысалы: ғарыштық және микроәлемдік масштабтағы құбылыстар, өте тез немесе баяу жылдамдықта өтетін процестер т.б.

Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады:

- Оқушылардың өз бетімен шығармашылық бағытта жұмыс істеуіне, әсіресе құбылыстарды зерттеуге, басқаруға мүмкіндік береді;
- Басқа пәндерден алған білімін бекітуге көмектеседі;
- Жалпы танымдық қабілетінің дамуына әсер етеді;
- Материалды тез меңгеруге, онымен бірге уақыт үнемдеуге;
- Табиғи жағдайда көзге көрінбейтін кейбір құбылыстарды экранда көруге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқыны оқу-ағарту саласының оқыту үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемде қолдануды қажет етуде. Электрондық байланыс жүйелері арқылы ақпарат алмасудың тиімділігі өркениетті елдердің іс-тәжірибелерінде айқын сезілуде. Қазір білім беру жүйесі мен білімді тексеру мақсатында ақпараттық технологияларды енгізу басты мәселеге айналуда.

Ақпараттық технологиялардың тиімділігі:

- Қашықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;
- Қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- Білім сапасына әсері зор;
- Іс әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде мүмкіндік мол.

Технология сөзі біріншіден - өнер, шеберлік деген ұғымның синонимі ретінде педагогикалық шеберлік деген ұғымды білдірсе, екіншіден, білім беру ісін технологияландыру арқылы жан-жақты дамыған, өзіне сенетін, өмірге икемді тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі мектеп пән мұғалімнің мақсаты, міндеті де осыған келіп тіреледі. Баланың ішкі мүмкіндіктерін тани білу, оның сыртқа шығуына түрткі жасау оңай процесс емес. Ақпараттық технологиядан іздену – осы мәселелердің шешімін іздеу деген сөз.

Компьютерді оқу барысында оқушының қолдануы дегеніміз-оқушының жеке басына көп байланысты. Қажетті тетікті басып үйренген оқушы бір жағынан білімді игеріп жатса, екінші жағынан интеллектімен «тіл табысып» жататыны анық. Оқу процесінде дыбыс құралдарымен экранды қолдану оқу материалын тереңдетіп,оның мазмұнын байытады.Экранды және дыбыс құралдарын қолдану мұғалімнің оқу материалын түсіндіргенде уақытты дұрыс бөлуіне байланысты.

Электрондық құралдар көп жағдайда оқытудың көнекілігін арттырып, оқушыларды сабаққа қызықтырады. Оқушылардың жұмысына жүйелі бақылау жасау процесін жеделдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімді көптеген қосымша жұмыстардан босатады. Осыған орай оқытудың қазіргі кезеңінде оқу - тәрбие процесінің электрондық көрнекілігін арттырудың бірқатар проблемалары бар. Ол – сабақта оқытудың электрондық құралдарының ролі мен орны, оларды ұтымды пайдалану және т. б.

Электрондық құралды сабақтың бас кезінде қолдану оқушылардың назарын бірден өзіне аударады да, олардың шаршауын 5-10 минутқа тездетеді. Ал оны сабақтың орта шенінде қолдану оқушылардың ынтасын арттырып, олар тез шаршамайтын болады. Сабақ соңында қолдану сабақтың мазмұндылығын арттырады. Электрондық құралмен жаңа материалды түсіндіру жан-жақты ізденуді қажет етеді. Бұл оқу материалының және сыныптың ерекше. Оны сабақта қолдануды жоспарлағанда төмендегі жағдайды ескерген жөн.

А) электрондық құралдар ішінен қажеттісін таңдау, қажеттісін таңдап алу.

Б) құралдың сабақта көрсететін орнын айқындау.

В) құралмен істелетін методикалық жүйені ойластыру.

Электрондық құралды сабақта пайдалану оқушылардың таным қабілеттерін арттырып, қабылдауын жетілдіреді. Электрондық құралды ұзақ уақыт не 3-4 сабақ бойы қатар қолдану оқушыларды жалықтырып жібереді. Сондықтан ондай құралдарды қолдану мезгілдері алдын-ала жоспарлануы тиіс. Сонымен қоса бұл әдістер оқыту барысында тәрбиеленушілерді тұлға ретінде қалыптасуға бірден-бір әсер етеді.

Мұғалім мен оқушылар бірлесіп оқи отырып, субъект-субъект ретінде болады. Мұғалімнің рөлі көбінесе оқу үрдісін ұйымдастырушы, топ басшысы, оқушылардың ынта-ықыласын белсенді етуші қалпында көрінеді. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың өз өмір тәжірибиесіне, біліміне сүйенулеріне негізделген.

Сабақта интерактивті әдістерді пайдалануда мынандай шарттар орын алуларына тиіс:

Мақсатты нақты белгілеу. Мұғалім оқушылардың топпен жасалатын жұмыстарының мәнін, ережесін түсініп, топпен жұмыс жасауға дайын екендіктеріне толық сенімді болу керек. ¦жымның өздеріне тән ерекшеліктері мен есептесіп олардың бірлесіп жұмыс жасауға дайындық деңгейіне сай ұйымдастырылуы қажет. Бұл әдістің мақсаты мен міндеттерінің маңызы әдісті қсандай мақсатта таңадағанын көз алдына еслестете білу керек.

Кейінгі кезде интерактивті әдіс өмірге етене кірді. Оқушылардың математикаға қызығушылығын арттыру үшін көптеген әдіс-тәсілдер пайдаланылады. Бұл оқушылар үшін өте қажет. Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай ақпараттық технологияның атқарар рөлі зор. Өмірдің талабы жаңа өнім дайындап шығару.

Интерактивті тақта. Дәстүрлі түрде компьютердің – ең әуелі интеллектінің дамыту құралы екендігі жөнінде ой қалыптасты, бірақ АКТ жаңа білімді және дағдыларды дәстүрлі емес тәсілдермен оқытуға мүмкіндік беретін сапаларға ие, ал жаңа материал – динамикада әсем безендірілгендіктен, оқушының эмоциональды-мотивациялық механизміне әсер етеді. Сондықтан АКТ оқу үрдісінде оқушының вербальды интеллектін дамыту, сонымен бірге тұлғалық және эмоциональды-мотивациялық ортасына әсер ету үшін қолданған дұрыс деп есептейміз.

Алдын-ала дайындалған мәтіндер, кестелер, диаграммалар, суреттер, музыка, карталар, тематикалық CD-ROM-дар, сондай-ақ мультимедиалық файлдарға гиперсілтемелер және интернет ресурстар сабақты құнарлы етеді. Сіз кәдімгі жай тақтаға мәтінді жазуға немесе экраннан пернетақтаға көшуге көп уақыт құртпайсыз. Перо құралын қолдана отырып, барлық ресурстарға экранның өзінде түсініктеме беруге және көшірмелерді келесі сабаққа сақтап қоюға болады. Өтілетін сабақ файлдарын әрқашанда ашуға және өткен материалдарды қайталауға болады.

Интерактивті SMART тақтасы барлық жастағы балаларды оқыту бағдарламасымен үйлесіп оқытудың әр түрлі стильдерін қолдануға мүмкіндік береді. Оқушылар визуалды материалдарды жақсы қабылдайды, карталарды үйренуде, суреттер мен схемалар – тақтадағы берілген көрініске кез-келген көшірме қоса отырып, жылжыта, көлемі мен формасын өзгерте осының барлығын тақтада көрсетуге болады. Интерактивті тақтаны пайдаланып сабақта жаңа мәселелерді бірігіп шешіп, талқылауға болады.

Сабақта интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану мазмұнды ұғымдардың қалыптасуына көмектеседі, оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілетін дамытуға, нақтылы құбылыстарды қарастыру және талдау негізінде, кейін практикада қолданылатын тұжырымдарға келулеріне көмектеседі.

Оқытудың электрондық құралдары арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру бағытында жасалған тәжірибе нәтижелері. Сөйтіп, оқуда интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімі,

нанымы молаяды. Сонымен қатар интерактивті тақтамен орындалатын жаттығулар оқушылардың білімді меңгеруін жеңілдетеді, деректерді есте сақтауға ықпал жасайды.

Белгілі бір жаттығуларды орындау үшін оқушылардың сол жаттығуларды орындай алатындай білімі болуы жөн.

Жаттығу оқушының тілге қызығуын, ынтасын арттыруға тиіс.

Жаттығу кездейсоқ болмай, белгілі бір жүйемен келуі, ұсынылуы қажет.

Шығармашылықты талап ететін жаттығулар көбірек болуы қажет.

Жаттығу арқылы оқылып жатқан материалмен жүргізілетін оқу әрекеті жүзеге асырылады.

Эксперимент жыл бойы жасалды – эксперимент өтуде алдымен оқушылардың білім деңгейі анықталды.

**Жоғарғы деңгей**: білімге деген құлшынысы зор, логикалық ойлау дәрежесінің жоғары болуымен, өз жеке басының белсенділігімен, ісіне талдау жасап білуін, шығармашылық ізденіс жасай әртүрлі қалыптан тыс шешім құрап, білімді жаңа жағдайға тасымалдай білумен сипаталады.

**Орта деңгей:** білімі қанағаттанарлық дәрежеде белсенділігі тұрақсыз, шығармашылыққа талпыныстық сиректігі, интеллектуалдық, логикалық жұмыстар тек жетіктеу арқылы іске асады.

**Төменгі деңгей:** білімге деген сұраныстық жеткіліксіздігімен, шығармашылық әрекетке деген немқұрайдылық, интеллектуалдық, логикалық істерге төмен бағалатындығылын сипатталады Оқушылар жұмысын бағалай келе, біз оқушылардың білім сапасы даму деңгейлері бойынша төмендегідей қорытынды жасаймыз. Бұл яғни анықтау тәжірибесінің қорытындысы.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Бүгінгі білім мазмұны мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты субъективті деңгейде көтерудегі демократиялық бастамалардың барлығы мұғалімдер арқылы жүзеге асырылады.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындай аламыз.

Демек, жаңа технологиялық әдіс – тәсілдерді пайдалану білім сапасын арттырудың бірден – бір жолы. Оқыту үрдісінде оқушылардың білім қорын молайтуға, белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге көмегі бар.

Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы өте зор. Сондықтан, ізденген ұстаздан ғана шығармашыл, дарынды шәкірттің шығары анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**:

1.Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

2.*Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*

3.Б.А.Әлмұхамбетова, М.А.Ғалымжанова «Білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыруда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың қолданылуы» - 17 бет

4.Роберт И.В., Панюкова С.В., Кузнецов А.А., Кравцова А.Ю. Информационные и коммуникационные технологии в образовании: Учебно-методическое пособие для педагогических вузов. / Под редакцией И.В. Роберт. - М.: ИИО РАО, 2006. - 374 с. (ғаламтор желісінен)

УДК 81.255

## ФОРМИРОВАНИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ
### (на примере работы с не сплошным текстом)

**ТУЛЕГЕНОВА ПЕРИЗАТ ДУЙСЕНБЕКОВНА**
Учитель русского языка и литературы средней школы №35 имени А.Гайдара,
Республика Казахстан, г.Тараз

**Түйіндеме.** Қазақстан Республикасындағы қазіргі білім беру жүйесі оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған. Соның ішінде, маңызды компоненттердің бірі – оқырмандық сауаттылық. Бұл дағды мәтінді тек оқып түсінумен шектелмей, оны сыни

тұрғыдан талдау, мағынасын ашу және әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу қабілетін қамтиды.

**Summary.** The modern education system in the Republic of Kazakhstan is aimed at developing students' functional literacy. One of the most important components of this is reading literacy. This skill includes not only reading and understanding a text, but also the ability to critically analyze it, decipher its meaning, and apply it in various life situations.

Современная система образования в Республике Казахстан направлена на развитие функциональной грамотности учащихся, одним из ключевых компонентов которой является читательская грамотность. Данный навык предполагает не только умение воспринимать текстовую информацию, но и способность критически её осмысливать, интерпретировать и применять в различных учебных и жизненных ситуациях. В условиях обновлённого содержания образования особое значение приобретает развитие у школьников навыков работы с различными типами текстов, в том числе с несплошными - таблицами, схемами, графиками, инфографикой. Эти формы представления данных активно используются в учебниках, экзаменационных заданиях и международных исследованиях качества образования (PISA, TIMSS), что определяет актуальность разработки и внедрения курса «Работа с несплошным текстом на уроках русского языка и литературы».

Актуальность обусловлена необходимостью формирования у учащихся способности работать с информацией, представленной в различных форматах. В современном обществе, насыщенном цифровыми и визуальными источниками данных, умение анализировать и интерпретировать несплошные тексты становится важным условием успешной учебной и профессиональной деятельности. Исследования в области педагогики показывают, что учащиеся часто испытывают трудности при работе с такими текстами: им сложно извлекать ключевую информацию, устанавливать взаимосвязи и делать обоснованные выводы. Курс «Работа с несплошным текстом на уроках русского языка» направлен на устранение этих проблем путём системной организации учебного процесса.

Теоретическая база основана на концепциях функциональной грамотности и когнитивного подхода в образовании. Функциональная грамотность рассматривается как способность применять знания и умения для решения реальных задач, а когнитивный подход предполагает развитие у учащихся аналитического и критического мышления. Важную роль играет также теория визуализации информации, согласно которой представление данных в графической форме способствует их более эффективному восприятию и запоминанию.

Курс разработан для учащихся 6–7 классов и реализуется в рамках элективного направления. Он предусматривает сочетание теоретических и практических занятий, направленных на развитие умений анализа и интерпретации информации, представленной в несплошных текстах. Особое внимание уделяется обучению осознанному чтению, критическому осмыслению данных и формированию навыков самостоятельной работы с информацией.

В основу статьи положены следующие методы обучения: объяснительно-иллюстративный, проблемный, проектный и практико-ориентированный. Используются разнообразные формы работы: фронтальная, групповая, парная и индивидуальная. Применение цифровых инструментов (Google Sheets, Canva, Bilimland.kz) позволяет учащимся создавать собственные визуальные материалы и анализировать реальные данные. Работа с несплошными текстами осуществляется через задания по интерпретации таблиц, диаграмм, схем, карт и инфографики.

Особое внимание уделяется развитию у школьников критического мышления, умения оценивать достоверность информации, анализировать и сравнивать различные источники данных. Практическая часть курса включает проектную деятельность, в рамках которой учащиеся разрабатывают собственные инфографики и таблицы по актуальным темам. Такой подход позволяет не только закрепить знания, но и развить исследовательские и коммуникативные навыки.

Реализация показала, что системная работа с несплошными текстами способствует росту уровня читательской грамотности, развитию аналитического и логического мышления, формированию информационной культуры учащихся. Учащиеся демонстрируют улучшение в умении выделять ключевую информацию, устанавливать логические связи, а также в способности представлять данные в визуальной форме. Отмечено повышение интереса к чтению и исследовательской деятельности, рост самостоятельности и ответственности за качество представляемой информации.

Статья способствует формированию универсальных учебных действий, включая познавательные, коммуникативные и регулятивные навыки. Он интегрирует предметные знания с межпредметными компетенциями, что делает процесс обучения более осмысленным и практико-ориентированным. Кроме того, освоение работы с несплошными текстами повышает готовность учащихся к участию в международных исследованиях (PISA, TIMSS) и способствует успешной подготовке к итоговой аттестации.

Таким образом, внедрение курса «Работа с несплошным текстом на уроках русского языка и литературы» представляет собой эффективное направление в развитии функциональной грамотности школьников. Он не только формирует умение работать с информацией в различных форматах, но и развивает личностные качества учащихся – самостоятельность, критичность мышления, коммуникативность. Курс демонстрирует высокий потенциал для использования в общеобразовательных школах Казахстана и может служить моделью для интеграции элементов функциональной грамотности в преподавание других предметов.

**Список использованной литературы:**

1.Бектурова А.Ж., Смагулова Ж.А. Методика преподавания русского языка в казахстанской школе. – Алматы: Мектеп, 2018 г.

2.Кубрякова Е.С. и др. Проблемы современного анализа текста: Учебно-методическое пособие. - М.: Изд-во МГУ, 2015 г.

3.Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения: теория и практика. - М.: Просвещение, 2014 г.

4.Соловьева Н.В. Дидактические основы развития критического мышления на уроках русского языка и литературы. - М.: Академкнига, 2020 г.

5.Венгловская Е.В. Работа с несплошными текстами в основной школе: методика и практические рекомендации. - М.: Просвещение, 2019 г.

6.Илюхина Е.В. Информационная грамотность школьников: учебно-методическое пособие для учителей. - М.: Дрофа, 2018 г.

ӘОЖ 82.14

## ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА ЖӘНЕ ГҮЛТЕН АКЫН ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ОБРАЗЫ

**АБДУЛЛАЕВА МӨЛДІР ЖАМБУЛҚЫЗЫ**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**САРЖАЕВ ОЛЖАС ТІЛЕБАЛДЫҰЛЫ**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің сеньор-лекторы, Бартын университетінің 4 курс докторанты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье предпринято сравнительное исследование творчества Фаризы Оңғарсыновой и турецкой поэтессы Гюльтен Акын. Особое внимание уделяется тематико-идеологическим параллелям в их поэзии, общим лирическим мотивам — таким как мотив социального несогласия, тоски и одиночества, а также вопросам художественной преемственности в их произведениях. Кроме того, уточняется характер казахско-турецких литературных связей, рассматриваемых в предыдущих исследованиях. Цель работы — выявить идейно-тематическую и художественную силу поэзии Оңғарсыновой и Акын, а также определить, как богатство национального языка и свобода мысли раскрывают жизненную правду в их лирике.

**Summary.** This study focuses on a comparative analysis of the works of Fariza Ongarsynova and the Turkish poet Gülten Akın. Special attention is given to the thematic and ideological parallels in their poetry, including shared lyrical motives such as social dissent, longing, and loneliness. The research also examines the artistic continuity present in their poetic expression. In addition, the article clarifies the nature of Kazakh–Turkish literary relations as previously explored in scholarly works. The study aims to identify the thematic, ideological, and artistic power of Ongarsynova's and Akın's poetry, as well as to reveal how their mastery of national linguistic richness and freedom of thought reflects the truth of life.

Қазақ және түрік халықтары рухани мәдениеттеріндегі көп ғасырлар бойы қалыптасқан, дамыған негізгі мұра – ақын-жыраулар мен ғашықтық поэзиясы. Екі халықтың әдебиеттері тарихына арналған іргелі зерттеулерінде жүйелене қарастырылған ақындық және ғашықтық поэзия мұралары салыстырмалы тарихи әдебиеттану заңдылықтар аясында қарастыру – қазіргі заманғы филология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі. Бұл орайда қазақ және түрік ғашықтық поэзиясын поэтикалық үндестіктер тұрғысында өзіндік ерекшеліктері де назарда ұсталады: біріншісі – екі халықтың да түпкі бастау тарихи негіздерінің ортақтастығы; екіншісі – әртүрлі географиялық аймақтарда орналасқандығына байланысты тұрмыстық – этнографиялық өзгешеліктерінің де бар екендігі. Ақындық және ғашықтық поэзия қалыптасуындағы түркілік этнографиялық наным-сенімдер, фольклорлық синкретизм, исламдық дүниетаным, дидактикалық-философиялық көзқарастар және т.б. мәселелердің тақырып, идея, жанр поэтикасы бойынша қарастырылуы екі ел әдебиеттануы үшін де өте маңызды [1, 55].

Фариза Оңғарсынова мен түрік ақыны Гүлтен Акын поэзияларындағы тақырыптық-идеялық бірден – бір ортақтастығы олардың өлеңдеріндегі «әйел, ана, қыз ғұмыры». Қазіргі қазақ лирикасында әйел, ана, қыз -келіншектер бейнесін психологиялық пайым –танымда тереңінен толғап, жүректен қозғап келе жатқан ақынның бірі-Фариза. Оның лирикасындағы қазақ әйелінің қадір –қасиеті, болмыс бітімі ерекше назар аударуды, терең үңіле зерттеуді аса қажет ететін құйылымы бөлек жыр маржандары саналып жүр. Ақын өлеңдеріне арқау болған аталмыш тақырып аясында Фаризаға тең әріптесті табу -сірә да қиын. Жаратылыс –жалғанның жасампаз жаны әйел ананың өміріндегі өрісі, қоғамдағы ролі мен орны қазіргі әдебиетте (оның ішінде прозада)барынша әдемі де тереңжан жақты бейнеленгені мәлім. Алайда лирика жанрында қаншалықты көтерілді?! Бұл туралы сөз етсек тағы да әйел ақындар шығармашылығына соқпай өте алмаймыз. Айталық, М.Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, А.Бақтыгереева, К.Ахметова сынды ақындар әйел кейіпкерлері арамызда жүр. Ол – мәңгілік дүние. Ескерте кететін жайт-поэзияда әйелдер әлемін тек қана әйел –ақындар ғана толық мәнінде жырлай алды деп үзілді- кесілді тұжырымдап, ал еркек кідіктілерді даттасақ және дұрыс болмайды. Бұл жерде біздің айтпағымыз-бүгінгі лирикада ақ жаулаықты ана мен қызқ келіншектер психологиясын сол әйел азтының өкілі-Фариза ақынның қаншалықты және қалай жырлай алғандығы туралы ой түйіндеу.

Әйел-ананың ішкі сезім дүниесін ақын «менінің» лейтмотивіне айналдыру-суреткерлік шеберлік нәшімен болатын құбылыс. Нақтырақ айтсақ, ақын талантының трибундық таразысының тәсіл –амалын табиға үрдіс пен тарихи дәстүрден іздеген жөн. Бұрыннан белгілі өміршеңдік өрнектерге жаңаша сипат берген, жаңаша ойлау үрдісіне дейін көтере жеткізу – әу бастан бар дәстүр. Оңғарсынова лирикасындағы өзгешелік сол- ондағы әйелдер образы типтік дәрежеге дейін көтерілген бейне болып саналады. Ол қыз, келіншек, әйтеуір, әйел заты, мейлі кәрі әже болсын, ана атты алыптың бар болмыс-бітімін, тұлғалық тұрпатын танумен құнды. Нәзік жанды бейненің күллі құпиясын қопара көрсету арқылы әйел образын лирикада қаһармандық санатқа көтерудің бастауын біз Фаризадан анық байқаймыз. Әйел жанын, ана табиғатын ақын- әйелдің ой-діңгегі тұрғысынан таныту, қазақ әйелінің психологиялық ахуалын лирикада Фаризадай ашып айтқан ақын, сірә да аз шығар. Өлең өлкесінде әйел жанын, оның бұлқыныс атқан сезім сырларын сарапқа салып ақын «мені» мен лирикалық кейіпкер тұлғасы арасында біте қайнасқан кездер өте сирек. Фаризаның ерекшеліктеріне сай ішкі сезім бұлқынысы (қыз қылығымен, ана ақылымен, әже парасатымен) күрескерлік тұлғасына дейін көтеріледі. Өлеңдерінің көбі әйел жамағатының жаратылысына арналған ақынның аталған тақырыптағы шығармашылық шырай «Шілде», «Сенің махаббатың», «Қыз –ғұмыр, «Мен саған ғашық емес ем» кітабында сырлы сипат табады [2, 41].

Түрік ақыны Гүлтен Акын 1933 жылы Анкараға жақын Иозгут ауылында дүниеге келген. 1951 «Соңғы хабар» газетінде алғашқы өлеңдері жарық көрді. Өлеңдерінің тақырыбы: махаббат, сағыныш, қоштасу, қоғам, қоғамға сын, әйел, түрік әйелінің тұрмысы, түрік әйелінің образы, әйел сезімі, қала және ауыл әйелдерінің тіршілігі, геджеконду* әйелдерінің өмірі. «Қызыл қалампыр» (Kırmızı Karanfil 1971), «42 күн» (42 Gün), «Қыздың әні» (Deli Kızın Türküsü), «Сайран дастаны» (Seyran Destanı 1979), «Илахилер» (İlahiler 1983), «Тұрақты махаббат» (Sevda Kalıcıdır 1991), «Қартайдым осылай» (Sonra İşte Yaşlandım 1995), «Артта қалған үнсіз бақтар» (Sessiz Arka Bahçeler 1998), «Алыс жағалауда» Uzak Bir Kıyıda 2003) т.б кітаптарының авторы. Ақын 2015 жылдың 4 қарашасында дүниеден озды.

| Фариза Оңғарсынова | Гүлтен Акын |
|---|---|
| (1939-2014) | (1933-2015) |
| Қоғам қайраткері | Қоғам қайраткері |

| | |
|---|---|
| «Қазақ поэзиясының падишахы» | «Түрік поэзиясының анасы» |
| Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты | «Акдениз Алтын Портакал» сыйлығының лауреаты |

Әдебиет атты әлемде әрбір суреткердің қызыға, қызықтыра жырлайтын өзіне етене жақын тақырыбы болатыны белгілі. Әйел тақырыбында яғни, әйел тағдыры, әйел жолы, әйел сезімі, әйел тәкаппарлығының, әйел жанының азаттығын өз халқының өткен тарихынан іздестіру – Фариза мен түрік ақыны Гүлтеннің поэзияларындағы ерекшеліктері. Сол сияқты қазақтың Фаризасы «Поэзияның падишасы» атанса, түріктің Гүлтен Акыны «Түрік поэзиясының анасы» атанды. Түрік әйел ақындарынан Гүлтен Акынды таңдап алғанымыздың екі себебі бар. Біріншісі, Гүлтен Акын-түрік поэзиясының көрнекті өкілі. Екіншісі, Түркиядағы әйел өнер адамдарына берілетін «Акдениз Алтын портакал» («Акдениз Алтын апельсин») сыйлығының алғашқы иегері.

Фаризаның көп өлеңдері әйел тақырыбына арналған. Өзі де сол жынысқа қатысты болғандықтан әйел психологиясын, оның басындағы өмір сырларын көбірек біледі, айқынырақ түсінеді. Ол әйелге тән төзімді, өткір сезім күйлерін, кейде сол сезімге малтығып қалатын әлсіздікті, көңілдің нәзіктігін, адал махаббатты тереңірек жырлайды. Оның сезімі де мұңды, ойлы. Оның өлеңдерінде қуанышы мен қайғысы аралас жүретін азапты күндерінің суреттері мол кездеседі. Лирикалық кейіпкер сезімінің тазалығын, әйелге тән адалдықты, көңіл күйінің әрқилы қалтарыстарын ол нақтылықпен бейнелейді. Мысалы, жаңбыр құйып тұрғанда қол шатырдың астын жігітпен бірге паналаған қыз сезімінің дір етуі, қос жүректің тілсіз қимылдап, қабақтан түсінісуі оқырманның көз алдына жанды суреттер алып келеді: «Менің тәкаппарлығымды, ерлігімді қоштасқанда өзіңмен ала кеттің» деп мойындайды. Фариза суреттейтін әйел осалдығы – махаббат алдында бас ию, сезім нәзіктігі, сүюдің азабына көну. Ондай жағдайда әйел: «байлық емес, мансап пен атақ емес, махаббатың өзіңнің – ең керегім» дей алады. Сүйгенінің сезімімен қанаттанады. Лирикалық кейіпкердің осындай көңіл күйін ақын Қыз Жібектің қоңыраулы күймесімен өмір көшін бастап бара жатқан суреттен, Айша бибі, Баба әже сияқты тарихи ескерткіштерден, әйелдің адал сезіміне деген бүкілхалықтық ілтипаттан таныды [3, 23].

«Түрік тілі» журналында жарық көрген Сабит Кемал Байылдыр Гүлтен Акынды «Республика кезеңі жетілдірген алғашқы ақын әйелі» дейді. Олай айтуының себебі- өз өлеңдерінде алғаш рет әйел сезімін ашып, мөлдіретіп жазған ақын -Гүлтен Акын болды.

Фариза Оңғарсынова мен Гүлтен Акын поэзияларындағы әйел тақырыбы туралы айтпас бұрын ең бірінші, олардың өлеңдеріндегі әйелдерді типке бөліп, анықтап алғанымыз дұрыс. Өйткені екі түрлі өлкеде, қоғамда өмір сүрген ақындардың өлеңдеріндегі әйелдердің жынысы бірдей болғанымен, өз айырмашылықтары болары анық. Себебі қос ақынның өлеңдерінде бірінде қазақ әйелі, бірінде түрік әйелі сезімі беріледі.

Гүлтен Акын поэзиясындағы әйелдер үш түрлі:

Шарасыз, бас бостандығы жоқ, қорқақ, оқымаған, шаруа, геджеконду әйелдері;

Өзі секілді батыл, ержүрек, өжет әйелдер.

Ғашық болған қыз.

Ал Фариза Оңғарсынова өлеңдеріндегі әйелдер мен қыздар:

Ғашық әрі тәкаппар қыздар;

Мұнды, сағынған әйелдер мен қыздар;

Қазақ қызы, өжет дала қызы.

Әйелдер жан дүниесіне барлау жасауда ақын жетістігі мол. Оны Фариза ақын өзі де ашып айтады: "Адам деген күрделі жаратылыс қой. Соның ішінде әйел халқының жан-дүниесі өз алдына бір әлем. Менің өз жырларымды сол әйел жанының сан күйін мүмкіндігім жеткенше жеткізгім келеді. Менің бұл тақырыптағы лирикалық кейіпкерім – әйелдер. Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы өлеңдерімнің арқауы", – дей келе:

Өз-өзімнен өртеніп барам жанып,
жүректен жас ағады тарамданып.
Менде жай жоқ бұл күнде тым болмаса
ақтарылар алдында саған барып.
Жасқа ғана толады жанар налып,
мен үшін тұр дүние қарап қалып.
Қақ төбемде жалт ойнап жатыр бүгін,
қалай тұрмын, япыр-ау, аман қалып?
Шырқап, шалқып жүрген бұл кезім менің,

қалай сонша күйгенім, езілгенім?
Бұл өмірдің азабы - ар алдында
күнаң болмай кінәлі сезінгенің.
Дөңбекшідім, түндерде көз ілмедім,
көз ілмедім, таусылды төзімдерім.
Алдамшы боп бара ма мынау жалған,
түсінбесең жанымды өзің менің.
Әттең, оттай сезімім шыдатпады,
суалғандай таудың да бұлақтары.
Арман алға сағым боп шақырғанмен,
көп екен ғой тірліктің сынақтары.
Сенуші едің сәбидей маған, көкем
(сенім артар бұл күнде адам да кем).
Біздегі үміт, сенімді өшіргендер
өкінбей-ақ рахат табар ма екен...
...Сүйген жүрек кешеді дейтін еді,
бұдан соң да кешіре алар ма екен... деп,
әйелдің мұң-қайғысын сыр ғып шертеді [4, 71].

Әйелдің жан дүниесіндегі аласапыран кезеңді ақын осылайша жырына қосады. Бірде мұңайған, бірде сағынған қыздың «көп екен ғой тірліктің сынақтары» таңданады.

Гүлтен Акынның «Қиямет» атты өлеңіндегі қыз мұңын ақын:

Ескі күнделігімді жақтым,
Махаббатқа толы сөздеріңді
Ренжіткен сөздеріңді
Күнделігімді жақтым.
Адресіңді жақтым
Барлығын өртегім келді
Сағынған, жақын болған күндерді
Жақтым адресіңді.
Сағынышқа толды өмірім.
Суретіңді жақтым,
Біреуін сақтағым келді.
Бірақ ең көп соны жақтым.
Апансыз бір қиямет күнін жақтым.
Күнделікті, адресіңді, суретіңді
Өмірімдегі әр орныңды
Суырып алып жүрегімнен сақтаған
Махабатты өртедім [5, 62].

Гүлтен Акын да Фариза секілді өлеңінде бірінші жақтан сөйлеп тұр. «Махаббатты өртедім» деуі жігіттен көңілі қалған қыздың сөзіндей. Ғашық адамға әрқашан оның күнделігі, сүйіктісінің мекен –жайы, суреті ыстық екені рас. Осы элементтерді ақын шебер пайдаланған. Осындай ұсақ детальдар арқылы ақын бізге ашынған қыздың, Фаризаның «кешіре алам ба» деп өз өзіне сұрақ қойған қыздың бейнесін көз алдымызға әкеледі.

Қорыта айтсақ, Ақын Фариза Оңғарсынова мен Гүлтен Акын өлеңдерінде көркемсөз өнері поэтикалық тілмен, ой өрнегімен үйлескен деуімізге толық негіз бар. Ақын қашанда өзі туған уақыттың перзенті болғандықтан, оның қысы мен жазын, көктемі мен күзін өз өлеңіне қосады. Қоғамдағы жасампаздық пен қасаң қылықтарды, адалдық пен арамзалықты, сенімділік пен сертсіздікті, жұбану мен улануды өлең жолдарына аямай төгеді.

Ақындар поэзиясы сонымен қымбат. Ақынның ішкі ділі, шынайы әлемі өз поэзиясымен әдіптеледі: көзқарасы, дүниетанымы өлең шумақтарында үздіксіз ағып жатады. Қос ақынның лирикалық кейіпкерлері – әйелдер. Олардың тағдыры, жан дүниесі, күлкісі мен көз жасы өлеңдерінің арқауы. Екеуі де осы жынысқа жататындықтан өзара үндестікті байқауға болады. Бірақ, қос ақын поэзияларындағы әйелдердің, қыздардың типтерін өзімізше бөліп қарастырдық. Екеуінде де ғашық, мұңлы, сағынған әйелдер мен қыздар. Сонымен бірге, шаруадан шаршаған, күйбің тірліктен қажыған әйелдер Гүлтен Акын поэзиясында жиі ұшырасады. Фаризада ондай әйелдер бірлі- жарым ғана. Фаризаның әйелдері, қыздары өзі секілді өжет, батыл. Әрине ондай әйелдер мен қыздар Гүлтенде мүлдем жоқ деп кесіп айтпаймыз. Тағы да Фаризада көбіне ауыл

қызы, дала қызының образы жиі ашылады. Гүлтен Акынның поэзиясында геджеконду қызы мен әйелдерінің образы жақсы ашылған.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тұрымбетова Ж. Түріктің ашықтық және қазақтың ақындыққ поэзиясындағы дәстүр үндестігі XIV –XIX ғ.ғ. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2009 ж.

2.Мүтиев З.. Ф. Оңғарсынова лирикасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2001ж. - 41 б.

3.Фариза Оңғарсынова: Толық шығармалар жинағы /Оңғарсынова Фариза. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015ж.- 23 б.

4..Оңғарсынова Ф. Маңғыстау маржандары. –Алматы: // Жазушы, 1970-94 б.

G.Akın. Rüzgâr Saati. – Ankara: // Seda, 1956.- 29 s.

ӘОЖ: 81.258.21

## ҚИМЫЛ ЕСІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

**КЕНЖЕБАЙ НҰРБИБІ БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**САРСЕНБАЕВА МАЙРА БЕКБОСЫНОВНА**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің сеньор-лекторы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются история изучения имён действия в казахском языкознании и этапы их научного формирования. В ходе изучения сложной грамматической системы глагола становится очевидной особая роль категории имени действия.

**Summary.** This article examines the history of studying action nominals in Kazakh linguistics and the stages of their scientific development. The analysis of the complex grammatical system of the verb reveals the special significance of the action nominal category.

Етістік – құрылымдық әрі семантикалық жағынан ең күрделі грамматикалық категориялардың бірі болғандықтан, қазақ тіл білімінде көп талқыланған сөз таптарының қатарына жатады. Етістікті жеке сөз табы ретінде алғаш жіктеген А. Байтұрсынұлы оның грамматикалық жүйесін анықтап, кейінгі зерттеулердің бағыт-бағдарына негіз қалады. Түркітанушыларды есепке алмағанның өзінде, қазақ тіл білімінде Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, М. Балақаев, І. Кеңесбаев, А. Қалыбаева, В. Исенғалиева, Н. Оралбаева, Ы. Маманов, А. Әбілқаев, И. Ұйықбаев, Н. Сауранбаев, Т. Қордабаев, Ш. Сарыбаев, Р. Сыздық, Ә. Қайдар, Б. Қасым, А. Салқынбай сынды ғалымдар етістік категориясын жан-жақты қарастырған. Соған қарамастан, етістіктің құрамындағы кейбір тұлғалардың табиғаты тереңірек талдауды қажет етеді. Солардың бірі — қазіргі қазақ тіліндегі қимыл есім формалары.

Қимыл есімдері – етістік негізінде жасалып, заттық мағынада қолданылатын, әрекет пен үдерістің атауын білдіретін туынды есімдер. Қазақ тіл білімінде бұл категорияға қатысты алғашқы ғылыми пайымдаулар XX ғасырдың басында қалыптаса бастады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» еңбегінде етістіктің сөзжасамдық мүмкіндіктерін қарастырып, -у жұрнағы арқылы жасалған тұлғалардың заттық мәнге ие болатынын көрсетеді. Ол бұл сөздерді «етістік түбірден жасалған есімдер» деп атап, олардың бойында әрекет мағынасы сақталатынын атап өтеді. Байтұрсынұлының пайымдауынша, жазу, оқу, сөйлеу тәрізді тұлғалар зат есім қызметін атқарғанымен, олардың білдіретін мағынасы – қимылдың жалпы атауы. Бұл тұжырым қимыл есімінің қазіргі ғылыми сипаттамасына негіз болған алғашқы көзқарастардың бірі.

1930–1940 жылдары Құдайберген Жұбанов қимыл есімін арнайы теориялық тұрғыдан қарастырған алғашқы зерттеушілердің бірі болды. Ол -у формасын етістіктің зат есімге ауысу процесінің нақты көрінісі деп бағалап, оның сөйлемдегі қызметін жан-жақты талдады. Жұбанов қимыл есімінің бастауыш, толықтауыш, баяндауыш қызметінде қолданылатынын мысалдар арқылы көрсетіп, оның дерексіз әрекет атауын білдіретінін дәлелдеді. Сонымен қатар, ғалым

қимыл есімдерінің жалпытүркілік негізін көрсету мақсатында басқа түркі тілдеріндегі ұқсас тұлғалармен салыстырмалы талдау жүргізді.

ХХ ғасырдың орта шенінде С. Аманжолов, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, М. Балақаев сияқты ғалымдар етістіктің сөзжасамдық жүйесін талдау барысында -у жұрнақты тұлғалардың морфологиялық табиғатына тоқталды. Бұл еңбектерде қимыл есімдерінің етістік пен есім арасындағы аралық категория ретінде танылуы, олардың сөзжасамдық ерекшеліктері мен сөйлемдегі қызметі ғылыми тұрғыдан дәлелденді. М.Балақаев қимыл есімінің стилистикалық рөлін көрсетіп, оның көркем мәтіндегі қолданыс ерекшеліктерін талдады.

А.Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов негізін қалаған ғылыми ізденістер қимыл есімінің қазақ тіл білімінде дербес грамматикалық категория ретінде танылуына жол ашты. Кейінгі кезеңдегі зерттеулер бұл категорияның морфологиялық, синтаксистік, семантикалық және стилистикалық қырларын кеңейте отырып, тіл жүйесіндегі орнын нақты айқындады.

Қазіргі қазақ тілінде -у жұрнақты тұлға мектеп грамматикасында «тұйық етістік» ретінде беріліп келгенімен, ғылыми тұрғыдан оны қимыл есімдері деп жеке категория ретінде оқыту анағұрлым тиімді болмақ. Қимыл есімдері қазақ тіл біліміндегі сөзжасам және грамматикалық теорияның маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып келеді. Бұл категорияның қалыптасуы мен ғылыми тұрғыда танылуы Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов еңбектерінен бастау алып, кейінгі зерттеушілердің еңбектері арқылы жүйеленіп, тереңдей түсті. Байтұрсынұлы қимыл атауларының табиғатын қазақ тілінің ішкі заңдылықтары негізінде түсіндіріп, олардың етістік пен есім арасындағы аралық форма екенін алғаш байқаған. Ал Жұбанов бұл тұлғаның морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерін нақты ғылыми негізде талдап, оның функционалдық қызметін айқындаған.

Кейінгі кезеңдердегі зерттеулер қимыл есімдерінің құрылымдық, семантикалық және стилистикалық қырларын жан-жақты ашып, тілдік жүйедегі орнын нақтылай түсті. Ғалымдар бұл категорияның сөзжасамдағы маңызын, сөйлемдегі қызметін және басқа грамматикалық формалармен арақатынасын көрсетті. Осылайша, қимыл есімі қазақ тіліндегі етістік туынды формаларының ішінде өзіндік орны бар, күрделі әрі көпқырлы грамматикалық категория екені дәлелденді.

Қазіргі уақытта қимыл есімдерін жеке тақырып ретінде оқыту, оның морфологиялық мүмкіндіктерін толық қамту, сөз тіркестері мен сөйлем құрылымындағы қызметін тереңдетіп үйрету қазақ тілін оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл форманы рай категориясына жатқызудан гөрі, дербес грамматикалық бірлік ретінде танып, оның септелу, тәуелдену, көптелу, сөзжасамдық үлгілерін жүйелі түрде оқыту – тілтанымдық және әдістемелік тұрғыдан орынды шешім болмақ. Егер оқу бағдарламалары мен грамматикалық еңбектерде бұл тұлғаның септелуі, тәуелденуі, көптелуі, сөз тіркестеріндегі қызметі сияқты ерекшеліктері толық жүйеленіп берілсе, қазақ тілін оқыту да, ғылыми зерттеу де бірізді әрі нәтижелі болар еді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1993.
2.Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 2006.
3.Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.- А., 1991.
4.Әміров Р. Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі.- А., 2005.
5.Байтұрсынов А. Тіл тағлымы.- А., 1992.

ӘОЖ 351.34

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

**ШАЙМЕРДЕНОВА АҚМАРАЛ ТАЛҒАТҚЫЗЫ**
Аққөз Қосанұлы атындағы №18 жалпы орта білім беретін мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме.** В статье речь пойдет о практико-теоретической обосновании и практическое использование эффективного методического продукта обучения языковым работам по развитию учащихся путем использования цифравой технологий в процессе обучения казахскому языку.

Всесторонне проанализировано, что внедрение мультимедийных программ на уроках казахского языка позволяет учащимся в короткие сроки усваивать и овладевать различными видами коммуникативных действий, связывая их между собой и комплексно объясняя.

**Summary.** The article will discuss the practical and theoretical justification and practical use of an effective methodological product for teaching language work on the development of students by using a multimedia program in the process of teaching the Kazakh language. It is comprehensively analyzed that the introduction of multimedia programs in Kazakh language lessons allows students to quickly learn and master various types of communicative actions, linking them together and explaining them comprehensively.

Қазіргі уақытта оқыту парадигмасы өзгерді. Білім беру мазмұны жаңартылып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты мұғалімдердің алдында оқыту әдістерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды игеру, оларды тиімді пайдалану міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы-бұл болашақ ұрпақтың заманауи талаптарына сай келетін жаңа бағдарлама.

«Цифрлық технологиямен жұмыс атқару бастамасында (өз бетінше жаңа білімді қабылдаудағы, еңгізудегі, бақылау-зерттеу) оқушы мен компьютердің, оқытушы мен оқушының өзара байланысын арттыруға негізделген оқытудың интерактивті жиынтығы оқушының танымдық өзегін дамытуда, қызығушылықтарын арттыруда, сөйлесім қызметін тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым түрлерін меңгеруде, сөйлесім және тілдесім әрекеттері жайында керек тілдік және коммуникативтік қабілетті база ретінде есте қалуында айтарлықтай үлкен рөл атқарады» [1,11б].

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді біріктіруден тұрады. Үйренуші яғни оқушы жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа инновациялық ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – оқушының белсенділігін арттыра түсу. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады. Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Жоба 60-90 ға жуық стратегиялардан тұрады. Солардың кейбірімен таныстыра кетейін.

1- стратегия топтастыру немесе ойды жинақтау Оқушыларды еркін ойлауға әрі тақырыпты ашып талдауға ат бағытап қолданатын оқыту стратегиясы. Бұл стратегиясы идеяларды жинақтап бір-бірімен сабақтастықты біріктіру үшін ой дамытып жетілдіруге қажетті құралдарды тудырды. Бұл тақырыпты зертеу тұрғысынан,сонымен қатар бұл стратегия жаңа түсініктермен көрсете оқитын көрнекіліктер: Категориялық топтастыру.

5 жол өлең( синквейн )- ақпараты түйіндей айту арқылы терең ойды сезімді және сенімді қысқа сөзбен қамту маңыздағы өнер. Бұл іс-әрекет басқаны тыңдауға үйретеді және басқаның идеясынан дұрысын тауып, екеуі бірдей келісетін жерлерді көруге бағыттайды.

Нұсқаулар.

1. Бірінші жол тақырыпты суреттейтін бір сөзден тұруы керек.(Зат есім болуы керек)

2. Екінші жол тақырыпты сипаттайтын екі сөзден ғана тұратын сын есім.

3.Үшінші жол тақырыптық әрекетті білдіретін үш сөзден тұруы керек. Үш қозғалыс етістіктерінен тұруы керек

4. Төртінші жол сіз бұрын тақырып туралы білген төрт сөйлемнен тұруы керек.

5. Бесінші жол тақырыптың мәнін қайтадан көрсететін бір сөзді синоним болуы керек.

1. Зат есім. (Не? Кім?) Мұғалім

2. Екі сын есім (Қай? Қандай?) Ақылды, білімді

3. Үш етістік (Не істеді? Не қылды?) Үйретеді, ізденеді, тәрбиелейді

4.Төрт сөзден тұратын сөйлем Болашақ жас ұрпақты тәрбиелейді
(тақырыпты ашатын)

5. Синоним Ұстаз

«Сенемін-сенбеймін» (стратегиясы)

Оқушылар оқыған әңгіме мазмұнын басшылыққа алып, мұғалім айтқан деректерді не растайды, не терістейді. Егер ол дерек рас болса жасыл қағазды көтереді, жалған болса қызыл қағазды көтереді.

«ГЛОССАРИЙ» СТРАТЕГИЯСЫ

Оқушыларға арналған тапсырма: «Жамандыққа жақсылық» мәтініндегі кездесетін сөздерді қатыстырып, тапсырмалар орындау. 1-топ. Шағын мәтін құрастырып жазады. 2-топ. Мақал-мәтел.

3- топ. Бір шумақ өлең құрастыру. 4-топ. Диалог құрастыру.

Қойған белгілеріне мән бере отырып, мәтінді қайтта қарап шығыңыз бұл белгілер сіздің біліміңіз, ойыңыздың сәйкес келген, не келмегенін айқындауға көмектеседі. Сонымен қатар, ол белгілер жаңа ақпараттарды, дұрыс жаттамай тани білуге көмектесті.

СТО бағдарламасында ұжымдық іздену жұмыстары жақсы нәтиже береді. Оқушылар пәнге қызығады. Сабақта бәрі жұмыспен айналысады, оқушының ойлау қабілеті артады.

«Модульдік оқыту технологиясының ерекшелігіоның арнайы құрылған оқу және танымдық жағдайлар арқылы жеке тұлғаның - танымдық қабілеттерін және танымдық процестерді дамытуға, жеке адамның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін белсенді сөздік қорын дамытуға бағытталуы болып табылады» [2,31б] . Бұл технология тұлғаның даму ерекшеліктері, жеке тұлғаның қызығушылық саласының дамуы, тұлғаның танымдық құрылымының даму ерекшеліктері туралы психологиялық ғылымның мәліметтеріне негізделген. Мұндағы қызығушылық немесе қызығу дегеніміз – ынталық, алғырлық, тұрақтылық және білуге құмарлық тәрізді бөліктерден тұратын, белгілі бір нәрсеге зейін қою арқылы эмоция тудырып, жүзеге асатын жеке басқа тән ерекшелік. Ал танымдық процестерге есте сақтау, ойлау, ынта, назар, қабылдау, есте сақтау, қиял және т. б. жатады.

«Бағдарламада мақсаты бойынша мәтін мазмұнымен танысуда оқушы мен компьтердің өзара интерактивті әрекеті аудиолық, визуалдық, сөздік, аралас әдістердің көмегімен жүзеге асырылады. Лексикалық, грамматикалық ұғымдарды меңгеруде грамматикалық тұрғыдан білікті арттыра дамытып көрнекілік әдістердің әрқилы графикалық көрнекіліктер – анимациялық кестелер, сызбалар – есебінде пайдаланылады» [3,81б].

«Қазақ тілін оқытуда цифрлық технологияның ақпараттық деректер мен электронды оқу құралдарының басты қызметтерін атап айтсақ:

1. Әрқилы ақпараттар алудың оны талдаудың, оқуға керек материалдарды көрнекті құрал ретінде мультимедиалық қорларды пайдаланса болады;

2. Танымдық жағдаяттар мен тілдік оқу негізінде ойлауды қамтамсыз етуде; оқу материалын меңгеруге арналған танымдық міндетті ұжымдастыруға; оқушылардың сөйлесім қызметін оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым түрлері арқылы тілдік және коммуникативтік қабілеттерін, лексика-грамматикалық біліктіліктерін дамытып, жетілдіруге тиімді болады;

3.Мультимедиалық ақпараттық деректер оқушылардың өзіндік тапсырмаларын тиімді ұжымдастыру мен бірлестіру құралы болады» [4,14б].

Қорытындылай келе, мұғалім ең алдымен XXI ғасырда инновация туралы түсінікке ие болуы керек деп келесідегідей ойымды тұжырымдаймын. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбие жұмысына жаңашылдықты енгізу, яғни жаңа әдістер, құралдар, жаңа тұжырымдар жасау және оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал және процесс ретінде кез-келген жаңалық енгізу жұмыстарын қамтиды. XXI ғасырда Инновацияға деген қажеттілік белгілі бір мәселені шешу жолында туындайды. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл

педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Қазақ тілін пән ретінде оқыту үрдісінде мультимедиалық бағдарламаны кірістіру оқушылардың ораторлық және сөйлесімдік дағдылары мен тіл бірліктерін дұрыс қалыптастырып, оны ары қарай дамытуға, тілдік өнімдерін коммуникативті тұрғыдан жетілдіруге септігін тигізеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Рахметова С. Қазақ тілін оқыту методикасы. – Алматы: Қазына, 2019. - 344 б.

2. Сайдалиева И. Интерактивті тақтаны сабақта қолдану// «Қазақ тілі: әдістеме» №2-2008

3.Досмаханова Ә. Мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығы мен мәдениетін қалыптастыру: электрондық оқу құралдарын дайындаудың жаңа мүмкіндіктері. Мектеп информатикасы: іс-тәжірибе проблемалары және келешегі: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Алматы, ҒПКБАРИ, 2005.

4. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту.- Алматы:Ғаламат,2018.-288б.

ӘОЖ 82.581.22

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ТІЛЕПОВА АРУЖАН ЖЕҢҒЫСҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ҚОЖАЕВА МАРЖАН ТӨРЕҒҰЛҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В области современной казахской грамматики существуют различные мнения об аналитических формах как среди ученых, изучающих тюркские языки, так и среди исследователей казахского языка. Изучение природы, состава, лексического и грамматического значения аналитических формантов является одним из главных условий изучения грамматики.

**Annotation.** In the field of modern Kazakh grammar, opinions on analytical forms differ among both scholars studying Turkic languages and researchers of the Kazakh language. Studying the nature, composition, lexical, and grammatical meaning of analytical formants is a key component of grammar studies.

Аналитикалық конструкция немесе сөздің аналитикалық формасы шығу тегі жағынан сөз тіркесіне барып тіреледі. Сөз тіркесі екі түрлі бағытта – грамматикалану бағытында және лексикалану бағытында дамуы мүмкін. «Сөз тіркесінің грамматикалану бағытында дамуының нәтижесінде сөздің аналитикалық формасы жасалса, оның лексикалану бағытында дамуының нәтижесінде фразеологиялық бірліктер жасалады»[1-405б].

Сөз тіркесінің грамматикалануы барысында оның құрамындағы сыңарлардың біреуінің лексикалық мағынасы күңгірттеніп, атауыш сөзден көмекші сөзге, ал сөздердің бүтіндей тобы сөздің грамматикалық формасына, яғни, аналитикалық формасына айналады.

Академик В.В.Виноградов орыс тіліндегі етістіктердің аналитикалық формаларын қарастыра келіп, олардың құрамындағы көмекші етістіктердің, мысалы, буду деген көмекші етістіктің өзімен тіркесіп айтылған тұйық етістікке келер шақтық мағынадан басқа ешқандай да қосымша мағына үстемейтіндігін айтады. «Сондықтан да буду читать екі сөздің немесе екі форманың еркін тіркесі емес, бұл читать деген етістіктің келер шағының бір ғана күрделі формасы, біртұтас грамматикалық бірлік» [2-483б].

Аналитикалық формант термині есімге де, етістікке де тән. Аналитикалық формант грамматикалық категориялары бар сөз таптарына қатысты. Олардың ішінде сапалық сын есімнің шырай категориясының аналитикалық формасы бар екенін кейбір ғалымдар көрсетіп жүр. Өте үлкен, ең жақсы, тым әдемі, өте таза т.б. қолданыстағы сөздер асырмалы шырайдың аналитикалық формаларына жатады. Сондай-ақ сен үшін, ауылдың маңы, үйге қарай деген тіркестерді септіктің аналитикалық формасы дейтін пікірлер де кездеседі.

Грамматикалық категориясы бар зат есім мен сын есімдегі грамматикалық аналитизм мәселесі дәлелденбегендіктен, аналитикалық формант ұғымы тек етістікпен байланысты қаралып

жүр. Түркі тілдерінде сөздің аналитикалық формасы туралы теорияның негізін салушы, түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формаларын зерттеуші ретінде ғалым А.А. Юлдашевті атауға болады. Ол «Түркі тілдеріндегі етістіктің аналитикалық формасын толық мағыналы етістік пен белгілі бір көмекші етістік формасының грамматикалық мағына арқылы тұтасқан бірлестігі деп таниды да, ондай грамматикалық мағына, біріншіден, тұтасып келген құрылымдық элементтердің бірде-бірінде емес, олардың тұтасқан тіркесінде пайда болатындығын, екіншіден, оның тұрақты және ондай тіркестің, етістік негізінің лексикалық мазмұнына қарамастан, бәріне бірдей ортақ болатындығын, үшіншіден, басқа бір форманың стилистикалық варианты немесе етістіктің грамматикалық жүйесінде дербес мағыналық единица бола алатындығын айтады» [3-25-26бб]. Ал қазақ тіл білімінде профессор Н.Оралбаева қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарын жалпы зерттеген, «аналитикалық формалардың етістіктің грамматикалық категорияларының формалары екендігін, олардың синтетикалық формалармен өзара шарттас, тектес келіп, ұштасып жататындығын және лексикалық единица немесе тұрақты сөз тіркесі тәрізді даяр единицалар емес, сөйлеу процесінде жасалатындығын» көрсетеді [4-8б]. Сонымен қатар оның етістіктің барлық категорияларына қатысты екенін дәлелдеген, аналитикалық формант, форма теориясының негізін қалаған. Әр категорияға қатысты негізгі аналитикалық форманттарды көрсеткен.

Аналитикалық формант туралы айтпас бұрын аналитикалық форма ұғымына түсінік берген жөн. Аналитикалық сөз формасының өзіне тән бірнеше белгілері бар.

Біріншіден, сөздің аналитикалық формасы дербес сөз бен көмекші сөздің бірлігінен тұрады. Ғалым Ә.Хасенов аналитикалық формаға былайша сипаттама береді: «Аналитикалық форма дегеніміз — атауыш сөздер мен көмекші сөздер тіркесінен жасалған құранды форма. Мәселен, ауылдың жаны, саған бола келдім, сен туралы, елу шақты т.б. аналитикалық формалы сөздер» [5- 301б]. Дербес (атауыш) сөз бен көмекші сөздің тіркесі дегенде міндетті түрде оның грамматикалық мәні ескерілуі қажет. Тек қана грамматикалық сипаттағы дербес сөз бен көмекші сөздің тіркесінің аналитикалық форма бола алатыны есте болуы керек. Мысалы, күліп жіберді, өте үлкен, тап-таза т.б.

Екіншіден, сөздің аналитикалық формасы грамматикалық категориясы бар сөз таптарына қатысты. Қазақ тілінде грамматикалық категориялары бар сөз таптары деп зат есім, сын есім және етістік аталып жүр. Осы үш сөз табының ішінде етістіктің аналитикалық формасы дәлелденді. Ал зат есім мен сын есімнің аналитикалық формасы әлі ғылымда шешімін таппаған мәселелер қатарында қалып отыр. Зат есім мен сын есімнің грамматикалық категорияларының мағыналарын білдіретін көмекші сөздер бар. Аталған үш сөз табының ішінде зат есімнің септік категориясының аралас аналитикалық формасы және сапалық сын есім шырайының аналитикалық формасы бар.

Үшіншіден, сөздің аналитикалық формасын жасайтын көрсеткіш – аналитикалық формант. Аналитикалық формант – сөздің аналитикалық формасын жасаушы көрсеткіш. Мысалы, келе жатыр, айта бастады, білсе екен, өте жақсы деген сөздердегі -е жатыр, -а баста, -са екен, өте дегендер – аналитикалық форманттар. Аналитикалық формант деп қосымша мен көмекші сөздің бірлігінен тұратын, не тек көмекші сөзден тұратын категория мағынасын білдіретін морфологиялық көрсеткішті атасақ, ол сөздің синтетикалық формасын жасайтын грамматикалық қосымшамен бірдей қызметтегі тілдік бірлік болып саналады.

Төртіншіден, сөздің аналитикалық формасын жасаушы аналитикалық форманттың құрамы тұрақты, оны өзгертуге болмайды. Мәселен, қимылдың өту сипаты категориясының мағынасын білдіретін -а бер форманты түбір етістікке тіркесіп, қимылдың қайталануын, созылуын білдіреді: айта бер, жаза бер. Осы формант тек осы құрамда ғана осы мағынаны білдіреді, оның құрамын өзгертсек, бұл мағынаны білдірмейді. Мысалы, бұл форманттың құрамындағы -а жұрнағының орнына -п жұрнағын қойып -п бер түріне көшірсек, ол қимылдың созылуын, қайталануын білдірмейді: айтып бер, жазып бер. Бұл аналитикалық формант құрамының тұрақтылығын дәлелдейді.

Бесіншіден, аналитикалық форманттар грамматикалық категориялардың мағынасын білдіретін көрсеткіштерге жататын болғандықтан, олар грамматикалық мағына береді.

Демек, аналитикалық формалы сөз лексикалық мағынамен бірге грамматикалық мәнді де білдіреді. Мысалы, өте үлкен дегендегі үлкен сөзінің лексикалық мағынасы да өте сөзінің асыру мәні де, яғни, грамматикалық мағынасы да қоса қабат көрінеді. Күліп жіберді, келе бастады десек, күлу қимылы да және оның тез, кенет жасалу мағынасы берілсе, келе бастады дегенде келу қимылы да және оның басталу мағынасы да қоса беріліп тұр.

Етістіктің аналитикалық форманты деп қосымша мен көмекші етістіктен тұратын, белгілі бір категорияның мағынасын білдіретін біртұтас күрделі морфологиялық көрсеткішті айтамыз.

Етістіктің аналитикалық форманты көп жағдайда бір қосымша мен бір көмекші етістіктен құралады.

Толық лексикалық мағыналы етістіктер жетекші етістіктер деп аталады. Мысалы, Кешкі алты боп қалды, қонақ үйдің фойесіне жинала бастадық (Ш.Жиенқұлова). Мұндағы жиналу жетекші етістігі лексикалық мағынаны білдіріп тұр, ал осы тіркестегі баста етістігінің тойды баста дегендегі қолданыстағы бастау мағынасы жоқ, сондықтан оның лексикалық мағынасы болмағандықтан, ол жетекші етістік емес, грамматикалық мәндегі көмекші етістік болады.

Жетекші етістікке тән белгілер мыналар: біріншіден, жетекші етістіктің міндетті түрде лексикалық мағынасының болуы қажет, екіншіден, жетекші етістік көмекші етістіктен бұрын тұруы керек, яғни, бұл орын тәртібі үнемі тұрақты болып келеді.

Грамматикалық дамудың нәтижесінде өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық қызметке көшкен етістік түрі көмекші етістіктер деп аталады. Тілде көмекші етістіктердің саны аса көп емес. Бірақ олардың тілде атқаратын қызметі орасан зор. Қазақ тілінде отызға тарта көмекші етістіктер бар, олар: ал, баста, бар, бер, біл, бақ, де, еді, ет, екен, емес, жазда, жатыр, жүр, тұр, отыр, кел, кет, қой, көр, жібер, жөнел, сал, түс, таста, қал, шық, қара, ет, біт. Көмекші етістіктердің өзіне тән бір ерекшелігі — олардың лексикалық мағынасының болмауы. Мысалы, Екі көзі көкпеңбек, беті-мұрны қызарған, сағал сары Баймағамбет Абайдың мінезіне күліп жіберді (М.Әуезов). Берілген сөйлемде жібер көмекші етістігі қолданылған, ол етістікте ешқандай лексикалық мағына жоқ, күліп жіберді дегенде әңгіме күлу туралы болып отыр.

Профессор А.Ысқақов көмекші етістіктердің қызметі туралы былай дейді: «Олардың көмегі арқасында, мағыналары қаншалықты олқы бола тұрса да, мағынасын толық дербес сөз арқылы білдіре алмайтын неше алуан өте нәзік семантикалық, грамматикалық абстракты мағыналар жасалып я беріліп отырады. Мысалы, шөлдеп кеттім және шөлдеп қалдым, серпіп жіберді және серпіп тастады… деген етістіктердің бірі-бірінен ерекшеленетін нәзік реңктерін тек көмекші етістіктердің жетекші етістіктерге үстейтін мағыналарынан ажыратуға болады» [6-328б ].

Көмекші етістіктер жетекші етістікке көсемше, есімше жұрнақтары арқылы тіркеседі. Мысалы, кел + е қойды, кет + іп қалды, кел + ген еді, келе + тін болды, кел + се екен, кел + іп алды т.б. Кейде бір жетекші етістікке бірнеше көмекші етістіктер тіркесе береді, мәселен, біткелі қалып еді т.б. Көмекші етістіктердің қолданылу аясы, жетекші етістікке тіркескенде оларға қосатын мағынасы мен түрлену сипаты бірдей емес. Сондықтан олардың өзі іштей толымды және толымсыз көмекші етістіктер болып екіге бөлінеді. Толымды көмекші етістіктердің қатарына келесілер жатады: ал, бер, бар, баста, бақ, бол, біт, жатыр, жібер, жүр, жөнел, кел, кет, көр, қал, қара, қой, таста, түр, отыр, өт, сал, шық, де, қыл. Толымды көмекші етістіктер әрі жетекші, әрі көмекші қызметте жұмсала алады. Мысалы, Ол жұдырықпен қойып қалды. Олардан қалып қойды деген сөйлемдердегі алдыңғы тіркесте қал етістігі көмекші, екінші тіркесте жетекші болып тұр.

Ал толымсыз көмекші етістіктерге е, ет, жазда, де сөздері жатады. Олар тілде үнемі көмекшілік қызметте ғана қолданылады. Көмекші етістіктердің бәрі категориялар мағынасын білдіріп, категориялардың аналитикалық формаларын жасауға қатысады.

Аналитикалық формант құрамында келетін қосымшалар – көсемше, есімше, шартты рай мен қалау рай жұрнақтары. Осы аталған қосымшалармен тіркесетін тілде отызға жуық көмекші етістіктер бар болса, олардың бірлігінен жасалған аналитикалық форманттар саны жетпістен астам. Мысалы, -а ал, -п ал, -а бер, -п бер, -а баста, -а бар, -п бар, -п біт, -п кел, -п шық, -а шық, -а жазда, -п жібер, -п қал, -а қал, -п кет, -е кет, -п қой, -п сал, -а сал, -п түс, -е түс, -п отыр, -п тұр, -п жүр, -п жат., -п жатыр, -а жатыр, -п таста, -п бақ, -п өт, -п біт, -п көр, -ған бол, -ғы кел, -а көр, -са екен, -са иегі еді, -п еді, -ғай еді,-атын еді, -мақ еді, -са еді, -ар еді, -п келе жат, -а көрме, -п жүре бер, -п сала бер, -п кеп кет, -п кеп жібер, -ған еді, -ған емес, -ған жоқ т.б.

Аналитикалық форманттар құрамы жағынан жалаң (дара) және күрделенген (күрделі) аналитикалық форманттар болып екіге бөлінеді. Бір, екі, үш морфемалы аналитикалық форманттар жалаң аналитикалық форманттар деп аталады. Мысалы: Қатты өзгеріп, жаны толқынға түскен Абай әлі оңалған жоқ (М.Әуезов). Менің күлкім түрткі болды да, сахнада тұрған артистердің бәрі күліп жіберді (Қ.Байсейітов). Толып жатқан үйді бір аралап шыққысы келеді (М.Әуезов). Мұнда -ған жоқ, -іп жібер, -қысы кел аналитикалық форманттар қолданылған. Олардағы -ған жоқ форманты, -іп жібер екі морфемадан, -қысы кел үш морфемадан құралған.

Сөздің аналитикалық формасы атауыш сөз бен көмекші сөздің тіркесінен жасалады; оның құрамындағы сыңарлар біртұтас лексикалық мағынаны береді; олар тұтасымен сөйлемнің бір ғана мүшесі болып табылады; сөздің аналитикалық формасы сөйлемдегі сөздермен тұтасқан күйінде байланысқа түседі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Аханов, К. Тіл білімінің негіздері : оқулық . – Алматы : Мектеп, 1973. - 662 с.
2. В.В.Виноградов. Русский язык. М. – Л., 1947, стр. 570.
3. А.А.Юлдашев. Аналитические формы глагола в тюркских языках. М.,1965.
4. Оралбаева Н. Аналитические формы глагола в современном казахском языке. Автореферат докторской диссертации. Алма-Ата, 1971.
5. Хасенов, Ә. Тіл білімі [Мәтін] : оқу құралы. – Алматы : Санат, 1996. - 416 б.
6. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы:Ана тілі, 1991.– 384 бет.

ӘОЖ 81.345.69

# ТІЛ ЖӘНЕ ТАНЫМ: КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАДАҒЫ ТЕОРИЯЛЫҚ АЛҒЫШАРТТАР

**САРЫҮЙСІНБЕК ҮМІТ БЕРІККЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ҚОЖАЕВА МАРЖАН ТӨРЕҒҰЛҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В данной статье с позиции когнитивной лингвистики рассматривается взаимосвязь языка и познания. Широко анализируются национально-культурные основы когнитивных моделей в казахском языке, их место в концептуальной системе, фреймовая структура и метафорические особенности. Основное содержание статьи составляет исследование культурных кодов, скрытых за языковыми знаками, проявлений этнического сознания и символической системы мышления.

**Annotation**. This article examines the relationship between language and cognition from a cognitive linguistics perspective. It provides a comprehensive analysis of the national and cultural foundations of cognitive models in the Kazakh language, their place in the conceptual system, frame structure, and metaphorical features. The article's primary focus is on the cultural codes hidden behind linguistic signs, manifestations of ethnic consciousness, and the symbolic system of thought.

Тіл – адамзат қоғамының тарихи жады, мәдени-рухани тәжірибесі және танымдық әрекеттерінің жинақталған көрінісі. Ал таным – адамның қоршаған орта туралы білімді қабылдау, өңдеу, жүйелеу, категориялау қабілеті. Лингвистикалық зерттеулерде тіл мен таным байланысы ертеден белгілі болғанымен, XX ғасырдың екінші жартысында дамыған когнитивтік лингвистика бұл байланысқа жаңа теориялық тұрғыдан жол ашты. Когнитивтік бағыт тілдік бірліктерді психикалық репрезентациялармен, адам санасындағы модельдермен, концепт жүйесімен тығыз байланыста қарастыруды мақсат етеді, яғни, когнитивтік лингвистика тілдің тек коммуникативтік емес, сонымен қатар концептуалдық жүйені ұйымдастырушы функциясын да қарастырады. Концепт, фрейм, сценарий, метафоралық модельдер – адам санасындағы ақпаратты өңдеу тәсілдерін көрсететін негізгі категориялар.

Қоғам мен мәдениеттің, тілдің өзара қарым-қатынасы жайлы мәселені таразылау үшін ұғымдарда қалыптасқан мағлұматтардың көмегімен белгілі бір қоғамға тән құндылықтарды сипаттау қажет. Олар әлеуметтік-тарихи жағдайларға, қоғамдық құрылыстарға, дамуға байланысты өзгерістерге ұшырап отырады [1, 13 б.].

Ғалам бейнесінің көрінісі саналатын тіл, ең алдымен, дүниенің көрінісін, бейнесін сипаттайды, таңбалайды. Рухани дүниенің жаңғыруы, сонымен сабақтас материалдық, ғылыми өндіріс пен тұрмыс күйі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, ол – халықтық, әлеуметтік-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, ғылыми, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс.

Әлемдік және отандық тіл білімінің қазіргі таңдағы дамуы лингвистикалық зерттеулердің антропоцентристік бағытталуымен сипатталады, тілді ішкі жүйелік талдаудан антропоцентристік

зерттеулерге көшу XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы тіл білімінің ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Себебі тілдік құбылыстарды зерттеуде лингвистика тек қана тілдік, атап айтқанда, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық т.б. жүйелермен шектеліп қана қоймайды.

Қазіргі таңда «тіл мен мәдениет», «адам және тіл» байланысын когнитивтік тұрғыдан қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Когнитивті бағыттың маңыздылығы мен өзектілігі оның тек теориялық лингвистикадағы контексті полипарадигматизміндегі доминанттылығында ғана емес, сонымен бірге ауқымды кең ғылыми бағдар ұсынуында, мәселен, тілдік құбылыстарды экспликациялау, тіл мен мәдениет байланысындағы адамның рөлі, адам және тіл мәселесі, басқа тіл құбылыстарын және аппаратын қарастыру (Е.С.Кубрякова, Ю.Д.Апресян, В.З.Демьянков, В.В.Колесов, Е.В.Рахилина, В.Б.Касевич, Ю.С.Степанов және т.б.). «Когнитивтік лингвистика лингвистикалық зерттеулердің шеңберін маңызды түрде күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [2, 9 б.].

Когнитивтік лингвистика адамның менталитетімен, білімімен байланысты болса, лингвистикалық мәдениеттану мәдениет пен тілдің арақатынасына көңіл бөледі. Лингвомәдениеттану тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттейді. Оның негізгі мақсаты – халықтың ойлау ерекшелігі мен оның мәдениетін тіл арқылы ашу. Тіл – мәдениеттің ажырамас бөлігі әрі ол лингвомәдениеттануда рухани болмыс ретінде танылады, яғни, тілде ұлттың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, дәстүрлері, ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері – рухани өмірі көрініс табады.

Тіл зерттеушілері тіл арқылы халықтың менталитетін, дүниеге, қоғамға, өздеріне көзқарасын түсінуге болады деп есептейді. Халықтың өмірі, дүниеге көзқарасы мақал-мәтелдерде, фразеологизмдерде, метафоралар мен символдарда сақталып қалған. Олар – халықтың мәдениеті мен менталитетінің ең бағалы мәліметтерінің дереккөздері. Лингвомәдениеттану мәдениетте метафора мен символдардың, ғасырлар бойы тілде сақталып келген фразеологизмдердің рөлін анықтауға тырысады, себебі фразеологизмдер халықтың көзқарасын, белгілі қоғамдық кезеңдегі сол заманның идеологиясын жанама түрде жеткізеді, яғни, халықтың мәдениеті фразеологизмдерде, метафораларда, символдарда бейнеленген.

Когнитивтік лингвистика – «тілді жалпы когнитивтік механизм ретіндегі когнитивтік құрал, яғни, ақпарат етіп көрсету, репрезентациялау және трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі ретінде қарастыратын лингвистикалық бағыт» [3, 53 б.].

Тіл – ұлттық мәдениеттің көрінісі. Осы ұлттық мәдениет, қоғамдық өзгерістер мен инновациялық атаулының барлығы тілде көрініс табуы заңды құбылыс. Себебі тіл – халықтың рухани және материалдық мәдениетінің, барлық бітім-болмысының айнасы іспетті. Тіл біліміндегі таңба теориясының танымдық негізін салушы В.фон Гумбольдттың: «Халықтың тілі барда оның рухы бар, халықтың рухы барда оның тілі бар, ал өзіме осыларға тең келетін нәрсені елестету қиын»,– деген пікірі біздің ойымызды негіздей алады [4, 23 б.].

Адам өзін қоршаған ортаны бейнелейтін көптеген қызмет түрлерін – еңбекті, өнерді және тағы басқа шығармашылық, өндірістік салаларды біледі. Олардың әрқайсысы шындыққа апаратын психикалық болмыстың дербес жүйесін көздейді. Осымен байланысты танымдық деңгейге қатысты қазірде жиі айтылатын «концептуалдық ғылым» шындықты ұғынудың негізгі тәсілі болып табылады. Дүниетанымның құрылысы мен негіздерін анықтауға бағытталған тілдік бейненің когнитивті модельдері ғылыми талдаулар жасауға мүмкіндік береді. Дүниедегі заттар мен құбылыстардың жер шарын мекендейтін адамдарға ортақ болуымен қатар, әр халық сол заттар мен құбылыстарды өз мәдениетіне, танымына, болмысына қарай ыңғайлап, өзінің таным-түсінігінің деңгейі мен тану мүмкіндігіне сәйкес атау береді.

Атаудың танымдық-қызметтік табиғатын терең тану үшін оның теориялық негізін қалаушылардың ғылыми пайымдауларының маңызы зор. Ғалым А.А.Потебня еңбектерінде антропологиялық тіл білімі адамның шығармашылық рухы туралы әлемдік ілімнің ең ірі бөлігі ретінде концептілік негізде зерттеулерге бастау болғандығы белгілі.

А.А.Потебня адамзат сөзінің табиғи шығармашылығы туралы лингвопоэтикалық тұжырымдамасында «теориялық көркемдік және ғылыми шығарманың бір ғана мақсаты адамның ішкі жан дүниесін өзгертушілік болып табылады. Осылайша бұл мақсат жаратушының өзіне қатысты жаратуы бір мезгілде жетеді. Ендеше көркем және ғылыми шығармада бір және сол уақытта қанша құрал болса, соншалықты мақсат бар немесе ондағы мақсат категориялары және құралдары барлық белгілермен сәйкес келе отырып, ажыратылуы мүмкін емес», – деп көрсетеді [5, 85 б.].

Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, лингвопсихология сияқты жаңа бағыттарға жол ашады. Антропоцентристік бағыттағы зерттеулер төмендегідей когнитивтік құрылымдарға ерекше мән береді: қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау, әрекет ету т.б.

Қоршаған дүние – адам мен оның ортасының өзара байланысы, ал дүние белгісі – адам мен оның ортасы жайлы ақпараттарды өңдеудің нәтижесі. Дүние бейнесі – «тұрақсыз, үнемі өзгермелі құбылыс». Қазіргі таңда ғаламның тілдік бейнесі мәселесі Е.С.Кубрякова, В.И.Постовалова, Ю.М.Караулов, В.Н.Телия, А.А.Уфимцева, Э.Д.Сүлейменова және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылып жүр.

Әр ұлт тілінде дүние, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік деректер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, негізінен, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқсастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығуына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің ондағы құбылыстардың тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады [6, 152 б.].

Зерттеуші С.Г.Воркачаевтың тіл мен таным, тіл мен ойлау мәселесі жөнінде мынадай пікірі бар: «Тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатысы адам баласының интеллектуалды өмірінде құндылықтар қаншалықты рөл атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен таным арақатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі» [7, 65 б.].

Ғаламның тілдік, ғылыми бейнесі әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесі мен біліміне байланысты. Себебі тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен тікелей байланысында емес, адамның өмірінен көрген-білген, көңілге түйген білімінің негізінде болып табылады. Әр халықтың тәжірибесі әр түрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі де, адамдар тәжірибесі де әр түрлі болуы – заңды құбылыс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
2. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. – Минск.: Тетра Системе, 2004. –225 с.
3. Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов /Под общей ред. Е.С.Кубряковой. – М.: Наука., 1996. – 340 с.
4. Гумбольдт В.фон. Избранные труды по языкознанию: пер. с нем. под общей ред. Г.В.Рамишвили: посл. А.В.Гулыги. – 2-е изд.- Москва: Прогресс, 2000. – 400 с.
5. Потебня А.А. Из лекции по теории словесности /Русская словесность: Антология. М., 1997. – 117 с.
6. Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
7. Воркачаев С.Г. Концепт счастья: понятийный и образный компоненты. М., 2001. – 130 б.


ӘОЖ 81.745.52

## ФОЛЬКЛОР ТІЛІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ КОД КӨРІНІСІ


**СЕРИКБАЕВА ГҮЛСИЯ КАЛДИБЕКОВНА**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ҚОЖАЕВА МАРЖАН ТӨРЕҒҰЛҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к. Қазақстан Республикасы, Тараз қ.


**Аннотация.** Взаимодействие человека и природы, формирующее материальные и духовные ценности национальной культуры любого общества, требует детального изучения. В силу своей динамичной, коллективной и системной природы, накопленные обществом к настоящему времени

культурные знания хранятся в его культурной и исторической памяти. Эти знания передаются из поколения в поколение посредством языка. Язык каждой нации имеет свои собственные культурные коды. Эта культурно-историческая информация играет важную роль в изучении и признании различных наций и их культур.

**Annotation.** The interaction between humans and nature, which shapes the material and spiritual values of the national culture of any society, requires detailed study. Due to its dynamic, collective, and systemic nature, the cultural knowledge accumulated by society to date is stored in its cultural and historical memory. This knowledge is passed down from generation to generation through language. The language of each nation has its own cultural codes. This cultural and historical information plays an important role in the study and recognition of different nations and their cultures.

Фольклор – халық шығармашылығының ауызша түрі ретінде этностың тарихи тәжірибесін, рухани құндылықтарын, дүниетанымдық көзқарастарын жинақтаған бірегей мәдени құбылыс. Мифтер, аңыздар, эпостар, ертегілер, жырлар, мақал-мәтелдер мәдени кодты – ұлттық мәдениеттің сабақтастығын қамтамасыз ететін белгілер мен мағыналардың жүйесін құрайды. Жаһандану және коммуникацияның дәстүрлі түрлерінің трансформациясы жағдайында мәдени кодты сақтау және түсіндіру мәселесі ерекше ғылыми мәнге ие болды, сондықтан да қазақтың ауызша дәстүрі мысалында фольклор шығармаларындағы мәдени код пен ұлттық дүниетанымды бейнелеудің негізгі жолдарын анықтау маңызды орын алады.

Мәдени код тұжырымдамасы мәдени семиотика, структурализм, мәдени антропология өкілдерінің еңбектерінде белсенді түрде қарастырылып келеді. Әдебиеттанушы әрі мәдениеттанушы Ю.М.Лотман мәдениетті фольклорлық мәтіндерге қатысты ұжымдық жадының сақтаушысы қызметін атқаратын белгілер жүйесі ретінде қарастырса [1-56б], кеңестік филолог-фольклорист В.Я.Пропп ойлаудың әмбебап және ұлттық ерекше үлгілерін көрсететін тұрақты функциялар мен сюжеттік элементтерді анықтай отырып, ертегінің құрылымдық талдауын ұсынды [2-98б].

XXI ғасырда тілдік білім беру тілдің тек қарым-қатынас және оқу құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық бірегейлік пен дүниетанымды сақтайтын мәдени код ретіндегі рөлін барған сайын баса көрсетуде. Бұл көзқарас ұлттық тілдің шекараларын жеке тұлғаның әлемді қабылдау шекаралары ретінде анықтаған В.Гумбольдттың [3-53б] негізгі еңбегіне негізделген. Тілді меңгеру тек сөздік қор мен грамматиканы үйренуден ғана емес, сонымен қатар мәдени дәстүрлерді, құндылықтарды және тарихи тәжірибені игеруді де қамтиды. Мәдени код ұғымы бастапқыда ақпаратты ұйымдастыратын құрылымдық жүйелерді сипаттау үшін кибернетика, математика және генетика сияқты ғылыми және техникалық салаларда пайда болды. Гуманитарлық ғылымдарда ол мағынаның мәдени және тілдік қауымдастықта қалай кодталатынын және берілетінін түсіндіруге бейімделген. Мәдени кодтар мағына жасауды реттейтін құрылымдар ретінде қызмет етеді, адамдардың идеяларды, бейнелерді және құндылықтарды қалай түсіндіретініне және жеткізетініне әсер етеді. Негізгі кодты білмей, мәдени мәтін көп мағыналы болып, мағынаның үйлесімді жүйесі емес, жай ғана символдар жиынтығы ретінде қабылданады. Бұл зерттеу мәдени кодтардың тілдік сипатын, олардың ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін және тілдік білім беруге әсерін зерттейді. Мәдени мағынаның тасымалдаушысы ретінде тілдік құрылымдарды талдай отырып, ол тілдің мәдени білімді ұрпақтан-ұрпаққа қалай кодтайтынын, беретінін және түрлендіретінін түсінуге тырысады.

Тіл ұлттық бірегейліктің негізгі қоймасы ретінде қызмет етеді, ұжымдық тәжірибені, дәстүрлерді және құндылықтарды кодтайды. В.Маслова «тіл – ұлттың мәдени коды» деп тұжырымдайды, оның ұлттық бірегейлікті сақтау мен берудегі рөлін атап өтеді [4- 20б]. О.Б.Кафанова мәдени кодты дәстүрлердің сабақтастығын және этномәдени бірегейлікті сақтауды қамтамасыз ететін «ұлттың мәдени жүйесінің құрылымдық негізі» деп сипаттайды [5- 86].

Мәдени кодтарды зерттеу лингвистикадан тысқары шығып, антропологияны, психологияны және семиотиканы қамтиды. К.М.Быков түсіндіргендей, «Біз нысандар мен оқиғаларды сипаттау үшін сөздерді біздің түсінуіміздегі шындықты айқындайтын тұжырымдалған ойлар арқылы жинақтап қолданамыз» [6-29б]. Осылайша, тіл тек коммуникация құралы ғана емес, сонымен қатар білімді құрылымдайтын және ойлауды қалыптастыратын когнитивтік негіз ретінде де қызмет етеді.

Бұл тіл білімінде мәдени сауаттылықтың маңыздылығын көрсетеді, себебі ана тілінде сөйлейтіндер өздерінің ана және шетел тілдеріне тән күрделі символдық және семантикалық құрылымдарды анықтай алуы керек. Тіл арқылы мәдени білімді сақтау және түрлендіру мәдени

кодтарды зерттейтін ғалымдар үшін маңызды міндет болып табылады. Осыған байланысты О.Б. Кафанова мәдени код ұзақ мерзімді этномәдени бірегейлікті қолдай отырып, мәдени жүйенің тұрақтылығын сақтайды деп тұжырымдайды [5-89б]. В.Маслова да мәдени кодтардың ұлттың дүниетанымы мен тарихи санасын анықтайтын өзара байланысты символдардың жүйелі желісін құрайтындығы туралы қорытынды жасайды [4-23б].

Мәдени мағынаны кодтаудың негізгі құралы ретінде сөздің ішкі формасына баса назар аударылады. Онда этникалық топтың тарихына, мінез-құлқына және дүниетанымына түсінік беретін енгізілген этномәдени ақпарат бар. Мұндай символикалық тілдік құрылымдарды анықтау және талдау халықтың когнитивтік және мәдени дүниетанымының тарихи аспектілерін қайта құруға мүмкіндік береді.

Тіл ұжымдық жады мен ұлттық дүниетанымды кодтайды. Қазақ тілінде отбасылық қатынастар және ұжымдық құндылықтар басты орын алады. Қазақ фольклоры тілінде ақсақалдар мен ата-бабаларға қатысты метафоралар жиі кездеседі, мысалы, ата-баба рухы тіркесінде осындай екпін байқалады. Бұл мәдени тұжырымдамалар, соның ішінде мақал-мәтелдер мен идиомалар әлеуметтік мінез-құлықты басқаратын ортақ сенімдерді кодтайтын «мәдени таным» ретінде әрекет етеді. Когнитивті-лингвистикалық тұрғыдан алғанда, тіл – тәжірибе арқылы қалыптасқан адам ойының көрінісі.

Қалыптасқан таным «маңдайға жазылғаннан қашып құтылмассың» сияқты мақал-мәтелдерде айқын көрінеді [7-176б], мұнда тағдыр маңдайға жазылған нәрсе ретінде тұжырымдалады, яғни, көзбен көру арқылы қабылдауды тағдырмен теңестіретін метафора, осыдан қазақ идиомалары жеке адамның, тағдыры мен ар-намысының түрлі мәдени модельдерін көрсететінін аңғаруға болады.

Тағдыр, мінез және ішкі күш сияқты ұғымдар тілде дене мүшелерімен байланысты мәдени қолданыста көрініс табады. Мысалы, қазақ тілінде жүрек сөзі эмоцияны білдіре отырып, көбінесе, батылдықпен байланысты, яғни, жүректі ер, жүректі адам мағынасында қолданылады. Табиғи және кеңістіктік кодтарының бірі жұлдыз табиғи метафорасы табыс, сәттілікті білдіре отырып, қазақ тілінде көк тәңірінің белгісі ретіндегі космологиялық немесе шамандық уәжін сақтап қалған. Түс метафоралары күшті символдық кодтауды көрсетеді: ақ тазалықты, адалдықты және бейбітшілікті білдіреді. Қазақта қара күні тіркесі бақытсыздық сәтін бейнелейді.

Жануарлар – қазақ аңыздарында жиі қолданылатын символдардың бірі. Мысал ретінде «қасқыр» сөзін алайық. Қазақ фольклорында «қасқыр» сөзі әр түрлі мағыналарда қолданылады, мысалы, күшті, шешуші, батыл, жүректі; қатыгез, зұлым, қанішер; ашкөз жануар. Қасқыр (бөрі) тәуелсіздік пен төзімділікті білдіреді, аңыздарда көбінесе Ақ бөрі ретінде бейнеленеді. «Бөрі бөрілігін істемей қоймайды» сияқты нақыл сөздер адам тіршілігінің табиғатпен байланыстылығын білдіреді. Қазақ мәдениеті үшін «бөрі» (қасқыр) түркі халықтарының тарихи жадындағы қасиетті ұғым, қасқырдың оң атауы. Аңыз бойынша, қасқырлар түріктердің ұрпақтарын құтқарған. Қасқыр тотемдік құтқарушы ретінде «Оғызнаме» эпикалық поэмасында, «Ақ қасқыр» қазақ ертегісінде жиі кездеседі. Бұл аңыз бойынша, қасқырлардың арасында қалған ата-бабаларымыз тірі қалу үшін ұрғашы қасқырдың сүтімен қоректеніп, оның күшіктерімен ойнаған делінеді. Бұл ата-бабаларымыздың мифологиялық санасында қасқырдың қасиетті жануар болғанын, құдайлық құдірет дәрежесіне көтерілгенін көрсетеді. Мұны тіліміздегі «иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар» деген мақал сөз растай түседі. «Қасқыр» сөзі бастапқы, күнделікті мағынасынан абстрактілі ұғымға айналды, қазақ мәдениетінде түрлі символикалық мәнге ие болды, халқымыздың ұлттық дүниетанымында мәдени код жасады. Мысалы, Түркияда қасқыр символы, көбінесе, саяси партиямен байланысты, түрік халқының жауынгерлік рухын, күш-қайратын, бостандығы мен батылдығын білдіреді. Республиканың алғашқы жылдарында соғылған монеталарда қасқыр символының болуы түрік мәдениетіндегі қасқыр мотивінің негізгі ұлттық символ ретіндегі маңыздылығын одан әрі айшықтап берді [8-156б]. Қазақ тілінде «қасқыр мінезді», «қасқыр жүректі», «көкжал қасқыр», «аш қасқырдай», «қасқыр талаған қойдай» сияқты тіркестер, сондай-ақ «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына», «Қасқыр байлағанға көнбес, шошқа айдағанға көнбес», «Қасқырлы жердің елі айтақшыл», «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан», «Қасқыр қарызын терісімен өтейді» сияқты мақал-мәтелдер де бар, мұның бәрі «қасқыр» лексемасының қазақ қоғамында терең тамыр жайған мәдени құбылысқа айналғанын көрсетеді. Жалпы алғанда, бұл талдау когнитивті лингвистиканың негізгі тұжырымдамаларымен сәйкес келеді:

Лингвистикалық деректерді когнитивті теориялармен және қазіргі заманғы зерттеулермен байланыстыру арқылы зерттеу тілдердің мәдени тұрғыдан маңызды білімді қалай кодтайтынын тереңірек түсінуге ықпал етеді. Нәтижелер тек академиялық құндылыққа ғана емес, сонымен қатар

білім беру, аударма, лексикография және мәдениетаралық коммуникацияда практикалық қолданысқа да ие.

Адамдардың әлеммен өзара әрекеттесуі арқылы жинақтаған білімі лингвистикалық семантика мен лингвистикалық дүниетанымда көрініс табады. Уақыт өте келе бұл білім белгілі бір тілде сөйлеушілердің ортақ дүниетанымына жүйеленеді, бұл тілдің антропоцентрлік сипатын көрсетеді. Нақты тілдік бірліктер ұжымдық білім мен мәдени модельдерді білдіретін мәдени кодтар ретінде қызмет етеді. Сөздік қор мен семантикалық құрылымдарды талдау арқылы зерттеушілер тілге енген негізгі құндылықтарды және оны сөйлеушілердің дүниетанымын анықтай алады.

Сонымен қатар, лингвомәдени зерттеулер тілдік әртүрлілікті және ұлттық бірегейлікті сақтауға, жаһандану дәуірінде мәдени тұрақтылықты қалыптастыруға бағытталған тілдің саясатын қуаттай алады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: Искусство-СПБ, 2000. – 704 с.

2.Пропп В.Я. Морфология сказки. – М.: Лабиринт, 1998. – 192 с.

3.Гумбольдт В. фон. О разнообразии структуры человеческого языка и ее влиянии на умственное развитие человечества / В. фон Гумбольдт; П. Хит, Пер. - Издательство Кембриджского университета, 1988. - С. 45–67.

4.Маслова В.А. Национальные ценности и язык: духовный код культуры / В.А. Маслова // Лінгвістыка. – 2010. – 2010. –№ 2(20). – С. 19–30.

5.Кафанова О.Б. Национально-культурные коды: определения и границы /О.Б.Кафанова // Филологическое образование: современные стратегии и практика: сб. науч.-метод. ст. — СПб.: ЛОИРО, 2011. — Вып. 1. — С. 284

6.Быков К.М. Обучение И.П. Павлова и современное естествознание / К.М. Быков // Обучение И.П. Павлова и философские вопросы психологии: сборник статей. — Москва : Издательство Академии наук СССР, 1952. — С. 5–32.

7.Қазақтың мақал-мәтелдері. — Алматы: Рауан, 2010. — 384 б.

8.Ордабекова Х.А. Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты / Х.А. Ордабекова, К.Қ. Күркебаев // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2018. — №3 (171). — Б. 153–159.

ӘОЖ 81.354.98

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҮСТЕУЛЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ-ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**СЫРЛЫБАЕВА АРАЙ ЖАМБЫЛҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**ҚОЖАЕВА МАРЖАН ТӨРЕҒҰЛҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті, ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Комплексное описание лексико-семантической системы, грамматических особенностей, синтаксической функции и функциональных изменений наречий в современном казахском языке, а также изучение динамики наречий в нашем языке является одним из важных направлений в выявлении общих закономерностей развития языка.

**Annotation.** A comprehensive description of the lexical-semantic system, grammatical features, syntactic function, and functional changes of adverbs in the modern Kazakh language, as well as the study of the dynamics of adverbs in our language, is one of the important areas in identifying general patterns of language development.

Қазақ тіл білімінің морфологиялық жүйесінде үстеулердің орны ерекше. Олар қимылдың, амалдың, сынның, мезгіл мен мекеннің сан қилы реңктерін білдіре отырып, сөйлемнің мағыналық құрылымын нақтылайды.

Қазіргі қазақ тілінде үстеулердің семантикалық өрісі кеңейіп, олардың функционалды-грамматикалық табиғаты жаңа зерттеулерді қажет етеді. Үстеулер – өзгеріске түспейтін, яғни, септелмейтін, көптелмейтін, тәуелденбейтін, жіктелмейтін ерекше сөз табы. Бұл олардың қызметтік жүктемесінің ерекшелігін көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде үстеу мәселесін зерттеу А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, К.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, А.Ысқақов, С.Исаев, Қ.Есенов, Ғ.Әбдуханов, Е.Саурықов, Ә.Ыбырайым т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылды.

Үстеулер – басқа сөз таптарынан мағынасы, қызметі және грамматикалық ерекшеліктері жағынан дараланатын сөздер. Олар заттың не құбылыстың өзін емес, оның әрекетін, сындық белгісін сипаттайды. Үстеулер сөйлемде, көбіне, пысықтауыш қызметін атқарады, сол арқылы қимылдың не белгінің реңк-өрісін кеңейтеді. Қазіргі қазақ тілінде үстеулердің мағыналық көптүрлілігі олардың тілдік жүйеде ерекше орын алатынын көрсетеді. Әсіресе, үстеулердің лексикалық-семантикалық топтарының бүгінгі күн тұрғысынан зерттелу барысында динамикалық өзгерістерге бейімділігін аңғару қиын емес.

Бүгінгі тілдік қолданыста мезгіл үстеулері (бүгін, кеше, ертең, жаңа, қазір, енді, баяғыда) сөйлеу мәнеріне байланысты жаңа реңктермен толықты. Қазіргі ауызекі сөйлеуде «қазірше», «әзірге», «бүгінде» сияқты тіркестер жиі кездеседі. Мекен үстеулерінің (жоғары, төмен, әрі, бері, алға, артқа, осында) көпшілігі ежелгі түркі тілдерінен бастау алады. Тілдің даму барысында олар тұрақты мағынаға ие болып, күрделі үстеулермен толықты: жоғары қарай, сырт жақта, алыс жерден т.б. Қимылдың жасалу тәсілін сипаттайтын амал-сын үстеулері сапында (тез, жылдам, ақырын, әрең, амалсыздан, әзер) эмоциялы реңк беретін үстеулер ерекше орын алады: апыл-ғұпыл, оқыс, кенеттен. Олардың эстетикалық мәні көркем әдебиетте өте жоғары. Мөлшер-күшейткіш үстеулер (өте, тым, аса, біршама, әжептәуір, сәл) көркем әдебиетте бейнелілік, экспрессия туғызуда маңызды рөл атқарады: өте әдемі, тым баяу, аса қуанышты. Мақсат (әдейі, әдейілеп, қасақана) және себеп-салдар (амалсыздан, еріксіз, мәжбүрленіп) үстеулерінің жасалу жолы ерекшеленіп тұрады.

Үстеудің басты грамматикалық сипаты – оның арнайы морфологиялық түрлену жүйесінің және грамматикалық категорияларының жоқтығы. Кейбір жекелеген үстеу сөздерге шырай жұрнақтары да жалғанады, мысалы: жоғары-рақ, төмен-ірек, тез-ірек, ақырын-дау, әрі-рек, ілгері-леу, ерте-рек, ерте-леу, бері-рек, дәл-ірек т.б. Осыдан көрінетіндей, шырай жұрнақтары кейбір мекен үстеулеріне де (жоғары-рақ, әрі-рек), мезгіл үстеулеріне де (кеш-ірек, ерте-рек), сын-қимыл үстеулеріне де (тез-ірек, ақырын-дау) жалғанады. Бірақ үстеудің мағыналық түрлерінің ешқайсысы да толық түрінде шырай категориясымен түрленбейді. Мысалы, мекен үстеулерінің (жол-жөнекей, әріде, сонда, алға т.б.), мезгіл үстеулерінің (бүгін, былтыр, биыл, әлі, енді, қазір), сын-қимыл үстеулерінің (тікелей, бірден, лезде, зорға) кейбіріне шырай жұрнақтары қосылмайды. Бұның өзі «негізгі үстеулердің көпшілігінен шырай категориясы жасалады» деген пікірдің қате екенін көрсетеді. Үстеуде ондай категория болу үшін я шырай категориясының қосымшалары барлық үстеуге немесе үстеудің белгілі тобына енетін барлық сөзге немесе барлық негізгі түбір үстеуге түгел жалғана алуы керек. Ондай жаппайлық қасиет мұнда жоқ, сондықтан үстеуде шырай категориясы жоқ. Әрине, бірлі-жарым үстеуге шырай категориясының қосымшалары жалғануы кездейсоқ емес. Олар, көбіне, негізгі түбір және қимылдың сапалық мәнін білдіретін үстеулер болып келеді. Бұның өзі тарихи жағынан үстеудің сын есіммен жақындығын, төркіндес екендігін ғана көрсетсе керек. Синтаксистік қызметі, ең алдымен, үстеудің семантикалық ерекшелігіне байланысты болғандықтан, яғни, үстеу қимылдың, іс-әрекеттің алуан түрлі белгілерін білдіретіндіктен, етістіктермен тіркесіп, негізінен пысықтауыш қызметін атқарып тұрады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінде үстеулердің жасалуы туралы ойын былайша жеткізген: «Қазақ тілінде түпкі үстеу сөздер тіпті аз. Көбінесе, үстеу мағынасында басқа есімдерден, есімдіктен, етістіктен шыққан сөздер жүреді. Әуелі түпкі үстеу сөздерді алып қарайық: сан есім һәм есімді күшейтуші үстеулерді жай үстеу дейміз, олар мынау: әбден, тым, тіпті, хас, сірә, есе, тап, нағыз, нақ, әрең, дәл, дөп, дәйім, әрі, бері, әбден, бұрын, енді, мана, әні, міне, ең, ылғи, таман, сайын, әлі, жория, жорта, дік» [1-113б].

Қазақ тілінің дәстүрлі грамматикасында негізгі сөзжасамдық үстеу жұрнақтары ретінде -ша, -ше; -лай, -лей (–дай, –дей, –тай, –тей); -дайын, -дейін (-тайын, -тейін); -шалық (-ша+лық), -шама (-ша+ма); -лап, -леп (-дап, -деп, -тап, -теп); -шылап (-шілеп); -қары, -кері; -ын, -ін, -сын, -сін т.б.

аталса [2-339б], Қ.Есенов үстеулердің сөзжасамдық жұрнақтарын жан-жақты зерделеп, олардың құрамына бұрын аталмаған жаңа 29 түрлі үстеу жұрнағын қарастырып, дәстүрлі тізімге «-леп», «-лата/-лете», «-лы/-лі (ертелі)», «-сыз/-сіз» («доғарусыз», «абайсызда»), «-ғай/-гей» («елбегей»), «-ы/-і» («ақыры»), «-шал/-шілеп» («итшілеп»), «-қары/-кері» («ішкері», «сыртқары») сияқты формаларды енгізген [3-71б].

Түркітанушы ғалым Е.Саурықов «Түркі тілдеріндегі үстеу сөз табының лексика-грамматикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы зерттеуінде «Түркі тілдеріндегі кейбір үстеулердің құрамындағы аффикстер шығу тегі жағынан алғанда алғашында жалғаулар болғанымен, қазіргі кезде олар сөздің түбірінен ажыратып алуға келмейтін дәрежеге жетіп, түбірмен сіңісіп, оның құрамдас бөлшегі болып қалған. Осындай алуан түрлі құбылыстардың нәтижесінде үстеулер жасалған» деп тұжырымдайды [4-23б].

Ғалым А.Н.Кононовтың «Өзбек тіліндегі үстеулер қимылдың алуан түрлі белгілерін, өту дәрежесін білдіреді. Негізгі морфологиялық-синтаксистік белгісі – түрленбейтіндігі, ал басты лексика-морфологиялық ерекшелігі түрленуші сөздердің барлығымен қатынасқа түсуі болып есептеледі» деген пікірі түркі тілдеріне ортақ үстеу қасиеттерінің барлығын дәлелдей түседі [5-282б].

Үстеулердің сөзжасамдық сипаты басқа түркі тілдерінде де ұқсас белгілерге ие. Мысалы, қырғыз тілінде етістік түбіріне «-лы/-ли» жұрнағы жалғанып, үстеу түзу тәсілі бар: мысалы, кырғызша «tez» («жылдам») сөзіне «-ly» жұрнағы қосылып, «tezly» («жылдам түрде, тез арада») болып жасалады. Өзбек тілінде де сын есімнен үстеу жасауда «-ча» жұрнағы кеңінен қолданылады; мысалы, «tez» («жылдам») → «tezcha» («жылдамдата»). Бұл – қазақ тіліндегі «-ша/ -ше» жұрнағына балама. Сонымен қатар өзбек тілінде «-ан» жұрнағы арқылы «ережелі», «көпке көп айтқызбайтын әрекет мәніндегі» үстеулер жасалады (мысалы, «vijdonan» – «артықсыздан, жан-жақты», «rasman» – «ресми түрде»). Бұл қазақ тіліндегі «–қана» (қасақана) сияқты мәнге жақын. Түрік тілінде де күй үстеулері сыни жағдайды білдіру үшін сын есімге «-се/-са» жұрнағы қосылады: «yavaş» («баяу») → «yavaşça» («баяу-баяу, жайлап»), «güzel» («әдемі») → «güzelce» («әдемі түрде»), «kolay» («оңай») → «kolayca» («оңай-ақ») сияқты. Бұл түрік –це/–ça жұрнағы қазақ «–ша/–ше»-сіне тікелей сәйкес келсе, қазақ тіліндегі «–тай/–тей, –дай/–дей» («осылай», «екіншілей» т.б.) – түркі тілдеріндегі «так», «те», «да» сияқты жұрнақтармен аналогты (мысалы, түрікше «ikincisi gibi» – «екіншісі сияқтанып»). Татар тіліндегі үстеулер де, әдетте, сын есімнен «–ça/–se» жұрнақтарымен жасалады. Мысалы, татарша «оймал» («доғал» бойынша) → «оймалаң» деген сияқты форма (әзірше қолда бар нақты үлгі аз). Жалпы түркі тілдерінде үстеулерді жасау үшін «-ч(а)/-ч(е)» жұрнақтарының іздері байқалады. Бүгінгі күні қазіргі қазақ тілінде де көнеленген септік формалары (-да/–де, -қа/–ке, -нан, -нен т.б.) арқылы жасалған үстеулер нақты қолданыста екендігі аян.

Қазіргі қазақ тіліндегі үстеулердің лексикалық-семантикалық жүйесін, грамматикалық ерекшеліктерін, синтаксистік қызметі мен қолданыстағы өзгерістерін кеңінен сипаттау, тіліміздегі үстеулердің динамикасын зерттеу – тілдің жалпы даму заңдылықтарын танудағы маңызды бағыттардың бірі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 бет.

2. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991.– 384 бет.

3. Таңсықбаева Б. Қайталама қос сөзді күрделі үстеулер. Тілтаным. 2021, (2): 68-75бб.

4. Саурықов Е. ҚР ҰҒА Хабаршысы. Филология сериясы.2010,№2, 22-26бб.

5. Кононов А.Н.Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1960.

ӘОЖ 398.91

## АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**ИСАЕВА АЙГУЛЬ КОЖАХМЕДОВНА**

Ы.Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В данной статье с лингвокогнитивной и прагматической точек зрения анализируются особенности использования пословиц и поговорок в «Словах назидания» Абая Кунанбаева. Основная цель исследования – выявить фольклорную основу пословиц и поговорок в прозе Абая, их авторскую трансформацию, а также определить их философско-дидактическую функцию. В ходе исследования применялись методы текстового анализа, сравнительного и интерпретационного анализа. В результате установлено, что Абай использует пословицы и поговорки не только как готовые образцы народной мудрости, но и как художественно-познавательное средство, способствующее обновлению национального мировоззрения и формированию авторской концепции.

**Abstract.** This article analyzes the features of the use of proverbs and sayings in The Book of Words (Kara Sozder) by Abai Kunanbayev from linguo-cognitive and pragmatic perspectives. The main aim of the study is to identify the folkloric basis of proverbs and sayings in Abai's prose, their authorial transformation, and their philosophical and didactic functions. The research employs textual analysis, comparative, and interpretative methods. As a result, it is established that Abai uses proverbs and sayings not merely as ready-made forms of folk wisdom, but as artistic and cognitive tools that contribute to the renewal of the national worldview and the formation of the author's conceptual framework.

Абай Құнанбайұлының қара сөздері – қазақ рухани мәдениетінің философиялық, этикалық және әлеуметтік ой-тұжырымдарын жинақтаған бірегей прозалық мұра. Бұл еңбекте ақын халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан даналығын бейнелейтін мақал-мәтелдерді кеңінен қолданады. Мақал-мәтелдер Абай мәтінінде тек көркемдік элемент қана емес, ойды ықшам әрі әсерлі жеткізетін танымдық және прагматикалық құрал ретінде қызмет атқарады.

Қазақ фольклорындағы мақал-мәтелдер – ұлттың дүниетанымын, моральдық қағидаларын, өмірлік тәжірибесін жинақтаған тілдік бірліктер. Абай осы дайын когнитивтік модельдерді философиялық ойды дәлелдеу, қоғам кемшіліктерін сынау және оқырманды тәрбиелеу мақсатында пайдаланады [4]. Сондықтан Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелдерді талдау ақынның тілдік тұлғасын, дүниетанымдық ұстанымын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нысаны – Абай Құнанбайұлының Қара сөздеріндегі мақал-мәтелдер мен мақал-мәтелдік құрылымдар. Материал ретінде қарасөздердің академиялық басылымдары мен электрондық нұсқалары алынды.

Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды:

-мәтіндік талдау – мақал-мәтелдердің мәтін ішіндегі қолданысын анықтау;

-салыстырмалы әдіс – халықтық мақал-мәтелдермен салыстыру;

-прагматикалық талдау – адресатқа әсер ету функциясын айқындау;

-интерпретациялық әдіс– философиялық мазмұнын ашу.

Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелдердің типологиясын анықтау үшін Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелдерді құрылымдық және семантикалық тұрғыдан бірнеше топқа бөлуге болады.

Дәстүрлі халықтық мақал-мәтелдерге формасы мен мағынасы өзгеріссіз сақталған мақал-мәтелдер жатады. Мұндай бірліктер Абайдың халықтық дүниетанаммен сабақтастығын көрсетеді. Ақын оларды дәлелдеу құралы ретінде қолданып, өз ойын оқырманға түсінікті етеді.Модификацияланған мақал-мәтелдерді контекстке бейімдеп, семантикалық реңк қосады немесе құрылымын өзгертіп қолданады. Бұл тәсіл мақалдың мағынасын тереңдетіп, философиялық сипат береді. Мұндай трансформация автордың шығармашылық еркіндігін және тілдік креативтілігін танытады[2].Авторлық афоризмдерде ой-тұжырымдары құрылымдық жағынан мақал-мәтелге жақын болып келеді. Уақыт өте келе бұл афоризмдер халықтық нақылға айналған. Бұл құбылыс Абайдың әдеби тіл мен халықтық тіл арасындағы дәнекер рөлін көрсетеді [1].

Танымдық тұрғыдан алғанда, мақал-мәтелдер Абайдың философиялық ойларын ықшам әрі жүйелі жеткізуге мүмкіндік береді. Олар абстрактілі ұғымдарды (ақыл, мінез, ар, еңбек) нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырады. Бұл тәсіл оқырман санасында дайын когнитивтік модель қалыптастырады [3].Мақал-мәтелдер арқылы Абай адам болмысының кемшіліктерін, қоғамдағы әділетсіздікті, надандық пен жалқаулықты сынайды. Осылайша, олар танымдық әрі бағалауыштық қызмет атқарады.

Прагматикалық тұрғыдан мақал-мәтелдер адресатқа тікелей ықпал етуге бағытталған. Абай оларды оқырманды ойландыру, өзін-өзі сынауға жетелеу және моральдық таңдау жасауға итермелеу үшін қолданады. Бұл жерде мақал-мәтелдер дискурстық құрал ретінде көрінеді [5].

Абайдың қарасөздеріндегі мақал-мәтелдер тәрбиелік функция атқарып, білімге, еңбекке, әділдікке шақырады. Ақын халық даналығын пайдалана отырып, өз заманының әлеуметтік мәселелерін көтереді және оларды шешудің жолдарын ұсынады.

Абай қарасөздеріндегі мақал-мәтелдер фольклор мен жазба әдебиеттің тоғысқан тұсын көрсетеді. Ақын халықтық мәтінді дайын күйінде қабылдамай, оны жаңа философиялық деңгейге көтереді. Бұл – фольклорлық сана мен авторлық дүниетанымның синтезі.

7-қарасөздегі сөйлемдер көбіне қысқа, жинақы, параллель құрылымды болып келеді. Бұл – мақал-мәтелдерге тән негізгі синтаксистік белгі. Мысалы, қарасөздегі пайымдауларда:

себеп–салдарлық байланыс;

антитезалық салыстыру (жақсы – жаман, ақыл – надандық);

жалпылауыш мәндегі үшінші жақтық баяндау кеңінен қолданылады. Мұндай құрылымдар мақал-мәтелдердің логикалық моделіне сәйкес келеді және мәтіннің дидактикалық әсерін күшейтеді.

Жалпылауыш сипаттағы бұл сөйлемдер нақты адамға емес, барша оқырманға бағытталған. Осы арқылы Абайдың афористік ойлары халықтық нақылға жақындай түседі [2].

2. Семантикалық-танымдық талдау

7-қарасөзде Абай адам бойындағы қасиеттерді бағалау барысында халықтық танымға негізделген бинарлық оппозицияларды қолданады:

ақыл – ақымақтық,

еңбек – еріншектік,

тәрбие – жүгенсіздік.

Бұл оппозициялар қазақ мақал-мәтелдеріне тән семантикалық құрылым болып табылады. Мәселен, халықтық санада қалыптасқан «Еңбек етсең ерінбей…» типтес мақалдармен мазмұндық үндестік айқын байқалады. Абай осы модельді сақтай отырып, оны философиялық деңгейге көтереді.

Мұнда мақал-мәтелдер когнитивтік схема қызметін атқарады: оқырман бұрыннан таныс танымдық үлгілер арқылы жаңа философиялық ойды тез қабылдайды [3, 100 б].

3. Прагматикалық және дискурстық қызмет

7-қарасөздегі мақал-мәтелдік құрылымдар прагматикалық тұрғыдан оқырманды тәрбиелеу, иландыру және өзін-өзі тануға итермелеу мақсатын көздейді. Абай оқырманымен тікелей диалог құрмай-ақ, жалпыадамзаттық мораль нормаларын ұсынады.

Бұл жерде мақал-мәтелдік ойлау:

авторлық этосты (беделді күшейту);

моральдық үкімді жұмсақ, бірақ әсерлі түрде жеткізу;

бағалауыштық мағынаны астарлап беру қызметтерін атқарады [5, 20 б].

Абайдың прагматикалық стратегиясы – халық даналығы арқылы сөйлеу, яғни оқырман қарсылықсыз қабылдайтын дискурс қалыптастыру.

4. Афоризм мен мақал-мәтел арасындағы шекара

7-қарасөздегі көптеген ойлар формалды түрде авторлық афоризм болғанымен, олардың құрылымы мен мазмұны мақал-мәтелге өте жақын. Бұл – афоризмнің кейіннен халықтық нақылға айналуына мүмкіндік беретін фактор.

Әуезов [1] атап өткендей, Абай афоризмдерінің өміршеңдігі олардың халықтық тілдік модельдерге негізделуінде. Осы тұрғыдан алғанда, 7-қарасөз – мақал-мәтелдердің әдеби трансформациясының айқын үлгісі.

5. Лингвомәдени аспекті

7-қарасөздегі мақал-мәтелдік ойлау қазақ халқының этикалық кодексін, яғни ар, ұят, еңбек, білім секілді базалық құндылықтарды бейнелейді. Бұл құндылықтар тіл арқылы бекітіліп, мәдени жадта сақталады. Абай осы лингвомәдени кодтарды саналы түрде пайдаланып, ұлттық дүниетанымды жаңғыртады.

Нәтижесінде, Абай шығармаларындағы мақал-мәтелдер ұлттық мәдени кодты сақтай отырып, жаңа идеялық мазмұнмен толығады. Бұл үрдіс Абайдың тілдік тұлғасын айқындайтын негізгі белгілердің бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері Абай Құнанбайұлының Қара сөздеріндегі мақал-мәтелдердің көпқырлы қызмет атқаратынын көрсетті. Олар танымдық, прагматикалық және тәрбиелік функцияларды

біріктіре отырып, ақынның философиялық ойларын жеткізудің тиімді құралына айналған. Абай мақал-мәтелдерді ұлттық дүниетанымды жаңғыртатын, оқырман санасына ықпал ететін көркемдік-танымдық механизм ретінде шебер қолданған. Бұл ерекшелік Абайды қазақтың ұлы ойшылы әрі жаңашыл тілдік тұлға ретінде танытады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әуезов, М. Абай Құнанбайұлы. –Алматы: Санат.2005

2.Жұбанов, Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты.2010

3.Қайдар, Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері.– Алматы: Ана тілі.2004

4.Сүйінішәлиев, Х. Абайдың қара сөздері. –Алматы: Ғылым.1995

5.Уәли, Н. Тілдік тұлға және дискурс. –Алматы: Қазақ университеті.2018

6.Abai Qunanbaiuly. The book of words (Trans.). –Almaty: Abai International Centre.2014

ӘОЖ 82-3 (574)(470)

## ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТЕРІНІҢ БАЙЛАНЫСЫ

**НАЗАРБЕКОВА ГУЛЬВИРА БЕЙБИТБЕКОВНА**
Төле би атындағы №8 гимназиясының орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье проанализированы пути формирование и основные направления культурно-исторических, идейно-эстетических взаимосвязей в русской и казахской литературе. Анализ дан с точки зрения литературного влияния на перевод, тематическое созвучие, жанровое обновление, а также взаимовлияния литературных методов.

**Summary.** This article analyzes the formation and main directions of cultural-historical, ideological, and aesthetic connections in Russian and Kazakh literature. The analysis is presented from the perspective of literary influence on translation, thematic consonance, genre renewal, and the mutual influence of literary methods.

Әр ұлттың әдебиеті даму өзге ел әдебиеттерімен қарым-қатынасқа түседі. Олардың арасында мазмұндық, пішіндік ауыс-түйістер болып жатады. Көп жағдайда бұл факторлар әдебиеттің дамуына оң әсер етеді. Сондықтан бір әдебиеттің басқа әдебиеттермен араласуға ынтықтығын, құлшынысын әдебиетшілер қолдап, қолпаштап отырған. XX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ және әлемдік әдеби байланыстарда күрделі құбылыстар, сапалық өзгерістер мол болды. Бұл қазақ әдеби байланыстарының ішінара жоспарлы, белгілі бір дәрежеде жүйелі түрде ұйымдастырылған кезеңі болды. Әдебиеттер арасындағы көркемдік-эстетикалық ортақ мәселелермен қоса, ұлттық әдебиет төңірегіндегі жалқы мәселелер көріне бастады. Қазақ-орыс әдеби байланыстары түрлі формаларда жүзеге асып, қос ұлттық әдебиеттердің арасында байланыстар ішкі де сыртқы да факторлар арқасында қарқынды жүрді.

Қазақстанда орыс әдебиетінің тарихы мен жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығы арнайы зерттеліп, Ресей ғылыми орталықтарында қазақ әдебиетінің мәселелеріне қатысты ғылыми еңбектер жазылды. Орыс-қазақ әдеби қатынастарының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші онжылдығы К.Ш.Кереева-Канафиева зерттеуіне арқау болды (Кереева-Канафиева, 1980: 280). Қазақ-орыс әдеби байланыстарын зерттеген Е.Солтанаева қазақ және орыс әдебиетінің байланыстарына арналған еңбектерді талдай отырып, бұл саланы зерттеудің әдебиеттануымызда тұрақталған дәстүрлері бар екендігін баса айтқан жөн дей келіп, «1) қазақ-орыс әдеби байланыстарының белгілі кезең шеңберіндегі әдеби процеспен бірлікте арнайы зерттелуі; 2) қазақ және орыс әдебиетінің кейбір мәселелерінің әдеби байланыстар контекстінде зерттелуі; 3) Қазақстанда орыс әдебиетінің зерттелуі. Яғни бұл саланы зерттеудің әдебиеттануда осындай дәстүрлері орныққан» деген пікір білдіреді (Солтанаева, 2015: 219-224). Орыс ғалымдары мен жазушылары қазақ қаламгерлерінің шығармашылық лабораториясына қызығушылық танытып, олардың шығармаларын әлем әдебиеті мәселелерімен тұтастыра қарастырған монографиялық еңбектері арқылы ғылыми байланыстарды нығайтып жатты. Мұндай тығыз

ымыраластық екі елдің түрлі ресми, бейресми ұйымдары арасында, ғылыми орталарда, білім ордаларында, жеке тұлғалар деңгейінде жүзеге асты.

Бүгінгі күні қазақ және орыс әдебиетінің байланыстарын зерттеудің әдебиеттануымызда қалыптасқан дәстүрлері бар. Қазақ-орыс әдеби байланыстарының саналуан мәселелері қазақ әдебиетін зерттеуші көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Мәселен, М.Әуезов, М.Фетисов, Л.Соболев, Е.Лизунова, З.Кедрина, И.Габдиров, Ш.Кереева-Қанафиева, М.Қаратаев, Н.Смирнова, Ш.Сәтбаева, С.Сейітов, З.Ахметов, Н.Нұрмағамбетова, П.Косенко, Н.Ровенский, М.Базарбаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Ш.Елеукенов, Т.Кәкішев, Н.Жуанышбеков, Б.Майтанов, В.Бадиков, Б.Мамраев, Р.Нұрғалиев, Т.Есембеков, Н.Сағындықова, С.Ананьева, Д.Қонаев, Р.Қайшыбаева, Р.Батырбекова, Р.Абишева секілді ғалымдарды атауға болады. Осы бағытта қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысын белгілі кезеңнің әдеби процесімен бірлікте арнайы зерттеу еңбектер жазған М.Фетисов, Ш.Кереева-Қанафиева, Ш.Сәтбаева, Б.Мамраев, Р.Батырбекова, С.Ананьева, Д.Қонаев секілді ғалымдарды атауға болады. Әдеби байланыстардың теориясын, әдістемелік негізін сараптаған В.М.Жирмунский, М.П.Алексеев, Н.И.Конрад, Г.И.Ломидзе, И.Г.Неупокоева, М.Х.Маданова, Б.Б.Ысқақов, Ө.Күмісбаев, Б.Омаров, Р.Қайшыбаева және т.б. ғалымдардың іргелі еңбектері жарық көрді.

Әдебиеттер арасындағы байланыс – халықтардың тарихи тағдыры, мәдени қарым-қатынасы мен рухани сұхбатының айқын көрінісі. Қазақ және орыс әдебиеттерінің байланысы XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі сипат алып, XX ғасырда тереңдей түсті. Бұл байланыс қазақ әдебиетінің жанрлық, тақырыптық және көркемдік тұрғыдан дамуына ықпал етсе, орыс әдебиеті үшін түркі дүниесінің рухани кеңістігін тануға мүмкіндік берді.

Қазақ – орыс әдеби байланысының тарихи негіздері. Қазақ даласының Ресей империясы құрамына енуі әлеуметтік-саяси өзгерістермен қатар мәдени ықпалдастықты күшейтті. Орыс зиялыларының Қазақстанға келуі, ағартушылық қызметі, оқу-ағарту ісінің дамуы екі әдебиеттің жақындасуына жағдай жасады. Осы кезеңде қазақ оқырманы Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой шығармаларымен таныса бастады.

Абай және орыс әдебиеті. бай – қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысын күшейтуге аса зор үлес қосқан қайраткер. Абай заманы, ақындық өнерге, ағартушылық жолындағы күреске барын салып кіріскен кез – қазақ халқының тарихындағы ең күрделі, талас-тартысы, қайшылығы мол дәуір болатын. Бұрынғы хан билейтін заман артта қалып, ел арасынан сайланған аға сұлтандар шыққан болса, ондай тәртіп те жарты ғасырға жетпей өзгертіліп, қазақ даласы ұсақ-ұсақ болыстарға бөлшектеніп, ел билеу тізгіні уезд бастықтарының – патша әкімдерінің қолына көшкен еді. Бұл болыстардың билікке таласуын, ұлықтардың жолсыздығын, бассыздығын, парақорлыққа бейімділігін арттырды. Қазақ жерінде Россиядан көшіріліп қондырылған кедей шаруалардың саны көбейіп, патшалық әкімшілік талай шұрайлы жерлерді тартып алып, елді ата мекенінен ығыстырды. Патша үкіметінің Қазақстанды отарлау саясатының жемісі, нәтижесі болған осындай ауыртпалықтан, заңсыздықтардан, рухани кіріптарлықтан елді құтқарудың ендігі жаңа жағдайда бірден бір ұтымды жолы – білім-ғылым үйрену еді.

Қазақ елі мен көршілес орыс халқының арасында мәдени ауыс-түйіс бұрыннан орын алған еді десек те, орыс әдебиетінің қазақ мәдениетіне үлкен жаңа арна болып қосылуы осы кезде басталды. Орыс әдебиетін білуге, оны еркін игеруге ұмтылған Абай орыс ақын-жазушыларының шығармаларын тек қана өнерпаздықтың, көркемдік шеберліктің үлгісі деп қараған жоқ, айналадағы қоғамдық өмірді терең танып-түсінудің таптырмас құралы деп санады. Орыс жазушыларының шығармалары Россияның тарихынан, орыс халқының өмірінен хабардар болу үшін ғана емес, қазақ даласында әкімшілік жүргізіп отырған патша үкіметінің саясатын, ол саясатты жүзеге асырып отырған ұлық-әкімдердің озбырлықіс-әрекеттерін білу үшін де қажет еді.

Абай Құнанбайұлы – қазақ пен орыс әдеби байланысының ең ірі тұлғасы. Ол А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділерді, М.Ю.Лермонтовтың көптеген өлеңдерін, И.А.Крыловтың мысалдарын қазақ тіліне аударды. Абайдың аудармалары түпнұсқаның идеялық мазмұнын сақтай отырып, ұлттық поэтикаға лайық жаңа көркемдік сапа тудырды. Бұл қазақ әдебиетіне реализм мен сыншыл ойлау жүйесін орнықтырды. Абай сол замандағы орыстың қоғамдық ойының, әдебиетінің ең құнды жетістіктерін қадағалап, зерлеп білуге көп күш жұмсаған. Тұтастай алып қарағанда, Абайдың орыс әдебиетінен оқығаны, түйгені көп екені анық. Жоғарыда аталған «Русский Вестник» журналымен қатар, 1909 жылғы Абай өлеңдерінің жинағында берілген Кәкітай Ысқақұлының мақаласына қарағанда, ақын Чернышевскийдің «Современник» журналында басылған әдеби шығармаларды оқып отырған. Орыс әдебиетінен оқығаны қаншалық

көп болса да, Абай поэзиялық шығармаларды аударуға немесе еркін тәржімелеп, сарындас өлең жазуға келгенде үлкен талғампаздық танытып, кейбір өлеңдерді іріктеп қана алған.

Ыбырай Алтынсарин және ағартушылық дәстүр. Ыбырай Алтынсарин орыс педагогикалық ой-пікірін қазақ қоғамына бейімдеді. Ол К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой еңбектерін үлгі ете отырып, оқу құралдарын жасады. Алтынсарин әңгімелеріндегі тәрбиелік идеялар орыс ағартушылық әдебиетінің ықпалымен қалыптасты.

Шоқан Уәлиханов және ғылыми-әдеби байланыс. Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері мен публицистикалық жазбалары орыс ғылыми ортасымен тығыз байланыста дамыды. Оның Н.Г.Чернышевский, Ф.М.Достоевскийлермен рухани жақындығы қазақ руханиятының Еуропалық мәдени кеңістікке шығуына жол ашты.

Кеңес дәуірінде қазақ және орыс әдебиеттерінің байланысы институционалдық сипат алды. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы орыс тілі арқылы әлемге танылды. Әуезовтің көркемдік әдісінде орыс классикалық реализмі мен ұлттық дәстүр синтезі айқын байқалады. Сонымен қатар, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Нұрпейісов шығармаларында да орыс әдеби мектебінің ықпалы сезіледі.

Аударма екі әдебиеттің өзара ықпалдастығын күшейтетін басты құрал болды. Қазақ әдебиетінің таңдаулы үлгілері орыс тіліне, ал орыс классикасы қазақ тіліне аударылып, оқырман аясын кеңейтті. Бұл үрдіс ұлттық әдебиеттердің әлемдік әдебиетпен байланысын нығайтты.

Қорытындылайтын болсақ орыс және қазақ әдебиеттері арасындағы тарихи-мәдени, идеялық-эстетикалық байланыстардың қалыптасу жолдары мен негізгі бағыттары қарастырылады. Әдеби ықпалдастықтың көріністері аударма, тақырыптық үндестік, жанрлық жаңару, көркемдік әдістердің өзара әсері тұрғысынан талданады. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов секілді тұлғалардың шығармашылық мұрасы өзара әдеби байланыстардың нақты мысалы ретінде көрсетіледі.

Орыс және қазақ әдебиеттерінің байланысы – тарихи дамудың заңды нәтижесі. Бұл байланыс қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін көтеріп, жанрлық және стильдік жаңаруға ықпал етті. Өз кезегінде орыс әдебиеті қазақ халқының рухани әлемін тануға мүмкіндік алды. Әдеби ықпалдастық бүгінгі жаһандану дәуірінде де өз маңызын жоймай, мәдени диалогтың берік негізі болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Санат, 1997.
2.Қирабаев С. Ұлттық әдебиет және дәстүр. – Алматы: Ғылым, 2001.
3.Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.
4.Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Мектеп, 2010.

ӘОЖ: 373.167.1(075.3)

## С.ТОРАЙҒЫРОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**НҰРЛАНБЕК ШЫНАР КЕНЖЕҒАРҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**АРХАБАЕВА ГҮЛНҰР ЕРМАХАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің сеньор-лекторы, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются педагогические и психологические основы преподавания произведений С.Торайгырова. Отмечается воспитательный потенциал его творчества, влияние на формирование нравственных и эстетических ценностей учащихся, а также эффективные методы и подходы, способствующие глубокому пониманию произведений писателя.

**Summary.** The article examines the pedagogical and psychological foundations of teaching S. Toraygyrov’s works. It highlights the educational value of his writings, their role in shaping students’ moral and aesthetic development, and effective teaching approaches that support deeper understanding of the author’s literature.

Әдебиет өнердің барлық түрлері сияқты адам санасына белгілі идеяны сіңірумен бірге, өмір шындығын көрсетуде қоғам мүшелерінің ой-санасының өсуіне, дамуына, қалыптасуына әсер етіп отырған. Оқушылардың көркем шығармалардың сырын зерделеуі олардың психологиялық мүмкіндіктеріне негізделеді. Мектептегі әдеби білім беру мақсатында жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың қай-қайсысы болмасын оқушының көркем шығармадан алған әсеріне, оқырмандық қабылдау ерекшеліктеріне сай құрылады. Баланың психологиялық дамуы, олардың қоршаған дүниені қабылдауы, түсінуі көптеген педагогтар мен психологтардың зерттеу обьектісі болып келген. Мұғалімнің педагогикалық әдебі мен мәдениеті, оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі, баланың өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оның жан дүниесіне терең үңілудің қажеттілігін қазақтың тұңғыш педагогы Ы.Алтынсариннің: «Мұғалімнің жұмысы – балалар. Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы олардың көкейіне қондыра алмағаны үшін өзін-өзін кінәлауға тиіс. Ол балалармен сөйлескенде ашуланбай, шыдамдылықпен жұмсақ сөйлесу керек, әрбір нәрсені ықыласпен түсінікті етіп түсіндіру керек, мәнерсіз сөз, орынсыз терминдерді пайдаланбау керек» – деген пікірі де нақтылай түседі[1,15-б]. Қазақ халқының көрнекті ақыны әрі педагог-психологы М.Жұмабаев «Педагогика» атты ғылыми еңбегінде педагогикаға жәрдемші пәндерді дене туралы және жан туралы пәндер деп екіге бөледі де, жан туралы пәндер қатарына психологияны жатқызады [2].

Біздің зерттеу жұмысымыздың негізгі нысаны болып отырған ойшыл ақын С.Торайғыров өзінің «Қазақ ішінде оқу оқыту жолы қалай?» деген публицистикалық шығармасында оқытудың педагогикалық аспектілеріне өзіндік пікір білдіріп, шәкірттерді білім дәрежесіне, жас ерекшелігіне, қабылдау деңгейіне қарай бөліп оқыту тәртібін ұсынады [3,128-б].

С.Торайғыров оқу-ағарту, білім беру ісінің мазмұнына, оқытудың әдіс тәсілдерін жетілдіруге ерекше көңіл бөле отырып, оқу процесін жүзеге асырудың бірнеше тиімді жолдарын: оқыту барысында балаларға түсінікті ұғымдарды үйретуден бастауды, шәкірттердің жеке қабілеті мен ерекшеліктерін ескеруді ұсынады. Бұл принциптер педагогика тарихындағы дидактиканың жүйелілік – жеңілден күрделіге қарай оқыту және білім оқушылардың жасына және даралық ерекшіліктеріне негізделу принципімен сәйкес келуімен де маңызды болып табылады. Демек, қазақ балаларын оқу-білімге шақырған ағартушылардың оқыту, білім беру идеясының бүгінгі таңдағы шәкірттердің білім деңгейін көтерудің тиімді жолдарын, оңтайлы әдіс-тәсілдерін қарастырып жатқан педагогика мен психология принциптерімен үндесіп жатқанын байқаймыз.

Оқытуды балалардың табиғатына сәйкес құрудың қажеттігі жайлы XVI ғасырдан бастап Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский, т.б. прогресшіл педагогтар құнды-құнды пікірлер айтқан. Оқыту жүйесін терең зерттеп, теориялық жағынан негіздеген ағартушы Я.А.Коменскийдің балалардың жасы мен білімін ескере отырып оқытуды білім берудің алғы шарттарының бірі ретінде ұсынған теориясына сәйкес А.Н.Радищев, Ф.И.Янкович, Н.И.Новиков сынды XVIII ғасырдың көрнекті ағартушы-педагогтары ғылыми ақиқатты оқытып үйретуде баланың қабілетін дамытуға және ұнамды адамгершілік сапасын нығайтуға көмектесетін оқу әдістерін қолдануды бірінші кезекке қояды.

Оқу үрдісінде оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамыту, олардың назарын оқытылатын материалға үнемі аудару, сабақты тартымды да қызықты өткізу, оның жемісті болуы оқушы психологиясы жан-жақты ескерілген жағдайда толық жүзеге асады. Көрнекті педагог К.Д.Ушинский: «Шындықтың деректерінен нәр бермейінше, жалпы түрде ғана ақылды дамыту деген ретсіз, болмайтын іс, себебі адамның ойлауы деректерді жиыстырып, соларды өңдеу арқылы ғана дамиды», – деген тұжырымы сабақтың жақсаруы мен жетілдіруіне көп көңіл бөлумен бірге, оқытуды ғылыми тұрғыдан баланы сүю және қадірлеу, оның психикалық қабілеттерін дамыту негізінде ұйымдастыру мектеп пен мұғалімнің бірден-бір міндеті екенін көрсетеді[4,195-б]. Аталған қағидаттар оқыту мәселесіне арналған еңбектерде, зерттеулерде педагогика ғылымы тұрғысынан дәлелденгені ақиқат.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерге арналған тұжырымдамасында пән мұғалімінің бала психикасын жетік білуінің, өз сабағын психология ғылымының заңдылықтарына сай жүргізудің маңызы баса айтылған. Бұл ұстаздан психологиялық жоғары әзірлікті талап етеді.

Мектеп бағдарламасында сыныпта және сыныптан тыс оқылатын көркем шығармалар арқылы ақыл-ой, парасат, адамгершілік, имандылық, ұлттық мінез-құлық қасиеттерін қалыптастырудың, оқушының көркем қабылдауын дамыта отырып еңбекке, жауапкершілікке тәрбиелеудің жолы сан алуан. Оқытудың педагогикалық-психологиялық негізі, оқушыны көркем әдебиетке қызықтыру, әдеби шығармаларды толық меңгерту туралы өз кезінде М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтар құнды

пікірлер айтқан. Кейінгі жылдарда ол пікірлер Қ.Жарықбаев, М.Мұқанов, Т.Сабыров, Ж.Қоянбаев, Р.Сүлейменова, т.б.педагогтар мен психологтардың педагогикалық ұстанымдарында оқушылардың психологиялық өзгерістері мен даму процестері олардың жас ерекшеліктеріне байланысты екендігі жан-жақты талданып, ғылыми тұрғыдан негізделді.

Оқытуда педагогикалық-психологиялық заңдылықтарды, дидактикалық қағидаттарды білудің оқу жұмысының тиімділігін арттыруда маңызы зор екендігін көреміз. Сыртқы дүние сезім мүшелері арқылы қабылданды. Сезім болмаған жерде қабылдау да, түйсік те болмайды, ал түйсіксіз топшылау, тану процесі жүзеге аспайды. Адамды белгілі бір әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын түрткі – мотив болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Мотивтің басқыштары, сатылары туралы М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде: «Жанымызда бір тілек бар. Сол тілекті іске асырғымыз келеді. Тілектің іске асуының тиістілігін бекітетін себептер яки дәлел – мотив деп аталады. Бұл – қайраттың мақсатқа жету үшін жанның алға ұмтылуының бірінші басқышы», – деп көрсетеді[5,5-б]. Яғни, адамды әрекетке итермелейтін қозғаушы күш–мотив баланың бір нәрсеге мұқтаждануынан, қажетсінуінен, қалауынан пайда болады екен. Қазақ халқының ұлы ойшылы А.Құнанбаевтың: «Жас бала анадан туғанда екі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады, бұлар тәннің құмары, ... біреуі – білсем екен дегендік, не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса оған қызығып, ... сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, ... көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары. Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен, дегендік»,– деген психологиялық ой-тұжырымының бүгінгі әдістеме ғылымы үшін де маңызы зор[6,21-б]. Қажеттердің өзі екі түрге бөлінеді: біріншісі – материалдық қажеттер, екіншісі – рухани қажеттілік. Міне, осы рухани қажеттілікті, яғни білімді, өнерді өтеп отырудың адам үшін маңызы зор болмақ, ал рухани қажеттердің өтелмеуі рухани аштыққа ұшыратады, сана-сезімнің өсуіне, ой-өрісінің дамуына кедергі келтіреді.

Оқытудың педагогикалық-психологиялық аспектілеріне қатысты оқушылардың ақыл-ой қабілетін дамыту, таным дүниесін арттыру, сана-сезіміне ықпал ету туралы отандық ғалымдар М.Мұқанов, Ж.Қоянбаев, Е.Сағындықұлы, М.Махмутов, шетел ғалымдары Д.Локк, К.Д.Ушинский, И.Г.Песталлоци, т.б. педагог-психологтардың еңбектері негізінен басшылыққа алынды.

Сабақ барысындағы түрлі шығармашылық іс-әрекет пен жағдайдың оқушылар үшін педагогикалық-психологиялық ықпалы зор екені айқындалды. Лирикалық шығармалардағы образды суреттеу, бейнелі тіл құралы балалардың ой-санасына психикалық тұрғыдан қозғау салып, эстетикалық, адамгершілік, елшілдік, т.б. рухани сезім тұрғысынан әсерлендіретіндігі, оқушылармен педагогикалық ынтымақтастық негізде оқылып, талданатын көркем шығармалар, жүргізілетін әдеби жұмыстар шәкірттердің ой-өрісіне қозғау салып, эстетикалық танымын кеңейтуге ықпал ететіні нақты мысалдармен дәлелденді.

С.Торайғыров шығармаларының қазақ әдебиеті тарихындағы орны мен зерттелуінің оқыту жүйесіне ықпалы мен әсері, ақын мұрасының жас ұрпақты тәрбиелеудегі мәні, маңызы жан-жақты қарастырылды. Ақын шығармаларын оқытудағы шешімін күткен мәселелер көтерілді. С.Торайғыров шығармаларын орта мектептің 5-11-сыныптарында оқытудың әдістемелік жүйесін жасау, білім беру мен оқыту сапасын арттыратындығы тұжырымдалды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Алтынсарин Ы. Тыңдамалы шығармалары. – Алматы, 2015. – 15б.
2.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 2012.
3.Торайғыров С. Шығармалар жинағы II том. – Алматы: Ғылым, 2013, – 128б
4.Ушинский К.Д. Таңдамалы шығармалары. Москва, 2017. – 195б.
5.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Мектеп, 2013. – 5б.
6.Құнанбаев А. Қарасөздері. Жетінші сөз. – Алматы: Ел, 2013. – 21б.

ӘОЖ: 373.167.1(075.3)

## СЫН ЕСІМДЕРДІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

**РАХЫМ АНЕЛЬ АБЗАЛҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**АРХАБАЕВА ГҮЛНҰР ЕРМАХАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің сеньор-лекторы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В статье также рассматривается синтаксическая функция прилагательных в предложении. Чаще всего они выступают в роли определения, однако в субстантивированном виде могут выполнять функции подлежащего, дополнения или сказуемого. Кроме того, анализируется лексико-грамматическая классификация прилагательных, их словообразовательные возможности и механизмы расширения значения.

**Summary.** The article also examines the syntactic function of adjectives in a sentence. Most often, they serve as attributes, but when substantivized, they can function as the subject, object, or predicate. In addition, the paper analyzes the lexico-grammatical classification of adjectives, their word-formation potential, and the mechanisms of semantic expansion.

Басқа тілдердегі сияқты, қазақ тілінде де сөздер беретін мағынасы жағынан грамматикалық категориялары, сөз түрлендіруші және сөз тудырушы формалары жағынан топ-топқа бөлінеді. Сөз таптарын айқындауда, бір сөз табын екінші бір сөз табынан ажыратуда ол сөздердің сөйлемдегі қызметінің де үлкен мәні бар. Сөздердің сондайлық ерекшеліктеріне қарай жүйелеудің нәтижесінде пайда болған сөз табының бірі – сын есім.

В.В.Виноградов сөз табын морфологияның обьектісі, сонымен тығыз байланысты, оған тікелей қатысы бар екендігін айтады. Олай болса, сын есімнің грамматикалық белгілерінің сырын ашпай, сын есімнің өз алды сөз табы екендігін дәлелдеу мүмкін емес. Сөз таптарын бір-бірінен ажыратуда керекті бір белгі сөздердің формалық белгісі болады. Бірақ тіл фактісінде бұл барлық тілде бір дәрежеде бола бермейді.

Тіл-тілдің өз дамуының ішкі заңдылықтарынан шыққан ерекшеліктері де есепке алынып отырылуы керек.

Қазақ тіліндегі сын есімдер әдетте тұлғасына қарай негізгі және туынды болып екіге бөлінеді. Негізгі сын есімдерге жататындар: үлкен, кіші, биік, аласа, жуан, кең, тар, таяз, ақ, қара, көк, жақсы, жаман, ұлы, сұлу, әдемі, дөрекі, өжет, паң, ауыр, бос, кәрі, жас, жылы, ащы, тұщы, шикі, жеңіл, жүйрік, шабан т.б.

Автор сын есімді өз алдына сөз табы етіп қарамағанмен, оның кейбір мәселелері жөнінде орынды пікірлер айтады. И.М.Мелиоранский сын есімнің негізгі, туынды түрлері барлығын, сын есім жұрнақ арқылы жасалатынын көрсетеді. Одан кейін ол сын есім жұрнақтарына тоқтайды, олардың мағынасын ашуға талаптанады. П.М.Мелиоранский көрсеткен жұрнақтар: -лық//-лік, сыз//-сіз, -шыл//-шіл, -шаң//-шең, -сақ//-сек, -дақ//-дек, -тақ//-тек, -қы//-ғы, -кі//-гі, -лау//-леу, -ша//-ше, -рақ//-рек, -ғана//-гене, -нікі//-дікі. Салыстырмалы шырай –рақ//-рек, таңдаулы шырай ең сөзі арқылы жасалатындығын айтқан. Кейде теріс айтқан жерлері де бар. Мәселен, -дай-дей жұрнағын ол жалғау ретінде қарастырған. П.М.Мелиоранскийдің еңбектерінде берілген жұрнақтардың тізіміне қарасақ, автордың бұл мәселеде едәуір ізденгендігін байқаймыз.

Өзі жалғанған сөзіне сындық мағына беретін бірқатар жұрнақтар турасында ол өте құнды пікірлер айтады. Сонымен қатар автор кейбір жұрнақтардың қай сөз табына жататынын дұрыс ашпайды. Мысалы, -ша, -ше жұрнақтарымен, -нікі,-дікі, -тікі жұрнақтарын сын есімге жатқызады [2].

Ал профессор С.Аманжолов зат есімнің грамматикалық категорияларын сын есімге де ортақ деп қарап, зат есімнгің септік жалғауларын сын есім тарауына енгізеді. Кейін бұл ойларын түзетіп, қазақ тілі мәселелеріне арналған грамматикаларда береді [3].

Қазақ тіліндегі сын есімді сөз еткенде, өз алдына тоқтауды керек ететін Ғ.Мұсабаевтың «Қазақ тіліндегі сын есімнің шырайлары» деген тақырыпта жазған еңбегі. Бұл – қазақ тіл білімі мәселесінде сын есімнің ең бір басты мәселесін алғаш сөз еткен еңбек. Автор мұнда тек шырайды ғана түсіндіріп қоймай, сонымен қатар сын есімнің жалпы мәселелерін де сөз етеді.

Ғ.Мұсабаев қазақ тіліндегі сын есімді жеке сөз табы деуіміздің екі түрлі дәлелі бар екендігін, бірі – сын есімде формантттың жоқтығын, бұл оны зат есімнен бөліп алуға керекті белгі (критерий) екендігін, екінші – сын есімнің синтаксистік қызметі, негізінен анықтауыш екендігін айтқан. Автор сын есімнің өз алдына сөз табы екеніне бұдан басқа да бірнеше дәлел келтіреді. Мәселен, жоғарыда айтылған еңбекте сын есімнің төрт түрлі сипатының бар екендігін:

1) лексикалық мағынасының болуын; 2) шырай жұрнағының – рақ, -рек, -ті жалғай алуын; 3) зат есімге тән жұрнақ-жалғаулардың тікелей қосылмайтындығын; 4) сөйлемде анықтауыш мүше қызметін атқаратынын егер осы төрт түрлі белгі бір жерден түйісіп шықса, онда сын есім болатынын, егер бұл сипаттары үйлеспесе, онда сын есім болмайтынын, сын есімге қоятын өлшеуіміздің осы екендігін айтқан.

Қазақ тіл білімінде сын есімдер арнайы зерттеудің нысанасы ретінде жан-жақты қарастырылған. Мысалы, Ж.Шәкеновтің «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы» атты монографиялық жұмысында сын есімдерге қатысты пікірлер қамтылып, сын есімдер лексика-грамматикалық тұрғыдан сөз болады. Сын есімдердің сөз табы ретіндегі тұлғасы, олардың мағыналық топтары, субстантивтенуі, синтаксистік қызметінің өрісі, сөзжасамдық және сөзөзгерімдік қасиеттері ғылыми тұрғыда жеке-жеке қарастырылады [4].

Тіл білімінде сын есімдерге қатысты көптеген ғылыми монографиялар, мақалалар, зерттеу жұмыстары дүниеге келді. Олардың қатарына мына еңбектерді жатқызуға болады: М.Томановтың «Сын есімдердің сөз табы ретіндегі қалыптасуының кейбір ерекшеліктері туралы» (1974), Ә.Төлеуовтің «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім мен сан есім категориясы» (1975), Ф.Мұсабековаңың «Сын есім, оның қолданылуы» (1977), Ф.Оразбаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім синонимдер» (1988), Ж.Сарбалаевтың «Қазақ тіліндегі конверсия мен адъективация» (1973), Г.Мамаеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі тіркесті күрделі сын есім сөздер» (1999), М.Жолшоеваның «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдердің тіркесу қабілеті» (2001), және т.б. еңбектерін атап көрсету орынды.

Аталған зерттеу еңбектерде сын есімнің қалыптасуы, дамуы, сөз табы ретіндегі жекелеген ерекшеліктері, өзге сөз таптарымен арақатынасы, сын есім сөзжасамындағы негізгі сөз тудырушы тәсілдері мен заңдылықтары қарастырылады. Сын есімдерді құрамына қарай түбір және туынды деп екіге бөліп қарастырумен бірге, олардың синтаксистік қызметі де көрсетіледі.

Сын есімнің өзіне тән мынадай белгілері бар:

1. Шырай жұрнақтарын қабылдайды.

2. Сын есімнің мәнін кейбір үстеулер арқылы күшейтуге болады. Мысалы, өте жақсы, тым сұлу, ерен жүйрік, асқан қу, сәл үлкен, мейлінше мықты т.б.

3. Жұрнақтары болады.

4. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалады.

5. Сынның сапасын кішірейтіп көрсететін –ғана, -қана формасы айрықшаланады.

6. Сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады.

Сын есімдер көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдағанда заттанып, зат есімнің орнына жұмсалады. Бұл кезде олардың бойында заттық мағынамен бірге сындық мәнді білдіру де қабілеті болады. Сонымен бірге сын есімдер өзге сөз таптарынан сөзжасамдық қабілетімен де оңашаланады. Сөзжасам өрісі кең, ауқымды тілдегі барлық процестер мен нормаларды қамтиды. Сөзжасам саласында тілдер өзіндік ерекшеліктері мен белгілер жүйесіне сүйенеді. Мәселен, мұндай белгілер тіл-тілде әрбір сөз табына сай сөзжасамдық арнайы жұрнақтарымен танылады. Сол сияқты сын есімдер күрделі сөзжасамдық қабілетінің болуымен де ерекшеленеді. Күрделі сөзжасам процестері тілдің барлық заңдылықтарына сай жүреді де, олар қосарлана, тіркесе отырып, синтаксистік қызметі мен беретін мағынасына байланысты тізбектер жасайды. Нәтижесінде күрделі сөзжасамдық жүйе қалыптасып, сын есімдер пайда болады.

Сын есімдердің синтаксистік белгілерін сөз еткенде, біріншіден, олардың қандай сөйлем мүшесі бола алатындығын атап айту керек. Сөйлемде сын есімдердің қызметі – анықтауыш мүше болу.

Екіншіден, синтаксистік белгі ретінде олардың белгілі бір сөз табымен тіркесу қабілеті алынады. «Әрбір сөзді жан-жақты тануда, оның лексикалық, морфологиялық және синтаксистік қызметі, оның ішінде де тіркесу қабілеті оны басқа сөздерден (немесе сөз табынан) ерекшеленетін белгілердің бірі болып қаралуы тиіс», - дей келе Т.Сайрамбаев, дұрысында әрбір сөздің синтаксистік қызметі сөйлем мүшесі ретінде функциялық белгісі болса, белгілі бір сөздің басқа сөздермен тіркесу қабілеті оның синтаксистік белгілерінің басты түрі» деп көрсетеді [5].

Сын есімдер заттың сыр-сипатын, әр алуан белгісін, қасиеттерін тікелей де, басқа заттарға қатынастары арқылы да білдіреді. Дәстүрлі грамматикада сын есімдерді сапалық және қатыстық сындар деп бөлу осы негізге сүйенетіні анық.

Сапалық сындар заттың, құбылыстың тұрақты қасиеттерін білдіретін болса, қатыстық сындар заттың қасиетін тікелей емес, екінші бір затқа, құбылыс немесе қимыл-әрекетке қатынасы арқылы білдіреді. Сын есімдерді бұлайша саралау олардың семантикалық және грамматикалық

ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, Ж.Шәкенов сапа сынына тән сегіз бірдей ерекшелікті көрсетеді:

1. сапа сындарында сапа сол сөздің түр-тұлғасының өзінде сол сөздің өзімен табиғи бір пайда болады;

2. сапа сындарына шырай тән;

3. сапа сындарына жататын сөздердің бірқатары әрі сындық, әрі заттық мағынаны білдіреді;

4. сапалық сындардың бірқатары мағынасы жағынан бір-біріне жақын келіп, заттың сынын анағұрлым жете, дәл білдіруге мүмкіндік берерлік сипатта болады;

5. сапа сындары бір-біріне қарама-қарсы белгі-қасиетті қамтып жатады;

6. сапа сындары жұрнақтар арқылы басқа сөз табына көшуге икем тұрады;

7. бірқатар сапа сындары зат бойындағы сыр-сипаттардың толымсыздығын, жетімсіздігін білдіреді;

8. сапа сындары ішінде күшейткіш мәнде жұмсалатындары бар дейді [6].

Сын есімдердің екінші бір үлкен тобы – қатыстық сындар.

Ғалым Ж.Шәкенов: «Белгі (сапа) сындары заттардың бойындағы сыр-сипат, белгі-қасиеттерді бірден бейнелесе, қатыстық сындар заттардың бір-бірімен қарым-қатынасқа еніп, байланысуынан барып айқын бейне алған сипатын бейнелеуге негізделеді» деп, қатыстық сындарды сапалық сын есімдерден мынадай белгілері арқылы ажыратады:

1. Сапалық сын есімдер заттың түрлі сынын, сипатын түбір тұлғасында тұрып бейнелесе, қатыстық сындардың беретін мағынасы оның түбірімен ғана емес, ол түбірден сын есім жасайтын жұрнақпен және оның анықтайтын сөзімен де байланысты.

2. Сапалық сын есімдер заттың белгісін түрлі дәрежеде күшейтіп, тым солғындатып, бәсеңдетіп білдірсе, ал қатыстық есімдер заттың еблгісін білдіруде ондай түрленуге түспейді.

3. Сапалық сындар мен қатыстық сын есімдер бір-бірінен синтаксистік қызметі жағынан да ажыратылады. Егер сапалық сын есімдер сөйлемде өзінің негізгі анықтауыш қызметімен қатар етістіктің алдынан келіп, пысықтауыш қызметін де атқарса, қатыстық сындар тек кейбір жағдайда ғана болмаса, негізінен анықтауыш қызметін ғана атқарады.

4. Сапалық сын есімдерге жататын сөздер басқа сөздермен омонимдес сипатта болады. Мысалы: ақ, қара сөздері түсті, қимылды, зат атауын да білдіреді. Ал қатыстық сын есімдерге жататын сөздерде ондай қасиет жоқ, яғни олар басқа сөздермен омонимдік сипатта жұмсалмайды.

Сапалық және қатыстық сын есімдердің ерекшеліктері, өздеріне тән негізгі қасиеттері бір-бірімен байланысты. Сондықтан сын есімнің бұл екі мағыналық түрлерін бір-бірінен ажыратып отырудың ең басты белгісі – олардың құрылысы мен мағынасы. Құрылысына қарай қатыстық сындар басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы синтетикалық тәсілмен жасалып, заттың, құбылыстың түрлі белгілерін екінші бір зат, құбылыс, не қимылдың қатысы арқылы білдіреді. Соның негізінде олар сөйлемде екінші бір ұғымға қатысты мәнде қолданылады. Ал сапа сындары түбір тұлғада тұрып-ақ сапалық белгіні білдіреді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. Алматы: Ғылым, 2017. – 367 б.; Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 2013.

2.Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 2013.

3.Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные – Москва: Наука, 2014.

4.Қайдар Ә.Т., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Н. Түр-түстердің тілдегі көрінісі – Алматы, 2012.

5.Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі – Алматы, 2018.

6.Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі – Алматы: Арыс, 2014. – 208 б.

УДК 37.213.33

## ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**МАШАРИПОВА НАЗИРА КАШКЫНБАЙКЫЗЫ**

Учитель русского языка и литературы, опорная школа-гимназия Кулан,
Республика Казахстан, с Кулан

**Резюме.** Жасанды интеллект орыс тілі мен әдебиетін оқытуды жаңартады.
**Summary.** Artificial intelligence transforms teaching Russian language and literature

Современное образование переживает период цифровой трансформации, где искусственный интеллект становится неотъемлемым инструментом педагогической практики. Интеграция ИИ в преподавание гуманитарных дисциплин, особенно русского языка и литературы, открывает новые горизонты для индивидуализации обучения и развития творческих способностей учащихся. В условиях глобализации и технологического прогресса учителя-словесники сталкиваются с необходимостью адаптировать традиционные методики к требованиям цифровой эпохи, сохраняя при этом культурные ценности и глубину гуманитарного образования. Возможности применения ИИ в обучении русскому языку.Искусственный интеллект предоставляет учителям русского языка разнообразные инструменты для повышения эффективности образовательного процесса. Адаптивные обучающие системы на базе ИИ способны анализировать уровень знаний каждого ученика и предлагать персонализированные задания, соответствующие его способностям и темпу усвоения материала. Это особенно важно в многоуровневых классах, где учащиеся демонстрируют различную степень владения языком.Автоматизированные системы проверки орфографии и грамматики, оснащенные алгоритмами машинного обучения, помогают учащимся мгновенно получать обратную связь о допущенных ошибках. Современные ИИ-ассистенты способны не только указать на ошибку, но и объяснить правило, предложить примеры правильного употребления и подобрать упражнения для закрепления материала. Такой подход формирует навыки самостоятельной работы и критического мышления. Чат-боты и виртуальные языковые партнеры создают условия для практики устной и письменной речи в безопасной среде. Учащиеся могут тренировать разговорные навыки, составлять диалоги и получать корректировку в режиме реального времени, что снижает языковой барьер и повышает уверенность в использовании русского языка.

Применение ИИ в преподавании литературы.В области литературного образования искусственный интеллект открывает новые возможности для анализа художественных текстов и развития интерпретационных навыков. ИИ-инструменты помогают учащимся исследовать стилистические особенности произведений, выявлять литературные приемы и прослеживать эволюцию авторского стиля. Компьютерный анализ больших массивов текстов позволяет обнаруживать закономерности, которые могут остаться незамеченными при традиционном прочтении. Генеративные модели ИИ стимулируют творческое мышление учащихся, предлагая альтернативные развития сюжета, создавая стилизации под конкретных авторов или помогая в написании собственных литературных произведений. Важно подчеркнуть, что роль ИИ здесь заключается не в замене авторского творчества, а в расширении творческого пространства и преодолении "страха чистого листа". Интерактивные платформы с элементами ИИ делают изучение классической литературы более увлекательным для современных школьников. Виртуальные экскурсии по местам действия произведений, анимированные визуализации сюжетов и интерактивные викторины повышают мотивацию и вовлеченность учащихся в образовательный процесс.

Практические стратегии внедрения ИИ. Эффективное использование искусственного интеллекта требует продуманной стратегии интеграции в учебный процесс. Учителю необходимо начать с освоения базовых ИИ-инструментов, таких как системы проверки текстов, образовательные платформы с адаптивным обучением и генеративные языковые модели. Постепенное внедрение технологий позволяет педагогу и учащимся адаптироваться к новым форматам работы.Создание гибридных уроков, сочетающих традиционные методы с цифровыми технологиями, обеспечивает баланс между классическим гуманитарным образованием и современными педагогическими подходами. Например, анализ стихотворения может включать традиционное выразительное чтение, обсуждение образов и метафор, а затем использование ИИ для сравнительного анализа ритмики и рифмовки с другими произведениями поэта. Важным аспектом является формирование у учащихся критического отношения к результатам работы ИИ. Учитель должен научить школьников проверять факты, оценивать качество сгенерированного

контента и понимать ограничения технологии. Это развивает медиаграмотность и аналитическое мышление, необходимые в современном информационном обществе.

Проблемы и ограничения использования ИИ.Несмотря на многочисленные преимущества, применение искусственного интеллекта в образовании сопряжено с рядом вызовов. Одной из основных проблем является риск снижения самостоятельности мышления учащихся при чрезмерной опоре на технологии. Существует опасность, что школьники начнут воспринимать ИИ как источник готовых ответов, не прилагая усилий для собственного анализа и интерпретации.Вопросы конфиденциальности данных и цифровой безопасности требуют особого внимания при использовании облачных ИИ-сервисов. Учителя должны обеспечить защиту персональной информации учащихся и соблюдать требования законодательства в области обработки данных несовершеннолетних. Технологическое неравенство представляет серьезную проблему для широкого внедрения ИИ в образование. Не все учебные заведения располагают необходимым оборудованием и стабильным интернет-соединением, что создает разрыв в доступе к современным образовательным инструментам между городскими и сельскими школами, а также между учебными заведениями с различным уровнем финансирования.

Заключение.Искусственный интеллект представляет собой мощный инструмент для модернизации преподавания русского языка и литературы, открывая новые возможности для персонализации обучения, развития творческих способностей и повышения мотивации учащихся. Однако успех интеграции ИИ в образовательный процесс зависит от грамотного подхода учителя, который должен выступать не просто как транслятор знаний, а как навигатор в цифровом образовательном пространстве.Ключом к эффективному использованию ИИ является сохранение баланса между технологическими инновациями и традиционными педагогическими ценностями. Искусственный интеллект должен дополнять, а не замещать живое общение учителя с учеником, глубокое погружение в художественный текст и развитие эмоционального интеллекта через литературу. Только при таком подходе технологии станут действительно эффективным инструментом гуманитарного образования.

**Список использованной литературы:**

1.Вербицкая Л.А., Беляева О.В. Цифровая трансформация филологического образования. М.: Просвещение, 2023.

2.Калмыков А.А. Искусственный интеллект в гуманитарном образовании: возможности и риски. СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2023.

3.Никитин М.В. Адаптивные обучающие системы на уроках русского языка. Педагогические инновации, 2024, № 2, с. 45-52.

4.Соколова Е.И. Методика применения ИИ-технологий в преподавании литературы. М.: МПГУ, 2024.

5.Фёдорова Н.П. Цифровая грамотность и критическое мышление школьников. Образование и общество, 2023, № 4, с. 78-85.

6.Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications. Beijing: Center for Curriculum Redesign, 2023.

7.Luckin R. Machine Learning and Human Intelligence: The future of education for the 21st century. London: UCL Press, 2024.

ӘОЖ 37.423.56

## АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

**ЖАРЫЛҚАСЫН ГҮЛХАНЫМ ТАЛҒАТБЕККЫЗЫ**
№68 мектеп-гимназиясының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Современные методики преподавания английского языка – это система инновационных подходов, направленных на эффективное развитие коммуникативных навыков учащихся. В современном образовательном процессе обучение языку основывается не только на освоении грамматики и словарного запаса, но и на комплексном развитии навыков говорения, аудирования, чтения и письма.

Современные методики направлены на повышение активности учащихся, развитие критического мышления, учет индивидуальных особенностей, что способствует интересу к изучению языка. К ним относятся коммуникативный подход, проектный метод, интерактивные и игровые технологии, использование мультимедийных ресурсов, а также средства дистанционного обучения.

Особенность этих методик заключается в том, что учащийся рассматривается не просто как получатель знаний, а создаются условия для развития его языковой практики. Кроме того, современные методики адаптируются под уровень каждого ученика, делая учебный процесс эффективным, увлекательным и результативным.

**Summary.** Modern methods of teaching English are a system of innovative approaches aimed at the effective development of students' communicative skills. In the contemporary educational process, language learning is based not only on mastering grammar and vocabulary but also on the comprehensive development of speaking, listening, reading, and writing skills.

Modern methodologies aim to increase student engagement, develop critical thinking, and take into account individual characteristics, which contributes to interest in learning the language. These include the communicative approach, project-based methods, interactive and game-based technologies, the use of multimedia resources, as well as distance learning tools.

The distinctive feature of these methods is that the student is considered not just as a recipient of knowledge, but conditions are created for the development of their language practice. Furthermore, modern methodologies are adapted to the level of each student, making the learning process effective, engaging, and productive.

Қазіргі заманғы білім беру үрдісінде ағылшын тілін меңгеру – тек грамматика мен сөздік қорды үйрену ғана емес, сонымен қатар шынайы коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Тіл үйренушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тиімді оқу процесін ұйымдастыру – заманауи әдістемелердің басты мақсаты.

Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемелеріне төмендегілер жатады:

**Коммуникативтік әдіс**

Бұл әдістеме оқушыларға тілдік ортада шынайы қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Мұнда басты назар тілдік құрылымдардан гөрі сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуға аударылады.

**Жобалық әдіс**

Оқушылар нақты тақырып бойынша жобаларды орындау арқылы тілдік дағдыларын жетілдіреді. Бұл әдіс сыни ойлауды дамытып, ынтымақтастық қабілетін арттырады.

Интерактивті және ойын технологиялары

Рөлдік ойындар, диалогтар, викториналар және интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылар тілге деген қызығушылығын арттырады және ақпаратты тез меңгереді.

Мультимедиа және онлайн ресурстарды пайдалану

Аудио, видео материалдар, мобильді қосымшалар, онлайн платформалар арқылы тіл үйрену процесі қолжетімді әрі қызықты болады.

**Қашықтықтан оқыту құралдары**

Қазіргі технологиялар оқушыларға онлайн сабақтар арқылы өздігінен білім алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар жеке даму қарқынын сақтауға көмектеседі.

**Артықшылықтары**

-Оқушыны тек білім алушы ретінде қарастырмай, олардың тілдік тәжірибесін дамытуға жағдай жасау;

-Жеке қабілеттер мен деңгейге бейімделу;

-Мотивацияны арттыру және тілге деген қызығушылықты қалыптастыру;

-Сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын кешенді дамыту [1].

Қазіргі білім беру үрдісінде ағылшын тілін меңгеру тек грамматика мен сөздік қорды үйренуге ғана емес, шынайы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Заманауи технологиялар оқу процесін қызықты, интерактивті және нәтижелі етеді. Олар оқушылардың белсенділігін арттырып, тіл үйренуге мотивация береді.

Ағылшын тілін оқытудың заманауи технологияларына бірнеше негізгі әдістер жатады:

**1. Коммуникативтік әдіс (Communicative Language Teaching)**

Бұл әдістеме оқушыларға шынайы тілдік ортада қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, рөлдік ойындарда студенттер мейрамханада тапсырыс беру немесе дүкенде сатып алу туралы диалог жасайды:

Student A: "Can I have a cheeseburger, please?"

Student B: "Sure! Would you like fries with that?"

**2. Жобалық әдіс (Project-Based Learning)**

Оқушылар нақты тақырып бойынша жобаларды орындау арқылы тілдік дағдыларын жетілдіреді. Мысалы, «Environmental Issues» тақырыбында презентация дайындау:

Student A: "Today, we will talk about climate change and its impact on our planet."

Student B: "Rising temperatures are causing glaciers to melt faster than before."

**3. Интерактивті және ойын технологиялары (Interactive and Game-Based Learning)**

Диалогтар, викториналар, рөлдік ойындар арқылы оқушылар тілге қызығушылық танытып, ақпаратты тез меңгереді. Мысалы, Kahoot немесе Quizlet арқылы сөздік қорды пысықтау.

**4. Мультимедиа және онлайн ресурстар (Multimedia and Online Resources)**

Аудио, видео, мобильді қосымшалар және онлайн платформалар (Duolingo, BBC Learning English, LingQ) арқылы тіл үйрену процесі қолжетімді әрі қызықты болады. Бұл оқушыларға тыңдау және сөйлеу дағдыларын тәуелсіз дамытуға мүмкіндік береді.

**5. Қашықтықтан оқыту құралдары (Distance Learning Tools)**

Zoom, Google Classroom немесе Microsoft Teams сияқты платформалар арқылы оқушылар онлайн сабақтарда қатыса алады, тапсырмаларды орындайды және мұғаліммен кері байланыс алады.

Заманауи технологиялар ағылшын тілін оқытуды тиімді әрі нәтижелі етеді. Олар оқушыларға шынайы тілдік тәжірибе береді, оқу процесін қызықты әрі мотивациялық етеді. Осы технологияларды қолдану арқылы оқушылар тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытып, өз бетімен жұмыс істеуге үйренеді, сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдылары жетіледі [2].

Заманауи әдістемелер тіл үйретудің тиімділігін арттырады, оқу процесін қызықты және нәтижелі етеді. Олар оқушыларға шынайы коммуникативтік дағдыларды меңгеруге, өз бетімен жұмыс істеуге және сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Сол арқылы ағылшын тілі оқушылар үшін тек сабақ емес, өмір бойы қолданылатын дағдыға айналады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Кенжеева Г. Ағылшын тілін оқытудың заманауи әдістемелері. – Алматы: Білім, 2020ж.

2. Сүлейменова АИнтерактивті технологияларды пайдалану арқылы ағылшын тілін оқыту.

3.Педагогикалық ғылымдар журналы, 2018 . – 3(45), 56–62бб..

ӘОЖ 82.222.14

## ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНДЕГІ ФОРМАЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

**ҚАРНАКБАЕВА ШОЛПАН АБИЛКАСЫМОВНА**

Ш.Қалдаяқов атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазықұрт ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются особенности развития формальных поисков в казахской поэзии. В исследовании анализируется сохранение традиционных стихотворных размеров и видов рифмы, а также процесс формирования новых поэтических форм. Особое внимание уделяется изменениям в слоговой системе, ритме и строфической структуре казахской поэзии, влиянию свободного стиха и модернистских тенденций. Кроме того, раскрывается роль художественных поисков поэтов в углублении содержания стихотворной формы. Работа направлена на характеристику формального обновления казахского стиха как важного показателя литературного развития.

**Summary.** This article examines the features of the development of formal explorations in Kazakh poetry. The study analyzes the preservation of traditional poetic meters and types of rhyme, as well as the process of the formation of new poetic forms. Particular attention is paid to changes in the syllabic system, rhythm, and strophic structure of Kazakh poetry, as well as to the influence of free verse and modernist trends. In addition, the role of poets' artistic explorations in deepening the content of poetic

form is revealed. The work aims to characterize the formal renewal of Kazakh verse as an important indicator of literary development.

Қазақ поэзиясы – ұлттық әдебиеттің ең көне әрі ең қарқынды дамыған салаларының бірі. Оның даму үдерісінде мазмұнмен қатар форма да үздіксіз жаңарып, жетіліп отырды. Әсіресе XX ғасырдан бастап қазақ өлеңінде дәстүрлі өлшемдермен қатар жаңа поэтикалық формалар пайда болып, ақындардың көркемдік ізденістері айқын байқалды. Осы тұрғыдан алғанда қазақ өлеңіндегі формалық ізденістерді зерттеу әдеби дамудың заңдылықтарын тануға мүмкіндік береді.

Қазақ өлеңінің құрылымдық жүйесі бүгінде қарқынды түрде дамып келе жатқаны дау туғызбайды. Мәселен, қазіргі өлеңнің бунағындағы буын сандары төрт буынмен шектелмей, енді алты, жеті, тіпті сегіз буынды бунақтардың пайда болуы, қазіргі өлеңдердің интонациялық ерекшеліктерінен туындайтын тармақаралық жіктен басқа өлеңнің эмоционалдық-экспрессивтік мазмұны талап ететін жіктердің көрінуі, өлеңдегі тыныс белгілер жүйесінің эмоционалдық, интонациялық маңызының артуы, жаңа ұйқас түрлерінің пайда болуы, буындар ассиметриясы сияқты құбылыстардың кең өріс алуы, дәстүрден тыс ырғақтық жүйе түрлерінің көбеюі сияқты мәселелер қазіргі өлеңдердің даму деңгейін көрсетеді.

Қазіргі қазақ өлеңіндегі кейбір тосын, жаңа ырғақтық-интонациялық сипаттардың орын алуын бүгінгі поэзиядағы мазмұндық-идеялық, тақырыптық ерекшеліктердің ықпалымен түсіндіруге болады. Қазіргі қазақ лирикасында интимдік сырлардың бірінші кезекке шығуын, сонымен қатар субъективті көңіл-күй мен ой-сезімнің поэзия тілінде тереңдікке, нәзіктікке жетіп, жалпылық, обьективті мәнге ие болуын қазақ өлеңіндегі бүгінгі түбегейлі мазмұндық-сапалық жаңару тенденциясына жатқызуға болады.

Бұл жөнінде В.Брюсов: «Поэзиядағы өзгеріс –үнемі, тынбай жаңа түр іздеу, адамның ойын, сезімін дәл, терең,әсем бейнелейтін құралдар табу» [1, 182б.], – дейді де, сол өзгерісті тудырушы құралдар тіл, үн, бейне деп ғылыми тұжырым жасайды.

Қазақ поэзиясының формалық тұрғыдан жаңаруының негізін сол поэзияның ішкі тақырыптық-көркемдік жүйесінің, экспрессивтік-эмоционалдық сипатының жаңғыруынан іздеу қажет. Қазақ өлең құрылысы да осыған сай эволюциялық тұрғыда жаңарады. Қазақ өлеңінің даму кезеңдері тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік жүйесімен қоса өлең құрылысын да жаңартты.

Сонымен, қазіргі қазақ поэзиясының жетістіктері, негізінен, тақырыптық-идеялық жаңалықтарында, мазмұн байлығында жатса да, сол мазмұнды ашуға жұмылдырылған форманың, яғни өлеңдердің өрнектік ерекшеліктерінің маңызын кемітуге болмайды. Қайта олардың пішіндік, түрлік ерекшеліктері мазмұнды шынайы жеткізер форма, оған қосымша көрік дарытып, сұлуландыра түсер көркемдік құрал ретінде баса айтылуға тиіс. Өйткені, «өлең сөз адамға өзінің ішкі мазмұнымен, суреттілігімен, бейнелілік мәнімен ғана емес, айтылу қалпы, әсем үнділігімен де әсер етеді. Сөздің ұғым-түсінік беретін мәнін, бейнелі мағынасын оның өлеңдегі ырғақ-үнділігі, әуезділігі сан түрлі рең беріп толықтыра түседі. Тіпті өлеңді сөйлеп айтпай, іштей оқығанда да оның үні, әуезділігі, ырғақ-интонациясы, үйлесі адам жанына қалай да әсерін тигізбей қоймайды. Мұны қандай ақын болсын тәжірибе жүзінде анық байқайды. Сондықтан олар өлең сөздің Абай айтқандай «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп», «айналасы теп-тегіс, жұмыр келуін» өз қадарынша құнттайды» [2, 123б.]. Ал біз өз шамамызша қазіргі қазақ поэзиясындағы айтылмыш мақсаттағы ізденістер мен тәжірибелерді, жаңалықтар мен жетістіктерді мазмұн мен пішіннің қабысуы, үндесуі тұрғысынан сараптауға тырысамыз.

Өлең танудың негізгі зерттеу обьектілерінің бірі – өлшем мен ырғақ жүйесі. Өлеңнің өлшем, ырғақ сияқты бірліктері оның мазмұнына, идеясы мен мәніне әсер етіп отырады. Өлшем өлең тармақтарындағы буын саны негізінде пайда болса, оқу барысында олардың ырғағын анықтауға болады. Өлшемсіз ырғақ, ырғақсыз өлшем болмайды. Осыған орай белгілі ғалым С.Негимов: «Осы поэзиялық тәсілге қысқаша анықтама бере кетсек, онда қазақ өлеңіндегі ырғақ дегеніміз буынға негізделіп, бунаққа жіктеліп, бір тармақ құрап, әрі қарай жүйелі қайталанып, үйлесімділік тудыратын түр» [3, 86б.], – дей келіп, қазақ өлеңі ырғағын үш салаға бөліп қарастырады:

Біріншісі – жүйелікке, үндестікке, дыбыс әуезділігіне құрылатын дәстүрлі өлең үлгілеріндегі әуендік ырғақ. Мұнда ырғақтық бөлшектердің қабысуы, бір-біріне пара-пар келушілігі бар.

Екіншісі – жазба әдебиет өкілдерінің, атап айтқанда, Абайдың “Сегіз аяғындағы” келте тармақтарға құрылған ырғақтар. Атап айтқанда, бір фраза, бір сөз тіркесі келте ырғақтың ең шағын бірлігі болып есептеледі.

Үшіншісі – жазба әдебиет өкілдері поэзиясындағы алуан үнді айнымалы ырғақтар [3, 86б.].

Әрине, уақыт озған сайын, өлең өлшемдері жетіле келе жаңа ырғақтың пайда болуы, ырғақ құрылысында тың өзгерістердің жасалуы заңды құбылыс.

Ырғақтың даму ерекшелігін айта келіп, академик Қ.Жұмалиев өлшемдердің ең көп қолданылатын бес түрін көрсетеді:

1. Он бір буынды өлең
2. Сегіз буынды өлең
3. Жеті буынды өлең
4. Алты буынды өлең
5. Аралас буынды өлең [4, 162б.].

Ғалымның бұл тұжырымы арқылы қазақ поэзияндағы өлшем жүйесінің даму ерекшеліктерін, өзіндік мүмкіндіктерін байқауға болады. Бұдан басқа өлең өлшемдері қазақ поэзиясында аз кездесетіндіктен, ғалым оларды өлшемдер қатарында сөз етпеген. Уақыт өткен сайын бұл өлшемдер қатары көбейіп, жетіліп келеді. Силлабикалық поэзияның дамуына байланысты төрт, бес, алты, тоғыз, он, он екі, он үш буынды, көп буынды өлшемдер де дербес өлшем ретінде қалыптасты.

Поэзияда қысқа буынды өлшемдердің де өзіндік орны бар. Олардың қатарына төрт, бес, алты буынды өлеңдер жатады. Бұл өлшемдер негізінен екі бөлшектік бунаққа ие.

Төрт буынды өлшем силлабикалық өлең жүйесіндегі ең қысқа өлшем екені белгілі. Зерттеуге алынған шығармалардың ішінде Ұ.Есдәулеттің бір өлеңі ғана осы өлшемге құрылған:

Сол жұлдыздай
Жанар болған,
Соған жаным
Алаң болған [5, 202б.].

Ал Ұ.Есдәулеттің «Мөлдір тамшылар» өлеңіндегі аталмыш өлшем өрнегі біраз өзгешелеу:

Бұлттар жабағы
Көкті жабады.
Күзгі тамшылар
Тамады, тамады… [5, 84б.].

1, 2, 3-тармақтардағы буындар саны бес буынды (2+3) болып келсе, 4-тармақ алты буынды (3+3) құрайды. Соңғы тармақтағы ырғақтық-интонациялық өзгешелік өлеңнің ішкі тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік ерекшелігінен туындап отыр.

Біз қарастырып отырған ақын поэзиясында қысқа буынды өлшемдердің ішінде алты буынды өлеңдер де саны жағынан өте аз, тіпті жоқтың қасы. Ұ.Есдәулеттің «Бақ ішіндегі үй» өлеңінде алты буынды тармақтар төрт буынды тармақтармен араласып келеді, сөйтіп Абайдың алты аяғының ырғақтық жүйесі түрлене қолданылған:

Шатыры қалқиған
Ескі үй тұр жалпиған
бақ ішінде.
Қызығы, шыжығы,
Қызыры, қызуы –
бәрі ішінде.

Шалқитын, тасатын,
Шабытты жас ақын –
үй иесі,
Қоңырқай айлығы,
Жоқ және байлығы,
дүниесі [5, 169б.].

Қысқа буынды өлшеммен өлең жазу оңайға түспейді. Себебі өлең мазмұнын, айтайын деген ойды осы өлшемге сыйғызу қиын.

Қазіргі қазақ поэзиясында тоғыз буынды өлшемнің өрнектері етене сіңісіп, берік орныққан жайы бар. Бұл өлшем түрімен жазылған өлеңдер барлық ақында баршылық. Оның 3+3+3 өрнегі жүрдек те, толқынды мәнер тудыратындықтан барлық тақырыптық желіде өрбиді.

Ұ.Есдәулет «Өзгеру» атты өлеңінде тоғыз буынды өлшемнің бунақтарын тасымалдай отырып ішкі ұйқастарға құру арқылы өзгеше ырғақ құрады:

Илеуге көнгемін кейде мен,
Біреуге сенгемін көлденең

Ал бүгін өзгемін мен деген [5, 357б.].

Қазіргі поэзияның көрнекті өкілі Ұ.Есдәулет өлеңдерінде Қасым Аманжоловтың он буынды өлшем мен жеті-сегіз буынды өлшемдер сабақтастығына құрылған ырғақтық-интонациялық жүйесі үлкен орын алған.З.Ахметовтың: «Қазақ поэзиясында ең көп қолданылатын өлең өлшемдері – жеті буын, жеті-сегіз буынды, он бір буынды. Алты буынды өлең, онан да қысқарақ төрт буынды өлең сиректеу кездеседі. Он төрт, он бес буынды өлеңдердің тармағы құрама болып келеді, яғни жеті буынды екі тармақтан не жеті, сегіз буынды екі тармақтан құралған болады» [2, 55б.], – деген пікіріне сүйенсек,11 буынды өлшем өнімді.

Қорыта айтқанда «Поэзиядағы ырғақтың жасалу жолы да қызық және әр алуан: кей өлеңнің ырғағы әннен туса, қайсыбірі буынға немесе екпінге негізделеді» [6, 254б.], – деген пікірге сүйене отырып, оған ырғақты түрлендіру жолдарының да қызық және сан алуан екендігін айтуға болады. Силлабикалық жүйедегі өлең құрылымында ырғақты тудыруға да, түрлендіруге де негіз болатын компоненттер – буын, бунақ, тармақ, шумақ болса, олар әрқашан да инверсия тәсілінің, интонацияның, ұйқастың көмегіне сүйенетіні белгілі. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысу арқылы жаңа ырғақтық жүйелер қалыптастырады.

Қазақ поэзиясы көркемөнерге тиесілі барлық қасиетімен бір-ақ күнде туа салған жоқ. Бүгінгі поэзияның тірегі жыраулық поэзия, Абай мен Мағжанның маржан жырлары болса, олардың өнердегі темірқазығы көне түркілік, орта ғасырлық жыр жауһарлары болды. Көне түркілік әдеби ескерткіштердегі менмұндалап тұрған халықтық ғұрып, салт-дәстүрлер ислам құндылықтары қаншалықты басым болғанмен, ортағасырлық түркі әдебиетінен көрініс тапты. Ал, керісінше жыраулық поэзияда ислам дінінің сарынынан гөрі қазақтың ұлттық дүниетанымы, көне түркілік таным мен ислами түсініктердің синтезделген жаңа ғұрпы айқын танылады. Ортағасырлық ислам әдебиетінде жетекші идеяға айналған діни ағартушылық пен адамгершілік тақырыбы жыраулар шығармашылығында, одан кейінгі XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырда Жер мен Ел тақырыбына орын беріп, бұл тақырып әдеби туындыларда бүтіндей жаңа мазмұнда жырланып, саяси-әлеуметтік нақтылық сипатқа ие болды. Ежелгі әдеби мұралардағы топонимикалық ұғымдардың, эпостық жырлардағы, халықтық аңыздардағы «Жерұйық», «Жиделі байсын» сияқты кейбір тарихи атаулардың орнына атажұрт, туған жер, атамекен ұғымы басым жырланды. Сол кезең әдебиетінде басты тақырыпқа, шығармашылықтың негізгі идеялық белгісіне айналған Жер мен Ел ұғымы, солардан туындайтын өзге де сан түрлі елдік, азаматтық тақырыптар соңғы бір-екі ғасырда негізгі желісін бір үзбестен бүгінгі күнге жетіп отыр. Өнердегі бұрынғы қол жеткен табыстарға, ортасынан оза шыққан ұлы суреткерлердің тәжірибесіне сүйенбей шығармашылық табысқа жету мүмкін емес. Бұл заңдылық бірнеше ғасырлық тарихы бар қазақ әдебиетіне де тән. Сол себепті де Ел мен Жер тақырыбы қазақ халқының жаңа әдебиетінің басты сипаты болып табылады.

Әдебиет – адамзат баласының таным көзі. Сондықтан да ол кез келген халықтың, барлық ұлттың тарихында басты орын алады. Ол халық тағдырындағы үлкен белесті кезеңдерге сәйкес туып, халық санасына сол күндердің басты-басты белгілерін, рухын сіңіреді. Тарихи сананың тәжірибесін алға тартады. Қазақ әдебиеті де осы тарихи дамудың нақтылы шарттарының ықпалымен өзінің жаңа суреткерлік көркемдік-танымдық белгілерін барынша айқындап алды. Ықылым замандардан бастау алған жыраулық дәстүр, халықтық эстетикалық таным мектебі жаңа сипатты әдеби ағымдарға ұласты. Хандық дәуірде дәуірлеп көтерілген жыраулық, батырлық поэзия орнына ежелгі түркілер тұсынан белгі берген ақындық шығармашылық дәстүр қайта жаңғырып белең алғаны да осы әдеби дәстүрдің тарихи жемісі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Брюсов В. Ремесло поэта. Избранные сочинение в 2-х томах. т 2. – Москва: Художественная литература, 1955. – 300с.

2.Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. –Алматы: Ана тілі, 2001. –298 б.

3.Негимов С. Өлең өрімі. – Алматы: Ғылым, 1980 – 136 б.

4. Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1999. – 230 б.

5.Есдаулетов Ұ. Өр мінезді өлең /Ұ.Есдаулетов // Жұлдыз, 2004.–16 қыркүйек.

ӘОЖ 398. 25

## ТҰРМЫС-САЛТ ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

**ҚҰРМАНБЕКОВА АҚМАРАЛ ТІРІБОСЫНҚЫЗЫ**

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ассистенті,

педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ӘБДІМАНАТ НАРГИЗА АСЫЛХАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, 2-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**АСУБЕК АЙЗЕРЕ ДАРХАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, 2-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Сказка является древнейшим и наиболее выразительным фольклорным жанром, отражающим мировоззрение народа и его многовековой жизненный опыт. Особое место в казахском фольклоре занимают бытовые (тұрмыс-салт) сказки, в которых художественно осмысливаются повседневная жизнь, социальные отношения и человеческие характеры. Эти сказки отличаются близостью к реальной действительности и акцентом на нравственные ценности – честность, справедливость, трудолюбие, доброту и щедрость. Бытовые сказки служат своеобразной школой народной мудрости, направляя молодое поколение на правильный жизненный путь. Через данный жанр ясно прослеживаются национальные особенности казахского мировосприятия и морально-этические нормы. Поэтому изучение бытовых сказок важно для глубокого понимания культуры, философии и духовных ценностей народа.

**Abstract.** A fairy tale is one of the oldest and most expressive genres of folklore that reflects a people's worldview, spiritual heritage, and life experience. In Kazakh folklore, an important place is held by household (türmys-salt) tales, which artistically depict daily life, social relations, and human behavior. These tales are closely connected to real-life situations and emphasize core moral values such as honesty, justice, diligence, kindness, and generosity. Household tales serve as a school of traditional wisdom, guiding younger generations toward ethical choices and proper conduct. Through this genre, the national character, worldview, and ethical principles of the Kazakh people become clearly visible. Thus, studying household tales is essential for understanding the cultural and philosophical foundations of the nation.

Ертегі – халықтың дүниені танып-білу жолындағы көзқарасын, өмірлік тәжірибесін, арман-тілегін көркем түрде бейнелейтін фольклор жанры. Ол – ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып, халықтың рухани болмысы мен мәдениетін ғасырлар бойы сақтап келген көркем қазына. Ертегілер шынайы өмірден алынғанымен, оны қиял-ғажайып бейнелермен, символдық мәні бар оқиғалармен байыта отырып, тыңдаушыны тәрбиелеуге бағытталған.

Қазақ қоғамында ертегінің орны ерекше. Ол – балаларға ғана арналған жеңіл әңгіме емес, бүкіл халықтың дүниетанымын танытатын, ұлттық құндылықтарды жинақтаған философиялық туынды. Ертегі арқылы халық ғасырлар бойы жинаған даналығын, адамгершілік қағидаларын, тәлім-тәрбиелік ойларын жеткізген[1,130 б.].

Қазақ халқының бай фольклорлық мұрасының маңызды бір саласы – тұрмыс-салт ертегілері. Бұл жанр халықтың күнделікті тіршілігін, әлеуметтік өмірін, әдет-ғұрпын, наным-сенімін көркем жинақтап, қарапайым әрі терең философиялық астармен жеткізеді. Тұрмыс-салт ертегілері қиял-ғажайып немесе батырлық ертегілерден айырмашылығы – мифтік-ғажайып элементтерге емес, нақты өмірлік құбылыстарға, адамның мінез-құлқы мен тұрмыстық тәжірибесіне негізделеді. Сондықтан да олар халықтың ғасырлар бойы жинаған тәжірибесінің, моральдық қағидаларының, педагогикалық ойларының көрінісі болып табылады.

Бұл ертегілердің басты міндеті – тыңдаушыны қызықтыру ғана емес, өмірге үйрету, жақсы мен жаманның арасын ажырату, адамгершілік пен ізгілікке баулу. Халықтың дүниетанымы, ұлттық болмысы, даналығы мен өмір философиясы – осы тұрмыс-салт ертегілерінің негізгі өзегіне айналған.

Тұрмыс-салт ертегілері – мазмұны жағынан халықтың күнделікті өміріне жақын, әлеуметтік қатынастарды шынайы жағдайларда суреттейтін фольклор жанры. Бұл ертегілерде мемлекет, бай мен кедей, хан мен қара халық арасындағы қатынастар, отбасы мәселесі, адамгершілік пен әділдік жайындағы ойлар кеңінен көрініс табады[1,172 б.]..

Жанрдың басты ерекшеліктері мыналар:

- Шынайы өмір көріністері басым – оқиғалар көбінесе нақты ауыл өмірінің негізінде құрылады.
- Кейіпкерлері қарапайым адамдар – малшы, кедей, шал-кемпір, аңшы, қойшы, айлакер жігіт, ақылды қыз, сараң бай.

- Әлеуметтік теңсіздік мәселесі көтеріледі – бай мен кедейдің арасындағы қарама-қайшылық, әділетсіздікке қарсы қарапайым адамның жеңісі.
- Ғибраттық мәні күшті – әр оқиға адамға өмір сабағын беруге бағытталған.
- Күлкі, тапқырлық, мысқыл көп қолданылады – бұл халық даналығының ерекше көркем түрі.

Тұрмыс-салт ертегілерінде адамгершілік құндылықтар халықтың өмірлік тәжірибесі негізінде көрініс тауып, адалдық, әділдік, еңбекқорлық, мейірімділік, жомарттық сияқты қасиеттер негізгі идея ретінде дәріптеледі. Ертегі кейіпкерлері арқылы халық жақсы мен жаманды айыруды үйретіп, адамға қайырымды болу, үлкенді құрметтеу, кішіні сыйлау, уәдеде тұру, ақылмен іс қылу секілді моральдық нормаларды насихаттайды. Әділетсіздікке қарсы тұрып, адал еңбегімен биікке жеткен қарапайым адамдар образы арқылы халық әрқашан адамгершілікті ең үлкен құндылық ретінде көрсетеді. Тұрмыс-салт ертегілеріндегі ғибратты оқиғалар жас ұрпақтың мінез-құлқын тәрбиелеп, олардың дұрыс өмірлік бағдар алуына ықпал етеді[2,108 б.].

Халық әрдайым әділдікті жоғары бағалаған. Ертегілерде әділетсіздікке тап болған қарапайым адам ақыры өз еңбегінің, адалдығының арқасында жеңіске жетеді. Мысалы, «Аяз би» ертегісінде қарапайым, кішіпейіл Аяз ақылымен хан сарайындағы сараңдық пен менмендікті жеңіп шығады. Бұл сюжет арқылы халық:«Адамның байлығы — парасаты мен адалдығы» деген тұжырымды бекітеді.

Қазақ тұрмыс-салт ертегілерінде ақыл – ең үлкен қазына. «Тазша бала» ертегісіндегі тапқыр бала ел ішіндегі қиын мәселелерді ақылымен шешіп, әділетсіз билеушілерді ұялтады. Халықтың өмірден алған тәжірибесі бойынша, байлық пен биліктен гөрі зеректік, білім, тапқырлық жоғары қойылған.

Ертегілер еңбек адамын әрқашан қадірлейді. «Қарабатыр» немесе «Еріншек» сияқты шығармаларда еңбекқор адамға құрмет көрсетіліп, жалқаулықтың зияны нақты мысалдар арқылы беріледі. Бұл — қазақ қоғамындағы еңбек тәрбиесінің фольклордағы көрінісі.

Тұрмыс-салт ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеудің таптырмас құралы болған. Халық бала тәрбиесін өмірлік тәжірибеге сүйеніп жүргізген, ал ертегі – сол тәжірибенің көркем үлгісі[3,167 б.].

Ертегілерде әке-шешеге құрмет, бауырмалдық, ізгілік мәселелері жиі көтеріледі. «Алтын сақа», «Жақсылық пен Жамандық» сияқты ертегілерде ата-ананың балаға деген қамқорлығы, ал баланың ата-анасын құрметтеуі басты құндылық ретінде беріледі.

Қазақ ертегілері қоғамдағы мінез-құлық нормаларын бекітіп, жақсы адам болудың жолын көрсетті. «Жомарт пен Саран» ертегісінде жомарттық пен сараңдықтың айырмашылығы айқын ашылады. Халық жомарт адамды — елге пайдасы тиетін жан деп есептеп, сараңдықты — қоғамға зиян қасиет деп таныған.

Ертегілерде сұлулық, тазалық, көркемділік жайлы ерекше түсініктер бар. Халық әдемілікті тек сыртқы бейнемен шектемей, адамның рухани сұлулығын бірінші орынға қойған. Бұл — қазақ эстетикасының негізін құрайтын көзқарас.

Тұрмыс-салт ертегілеріндегі халық даналығы тек мазмұн арқылы ғана емес, көркемдік ерекшеліктер арқылы да көрінеді. Ертегілерде жиі қолданылатын мақал-мәтелдер халықтың ой-тұжырымын жинақтап береді: «Сабыр түбі – сары алтын», «Еңбек түбі – береке», «Өтіріктің арты – бір тайлақ», т.б. Бұлар ертегі мазмұнын тереңдетіп, тәрбиелік мәнін күшейтеді.

Көптеген тұрмыс-салт ертегілерінде күлкі — әділетсіздікке қару ретінде қолданылады. Ақылды кедейдің сараң байды алдауы немесе ақымақ ханның әжуалануы халықтың әлеуметтік сыншыл көзқарасын білдіреді.

Ертегілердің сюжеті көбінесе «жақсы — жаман», «адал — арам», «ақылды — ақымақ» сияқты қарама-қарсылыққа құрылады. Бұл тәсіл моральдық ойды күшейтіп, тыңдаушының дұрыс қорытынды жасауына жол ашады.

Тұрмыс-салт ертегілері — қазақ дүниетанымының, ұлттық мінездің, рухани мұраттардың көркем жинағы. Ертегідегі әр бейне, әр оқиға халықтың өмір философиясын танытады:

- ақылды, қарапайым адам – халықтың идеалы;
- сараң бай, әділетсіз хан – қоғамдағы жағымсыз мінездің бейнесі;
- адалдық, мейірімділік, жомарттық – ұлттың негізгі этикалық құндылықтары.

Ертегілер ұлттық сананы қалыптастырып, адамға өзіне де, қоғамға да пайдалы болудың жолын көрсетеді. Осындай мазмұндық-этикалық салмақ ертегілердің ғасырлар бойы сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына себеп болды.

Тұрмыс-салт ертегілері – қазақ халқының өмірлік тәжірибесінен туған, терең даналыққа толы асыл мұра. Олар тек халықтың тұрмыс-тіршілігін суреттеп қоймай, адамгершілік, адалдық,

еңбексүйгіштік, әділдік сияқты ұлтқа тән құндылықтарды дәріптеп, ұрпақты ізгілікке тәрбиелейді. Бұл ертегілерде жинақталған халық философиясы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан тұрмыс-салт ертегілерін зерттеу – ұлттық рухани мәдениетті танудың маңызды кілті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 455 б.
2. Қасқабасов С. Фольклор шындығы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 380б.
3. Қоңыратбаев Т. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Санат, 1991. – 279б

ӘОЖ 398.11

## ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАЛАР ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

**АРХАБАЕВА ГУЛЬНУР ЕРМАХАНОВНА**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ассистенті,
педагогика ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ЖАҚСЫЛЫҚ ШЫНАР НҰРЖАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, 2-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ЕРҒАРА НҰРАЙ ЖАНДОСҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, 2-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье мы рассматриваем значение и виды народного устного творчества, его историю, роль в воспитании детей и воспитательные ценности. С помощью устного народного творчества сохраняются национальные традиции, формируются нравственные качества у детей и развиваются их творческие способности. Народное устное творчество – важная и особенная часть казахской культуры. Оно передается из поколения в поколение устно и отражает быт, обычаи, мировоззрение и жизненный опыт народа через художественные произведения. В древности, когда письменности не существовало, казахский народ передавал свою историю, подвиги и воспитательные ценности посредством стихов, песен, сказок, легенд и пословиц.

Устное творчество – это не только художественное слово, но и эффективный инструмент воспитания детей в духе нравственности, справедливости и трудолюбия. Оно расширяет кругозор, обогащает словарный запас, развивает логическое мышление и память. Каждый жанр казахского фольклора – сказки, героические поэмы, загадки и скороговорки – вносит значительный вклад в духовное и интеллектуальное развитие детей.

**Summary.** In this article, we examine the significance and types of folk oral literature, its history, its role in child upbringing, and its educational values. Through oral literature, national traditions are preserved, children are taught moral values, and their creative abilities are developed. Folk oral literature is an important and unique part of Kazakh culture. It is passed down orally from generation to generation and reflects the everyday life, customs, worldview, and life experience of the people through literary works. In ancient times, when writing did not exist, the Kazakh people conveyed their history, heroic deeds, and educational values through poems, songs, fairy tales, legends, and proverbs.Oral literature is not only an art form but also an effective tool for instilling morality, justice, and diligence in children. It expands their thinking, enriches their vocabulary, and develops logical thinking and memory. Each genre of Kazakh folklore — fairy tales, heroic epics, riddles, and tongue twisters — makes a significant contribution to the spiritual and intellectual development of children.

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының ерекше саласы. Бұл – ауызша айтылып, ұрпақтан ұрпаққа жеткен көркем-әдеби туындылардың жиынтығы. Қазақ халқының ауыз әдебиеті тұрмысын, қоғамдық өмірін, шаруашылығын, қуанышы мен күйінішін бейнелейді. Ғалымдар оны «халық шығармашылығы», «халық поэзиясы», «халықтың ауызша сөз өнері» деп те атайды.

Ертеде жазу өнері болмағандықтан, халық өз тарихын, салт-дәстүрін, дүниетанымын өлең-жыр, ертегі, аңыз, мақал-мәтел арқылы жеткізген. Ауыз әдебиетінің әрбір туындысы жеке адамдар тарапынан шығарылғанымен, оны ұрпақтар ауызша айтып, сақтап келген.

Ауыз әдебиетінде халықтың тұрмыс-тіршілігі, еңбекке қатынасы, табиғатқа деген көзқарасы көрініс табады. Мысалы, мақал-мәтелдер арқылы адамдардың өмірлік тәжірибесі мен даналығы ұрпаққа жетеді. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мәтел қазақ халқының еңбекке деген көзқарасын білдіреді.

Ауыз әдебиеті фольклор деп те аталады. Фольклор (ағылш. folklore – «халық даналығы») – халықтың тарихи тәжірибесін, ерлік пен батырлықты, салт-дәстүрлерді, арман мен қиялды бейнелейтін жанр.

Қазақ фольклоры мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін, тіл байлығын дамытуда маңызды рөл атқарады. Ол қиял-ғажайып ертегілер, батырлар жыры, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамытады.

Ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Махмұт Қашқари, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев өз еңбектерінде халық ауыз әдебиетін зерттеп, адамгершілік, тәрбие және білім беру мәселелерін талдаған.

Қазақ фольклористикасы 1920-шы жылдардан бастап қарқынды дамыды. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев сынды ғалымдар ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларын жинап, зерттеп, жариялады[1, 78б].

Мысалы, М.Әуезов «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын зерттеді, С.Мұқанов «Айтыс» жинағын шығарды. Сонымен қатар, «Қазақ ертегілері», «Алпамыс», «Қамбар», «Қобыланды» сияқты эпостық шығармалар орыс тіліне аударылып, кеңінен танылды.

Жалпы фольклордың негізі ертеде қалыптасқаны белгілі. Сонау замандағы ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Махмұт Қашқари, ақын- ағартушылар Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ғұламаларымыз адам бойында адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалаған. Ал сол сара жол деп таныған фольклорды одан әрі дамытқан, елеулі еңбек еткен аға буын өкілдерімізді де айтқанымыз жөн. Айтар болсақ, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева сынды ғалымдарымыздың есімдерін ерекше деп айтуымызға негіз бар.

Фольклор - тарихи оқиғалар ізімен қиялдау, образдау тәсілі арқылы жасалған көркем сөз байлығының басты бір саласы. Қазақ халқының мәдени және рухани байлығын игеруде фольклор жанрларының орны ерекше. Өйткені, жастарға дәстүрлі дүниетанымды түсінуге мүмкіндік беретін халық даналығының қайнар көзі.

Қазақ фольклорының дамуы 3 кезеңге бөлінеді:

- 1920–1930 жылдар – алғашқы жинақтар мен зерттеулер.
- Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары – фольклор мен батырлық жырларды насихаттау.
- Соғыстан кейінгі жылдар – жүйелі зерттеулер мен ғылыми еңбектер[2, 30б].

Балалар фольклоры – мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған, олардың қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін арттыратын жанр. Ол логикалық ойлау мен тілдік қорды молайтып, рухани тәрбиеге бағытталған.

А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Ш.Ахметов, Қ.Матыжанов сияқты ғалымдар балалар фольклорының тәрбиелік мәнін зерттеді. Мысалы, «Аяз би» ертегісіндегі Аяз бидің ақылдылығы, «Ер Төстік» ертегісіндегі Кенжекейдің айлакерлігі балаларға өнеге көрсетеді.

Балалар фольклоры арқылы мына қасиеттерді үйретуге болады:

- Адалдық пен әділдік
- Қоршаған ортаны құрметтеу
- Табиғатты сақтау
- Кішіпейілділік және сыйластық
- Төзімділік пен батылдық [3, 95б].

Халық ауыз әдебиеті арқылы балаларға адамгершілік, әділдік, имандылық, еңбекқорлық сияқты қасиеттерді үйретуге болады. Академик М.Әуезов: «Ауыз әдебиетін зерттей отырып, халық санасындағы Отаншылдық сезімді, адамгершілік пен эстетикалық мәдениетті көреміз», – деп балалар фольклорының тәрбиелік мәнін ерекше атап көрсеткен.

Адамгершілік тәрбиесі – балалардың бойында мінез-құлықтың белгілі сипаттарын қалыптастыру, олардың өз отбасына, қоғамға және Отанға деген қатынасын анықтайтын мінез нормаларын дарыту болып табылады. Балалар фольклоры осы қасиеттерді қалыптастыруда тиімді құрал болып табылады.

Қазақ фольклоры – ұлттық мәдениеттің және рухани мұраның негізгі қайнар көзі. Ол балалардың танымын кеңейтеді, шығармашылық қабілеттерін дамытады, адамгершілікке,

парасаттылыққа тәрбиелейді. Ауыз әдебиеті жанрлары балаларға өмірді тануға, қоршаған дүниені бағалауға, ұлттық дәстүрді сақтауға үйретететін маңызды құрал. Адамгершілік тәрбиесінің жалпы міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен сана нышандарын, адамгершілік түсініктері мен мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады. Адамгершілік сезім адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқынан, тәртібінен көрініс табады.

Халық ауыз әдебиеті – тек көркем сөз ғана емес, сонымен қатар балаларды адамгершілікке, әділдікке, патриотизмге, эстетикалық талғамға тәрбиелейтін рухани байлық. Сондықтан фольклорды мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу, ұлттық мәдениетке баулу үшін үнемі қолдану қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы : Атамұра, 2003. - 208 б.
2. Габдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 455 б
3. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. -330б.

ӘОЖ 82.093

## ЗАМАНАУИ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ: ЖАҢА МАЗМҰН, ЖАҢА ФОРМА

**ОРЫНБАСАРОВА ҰЛБОСЫН ҚУАНЫШҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті,
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының магистранты,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**БЕРКЕНОВА РАБИҒА АҒАБЕККЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің профессор ассистенті,
ф.ғ.к., Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются современные направления детской литературы, тематические и жанровые новшества, психологические аспекты, роль цифровых и мультимедийных ресурсов, вопросы сохранения национальной культуры. Современная детская литература является важным инструментом, способствующим интеллектуальному, творческому и эмоциональному развитию ребенка.

**Summary.** The article examines contemporary trends in children’s literature, thematic and genre innovations, psychological aspects, the role of digital and multimedia resources, and issues of preserving national culture. Contemporary children’s literature serves as an important tool for fostering children’s intellectual, creative, and emotional development.

Қазіргі кезеңдегі балалар әдебиеті – қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, технологиялық өзгерістермен тығыз байланысты дамып келе жатқан күрделі және көпқырлы мәдени феномендердің бірі. XXI ғасыр педагогикасы мен әдебиеттану саласында балалар әдебиетін зерттеудің өзекті мәселесі – шығармалардың баланың тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалдық дамуына әсерін анықтау болып отыр. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы, интернеттің қолжетімді болуы, электронды кітаптар мен мультимедиалық платформалардың кеңінен қолданылуы балалар әдебиетінің мазмұны мен формасына жаңа серпіліс әкелді. Бұрынғы дәстүрлі балалар әдебиеті негізінен тәрбиелік мақсаттарды басшылыққа алып, адамгершілікке, ізгілікке, еңбексүйгіштікке және отансүйгіштікке баулуға бағытталса, қазіргі заманғы әдеби шығармалар баланың психологиялық дамуын, шығармашылық қабілетін, тілдік мәдениетін және сыни ойлауын дамытуға бағытталады. Заманауи авторлар баланың жас ерекшелігін, ақпаратты қабылдау ерекшелігін және цифрлық технологияларға бейімділігін ескеріп, шығармашылық ізденістерін осы бағытқа бейімдейді.Балалар әдебиетінің қазіргі дамуында ең алдымен тақырыптық жаңашылдық айқын көрінеді. Қазіргі балалар қоғамдағы әлеуметтік, экологиялық, технологиялық, этикалық және мәдени құбылыстарға ересектерден кем назар аудармайды. Сол себепті бүгінгі шығармаларда экология, табиғатты қорғау, жануарларға деген жауапкершілік, технологияның адамдар өміріндегі рөлі, интернеттегі этика, кибербуллинг, әлеуметтік теңсіздік, достық пен қарым-қатынас мәселелері кеңінен қарастырылады. Бұл шығармалар тек танымдық функцияны ғана емес, сонымен бірге баланың тұлғалық дамуын,

әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды мақсат етеді. Сонымен қатар, қазіргі балалар әдебиетінде шынайы өмір мен фантастикалық элементтердің үйлесімі жиі кездеседі [1, 93б]. Мұндай тәсіл баланы әлемді жан-жақты қабылдауға, күрделі мәселелерді түсінуге және өзгермелі қоғамға бейімделуге үйретеді.

Қазақ балалар әдебиеті де қазақ қоғамымен бірге туып, біте қайнасып келе жатқан рухани іргелі сала. Балалар әдебиеті - келешек әдебиеті. Белгілі академик жазушы Мұхтар Әуезов : «Ел боламын десең , бесігіңді түзе» деген екен. «Бесікті » түзетудің бір жолы – бесік жырын түзеу. Бүгінгі балалар әдебиеті өрісі биік, өресі кең, мәдениеті үлкен әдебиет. Балалар әдебиеті–балалар өмірінің энциклопедиясы. Бастысы балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүюге , ата-анасын сыйлау , үлкенге құрмет көрсету, имандылыққа тәрбиелеу. Балалар әдебиетінің негізі – ауыз әдебиетінде. Сондықтан балалар әдебиетін зерттегенде халық ауыз әдебиетінен аттап өтуге болмайды. Өйткені, халық ауыз әдебиеті – балалар әдебиетінің алтын қоры, алтын бесігі. Оқу жасына дейінгі балалар, оқушылар ертегілерді тыңдауды өте жақсы көреді. Ертегілердегі ғажайып оқиғалар, қызықты тартыстар мен түрлі егестер, тапқырлық пен айлакерліктер, зұлымдық әрекеттерге қарсы күрескен қажырлы адамдардың қиян кескі батырлық істері оларды таң-тамаша етеді. Мектеп оқушылары батырлық жырларды аса сүйсініп, оның ішіндегі жағымды кейіпкерлерге еліктей отырып, қызыға оқитындығы сондықтан.

Жанрлық жаңашылдық та ерекше назар аударады. Заманауи балалар әдебиеті поэзия мен прозадан басқа графикалық новеллаларды, комикстерді, адаптивті мәтіндерді, интерактивті сюжеттерді және онлайн форматтағы кітаптарды қамтиды. Қысқа, нақты, әрекетке толы мәтіндер баланың ақпаратты тез қабылдау дағдысына сәйкес келеді. Кроссмедиалық әдебиет бағытында шығармалар тек кітап күйінде ғана емес, мультфильм, мобильді қосымша, анимация, аудиокітап және ойын элементтерімен толықтырылған көпформатты контент ретінде ұсынылады. Бұл баланың оқу қызығушылығын арттырып, мәтінге деген қабылдауын жаңа деңгейге көтереді [2, 50б].

Заманауи балалар әдебиетінде психологиялық бағыттың күшеюі де байқалады. Бұрынғы шығармалар тәрбиелік идеалдарға бағындырылса, қазіргі авторлар баланың эмоциялық, сезімдік әлемін, ішкі ойларын, қорқыныштарын, армандарын көрсетуге баса мән береді. Баланың өз сезімдерін, мінез-құлқын тануына мүмкіндік беру тәрбиелік ықпалды әлсіретпейді, керісінше күшейтеді. Эмоциялық интеллектіні дамыту, өзіндік бағалауды қалыптастыру және әлеуметтік қарым-қатынасты үйрету баланың тұлғалық дамуының маңызды бөлігіне айналды.

Қазіргі балалар әдебиетінде тақырыптық ауқымның кеңеюі айқын байқалады. Бұрын балаларға арналған шығармаларда негізінен адамгершілік, еңбекқорлық, үлкенді сыйлау секілді құндылықтар басым болса, бүгінгі әдебиет әлеуметтік және жаһандық мәселелерді де қамтиды. Экология, табиғатты қорғау, технологияның адам өміріндегі орны, интернет мәдениеті, кибербуллинг, достық, жауапкершілік, жеке тұлғаның өзін-өзі тануы сияқты тақырыптар қазіргі балалар шығармаларында кеңінен көрініс табуда.

Бұл бағыттағы шығармалар баланы тек оқырман ретінде емес, қоғамның белсенді мүшесі ретінде қалыптастыруды көздейді. Авторлар баланың ойлау қабілетін дамытып, сыни тұрғыдан пайымдауға үйретуге мән береді. Шынайы өмір мен фантастикалық элементтердің үйлесуі баланың қиялын дамытып, күрделі мәселелерді жеңіл қабылдауына мүмкіндік береді.

Ғылыми-фантастика, шытырман оқиғалы проза, экологиялық ертегілер, тарихи хикаялар, мотивациялық шығармалар және детектив жанры балалар әдебиетінде кеңінен дамып келеді. Фантастикалық шығармалар қиял мен ойлау қабілетін дамытуға ықпал етсе, ғылыми-фантастика ғылымға қызығушылық тудырып, зерттеу дағдыларын қалыптастырады. Детектив жанры байқағыштық, талдау және пайымдау қабілеттерін жетілдіреді, ал тарихи бағыттағы шығармалар ұлттық сананы қалыптастырып, мәдени мұраны меңгеруге көмектеседі.

Тіл мәдениетіне деген жаңашылдық та ерекше мәнге ие. Балалар әдебиеті қарапайым әрі бейнелі тілмен жазылып, балалардың сөздік қорын байытуды, көркемдік тіл құралдарын меңгертуге ықпал етеді. Мәтіндегі қысқа сөйлемдер, диалогтердің мол болуы, метафоралық және бейнелі сөздер қазіргі балалар әдебиетінің стилистикалық ерекшеліктеріне жатады. Ұлттық дәстүр мен заманауи құндылықтарды үйлестіру арқылы авторлар ұлттық ертегілерді, аңыздарды және тарихи тұлғаларды заманауи тұрғыда ұсынады. Бұл тәсіл балаларға ұлттық мәдениетті түсінуге және өз санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологиялардың рөлі де орасан зор. Электронды кітаптар, аудиокітаптар, подкасттар, мультимедиалық оқу материалдары, геймификация элементтері оқуға деген қызығушылықты арттырып, оқытуды ойын түрімен ұштастырады. Балалар көбіне смартфон мен

планшетті жиі қолданатындықтан, әдебиеттің цифрлық форматы мәтінге қолжетімділікті арттырады және оқу мәдениетінің жаңа түрін қалыптастырады. Мультимедиалық контент тыңдалым, оқылым және айтылым дағдыларын дамытуда маңызды рөл атқарады, бұл дәстүрлі кітап оқуды толықтыратын табиғи үдеріс болып табылады[3, 20 б].

Сонымен қатар заманауи балалар әдебиеті көпұлттылық, мәдени әртүрлілік, толеранттылық, әлеуметтік теңдік мәселелеріне ерекше назар аударады. Мұндай бағыт балаларды өзге мәдениеттерді түсінуге, әлемдік құндылықтарды меңгеруге және кең дүниетанымды қалыптастыруға үйретеді. Қазақ балалар әдебиеті де ұлттық мәдениетті бейнелейтін кейіпкерлер мен ортақ құндылықтарды шығармашылық тұрғыда жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, балалар әдебиетінің заманауи бағыттары баланың интеллектуалдық, шығармашылық, эмоционалдық және тілдік дамуына ықпал ететін қуатты құралға айналды. Бұл әдебиет енді тек тәрбиелік функцияны орындамай, тұлғалық қалыптасуды, сыни ойлауды, шығармашылық қабілетті дамытуды басты мақсат етеді. Балалар әдебиетінің тақырыптық, жанрлық, стилистикалық жаңашылдығы оны мәдениеттің толыққанды саласына айналдырып, заманауи қоғамда ерекше рөл атқаруға мүмкіндік береді. Болашақта балалар әдебиеті цифрлық технологиялармен, мультимедиалық контентпен және ұлттық мәдениетті жаңғыртумен тығыз байланысты дамиды, сол арқылы балалардың оқу мәдениетін, шығармашылық қабілетін және әлеуметтік санасын қалыптастыруда маңызды құрал болып қала береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Аманжолов Ә. Қазақ балалар әдебиеті: тарихы мен заманауи тенденциялар. – Алматы: Ғылым, 2018 – 225б.

2.Сүлейменова Ж. Балалар әдебиетіндегі жанрлық жаңашылдықтар. Астана: Фолиант, 2020 – 90б.

3.Құдайбергенова Г. Балалардың психологиялық дамуы және әдебиет. Алматы: Мектеп, 2019 – 120б.

ӘОЖ 82.789

## ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ БАЛАЛАР ТІЛІН ДАМЫТУДАҒЫ ОРНЫ

**ПЕРТАЕВА ЭЛЬМИРА КУЛИБАЕВНА**
Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, профессордың ассистенті, филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ОРЫНБЕК БЕКЖАН МЕЙРАМБЕКҰЛЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, 2-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**ҚҰЛБАЙ АЯЖАН МҰХТАРҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, 2-курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается роль казахских сказок в развитии детской речи, их влияние на обогащение словарного запаса, совершенствование навыков устной речи и развитие мыслительных способностей. Сказка является естественным и эффективным методическим инструментом, который обогащает словарный запас ребёнка, совершенствует навыки речи и развивает мышление. Народная педагогика с помощью колыбельных песен, рассказа сказок, скороговорок и загадок с раннего возраста развивала у ребёнка память, мышление и речевые навыки. Казахские сказки — это не просто увлекательная последовательность событий, но и бесценное сокровище, которое воспитывает в ребёнке доброту, пробуждает воображение и совершенствует речь. Поэтому научное исследование места и влияния казахских сказок на развитие детской речи в наши дни является особенно актуальным.

**Summary.** The article examines the role of Kazakh fairy tales in the development of children's language, their influence on enriching vocabulary, improving speaking skills, and fostering cognitive abilities. A fairy tale is a natural and effective methodological tool that enriches a child's vocabulary, enhances speech skills, and develops thinking. Folk pedagogy, through lullabies, storytelling, tongue twisters, and riddles, has nurtured memory, thinking, and speech abilities from an early age. Kazakh fairy tales are not just an engaging sequence of events but also a priceless treasure that cultivates kindness in

children, stimulates their imagination, and improves their language. Therefore, the scientific study of the role and impact of Kazakh fairy tales on the development of children's language is particularly relevant today.

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасының бірі – ертегілер. Олар тек қызықты оқиғалар тізбегі ғана емес, ұлттың дүниетанымын, тілдік мәдениетін, ойлау жүйесін, өмірлік тәжірибесін жас ұрпаққа жеткізетін баға жетпес қазына. Әсіресе, балалардың тілін дамытуда ертегілердің орны ерекше. Ертегі тыңдаған бала тілді еркін меңгеріп, сөздік қорын молайтып, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.Балаға бесіктен бастап бесік жыры, ертегі, батырлар жырын айтып берген. Сәби кезінен ертегі, жыр тыңдап өскен баланың есте сақтау қабілетінің жоғары болатындығын білген. Ертегілер, жаңылтпаштар, жұмбақтар арқылы баланың сөздік қорын байытып, логикалық ұшқырлығын шыңдаған. Дұрыс әрі терең ойлауға үйреткен.

Ертегі көбінесе халықтың тұрмысы, кәсібіне байланысты, қоғам өмірінің шындығынан туындаған. Ертегі арқылы балаға «жақсыдан үйренуді, жаманнан жиренуді» үйреткен. Ертегі айту балалардың сөздік қорын байытуға, ауызекі сөйлеуге, ойлау қабілетін дамытуға ықпал еткен. Қазақ ауылдарында ертегі айтатын адамды жоғары бағалаған. Ертегінің мазмұнына аса жауапкершілікпен қараған. Қазақ халқының ертегілерінің мазмұнына үңілгенде, бір жаман ой, жаман сөзді кездестірмейміз.

Балалар әдебиетін ғылыми мазмұнда зерттеген қазақтың ұлы жазушысы, белгілі академик Мұхтар Әуезов ертегі туралы «...ертегі деп баяғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін, онан соң белгілі елдің салтын білдіретін, арнаулы үлгі айтатын; жамандықты жерлеп, жақсылықты көтеріп айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады»- деп жазған еді [1, 38 б.].

Ертегілердің халық өміріндегі маңызы жоғары. Мәселен, Шоқан Уәлиханов алғашқы зерттеу жұмысы ертегіні жинақтаудан бастап, қазақ ертегілерін алғаш зерттеді. Ал, Мәшһүр Жүсіп Көпеев қазақ ертегілерін мол қорын жинақтап кетті. Қазақ халқының фольклорын зерттеген көрнекті ғалым Ә.А. Диваев Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы: «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті... Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырады... Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөнінде бағалы материалдар жинады», - деп айтып кеткен-ді[2, 96 б.].

Ертегі халық арасында ауызша тараған. Сонымен қатар, халық ертегілерінің ағартушылық қызмет атқарғандығын да ескеру шарт. Қазақ даласында ақ жаулықты аналарымыз бен көкірегі асыл қазына әжелеріміз арқылы ертегілер де ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, сақталып отырған. Ертегі айту арқылы ұрпағының бойында ізгі қасиеттерді қалыптастырып, толық адам болудың іргетасын қалаған. Кез-келген қазақтың баласы жастайынан ертегі тыңдап өскен. Сондықтан да, халықтың өміріне, халқына жақын болған.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде кейіпкер ретінде төрт түлік малдың ішінде көбінесе жылқыны қасиетті жануар деп санаған. «Ер Төстік» Шалқұйрық, «Керқұла атты Кендебай» ертегілерінде тұлпар кейіпкері «айшылық алыс жерлерден» үнемі көмекке келетін дос, ақылшысы ретінде сипатталады. Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар кейіпкерлері мейрімділік пен жанашырлықты, достықты насихаттайды. Сондай-ақ, «Тазша бала» ертегісі ақылдылыққа алғырлыққа, тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелейді. Ақыл-парасатымен қиындықты жеңіп шығып, әділеттілік орнатады. Осылайша, халық даналығы ұлтты тәрбиелеген. Нәтижесінде, бір сөзді, турашыл, өтірік айтпайтын, елжанды адам қалыптасқан.

Қазақ ертегілері көркем тілмен, бейнелі сөздермен, теңеулермен, мақал-мәтелдермен өте бай. «Ақсүйек», «Түлкі мен қасқыр», «Ер Төстік» сияқты ертегілерде кейіпкерлердің мінезін ашатын тіркестер, табиғат пен оқиғаны суреттейтін сөздер молынан кездеседі. Бала осындай образды сөздер арқылы тілдің көркемдігін сезініп, өз ойын шебер жеткізуге үйренеді.

Ертегілерде күнделікті өмірде сирек қолданылатын, бірақ маңызды ұлттық сөздер мен тіркестер бар: «жауынгер», «жезтырнақ», «жарқанаттай қанат қақты», «пысық бала», «айлакер түлкі» және т.б. Мұндай сөздер баланың архаизмдер мен этнографиялық атауларды түсінуіне көмектеседі. Ертегіні жиі тыңдаған бала жаңа сөзді контекстен түсініп, есінде жақсы сақтайды.

Ертегілердің құрылымы – басталуы, дамуы, шиеленісі, шешімі – баланың ойлау ретін реттеуге, өз ойын жүйелі айтуға үйретеді. Кейіпкерлердің диалогтары мен репликалары ауызекі сөйлеу тілінің үлгісі ретінде қызмет етеді. Бала ертегіні қайталап айту, сахналау барысында дикциясын, дауыс ырғағын, сөйлеу мәнерін дамытады.

Қиялы дамыған бала сөзді еркін қолданады. Қазақ ертегілері қиял-ғажайыпқа толы: ұшатын кілем, жалмауыз кемпір, алып батырлар, сиқырлы ағаштар. Мұндай бейнелер баланы қиялдауға итермелейді. Қиял мен тіл бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, ертегі тыңдаған бала шығармашылық сөйлеуге бейімделеді.

Ертегілердегі ұлттық ұғымдар, салт-дәстүрлер – баланың тілдік тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді. «Бата беру», «жолға аттану», «ежелгі жау», «ақыл сұрау» сияқты мәдени ұғымдар баланың тілінде ұлттық реңк қалыптастырады. Бұл қазақ тілінің табиғи болмысын сезінуге ықпал етеді.

Көрнекті әдебиет зерттеушісі, жазушы Шеген Ахметовтың 1966 жылы жазған «Қазақ халқының бала тәрбиелеу дәстүрі» мақаласында: «Тәрбие басы алдымен әдептілікке үйретуді көздеген. Мейрімді болуға тәрбиелеген. Тіл алғыш елгезек бол деп үйреткен. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Адалдықпен пен шындыққа баулуды көздеген. Білгір бол, ұстаз бен ғалымның, көпті көрген данышпан қарияның сөзін тыңда, ақпа құлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларына сіңіре берген. Үлкенді, ата-ананы сыйлауға үйретуді басты міндет етіп қойған. «Кісі айыбын бетіне баспа», - дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қарып-қасерлердің табиғи кемдігін көрсетпе деген сөз. ...ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді » -деп атап көрсетеді [3, ].

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуда көркем әдебиетке, кітаптарға деген қызығушылықтарын оятуда ертегілердің, жұмбақтардың, жаңылтпаштардың атқаратын рөлі зор. Кітаптағы суреттерді балалармен бірге қарау, ертегі кейіпкерлері әрекеттерін талдау, жанашырлық таныту, баланың пікірін тыңдау баланың болашағына ықпал етері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, қазақ ертегілері – балалардың тілін дамытатын ең тиімді құралдардың бірі. Олар сөздік қорды байытып қана қоймай, баланың сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, ойлау қабілетін дамытады, қиялын шыңдайды. Ең маңыздысы – ертегілер баланы туған тілін сүюге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді. Сондықтан қазақ ертегілерін бала тәрбиесінде кеңінен пайдалану – тіл дамытудың табиғи әрі ең нәтижелі жолдарының бірі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қанафияұлы Н. Шоқан-әдебиетші, публицист. - Алматы: Қазақстан, 1998. – 184 б. 2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, зерттеулер.- Алматы: Жазушы, 1985. – 350 б.

3. Марғұлан Ә. Ежелгі мәдениет куәгерлері.- Алматы: Санат, 1966. – 279б.

ӘОЖ 82.789.59

## КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ СОЦИАЛИСТІК РЕАЛИЗМ: СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ

**САЙЛАУХАН ГАУҺАР ТҰРСЫНХАНҚЫЗЫ**
Ш. Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің
«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
**АРХАБАЕВА ГҮЛНҰР ЕРМАХАНҚЫЗЫ**
Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің сеньор-лекторы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье анализируются проявления социалистического реализма в казахской советской литературе 1920–1930-х годов, при этом творчество Сакена Сейфуллина приводится в качестве ключевого примера. Основные произведения С. Сейфуллина — от революционных стихотворений (например, «Жүріңдер, жігіттер!», написанного после Октябрьской революции 1917 года и считающегося первым произведением советской казахской литературы) до драм и рассказов 1920–1930-х годов («Бақыт жолында», «Айша», «Жер қазғандар» и др.) – характеризуются выраженным партийно-идеологическим содержанием. Устанавливается, что тематический диапазон его поэзии и прозы строится вокруг образов рабочих, крестьян и революционеров, полностью соответствуя канонам социалистического реализма, а художественная форма обогащена элементами казахского фольклора и эпической поэзии. Так,

рассказы «Айша» и «Жер қазғандар» поднимают темы женской эмансипации и роли рабочего класса. Эти мотивы впервые были введены в казахскую прозу, что подчёркивает модернистский характер творчества Сейфуллина. В заключение подчёркивается двойная значимость литературного наследия С. Сейфуллина: с одной стороны, его произведения служили коммунистической пропаганде и укреплению советской идеологии, а с другой — стали основой обновлённой казахской литературной традиции, расширив её тематические и жанровые возможности.

**Summary.** This article analyzes the manifestations of socialist realism in Kazakh Soviet literature of the 1920s–1930s, using the works of Saken Seifullin as a primary example. Seifullin's major works—from revolutionary poems (such as "Jüriңder, zhigitter!", written after the October Revolution of 1917 and considered the first work of Soviet Kazakh literature) to the dramas and short stories of the 1920s–1930s (including "Baqyt zholynda," "Aysha," "Zher qazghandar," and others)—are characterized by their strong party-ideological content. It is determined that the themes of his poetry and prose revolve around depictions of workers, peasants, and revolutionaries, fully aligning with the canons of socialist realism, while the artistic form is enriched with elements of Kazakh folklore and epic poetry. Thus, the stories "Aysha" and "Zher qazghandar" explore themes of women's emancipation and the role of the working class. These topics were introduced into Kazakh prose for the first time, emphasizing the modernist character of Seifullin's creative work. In conclusion, the dual significance of Seifullin's literary heritage is highlighted. His works served both as communist propaganda and as a tool for shaping Soviet ideology, while simultaneously establishing the foundation of a renewed Kazakh literary tradition enriched with new themes and genres.

Социалистік реализм кеңестік ресми сын тұрғысында «шындықтың революциялық дамуындағы шынайы, тарихи тұрғыдан нақты бейнеленуі» деп анықталған. Негізгі идея бойынша шығармашылық саласы социалистік қоғам құруға қызмет етуі, кеңестік тұлғаны, партияны және прогресті дәріптеуі керек болған. Сонымен қатар, шығарманың формасы «мазмұны бойынша социалистік» пен «формасы бойынша ұлттық» түрде біріктіруге міндеттелген. Көпұлтты КСРО-да бұл жеке халықтардың әдеби дәстүрлерін кеңестік идеология призмасы арқылы өзгерту керек дегенді білдірді. Социализмнің прогрессивті идеялары ұлттық сипатқа, тілдік ерекшеліктерге және фольклорға өрілуі керек еді.

1920-1930 жылдардағы қазақ әдебиетінде социалистік реализм партияның саясатын – индустрияландыру, ұжымдастыру және мәдени революцияны қолдау арқылы қалыптасты. Сол кездегі көрнекті жазушылар – С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ғ.Мүсірепов және басқалар жаңа социалистік адамның бейнелерін жасау және бұқараның еңбегін дәріптеу міндетін алды.

Мысалы, І.Жансүгіровтің «Дала» поэмасы [1] «қазақ халқының қысқаша тарихына» айналды, әрбір тарау қазақ халқының өмірінің әртүрлі кезеңдерін қамтиды. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман эпопеясы[2] кейінірек «XIX ғасырдағы қазақ даласындағы өмір энциклопедиясы» деп аталып, мұндай шығармалардың ауқымдылығы мен идеологиялық бағытын атап өтті. Жалпы алғанда, кеңестік тәжірибе прогрессивті идеалдарды – коммунизм құрылысын, халықтардың бауырластығын және жұмысшылардың өмірін байытуды – оқырманға қолжетімді ұлттық «формалар» арқылы бейнелейтін көркем әдісті талап етті.

Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллин (1894–1938ж.ж.) кеңестік қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі және социалистік реализмнің көрнекті жақтаушысы болды. Тіпті оның алғашқы шығармалары да жаңа режим кезіндегі қазақ өмірін шынайы бейнелеуге бағытталған. 1920 жылдарға қарай С.Сейфуллин белсенді большевикке айналды және революциялық оқиғаларға қатысты. Омбыда ол революциялық жастар тобының мүшесі болды, ал 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Ақмолаға оралып, Кеңес өкіметі үшін үгіт жүргізе бастады. Бұл оның шығармашылығының тақырыптарын анықтады. 1920 жылдардың басындағы поэзиясында ол алғаш рет Кеңес өкіметі мен Ленинді мадақтады. Мысалы, «Ленин!» [3] өлеңінде ол былай деп жазады:

Адамзаттың бақытына
Саты,
Аят, хадис уақытына
Аты.
Бұл дүниенің пайғамбары
Ленин!

Төмен таптың ой-айбары
Ленин!

Сейфуллин өзінің прозасы мен публицистикасында коммунистік идеалдар мен кеңес халқының ерліктерін әнмен өрнектеді. Оның «Тар жол, тайғақ кешу»[4] роман-естелігі (1975 жылы орыс тіліне аударылған, бірақ 1926–1928 жылдары жазылған) Қазақстандағы революция мен азамат соғысының көрінісін бейнелейді. Онда «жұмысшы табы» мен «бұрынғы» билеушілер арасындағы өткір қақтығыс баса көрсетілген, жазалаушы күштердің, молдалардың және Алаш Орда көсемдерінің түрлері көрсетілген». Роман автордың азаттық үшін күресіп жатқан езілген халыққа деген жанашырлығымен, революциялық ынтамен және революцияның жеңісіне деген сенімімен сусындаған. Мұндағы басты кейіпкерлер – комсомол мүшелері, Қызыл Армия жауынгерлері және кеңес көсемдері – тарихқа белсенді қатысушылар, халық үшін «өмір мұғалімдері» ретінде бейнеленген. Мысалы, «Қазушылар»[3] әңгімесі теміржол құрылысшылары мен кеншілердің өмірін жарықтандырады, ал «Қызыл сұңқарлар» [3] әңгімесі басмашы бандаларына қарсы күресушілердің ерлігін бейнелейді. Бұл мәтіндердің барлығы социалистік реализмге тән әдістерге толы. Әлеуметтік оқиғалардың ауқымы, әлеуметтік динамика, айқын идеологиялық хабарлама және оптимизм.

Социалистік мотивтер С.Сейфуллиннің 1920 жылдардағы поэзиясында айқын көрінді. С.Сейфуллин «Домбыра» [3] (1924) жинағында және «Экспресс»[3] (1926) кітабында индустрияландыруды және жаңа буынның ынтасын поэтикалық тұрғыдан бейнеледі. «Жұмыскерлерге» [3] (1921) өлеңінде ол кеншілер мен жұмысшылардың ауыр еңбегін жанашырлықпен бейнелейді және азаттық еңбектің жеңісін күтеді:

Ауыр балға, ауыр қайла, күрегің
Күшті қолда; болат жұмыр білегің.
Балшық басқан, күйе басқан жалаңаш,
Бауырларым, теңелуің тілегім.

С.Сейфуллин поэзиясында технологиялық прогрестің символдары – бу локомотивтері, ұшақтар, электр жарығы – жиі кездеседі. 1923 жылдың өзінде С.Сейфуллин жылдам жүретін экспресс пойыздың метафорасын қолданған:

Советстан, біздің Стан совстан!
Экспресс, талма екпінді шабыстан.
Гуле жүріп,
Үні құрып,
Қалсын ұлып,
Ескі жалған арттан қалмай жабысқан.

Бұл жерде пойыз - коммунизмге қарай қайтымсыз қозғалыстың, Кеңес елінің «жаңа өмірге» қарай «қарсыласуға болмайтын шеруінің» бейнесі. Тіпті дәстүрлі «тұлпармен» салыстыру да қарама-қайшылық тудырады. С.Сейфуллин өзінің «Советстан»[3] (1925) өлеңінде халықаралық достық идеясын алға тартады: «Пойызда біз көппіз, және біздің сеніміміз күшті, / Бізді бір мақсат біріктіреді...» Мұнда көпұлтты «пойыздың» бейнесі әртүрлі халықтар «бірлескен күш-жігермен» бірге жүретін Кеңес Социалистік Республикалар Одағын білдіреді.

Осылайша, С.Сейфуллиннің негізгі көркемдік тәсілдері — жұмысшыларды батырлықпен мадақтау, түрлі-түсті, ауқымды метафоралар (экспресс пойыз, өнеркәсіптік нысандар) және салтанатты саяси лирикалық жолдар — социалистік реализм қағидаттарына толық сәйкес келеді. Оның 1920 жылдардағы поэзиясы реализм мен романтизмді біріктіретін «синтетикалық» және «инновациялық» поэзия. С.Сейфуллиннің лирикасындағы «реализм мен романтикалық мотивтердің» үйлесімі және «өздерінің асыл мақсатына сенімді түрде асығып бара жатқан экспресс пойыздар, ұшақтар және бу локомотивтері» бейнелерінің көптігі социалистік реализм қағидасының жеңісін дәлелдеді.

С.Сейфуллин социалистік реализм талаптарын толықтай орындап, шығармаларын сол дәуірде болып жатқан оқиғаларға арнап, қарапайым халықты жарытатынына кәміл сенген. Бұл туралы филология ғылымдарының докторы,профессор, академик Тұрсынбек Кәкішев өз мақаласында айтқан «Сәкен десек, ең алдымен, «Жас қазақ марсельезасы» мен «Тар жол, тайғақ кешу» еске түседі. Жүз рет, мың рет, бұл шығармалар – Қазан төңкерісіне арналған, соның жоғын жоқтап, табысына қуанған дүниелер. Бұл төңкеріс қазақты, әсіресе, кедейді жарылқайды деп Сәкеннің имандай сенгені, жанығып еңбек еткені рас.»[5]

Сәкен Сейфуллиннің шығармалары 1920-1930 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмнің типтік моделін айқын көрсетеді. Оның поэзиясы мен прозасы революцияға, оның

көшбасшылары мен бұқараға, коммунизмнің болашағына арналған, ал оның көркем бейнелері өнеркәсіптік жаңғырту мен жасампаздықпен тығыз байланысты. Нақты мысалдар - Ленинге салтанатты үндеулер, құрылысшылардың поэтикалық сипаттамалары және жылдам жүретін пойыз бен бу локомотивінің мотивтері - әңгіменің идеологиялық берілгендігін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл мәтіндерде қазақ дәстүрлерінің әсері айқын көрінеді. Туған елдің табиғатымен салыстырулар, «біздің далаға» сілтемелер және тұлпар секілді символдар. С.Сейфуллиннің шығармашылығында ұлттық социалистіктен ажырамас және тек ортақ идеологиялық идеяларды визуал құралы ретінде қызмет етеді.

Оның әдеби үлесі оның таза көркемдігінде ғана емес, саяси және тәрбиелік әсерінде жатыр. Оның «Советстан» (1925) поэмасы халықтар достығына арналған қазақ тіліндегі алғашқы толыққанды «кеңестік» поэма болды. Оның «Тар жол, тайғақ кешу» романы және Азамат соғысының батырлары туралы әңгімелері патриотизмге әдеби сабақ берді. Жалпы алғанда, С.Сейфуллин өзін «революциялық жазушы», жаңа режимнің лирикалық патриоты ретінде көрсетті, ол коммунизм идеалдарын қарапайым халықтық тілмен жеткізді. Қорыта айтқанда, ол қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмнің негізгі қағидаларын шынымен де жүзеге асырды: ол «революциялық қалыптасуындағы жаңа әлемді» мадақтады, «жұмысшы табының сұлулығы мен халықтың жеңістерін» бейнеледі, және осылайша дәстүрлі қазақ эпосына дәуірдің сипаттамалық ерекшеліктерін сіңіруге көмектесті. Оның тәжірибесі КСРО-ның басқа халықтарының жазушыларының тәжірибесіне жақын, онда дәл осындай үлгі болашақтың оптимистік бейнелерін жасау және халық пен партияны мадақтау болды. Сондықтан С.Сейфуллиннің шығармашылығын кеңестік қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмнің ең жарқын көріністерінің бірі деп санауға болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**:

1.Жансүгіров І. Шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы, 2020. –320б.

2.Әуезов М. «Абай жолы» романы. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2004. –4 том.

3.Сейфуллин С. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазғұрт» баспасы, 2004. – 2000 дана.

4.Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу» – Алматы: «Өлке» баспасы, 2013. –544б.

5.Кәкішев Т. «Қазақты Сәкен Сейфуллин – мәдениетті, өркениетті елдер қатарына қосуды армандаған тұлға». – Алматы: «Ана тілі» газеті, 2011ж.

ӘОЖ 82.645.12

## ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ПӘНІ

**ОНГАРБАЕВ КУРАЛБЕК САГИНДЫКОВИЧ**
Кешкі орта мектебі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются место и значение предмета литературы в современном образовательном пространстве. Определяются современные требования к преподаванию литературы, а также цели и задачи в рамках обновлённого содержания образования. Анализируется роль предмета литературы в формировании функциональной грамотности, критического мышления и духовно-нравственных ценностей учащихся. Кроме того, показана эффективность использования цифровых технологий, интерактивных методов и инновационных педагогических подходов. Результаты исследования дополнены практическими рекомендациями, направленными на совершенствование преподавания литературы.

**Summary.** In this article, the place and significance of literature as a subject in the modern educational environment are examined. Contemporary requirements for teaching literature are identified, along with the goals and objectives within the framework of the updated curriculum. The role of literature in developing students' functional literacy, critical thinking, and spiritual and moral values is analyzed. In addition, the effectiveness of using digital technologies, interactive methods, and innovative pedagogical approaches is demonstrated. The research findings are supplemented with practical recommendations aimed at improving the teaching of literature..

Қазіргі жаһандану және цифрлану үдерісі білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Осы өзгерістер аясында әдебиет пәнінің мазмұны мен оқытылу тәсілдері де жаңаша қарастыруды қажет етеді. Әдебиет – оқушының тұлғалық дамуына, рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына тікелей ықпал ететін негізгі пәндердің бірі. Сондықтан қазіргі білім беру кеңістігінде әдебиет пәнінің орны мен маңызын айқындау өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі білім беру кеңістігі оқушының білімді дайын күйінде қабылдауын емес, оны өз бетінше меңгеруін, талдауын және қолдануын көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, әдебиет пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін және шығармашылық әлеуетін дамытуда маңызды рөл атқарады. Көркем мәтінді талдау барысында оқушылар ақпаратты түсініп қана қоймай, оны бағалауға, салыстыруға, өзіндік пікір қалыптастыруға үйренеді [1].

Жаңартылған білім мазмұны аясында әдебиетті оқытудың басты мақсаты – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгерген, мәдениетті, ойлы, тілдік қоры бай тұлға қалыптастыру. Бұл мақсатқа жету үшін сабақ барысында оқытудың интерактивті әдістері, топтық жұмыс, жобалық тапсырмалар, пікірталас, эссе жазу сияқты белсенді тәсілдер кеңінен қолданылады.

Сонымен қатар қазіргі білім беру кеңістігінде цифрлық технологиялардың рөлі артып келеді. Әдебиет сабақтарында электронды оқулықтар, мультимедиалық материалдар, онлайн платформалар мен бейнесабақтарды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Цифрлық ресурстар көркем шығарманың мазмұнын терең түсінуге, авторлық идеяны жан-жақты ашуға жағдай жасайды.

Әдебиет пәні оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесінде де ерекше орын алады. Көркем шығармалар арқылы оқушылар адалдық, мейірімділік, жауапкершілік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді бойына сіңіреді. Бұл қасиеттер қазіргі қоғамда әлеуметтік бейімделген, саналы азамат қалыптастырудың негізі болып табылады.

Әдебиет пәнін оқыту білім беру жүйесінің маңызды салаларының бірі болып табылады. Әдебиет арқылы оқушылар тек қана әдеби шығармалармен танысып қана қоймай, сонымен қатар өмірдің түрлі қырларына, адам психологиясына, мәдениетке, тарихқа деген қызығушылықтарын арттырады. Заманауи қоғамның дамуымен бірге әдебиет пәнін оқыту әдістері де өзгеріп, жаңа талаптарға сай болуға тиіс. XXI ғасырда білім беру саласында жаңа технологиялар мен инновациялық әдіс-тәсілдер кеңінен қолданыла бастады. Осыған байланысты әдебиет пәнін оқытудың әдістемелік жүйесі де жаңа бағыттарға бет бұруда. Бұл мақалада әдебиет пәнін оқытудың қазіргі кездегі тенденциялары мен оларды оқу үдерісіне енгізу жолдары қарастырылады [2].

Заманауи білім беру технологиялары мен әдістерінің қарқынды дамуы әдебиет пәнін оқытудың тиімділігін арттыруда жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Бұрынғы дәстүрлі оқыту әдістері бүгінгі күні оқу процесінің барлық қырын қамти алмайды. Қазіргі уақытта білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту әдістері үнемі жаңарып отыруы керек. Әдебиет пәнін оқытудың жаңа технологияларының арасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану (АКТ) ерекше орын алады. АКТ әдебиет сабағында шығармаларды тереңірек зерттеуге, авторлар мен олардың шығармашылығын талдауға мүмкіндік береді. Мысалы, интернет-ресурстар мен электронды кітапханаларды пайдалану оқушыларға әр түрлі көздерден мәлімет жинауға, талдауға және пікір алмасуға мүмкіндік береді.

Әдебиет сабақтарында мультимедиялық құралдар мен интерактивті тақталарды қолдану да оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабақты тиімдірек өткізудің маңызды әдісі болып табылады. Қазіргі заманғы білім беру технологиялары оқушыларды шығармашылық тұрғыдан дамытуға, оларға өз пікірлерін ашық және дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Жобалау әдісі – білім алушыларды шығармашылық тұрғыдан дамытуға бағытталған тиімді тәсілдердің бірі. Әдебиет пәнінде жобалау әдісін қолдану оқушыларға шығармаларды тереңірек түсінуге, мәтіннің мазмұнын өз бетімен зерттеуге және өз пікірлерін ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл әдіс әсіресе, әдебиеттегі күрделі тақырыптарды немесе терең философиялық мәселелерді талқылау кезінде тиімді болып табылады. Жобалау әдісі кезінде оқушылар шығармашылық жұмыстарды орындайды, презентациялар дайындайды, топтық талқылаулар жүргізеді. Бұл әдіс оқушыларды бірлескен жұмысқа, шығармашылық ізденіске баулиды. Сонымен қатар, жобалау әдісі сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, ақпаратты өңдеп, қорытынды жасауға үйретеді [3].

Әдебиет пәнін оқытудың жаңа тенденцияларының бірі – кросс-культуралық көзқарас. Әдебиет тек ұлттық мәдениеттің емес, сонымен қатар бүкіл адамзаттың мәдени мұрасының

құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі кезде әдебиетті оқытуда түрлі елдердің, халықтардың әдебиетін, тілдерін және мәдениетін салыстыру арқылы оқу процесін халықаралық деңгейге көтеруге мүмкіндік бар.

Қазақ тіліндегі сөздердің айтылуы мен жазылуында аса көп айырмашылық жоқ. Жегенмен сөз ішінде және сөз аралығындағы дыбыстардың барлығы бірдей айтылуынша жазылмайды. Үндестік заңына сай, қатар келегн екі дыбыс бір-біріне ықпал жасап, өзгеріліп естіледі (түңгі – түнгі, Амангелді – Аманкелді, Жампейіс – Жанпейіс, башшы –басшы, баралмай – бара алмай т.б).

Оқу-жазуға үйретудің алғашқы кезеңденрінде анық естілетін, созып айтуға келетін және дыбысталуы мен таңбалануы бірдей дыбыстардан құралған сөздр іріктеліп алынады. Балалар сауат ашу кезінде өздері көріп тұрған не жазған әріптерінен буын құрай алады. Олар талдау арқылы сөздің қандай буындардан. Дыбыстардан құралып тұрғанын ажыратса, жинақтау арқылы дыбыстардан буын, буындардан сөз құрап үйренеді.

Дар айтуға және басқа дыбыстармен қосып айтуға ең қолайлы келетін дыбыстар дауыстылар болады, содан кейін үнді дауыссыздар мен ұяң даыуссыздар. Ең қиындары-қатаң дауыссыздар. Сондықтан да оқу-жазуға үйреткенде ең алдымен дауыстылар, содан кейін дауыссыздарды оқытқан орынды болады. Өйткені сауат ашудың ең алғашқы кезіңде балалар бірден екі әріпті біріктіріп оқи алмайды. Алғашқы кезде бала бір-екі әріпті қабылдай алады. Үйрене келе, бірте-бірте жалғас тұрған әріпті де қабылдайды. Бірінші әріптен екінші әріпке көшіп, екі әріпті қосып оқи алатын кезде, созып айтуға болатын дыбыстардың берілгені жөн. Сондай-ақ алғашқы кезде оқуға ұсынылған сөздер буын жағынан да жеңіл (ашық буын) көбінесе жуан дауыстылар мен созып айтылатын дауыссыздардан құралғаны қолайлы.

Балалар жуан буынды оқып үйрене бастаған кезде, жіңішке буындарды оқуға онша қиналмайды.

Сауат ашу кезінде дыбыстар және буын түрлерімен қатар сөздің құрамындағы дыбыстардың аз-көптігінің де әсері болады. Яғни, алғашқы сабақтарда екі-үш дыбысты сөздер үйретілгені дұрыс. Бірақ қазақ тілінде екі-үш дыбысты ашық буыннан құрылған сөздер өте аз. Сондықтан бір-екі абақтан кейін-ақ бірнеше дыбыстан (өткен әріптердің қайталанып келуі арқылы) құрылған

сөздер мен тұйық буын қатар өтіледі. Екі дыбысты ашық және тұйық буыннан үдету амалымен үш немесе төрт дыбысты сөздер құрастырылып үйретіледі (Шо-ра, ша-на. Ал. Ал-ма,ар-ша. Са-ра және т.б).

Балаларға сөздерді, біріншіден, мағынасы жағынан, екіншіден, қолданылу аясы мен шебері жағынан үйретудің олардың ойы мен тілін дамыту үшін маңызы зор.

Сөздің ауыспалы, келтірінді мағынада қолданылуы бірде метафора арқылы, бірде метонимия арқылы,кейде синекдоха тәсілдері арқылы беріліп отырады. Метафора (грек сөзі metopora – ауысу мағынасында) – белгілерінің ұқсастығына қарай, сөз мағынасының ауысуы. Мысалы, орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті (Абай). Метонимия (грек сөзі tmetonymia – атын өзгерту мағынасында) заттың не құбылыстың атауы екінші затқа не құбылысқа белгіленетіні (өзара іргелес, шектес болуына қарай ауысуы). Мысалы, Жүрегім менің қырық жамау (Абай). Синекдоха (грек т. synekdoche) – бірге жобалап түсіну. Мысалы, басың нешеу?.

Сөзді үйрету барысында балалар мынадай амалдарға дағдыланулары тиіс: 1) сөздің мағынасын айту; 2) сөзді тағы қандай мағынада қолдануға болатынын айту; 3) осы мағынаны тағы қандай сөздермен білдіруге болатынын айту; 4) сөйлеуде лексикалық құралдарды джұрыс пайдалу; 5) мағына жағынан ұқсас немесе қарама-қарсы сөздердің қолданылуын аңғару.

Сауат ашу методикасының ғылыми негіздері педагогика, психология, лингвистика және методика ғылымдарына сүйенеді. Ол оқушыларға оқу және жазуды тиімді үйретуге мүмкіндік береді және баланың тілдік, ойлау және шығармашылық дағдыларын дамытады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахметова Л. Ж. Бастауыш сыныптарда сауат ашу методикасы. – Алматы: Білім, 2018. – 212 б.

2.Сейітова А. Қ. Сауат ашу және жазуға үйрету әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 198 б.

3.Қожахметова Г. Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын дамыту**.** – Астана: Ұлттық педагогикалық кітапхана, 2019. – 245 б.

4.Баймұхамедова Н. Педагогика және психология негіздері**.** – Алматы: Рауан, 2016. – 304 б.

5.Қарашаш Д. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: теория мен тәжірибе**. –** Алматы: Фолиант, 2020. – 276 б.

ӘОЖ 372.881.161.1

## ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

**КАРАУЫЛБАЕВА ШОЛПАН КАЛЫМБЕТОВНА**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-шебер,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье всесторонне рассматривается технология развития критического мышления посредством чтения и письма.

**Summary.** The article comprehensively examines the technology of developing critical thinking through reading and writing.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Солардың бірі оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлануды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – әлемнің түкпір-түкпірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі. Технологияның негізіг қалаушылар американдық ғалымдар Чарльз Темпл, Джон Дьюи, Мередит. Жобаның негізі Ж,Пиаже, Л.С.Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Бұл технология Совет өкіметі кезінде 1973 жылдан, Қазақстан қоры жанынан 1998 жылы қазан айынан бастап жүргізіліпкеледі. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, яғни, RWCT жобасы 29 мемлекетте қолданылады.

Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлануды дамыту технологиясының басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде «Сыни тұрғыданойлау арқылы оқу мен жазды дамыту» бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

Қазіргі заманғы педагогикалық технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінд игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда «Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу» дегенді білдіреді.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасының мақсаты: барлық жастағы оқушыларға кез келген мазмұнға сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға сабақтарда үйрету.Біздің еліміздеДжордж Соростың ашық қоғам институты, «Сорос-Қазақстан» қоры арқылы келген бұл технология орыс және қазақ тілдерінде мектеп тәжірибелеріне енгізілуде.

«Сын тұрғысынан ойлау» ұғымы белгілі бір идеяларды қабылдай отырып, оның неге қатысты екенін зерттеу, оларды жеңіл септикалық ойларға қарсы қоя білу, салыстыра алу, сол идеяларға қарсы көзқарастармен теп-теңдікте ұстап зерттеу, оларға сеніммен қарау деп түсіндіреді авторлар. Сыни тұрғыдан ойлау – сынау емес,шыңдалған ойлау. Бұл деңгейде ойлау тек ересек адамдарға, жоғарғы сынып оқушыларыныңі да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Сыни ойлау – өзіндік ойлау. Сыни ойлау – сұрақ қоюдан және шешімін талап ететін проблемаларды айқындаудан басталады. Оқушы өзі сұрақ қойып, шешімін өзі айқындайды.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымында ерекшелік бар. Бұл құрылым деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделі. Білімнің болашақта пайдаға асуы, қажетке жарауын қалыптастырады. Көп ақпаратты талдай, жинақтай отырып, ішінен қажеттісін алуға үйретеді.

Бұл технология мұғалімдерді несімен өзіне баурап алғандығын бірнеше сұрақ-жауап ретінде көрсетейік.

Сын тұрғысындап ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

– Шыңдалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
– Күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешім қабылдауға құштарлық;
– Үйрету мен үйрену бірлігінің,үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне негізделген құрылым.

«СТО-ды дамыту» технологиясы немен қызықтырады?

– Кез келген ұстазғасапалы сабақ беруге мүмкіндік беретіндігімен.
– Оқыту мен ұйымдастырудың тиімді әдістерінің /стратегияларының/ көптігімен.
– Оқу мотивацияларын өзгертуге пайдалы екендігімен.

«СТО-ды дамыту» технологиясының өзге технологиялардан қандай ерекшеліктері бар?

– Сын тұрғысынан ойлау сабақтарының құрылымы/қызығушылықты ояту, мағынаны ажырату, ой толғаны.
– Негізгі үш кезеңнің маңыздылығы.
– Стратегиялардың психологиялық астары мен ерекшеліктері.

«Оқу мен жазу сын тұрғысынан ойлау» сабақтарында мына мәселелерге назар аударылады:

1. Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға эағдай жасау.
2. Қиялын дамыту үшін «менің ойымша» деген жауапқа дағдыландыру.
3. Тл байлығын дамыту үшін қалайда жауапты соңына дейін тыңдау.
4. Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

«Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы үш кезең бойынша қолданылады:

– Қызығушылықты ояту («көпір жасау», ой қозғау);
– Мағынаны тану (мағынаны ажырату);
– Ой-толғаныс (рефлексия, жаңа білім құрастырылады).

Білім берудің маңызды шарты оқу үдерісінде оқушылардың қызығушылығын арттырып, өздігінен білім алуға құштарлықтарын дамыту болып табылады.

Енді осы кезеңдердің мақсат-міндеттеріне толығырақ тоқталып өтейік.

Қызығушылықты ояту. Үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырылады, кеңейте түседі. Сондықтан да сабақ қарастырылған тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми

қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау»,т.б деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу. Ортаға салу арқылы оның ойын ашылады, тазартады. Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңді жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйрнуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны тану (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі-INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында Y – «білемін», – - «мен үшіе түсініксіз», +-«мен үшін жаңа ақпарат», ? –«мені таң қалдырады» белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштасыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі. Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әркет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап,баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздрі байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Оқытудың осындай жаңа технологиясын сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болу керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қылыптан тыс ойлау алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл азаматтар қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Стилл Д.Ж., Мередит К., Темпл Ч., Вальтер С. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құрылымының оқу жоспары. – Алматы,1998.

2.Темпл Ч.Критическое мышление и критическая грамотность. – Перемена, Международный журнал о развитии мышления через чтение и письмо, 2005, Том 6,№2.

3. Таубаева Ш. Оқытудың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. 1999. №3.

4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМу, 2003.

ӘОЖ 372.881.161.1

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

**ОРАЛХАНОВА БАЯН ЖАНАБЕКОВНА**

М.Мақатаев атындағы №14 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются особенности использования технологии критического мышления на уроках казахского языка в начальной школе.

**Summary.** The article comprehensively analyzes the pedagogical requirements for children's age during the period of literacy learning, based on scientific research by scientists.

Бастапқы мектептегі қазақ тілі пәнінде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған технологиялық тәсілдерді теоретикалық-әдістемелік тұрғыдан зерттеу және тәжірибелік ұсыныстар беру. Негізігі міндеттері төменде көрсетілді:

1.Сыни тұрғыдан ойлау (СТО) технологиясының педагогикалық негіздерін қарастыру.

2.Бастауыш сыныптың қазақ тілі сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту қажеттілігін анықтау.

3.СТО технологиясын қазақ тілі сабағына енгізудің әдіс-тәсілдері мен кезеңдерін ұсыну.

4.СТО технологиясын қолданудың тиімділігі мен мүмкін қиындықтарын талдау.

Бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуында мектептің алатын орны ерекше. Әсіресе бастауыш сыныпта оқыту-тәрбие үрдісі тілдік дағдылармен қатар ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс. Қазіргі үдерісте білім беру мазмұны ғана емес, оқыту әдістемесі де өзгеруде. Оқушы тек ақпаратты қабылдаушы ғана емес, өзі сұрақ қоя білетін, логикамен ойлайтын, пікірін дәлелдей білетін субъектіге айналуы талап етіледі. Осындай мақсат аясында Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы (СТО) маңызды әдіс-тәсіл ретінде қарастырылады.

Қазақстан контекстінде қазақ тілі сабағында СТО-ны қолдану – оқушылардың тілдік дағдыларын ғана емес, танымдық (ойлау, талдау, салыстыру, қорытынды жасау), шығармашылық дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осыған орай мақалада СТО технологиясының педагогикалық негізі, бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабағына қолдану жолдары, әдіс-тәсілдері, кезеңдері және практикаға арналған ұсынымдар қарастырылады.

СТО технологиясы – оқушыларды дайын жауаппен шектелмей, ақпаратты сұрау арқылы өңдеуге, талдауға, салыстыруға және өзіндік қорытынды жасауға бағыттайтын оқыту тәсілі. Бұл технологияның негізгі қағидаларына мыналар жатады: ақпарат –бастама емес, өңдеудің нысаны; оқушыға сұрақ қою арқылы ойлану жағдайын қамтамасыз ету; мәселені анықтау және оны шешуге бағыт беру; дәлелдерді жинау, логикалық қорытынды жасау.

Мұндай технология арқылы оқушының оқуға белсенді қатысуы, білім мазмұнына өзіндік көзқарас қалыптастыруы, пікір айтуға және оны қорғауға дағдылануы мүмкін. Бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабағына СТО-ның мәні. Бастауыш сынып — тіл үйренудің алғашқы кезеңі. Осы кезеңде оқушының сөйлеу, тыңдау, оқып-жазу дағдылары қалыптасады. Сол кезеңде ойлау дағдыларын дамыта қою маңызды. Қазақ тілі сабағында СТО-ны қолдану келесі артықшылықтарды береді:

– оқушыны белсенді әрекетке тарту;

– өз ойын тұжырымдай білуге үйрету;

– тілдік материалды тереңірек меңгерту арқылы білімнің сапасын арттыру;

– шынайы өмірлік жағдаяттардан тілдік тапсырмаларды құрастыру арқылы байланысты дағдыны дамыту. СТО технологиясын сабақтың құрылымына енгізудің үш негізгі кезеңі ұсынылған: **Қызығушылықты ояту** – оқушының бұрынғы білімін белсендіру, жаңа тақырыпқа қызығушылығын тудыру. **Мағынаны тану (зерттеу)** – жаңа материалмен жұмыс, тапсырмалар арқылы талдау, салыстыру, сұрақтар қою арқылы мазмұнды меңгеру. **Ой толғаныс / рефлексия** – оқушы алған білімін өздігінен өңдейді, өз пікірін айтады, топпен талқылайды, бағалайды. СТО енгізудің әдіс-тәсілдері. Қазақ тілі пәнінде СТО-ны қолдануға арналған әдіс-тәсілдерге мыналар жатады:

– Топтық және жұптық жұмыс (жұппен немесе топта талқылау, пікір алмасу).

– Семантикалық карта, кластер, «Т-кесте» (мысалы «ия/жоқ», «келісемін/келіспеймін»), Венн диаграммасы.

– Еркін жазу: оқушылар тақырыпты кеңірек ашып, өз ойларын қағазға түсіреді («Менің ойым», «Менің ойымша…», «Неліктен?» деген сұрақтармен).

– Проблемалық сұрақтар қою: «Не үшін?», «Қалай?», «Басқаша шешім бола ма?» деген бағыттағы сұрақтар.

– Базалық тапсырмадан күрделірек тапсырмаларға көшу: мысалы, мәтінмен жұмыс істегенде оқушы бұрынғы білуімен жаңа материал арасындағы қатынасты табады. Мысал ретінде 2-сынып қазақ тілі сабағында «Достық» тақырыбы бойынша сабақ жоспары келесідей құрылуы мүмкін:

– **Кезең 1 (Қызығушылықты ояту):** Мұғалім «достық» сөзін тақтаға жазып, оқушылардан «дос деген кім?» «Дос болудың шарттары қандай?» деген сұрақтар қояды. Оқушылар жұптасып талқылайды.

– **Кезең 2 (Мағынаны тану)**: Оқушылар мәтін оқиды («Менің досым»). Содан кейін «дос болу» туралы сөздерді, олардың қасиеттерін, іс-әрекеттерін талдайды. Мұғалім семантикалық карта құрады: «дос болу» → «көмектеседі», «сыңары» т.б. Оқушылар кластер әдісімен кеңейтіледі.

– **Кезең 3 (Ой толғаныс):** Оқушылар еркін жазу жасайды: «Менің досым…», «Дос болу үшін не істеу керек?». Жұпта жазбаларын оқиды, бір-біріне пікір айтады. Топтық талқылауда «дос болудың қиын тұстары қандай?» деген сұрақ қарастырылады. Қорытындыда мұғалім ортадағы пікірлерді жинақтап, «дос болу – жауапкершілік» деген түсінікке бағыттайды. Егер қазақ тілі сабағында СТО технологиясын жүйелі қолдансақ, онда оқушылардың ойлау дағдылары (талдау, салыстыру, пікір айту, дәлелдеу) жоғарылайды, тілдік дағдылары (сөйлеу, жазу, сөздік қор) нығаяды, сабаққа белсенділіктері артады.

Әдеби деректерге сүйенсек, бастауыш сынып оқушыларымен СТО технологиясын қолдану нәтижесінде сабаққа қызығушылық арғаны байқалған. Мысалы, «Бастауыш сыныптарда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолданудың тиімділігі» атты баяндамада оқушылардың өз ойын ашық айтуға, тілдік және ойлау дағдыларының дамуына ықпал еткендігі айтылған. Сонымен қатар СТО-ны қолдануда мұғалімнің дайындық деңгейі, сабақ құрылымының уақыт тарлығы, бағалау жүйесінің дәстүрлі құрылымы сияқты қиындықтар кездеседі.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану – оқыту үрдісін дәстүрлі «беру» тәсілінен «дамыту» тәсіліне көшіруге мүмкіндік береді. Оқушы тек білім алушы ғана емес, ойлаушы, ізденуші, пікір білдіруші тұлғаға айналады. Мұндай тәсіл тілдік дағдыларды ғана емес, ойлау дағдыларын, шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді. Әрине, оның тиімділігі мұғалімнің дайындығына, сабақ құрылымына, бағалау жүйесіне тәуелді. Сондықтан әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде жұмыс жүргізілсе, нәтижесі жоғары болады.

Болашақта СТО технологиясын қазақ тілін ғана емес, басқа пәндерде де интегральды түрде қолдану арқылы оқушылардың жалпы танымдық мәдениетін арттыруға бағытталған зерттеулер жүргізілуі қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың тиімділігі» — бастауыш сыныптарда. Джусупова Сайера. Баяндама. «Ә. Молдағұлова атындағы негізгі орта мектебі». 2015-2016 оқу жылы.

2.«Бастауыш сынып оқушыларға қазақ тілін оқытудағы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы». Материал.

3.«Бастауыш сыныптағы қазақ тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану жолдары». Курстық жұмыс.

4.«Бастауыш сыныптарда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын қолданудың тиімділігі». Әдістемелік көмек.

5.«Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдаланудың тиімділігі». Білім Айнасы газеті.

ӘОЖ 372.881.161.1

## ОҚУ ДИАЛОГЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ИНТЕЛЛЕКТІСІН ДАМЫТУ МҮМКІНДІКТЕРІ

**КАБЫЛБЕКОВА ЗАУРЕ САРСЕНБЕКОВНА**
Қ.Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье проанализируются возможности развития социального интеллекта учащихся начальных классо посредством учебного диалога.

**Summary.** The article analyzes the possibilities of developing social intelligence of primary school students through educational dialogue.

Педагогикалық және психологиялық ғылыми зерттеулерге сүйенсек, бастауыш деңгейдегі оқушыларға интеллектінің жан-жақты қырларын дамыту мүмкіндіктері ана тілін оқыту процесінде қарқынды болып келеді. Бастауыш сынып оқушыларының ойлауы, дамуы, сөйлеу және жазу тілінің дамуы, есту, тыңдау, артикуляцияның, креативтік-шығармашылықтың қиялға негізделе отырып қарқынмен дамуы жас ерекшелігіне тән үздіксіз даму үстінде болады. Бұл жайында Абайдың «Жетінші қара сөзінде» айтылған: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады:

біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, керней-сырнай болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде, ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [1.]. Бастауыш сыныпта баланың әлеуметтік интеллектісін дамытудың қоғам үшін маңызды орны үлкен. Өйткені қоғам өзінің болашағын сақтау үшін соған лайық азаматтарды бастауыштан бастап дайындауға мектепке тапсырыс етіп беретіні белгілі. М.Әуезов бұл туралы былай дейді: «Әуелі адам баласының келешектегі адамшылығына ірге болатын істі сол адамның шыққан ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді» [2.]. Сондықтан осы міндетті абыроймен орындау – мұғалімнің де, тұтас мектептің де, барлық білім жүйесінің парызы. Бастауыш сыныпта оқушылардың интеллектісін дамыту мәселесімен дүние жүзіндегі барлық елдер айналысады деуге болады. Бірқатар елдердегі 80 зерттеу жұмыстарының нәтижелерін сипаттаған еңбектерді талдау барысында оқушылардың интеллектісін дамытудың XXI ғасырда қарқынды жүргізіліп келе жатқанын аңғаруға болады.

И.В.Емельянов және И.Ю.Кулагинаның пікірінше, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісі орта не төмен деңгейде болады, кейбір компоненттердің дамуы гетерохронды түрде жүретін болады. Бала біртіндеп әлеуметтік дағдыларды меңгере отырып, өзінің табиғатындағы эмоциялылығы мен әлеуметтік сезімталдығын реттеуге үйренеді. Сөйтіп, бастауыш мектепте оқып жүргенде дамытылған әлеуметтік интеллектісі баланың өзін қоршаған ортаның барлығында оңтайлы модельді қолдану дағдыларын сенімді етіп қалыптастырады [3.]. Біз авторлардың әлеуметтік интеллект баланың тұлғалық болмысының тірегін құрайды деген пікірін қолдаймыз. Оқу диалогы нақты-танымдық функциядан басқа, коммуникативті дамытушылық және аса маңызды әлеуметтік-бағдарлық функцияларды да жүзеге асыруы керек. Осы аталған функциялардың барлығын жүзеге асыру оқу диалогын білім беру мен тәрбиелеудің тиімді құралына айналдырады. Осыған байланысты Е.В.Коротаева оқу диалогының келесі жіктемесін ұсынады: – диалог-имитация (лат. imitatio – еліктеу), ол мұғалімге көшбасшы рөлі жүктелген сұрақ-жауап формасына бағытталған. Бұл үрдіс мұғалімге де, оқушыларға да таныс; ол оқушылардың білім деңгейін тексерудің, сонымен қатар оларды түзету және т.б. тиімді формасы. Функционалды қатысы тұрғысынан мұнда диалогтің оқу-танымдық функциясы басым болады. Диалог – имитация сипаттамаларына келесілер жатады: тақырыптық бағыты, оқыту жағдайына байланысты регламенттелгендігі, сұрақтар тұжырымдамасының анықтығы мен қысқа әрі нұсқа болуы, ақпаратты тиімді ұсыну дәрежесі (ақпараттың шамадан тыс көптігі мен жетіспеуі оқу диалогына кедергі келтіреді); – диалог-пікірталас, көбінесе белсенді формалар деп аталатын (пікірталастар, диспуттар, тренингтер, интерактивті оқыту, оқытудағы топтық тәсіл және т.б.) тәсілдерде қолданылатын оқытудағы субьект – субьект тәсілімен байланысты. Осындай сабақтар мектеп оқушыларында диалог барысындағы мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға көмектеседі, бұл тек білім беру жағдайында ғана емес, одан тыс жерлерде де маңызды. Сондықтан пікірталастың бұл түрінде диалогтың коммуникативті және дамытушы функциясы басым. Диалогтың бұл түрінде индивидтің әлеуметтік өмірінің сыртқы (мінез – құлық) аспектілері танылады және пысықталады; – диалог-таным, субъектінің әлемге, айналасындағы адамдарға және өзіне қатысты құратын күрделі, түрлі танымдық қатынастарын бейнелейтін жіктеме. Сонымен бірге әлемді және өзін тану сипаты сырттан емес, субъектінің өзімен анықталады, сондықтан диалогтың ерекше түрі пайда болады: мен танушы – мен танылушы – диалогтың осы түрі өзін дамытудың, өзін танудың белгілі бір нұсқасы болып табылады. Диалог-танымның алдыңғы типтерден айырмашылығы ең әуелі, айналада болып жатқанның барлығын рефлексиялық тұрғыдан түсінуге бағытталған; көбінде субьектінің әлемді, өмірлік жағдайларды және т.с.с. түсінуімен байланысты, оқу пәнінің мазмұнымен еш байланысы жоқ. Сонымен, диалогтың осы түрінде бірден екі функция басым болады: әлеуметтік-бағдарлық және коммуникативті-дамушы [4.].

Бастауыш оқыту процесіндегі оқу диалогын және оның түрлерін қарастыруда қазақы сөйлеудегі ұлттық сөз сазы туралы, яғни сөзді дұрыс айту туралы ғылыми пікірлер де маңызды болмақ. Өйткені диалогке түскен оқушы сөзінің ұлттық сөз айту нормасына сай, ұлттық сөйлеу сазының заңдылықтарына сәйкес болуын саналы түрде білуі керек. Р.Сыздықованың айтуынша, сөз сазы – сөйлеу үстінде сөздердің талапқа сай айтылып, тыңдаушының дұрыс және айқын

түсінуі үшін құлағына жағымды естілетіндей түрде сөйлеуі. «Сөздерді дұрыс айту дегеніміз – тілдің табиғи дыбыс заңдылықтарын сақтау болып табылады» [5, 292 б].

«Диалог» сөзі гректің «dialogos» сөзінен пайда болған. Бұл сөйлесу, екі я одан да көп адамдардың өзара әңгімелесуі деген ұғымды білдіреді. Демек, диалог екі жақты қарым-қатынас, мұнда екі коммуникант та бір-бірін түсіну үшін жұмыс істейді. Екеуі де талқылап отырған мәселені түсінуге ұмтылады. Бұған қоса диалог – қажетті хабарды алуға арналған нақты іс әрекет. Бұдан диалогті пікір алысу, өзара түсінісу, өзара қарым-қатынас құралы деп тұжырымдауға болады. Сонымен бірге диалогта жалпы адамдардың қарым қатынасына байланысты эстетикалық, әлеуметтік, моральдық талаптар да сақталады. Яғни, диалогта әдептілік сақтау, басқаға дұрыс әсер ету, оны іске шақыру, бейімдеу тағы басқа қасиеттерді көрсету көзделеді.

Оқу диалогы, бастауыш сыныпта қазақ тілін оқытуда оқушылардың әлеуметтік интеллектісін дамытуға тірек болатындықтан, арнайы әзірленген оқытудың ерекше жүйесі ретінде де танылу жолдары болады. Оқу диалогын қолдана отырып, оқушылардың әлеуметтік интеллектісін дамытуда осы мақсатқа педагогикалық тұрғыдан бағытталған төменде көрсетілгендей, тілдік-коммуникативтік, әлеуметтік, интеллектуалдық жағдаяттарды жаттығулар мен тапсырмалар әзірлеуде басшылыққа алу керек болады: – бастауыш сынып оқушысының оқу диалогына дайындауда тілдік лингвистикалық білімін қалыптастыру; – оқушылардың коммуникативтік тәжірибесін қалыптастыру; – өзінің көзқарасын айта білу және дәлелдей білу дағдыларын қалыптастыру; – оқу процесіндегі оқушының өзінің дүниетаным көзқарасы қалыптасуында тірек болатын мотивацияларды анықтау; – оқу материалын қазақ тілін оқытуда проблемалық-коммуникативтік ізденіс тапсырмалар мен жаттығулар жүйесін қолданып, тақырыптарды меңгертуде диалог әдіске жүгіну; – диалогтың сюжеттік желісін дамытудың түрлі нұсқаларын ойлап табу; – диалогқа қатысушылардың әдеп-қылығын алдын ала болжайтын және болжай алмайтын диалогтерді оқушылардың ойлап табуы.

Білу дағдыларын қалыптастыруға арналған оқу диалогтары. 2. Мұғалімдермен, үлкендермен, ересектер ортасымен сыйластықты, кішіпейіл қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға арналған оқу диалогтары. 3. Достарына, сыныптағы бірге оқитындарға ізгілікті қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға арналған оқу диалогтары. 4. Ана тілінде шебер де шешен сөйлеу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған оқу диалогтары. 5. Ұжымда көшбасшы болу қабілетін дамытуға арналған оқу диалогтары. 6. Өзінің іс-әрекетін басқалармен үйлестіре білу қабілетін дамытуға арналған оқу диалогтары. 7. Жақсы істе ынтымақтаса білу дағдыларын дамытуға арналған оқу диалогтары. 8. Шешім тауып, көмектесе білу дағдыларын дамытуға арналған оқу диалогтары. 9. Ғылыми және білімдік мәселелерді іздеуде өзіне ой серіктес таба алу дағдыларын дамытуға арналған оқу диалогтары. 10. Ойын барысында шынайылық пен ойынның жігін дұрыс және дер кезінде аңғара білу, тоқтам таба білу қабілетін дамытуға арналған оқу диалогтары. Бұл іріктелген оқу диалогының түрлері осымен шектеледі дегенді білдірмейді. Бірақ осының қайсысын алып қараса да, Сократтың «Адам, сен алдымен өзіңді түсін» дегеніндей, барлығы да оқушының мұғаліммен ынтымақтаса отырып, өзінің ішкі дүниесін өзі түсінуіне, соны дамытуға арналған оқу диалогтары екені түсініледі.

Мұғалім бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту мәселесі бойынша өз ұсынатын диалогтердің тақырыбын жүйелеп, оқушыларға түрлі жағдаятты процесс ретінде, ойын ретінде орындайтын тапсырмалардың басқышын қалайды. Тағы бір оңтайлы жұмыс, ол мұғалімнің алдын ала бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сай келетін пікірталас тақырыптарын әзірлеуі және сабақ алдында сыныптан кімдер осы пікірталасқа қатысуы мүмкін екенін де болжап, нақты соларға арналған тірек-сызбалар мен тірек сөздер әзірлейді. Бұл да өзінің сапалы орындалуына ұпайы мол жұмыстың бір түрі болып есептеледі.

Бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамыту мүмкіндіктерін қарастыруда әлеуметтік интеллектінің қырлары туралы зерттеген теориялық бастау көздердің мәліметтері тірек етіледі. Оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытудың дидактикалық мүмкіндіктерін анықтау жүргізіледі. Ол жұмыстың мазмұнында оқу диалогы арқылы бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытудың дидактикалық құралдар жүйесі – оқу бағдарламасы, оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар мен қосымша дидактикалық ресурстар тағы басқа көптеген құралдар қарастырылады.

Диалогтың түпнегізінде реплика жататындықтан, ол диалогтың ең кіші бірлігі болып табылады. Осы репликалардың түрлі тіркесімде келуі арқылы диалогтың келесідей функционалдық түрлері және сонымен байланысты диалогтың құрылымы танылады:

– сұрақ жауап;
– хабарлама – сұрақ;
– хабарлама – жауап хабарлама;
– шақыру – қабыл алу;
– шақыру – келіспеу;
– өтініш – қабыл алу; – өтініш – келіспеу;
– бұйрық –келісу және эмоциясын білдіру;
– бұйрық – келіспеу; – өтініш – хабарлама т.б. Бұлардың ішінде мысалы, «сұрақ-жауап» диалогін алатын болсақ, оның өзі әрі қарай: – сұрақ-жауап: сұрақ бір жақтан, жауап бір жақтан; – интервью; – сұрақ-жауап: сұрақ екі жақтан да, жауап та екі жақтан; – сұрақ жауап: пікір алмасу болып бөлінеді. Бұл диалог түрлерінің бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтік интеллектісін дамытуға арналуы үшін сабақта орындалатын және сабақтан тыс орындалатын жұмыс түрлері анықталуы тиіс. Оқу диалогы педагогикалық үдеріс ретінде өзіндік мақсаты, міндеті, білімдік мазмұны, түрлері мен әдістеріне ие болып келеді.

Осы айтылғандардың барлығын жинақтай келгенде, оқу диалогын диалогтік өзара қатынас жасау жағдаяты ретінде анықтау дегеніміз – тілдік қарым-қатынас үдерісінде қарама-қайшылықты тудыру, ол қарама-қайшылық жаңалықты іздеуге, жаңа шешім іздеуге, бірнеше нұсқалы ұсыныстар табуға әкелетін жаңалық ашу жолы. Осындай диалогтық жағдаятты құрастыру барысында басшылыққа алатын бірнеше ұстаным бар: – диалогтық жағдаятқа қатысушылардың әрқайсысы құнды тұлға ретінде танылуы; – диалогқа қатысушылар ашық, жарқын адамдар болуы; – диалогқа қатысушылардың әрбірі Абай айтқандай «толық адам» деңгейінде көріне білуі; – екі адамның сөйлеген диалог процесінен жаңалық, жақсылық пен әлеуметтік ортаның мүддесі танылатын рухани биік болуы; – диалогқа қатысушы әр адам өзінің осы процестің басынан аяғына дейін сөзіне, қимыл-ым-ишараларына сақ болып, диалогтің нәтижелі болуына жауапкершілікті арқалауға дайын болуы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Подласый И.П. Педагогика начальной школы. – Москва: Владос, 2008. – 463 с.

2.Бахтин М.М. Диалог I. Проблема диалогической речи. Собрание сочинений. Т. 5. – Москва: Рус.слово, 1996. – 731 с.

3.Zühal YÜKSEL, Nadir ÇELİKÖZ. İlkokul Öğrencilerine Yönelik Çoklu Zekâ Ölçeği: Geçerlilik ve Güvenirlik Çalışması. – Türkiye. Akdeniz Journal of Education.Akdeniz Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, Volume 4, Issue 1, 2021. – 154 174 s.

4.Sue Colverd, Bernard Hodgkin. Developing Emotional Intelligence in the Primary School. – University of Gloucestershire. Copyright Year, 2011. (routledge.com/Developing-Emotional-Intelligence-in-the-Primary-School/Colverd Hodgkin/p/book/9780415569460)

5. Байтұрсынов А. Тіл – Құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.

ӘОЖ 37.036

## ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ БИ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

**БЕКНАЗАРОВА АКМАРАЛ АЙТПЕКОВНА**
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының ырғақты би пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье рассматривается тема «Созвучие движения и музыки – художественно-познавательная основа ритмического воспитания», в рамках которой научно анализируется взаимосвязь пластики движения, музыкального ритма и когнитивного развития. Исследование раскрывает механизмы формирования эстетического вкуса, эмоциональной отзывчивости, творческих способностей и культуры движения у обучающихся посредством синхронного воздействия музыки и движения. Автор показывает интегративный характер художественного восприятия, анализируя влияние музыкально-ритмических движений на психофизиологическую структуру человека.

Результаты исследования подтверждают значимость ритмики как фактора всестороннего развития личности обучающегося и обосновывают ключевую роль эстетического воспитания в образовательном процессе.

**Abstract.** The article examines the topic «Harmony of Movement and Music as the Artistic and Cognitive Foundation of Rhythmic Education», scientifically exploring the interrelation between movement plasticity, musical rhythm, and cognitive development. The study reveals the mechanisms through which the synchronized interaction of music and movement contributes to the formation of learners' aesthetic taste, emotional responsiveness, creative abilities, and physical culture. By analysing the impact of musical–rhythmic movements on the psychophysiological structure of a person, the author highlights the integrative nature of artistic perception.

The research findings confirm that rhythmic education contributes to the comprehensive development of the learner's personality, thereby emphasizing the crucial role of aesthetic education within the overall educational process.

Қазіргі білім беру жүйесінде өнер арқылы тәрбиелеу үрдісі жаңаша сипат алып келеді. Бұл бағытта халық биінің дәстүрлерін заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыру – оқушылардың рухани әлемін байытудың, эстетикалық талғамын дамытудың тиімді құралы болып табылады. Ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытудың басты тетіктерінің бірі – өнер арқылы тұлғаның рухани және эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру болып табылады.

«Өнерліге өріс кең» деген халқымыз, болашақ ұрпағын өнер арқылы өмірге бейімдеп, тұлға болып қалыптасуына ерекше мән берген. Қазақ халқының бай мұрасының ішінде би өнерінің алатын орны ерекше. Халық биі – ұлттың өмір салтының, дүниетанымының, мінез-құлқы мен әдет-ғұрпының айқын көрінісі. Би өнері тұлғаның шығармашылық мүмкіндігін дамытатын мықты құрал [1, 15б].

Эстетикалық тәрбиенің негізгі мақсаты тұлғаның ішкі рухани әлемін байыта отырып, эстетикалық сезім мен талғамды дамыту болып табылады. Бұл тәрбиенің негізінде табиғаттағы, өнер мен өмірдегі әсемдікті танып-білу және оны шығармашылық іс-әрекет арқылы жүзеге асыру жатыр. Қазақ педагогикасында эстетикалық тәрбие берудің қайнар көзі халық шығармашылығы мен ұлттық дәстүрлерде жатыр. Халық әні, күйі, биі, қолөнері – ұлт эстетикасының көрінісі. Солардың ішінде халық биі – сұлулық пен қозғалыстың бірлігін көрсететін ерекше көркем форма.

Эстетикалық тәрбие беруде халық биі тек қимыл қозғалыс мәдениетін ғана емес, сонымен қатар әсемдікке, үйлесімділікке, сұлулықты сезіне білуге үйретеді [2,78б].

Эстетикалық тәрбие беруде халық биінің орны айрықша, себебі ол халықтың тарихымен, тұрмысымен, салт-дәстүрімен және ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты. Педагог-ғалымдардың (Қоянбаев Ж.Б., Әбдіғаппарова Г.Т., Нұрмұханбетова А.Ж.) пікірінше, эстетикалық тәрбие – оқушыны мәдениетті, рухани бай, сұлулықты бағалай білетін тұлға ретінде қалыптастырудың негізі.

Қазақтың халық билері ғасырлар бойы тұрмыс-салт дәстүрімен, еңбекпен, ойын-сауықпен тығыз байланыста дамып келген. Әрбір би қимылы белгілі бір мазмұнды бейнелейді. Атап айтар болсақ, «Қара жорға» – еркіндік пен өмір қуанышын, «Бүркіт биі» – ерлік пен тектілікті, ал «Қамажай» – нәзіктік пен шаттықты көрсетеді. Б.Ғизатов өз еңбектерінде «қазақ биінің қимылдық табиғаты халықтың мінез-құлқын бейнелейтінін» атап көрсетеді [3, 56-58бб]. Би арқылы оқушылар халықтың дүниетанымымен, мінез-құлқымен, сұлулық өлшемдерімен танысады. Ол ұлттық мәдениетке құрмет сезімін оятады, эмоциялық сезімін байытып, қимыл үйлесімділігін дамытады.

Эстетикалық тұрғыдан алғанда, халық биі оқушылардың ырғақ пен әуеннің бірлігін сезінуіне, дене қозғалысының әсемдігін, ұлттық киім мен әшекейдің көркемдік мәнін түсінуге, сахналық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

Халық биін үйрету барысында оқушылар тек қимылдарды қайталамайды, олар би арқылы көңіл күйін, эмоциясын, ұлттық өнерге деген сезімін бейнелейді. Бұл эстетикалық дамудың ең жоғары формасы – шығармашылық қабілетті оятады. Бүгінгі таңда халықтық би элементтерін заманауи білім беру үдерісінде қолдану жаңа сипатқа ие болуда. Халық биінің қазіргі замандағы жаңашылдығы туралы зерттеулерде Ә.Мәметова [4, 49-51бб], халықтық өнерді оқытуда жаңа технологияларды, мультимедиалық ортаны қолдану эстетикалық сезімді жетілдірудің тиімді жолы екенін, ал Л.Бекетова эстетикалық тәрбиенің заманауи бағыты ретінде *интерактивті өнер педагогикасы* ұғымының енгізілгенін атап көрсетеді [5, 17б].

Бүгінгі таңда халық биін үйрету мен оқытуда кеңінен қолданыс тапқан бірқатар әдіс-тәсілдердің тиімділігі оқу үдерісі барысында дәлелденіп келеді, атап айтқанда:

- **интерактивті әдістер** (топтық және жұптық жұмыстар, рөлдік ойындар);

- **заманауи технологиялар** (би композицияларын сандық форматта үйрету, видео-сабақтар, мультимедиалық құралдар);

- **пәнаралық байланыстар** (музыка, дене тәрбиесі, көркем еңбек).

Бұл тәсілдер халық биін тек дәстүрлі формада емес, жаңа педагогикалық үрдістермен ұштастыра отырып үйретуге мүмкіндік береді. Мысалы, мектептерде «Қимыл мен әуен үндестігі», «Ырғақты би» сияқты авторлық бағдарламалар арқылы халық биін эстетикалық тәрбие құралы ретінде енгізу тәжірибесі кеңейіп келеді. Жаңашыл көзқарас халық биін тек сахналық өнер ретінде емес, тұлғаның рухани дамуына әсер ететін ***тәрбиелік-психологиялық құрал*** ретінде қарастыруға бағытталған. Бұл – эстетикалық мәдениетті дамытудың жаңа парадигмасы.

Эстетикалық тәрбие берудің халықтық би дәстүрлері негізіндегі жаңашылдығы – дәстүр мен заманауилықтың өзара үндестігін қамтамасыз етуінде. Халық биі ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұра бола отырып, бүгінгі білім беру кеңістігінде жаңа мазмұнмен, заманауи педагогикалық тәсілдермен толықтырылуда. Бұл үрдіс ұлттық мәдениетке сүйене отырып, оқушылардың эстетикалық, шығармашылық және рухани дамуын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Біздің осы бағыттағы зерттеулеріміз бен қызметіміздің жаңашылдығына тоқталайық.

Біріншіден, жаңашылдық *мазмұндық тұрғыдан* көрінеді. Халық биі енді тек дәстүрлі қимылдарды үйрету немесе сахна мәдениетін қалыптастыру құралы емес, ол эстетикалық, эмоциялық, танымдық және тәрбиелік бағыттарды біріктіретін тұтас білім беру жүйесі. Би арқылы оқушылардың қимыл-қозғалысы, ырғақ сезімі ғана емес, ұлттық дүниетанымы мен көркемдік талғамы дамиды.

Екіншіден, жаңашылдық *педагогикалық технологияларды* қолдану арқылы айқындалады. Халық биін үйрету барысында қазіргі уақытта интерактивті оқыту әдістері, цифрлық платформалар, мультимедиалық бейнематериалдар, сандық қойылымдар мен виртуалды би студиялары сияқты заманауи құралдар қолданылады. Бұл тәсілдер оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, би қимылдарын меңгеру үдерісін жеңілдетіп, көрнекі етеді.

Үшіншіден, жаңашылдық *пәнаралық ықпалдастық* арқылы жүзеге асады. Халық биі музыка, бейнелеу өнері, дене шынықтыру, тарих пәндерімен байланыса отырып, оқушының эстетикалық дүниетанымын кешенді түрде қалыптастырады. Бұл тәсіл баланың сезімдік, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін бір мезгілде дамытуға жағдай жасайды.

Төртіншіден, жаңашылдықтың маңызды қыры – *жеке тұлғаға бағытталған оқыту*. Би сабағында әр оқушының табиғи қабілеті мен эмоционалдық ерекшелігі ескеріліп, өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беріледі. Бұл оқушының ішкі сенімін нығайтып, өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады.

Бесіншіден, жаңашылдық *ұлттық құндылықтарды қазіргі заман талабына сай ұсынуда* көрініс табады. Халық биін қазіргі сахна мәдениетінің элементтерімен, заманауи музыкамен және хореографиялық тәсілдермен үйлестіру арқылы ұлттық дәстүр жаңаша сипатқа ие болады. Бұл оқушылардың ұлттық өнерге деген көзқарасын заманауи деңгейде қалыптастыруға ықпал етеді.

Осылайша, эстетикалық тәрбие берудегі халық биінің жаңашылдығы – ұлттық мәдениетті сақтай отырып, оны заманауи білім беру жүйесінің мазмұнымен, әдіс-тәсілдерімен, технологияларымен тиімді ұштастыруда. Бұл бағыт жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін күшейтіп, эстетикалық талғамын дамытып, шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге жағдай жасайды.

*Қорытындылай келе,* эстетикалық тәрбие – жеке тұлғаның рухани дүниесін, мәдени талғамын, шығармашылық қабілетін қалыптастырудың маңызды тетігі екендігін атап өтуге болады. Эстетикалық тәрбие беруде халық биінің орны айрықша, себебі ол халықтың тарихымен, тұрмысымен, салт-дәстүрімен және ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты. Халық биі – ұлттың рухани болмысының көрінісі, халықтың мінез-құлқы мен эстетикалық идеалын бейнелейтін мәдени феномен.

Би өнері арқылы оқушы қоршаған ортаның әсемдігін, қимылдың сұлулығын, ырғақ пен әуеннің үйлесімділігін сезіне білуге үйренеді. Ол тек дене қимылы емес, рухани мәдениеттің, ішкі сезімнің және ойдың көрінісі. Сондықтан халық биі оқушының эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда, көркемдік талғамын жетілдіруде, шығармашылық ойлауын дамытуда ерекше рөл атқарады.

Заманауи білім беру жағдайында халық биі дәстүрлерін эстетикалық тәрбие процесінде қолдану – ұлттық құндылықтар мен инновациялық тәсілдердің үйлесімді бірлігін қамтамасыз етеді. Бұл бағытта мұғалімдер тек би қозғалыстарын үйретіп қана қоймай, оқушылардың ұлттық сана-сезімін, мәдени жауапкершілігін, әсемдікке деген көзқарасын тәрбиелеуге назар аударады.

Эстетикалық тәрбие берудің жаңаша сипаты – халық биінің дәстүрлі мазмұнын заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыра білуінде. Мұндай интеграциялық тәсілдер білім алушының эмоциялық және шығармашылық әлеуетін арттырады, эстетикалық құндылықтарды терең түсінуге жол ашады. Осы арқылы тұлға өзін-өзі танып, ұлттық мәдениетке сүйене отырып, жалпыадамзаттық рухани құндылықтарға бейімделеді.

Халық биін эстетикалық тәрбие жүйесіне енгізу арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады, атап айтқанда:

- оқушылардың ұлттық мәдениетке құрметі мен қызығушылығы артады;
- эстетикалық талғамы мен көркемдік ой-өрісі дамиды;
- шығармашылық белсенділігі мен эмоционалдық сезімталдығы жетіледі;
- ұжымдық әрекет пен сахналық мәдениет қалыптасады.

Сонымен, эстетикалық тәрбие берудегі халықтық би дәстүрлерінің маңызы – ұлттық мәдениетті жаңғырта отырып, тұлғаның рухани байлығын арттыруында. Ал оның жаңашылдығы – дәстүрлі өнерді заманауи педагогикалық үдерістермен үйлестіріп, жаңа сапалық деңгейге көтеруінде. Осылайша, халық биі – тек ұлттық мұра ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың рухани әлемін байытып, сұлулыққа құштар, мәдениетті, шығармашыл тұлғаны тәрбиелеудің қуатты құралы болып қала береді. Бұл жұмыстың  түпкі нәтижесі – рухани бай, мәдениетті, көркем ойлай білетін тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Нұрғалиева Г.К. Эстетикалық тәрбиенің мақсаттары туралы. – Алматы: Рауан, 2005.  – 145 б.

2. Мұхамбетжанова А. Эстетикалық мәдениет қалыптастырудың әдістемесі. – Алматы: Фолиант, 2016. – 158 б.

3. Ғизатов Б. *Қазақ би өнері және тәрбиелік мәні.* – Алматы: Өнер, 1998. – 256 б.

4. Мәметова Ә. *Хореографиялық өнердің педагогикалық аспектілері.* – Алматы: Қазақ университеті, 2010. –  192 б.

5. Бекетова Л. *Интерактивті өнер педагогикасы.* – Алматы: Аруна, 2018. – 204 б.

ӘОЖ 37.589.35

## БАСТАУЫШ СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛЕР

**АБДРАИМОВА ЖАЗИРА МОМБЕКОВНА**
68 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В настоящее время в начальной школе широко применяются как традиционные методы (словесное объяснение, заучивание, работа с учебником), так и инновационные (проектный метод, диалоговое обучение, использование ИКТ, групповая и парная работа). Кроме того, в образовательном процессе особое значение имеют такие современные методы, как дифференцированное и индивидуальное обучение, развитие критического мышления, формативное оценивание.

Методические основы строятся с учетом психологических особенностей учащихся, направлены на повышение мотивации к учебе и формирование любви к предмету. Профессионализм и творческий подход учителя обеспечивают организацию эффективного урока.

**Summary.** Currently, both traditional methods (verbal explanation, memorization, working with textbooks) and innovative methods (project-based learning, dialogic teaching, use of ICT, group and pair work) are widely used in primary schools. Additionally, modern approaches such as differentiated and individualized instruction, development of critical thinking, and formative assessment hold special importance in the educational process.

The methodological foundations are built taking into account the psychological characteristics of students and aim to increase their motivation to learn and foster a love for the subject. The teacher's professionalism and creative approach ensure the organization of an effective lesson.

Бастауыш сыныптағы оқыту әдістемелері – бұл жас ұрпақты оқуға, жазуға, есептеуге және жалпы білім алуға баулу үдерісінде қолданылатын арнайы педагогикалық тәсілдер мен құралдардың жиынтығы. Бұл әдістемелер балалардың жас ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, эмоционалдық және әлеуметтік даму деңгейін ескере отырып жасалады.

Бастауыш сыныпта оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту, олардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Сондықтан әдістемелік құралдар оқыту үдерісін ойын, көрнекілік, интерактивті әдістер арқылы жеңілдетуге және оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған [1].

Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде Я.Л. Коломинский, Е.А. Панько, Г.М. Чуткина, Л.А. Венгер, В.С. Мухина сияқты ғалымдардың мектепке бейімделу ерекшеліктері жөніндегі еңбектері алынған. Бұл зерттеулер бастауыш сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңіндегі психологиялық қиындықтарын жеңу жолдарын ұсынады.

Бастауыш сынып – баланың оқу жолындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Осы кезеңде оқушылардың оқу сауаттылығы қалыптасып, олардың жеке тұлға ретінде дамуы басталады. Сондықтан бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі ерекше маңызды. Әдістеме дегеніміз – оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың білімін сапалы әрі жедел арттыруға бағытталған педагогикалық тәсілдер жүйесі. Бұл мақалада бастауыш сыныпқа арналған негізгі әдістемелік қағидалар мен оқыту әдістері қарастырылады.

**1. Бастауыш сынып оқушыларының ерекшеліктері**

Балалар бастауыш сыныпта 6-7 жастан бастап 10-11 жасқа дейінгі кезеңде оқиды. Бұл жас ерекшеліктері бойынша оқушылардың ойлау қабілеті, тілдік дағдылары, эмоционалдық және әлеуметтік дамуы ерекше сипатқа ие. Сондықтан әдістеме олардың жас психологиясына сәйкес келуі қажет. Мысалы, оқушылардың есте сақтау қабілеті жақсы дамығанымен, зейіндері әлі де шектеулі болады, сондықтан сабақтар қысқа әрі мазмұнды ұйымдастырылуы керек [2].

**2. Оқыту әдістемесінің негізгі принциптері**

Жас ерекшелігін ескеру: Сабақ тақырыбы мен әдістер оқушылардың жасына, даму деңгейіне сәйкес болу керек.

Ойын мен белсенділік: Ойынды оқыту процесіне енгізу оқушылардың ынтасын арттырады және материалды жақсы меңгеруге көмектеседі.

Көрнекілік: Көрнекі құралдар арқылы түсіндіру ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді.

Топтық және жұптық жұмыс: Бұл әдістер балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, ынтымақтастықты қалыптастырады.

Жеке тұлғаны ескеру: Әр оқушының қабілеті мен қажеттілігін ескере отырып, дифференцияланған оқыту жүргізіледі [3].

**3. Негізгі оқыту әдістері**

**3.1 Дәстүрлі әдістер**

Сөздік түсіндіру: Мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіреді, түсініктерді береді.

Жаттығу және қайталау: Оқушылар алған білімдерін бекіту үшін қолданылады.

Жаттау: Әсіресе, тіл сабағында және математикалық формулаларды үйренуде тиімді.

**3.2 Жаңашыл әдістер**

Ойын арқылы оқыту: Қозғалыс пен ойын элементтерін қосу арқылы сабақты қызықты әрі есте қаларлық ету.

Жобалық әдіс: Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша өз беттерімен ізденіп, нәтижесін ұсынады.

Диалогтік оқыту: Мұғалім мен оқушылар арасында сұхбат жүргізіледі, бұл оқушының белсенділігін арттырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ): Компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта, онлайн ресурстар қолданылады [4].

**4. Бағалау және мониторинг**

Оқыту әдістемесі тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушының жетістігін бақылау мен бағалауды қамтиды. Бастауыш сыныпта формативті бағалау – сабақ барысында оқушылардың оқу үдерісіндегі жетістігін үздіксіз бақылау маңызды. Бұл әдіс оқушының күшті және әлсіз жақтарын анықтап, жеке көмек көрсетуді жеңілдетеді.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныптағы әдістемелік тәсілдер – оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, білімді сапалы меңгеруін қамтамасыз ететін кешенді педагогикалық жүйе. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы осы әдістердің тиімділігін айқындайды.

Сондықтан педагогикалық әдістемелерді үздіксіз жетілдіру, жаңашыл технологияларды енгізу – білім беру сапасын арттырудың кепілі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахметова, Г. М. Бастауыш мектепте оқыту әдістемесі. –Алматы: Білім, 2018.

2.Нұрқасымова, А. Т. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын дамыту әдістемесі. –Алматы: Мектеп, 2020.

3.Сидоренко, Н. В. Методы обучения в начальной школе. –Москва: Просвещение, 2017.

4.Тілеуқабылова, Ж. М. Психология и педагогика начальной школы. –Алматы: Ана тілі, 2019.

ӘОЖ 37.991.65

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ ЖОЛДАРЫ

**ТАУАСАРОВА КУНСУЛУ ДУЙСЕНБАЕВНА**
68 мектеп-гимназияның бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной работе рассматриваются эффективные пути мотивации учащихся начальных классов к обучению. Повышение интереса учеников к учёбе является важным условием качественного образования. В ходе исследования подробно анализируются теоретические основы понятия мотивации, её виды и влияние на младших школьников. Кроме того, описываются способы активного включения учащихся в учебный процесс с помощью различных методов и приёмов (игры, творческие задания, поощрение, учёт индивидуального мнения и др.). В работе приведены практические материалы и примеры из опыта учителей начальных классов, а также предложены конкретные пути повышения учебной мотивации. Результаты исследования позволяют разработать эффективные методические рекомендации, направленные на пробуждение интереса к знаниям и повышение учебной активности учащихся.

**Summary.** This paper explores effective ways to motivate primary school students to learn. Increasing students' interest in learning is a key factor in ensuring quality education. The study provides a detailed analysis of the theoretical foundations of the concept of motivation, its types, and its impact on young learners. Additionally, the work describes various methods and techniques (games, creative tasks, encouragement, consideration of individual opinions, etc.) used to actively engage students in the learning process. The paper includes practical materials and examples from the experience of primary school teachers, and offers concrete strategies to enhance learning motivation. The results of the research make it possible to develop effective methodological recommendations aimed at stimulating interest in knowledge and increasing students' academic engagement.

Қазіргі таңда білім беру саласындағы басты міндеттердің бірі – оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, яғни олардың оқуға деген қызығушылығы мен белсенділігін қалыптастыру. Әсіресе, бұл мәселе бастауыш сыныптарда ерекше маңызды, себебі дәл осы кезеңде баланың білім алуға деген алғашқы көзқарасы, ынтасы мен дағдысы қалыптасады. Егер бастауышта оқуға деген оң көзқарас орнықпаса, кейінгі оқу сатыларында бұл оқушының жетістігіне кері әсер етуі мүмкін.

Білім – қоғамның іргетасы, ал сапалы білім беру – ел болашағының кепілі. Оқушылардың білім алу үдерісінде табысты болуы көбіне олардың оқуға деген ынтасына байланысты. Оқу мотивациясы төмен оқушы тапсырманы немқұрайлы орындайды, сабаққа енжар қатысады, ал мұндай жағдай оның оқу үлгеріміне және жалпы дамуына кері әсер етеді. Сол себепті оқушыларды оқуға ынталандыру жолдарын зерттеу – бүгінгі педагогиканың маңызды бағыттарының бірі.

1. Оқу мотивациясының мәні мен маңызы

Мотивация – оқушыны оқу әрекетіне итермелейтін ішкі қозғаушы күш. Ол танымдық қызығушылықты, мақсат қою қабілетін, табысқа жетуге ұмтылысты қамтиды. Оқу мотивациясы жоғары оқушы сабаққа белсенді қатысады, тапсырмаларды ықыласпен орындайды және өзіндік ізденіске бейім болады.

Бастауыш сыныптағы оқу мотивациясының ерекшеліктері:

Балаларда өздігінен оқу дағдысы әлі толық қалыптаспайды;

Эмоциялық қабылдау мен сыртқы ынталандыруға тәуелділік жоғары;

Мадақтау мен қолдауға деген қажеттілік басым;

Қызықты, көрнекі, ойын түріндегі тапсырмалар оқу әрекетіне оң әсер етеді.

2. Оқуға ынталандыру жолдары

Бастауыш сынып оқушыларының оқу мотивациясын арттыру үшін мұғалімге жан-жақты әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалану қажет. Ең тиімді жолдардың бірі төмендегідей:

а) Ойын арқылы оқыту

Ойын элементтерін қолдану

Ойын – бастауыш сынып үшін ғана емес, жоғары сыныптар үшін де тиімді әдіс. Ол:

Сабаққа деген қызығушылықты арттырады;

Жаңа тақырыпты жеңіл қабылдауға көмектеседі;

Белсенділікті дамытады.

Мысалы:

– “Кім жылдам?”, “Сиқырлы қап”, “Қатесін тап” сияқты сергітпе және білімдік ойындар.

Ойын – бастауыш сынып оқушылары үшін негізгі әрекет түрі. Ойын элементтері бар тапсырмалар баланың белсенділігін арттырып, қызығушылығын оятады. Мысалы:

"Сөзжұмбақ шешу", "Құпия хат", "Лото", "Қатесін тап" сияқты ойындар;

Математика сабағында – жарыс түрінде есеп шығару;

Дүниетану сабағында – табиғатқа қатысты викториналар ұйымдастыру.

ә) Мадақтау және қолдау көрсету

Оқушының кез келген жетістігі мен талпынысын байқау және мақтау – оның өзін-өзі бағалауына, сеніміне әсер етеді. Әсіресе, ұялшақ немесе оқу үлгерімі төмен оқушылар үшін бұл өте маңызды.

б) Шығармашылық тапсырмалар

Оқушының өзіндік ойлауына, қиялына жол ашатын тапсырмалар оның оқуға деген құштарлығын арттырады. Мысалы:

Әңгіме құрастыру;

Сурет бойынша әңгіме жазу;

Өз еркімен өлең шығару;

Сахналық көрініс дайындау.

в) Жекелей және деңгейлік тапсырмалар беру

Әр оқушының қабілетіне қарай тапсырма беру арқылы олар өз деңгейінде жетістікке жетіп, оқуға ынтасы артады.

г) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану

Интерактивті тақта, бейнематериалдар, мультимедиялық презентациялар оқушылардың қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

3. Мұғалімнің рөлі

Мұғалім – баланың тұлғалық дамуына әсер етуші басты тұлға. Мұғалімнің мейірімділігі, әділдігі, сабақты қызықты өткізуі, әр оқушыны назардан тыс қалдырмауы – оқушының сабаққа деген ынтасын арттыруға зор ықпал етеді. Сонымен қатар, оқушының жетістігіне қуанып, қиындықта қолдау көрсетуі – оқуға деген ішкі мотивацияны қалыптастырудың негізгі кілті.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға деген ынтасын арттыру – тек бір әдіспен шешілетін мәселе емес. Бұл – мұғалімнің кәсіби шеберлігін, педагогикалық тактикасын, оқушылармен қарым-қатынасын қажет ететін кешенді жұмыс. Жас жеткіншектің бойына білімге деген құштарлықты ұялату арқылы біз болашақта білімді, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелей аламыз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Раритет, 2010.

2.Мұханбетжанова С.Т. Бастауыш білім беру әдістемесі. –Алматы: Қазақ университеті, 2018.

3.Әбенбаев С. Білім берудегі тәрбиенің міндеттері. –Алматы, 2004.

4.Интернет көздері: bilimland.kz, nao.kz

УДК 37.888.41

# РАЗВИТИЕ ИНТЕРЕСА К ЧТЕНИЮ У ДЕТЕЙ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ: ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДИЧЕСКИЕ ПРИЁМЫ

**ИБРАГИМОВА ЖАННА АБДРАХЫМОВНА**
КГУ «Средняя школа имени Антона Макаренко отдела образования города Тараз управления образования акимата Жамбылской области»,
учитель начальных классов, педагог-мастер, Республика Казахстан, г.Тараз

**Резюме.** Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын дамытуға бағытталған тиімді әдістемелік тәсілдер қарастырылады. Тақырыптың өзектілігі қазіргі бастауыш сынып оқушылары арасында оқу белсенділігінің төмендеуімен және табысты білім алудың негізі болып табылатын тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру қажеттілігімен түсіндіріледі. Аннотацияда оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру үдерісін ұйымдастырудың негізгі бағыттары берілген: ойын технологияларын қолдану, эмоционалды қызықтыру тәсілдері, әдеби-шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыс, сондай-ақ заманауи цифрлық ресурстарды пайдалану. Сонымен қатар мұғалімнің қолайлы оқу ортасын құрудағы, оқушылардың жеке қызығушылықтарын қолдаудағы және олардың кітап оқуға деген оң көзқарасын қалыптастырудағы рөліне ерекше назар аударылады. Жұмыста әртүрлі әдістемелік тәсілдерді жүйелі қолдану балалардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін және оқырмандық дербестігін дамытуға ықпал ететіні атап өтіледі.

**Summary.** This article examines effective methodological approaches aimed at developing reading interest among primary school students. The relevance of the topic is explained by the decline in reading activity among modern young learners and the need to form a stable reading motivation, which serves as the foundation for successful learning. The annotation outlines the main directions for organizing the process of fostering reading interest: the use of game-based technologies, emotional engagement techniques, literary and creative tasks, project-based activities, as well as modern digital resources. Special attention is given to the teacher’s role in creating a supportive reading environment, encouraging students’ individual interests, and shaping a positive attitude toward reading. The study emphasizes that the systematic use of various methodological approaches contributes to the development of children’s cognitive interest, creative abilities, and reading independence.

В современных условиях информатизации интерес младших школьников к чтению постепенно снижается. Электронные устройства и мультимедийный контент вытесняют традиционную книгу, что негативно отражается на формировании читательской грамотности, развитии речи и мышления. Поэтому одной из ключевых задач начального образования становится развитие устойчивой мотивации к чтению, формирование у детей положительного отношения к книге и потребности в самостоятельном чтении.

Цель данной статьи – рассмотреть наиболее эффективные методические приёмы, способствующие формированию интереса к чтению у младших школьников.

**1. Психолого-педагогические основы развития интереса к чтению.**

Читательский интерес младших школьников определяется несколькими факторами:

Эмоциональная восприимчивость: дети реагируют на яркость образов, эмоциональность, выразительность текста.

Игровая мотивация: ведущая деятельность младшего школьника – игра, поэтому обучение через игру наиболее продуктивно.

Потребность в одобрении: похвала, поощрение, признание усиливают стремление ребёнка читать.

Социальное подражание: ребёнок активнее читает, если видит положительный пример от взрослых и сверстников.

Эти факторы необходимо учитывать при подборе методических приёмов.

**2. Игровые методы как важный инструмент развития интереса.**

Игровые формы обучения являются одним из наиболее эффективных способов мотивации детей:

**2.1. Литературные игры**

«Угадай героя» (по описанию определить персонажа произведения).

«Живая картина» (дети изображают эпизоды книги).

«Продолжи сказку» (добавление собственных элементов в сюжет).

«Чтение по ролям» – формирует эмоциональную выразительность.

**2.2. Соревновательные игры**

конкурсы «Быстрый читатель»,

викторины по прочитанным произведениям,

игры-квесты по мотивам книг.

Игровые методы делают процесс чтения увлекательным и повышают активность детей.

**3. Эмоционально-образные приёмы вовлечения детей.**

Эмоциональный настрой ребёнка оказывает ключевое влияние на отношение к чтению.

Эффективные приёмы:

Интригующее начало: учитель читает яркий фрагмент, вызывает интерес к дальнейшему сюжету.

Проблемный вопрос: «Как ты думаешь, почему герой сделал так?»

Использование мультимедиа: иллюстрации, аудиофрагменты, короткие видеовставки.

Выразительное чтение учителя – сильный инструмент эмоционального воздействия.

Такие приёмы позволяют детям глубже пережить содержание текста.

**4. Творческие задания как средство развития читательской активности.**

Творчество помогает ребенку проявить воображение, сопоставить прочитанное со своим опытом.

Примеры творческих заданий:

-создание иллюстраций к произведению;

-написание мини-сочинений, отзывов, характеристик героев;

-составление комикса по мотивам текста;

-подготовка буктрейлера или презентации о книге;

-придумывание альтернативного финала.

Творческие задания стимулируют глубинное понимание текста и эмоциональную вовлечённость.

**5. Проектная и исследовательская деятельность.**

Метод проектов развивает самостоятельность, ответственность и интерес к чтению.

Возможные проекты:

-«Моя любимая книга» – презентация или мини-исследование.

-«Книжная выставка класса» –создание тематической экспозиции.

-«Проба пера» – написание собственной сказки или рассказа.

-«Литературная карта» по произведениям или авторам.

-«Семейное чтение» – изучение читательских предпочтений семьи.

Проекты помогают ученикам почувствовать себя полноценными участниками литературного процесса.

**6. Использование цифровых технологий.**

Несмотря на конкуренцию гаджетов, цифровые ресурсы могут успешно работать на развитие интереса к чтению:

-электронные книги и аудиокниги;

-интерактивные платформы (LearningApps, Kahoot, Quizizz);

-QR-коды на страницах книг;

-виртуальные экскурсии по библиотекам;

-создание электронных плакатов и буктрейлеров.

Интеграция технологий делает процесс чтения современным и привлекательным.

**7. Роль учителя и семьи в формировании интереса к чтению.**

Учитель должен:

-создавать атмосферу уважения к книге;

-подбирать интересные тексты с учётом возраста;

-регулярно проводить внеклассные мероприятия: конкурсы, праздники книги, литературные гостиные;

-поощрять инициативу учеников.

**Семья играет ключевую роль:**

-совместное чтение, обсуждение прочитанного;

-наличие книг дома;

-личный пример родителей;

-регулярные посещения библиотеки.

Сотрудничество семьи и школы – важное условие формирования устойчивого читательского интереса.

Развитие интереса к чтению у младших школьников – сложная, но решаемая педагогическая задача. Систематическое применение игровых, эмоциональных, творческих, проектных и цифровых методов позволяет сделать процесс чтения привлекательным и значимым для ребёнка.

Именно в начальной школе закладывается фундамент читательской культуры, от которого зависит дальнейшее успешное обучение и личностное развитие учащихся.

**Список использованной литературы:**

1.Громцева, М. Т. Формирование читательской грамотности в начальной школе. – М.: Просвещение, 2020.

2.Давыдова, Н. В. Методика обучения чтению в начальных классах. – СПб.: Лань, 2019.

Рамзаева, Т. Г. Русский язык. Методика обучения. – М.: Академия, 2018.

ӘОЖ 37.018.43:373.3

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

**ЖАУЫНБЕКОВА ГУЛНУР СЕЙТЖАНОВНА**

Валерий Чкалов орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Современная система образования является главным двигателем развития общества. Одним из ключевых требований XXI века является формирование всесторонне развитой, творческой личности с широким кругозором. В решении этой задачи важную роль играет эффективное использование инновационных технологий, особенно на уровне начального образования.

**Annotation.** The modern education system is the main driving force of social development. One of the key requirements of the 21st century is to cultivate a well-rounded, creative, and open-minded individual. Effective use of innovative technologies plays a crucial role in achieving this goal, particularly at the primary education level.

Қазіргі білім беру жүйесі – қоғам дамуының басты қозғаушы күші. XXI ғасырдағы басты талаптардың бірі – жан-жақты, шығармашыл, ой-өрісі кең тұлға қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асыруда инновациялық технологияларды тиімді қолдану – педагогтың кәсіби шеберлігінің көрсеткіші. Әсіресе, бастауыш білім беру сатысында оқушының оқу белсенділігін арттыру – олардың болашақтағы білім сапасының, өздігінен іздену дағдыларының іргетасын қалайды [1].

Бастауыш сынып – баланың тұлғалық дамуының ең маңызды кезеңі. Бұл жаста оқушының оқу әрекетіне көзқарасы, білім алуға ынтасы мен қызығушылығы қалыптасады. Осы тұрғыда мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың оқу белсенділігін арттыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді, соның ішінде инновациялық технологияларды орынды пайдалану.

Бүгінгі таңда оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыру, заманауи цифрлық ресурстарды, интерактивті әдістерді және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану – білім сапасын арттырудың басты тетігіне айналды. Мұндай технологиялар арқылы мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс дәстүрлі сипаттан шығып, ынтымақтастыққа, шығармашылық серіктестікке негізделеді.

«Инновация» ұғымы латынның *innovatio* – «жаңарту, өзгерту» сөзінен шыққан. Педагогикалық инновация – білім беру саласында оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесіне жаңашыл идеялар мен әдіс-тәсілдерді енгізу процесі.

Инновациялық технологиялар – білім беру процесін жетілдірудің жаңа формасы. Олар оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың өзіндік ойлауын, танымдық белсенділігін, коммуникативтік қабілеттерін дамытады.

Бастауыш мектепте инновациялық технологияларды қолданудың басты мақсаты – оқушының оқуға деген қызығушылығын ояту, белсенді қатысуына жағдай жасау, шығармашылық қабілетін

дамыту. Инновациялық технологиялар оқушылардың ойлау мәдениетін жетілдіріп, ақпаратты талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін арттырады.

Оқытудағы инновациялық тәсілдерге:

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (интерактивті тақта, мультимедиялық құралдар, онлайн-платформалар);
- жобалау технологиясы;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;
- ойын арқылы оқыту;
- проблемалық оқыту;
- STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) бағыты жатады.

Бұл технологиялардың әрқайсысы бастауыш жастағы оқушының психологиялық ерекшеліктеріне сай, қызығушылығын арттырып, білімге деген ұмтылысын қалыптастырады [2].

Инновациялық әдістердің ерекшелігі – сабақ үдерісін оқушының белсенді қатысуына негіздеу. Мұндай сабақтарда мұғалім бағыттаушы рөл атқарып, оқушы ізденуші, зерттеуші, шығармашыл тұлға ретінде танылады.

**Оқу белсенділігі** – оқушының танымдық іс-әрекетке саналы түрде қатысу дәрежесін сипаттайтын көрсеткіш. Белсенді оқушы – бұл сұрақ қойып, ізденіп, жаңа ақпаратты өз бетімен игеруге талпынатын тұлға.

Психологтар мен педагогтар оқу белсенділігін дамытуда үш деңгейлі ықпалдың бар екенін айтады:

1. Мотивациялық деңгей – қызығушылық, қажеттілік, мақсат қою;

2.Интеллектуалдық деңгей – ойлау, талдау, салыстыру, қорытынды жасау;

3.Іс-әрекеттік деңгей – алған білімді тәжірибеде қолдану.

Оқу белсенділігі – оқушының танымдық қызығушылығы мен дербес әрекетінің көрсеткіші. Ол оқуға деген ішкі ынта, қажеттілік және мақсат қоюдан бастау алады. Психология ғылымында оқу белсенділігінің үш негізгі компоненті айқындалады:

1.Мотивациялық компонент – оқуға деген қызығушылық, ішкі уәж, білім алуға құлшыныс;

2.Танымдық компонент – ойлау, есте сақтау, елестету, талдау, салыстыру, қорытындылау дағдылары;

3.Іс-әрекеттік компонент – алған білімді іс жүзінде қолдану, тәжірибемен байланыстыру.

Инновациялық технологиялар осы үш компоненттің әрқайсысын дамытуға ықпал етеді. Мысалы, АКТ құралдарын қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырса, ойын технологиясы мотивациялық әсер береді, ал жобалау әдісі практикалық іс-әрекетке баулиды. Инновациялық технологияларды тиімді қолдану үшін мұғалім оқушылардың жас ерекшеліктерін, психологиялық мүмкіндіктерін ескеріп, әрбір сабақты шығармашылықпен ұйымдастыруы қажет.

Осы деңгейлердің барлығы инновациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы жүзеге асады. Мысалы:

- Интерактивті сабақтарда оқушылар тапсырмаларды топпен орындай отырып, өзара пікір алмасады, идея ұсынады, шешім қабылдайды.
- Жобалық оқытуда оқушылар белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жүргізіп, нәтижесін қорғау арқылы жауапкершілікті сезінеді.
- Ойын технологиясы арқылы оқу процесі қызықты әрі мазмұнды өтеді, бұл бастауыш сынып оқушылары үшін өте тиімді тәсіл [3].

XXI ғасырда білім беру саласы жасанды интеллектпен (AI) тығыз байланыста дамуда. Бұл технология мұғалімге көмекші құрал бола отырып, оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

AI негізіндегі платформалар әр оқушының оқу қарқынын, үлгерімін және қызығушылығын автоматты түрде талдап, соған сәйкес жеке тапсырмалар ұсына алады. Мысалы, бастауыш сыныптағы математикалық есептерді шешуде жасанды интеллект баланың қате түрін талдап, нақты ұсыныс береді.

Сонымен қатар, виртуалды мұғалім немесе чат-ассистенттер арқылы оқушылар үйде де өз бетімен білімін толықтыра алады. Мұндай құралдар баланың өзіне сенімін арттырып, дербес оқу мәдениетін қалыптастырады.

Осылайша, жасанды интеллект пен инновациялық әдістерді үйлестіре қолдану – білім берудің жаңа деңгейіне өтуге жол ашады.

Инновациялық технологиялардың басты артықшылығы – оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың өз бетімен әрекет етуіне мүмкіндік беруі. Мысалы, 2-сыныптағы «Қазақ

тілі» сабағында Padlet, Kahoot, Wordwall, Quizizz сияқты платформаларды қолдану арқылы оқушылар жаңа сөздерді меңгереді, грамматикалық ойындар ойнайды. Математика сабағында GeoGebra, LearningApps бағдарламалары арқылы логикалық есептерді визуалды түрде шешуге мүмкіндік алады [4].

Мұғалімнің міндеті – тек ақпарат беруші емес, бағыт беруші, ұйымдастырушы, мотиватор болу. Осы тұрғыда жасанды интеллект негізіндегі ресурстарды пайдалану (мысалы, ChatGPT, Google Bard, Canva Magic Write) мұғалімге сабақ жоспарын жетілдіруде, тапсырма дайындауда үлкен көмек береді.

Жасанды интеллект (AI) бүгінде білім берудің барлық деңгейінде маңызды орын алуда. Ол бастауыш сынып оқушыларының оқу белсенділігін арттыруда да ерекше рөл атқара алады. Мысалы:

- Оқушының деңгейіне сай тапсырмалар құрастыру;
- Дыбыстық көмекші арқылы оқу және сөйлеу дағдыларын дамыту;
- Интерактивті тест, бейімделген бағалау жүйесін қолдану;
- Оқу процесін геймификациялау (ойын элементтерімен байыту).

Мұндай технологиялар оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастырып, дербес оқытуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ата-аналар мен мұғалімдер үшін баланың оқу жетістіктерін нақты талдауға жол ашады [5].

Мысалы, бастауыш сынып оқушысы мәтінді оқығанда қателессе, AI жүйесі сол сәтте дыбыстық түзету жасап, дұрыс оқу дағдысын қалыптастырады. Бұл тәсіл оқушылардың өз қатесін түсініп, дербес жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

Білім беру жүйесін жетілдіруде инновацияны қабылдай алатын, технологияны тиімді қолдана білетін жаңа форматтағы мұғалім қажет. Мұндай педагог оқушының жеке қабілетін ашып, оны өмір бойы білім алуға баулиды.

Инновациялық технологиялар мен жасанды интеллектті біріктіре қолдану – бастауыш білім берудің жаңа кезеңін айқындайтын басты бағыт. Ол баланың тұлғалық дамуына, оқу белсенділігінің артуына және XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялар бастауыш мектепте оқушылардың оқу белсенділігін арттырудың тиімді құралы болып табылады. Олар білім беру процесін түрлендіріп, оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты жаңаша сипатқа келтіреді. Инновациялық тәсілдерді жүйелі қолданған жағдайда:

- оқушының оқу мотивациясы артады;
- танымдық белсенділігі мен шығармашылық қабілеті дамиды;
- өздігінен ойлау мен шешім қабылдау дағдылары қалыптасады.

Білім беру саласындағы басты мақсат – жаңалыққа ашық, ізденімпаз, өз ойын еркін жеткізе алатын тұлға тәрбиелеу. Бұл міндетке жетудің ең тиімді жолы – инновациялық педагогикалық технологиялар мен жасанды интеллектті ұштастыра пайдалану.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана, 2017.
2.Қараев Ж.А. Оқыту технологиясы және оның даму бағыттары. – Алматы, 2010.
3.Әбенбаев С. Инновациялық педагогикалық технологиялар. – Астана, 2015.
4.Мұхамбетжанова С.Т. Ақпараттық технологиялар және білім беру. – Алматы, 2019.
5.UNESCO. Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policymakers. – Paris, 2021.

ӘОЖ 373.3.091.12:37.091.3

# БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

**МАСАУРОВА БОТА КОБИЙКУЛОВНА**
Валерий Чкалов орта мектебінің директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье рассматривается значение инновационных технологий в формировании профессиональной компетентности учителя начальных классов. Современные социально-экономические условия и цифровизация образования требуют от педагога не только глубоких знаний по предмету, но и готовности к творческому поиску, применению современных методов и средств обучения.

**Annotation.** The article explores the role of innovative technologies in developing the professional competence of primary school teachers. In the context of globalization and digital transformation, a modern teacher is expected to be not only a knowledge provider but also a facilitator of creative learning and an innovator in education.

Қазіргі заманда қоғамның даму қарқыны білім беру жүйесіне жаңа міндеттер жүктеуде. Әлемдегі жаһандану, цифрландыру, ақпараттық кеңістіктің кеңеюі – мұғалімнің кәсіби бейнесін түбегейлі өзгертуді талап ететін үрдістер. Ендігі мұғалім тек білім беруші ғана емес, шығармашыл тұлға қалыптастырушы, оқыту үдерісінің ұйымдастырушысы және инновациялық ойлау мәдениетінің иесі болуы тиіс.

Білім беру жүйесіндегі жаңғыру – бүгінгі қоғам дамуының басты тетігі. XXI ғасыр мұғалімінен күтілетін талап – тек пәнді меңгерту ғана емес, сонымен қатар инновациялық мәдениетті, сын тұрғысынан ойлау қабілетін, практикалық дағды мен креативті көзқарасты қалыптастыру.

Бүгінгі таңда бастауыш сынып мұғалімі – оқушының білімге деген алғашқы қадамын бағыттаушы тұлға. Сондықтан оның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – білім сапасын арттырудың басты шарты. Ал бұл үдерісте инновациялық технологиялардың маңызы ерекше.

Инновация ұғымы қазіргі педагогикада дәстүрлі тәсілдерді жаңаша мазмұнда ұйымдастыруды, оқытуда шығармашылық пен жаңашылдықты енгізуді білдіреді. Демек, инновациялық технология – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттыру мен оқыту сапасын жақсартудың тиімді тетігі [1].

Кәсіби құзыреттілік — мұғалімнің білім, білік, дағдысының жиынтығы ғана емес, сонымен бірге оның кәсіби міндеттерді шығармашылықпен шешу қабілеті, өзін-өзі дамытуы және педагогикалық шеберлігін жетілдіруі.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – бұл білім, дағды және педагогикалық қабілеттердің тұтастығы, сонымен қатар мұғалімнің өз ісіне шығармашылық көзқарасымен және инновациялық ойлауымен сипатталады. Педагогикалық әдебиеттерде «құзыреттілік» ұғымы тек кәсіби шеберлікпен шектелмейді, ол тұлғаның өзін-өзі жетілдіру қабілетін, жаңа жағдайларға бейімделуін, оқыту процесін жобалай алу мүмкіндігін қамтиды.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі төмендегідей негізгі құрамдардан тұрады:

- **Әдістемелік құзыреттілік** – оқу-тәрбие процесін тиімді жоспарлау және жүзеге асыру білігі;
- **Ақпараттық құзыреттілік** – цифрлық технологиялармен, электрондық ресурстармен жұмыс істеу қабілеті;
- **Коммуникативтік құзыреттілік** – оқушылармен, ата-анамен, әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнату;
- **Рефлексивтік құзыреттілік** – өз іс-әрекетін талдау, жетілдіру бағыттарын айқындау;
- **Инновациялық құзыреттілік** – жаңа әдістер мен технологияларды шығармашылықпен қолдану.

Осы құзыреттердің барлығы мұғалімнің кәсіби деңгейін айқындап, оның заманауи педагогикалық үдерісте бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз етеді [2].

Инновациялық технологиялар – бұл оқытудың сапасын арттыруға, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған жаңа әдістер мен құралдардың жүйесі.

Бүгінде білім беру саласында кеңінен қолданылып жүрген инновациялық технологияларға мыналар жатады:

- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар);
- Жобалық және зерттеушілік әдіс;
- Ойын арқылы оқыту технологиясы;
- Қашықтықтан оқыту және гибридті оқыту формалары;
- STEM және STEAM-білім беру әдістемелері.

Аталған технологиялар мұғалімнің кәсіби дамуына ғана емес, оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына да тікелей әсер етеді.

Мысалы, сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы оқушыларды өз ойын еркін жеткізуге, дәлелдер келтіруге және шешім қабылдауға үйретеді. Ал жобалық әдіс оқушыны зерттеуші тұлға ретінде қалыптастырады, шығармашылық белсенділігін арттырады.

Инновациялық технологияларды меңгеру – мұғалімнің кәсіби дамуының маңызды бағыты. Бұл үдеріс тек жаңа әдісті үйрену емес, сонымен қатар оқыту философиясын қайта қарау, педагогикалық көзқарасты жаңарту болып табылады.

Мұғалімнің инновациялық құзыреттілігін қалыптастырудың негізгі қырлары:

1. Жаңа білімді іздену және меңгеру қабілеті. Мұғалім үнемі жаңалықты зерттеп, тәжірибеде сынап көру арқылы дамиды.
2. Ақпараттық сауаттылық. Қазіргі мұғалім заманауи бағдарламалармен, онлайн-платформалармен (Google Classroom, Kahoot, Zoom, Quizizz, Canva т.б.) жұмыс істей алуы тиіс.
3. Білім берудің цифрлық мәдениеті. Сандық ресурстарды тиімді пайдалану арқылы сабақ сапасын арттыру.
4. Рефлексия және өзін-өзі жетілдіру. Мұғалім өз тәжірибесіне талдау жасап, жетілдіру бағыттарын анықтауы қажет [3].

Бастауыш сынып мұғалімі үшін инновациялық технологиялар әсіресе тиімді, себебі бұл кезеңде оқушының қызығушылығын сақтау және дамыту өте маңызды. Мысалы, ойын, мультимедиялық жаттығулар, интерактивті тапсырмалар арқылы бала білімді жеңіл әрі қызықты қабылдайды.

Инновациялық әдістерді сабақта қолдану мұғалім мен оқушы арасындағы қатынасты өзгертеді. Мұғалім енді білім беруші емес, оқу үдерісін ұйымдастырушы және бағыттаушы рөлін атқарады.

Мысалы:

- Интерактивті тақта, электронды оқу құралдары, бейне сабақтар оқушылардың көру және есту арналарын қатар іске қосып, ақпаратты тез қабылдауға көмектеседі;

- Мультимедиялық презентациялар мен цифрлық викториналар оқушының белсенділігін арттырады;

- Онлайн-платформалар арқылы мұғалім сабақтан тыс уақытта да оқушылармен байланыс орнатып, білімін бекіте алады.

Сонымен қатар, инновациялық технологиялар мұғалімнің шығармашылық әлеуетін ашады, кәсіби беделін көтереді, және педагогикалық рефлексияны дамытуға мүмкіндік береді [4].

Инновациялық бағыттағы мұғалім — бұл:

- жаңа идеяларды қабылдай алатын, тәжірибеге енгізуге дайын тұлға;
- оқыту процесін оқушының қажеттілігіне бейімдей білетін кәсіби маман;
- білім беруде серіктестік пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыратын педагог;
- өз ісін сүйетін және оны үздіксіз жетілдіретін тұлға.

Мұндай мұғалімнің басты ұстанымы – оқушыға дайын білім беру емес, оны өз бетімен ізденуге баулу. Осы тұрғыда инновациялық технологиялар оның сенімді құралы болып табылады.

Мұғалімнің кәсіби дамуы үздіксіз процесс болғандықтан, инновациялық технологиялар оны әрдайым жаңашылдыққа итермелейді. Инновациялық орта – бұл мұғалімдердің тәжірибе алмасуына, жаңа идеяларды сынап көруіне, кәсіби байланыс орнатуына мүмкіндік беретін педагогикалық кеңістік.

Мысалы, педагогтердің онлайн қауымдастықтары, вебинарлар, EdTech платформалары (Coursera, Edmodo, BilimLand, Moodle) мұғалімнің цифрлық құзыреттілігін дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Осындай инновациялық ортаны қалыптастыру арқылы мұғалім:

- педагогикалық мәдениетін арттырады;
- өз тәжірибесін заманауи әдістермен байытады;
- халықаралық білім кеңістігімен байланыс орнатады [5].

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялар – бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды факторы. Олар мұғалімнің шығармашылық әлеуетін ашып, білім беру сапасын жаңа деңгейге көтереді.

Болашақ педагог – жаңашыл ойлайтын, ақпараттық мәдениеті жоғары, кәсіби тұрғыдан белсенді тұлға болуы тиіс.

Инновациялық технологиялар – бүгінгі білім беру жүйесінің жаңару өзегі. Ол мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жетілдіріп қана қоймай, білім алушының жеке тұлғалық дамуына ықпал етеді.

Бастауыш мектепте инновациялық тәсілдерді жүйелі қолдану арқылы:

- оқушылардың оқу мотивациясы мен қызығушылығы артады;
- мұғалімнің әдістемелік және ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады;
- білім беру сапасы мен тиімділігі жаңа деңгейге көтеріледі.

Сондықтан да заманауи бастауыш сынып мұғалімі өз тәжірибесін жаңашылдықпен толықтырып, үздіксіз кәсіби даму жолында болуы тиіс. Инновациялық технологиялар – педагогтің сол даму жолындағы ең қуатты серігі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Әбілқасымова А.Е. Инновациялық білім беру технологиялары. – Алматы, 2020.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2019.
3. Нұғыманова А. Бастауыш білім беруде инновациялық әдістерді қолдану. – Астана, 2021.
4. Сластенин В.А. Педагогика и инновации. – Мәскеу, 2018.
5. UNESCO. Teacher Competence Development through Innovation. – Paris, 2022.


ӘОЖ 372.3:37.013.42

## ИНТЕРАКТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

**УМИРБАЕВА ХАПИЗА НУРТАЕВНА**
Валерий Чкалов орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В данной статье рассматривается роль интерактивных методов обучения в развитии познавательной активности младших школьников. Современная система образования требует внедрения инновационных подходов, направленных на формирование личности, способной к самостоятельному мышлению и сотрудничеству.

**Annotation.** This article examines the role of interactive teaching methods in developing cognitive activity among primary school students. The modern education system requires the implementation of innovative approaches aimed at fostering independent thinking and collaboration.

Қазіргі білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік сұранысына, технологиялық прогресс пен инновациялық дамуға бейімделіп, үнемі жаңарып отыруды қажет етеді. Осы тұрғыда бастауыш мектеп деңгейінде оқыту әдістерін жетілдіру, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру – басты міндеттердің бірі. Қазіргі таңда білім беру жүйесі терең өзгерістер мен жаңғыру дәуірін бастан өткеруде. Бүгінгі мектеп тек білім беретін орта ғана емес, шығармашылық ойлау мен өмір бойы оқуға бейім тұлғаны тәрбиелеу алаңына айналды. Бұл тұрғыда бастауыш мектептің орны ерекше, себебі дәл осы кезеңде баланың тұлғалық қасиеттері мен танымдық қабілеттерінің іргетасы қаланады [1].

Бастауыш сынып оқушысы – тұлға болып қалыптасудың алғашқы сатысындағы, жаңа ақпаратты қабылдауға, білуге, зерттеуге құмар жас. Оның бойындағы осы табиғи қызығушылықты

қолдап, танымдық белсенділікті дамыту – мұғалім шеберлігінің өлшемі. Осы мақсатта интерактивті оқыту әдістері ерекше маңызға ие.

**Интерактивті оқыту** – оқушылар мен мұғалімнің, оқушылардың өзара белсенді әрекеттестігіне негізделген педагогикалық үдеріс. Бұл тәсіл оқушыны тек тыңдаушыдан белсенді ізденушіге, пікірлес және шешім қабылдаушы тұлғаға айналдырады.

Танымдық қызығушылық – оқушының жаңа білім мен тәжірибені игеруге деген ішкі қажеттілігі мен уәжінің көрінісі. Бұл қасиет оқу процесінің қозғаушы күші болып табылады.
Психологтардың пікірінше (Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Д.Б. Эльконин және т.б.), баланың танымдық қызығушылығы дұрыс бағытта дамыса, оның ойлау, елестету, қиялдау және талдау қабілеттері артады. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылар қоршаған әлемге эмоционалды түрде қызыға қарап, бар нәрсені сұрақ қою арқылы түсінгісі келеді.

Мұғалім осы табиғи қызығушылықты интерактивті әдістер арқылы тереңдетіп, бағыттап отыруы қажет. Мұндай әдістердің мәні – оқушының жеке тәжірибесін оқу процесімен ұштастыру, әр баланың белсенді қатысуын қамтамасыз ету.

Интерактивті әдістер – оқу барысында барлық қатысушылардың бір-бірімен өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға бағытталған педагогикалық тәсілдер жиынтығы. Бұл тәсілде басты назар оқушының белсенді ойлауына, пікір айтуына, шешім қабылдауына аударылады. Интерактивті әдістердің басты мақсаты – оқушылардың белсенді ойлау және әрекет ету қабілеттерін ояту. Бұл әдістерде оқушы ақпаратты дайын күйінде алмайды, оны талқылау, салыстыру, зерттеу арқылы меңгереді.

Интерактивті әдістің негізгі ұстанымдары:

- әріптестік пен ынтымақтастық;
- пікір алмасу мен ортақ шешімге келу;
- әр оқушының белсенді қатысуы;
- оқытудың өмірмен байланысы.

Зерттеулер көрсеткендей (Джон Дьюи, Р.Джонсон, К.Роджерс), интерактивті тәсілдермен оқыған балалардың есте сақтау, логикалық ойлау және шығармашылық деңгейі дәстүрлі әдіспен оқытылған топтарға қарағанда әлдеқайда жоғары [2].
Интерактивті оқыту дәстүрлі дәріс пен жаттауға емес, тәжірибе, сұрақ, пікір, талдау, ойын және зерттеу әрекеттеріне негізделеді. Бұл тәсіл оқушылардың тек білімін ғана емес, ойлау мәдениетін, коммуникативтік дағдысын, өз пікірін дәлелдей алу қабілетін дамытады.
Интерактивті әдістердің түрлері көп, олардың әрқайсысы оқушының танымдық әрекетін жандандыруға бағытталған. Бастауыш сыныптағы ең тиімді түрлері мыналар:

**1.«Ой қозғау» әдісі.** Сабақ басында оқушылардың алдыңғы білімін белсендіру үшін қолданылады. Мұғалім проблемалық сұрақтар қойып, балаларды өз ойын еркін айтуға шақырады. Бұл әдіс ойлау белсенділігін арттырады.

**2.«Миға шабуыл» (Brainstorming).** Белгілі бір мәселе бойынша көп идея ұсынуға бағытталған. Мысалы, табиғатты қорғау туралы сабақта балалар өз ұсыныстарын айтып, кейін бірлесіп ең тиімдісін таңдайды.

**3.«INSERT» әдісі.** Мәтінмен жұмыс істеу кезінде оқушылар белгі жүйесін қолдана отырып, өз түсінігін белгілейді (мысалы, + – білемін, – – білмеймін, ? – білгім келеді). Бұл әдіс ақпаратты талдауға үйретеді.

**4.«Рөлдік ойындар».** Балалар белгілі бір кейіпкердің орнына еніп, жағдаятты шешеді. Бұл әдіс эмоционалды және әлеуметтік дамуға ықпал етеді.

**5.«Дөңгелек үстел», «Дебат», «Жұптық және топтық жұмыс».** Бұл тәсілдер пікір алмасу мәдениетін қалыптастырады, тыңдау мен өз көзқарасын дәлелдеуге баулиды.

**6.«Кейс әдісі» (жағдаяттық талдау).** Оқушылар нақты өмірлік жағдайды талдап, шешім қабылдайды. Мысалы, «досың ренжіген жағдайда не істер едің?» деген сияқты мысалдар арқылы бала өмірлік тәжірибесін қолданады.

Осындай әдістер арқылы әр оқушы өз пікірін білдіріп, белсенді талқылауға қатысады. Мұндай сабақтарда оқушының танымдық қызығушылығы артып, өздігінен іздену дағдысы қалыптасады.

Қазіргі білім кеңістігінде интерактивті оқытуды ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен ұштастыру ерекше нәтижелі болып отыр. Сандық платформалар мен онлайн құралдар сабақтың мазмұнын байытып, оқушыларды қызықтыра түседі. XXI ғасырдың оқушысы – цифрлық ортада өсіп келе жатқан ұрпақ. Сондықтан интерактивті әдістерді заманауи технологиялармен үйлестіру оқу үдерісін әлдеқайда тартымды етеді.

Kahoot, Wordwall, Quizizz, LearningApps, Padlet, Canva сияқты құралдар арқылы оқушылар сұрақтарға жауап беріп, ойын түрінде білімін тексере алады. Бұл олардың ішкі уәжін күшейтеді және бәсекелестік рухын қалыптастырады.

Мысалы:

- Kahoot-та викториналар арқылы оқушылар бәсекелесіп білімдерін тексереді;
- Wordwall платформасында әр тапсырма ойын түрінде беріледі;
- Canva арқылы топтық постер немесе презентация жасау шығармашылық қабілетті арттырады.

Мұндай тәсілдер оқушылардың қызығушылығын оятады, нәтижеге жету уәжін арттырады, ал мұғалім үшін – оқу нәтижесін жедел бақылаудың тиімді құралы [3].

Сонымен қатар, мультимедиялық бейнематериалдар, анимациялар, бейнелі тапсырмалар баланың зейінін тұрақтандырады, көрнекілік арқылы түсінуді жеңілдетеді.

Мұғалім үшін де бұл тәсілдердің артықшылығы зор: сабақ динамикалық сипатқа ие болады, ал әр оқушы өзінің жетістігін нақты көре алады.

Интерактивті әдістерді жүйелі қолдану нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі артады. Олар:

- өздігінен сұрақ қою мен жауап іздеуге машықтанады;
- білімге қызығушылық танытып, шығармашылық қабілетін дамытады;
- топта жұмыс істей отырып, қарым-қатынас мәдениетін меңгереді;
- өз ойын еркін жеткізіп, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Танымдық қызығушылығы жоғары бала тек жақсы оқушы ғана емес, өмірге бейім, өз пікірін қорғай білетін тұлға болып өседі. Бұл қасиеттер оның келешекте табысты болуына негіз қалайды.

Психология ғылымында танымдық қызығушылық оқыту мотивациясының өзегі ретінде қарастырылады. Л.С. Выготскийдің «Жақын даму аймағы» теориясына сәйкес, бала тек ересек көмегімен немесе серіктестік әрекет арқылы жаңа білімге жетеді. Бұл жерде ынтымақтастық, эмоционалды қолдау және интерактивті өзара әрекет маңызды рөл атқарады [4].

Мұғалім танымдық қызығушылықты дамыту үшін:

- оқу процесін ойын және зерттеу сипатында ұйымдастыруы керек;
- оқушының жеке жетістіктерін мойындап, жетістік сезімін қалыптастыруы қажет;
- оқытуда өмірмен, тәжірибемен байланыс орнатуы тиіс.

Интерактивті оқыту әдістері – қазіргі педагогиканың ең тиімді бағыттарының бірі. Ол оқыту процесін жаңартып қана қоймай, оқушының жеке тұлғалық дамуына тікелей ықпал етеді.

Бастауыш сынып мұғалімінің міндеті – әр баланың бойындағы танымдық ұшқынды байқап, оны қолдап, дамытып отыру. Бұл мақсатқа жетудің басты жолы – интерактивті әдістерді шығармашылықпен қолдану.

Сабақтағы әрбір пікірталас, ойын, тәжірибе немесе топтық жұмыс – оқушының өзін-өзі тану мен дамудың баспалдағы.

Сондықтан да қазіргі педагог үшін интерактивті технологиялар – жай әдіс емес, білім мен тәрбиенің үйлесімді синтезін қамтамасыз ететін мәдениет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2020.

2.Әбілқасымова А.Е. Білім беру процесіндегі инновациялық технологиялар. – Алматы, 2021.

3.Сейтқазы П. Интерактивті оқыту әдістері мен формалары. – Астана, 2019.

4.Л.С. Выготский. Оқыту мен дамудың психологиялық негіздері. – Мәскеу, 2018.

ӘОЖ 373.2:796

## САБАҚТА ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІН ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДА ҚАРАСТЫРУ

**КАЛАБАЕВА СИРАЖ ЕРМЕКБАЕВНА**

Көктал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Аннотация.** В данной статье рассматривается цель игровых технологий, их использование для повышения когнитивных способностей учащихся, а также процесс обучения посредством игр.

**Abstract.** This article discusses the purpose of gaming technologies, their use in enhancing students' cognitive abilities, and the process of learning through games.

Ойын – бала табиғатына жақын, танымдық қызығушылығын арттыратын маңызды құрал. Педагогикалық технология ретінде ойын – оқу мен тәрбиенің тиімді әдісі, ол оқушының белсенділігін арттырып, оқу үдерісіне қызығушылықпен қатысуын қамтамасыз етеді. «Ойын – негізгі тәжірибе мен терең ойлаудың көпірі» – деп педагог С.Пинжи айтқандай, ойын – ақпарат алмастыру құралы, өмірлік проблемаларды жеңе білуді үйрену. Баланың өмірдегі түсінігі, еліктеуі, бақылауы осы ойын үстінде көрініс табады.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатынасының типтерінің модельдеріне, еңбекте көрініс табады. Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек үйренуге мүмкіндік береді.Сабақ барысында ойын түрлерін дидактикалық әдіс ретінде пайаланудың маңызы зор.Тиімді қолданылған ойынның түрлері оқу метериалын зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі.

Ойын – бала әрекетінің бір түрі, адамзат мәдениетінің қазынасы. Ұлы педагогтар, ғалымдар баланы тәрбиелеудегі ойын рөлін жоғары бағалайды. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, ұймдастырушылық қабілетін қалыптастырады. «Ойын» технологиясының мақсаты – оқушыларға жаңа білімбілік дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету, зерттеу жұмыстарына бағыттау. Ойын арқылы оқушының білім-білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

- Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл-күйі көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

-Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады.

Ойын баласын оқытудың басты жолы – «ойын әдісі». Ойын технологиясы – оқу–тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әр¬ түрлі ойындарды қолдануды көздейтін дидактикалық жүйелер. Тиімділік бағыттарын қарастырсақ:

- Танымдық: ұғымды жеңіл меңгереді, есте сақтау артады;
- Әлеуметтік: топпен жұмыс істеп, ынтымақтаса үйренеді;
- Эмоциялық: жағымды көңіл күй тудырып, стрессті азайтады;
- Іс-әрекеттік: білімді қолдану, нақты әрекет жасауға итермелейді;
- Шығармашылық: қиялын дамытып, еркін ойлауға жағдай жасайды.

Сабақта қолдану формалары төмендегідей:

- Дидактикалық ойындар (логикалық, тілдік, математикалық);
- Рөлдік ойындар (сахналау, кейіпке ену);
- Интерактивті онлайн ойындар (Kahoot, Wordwall т.б.)

Ойын технологиясы – бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай келетін, теориялық жағынан негізделген, сапалы білім мен тәрбиені ұштастыратын тиімді әдіс. Ол оқытудың мазмұнын жеңіл меңгертіп қана қоймай, оқушының тұлғалық дамуына да зор ықпал етеді.Ойындар мазмұнын ақарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді?

Қисынды ой-қабілетін дамытады
Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді
Сөздік қоры баийды, тілідамиды
Зейіні қалыптасады
Байқампаздығы артады

Өзара сыйластыққа үйретеді

Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды

Бір-бірін едеген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды

Сабаққа қызығушылығы артады.

Ойын кезінде-баланың бойында ұйымдастыру қасиеттері қалыптасады: ойлау, сөздік қор, сауаттылық, тапқырлық,шыдамдылық, өжеттілік , байсалдылық, әдептілік.Ойын– баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірбиені меңгереді,психологиялықер екшеліктері қалыптасады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипаты болады.

Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері — мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Өйткені, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті — балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,

2. Бастауыш сыныпта оқыту. Алматы,2010ж.

3.Тәрбие.орг. сайтынан Ойын технологиясы оқушылардың білімін дамыту құралы.

ӘОЖ 373.3:372.8

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**ЖУНУСБЕКОВА АЙГУЛЬ КЕМПИРБАЕВНА**

Көктал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Аннотация.** В статье рассматриваются способы развития творческих способностей учащихся начальной школы. Подчеркивается важность системной организации обучения предметам, например, вовлечения учащихся, побуждения их к размышлению, выслушивания всех ответов и анализа этапов.

**Abstract.** This article examines ways to develop creative abilities in elementary school students. It emphasizes the importance of systematically organizing subject-specific learning, such as engaging students, encouraging them to think, listening to all responses, and analyzing the stages.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жазылған «Орта білім алу міндеттілігі» қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабын оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашыл тұлға қалыптастыруын қойып отыр.

Бүгінгі таңда еліміздегі білім беру ісі балалардың жас ерекшелігіне сай бағытталуы, ортаның әлеуметтік - мәдени өзгеруіне икемделіп отыруы , ең алдымен оқушылардың жеке тұлғалық дамуы мен жалпы дамуға дайындығы мәселелерінің бірлігін шешуі керек. Мемлекеттік күш-қуаты ең алдымен өз ісіне шығармашылықпен қарайтын, ғылымның , техниканың , өнердің, өндірістің ойдағыдай дамуына өзінің жекелей еңбегімен ықпал етуге қабілетті адамдардың санымен анықталады. Сондықтан да баланың әр уақытта қоғамдық санасының, жеке тұлғасының жан-жақты дамыған еңбек білігі мен шығармашылық қабілеті қалыптасқан адам болып өсуі өзекті де көкейтесті мәселе болып отыр.

Шығармашылық- бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі, еңбек етуге құлшынысы. Өмірге дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек.

Бастауыш мектеп - бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы сатысы. Бастауыш мектеп балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамытуды, яғни

сөйлеу, оқу, талдау жасауға үйретуді және ойын толық, дұрыс жеткізуді қамтиды. Ғылым мен техниканың кең өріс алып, жедел қарқынмен дамуы білімнің негізі болып табылатын-бастауыш мектепке де өз әсерін тигізуде. Соған сәйкес бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты жетілдірілді. Оқу жоспарына сай зерделенетін пәндердің барлығы да білімдік және тәрбиелік рөлі жағынан бірдей маңызға ие болып негізгі пән, қосымша пән деп бөлінбей оқытылады. Барлық пәндер біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің ерекше қырларын ұйымдастыра отырып, сананың этикалық, эстетикалық түрлерін дамытудың, оқушының шығармашылық әлеуетін практикалық іс-әрекет арқылы ашуды қалыптастырады. Мемлекеттік стандартта дамыта оқыту ұстанымына сәйкес білімнің теориялық деңгейін көтеру, оқу әрекетін қалыптастыруда білімнің танымдық, шығармашылық рөлін мақсат етіп қойды.

Демек, бұл мақсатты жүзеге асыруда оқу, жазу, математика, дүниетану, ән, еңбек, бейнелеу т.б. пәндерді оқытуда баланың шығармашылық дағдыларын, еңбек біліктерін қалыптастыру – негізгі жұмыс формасы. Пәндерді оқыту арқылы ұлттық және әлемдік тәлім нәрімен сусындаған, болашақ халық игілігін жасайтын азамат тәрбиелеу. Ал міндеті-оқушылардың танымдық деңгейін кеңейту, шығармашылық және еңбек біліктерін, қабілеттерін дамыту, рухани байлықты дамытуға жағдай жасай, салауатты өмір салтын насихаттау. Соның негізінде ұшқыр ойлы, жаны сұлу, тәні сау, шығармашылықпен ойлай білетін дара тұлғаны тәрбиелеуге ұмтылуымыз қажет.

Шығармашылық әрекет – білім беру мазмұнының негізгі элементтерінің бірі. Мұның өзіндік мазмұны бар, оқушыларды жаңа проблемаларды ізденіп шешуге, өмірді шығармашылықпен қайта құруға дайындайды. Балалардың шығармашылық күші тек білім көлеміне байланысты емес және адамдардың табиғи қабілетінің болуы да жеткіліксіз. Дайын күйінде меңгерілген білім көлемі де, үлгі бойынша меңгерілген іскерлік те баланың шығармашылық мүмкіндіктерін қамтамасыз ете алмайды. Бала өз бетінше ойланып әрекет етіп үйренбейінше өзінің табиғат берген нышаны мен қабілетін көрсете, шығара алмайтын жағдайға жетеді.

Шығармашылық қабілеті дамыған ұрпақтың болуы – бүгінгі қоғам талабы. Оқушылардың белсенділігі мен танымды іс- әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, еңбек білік дағдыларын қалыптастыру қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау сабақты дұрыс ұйымдастыруды талап етеді.

Баланың шығармашылық қабілетін дамыту деп, ең алдымен оған қатысты адам сапаларын қалыптастырамыз. Оған ойлау белсенділігі, тездете үйрену, ептілік пен тапқырлық, нақтылы практикалық жұмысты орындауға қажетті білімді игеруге талпыну, еңбексүйгіштік, әр түрлі құбылыстардағы өзгешелікті көре білу қабілеті және т.б. жатады. Дербес жасалатын шығармашылық өнім: үлгі, макет, өлең, ойыншық, т.б. шығармашылық, іскерлік қызметке қажетті сапалардың осыншалық ауқымды әрі тиімді дамуының нәтижесі болуы тиіс.

Мектеп қабырғасындағы оқу үрдісі барысында оқушылардың жеке психологиялық ерекшеліктері мен қабілеті арасындағы айырмашылықтарды естен шығармау керек. Кіші мектеп жасындағы балалардың өзіндік дербес мүдделері, қабілеттері, икемдері болса, онда оқу процесінде еңбектің түрлі саласын енгізіп, олардың шығармашылық ынтасын көтермелеп отыру керек.

Білім – шығармашылықтың тірегі. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері оның білімінен тысқары кете алмайды. Бастауыш сынып оқушыларында шығармашылық қызметі басталуға дейін жұмысты орырдауға қажетті білімі жетіспей жатады. Сондықтан олар тек бірегей шығармашылық ғана емес, жалпы кез-келген өнімді жасай алмайды. Демек балаларды қажетті негізгі білімдер мен шығармашылық өнімдерді жасауға керек болатын дағды, әдістерге үйрету керек. Ол пәндерді оқыту барысында жан-жақты іске асады.

Кіші мектеп жасындағы оқушылар көп нәрсенің бәрін бірдей меңгеріп кете алмайды. Егер оқытылатын материал мөлшері оның ақыл-ой, ерік- жігер мүмкіншілігінен асып кетсе, онда бала артық білімді игермек түгіл, өз мүмкіндігіне сай келетін қалған материалды іріктеген кезде балалардың белгілі бір уақыт өлшемінде тиімді игере алмайтын материал санына шек қоямыз. Ал бірақ іс-әрекетін оның дербестігімен бірлікте қараймыз. Өйткені, олар бір-бірімен тығыз байланысты және бірінің дамуына екіншісі ықпал жасайды. Баланың еңбекке деген бейімділігі бала күннен бастап қалыптаса бастайды.Оқу және еңбек үстінде ол әрі қарай дамып нығаяды. Дарындылық оқу және шығармашылық болып екіге бөлінеді.

Бұл екеуі егіз ұғым секілді. Өмірді танып білу әдетте оқып үйренуден басталады. Сонан соң бала сол білімін шығармашылықпен пайдалануға ұмтылады. Яғни, оқушы бір деңгейден екінші деңгейге көтеріліп, әрі қарай толыса түседі. Оқу және шығармашылық қабілеттің арасындағы байланыстарды ескеру өте маңызды. Адамның ақыл-ойы биіктеген сайын шығармашылық қабілеті де жоғарылай түспек. Америка психологі М.Корненің пайымдауынша олар былайша тұжырымдалады:

Бағдарлама талабына сәйкес келмейтін оқу үрдісі;

Оқу бағдарламасының әлсіздігінен туындап жатқан сабаққа деген салқын көзқарас және тәртіптің нашарлығы;

Дарынды балалар әдетте күрделі істер мен ойындарды ғана ұнатады. Сондықтан оларды орта дәрежедегі құрбы – құрдастарының іс – қимылдары қызықтыра қоймайды.

Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттері әсіресе ән, ойын, еңбек сабақтарында, жаңа бір нәрсені ашумен, құрастырумен, білумен байланысты көрінеді. Қазіргі таңда шығармашылық қабілеттің дамуы басты нысаны болып, ол оқушыда шығармашылықтың белгілерінің болмауы үлкен мәселе болып көтеріліп отыр.

Осы мақсатта педагогика ғылымын дамытуға үлес қосқан ірі тұлғалы ғалымдар, философтар, педагогтар ертеден-ақ аз болмады. Аристотельдің «Жан туралы» еңбегі, Я. А. Коменскийдің «Ұлы дидактикасы», И.Г.Пестолоцци мен А.Дистервег еңбектері оқытудың негізгі теориялық мәселелеріне сүйеніп, жеке тұлға дамуы шығармашыл әрекет арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығын көтереді. Ы.Алтынсариннің пікірінше, педагогикалық жұмыстағы ең шешуші нәрсе: мұғалімнің ең жақсы оқыту әдістерін таба білуінде, балалармен дұрыс тіл табыса білуінде. «Үлгілі жолға қойылған, дұрыс тәртібі бар жаңа типті мектеп оқушыларды қызықтырып, оларды мәдениетке, жұмысқа және айналасын, өз ортасын тануға, ой еңбегін үйретуге тиіс»,- деп атап көрсетті.

Шығармашылық қабілетті дамытудың психологиялық, педагогикалық ережелерін басшылыққа алып қарастырғанда мұғалімнің дидактикалық дайындығына мына компоненттер кіруі керек:

педагогикалық қызметті толық берілуі, оны дұрыс атқаруы;

ақыл- ой әрекетін кезеңмен қалыптастыру теориясын білу;

бала психологиясының жасқа байланысты ерекшеліктерін білу;

шығармашылық процестің негізін меңгере білу;

Оқытушы шәкірттің білім, білік деңгейлерін анықтап, олармен жеке дара жұмыстар жүйесін пайдалануы керек. Жүйелі, дұрыс ұйымдастырылған шығармашылық әрекет түрлері нәтижесінде шәкірттің білімі, біліктілігі кеңейіп, шығармашылық ізденімпаздығы қалыптасады.

Оқушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны ұйымдастыра білуі, танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлай білуі, ізденімпаздығын арттыру маңызды жұмыс. Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерді жоспарлау және іске асыру біліктерінің қалыптасуына оқу-танымдақ тапсырмаларды шығармашылық тұрғыда шешудің маңызы зор.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоянбаев Ж.Б, Р.М.Қоянбаев “Педагогика” Алматы, 2002

2.Бастауыш білімнің міндетті мемлекеттік стандарты. Алматы, 1998

3.Тұрғынбаева А. Дамыта оқыту технологиялары. Алматы, 2000.

4.Сейтешев К.Б. Тәрбие теориясы. Алматы, 1986

5.Ильина Т.А. Педагогика Алматы, 1977

6.Жұмабаев М. Педагогика «Ана тілі» 1992ж.

ӘОЖ 373.3:37.01(574)

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІ СІҢІРУДЕГІ МАҚАЛ -МӘТЕЛДІҢ РӨЛІ

**САБАТАРОВА МӨЛДІР СЕЙІТБЕККЫЗЫ**

Темірбек Қожекеев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** Пословицы и поговорки характеризуются глубоким смыслом, лаконичным и красивым языком, легко запоминаются и играют особую роль в воспитании детей.

**Summary.** Proverbs and sayings are distinguished by their deep meaning, conciseness and beauty of language, are easy to remember and play a special role in raising children.

Қай заманда, қандай қоғамда болсын алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақ тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген, ақыл парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт- дәстүрі, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған – тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осындай мол мұраның «дәнегін мәпелеп екпейінше» жастарды ізгілік пен парасаттылықты тәрбиелеу мүмкін емес. Ғасырлар бойы ұрпаққа ауыздан-ауызға тарап, мәнін жоймай сақталған мақал-мәтелдерден қазақ халқының тұмыс-тіршілігін, дүниеге деген көзқарасын, арман мүддесіне дейін байқауға болады. Мағынасы терең, ойды дәл берген мақалды кез келген дау-жанжалда, халық өміріне қатысты қажетті шешім қабылдағанда орнымен қолданудың маңызы зор болған. Ал ондай кезде "Аталы сөзге арсыз жауап береді" деп, қандай жғдайда болмасын орнымен айтылған жүйелі сөзге тоқтаған.

Мақал-мәтелдер бір ғасырдың, ғана жемісі емес. Мақал-мәтел-халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін шешетін асыл мұра, ақылына ақыл қосатын, жарқын болашағына дұрыс бағыт сілтейтін, өмірді танытатын қамқоршы. Онда халықтың өмір сүру барысындағы барлық тәжірибенің өнегелі өсиеттері айтылған, халық даналығы сақталған. Қазақтың мақал-мәтелдері –көркем әдебиетте сөздің әрін келтіретін, айтайын деген ойдың мағынасын толықтыратын, сонымен қатар ұтымды да ықшам қолданатын әдемі форма. Мақалдар мен мәтелдер балаларға терең ой салумен қатар, оларды көркем және обрызды сөйлеуге жаттықтырады, сөз байлығын, сөздік қорын байыта түседі. Мақал-мәтелдер өзін жасаушы халықпен бірге жасайды, біреулері ескіріп қолданудан шығып, екіншілері жасарып, жаңадан туындап жатады.

Мақал-мәтел – қос мағыналы шығарма, онда көбінесе тура мағынамен қатар астарлы мағына да болады. Тура мағына мысал ретінде алынады да негізгі ой астарлап айтылады. Мақал-мәтел, әдетте бүкіл адам баласына ортақ. Сондықтан бір халықтың мақалын екінші халық төл шығармасындай қабылдай береді. Көптеген мақал-мәтелдер көнермей көп жасайды, әлденеше ұрпаққа, қоғамға қызымет етеді.Мақал-мәтелдердің тілі қарапайым және өте көркем, сөздік құрамы бар. Сөйлем құрылысы жағынан жеңіл, әсерлі болып келеді. Халық мақал-мәтелдердегі қолданылған сөздердің тек қана сыртқы сұлулығына қарамайды, сонымен қатар құрамындағы сөз мағынасының шебер, орынды қолданылуына назар аударады. Мақал-мәтелдерді үйрету тіліміздің байлығын, сөйлем құрылысын, дұрыс сөйлеу заңын жетік білу, тілді дамытып, баланың ой-өрісін кеңейтуге көп әсер етеді. Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне, орыс тілді бөлім оқушыларына оқытқанда, фонетика мәселесіне жеке көңіл бөлу керек. Қазақ тілінің ерекшелігіне тән дыбыстары бар мақал-мәтелді дұрыс айту дағдысын қалыптастыру үшін мына жұмыстар жүргізіледі:

1.Оқытушының мақал-мәтелді, мәтінді оқып көрсетуі;

2.Магнитофоннан мәтін тыңдатып, одан мақал-мәтелдерді тапқызу;

3.Мақал-мәтелдерді тыңдату, қайталау, өз қатесін өзіне түзеттіру;

4.Мәтінді, мақал-мәтелдерді қайта оқыту жұмыстары;

5.Мақал-мәтелдерді мәнерлеп оқытуға жаттықтыру жұмысы;

6.Мақал-мәтелді өзінше айта білуге жаттықтыру жұмысы;

Мақал-мәтелдің дұрыс орфоэпиясын қалыптастыруда мәнерлеп оқытудың мәні зор. Мақал-мәтелдерді дұрыс айта алмау оның тыңдаушыға түсініксіздігін туғызады, әрі тыңдаушыға дұрыс әсер етпейді. Мақал-мәтелді мәнерлеп айтуға үйрету үшін, ондағы әр сөзді үндестік заңына бағына отырып, дұрыс айта білуге жаттықтыру қажет. Мұнда мақал-мәтелдегі әр сөздің анық айтылуымен жұмыс жасалады. Сонан соң мақал-мәтелдегі қиын сөз тіркесін айтқызып жаттықтыру да пайдалы.

Бала тәрбиесі жайлы қазақ ойшылдары әр түрлі ой-пікір айтқан. Жүсіп Баласағұнның өзі «Құтадғу білік» атты еңбегінде тәрбие жайлы: «...Баланың мінез-құлқы жақсы тәрбиеден туындайды. Егер бала ебедейсіз, шамшыл, өбектеліп өскен болса, бұған бәрінен бұрын оның ата-анасы кінәлі. Отбасы үшін бала – зор қуаныш. Баласыз бақыт жоқ. Бірақ, баланың тууы ата-анаға зор міндет, жауапкершілік те жүктейді. Отбасы тәрбиесі бала мінез-құлқы мен психологиялық

бейнесін қалыптастыру негіздерінің негізі. Сондықтан оны балғын шағынан оқытып, жақсылап тәрбиелеу керек. Үй шаруасы мен баланы дұрыс күтіп-бағу үшін тазалық сақтайтын әйелді таңда. Баланы тәрбиелеу әкенің де парызы. Егер бала тәртіпсіз болса, оған әкесі де кінәлі. Ақылды, білімді етіп тәрбиелеу үшін әке-шешесі баласын үнемі назарда ұстауы тиіс. Балаларды қолөнерге баулу, ғылым-білімге қызықтыру – ата-ананың қасиетті парызы. Балаңыз өмірде өксімес үшін оған білім мен кәсіп бер. Үлгілі тәртіптің негізі – білім, әдет-дағдыға машықтану. Сондықтан баланы кішкентайынан тіл алғызу, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қастерлеуге үйрету керек», – дейді.

Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағы.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым М. Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік. Ұлттық тәрбиелік білім жас ұрпақты әсемдікті игеруге, сұлулықты сезініп, қастерлей білуге, оны өз бойына дарыта білуге, яғни, эстетикалық тәрбие бере білуге, ең бастысы рухани даму сипатына жетелейді. Ұлттық тәрбиелік білім беру арқылы, жас өскелең ұрпақты халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпымен таныстырып, адамның ішкі сезімін, жан дүниесін түсіне білуге бағыттауға ұмтыламыз. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың міндеті.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтелдер арқылы сөйлеу тілін дамыту, ол үшін мақалдарды сабақта тиімді пайдалану мақсатында сауатты қолданылған әдістемелік тәсілдер мен жоғарыда көрсетілген жұмыс түрлері, тиімді ұсынылған ақпарат жақсы нәтиже береді.

Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесі бай, рухани әлемнен тұратын ауыз әдебиетінің тамырынан бастау алып келеді. Ғасырлар бойы екшеліп, саф алтындай жинақталған ауыз әдебиетінің бір саласы мақал-мәтелдердің бала тәрбиесінде алатын орны ерекше.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Айгужиева А.З., Кусанова А.Д.– Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні. Павлодар, 2008ж.

2.Табылдиев Ә.– Халық тағылымы. Алматы, 1992 ж.

3.Қазақ мақал-мәтелдері. Алматы, «Ана тілі», 2001 ж.

4.Айдарбаева Ғ.Б. – Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін мақал-мәтелдер арқылы үйрету. //«YIII Сәтбаев оқулары»

5.Е.Балтабай. Қазақ энциклопедиясы негізінде патриоттық тәрбие беру. «Ұлағат».2002.

6.Тұрманжанов Ө. Қазақ мақал-мәтелдері.Алматы. «Білім» 2007.

7.Сөз мәйегі. «Қазақ энциклопедиясы» 2007.

8. Т.Жұмажанова. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы. «Білім» 2009

9. Бала тәрбиесіндегі мақал – мәтелдердің орны | Білім ...https://bilimainasy.kz

ӘОЖ 372.851:001.895

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ МЕН ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ

**КОЖАКОВА ГУЛНАЗ ТҮЙЕШІБАЙҚЫЗЫ**
Көктал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** Продемонстрировать пути развития творческих способностей учащихся начальной школы и повышения их познавательного интереса к обучению с использованием методов новых педагогических технологий.

**Summary.** To demonstrate ways of developing the creative abilities of primary school students and increasing their cognitive interest in learning using methods of new pedagogical technologies.

Қазіргі таңда білім беруді мектептер аясында дамыту қажет» делінген. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында», білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын еңгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық комуникация желілерге тығу деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді. Оқушылардың оқу – танымдық іс-әрекетін белсенділігін қалыптастыруда олардың қабілеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, іздесіне талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеті күрделі процесс. Ол іс-әрекет мақсатын, мазмұны мен қорытындысын түрлері мен әдістерін, мотивтерін, деңгейлерін қамтиды. Оқу-танымдық іс-әрекет шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттілікпен, мақсаттан таным қисындарынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Оқу үрдісі оқушылардың оқу-танымдық әрекеті негізінде жүзеге асады, ал оқу-танымдық әрекеті негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенді танымдық іс-әрекеттің көздейтін мүддесі білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалану білуі болып табылады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін оқыту процесінде дамытудың теориялық негіздері танымдық белсенділікті психологилық – педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық сапасынын ерекшелігіне талдау жасауға, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінін тәрбиелеу және оқыту үрдісінде оны қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік берді.

Инновациялық тұрғыда «Технология» курсы жалпы білім беретін мектептердің оқу жоспарын құраушы маңызды бөліктердің бірі болып табылады. Оның басты мақсаты – оқушыларды нарықтық экономика жағдайларында дербес еңбектік өмірге инновациялық тұрғыда шығармашылық қабілетпен дайындау мен заманауи жағдайларға бейімдеу.

Оқушылардың инновациялық-технологиялық дайындығының мазмұны:

- функционалдық технологиялық сауаттылықты қалыптастыруға, процессуалды қабілеттер мен бейімділіктерді дамытуға; қоршаған ақиқатты қайта өзгерту құралдары мен жиынтық тәсілдерді меңгеру бойынша әрекеттер алгоритмін меңгеруге;
- әр оқушының шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін, оның еңбек рыногында кезінде кәсіби өзін-өзі анықтау жолын саналы түрде таңдауға мүмкіндік беретін танымдық және өмірлік қызығушылықтарының бағыттылығын ескеретін жекелей-бағытталған білім беру процесін инновациялық тұрғыда ұйымдастыруға бағдарланады.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін болашақ мұғалімдерді даярлаудың құнды-мотивациялық компоненті болашақ мұғалімнің тұлғалық дамуының дәрежесін көздейді және оның инновациялық тұрғыда шығармашылық күшін, құндылықтарды, іс-әрекетті, мақсаттарды, идеалдарды, қызығушылықтарды шығармашылық тұрғыдан сезіну қажеттіліктерінің үйлесімді ашылуын қамтамасыз ететін сыртқы және ішкі мотивацияның дамуын; шығармашылық әлеуетінің дамуын қамтиды.

Баланы дамытуда интербелсенді әдістерді қолдану:

Мазмұн (Не нәрсеге үйрену/ үйрету керек?).

Әдістеме (Қалай үйрену/үйрету керек?).

Нәтиже (Не үшін үйрену/үйрету керек? Үйренудің/үйретудің нәтижесі қалай болу керек?)

Не нәрсеге үйрену/үйрету керек?

Өмір сүруге, адам және жеке тұлға болуға үйрену/үйрету.

«Өзің үшін!» қағидасының «Өзге үшін!» ұстанымынан бәсең болуы.

Ұстаздың мақсаты – шәкірттерін адам болуға баулу. Әрбір пән, сабақ, тақырып осы мақсаттың құралы болуы тиіс.

Ойлай білуге үйрену/үйрету: «Бас адамға есте сақтау үшін берілмей, ойлау үшін берілген!».

Қазіргі ойлаудың түрлері: сыни ойлау; проблема шешуде қолданылатын ойлау;

шығармашылық ойлау. Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар келесідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;

өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;

ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішкі керектісін таңдап алу;

ақпаратты жан-жақты талдау;

Оқушылардың инновациялық тұрғыда шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін болашақ мұғалімдер дайындығының бағалау компоненті өзін-өзі бағалау мен өзара бағалау, рефлексияға бейімділікті, өз бетінше талдау мен өзара талдау, өз бетінше түзету мен өзара түзетуді дамытудың белгілі деңгейін болжайды.

Педагогикалық оқу процесінде аталған элементтердің жиынтығын жүзеге асыру оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қажетті кәсіби-педагогикалық білімнің, бейімділік пен дағдылардың белгілі жиынтығын меңгеруге ғана емес, сонымен қатар олардың өзін-өзі жетілдіруі мен шығармашылық дамуына мүмкіндік беретін болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (баптары бойынша түсіндірмелерімен) және оны жүзеге асыру жөніндегі негізгі құжаттар. -Алматы:Дастан, 2000ж.

2.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.//Жайық ұстазы, №1-7.01.2004ж.

3.Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова А.У., Ильясова Р.К. Педагогика.- Астана.: Фолиант, 2004 ж.

4. Бұзаубақова К. Ж. Жаңа педагогикалық технология Тараз ТАрМУ 2003ж.

5.Бұзаубақова К. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру тұжырымдамасы //Қазақстан мектебі, 2008, № 6

ӘОЖ 373.3:004.8

## БОЛАШАҚТЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**ЫДЫРЫСОВА АЙНҰР ҒАБИТҚЫЗЫ**

Темірбек Қожекеев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается актуальность использования технологий искусственного интеллекта в развитии интеллектуальных способностей учащихся начальной школы. Показано, что интеграция искусственного интеллекта в процесс обучения повышает познавательную активность учащихся и способствует улучшению результатов обучения.

**Summary.** This article examines the relevance of using artificial intelligence technologies in developing the intellectual abilities of elementary school students. It is shown that integrating artificial intelligence into the learning process enhances students' cognitive activity and contributes to improved learning outcomes.

Қазіргі кезде білім беру саласында оқушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту – мектептің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Әсіресе, бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой интеллектісінің (IQ) деңгейін дамыту олардың логикалық ойлау қабілетін, есте сақтауын, зейінін және шығармашылық мүмкіндіктерін арттыруға тікелей әсер етеді. Оқушылардың интеллектуалдық дамуының жоғары деңгейі болашақтағы оқу жетістіктеріне және өмірлік дағдыларды меңгеруіне оң ықпал етеді.

Бүгінгі таңда жасанды интеллект (AI) білім беру саласына үлкен ықпал етуде. Оның дәлелі “Жасанды интеллектті дамытудың 2024 -2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 592 қаулысында нақты атап көрсеткен. Ендеше, жасанды интеллект дегеніміз не? Деген сұраққа жауап берейік.

Интеллект – бұл философиялық және ғылыми тұрғыдан ең күрделі және көп мағыналы ұғымдардың бірі. Дәстүрлі түсінікте интеллект – ойлау, талдау, үйрену, шешім қабылдау және жаңа жағдайларға бейімделу қабілеті. Алайда, жасанды интеллект (ЖИ) туралы сөз болғанда, оның «интеллектуалдылығы» адамдық интеллекттен едәуір ерекшеленетінін түсіну маңызды.

Жасанды интеллект (ЖИ) ғылыми пән ретінде 1956 жылы Дартмут конференциясында пайда болды. Онда Джон Маккарти, Марвин Минский, Клод Шеннон және басқа да ғалымдар алғаш рет «машиналық интеллект» ұғымы мен оны құру тәсілдерін ұсынды. Кейінгі онжылдықтарда ЖИ бірнеше даму және тоқырау кезеңдерін бастан өткерді, ал 2010-жылдары терең машиналық оқыту мен есептеу қуатының артуының арқасында жаңа серпіліс жасалды.

ЖИ тұрғысынан интеллект – бұл компьютерлік жүйелердің келесі когнитивті функцияларды орындай алу қабілеті:

Образдарды тану (мысалы, суреттердегі бет-әлпетті анықтау);

Ақпаратты талдау және өңдеу (мысалы, мәтінді автоматты түрде аудару);

Болжам жасау (мысалы, тауарларға деген сұранысты немесе аурудың ықтималдығын болжау);

Шешім қабылдау (мысалы, YouTube-тың бейнероликтерді ұсыну жүйесі).

Жасанды интеллекттің санасы, эмоциялары, мотивациясы немесе адамға тән түсінігі жоқ. Ол тек математикалық алгоритмдер негізінде жұмыс істейді, мәліметтерден заңдылықтарды анықтайды және сол деректерге сүйене отырып шешімдер қабылдайды. Ол оқыту процесін өзгертіп, білім берудің әдіс-тәсілдерін жаңартып, оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Білім беру саласындағы оқушыларға жасанды интеллект негіздерін үйретудің тиімді әдістері және оқыту процесінде жасанды интеллектті қолданудың мысалдары қарастырылады. Жасанды интеллект қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналып келеді. AI оқытудың мазмұны мен тәсілдерін өзгерте отырып, білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. AI көмегімен жеке оқыту жолдары жасалып, әр оқушының білім деңгейіне сай оқыту бағдарламалары әзірленуде. AI технологиялары оқыту процесін автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, оқу сапасын жақсартады.

AI-дің білім берудегі негізгі артықшылықтарының бірі – оқушыларға нақты уақыттағы кері байланыс беру мүмкіндігі. Бұл оқушылардың өз білімін тексеруге және түзетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жасанды интеллектті пайдалану оқыту әдісін дараландыруға жол ашады, яғни әрбір оқушының қабілеттеріне сәйкес оқыту бағдарламалары мен тапсырмалары жасалады. Жасанды интеллекттің негіздерін оқушыларға үйрету қазіргі заманның маңызды міндеті болып табылады. Бұл үшін мұғалімдер арнайы курстар мен тренингтер ұйымдастырып, оқушыларды AI туралы біліммен қаруландыруы тиіс. Оқушыларға жасанды интеллекттің негізгі принциптері мен қолдану салаларын түсіндіру маңызды. Сонымен қатар, AI құралдары мен бағдарламаларымен таныстыру, оларды қалай пайдалану керектігін үйрету оқушылардың болашақта осы салада жұмыс істеу қабілетін дамытады.

AI-ді оқытуда ең тиімді әдістердің бірі – практикалық жұмыстар мен жобаларға негізделген оқыту. Оқушыларға AI негізінде түрлі тапсырмалар мен жобалар ұсыну арқылы олардың ойлау қабілетін дамытуға болады. Сонымен қатар, виртуалды оқыту көмекшілері мен автоматтандырылған бағалау жүйелерін пайдалану оқушылардың өздігінен білім алу процесін жеңілдетеді.

AI-ді оқу процесінде қолданудың көптеген тиімді мысалдары бар. Олардың бірі – оқыту көмекшілері. AI көмегімен жасалған оқыту көмекшілері оқушыларға тапсырмаларды орындауда көмек көрсетіп, түсініксіз сұрақтарға жауап бере алады. Бұл оқушылардың оқу процесінде үнемі қолдауды қажет ететін оқушыларға үлкен көмек көрсетеді. Жасанды интеллект қазірдің өзінде көптеген салаларда қолданылады және деректерді талдау, болжам жасау, автоматтандыру және белгісіздік жағдайында жұмыс істеу сияқты міндеттерді шешеді. Оның қолдану аясы үнемі кеңейіп келеді және болашақта ол біздің өмірімізге одан әрі тереңірек енеді.

Бүгінде жасанды интеллект (AI – Artificial Intelligence) әлемді өзгертіп жатқан негізгі технологиялардың бірі. Ол адам еңбегін жеңілдетіп, түрлі салада тиімділік пен жылдамдықты арттырып отыр. Жасанды интеллект – заман талабы. Оны дұрыс бағытта қолдану арқылы адамзат көптеген жетістіктерге жете алады. Бірақ қауіпсіздік пен адам құндылықтары бірінші орында болуы тиіс.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592

2.https://aicourse.kundelik.kz/1-1kz

3.https://bilim-all.kz/article/23128-ZHasandy-intellekt-bilim-beru-salasyndagy-zhana-mumkindikter

4.Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. – М.: Манн, Иванов и Фербер, 2019 ж.

5.Сартаева Н.Т.Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш білім оқушыларының зерттеулік іс-әрекет мотивациясын қалыптастыру. филос.док (PhD) дис. Алматы, –2019 ж.

ӘОЖ 373.3:37.037(574)

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУ ӘДІСТЕРІ

**НУРХАНОВА МАДИНА АСЫЛБЕКОВНА**
Көктал орта мектебінің бастауыш пәні мұғалімі, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В статье рассматривается значение национальных образовательных ценностей в развитии творческих способностей учащихся начальной школы. На основе национального наследия, обычаев, традиций и народной литературы предлагаются методы, влияющие на развитие личности ребёнка, его воображения и мыслительных способностей. В статье описываются способы развития эстетического вкуса и мировоззрения учащихся посредством творческих заданий и занятий национального содержания.

**Summary.** This article examines the importance of national educational values in developing the creative abilities of primary school students. Drawing on national heritage, customs, traditions, and folk literature, it proposes methods that influence the development of a child's personality, imagination, and thinking skills. The article describes ways to develop students' aesthetic taste and worldview through creative assignments and activities with national content.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 30 жылдары өмір сүріп, қазақтың қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, рухани, әдеби өміріне белсене араласқан, өздері мұғалімдік қызмет атқарған қазақ ағартушы педагогтарының ұлтық идеялары туралы ой-пікірін зерттеу осы кезде ерекше маңызды мәселе.

Қазақстан Республиканың "Білім туралы" заңында "Білім беру жүйесінің міндеттері: азаматтық пен елжандылықты, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге әлемдік және отандық мәдениеттің жетістік түріне барлау, қазақ халқы мен республиканың басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру", - деп айрықша атап көрсетілгенҚазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, ұлттық рухты бойына сіңірген, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Әсіресе бастауыш сынып оқушысы – танымдық, эстетикалық, шығармашылық қабілеттері қалыптасатын ең маңызды кезеңде тұрады. Осы кезеңде баланың бойына ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге баулу – бүгінгі күннің талабы.

Бастауыш мектеп – баланың тұлғалық, танымдық және шығармашылық қабілеттері қалыптасатын аса маңызды кезең. Ұлттық тәрбие – оқушының рухани дүниесін байытып, шығармашылық ойлауына, туған халқының мәдениетіне деген қызығушылығы мен құрметін оятатын қуатты құрал. Әр бір ұйымдастырылған әдістердің артынан міндетті түрде нәтижесі көріну керек: ұлттық құндылықтарға негізделген шығармашылық ойлау дамиды; баланың өзіндік көзқарасы қалыптасады, халық мәдениетіне қызығушылығы артады; тілдік, өнерлік, зерттеушілік қабілеттері жетіледі; шығармашылық жұмыстардың жеке портфолиосы түзіледі.

XX ғасырдың жиырма-отызыншы жылдары Қазақстанда этнопедагогикалық ой-пікірдің дамуына үлкен үлес қосқан қазақтың ағартушы-педагогтері А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М..Дулатовтың еңбектерінде бастауыш сынып оқушыларына ұлттық тәрбие беру туралы ойлары, жүзеге асыру жолдары нақты көрсетілген.

Жүсіпбек Аймауытов – жазушы, ақын, әдебиеттанушы психолог, қоғам қайраткері, ағартушы – педагог болған. Ол қазақ қоғамы дамуының ең бір күрделі кезеңдерінде, әлеуметтік төңкерістер дәуірінде өмір сүріп, сол дәуірдің қайшылықты сипаттарын көре білді. Сондықтан оның шығармаларындағы, көзқарастарындағы ұлттық идеясы айрықша басым болып көрінеді.

Жүсіпбек тәрбие жөніндегі халықтық мұраға, оның озық жағына сүйенеді. Қазақтың "Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі", "Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді" деген мақалдарын еске ала отырып, бала өміріндегі ата-ана тәрбиесінің, өнегенің орнын зор бағалайды.

Міржақып Дулатов - жалынды публицист, жауынгер ақын, жазушы, тарихшы, саяси кайраткер, ағартушы ұстаз болған. Оның ұлттық идея туралы ой - пікірлерін мынадай

еңбектерінде баяндаған. “Есеп құралы”, “Оян қазақ”, Оқу құралы” және “Серке”, “Қазақ”, “Ақ жол”, “Айқап”, “Еңбекші қазақ” газет журналдарындағы көптеген мақалалары.

Сонымен, М.Дулатов өзінің ұлттық идеясын кең насихаттап, оны мектептің оқу-тәрбие үлгісіне ендіру мақсатында ана тілін, оның тәрбиелік және білімділік мәнін ашуды, оқыту мен тәрбиенің ұлттық сипатта болуын, ұлттық мазмұнды оқу құралдарын шығару туралы еңбектерінің жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуде алатын орны мен мазмұны ерекше.

Мағжан Жұмабаевтың “педагогикасы” нағыз ұлттық идеяны насихаттауға бағытталған. Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында төрт және жеті жылдық мектеп мұғалімдері мен тыңдаушыларға арналып жазылған этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені М.Жұмабаев “Педагогикасының” басты ерекшелігі – оның қазақ топырағымен, ұлттық тәрбие және басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие басшылыққа алынып, оған сүйеніп оны басқа озат педагогикалық тәжірибесімен байытып отырады.

А. Байтұрсыновтың бүкіл өмір жолындағы басты идеясы қазақ халқының ұлттық санасын ояту, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды. “Ол барлық саналы өмірін қазақ қоғамында ғылым-білімнің дамуына, мектеп, ағартушылық ісінің жонданып кемелдеуіне бағыштады. Ол ауыл мектебінде, семинарияда бала оқытып, оқу –тәрбие жұмысын жетілдіру саласында көп ізденді,”-дейді профессор С.Қалиев. Ол өзінің ұлттық идея туралы ой-пікірлерін “қазақ” газетінде жариялаған мақалаларында “Тіл туралы”, “Әдебиет танытқыш”, “Баяншы” , “Тіл ашар”, “Әліпби”, “Сауат ашқыш”, “Әліппе астар”, “Оқу құрал “ т.б. еңбектерінде жан-жақты айтып,, өзі тікА.Байтұрсынов осы жүйенің барлық элементтеріне қазақтың тілін, ауыз әдебиетін, мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бастауыш мектепте оқытып, оқушыларға ұлттық тәрбие беру мақсатында пайдалану жолдарын көрсетті. Қазақстан Республикасының этникалық – мәдени білім беру тұжырымдамасында және Ж.Наурызбаевтың “Ұлттық мектептің ұлы мұраты” атты еңбегінде мәдени-этникалық білім берудің міндеттері ретінде мыналар ұсынылады:

Жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу.

Тұлғаның өзінің төл мәдениетінен сусындауы және өзге мәдениеттерді ұғынуы үшін жағдай жасау.

Мәдениеттер алмастығында бірін - бірі байытуына бағдар ұстау.

Көп тілді тұлғаны қалыптастыру.

Өзінің ана тілінде және мемлекеттік тілде еркін ұғынысуға қабілеті азаматтарды даярлау.

Ұлттық тәрбие және шығармашылықтың байланысы мына дағдыларды қалыптастырады:

- баланың дүниетанымын халықтық құндылықтармен сабақтастырады;
- эстетикалық сезімін дамытады;
- ұлттық сана, ұлттық мәдени код туралы түсінігін кеңейтеді;
- халық ауыз әдебиеті, салт-дәстүрлер арқылы шығармашылық ойлауға жетелейді.

Ал, шығармашылық:

- еркін ойлау, қиял, өзіндік пікір қалыптастыруды дамытады;
- ұлттық мәдени элементтерді жаңа формада қолдануға мүмкіндік береді.

Осы дағдыларды дамытудың негізгі әдістерін төмендегідей қарастырамыз:

І. Халық ауыз әдебиеті арқылы шығармашылықты дамыту.

ІІ. Ұлттық ойындарды шығармашылық тапсырмалармен интеграциялау.

ІІІ. Өнер арқылы шығармашылықты дамыту (киіз, ою-өрнек, қолөнер)

ІУ. Ұлттық салт-дәстүрлер негізіндегі жобалық жұмыстар жүргізу барысында бастауыш сынып оқушыалары жобалық оқыту шығармашылық қабілеттерді айқын дамытады.

Ү.Ұлттық кейіпкерлер арқылы драмалау әдістеріне ертегідегі кейіпкерлерді жаңа жағдайға қою (импровизация) жасай білу үшін жас ерекшелігін ескеру міндетті.

ҮІ. Ұлттық мәдениетке негізделген креативті жазба жұмыстары бойынша мына әдістерді пайдалануда оқушылар зерттеу жұмыстарын жүргізе алады.

ҮІІ. Цифрлық құралдарды ұлттық мазмұнмен үйлестіру әдістерінде шығармашылықты қазіргі технологиялармен байланыстыру маңызды.

Осы әдістер мен тәсілдерді мұғалімнің ұйымдастыруымен өтетіні белгілі. Сондықтан ұйымдастыру жұмыстарын сапалы дайындау қажет етеді. Ол үшін:

- Оқушының бастамасын қолдау.
- Әр баланың даралығын құрметтеу.
- Ұлттық материалды жас ерекшелігіне сай таңдау.
- Шығармашылық тапсырмаларды еркін орындауға мүмкіндік беру.

-Бағалауда «дұрыс-бұрыс» емес, «идеяның бірегейлігі» қағидасын ұстану.

Ұлттық білім берудің өзі - ұлттық қауіпсіздік пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ал ұлттық білім берудің құндылығы толығымен әлеуметтік дамумен,оның түбегейлі өзгеруімен анықталған. Оны пайдалану жүйелері төмендегідей болуы тиіс.

Қазіргі кездегі педагогика бойынша ұлттық тәрбиенің қайнар көзі халықтың береке–бірлігінде, ынтымақ-ықыласында , елдігі мен ерлігінде екендігінде ешкімнің дауы бола қоймас. Олай болса, әрбір ата-анаға осы жүйені ғылым және өнер ретінде жан-жақты меңгеру қажет. Ұлттық тәрбиенің әдіснамалық негізін айқындауда психологиялық, философиялық, педагогикалық тұрғыда зерттеу барысында әр кезеңде туындаған ұлттық тәрбие ұғымына талдаулар жүргіздім.

Ұлттық тәрбие беру арқылы - Отанын шынайы сүйетін, байлығын қорғайтын, отансүйгіш, адал азамат қалыптасады.

Ұлттық тәрбие беру арқылы - адамгершілік , Отанға деген сүйіспеншілік, оның өткені мен қазіргісіне деген мақтаныш сезімі қалыптасады.

Ұлттық тәрбие беру арқылы - оқушының бойындағы Отан үшін қызмет етуге дайын, шын берілгендік қасиеті дамиды.

Халық педагогикасының тарихын зерттеп, ұлттық тәрбие берудегі педагогиканың ролі зор екендігін түсіндіре отырып, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, азаматтық пен патриотизмге, өз Отанын құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге баули отырып, болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге даярлау мақсатында өтілген сабақтарда жаңа педагогикалық технологиялардың элементтерін пайдалану барысында сабақта оқушылардың қызығушылығын, белсенділіктері арттырады, өз ойларын еркін айтып, пікірталас орната алады, дәлелддейді, ізденеді. Топта жағымды ахуал туығза алады. Бір-бірлерін мұқият тыңдай алады және өздерін бағалай алады.Осы дағдыларды меңгере отырып ұлттық құндылықтарды өз бойына қалыптастыратыны сөзсіз. Осы әдістер мен тәсілдерді сараласақ, әр кезеңде де ұлттық тәрбие беру ұғымы Отанға деген сүйіспеншілік тұрғысынан қарастырылады.
Әрбір ұлттың қай кезеңде болмасын алдында тұратын ұлы мұрат- міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, санаулы ұрпақ тәрбиелеу.

Болашақ қоғам иелерін жан - жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени- ғылыми өресі озық азамат етіп тәрбиелеу біздің, әсіресе, аға буынның қоғам алдындағы зор борышы. Ал жастарды жан-жақты қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт -дәстүрлерінің тәлім-тәрбиелік, білім-танымдық ролі орасан зор Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. Ежелгі ата –бабаларымыздың күмбірлеген күміс күйі, сыбызғы – сырнайының үні, асқақтата салған әсем әні, ғашықтық жырлары, мақал – мәтел, шешендік сөз, айтыс өлеңдері сан ғасыр бойы өз ұрпағын “сегіз қырлы, бір сырлы”, өнегелі де өнерлі, адамгершілік ар – ожданы жоғары, намысқой азамат етіп тәрбиелеп келгені тарихи шындық. Олай болса, тәуелсіздік туы желбіреген егеменді еліміздің болашақ ұрпағын тәрбиелеуде.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әлиева А.Т. «Ұлттық тәрбие негіздері және оның маңызы», Алматы: Ғылым, 2021.

2. Жұмаділова Қ.С. «Балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық құндылықтардың ролі», Астана: Рауан, ж.

3. Сарсенова Б.М. «Ұлттық тәрбие арқылы тұлға қалыптастыру», Қарағанды: Фолиант, 2020 ж.

4.Тұрлыбекова Л.А. «Мектептегі ұлттық тәрбие мен шығармашылық байланысы», Шымкент: Санат, 2023 ж.

5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. «Бастауыш сынып оқушыларына арналған ұлттық тәрбие бағдарламасы», Нұр-Сұлтан, 2020 ж.

6. Мақсутова Г.Ж. «Шығармашылық ойлау мен ұлттық құндылықтар», Алматы: Фолиант, 2021 ж.

ӘОЖ 373.3:372.315

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

**СЛАТАЕВА БОТАН ЕСБЕРГЕНОВНА**
№48 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В контексте социального развития общества, если учитель способен разрабатывать и использовать технологию развития школьников, возрастает эффективность интереса учащегося к предмету, грамотности, культурной ценности, всеобъемлющего формирования. В этой статье рассматриваются способы и эффективность обучения в развитии.

**Summary.** In the context of social development, if a teacher is able to develop and utilize student development technologies, the effectiveness of student interest in the subject, literacy, cultural values, and comprehensive development increases. This article examines the methods and effectiveness of developmental learning.

Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Оқытудың, тәрбиелеудің мазмұнын қоғам дамуының қарышты қадамына сәйкестендіріп, оны шырқау биіктерге көтеруге бағытталған тың әдіс - тәсілдер жасалуда. Нәтижесінде тұтас педагогикалық үрдістер өзгертіліп, білім берудің тиісді деп табылған жаңа технологиялары дүниеге келуде. Оқыту барысында жаңа технологиялық әдістерді пайдалану шәкірттердің ойлана білу қабілеттерін дамытады, олардың білім сапасын жақсартады, ой өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеттерін өсіреді. Оқыту мен дамыту әдістерінің екеуі де жеке тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ететін маңызды айғақтар болып саналады. Дамыта оқытуда оқушының ойлау, ізденушілік, зерттеушілік қабілеттері артып, талдау арқылы белгілі бір шешімге келуге, оны дәлелдей білуге, оқушының өз ой-пікірін айтуға мүмкіндік беріледі.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Сондықтан оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу.

Бастауыш сынып оқушыларын оқытуда негізінен дамыта оқыту технологиясы басшылыққа алынады. Себебі қазіргі оқулықтар дамыта оқыту технологиясы негізінде жазылған. Сондықтан әрбір бастауыш сынып мұғалімі «Дамыта оқыту» технологиясындағы сабақтың құрылымын, әдіснамалық негіздерін толық меңгеріп, өз іс - тәжірибесінде шығармашылықпен қолдана білуі тиіс.

Оқыту мен дамыту арасында тығыз байланыс бар екенін психология ғылыми жеткілікті дәрежеде дәлелдеп берді деп айтуға болады. Бұл мәселені түбегейлі зерттеп, бала дамуындағы оқытудың рөлін, алар орнын анықтаған көрнекті психолог Л.С. Выготский. Ол дамуды оқытумен тең, керісінше оқу мен даму екі бөлек үрдіс деген көзқарастарды қатты сынға алды. Ең алғаш рет бала дамуының төмендегідей екі аймағы болатындығы жайлы ілім ұсынды.

1. Бала дамуының жақын аймағы – баланың тек үлкендердің көмегі арқылы атқара алатын істері.

2. Бала дамуының қол жеткен аймағы – баланың үлкендердің көмегінсіз істей алатын істері.

Баланың дамуы бірінші аймақты меңгеру арқылы жүзеге асады. Дамудың қол жеткен аймағы жақын аймақпен өзара қызметтесе отырып, оны игерген кезде дамуға өріс ашылады.

Мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығын дамытудың негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу үрдісін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен тәжірибелік әрекеттері арқылы ғана дамиды. Ойлауға үйретететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқытуды ұйымдастыру, балаға ақыл - ой әрекетін меңгеруге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым - қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана баланың ақыл - ойының көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Дамыта оқытуда баланың ізденушілік – ойлау әрекетін ұйымдастыру басты назарда ұсталады. Ол үшін бала өзінің бұған дейінгі білетін амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынта-ықыласы артады, білім алуға әрекеттенеді. Сабақ мұндай жағдайда төмендегідей 3 құрамдас бөліктерден тұратын болады.

1.Оқу мақсаттарының қойылуы.

2.Оны шешудің жолын бірлесе қарастыру.

3.Шешімнің дұрыстығын дәлелдеу.

Бұл – үшеуі дамыта оқытудың Д.Б. Элконин – В.В. Давыдов жасаған жүйесінің негізгі құрылымдары.

Оқушы алдына оқу мақсаттарын қоюда ешқандай дайын үлгі берілмейді. Мақсатты шешу іштей талқылау, сосын жинақтау арқылы жүзеге асады. Мұғалім сабақ үрдісін ұйымдастырушы, бағыттаушы адам рөлінде шешім табылған кезде әркім оның дұрыстығын өзінше дәлелдей білуге үйретіледі. Әр оқушыға өз ойын, пікірін айтуға мүмкііндік беріледі, жауаптар тыңдалады. Әрине, жауаптар барлық жағдайда дұрыс бола бермес. Дегенмен әр бала жасаған еңбегінің нәтижесімен бөлісіп, дәлелдеуге талпыныс жасайды, жеке тәжірибесін қорытындылауға үйренеді.

Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор нәтижелері төмендегідей көрініс табады:

- түрлі әдістерді пайдалану сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
- олардың әрқайсысының деңгейін анықтауға болады;
- оқушылардың көбін бағалауға мүмкіндік бар;
- оқушыларды ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді.

Дамыта оқыту жүйесі бойынша сабақтарды даярлау және өткізу этаптарын қарастыратын болсақ:

I. Әдістемелік іс – әрекет жағдайында мақсат пен міндеттерді меңгеруі- сабақтың мазмұны, оқу жағдайын ескеру, әдістемелік тәсілдерді қолдану.

II. Келесі сабақтың моделін жоспарлау - сабақтың негізгі мақсаттарын анықтау (аралық міндеттер мен шешу жолдары), сабақтың әр кезеңіндегі оқушының негізгі әрекет түрлерін анықтау, оқушы әрекетін ұйымдастыру әдіс - тәсілдерін таңдау.

III. Сабақты жүргізу- әр сабақтағы баланың іс – әрекетін ұйымдастыру, оқушымен жанама қарым - қатынас, жұмыс барысын бақылау жұмысы.

IV. Рефлекция (Сабақтыңқорытындыбағасы)- қойылған мақсатқа жету, тақырып бойынша өзгерістер енгізу, оқыту нәтижесіне талдау (жетістіктер мен кемшіліктер).

Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті:

Оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс – әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру арқылы өз іс-тәжірибесінде қалай қолданады деген сұраққа жауап беру.

Дамыта оқыту технологиясының мақсаттарының бірі-баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландыру, жекелік қасиеттерін ескеру. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі-оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеру маңызды рөл атқарады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қабдықайырұлы Қ.К.“Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы” Алматы 1999жыл 30-38бет

2.Бұзаубақова К.Ж.“Жаңа педагогикалық технология” Тараз 2003ж

3. Баймұханов, Б. Барсай“Оқытудың жаңа технологияларының негізгі ерекшеліктері” Бастауыш мектеп № 3-6 2000жыл.

4.Ш. Х. Құрманалина, Б. Ж. Мұқанова, Ә. Ө. Ғалымова, Р. Қ. Ильясова. - Педагогика - Астана : Фолиант, 2014.

ӘОЖ 373.3:37.09

# БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

**ТЕМІРҒАЛИҚЫЗЫ БАЛЖАН**
Темірбек Қожекеев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Репсубликасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются типы методов и подходов, используемых в преподавании и обучении, а также их применение в классе.

**Summary.** This article examines the types of methods and approaches used in teaching and learning and their application in the classroom.

Оқыту процесін ұйымдастыру, жүргізу, керекті әдіс, тәсілдерді қолдана білу- күрделі прцесс. Оқу танымдылығы, ғылыми зерттеулер сияқты, ақиқат дүниені тану процесі болып табылады. Оқыту процесін ұйымдастырудың маңызы, оқыту мен оқудың түрлері, ұстаз бен шәкірттің білім беру мен білім алудың жолындағы қызметтестіктерінің арқасында көрінеді. Ұстаз бен шәкірт осы бағытта нақты ұйымдастырылған, мазмұнды, әдістемелік тұрғыдан жүйелі жүргізілген танымдық, тәрбиелік мақсаттағы істерді атқарады. Осындай қызметтестіктің нәтижесінде ұстаз өз кәсіби деңгейін көтереді, шәкірттер білім алады, іскерлікті, дағдыны қалыптастырады, адамгершілік тәрбиесін алып, баланың білім алу тәрбиелену санасы жетіледі.

Оқытудың түрі, оқытудың мазмұны, құрамы, әдіс-тәсілдері арқылы айқындалып іске асады. Сабақ, дәріс, зертханалық жұмыс, семинар, саяхат, тағы басқа сабақтың түрлері оқытудың жеке бөлшектері болып табылады. Негізінде оқытудың мазмұны пәннің тақырыптары, бөлімдері, басқа пәндермен байланыс арқылы іске асады. Бұл жерде оқушыларды оқытудың әртүрлі жүйелерін қолдануға болады. Мысалы: жекелеп, жұптап, топтап, сыныптық- сабақтық, бригадалық, жалпы оқушыларды қамтып тағы басқа оқытудың осы көрсетілген түрлерінің өзінен өзара байланыс табуға болады.

Оқыту әдістерін таңдау әдетте сабаққа оқу материалының мазмұнын таңдаған кезде жүреді.Ол дидактикалық мақсатқа, оқушылардың білім деңгейіне мұғалімнің өзінің дайындық деңгейіне байланысты. Ал, осы әдістер мен тәсілдердің бірнеше және кеңінен қолданылып жүрген түрлеріне тоқталсақ:

Әңгіме –оқу материалын ауызша баяндау. Сөздік әдісі мектептің барлық сатыларында қолданылып,әңгіменің сипаты,көлемі,ұзақтығы өзгереді. Әңгіме арқылы жаңа білімді хабарлау үшін оған кейбір талаптар қойылады.

Олар:

әңгіменің оқушылардың адамгершілігіне көмектесу;

әңгімеге дәлелді және ғылыми фактілердің болуы;

- *Развитие ученического агентства*: уверенность в своих идеях, достижение согласия внутри группы, совершенствование навыков публичных выступлений.

Тематические идеи:

- Проект " Школа без мусора»
- "Школа будущего" (дизайнерская идея)
- "Чистый двор-чистый город" (экологическое предложение)
- "Безопасный интернет" (создание плаката)
- "Помощь сказочному герою" (решение проблемы)

**Хакатон (Hackathon)** – это тип конкурса, который фокусируется на командном выполнении конкретной задачи. Для учащихся начальных классов хакатон проводится в виде простых творческих заданий или поиска креативного решения (например, представления идеи на тему «Природа в фонде»).

**Развитие ученического агентства:** уверенность в своих идеях, достижение согласия внутри группы, совершенствование навыков публичных выступлений.

*Тематические идеи:*

- Проект " Школа без мусора»
- "Школа будущего" (дизайнерская идея)
- "Чистый двор-чистый город" (экологическое предложение)
- "Безопасный интернет" (создание плаката)
- "Помощь сказочному герою" (решение проблемы)

Этот формат развивает у учащихся навыки сотрудничества, творчества, лидерства, критического мышления, делает процесс обучения интересным и содержательным.

**Хакатон (Hackathon)** – это тип командного соревнования, основанного на творчестве и сотрудничестве, направленный на решение конкретной проблемы в течение определенного периода времени. Для учащихся начальных классов этот формат организован с целью развития творческих заданий, креативного мышления и навыков работы в команде, а не сложного программирования. Например:

- Тема « "Защитим природу»

- Команды предлагают простой проект/идею по сохранению за 30-60 минут: рисование макета, рисование, написание сценария короткого видео, создание плаката, придумывание идеи, основанной на принципе 3R (reduce, reuse, recycle).

**Структура хакатона:**

1.Разделение на группы (от 2-4 учащихся): каждой группе отводится роль руководителя, докладчика, дизайнера.

2.Творческий этап: выполнение задания в течение заданного времени.

3.Защита: каждая команда представляет свою идею (устно или через наглядное пособие).

4.Оценка: путем голосования учителя или сверстников определяется наиболее креативный и эффективный проект. Направления, которые могут быть тесно связаны:

- ✓ Использование цифровых ресурсов: работа с Canva, Paint, Padlet, Google Slides;
- ✓ Предметная интеграция: увязка хакатона с познанием мира, трудом, литературным чтением, художественным трудом;

**1. Цифровой хакатон:**

Для учащихся начальных классов на интерактивных платформах можно провести хакатон в онлайн формате:

- Wordwall, Kahoot, Quizziz, Jamboard, Canva – позволяют выразить идею в цифровом виде.
- Учащиеся презентуют свои проекты через видеозаписи, слайды, комиксы, инфографику.

**2. Проведение в направлении STEAM:**

Хакатон можно проводить интегрированно с дисциплинами STEAM (Science, Technology ,Engineering, Art, Math:

- Например « " придумать макет умного дома»

Учащиеся строят свои дома из простых материалов (бумаги, картона, Lego) и объясняют его энергосберегающие особенности.

**3. Формат ролевого хакатона:**

Учащимся отводятся роли: эколог, инженер, художник, репортер. Каждый ученик работает в рамках одного проекта, выполняя свою роль. Такой подход повышает междисциплинарность и функциональную грамотность.

**4. Хакатон, ориентированный на эмоциональный интеллект:**

-На тему» Моя счастливая школа " учащиеся проектируют психоэмоциональную поддерживающую среду.

- Цель: предоставить пространство, в котором ребенок чувствует себя в безопасности, комфортно.

**5. Элементы публичного хакатона:**

- Учащиеся предлагают свои решения по небольшим проблемам школьной жизни (чистота столовой, библиотечные правила, дружеские отношения).
- Это развивает чувство гражданской активности, причастности к школе.

**6. Хакатон с искусственным интеллектом:**

- С помощью таких инструментов, как ChatGPT, Copilot, упрощается работа по сбору идей, именному мышлению, обработке текста, написанию сценариев.
- Например, учащиеся могут попросить ChatGPT предложить слоган или стихи на тему сохранения.

**7. Система оценки:**

- Критериальная оценка: новизна идеи, командная работа, способ презентации, наглядность.
- Взаиморефлексия учащихся, «мне понравилось-потому что..."обмен мнениями.

**Мини-проекты** - это небольшие, краткосрочные задачи, дающие определенный результат. Например, создание цифрового плаката, создание анимации, проведение исследований и подготовка презентации.

Мини-проекты-краткосрочная творческая работа в начальном образовании, направленная на решение конкретной задачи, представление идеи, самостоятельное исследование учащегося, работая индивидуально, в паре или в небольшой группе.

*Время и структура:* Продолжительность: 1-2 недели, организуется как часть урока или как домашнее задание.

*Структура:*

1. Выбор темы
2. задать исследовательский вопрос

3. Сбор информации (книга, учитель, родитель, интернет, ИИ)
4. предложить решение или результат
5. презентация проекта

*Примеры тем:*

- "Моя будущая профессия" (индивидуальный проект)
- "Вода-источник жизни "(парный)
– » Чистый двор-чистая школа " (групповой проект)
- »Традиции моей семьи " (совместный проект с домом)

*Включение инструментов искусственного интеллекта:*

- С помощью таких инструментов, как ChatGPT, Canva, Scratch:
  - Генерация идей
  - Создание рисунка, плаката, презентации
  - Получение помощи в написании текста, исправлении

*Организация междисциплинарной направленности:*

- Например: проект " Моя деревня» :
  - Родной язык: написание текста
  - Познание мира: работа с картой
  - Искусство: макет или рисунок
  - Цифровая грамотность: создание презентаций

*Подходы к оценке:*

- Самооценка: "мой успех ...»
- Оценка со сверстниками: 2 Звезды, 1 Желание
- Критериальное оценивание учителя

*Представление в цифровых форматах:*

- Представляем проект через Padlet, Google Slides, Wakelet, Genially
- Создание QR-кода и организация цифровой выставки в классе

*Влияние на психоэмоциональное развитие:*

- Учащийся испытывает чувство гордости, развивает умение презентовать свою работу, высказывать личное мнение

- Групповой проект-развивает навыки общения, слушания, достижения согласия

Мини-проекты-эффективное средство развития творческих способностей, исследовательских и цифровых навыков учащихся. Этот формат формирует не» ученик – исполнитель«, а» ученик – исследователь, мыслитель".

**Роль искусственного интеллекта:**

Используя инструменты ИИ (например, Canva, ChatGPT, MagicSchool), можно упростить проекты учащихся, редактировать информацию, создавать контент. Эти инструменты облегчают такие процессы, как оценка, предоставление обратной связи, создание шаблона задания и для учителей.

Онлайн-курултаи, хакатоны и мини-проекты являются эффективным способом развития познавательной активности и навыков младших школьников XXI века. Внедряя такие форматы в учебный процесс, учащиеся приобретают такие качества, как ответственность, сотрудничество, творчество.

**Список использованной литературы:**

1. Жумабаева, г. «Пути развития исследовательских навыков младших школьников». // Мир знаний, №2, 2022.

2.Алипбаева, Н. «Технология проектного обучения». - Нур-Султан: Фолиант, 2020.

3.Сарсенбаева, А. «Пути реализации межпредметных связей в начальной школе». // Начальная школа, №1, 2021.

4. Каирбаева, Р. «Развитие мышления учащихся через творческие задания на начальном этапе». // Образовательные технологии, №3, 2023.

5. Сейитова, Ж. «Обучение через проект – новый подход в образовательном процессе». // Педагогика и психология, №4, 2020.

6. Муратбекова, А. «Возможности использования цифровых инструментов в начальной школе». // Цифровое образование, №2, 2023.

ӘОЖ 373.3:004.738.5:316.774

# БАСТАУЫШ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

**АЛИМЖАНОВА КУЛЬЗАГИРА КИРГИЗБАЕВНА**
№ 28 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, сарапшы,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются инновационные подходы к формированию медиаграмотности младших школьников. В современную информационную эпоху дети проводят много времени в цифровой среде, поэтому медиаграмотность становится все более важной для их безопасности и когнитивного развития.

**Summary.** The article discusses innovative approaches to the formation of media literacy in younger schoolchildren. In the modern information age, children spend a lot of time in a digital environment, so media literacy is becoming increasingly important for their safety and cognitive development.

XXI ғасырда ақпараттық технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Бастауыш сынып оқушылары да цифрлық әлеммен ерте танысады, сондықтан оларды ақпаратты дұрыс қабылдауға, сыни тұрғыдан ойлауға және цифрлық қауіпсіздікті сақтауға үйрету маңызды.

**Медиасауаттылық** – бұл ақпаратты дұрыс қабылдау, талдау, бағалау және пайдалану қабілеті. Бастауыш мектеп кезеңінде медиасауаттылықты дамыту оқушының оқу жетістіктерін, шығармашылық ойлауын және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Қазіргі заманауи білім беру технологиялары инновациялық тәсілдер арқылы медиасауаттылықты тиімді дамытуды қамтамасыз етеді. [1]

Қазіргі білім беру үдерісінде медиасауаттылық бастауыш сынып оқушылары үшін аса маңызды дағдыға айналып отыр. Мұның басты себебі – балалардың ақпаратты негізгі тұтынушыларға айналуы, олардың күнделікті өмірінде гаджеттер мен цифрлық платформалардың кең қолданысы. Медиасауаттылық оқушыны тек ақпаратты қабылдауға емес, оны дұрыс түсініп, бағалап, сын тұрғысынан талдай білуге үйретеді. Бұл дағдыны ерте жастан қалыптастыру баланың ақпараттық мәдениетін, қауіпсіздік ережелерін, саналы медиақолдануды меңгеруіне ықпал етеді.
Медиасауаттылықтың негізгі компоненттеріне бірнеше маңызды бағыттар кіреді. Ең алдымен ақпаратты таңдау және оның сенімділігін бағалау дағдысы қалыптасады: бала интернеттегі деректердің бәрі шынайы бола бермейтінін түсініп, ақпаратты тексерудің маңызын ұғынады. Сонымен қатар цифрлық коммуникацияны дұрыс пайдалану — электронды хат жазу, чатта этикалық нормаларды сақтау, әлеуметтік платформаларда қауіпсіз әрекет ету — бастауыш жастағы оқушылар үшін негізгі дағдылардың бірі. Медиа мәтіндерін талдау да ерекше мәнге ие, өйткені балалар сурет, видео, анимация, символдық белгілер арқылы берілген ақпаратты дұрыс түсінуді үйренеді. Бұған қоса, сыни ойлау қабілеті жалған ақпаратты тануға, өз шешімін саналы түрде қабылдауға көмектеседі.

Бастауыш сыныптағы балалардың медиасауаттылықты меңгеру ерекшеліктері де айқын. Бұл жастағы оқушылар ақпаратты қабылдауда көрнекілікке, ойын элементтеріне және интерактивті тапсырмаларға көбірек бейім келеді. Олардың сыни ойлау деңгейі әлі толық қалыптаспағандықтан, ақпаратты талдауда мұғалімнің бағыт беруі маңызды. Сонымен бірге олардың оқу мотивациясы қызықты, шығармашылық, ойындық әдістер арқылы күшейеді. Осы себептен медиасауаттылықты дамытуда интерактивті платформалар, ойын технологиялары, жобалық тапсырмалар, визуалды материалдар кеңінен қолданылғаны дұрыс. Бүгінгі таңда инновациялық тәсілдер медиасауаттылықты қалыптастыруда зор рөл атқарады. Интерактивті платформалар мен мобильдік қосымшалар білім алушының оқу әрекетін қызықты әрі тиімді етеді. Мысалы, Nearpod, Kahoot, LearningApps секілді құралдар оқушыларға медиаконтентті талдауға, ақпаратты салыстыруға және жылдам шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Ал Google әзірлеген Be Internet Awesome платформасы балаларды интернеттегі қауіпсіздік, жеке деректерді қорғау, этикалық қарым-қатынас мәдениеті секілді маңызды ұғымдармен таныстырады. ClassDojo жүйесі оқушы жетістігін көрнекі түрде бақылап, мұғалім мен ата-ана арасындағы байланысты нығайтады, сонымен бірге балаға уақытылы кері байланыс беруге жағдай жасайды [2]

Практикада бұл платформаларды қолдану сабақтың мазмұнын байытып, оқушылардың медиасауаттылығын кешенді дамытады. Мысалы, интерактивті сабақ барысында мұғалім оқушыларға онлайн викториналар, медиа талдау тапсырмалары немесе ақпараттық жағдаяттар береді. Балалар ұсынылған контентті мұқият қарастырып, оның мағынасын ашуға тырысады, дұрыс немесе қате ақпаратты анықтап, өз ойларын дәлелдеуге үйренеді. Мұндай тәсіл ақпаратты механикалық қабылдамай, саналы сұрыптау мен өз көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осылайша, медиасауаттылықты дамытудың инновациялық тәсілдері бастауыш білімде болашақ саналы, ақпараттық мәдениеті жоғары, жауапты азаматты қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында жас ұрпақтың медиасауаттылығын дамыту - бастауыш білімнің негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі. Оқушы күнделікті интернетпен, мультимедиалық контентпен, түрлі ақпарат көздерімен әрекеттесетіндіктен, оларды ақпаратты дұрыс талдауға, жалған деректерді ажырата білуге, саналы медиақолданушы болуға үйрету ерекше маңызды. Бұл үдерісте жаңа технологиялар, әсіресе жасанды интеллект құралдары, ойындық тәсілдер және жобалық әдістер тиімді қолданыс табады [3]

**Жасанды интеллект платформалары - ChatGPT, Copilot, Khanmigo** сынды заманауи құралдар - бастауыш оқушысының медиасауаттылығын дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл жүйелер ақпараттық мәтінді оқып, оның негізгі мазмұнын қысқаша түсіндіріп бере алады, жалған немесе күмәнді деректерді анықтап, оқушыға жеке кері байланыс ұсынады. Сонымен қатар, әр оқушының деңгейіне сай тапсырма беру арқылы оқу процесін жекелендіруге мүмкіндік тудырады. ЖИ-ды оқу үдерісіне енгізу балалардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытып, ақпаратпен саналы әрекет жасау қабілетін күшейтеді.

Медиасауаттылықты дамытудың тағы бір тиімді бағыты — ойындық әдістерді қолдану. Рөлдік ойындар барысында оқушылар виртуалды ортада түрлі ақпараттық жағдаяттарды шешіп, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді. Мәселен, «Ақпарат детективі», «Цифрлық қауіпсіздік миссиясы» сияқты сценарийлік ойындар оқушыларға ақпаратты талдау, сұрақ қою, дәлелдеу, ақпараттың шынайылығына күмәнмен қарау дағдысын қалыптастырады. Мұндай ойындар балалар үшін қызықты болумен қатар, олардың танымдық белсенділігін, ақпараттық ойлау қабілетін арттырады. [4]

**Жобалық әдістер** де медиасауаттылықты терең меңгеруге ықпал етеді. Оқушылар өздері шағын бейнероликтер түсіріп, презентациялар әзірлеп, қолданылған ақпарат көздерін саралап, жұмыстың нәтижесін сынып алдында қорғау арқылы зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Командалық жобаларда оқушылар бірлесе жоспар құрып, міндеттерді бөлісіп, топпен жұмыс жасаудың мәдениетін қалыптастырады. Бұл тәсілдер ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын жүйелі түрде дамытып, медиасауаттылықтың өмірге жақын, практикалық тұрғыдан қалыптасуына жағдай жасайды.

**Медиасауаттылық қалыптастырудың инновациялық тәсілдері:**

Жасанды интеллектке негізделген оқыту; Интерактивті платформалар арқылы медиаталдау; Цифрлық қауіпсіздікке арналған тренажерлер; Ойын технологиялары (Game-based Learning); VR/AR технологиялары арқылы медиатаным; Жобалық-цифрлық әдіс (Digital Project-based Learning); Деректерді визуализациялау құралдары; Интерактивті ассистенттермен жұмыс; Цифрлық презентациялар және медиарефлексия; Киберэтика және онлайн-қоғамдастық мәдениеті.

Мұнда медиасауаттылықты бастауыштан бастап жүйелі қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект, VR/AR, ойын технологиялары және интерактивті платформалар арқылы оқушылар ақпаратты талдау, түсіну, салыстыру, фейк ақпаратты ажырату дағдыларын меңгереді. Жаңа технологиялар медиасауаттылықты қызықты форматта үйретіп, оқушының белсенділігін, ойлау қабілетін және қауіпсіз интернет мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасайды [5].

Медиасауаттылықты тиімді дамыту үшін сабақ құрылымы да маңызды. Сабақтың кіріспе бөлімінде оқушылар мультимедиалық материалдар арқылы тақырыппен танысады, қызығушылығы оянады. Негізгі бөлімде интерактивті тапсырмалар, ойындар, ЖИ көмегімен ұсынылған жаттығулар орындалады. Ал қорытынды кезеңде оқушылар өз нәтижелерін талдап, кері байланыс алады, жеке прогрессін бағалайды. Мұндай сабақ моделі баланың ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін жан-жақты дамытады әрі оқу процесін қызықты етеді.

Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, оқушылар мультимедиалық мәтіндерді оқып, шынайы және жалған ақпаратты ажыратуға үйренеді. ЖИ құралдарының көмегімен жалған жаңалықтарды анықтау тапсырмаларын орындау олардың сыни талдау дағдысын күшейтеді. Ал ойын және жобалық тапсырмалар медиасауаттылықты тек теориялық түрде емес, нақты өмірлік жағдайларда қолдануды үйретеді. Бұл тәсілдердің көптеген артықшылықтары бар:

медиасауаттылық дағдылары тиімді қалыптасады, сабақтың қызықтылығы артады, әр оқушыға жеке таңдалған тапсырмалар беріледі, сыни ойлау дамиды. Дегенмен бірқатар қиындықтары да кездеседі – кей мектептерде техникалық құралдардың жеткіліксіздігі, мұғалімнің цифрлық сауаттылығының әртүрлі деңгейде болуы, балалардың экран алдында ұзақ отыруын шектеу қажеттілігі. Соған қарамастан, медиасауаттылықты бастауыш деңгейде дамыту — болашақ саналы, ақпаратты дұрыс талдай алатын, цифрлық ортада қауіпсіз әрекет ететін азаматты қалыптастырудың негізгі жолы [6].

Интерактивті платформалар, мобильдік қосымшалар, ЖИ құралдары, ойын және жобалық әдістерді тиімді үйлестіре отырып, мұғалім оқушының медиамәдениетін жан-жақты дамыта алады. Осылайша, медиасауаттылық оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып, заман талабына сай ақпараттық қоғамда өмір сүруге қажетті маңызды құзыреттілікті қалыптастырады [7].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қадашева Қ.Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі медиамәтіннің ерекшеліктері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.

2.Айтбаева А. Медиасауаттылық негіздері. – Нұр-Сұлтан: Білім, 2020.

3.Жұманова Г.К. Білім беру жүйесінде цифрлық сауаттылықты қалыптастыру жолдары. – Алматы: Рауан, 2022.

4. Тоқбергенова А.Т. Жастардың медиамәдениетін дамытудағы педагогикалық мүмкіндіктер. – Шымкент: ОҚМПУ баспасы, 2021.

5.ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі. Қазақстандағы медиасауаттылықты дамыту жөніндегі ұлттық бағдарлама, 2022.

6. Ысқақ Б. Цифрлық технологиялар және медиабілім. – Астана: Ұлағат, 2023.

7. Атабаев Қ. Ақпараттық қоғам және медиасауаттылық. – Алматы: Арыс, 2020.

ӘОЖ 373.3:004.8

## AI-ТЕСТТЕР ЖӘНЕ АВТОМАТТЫ КЕРІ БАЙЛАНЫС: БАСТАУЫШТА БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

**АХМЕТОВА ДАМИРА ЖАРЫЛКАСЫНОВНА**
Шайқорық орта мектебінің, бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

.

**Реюзме.** В этой статье рассматривается важность использования тестов и систем автоматической обратной связи на основе искусственного интеллекта (ИИ) в сфере начального образования. Оперативная, четкая оценка достижений обучающегося-основа качественного обучения.

**Summary.** This article examines the importance of using artificial intelligence (AI)-based tests and automatic feedback systems in primary education. Prompt, accurate assessment of student's achievements is the basis for high-quality learning.

Бастауыш сыныпта бағалау – оқушының білім деңгейін, дағдыларын және оқу үдерісіне қатысуын өлшейтін маңызды құрал. Дәстүрлі бағалау көбінесе тек соңғы нәтиже немесе ұпайға негізделіп жүргізіледі, бұл оқушының нақты білім деңгейін толық көрсете алмай, мұғалімге қосымша уақыттық жүктеме береді.

Жасанды интеллект (AI) білім беру саласында жаңа мүмкіндіктерді ашады. Ол тек бағалау ғана емес, оқушының жеке даму траекториясын талдау, уақытты үнемдеу және оқытудың тиімділігін арттыру үшін қолданылады.

AI-тесттердің ерекшеліктері:

Адаптивті тестілеу: AI платформалары оқушының жауаптарына қарай келесі сұрақтарды деңгейіне сай ұсынады. Мысалы, егер оқушы бір тақырыпты меңгерген болса, жүйе күрделілігін арттырады, ал қиындық туғызса, қосымша түсіндірмелер береді.

Уақытты үнемдеу және нақты нәтиже: AI тестілеу оқушының прогресін жылдам талдайды, нәтижені автоматты түрде есептеп береді, осылайша мұғалім тек талдау мен педагогикалық шешім қабылдауға көңіл бөледі.

| Жүйе / құрал | Қолдану тәсілі | Артықшылықтары | Дамытылатын дағдылар |
|---|---|---|---|
| Google Forms + AI plugins | Тест жүргізу, автоматты талдау | Жауаптарды тез тексеру, уақыт үнемдеу | Логика, мәтінді түсіну |
| Edulastic | Адаптивті тесттер | Оқушы деңгейіне сай сұрақтар, күшті/әлсіз жақтарды анықтау | Оқу стратегиясы, есептеу дағдылары |
| Quizalize AI | Ойын түрінде тест жүргізу | Мотивацияны арттыру, интерактивтілік | Сөздік қор, түсіну, логикалық ойлау |
| Автоматты кері байланыс | Жедел пікір, қате талдау | Қателерді түзету, ұсыныс беру | Сын тұрғысынан ойлау, тілдік дағдылар |
| Деректерді талдау | Оқушы прогресін статистикалық бағалау | Сабақты жоспарлау, түзету | Сабақ стратегиясы, оқу процесін бақылау |

Педагог үшін тиімділігі

Жекелей оқытуды жоспарлау: AI жүйесі әр оқушының деңгейін көрсетіп, жеке даму жоспарын құруға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалауды оңтайландыру: Мұғалім оқушының прогресін нақты деректерге сүйене отырып, уақытылы түзетулер енгізе алады.

Деректер арқылы оқу үдерісін талдау: Автоматты жинақталған статистика сабақтарды, тақырыптарды және әдістерді жетілдіруге көмектеседі.

Мәселелер мен ұсыныстар

Цифрлық сауаттылық: Мұғалім мен оқушының AI жүйесін тиімді қолдана білу деңгейі маңызды.

Жүйеге сенімділік: AI нәтижелеріне толық сенуге болады ма, тексеру және бақылау механизмдері қажет.

Қазақ тілінде жасалған AI жүйелерінің қажеттілігі: Оқушылардың ана тілінде білім алуына қолайлы, қазақ тілінде толық функционалды AI құралдарын дамыту маңызды.

Жасанды интеллект (AI) білім беру саласында бағалауды автоматтандырып, педагогтар мен оқушыларға жаңа мүмкіндіктер ашады. Бастауыш сыныпта бұл жүйелер тек тест жүргізіп қана қоймай, оқушының оқу дағдылары мен тілін дамытуға, логикалық ойлау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

AI-тесттердің қосымша артықшылықтары:

Жеке прогрессті бақылау: Әр оқушының күшті және әлсіз тұстарын нақты көрсетеді.

Оқушы мотивациясын арттыру: Тест нәтижесі жедел ұсыныс пен марапат түрінде көрсетілуі мүмкін.

Талдау мен статистика: Мұғалім сабақ сапасын, қиын тақырыптарды және оқушы белсенділігін деректер негізінде бағалай алады.

Автоматты кері байланыс жүйесі оқушыға тез жауап береді, қателікті түсіндіреді және қосымша материалдар ұсынады. Бұл педагогтың уақытын үнемдеп, оқушыға тиімді оқу ортасын қалыптастырады.

Педагогикалық тиімділігі:

Жекелей оқыту жоспарын оңтайландыру.

Қалыптастырушы бағалауды нақты деректерге сүйене отырып жүргізу.

Деректер арқылы сабақ стратегиясын жетілдіру.

Мәселелер:

Мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық сауаттылығы әртүрлі.

AI жүйесіне толық сенімділік қажет.

Қазақ тіліндегі жасанды интеллект құралдарының аздығы.

Жасанды интеллект (AI) тек тест тапсырмаларын автоматты түрде тексеріп қана қоймай, оқушылардың оқу үдерісін толық бақылау мен талдауға мүмкіндік береді. Бұл жүйелердің ерекше артықшылығы – әр оқушыға жеке оқу траекториясын құру мүмкіндігі.

Прогноздық талдау мүмкіндігі: AI жүйесі оқушының алдағы оқу нәтижесін болжай алады. Мысалы, белгілі бір тақырыптағы қателер жиі қайталанса, жүйе келесі сабақта қосымша материал ұсынады. Бұл білім беру процесін алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді.

Эмоция мен көңіл-күйді анықтау: Кейбір AI платформалары оқушының бет-әлпетін, дауыс ырғағын немесе жазу мәнерін талдау арқылы оның эмоциялық күйін анықтайды. Мұғалім бұл деректерді пайдаланып, оқушыға қолдау көрсету тәсілдерін таңдай алады.

Жеке оқу ұсыныстары: AI жүйесі оқушының күшті және әлсіз жақтарына қарап, автоматты түрде қосымша жаттығулар немесе мультимедиялық материалдар ұсына алады. Бұл оқушының өз бетімен оқып-үйрену мотивациясын арттырады.

Жасанды интеллект (AI) бастауыш мектепте бағалау жүйесін жаңғыртуда тек автоматтандыруға ғана емес, оқушының оқу процесін толық талдауға, мотивацияны арттыруға және жеке даму траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Көптеген мұғалімдер мен зерттеушілер бұл әдісті әлі толық пайдалана қоймаған.

Прогресс пен даму динамикасын алдын ала болжау

Кейбір AI платформалары оқушының жауап үлгілеріне қарап, оның болашақтағы жетістіктерін немесе қиындықтарын алдын ала болжай алады.

Бұл мәлімет мұғалімге уақытылы түзетулер енгізуге, қосымша материалдар ұсынуға мүмкіндік береді.

Эмоциялық интеллект пен көңіл-күйді бақылау

Жасанды интеллект кейде оқушының бет-әлпетін, жазу мәнерін немесе дауыс ырғағын талдай отырып, оның эмоциялық жағдайын анықтай алады.

Мысалы, жүйе сабаққа қызығушылық танытпаған оқушыны анықтап, қосымша мотивациялық тапсырма ұсына алады.

Мультимедиалық кері байланыс

Бағалау тек мәтін немесе ұпаймен шектелмей, анимация, бейне, интерактивті графика арқылы беріледі.

Бұл оқушының есте сақтау қабілетін күшейтіп, сабаққа қызығушылығын арттырады.

Жеке ұсыныстар мен адаптивті тапсырмалар

AI оқушының әлсіз жақтарын автоматты түрде анықтап, қосымша жаттығулар ұсынады.

Мысалы, егер оқушы грамматика бойынша қателер көп жіберсе, жүйе арнайы шағын жаттығулар дайындайды.

Көптілді қолдау және тілдік бейімдеу

Қазақ тілінде жасалған AI құралдары шектеулі болғанымен, кейбір платформалар оқушыларға екі немесе бірнеше тілде бағалау жүргізуге мүмкіндік береді.

Бұл әсіресе қазақ тілінде білім алуды қолдайтын бастауыш сыныптар үшін маңызды.

Мотивациялық элементтерді қосу

Ойын элементтері, марапаттар немесе виртуалды «белгі» беру жүйелері оқушыларды белсенді қатысуға ынталандырады.

Мұндай тәсіл балалардың сабаққа қызығушылығын арттырып, оқу процесін интерактивті етеді.

Оқушының жеке деректерін қорғаныс және қауіпсіздік

Қазіргі AI жүйелері оқушының жеке деректерін қорғау стандарттарына сай жұмыс істейді.

Мұғалімдер мен ата-аналар тек оқу процесіне қатысты статистикалық ақпаратқа қол жеткізеді, жеке деректер қорғалады.

Жасанды интеллект арқылы бастауыш сыныпта бағалау жүйесін жаңғырту тек бағалауды автоматтандыруға ғана емес, сонымен қатар:

Оқушының жеке прогресін нақты бақылауға,

Жеке оқу траекториясын құруға,

Мотивацияны арттыруға және сабаққа қызығушылықты сақтауға,

Оқушының эмоционалды жағдайын бақылауға,

Мультимедиалық және интерактивті кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді.

Осы әдістерді сабақта жүйелі қолдану арқылы оқушылардың білім деңгейі нақты көрінеді, мұғалім жүктемесі азаяды, ал оқу процесі тиімді әрі қызықты болады. Сонымен қатар, қазақ тілінде жасалған AI құралдарының дамуы бастауыш сыныптағы білім беруді ана тілінде сапалы

жүргізуге мүмкіндік береді. Жасанды интеллект арқылы бастауыш сыныптағы бағалау жүйесін жаңғырту білім беру процесін заманауи, тиімді және интерактивті деңгейге көтереді. AI құралдары тек автоматты тест жүргізіп қана қоймай, әр оқушының жеке прогресін бақылауға, әлсіз және күшті жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Автоматты кері байланыс, мультимедиалық көрнекілік, адаптивті тапсырмалар және ойын элементтері оқушылардың мотивациясын арттырып, сабаққа белсенді қатысуға ықпал етеді. Сонымен қатар, эмоциялық жағдайды бақылау мен жеке ұсыныстар жасау мұғалімге оқу процесін деректерге сүйене отырып жоспарлауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, AI бағалау жүйелері оқушылардың білімін нақты бағалауға, жеке дамуын қолдауға және педагогтің жұмысын жеңілдетуге бағытталған заманауи шешім болып табылады. Бұл әдісті жүйелі қолдану бастауыш мектептегі оқу процесін тиімді, қызықты және сапалы етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жүндібаева Р. "Бастауышта бағалау жүйесін жетілдіру жолдары" – Алматы, 2022

2. Құдайбергенова К. "Цифрлық трансформация және білім беру" – НЗМ ДББҰ, 2023

3. OECD. "Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications for Teaching and Learning", 2021

4. Мұхамбетжанова С. "Жасанды интеллект және педагогикалық инновациялар", // Білім беру журналдары, 2024

5. Шыңғысова А. "EdTech құралдары арқылы қалыптастырушы бағалау" – Педагогика әлемі, №2, 2023

6. UNESCO. “AI and the Futures of Learning” – 2022

7. EdTechReview. “Top AI Assessment Tools for Teachers”, 2023

ӘОЖ 37.091.3:004.8

## ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ҮДЕРІСІН ЖЕТІЛДІРУ: МҰҒАЛІМ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ, ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖӘНЕ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН МОНИТОРИНГТЕУ

**БЕКМОЛДАЕВ МАХМУТ МУСАЕВИЧ**
Шайқорық орта мектебі, директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Цель статьи-проведение исследования в рамках рассматриваемой темы «совершенствование учебного процесса с использованием цифровых ресурсов и искусственного интеллекта (ИИ): компетентность учителя, активность учащихся и мониторинг учебных достижений

**Summary.** The purpose of the article is to conduct research within the framework of the topic under consideration "improving the educational process using digital resources and artificial intelligence (AI): teacher competence, student activity and monitoring of academic achievements."

Цифрлық ресурстар – заманауи оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналған электронды форматтағы білім беру материалдары мен құралдардың кең жиынтығы. Олар оқу мазмұнын көрнекі, қолжетімді және интерактивті етіп, оқушының қызығушылығын арттыруға бағытталған. Сандық оқыту ортасын қалыптастыратын негізгі ресурстарға білім беру платформалары (Kundelik, Moodle, Google Classroom, Khan Academy), әртүрлі мультимедиялық материалдар (бейне, аудио, анимация), оқушының белсенді әрекетіне негізделген интерактивті тапсырмалар (LearningApps, Kahoot, Quizizz), цифрлық оқулықтар мен электронды кітаптар, сонымен бірге виртуалды зертханалар, симуляторлар және 3D модельдер жатады. Бұл ресурстардың негізгі мақсаты – оқу процесін қызықты, тиімді және оқушыға бейімделген форматта ұйымдастыру, сондай-ақ оның танымдық белсенділігін арттыру.

Жасанды интеллект (AI) – адамның ойлау, талдау, болжау және шешім қабылдау қабілеттерін модельдей алатын технологиялар жиынтығы. Білім беру саласында AI оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқу үдерісін даралау мен автоматтандыруға кең мүмкіндік береді. Мәселен, жасанды интеллект оқушының жеке оқу траекториясын құрып, оның деңгейін автоматты түрде анықтай алады; тапсырмаларды саралау арқылы әр оқушының қажеттілігіне қарай оқу

материалын ұсынады; мұғалімнің жұмысын жеңілдетіп, тексеру, бағалау және материал дайындау сияқты процестерді автоматтандырады; оқу нәтижесін болжауға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда ChatGPT, Google Gemini, Grammarly, интеллектуалды тест жүйелері, адаптивті оқыту платформалары сияқты құралдар білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылып келеді.

Оқыту үдерісін жетілдіру – білім беруді тиімді, нәтижелі және оқушыға бағытталған етуге бағытталған кешенді жаңартуларды қамтиды. Бұл жаңартулар әдістемелік, технологиялық және ұйымдастырушылық тұрғыдан іске асырылады. Жетілдіру бағыттарына цифрлық ресурстарды оқу үдерісіне тиімді интеграциялау, STEM, CLIL, PBL сияқты жаңа педагогикалық технологияларды қолдану, оқытуды саралау және даралау тәжірибесін күшейту, оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, қалыптастырушы бағалауды жүйелі түрде ұйымдастыру жатады. Дұрыс ұйымдастырылған жетілдіру жұмысы оқушының оқу сапасын арттырып, оқу жетістіктерінің жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – оның кәсіби қызметті сапалы атқаруына негіз болатын білім, білік, дағды, әдістемелік икемдер және тұлғалық қасиеттер жиынтығы. Сандық педагогика жағдайында педагогтың құзыреттілігіне цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану, жасанды интеллект құралдарымен жұмыс істей білу, заманауи оқыту әдістерін меңгеру, оқу деректерін талдай алу (Data Literacy) және оқушының эмоционалды-танымдық жағдайын дұрыс басқара білу қабілеті кіреді. Мұғалімнің инновациялық ортаға бейімделуі – сандық мектептің табысты дамуының негізгі алғышарты.

Оқушы белсенділігі – оның оқу процесіне эмоциялық, танымдық және әрекеттік деңгейде толыққанды қатысуын сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Белсенді оқушы сабаққа қызығушылық танытып, тапсырмаларды ынтамен орындайды, сұрақ қойып, пікір білдіреді, сыныпта талқылауға белсене қатысады және өзіндік оқу әрекетін жүзеге асыра алады. Қазіргі цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдары оқушылардың белсенділігін арттыруға үлкен мүмкіндік береді: ойын элементтерін қолдану (gamification), интерактивті тапсырмалар, бейне-сабақтар, және әр оқушының деңгейіне бейімделетін адаптивті оқыту жүйелері оқу процесін динамикалық әрі тартымды етеді.

Осылайша, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект технологиялары педагогикалық процесті жаңғыртып, мұғалім мен оқушы арасындағы өзара іс-қимылды жаңа деңгейге көтереді, оқушының белсенділігін, қызығушылығын және оқу нәтижелерін арттыруға зор ықпал етеді.

Оқу жетістігі – оқушының меңгерген білім, білік, дағды деңгейі және оның оқу мақсаттарына жету нәтижесі. Бағалауда ескеріледі:

пәндік білім;

құзыреттіліктер (функционалдық сауаттылық, сын тұрғысынан ойлау);

білік және практикалық дағдылар;

оқу мотивациясы мен өзіндік білім алу қабілеті.

Оқу жетістігіне әсер ететін факторлар: мұғалім құзыреттілігі, оқу ортасы, цифрлық құралдар, мониторинг жүйесі.

Мониторинг – оқу процесіндегі өзгерістерді жүйелі түрде бақылау, талдау және бағалау. Оқу мониторингі түрлері:

диагностикалық мониторинг (оқу жылы басында бастапқы деңгейін анықтау);

аралық мониторинг (тоқсандық нәтиже);

қорытынды мониторинг (жылдық жетістік);

цифрлық мониторинг (платформалар арқылы автоматты талдау).

Мониторинг не береді?

оқушының даму динамикасын көруге;

қиындықтарды ерте анықтауға;

жеке оқу траекториясын құруға;

оқу сапасын арттыруға.

Цифрлық технологиялар – оқу үдерісін жетілдіруге, автоматтандыруға және интерактивті етуге арналған электрондық құралдар мен платформалар.

Білім берудегі негізгі цифрлық технологиялар:

Learning Management Systems (LMS) – Kundelik, Google Classroom, Moodle;

Интерактивті платформалар – Quizizz, Kahoot, Mentimeter, LearningApps;

Бейнесабақ платформалары – YouTube, Khan Academy;

Виртуалды зертханалар – PhET, Labster;

Жасанды интеллект құралдары – ChatGPT, Grammarly, адаптивті тесттер;

AR/VR технологиялар – 3D модельдеу, виртуалды экскурсиялар;

Мобильді қосымшалар – Duolingo, Photomath, GeoGebra.

Цифрлық технологиялардың әсері:

оқытуды даралайды (әр оқушыға жеке траектория);

оқу материалын интерактивті етеді;

мұғалім жұмысын жеңілдетеді (бағалау, кері байланыс);

оқушы қызығушылығын арттырады;

оқу нәтижесін нақты өлшеуге мүмкіндік береді.

Оқушы белсенділігі – оның сабаққа эмоционалды, когнитивті және мінез-құлықтық тұрғыдан қатысу деңгейі. Оны қолдау – білім сапасын арттырудың негізгі шарты.

Оқушы белсенділігін көтеру тәсілдері:

Интерактивті әдістерді қолдану – ойын технологиялары, пікірталас, рөлдік ойындар.

Цифрлық құралдарды енгізу – викториналар, онлайн тапсырмалар, бейне және VR ресурстары.

Саралау және даралау – әр оқушының мүмкіндігіне қарай тапсырма беру.

Мотивациялық кері байланыс – жылдам бағалау, мадақтау, бейресми кері байланыс.

Жоба және зерттеу жұмыстары – оқушының қызығушылығын дамытады.

Қауіпсіз, қолдау көрсететін оқу ортасын құру – оқушы ойын еркін айтуға мүмкіндік беру.

Жеке жауапкершілікті дамыту – өзіндік жұмыс, өзін-өзі бағалау.

Нәтижесі:

оқушы сабаққа көп қатысады;

оқу қабілеті мен қызығушылығы артады;

шығармашылық және зерттеушілік дағдылар дамиды;

оқу жетістігі жақсарады.

Белсенді оқыту әдістері мен цифрлық технологиялар өзара байланысқанда, олар оқушы белсенділігін арттырудың қуатты құралына айналады.

Белсенді әдістер ойлау, талдау, қатысу дағдыларын дамытады;

Цифрлық ресурстар қызығушылықты, мотивацияны және интерактивтілікті қамтамасыз етеді;

Ал дұрыс педагогикалық қолдау оқушының танымдық, эмоциялық және мінез-құлықтық белсенділігін күшейтеді.

Мұғалімдерді даярлау бағытындағы практикалық ұсыныстар мен стратегиялар сандық мектептің табысты дамуының негізін қалыптастырады. Ең алдымен, педагогтардың цифрлық және педагогикалық құзыреттілігін жүйелі дамыту – бүгінгі білім беру талаптарының басты шарты. Бұл ретте мұғалімдерге тұрақты түрде цифрлық сауаттылық курстарын өткізу, EdTech құралдарын меңгеруге арналған тренингтер ұйымдастыру аса маңызды. Жасанды интеллектті оқу процесіне енгізу мақсатында тапсырмалар генерациясы, сараланған оқыту үлгілерін дайындау, оқу материалдарын автоматтандыру бойынша қолданбалы семинарлар өткізу педагогтардың жаңа технологияларды сенімді әрі тиімді қолдануына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Blended Learning, STEM, PBL, CLIL сияқты заманауи оқыту технологияларын меңгеруге жағдай жасау мұғалімнің кәсіби өрлеуіне және оқыту сапасын арттыруға ықпал етеді.

Педагогтарды қолдау жүйесін күшейту мақсатында Lesson Study, Coaching, Mentoring тәжірибелерін енгізу де ерекше маңызды. Жаңадан келген мамандарға тәжірибелі мұғалімдерді тәлімгер ретінде бекіту олардың тез бейімделуіне жағдай жасап, кәсіби қолдау көрсетеді. Lesson Study топтары сыныптағы нақты мәселені бірлесе зерттеп, тиімді әдістерді тәжірибеге енгізуге мүмкіндік береді. Ал Coaching әдісі мұғалімдер арасындағы кәсіби диалогты дамытып, жүйелі кері байланыс алу арқылы кәсіби өсуге жағдай жасайды.

Инновацияны қолдайтын мектеп экожүйесін құру да аса маңызды. Бұл үшін цифрлық зертханалар, makerspace аймақтары, STEM кабинеттерін жабдықтау, мұғалімдерге жаңа әдістерді сынауға мүмкіндік беретін пилоттық жобаларды іске қосу қажет. Сонымен қатар, оқушыға бағытталған оқу ортасын қалыптастыру – сандық мектеп мәдениетінің басты талаптарының бірі. Мұнда Learner Voice қағидасы басшылыққа алынып, оқушы пікіріне мән беріледі; мектеп парламенті, лидерлік клубтар сияқты өзін-өзі басқару құрылымдары дамытылады; мектепішілік белсенді оқыту әдістерін қолдану стандарты жасалып, жүйелі түрде іске асырылады. Ата-анамен серіктестік мәдениеті де маңызды орын алады: ата-аналарға арналған цифрлық сауаттылық курстарын ұйымдастыру, ашық есік күндерін өткізу, бірлескен жобалар жүргізу – мектеп пен отбасы арасындағы сенімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Мониторинг жүйесін жетілдіру де білім сапасын арттырудың негізгі шарттарының бірі. Кешенді мониторинг моделін іске асыру барысында оқу процесінің барлық кезеңі: диагностикалық, аралық, қорытынды және формативті бағалау жүйелі түрде талдануы тиіс. Цифрлық мониторинг құралдарын пайдалану – білім сапасын нақты және шынайы анықтаудың тиімді жолы. Kundelik пен Google Classroom аналитикасы, AI негізіндегі бағалау жүйелері, Kahoot және Quizizz платформаларындағы интерактивті тесттер, сондай-ақ Google Data Studio мен Excel Dashboard секілді визуализация құралдары арқылы оқу деректерін көрнекі талдау басқарушыларға нақты шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Оқушының жеке траекториясын бақылау үшін оқу барысының картасын жүргізу, әр оқушының прогрессін үнемі қадағалап, қиындық аймақтарын белгілеу, дарынды және үлгерімі төмен оқушыларға жеке даму жоспарын құру – педагогикалық қолдаудың сапасын айтарлықтай арттырады. Мониторинг нәтижесін басқарушылық шешімдерге пайдалану арқылы әр тоқсан сайын деректерге негізделген педагогикалық кеңестер өткізіп, проблемалық аймақтарды анықтау және түзету жұмыстарын жоспарлау тиімді болады. Деректер негізіндегі қолдау шаралары мұғалімдердің кәсіби дамуын жүйелі түрде қамтамасыз етеді.

Практикалық ұсыныстар мен педагогикалық стратегиялардың тиімді үйлесуі мектептің тұрақты дамуына, оқу сапасының артуына және оқушының жеке әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Сандық мектеп моделі – тек технологияларды енгізу емес, сонымен қатар мектеп мәдениетін жаңарту, педагогтарды қолдау және басқаруды деректерге негіздеу арқылы жаңа сапалы білім беру ортасын құру жолы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбдікәрімова, Т., & Сүлейменова, З. (2022). Цифрлық білім беру ресурстары: қолдану тәжірибесі мен болашағы. – Алматы: Қазақ университеті.

2. Жаназарова, З.Ж. (2023). Жасанды интеллект: білім беру саласында қолдану мүмкіндіктері. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық академиялық кітапхана.

3. Мырзахметова, С.М. (2021). Білім беру процесіндегі заманауи ақпараттық технологиялар. – Шымкент: Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті баспасы.

4. Құсайынов, А. (2020). Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі: теория және тәжірибе // Білім беру және технологиялар журналы. – №3. – Б. 15–21.

5. Есмағанбетова, Г.А. (2023). Жасанды интеллект мүмкіндіктерін бастауыш білімде қолдану жолдары // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – №6. – Б. 55–60.

6. Тілепберген, Ә. (2022). Оқу жетістіктерін бағалауда цифрлық мониторинг құралдарын қолдану // Педагогика және психология. – №4. – Б. 34–39.

7. Баймұратова, Ш.К. (2021). Цифрландыру жағдайындағы оқушы белсенділігін арттыру тәсілдері // Білім беру кеңістігіндегі инновациялар. – №2. – Б. 41–47.

УДК 37.015.3:159.954

## ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ КРЕАТИВНОГО МЫШЛЕНИЯ

**БЕРДАЛИЕВА ГУЛБАХЫТ БЕГАЛЫҚЫЗЫ**
Управление образования акимата Жамбылской области,
Средняя школа №7 Байзакского района, педагог-эксперт,
Республика Казахстан

**Түйіндеме.** Бұл мақалада шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи инновациялық әдістер қарастырылады. Онда шығармашылықтың теориялық негіздері, оның негізгі компоненттері және тез өзгеріп жатқан ақпараттық-технологиялық кеңістіктегі маңызы келтірілген.

**summary** this article discusses modern innovative methods aimed at developing creative thinking skills. The theoretical foundations of creativity, its main components and importance in the rapidly changing information technology space are presented.

Креативное мышление в современном образовательном пространстве-один из основных критериев успешного формирования будущей личности. В то время, когда мир стремительно меняется, ученик должен не только усвоить знания, но и по-новому их усвоить, генерировать

новые идеи и адаптироваться к неожиданностям. Поэтому наполнение учебного процесса в школе инновационными подходами, направленными на развитие творческого мышления — это не только требование времени, но и главное условие качественного образования. [1]

**Креативное мышление**-это способность генерировать нестандартные идеи, видеть проблемы под разными углами и предлагать уникальное решение. Для развития этих способностей учащихся важно применять педагогам в эффективном сочетании новейших технологий и методов, предлагаемых современностью. Креативное мышление, поддерживаемое искусственным интеллектом (ИИ): инструменты ИИ (ChatGPT, Copilot, ArtFlow, Midjourney и т. д.) обеспечивают мощную среду, повышающую творческий потенциал учащихся. Например: Учащийся записывает начало истории, ИИ предлагает различные варианты ее продолжения. ИИ создавая наглядную идею, ученик дополняет ее и активирует свое воображение. ИИ через небольшие задания дает ученику новое творческое направление. Этот метод развивает у детей такие навыки, как: размышление, генерация идей, поиск универсального решения, творческое планирование.

**Технология Дизайн-мышления (Design Thinking):** Дизайн-мышление-инновационная модель, распространенная в мировой системе образования. Учащиеся изучают конкретную проблему, ищут для нее решение, экспериментируют, пробуют прототипирование. Этапы проектирования-мышления: [2]

- ✓ Сопереживание-чувство, понимание проблемы.
- ✓ Определение проблемы-это анализ конечной проблемы.
- ✓ Идея предложения-собрать столько идей, сколько захотите.
- ✓ Создание прототипа – моделирование идеи.
- ✓ Тестирование-проверка решения.

Эта технология:

- ✓ планирование,
- ✓ исследования,
- ✓ логическая дифференциация,
- ✓ развития навыков творческого проектирования.

Одним из важнейших направлений развития креативного мышления является метод наглядно – креативных карт (Mind Mapping), позволяющий визуально систематизировать информацию. Такой подход организует мыслительное пространство учащихся, создает условия для глубокого и всестороннего понимания любой темы. Благодаря цветовым схемам, разветвленным мысленным картам, логическим связям ребенок не только настраивается на собственные мысли, но и подстраивается под новые идеи. Искусственный интеллект автоматически дополняет карты, делая этот процесс еще более эффективным, добавляя новые идеи и расширяя сферу творческого мышления учащегося, улучшая структуру карты. Кроме того, технологии AR/VR играют очень важную роль в развитии творческого мышления. Смешанная и виртуальная реальность формирует учащегося как исследовательскую личность, а не просто слушателя. С помощью таких технологий дети могут придумать новый предмет в виртуальной лаборатории, оживить простой рисунок на бумаге с помощью AR и создать для него новый сюжет или попытаться творчески решить задачи в VR-квестах. Этот метод сочетает воображение учащегося с реальным опытом и развивает способность «мыслить визуально».

Еще один эффективный способ развить творческие способности – это интегрированные задачи STEAM. Модель STEAM-это современное направление обучения, объединяющее науку, технологии, инженерию, искусство и математику в одно русло. Этот подход не только дает учащимся теоретические знания, но и учит их применять на практике. Например, учащиеся могут рисовать с помощью математических выражений, придумывать уникальную траекторию движения робота или готовить инженерный проект из природных материалов. Все это развивает у ребенка инженерное воображение, формирует эстетический вкус и повышает исследовательские способности.

Следующая группа эффективных и интересных инструментов-творческие игры и симуляторы сценариев. Во время игры ученик учится мыслить свободно, принимать неожиданные решения и придумывать новые идеи. Например, если игра» две истины, одна ложь «развивает воображение, то с помощью сценария» если я... " дети привыкают к альтернативному мышлению. А с помощью таких инструментов, как» кубики для создания Историй", учащиеся дают волю своей фантазии и придумывают уникальный сюжет, который оттачивает их творческие способности к сюжету [3]

Особое место в формировании креативного мышления занимают платформы креативного письма (Creative Writing). Такие ресурсы, как Padlet, Storybird, Canva, позволяют учащимся выражать свои мысли в виде текста, изображений, комиксов или небольшого сценария. Эти платформы побуждают ученика свободно писать, художественно выражать мысли, создавать персонажей, развивать сюжетную линию. В результате параллельно развиваются языковые и творческие способности учащегося, формируется культура письма, развивается воображение. Все эти методы сопряжены с одной целью: пробудить творческий потенциал учащегося и всесторонне развить творческое мышление. При правильном использовании возможностей новых технологий ученик становится не просто обучающимся, а автором новых идей и творческих решений.

**Креативное мышление –** одна из главных компетенций личности, адаптированной к будущему обществу. Благодаря использованию инновационных методов развивается воображение учащегося и повышается его способность быстро и оригинально принимать решения в сложных ситуациях. Новые инструменты, такие как ИИ, AR/VR, STEAM, дизайн-мышление, делают эту разработку более естественной и увлекательной. Учащийся с творческим мышлением:

- ✓ новатор,
- ✓ инициативного,
- ✓ и свободно мыслящих,

Дэй становится человеком, творчески передающим свои мысли.

Развитие навыков креативного мышления-одно из важнейших направлений современного образования. Этот навык повышает способность ученика генерировать новые идеи, решать проблемы особым образом. Инновационные методы, искусственный интеллект, технологии AR/VR, проекты STEAM, игры и платформы для творческого письма систематически развивают творческое мышление. С помощью Mind Mapping информация визуально систематизируется, что позволяет всесторонне рассмотреть предмет с помощью логических связей и цветов. Джи автоматически развивает карты и добавляет новые идеи.

Технологии AR и VR развивают воображение как на эмоциональном, так и на практическом уровне, создавая условия для творческого решения сложных задач. Проекты STEAM объединяют области науки, технологий, инженерии, искусства и математики, чтобы улучшить инженерное мышление и исследовательские способности. Сценарные и ролевые игры развивают альтернативное мышление и стимулируют учащихся к активному участию. Платформы творческого письма сочетают в себе текстовое и визуальное творчество, позволяя ученику создавать короткие рассказы, комиксы, стихи или сценарии. Инструменты GI читают текст, исправляют ошибки и предлагают правильные варианты. Для развития навыков аудирования и произношения используются интерактивные аудио-и мобильные приложения, предлагаются задания, соответствующие индивидуальному уровню учащегося, исправляются ошибки с помощью обратной связи, расширяется словарный запас. Проектная и групповая работа формирует социальные навыки и создает условия для развития совместных идей. [4]

Креативное мышление формируется с помощью регулярных упражнений и практических заданий. Идея ребенка ценится, а исправление ошибок укрепляет творчество. Поддержка учителя и интересные задания мотивируют ученика, повышают мотивацию. Креативное мышление-залог всестороннего развития личности, полного раскрытия творческого потенциала и конкурентоспособности в XXI веке.

Современная система образования предполагает формирование учащегося не как получателя готовой информации, а как личности, способной самостоятельно ее искать, анализировать, сортировать, предлагать новые идеи. В этой связи развитие творческого мышления является одним из главных приоритетов в образовании. Методы и приемы, используемые педагогом для формирования творческого мышления, должны носить инновационный, активизирующий деятельность ребенка характер.

Инновационные методы развивают креативность учащегося и повышают его познавательный интерес. Например, метод дизайн-мышления (design thinking) – побуждает вас придумывать идеи, решая конкретную проблему. Этот метод учит учащихся анализировать проблему, определять потребности пользователя, предлагать соответствующее решение и совершенствовать его. Кроме того, метод SCAMPER также повышает творческие способности. С помощью этого метода учащийся привыкает изменять определенный предмет или ситуацию и преобразовывать их по-новому. Активизирует мыслительную деятельность, ведет к новым решениям.

педагогтардың жұмысын деректермен бағалауға;

стратегиялық шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Қиындықтар мен шектеулер. Ауылдық мектептерде интернет сапасының төмендігі, құрылғылардың жетіспеуі цифрландыру процесін баяулатады.

Мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі барлық педагогтер цифрлық технологияны толық меңгермеуі мүмкін. Бұл – кадрлық қайта даярлауды қажет ететін мәселе.

Қауіпсіздік, этика және деректер мәселелері

Жасанды интеллектті қолдануда этикалық нормалардың сақталмауы;

Жеке деректердің сыртқа шығу қаупі;

Жалған ақпараттың таралу мүмкіндігі – басты тәуекелдер.

Сандық мектеп – болашақтың алдындағы міндет емес, бүгінгі білім беру жүйесінің нақты қажеттілігі. Инфрақұрылым, қауіпсіздік, педагогикалық трансформация және басқарудың деректерге негізделуі білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері сандық мектеп моделінің тиімділігі:

оқу үдерісінің ашықтығын арттыруда;

оқушының жеке қабілетіне бағытталған оқытуды дамытуда;

педагогтарды қолдауда;

мектеп басқаруын автоматтандыруда – маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Стратегиялық басқару және кадрларды даярлау сандық мектептің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыда мектептің 3–5 жылдық цифрлық даму стратегиясын әзірлеу аса маңызды, себебі ол инфрақұрылымдық жаңартуларды, педагогикалық трансформацияны және басқарушылық процестерді жүйелі түрде жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұғалімдерге тұрақты цифрлық сауаттылық тренингтерін ұйымдастыру цифрлық ортаны тиімді пайдаланатын кәсіби кадрларды қалыптастырудың маңызды шарты болып саналады. Lesson Study, коучинг және менторинг мәдениетін күшейту арқылы мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау, тәжірибе алмасуды жүйелеу және мектептегі педагогикалық орта сапасын арттыруға қол жеткізуге болады.

Цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру де цифрлық мектеп моделінің табысты іске асуына ықпал ететін маңызды фактор. Ең алдымен, оқу кабинеттері мен мектеп аумағын жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету қажет. Интернет сапасы білім беру платформаларының, онлайн құралдардың және цифрлық мониторинг жүйелерінің толыққанды жұмыс істеуіне негіз болады. Құрылғыларды жаңарту және смарт-жабдықтарды кезең-кезеңмен енгізу оқушыларға да, мұғалімдерге де заманауи технологиялық мүмкіндіктерді қолдануға жол ашады. Сонымен бірге LMS жүйелері, бейнебақылау, электронды журнал секілді цифрлық платформа шешімдерін біріктіру мектептегі ақпараттық процестердің бірізділігін қалыптастырады және басқару тиімділігін арттырады.

Мониторинг пен бағалау жүйелерін нығайту – мектеп басқаруын деректерге негіздеу жолындағы негізгі қадам. Learning Analytics жүйесін енгізу арқылы мектеп әкімшілігі оқу үдерісі туралы нақты, жедел ақпарат алып, проблемалық аймақтарды уақытында анықтай алады. Әр оқушының жеке даму траекториясын деректер арқылы бақылау оқытуды даралауға, үлгерімі төмен оқушыларды ерте анықтап қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Директорлық шешімдерді аналитикалық есептерге негіздеу басқару сапасын арттырып, стратегиялық жоспарлауды дәл және тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Осылайша, стратегиялық басқару, инфрақұрылымды жаңғырту және деректерге негізделген мониторинг жүйелерін жетілдіру сандық мектеп моделінің табысты дамуын қамтамасыз ететін өзара байланысты үш негізгі бағыт болып табылады. Болашақ зерттеулер мектептерде жасанды интеллектті қолдану мәдениеті, этикалық нормалар, деректерді қорғау жүйесінің тиімділігі және цифрлық педагогиканың ұзақ мерзімді әсерін қарастыруға бағытталуы тиіс.

Инновациялық технологиялар негізіндегі сандық мектеп – бұл білім беру процесін тиімді, жекелендірілген және қауіпсіз етуге бағытталған жаңа форматтағы мектеп моделі. Мұндай мектеп тек оқыту құралдарының жаңаруы ғана емес, сонымен қатар басқару, инфрақұрылым және ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің де цифрлық тұрғыда дамуын білдіреді.

1. Инфрақұрылымдық негіз

Сандық мектептің басты тірегі – заманауи инфрақұрылым. Бұған жоғары жылдамдықты интернет, Wi-Fi желісімен толық қамтылған оқу ғимараты, интерактивті тақталар, цифрлық құрылғылар (планшет, ноутбук, смарт-панель), бұлтты сақтау жүйелері және цифрлық кітапханалар жатады. Әрбір сынып мультимедиалық жабдықтармен жабдықталып, оқушы мен мұғалімге арналған жеке логин жүйелері енгізіледі.

2. Цифрлық басқару және қауіпсіздік

Мектепті басқаруда Big Data, жасанды интеллект және бұлтты технологиялар қолдану арқылы оқу үлгерімі, тәртіп, қатысу динамикасы сияқты көрсеткіштер талданып, басқару шешімдері деректерге сүйене отырып жүзеге асырылады.
Киберқауіпсіздік мәселесі де басты назарда — оқушы деректерінің қорғалуы, цифрлық этиканы үйрету, ата-аналармен онлайн байланыс қауіпсіз жүйе арқылы жүргізіледі.

3. Цифрлық трансформация моделі

Цифрлық мектеп моделі келесі бағыттарда жүзеге асады:

- Оқыту технологиялары: LMS (learning management system) платформалары арқылы сабақ кестесі, үй тапсырмасы, бағалау автоматтандырылады.
- Аналитика және бағалау: ЖИ негізінде жеке оқу траекториялары құрылады.
- Педагог даярлығы: Мұғалімдерге арналған IT-сауаттылық, дербес оқыту платформалары, цифрлық педагогика курстары енгізіледі.
- Оқушы белсенділігі: Виртуалды зертханалар, AR/VR сабақтар, геймификация элементтері оқушылардың қызығушылығын арттырады.

4. Қашықтық және аралас формат

Цифрлық мектеп оқушыларға кез келген жерден білім алуға мүмкіндік береді. Оқу үдерісі синхронды және асинхронды форматта ұйымдастырылып, оқушының оқу темпіне икемделеді. Бұл мүмкіндіктер әсіресе ауылдық жерлер мен инклюзивті білім беру үшін маңызды.

Инновациялық технологияларға негізделген сандық мектеп – бұл білім беруді заманауи талаптарға сай қайта құрудың тиімді жолы. Ол тек оқыту құралдарын емес, бүкіл инфрақұрылымды, басқару жүйесін және оқыту тәсілдерін кешенді түрде цифрландыруды көздейді. Жасанды интеллект, бұлтты жүйелер, қауіпсіздік технологиялары мен интерактивті ресурстарды біріктіру арқылы білім беру үдерісі жекелендіріліп, оқушының қабілетіне қарай икемделеді.

Сандық мектеп моделі – болашаққа бағытталған, сапалы, қолжетімді және қауіпсіз білім берудің кепілі.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбенбаев, С. «Білім беру жүйесін цифрландыру: мүмкіндіктер мен мәселелер». – Алматы: Рауан, 2021.

2. Бектұрғанова, С. «Цифрлық білім беру ресурстары және оларды тиімді қолдану». – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020.

3. Құсайынов, А. «Инновациялық мектеп моделі: басқару мен педагогикалық жаңару». // Педагогика және психология. – 2022. – №3 (50). – Б. 25–30.

4. Төлегенова, Ж. «Цифрлық трансформация жағдайында мұғалім құзыреттілігін дамыту». // Білім берудегі менеджмент. – 2021. – №4. – Б. 12–17.

5. ҚР БҒМ. «Орта білім беру ұйымдарына арналған цифрлық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы». – Астана, 2022.

6. Мырзахметова, Г. «Заманауи мектеп: қауіпсіздік жүйелері мен ақпараттық басқару технологиялары». // Информатика негіздері. – 2023. – №2. – Б. 44–48.

ӘОЖ 37.457.47

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ТҰҒАНБАЙ АЯЖАН ТАЛҒАТҚЫЗЫ**
«Tanta» мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, педагог,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются основные особенности инклюзивного образования в начальных классах. Инклюзивное образование — это важное направление, обеспечивающее равное участие детей с особыми образовательными потребностями в общем образовательном процессе. В статье описывается содержание инклюзивного обучения, роль учителя в его организации, принципы дифференциации и индивидуализации в процессе обучения и воспитания, поддержка со стороны специалистов, а также доступность образовательной среды. Кроме того, подчеркивается необходимость применения эффективных методов и приёмов с учетом возрастных особенностей младших школьников. Результаты исследования показывают, что для успешной реализации инклюзивного образования важны профессиональная подготовка педагогов и эффективное сотрудничество всех участников образовательного процесса.

**Summary.** This article explores the main features of inclusive education in primary school. Inclusive education is an important approach that ensures equal participation of children with special educational needs in the general educational process. The article outlines the content of inclusive instruction, the role of the teacher in its implementation, the principles of differentiation and individualization in the teaching and learning process, the support provided by specialists, and the accessibility of the learning environment. Furthermore, the necessity of applying effective methods and techniques that take into account the age-specific characteristics of younger students is emphasized. The research findings highlight that the successful implementation of inclusive education depends on the professional readiness of teachers and effective collaboration among all participants in the educational process.

Қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру – өзекті әрі маңызы зор бағыттардың бірі. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБҚ) балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу, оларды өзге балалармен тең дәрежеде оқыту мен дамытуға жағдай жасау. Бұл үдеріс әсіресе бастауыш сыныпта ерекше маңызды, себебі дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғалық, әлеуметтік және академиялық негіздері қаланады.

Инклюзивті білім берудің мәні мен маңызы

Инклюзивті (лат. inclusio – «қосу», «араластыру») білім – бұл барлық балаларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға да сапалы білім алуға тең мүмкіндік беруді көздейтін білім

беру философиясы. Инклюзия – тек білім беру емес, ол әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке негізделген құндылық.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында инклюзивті білім беру – әр балаға білім алуға тең мүмкіндік беретін білім беру жүйесі ретінде қарастырылған. Мемлекет инклюзивті білім беруді дамыта отырып, қоғамдағы әрбір баланың әлеуетін ашуға, кемсітусіз орта қалыптастыруға бағытталған.

Бастауыш сыныптағы инклюзивті білім берудің ерекшеліктері

1. Оқыту мен тәрбиелеуде даралау мен саралау қағидаты

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қоса, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін мұғалім оқыту үдерісін даралап, олардың қабілетіне, даму қарқынына сай жұмыс ұйымдастыруы қажет. Бұл:

Оқытудың қарқынын реттеу;

Қолжетімді тапсырмалар ұсыну;

Қайталама және көрнекілікке негізделген оқыту әдістерін қолдануды қамтиды.

2. Оқыту әдістерінің икемділігі

Инклюзивті сыныпта мұғалім дәстүрлі әдістермен қатар, оқушылардың ерекшеліктерін ескеретін заманауи педагогикалық технологияларды қолдануы қажет:

Жобалық оқыту,

Ойын арқылы оқыту,

Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары,

Модульдік оқыту жүйесі.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау

Инклюзивті білім беруде педагогтармен қатар:

Психолог,

Әлеуметтік педагог,

Логопед,

Дефектолог мамандардың көмегі маңызды рөл атқарады.

Олар баланың әлеуметтік бейімделуіне, эмоционалдық жай-күйінің тұрақтылығына, коммуникативтік дағдыларының дамуына көмек береді.

4. Орта құрудың қолжетімділігі

Бастауыш сыныптағы инклюзивті орта:

Физикалық қолжетімді (пандус, арнайы жиһаз, көмекші құрылғылар),

Ақпараттық қолжетімді (үлкейтілген қаріп, аудиоматериалдар, бейімделген оқулықтар),

Психологиялық қолжетімді (қолдау, түсіністік, достық қарым-қатынас) болуы тиіс.

5. Мұғалімнің кәсіби дайындығы

Инклюзивті білім берудің сәтті жүзеге асуы – мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне тікелей байланысты. Мұғалім:

Ерекше балаға деген оң көзқараста болуы;

Диагностикалық, бейімдеуші әдістерді меңгеруі;

Серіктес мамандармен жұмыс істей алуы тиіс.

**Қиындықтар мен шешу жолдары**

**Қиындықтар**

Мұғалімдердің дайындық деңгейі жеткіліксіз

Ата-аналар тарапынан түсінбеушілік

Материалдық-техникалық база әлсіздігі

Сыныптағы оқушылар санының көптігі

**Шешу жолдары**

Біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, тәжірибе алмасу

Ата-анамен түсіндіру, кеңес беру, тренинг өткізу

Мектептерді арнайы құралдармен жабдықтау;

Инклюзивті сыныптағы бала санын реттеу, көмекші педагог енгізу

Бастауыш сыныпта инклюзивті білім беру – тек ерекше балаларды оқыту емес, ол – адамгершілікке, төзімділікке, теңдікке негізделген қоғам қалыптастыру жолы. Мұғалім инклюзивті ортада тек білім беруші емес, ол – бағыттаушы, қолдаушы, шабыттандырушы тұлға. Инклюзивті білімді табысты жүзеге асыру үшін барлық тараптардың – мұғалімдердің, ата-аналардың, әкімшілік пен мамандардың бірлескен, үйлесімді әрекеті қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**
1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.
2.ҚР БҒМ Инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық тұжырымдамасы, 2020.
3.Айтбаева А. Бастауыш сыныпта инклюзивті білім беру әдістемесі. – Алматы: 2021.
4.Мұханбетжанова С.Т. – Білім берудегі жаңа бағыттар. – Астана, 2019.
5.nao.kz, bilimland.kz – педагогтерге арналған онлайн ресурстар.

ӘОЖ 37.897.02

# ҚАЗАҚ ТІЛІН БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

**МИРЗАХАЛИКОВА КАРЛЫГАШ МАКЕНОВНА**
68 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, педагог-сарапшы,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются значение и эффективность применения коммуникативных методов в процессе преподавания казахского языка в начальных классах. Подчеркивается, что основная цель коммуникативного подхода — обеспечить свободное участие учащихся в языковом общении, умение последовательно выражать свои мысли и правильно использовать языковые единицы в реальных ситуациях общения. В статье анализируются способы применения таких коммуникативных методов, как диалогическое обучение, ролевые игры, парная и групповая работа, ситуационные задания, с учётом возрастных особенностей младших школьников. Кроме того, раскрывается роль этих методов в развитии речевых навыков учащихся, обогащении их словарного запаса и формировании языковой компетентности. Исследование предлагает методические рекомендации, направленные на повышение активности учащихся, создание языковой среды и эффективную организацию обучения, ориентированного на общение, на уроках казахского языка в начальной школе.

**Summary.** This article examines the significance and effectiveness of using communicative methods in teaching the Kazakh language in primary school. It emphasizes that the main goal of the communicative approach is to ensure students' free participation in language communication, their ability to express their thoughts coherently, and to use linguistic units correctly in real communication situations. The article analyzes ways of applying communicative methods such as dialogic learning, role-playing games, pair and group work, and situational tasks, taking into account the age characteristics of young learners. In addition, it reveals the role of these methods in developing students' speaking skills, enriching their vocabulary, and forming their language competence. The study offers methodological recommendations aimed at increasing student engagement, creating a language-rich environment, and effectively organizing communication-oriented learning in Kazakh language lessons at the primary school level.

Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сыныптағы қазақ тілі пәні оқушылардың тілдік, коммуникативтік және мәдени құзыреттерін қалыптастыруда маңызды орын алады. Бастауыш буын – оқушының оқу дағдысы мен тіл негіздері қаланатын кезең. Сондықтан бұл пәнді тиімді оқыту үшін мұғалім жаңартылған әдістерді жүйелі, мақсатты түрде қолдануы қажет.

Бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаның функционалдық және коммуникативтік құзыреттерін дамыту. Оның ішінде бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту – оқушылардың алғашқы тілдік тәжірибесін қалыптастыратын маңызды кезең. Осы кезеңде қолданылатын коммуникативтік әдістер оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттырып, сөйлеу, тыңдау, жазу және оқылым дағдыларын табиғи қарым-қатынас жағдайында дамытуға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік оқыту – тіл білімін тек теориялық деңгейде емес, нақты қарым-қатынас жағдайында меңгертуді көздейтін әдіс. Оның басты принциптері:

Қарым-қатынасқа бағытталуы – оқушы тілдік нормаларды сөйлеу тәжірибесінде қолдану арқылы меңгереді [1, 45б.].

Оқушы белсенділігі – сабақ барысында оқушы идея ұсынады, пікір жазады, сөйлейді.

Өзара әрекеттестік – жұптық және топтық жұмыстар арқылы тілдік орта құрылады.

Мазмұндық тұтастық – жаттығулар нақты өмірлік жағдаяттарға негізделеді.

Тұлғалық бағдарлылық – оқушының жас ерекшелігі, қызығушылығы ескеріледі.

**Диалогтық оқыту.**

Диалог арқылы оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысы дамиды.

Мысалы:

– «Дүкенде» тақырыбы бойынша сатушы мен сатып алушы рөлін ойнау.

– «Менің отбасым» тақырыбында жұппен әңгімелесу.

**2. Рөлдік ойындар**

Рөлдік ойындар балалардың сөйлеу белсенділігін арттырады, сөздік қорын байытады. Мысалы: «Әуежай», «Қонақта», «Дәрігер қабылдауында» т.б.

**3. Жобалық жұмыс.**

Жоба әдісі шығармашылықты күшейтіп, тілдік материалды терең меңгертеді. Мәселен, «Менің туған қалам» жобасын дайындау барысында оқушылар ақпарат жинайды, мәтін құрастырады, көпшілік алдында сөйлеуге дағдыланады [2, 31б.].

**4. Коммуникативтік ойындар.**

Тілдік ойындар – бастауыш сынып оқушылары үшін ең тиімді құралдардың бірі. Мысалы:

–«Кім жылдам?» – сурет бойынша дұрыс сөйлем құрау;

– «Жоғалған сөзді тап» – сөйлемдегі түсіп қалған сөзді табу.

**5. Тыңдалымға негізделген әдістер.**

Мұғалімнің әңгімесін, аудиомәтінді тыңдау арқылы оқушылар ақпаратты қабылдап, сұрақтарға жауап береді, негізгі ойды анықтауға үйренеді.

**6. Ситуациялық сабақтар**

Оқушыларға өмірлік жағдаяттар ұсынылады.

Мысалы: «Сыныпқа жаңа оқушы келді. Онымен қалай танысасың?».

Коммуникативтік тәсілдерді жүйелі қолдану келесі нәтижелерге әкеледі:

Оқушылардың сөйлеу белсенділігі артады.

Қазақ тіліне деген қызығушылық күшейеді.

Оқушылар өз ойын еркін, нақты, жүйелі жеткізе алады.

Әртүрлі тілдік жағдаяттарда дұрыс сөйлеу стратегиясын қолданады.

Топпен жұмыс істей біледі, тыңдалым мәдениеті дамиды.

**Мұғалімнің рөлі**

Коммуникативтік оқытуда мұғалім тек ақпарат беруші емес, ұйымдастырушы, бағыт-бағдар беруші, тілдік орта жасаушы рөлінде болады. Ол:

-оқушылардың қатысуын қамтамасыз етеді,

-қызықты тілдік жағдаяттар құрады,

-әр оқушыға қолайлы психологиялық орта қалыптастырады,

-сабақта АКТ құралдарын тиімді пайдаланады [3, 44б.].

Бастауыш мектепте қазақ тілін оқытуда коммуникативтік әдістерді қолдану – оқушылардың тілдік құзыретін қалыптастыруда маңызды бағыт. Бұл әдістер баланың табиғи сөйлеу қабілетін дамытады, тілдік орта туғызады және оқыту үдерісін тартымды, нәтижелі етеді. Сондықтан әрбір мұғалім коммуникативтік тәсілдерді жүйелі қолдану арқылы оқушының тілдік әлеуетін арттырып қана қоймай, оның тұлғалық дамуына да ықпал етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жұбанова М., Қайырбаева А. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Білім, 2019.

2.Рахметова С. Бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Мектеп, 2010.

3.Жұмабаева Ә. Коммуникативтік әдіс және оны тіл үйретуде қолдану. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

ӘОЖ 37.597.21

# МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚТА МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**АЛЬДЕКОВА МОЛДИР АСКАРОВНА**
№68 мектеп-гимназиясының мектепалды сынып тәрбиешісі, педагог-модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме**. В данной статье рассматриваются особенности использования технологии Монтессори на этапе дошкольной подготовки. Основные принципы педагогики Монтессори — уважение к индивидуальным потребностям ребёнка, предоставление свободы, создание условий для самостоятельной деятельности и организация специально подготовленной образовательной среды. В статье анализируются эффективные способы организации Монтессори-среды в подготовительных группах, методика работы с дидактическими материалами, а также роль данной технологии в развитии сенсорных, когнитивных и социальных навыков детей. Кроме того, описывается положительное влияние метода Монтессори на формирование у ребёнка самоконтроля, самостоятельности и ответственности. Метод Монтессори в дошкольной подготовке рассматривается как инновационный педагогический подход, поддерживающий естественное развитие ребёнка, раскрывающий его творческий потенциал и обеспечивающий возможность учиться в собственном темпе на основе свободного выбора.

**Summary.** This article examines the specific features of using the Montessori method at the preschool preparation stage. The core principles of Montessori pedagogy include respect for the child's individual needs, the provision of freedom, the creation of conditions for independent activity, and the organization of a specially prepared learning environment. The article analyzes effective ways of organizing a Montessori environment in preparatory groups, the methodology of working with didactic materials, and the role of this approach in developing children's sensory, cognitive, and social skills. In addition, the positive impact of the Montessori method on the formation of children's self-control, independence, and responsibility is described. The Montessori approach in preschool preparation is viewed as an innovative pedagogical method that supports the child's natural development, fosters creative potential, and enables learning at an individual pace based on free choice.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инновациялық әдістерді қолдану баланың тұлғалық дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Солардың ішінде әлемге кең тараған Монтессори технологиясы – баланың табиғи дамуын қолдап, оның еркін таңдауына және дербес әрекетіне негізделген педагогикалық жүйе. Мектепалды жаста бұл технологияны қолдану балалардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың өздігінен жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

**Монтессори технологиясының негізгі қағидалары**

1. Баланың еркіндігі

Балалар еркін таңдау арқылы әрекет етеді: қай материалмен жұмыс істегісі келсе, соны таңдайды. Бұл олардың жауапкершілік пен дербестігін қалыптастырады.

2. Арнайы дайындалған орта

Монтессори ортасы – баланың бойына сай, қауіпсіз, ықшам және еркін қозғалысқа мүмкіндік беретін кеңістік. Материалдар қолжетімді жерде орналасады.

3. Өздігінен әрекет ету

Тәрбиеші тапсырма беруші емес, бағыт көрсетуші рөлінде болады. Бала материалмен өз қарқынымен, өз қалауы бойынша жұмыс жасайды.

4. Ішкі тәртіп пен өзін-өзі бақылау

Монтессори материалдары балалардың қателерін өздері табуына мүмкіндік береді. Бұл әдіс олардың өзін-өзі реттеуін дамытады.

Монтессори ортасын мектепалды даярлықта ұйымдастыру

**Сенсорлық аймақ**

Балалардың заттарды түсіне, көлеміне, пішініне қарай ажыратуын дамытады. Мысалы:
– Розовый куб, цилиндрлік блоктар, түрлі-түсті табақшалар.

**Күнделікті өмір дағдылары аймағы**

Балалар түйме қадау, су құю, жіп сабақтау, аяқ киім бауын байлау сияқты қарапайым әрекеттерді үйренеді.

Бұл моторикалық және әлеуметтік дағдыларды дамытады.

**Математика аймағы**

Сандармен таныстыру үшін сандық шыбықтар, моншақ материалдары, қиықшалар қолданылады.

**Тіл дамыту аймағы**

Әріптер табақшалары, құмға жазу, сөз құрау материалдары арқылы балалардың сөйлеу тілі мен жазу дағдылары дамиды.

Жаратылыстану және мәдениет аймағы

Балалар өсімдіктерді, жануарларды, әлем елдерін танып біледі, карталармен жұмыс жасайды.

**Дидактикалық материалдармен жұмыс әдістемесі**

Бақылау көрсету – тәрбиеші материалмен қалай жұмыс істеу керегін баяу көрсетеді.

Жеке жұмыс – әр бала материалмен өз бетінше жұмыс істейді.

Қателерді өздігінен түзету – материалдардың көпшілігі баланың қатесін өзі аңғаруына мүмкіндік береді [1, 31б.].

Қайталау және бекіту – бала материалды шексіз қайталай алады, бұл дағдыны нығайтады.

Монтессори технологиясының мектепалды даярлықтағы артықшылықтары

Баланың дербестігі мен жауапкершілігі қалыптасады.

Ұсақ моторика, сенсорлық қабілеттер, логикалық ойлау дамиды.

Балалар өз-өзіне қызмет ету дағдыларын меңгереді.

Оқу мотивациясы жоғарылайды, өйткені бала өз қызығушылығына сай әрекет етеді.

Әр бала өз қарқынымен дамиды, ешкіммен салыстырылмайды.

Балалар арасында ынтымақтастық, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық дағдылары қалыптасады.

Қиындықтары мен шектеулері

Материалдардың қымбат болуы.

Тәрбиешінің арнайы дайындықты қажет етуі.

Кейбір ата-аналардың әдіске бейхабар болуы.

Үлкен топтарда мұғалімнің бақылау жасауында қиындық туындауы [2, 31б.].

Монтессори технологиясын мектепалды даярлықта қолдану баланың жеке дамуына бағытталған инновациялық тәсіл болып табылады. Бұл әдіс баланың табиғи қызығушылығын қолдап, оның дербестігін, ішкі тәртібін, сенсорлық және когнитивтік қабілеттерін дамытады. Жақсы ұйымдастырылған Монтессори ортасы мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға, өздігінен оқуына және өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыруға тиімді жағдай жасайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда М.Монтессори әдістемесін қолдану**.** –Алматы, 2021ж.

2. **«**Мектепке дейінгі ұйымдарда «М.Монтессори технологиясын қолдану әдістері мен негізгі принциптері». –Алматы, 2010ж.

ӘОЖ 37.297.24

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ТАЖИМБЕТОВА АЙЖАН АБДУЛЛАЕВНА**

№68 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,

Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Бастауыш мектеп – оқушылардың негізгі білім, дағды және әлеуметтік қабілеттерін қалыптастыратын білім беру ұйымы. Бұл кезеңде балалардың психологиялық, физикалық және әлеуметтік ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу процесі ұйымдастырылады.

Бастауыш мектеп кезеңі – бұл баланың оқу процесіне бейімделу кезеңі, негізгі оқу дағдыларын қалыптастыру және өмірлік маңызды қабілеттерді дамыту уақыты болып табылады. Сондықтан мұнда психологиялық, педагогикалық және әдістемелік ерекшеліктерді ескеру аса маңызды.

Начальная школа – это образовательное учреждение, формирующее у учащихся основные знания, навыки и социальные способности. На этом этапе учебный процесс организуется с учётом психологических, физических и социальных особенностей детей.

Этап начальной школы – это период адаптации ребёнка к учебному процессу, формирования основных учебных навыков и развития жизненно важных способностей. Поэтому здесь особенно важно учитывать психологические, педагогические и методические особенности.

**Summary.** Primary school is an educational institution that develops students' basic knowledge, skills, and social abilities. At this stage, the learning process is organized taking into account the psychological, physical, and social characteristics of children.

The primary school period is a time for a child to adapt to the learning process, develop essential academic skills, and cultivate life-important abilities. Therefore, it is especially important to consider the psychological, pedagogical, and methodological features at this stage.

**Бастауыш мектептің ерекшеліктері**

Бастауыш мектеп – баланың білім алу жолындағы алғашқы және ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде оқушылар негізгі білім, дағды және әлеуметтік қабілеттерді қалыптастырады. Сонымен қатар, бастауыш мектеп – бұл балалардың психологиялық, физикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастырудың маңызды кезеңі.

**1. Жас ерекшеліктерін ескеру**

Бастауыш сынып оқушылары әдетте 6–10 жас аралығында болады. Бұл жаста балалардың зейіні қысқа, ойлау қабілеті нақты тәжірибеге негізделген. Сондықтан сабақтарда көрнекі құралдар, ойын әдістері, практикалық іс-әрекеттер жиі қолданылады. Баланың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру үшін оқыту процесі динамикалық және интерактивті болуы қажет.

**2. Оқыту мен тәрбиенің интеграциясы**

Бастауыш мектепте білім беру тек ақпарат берумен шектелмейді. Мұнда балалардың әлеуметтік дағдылары, мінез-құлық ерекшеліктері, ынтымақтастық қабілеттері қалыптасады. Оқу мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланысты, бұл баланың толыққанды тұлға ретінде дамуына мүмкіндік береді.

**3. Ойын және іс-әрекет арқылы оқыту**

Бұл кезеңде ойын – негізгі оқыту құралдарының бірі болып табылады. Ойын арқылы балалар жаңа білімді тез меңгереді, дағдыларын бекітеді және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Практикалық іс-әрекеттер мен көрнекі материалдар сабақтардың тиімділігін арттырады.

**4. Жеке ерекшеліктерді ескеру**

Әр бала бірегей. Олардың қабілеті, қызығушылығы және даму қарқыны әртүрлі болады. Сол себепті бастауыш мектепте оқытуда жеке тәсілдер мен дифференцияланған әдістер қолдану маңызды. Бұл оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді.

**5. Қолдау және ынталандыру**

Бастауыш мектепте мұғалімнің рөлі – тек білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушының белсенділігін арттыру, қолдау көрсету, жетістіктерін мақтау. Бұл балалардың оқу процесіне деген сенімін арттырады және оқу мотивациясын қалыптастырады [1].

Бастауыш мектеп – баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезеңде оқушының оқу процесіне деген қызығушылығы, өзін-өзі бағалауы және әлеуметтік дағдылары қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің рөлі тек білім беру емес, сонымен қатар оқушыларды қолдау, ынталандыру және олардың дамуына жағдай жасау болып табылады.

**1. Қолдаудың педагогикалық мәні**

Қолдау – бұл оқушының өз мүмкіндіктерін толық ашуына көмектесетін педагогикалық тәсіл. Бастауыш сыныпта балалардың ойлау, сөйлеу және әрекет қабілеттері әлі толық дамымағандықтан, олар жиі қате жасайды немесе қиындықтарға тап болады. Мұғалімнің жылы қабақпен, жағымды сөзбен, нақты нұсқаумен көрсетуі оқушының өзін сенімді сезінуіне ықпал етеді.

**2. Мотивацияның рөлі**

Оқушыларды ынталандыру олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырады. Мотивация екі түрге бөлінеді: ішкі және сыртқы.

Ішкі мотивация – баланың өз қызығушылығы, табандылығы, жаңа білім алуға деген құштарлығы.

Сыртқы мотивация – мұғалімнің мақтауы, сыйлықтар, позитивті кері байланыс.

Бастауыш мектепте мұғалім көбінесе сыртқы мотивация арқылы оқушылардың белсенділігін арттырады, бірақ уақыт өте келе ішкі мотивацияны дамытуға бағытталған әрекеттерді де қолдану қажет.

**3. Қолдау мен ынталандырудың әдістері**

Бастауыш сынып оқушыларын қолдау және ынталандырудың негізгі әдістері мыналар:

Жеке көзқарас: әр оқушының ерекшелігін ескеру, оқудың қиындықтарын анықтау, оған сәйкес көмек көрсету.

Позитивті кері байланыс: оқушының жетістігін мадақтау, қатені түзету барысында қолдау көрсету.

Ойын және іс-әрекет арқылы оқыту: қызықты тапсырмалар мен ойын арқылы балалардың белсенділігін арттыру.

Топтық жұмыс: ынтымақтастыққа, бір-біріне қолдау көрсетуге үйрету.

Мақсат қою және нәтижелерді көрсету: оқушыларға олардың жетістіктерін көрнекі түрде көрсету арқылы мотивацияны арттыру.

**4. Психологиялық аспектілер**

Бастауыш сынып оқушылары үшін эмоционалды жағдай өте маңызды. Қолдау мен ынталандыру тек білім алуға көмектеспейді, сонымен қатар эмоционалды тұрақтылықты дамытады. Мұғалімнің жылы қарым-қатынасы, түсіністік пен сенім балалардың өзіне сенімділігін арттырады және сыныптағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастырады.

**5. Ата-анамен ынтымақтастық**

Бала үшін мектептегі қолдау ата-ананың қолдауымен үйлескенде тиімді болады. Мұғалім мен ата-ана бірлесіп баланың жетістіктерін қадағалап, қиындықтар кезінде қолдау көрсету арқылы оқушының оқу мотивациясын арттыра алады [2].

Бастауыш мектепте оқушыларды қолдау және ынталандыру – олардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырудың, шығармашылық қабілеттерін дамыту мен жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі, психологиялық әдістерді дұрыс қолдануы және оқушының жеке ерекшеліктерін ескеру балалардың оқу мотивациясын тұрақты қалыптастыруға мүмкіндік береді [3, 11б.].

Бастауыш мектеп кезеңі – баланың өміріндегі маңызды кезеңдердің бірі. Ол негізгі оқу дағдыларын қалыптастыруға, әлеуметтік қабілеттерін дамытуға және болашақ оқу процесіне бейімделуге бағытталған. Сондықтан бастауыш мектепте психологиялық, педагогикалық және әдістемелік ерекшеліктерді ескеру аса маңызды. Мұғалім мен ата-ананың қолдауы балалардың толыққанды дамуына, олардың білімге қызығушылығын арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбілқасымова, Г. (2018). Бастауыш сынып педагогикасы және әдістемесі. –Алматы: Білім, 2020. –221б.

2.Сарбасова, Ж. (2020). Бастауыш мектепте оқыту және тәрбиелеу әдістемесі. –Астана: Назарбаев университеті, 2001. –212б.

3.Қарымсақова А. Бастауыш мектептің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері. – Алматы: Көкшетау,2017. –235б.

ӘОЖ:37.738.5

## ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

**АБИЛДАЕВА АҚБОТА СЕРИКБАЕВНА**
Қ.Сатбаев атындағы орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме.** В данной статье всесторонне рассматриваются дидактические возможности использования социальных сетей в образовательном процессе. Автор анализирует эффективные стороны интеграции социальных сетей в учебный процесс, в частности возможности повышения познавательной активности обучающихся, развития их творческих способностей и совершенствования коммуникативных навыков.

**Summary.**This article provides a comprehensive examination of the didactic potential of using social networks in the educational process. The author analyzes the advantages of integrating social networks into teaching, particularly the opportunities for enhancing students' cognitive activity, developing their creative abilities, and improving communication skills.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы қазіргі білім беру үдерісінде әлеуметтік желілердің орны мен рөлі туралы өткір пікірталасқа алып келеді.Бүгінде әңгіме мобильді оқыту, жаппай ашық онлайн курстар, виртуалды оқыту туралы, яғни жалпы білім беру парадигмасының өзгеруі, электрондық педагогика деп аталатын дәуірдің келуі туралы болып жатқанын атап өтейік.Әрине, әлі де болса Интернетті ең «жетік» пайдаланушылар жастар болып табылады.Өкінішке қарай, оларды оқу материалдарынан гөрі, көңіл көтеруге бағытталған сайттар көбірек тартады, оларға әртүрлі әлеуметтік желілерді де заңды түрде жатқызуға болады. З.Р.Курманбековаңың бойынша, «әлеуметтік желі – бұл әлеуметтік байланыстарды құруға, қарым-қатынастар орнатуға, әртүрлі ақпаратты таратуға мүмкіндік беретін онлайн-сервис ретінде анықталады» [1, 222б]. Әлеуметтік желінің сайттан бірқатар айрықша ерекшеліктерін атап көрсету қажет.

Біріншіден, жалпы қолжетімділікке ашуға (немесе шектеуге) болатын жеке ақпарат көрсетілетін жеке профильдер.

Екіншіден, басқа қолданушыларды «достар» ретінде қосу және олардың жаңартуларын бақылау.

Үшіншіден, коммуникацияны жеке хабарламалар арқылы, сондай-ақ топтарда, чаттарда, қауымдастықтарда, микроблогтарда, пікір қалдыру арқылы жүзеге асыру.

Төртіншіден, барлық түрдегі ақпаратты тарату және алмастыру.

Сөзсіз, бүгінде ешкімде күмән тудырмайтын бір жайт бар: білім алушылардың басым көпшілігі үй тапсырмасын орындау мен емтиханға дайындалудың орнына бос уақыттарының едәуір бөлігін түрлі әлеуметтік желілерде өткізеді. Олар бір-бірімен қарым-қатынас жасайды, таныстарының фотосуреттерін қарастырады, қауымдастықтар мен топтардағы жаңалықтар лентасын оқиды, сондай-ақ ойын қолданбаларын пайдаланады. Сондықтан қазіргі педагогтардың студенттерді өзіне жақындату және оларды өздігінен білім алуға ынталандыру мақсатында әлеуметтік желілерді оқу үдерісінде пайдаланудың мүмкіндіктері туралы ойлануы кездейсоқ емес.

Яғни, әлеуметтік желілерді білім беру үдерісінде қолданудың негізгі оң тұстарын тағы да атап өтейік.

«Соның бірі – оқу үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ету мүмкіндігі, өйткені мұғалімдер мен білім алушылардың өзара әрекеттесуі үшін кез келген қолайлы уақытта байланыс орнатуға жағдай жасалды.Педагог әрбір білім алушының танымдық және шығармашылық қатысуын топта да, жеке де ұйымдастырып, бағыттай алады» [2, 15б].

Әлеуметтік желідегі оқу бағдарламасының ақпараттық қолдауы сабаққа қатыспаған, сырттай оқитын немесе үйден оқитын білім алушыларға білім беру үдерісінен қалып қоймауға, мұғалімнің кеңесін алуға және тапсырмаларды өз бетінше орындауға мүмкіндік береді. Дәріс барысында толық ашылмаған тақырыптар мен сұрақтар бірлескен пікір талас ретінде жалғасын табуы мүмкін, бұл білім алушылардың бастамасымен нақты пәнді тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Білім беру үдерісінде әлеуметтік желілерді пайдаланудың кемшіліктеріне кейбір педагогтардың оқудың үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін бос уақытын және күшін көп жұмсауға дайын еместігі, көп жылдық тәжірибесі бар мұғалімдердің ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (ИКТ) бойынша біліктілігінің төмендігі, провинциялық және ауылдық оқу орындарында әлеуметтік желілерге компьютер арқылы кірудің қиындығы, сондай-ақ әлеуметтік желілердің кәмелетке толмағандардың қабылдауы үшін қолайсыз ақпаратқа қатысты қауіпсіздігінің жеткіліксіздігі жатады. Осылайша, ғылыми-техникалық базаның дамуына байланысты білім алушылардың танымдық белсенділігін ұйымдастыру үшін әлеуметтік желілерді қолдануға болатын жаңа құралдар пайда болуда.Көптеген әдіскерлер бұл ақпараттық технология нысанын педагогикалық оқыту құралы ретінде қолдануға скептикалық көзқараспен қарайды, өйткені дәстүрлі түсінікте әлеуметтік желі білімге қарсы қойылатын, демалыс, жеңіл-желпі көңіл көтеру ортасы ретінде қарастырылады. Алайда, олардың көмегімен оқу ұжымының бірлескен жұмысын қашықтан ұйымдастыру, ұзақ мерзімді ғылыми / жобалық қызметті жүргізу, вебинарлар мен онлайн-консультациялар (жеке және топтық) өткізу сияқты бірқатар міндеттерді шешуге болады, бұл білім алушылардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту үшін өте пайдалы.

Әлеуметтік желілерді оқу үдерісін тікелей басқару құралы ретінде де қолдануға болады. Бұл бағыттың ерекшелігі – білім алушының берілген тапсырмаларды орындау барысы туралы міндетті түрде есеп беріп отыруы. Педагогтың негізгі міндеті – теориялық материалды қызықты әрі қолжетімді түрде ұсыну (презентациялар, бейнероликтер, ойын платформалары, аудиожазбалар), сондай-ақ білімді бекітуге және қайталауға арналған жаттығуларды жариялап, меңгеруді бақылау (тапсырмаларды тексеру, тесттер, онлайн-сауалнамалар) жүргізу.

Мұндай форматты жүзеге асырудың мысалы ретінде М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің білім беру порталын атауға болады. Аталған платформада оқытушы дәрісте өткен материал бойынша белгілі бір уақыт аралығында (әдетте бір аптадан үш аптаға дейін) орындалуға тиісті тапсырмалар жиынтығын ұсынады. Белгіленген мерзім өткеннен кейін жұмыстар тексеріледі, ал «дедлайн» аяқталған соң тапсырманы онлайн түрде тапсыру мүмкін болмайды және студентке қанағаттанарлықсыз баға қойылады.

Бұдан бөлек, әлеуметтік желілер жарияланған ақпаратпен еркін алмасуға және оны ұзақ уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану арқылы жеке «білім қорын» құруға болады. Сонымен қатар, қосымша қызықты материалдарды ұсыну бастамасы көбіне білім алушылардың өздерінен шығуы тиіс.

Белгілі болғандай, ең берік білім – оқушының өзі дербес ашқан және түсінген фактілерден тұрады. Мұндай шығармашылық әрекет оқуға деген ішкі мотивацияны қалыптастыруға, танымдық белсенділікті арттыруға және стандарттан тыс ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Сонымен бірге, бұл үдерісте жарыстық элемент те байқалады. Мысалы, белгілі бір тақырыпқа арналған бейнероликтер мен презентациялар әзірлеу бойынша онлайн-конкурстар ұйымдастыруға болады. Мұндай іс-шараларда бағалау рөлін қауымдастықтың өз мүшелері атқарады: олар «лайк» қою, пікір қалдыру, сондай-ақ интеллектуалдық өнімді жетілдіруге бағытталған ұсыныстар беру арқылы өз бағасын көрсетеді. Мұндай әлеуметтік желілерді мектеп тәжірибесінде қолдану тек келесі сабаққа және бақылау жұмыстарына дайындалуда ғана емес, сонымен қатар қорытынды емтихандарға (мысалы, ҰБТ) дайындалуда да тиімді көмекші құрал бола алады.

«Әлеуметтік желінің кез келгенін виртуалды «хабарландыру тақтасы» ретінде пайдалануға болады. Идеалды жағдайда оқу және сыныптан тыс іс-шаралар туралы ұйымдастырушылық ақпаратты мектептегі сынып жетекшісі де, білім алушылардың өздері де орналастыруы тиі» [3,44б]с. «Digital 2024: Kazakhstan» халықаралық статистикалық есебінің мәліметтеріне жүгінсек, Қазақстанда 15-тен 24 жасқа дейінгі жастардың 96%-ы әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады. Олардың басым бөлігі Instagram, TikTok, WhatsApp және Telegram платформаларында белсенді. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың шамамен 35–40%-ының «В Контакте» әлеуметтік желісінде жеке парақшасы бар. Бұл көрсеткіш әлеуметтік желілердің білім алушылардың коммуникациялық және танымдық әрекеттерінде маңызды орын алатынын дәлелдейді.

Осыған байланысты педагогтар бұл әлеуметтік желіге білім беру үдерісін сәтті жүзеге асыру үшін назар аударуы қажет.

Бірінші кезеңде оқытушыға жаңа пайдаланушы парақшасын құрып, жеке ақпаратты жариялауды шектеу қажет, осылайша қарым-қатынастағы дәстүрлі қашықтық сақталады.

Келесі қадам – әр білім алушыны «дос» етіп қосу, бұл сенімді атмосфера мен коммуникация орнатуға мүмкіндік береді. Жалпы чат пен топ құру, қатысушыларды шақыру, онлайн-қатынас ережелерін жасау және оларды сақтауға жауапты администраторды таңдау — алғашқы үш бағыт бойынша қозғалыстың негізгі сәті.

Педагог және білім алушылар жаңалықтар ұсына алады, жолдастарының жазбаларына пікір жаза алады, «фотоальбомды» ерекше күрделі тапсырмаларды «білім жинағы» ретінде белгілеу үшін пайдалана алады, қай тақырыпты қайталағысы немесе тереңірек зерттегісі келетінін анықтау үшін сауалнамалар мен дауыс берулер жасай алады.

Төртінші бағытта жұмыс істеу үшін жалпыға қолжетімді парақшаны пайдалану тиімді. Оны пайдалану барлық хабарландырулар лентасын микроблог режимінде көрсетуге мүмкіндік береді, бұл өте қолайлы және көрнекі.

Қазіргі әлеуметтік желілерді пайдаланудың дидактикалық мүмкіндіктері, бір жағынан, және бүгінгі жоғары оқу орындары алдында тұрған жаңа білім беру міндеттері, екінші жағынан, оқу үдерісінің негізін құрайтын тек лекция-семинарлық сабақтарға ғана сүйенуге мүмкіндік бермейді және осы жағдайды бағаламау отандық білім беруді стратегиялық артықшылықтан айыруы мүмкін.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Иманқұлова С.М., Абдрахманова Ж.Ә. «SMART білім беру технологиялары». Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, 2019.Б. 220-226

2.Әлеуметтікжелі тілінің мәдениеті // Ясауи университетінің хабаршысы, Филология сериясы. № 1 (127), Астана 2023., Б. 167-178. https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.14

3.Digital 2024: Kazakhstan. We Are Social & Meltwater. – 2024. – URL: https://datareportal.com/reports/digital-2024-kazakhstan

UDC 111.71

## THE ESSENCE AND CONTENT OF THE METHOD OF RESEACH COMPETENCE FORMATION OF FOREIGN LANGUAGE TEACHERS

**BEGENALY GULNAR BERIKOVNA**

№18 school named by Akkoz Kossanuly english language teacher,

Republic Kazakhstan, Zhambul region

**Түйіндеме.** Бұл мақалада шетел тілі мұғалімдерінің зерттеу құзыреттілігін дамытудың теориялық аспектілері қарастырылады және осы құзыреттілікті дамытудың тиімді әдістері эксперименталды түрде расталады. Мақалада зерттеу құзыреттілігін дамыту мәселесінің, сондай-ақ шетел тілі мұғалімдерінің зерттеу құзыреттілігін дамытудың нысандары, әдістері және кезеңдері талданады.

**Резюме.** Работа посвящена исследованию теоретических аспектов формирования исследовательской компетенции учителей иностранного языка и экспериментальной проверке эффективных способов формирования данной компетенции. В работе представлен анализ изучения проблемы формирования исследовательской компетентности, форм, методов и этапов формирования исследовательской компетентности учителей иностранного языка.

The issue of professionalism, including professional competence, is a central topic in psychological and pedagogical research. Currently, science is an indispensable condition for a competent professional teacher to develop the educational process, routing, account, and problem-solving, as well as personal growth and development for both students and teachers. However, despite the importance of this problem, insufficient attention is paid to managing the development of teachers' professional competence in educational institutions. This neglect is evident in both scientific research and practical applications. In this case, the training does not support the research direction and does not promote the maximum pedagogical work of teachers. The focus should be on developing the theoretical perspective of education and researching competence to conduct such events.

There are many discussions about this in the pedagogical environment. Competence is defined as a combination of actions, knowledge, abilities, independence, and other personal qualities that inform decision-making [Molokova 2006: p.239-243]. It represents the highest level of mastery in professional activities [Shadrikov: p.27]. Competence refers to the ability to successfully apply one's knowledge, skills, experience, and personal qualities in professional and social settings. It requires a minimum level of experience in the relevant field. This definition is based on [Shadrikov: p.87] and [Ushakov: p.26].

A.V.Khutorskoy defines competence as a set of interrelated personality qualities. Competency refers to a set of personal qualities, including knowledge, skills, abilities, habits, and activities, that are related to each other and are necessary for productive activities. These competencies are specific to particular objects and processes and require relevant qualifications and authority. The approach to developing competencies should be individualized [Khutorsky: p.13].

Using A.V. Khutorskoy's three-level competency hierarchy, we can identify subject, non-subject, and core competencies. Exceptional competence refers to the general knowledge, skills, activities, and forms of activity related to the meta-material content of knowledge, such as communicative, organizational, diagnostic, and prognostic skills. It is associated with an individual's success in the rapidly changing modern world. Basic competencies, on the other hand, refer to internal competencies that are important for a particular field of human activity, including professional and pedagogical competencies [1,25p].

Comprehensive social transformation processes, updates to humanitarian practices, and reforms to general education schools require teachers to concentrate their intellectual resources to meet social

demands. Teachers must be capable of productive and creative activities, managing the development of the educational process, and possess their own professional competence to meet society's needs for the self-development and self-improvement of school graduates. In this regard, it is important to create conditions for becoming a professional teacher who can research and manage pedagogical activities in general education schools. The teacher should be able to diagnose the process, justify and further develop the results of their work, and find ways to correct any issues. The concept of 'competence' originated in the world of labor and industrial enterprises. The term 'key competence' was first used in the Council of Europe project 'Secondary Education in Europe' in 1992. The project aimed to analyze the goals and content of education in European Union countries, as well as the mechanisms for assessing students' educational achievements. The International Labour Organization (ILO) has included the notion of 'key competencies' in the list of qualification requirements for specialists undergoing postgraduate education and advanced training in management. Since 1990, vocational schools have been considering the concept of competence in specialist training.

Research competence refers to the ability to effectively apply acquired research knowledge and skills in practical settings. It is demonstrated through theoretical literacy, mastery of pedagogical and psychological research methods, statistical processing of empirical data, drawing conclusions, and reflecting on research results. Maintaining a formal and objective tone, the text highlights the importance of research competence as a pedagogical value. The text suggests that the social teacher values research activities and views themselves as the subject of such activities. The text suggests that the social teacher values research activities and views themselves as the subject of such activities. Developing research competence can aid in correctly identifying goals and objectives, selecting relevant literature, diagnostic tools, anticipating forecasts, and developing corrective work stages.

«This excerpt is attributed to Solyankina L. E. The monograph 'Practice-oriented model of personal and professional development of the bachelor' presents a set of competencies that require research work from the student. This set includes basic competencies such as intellectual ability (performing mental actions and thinking operations like analysis, creation, identification, comparison, systematization, decision-making, forecasting, and matching the result of actions with the goal), communicative readiness for communication and interaction, and existential readiness to independently create values that reflect the attitude to colleagues in their actions and attitude to themselves as a specialist and person»[2, 201 p].

In her dissertation titled 'Formation of research competence of the future primary school teacher', Syzdykbayeva A. D. highlights the significance of research competence in the professional activities of undergraduate students. She also suggests effective ways to utilize the opportunities for its development [Pegashkin]. Problems and Solutions', V. Pegashkin, T. Gavrilova, and K. Kornisik noted a lack of interest in research activities among junior students. They suggest the need for special incentives and training to develop research skills [Stavrinova: p.32-39]. In his work, 'The methodological system of teaching Bachelors of technological education to the basics of scientific research', S. S. Akimov presents students' research and development as a distinct type of activity. He suggests methods of accelerating motivation, such as discussions, problem round tables, and business games [Verbitsky: p.96-110]. In her doctoral dissertation, 'The system of formation of readiness of future teachers for research activities', N. N. Stavrinova developed an incentive component of training.

11 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық- мазмұндық моделі мынадай ұстанымдарды басшылыққа алады: атап айтсақ, жеке тұлғаның жас және жеке ерекшеліктерінің басты назарда болуы; жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі; күтілетін нәтижелердің оқушы жетістіктеріне бағытталуы. Мұнда оқытудың сабақтастығы мен әрбір оқыту сатысының даралығы басты назарда болады.

Сонымен оқушы дұрыс түсініп, әрі мәнерлеп оқыған сайын оқытудың мәні арта түспек. «Мәнерлеп оқу бұл оқытудың әсіресе бастауыш сыныптар үшін мәні зор. Мәнерлеп оқыған оқушы оқуды жете меңгергендігін көрсетеді. Оқытудың шыңы оқушылардың мәнерлеп түсініп, сауатты оқуға үйрету деп білемін. Бүгінгі таңда оқушыларға сапалы білім беру үшін көптеген жаңа амал-тәсілдер, жаңа әдістер қолданылуда. Сондай жаңа инновациялық әдістердің бірі – интерактивті әдістер арқылы оқыту. Интерактивті әдістер, әсіресе бастауыш сынып оқушыларына сабақ үстінде еркіндік беруімен құнды. Оқыту барысында оқушылар бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түседі және осы арқылы бір-бірін оқытады, үйретеді. Интерактивті сөзінің өзі (латынша interaction – интеракция, яғни өзара әсер ету) өзара әсер етуді білдіреді» [3,32б]. Бастауыш сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын интерактивті әдістер арқылы қалыптастыру барысында оқушылар сабақта белсенді іс-әрекеттер жасап, өтілген материалдарды және алдарында тұрған тапсырмаларды ұжым болып шешеді, бірін-бірі оқытады, бір-біріне үйретеді. Интерактивті әдістер арқылы өтілген сабақтарда оқушылардың үш жақты белсенділігі артады. Ең алдымен, оқушылардың қимыл белсенділігі артады.

Ал оны арттыру жолдары мынадай:

- оқушылар түсінбеген жерін орнынан тұрып, екінші оқушыдан еркін сұрауы;
- жақсы оқитын оқушы өзінің микротобындағы нашар оқитын оқушыларға үйретуі;
- оқушылар тапсырма бойынша бір-бірімен сөйлесіп, ақылдасып отыруы;
- оқушылардың тапсырманы орындап болғаннан кейін бірін-бірі тексеруі.

Екіншіден, оқушылардың әлеуметтік белсендігін арттыру қажет. Оның жолдары:

- оқушылар өзара бір-біріне сұрақтар береді;
- оқушылар сабақта өзара пікірлеседі.

Қиын сұрақтарға қарсы топтың оқушылары еркін жауап береді.

Үшіншіден, оқушылардың танымдық белсендігін арттыру қажет. Оның жолдары төмендегідей:

-оқушылар қарсы жақтың пікіріне өзіндік пікір айта білу;

-өзінің микротобындағы жолдастарының сөздеріне қосымша, не пікірге қосылатыны жөнінде өзіндік пікір білдіру.

Интерактивті әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт микротоптарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма, не әр микротопқа бөлек-бөлек тапсырма берілуі мүмкін. Бұл оқу бағдарламасына қарай сабақ мақсатын таңдағанда анықталады. Біз, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда пікірталасқа негізделген және оқыту процесінде қолданылатын интерактивті әдістерді ғана пайдаландық. Бірінші сынып оқушыларының ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастырудағы пікірталас сабақтарында берілетін тапсырмалар оқушыларды қызықтыруға, олардың диалогтік және монологтік сөйлеу дағдыларын жетілдіруге, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталды. Оқушыларға тәрбиелік мағынасы жоғары ұлттық педагогика элементтері бар шешендік сөздер, мақал-мәтелдер үйретілді. Мысалы, еңбек жайлы мынадай мақал-мәтелдерді еске түсірейікші: «Еңбек бәрін де жеңбек», «Не ексең, соны орасың», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбектің наны тәтті», т.б. Оқушылар осындай мақалдарды айтып дағдыланғаннан кейін, өздерінің осы мақалдар жайлы ойларын айтуға үнемі үйрету керек. Мұның бала тілін дамытудағы маңызы зор .

«Сонымен бірге оқушыларға затты суреттеп беру тапсырмасы беріледі. Мұндай тапсырмалар оқушылардың өзіндік пікір айту дағдыларын қалыптастырады. Тапсырманың маңызы: біріншіден, оқушылар бір-біріне сұрақтарды дұрыс қоюға дағдыланады, екіншіден, осы сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйренеді, үшіншіден, оқушылардың затты суреттеу арқылы қиялы дамиды» [4.62б]. Оқушылар осы тапсырмада өздері жасырып тұрған заттың атын атамай, тек оның қасиеттерін атайды. Мысалы, допты жасырып тұрған оқушы алдымен доптың түрін, түсін, қасиеттерін суреттейді. Қалған оқушылар жасырған балаға сұрақтар беру арқылы оның не зат екенін табуға тырысады. Бұл жерде әр бала өзіндік пікір айтып, жасырылған заттың жауабы не екенін өзінше тауып, оны дәлелдейді. Бірінші сынып оқушыларының осындай тапсырмалар арқылы ауызша сөйлеу дағдылары ғана қалыптасып қоймай, сонымен қатар олардың логикалық ойлау қабілеттері, сабаққа қызығушылықтары артты. Тапсырманың бұл түрі әсіресе кіші жастағы оқушылардың өз пікірін дәлелдеуге, басқа бір оқушының не мұғалімнің көзқарасын құрметтеуге, сол көзқарасқа өзінікі дұрыс болса, қарсы шығу дағдыларын қалыптастырады.

Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыру тапсырмалары арқылы оқушыларда мынадай дағдылар мен біліктер қалыптасты:

а) шәкірттердің ізденушілік қабілеттері дамып, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренді;

ә) балалар өз ойларын дәлелдеп беруге, логикалық жүйелілікпен айтуға дағдыланды;

б) жаңа тақырыпты игерді;

в) оқушылардың ауызша сөйлеу дағдылары қалыптасты.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы. Әдебитеттік оқу, оқу жоспары, 2017-2018 оқу жылы, 2-сынып.

2. Қабатай Б. Т., Зейнетоллина Ү. К., Қалиева В. А.. Әдебиеттік оқу. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді. / 1-бөлім.– Алматы: Атамұра, 2018. – 128 б.

3. Қабатай Б. Т., Зейнетоллина Ү. К., Қалиева В. А.. Әдебиеттік оқу. Жалпы Білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған оқулық: 2 бөлімде– Алматы: «Атамұра», 2018.

4. Кушмурзина Д.Х., Шинбулатова К.Б. Сауат ашуға дағдылану әдістемесі: «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал – Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің баспасы, 2018. – 152 б.

ӘОЖ 37 018 13

## 1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА «QADAM» ВЕБ-ХОСТИНГІ – ИНТЕРАКТИВТІ ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**КАЗБЕКОВА ДАРИГА КАЛМАХАНОВНА**

Ақтоған шағын орталықты орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,

Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме.** В статье рассматривается современное состояние повышения интереса учащихся начальной школы к чтению и письму посредством цифровых образовательных платформ. Анализируются особенности веб-хостинга Qadam, одной из главных задач системы образования, как современного и интерактивного инструмента обучения алфавиту для учеников 1-го класса.

**Summary.** The article considers the current use of digital educational platforms to increase the interest of primary school students in reading and writing. The peculiarities of the Qadam web hosting, one of the main tasks of the education system, as a modern and interactive tool for teaching the alphabet for 1st graders, are analyzed.

«Qadam» хостингі – бастауыш деңгейдегі цифрлық сауат ашудың тұңғыш үлгісі деуге толық негіз бар. Ол тек білім беру саласына емес, оқушының тілдік, танымдық және кәсіптік бағдар дағдыларын қалыптастыруға тікелей үлес қосады. Хостинг негізгі үш батырмадан құралады: 1-батырма: «Буынға бөліп оқу мәтіні». Мақсаты: оқушыға сол әріпке қатысты кәсіп иесі туралы қарапайым, буынға бөлінген мәтінді ұсыну.

Бұл бөлім тыңдалым мен оқылымды дамытуға бағытталған. Мәтінді дауыстап тыңдау мүмкіндігі бар. 2-батырма: «Деңгейлік тапсырмалар». Мақсаты: оқушының есте сақтау, сәйкестендіру және ойлау қабілетін арттыру. Бұл бөлімге геймификация элементтері ендірілген: әріпке қатысты суретті тану, баспа/жазба әріпті ажырату, жаңылтпашты қайталау секілді жаттығулар ұсынылады.

Функционалды сипаттамасы: Функционалды сипаттамасы: Интерактивті әріптік құрылым негізінде құрылған. Қолданушы басты беттен қазақ әліпбиіндегі кез келген әріпті таңдай алады (мысалы: А, Ә, Б, В және т.б.); Әр әріп жеке белгішелермен (анимацияланған әріп немесе иллюстрациялық бейне) көрсетіледі. Белгішеге басқанда сол әріпке арналған жеке бет ашылады, онда дыбысталуы, буынға бөліп оқуға арналған сөздер, сол әріптен басталатын мамандық иесінің фотосы мен атауы және үш негізгі батырма (мәтін оқу, тапсырмалар, көркем жазу) ұсынылады. Платформада барлық мазмұн дыбыстық сүйемелдеу арқылы ұсынылған. Бұл веб-хостингті сауат ашуға дайындық құралы, үй тапсырмасын орындауға арналған көмекші ресурс, сондай-ақ мультимедиалық оқыту әдістеріне негізделген заманауи цифрлық оқулық ретінде қолдануға болады.

**Жаңашылдығы:**

Әліппені меңгертудің цифрлық-танымдық үлгісі ретінде қазақ әліпбиіндегі 42 әріпке жеке интерактивті беттер арналып, оқушының әр әріппен өзара әрекетке түсуіне жағдай жасалған.

Әр әріпке байланысты дыбыстық, көру және жазу арналарын қатар қамтитын мультимодальды тәсіл қолданылған, бұл баланың қабылдауын жан-жақты дамытуға бағытталған.

Әр әріпке қатысты кәсіп иесінің бейнесін енгізу арқылы бастауыш сынып оқушыларына арналған ерте кәсіптік бағдарлау элементтері біріктірілген.

Платформа құрылымына деңгейлік тапсырмалар, көркем жазу үлгілері және жаңылтпаш сияқты интерактивті мазмұн енгізіліп, геймификация әдісі арқылы оқушының қызығушылығы мен белсенділігі арттырылып отыр.

Әріп үйрету процесі тек танымдық қана емес, эмоционалды-әрекеттік қатынас арқылы жүзеге асады, бұл білімнің тұрақты түрде есте сақталуына мүмкіндік береді.

Жұмыс мазмұны мен құрылымы жағынан оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу дағдыларын бір уақытта дамытуға негізделген кешенді цифрлық білім беру ортасы болып табылады.

**Практикалық қолданбалығы:**

«Qadam» веб-хостингін жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып оқушыларына сауат ашу пәні бойынша қолдануға болады. Сондай-ақ бұл ресурс қосымша білім беру ұйымдарындағы сауат ашу үйірмелері мен логопедиялық бағыттағы түзету сабақтарына бейімдеуге қолайлы. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың оқуына көмекші құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ата-аналар үшін үй жағдайында баламен бірге оқу-жазу дағдыларын дамыту мақсатында қолжетімді цифрлық орта ретінде тиімді. Qadam хостингі онлайн байқаулар мен сауаттылыққа арналған зияткерлік жарыстар аясында да кеңінен қолданылуға бейімделген.

**Тиімділігі:**

✓ Оқушылардың өздігінен оқып-зерттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасайды, бұл олардың танымдық дербестігін қалыптастыруға ықпал етеді;

✓ Әріптер мен тапсырмаларды визуализациялау арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеті артып, оқу материалы ұзақ мерзімге меңгеріледі;

✓ Әріптерге байланысты ұлттық мазмұн мен мамандық иелерін таныстыру арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен өңірлік патриотизмі қалыптасады;

✓ Мұғалімге дәстүрлі оқыту әдістерін заманауи цифрлық құралмен толықтырып, оқу үдерісін әртараптандыруға мүмкіндік береді;

✓ Платформаның қашықтан қолдануға ыңғайлы құрылымы оқытуда уақыт пен кеңістік шектеуін жойып, оқушылар үшін ашық білім беру кеңістігін қалыптастырады.

**Мазмұндық құрылымы:**

Әр әріпке арналған бетте келесі мазмұндық бөлімдер қамтылады;

Әріптің атауы және оның баспа түрдегі үлгісі;

Дыбысталуы мен оқылуы (дыбыстық сүйемелдеуімен);.

Буынға бөліп оқуға арналған мысал сөздер және сол әріптен басталатын мамандық иесінің атауы мен фотосы (мысалы, «А – Аспазшы»);

Мамандық иесіне байланысты мәтін, көркем жазу үлгісі, визуалды және дыбыстық материалдар;

Оқушы орындайтын тапсырмаларға немесе жаттығуларға өтетін батырма (екінші және үшінші батырма арқылы жалғасады).

Педагогикалық мәні:

Оқушы қазақ тіліндегі әріптерді көріп, тыңдап, жазып үйрену арқылы тілдік дағдыларын кешенді түрде дамытады – бұл сауат ашудың функционалдық негізін қалыптастырады;

Әр әріпке сай кәсіпті таныстыру арқылы баланың болашаққа бағдарлануы мен әлеуметтік танымы артады – бұл ерте кәсіби бағдар беру элементтерін іске асырады;

Интерактивті тапсырмалар мен көркем жазу үлгілері арқылы оқушыда оқуға қызығушылық, әрекет арқылы тану, шығармашылық қабілеттер мен дербес жұмыс жасау дағдылары дамиды. «Әдістемелік негізділігі: Жоба әдістемелік тұрғыдан ҚР Білім беру стандартына және бастауыш сыныпқа арналған «Сауат ашу» оқу бағдарламасына толық сәйкес келеді» [1, 37б]. «Qadam» веб-хостингі оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау дағдыларын интеграциялай отырып, тілдік білім берудің мазмұндық желілерін жүйелі меңгеруге бағытталған. Интерактивті форматта ұйымдастырылған тапсырмалар мен визуалды материалдар оқушылардың зерттеушілік, логикалық ойлау және талдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Жоба мазмұны мен құрылымы білім беру процесінде саралап, деңгейлеп оқытудың заманауи әдістерін тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Теориялық негіздері: «Жұмыс конструктивизм теориясына негізделген. Бұл теория бойынша оқушы білімді дайын күйінде қабылдамай, оны өз тәжірибесі мен әрекеті арқылы жеке өзі құрастырады» [2,13б]. «Qadam» веб-хостингі оқушыны пассив қабылдаушыдан белсенді таным субъектісіне айналдырады. Әр әріппен жұмыс істеу барысында оқушы тыңдайды, көреді, оқиды, жазады және орындайды – бұл әрекеттер оқытудың тұлғалық және әрекетке бағытталған моделіне сәйкес келеді. Платформадағы деңгейлік тапсырмалар жүйесі Блум таксономиясының сатыларына негізделіп құрылған:

→ Білу – әріп атауын тану, дыбысталуы мен жазылуын есте сақтау;

→ Түсіну – әріпке қатысты сөздер мен кәсіптік ұғымдарды түсіну;

→ Қолдану – берілген тапсырмаларды орындау және көркем жазу дағдысын қолдану;

→ Талдау – ұқсас әріптерді, дыбыстарды ажыратып, тапсырма орындау кезінде талдау жүргізу;

→ Жинақтау – әріпке қатысты бірнеше тапсырманы біріктіріп, толық мазмұн құрау;

→ Бағалау – тапсырмадағы жауап нұсқаларын саралап, өз бетінше шешім қабылдау.

Оқыту әдістері:

Жоба келесі оқыту әдістеріне негізделген:

• Интерактивті оқыту әдісі: Веб-платформада әр әріппен өз бетінше жұмыс жасау, дыбыстау, оқу, жазу және тапсырмаларды орындау арқылы оқушының оқу үдерісіне белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі. Бұл әдіс танымдық қызығушылықты арттырып, оқуды ойынмен ұштастырады.

• Зерттеу әдісі: Әр әріпке сай берілген мәтін, сурет және тапсырмалармен жұмыс жасау барысында оқушы салыстыру, талдау, қорытынды жасау сияқты зерттеушілік дағдыларын дамытады.

• Проблемалық оқыту: Тапсырмалар мазмұны логикалық және танымдық сұрақтардан тұрады. Оқушы белгілі бір сөзді табу, дұрыс әріпті ажырату, жаңылтпашты есте сақтау арқылы сын тұрғысынан ойлауға дағдыланады.

Қорыта келе, ««Qadam» веб-хостингі – теориялық-әдістемелік тұрғыдан негізделген, ал практикалық жағынан бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдерге қолайлы, білім берудің заманауи талаптарына толық жауап беретін педагогикалық өнім болып табылады» [3, 24б]. Жоба

мазмұны бала дамуының негізгі бағыттарына танымдық, тұлғалық және тілдік қабілеттерді қалыптастыруға бағытталып, функционалдық сауаттылықты кешенді түрде дамытуға жағдай жасайды. «Qadam» веб-хостингі – білім беру үдерісін цифрландыру мен жаңғыртуға бағытталған, теориялық және практикалық негізі үйлескен заманауи оқу құралы.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. (2022). Бастауыш білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана: ҚР БҒМ.

2.Сауат ашу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (1–сынып). – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021.

3.Жанпейісова, М.М. (2013). Модульдік оқыту технологиясы оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастырудың тиімді нұсқасы ретінде. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті.

ӘОЖ Э39

## ЭКСПЕРИМЕНТТІК ӘДІС ЖӘНЕ ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**ТӨЛЕПБЕРГЕН НҰРСАЯ ЖОМАРТҚЫЗЫ**
Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются пути эффективного использования экспериментального метода и игровых технологий при обучении физике. Раскрываются теоретические основы экспериментального метода, анализируется роль практических работ в повышении активности учащихся. Также показаны возможности применения современных цифровых инструментов и игровых элементов для развития исследовательских умений и творческих способностей школьников. Статья содержит методические рекомендации для учителей по интеграции эксперимента и игровых методов в учебный процесс с целью повышения качества образования.

**Summary.** This article explores effective ways to apply experimental methods and game-based technologies in teaching physics. It reveals the theoretical foundations of the experimental approach and analyzes the role of practical activities in enhancing students' engagement. In addition, it highlights how the use of modern digital tools and the integration of game elements can develop students' research skills and creative potential. The article provides methodological recommendations for teachers on how to improve the quality of education by combining experiments and game techniques in the learning process.

Қазіргі қоғамда білім беру жүйесінің басты мақсаты – шығармашылықпен ойлайтын, зерттеуге қабілетті, өмірлік дағдыларды меңгерген тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыда оқытуда қолданылатын әдістердің ішінде физика пәнінде ерекше орын алатыны – эксперименттік әдіс. Себебі физика – табиғи құбылыстарды зерттеп, оларды тәжірибеде дәлелдеуге негізделген ғылым. Эксперименттік әдісті ойын технологияларымен ұштастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, сыни ойлауын дамытуға және зерттеушілік қабілеттерін жетілдіруге болады [1,10б].

Эксперименттік әдістің теориялық негізі

Физика – табиғат құбылыстарын, олардың заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Бұл пәннің ең басты ерекшелігі – заңдылықтарды тек теориялық тұрғыдан ғана емес, тәжірибе арқылы дәлелдеп, сандық түрде сипаттау мүмкіндігі. Сол себепті эксперименттік әдіс – физиканы оқытудың негізгі өзегі болып табылады.

Эксперименттік әдіс – оқушының білімді тек дайын күйінде қабылдамай, оны тәжірибеден өткізіп, өз бетімен қорытынды жасауына мүмкіндік беретін тәсіл. Оны қолдану арқылы оқушылар:

– физикалық шамаларды өлшеуді үйренеді;

– тәжірибе жүргізу дағдыларын қалыптастырады;

– теориялық білімді практикамен ұштастырады;

– зерттеушілік қабілетін дамытады [2, 32б].

Физика сабақтарында эксперименттік әдісті қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Тіпті күрделі тақырыптарды да (мысалы, Ом заңы, Архимед күші,

денелердің тығыздығы) қарапайым құрал-жабдықпен тәжірибе жасап көрсету арқылы түсінікті әрі есте қаларлық етуге болады. Бұл үдеріс оқушының зерттеушілік құзыреттілігін дамытады және ғылыми кезеңдерін меңгеруге жағдай жасайды [3, 52б].

Физикадағы эксперименттің маңызы

Физика сабақтарында жүргізілетін тәжірибелер – оқушы үшін ең қызықты және есте қаларлық әрекеттердің бірі. Мысалы:

Электр тізбектерін құрастыру арқылы оқушылар электр тогының қасиеттерін өздері байқайды.

Шағын эксперимент: Электр тізбегін құрастыру арқылы электр тогының қасиеттерін бақылау.

Эксперименттің мақсаты: Оқушылардың электр тогының бар екендігін, оның жылулық, жарық және магниттік әсерлерін тәжірибе жүзінде бақылауын қамтамасыз ету.

Қажетті құралдар: Қуат көзі (1,5–3 В батарея); шам, кілт, сымдар, кішкентай темір шеге немес компас

Эксперимент барысы:

Электр тізбегін құрастыру.

Оқушылар батарея, шам, сымдар және қосқышты пайдаланып қарапайым тұйық тізбек жасайды. Қосқыш жабылған кезде шамның жануы тізбектен электр тогының өткенін көрсетеді.

Жарықтық әсерді бақылау.

Тізбек тұйықталған кезде шамның жануы электр тогының жарық шығару қасиетін дәлелдейді. Оқушылар шам жарықтығының батарея санына немесе тізбектің қосымша кедергілеріне байланысты өзгеретінін байқайды.

Нәтижесінде, оқушылар өз қолымен жасаған тәжірибе арқылы электр тогының бар екендігін, оның жарық, жылу және магниттік әсерлеріне көз жеткізді. Бұл олардың теориялық білімдерін нақты тәжірибемен ұштастырып, электр құбылыстары туралы түсінігін нығайтады.

Денелердің тығыздығына эксперимент жасау арқылы оқушылар тығыздықтың заттың жеке меншікті қасиеті екенін және оның заттың массасы мен көлеміне тәуелділігін практикалық түрде байқайды.

Шағын эксперимент: Денелердің тығыздығын зерттеу.

Эксперименттің мақсаты: Оқушылар әртүрлі денелердің суда батуы немесе қалқып тұруы арқылы тығыздықтың затқа тән қасиет екенін практикалық түрде түсінеді.

Қажетті құралдар: Стакан су, әртүрлі заттар (металл тиын, ағаш бөлік, пластик, стиропор, резеңке шар), қасық.

Эксперимент барысы: Стаканның жартысына дейін таза су құяды. Оқушылар әр затты кезекпен суға түсіреді. Әр заттың батуы немес қалқып тұруын мұқият бақылайды. Заттар суға түскен кезде олардың қозғалысын (бату/қалу) тек қана бақылайды.

Бұл эксперимент нәтижесінде оқушылар: Тығыздық — заттың жеке меншікті қасиеті екенін, денелердің суда батуы немесе қалқып тұруы олардың тығыздығына байланысты екенін, массасы мен көлемі әртүрлі заттардың суда әртүрлі әрекет ететінін, тығыздығы үлкен заттар төменге түсетінін, тығыздығы аз заттар жоғары көтерілетінін көзбен көріп, практикалық түрде түсінеді.

Оптикалық Эксперименттер (линзалар, айна, спектр) оқушыларға жарық құбылыстарын нақты бақылауға мүмкіндік береді.

Шағын эксперимент: Линзалар, айна және спектр арқылы жарық құбылыстарын зерттеу.

Эксперименттің мақсаты:

Оқушылар жарықтың шағылысу, сыну және спектрге бөліну қасиеттерін тәжірибелік түрде көру.

Қажетті құралдар: Фонарь, айна, линза, призма, ақ қағаз/экран.

Эксперимент барысы: Шағылысу - Айнаға жарық сәулесін бағыттап, экранда шағылысқан сәулені бақылау. Сыну - Линза арқылы сәулені өткізіп, бағытының өзгеруін қарау. Спектр - Призмадан өткен жарықтың ақ қағазда түрлі-түсті спектрге бөлінгенін бақылау.

Нәтижесінде, оқушылар айнадан сәуле кірген бұрышқа тең бұрышпен шағылатынын, линза арқылы сәуле сынған кезде бағытын өзгертетінін, призма арқылы ақ жарық спектрге бөлінетінін байқады.

Осындай эксперименттер оқушының тек теориялық білімін бекітіп қана қоймай, логикалық ойлау қабілетін дамытады, дербес жұмыс жасауға дағдыландырады [4, 68б].

Эксперимент пен ойын технологияларының ұштастыру жолдары

Ойын элементтері оқушыны тәжірибеге белсенді қатыстыруға ықпал етеді. Мысалы: «Физикалық лабиринт» ойынында оқушылар бірнеше тәжірибені дұрыс орындап, келесі кезеңге өтеді.

«Ғалымдар сайысы» форматында оқушылар шағын топтарда тәжірибе қойып, қорытындысын қорғап шығады.

«Физикалық шоу» арқылы көрнекі тәжірибелерді әсерлі етіп көрсету оқушылардың шығармашылық белсенділігін дамытады.

Ойын элементтері оқушыларды жарыс рухына тәрбиелейді, ал тәжірибе – олардың ғылыми көзқарасын қалыптастырады.

Заманауи технологияларды пайдалану

Бүгінгі таңда мектептерде түрлі цифрлық құрал-жабдықтар қолданылады: датчиктер, интерактивті симуляторлар, виртуалды зертханалар. Мысалы, PhET симуляциялары арқылы оқушылар тәжірибені қауіпсіз әрі шексіз қайталап жасай алады. Бұл тәсіл дәстүрлі экспериментпен ұштасып, оқушылардың оқу-танымдық әрекетін жандандырады [5].

Эксперименттік әдістің оқушыға беретін мүмкіндіктері

Зерттеушілік дағды қалыптастырады;

Өз ойын дәлелді түрде жеткізуге үйретеді;

Топтық жұмыста белсенді болуға ықпал етеді;

Шығармашылық қабілеттерін арттырады;

Пәнге деген қызығушылығын күшейтеді.

Қорытындылай келе, эксперименттік әдіс пен ойын технологияларын ұштастыра қолдану – физика пәнін оқытудың заманауи, тиімді және нәтижелі тәсілі болып табылады. Бұл әдіс арқылы оқушылар тек дайын білімді қабылдамай, оны өз тәжірибесі арқылы меңгеріп, алған білімін өмірлік жағдайларда қолдануға машықтанады. Мұндай тәсіл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың зерттеушілік, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.

Эксперимент жүргізу барысында оқушылар ғылыми әдістермен жұмыс істеуді, бақылау, талдау және қорытынды шығару дағдыларын меңгереді. Ал ойын технологиялары оқу процесін жеңіл әрі тартымды етіп, оқушылардың белсенділігін арттырады, ұжымдық қарым-қатынас пен өзара көмек мәдениетін қалыптастырады.

Сондықтан физика сабақтарында бұл екі тәсілді біріктіре қолдану – білім сапасын арттырудың, оқушы тұлғасын жан-жақты дамытудың және ғылымға деген қызығушылығын оятудың ең тиімді жолдарының бірі. Мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылық көзқарасы арқылы тәжірибе мен ойын элементтері оқытудың қуатты құралына айналып, оқушыларды ғылыми ізденіске жетелейді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әбілқасымова А.Е., «Физиканы оқыту әдістемесі», Алматы, 2019. – 10 б.

2. Жолдасбекова С.А., «Физиканы оқытудағы инновациялық әдістер», Нұр-Сұлтан, 2020. – 32 б.

3. Мырзабаева Г., «Физика сабақтарында тәжірибелерді қолдану әдістемесі», Алматы, 2017. – 52 б.

4. Сейтқалиев, Р.Т. Физика эксперименттері мен практикумдар: 7–9 сыныптар. Алматы: «Білім», 2020. – 68 б.

5. Phet Interactive Simulations, University of Colorado Boulder, https://phet.colorado.edu

ӘОЖ 326.58

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ТІЛ ДАМЫТУДЫҢ СӨЙЛЕУ ҮРДІСІН ДАМЫТУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**КАЛДАРБЕКОВА ЖАНАТ ОРЫНТАЕВНА**
Сарысу орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме.** В статье говорится о том, что при правильной систематической организации работы по развитию речи учащихся в начальной школе у детей увеличивается словарный запас.

**Summary.**The article States that with the correct systematic organization of work on the development of students ' speech in primary school, children's vocabulary increases.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мақсат - саналы ұрпақ тәрбиелеу. Болашақ ұрпақ - қоғам иесі. Сөйлеуді меңгерту оқушының айтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуін қамтамамасыз ету болса, ал сөйлеуді үйрету күнделікті жағдайларға байланысты іске асып отыруы қажет. Сөйлеуді меңгертуде оның функционалдық қызметіне қажетті мынадай құрылымдық жүйе қалыптастырылса, бұл іс біршама тиімді түрде жүзеге асар еді.

Сөйлеу үрдісін дайындауға бағытталған материалдар (лексикалық минимум, тірек сөздер, оқушыға бұрыннан таныс сөздер)

1. Сөйлеу үрдісін құрастыруға бағытталған материалдар (тілдесім диологтар)

2. Сөйлеу үрдісін жүйелеуге бағытталған материалдар(шағын функционалдық мәтіндер, яғни лексикалық минимум мен тілдесім диологтарының қолданылған көріністері, көркем мәтіндер үлгілері) .

3. Коммуникативтік- қатысымдық әрекетті іске асыруға бағытталған материалдар(түрлі жаттығулар).

4. Өзін - өзі тексеру және бағалау әрекеттері (тестілік).

«Балалар тілін, олардың сөйлеу қызметін зерттеу тілшілер мен психологтарды, әсіресе, XIX шы ғасырдың соңында көбірек қызықтыра бастады. Осы кезеңде түрлі жастағы балалар тілін статистикалық әдіс-тәсілдермен зерттеудің алғашқы қадамдары жасалды. Атап айтқанда, Н.А.Рыбников, А.Н.Гвоздев, Э.Штейнфельдт, А.Люблинская, М.Р.Львов, т.б. балалар тілін квантитативтік әдіспен зерттеушілердің алғашқы өкілдері болды» [1]. Қ.Молдабек бастауыш сынып оқушыларының оқулықтары мен балалар әдебиеті мәтіндерін лингво-статистикалық әдіспен зерттеу арқылы балалар тілінің даму динамикасын анықтауға біраз еңбек сіңірді. Зерттеуде бастауыш сынып оқушыларының оқулықтары мен балалар әдебиеті мәтіндеріндегі сөз қолданыстардың игерілу, меңгерілу шамасын анықтау мақсатында қала және дала мектептерінде арнайы эксперименттер жүргізіліп, алынған зерттеу нәтижелерін лингвостатистикалық әдіспен зерттеу арқылы алынған қорытындылармен салыстыраотырып, мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің оқушылардың сөздік қорын кеңейту мен байыту мақсатындағы қызметіне лайықты бағалар берілген.

Қазіргі тіл білімінің даму тәжірибесі көрсеткендей, тілдің түрлі топтарының лексикасы мен морфологиясын салыстыруға және оның нәтижелерін алуға жағдай туғызатын мәтіннің квантитативтік әдісінің ерекше тиімді түрі: жиілік сөздік, алфавитті-жиілік сөздік және кері алфавитті-жиілік сөздіктер алу болып табылады. Бұл сөздіктер арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқулықтарының тілін тілдің басқа түрлі салаларымен салыстыруға және квантитативтік әдіс арқылы алынған бастауыш сынып оқушыларының оқулықтары мәтіндеріндегі сөз қолданыстарды анықтап, алынған зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, оқушыларға ана тілінде меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға болады. Бастауыш сынып оқушыларының сөздік қорын байыту үшін олардың күнделік өмірінде жиі қолданылатын сөздерді таңдап алудың мәні зор, ол оқушының сөзді тез меңгеруіне көмектеседі.

Бастауыш мектеп оқушыларына жиі қолданылатын сөздерді таңдап алуда олардың әр сынып оқушыларының жас ерекшелігі, білім дәрежесі, күнделікті өміріне сай болуы қадағаланады. Оқушы өмірімен байланысты сөздерді үйрету тілді үйренудің қарым-қатынасқа бағытталумен байланысты. Бастауыш сынып оқушыларына үйретілетін сөз оқушыға таныс дүниемен, оған түсінікті, олар білетін заттармен құбылыстарға байланысты болуы керек. Бұл ұстаным оқушының сөз мағынасын тез түсінуіне, оны тез меңгеруіне ықпал жасайды. Оқушы көрмеген, білмеген, көз алдына елестете алмайтын зат атауларын, құбылыстардың атауларын түсініп, есте сақтауы өте қиын. Сондықтан үйретілетін сөз оқушының түсінігіне, сана-сезіміне сай болу керек. Үйретілетін сөздің тілдік, дыбыстық құрамын қамтуы қажет деген сөз таңдау ұстанымы оқушыны қазақ тілінің дыбыстық құрамымен таныстыруды, оны меңгеруді көздейді. Қазақ тілінің дыбыстық құрамының өзіндік ерекшелігі барлығы белгілі. Қазақ тіліндегі ерекше деп саналатын 9 дыбыстың дұрыс айтылуын үйрету алғашқы сабақтардан басталады, оны кейінге қалдыруға болмайды және үнемі жалғастырылып отырады.

Сөздерді сабақта оқытылатын мәтін, тақырыппен байланыстырып алу ұстанымы да үлкен қызмет атқарады. Бұны Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсын оқулықтарынан да кездестіруге болады [2,44б]. Бұл ұстанымды профессор Н.Оралбаева бастаған авторлар ұжымы да оқулық жазуда басшылыққа алып жүргенін көреміз. Сөздерді мағыналық ерекшелігіне қарап таңдаудың да тиімділігі бар. Сөз мағыналық жағынан ерекшелікке өте бай. Бастауыш сынып оқушыларына сөзді сұрыптап алғанда, бұл ерекшелігіне үлкен мән беріледі. Мысалы, 1 сынып оқушыларына суретті әліппе арқылы қазақ тілін үйреткенде, әліппеде оқушыларға нақты деректі мағыналы зат атаулары мен олардың белгілерінің суреті беріледі де, атаулары үйретіледі. Мұнан тілді үйренудің алғашқы сатысында деректі мағыналы сөздерді үйрету бағыты орын алады. Оқушыны ізгілікке, зор адамгершілікке тәрбиелейтін сөздерді үйретудің үлкен мәні зор. Бұл ұстаным біздің оқулықтарымызда берік сақтаулы.

Ол – білім беру мен тәрбиенің байланыстылығының көрінісі. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды- бастауыш мектеп оқушысының қазақша сөздік қорын байыту кездейсоқ құбылыс емес. Оқушының сөздік қорына енетін сөздерді ғылыми негізде, белгілі жүйе арқылы іске асыру қажет екенін көрсетеді. Бастауыш сынып оқушысының сөздік қорын байытуда сөйлеумен байланыстыру, сөйлеуге бағыттау мәселесінің мәні зор.

Сөз сөйлеу үшін қажет. Сондықтан сөйлеуге қойылатын талаптарды білу керек. Сөйлеумен байланысты мынадай талаптар қойылады: мазмұнды сөйлеу, дәл сөйлеу, жүйелі сөйлеу және мәнерлі сөйлеу. Бұл талаптар өте тығыз байланыста екенін де оқыту ісінде естен шығаруға болмайды. Жоғарыдағы пікірлерді жинақтай келгенде оқушы тілін байытуды сөйлеумен байланысты іске асыруда мынадай қажеттіліктер туындайды:

- Оқушының сөздік қорын молайту мақсатында сөздердің мағынасын толық меңгерту.
- Сөйлеуді дұрыс қолдану, құрастыру арқылы ойын жүйелі айта білуге дағдыландыру. Сөйлемдегі сөздерді белгілі бір ойдың төңірегінде құрастырып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру.
- Сөйлеу үлгілерін меңгерту.

Сөз – тілдің негізгі бірлігі, дыбыстық белгілер мен мағыналардың көрінісі. Егер дыбыстық таңба материалдық жағынан қалаулы болса, оның мағынасы (мазмұны) оның идеялық жағын ескереді. Олардың бірлігі – сөздің болуы мен қызмет етуінің белгісі. Сөйлеу – лингвистиканың барлық салаларындағы негізгі зерттеу объектілерінің бірі. Алайда, тіл білімінің әр саласы сөз ретінде бір ғана аспектіні объект ретінде қабылдайды және өз заңдылықтары бойынша сөйлейді. Бұл сөз күрделі құбылыс екенін білдіреді. Тілдегі сөздер бір-бірінен дыбыстық және морфологиялық жағынан ерекшеленеді. Мысалы, егер (Жомарт кеше Алматыдан жүргек пойызбен келген) сөйлемдердегі сөздерді қарастыратын болсақ, олар дыбыстық, морфологиялық белгілері бойынша, қажет болса сөйлемдегі атқаратын қызметі мен реті бойынша әр түрлі болады. Сөзсіз бұл жерде ешқандай пікір қалыптастыру мүмкін емес, тілдің грамматикалық ережелерінсіз идея түсініксіз болар еді. Осылайша, олардың әрқайсысы өзіндік ерекшеліктері мен функциялары бар негізгі элемент екенін көреміз.

Сауат ашу пәні бойынша оқушыларды өмірге баулу жөніндегі міндеттер тілдің негізгі қоғамдық қызметіне, атап айтсақ, түпкілікті коммуникативтік байланыс, қатынас құралы ретінде және экспрессивтік (әсер, ықпал етуге, дәнекер болу) қызметіне орай жүзеге асырылады. Олай болса, сауат ашу пәні балаларды ауызша да жазбаша да толық сауатты, тілді еркін пайдалана білетіндей етіп шығаруды түпкілікті нысаны етіп ұсынуы қажет.Бұл мәселе туралы көптен айтылып та, жазылып та жатыр. Ойын-жаттығу негізінен сөйлесімнен құрылуы керек. Яғни, ойынның негізі саналатын тілдік жағдай сөйлеу әрекетін туғызатын болуы керек. Тілдік қатысымды жүзеге асыратын сөйлеу нәтижесіне ойнау нәтижесі қосылу керек. Ойын-жаттығу ұжымдық болады, бала ойында өзі қалған рөлді таңдай алуы керек. Ойын-жаттығу баланың ауызша сөйлеу дағдысын, сөйлей білуін нақтылы сөйлеу әрекеттері арқылы жүзеге асу жағдайын белгілеу керек. Бұл әдісте білім мен ойын сабақта елеусіз байланысады да, ойында, сабақта бала өзін еркін ұстайды. Атап айтатын болсам мына ойын түрлері баланың сөйлеу тілін дамытуда жақсы нәтиже береді: «Екі әріп», «Қара жәшік», «Сұрақтар жаңбыры», «Суретті әңгімеле» т.б.

Халқымыздың ертегі, аңыз-әңгімелері, мақал–мәтелдері, жұмбақ, жаңылтпаштары, ойнақы, жеңіл тілімен беріледі. Балаға жаңылтпаш үйретіп, оны айтқызу сөзді дұрыс сөйлеуге әдеттендіреді, кейбір тілі келмей, бұзып айтатын дыбыстарды анық айтуға жаттықтырады. Ал жұмбақ айтқызу баланы тапқырлыққа үйретіп, ойлау қабілеті мен тілін ұштайды. Мақал-мәтелдерді пайдаланудың әдіс-тәсілдері көп. Оларды сыныпта, сыныптан тыс оқуда белгілі бір тақырыпты оқытумен бірге сәйкестендіріп алған ыңғайлы. Сөйлеу тілін меңгерудің келесі жолы – кешенді оқыту. Ал оқушыларға арналған кешен: оқулық, фонограмма, күйтабақтар, үнтаспалар,

бейнетаспалар, дидактикалық үлестірмелік жаттығулар, сөздіктер т.б. Қазақ тілі сабақтарында үнтаспаны қосу немесе бейнетаспаны көрсету арқылы тақырыпты табуға болады. Тақырыпты тапқаннан кейін оқушылар алдарына мақсаттарды қояды. Сабақ барасында тақырып мазмұнына сай дидактикалық үлестірмелі жаттығуларды беруге болады.

Бала тілінің дамуы - ең жауапты да күрделі үдеріс. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған баланың алдында дұрыс сөйлеуге қажеттілік міндеті тұрады. Бұрын бала ойын кезінде ата-анасымен немесе құрдастарымен қарым-қатынас жасау барысында жағдайға қарай, яғни қалауы бойынша сөйлейтін болса, енді оқу үдерісі, сабақтағы тапсырма оны сөйлеуге мәжбүр етеді. Бұл психологиялық және педагогикалық тұрғыдан мұғалімнен ерекше шеберлігін қажет етіп, тіл дамыту жұмыстарын жүргізудің керектігін аңғартады.

«Тіл дамыту – балалардың сөздік қорын байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелесу арқылы ауызша, жазбаша дұрыс білдіруге, яғни, «нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айтып беруге» [3,36б] үйрету жұмысы. Заманымыздың заңғар жазушысы, ғасыр ғұламасы атанған М.Әуезовтің «Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім», – деген сөзінің маңызы ешқашан жойылмақ емес, себебі кез-келген мемлекет мәдениетінің даму деңгейін, рухани мазмұнын, интеллектуалды қуатын айқындайтын бірден-бір көрсеткіш – білім берудегі жүйелілік пен сапалылық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2020-2025 жж. арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010 ж. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118

2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы, - Алматы «Ана тілі» 2012 ж. 242б

3. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. ҚР Үкіметінің 2012 ж. 23 тамыз № 1080 қаулысы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080

УДК 372.882:373.5.016

## СТРАТЕГИИ И ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К ПОДГОТОВКЕ УЧАЩИХСЯ 9–11 КЛАССОВ К ОЛИМПИАДАМ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ В КОНТЕКСТЕ ГУМАНИСТИЧЕСКИХ ИДЕЙ М.ДУЛАТОВА

**КУБЕЕВА ШОЛПАН МУЙДЕНОВНА**

Учитель русского языка и литературы, педагог-мастер школы-гимназии имени Ныгметуллы Киикбаева, Байзакский район, Жамбылская область, Республика Казахстан

**Түйіндеме.** Мақалада жоғары сынып оқушыларын орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша олимпиадаларға дайындаудың тиімді әдістері қарастырылады. Әдістеме көп деңгейлі жұмыс жүйесін құруды, дәстүрлі және цифрлық технологияларды интеграциялауды, сыни және аналитикалық ойлауды дамытуды қамтиды. Ерекше назар олимпиадалық дайындықтың Миржакип Дулатовтың әдеби мұрасында көрініс тапқан гуманистік және ағартушылық идеялармен өзара байланысына аударылады. Тәжірибелік ұсыныстар жеке педагогикалық тәжірибеге негізделген және жоғары білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

**Resume.** The article discusses effective strategies for preparing high school students for Olympiads in Russian language and literature. The methodology involves the formation of a multi-level work system, the integration of traditional and digital technologies, and the development of critical and analytical thinking. Special attention is paid to the connection between Olympiad preparation and the humanistic and educational ideas reflected in the literary heritage of Mirzhakyp Dulatov. Practical recommendations are based on personal teaching experience and are aimed at achieving high educational results and educating a harmoniously developed personality.

**Негізгі сөздер:** олимпиадалық дайындық, орыс тілі, әдебиет, оқыту стратегиялары, гуманистік қағидаттар, М. Дулатов, сыни ойлау.

**Keywords:** Olympiad preparation, Russian language, literature, teaching strategies, humanistic principles, M. Dulatov, critical thinking.

Подготовка учащихся к предметным олимпиадам является одним из приоритетных направлений работы педагога-мастера, интегрирующим углубленное предметное знание, развитие исследовательских компетенций и воспитание интеллектуальной элиты. В контексте идей, обсуждаемых на данной конференции, эта работа приобретает особый смысл. Литературное и публицистическое наследие Мыржакипа Дулатова, выдающегося казахского просветителя, пронизано идеями ценности знания, силы слова и ответственности интеллигенции перед народом [1, с. 21].

Эти гуманистические принципы напрямую соотносятся с целью олимпиадного движения — выявить и поддержать одаренную молодежь, способную к критическому осмыслению языка и текста, что является основой национального самосознания и культурного диалога.

Эффективная подготовка к олимпиадам высокого уровня требует системного подхода, выходящего за рамки стандартной учебной программы. На основе многолетнего опыта можно выделить несколько ключевых стратегических направлений.

1. Диагностика и многоуровневая система отбора это работа, который начинается с раннего выявления учащихся с выраженными филологическими способностями и высокой мотивацией. Важно создать непрерывную вертикаль подготовки от 9-го к 11-му классу, где каждый этап имеет свои цели. Для девятиклассников акцент делается на расширении кругозора и формировании устойчивого интереса через работу с нестандартными заданиями. В 10-м классе происходит углубление в лингвистический анализ и теорию литературы, начинается целенаправленная работа с заданиями прошлых лет. В выпускном классе подготовка становится индивидуально-ориентированной и носит характер интенсивного тренинга и психологического сопровождения.

2. Интеграция традиционного и инновационного — современная подготовка немыслима без синтеза классических методов и цифровых технологий. К первым относятся:

- Углубленное изучение разделов языкознания, часто выходящих за рамки школы: историческая грамматика, фонетика, лексикология.
- Аналитическая работа с художественным текстом, включая сопоставительный анализ, выявление интертекстуальных связей, определение роли изобразительно-выразительных средств.
- Развитие навыков написания литературно-критических эссе и творческих работ.

В качестве инновационной поддержки активно используются:

- Онлайн-платформы и цифровые корпуса текстов «Национальный корпус русского языка» для самостоятельного исследования.
- Виртуальные образовательные модули и вебинары от ведущих вузов.
- Использование инструментов визуализации интеллект-карты, схемы для анализа сложных литературных произведений и лингвистических конструкций.

Такой подход соответствует духу времени и общему направлению развития инновационных технологий в образовании .

3. Развитие метапредметных навыков и критического мышления — олимпиадные задания по русскому языку и литературе проверяют не знания, а тип мышления. Поэтому ключевой становится работа над развитием:

- Аналитического и критического мышления: умения деконструировать текст, видеть скрытые смыслы, оценивать авторскую позицию.
- Лингвистической догадки и исследовательского подхода: способности выявлять языковые закономерности на ограниченном материале.
- Культуры устной и письменной речи: четкости, логичности и образности изложения мыслей.

Эти навыки напрямую перекликаются с идеалами просвещения, которые отстаивал М. Дулатов, видевший в образованности и способности к самостоятельному мышлению основу прогресса нации.

4. Психолого-педагогическое сопровождение это подготовка к олимпиаде, как интеллектуальный марафон, так и сопряженный с высокими эмоциональными нагрузками. Важной частью работы педагога является создание поддерживающей среды, обучение тайм-менеджменту, методам борьбы со стрессом и формирования «олимпиадного» мышления, устойчивого к нестандартным условиям.

5. Культурологический и межпредметный контекст это изучение русской литературы и языка в казахстанской школе неразрывно связано с идеей диалога культур. Подготовка к олимпиаде является прекрасной возможностью для углубления в этот диалог. Анализ тем, связанных с взаимовлиянием культур, трактовкой «чужого» текста в локальном контексте, не

только обогащает филологическую работу, но и способствует формированию поликультурной личности, уважающей как общемировое, так и национальное литературное наследие. Этот аспект напрямую соотносится с наследием М. Дулатова, который в своем творчестве выступал как мост между культурами, отстаивая ценность родного слова в контексте мирового развития.

Таким образом, подготовка учащихся к олимпиадам по русскому языку и литературе представляет собой комплексную педагогическую систему. Она сочетает углубленное предметное обучение, развитие высших интеллектуальных функций и целенаправленное воспитание конкурентноспособной, творческой и гармоничной личности. Обращение в этой работе к гуманистическим и просветительским принципам, завещанным такими деятелями, как Мыржакип Дулатов, придает ей особую духовно-нравственную глубину. Инвестируя силы в выявление и поддержку одаренных детей, педагог вносит вклад не только в их личностный и профессиональный успех, но и в реализацию той самой национальной идеи образованности и прогресса, актуальность которой с годами только возрастает.

**Список использованной литературы:**

1. Дулаткызы Г. М. Неугасимые звезды Алаша: воспоминания-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 с.

2. Кабанова Н.А., Михайлова Е.В. Олимпиадная подготовка по русскому языку: от урока до всероссийской олимпиады школьников. Методическое пособие. – М.: Издательство МГУ, 2020. – 215 с.

3. Беляева Н.В. Литература. 10–11 классы. Углубленный уровень. Методика подготовки к олимпиадам. – М.: Просвещение, 2021. – 189 с.

4. Об утверждении требований к оформлению научных статей: внутренний стандарт вуза.//Сборник научных трудов. – 2020. – № 5. – С. 112–115.

5. Материалы сайта «Национальный корпус русского языка». – URL: http://www.ruscorpora.ru (дата обращения: 01.12.2025).

ӘОЖ : 371.14:372.4

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**МУХАМБЕТОВА ГУЛЬШАТ ШЫНТЕМИРОВНА**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-модератор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены пути формирования функциональной грамотности учащихся начальных классов

**Summary.** The article examines ways of developing functional literacy in primary school students

Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оның теориялық-әдіснамалық негіздері анықталуы керектігі белгілі. Ол теориялық-әдіснамалық негіздер алға қойылып отырған келелі мәселенің бастау көздерін танытады. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда мынадай мәселелердің басы ашық болуы тиіс:

– бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын жүйе ретінде танысақ, онда ол жүйенің құраушы бөлшектерін анықтау керек;

– бастауыш мектепте оқылатын әрбір жеке пән бойынша еліміздегі және осы бағытта қарастырылған шетелдік тәжірибені талдап-тану керек;

– бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы қалыптасуының межелерін, белгілері мен шарттарын айқын анықтап алу керек. Негізінде, берілген мәселе бойынша осы кезге дейін жарық көрген әдебиеттерді талдау барысында, көп ретте, «функционалдық сауаттылық», «функционалдық сауатты тұлға», «негізгі құзыреттер», «жалпы білімдік біліктер» сияқты ұғымдардың көбірек талдауға түсірілетіні байқалады. Негізінде, «функционалдық сауаттылық» термині өзінің 1957 жылы ЮНЕСКО енізген уақытынан бастап

«сауаттылық» және «минималды сауаттылық» ұғымдарымен қатар қолданысқа түсіп келеді. Осылардың әрқайсысына жеке-жеке түсініктеме беріп тоқталып кету жөн болмақ.

1) Сауаттылық дегеніміз – оқу, жазу, санау және құжаттармен жұмыс жасай алу дағдылары.

2) Минималды сауаттылық дегеніміз – қарапайым хабарламаларды оқу және жазу дағдылары.

3) Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәлім іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым- қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол текбілік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымына қатысты мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, пәндік сауаттылық, функционалды сауаттылық, оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзіреттіліктеріне байланысты ғалымдар, В.В.Давыдов, А.А.Леонтьев, Д.Б. Эльконин, В.А.Болотов, О.Е.Лебедев, И.А.Зимняя, А.К.Маркова, С.Г.Молчанов, Г.К.Селевко, В.В.Сериков, В.А.Сластенин, А.В.Хуторской, М.Ж.Жадрина, С.Д.Мұқанова, И.И.Бим, Ф.Ш.Оразбаева, Е.И.Пассов, В.Л.Ляховицкий, Н.Сауранбаев, С.Кеңесбаев, С.Жиенбаев, Т.Ахметов, Ғ.Бегалиев, А.Айдаров, Ж.Д.Адамбаева, Б.Б.Құлмағамбетова, К.Ы.Сариева, М.М.Артықова, жүргізілген зерттеулерді қарастыра келе, бүгінгі таңда отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде «функционалдық сауаттылық» ұғымын қолдануда бірізділік жоқ екені байқалды. Білім берудегі сауаттылық мәселесі, біріншіден, нақты бір елдегі халықтың әлеуметтік жағдайына, екіншіден, мемлекеттің экономикалық дамуына, үшіншіден, елдегі мәдени ахуалға тәуелді болатындығы айқын.

Бүгінгі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етіп отыр. Ғылыми еңбектерде сауаттылық ұғымының белгілі бір деңгейде ана тілінің грамматикалық нормаларына сай оқу, дұрыс жаза алу дағдыларын игеру екені байқалады. Әйтсе де адамның өмір сүруіне қажетті деп танылып, меңгеруге ұсынылған бастауыш мектеп деңгейіндегі белгілі бір білім, білік пен дағдылардың жиынтығы (оқу, жазу, санау, сурет салу және т.б.) ретіндегі тілдік сауаттылық қазіргі кездегі әлеуметтік сұраным талаптарымен сәйкес келе бермейді. Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, мемлекеттік тілді оқытуда білімнің түпкі нәтижесі деп саналатын құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындаудың, оны мектеп тәжірибесіне ендірудің уақыт талабымен толық сай келуі де зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей түседі.

Функционалдық сауаттылық оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардыңәлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени

дамуының өлшемі, білім, білік, дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу құзыреттіліктерінің бірлігінен құралады. Оқушылардың функционалдық сауаттылық мазмұны келесі құзыреттіліктерден көрінеді:

– оқу, жазу сауаттылығынан;
– жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
– математикалық сауаттылығынан;
– компьютерлік сауаттылықтан;
– денсаулық мәселесіндегі сауаттылықтан;
– құқықтық сауаттылығынан.

*Сауаттылық ұғымы* – дәстүрлі түрде жеке тұлғаның грамматикалық нормаларға сай оқу, мен жазу дағдыларын игеру дәрежесі. Ұлттың мінез –құлқына сай – бірден - бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік – мәдени дамуының бет - бейнесі болып табылады. Сауаттылық ұғымының мазмұны тарихи тұрғыда қоғамдық талаптар мен индивидке қойылатын талаптардың ең төменгі шектік деңгейінің өзгеруіне байланысты өзгеріске ұшырады. 1969 жылы қыркүйек айында Тегеран қаласында өткен сауатсыздықты жою бойынша ағарту саласы министрлерінің Дүниежүзілік конгресінде «функционалдық сауаттылық» термині енгізілген болатын, ал 1978 жылы БҰҰ ұсынысы бойынша конгресс шешімі қайта қаралып, «Білім беру саласы статистикасын халықаралық стандартизациялау» туралы құжатқа өзгерістер енгізілді. Термин мазмұнының қайта редакциялануына орай функционалды топтардың тиімді әрекет етуіне қажетті барлық іс - әрекет саласына еркін енуі функционалдық сауаттылықтың жаңа көрсеткіші болып табылады. Қазіргі кезеңде «функционалдық сауаттылық» ұғымы мағынасы жан- жақты зерттеліп, қоғам дамуын тежеуші сауатсыздықты жою мағынасында ғана емес, ұғымдық мағынасы іс- әрекеттің нәтижесі тұрғысында сауатсыздықты жою механизімдері мен тәсілдерін іздеу мәселесі ретінде де қарастырылады. Қазіргі ақпараттанған жаңа қоғамда функционалдық сауаттылық барлық қоғамдық деңгейлердің әрекет нәтижесінің жетістік түйіні болмақ. Жаңа сипатта «функционалдық сауаттылық» мағыналық тұрғыда кеңейіп, мәдениеттілік атрибуты дәрежесіне дейін көтерілді.

Функционалдық сауаттылық ұғымы ғылыми - техникалық талаптар мен әлеуметтік прогресс нәтижесінде пайда болып, мағыналық тұрғыда әмбебап сипатта ғана емес, мәдени – тарихи сипатта да қолданылады. Себебі Кеңестік кезеңнің алғашқы 10 жылдығында азаматтың оқи білуі, жаза білуі, арифметикалық төрт амалды білуі қызметтік әрекетті игеріп кетудің негізгі көрсеткіші болды. Қазіргі кезеңде сауаттылық ұғымының ауқымы кеңейіп, оның көрсеткіштері түрліше сипатталады. И.А.Мещеряков функционалдық сауаттылық - (ағылшын тілінде functional literacy) - дағды мен білімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама берді. Бастауыш білім беру деңгейінде өздік ерекшелігіне сай біртұтас орта білім беру жүйесінде оқу әрекетінің негізгі білігін игертуді қамтамасыз ету маңызды шарты болып табылады.

Бастауыш сынып оқушысы орындайтын оқу әрекеті мен басқа (ойын, спорттық, бейнелеу, еңбек) әрекеттер кешені тұлғлық дамуында басты роль атқарады. Мектеп оқушысында пайда болған субъективтілік қасиеттерінің көрсеткіштері оның функционалдық сауаттылығын қалыптасуының көрсеткіші болып табылады. Бастауыш мектеп оқушысында оқу - әрекеті арқылы қалыптасатын сауаттылық оқу әрекетінен тыс жағдайда қалыптасуы мүмкін емес. Сондықтан бастауыш мектепте кез - келген пәнге оқытудың мақсатты функциясы оқушыда өздігінен әрекет ету білігін қалыптастыру болып табылады. Бастауыш сынып оқушысы мектепке келгенде оқуға, мұғалімменен ынтымақтасуға талпынысы мол болады. Ал келесі деңгейде мұғалімнің басшылығымен шағын топтарда оқу ынтымақтастығын ұйымдастыруымен өздігінен әрекет етуі күшейеді. Ал келесі деңгейде ең жоғарғы шектік мөлшерде өздігінен оқу әрекетін орындауға, құрдастарымен және білімін толықтыру бағытында мұғалімдермен әрекет құруға, жеке оқу белсенділігінің арту қабілеті байқалады. Соңғы деңгейде оқушы мұғалім позициясын игереді. Н.Г.Калашникова «Идеал мектеп оқушысының портретін» қалыптастыру үшін оқушыда келесі қарым - қатынас сферасы қалыптасуы керек деп атап өтті:

– оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасы;
– рухани - көркем- бейнелік сферасы;
– қарым- қатынас сферасы арқылы;
– білімді игеру әрекеті сферасы.

Бастауыш мектеп оқушыларына оқыту мен тәрбиелеу нәтижесі оқушылардың алған білімдерін өмірде, тұрмыс- тіршілікіте қолдана алуына бағытталуы - білімнің білікке, біліктің қолдана білуге ұласуының бірден-бір кепілі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы).

2. Словарь русского языка. – М.: Русский язык. 1998 г. – 46 с.

3. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.

ӘОЖ : 371.14:372.4

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ТҰЛҒАСЫНЫҢ МОТИВАЦИЯЛЫҚ - БАҒАЛАУ СФЕРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**СЕЙСЕБАЕВА САУЛЕ ШАРИПБЕКОВНА**
М.Мақатаев атындағы №14 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
педагог-модератор, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье дан обзор научные основ формирования мотивационно-оценочной сферы личности младшего школьника.

**Summary.** The article provides an overview of the scientific foundations for the formation of the motivational-evaluative sphere of the personality of a primary school student.

Бастауыш сынып оқушысы мектепке келгенде оқуға, мұғалімменен ынтымақтасуға талпынысы мол болады. Ал келесі деңгейде мұғалімнің басшылығымен шағын топтарда оқу ынтымақтастығын ұйымдастыруымен өздігінен әрекет етуі күшейеді. Ал келесі деңгейде ең жоғарғы шектік мөлшерде өздігінен оқу әрекетін орындауға, құрдастарымен және білімін толықтыру бағытында мұғалімдермен әрекет құруға, жеке оқу белсенділігінің арту қабілеті байқалады. Соңғы деңгейде оқушы мұғалім позициясын игереді. Н.Г.Калашникова «Идеал мектеп оқушысының портретін» қалыптастыру үшін оқушыда келесі қарым - қатынас сферасы қалыптасуы керек деп атап өтті:

– оқушы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасы;
– рухани - көркем- бейнелік сферасы;
– қарым- қатынас сферасы арқылы;
– білімді игеру әрекеті сферасы.

Кіші мектеп оқушысы тұлғасының мотивациялық - бағалау сферасын қалыптастыруда бастауыш мектеп оқушысында білім алумен қатар білім мазмұнын игеру, оқыту процесіне, білімін жетілдіруге, оқыту барысында ынтымақтасуға мотивтер пайда болады. Қоршаған дүние құбылыстары мен тіршілік ортасы туралы түсініктер пайда болып, көркем бейнелеу арқылы арқылы өз қарым- қатынасын білдіру (қуану, көмек көрсету, әрекеттену, құрметтеу, өзін - өзі бағалау) тәжірибесі
пайда болады. Оқушы өз - өзіне, Отанына, басқа адамдарға, қоршаған әлемге, еңбекке, оның ішінде оқу - еңбегіне жағымды қарым - қатынас орната алады.

Сонымен қоса денсаулықтың құнын түсінеді, салауатты өмір сүру салтын мен өмір қауіпсіздігін сақтау керектігін түсінеді. Өз әректін сынау, пікірі мен әрекетін өмір жағдайларға байланысты өзгерту, сараптауға рефлексиялық қабілеттерін игереді. Өзін - өзі тануға, өзі туралы жеткілікті дәрежеде мағұлматар бере алады. Сонымен қоса өзін-өзі бағалауы дифференциялық және рефлексивті сипатта болады.

Рухани - көркем бейнелік сферасы қалыптасқанда оқушы өзге адамдар мен өз табиғаты мен ішкі әлемі, көркем шығарма туралы пайымдай алады. Шығарма мазмұнының өрбіуін, кейіпкерлердің жан дүниесін, мінез - құлқындағы өзгерісті, табиғат құбылыстарын түсініп қабылдайды.

Адам сөзінің әсерін, әдеби шығарманың тілін ұғына отырып, сипаттай алады. Мұғаліммен басшылығымен әдеби шығармалардағы адам қарым- қатынасының эмоционалды - эстетикалық

мәнін түсіне отырып, шығарманың рухани мәнін қабылдайды. Көркем шығарма кейіпкерлерін өз қиялындағы идеал бейнеге қосып алады. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдайды. Көркем шығарма мазмұны талдай отырып, шығарма мазмұны бойынша өмірлік жағдаяттардыңшешу жолдарын біледі. Шығармадағы оқиғаға байланысты өз көзқарасын білдіре алады. Мәтінді талдау кезінде автор сөзін дәлел ретінде келтіре алады. Кейіпкердің шығармалардағы іс-әрекетіне сәйкес кейіпкерлерге мінездеме бере алады. Ғылыми-танымдық және публистикалық мәтіндерден өзіне қажетті мәліметті табуды және оны берілген үлгіге (кестеге, сызбаға т.б.) Сай өңдеп, жүйелеуді. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым қатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді. Мәтін туралы ауызша және жазбаша пікір білдіруді. Әдеби кейіпкерге, туысқандарына, достарына хат, құттықтау жазуды. Көркем шығармадан алған әсерін жазбаша түрде (8-10 сөйлем) орындауды. Ауызша, жазбаша сөйлеуде мақал-мәтелдерді орынды қолдануды. Сөйлегенде, жазғанда көркем сөз, шешендік сөз үлгілерін қолдануды. Тақырыбы бір-біріне үндес шығармалардың кейіпкерлерін, оқиғаларын салыстыруды. Көркем шығармада суреттелген оқиға, кейіпкерлер іс-әрекеті мен қарым- қатынасының нақты өмірмен байланысын көрсетуді.

Қарым - қатынас сферасы. Бастауыш сынып оқушысының мұғаліммен, сыныптастарымен, басқа балалармен ынтымақтасуға жеке белсендік танытуы. Адамдармен диолог құруды әңгімелесудің ерекше формасы ретінде қалыпты мінез – құлық танытуды қажет етіп, диалог мақсатын ұғынуы. Мектепте оқу еңбегін, қоғамдық тәртіпті сақтау, табиғатқа қатынасты, даулы жағдайды мәдениетті шеше білу қарым- қатынас нормаларын игеруі. Әңгімелеу жағдайына бағдары бар: әңгімелесуші сөзін тыңдай алады, әңгімелесушінің коммуникативті еміренуін түсіне алады, әңгімелесуде өзгенің реакциясын бағалай алады, сөзін дұрыс құра біледі, қажетінше өзгертіп, түзете алады. Әртүрлі топтардың әрекетіне (ұйымдастырады, орындайды, сынайды, топтың позициясы жақтап сөйлейді, бақылай) кірісе алады, ым- ишыра, белгіні диалогке түскенде, сабақ барысындағы пікірталаста көрсете біледі. Кейбір жағдайларды анықтау үшін сұрақ қоя алады, тыңдай, түсіне, өз түсінгенін тексере алады. Автор шығармасын сынай алады, автордың негізгі ойын, идеясын түсініп, өзге шығармалармен ұқсастығын анықтайды, ойды өрбітеді, қарама-қайшылықты анықтайды, кемшіліктерді көреді. Сыныптастарымен шағын топтардың жұмыстарын сараптай алады. Хат, құттықтау, хабарландыру жаза алады. Біріккен іс- әрекетте өзі үшін, өзге үшін жауапкершілік алады.

Білімді игеру әрекеті сферасы арқылы. Оқушы өзін - өзі реттеу мен өз іс – әрекетін ұйымдастыру тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеті тек өзіне қатысты екенін түсінеді, өзін- өзі ұйымдастыру қабілеті келесі функционалдық әрекетінде байқалады:

1. Дене жаттығуларын жұмыс қабілетін жақсарту, зейінін шоғырландыру, ой – еңбегі арқылы, сөз, дене шаршауын басуда қолдану.

2. Әңгімеге тарта алады, әңгімені көзқарасымен, ым - ишрасымен, сұрақтарымен қолдай алады.

3. Өз жұмыс орнын, уақытын ұйымдастыра алады.

4. Оқу- әрекетінде белсенділік танытады, өздігінен пікір, байлам жасайды, түсінбеген тақырыптарды анықтауға талпынады, оқу әрекетінің құралдары мен тәсілдерін біледі, қажет болған жағдайда көмек сұрай алады.

5. Есте сақтаудың рационалды тәсілдерін біледі.

Оқудың мұғалім анықтаған мақсаттарын түсінеді, өз бетімен мақсат келесі жұмыстарда анықталады:

1. Мұғалімнің басшылығы, сыныптастарымен бірге оқу жағдаятын талдай алады, өз мүмкіндіктерін бағалау мен ондағы мәселелерді көре алады.

2. Біліміндегі кемшіліктерді өздігінен түсінеді, жаңа міндеттерді шеше алады.

3. Сыныптастарымен бірге сызбаға қажетті сұрақты, жетімсіз немесе қажет амалдың мақсат міндетін түсінеді, өздігінен оқу тапсырмасы мақсатын анықтай алады.

4. Мұғалім басшылығымен әртүрлі оқу мақсаттарының ара- қатынасын топтық жұмыста анықтайды, талдайды.

Оқу мақсатына жету үшін, оқу міндетін шешу үшін іс – әрекет ұйымдастыра алады: 1. Ойластыра отырып, міндеттерді шешу үшін өздігінен бірнеше әрекет түрін жоспарлайды.

2. Бір мақсатты шешуде әртүрлі жоспарды салыстырады, таңдау жасай алады.

3. Оқу міндетін шешу үшін ең тиімді құралды таңдай алады.

4. Үлкендердің көмегімен уақытқа тапсырманы бағдарлай алды.

Оқу міндеттерін орындауда қолдану шегін, шешу тәсілі мен шарттарын нақтылай алады:

1. Мемлекеттік стандартта көрсетілген талаптардан төмен емес деңгейде таныс өмірлік жағдаяттарды өздігінен тапсырмалық тұрғыда орындайды.

2. Сыныптастарымен бірге жаңа шарттардың белгілі тәсілдердегі өзгерісі мен ерекшелігін анықтай алады.

3. Өздігінен немесе өзімен жастылармен қолданылатын тапсырмалар іріктейді, тапсырманы орындау тәсілдерін түсінеді, игерген, игермеген білім шегін кіші жастағылармен анықтай алады.

4. Шапшаң, мәнерлеп, дұрыс оқи алады, оқыту барысындағы графикалық тілді қолданады, кесте, сызба, модельдермен жұмыс істей алады.

5. Қолданыс жағдайында пайда болған, іс - әрекет нәтижесіне жету үшін, кедергілерді жеңу бағытында, шешуге қатысты мәліметтер мен туындаған
сұрақтарды жинақтайды, тіркейді.

6. Заттарды сөзбен, ғылыми тұрғыда, бейнелік тұрғыда сипаттай алады, шынайы түрде бір - бірне байланысы мен қатынасын түсінеді.

Оқу ақпаратымен (оқу білігі) жұмыс атқаруға қажет қарапайым ептіліктерді игеруі
Бағдарлық (нысаналық) ептіліктер:

1. Қажеттілігіне орай мұғалім, кітапханашы ұсынған әдебиеттерді өздігінен таңдай алады.

2. Оқу мәтінінің тақырыбымен, оқу мазмұны жайлы ақпаратпен, мұқабамен, алғы сөзбен жұмыстар жасай алады.

3. Автордың негізі ойын, мәтін тақырыбында тұрған сөздің тұру мақсатын анықтап, мәтіннің сезіміне қалай әсер ететінін сипаттай алады.

4. Қандай жаңа ақпарат алатынын, оқудың барысында қандай мақсатқа жететінін, аталған ақпаратты алудың қажеттігін түсінеді.

Ақпарат құрылымы мен оны оқып- танысу тәсілін игеруі: 1. Мәтінмен жұмыс істеу мақсатын анықтап, мақсатқа жету жолын жоспарлап, өзбетінше мәтінмен танысып, мазмұнын түсініп, мәтінді мағыналық бөлімдерге бөледі, мәтінді автордың жазу мақсатына сай негізгі ойды анықтайды, мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қоя алады, логикалық және мағыналық байланыстарды көре алады, мәтінді қорытындылап, жалпылай алады. 2. Мәтін барысында анықталған оқиға желісіне байланысты мағынанық ойларды анықтап, оларды бір бөлімге біріктіре алады. 3. Мұғалім басшылығымен анықталған ақпараттың маңыздылығына баға бере алады. 4. Мәтін тақырыбының мақсаты, тақырып бойынша сұрақтардың, оқу нәтижесімен, басқа зерттеу көздерінен түскен ақпаратпен ара – қатынасын сыныптастырымен бірге ақпаратты синтездей алады.

Мәтінмен жұмыс нәтижесіне байланысты қорытынды ойды жазба түрінде жаза алу тәсілдерін игеруі:1. Өздігінен жазбаша түрде мәтіннің қарапайым не күрделі жоспарын құра алуы.2. Сыныптастарымен бірге оқыған мәтін мазмұнына байланысты графикалық кескін немесе сурет, сызба түрінде сипаттай білуі. 3. Мұғалім басшылығымен мәтінді игеру алгоритімін құра алуы. 4. Негізгі мәтін мазмұнымен графикалық кескін немесе сурет, сызбаның ара - қатынасын анықтай алады. 5. Мұғалім басшылығымен бір тақырыппен жазылған әртүрлі мәтіндерді салыстыра алады.мәтін мазмұнына орай сұрақтарды құрай алуы.

Таныс мәтінді еске түсіре отырып, талдай алу білігі: 1. Ауызша мәтін бойынша сұрақтар жүйесін, негізгі ойды қысқаша сипаттап, баяндай алуы. 2. Мәтін мазмұнын, оқылған ақпаратты жоспар, сызба бойынша кең көлемде баяндай алуы. 3. Сыныптастарымен бірге мәтін мазмұнының кейіпкерлері бейнесінде, мұғалім немесе сыншы көзқарасымен шығармашылық тұрғыда мазмұнын баяндай алуы. 4. Тақырыптары ұқсас мәтін мазмұндары бойынша оқытылған мәтін кейіпкерлер бейнесін салыстыра отырып, өздігінен мысалдар келтіре алуы, жалпы тақырып құрылымына қолдана алуы. Оқу әрекеті нәтижесі мен оқу үдерісін бақылау, баға беру тәсілдерін игеруі: 1. Атқарылған әрекетті үлгіге сай өздігінен бақылай алады. 2. Өздігінен шамасы келмейтін іс- әрекетті анықтап, көрсете алады. 3.Іс-әрекеттегі қателіктерді таба алады. 4. Сыныптастарымен бірге бақылауды қажет ететін әрекет түрлерін жұмысжоспарына ұсына алады. 5.Сыныптастарымен бірге шағын мәтіндерді түсінгенін тексеру үшін қажет тапсырмалар мен сұрақтарды құра алады. 6.Сыныптастарымен бірге мақсат, міндет, жоспарға сай оқу әрекетінің сәйкестігін анықтай алады. 7.Тапсырмалар нәтежиесіне жету үшін алдын ала бақылау тәсілдерін қолдана алады. 8. Бақылау нәтижелеріне орай оқу – әрекетіне деген өз қатынасын өзгерту. 9.Мұғалім, сыныптастарымен бірге өзін қызықтыратын зерттеу тақырыптарын құру. 10. Өздігінен оқу тапсырмаларын орындау мақсатына жету үшін жағдайы мен өлшемін бағалай алады. 11. Әртүрлі тапсырмаларды бағалау түрін анықтауға қатысады. 12. Өз ойы мен әрекетін сырттай бақылай алады. 13. Еске сақтай алуын бағалай алады.

М.А.Холодная зертеуінде жалпы білім беру процесін реформалауда екі базалық ұғымды анықтауға болатындығын, олар «түйінді құзіреттіліктер» мен «функционалдық сауаттылық» ұғымдары екені атап өтті. Аталған ұғымдар оқытудың нәтижесі және білім мазмұны бағдары ретінде қарастырылады. Ол нәтижелер оқу әрекетінде, ақпараттық қолдануда, шығармашылық іс-әрекетте, спорттық жетістікте, еңбек әрекеттері нәтижелерінде көрініс табатынын қарастырды. «Түйінді құзіреттілік» ұғымына терминдік тұрғыда үңілсек ағылшын тілінен еніп, *competence* «құзыреттілік», «құзырлылық» деген екі мағына береді. Ал құзыреттілік ұғымы қабілеттілік, біліктілік деген мағына берсе, ал құзырлылық ұғымы іс- әрекет барысындағы құзіреттілік мағынасын береді. Ал заңдық термин ретінде «құқықты» деген мағына береді. Түсіндірмелік сөздікте «құзыреттілік», «құзырлылық» ұғымдары жетістікке, немесе жетістікке жетемін, сәйкес келемін, сай келемін деген мағына береді.

Сонымен қоса М.А.Холоднаяның пайымдауынша «функционалдық сауаттылық» пен «түйінді құзіреттілік» ұғымдары табысты өмір сүріп, білім алуды жалғастыру үшін оқушы игеруі тиіс сапалық қасиеттер ретінде қарастырылады. Себебі адам өмірлік, кәсіби қызметтегі, жанұялық өмірдегі, әлеуметтік саладағы түрлі жетістіктерге жету үшін оқушы бойында келесі түйінді құзіреттіліктер қалыптасуы тиіс деп есептейді: «автономдық әрекет» (өзбетінше әрекет ету мен жеке белсенділік), «құрал қолдану» ( физикалық, әлеуметтік, тіл, техникалық т.б.), «Әртүрлі деңгейдегі әлеуметтік топтарда әрекет ету» (толеранттық таныту, адамдармен біріккен әрекетке дайын болу). Сонымен қоса М.А.Холодная «функционалдық сауаттылық» ұғымының оқу нәтижесі ретінде қолданылуымен қоса келесі айырмашылықтарын атап өтті. Олар: 1) тұрмыстық мәселелерді шешу бағытында; 2) жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайдағы өзін ұстауының сипаттамасы; 3) дәстүрлі, стериотиптік міндеттерді шешудің байланысы; 4) оқу және жазу дағдысы деңгейінің элементарлық базалық деңгейі; 6) сауаттысыздық мәселесін аз уақыт бірлігінде шешу мағынасында қолдануы.

С.Г.Вершилинский мен М.Д.Матюшкина «функционалдық сауаттылық» ұғымын мектеп түлектерінің сауаттылық көрсеткіштері ретінде қарастырады: Жалпы сауаттылық (шығарма, реферат жазу; калькуляторсыз санау, анкета, бланк толтыра алуы), ақпараттық сауаттылық (желіден қажетті мәліметті таба алуы, электрондық поштамен хат алысу, мәтін теру мен шығару), Жоғарыдағы ойларды түйіндей келе бастауыш білім беру сатысы қарапайым функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған. Бастауыш саты кіші мектеп жасындағы оқушының функционалдық сауаттылық пен әлеуметтік құзіреттіліктің қарапайым дағдылары мен қабілеттерін қалыптастырудың негізін салады. Осыған орай қарапайым сауаттылық оқу мен санаудың ауызша және жазбаша тілін, әлеуметтік әрекеттерді (адамдармен қарым-қатынасқа түсу дағдысы, біріккен әрекетті жүзеге асыру, қоғамның талаптарына сай өзін - өзі ұстау) дағдылары қалыптасады. Қоғам бастауыш сынып мұғалімі алдына кіші мектеп оқушысы тұлғасын дамытуды қамтамасыз ету шартын қояды. Ондай міндеттерді шешудің құралы болып оқу әрекеті жатады. Оқушының функционалдық сауаттылық пен әлеуметтік құзіреттіліктің қарапайым дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруда бастауыш білім беру сатысының мақсат пен міндеттерінің басымдығын анықтау шарты - осы жастық кезеңнің психологиялық даму заңдылығын есепке алынуы, қойылған мақсаттың қол жетімді болуын қамтамасыз етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функциональдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, – Алматы, 2012. – Б: 42-47.

2. Рауандина А.К. «Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі» автореферат дисс. – Алматы, 2010. - 26 б.

3. Выготский Л.С. Психология развития человека. – М.: Смысл, 2006. – 48 с. 4.

4.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының баспа кабинеті, 2000. – 30 б.

ӘОЖ 332.116

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ НЕГІЗДЕРІ

**ЖУСАНБАЕВА ГУЛШАТ БЕЙСЕНОВНА**
«Ақбота» бөбекжай-бақшасының МКҚК әдіскері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме**. Данная статья посвящена эстетическому воспитанию дошкольников. Эстетическое воспитание учит человека ценить красоту мира. Искусство поощряет признание, почитание произведений, а напротив, формирует негативное отношение к уродству.

**Summary.** This article is devoted to the aesthetic education of preschoolers. Aesthetic education teaches a person to appreciate the beauty of the world. Art encourages recognition, veneration of works, but on the contrary, forms a negative attitude towards ugliness.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту «жеткіншектердің жеке басын қалыптастыруға, оның ішінде эстетикалық талғамды қалыптастыруға бағытталуы керек екендігі Қазақстан Республикасының білім туралы заңында көрсетілген. Баланың мектеп жасына дейінгі болмыстың эстетикалық құбылыстарын байқау, көру, жіктеу, талдау, рухани байыту қабілетін дамытудың маңызы өте зор. Сондай-ақ шындық пен өнер туындыларының сұлулығына тамсану сияқты маңызды дағдыны қалыптастыру қажет» [1].

Р.Қоянбаев «Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді. Өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды, оған керісінше ұсқынсыздыққа жағымсыз көзқарасты қалыптастырады» [2,34б],- деп, өнер арқылы эстетикалық тәрбие беру жолдарын қарастырған. Есімі әлемге әйгілі, екінші Аристотель атанған Әл-Фараби өзінің ғылыми еңбектерінде «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, оның барлығы апат әкеледі» десе, ұлы Абай кезінде «Атаның баласы болма, адамның баласы бол! Әкенің баласы – дұшпаның, адамның баласы – бауырың» деген еді.

С.И. Ожеговтың түсіндірме сөздігінде «тәрбиелеу» әрекетіне бірден үш анықтама берілген:

«1. Баланы тәрбиелеу - рухани және дене дамуына әсер ету, тәрбие беру, мінез-құлық ережелерін үйрету.

2. Жүйелі әсер ету, формаға әсер ету (мінез, дағды).

3. Біреудің бойына әдемілікті сіңіру»[3,26б] .

М.М. Рукавицын педагогика эстетикалық тәрбиені қоршаған шындықтағы – табиғаттағы, қоғамдық өмірдегі, еңбектегі, өнер құбылыстарындағы сұлулықты мақсатты түрде қабылдау, сезіну және дұрыс түсіну және бағалау қабілетін тәрбиелеу» деп айтқан. Жоғарыда берілген анықтамалардың барлығында эстетиканың әсемдік туралы ілім, ал тәрбиенің әлеуметтік тәжірибені аға буыннан жас ұрпаққа беру процесі екені анық.

Демек, эстетикалық тәрбиенің анықтамасына келетін болсақ, яғни педагогикалық сөздікке жүгінсек, онда «эстетикалық тәрбие» «өсіп келе жатқан тұлғаның бойында қабілеттерді дамытуға және жетілдіруге ықпал ететін тәрбиешілер мен мектеп жасына дейінгі балалардың мақсатты әрекеті деп түсіндіріледі. Өмірдегі және өнердегі әсемдікті қабылдау, дұрыс түсіну, бағалау және жасау, шығармашылыққа белсенді қатысу, сұлулық заңдылықтары бойынша жасау. Ал эстетикалық сөздікте эстетикалық тәрбие термині адамның шындыққа белгілі бір эстетикалық қатынасын қалыптастыру ретінде берілген.

эстетикалық тәрбие процесінде тұлғаның осы қоғамда қалыптасқан олардың мінезі туралы идеяларына сәйкес эстетикалық құндылықтар әлеміне бағдарлануы және осы құндылықтармен таныстыру дамиды. Сонымен қатар эстетикалық тәрбиеде адамның эстетикалық тәрбие мен тәжірибе алу қабілеті, оның эстетикалық талғамы мен идеалы, сұлулық заңдылықтары бойынша жасампаздық, өнерде және одан тыс эстетикалық құндылықтарды жасау қабілеті қалыптасады және әзірленді» [3,32].

«Эстетикалық тәрбие» ұғымы эстетикалық тәрбие теориясындағы ең жалпы ұғым. Ол өзіне тәуелді бірқатар ұғымдарды қамтиды. Олардың ішінде мыналарды атап өту керек: эстетикалық даму, эстетикалық талғам, эстетикалық идеал, эстетикалық сезім. Эстетикалық даму – баланың бойында эстетикалық қабылдаудың, шығармашылық қиялдың, эмоционалдық тәжірибенің белсенділігін, сондай-ақ рухани қажеттіліктердің қалыптасуын қамтамасыз ететін маңызды күштердің мақсатты түрде қалыптасу процесі.

Б.М. Неменский «эстетикалық тәрбиенің адамның ойлауын, сөйлеуін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге игі ықпалын тигізетіні туралы, сонымен қатар адам сұлулыққа бет бұрып, оның үйлесімділігін сұлулықта сезінсе, қиындықтарға төтеп беріп, өмірдің дұрыс жолын табуға көмектеседі». Сондай-ақ автор «эстетикалық тәрбиенің адамның ойлауын, сөйлеуін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге игі ықпалын тигізетіні туралы, сонымен қатар адам сұлулыққа бет бұрып, оның үйлесімділігін сұлулықта сезінсе, қиындықтарға төтеп беріп, өмірдің дұрыс жолын табуға көмектеседі.

Бөбекжайдағы білім беруді интеллектуалды жаңғырту - бұл саяси және жалпыұлттық міндет ретінде білім беру ортасын қалыптастыру, балалардың бастамасын, шығармашылықты дамытудың дербестігін, балалардың моторлық және танымдық белсенділігін таңдау еркіндігін, ересек пен баланың ынтымақтастығын ынталандыру үшін жүзеге асырылады. Біздің бөбекжайдың ұйымдастырушылық-педагогикалық моделін құру мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы жүйелі өзгерістерге жауап болды. Әзірленген модельде миссия мен мақсат толығымен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында белгіленген болашақ дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Олар ұйымдастырылған іс-шаралар мен балалар іс-әрекетінің түрлері арқылы жүзеге асырылады, мұның бәрі диагностика және мониторинг арқылы проблемаларды анықтауға және жедел әрекет етуге және балалармен ұйымдастырылған іс-әрекет деңгейіне шығуға көмектеседі. Күшейту-бұл ойын әдістері мен технологиялары арқылы ойын әрекеті, әр түрлі іс-әрекеттерді кіріктіру және бөбекжайда жасалған әр түрлі білім беру бағдарламалары және мұның бәрі біздің заттық даму ортамыздың жазықтығында және нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымның түлегі өмірге дайын және Біз дамытатын болашақ дағдыларын көрсетеді.

Білім беру процесін модернизациялау – бұл қиындық емес, балалармен жұмыс істеудің тиімді түрлерін шығармашылық іздеуге немқұрайлы қарау емес, бұл уақыт талабы. Педагогтің кәсіби қызметі, егер ол тек бір рет игерілген жұмыс әдістерін көбейту ретінде құрылса, егер ол педагогтің жеке басының дамуына ықпал етпесе, білім берудің жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін объективті қолданыстағы мүмкіндіктерді жүзеге асырмаса, жеткіліксіз. Бүгінгі таңда шындық мынада, кәсіби тұрғыда үнемі өсіп отыру қажет.

Зияткерлік жаңғыртуды іске асыру шеңберінде «қоршаған орта және азаматтық сауаттылық» бағытында балалармен және ата-аналармен «Шеберлер қаласы» тақырыбында Адамгершілік, жауапкершілік, сенім құндылықтарына негізделген түрлі қолөнермен танысу бойынша бірлескен іс-шара өткізілді. Ата-аналармен ынтымақтастықты дамытып, ерте жастан бастап Қазақстанның түрлі халықтарының мәдениеттеріне деген қызығушылық пен құрметті дамыту жолымен Қазақстандық патриотизмге тәрбиеленді. Іс-шараны өткізу барысында ата-аналар мен балалар Қазақстанда және басқа республикаларда қолөнердің пайда болу тарихымен танысты. Өз пікірін білдіру, диалог жүргізу, адамның әлеуметтік қоғамдағы әлеуметтік рөлін меңгеру, Отан, отбасы ұғымдарының патриоттық сезімін тәрбиелеу мақсатында тәрбиеленушілер арасында «Мен - Қазақстандықпын!» іс-шарасы өткізілді. Біздің қаламыздың көше атауларында қаламыздың тарихы мен өмірі ғана емес, бүкіл еліміз де көрініс табады. Педагогтер тәрбиеленушілерге «Менің қаламның көшелері» тақырыбындағы креативті жобаларды жүзеге асыруда қоршаған әлемнің мәдени мұрасы мен сұлулығын көрсетті. Жылдар өтеді, ұрпақтар ауысады, бірақ ұлы адамдар туралы естелік өскелең ұрпақтың санасында қалады.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық модельді іске асыру үшін бөбекжай ұжымы бөбекжайды зияткерлік жаңғырту бойынша жұмыстың екі бағытын таңдады:

1.Қоршаған орта және азаматтық сауаттылық

2.Медиа сауаттылық

Білім беру процесін модернизациялау – бұл қиындық емес, балалармен жұмыс істеудің тиімді түрлерін шығармашылық іздеуге немқұрайлы қарау емес, бұл уақыт талабы. Педагогтің кәсіби қызметі, егер ол тек бір рет игерілген жұмыс әдістерін көбейту ретінде құрылса, егер ол педагогтің жеке басының дамуына ықпал етпесе, білім берудің жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін объективті қолданыстағы мүмкіндіктерді жүзеге асырмаса, жеткіліксіз. Бүгінгі таңда шындық мынада, кәсіби тұрғыда үнемі өсіп отыру қажет.

Эстетикалық тәрбиенің нәтижесі өнерге деген сүйіспеншілік, балалардың эстетикалық қабылдау мен пайымдау саласында, сонымен қатар белгілі бір қолжетімді өнер түрлерінде қабілеттерін дамыту болуы керек. Сондай-ақ эстетикалық тәрбиенің нәтижесі әсемдікті күнделікті өмірге, ұжымның өміріне, оның мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа енгізуге мүмкіндігінше қатысу қажеттілігі мен қабілетін дамыту болып табылады. Балаларда эстетикалық тәрбиенің

қалыптасуын тексеру үшін критерийлерді білу керек. Сондай-ақ жеке тұлғаның эстетикалық тәрбиесінің критерийлері ретінде оның өзіндік жеке іс-әрекеті, сыртқы түрі, асыл мінез-құлқы, мұнда жоғары талғам маңызды рөл атқарады.

Мектепке дейінгі жасындағы балалық шақ эстетикалық тәрбие беру және өмірге адамгершілік-эстетикалық көзқарасты қалыптастыру тұрғысынан ең шешуші кезең болуы мүмкін. Дәл осы жаста тұлғаның маңызды моральдық және эстетикалық қасиеттерін анықтайтын шындыққа эстетикалық қатынастың ең қарқынды қалыптасуы жүреді. Эстетикалық тәрбие күрделі және ұзақ мерзімді процесс екенін атап өткен жөн сондықтан баланың барлық жасында жүйелі түрде жүргізілуі керек.Бірақ балаларда белгілі болғандай, әрбір жас психикалық және дене дамуының жеке жас ерекшеліктерімен сипатталады. Сондықтан эстетикалық тәрбие беру тиімді болуы үшін мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін білу қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V09TH000166

2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы: Политра, 2002. -152 б.

3. Құрманбекова Ж. Эстетикалық тәрбие берудің кейбір жолдары. –Алматы:Самұрық, 2007. – 134б.

ӘОЖ 323.62

## МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**АСЕМОВ АСЫЛХАН СӘРСЕНБЕКОВИЧ**

«Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме**.В статье рассматривается уровень профессиональной деятельности педагога-тренера по физической культуре и спорту. Труд учителя-тренера по физической культуре и спорту, как и любая другая педагогическая деятельность, научно анализируется как многоуровневый. Примеры доказывают, что постоянное совершенствование профессионального мастерства преподавателя-тренера по физической культуре и спорту приводит к хорошим результатам.

**Summary.**The article considers the level of professional activity of a physical education and sports teacher-coach. The fact that the activity of a physical education and sports teacher-coach, like any other pedagogical activity, is multi-level is analyzed on a scientific basis. It is proved by examples that the improvement of the professional skills of a physical education and sports teacher-coach leads to good results.

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі оқу бағдарламаларын құрастыру бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде мектеп оқушыларын қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесі мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық

процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, дене тәрбиесі міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен дене мәдениетін меңгерген маман даярлаудың маңыздылығы артуда. Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады.Жалпы орта мектептердегі «Дене тәрбиесі» пәнінің мақсаты әлі күнге дейін толықтыруды қажет етеді, осыған орай оның ғылыми негізделген бағыт-бағдарын жасау қажеттілігі туындайды. Осы бағыттағы ізденістердің тиімдісі дене тәрбиесі сабағында дәстүрлі емес оқыту құралдарын қолдануды зерттеу болып табылады.Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

«Дене тәрбиесі теориясында әртүрлі ұғымдар (түсініктер): дене дамуы, дене әзірлігі, дене жетілуі, дене тәрбиесі, дене машықтығы, дене тәрбиесі білімі, дене жаттығулары, спорт, дене тәрбиесі мәдениеті және т. б. Қолданылады әртүрлі құбылыстарды көрсете отырып, олар бір-бірімен тығыз байланыста болады. Қазіргі кезде қолданылып жүрген ұғымдар қоғамның тарихи дамуының әр дәуірінде пайда болған. Олардың мазмұны дене тәрбиесі жөніндегі ғылымның және оның практика жүзінде жүзеге асырылуының дамуына қарай тереңдеп, нақтыланып келеді» [1,26б]. Болашақ спортшылар техникалық-тактикалық даярлау дидақтикалық қағидаларға: санаға, белсенділікке, көрнекілікке, жүйелілікке, қол жетерлікке және ашықтыққа сәйкес жүргізіледі.

Сонымен бірге спорт физиологиясында да, теориясында да дағдыларға үйрету жөніндегі зерттеулер стандартты жағдайларда жүргізілгендіктен дәл осындай жағдайлардағы қозғалыс дағдыларын қалыптастыру әдістері жалпы танылған болып табылады. Бұл зерттеулер шартты рефлекторлы теорияға негізделеді, осыдан шыға отырып, оқылатын әрекетті көп мәрте қайталай отырып, қозғалыс дағдысы қалыптасады.Сонымен бірге, спорттық күрестегі техниканы үйренудің негізгі күрделілігі дағды құрылымы қарсыластың белсенді қарсыласуынан вариативтіліктің жоғары дәрежесінен туындайды. Сондықтан да техникалық-тактикалық даярлық мазмұны мен әдістерін анықтауда әртүрлі тәсілдер болады. Кең таралған тәсілдердің бірі Н.М.Галковский ұсынған техникалық әрекеттерді орындау қағидаларын таңдауға негізделген тәсіл болып табылады. Автор қарапайым және күрделі техникалық-тактикалық әрекеттерді жетілдіруді қарастыра отырып, негізгі көңілді шабуылдаушы әрекеттер рөліне аударды.

Дене шынықтыру және спорт бойынша мамандарды кәсіби даярлауды жаңғыртудың өзектілігін растау жеке адамның және қоғамның қажеттіліктерін тез өзгертетін адам өмірі мен қызметінің жағдайлары, жоғары дене шынықтыру мазмұнының білім берудің жаңа әлеуметтік талаптарына сәйкес келмеуі болып табылады. Бұдан басқа, қазіргі отандық педагогикалық жүйеде дене шынықтыру жоғары оқу орындарының (факультеттердің) оқу-тәрбие процесі шеңберінде дене шынықтырудың теориялық және технологиялық әлеуетін игеруде мәселелер де бар. Бұл дене шынықтыру білімінің, мектеп оқушысының кәсіби және жеке қасиеттерінің сапасын арттырмайды, мұғалімдер мен жаттырықтырушылардың құрамының кәсіби деңгейін қолдамайды. «Жоғары кәсіптік дене шынықтыру білімінің ескі жүйесінде адамның психофизикалық және әлеуметтік-мәдени компоненттері туралы білімнің сәйкессіздігі бар, бұл дене шынықтыру мен спорт феноменін интеграциялауға, дүниетанымдық базаны мақсатты және сапалы құруға және дене шынықтыру мен спорт құралдарын Ұлттық қауіпсіздік пен елдің әл-ауқаты, өміршең әлеуметтік белсенді жас ұрпақты даярлау мүддесі үшін пайдалануға мүмкіндік бермейді. Қазіргі жағдайда дене шынықтыру және спорт бойынша мұғалім-жаттықтырушының кәсібилігінің тиімділігі үшін оның кәсіби қызметінің жоғары деңгейі пайда болады» [2,53б]. Дене шынықтыру және спорт бойынша мұғалім-жаттықтырушының қызметі, кез келген басқа педагогикалық қызмет сияқты, көп деңгейлі болып табылады. Сондықтан дене шынықтыру және спорт бойынша мұғалім-жаттықтырушының қызметін педагогикалық дүниетанымды, педагогикалық сананы, педагогикалық ойлау мәдениетін,педагогикалық қызметтің қазынасын қамтитын, нәтижесінде оның кәсіби дайындығын қалыптастыратын және инновациялық, спорттық және білім беру мекемелерінде олардың кейінгі жұмысының табыстылығы мен өнімділігін арттыруға ықпал ететін көп деңгейлі білім ретінде қарастырған жөн.

Дене шынықтыру және спорт – бұл адамдардың оптималды физикалық даму,қоғамдық белсенді тұлғаны сипаттайтын рухани және адамгершілік қасиеттерді қатар тәрбиелейтін

қабілеттермен байланысты және әр адамға тән физикалық қасиеттерді жан-жақты жетілдіру мүмкіндігін іске асыру; осының негізде қоғамның әрбір мүшесінің жемісті еңбек пен басқа да қоғамдық маңызды қызмет түрлеріне дайындығын қамтамасыз ету. Адамдар дене шынықтыру мен спорттың өз өміріндегі рөлін басқаша көреді. Кейбір адамдар жай ғана спорттық жарыстарды тамашалауды жөн көреді, ал басқалары оларға тікелей қатысады немесе спорттың қандай да бір түрімен немесе жалпы дене шынықтырумен белсенді айналысады.Бірақ кез келген жағдайда дене шынықтыру мен спорт адамның жеке басының қалыптасуына және жан-жақты дамуына ең жақсы әсер етеді. Сондықтан дене шынықтыру мен спортты дамыту, оларды қалың бұқараға таныстыру мәселесі елімізде де, бүкіл әлемде де әрқашан өзекті болып қала бермек. «Дене шынықтыру мен спорт адамның жеке тұлғасын әлеуметтік қалыптастыру мен дамытудың, оның жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерін жетілдіретін қуатты құрал ретінде бұрын да әрекет етіп келгені және қазір де әрекет ететіні белгілі. Басқаша айтқанда, дене шынықтыру және спорт – ең басты шарт, ал дене тәрбиесі жеке тұлғаның жан-жақты және үйлесімді дамуының ең маңызды құралы болып табылады» [3,11-14бб].

«Дені саудың жаны сау» деп халқымыз бекер айтпаған. Дене мәдениеті әлеуметтік құбылыс ретінде дене шынықтыру – денсаулықты нығайтуға, адамның дене қабілеттерін дамытуға және оларды әлеуметтік тәжірибенің қажеттіліктеріне сәйкес пайдалануға бағытталған әлеуметтік қызмет саласының бірі. Қоғамдағы дене шынықтыру жағдайының негізгі көрсеткіштері: адамдардың денсаулығы мен дене дамуының деңгейі; дене шынықтыруды тәрбие мен білім беру саласында, өндірісте, күнделікті өмірде пайдалану дәрежесі және бос уақыттың құрылымы, дене тәрбиесі жүйесінің табиғаты, бұқаралық спорттың дамуы, ең жоғары спорттық жетістіктері және т.б. Дене шынықтыру қарым-қатынаста, ойында, ойын-сауықта және жеке өзін- өзі көрсетудің кейбір түрлерінде әлеуметтік белсенді пайдалы әрекеттер арқылы әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырады. Дене шынықтыру – адам өмірінің ажырамас бөлігі. Ол адамдардың оқуы мен жұмысында өте маңызды орын алады. Дене шынықтыру жаттығулары қоғам мүшелерінің іс-әрекетінде маңызды рөл атқарады, сондықтан дене тәрбиесі бойынша білім мен дағдыларды әртүрлі деңгейдегі оқу орындарында кезең-кезеңімен дамыту қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Баранов В.Н. Дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттары / В.Н. Баранов, Б.Н. Шустин // Психология, педагогика және білім берудің өзекті мәселелері: мақалалар жинағы. Ғылыми tr. III халықаралық қорытындысы
бойынша ғылыми- практикалық конференциялар. – 2016. – Шығарылым. 3. – 890 б.

2.Састамойнен Т.В. 21 ғасырдағы адам денсаулығы мәселесі / Т.В. Састамойнен // Денсаулық және дене шынықтырудың өзекті мәселелері. – 2014. – No 1. – 11-14 б.

3.Саяпина С.Г. Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеулердің өзекті мәселелері / С.Г. Саяпина // Жас ғалымдар форумы / РЭУ им. Г.В. Плеханов атындағы
Кемерово институты (филиалы). – Кемерово, 2017. – 162-167 б.

ӘОЖ 314.242

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ БІЛІМ АЛУҒА ДЕГЕН ЫНТАСЫН АРТТЫРУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**ЖАТТОЕВА САЛИМА ИЛЬЯСОВНА**
«Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы

**Резюме.** В статье авторами обосновано, что одной из актуальных проблем современной школы, социально значимой проблемой является формирование мотивации к учебе в младшем школьном возрасте. Делается вывод о том, что ее актуальность тесно связана с определенными особенностями, в частности с обновленным содержанием образования, формированием у школьников методики самостоятельного получения знаний и познавательного интереса, формированием у них активного образа жизни.

**Summary.** In the article, the authors substantiate that one of the urgent problems of the modern school, a socially significant problem is the formation of motivation to study at primary school age. It is concluded that its relevance is closely related to certain features, in particular, to the updated content of

education, the formation of a methodology for self-acquisition of knowledge and cognitive interest among schoolchildren, and the formation of an active lifestyle in them.

Заманауи мектептің көкейтесті мәселелерінің бірі, әлеуметтік маңызы бар мәселе мектеп жасында оқуға деген ынтасын қалыптастыру деп атауға болады. Оның өзектілігі білім беру мазмұнының жаңаруымен, мектеп оқушыларының бойында білім мен танымдық қызығушылықты өз бетінше меңгеру әдістемесін қалыптасуы, олардың бойында белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастырумен тығыз байланысты. Ынта оқуда маңызды функцияларды орындайды, мінез-құлықты ынталандырады, бағыттайды және ұйымдастырады, оған жеке мағына мен мән береді. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру танымдық қызығушылықты дамыта отырып, тұлғаның дамуын қамтамасыз ететін: ізденімпаздық, белсенділік, шығармашылық сияқты қасиеттерді қалыптастыруға көмектесетіні тағы бар. Интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттері әртүрлі деңгейдегі оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына көптеген мүмкіндіктер туындатады. Ғалым С. Б. Бабаевтың пікірінше «оқуғы ынталандыруды қалыптастыру кейде өздігінен жүреді, бұл арнайы мақсатты жүйелі жұмыстың пәнінен гөрі алдыңғы қатарлы мұғалімдердің жетістіктерінің нәтижесі» [1, 201б].

Мектеп өміріндегі үш-төрт жылда сеп-түрткілер үлкен өзгерістерге түседі. Үшінші немесе төртінші сыныпта оқушылардың өздеріне тән жалпы оқуы мен оқу пәндеріне болған танымдық қызығулары пайда болады. Сыныптағы өз бе-делдерін көтеріп, тұрақтандыру ниеті бірте-бірте балалардың көбінің жетекші себеп түрткісіне айналады. Осыдан үшінші сынып оқушыларының, әсіресе төртінші сыныпта жоғары баға алуға деген ұмтылыстары күшті келеді. Оқушының дәлелі: «Төмен баға алсам, үйде мені ұрсады».Зерттеулер көрсеткендей, кіші мектеп жасындағы оқушылардың ұнамды оқу себеп түрткілері қалыптасуы үшін қолайлы және қолайсыз жағдайлар кезігеді. Қолайлы жағдайлар арасында:

1) көпшілік 6-9 жастағы балалардың мектепке ұнамды қатынасы;
2) мұғалімге толық сенім арту;
3) жаңа әсерлерге деген құштарлы қажеттік;
4) табиғи зерделілік.

Қолайсыз жағдайлар:

1) тұрақсыз зейін;
2) ауыспалы қызығулар;
3) ерік қасиетінің қалыпқа түспеуі.

Көптеген оқушылар іс-әрекеттерге еліктеумен қатысады, ал енді қандай да бір істі өзі орындауы қажет болып қалса, мұғалімнің көрсетпелерін күтіп, күйзеліске түседі, яғни сабақтың нәтижесіне (жақсы баға) көзі жетсе ғана, жұмысқа кіріседі.»Көптеген кіші жастағы оқушылардың оқуға ынтасының ерекшелігі мұғалімнің талаптарын сөзсіз орындау болып табылады. Оқуға деген әлеуметтік ынтасының күштілігі сонша, олар мұғалімнің айтқанын не үшін орындау керектігін түсінуге тырыспайды» [2, 165б].

Олар тіпті ең қызықсыз және пайдасыз жұмыстарды мұқият орындайды, өйткені олар үшін тапсырмалар өте маңызды. Бұл аспектінің де оң жағы бар, өйткені мектеп оқушыларына белгілі бір қызмет түрінің мәнін ұдайы түсіндіру бастауыш сынып мұғалімі үшін қиынға соғады. Оқытудың әртүрлі әлеуметтік мотивтерінің ішінде негізгі рөлді жоғары баға алу мотиві атқарады. Оқытудың қалған әлеуметтік мотивтері – парыз, жауапкершілік, білім алу қажеттілігі бастауыш сынып оқушыларымен танылып, олардың оқу әрекетіне мән береді. Үлгерімі төмен оқушыларының ынтасы жақсы оқитын сыныптастарымен салыстырғанда өзіне тән белгілерімен ерекшеленеді. Баға алу мен мақұлдау үшін күшті мотив болған жағдайда олардың әлеуметтік мотивтерінің шеңбері тарылып, жалпы оқуға ынтаны қалыптастырады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқуға ынтасын қалыптастыруда мұғалімнің жеке тұлғасы және оның оқу-педагогикалық іс-әрекет стилі ерекше маңызға ие. Сонымен бірге ұжым, оқушы өмір сүретін және әрекет ететін әлеуметтік орта, осы ортада қабылданған дәстүрлер, көзқарастар мен сенімдер ерекше рөл атқарады. Мектеп оқушыларының «оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін әлеуметтік орта, өйткені ересектер көрсеткен мінез-құлық үлгілеріне еліктеп, қайталауға ұмтылады. Оқушы үшін үлкендердің үлгісі және олардың құбылысқа қатысының маңызы зор» [3, 162б]. Егер ересектер оқуға және оқу процесіне қызығушылық танытса, балада да оқу мотиві, оқуға ынтасы қалыптасады. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында афроамерикалық балалар өздерінің әлеуметтік орталарында мектеп емес, спорттық жетістіктер үлкен жетістік деп есептелетіндіктен, олардың оқуына көп көңіл бөлмейді

деген мәселе бар. Осылайша, оқушының ынтасы ата-ана мен баланың әлеуметтік ортасы қандай құндылықтарды қолдайтынына байланысты қалыптасады. Мұнда ата-ананың қандай позицияға байланысты екендігі де маңызды - мотивацияның процеске немесе нәтижеге бағытталғандығы. Ата-ана баланы жетістікке жетуге талпындырса, жіберілген қателіктер баланың қызығушылығы мен ынтасын төмендетеді, оқудан ләззат алуға көңіл бөлу тереңірек оқуға және білім алу процесіне қызығушылықты дамытуға ықпал етеді. Ендеше, оқушының оқуға ынтасына жанұяның және олардың айналасындағы адамдардың әлеуметтік көзқарастары мен сенімдері үлкен әсер етеді деп айта аламыз.

Зерттеуші А.В. Музыченко «мектеп оқушыларының танымдық мотивациясының дамуының үш деңгейін анықтайды:

– кең танымдық мотив, яғни оқушыға тән жаңа білімді меңгеруге бағытталуы;

• жасөспірімдік кезеңге сәйкес білім алу әдістерін меңгеруге итермелейтін оқу-танымдық мотив;

• өзін-өзі тәрбиелеу мотиві, бұл жетілген танымдық мотив жоғары мектеп жасында көрінеді» [4, 108б].

Кіші мектеп жасы баланың оқу іс-әрекетіне алғаш енуімен, оқу әрекетінің түрлерін меңгеруімен сипатталады. Оқу іс-әрекетінің әрқайсысы өзіндік қалыптасу процестерінен өтеді. Кіші мектеп жасында оқуға деген мотивация әртүрлі бағытта дамиды. Кең танымдық мотивтер (білімге деген қызығушылық) осы жастың ортасында тәрбиелік-танымдық мотивтерге (білімді меңгеру тәсілдеріне қызығушылық) айналуы мүмкін; Өзін-өзі тәрбиелеудің әзірге қарапайым түрде берілген себептері – қосымша ақпарат көздеріне қызығушылық, қосымша кітаптарды анда-санда оқу. Кең әлеуметтік мотивтер бала бірінші сыныпқа келгенде оқудың әлеуметтік маңыздылығын жалпы сараланған түсінуден әлеуметтік мотивтерді тиімдірек ететін оқу қажеттілігінің себептерін тереңірек түсінуге дейін дамиды . Бұл жастағы әлеуметтік мотивтер баланың мұғалімнің ықыласына ие болуға ұмтылуымен көрінеді. Бұл жаста оқу мақсатын қою қарқынды дамиды. Кішкентай оқушы мұғалімнен мақсат қоюды түсінуді және қабылдауды үйренеді. Бала мектепке барғанда, оның өмірінде күрт өзгеріс болады. Бала бұл өзгерістерге психологиялық және физикалық тұрғыдан дайын. Оқу кезінде бала физикалық және ақыл-ой дамуын жалғастырады. Н.В.Уминованың пікірінше, оқу қызметінің құрылымы келесі компоненттерден тұрады: оқу іс-әрекетінің мазмұны болып табылатын ғылымдарды игерудің мақсаты мен нәтижесі; теориялық білім алу үшін қажеттіліктер; мотивтер, білімді көбейту тәсілдері; оқу жағдайлары, міндеттерді шешудің жалпы тәсілін меңгеру; оқу мен операциялары, бақылау және бағалау әрекеттері. Атап кететін бір жайт, ол әрине дене үнемі өсіп, дамиды. Мысалы қыздарда 9 жасқа дейін және ұлдарда 11 жасқа дейін біркелкі өсу байқалады, содан кейін қыздар жігіттердің өсуінен озып кетеді. Алты жасар баланың миының салмағы ересек адамның салмағын ала бастайды. Сондықтан жүйке процестерінің қозғалғыштығы артады, бұл балаларға мұғалімнің талаптарына сәйкес мінез-құлқын тез өзгертуге мүмкіндік береді.

Осылайша, әр жас кезеңінде мотивацияның дамуына серпін баланың объективті өмір сүру жағдайларының өзгеруі, оның әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орны болып табылады, бұл өз кезегінде адамның жаңа мәртебесіне қатысты ішкі позициясын қалыптастыруға әсер етеді. Әр түрлі жас кезеңдеріндегі оқытудың әлеуметтік мотивациясының динамикасы оқу іс-әрекетінің мотивтерінің мазмұнын, сипаты мен рөлін өзгертуден тұрады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Бабаев С.Б. Бастауыш мектеп педагогикасы.- Алматы: Заң әдебиеті, 2007. -412 бет.

2 Агапова, И. А. Авторские сценарии внеурочных занятий с младшими школьниками на темы этикета / И.А. Агапова, М.А. Давыдова. - Москва: СИНТЕГ, 2021 . - 256 с.

3. Вайндорф-Сысоева М.Е. Педагогика. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 197 с.

4. Музыченко, А.В. Психолого-педагогическое сопровождение развития самооценки младшего школьника // Ярославский психологический вестник. – 2018 – № 3 – С. 107-111.

ӘОЖ 37.748.02

# МАТЕМАТИКА МЕН ЛОГИКАНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖӘНЕ КРИТИКАЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМЫТУ

**ТАМЕЕВА У.М., КУДАБАЕВА А.Н., ЖЫЛҚЫБАЕВА Қ.Б.**
Нығметулла Киікбаев атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются пути развития творческого и критического мышления учащихся посредством эффективного использования математических и логических заданий в учебном процессе. Математические задачи и логические упражнения способствуют повышению мыслительной активности учащихся, формированию навыков анализа, сравнения, аргументации и обобщения. В ходе исследования выявляется эффективность творческих заданий, игровых элементов и методов, направленных на развитие критического мышления, в повышении познавательного интереса учащихся начальных классов. Систематическое использование математики и логики способствует свободному выражению мыслей учащихся, принятию нестандартных решений и развитию самостоятельного мышления.

**Summary.** This article examines ways to develop students' creative and critical thinking through the effective use of mathematical and logical tasks in the educational process. Mathematical problems and logical exercises enhance students' cognitive activity and contribute to the development of skills such as analysis, comparison, reasoning, and generalization. The study identifies the effectiveness of creative tasks, game-based elements, and methods aimed at fostering critical thinking in increasing the cognitive interest of primary school students. The systematic use of mathematics and logic promotes students' ability to express their ideas freely, make non-standard decisions, and develop independent thinking.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың тек білімін ғана емес, олардың шығармашылық және критикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Бастауыш сыныпта бұл қабілеттерді қалыптастыруда математика мен логикалық тапсырмалардың орны ерекше. Себебі математика – ойлау, талдау, салыстыру және қорытынды жасауға үйрететін негізгі пәндердің бірі.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың тек білім алуымен шектелмей, олардың жеке тұлғалық қабілеттерін, әсіресе шығармашылық және критикалық ойлау дағдыларын дамытуды басты мақсат етіп қояды. Бұл тұрғыда бастауыш сынып кезеңі – баланың ойлау қабілетінің негізі қаланатын маңызды кезең. Математика пәні логикалық ойлауды, талдау мен салыстыруды, дәлелдеу мен қорытынды жасауды талап ететіндіктен, шығармашылық және критикалық ойлауды дамытуда ерекше орын алады.

**Математика мен логиканың рөлі**

Математика сабағында қолданылатын логикалық тапсырмалар оқушыларды:

-өз ойын дәлелдеуге;

-түрлі шешу жолдарын табуға;

-мәселені жан-жақты талдауға;

-деректерді салыстырып, қорытынды жасауға үйретеді.

Логикалық есептер баланың сын тұрғысынан ойлауын дамытып, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдау қабілетін арттырады [1].

**Математика мен логиканы қолданудың педагогикалық негіздері**

Математика сабағында логикалық тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың ойлау белсенділігін арттырады. Логикалық есептер арқылы оқушы:

мәселені талдайды;

себеп-салдар байланысын анықтайды;

бірнеше шешу жолын қарастырады;

өз ойын дәлелдеп үйренеді.

Бұл әрекеттер оқушылардың критикалық ойлау қабілетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар шығармашылық тапсырмалар оқушыны стандартты емес ойлауға, өз бетімен шешім қабылдауға жетелейді.

**Шығармашылық ойлауды дамыту жолдары**

Бастауыш сыныпта шығармашылықты дамыту үшін келесі әдістер тиімді:

Ашық сұрақтар (бір ғана дұрыс жауабы жоқ тапсырмалар);

Ойын элементтері (математикалық ойындар, ребустар, жұмбақтар);
Зерттеушілік тапсырмалар (өз бетінше есеп құрастыру);
Модельдеу және сурет арқылы есеп шығару.
Мысалы:
«Берілген сандарды пайдаланып, өзің қызықты есеп құрастыр» «Есептің бірнеше шешу жолын тап» [2]

**Критикалық ойлауды дамыту әдістері**

Критикалық ойлауды дамыту үшін:
«Неге?» деген сұрақты жиі қою;
шешімнің дұрыстығын дәлелдету;
қате жауапты талдау;
салыстыру және жіктеу тапсырмаларын қолдану қажет.
Мысалы:
«Бұл шешім дұрыс па? Неліктен?»
«Қай тәсіл тиімді? Себебін түсіндір.»

Бастауыш сыныпта математика мен логиканы тиімді қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық және критикалық ойлау қабілеттерін дамытуға толық мүмкіндік бар. Мұғалімнің басты міндеті – оқушыны дайын жауапқа емес, ойлануға, ізденуге және өз пікірін айтуға бағыттау. Осындай әдістер арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігі артып, болашақта білімді, ойы ұшқыр тұлға қалыптасады.

**Практикалық маңызы**

Математика мен логиканы тиімді қолдану нәтижесінде оқушылардың:
танымдық қызығушылығы артады;
өз ойын еркін жеткізу дағдысы қалыптасады;
мәселелерді өз бетімен шешу қабілеті дамиды;
шығармашылық және критикалық ойлау дағдылары жетіледі [3].

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта математика мен логиканы тиімді қолдану оқушылардың шығармашылық және критикалық ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Мұғалім оқушыны дайын біліммен шектемей, оны ойлануға, талдауға және өз көзқарасын дәлелдеуге бағыттауы тиіс. Бұл өз кезегінде білім сапасының артуына және жан-жақты дамыған тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
2.Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992.
3.Құдайбергенова К.С. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. – Алматы: Рауан, 2004.

ӘОЖ 37.013

## АСЫҚ АТУ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**ТАЛИПБЕКОВ ЕРМАХАН ЕЛЕМЕСОВИЧ**
Абай атындағы №9 орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматривается одна из национальных игр – метание асыков, ее воспитательное значение с научной точки зрения. Анализируется влияние на физическое развитие детей, формирование национального сознание, характер, нравственные и социальные качества.

**Summary.** This article examines one of the national games, asyk throwing, and its educational value from a scientific perspective. It analyzes its impact on children's physical development, the formation of national consciousness, character, and moral and social qualities.

Қазіргі жаһандану жағдайында өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Осы тұрғыда халық педагогикасының озық

үлгілері, соның ішінде ұлттық ойындар, тәрбиенің пәрменді құралы болып табылады. Қазақ халқының көне заманнан келе жатқан ұлттық ойындарының бірі – асық ату ойыны баланың жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді тәрбиелік құрал ретінде ерекшеленеді.

Асық ойыны тек қана көңіл көтеру немесе спорттық жарыс емес, ол – баланың дене шынығуын қамтамасыз ететін, ептілік пен дәлдікті, сабырлылық пен төзімділікті қалыптастыратын ұлттық тәрбиенің маңызды тетігі.

Асық ату ойынының шығу тегі мен мазмұны. Асық ату ойыны қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылық мәдениетімен тығыз байланысты. Асық – қой, ешкі, кейде арқар сияқты мал сүйектерінен алынатын табиғи құрал. Халықтық дәстүрде асық баланың ең алғашқы ойыншықтарының бірі саналған. Ойынның «алшы», «тәйке», «бүк», «шік» сияқты ұғымдары баланың дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық лексиканы меңгеруіне ықпал етеді. Бұл – ұлттық ойынның тілдік тәрбиедегі де маңызын көрсетеді.

Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ойыны. Асық ойыны күндіз де, түнде де ойналады. Күндізгісі – мергендікке, түнгісі – ептілікке баулиды. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арнап арнайы қорғасын құйылып жасалғаны – сақа, жақсылары – оңқы аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар,тәйке,омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б. Мысалы, құмар ойынға 2 – 4 адам қатысады. Олардың жақсы жонылып, табаны қайралған төрт асығы болуы керек. Ойыншылар өзара келісіп жеңімпазға жүлде тағайындап алады да кезек-кезек төрт асықты иіреді. Егер иіруші: төрт бүк, не төрт шік, не төрт алшы, не төрт тәйке түсірсе, жүлденің жартысын алады, төрт асық төрт түрлі түссе, онда тігілген жүлдені түгелдей алады. Осылайша ойын жалғаса береді. Асықты мұртынан не жамбасынан тұрғызуды омпы дейді. Омпы ойыны тегіс алаңда, жазық жерде, тіпті үлкен бөлме ішінде де ойнала береді. Ойыншы саны неғұрлым көп болса, ойын соғұрлым қызықты өтеді. Мақсат – көп асық ұтып алу. Ойнаушылар арасы 20 қадам екі көмбе сызады да көмбенің тең ортасына сызық бойына әрқайсысы екі асықтан тігеді. Тігілген асықтардың тап ортасына бір асықты омпысынан тұрғызады. Балалар кезек-кезек сақаларымен он қадам жердегі омпыны атып түсіріп, асық ұтып алуға кіріседі. Егер атушы омпыға бірден тигізсе, онда тігілген бар асықты сол алады, ал омпыға тигізе алмай, тұрған асықтардың біреуіне тигізсе, сол асықты ғана алады. Асық жаңартыла тігіліп, ойын жалғаса береді. Асық ойынының халық арасына кең тараған, басқа да түрлері бар[1].

Асық ойыны қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойыны. Ұсақ малдың (қой, ешкі) асықты жілігінен алынған жұмыр сүйек - асықтай ойналады. Иіргенде түскен алпына қарай асық - алшы, тәйке, бүк, шік деп, ал атуға арналған арнайы қорғасын құйылып жасалғаны- сақа, оң қолмен атуға ыңғайлысы - оңқы асық аталады. Асық ойынының мынадай түрлері бар: құмар, тәйке, омпы, алшы, хан (хан ату), қақпақыл, т.б [2]. Кеңес өкіметі кезеңінде, ұлттық ойындар оның ішінде асық ойыны еріккеннің ермегі, ойын балаларға тәрбие бермейді деп есептелді. «Асық ойнаған, азар, доп ойнаған тозар» – деп мақалдап та жүрдік. Коммунистік партия еңбекке тәрбиеледі, әсіресе қара жұмысшының еңбегін жоғары бағалады. Содан болар ауырдың үсті, жеңілдің асты деген сөз тіркестері тәрбие барысында жиі қолданатын. Ерікті ел боған кезде, Қазақстанның жетістіктерін шет ел мойындай бастаған уақытта, ұлттық құндылықтарымызды жаңарту кезеңі келді.

Асық ойыны туралы қазіргі қарттардан сұрастырып көрсек. Нақтылы талдап айтып беретін адамдар аз. Қытайдан келген азаматтардан сұрастырып көгенде де мардымды жауап ала алмай жүрмін. Ол жақта тұрмыс ауыр болды асық ойнап қызық қуатын уақыт болған жоқ дейді. Орыс тілді азаматтар «Алчики» деп асық ойнадық деп еске алады. Шеңберге асық тіземіз де, сақамызға сым орап ауырлатып алып көздеп ататынбыз дейді. Онысы рас қала балалары ойлап тапқан «Алматинка» немесе «Шымкент» деген ойын түрлері 1970 жылдары пайда болды. Кейбір жерлерде осы ойынды қазақшалап «Табан» деп те атайды. Бұған келісе қойған жөн болмас. Тар жерде ойналатын. Шеңберге тігіп ойнайтын қаланың кеңес дәуіріндегі шығарған асық ойындары. Сақа арқардың асығы болуы шарт. Ертеде бай қуаттының балалары ұстайтын, «Қоңқар» немесе «Құлжа» арқардың еркегінің асығы. Салмақты қолға қолайлы және ойнағанда мерейің жоғары болып жүреді. Тиген асықтар быт-шыт болып жан-жаққа бытырай ұшады. Мықты ойнайтын кедей кепшіктің балалары «қой асығы демеңіз, қолға жақса сақа тұт, жасы кіші демеңіз ақылы асса аға тұт» - деп құлана мақалдап та қоятын.

1960-70 жылдары ойнаған ойынымыз «Өріс» деп аталатын еді. Кең далада ұзындығы 20 метрден кем болмайтын. Қазағымның кең пейіліндей сары арқа даласында көсіле жазықта ойнағанға не жетсін. Кемі екі баладан бастап қанша бала ойнасаң да болады. Үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп ойнасаң да, құрдас пен құрдас бір- біріңе бәсекелесіп ойнасаң да, үлкен мен кіші бір біріңді сынай ойнасаң да әбден болады. Жүгіресің, секіресің, көздейсің,

тигізесің, ерегесесің, жеңесің, жеңілесің, ұтасың, ұтылысың, асыққа бай боласың, жоқ боласың. Таза бәсеке, таза тәрбие. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Болмайды да. Ұлттық тәрбие. Ұлттық ойын. Спорт ойыны, спорттық бәсеке. Шеберлікке, мергендікке, батылдыққа, шешімдікке, ырымға ырысқа-тәрбиелейді [3].

Асықтың түрлері:

Асық – төрт түлік мал мен қоңыр, аңның санының орта тұсында орналасқан асық жіліктен алынады. Оның түрлері көп. Атап айтқанда:

Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады.

Кеней – көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар.

Шүкейт – жас малдың асығы.

Қойлық – қойдың асығы.

Ешкімек – ешкінің асығы.

Құлжа – құлжаның асығы.

Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық.

Топай – сиырдың асығы.

Жабай – ірі асықты айтады.

Қолқар – арқардың асығы

Асықтың атаулары:

Алшы – асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы.

Тәйке – асықтың алшыға қарама-қарсы жағы.

Бүге – асықтың дөңес жағының жоғары қарап түсуі.

Шіге – асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі.

Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы.

Шоңқай – асықтың омпаға қарсы жағымен тік түсуі.

Асық ойынының тәрбиелік мүмкіндіктері:

1. Дене тәрбиесіндегі рөлі. Асық ату ойыны баланың: қол бұлшық еттерін дамытуға; көз бен қолдың үйлесімді әрекетін қалыптастыруға; дәлдікке, ептілікке, шапшаңдыққа үйретеді. Ойын барысында бала қозғалыс белсенділігін арттырып, денсаулығын нығайтады. Бұл – қазіргі балалар арасында азайып бара жатқан қимыл-қозғалыс қажеттілігін өтеудің тиімді жолы.

2. Ақыл-ой тәрбиесі. Асық ату барысында бала: есептеуге; стратегия құруға; жеңу мен жеңілу себептерін саралауға үйренеді. Бұл ойлау қабілетін, логикалық пайымдауын дамытады. Сонымен қатар, ойын ережесін сақтау арқылы тәртіпке баулынады.

3. Адамгершілік және мінез-құлық тәрбиесі. Асық ойыны баланы: әділдікке; сабырлылыққа; жеңіске мастанбауға, жеңіліске мойымай білуге тәрбиелейді. Ойын барысында өзара сыйластық, үлкенді құрметтеу, серіктесіне көмектесу сияқты моральдық қасиеттер қалыптасады.

4. Ұлттық сана мен рухани тәрбие. Ұлттық ойындар арқылы бала өз халқының мәдениетін, салт-дәстүрін таниды. Асық ойнау – ұлттық рухты сезінудің, тарихи жадыны жаңғыртудың бір жолы. Бұл жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтауға ықпал етеді.

Асық ату ойынын оқу-тәрбие үдерісінде қолдану. Қазіргі білім беру ұйымдарында асық ату ойынын: дене шынықтыру сабақтарында; сыныптан тыс іс-шараларда; ұлттық тәрбиеге бағытталған үйірмелерде қолдануға болады. Мұғалім ойынның тәрбиелік мақсатын нақты айқындап, жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырған жағдайда, асық ойынының тиімділігі арта түседі[4]. Қазақтың ұлттық ойындарының бірі – асық ату ойынының тәрбиелік мәні ғылыми тұрғыда қарастырылады. Асық ойынының баланың дене дамуына, ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға, мінез-құлықтық, адамгершілік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпалы талданады. Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың маңыздылығы айқындалады.

Асық ату ойыны – қазақ халқының тәжірибесінен сұрыпталып шыққан құнды мұра. Ол баланың дене дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, ақыл-ойын, адамгершілік қасиеттерін және ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Сондықтан ұлттық ойындарды, соның ішінде асық ату ойынын оқу-тәрбие үдерісінде кеңінен қолдану – бүгінгі күннің өзекті талабы[5].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011.

2.Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005.

3.Әбиев Ж. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы, 2010.

4.Сейітов С. Ұлттық ойындар және тәрбие. – Алматы, 2015.
5.Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Ана тілі, 2007.

УДК 37.457.12

# ТВОРЧЕСКИЕ СПОСОБНОСТИ РАЗВИВАЮТСЯ В ТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**ФЕЛЬК АЙМАН САРТАЕВНА**
Учитель начальных классов средней школы №33 имени М.Ауезова,
Республика Казахстан, г.Т араз

**Түйіндеме.** Бастауыш сыныптарда мұғалімдердің балалардың шығармашылық құзіреттілігін дамытуға көмектесетін сабақтарды ұйымдастыруға және өткізуге мол мүмкіндіктері бар.

**Annotation.** In elementary school classes, teachers have ample opportunity to organize and conduct lessons that will help develop children's creative competencies.

Начальная школа-это особенно ценный и уникальный период, в течение которого одновременно формируются личность и сознание ученика. Поэтому начальное образование - это сложный и ответственный период, первый шаг в непрерывном обучении.

Это объясняется тем, что знания и понятия, которые дают детям, еще не знакомым с окружающим миром, понимание окружающего мира, учат их читать и писать, а также помогают им наблюдать и понимать окружающий мир, формируются на первом этапе школьной жизни.

С этого момента между учеником и учителем устанавливается систематическая совместная работа посредством специфического взаимодействия. Для проведения такой систематической, ориентированной на результат работы каждый учитель должен уметь смотреть на ребенка глазами ребенка, общаться с ним по-детски, обладать глубокими знаниями, быть увлеченны Формирование творческих компетенций детей младшего школьного возраста на уроках – это важная задача, требующая грамотного, целенаправленного, систематического подхода педагогов. В данном случае мы рассмотрим несколько способов, как можно формировать творческие компетенции детей младшего школьного возраста на уроках.

Способы формирования творческих компетенций у детей: создание благоприятной атмосферы на уроке, которая бы стимулировала детей к творческой деятельности; введение открытых вопросов, которые бы «подталкивали» ребят к самостоятельной работе и поиску ответа; практико-ориентированные задания и эксперимент дает возможность детям практиковаться и экспериментировать с разными материалами и методами; обсуждение и обратная связь; моделирование; применение на уроке современных форм работы и технологий; парная и групповая работа; награды и поощрения для мотивации детей к творческой деятельности; создание портфолио; обсуждение результатов. Все это помогает ученикам лучше понять свои сильные стороны и продолжать развивать свои творческие навыки и умения.

А. А.Волкова писала: «Воспитание творчества – разностороннее и сложное воздействие на ребенка. Мы видели, что в творческой деятельности взрослых принимают участие ум (знания, мышление, воображение), характер (смелость, настойчивость), чувство (любовь к красоте, увлечение образом, мыслью). Эти же стороны личности мы должны воспитывать и у ребенка, для того чтобы успешнее развивать в нем творчество. Обогатить ум ребенка разнообразными представлениями, некоторыми знаниями – значит дать обильную пищу для творчества детей. Научить их внимательно присматриваться, быть наблюдательными – значит сделать их представления ясными, более полными. Это поможет детям ярче воспроизводить в своем творчестве виденное ими».

На уроках в начальной школе учитель имеет достаточно возможностей для того, чтобы организовать и провести такие уроки, которые помогут в формировании у ребят творческих компетенций. На уроках математики можно использовать такие виды работ, как: математический диктант, задачи повышенной сложности, дидактические игры, задания для устного решения, творческие домашние задания, доклады, конструирование моделей к решению задач, сравнения и выводы; игры, загадки, ребусы, головоломки, занимательные задачи, составление задач по

рисунку, составление взаимообратных задач; составление задач по данному числовому выражению; решение задач разными способами; придумывание вопросов к задаче.
Использование подобных заданий способствует развитию у школьников умения обобщать, делать выводы, творчески решать поставленные перед учеником задачи.

На уроках русского языка при формировании творческих компетенций особое значение уделяем письменным работам, таким как: сочинение, изложение, работа с деформированным предложением, текстом; работа со словарными словами (загадки, кроссворды, ребусы, спирали и т.д.) инновациями, неустанно искать решения и усердно работать.

Если мы скажем, что работа учителя измеряется знаниями его учеников, то сложность работы учителя заключается в том, чтобы найти путь к сердцу каждого ученика. Развивая врожденные способности каждого ребенка, мы помогаем ему познать себя, жизнь и мир, а также прививаем чувство ответственности перед обществом.

С момента поступления ребенка в школу и начала адаптации к новой жизни, всестороннее развитие ребенка в творческом направлении является сегодня главным требованием. Творчество — источник всей жизни. Достижения человечества, от момента зарождения речи до наших дней, являются результатом творчества.

Творческую деятельность на уроках литературного чтения можно представить в двух направлениях:

1. Организация творческих работ на основе прочитанного.
2. Собственное литературное творчество младших школьников.

На уроке литературного чтения мы применяем следующие виды творческих работ:

1. Творческий пересказ: изменение лица рассказчика; продолжение сюжета; продолжение судьбы героя; развитие какого-либо эпизода.
2. Иллюстрирование графическое: рисунки, выполненные детьми на основе прочитанного, помогают выразить свое отношение к материалу.
3. Словесное рисование: своеобразный и довольно сложный вид работы, требующий четкого воспроизведения картины с помощью слов. Словесное рисование предполагает описание статичной картины, мысленно видимой иллюстрации к определенному фрагменту текста.
4. Чтение по ролям.
5. Инсценировки.
6. Сочинение своих рассказов (сочинение).
7. Придумываем небылицы, сказки, загадки.

Таким образом, формирование творческих компетенций детей младшего школьного возраста на уроках – это сложная, но интересная и важная задача для каждого учителя, требующая грамотного, целенаправленного, систематического подхода. Педагогу важно использовать различные методы и технологии, чтобы помочь детям развивать свои творческие навыки и умения.

Таким образом, для развития у учащихся творческого мышления необходимы не отдельные творческие задачи, а системы творческих задач. Системы творческих задач должны быть основой обучающей деятельности.

Способности бывают учебными и творческими. Они отличаются друг от друга. Первые определяют успешность обучения и воспитания, усвоения человеком знаний, умений и навыков, формирование качеств личности. Вторые-создание предметов материальной и духовной культуры, производство новых идей, открытий и изобретений, индивидуальное творчество, в различных областях человеческой деятельности. Высокий уровень развития способностей называют талантом.

Младший школьный возраст благоприятен для развития творческих способностей. Дети, в отличие от взрослых, способны проявлять себя в различных видах деятельности - учебной, художественной. Они с удовольствием выступают на сцене, участвуют в концертах, конкурсах, выставках и викторинах, предметных олимпиадах. Поэтому нам, учителям и взрослым, следует помнить, что развитое творческое воображение, типичное для детей младшего школьного возраста, по мере взросления человека постепенно снижается. Вместе с уменьшением способности фантазировать «обедняется» личность, гаснет интерес к искусству и науке.

Диапазон творческих задач, решаемых на начальной ступени обучения, необычайно широк по сложности – от решения головоломки, до изобретения новой машины или научного открытия. Суть их одна: при решении таких задач происходит опыт творчества, находится новый путь или создаётся нечто новое. Вот здесь-то и требуются особые качества ума, такие, как

наблюдательность, умение сопоставлять и анализировать, комбинировать, находить связи и зависимости, закономерности - всё то, что в совокупности и составляет творческие способности. Творческие способности развиваются в творческой деятельности, при выполнении различных творческих заданий. Есть великая «формула», приоткрывающая завесу над тайной рождения творческого ума: «Сначала открыть истину, известную многим, затем открыть истины, известные некоторым, и, наконец, открыть истины, никому ещё неизвестные». Данное правило можно применить и для учебного процесса.

**Список использованной литературы:**

1.Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – М., 1991. – 92 с.

2.Сазонова В.П. Воспитание на основе потребностей человека // Педагогика. 1993. – №2. – С. 14-32.

УДК 37.146.55

# БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**ЖИДЕБАЕВА МАЙРА КОЙШЫБАЕВНА**
М.Әуезов атындағы №33 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Творчество-это стремление и поиск человеком истины жизни, самопознание. Творческая деятельность включает в себя способность ученика видеть проблему, создавать программу собственных действий и получать новые идеи для реализации идей.

**Annotation.** Creativity is a person's striving and searching for the truth of life, self-knowledge. Creative activity includes the student's ability to see the problem, create a program of his own actions, and receive new ideas for the implementation of ideas.

Ұстаз еңбегі-оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Алдына келген әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр. Бала мектеп табалдырығын алғаш аттап , жаңа өмірге бейімделе бастағаннан бастап баланы шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Шығармашылық - бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі.

Бастауыш сынып оқушысы тұлғасы мен санасының дамуы қатар жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш білім-үздіксіз білім берудегі алғашқы басқышы қиын да жауапты кезең. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бала ешқандай жазу түспеген ақ парақ тәрізді. Ол кіршіксіз ақ параққа жазуды қалай түсіру сол баланың алғашқы ұстазына байланысты.

Оқушы мен ұстаз арасында белгілі бір қарым-қатынас арқылы бірлескен жүйелі жұмыс жолға қойылады. Осындай нәтижеге бағытталған жүйелі жұмысты жүргізуде әрбір ұстаз балаға бала көзбен қарай алатын, баламен балаша тіл табыса алатын, терең білімді, жаңалыққа жаны құмар, ізденуден жалықпайтын, еңбексүйгіш болуы қажет.

Шығармашылық дегеніміз-адамның өмір шындығына, өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Шығармашылықтың негізгі сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылық әрекетке оқушының мәселені көре білуі, өз іс-әрекетінің бағдарламасын жасай білуі және ойды іске асыру үшін жаңа идеялар алуы жатады. Жалпы шығармашылық туынды өмірге келгенге дейін ұстаз оқушының өнеге тұтар ақылшысы, пікірлес досы, бапкері болуы тиіс

Баланың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын тәрбиелеу ана тілі арқылы жүзеге асады. Осы пәннің маңызы туралы Ж.Аймауытов былай дейді: «Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін қаусырып, орап алатын пән — ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену –

сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгереді».

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: «танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық».

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор. Біздің міндетіміз оқушыға оның бойында көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашып көрсету. Осы міндеттерді орындауға мұғалімге бірден-бір керегі – дұрыс, тиімді әдіс-тәсілдерді таңдап пайдалану. Мен өз тәжірибемде жаңа технологияларды қолдану арқылы біраз нәтижеге жеттім. Бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушының өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Мұғалім оқушының өзін ізденуге жетелейді, ойлауға үйретеді, түрлі іс-әрекетке бағыттайды.

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы қалыптастыруға бағытталған шақтар түрлері төртке бөлінеді: «танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әдіснамалық».

Оқушылардың танымдық ізденімпаздығы арттыруда шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін өткізудің маңызы зор.

Мұндай түрдегі сабақтардағы түрлі оқу жұмыстары оқушының шындық белсенділігін арттырып, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амал-тәсілдерін, яғни материалының негізгі ұғымдары мен тұжырымдарын айыру, жаңа материалды өткен материалмен салыстыру оларды белгілі жүйеге топтастырады және қорытындылау жасау сияқты амалдарды дайындауға үйренеді.

Оқушылардың шығармашылық әлеуетін көтеруді мұғалім алдына мақсат етіп қояды. Мұғалім оқушы күйіне кіріп, олардың тақырыпқа қатынас әрекетін ойлайды, өтілетін сабақтың проблемасына қажет жағдайда жоспарланған сабақ мазмұны мен оқыту әдістеріне түзетулер енгізеді.

Сабақ тақырыбы бойынша мұғалім оқулықтар, кітаптар, әдістемелік кітаптар, басқа да материалдармен танысады. Мұғалім өзіне, оқушыларға мықты болатын мәселелерді іздестіреді. Осы мәселелер жөнінде көптеген материалдарды қарастырып, мамандардың пікірлерін ескере отырып, табу қажет.

Оқушыларды шығармашылық іс-әрекетке баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын:

1. Балаларға белгілі тақырыпта әңгіме оқып, оқушыларға басқаша аяқтауға кілт боларлық сюжет ұсынамын.

2.Әңгіменің, ертегінің сюжетін бастап беру, аяқтауды оқушыларға тапсыру.

3.Ертегіні ұжым болып тыңдау.

4.Ұнатқан кейіпкерлеріне мінездеме беру.

5.Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлмен ойнату.

6. Арнайы тақырыпта пікірталас тудыру.Оқушы өз пікірін жеткізуде ойын жинақтап жүйелі түрде айтуы тиіс;

Оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттерін, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарын дамыту негізінен ана тілі арқылы жүзеге асады. Бастауыш мектептердегі оқытудың мазмұнында ерекше орын алатын пән –ана тілі. Ана тілі бастауыш сыныптарда оқытылатын барлық пәндермен өзара тығыз байланысты. Ана тілі арқылы оқушының рухани дүниесі байиды. Балаға ана тілі арқылы тек білім беріп қана қоймай, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы-жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді.

«Ана тілі пәнінің маңызы туралы Ж. Аймауытов былай дейді: «Оқытатын пәндердің бәріне бірдей керекті, бәрін қаусырып орап алатын пән ана тілі екені даусыз. Ана тілін жақсы меңгеріп алмай, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілін үйрену -сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен қатар, бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін ойлау жүйесін, ой пәлсапасын да меңгереді»

Біздің міндетіміз-оқушыға оның бойында көзге көрінбей тұрған мүмкіншіліктерін ашу, ана тілін оқыту арқылы шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыру, өмірде өзін-өзі тануға жетелеу. Осы міндеттерді орындауда мұғалімге бірден-бір керегі-дұрыс, тиімді өдіс-тәсілдерді пайдаланып, ана тілін оқыту әдістемесін барынша терең меңгеру. Мұғалім сабақты ұйымдастырудың заманауи технологияларын ұтымды түрде қолданған жағдайда, тиімді әдіс-тәсілдерді дұрыс ұйымдастырған жағдайда ғана өз шәкірттерінің ойын шыңдап, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз.

Бастауыш буында шығармашылықтың алғашқы сатысын іс-әрекет және ойын арқылы бастаған дұрыс. Себебі: ойын баланың дамуындағы ең күшті әсер ететін негізгі фактор. Бала ойын ойнауға қызығу арқылы оның ойлау өрісі және қиялдауымен шығармашылық ойлауы тәрбиеленіп, қалыптасып дамиды. Балаларды шығармашылыққа баулуда бірінші сыныпқа қабылданған балаға әлі кішкентай деп қарамай жас ерекшелігіне сәйкес шығармашылыққа баулу керек.

Бір нәрсені жасауға, тудыруға деген талпыныс, қабілеттілік бала бойында мектеп жасына дейін де көрінеді. Мектепке келген бала бойында бар сол қабілеттерді шыңдап жетілдіру мұғалім шеберлігіне байланысты. Бұл кезде шығармашылық қабілетті дамыту ойын әрекетінде жүзеге асады.

«1-сыныпта балалардың зейіні тұрақсыз, сәл нәрсеге алаңдағыш,тынымсыз болады. Сабақ соңына дейін тыныш отырып, мұғалімнің айтқанын тыңдап, берілген тапсырманы орындау олар үшін үлкен де қиын жұмыс. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі шыдамдылықпен бала жүрегіне жол тауып, әрбір сабағын түрлі ойынмен, ойын арқылы орындалатын шығармашылық тапсырмаларды орындатумен өткізе білуі керек. Әрбір сабақта оқушының шығармашылық ролін арттырып, еркіндігін қамтамасыз ету арқылы даралық және шығармашылық қабілеттерін, бейімділіктерін ашып, дамыту қажет. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін»

Ұстаз қауымының міндеті сол оқушы бойындағы қабілеттің шығуына мүмкіндік жасау. Ол үшін мұғалім ана тілі пәнінен өтілетін әрбір тақырыптың өн бойынан шығармашылық тапсырмаға лайықты жағдайларды іздеп табуы керек. Сабақ барысында кездесетін кейбір практикалық тапсырмаларды да шығармашылық арнаға бұрып өзгертуге болады. Бастауыш сынып оқушыларының қиялы әдеттегіден тыс, ерекше. Олар естіген әңгімелер, ертегі желісі мен өзі де оларды құрастыра алады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып,олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін шығармашылық қабілеттерін сабақта дамытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады.

Бұл жұмыстарды әр сабақта уақыт тауып орындатуда баланың ойлау қабілеті дамуымен қатар қиялы дамып,аңғарымпаздық қабілеті шыңдалады.Сонымен бірге бала қаламды дұрыс ұстап, түсті ажыратып, суретті тегіс бояуға үйренеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Рахметова С., Әбдікәрімова Т.,. Базарбекова Р. Ана тілін оқыту әдістемесі..

2.Бастауыш мектеп 2012жыл №5.

3.Құдайбергенова. Б.Ә. Бастауыш сынып мұғалімдерінің біріккен әдістемелік жұмыс желісі.



ӘОЖ 373.5:62


## ҰЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕЛІК МАЗМҰНЫ: АКАДЕМИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ


**ТҮЙМЕБЕК ҚУАНЫШБЕК**

Абай атындағы №9 орта мектебі, ұлдарға арналған технология пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.



**Аннотация.** В статье систематически анализируется учебно-воспитательное содержание предмета «Технология» для мальчиков в общеобразовательной школе на основе современных концепций педагогики и психологии. В ходе исследования выявляются практическая направленность предмета, возможности проектного обучения и роль в формировании трудовой культуры. Результаты научного анализа показывают, что эффективная организация содержания предмета способствует развитию технического мышления, функциональной грамотности и профессиональной ориентации учащихся.

**Abstract.** The article provides a systematic analysis of the educational and developmental content of the "Technology" subject for boys in general education schools, based on contemporary pedagogical and psychological concepts. The study highlights the practical orientation of the subject, the possibilities of project-based learning, and its role in fostering labor education. The results of the scientific analysis indicate that the effective organization of the subject content contributes to the development of students' technical thinking, functional literacy, and professional orientation.

Keywords: Technology subject, boys, academic learning, project-based method, labor education, professional orientation.

Білім берудің қазіргі парадигмасы оқушы тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, технология пәні оқушылардың практикалық әрекетін ұйымдастыру арқылы олардың танымдық белсенділігін арттыруда ерекше маңызға ие. Ұл балалардың жас ерекшеліктері мен психофизиологиялық даму деңгейін ескеру технология пәнінің мазмұнын ғылыми негізде құруды талап етеді. Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру бағдарламасында технология пәні еңбек мәдениетін қалыптастырудың және өмірлік дағдыларды дамытудың маңызды құралы ретінде айқындалады.

Зерттеудің теориялық негізін әлеуметтік-мәдени даму теориясы [1, 93б], конструкционизм тұжырымдамасы [2] және жобалық оқыту теориялары құрайды. Әдіснамалық тұрғыдан ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы-педагогикалық әдіс және жүйелеу тәсілдері қолданылды. Аталған теориялар білім алушының оқу үдерісінде белсенді субъект ретіндегі рөлін негіздейді.

Технология пәнінің мазмұны оқушылардың практикалық іс-әрекетіне бағытталуы тиіс. Ұл балаларға арналған оқу тапсырмалары материалдарды өңдеу, техникалық модельдеу, механизмдер құрастыру сияқты әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Бұл жұмыстар оқушылардың кеңістіктік ойлауын, логикалық пайымдауын және еңбек дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қауіпсіздік техникасын сақтау мәселелері пән мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады.

Конструкционизм теориясына сәйкес, оқушы өз қолымен жасаған өнім арқылы білімді саналы түрде меңгереді [1]. Л.С. Выготскийдің пікірінше, оқыту әлеуметтік өзара әрекет арқылы жүзеге асады және мұғалімнің бағыттаушы рөлі оқушының жақын даму аймағын кеңейтеді [2]. Ұл балалар үшін технология сабақтарында топтық жұмыс, жобалық тапсырмалар және жарыс элементтерін қолдану оқу мотивациясын арттырады.Бұл зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі білім алушы тұлғасын белсенді субъект ретінде қарастыратын педагогикалық тұжырымдамаларға сүйенеді. Атап айтқанда, әлеуметтік-мәдени даму теориясы оқыту үдерісін әлеуметтік өзара әрекетпен тікелей байланыстырады. Оқушының білімді игеруі жеке әрекеттен гөрі бірлескен іс-әрекет барысында тиімді жүзеге асады. Осы тұрғыдан алғанда, технология пәніндегі топтық жұмыстар мен бірлескен жобалар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады.

Сонымен қатар конструкционизм бағытындағы теориялар білім алудың практикалық әрекет арқылы жүзеге асуын негіздейді. Бұл көзқарасқа сәйкес, оқушы дайын ақпаратты қабылдаушы емес, өз қолымен өнім жасай отырып, білімді қайта құрастырушы тұлға ретінде қарастырылады. Ұлдарға арналған технология сабақтарында бұл қағида нақты көрініс табады, себебі практикалық тапсырмалар арқылы оқушылар өз идеяларын жүзеге асырып, техникалық ойлауын дамытады.

Зерттеуде қолданылған әдіснамалық тәсілдерге ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстырмалы-педагогикалық әдіс және педагогикалық модельдеу жатады. Аталған әдістер технология пәнінің мазмұнын жүйелі түрде талдауға және оны жетілдірудің тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Технология пәнінің мазмұны оқушылардың практикалық әрекетіне негізделуі тиіс, себебі дәл осы әрекет барысында олардың техникалық ойлауы мен еңбек дағдылары қалыптасады. Ұл балалардың жас ерекшеліктеріне тән кеңістіктік ойлау қабілеті мен конструктивтік әрекетке қызығушылығы пән мазмұнын жобалау кезінде ескерілуі қажет. Осыған байланысты сабақтарда материалдарды өңдеу, механизмдер құрастыру, техникалық модельдеу сияқты жұмыстардың үлес салмағын арттыру орынды.

Пән мазмұны тек техникалық әрекеттермен шектелмей, еңбек мәдениетін қалыптастыруға да бағытталуы тиіс. Қауіпсіздік техникасын сақтау, жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру және еңбек нәтижесіне жауапкершілікпен қарау оқушылардың тұлғалық дамуына ықпал етеді. Бұл аспектілер технология пәнін тек қолданбалы емес, тәрбиелік мәні жоғары пән ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық-психологиялық зерттеулер оқушының оқу мотивациясы оның белсенді әрекетке қатысуымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Технология пәнінде қолданылатын жобалық және практикалық тапсырмалар ұл балалардың ішкі қызығушылығын оятып, оқу әрекетіне саналы қатысуына жағдай жасайды. Мұндай тапсырмалар нәтижеге бағытталған болғандықтан, оқушы өз еңбегінің нақты өнімін көре алады[5].

Әлеуметтік өзара әрекетке негізделген оқыту үлгілері технология сабақтарында ерекше маңызға ие. Мұғалімнің бағыттаушы рөлі оқушылардың өз мүмкіндіктерін толық іске асыруына ықпал етеді. Ұл балалар үшін командалық жұмыс, бірлескен шешім қабылдау және жарыс элементтері оқу мотивациясын күшейтіп, пәнге деген қызығушылықты арттырады.

Жоғарыда қарастырылған теориялық тұжырымдар ұлдарға арналған технология пәнін ұйымдастыруда практикалық мәнге ие. Пән мазмұнын жобалық оқыту, практикалық әрекет және әлеуметтік өзара әрекет қағидалары негізінде құру оқушылардың техникалық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл тәсілдер оқушылардың болашақ кәсіби бағытын саналы түрде таңдауына негіз қалайды.

Технология пәнін оқытуда жобалық әдісті жүйелі қолдану ұсынылады. Атап айтқанда, қарапайым механизмдер жасау, тұрмыстық бұйымдардың функционалдық моделін әзірлеу, робототехника элементтерін енгізу тиімді нәтиже береді. Сонымен қатар кәсіптік бағдар беру мақсатында өндірістік экскурсиялар мен мамандармен кездесулер ұйымдастырудың маңызы зор.

Ұлдарға арналған технология пәні оқушылардың еңбекке баулу, техникалық сауаттылық және кәсіби бағдарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Академиялық тұрғыдан негізделген мазмұн мен әдістемелік тәсілдер пәннің оқу-тәрбиелік әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері технология пәнін жетілдіру бағытында практикалық мәнге ие.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Papert, S. (1980). Mindstorms: Children, Computers, and Powerful Ideas. New York: Basic Books.

2.Vygotsky, L. S. (1978). Mind in Society: The Development of Higher Psychological Processes. Cambridge: Harvard University Press.

3.OECD. (2015). Students, Computers and Learning: Making the Connection. Paris: OECD Publishing.

4.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. (2023). Жалпы білім беретін мектептерге арналған технология пәнінің оқу бағдарламасы.

5.Әбдіғапбарова, Ұ. М. (2018). Технология пәнін оқытуда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары. Қазақ университеті хабаршысы. Педагогика сериясы, 2(45), 112–118.

6.Сейтқазинова, А. Ж. (2019). Еңбек тәрбиесінің оқушылар тұлғасын қалыптастырудағы рөлі. Педагогика және психология, 4(39), 87–94.

7.Қожахметова, К. Ж. (2020). Қазіргі мектептегі технологиялық білім берудің теориялық негіздері. Білім беру мәселелері, 1(13), 55–62.

. ӘОЖ 37.489.85

## ҰЛЫ ПЕДАГОГТАРДЫҢ АЙТҚАН ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕДЕГІ ҮЛЕСІ

**КАРЫМСАКОВА ЖАДРА ДЖУМАБЕКОВНА**
Көктал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**Аннотация.** В данной работе рассматриваются идеи и взгляды таких выдающихся педагогов, как Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, Ю. Алтынсарин, А. Байтурсынулы, М. Дулатов, внесших вклад в образовательный процесс**.**

**Abstract.** This work examines the ideas and views of such outstanding educators as J.A.Komensky, J.J. Rousseau, I.G. Pestalozzi, K.D. Ushinsky, Yu. Altynsarin, A. Baitursynuly, M. Dulatov, who contributed to the educational process.

Тәрбиенің алдына қоғам болашағына берік сенімі бар азаматтарды калыптастыру міндеті қойылады. Мектептің бүкіл іс-әрекеті, қоғамдық өмірі осыған қызмет етуі керек. Кез-келген тәрбие жұмысының құндылығы оқушылар ұжымының идеялық өмірін байытумен, оқушылар санасын ғылыми білімінің дұрыстығына берік сендірумен, қоғамдық саяси белсенділігін, жоғары моральдық және азаматтық сапаларын қалыптастырудағы ықпалымен бағаланады. Әрбір тәрбие жұмысына дайындалу үшін ең алдымен олардың мақсаттары мен міндеттерін нақты ойластырып,

анықтаған жөн. Мақсатсыз тәрбие жақсы нәтиже бермейді. Өйткені тәрбие әдістері олардың мақсаттарына байланысты. Осыған орай, әрбір баланың және ұжымының ерекшеліктерін еске алып, мұғалім тәрбие жұмыстарының формаларын, мазмұнын, әдістерін іріктеп алады. Оқыту мен тәрбие жұмыстарын осындай мақсатпен ұйымдастыру мұғалім мен оқушылардың іс-әрекеттерінің үнемі жоспарлы түрде өтуіне игі әсер етеді. [1,83]

Әрбір мемлекетте балаларға білім беру мен тәрбиені ұйымдастырудың нақтылы мәселелері мен әдістері қарастырылады. Мұғалім қандай адамды қалыптастыратынын дәл білуі керек. К.Д.Ушинский өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиешіні құрылыс материалдарын бір жерге үйіп тастап, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектормен салыстырады. Тәрбиеші жас ұрпаққа берілетін білім, іскерлік, дағдыны, тәрбиелейтін сезімді біліп, жоспарлы, мақсатты тәрбие жұмысын жүргізеді.

Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз ешбір қоғамның өмірі ілгері дамуы мүмкін емес. Философия, социология, этика ілімдерімен қаруланған педагогика ғылымы да адамды барлық жағынан дамытып, жарасымды етіп тәрбиелеуді өз алдына айқын мақсат етіп қойды. Халыққа білім беру кәсіптік даярлық жүйесін үздіксіз жетілдіріп отыруды көздейді. Бұл әсіресе казіргі қайта құру кезеңінде ерекше маңызды деседі.

Я.А. Коменский "Тәрбие мақсаты және міндеттері, маңызы, жүзеге асыру жолдары адамның қоғамда алатын орнымен анықталу керек", "Келесі ғасырдың қандай болатындығы сол ғасыр үшін тәрбиеленген азаматтарға байланысты. Дүние - даналар-дық көптігімен баңытты" - деген ойлар айтты. Осы ойларын "Ана мектебінің" кіріспесінде өрбітеді. "Тәрбие - адамды қалыптастыратын және жетілдіретін үйлесімді процесс" - деп Коменский тәрбие мақсатын төмендегі-дей негізгі элементтерге бөлді:

- адамға барлық заттарды білгізу - "ғылыми білім";
- заттардың және өзінің қожасы ету - "адамгершілік";
- құдайға, заттарға құлшылық ету - "діни тәрбие";
- тән саулығы - "дене тәрбиесі".

И.Г.Песталоцци тәрбиенің мақсаты балаға бастауыш білім, еңбек, ақыл-ой, дене тәрбиесін беріп, жан-жақты және үйлесімді дамыту деген.

Неміс педагогы А. Дистервег педагогикалық мәселелерді шешудегі сословиелік және шовинистік саясатқа қарсы күресіп, "Мектептің міндеті - адамзатты және өз халқын сүйетін саналы азаматтарды тәрбиелеу" - деген.

К.Д. Ушинский тәрбиенің мақсаты қоғамға пайдалы, адамшылығы бар адамды тәрбиелеу деген. Ол адамгершілік тәрбиесін ақыл-ой, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты қарастырады.

П.П.Блонский тәрбие мақсаты балаға жалпы адамзаттың және ұлттың мәдениетті меңгеруге көмектесу, жеке тұлғаның жалпы адамзаттық идеалдарын қалыптастыру деген.[2,83]

Тәрбие мақсаты қазақ тәлім-тәрбие тағылымына да қойылды. Ұлы ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби "Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек. Онсыз берілген білім - адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі" - деді.

*Сонымен қатар халық педогогикасына өз үлесін қосқан ақындардың бірі – Жамбыл Жабаев болды. Жамбылдың өлең – жырларында патриоттық сезім, тәрбиенің күші бар, тәрбиенің күшіне сенген ақын, тәрбие тағылымын, үлгісін әрбір өлеңнің арқауы ете білді. Ол адамгершілік, ақыл – ой, дене тәрбиесін, патриоттық, идеялық – саяси тәрбиені еңбек тәрбиесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Мұның ішінде тәрбиенің негізгі категориялары ақылдылық, даналық, адамгершілік, ұлағаттылық пен парасаттылық Жамбыл өлеңдерінің өзекті проблемалары ретінде қаралады, соны жырға қосады.*

Ы.Алтынсарин "өмірдің негізгі мәні — еңбек, ол адамның адамгершілік қасиетін мәртебелендіреді, өмірдің шын қадірін тек еңбексүйгіш адам ғана түсіне алады. Мәнсіз еңбек, мағынасыз бейнетқорлық адамның жігерін мұқалтады, өз еңбегінің қызығын, рақат-ләззатын көре білу - кісіліктің басты белгісі" - деген.

Ахмет Байтұрсынов өзінің барлық саналы өмірін қазақ қоғамында білім ғылымның дамуына, мектеп ағартушылық ісінің жанданып кемелденуіне бағыштады. А.Байтұрсынов еңбек тәрбиесін жырлаған, еңбек тағылымының туын көтерген дана адам. А.Байтұрсынов еңбексіз, арзан істерді надандықты, мешеулікті, білімсіздікті өткір сынға алған.

Абай Құнанбаев талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, маңтаншақтың, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырады.

М.Жұмабаев "Көркем денелі, түзу ойлайтын, дәл пішетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы үн, әдемі түрден .ляззат алып, жаны толқынарлық болса, баланың дұрыс тәрбие алып шын адам болғандығы" - деп жазды.

Осы айтылғандардың барлығы ар-ождан тазалығын сақтау, ақыл-ойлы, парасатты болу, барлық әрекетінен, сөйлеген сөзінен, қарым-қатысынан, көзқарасынан ғибрат иісі аңқып тұру, ерте тұрып, кеш жату, аз сөйлеп, көп тыңдау; иманды, инабатты, қайырымды болу, жас ұрпаққа тәрбие беруден жалықпау, халық дәстүріне берік болу, әдет-ғұрыпта жоқ нерселерден алулақ болу, халқының рухына кір салмау, ел берекесін сақтап, оның баюына үлес қосу. Негізгі мақсат- жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі мақсаты " жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру" - деп жазылды. [3,112]

Тәрбиенің негізгі мақсаты - денсі сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дережесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол бойында басқада игі қасиеттері қалыптасқан жас ұрпақты тәрбиелеу. Мектептің бүкіл іс-әрекеті, қоғамдық өмірі осыған негізделуі керек. [3,148]

Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский «Адамды табиғат жаратқанмен, оны өсіріп, тәрбиелейтін – қоғам», – деп өте орынды айтқан. Ендеше тәрбие мен оқытудың мақсаты мен міндеттерін қарастырғанда оны әрқашанда қоғаммен бірлікте, қоғамдық құбылыс ретінде, қоғамның талаптарымен байланысты қарастырған жөн.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қоянбаев Ж .Б., Қоянбаев Р.М . Қ «Педагогика: Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы» — Алматы, 2004

2.Ш.Құрманалина, Б. Мұқанова, Ә. Ғалымова, Р. Ильясова «Педагогика» 3-басылым – Астана: «Foliant», 2014

3.Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика: Оқулық» – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 ж.

ӘОЖ 515:26

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫН БАЙЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**КУРМАШЕВА НЕСИПКУЛ ЖАЙШИБЕКОВНА**
«ABAY» бастауыш мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** Процесс обучения в соответствии с современными требованиями открывает путь к полноценному развитию личности, творческих способностей, концентрации знаний на личности. Однако все это возможно благодаря организованности и мастерству учителя. Сегодня одной из проблем в организации учебного процесса в школе является умение учеников свободно говорить на казахском языке.

**Summary.** The learning process in accordance with modern requirements opens the way to the full development of the personality, creative abilities, and the concentration of knowledge on the individual. However, all this is possible thanks to the organization and skill of the teacher. Today, one of the problems in the organization of the educational process at school is the ability of students to speak fluently in the Kazakh language.

Қазіргі заман талабына сай білім беру нрдісі білімді жеке тұлғаға қарай бағыттай отырып, тұлғаны жан-жақты дамытуға, шығармашылықпен айналыстыруға жол ашып отыр. Алайда,осы іс-шаралардың барлығы мұғалімнің ұйымдастыруы мен шеберлігінің нәтижесінде іске асырылады. Бүгінгі күнгі мектептің оқыту процессін ұйымдастыруда проблемалардың бірі – оқушылардың қазақ тілі сабағында дұрыс сөйлеу білуі. Сол себепті мұғалім әр жүргізген сабағында оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға, сөздік қорын молайтуға, тілін дамытуға баса назар аударған жөн. Оқу орыс тілінде жнретін мектептерде оқушылар қазақ тілін оқу барысында мұғалімнің қойған сұрақтарына түсініп, оған жауап қайтаруға, үйренген сөздерін бұзбай айтуға, әсіресе, құрамында қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолданып, сөйлемді дұрыс құруға үйренеді. Осылайша оқушылар өз сөздік қорларын молайтып, әр сөзді

орынды қолданып, жеткізе біледі. Біздің мақсатымыз оқушылардың сөздік қорын байыту арқылы тіл үйренуге, қазақша сөйлеуге тілдерін икемге әкелу.

«Қазіргі кезде тілді оқытудың мыңдаған әдістері мен тәсілдері кездеседі. Әдіс дегеніміз – мұғалімнің белгілі бір мақсатқа жетудегі іс - әрекеті, тәсілі. Негізінен тілді үйретудің негізгі мақсаты – оқушылардың сөздік қорын байыту және сол сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру» [1,8-12]. Оқушылар сөзді неғұрлым көп білсе, соғұрлым жұмыстың басқа салалары да жедел жүреді. Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орынды жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. «Тіл дамыту – қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема-тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан, мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөледі, тілдік материалдарды дұрыс бере білу, тілдің теориясы мен сөйлеу практикасының бір-бірімен қарым-қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады»[2,10-16б] . Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Тілді дамыту дегеніміз – оқушының сөздік қорын дамыту, ойлаған ойын өз еркінше басқа адамға жеткізе алу, оның сөзін түсіне білу, қысқаша айтқанда еркін сөйлей білуге үйрену. Тіл дамытудың басты құралы сөздік қор. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді. Тіл дамыту жұмыстарында басшылыққа алатын басты мәселелердің бірі оқушылардың сөздік қорды, ауызекі сөйлеу тілін тиімді ережеге сәйкес құра білуінде жатыр. Сөздік қоры бай адам ойын жеткізуге ең керек сөзді таңдап қолдана алады, оның ойын дәл жеткізу үшін таңдай мүмкіндігі бар. Сондықтан, қазақ тілі сабағында өзім оқушыларымның сөздік қорын көбейтуге мән беремін. Атақты ғалым С.И. Ожегов ол туралы төмендегіше анықтама береді: «Тіл мәдениетінің жоғары деңгейі – ол тіл арқылы өз ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу».

Тіл дамыту – қазіргі мектептің оқу тәрбие ісіндегі басты проблема – тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Әр мғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздеріне қолдана білуіне жағдай жасайды.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін, тіл мәдениетін арттыру мен дамыту, сапалы білім беру – қазіргі кезде мектеп мұғалімдерінің, тіл мамандарының алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге,өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі – тіл дамыту жұмыстары. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілетінің, дарын көзінің ашылуына түрткі болады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді.Тіл дамыту жұмыстарында басшылыққа алатын басты мәселелердің бірі оқушылардың сөздік қорды, ауызекі сөйлеу тілін тиімді ережеге сәйкес құра білуінде жатыр. Оқушының сөздік қорын байытып,тілін арттыруда шешуші рол атқаратын жұмыстардың бірі – сөздік жұмысы. Сөздік жұмысы арқылы оқушының тіл байлығын молайтумен қатар,дұрыс жазуға да дағдыландыра аламыз.

Қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс – тәсілдер арқылы жүзеге асады. Қазақ тілі сабағы сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгіме, түсінігін айтқызу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс түрінде өткізіледі. Балаларды зеріктіріп алмас үшін сабақ барысында тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, видео, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады деп сенемін. Орыс сыныптарында қазақ тілін жүргізу кезінде мақсатыма жету үшін мынадай түрлі әдістерді қолдануға болады. Солардың тиімді түрлерімен мен сіздермен бөлісемін.

Сөйлесу, сұхбаттасу, әңгімелесу – бұл басқа адамдардың тіл арқылы байланыс жасау процесі. Ақпараттық коммуникативтік біліктілікті қалыптастыруда сөз, сөз тіркесі, сөйлем, бейімделген мәтіннен басқа оқушы мен оқытушы арасында белгілі бір жағдаят немесе тақырыпқа сай іс-әрекеттік білім беру дәрежесіне байланысты болуы керек. Ол үшін көп жұмыс жүргізілу қажет. Тіл үйретуде ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру, сөздік қорын кеңейту. Осылайша біз оқушыға сұрақ қоюға және оған жауап алуға келеміз. Бұл әдіс баршамызға таныс әрі мұғалімдердің кең қолданатын әдістерінің бірі сұрақ-жауап әдісі. Бұл әдіс балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Қай сынып болсын, сабақтың қай кезеңінде болсын қолдануға болады . Өте белгілі де тиімді әдіс. Мен өз тәжірибемде оқушыларды ауызекі сөйлеуге үйретуде

осы әдісті жүйелі қолдануға тырысамын. Бала мектепке дейін тілді диалог түрінде үйренеді, ал монологтық сөзді мектепте.

Алғашқы кезде диалогтық сөзді, содан соң монологқа көшу керек. Оқушының тіл дамыту үшін жүргізілетін әңгімелердің тақырыбын іріктеп алған жөн, балалардың қызығатын ойыны арқылы өткізетін әңгімелер болғаны дұрыс. Бұл әдісті қолдану арқылы соңында оқушылар арасында пікірталас, пікір алмасуды туғызуға болады.

Берілген әр жаңа сабақта оқушы бірнеше жаңа сөзді үйреніп кетеді. Жаңа сөздердің оқушы есінде сақталуға үлкен мән беруіміз керек. Осы жағдайда мен мына тәсілді қолданамын. Ал ол жаңа сөзді игеру үшін өзінің ана тілінде аудармасын беру, оқушыға бұрыннан таныс синоним сөздерді пайдалану, заттың өзін көрсету, болмаса суретін көрсету арқылы үйретемін. Мұғалімдерге бұл әдістердің қайсысын таңдайды, болмаса өзіне жақынын қолдануға болады. Сонымен қатар оқушылардың сөздік қорын байытуға септігін тигізетін жолдың бірі, ол көрнекілік әдіс. Сабақ барысында түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Оқушы сөздік қорын дамытуда суреттерді пайдалану өз пайдасын тигізеді. Сурет арқылы оқушыларға сабақ тақырыбын түсіндірде әсері мол. Ы. Алтынсарин бұл әдіс туралы былай деген: «Балаға айтып түсіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды » деген бұл әдісті сөздік қорды дамытуға бастауыш сыныптарда қолданады.

Сабақты жңргізу кезінде сөздікпен жұмыс жүргізгенде жұптық, немесе ұжымдық форманы қолдану қажет. Сөздікпен жұмыс оқушының тілін молайтуда алатын орны ерекше. Себебі: бұл жұмыс оқушының сөздік қорын ғана молайтып қоймайды, сонымен қатар есте сақтау қабілетін дамытады.

Тіл дамытудағы өнімді тәсілдердің бірі – шығармашылық тапсырмалар. Шығармашылықтың түрі әр алуан, мәні біреу – ол жаңа мазмұн жасау.Озық педагогика: Әрбір бала өзінше талантты, әрқайсысы шығармашыл бола алады. Шығармашыл бала өзінің қабілетін, күш-қуатын, бейімділігін сезіне алатынын дәлелдейді.

Көрнекті педагог В.Сухомлинский: «Шығармашылық арқылы тұлғаның рухани байлығы қалыптасады, шығармашылық адамды адамға тартатын магнитпен тең. Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, тәрбиешілердің негізгі мақсаты баланы өмірге,еңбекке шығармашылықпен қарауға үйрету» - деп атап көрсеткен.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдері мен жазба тілдерін тіл дамыту жұмыстарында бірлікте ала отырып жүргізудің тиімділігі зор. Оқушыларды тіл дамыту жұмыстарында шығармашылық жұмыстарға жетелеуде төмендегідей талаптарды басшылыққа алу керек:

- Шығармашылық жұмыстар арқылы жеке тұлғаның қабілетін дамыту;
- Білімді өз беттерімен алу іс-әрекеттерін ұйымдастыру;
- Модель, жоба құруларына, ой еркіндіктеріне т.б. жол ашу;
- Іздендіру,зерттеу жұмыстарына жұмылдыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушының сөздік қорларын, көркем тілдерін байытады;

Сауатты жаза білуге үйретеді;

Теориялық білімді тәжірибеде қолдануға жол ашады, өз беттерімен ізденуге, шығармашылықпен айналысуға дағдыландырады.

Қорытындылай келгенде, тіл дамыту жұмыстары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, ауызекі сөйлеу дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Берілген тапсырмаларды өз беттерімен орындауларына жол ашады. Ең бастысы, сөйлеу тілдерінің көркеюіне, өз ойын еркін жеткізе білулеріне, сауаттылықтарының артуына да түрткі болады. Ұлтымыздың Ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек» [3,44б] деген екен. Сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану мұғалімнің біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Сондықтан педагог әр сабақта оқушыға жағдай жасап түрлі технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Оқушылардың қазақ тілі сабағында тілге деген қызығушылығы артады, ауызекі сөйлеу дамиды, коммуникативтік дағдылар қалыптасады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жапбаров Л., Қазақ тілін оқыту арқылы тіл дамыту әдіснамалық және әдістемелік негіздері.- Алматы:Балауса, 2004.-224сс.

2. Республикалық ғылыми-әдістемелік басылым. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде.№8,17-25 2018ж.

3. Оралбаева Н., Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 1996ж.

ӘОЖ 37.198.14

# САХНА ТІЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

**ТОЙШЫБЕКОВА МЕЙРАМКУЛ АЙТАКЫНОВНА**
Жуалы ауданының білім бөлімінің №1 Балалар өнер мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, театр бөлімінің мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Жуалы ауданы

**Резюме.** В данной статье рассматриваются место и значение сценической речи в театральном искусстве. Сценическая речь является одним из основных средств установления прямой связи актёра со зрителем. В ней важную роль играют чёткость слова, правильная постановка звука, интонация, тембр голоса и культура речи. В работе анализируется значение сценической речи в формировании актёрского мастерства, её роль в раскрытии характера персонажа и влияние на точную и выразительную передачу мысли зрителю. Также определяется вклад владения сценической речью в профессиональное развитие деятелей искусства.

**Summary.** This article examines the place and significance of stage speech in theatrical art. Stage speech is one of the main means by which an actor establishes direct communication with the audience. Clarity of articulation, proper voice production, intonation, vocal timbre, and speech culture play an important role in it. The article analyzes the importance of stage speech in the development of acting skills, its role in revealing a character's personality, and its influence on conveying ideas to the audience accurately and expressively. It also highlights the contribution of mastering stage speech to the professional development of artists.

Театр – адамзат мәдениетінің ең көне әрі мәні терең өнер салаларының бірі. Ол қоғамдағы өмірді, адам тағдырын, сезім мен ойды сахна тілі арқылы көрерменге жеткізетін ерекше өнер түрі. Сондықтан театрды өнердің айнасы деп атауға толық негіз бар. Өйткені сахнада қоғамның шынайы келбеті, адам бойындағы жақсы мен жаман қасиеттер көрініс табады.

Театр көрерменді тек көңіл көтеру үшін ғана емес, ойландыру, тәрбиелеу және рухани байыту мақсатында қызмет етеді. Әрбір қойылымда адам өміріне тән мәселелер, әлеуметтік тақырыптар, адамгершілік құндылықтар бейнеленеді. Көрермен сахнадағы кейіпкерлер арқылы өз өмірін, өз ортасын, тіпті өз мінезін көре алады [1].

Театр өнерінің тағы бір ерекшелігі – оның тірі өнер болуы. Актер мен көрермен арасындағы тікелей байланыс қойылымның әсерін күшейтеді. Сахнадағы шынайы эмоция, сөз бен қимыл көрерменнің жүрегіне әсер етіп, ерекше сезім тудырады. Бұл театрды басқа өнер түрлерінен айрықша етіп көрсетеді.

Сонымен қатар театр ұлттық мәдениетті сақтап, дамытуда маңызды рөл атқарады. Қазақ театры халықтың тарихын, салт-дәстүрін, тілін және рухани мұрасын сахна арқылы кейінгі ұрпаққа жеткізеді. Театр сахнасында ұлттық болмыс, халықтың дүниетанымы көркем түрде бейнеленеді.

Театр – тек өнер ошағы ғана емес, ол қоғамның рухани айнасы. Театр адамды тәрбиелейді, ойландырады және өмірге басқа қырынан қарауға үйретеді. Сондықтан театр өнердің айнасы ретінде өз маңызын ешқашан жоғалтпайды [2].

Театр – рухани тәрбие мен мәдениеттің маңызды ошағы. Театр мәдениетінің ажырамас бөлігі – көрермен әдебі. Көрерменнің өзін-өзі ұстауы қойылымның сапасына, актерлердің ойынына және жалпы сахналық атмосфераға тікелей әсер етеді. Сондықтан театрға бару – тек спектакль көру ғана емес, мәдени ортада өзін дұрыс ұстау жауапкершілігі болып табылады.

Көрермен әдебінің алғашқы талабы – театрға уақытында келу. Қойылым басталғаннан кейін залға кіру актерлердің ойын бөліп, басқа көрермендерге де қолайсыздық туғызады. Сондай-ақ киім кию мәдениеті де маңызды: театрға таза, жинақы, мәдени ортаға сай киіммен келу көрерменнің өнерге деген құрметін білдіреді.

Спектакль барысында тыныштық сақтау – көрермен әдебінің басты қағидаларының бірі. Ұялы телефонды өшіру, қатты сөйлемеу, тамақ жемей отыру – сахнадағы әрекетті толық қабылдауға мүмкіндік береді. Әрбір көрермен актердің еңбегін сыйлап, оның шынайы ойынын тыныштықпен тыңдауы тиіс.

Қойылым аяқталған соң актерлерге қол соғу – көрермен ризашылығының белгісі. Бұл актерлерге рухани қолдау көрсетіп, олардың шығармашылық шабытын арттырады. Ал қойылым туралы пікір білдіру кезінде мәдениеттілік пен сыйластық сақтау көрермен мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Көрермен әдебі – театр мәдениетінің маңызды көрсеткіші. Театрда өзін дұрыс ұстау арқылы көрермен өнерге деген құрметін білдіріп қана қоймай, қойылымның көркемдік әсерін күшейтуге үлес қосады. Мәдениетті көрермен – сапалы театрдың серігі.

Сахна тілі – театр өнерінің ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Ол актер мен көрермен арасындағы негізгі байланыс құралы болып табылады. Сахнада айтылған әрбір сөз, әрбір дыбыс көрерменге анық әрі әсерлі жетуі тиіс. Сондықтан сахна тілін меңгеру актерлік шеберліктің басты шарттарының бірі саналады.

Сахна тілінің негізін сөздің анықтығы, дыбысты дұрыс қою, тыныс алу, дауыс күші мен ырғағы, интонация және сөйлеу мәдениеті құрайды. Актер сахнада сөйлеген кезде тек мәтінді жеткізіп қана қоймай, кейіпкердің мінезін, ішкі жан дүниесін, сезімін сөз арқылы ашуы қажет. Дұрыс қойылған сахна тілі кейіпкер бейнесін толық әрі нанымды көрсетуге мүмкіндік береді.

Театрда сахна тілі көркем ойды көрерменге дәл жеткізудің басты құралы болып табылады. Егер актердің сөзі анық болмаса немесе интонациясы дұрыс қолданылмаса, қойылымның идеясы толық ашылмайды. Ал шебер қолданылған сахна тілі көрерменнің эмоциясына әсер етіп, спектакльдің көркемдік деңгейін арттырады.

Сонымен қатар сахна тілі актердің кәсіби дамуына үлкен ықпал етеді. Ол актердің өзін сахнада еркін ұстауына, дауысты дұрыс пайдалануға, көпшілік алдында сенімді сөйлеуге үйретеді. Бұл қасиеттер тек театрда ғана емес, мәдениет пен өнердің басқа салаларында да аса маңызды.

Сахна тілі – театр өнерінің негізі әрі актер шеберлігінің басты көрсеткіші. Оны терең меңгеру актердің шығармашылық мүмкіндігін кеңейтіп, көрерменмен рухани байланыс орнатуға жол ашады [3].

Рөлге ену өнері – актерлік шеберліктің ең күрделі әрі маңызды қырларының бірі. Ол актердің сахнадағы кейіпкер бейнесін шынайы, нанымды етіп көрсету қабілетімен тығыз байланысты. Актер рөлге ену арқылы кейіпкердің ішкі жан дүниесін, мінез-құлқын, сезімі мен ойларын көрерменге әсерлі түрде жеткізеді.

Рөлге ену тек мәтінді жаттап, оны айту ғана емес. Бұл – кейіпкердің өмірін, тағдырын, психологиялық күйін терең түсіну. Актер рөлді сомдау барысында кейіпкердің жасын, әлеуметтік ортасын, дүниетанымын, мінез ерекшеліктерін зерттейді. Осы арқылы сахнада жасанды емес, шынайы бейне қалыптасады.

Рөлге енуде актердің ішкі сезімі мен сыртқы әрекетінің үйлесімі маңызды. Дауыс ырғағы, қимыл-қозғалыс, бет-әлпет өзгерістері кейіпкер мінезін ашуға қызмет етеді. Егер бұл элементтер бір-бірімен үйлесімді болса, көрермен актердің ойынын қабылдап, кейіпкерге сенеді.

Сонымен қатар рөлге ену өнері актерден үлкен жауапкершілік пен рухани дайындықты талап етеді. Актер сахнада өз «менін» уақытша ұмытып, кейіпкердің жан дүниесінде өмір сүруі керек. Бұл процесс актердің кәсіби өсуіне, шығармашылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне ықпал етеді [4].

Рөлге ену өнері – актерлік шеберліктің жүрегі. Ол театр қойылымының көркемдік деңгейін көтеріп, көрерменге терең әсер қалдырады. Шынайы рөлге ене білген актер ғана сахнада ұмытылмас бейне жасай алады.

Ал, театр өнеріндегі ең басты тұлғалардың бірі – актер. Ол сахнада бейне жасап қана қоймай, көрерменнің сезіміне, ойына және көзқарасына тікелей ықпал етеді. Актердің ойыны арқылы қойылымның идеясы ашылып, көрермен рухани әсер алады. Сондықтан актердің көрерменге әсері театр өнерінің негізгі мәнін айқындайды.

Актер көрерменмен ең алдымен эмоция арқылы байланыс орнатады. Оның дауыс ырғағы, қимыл-қозғалысы, бет-әлпетінің өзгерісі көрерменді қуантады, толғандырады немесе ойландырады. Шынайы әрі сенімді ойын көрерменнің кейіпкерге сенуіне, оның тағдырына ортақтасуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар актердің көрерменге әсер етуінде сахна тілі мен сөйлеу мәдениетінің орны ерекше. Анық айтылған сөз, дұрыс қойылған интонация көрерменге ойды дәл жеткізеді. Егер актер сөзді дұрыс меңгермесе, қойылымның мағынасы толық ашылмай қалуы мүмкін.

Актердің кәсіби шеберлігі мен рухани дайындығы да көрерменге әсер етудің маңызды факторлары болып табылады. Рөлге терең ене білген актер кейіпкердің ішкі жан дүниесін ашып,

көрерменді өмірге басқа қырынан қарауға жетелейді. Мұндай ойын көрерменнің есінде ұзақ сақталып, оның дүниетанымына ықпал етеді.

Қорытындылай келе, актер – сахна мен көрермен арасындағы рухани көпір. Оның шынайы ойыны көрерменнің жүрегіне жол тауып, театр өнерінің тәрбиелік әрі көркемдік мәнін арттырады. Сондықтан актердің көрерменге әсері театрдың басты күштерінің бірі болып саналады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының мәселелері. – Алматы: Жазушы, 2001.
2.Нұрпейісов К. Қазақ театрының тарихы. – Алматы: Өнер, 1995.
3.Жұматов Х. Сахна тілі. – Алматы: Өнер, 2002.
4.Қалтаев Б. Актерлік өнер негіздері. – Алматы: Білім, 2010.

ӘОЖ: 373.167.1(075.3)

## МӘТІН МАЗМҰНЫН ИГЕРТУ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

**САУРАМБЕКОВА ИНАБАТ САПАРАЛИЕВНА**
А.Гайдар атындағы №35 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются теоретические основы и практическая значимость упражнений, направленных на усвоение содержания текста. Автор, описывая эффективные методы и приёмы работы с текстом, определяет их роль в развитии у учащихся навыков чтения, понимания, анализа и пересказа. Система упражнений направлена на формирование умений определять основную мысль текста, отбирать и структурировать информацию, а также выражать собственную точку зрения. Результаты исследования доказывают, что упражнения по усвоению содержания текста способствуют развитию языковой компетентности, активизации познавательной деятельности и повышению качества образования.

**Summary.** The article examines the theoretical foundations and practical significance of exercises aimed at mastering text content. Describing effective methods and techniques of working with texts, the author highlights their role in developing students' reading, comprehension, analysis, and summarizing skills. The system of exercises is focused on forming the ability to identify the main idea of a text, select and structure information, and express one's own viewpoint. The research results demonstrate that exercises for mastering text content contribute to the development of language competence, enhancement of cognitive activity, and improvement of the quality of education.

Жазу жұмысын мақсатқа сай ұйымдастыру оқушылардың лингвистикалық алған білімін қолдана білуге, өз ойын жеткізуде сөйлемдер мен сөздерді орынды пайдаланып, жазбаша мәтін құрастыру икемділіктері мен дағдыларын қалыптастырады.

Оқу бағдарламасында жазу жұмысына «Мазмұндамалар мен шығармалардың тілдік жазу – сөздерді таңдап, дұрыс қолдану, сөз тіркестері мен сөйлемдерді дұрыс құра білу әрбір сыныпта жетілдіріліп отырылады»[1],- деп көрсетіледі.

Әдіскерлер мен мұғалімдердің пікірінше, жазбаша тіл дамыту үдерісінде білім мен дағды беруге байланысты жаттығулар мынадай мақсатта жүргізілді:

1.Мектеп оқушыларына тілдік құралдардан берілетін алғашқы білім мен дағды мәліметтерін бекіте түсу мен түсіне білу үшін әр түрлі тіл стильдері бойынша байқау мен бақылау жаттығулары жүргізіледі. Бұл жаттығулар оқушыларды тіл стильдерінің өзіндік ерекшеліктері мен тілдік құралдарын ажырата білуге, мәтіннің стилін анықтауға, әр түрлі стильдегі жазылған мәтіндерді салыстыра білуге төселдіреді. Мұндағы мақсат – мәтінді түсініп оқуға жаттықтыру.

2.Оқушыларға тіліміздегі стильдерден білім мен дағды берудегі маңызды жаттығу жұмыстарының бірі – ол стильдік талдау жүргізу. Ол арқылы тіл стильдерінің қолдану аймағы, ойды жеткізу формасы, олардың тілдік құралдарын жете ажырата білуі, стилистика туралы білімдерін кеңейтіп, дағдыландыру талап етіледі. Бұл сияқты жаттығу жұмыстары оқушылардың тілдегі стиль туралы теориялық білімдерін бекіте түскенімен, ол білімдерін өз тәжірибелерінде қолдана білу дағдыларын алуға жағдай жасай алмайды.

3.Жаттығу жұмыстарының кейінгі кезеңдеріндегі бағыты оқушыларды ойларын жеткізуге, стиль түрлерін қолдана білуге дағдыландыру болып табылады. Ондай жаттығулар жұмысының қарапайым алғашқы түрлерінің бірі – сөйлем мен мәтіндерді редакциялау, қайта өңдеу бағытындағы жаттығулар болып есептеледі. Мұнда оқушылар сөйлем мен мәтіндерді белгілі бір тіл стильтүрлеріне байланысты жөндеуге, жетілдіруге, берілген мәтіннің стилін өзгертіп жаза білуге жаттығады.

4.Оқушылардың алған білімдерін өз тәжірибесінде қолдана білуге төселдіретін жаттығулардың бірі , ол - әр тіл стильдеріне байланысты мәтін құрастыру. Мұнда оқушы тілдегі стильдердің өздеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты меңгеріп, сол стильдердің ерекшеліктеріне сай келетін мәтін құрастыру арқылы, ойды жеткізу тәсілдері мен формалары туралы мәлімет алады. Өз ойларын тіл стильдеріне байланысты жеткізе білуге машықтана бастайды, жазбаша тілі дамиды.

5.Тіл стильдері туралы алған білімдерін өз тәжірибесінде қолдана білуге дағдыландырудың ең жоғарғы кезеңі, ол – тіл стильдеріне байланысты мазмұндамалар мен шығарма мәтіндерін құрастыру болып табылады. Бұл жаттығу жұмыстарында оқушылар стилистикадан алған білімдерін қолдана білуге, тіл стильдеріне байланысты мазмұндамалар, шығармалар, ғылыми мақалалар, очерктер т.б. жаза білуге жаттығады.

Тәжірибемізде осы сияқты жаттығу жұмыстарының түрлері мен топтарын жүргізудің негізгі әдіс-тәсілдерін қарастырайық.

Қазақ тіліндегі жаттығу жұмыстары көбінесе үйретіліп отырылған грамматикалық материалдарды жете түсініп, бекіте түсу үшін жүргізіледі. Сондай-ақ бұрынғы білімдерін қайта жаңғырта отырып, теориялық материалдарды саналы түсіне білуге жаттықтырылады.

Мәтін – тек сөйлеудің туындау үдерісінің жемісі ғана емес, сонымен қатар, қабылдау жемісі болып табылады. Сондықтан да мәтінді екі жақты тану маңызды орын алады: біріншісі – айтушының тұрғысынан, екіншісі – тыңдаушының тұрғысынан қарастыру. Кейбір психолингвистикалық ғалымдар мәтіннің байланыстылығын айтушы сөйлеуімен байланыстырса, мәтіннің тұтастық сипатын тыңдаушы қабылдау ерекшелігімен байланыстырады[2]. Сонда айтушы өзінің тұтас мәтінін тыңдаушының қажеттілігіне байланыстыра туғызады. Өйткені айтушы әрдайым өзінің тыңдаушысының даму дәрежесі мен сөз түсіну деңгейін ескеріп отырады.

Тыңдаушы тұрғысынан келсек, берілген мәтінді түсіну оны қабылдаудан басталады. Түсіну үдерісін О.М.Копыленко үш бөліктен тұрады деп анықтайды: 1) қабылдау; 2) қабылдағанды түйсіну; 3) қабылданған және түйсінілгенді өзіндік дәрежеде түсіну [3]. Тыңдаушы тұрғысынан талдау барысында тіл бірліктері емес, сөйлеу бірліктері танылады дейді осы автор. Шындығында, тыңдалған мәтіндегі сөздердің, сөз тіркестерінің қалай байланысқандығы, сөйлем құрамында қалай орналасқаны орын алмауы керек деген оймен келісу қиындау.

Бұл жерде сөйлеу синтаксисі мен тіл синтаксисінің жігін нақты ажырату мүмкін емес. Сондықтан біржақты пікір айту да қиын. Ал енді “жазушы-оқушы” жүйесіндегі мәтін өзіндік ерекшеліктері болашақта қазақ лингвистикасында терең зерттелуі қажет. Өйткені мәтін синтаксисінің ерекшеліктерін тану – оқыту әдістемесіне де үлкен жетістіктер алып келеді.

Л.П.Руденко мәтіннің мәндік компрессиялануын зерттей келе, мәтіннің ішінде мазмұндық тұрғыдан тығыздалу мүмкіндігі бар екендігін айтады. Автор “жайылма мәтіннен, тезис, жоспар, минималдық үшқары жазба” түрінде келген жоба жасату арқылы экспериментке қатысушылардың түпкі ойының (замысел) толықтай жүзеге асу жолдарын анықтайды. Түпкі ойдың сөздік (вербалдық) түрде жүзеге асырылуы – ерекше құрылымда келеді деп шешеді: “… можно сказать, что своеобразному психологическому феномену – внутренней смысловой программе речевого целого во внешней речи соответствует синтаксическая модель заголовка”[4].

Мәтінді түсіну туралы М.М.Мұқанов мынадай пікір айтады: “Тексте ой бар ма? Әрине, әркімнің ойы өз басында. Сол ойды қағаз жүзінде түсіргендіктен, бәлкім, текстегі мазмұнды біз ой деп айта алармыз. Егер тексте ой болса, текстің өзі адамсыз сөйлей ала ма? Әрине, сөйлей алмайды. Ендеше, тексте ешқандай ой жоқ. Ой дегеніміз – текст жазған кісінің жадында қалуы. Егер тексте ешқандай ой жоқ болса, онда оны өзге кісілер қалай оқып түсіне алады? Деген сұрақ туады. Текст оқып түсіне алатын себебі, текстердің қай-қайсысының болса тілде сөйлеушілердің шарттасқан келісімі сияқты. Сөйтіп, сол келісім нәтижесінде текстегі ойды бір тілде сөйлейтіндер тегіс танитын болады” [5]. Шындығында, мәтіннің ауызша болсын, жазбаша болсын, түрін бір тілде сөйлейтіндердің түсіну үдерісі – күрделі, тамыры тым-тым тереңде жатқан құбылыс екені сөзсіз. Бірақ, біздің ойымызша, мәтінді түсінуде “келісім сияқты” бір нәрсе бар деген ойдың өзін әлі де тарата түсіну керек сияқты. Бұл жерде тіл біліміндегі “тіл қайдан пайда болды?” деген

мәңгілік талас сұрақтың бір ұштығы – “келісім теориясымен” жүздесіп отырғандай сезінеміз. Өйткені мәтін – тіл бірлігінің барлығы өзінің болмысын, қызметін көрсете алатын ерекше “өріс” (поле). Ал дәл бір мәтін пайда болып отырған сәттегі сол мәтінде айтушының немесе жазушының түпкі ойын барлық сол тілде сөйлеушілер бірден түсіне қалады деген М.М.Мұқановтың пікіріне келісу де қиындау. Өйткені көп адамдардың психологиялық жағынан біріне – екіншісі үйлеспей, конфликтілер туындауы – сол бірінің ойын жеткізген тілін екіншісі өзінің түсіну дәрежесіне байланысты “кодталғанды шеше алмау” немесе өзінің жеке бас тәжірибесіне сай “шешуі” сияқты мәселелерден туындап жататынын өмір дәлелдеп жүр. Сондықтан мәтінді түсініп оқу дағдысын қалыптастыруда оқушыларды мәтінге жоспар жасауға жаттықтырудан басталады.

Берілген мәтінге мәндік тұрғыдан (смысловое) қайта шолуға мүмкіндік беретін ақыл-ой әрекеттерінің сипатын осы ғалымдар мынадай деп таниды: тұтасты мәндік топтарға бөлу; мәтіннің құрылымын сол мәндік топтар арқылы топтау; есте сақталуы қажет материалдың жекелеген бөлшектерін бір-бірімен сәйкестендіру; есте сақталатындарды бір-бірімен және өзінде бұрыннан бар таныс мазмұнмен байланыстыру, үдеріс жаңаны есте сақтауда тірек болады; көрнекі бейнелерді тірек ету; метафоралық ойлау қызметін белсендіру т.б. [6].

Мәтінге жоспар құрғызудағы әрекеттің бірі мәтінді топтарға бөлу – жұмыстың алғашқы сатысы ғана. Бұл әлі есте сақтау емес. Өйткені ол оқушының өз бетімен орындайтын дағдыларының қатарына енген жоқ.Сондықтан да логикалық бірізділікпен жүргізілетін мұғалім жұмысының түпкі нәтижесі ғана оқушының мәтінді есте сақтауы, оны бөлуі мен мазмұндық жағынан тығыз түрде жүйелей алуы сияқты маңызды қабілеттерді қалыптастыратын болады.
Мектептерде орта сыныптарда танымдық қызметті, негізінен, бірізділікке, бірқалыптылыққа түскен деп санауға болатыны белгілі. Сондықтан да жазу әрекеттерді оқушының орындауы үшін негіз бар болып келеді. Ал есте сақтау мен материалдың маңызды мәнді тұстарын ғана айқындауды ойлаудың жоғары басқыштағы қызметі десек, психология мен логика ғылымдарының мәліметтерін қазақ тілін оқыту әдістемесінде молынан пайдалана білудің қажеттілігін көреміз.

Бұл жұмыстар қазақ тілін оқыту үдерісінде игерген тіл туралы біліміне негізделе жүргізіледі. Ол жаттығулардың көмегімен іске асады. Мәселен, жазбаша сөйлеу әрекетін дамыта оқытуда стильдік-грамматикалық жаттығулар мектепте теориялық материалдарға байланысты мәтіннің тілдік ерекшеліктерін игерту мақсатында жүргізіледі.

**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:**

1.Бағдарламалар. Қазақ тілі. 5-7; 8-9-сыныптар үшін. Алматы, 2014.

2.Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем синтаксисі

3.Копыленко О.М. Текст как продукт рече-мыслительной деятельности.

4.Руденко Л.П. Смысловая компрессия как метод исследлвания внутренней миыслововй программы речевого целого. // Исследования речи-мыслительной деятельности. –Алматы: 2014, 56-57 стр.

5.Мұқанов М.М. Педагогикалық психология очерктері, Алматы: Қаз.-мем.оқу.пед. Баспасы, 2012, -171 бет

6.Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің методикасының кейбір мәселелері. Алматы, 2016, -99 б.

ӘОЖ 005.8:38.03

## ТІЛ –ҰЛТТЫҢ МАҚТАНЫШЫ

**БОЛЖЫРОВА АЛТЫНАЙ САРСЕМБЕКОВНА**
№54 орта мектеп КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қ.

**Резюме.** В этой статье говорится, что родной язык – это корень каждого народа, его бесценное сокровище, свидетельство и летопись богатой истории и культуры, оставленных предками; духовная вершина, позволяющая узнать себя и познакомить других. Уважение к языку означает прежде всего уважение к самому себе, а затем — к своему народу и родной земле.

**Summary.** This article states that the native language is the root of every nation, its priceless treasure, the testimony and chronicle of the rich history and culture left by its ancestors; a spiritual

pinnacle that allows one to understand oneself and introduce oneself to others. Respecting the language means, first of all, respecting oneself, and then one's people and homeland.

Ана тілі-әр халықтың түп тамыры, асыл қазынасы, ата-бабасы қалдырған мол тарих пен мәдениетінің айғағы әрі шежіресі, өзін де өзгені де танытып білетін рухани байлықтың асқар шыңы. Тілді құрметтеу әуелі өзіңді, содан соң еліңді, жеріңді құрметтеу болмақ. Тіл – халықтың жаны, рухы, тарихы мен мәдениетінің айнасы. Әрбір ұлт өз тілін ардақтап, құрметтеп, оны ұрпағына аманат ету арқылы өз болмысын сақтайды. Қазақ халқы үшін де тіл – ұлттың ең асыл қазынасы, рухани байлығы. Себебі ана тіліміз – ата-бабамыздың аманаты, ұлттың өткені мен бүгіні, болашақтың тұғыры.

Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі бай да көркем тілдердің бірі. Оның сөздік қоры, бейнелілігі мен көркемдігі халқымыздың терең ойлы, дана халық екенін айқындайды. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген дана сөздің мәні зор. Шетел тілдерін меңгеру заман талабы болғанымен, өз ана тілімізге деген құрмет пен сүйіспеншілік ешқашан әлсіремеуі керек.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс.

Тілдің тағдыры – ұлттың тағдыры. Егер тіл жоғалса, ұлтта өз болмысынан айырылады. Сондықтан тілге қамқорлық жасау – баршамыздың қасиетті борышымыз. Әр азаматтың басты міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Бұл – еліміздің тәуелсіздігінің айғағы, ұлттық намыстың көрінісі. Дегенмен тілді дамыту, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану – әр азаматтың жауапкершілігі.

Мектептен бастап, отбасыдан бастау алған тіл тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі. Баланы ана тілінде сөйлеуге, қазақша ойлауға баулу – ұлттық сана қалыптастырудың басты жолы. Тіл арқылы адам өз халқының мәдениетін, дәстүрін, дүниетанымын танып, рухани байиды.

Тіл – ұлттың мақтанышы, ұлттың намысы. Сондықтан оны сүю, қадірлеу, қорғау – әрбір қазақстандықтың парызы. Ана тіліміздің мәртебесін көтеру арқылы біз өз ұлтымыздың абыройын асқақтатамыз..

Қазақ тілі – мәңгі жасайтын тіл, ұлттың жүрегінде мәңгілікке ұя салған асыл қазына.

Халықтың тарихы, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен өмір сүру салты – бәрі де тіл арқылы ұрпақтан- ұрпаққа жетеді. Сондықтан тілдің қадірін түсіну, оны құрметтеу – әрбір азаматтың қасиетті борышы.

Тіл –ойдың тікелей шындығы, тіл –барша білімнің қазынасы. Тілдің көмегімен өнер – білімді, ғылымды игереміз, өткен тарихымызды саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды меңгереміз, өзімізді танып қоймай, сол асыл қазынамызды әлемге танытамыз. Әлемді танимыз. Қазақ тілі –өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ тілі – ата-бабамыздан қалған асыл мұра. Ол – талай ғасырлық тарихтың куәсі, елдіктің, бірліктің нышаны. Тіл арқылы халықтың мінезі, рухы, ойлау жүйесі айқындалады. Тілдің байлығы – ұлттың байлығы. Қазақ тілінде қаншама мақал-мәтел, шешендік сөздер, жыр-дастандар мен даналық ойлар сақталған. Мұның бәрі тілдің тереңдігін, бейнелігін және өміршеңдігін дәлелдейді.

Бүгінгі жаһандану заманында ана тілін сақтау мен дамыту – үлкен жауапкершілік. Көптеген ұлттар өз тілін жоғалтып, тарих сахнасынан жоғалып кеткенін білеміз. Сол себепті қазақ халқы үшін тілді сақтау – ұлттық қауіпсіздік пен ел болашағының кепілі. Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оны күнделікті өмірде кеңінен қолдану – әр азаматтың парызы.

Қазақ тілін сүю – туған жерді, елді сүюмен бірдей. Тіл арқылы адам өз ұлтының болмысын танып, тамырымен байланыс орнатады. Тілге деген құрмет отбасынан басталады. Балаларға кішкентайынан қазақ тілінің қадірін ұғындыру – болашаққа салынған ең мықты негіз.

Бүгінгі таңда қазақ тілі халықаралық деңгейде де танылып келеді. Түрлі ғылым, мәдениет, спорт салаларында қазақша сөйлейтін жастардың көбеюі – қуантады. Бұл – ұлттық рухтың оянуының белгісі.

Тіл – ұлттың рухани байлығы, мәдениеті мен болмысының айнасы. Әр халықтың ең қастерлі де асыл қазынасы – ана тілі. Себебі тіл арқылы ұлттың тарихы, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен ұлттық ерекшелігі ұрпақтан- ұрпаққа жалғасады. Қазақ халқы үшін де тіл – елдіктің, бірліктің, тұтастықтың басты белгісі. Сондықтан «Тіл – ұлттың жаны» деп бекер айтылмаған.

Қазақ тілі – ғасырлар бойы ұлттың болмысын сақтап келген қасиетті тіл. Ол халықтың ауыз әдебиетімен, жыраулар поэзиясымен, шешендік өнерімен бірге дамып, ұлттың мәдени мұрасына айналды. Тіл арқылы халқымыздың даналығы, терең ойы, көркем сөзі мен рухани дүниесі көрініс тапқан. Ұлы Абайдың, Ыбырай Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады»

деген. Бұл сөздің мәні терең. Тілінен айырылған халық өз тарихынан, дәстүрінен, ұлттық болмысынан айырылады. Сондықтан ана тілімізді құрметтеу, оны дамыту – әр қазақ азаматының қасиетті борышы. Бүгінгі таңда қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Елбасы мен мемлекет басшылары тіл мәртебесін көтеру, оның қолданыс аясын кеңейту бағытында үлкен жұмыстар атқаруда.

Тәуелсіздікпен бірге қазақ тілінің де беделі артып келеді. Мектептерде, жоғары оқу орындарында қазақ тілінде білім берілуде, БАҚ пен ресми құжаттар қазақ тілінде жүргізілуде. Бұл – ана тіліміздің өркендеуінің айғағы. Дегенмен, әлі де болса тіл мәдениетін сақтау, сөйлеу әдебін қалыптастыру, жастардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру – өзекті мәселе болып қала береді.

Бүгінгі ұрпақтың міндеті – ата-бабамыз аманат еткен тілді құрметтеу, оны таза сақтау және келер ұрпаққа жеткізу. Тілге деген құрмет – елге деген құрмет.

Тіл – ұлттың айнасы, рухани байлығы мен мақтанышы. Тілсіз ұлт болмайды, ұлтсыз тіл өмір сүрмейді. Сондықтан әрқайсымыз өз ана тілімізді ардақтап, қадірлеп, оның дамуына үлес қосуымыз қажет. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру – елдің мерейін арттыру. Ұлттың ұлы мұраты – тілін сақтап, оны әлемге таныту. Тіл – ұлттың рухани тірегі. Оны құрметтеу – өз ұлтыңды, өз еліңді сүюдің ең жоғары көрінісі. Тілін қадірлеген халық ешқашан жойылмайды, керісінше, мәңгілік өмір сүреді.

Тіл – ұлттың айнасы, халықтың жаны. Өз тілімізді қадірлей білсек, ұлтымыздың болашағы да жарқын болмақ. Сондықтан әрбіріміздің жүрегімізде: «Қазақ тілі – менің мақтанышым!» деген сезім нық орын алуы керек.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1. Ана тілі – ата мұра. – Алматы: Рауан, 2015.
2. Әуезов М. Әдебиет туралы ойлар. – Алматы: Ғылым, 1991.
3. Қойшыбаев Б. Қазақ тілі және тіл мәдениеті. – Алматы: ҚазҰУ, 2014.
4. Нұрғалиев Р. Тіл – ұлт рухы // Қазақ тілі мен әдебиеті журналы. – 2018. – №3.
5. Әбдірахманов Т. Қазақ тілінің қоғамдық қызметі және дамуы. – Астана: Елорда, 2012.
6. Картаева Ш. Тіл және ұлттық сана // Тіл әлемі журналы, 2020, №2.



ӘОЖ 373.3:004.738.5:005.8


# ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ЕРТЕ АНЫҚТАУ


**ИГИЛИКОВА СЫМБАТ АБИЛХАНОВНА**

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №2 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті КММ, Қазақстан Республикасы, Тараз қ



**Резюме.** В статье говорится, что ранняя поддержка – это комплексная система помощи, ориентированная на детей в возрасте до 3 лет и их семьи, которые подвержены риску развития нарушений или имеют нарушения в развитии, то есть включают психологические, педагогические, медицинские и социальные услуги, которые способствуют развитию ребенка и уменьшают будущие трудности.

**Summary.** The article says that early support is a comprehensive care system aimed at children under the age of 3 and their families who are at risk of developing disabilities or have developmental disabilities, that is, it includes psychological, pedagogical, medical and social services that promote the child's development and reduce future difficulties.


***Ерте қолдау дегеніміз не?***

Ерте көмек-дамуында артта қалу немесе бұзылыс қаупі бар нәрестелік шақтан 3 жасқа дейінгі балаларға және осындай балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға көрсетілетін қызметтер кешені.

Ерте жастағы (3 жасқа дейінгі) балаларды дамыту мен тәрбиеленудің әртүрлі мәселелеріне байланысты ата-аналардың алаңдаушылығы.

Егер нәресте моторикасын меңгеруде өз жасындағылардан қарағанда баяу болса, сөйлеу дамуында кешіксе, агрессивтілік танытса немесе үнемі жылай берсе, ұйқысы мен тәбеті бұзылса,

ата-аналарды бір нәрсе мазалап, нәрестенің даму ерекшеліктерін жақсы түсінгісі келсе, ерте қолдау қызметіне жүгіну қажет. Ерте қолдауға жүгінудің негізгі көрсеткіштері:

- сөйлеу дамуының кешігуі;
- қозғалтқыш дамуының кешігуі;
- өзін-өзі күтіну және ойын дағдыларының кешігуі;
- мінез-құлықтағы қиындығы;

***Ерте қолдау қызметі балаға қалай көмектесе алады?***

-Баланың даму деңгейін бағалау, баланың дамуындағы шектеулер мен қиындықтарды аңықтау, баланың шектеулерінің сәйкес «бейнесін» қалыптастыру,отбасы ресурстарын нығайту.

-Ата-аналармен бірлесе отырып, ерекше бала өмірінің әр түрлі салаларында:

Қимыл-қозғалыс, сөйлеу, танымдық, өзін-өзі күтінуі және т.б бойынша көмек көрсету бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыру;

-Ата-аналарға баланың қажеттіліктерін жақсырақ түсінуге және олардың оңтайлы дамуына ықпал етуіне көмектесу;

-Балаға қажетті арнайы жабдықтар мен техниканы таңдауға көмектесу(арнайы орындықтар, арбалар, тұруға және тамақтануға арналған құрылғылар және т.б);

-Қарапайым тұрмыстық жағдайларда (тамақтандыру, киіну, ойнау және т.б) ата-анамен бала арасында оңтайлы әрекеттесу жолдарын табу;

-Баланың қоғамға сәтті әлеуметтенуіне және енуіне ықпал ету;\

Бұл мүгедектігі бар және/немесе дамуында кідірісі бар сәбилер мен жас балаларды және олардың отбасыларын балалардың дамуын жақсарту, олардың әл-ауқаты мен қоғамға қатысуын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған қолдау мен қызметтермен қамтамасыз ету процесі. Бұл мүгедектігі бар және/немесе дамуында кідірісі бар сәбилер мен жас балаларды және олардың отбасыларын балалардың дамуын жақсарту, олардың әл-ауқаты мен қоғамға қатысуын қамтамасыз ету үшін мамандандырылған қолдау мен қызметтермен қамтамасыз ету процесі.

Негізгі мақсатата-аналарға (басқа негізгі адамдарға) мүгедектігі бар және/немесе дамуында кідірісі бар кішкентай баланы қамтамасыз етуді үйренуге көмектесу. өмірлік маңызды жағдайларға толық қатысуға мүмкіндік беретін құзыреттерді алуға және пайдалануға көмектесетін тәжірибе

Мамандар ата-аналармен, отбасылармен және бала үшін маңызды басқа адамдармен серіктестікте олардың білімін, дағдыларын арттыру үшін жұмыс істейді, осылайша олар баланың қажеттіліктерін қанағаттандыра алады, баланы үйретеді және дамытады және олардың отбасылық және қоғамдық өмірге қатысу қабілеттерін дамытады

Балаларға және олардың отбасыларына ерте көмек көрсету-бұл мақсатты топтың балалары мен олардың отбасыларына пәнаралық негізде көрсетілетін қызметтер кешені:

балалардың физикалық және психикалық дамуына ықпал ету,

олардың табиғи өмірлік жағдайларға қатысуы туралы,

жалпы отбасында балалар мен ата-аналардың, балалардың және оларға тікелей қарайтын басқа да адамдардың оң өзара іс-қимылы мен қарым-қатынасын қалыптастыруға,

балаларды құрдастарының ортасына қосу және оларды қоғамға біріктіру

ата-аналардың және балаға тікелей қарайтын басқа да адамдардың құзыреттілігін арттыруға.

***Кішкентай бала қалай үйренеді?***

Кішкентай бала үшін үйренудің ең маңызды тәсілі-**жақын адамдармен қарым-қатынас жасау**. Ата-аналармен және басқалармен сөйлесуге көп уақыт жұмсау балаға қарым-қатынасты бастау, байланыста болу, мұқият болу, сұхбаттасушыны қарау және тыңдау, хабарламаларды түсіну және жеткізу, кезекпен сөйлесу және т.б. сияқты қажетті қарым-қатынас дағдыларын үйренуге көмектеседі. Сондықтан баланың кіммен сөйлесетіні және не туралы сөйлесетіні өте маңызды.

Тағы бір тәсіл кішкентай баланың үйренуінің бір жолы — **бақылау.** Бала адамдарға, қоршаған әлемге, оқиғаларға қызығушылық танытады. Оған кім және не байқау керек. Ерте жаста анасы-бірінші бақылау объектісі, кішкентай бала оның не істеп жатқанын, қалай істеп жатқанын бақылайды. Ол оның қалай қозғалатынын, бет әлпетін өзгертетінін, ернін қозғайтынын, заттарды қалай басқаратынын, басқа адамдармен қалай қарым-қатынас жасайтынын бақылайды.

Көбінесе ата-аналар баланың бірдеңе істей бастағанын және оған ешкім үйретпегенін байқайды, мысалы, шай қасық ішу немесе крекерді шайға батыру, кітапты "оқығандай". Бұл ерте жастан үйренудің тағы бір маңызды тәсілі-**еліктеу.**

Бала үнемі қоршаған әлемді **зерттейді** және ол туралы білім алады. Егер баланың қозғалуы шектеулі болса, мысалы, ол үнемі бесікте, диванда және манежде болса, оның айналасындағы әлем бесік немесе манеж мөлшеріне дейін тарылады. Ол тек анасының қойғанын зерттей алады.

**Ойын,** баланың өмірінің ажырамас бөлігі, оған үнемі және көп оқуға мүмкіндік береді. Ойын баланың барлық салаларда одан әрі білім алуының негізі болып табылады. Ойында ол өзінің ескі дағдыларын жаттықтыра алады және жаңаларын дамыта алады. Ойын балаға қалай үйрену керектігін білуге мүмкіндік береді. Ойын балаға сәтсіздікке ұшыраудан қорықпай тәжірибе жасауға және үйренуге мүмкіндік береді.

***Ата-аналармен серіктестік құруға не көмектесе алады?***

Ерте көмек көрсету кезінде мамандар белгілі бір қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл ата-аналармен серіктестік орната алмайтындығына әкеледі.

Көбінесе бұл қиындықтардың басталуы ата-аналар өз өтініштерін айтқан кезде алғашқы қабылдауда пайда болады. Олар өздері үшін өз сұрауларын тұжырымдап үлгерді, олар тап болған мәселені қалай шешкілері келетінін шешті. Мұндай жағдайларда ата-аналардың басында "мен баламға қалай көмектесуге болатынын білемін" немесе "баланың жақсы дамып келе жатқанына көз жеткізу үшін оның дамуының белгілі бір маркерлерін көргім келеді"деген сценарий бар.Баланың қауіпсіз дамуының ең оңай бақыланатын белгілерінің бірі-сөйлеу. Сондықтан ата-аналардың алғашқы қабылдауында жиі кездесетін сұранысы - "баланың сөйлеуін дамыту". Ата-аналардың айтуы бойынша: "егер бала сөйлесе, ол жақсы". Бала табиғи өмірлік жағдайларға қатысу кезінде осындай негізгі дағдыларды игереді, жаттықтырады және бекітеді. Бұл баланың дамуына жағдай жасайтын табиғи өмірлік жағдайлар, қажетті дағдыларды жаттықтыру және бекіту мүмкіндіктері. Әрбір тәртіп, бір жағынан, баланың дамуына көмектеседі, екінші жағынан, оған күрделі дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Ересектер балаға жасанды түрде жасай алатын басқа жағдайлар оған табиғи өмірлік жағдайлар сияқты қолайлы жағдайлар бере алмайды. Сондықтан, "сөйлеуге" сұраныс жағдайында ерте көмек алдымен күнделікті өмірде мұқият талдайды: баланың дағдылары, ересектер қолданатын стратегиялар, пәндік орта, өйткені бұл сәтті жұмыс істейтін тәртіптер баланың сөйлеуді қалыптастырудың негізгі дағдыларын дамытатын уақыт пен орынға айналады.

Ерте көмек мамандарының міндеті-ата-аналарға баланың даму заңдылықтарын түсіндіру, көрсету. Егер түсініктеме сәті жіберіп алса, онда ата-аналар ерте көмек маманы оларға қалай көмектесе алатыны туралы жаңылысуы мүмкін. Олар өздері елестететін сценарийді күтеді және егер олардың идеялары мамандар жоспарлағаннан өзгеше болса, онда отбасымен өнімді серіктестік құру нәтиже бермейді.

Ата-аналармен сөйлескенде, олардың отбасындағы күнделікті өмірдің қалай жүретініне назар аударуға көмектесетін әртүрлі дәлелдерді қолдануға болады. Мысалы, киіну және шешіну дағдылары баланың сурет салуға және жазуға қаншалықты дайын болатынына тікелей әсер ететінін білу маңызды, өйткені бұл екі процесс те денеде бірдей бұлшықеттерді тартады, сонымен қатар бұл бұлшықеттердің қажетті үйлестірілуіне ықпал етеді. Тамақтану сапасы баланың болашақта дыбыстарды қалай айтатынына тікелей әсер етеді. Баланың өрмелеу және сырғанау шеберлігі оның жууыну бөлмесінде қаншалықты қауіпсіз отыруға және шашын жууға болатындығына әсер етеді.

Есіңізде болсын, маманның ата — аналармен жұмыс жасаудағы басты міндеті-отбасының өмір сүру сапасын жақсарту. Бұл бағытта сіз жасай алатын барлық нәрсе — оларға сапалы кәсіби ақпарат беру. Әрине, ата-аналар шешім қабылдайды олар оны қабылдауға дайын ба, жоқ па, бұл олардың жауапкершілігі. Маман ретінде сіздің жауапкершілігіңіз - бұл дұрыс екпін қою, дұрыс ақпарат беру және оларды қолдау қажет болған кезде қолдау. Қалғанының бәрін ата-аналар өздері жасайды.

Осылайша, отбасына отбасының режимдік сәттерінде дамушы немесе көмекші стратегияларды енгізуге көмектесу арқылы отбасыларды даму процесіне белсенді қатысуға ынталандыру маңызды. Ата — аналар-бұл отбасына көмек бағдарламасын нақты қамтамасыз ететін және жүзеге асыратын адамдар. Олар баланың қажеттіліктері мен өз қажеттіліктерін үйлестіре отырып, баланың дамуына ықпал ету үшін баламен өмірді шығармашылықпен ұйымдастырады.

Қорытынды бағалау қорытындысы бойынша ата-аналармен келесі мәселелерді талқылау үшін отбасымен жеке кездесу өткізу қажет:

Баланың дамуында динамика бар ма, ол қандай?

-Баланың табиғи өмірлік жағдайларға қатысуы мен қызметі өзгерді ме, мысалы, бала қасықты өз бетінше ұстап, жұмсақ тамақ жей алады, бала өзінің қажеттіліктері туралы хабарлай алады, бала аяқ киімді өз бетінше кие алады, бала құрдастарымен ойындарға қатысады ма?

-Баланың құрдастарының ортасына қосылу тәжірибесі бар ма, баланың өзін қалай сезінетіні, әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдылары қандай болды?

-Баланың денсаулығында оң өзгерістер бар ма?

-Баланың қоршаған орта факторларының өзгеруі болды ма, не пайда болды, баланың жұмысына қалай әсер етеді? Не жетіспейді?

-Баланың ата-анасымен және жалпы отбасында қарым-қатынасы мен қарым-қатынасы өзгерді ме, қандай өзгерістер болды?

-Отбасы мүшелері баласының күшті жақтарын, оның қабілеттерін жақсы түсіне бастады ма?

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Джудит С. Райкус, Рональд К Хьюз Социально-психологическая помощь семьям и детям группы риска, практическое пособие, Москва 2009 г;

2.https://buro-akzent.ru

3.Розенберг М. Язык жизни. Ненасильственное общение. Книжное издательство «София». 2018.

4.Малкина-Пых И.Г. Психосоматика: Справочник практического психолога. М.: Эксмо, 2005.

ӘОЖ 373.3:159.9

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**ЕШМАНОВА ОРАЗКУЛ КАНАЛХАНОВНА**
Көктал орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**Резюме.** Начальная школа — это особый, ценный и неповторимый этап, в котором наиболее интенсивно происходит развитие личности и качеств учащегося. Научные исследования показывают, что творческие инициативы учащихся напрямую связаны с их познавательной активностью в учебной деятельности. Следовательно, творческие начала представляют собой единство действий, навыков и умений, направленных на формирование интереса к содержанию обучения в соответствии с поставленными целями, повышение познавательной активности и творчества учащихся, а также их применение на практике.

**Summary.** Primary school is a unique and invaluable stage in which a student's personality and qualities develop most intensively. Scientific research indicates that creative initiatives in students are directly related to their cognitive activity in learning. Therefore, creative foundations represent a unity of actions, skills, and abilities aimed at forming students' interest in the learning content in accordance with their goals, increasing their cognitive activity and creativity, and applying them in practice.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі - білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, шығармашылық танымменен тікелей қатынас жасайтын жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық мүмкіншілігіне байланысты. Бастауыш сыныптағы оқыту үрдісінің негізгі мақсаттары - оқушының білім игеру кезінде ойлау қабілетін қалыптастыру, сол арқылы таным әрекетін белсендіріп, шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеп дамыту болып табылады.

Танымдық белсенділікті психологилық - педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл бастауыш сынып кезеңіндегі оқушылардың тұлғалық сапасынын ерекшелігіне талдау жасауға, бастауыш сыныпта білім беру мекемелерінін тәрбиелеу және оқыту үрдісінде оны қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді.

Психологиялық - педагогикалық әдебиеттердегі талдауда (Т.И.Шамова, С.Л.Рубинштейн, К.К.Платонов, Э.Г. Юдин, Л.П. Буева, А.Н.Леонтьев. В.П.Зинченко, Л.А.Венгер, А.М.Леушина,

А.А.Люблинская, Л.Ф.Обухова, А.В.Запарожец, Н.Н.Подьяков, А.П., Усова, М.И.Лисина, Г.И.Щукина және т.б.) тұлғалық сапа ретіндегі танымдық белсенділіктің ерекшелігінің психологиялық, педагогикалық және биологиялық сипатта айқындылығын көрсетті.

Биологиялық жағы танымдық белсенділіктің қалыптасуының мәселелері оқушылардың анатомиялық – физиологиялық ерекшеліктерін талдаумен байланысты болып келеді.

Оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту мәселесі ұстаздардың теория және практикада жаңалықты іздеуді талап етеді, бүгінгі жағдайдағы анықтаушы мағынаға ие, оқытудағы белсенділік принципін жүзеге асыруға бағытталған оқудың мазмұнын, формасын, әдістері мен тәсілдерін, жағдайлары мен құралдарын әлі де жақсарту үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестіруді керек етеді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту, және тәрбиелеудің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар бастауыш мектеп оқушыларының өзіндік танымдық іс – әрекеттеріне қатынасының қалыптсауымен тәуелді болып келеді.

Танымдық белсенділіктің ерекше белгілері мыналар:

- бірнеше заттар мен құбылыстарға деген белсенді танымдық қатынас ретіндегі жан - жақтылығы;

- құбылыстың тек қана фактісі, қасиеттері мен сапаларына ғана емес сонымен бірге мәні, себебі және өзара байланысына деген белсенділігімен сипатталатын тереңдігі;

- динамикалығы, яғни бұл баланың меңгерген білімі қозғалмалы жүйе түрінде құрылуы және іс - әрекетке қолданылуы, баланың ойлау әрекетінде қызмет атқаратындығы;

- әрекеттілігі, яғни бұл баланың меңгерген құбылыстармен танысуға қиыншылықтарға төзуге, мақсатқа жетуде ерік – жігерінің болуына бағытталған баланың белсенді әрекетінде байқалады.

Қазіргі ғалымдану және техниканың қарқынды даму кезінде оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру – жеке тұлғаның еркін дамуы үшін оның бойында жалпы азаматтық құндылықтардың қалыптасуын қамтамасыз ететін дидактикалық ұстаным ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Мектеп- бұл оқушы тұлғасымен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерек. Бүгінгі білім беру сапасы- бұл біздің қоғамымыздың ертеңі. Сондықтан да біздің еліміздің болашағы, бәрінен де әрқайсымызға, соның ішінде мұғалімге, біздің азаматтық көқарасымызға байланысты! ”Неге оқыту керек?”, ”Қалай оқыту керек?”,”Кімді оқыту керек?”деген бұрынғы шешілетін теориялық - практикалық міндеттер бірігіп кеткен тәрізді. Атақты ойшыл – педагог Ф.Бэконның ойына:"Оқытудың ақиқатты мақсаты білім емес, іс-әрекет” деген тұжырымдап кеткен. Қай салада болмасын, ондағы жұмыстың нәтижесі сапасымен өлшенеді. Мектептегі сан-саналы жұмыстың құйылатын арнасы да білімнің сапасында болатыны даусыз. Білім қоғамды тұрақтандыратын, рухани мұраны сақтайтын, ұрпақты ұрпаққа сабақтастыратын құрал. Сондықтан алға басқан сайын біз халқымыздың тарихи құндылықтар, ұлттық тіл қазынасын, яғни халық қазынасының бағалы жақтарын келешекке өзімізбен бірге индустриясы дамыған, толық техникаланған болашаққа ала баруымыз керек, сонда ғана біздің ұрпақ өз тілегін,өз тілін, сабаққа деген қызығушылығын, танымдық қабілетін дамытады.

Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Педагогикалық- психология бойынша қарастырсақ оқушының эмпирикалық (көрнекі-бейнелі және көрнекі әрекеттің) ойлау түрлерінің деңгейі жоғары болса, осыны тірек ете отырып логикалық(теориялық) ойлауы да тиімді дамиды деп есептейді. Бұл оқушылардың оқу материалымен белсенді түрде жұмыс істеуі, өздігінен жасайтын жұмыстары олардың белсенділігін арттырады, оқу мен ойлау әрекетінің тиімді амалдарын қалыптастырады. Оқушылардың білім сапасын арттыруда жаңа технологияны тиімді пайдалана білу үлкен рөл атқарады. Оқушыларға білім жүйесін терең әрі тиянақты беру үшін оқыту әдісін жетілдіру-әр ұстаздың негізгі міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Бастауыш сыныпта оқыту журналы №1 2006ж

2.Мөженақова М.С. Мектептің педагогикалық процесінде оқушылардың танымдық қызығушылығын өлкетану материалдары негізінде дамыту.п.ғ.к. дисс...Автореф Қарағанды 2004.

3. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. «Мектеп» 1978ж.

4. Бұзаубақова К. Жаңа педагогикалық технологиялар. Бастауыш мектеп 2004, №10

ӘОЖ 37.022:37

# ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ БАҒЫТТАРЫН ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНДЕ ӨЗАРА ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**СЕЙТЖАПАРОВА АСЕМ БАТЫРБЕКОВНА**
Көктал орта мектебінің физика пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В работе рассматриваются пути развития логического мышления учащихся и повышения их интереса к обучению посредством эффективного использования современных педагогических технологий в учебном процессе.

**Summary.** This paper examines ways to develop students' logical thinking skills and increase their interest in learning by effectively using modern pedagogical technologies in the teaching process.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесінің даму шарттарын айқындауды тапсырды. [1].

Оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды кеңінен енгізу жайында ғалым К. Бұзаубақова «Жаңа педагогикалық технологиялар» атты еңбегінде: «Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын пракатикада меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Ал, жаңа педагогикалық технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, білімгер тұлғасын дамытып, оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі», - деп атап өткен [2].

Қазіргі таңда білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар. Сондықтан әртүрлі оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Ең алғаш "инновация" ұғымы қазақ тілінде анықтаған ғалым профессор Немеребай Нұрахметов. Ол: "Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі" – деген анықтаманы ұсынады. Ол "Инновация" білімінің мазмұнында, әдістемеде, технологияда, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, мектеп жүйесін басқаруда көрініс табады деп қарастырып, өзінің жіктемесінде инновацияны, қайта жаңарту кеңістігін бірнеше түрге бөледі: 1) Жеке түрі (жеке-дара, бір-бірімен байланыспаған); 2) Модульдік түрі (жеке дара кешені, бір-бірімен байланысқан); 3) Жүйелі түрі (Мектепті толық қамтитын).

Ал жалпы инновацияны модификациялық, комбинаторлық, радикалдық деп үш түрге бөлуге болады. [3].

Сабақ беру процесінде модификациялық технологияны кеңінен пайдаланамыз, себебі қолда барды дамыта алуға, қай пәнде болса да тапсырмаларды түрлендіріп қолдануға тиімді. Жаңа технологиямен жұмыс істеу үшін төмендегі алғы шарттар қажет:

- жаңа буын оқулықтарының мазмұнын зерттеп білу, пәндік білім стандартымен жете танысу, білімді деңгейлеп беру технологиясын игеру арқылы оқушыларға білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде игертуге қол жеткізу;
- оқыту үрдісін ізгілендіру мен демократияландыруды үнемі басшылыққа алу.

Оқыту технологиясын меңгеруі үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет болады. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Оқу үрдісінің әдістері мен түрлерін жетілдіру жаңашыл педагогтардың озық дидактикалық идеяларында көрініс табады. В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдары, Р.Ш. Штейнердің еркін таңдау идеясы, С.Н. Лысенкованың оза оқыту, П.Эрдниевтың дамыта оқыту, Л.С. Выгодскидің жақын даму аймағы тағы басқа сол сияқты.

Мектептегі оқу үрдісінде педагогикалық технологияның қолдану түрлерінің белгілі тәжірибесі қалыптасқан. Ал жалпы білім беретін мектептер үшін педагогикалық технология мынадай басты шартты қанағаттандыруы тиіс.

- оқушының оқу танымдық қызметінің құрылымы мен мазмұнын анықтайтын оқу тәрбие үрдісінің жобасына негізделуі қажет;
- оқу мақсатын диагностикалық зерттеу жолымен анықтап, оның меңгерілу сапасын дәл тексеріп бағалауды қажет етеді;
- практикада оқу үрдісінің толықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Б.В. Горячев мұғалімдерге оқыту үрдісінде төмендегі технологияларды қолдануды ұсынады:

дидактикалық қағидаларды – ұстанымдарды, әдістерді, құрал, форма, амал, тәсілдерді таңдау технологиясы;

дидактиканың бірліктерді ірілендіру технологиясы;

ЭЕМ – ды пайдаланып оқыту технологиясы;

даралап оқыту технологиясы.

Сабақ біздің заманымызда да оқытудың негізгі түрі ретінде қала бермек, бірақ оның ерекшеліктері мен мүмкіншіліктері мүлде жойылған жоқ, өзгеріп жаңаруда.

Оқытудың жаңа технологиялары ғылымға және тәжірибеге негізделген әртүрлі білім саласын кең түрде игеруде оларды іс жүзінде пайдаланғанда аумағы кең, жаңа мәліметтер мен күнделікті іс-әрекеттегі ұсыныстарды іске асыруда аса пайдалы.

XXI – ғасыр білімгерлер ғасыры болмақ. Білімгерлерді аялап тербетер, баптап өсірер тәрбие керек. Ұрпақ тәрбиесі ел алдындағы маңызы зор міндет, еліміздің қоғамдық, экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – мектептің ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. Астана. 2007 ж.
2.Бұзаубақова Қ.Ж.. Жаңа педагогикалық технология – Алматы 2003ж.
3.Бұзаубақова Қ.Ж. Инновациялық педагогика негіздері – Алматы 2009ж.

ӘОЖ 37.091.33

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫҢ РӨЛІ

**АХМЕТЖАНОВА НУРГУЛ ТОЛЕНБЕКОВНА**
Қаратай Тұрысов атындағы №53 мектеп-гимназиясы,
бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы использования информационных технологий в педагогике XXI века, которые стали одним из основных направлений образовательного процесса, особенно в начальной школе. В этот возрастной период формируются познавательные способности учащихся и развивается учебная мотивация, поэтому использование эффективных образовательных инструментов играет важную роль в повышении качества обучения. Цифровые ресурсы позволяют сделать учебный процесс интересным, наглядным и интерактивным. Они создают условия для индивидуального подхода к каждому учащемуся и способствуют развитию языковых, логических и творческих навыков. Электронные учебники, мультимедийные программы, мобильные приложения и онлайн-платформы повышают интерес к урокам и обеспечивают глубокое освоение учебного материала. Кроме того, цифровые ресурсы позволяют оперативно получать обратную связь, эффективно управлять учебным процессом, развивать самостоятельное обучение и выполнять индивидуальные проектные работы. Применение цифровых технологий в начальной школе способствует всестороннему развитию

языковых навыков, формированию творческого мышления и активному участию учащихся в учебном процессе.

**Abstract.** The article explores the use of information technologies in 21st-century pedagogy, which has become one of the main directions of the educational process, especially in primary school. At this age, students' cognitive abilities are formed and learning motivation develops, so the use of effective educational tools plays an important role in improving the quality of learning. Digital resources make the learning process engaging, visual, and interactive. They create opportunities for individual learning tailored to each student and contribute to the development of language, logical, and creative skills. Electronic textbooks, multimedia programs, mobile applications, and online platforms increase students' interest in lessons and enable deeper mastery of educational material. In addition, digital resources allow for prompt feedback, effective management of the learning process, development of independent learning skills, and completion of individual project work. The use of digital technologies in primary education promotes comprehensive language skill development, fosters creative thinking, and encourages active participation of students in the learning process.

XXI ғасыр педагогикасында ақпараттық технологияларды қолдану білім беру үдерісінің негізгі бағыттарының біріне айналды. Бұл тенденция бастауыш сыныпта оқыту барысында аса маңызды, себебі осы жас кезеңде оқушының танымдық қабілеттері қалыптасып, оқу мотивациясы дамиды. Қазіргі білім беру жүйесінде цифрлық ресурстар оқытудың сапасын арттырып, әрбір оқушының жеке қабілетіне сәйкес білім алуына мүмкіндік береді. Цифрлық ресурстарға электронды оқулықтар, мультимедиалық бағдарламалар, интерактивті тапсырмалар, онлайн-платформалар, мобильді қосымшалар, аудио және видео материалдар, электронды сөздіктер мен ұлттық корпустар жатады. Бұл құралдар оқу материалын визуалды түрде түсіндіруді жеңілдетіп, сабаққа қызығушылықты арттырып, танымдық белсенділікті дамытуға ықпал етеді, сондай-ақ кері байланысты жедел алу арқылы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері зерттеушілердің назарын ерекше аударып отыр. Осы күні мектепте әлеуметті жағынан белсенді, еркін ойлай алатын, өз бетінше жаңа ақпаратты меңгере білетін, саналы адамдар тәрбиелеуге талап қойылуда. Осыған байланысты қазіргі жағдайда мектеп оқушысының төменгі сыныптан бастап оқуға деген қызығушылығын, танымдық әрекет белсенділігін қалыптастыру үшін мұғалім сапалы оқытуға негізделген жаңа бағдарламамен, жаңа технологиялармен оқыту қажет.

Бастауыш мектептің сабақтарында саналуан әдістерді, оның ішінде интерактивті әдістерді пайдалану оның уақыт талабына сай түрлерінің жаңаруымен баса назар аударталы.

Осының өзі оқыту әдістерін қайта қарастыру қажеттігінің туындағанына дәлел болады, бірақ қазіргі таңдағы өзгерістерге орай енгізілген жаңасын көрсету қажет. Мәселен, мультимедиялық технологияны қолдану оқу үрдісінде алуан түрлі тұсау кесерлер жасауға мүмкіндік берді, яғни бұрын соңды мектептерде қолданылмаған, көрнекіліктер тобына жататын әдістер пайда болды. Кітаппен жұмыс әдісі ауқымды ақпараттармен жұмыс, оның ішінде интернет желісінен ақпараттар іздеу, оны өңдеу және қолдану әдістерімен толықтырылды.

Цифрлық ресурстар бастауыш сыныпта тілдік дағдыларды дамытуда ерекше рөл атқарады, себебі қазақ тілін үйрету төрт негізгі дағдыны – тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылымды – бірдей дамыту арқылы жүзеге асады[1, 68б]. Онлайн платформалар мен мобильді қосымшалар грамматиканы жүйелі меңгеруге, жаңа сөздерді есте сақтауға, тілдік орта қалыптастыруға және ауызекі сөйлеу дағдысын жетілдіруге мүмкіндік береді. Электронды сөздіктер мен ұлттық корпустар оқушыларға сөздердің жиілік қолданысын, стильдік реңкін, нақты контексттегі мағынасын, сөйлем құрылымындағы қызметін түсінуге жағдай жасап, тілдік сезімді қалыптастырады. Аудио және видео материалдар, подкасттар, мультфильмдер тыңдалым дағдысын дамытып, оқу материалын визуалды түрде қабылдауға және есте сақтауға ықпал етеді, бұл әсіресе көрнекілік пен динамикалық бейнелену арқылы білімді тиімді меңгеру үшін маңызды.

Цифрлық ресурстар оқушының барлық тілдік дағдысын қатар дамытуға мүмкіндік береді, интерактивті тапсырмалар мен ойын элементтері сабаққа қызығушылықты арттырып, әр оқушының жеке қабілеті мен оқу қарқынына сәйкес білім алуына жол ашады. Онлайн ресурстар арқылы білім алу географиялық шектеусіз жүзеге асады, бұл әсіресе қашықтан оқыту жағдайында аса құнды болып табылады, сондай-ақ мұндай ресурстар оқушының өзіндік білім алуын дамытуға, материалды қайталап меңгеруге және жеке жобалық жұмыстар жасауға жағдай туғызады[2, 28б]. Цифрлық ресурстардың басты артықшылықтары оқу материалын визуалды және интерактивті түрде ұсынуында, сабаққа қызығушылықты арттыруында, әр оқушының жеке қабілеті мен оқу

қарқынына сәйкес білім алуына жағдай жасауында көрініс табады, бұл әсіресе тілдік дағдыларды жан-жақты дамытуда тиімді.

Мобильді қосымшалар мен онлайн платформалардың артықшылықтары олардың тапсырмаларды шағын бөлімдерге бөлуінде, ойынды элементтерін қосуында, күн сайын қайталауға мотивация туғызуында, қолданушының білімін деңгей бойынша бағалауында көрінеді. Сонымен бірге, аудио-видео материалдар мен мультимедиа оқушылардың сөйлеу дағдыларын табиғи ортаға жақындатады, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық ойлауын дамытады және оқу нәтижесін бақылау мен кері байланыс алуды жеңілдетеді[3, 46б].

Дегенмен, цифрлық ресурстарды қолданудың шектеулері де бар, олардың ішінде интернеттің барлық жерде қолжетімді болмауы, кейбір платформалардың сапасының төмендігі, мұғалімнің цифрлық сауаттылығының жеткіліксіздігі және оқушының өзіндік тәртібінің әлсіздігі бар. Сондықтан технологияларды тиімді қолдану үшін сабақ жоспарын дұрыс құру, сапалы оқу материалы әзірлеу, мұғалімнің ақпараттық сауаттылығын жетілдіру және оқушыны белсенді қатыстыру маңызды болып табылады.

Бастауыш сынып оқытуда цифрлық ресурстарды қолдану білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың қызығушылығын оятады, оқу материалын терең әрі жан-жақты меңгеруге жағдай жасайды, тілдік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді және оқу сапасын жаңа деңгейге көтеруге зор үлес қосады, мультимедиалық және интерактивті тапсырмалар сабақ процесін қызықты етіп, әр оқушының қабілетіне сәйкес білім алуына мүмкіндік туғызады, бұл ресурстар оқушының өзіндік білім алу дағдыларын қалыптастырады, шығармашылық ойлауын дамытады және тілдік дағдыларды жан-жақты меңгеруге жағдай жасайды. Цифрлық ресурстар педагогикада бастауыш сынып оқыту сапасын арттыруда, әр оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып білім беруді жүзеге асыруда маңызды құрал болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Г.Ж. Инновациялық технологиялар бастауыш сыныпта. – Алматы, 2018. – 152 б.
2. Сәдуақасова М. Бастауыш сыныпта мультимедиалық ресурстарды қолдану жолдары. – Алматы, 2020. –53б.
3. Мұқашева А.С. Интерактивті және мультимедиалық құралдар арқылы оқытудың тиімділігі. – Алматы, 2021. – 96 б.

ӘОЖ 37.279.32

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**АЛИШЕВА ГУЛЬЖАН ДАУЛЕТКЫЗЫ**
Сыпатай Әлібекұлы атындағы N19жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі,
Жамбыл облысы, Меркі ауданы

**Резюме.** В статье рассматриваются возможности и эффективность использования цифровых образовательных ресурсов в начальной школе. Анализируются виды цифровых ресурсов и особенности их применения в учебном процессе. Особое внимание уделяется роли учителя в организации цифрового обучения.

**Summary.** The article discusses the effectiveness of using digital educational resources in primary school. The types of digital resources and their application in the learning process are analyzed. Special attention is paid to the role of the teacher in digital education.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі цифрландыру үдерісімен тығыз байланысты. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мектептегі оқыту әдістері мен мазмұнына айтарлықтай өзгерістер енгізуде. Әсіресе бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, білім сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондықтан бастауыш сынып мұғалімінің цифрлық құзыреттілігі заман талабына сай болуы маңызды.

**Цифрлық ресурстар ұғымы және олардың түрлері**

Цифрлық білім беру ресурстары – электронды форматта ұсынылатын оқу материалдары мен құралдар жиынтығы. Оларға электронды оқулықтар, бейнесабақтар, интерактивті жаттығулар, онлайн платформалар, білім беру сайттары мен мобильді қосымшалар жатады.

Бастауыш сыныпта қолданылатын цифрлық ресурстардың негізгі түрлері:

электронды оқулықтар мен презентациялар;

интерактивті тақтаға арналған тапсырмалар;

білім беру платформалары (тест, жаттығу, ойын түріндегі тапсырмалар);

бейнематериалдар мен анимациялар

**Бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды пайдаланудың маңызы**

Бастауыш сынып оқушылары көрнекілікке, ойын элементтеріне және қызықты тапсырмаларға бейім келеді. Цифрлық ресурстар осы ерекшеліктерді ескере отырып, оқу үдерісін жеңіл әрі тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық ресурстарды қолданудың артықшылықтары:

оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттырады;

оқу материалын көрнекі және түсінікті етеді;

оқушының өз бетімен жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады;

уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді;

оқытуды даралау мен саралауды жүзеге асырады

**Цифрлық ресурстарды сабақта қолдану жолдары**

1. Жаңа сабақты түсіндіруде

Презентациялар, бейнероликтер, анимациялар арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру оқушылардың қабылдауын жеңілдетеді. Көрнекі ақпарат баланың есте сақтау қабілетін арттырады.

2. Бекіту кезеңінде

Интерактивті тапсырмалар мен онлайн жаттығулар арқылы оқушылар алған білімін бекітеді. Бұл әдіс оқушыларды белсенді әрекетке тартады.

3. Білімді тексеру барысында

Онлайн тесттер мен цифрлық бағалау құралдары оқушы білімін жедел әрі объективті бағалауға мүмкіндік береді.

4. Үй тапсырмасын ұйымдастыруда

Цифрлық платформалар арқылы үй тапсырмасын беру және кері байланыс жасау тиімді жүзеге асады.

**Мұғалімнің рөлі және цифрлық ресурстарды қолданудағы жауапкершілік**

Цифрлық ресурстардың тиімділігі мұғалімнің оны орынды әрі мақсатты қолдануына байланысты. Мұғалім:

цифрлық құралды сабақ мақсатына сай таңдауы;

оқушының жас ерекшелігін ескеруі;

цифрлық және дәстүрлі оқытуды үйлестіре білуі тиіс.

Цифрлық ресурстар мұғалімді алмастырмайды, керісінше оның кәсіби қызметін толықтыратын құрал болып табылады.

Сабақ барысында интерактивті тапсырмаларды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өзара ынтымақтастығын дамытады. Топтық жұмыстарда цифрлық тапсырмаларды орындау оқушылардың бір-бірімен пікір алмасуына, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану – заманауи білім берудің маңызды бағыты. Цифрлық технологиялар оқу үдерісін жаңғыртып, оқушының танымдық белсенділігін арттырады, білімді саналы меңгеруіне ықпал етеді. Алайда цифрлық ресурстарды қолдану барысында мұғалімнің әдістемелік шеберлігі мен жауапкершілігі шешуші рөл атқарады. Дәстүрлі және цифрлық оқытуды үйлестіре отырып ұйымдастырылған сабақ қана жоғары нәтижеге жеткізеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2017.

2. Сейтқазиев А. Педагогикалық психология. – Алматы: Білім, 2015.

3. Тәжібаева Ш.Ж. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

4. Әбілқасымова А.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы: Мектеп, 2019.
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2020.
6.Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану жөніндегі әдістемелік нұсқау. – Астана, 2021

ӘОЖ 37.145.66

## ҚАРЫМ – ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІНІҢ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

**МАХАНОВА ГУЛФИЯ МАЛИКОВНА**
№64 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі, Қазақстан Республикасы, Тараз қ

**Резюме.** В статье рассматривается роль культуры общения в психологическом и социальном развитии ребёнка. Культура общения — это способность человека эффективно и корректно выражать свои мысли, чувства и потребности. Авторы подчеркивают важность методов общения родителей и педагогов в формировании эмоционального интеллекта, социальных навыков и речевого развития ребёнка. Кроме того, правильная культура общения способствует повышению уверенности ребёнка в себе и развитию способности разрешать конфликты. В статье рассматриваются также речевая культура, навыки слушания и способы регулирования эмоций, влияющие на личностное развитие ребёнка.

**Summary.** The article examines the role of communication culture in the psychological and social development of a child. Communication culture is defined as a person's ability to effectively and appropriately express their thoughts, feelings, and needs. The authors emphasize the importance of parental and teacher communication methods in the development of a child's emotional intelligence, social skills, and language abilities. Furthermore, proper communication culture contributes to increasing the child's self-confidence and developing their ability to resolve conflicts. The article also discusses speech culture, listening skills, and emotion regulation strategies that influence the child's personal development.

Қарым-қатынас – социумдық ұғым болғанымен, адам өмірінің ең маңызды әрі күн сайын жолығатын дүниесі. Тап қазір осы мақаланы оқып отырған Сіз осы уақытқа дейінгі сізбен болған бүкіл қарым-қатынастың өнімісіз. Демек, индивидаралық коммуникация белгілі бір тұлғаның бойындағы барлық қасиеттерді, түсінік-көзқарастары мен ұстанымдарын, талғам-қабілетін қалыптастыратын ең қымбат валюта. Ал оны дұрыс қалыптастыру мәселесі өз алдына бөлек дастан. Әсіресе, жас ата-ана мен бала арасы.Сан мың отбасының өзара гармонияда ғұмыр кешуі кез келген өркениетті жұрттың басты мұраты. Айналасына қажеттілігін сезініп, қадірлі екеніне көзі жеткен жанның өміріне мән бітеді.

Қарым-қатынасты зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, оқушылардың қарым-қатынас мәдениетін, ұғымына төмендегідей анықтама беруге болады:

Қарым - қатынас мәдениеті дегеніміз - адамдардың өз мінез - құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысу және алдына қойған мақсатына жетудің тиімді жолын табуды айтамыз. «Қарым-қатынас мәдениеті қалыптасу деңгейін, оның сапасын өлшеп көрсету өте қиын. Өйткені тек қана іскерлік, қолданбалы, тәжірибелік мәселелердің тиімді шешілгені қарым-қатынастың барысында барлық қатынасқан субьектілері үшін оң жағдайда жүргенін көрсетуі мүмкін. Сондықтан іс-шаралар нәтижесі гуманистік, адамгершілік қасиеттерді сақтау негізінде, басқаларға психологиялық қысым, зорлық көрсетпей жүргізу бағытында болғанда ғана қарым-қатынас мәдениеті сақталғаны анық байқалады».

Даму барысында бала алдымен вертикальды байланыстарға сүйенеді, ол толығымен ата-анасына немесе отбасының басқа мүшелеріне байланысты. Ана баласына мейірін төгіп, махаббатын арнаған соң әкеге қарай ауа бастайды. Әкесімен байланыс орнатқан соң, ата-әже, бауырларымен қатынас түзейді.Бірақ есте тұтатын бір жайт – әркім өз орнында болуы керек, төменнен жоғары қарай ретімен. Отбасы мүшелері сәбидің болмысын, дүниетанымын қалыптастырады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген осыдан. Тіпті мамандар бала тәрбиесі құрсақта емес, ата-анасының болашақ бала туралы ойланған сәтінен басталатынын айтады. Қазақ оны «сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді»дейді.

Отбасы, мектеп пен мектепке дейінгі тәрбие мекемелері, балалар және жасөспірімдер бірлестіктері, көше, бұқаралық ақпарат құралдары – бұлардың бәрі де тұлға дамуындағы қалыптастырушы ықпал жасайтын ерекше тәрбиешілер тобын құрайды.

«Отбасының негізгі міндеті – белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыру. Отбасы қоғамдық, топтық және жеке адамдық қажеттіліктерді қанағаттандырады. Қоғамның әлеуметтік ұясы бола оытырп, отбасы біраз ең маңызды қажттілікітерді, соның ішінде халықтың санын ұдайы жаңартып отыру қажеттілігін де қанағаттандырады. Сонымен қатар отбасы, әлбетте, өзінің мүшесінің жеке бастық қажеттіліктерін де, сондай-ақ жалпы отбасылық қажеттіліктерді де қанағаттандырып отырады».

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы, мұнда пікірлер, көзқарастар, құндылықтар мен мінез – құлықтарды меңгере бастайды. Дәстүрлі отбасылар сияқты кеңейтілген отбасылар да әлеуметтік жүйе болып табылады, онда әрбір отбасы мүшесі басқа мүшелеріне тікелей және жанама түрде ықпал ете алады. Отбасы жағымды ата –аналар бірлестігінің бір –бірін қолдаушы ата-аналар құрай алатын болса, балалар неғұрлым жақсы тұрады.

Сонымен қатар баламен өзара қарым-қатынас стилдерін талдаудағы әртүрлі бағыттарды қарастыра отырып, үш құрамдас бөлікті айтуға болады: эмоциялық, танымдық және мінез-құлықтық.

Бала тәрбиелеу мен оның мүмкіндігін ұштастыру бір бірінен бөлінбейтін қағидалар. Баланы қандай адам ретінде көргісі келетін ата-аналар мен мұғалімдер тәрбиелеу мен оның қабілетін дұрыс ұштастыра алғанда ғана өз дегеніне жете алады. Бірақ баланың ішкі жан дүниесімен , мүмкіндігімен санаспай, тек өзім қалаған адам жасаймын деп оны жанды қуыршаққа айналдырмау керектігін ұмытпаған жөн.

Ата-ананың көңіл – күйі балаға үлкен әсер етеді. Себебі олар балаға дербес еркін адам болып өсуіне, өзін өмірге дұрыс бейімделуіне ата-ана мен бала арасындағы достық қатынастың қалыптасуына кесірін тигізеді. Сондықтан бала өз дербестігі үшін күресуге әрекеттенеді де көптеген ұрыс-керістің, күйзелістің себепкері болады.

Отбасы тәрбиесінде қолданатын әдістер: өнеге-үлгі, бірлікті іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдау және оны қорғау. Ол әдістер баланың жан-жақты дамуына үлкен әсер етеді. Ата-аналардың өзара қарым-қатынасы, балаларға деген қатынасы, жалпы алғанда отбасы ішілік жағдай – міне осының барлығы өскелең ұрпаққа толыққанды жеке тұлға болып қалыптасуына, әке және ана болу үшін таптырмайтын тәжірибе мектебі болып саналады.

Баланы жеке адам ретінде қалыптастырудың тиімділігі оның әр алуан әрекет түрлеріне – ойынға, оқуға, еңбекке қарым-қатынас жасауға белсене қатысуына байланысты. Демек, мұндай әрекеттерді дұрыс ұйымдастыру, оған пайдалы бағыт беру, оған қызықты, шығармашылық сипат беру қажет. Қазіргі уақытта психологтар мен педагогтар баланың жеке басындағы қасиеттерінің негізгі оның алғашқы жылында-ақ қаланады деген пікірді дәлелдеді. Жаңа туған нәрестеде көптеген қабілеттердің нышаны ғана болады. Бала өмірінің алғашқы жылдарында сол нышандарды дамытуға қолайлы жағдайлар болмаса немесе ол үшін әрекет жасалмаса, кейін оларды жүзеге асыру қиынға түседі.

Жалпы алғанда, қарым-қатынас - баланың тұлғалық-психологиялық дамуының ғана емес, оның шығармашылық қабілеттерімен іскерліктерінің дамуының қайнар көзі болып табылады. Сондықтан отбасыда баланы жан-жақты дамытудың тиімді ережелері:

баланы бар қалпында сүю, құрметтеу қажет;

балаға әсер ететіні жай ғана сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы маңызды;

балалармен қарым-қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы маңызды, сонда ғана үлкен мен кіші арасында дау-дамай туындамайды;

баланың не айтатыныны түсініп алған жөн, асығыс қортынды жасамау қажет;

жазаны келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланың намысына тиіп, қорламау;

бала жөнінде басқалар айтқан сын пікірден қортынды жасаудан бұрын, баланың өзімен әңгімелесіп себебін анықтап, кейін шешім қабылдау қажет;

балаға үйретететінді алдымен өзің үйреніп алу қажет;

өз балаңызға «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қортынды шығарыңыз;

бала ата-анасына түгелдей тәуелді. Ата-анасының өз өміріне ықыласпен араласқанын ұнатады;

балаламен өмір, тұрмыс жөнінде сұхбаттасып тұрған жөн.

Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғаралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым–қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Адамдардың бір – бірімен араласуына мүмкіндік жасайды.Қарым – қатынас барысында екі немесе бірнеше психологиялық жүйе, рухани әлем және ой – пікір, сана – сезім, мінез – құлық, қылық –жорықтар арасында келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыстық, талас –тартыс, қарама – қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады.

Қарым – қатынас барысындағы біреудің екінші бір адамға әсерін, не болмаса өзара қарым – қатынас нәтижесіндегі сипатта болғанымен, ішкі тетіктері (механизмдері) адамның психикалық ахуалына, сезімі, ой санасына, қылық жорығы, жүріс – тұрысына тікелей, жанама, сөз арқылы әсер ету болып саналады. Кішкентай жеткіншекке ұжым өміріне қатысқаны, басқалармен бірге болуы, біртіндеп жасөспірімдік кезеңде құрбы-құрдастарының оны қабылдауы, топқа өзін қажет деп сезінуі, онда бір бедел мен құрметке жетуі аса маңызды. Ұжымда статустың төмен болуы баланы алаңдатады,қобалжу сезімі пайда болып,өз-өзіне сенімсіз,ерік-жігері әлсіз күйде яғни бір сөзбен айтқанда оның топтағы өзін-өзі бағалауы төмендейді.

Түйіндей келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы балып танылады демекпіз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқуқұралы) Алматы 2001.
2.Т.И.Жүндібаева Отбасы педагогикасы /оқулық /Алматы: Экономика, 2014.
3.Галагузова И. Г. Социальная педагогика: Курс лекций: Учебное пособие для студ. высших.уч. завед. /под ред. М. А. Галагузовой. –М.:Гуманист. Изд.центр ВЛАДОС, 2003.

ӘОЖ 373.014

# БАЛАЛАР АГРЕССИЯСЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ, АГРЕССИВТІЛІК ӘРЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

**БУПЕТАЕВА АКСУНКАР ЖАКИПОВНА**
№47 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассмотрены выводы психологов о формах проявления агрессии у человека.

**Summary.** The article discusses the conclusions of psychologists about the forms of aggression in humans.

Психология ғылымында психикалық құбылыстарының ішіндегі көп зерттелінген құбылыс эмоциялық құбылыс болып табылады. Дегенмен эмоцияның жан-жақты қырларының ерекшеліктерін әрбір жеке адам түрліше өткізетін болғандықтан психологтар арасында бұл мәселе үнемі шешімі шексіз болып қала береді.

Эмоциялық тұрақсыздықтың бір көрінісі – агрессивтілік адамның жеке тұлғалық касиет ретінде де, эмоциялық жан күйзелісі ретінде де зерттелінеді. Сондықтан бұл мәселені зерттеу бірнеше бағыттан тұрады.

Психоаналитикалық бағыт – бұл тұжырымның негізін қалаушы З.Фрейд [1,103 б.].

Ұзақ жүздеген жылдар бойы, оның теориясы қызу да қатаң тартысқа айналған. Фрейд еңбегінің арқасында агрессия және агрессивтілік моральдық тақырыптың ой тартысы, ғылыми сараптаманың негізгі объектісіне айналды. Фрейдтің бастапқы жұмыстарының тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті бұл тікелей болмаса жанама «эростың» ағыны, өмір инстинкті, өмірдің сақталып – мықтылануына бағытталған энергия көзі. Агрессия бұл тұрақты емес, алайда қашып құтыла алмайтын өмірдің бір бөлігі.

Бері келе заманға сай көптеген оқулықтарда көрсетілгендей агрессияның деректемесінің тәртібін психоаналитикалық анықтамада - «Танатос» деп көрсетеді. Танатос - өлім мен талқандалуға деген инстинкті қызығушылық, ұмтылыс. Фрейдтің ұғымы бойынша танатос бұл өлімге ұмтылыс, танатостың энергиясы жарық өмірдің аяқталып, талқандалуына бағытталған.

Агрессия, өзгеге бағытталу: Инстинк пен әлеуметтік норманың бір-біріне қайшылығы, қимылдың шектелуінен ішкі жағдайдың туу салдарынан агрессияның, яғни зорлықтың пайда болуы. Адам зорлықты өзіне, өзгеге және қоршаған сыртқы ортаға қатысты жасайды. Өмірге құштарлық және өлімге ұмтылуы, осы қарама-қайшылықтың түсінігі махаббат пен өшпенділіктің бірдей теңдігін көрсетеді. Өлімге ұмтылу зорлық-зомбылықты әкелсе, ал махаббат агрессивтілікті (сексуалдық) тудырады. Фрейдтің агрессияны табиғи қайнар деп қарастыруы писсимистілік. Бұл әрекет тек туа бітіп қоймай, танатостың энергиясы іштен шықпай қалуы индивидтің өзін-өзі талқандалуына әкеліп соқтырады. Агрессияның сыртқа эмоция арқылы көрінуі, талқандаушы энергияның азайып, жеңілдеуін ыңғайлы тәсілмен сыртқа шығарылуы көңілге үміт ұялатады. Осылай әрдайым шығарылуы агрессивті мінез-құлықты, қызбалылықты, кекшілдікті, сарказм мен өсекке жақындылықты бойына сіңдіруі мүмкін.

Үлкен қарама-қайшылықтың бір бағыты өмірдің сақталуы мен талқандалуы, ал басқа механизмдер қызмет етуі танатос энергиясының мақсаты, бағытталуы, өзімнен бой алып, өзіме бағыттау. Фрейдтің тұжырымы бойынша бүкіл адамзат әрекеті эрос пен танатостың арасындағы өзара қарым-қатынасы мен тартыс күшінің нәтижесі. Осылай танатос жанама себепкер болу арқылы агрессия сыртқа шығарылып, өзге біреуге бағытталады

Балалар бойында кездесетін агрессивтілік әрекеттің пайда болуы. Бала агрессиясын түсіндіру бағыты психоаналитикалық бағыт (А.Фрейд) [1, 45 б.]. А.Фрейд өз әкесінің жыныстық және агрессиялық инстинк қатынас көзқарасын бөлісе отырып, оның бірнеше фазасын бөліп қарастырады: аральды агрессивтілік, анальды садизм және т.б. А.Фрейд бала психоаналитикасымен шұғылдана отырып, ол агрессия «мен» тұжырымының қорғаныш механизмдерінің бірі деп қарастырады. Осыған байланысты оның түсінігі бойынша агрессия оның «менінде» өткен немесе болатын жағдайда қорқыныш пен қауіптің пайда болуы. Агрессияның ушығуы бұл баланың «меніне» тікелей қауіптің пайда болуы. Баланың агрессивті құлшынысы осылай объектідегі қауіптің қатынасына қарай мінез-құлқын бекітеді.

Э.Фроммның агрессияға көзқарасы: Агрессия – бұлөлімге, қайғыға ұмтылыс. Э.Фромм зорлықтың бірнеше формасын көрсетеді: ойын арқылы зорлық, біреуден кек алу үшін, сеніміне жай түскендей болған кезде, біреу-біреуді өз билігіне жүгіндіруі, оны қорғансыз объектіге айналдыру, оған ойына келгенін жасау, балағаттап, қорлау негізгі мақсат-қайғыруға мәжбүр ету. Адам өзі жаңа нәрсені біліп, шығара алмаған кезде, ол өз күшін талқандауға жұмсайды. Яғни адам, дегені болмаған кезде зорлыққа, агрессияға жол береді. Адам бойындағы қайрымдылыққа, махаббатқа, сенімге көңілі қалған жағдайда, талқандауға кіріседі. Көңілі қалу өмірді жек көруге әкеліп соқтырады. Зорлық-зомбылық бір индивитке және топқа қатысты болуы мүмкін. Зорлық-зомбылық талқандауға бағытталса, ал өмірді қорғауға бағытталған – агрессиябұл басқаша түсінік. Реактивті зорлық-зомбылық өзінің бостандығын, мәртебесін қорғауға бағытталған, мұның негізгі мақсаты құрып-қалыптастыру болып саналады [2, 175 б.]. Сөйтіп Э.Фроммның белгілеуінше фрустрациялық қажеттілік пен құмарлық көпшілік арасында әдеттегі құбылыс, агрессия мен зорлық әрдайым көрініп отырады деп атап көрсетті.Э.Фромм зорлық пен агрессия проблемасын адамның әлеуметтік мінез-құлқы сұрағымен байланыстырды. Көпшілік топ өз индивитінің нақты ерекшеліктерін, сондай-ақ зорлыққа қатынасын мақсатты бағыттап қалыптастырады.

Индивидуалды психологияның негізін қалаушы А.Адлер [3, 36 б.] - баланың бүкіл дамуында өзіне толық емес жартылай сенімділік сезімін агрессияның туындауынын негізі деп қарастырды. Бала ұзақ уақыт біреуге тәуелділігіне күйзіледі, ол өзіне тіптен көмексіз болған кезде күн көруі үшін ата-анаға жүгінуі қажет. Баланың жетілмегендігі, өзіне сенімсіздігі және өз бетінше алып кете алмауы, отбасында қоршаған күшті адамдарға бағынышты болуы қатты қайғыруға әкеліп соқтырады. Бұл кем бағалы сезімді тудырады, қоршаған ортада жетістікке жетіге бағытталған ұзақ күрестің бастамасы.

Осы агрессияның барлық түрлерін бүкіл жастағы адам бойынан табуға болады, ал кей жағдайда бұл ерте жастан-ақ көрініс бере бастайды. Агрессиялы мінездің әртүрлі формасы мектеп жасына дейінгі жастағы балаларда да кездеседі.

Психологияда вербальды және физиологиялық агрессияны бөліп қарастырады, бұлардың әр қайсысының тікелей және жанама түрі бар.

Оларға қысқаша мінездеме берейік:

1) Вербальды агрессия.

а) Жанама вербальды агрессия - құрбыларын айыптап, қорқытуға бағытталған. Бұл әртүрлі айыптау сөз, шағым түрінде кездеседі («Маған Сауле тиісіп кетті», «Айбек төсегін жинамады», т.б.); көпшіліктің көңілін аудара, айқайлау («Мазамды алмай, ары кет!», «Маған кедергі жасама», т.б.); агрессиялы фантазия түрінде («Егер тыңдамасаң, полиция келіп, сені түрмеге отырғызады», «Мен сені қуып жетіп, тістеп, ұшаққа отырғызып, биік таудың үстіне апарып тастаймын, сол жерде жалғыз отырасың», т.б.)

ә)Тікелей вербальды агрессия – балағаттау, қорлаудың вербальды формасы. Балалар арасында бұрыннан келе жатқан тікелей вербальды агрессияның дәстүрлі түрі – ашуын келтіретін келекелер («Торай», «Жора –ашқарақ», «Ұсқынсыз», «Сұмырай», т.б.)

2) Физиологиялық агрессия.

а) Жанама физиологиялық агрессия - өзгеге физиологиялық әрекет арқылы материалды залал келтіруге бағытталған. Бұл өзгенің іс-әрекетін затын бұзуы (басқа баланың құрастырып отырған конструкторын бұзу, салып отырған суретін жырту, т.б.); біреудің затын талқандау болмаса бұзу (бала біреудің ойнап отырған ойыншығын алып, еденге лақтырып, сындырып, оның иесінің көз жасы мен үрейін бақылау).

ә) Тікелей физиологиялық агрессия - өзгеге тікелей физиологиялық әрекет арқылы шабуылдап, жарақаттауға бағытталған. Бұл қорқыту түрінде (бала құрбыларына жұдырығын көрсетуі); физиологиялық тікелей шабуылы (балалар төбелесі, тістеу, тырнау, шашын жұлу, суық құрал ретінде таяқты, шаршыларды қолдануы).

К.Ю.Юнгтің агрессияға көзқарасы: [4, 25 б.] агрессия, зорлық-зомбылық санадағы санасыз адам психикасындағы қимыл әрекет деп түсіндіреді. Индивидтің дау-дамайы оның қорлықтан құтылмайтын түнек бөлігі, рухани талқандалуы, жеңуі, жаңаруы. Агрессивтілікті эмоцияның көріну әрекеті, яғни сырттан немесе іштен келген тітіркендіргіштерге жауап реакциясының әрекет ретінде көрсетуіне орай бірнеше теориялар бар. Олай болса, соларға тоқталып кетейік.

К.Хорни пікірі бойынша агрессия әрекетін қадағалауға болады [5, 37 б.]. Әрекетке тиесілі бағыт**:** агрессия және фрустрация. Бұл жерде агрессиялық әрекет эволюциялық процеске емес, жағдайға байланысты қарастырылған. Адамзат бойындағы агрессияның бұл бағытының негізін қалаушы Дж.Доллард [6, 115 б.]. Оның көзқарасы бойынша агрессия – бұладам бойындағы автоматталынған құмарлық емес, фрустрация әсері қажеттілігін қанағаттандыру үшін кездескен кедергілерді жеңу, ләззат алу мен эмоциялық тепе-теңдік. Бұл теорияның нақты түсінігі агрессия бұл фрустрация көрінісі, ал фрустрация әр уақытта агрессияны өзіне ілестіреді. Агрессия – фрустрация бұл төрт негізгі түсініктің шоғырлануы: агрессия, фрустрация, тежелу, орнын баса тұруы.

Агрессия – бұлөзінің іс-әрекеті арқылы өзгеге қиянат келтіру ниеті.

Фрустрация – көзделген реакцияны орындалуында кедергілердің туындауы. Фрустрация деңгейі кедергінің маңызы мен бағытталған әрекетінің саны және осы көріністің мотивациялық күшіне байланысты. Мақсатқа жету және мақсатты бағытталған әрекеттің санынан кейін фрустрация басталады.

Тежелу – бұлтенденция күтіп отырған жағымсыз зардапты шектейтін болмаса алдын орайтын әрекет.

Агрессиядағы қондырылған тежелу акті кез келген болатын шабуылдың күшімен тікелей тепе-теңдігінде. Агрессиядағы тежелу акті қосымша фрустрация болып табылады, осы тежелудің қателесуінің қабылдануы, агрессияның басқа формаларының оянуының артуы, агрессияны адамға қарсы қояды.

Орнын баса тұру – бұлбөгде біреуге қарсы бағытталған, агрессивті әрекетке қатысу құлшынысы, бұл фрустрацияның шығуы, оның негізгі түбіне қатысты емес.

Фрустрация теориясының негізін қалаушылардың бірі Л.Берковец. Ол «агрессия – фрустрация» схемасына үш маңызды түзету енгізді [7, 230 б.].

а) Фрустрация міндетті түрде агрессивті әрекеттен тарамайды, ол оған дайындық құрайды.

ә) Агрессия дайын тұрған күйде ыңғайлы жағдай тумаса ушықпайды.

б) Фрустрациялық жағдайдан индивид агрессия әрекеті арқылы шығатын болса, онда ол әрдайым осы іспеттес әрекеттері, дағдыға айналып отырады.

Ал С.Розенцвейг – фрустрацияны шақыратын үш себебін бөліп көрсетті:

1. Мақсатқа жетуге қажетті нәрселер болмауы болмаса қажетін қанағаттандырудан айрылу «ішкі айрылу» және «сыртқы айрылу» болып бөлінеді. «Сыртқы айрылу» - фрустраторадамның өзіне байланысты емес; «ішкі айрылу» - фрустратор адамның өзіне байланысты.

2. Затты болмаса қандайда бір объектіні жоғалту, ертеректегі қанағаттың қажеттілігі.

3. Дау-дамай бір уақыттағы бір-біріне үйлеспейтін жағдай, тұрақсыз күй немесе қатынас [8, 40 б.].

Агрессия фрустрациялы жағдайдан шығудың бір жолы болып қарастырылады.

К.Роджерстің қарастыруы бойынша агрессия мен зорлық индивидтің бостандығын таңдау мүмкіндігін, шектеуге мәжбүр еткенге, қарсы әрекеті. Агрессия және зорлық психологиялық қорғаныстың бір түрі [9, 84 б.].

Агрессия бұл организмның тәжрибеге жауабы, яғни қауіп төнетін жағдайда индивидтің өз жайында ойлауына сәйкес келмеуі. Адам өз құндылықтарын, өзін-өзі қабылдауды қажет етеді. Ол жақсы өмір мен бақытқа ұмтылады. Өзі жайында өзгенің ойына көбірек көңіл бөлуі, ішкі тебіреністермен қаупі күшейіп, олардың оны бағалауы мазалайды. Адам олардың талап етуі мен үмітін ақтауға ұмтылады, сондықтанда ол еркіндікте емес, әрекетті таңдауы шектелген. К.Роджерстің айтқанындай «агрессия – бұлшектелген еркіндікке мәжбүр еткен әрекеттің жауабы». Психология ғылымындағы агрессиялық әрекетті түрлі әдебиеттік қайнар көздер бойынша теориялық зерттеу негізінде төмендегідей қорытынды жасауға болады. Бүгінгі таңдағы ауқымды және өзекті мәселенің бірі – ерте жаста бала бойындағы мінез көрінісінде агрессияның қалыптаса бастауы. Балаға әртүлі жағдайларда ушыққан агрессия көрінісін ыңғайлы түрде дұрыс сыртқа шығару жолдарын үйрету қажеттігі ересектер үшін күрделі мәселе. Сондықтан мақалада көрсетілген адам бойындағы агрессияның шығу түрлері жайлы зерттеушілердің тұжырымдары қарастырылды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Фрейд А. Психология «Я» и защитные механизмы. – Москва., 2011.- с.45.

2. Фромм Э. Анатомиячеловеческойдеструктивности. 2014. –Москва., Наука - с.175

3. Адлер А. Эмоциональные нарушения в детском возрасте и их коррекция/ Практика и теория индивидуальной психологии. – Москва., 2016. - с.36

4. Юнг К. Личность и ее формирование в детском возросте. – Москва.: 2013, - с.38.

5. Хорни К. Психология обучения и воспитания школьников. – Москва., 2012. с.–37.

6. Дж.Доллард. Общее учение об установке // Хрестоматие по психологии. – Москва.: Просвещение, 2017- с.115.

7. Берковиц Л. Смысль «Агрессия: причины, последствия и контроль. – СПб.: Питер, 2015.». 2001 г.- с.230.

8. РозенцвейгС. Сознание и его границы. – Москва. - Л., 2018.- с.40.

9. Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека. – Москва., 2016.- с.84.

ӘОЖ 82-1/-9

# ҰЛТ БОСТАНДЫҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН ЕСЕТ БАТЫРДЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ

**АЛИПБАЕВА АСЕМ КЫДЫРАЛИЕВНА**
№68 мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются лидерские качества Есета Батыра, его воинская доблесть и борьба за сохранение независимости казахских земель. В ходе исследования анализируется его храбрость в сражениях против вторжений Российской империи и Джунгарии, а также его роль в укреплении общественного согласия и единства среди народа. Кроме того, с опорой на исторические источники и эпические предания, сохранившиеся в народной памяти, выявляется значимость личности Есета Батыра. Работа показывает, что Есет Батыр был не только военным вождём, но и вдохновителем национального духа и защитником степей, занимая особое место в истории Казахстана.

**Summary.** The article examines the leadership qualities of Eset Batyr, his martial valor, and his struggle to preserve the independence of the Kazakh lands. The study analyzes his bravery in battles against the invasions of the Russian Empire and the Jungars, as well as his role in strengthening social cohesion and unity among the people. Furthermore, based on historical sources and epic tales preserved in the collective memory, the significance of Eset Batyr's personality is revealed. The work demonstrates that Eset Batyr was not only a military leader but also an inspirer of the national spirit and a defender of the steppe, occupying a special place in the history of Kazakhstan.

Есет Батыр (Қотанұлы) қазақ халқының тарихи тұлғаларының бірі болып, ел тәуелсіздігі мен ұлттық бірлікті қорғауда ерекше рөл атқарған. Ол XVIII ғасырда Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте және Ресей империясының кейбір әскери басқыншылықтарына қарсы соғыстарда батырлық көрсеткен. Есет Батырдың көшбасшылық қасиеттері, стратегиялық ойлау қабілеті мен жауынгерлік ерлігі қазақ даласын қорғауда маңызды рөл атқарды.

Есет Көкіұлы әулиелігі ел ішінде аңызға айналған Кіші жүздің Жетіру бөлімі тама руынан шыққан жаужүрек батыр XVII-XVIII ғасырлардағы ел басына күн туған қасіретті де зұлмат заманда ерекше орын алады. Батырдың өмір жолы үлкен оқиғаларға толы болды. Ол – дәуір жүгін өле-өлгенше арқалап өткен, қазақ рухын қайта түлетудің алтын діңгегіне айналған ұлы дара тұлғалардың бірі. Өз заманының беделді қоғам қайраткері, салиқалы саясат ұстанған саясаткері.

Шыққан тегі Кіші жүздің Жетіру ішіндегі Тама руының, Аташал тармағынан. Әбілқайыр хан Ресейге қосылу мәселесін көтергенде соның қасында болып, Кіші жүз бен Орта жүздің орыс патшасының қол астына өтуіне белсенді атсалысқан атақты Кіші жүз Бөкенбай батырдың күйеу баласы [1].

Есеттің әкесі Базарқұлұлы Көкі де заманында аты шыққан батыр болған. Жауға үнемі тайсалмай тура шабатындықтан «Таймас батыр» деген ат алған. Тарихшылар Салқам Жәңгір хан жоңғардың Батыр қонтайшысының 50 мыңдық әскеріне 600 жауынгермен қарсы тұрып, шайқасып жатқанда 20 мың әскермен көмекке келетін Жалаңтөс баһадүрдің әскерінің ішінде осы Көкі батырдың да болғандығын, сонда оның шеп бұзып, үлкен ерлік көрсеткенін жазады. Жауынгерлік заманда туып, күреспен есейіп, ер жеткен тұрғыластары сияқты Есет те ел қорғау жорығына ерте араласады. Жеке ерлігімен көзге түсіп, батыр атанады. Тәуке ханның тұсындағы жеңісті шайқастарда Есет батыр Кіші жүз қолын бастайды. Осындай шайқастардың бірінде найзагерлігімен көзге түсіп, ерен ерлік көрсеткен Есетке риза болған Тәуке хан кейін шақырып алып: «Айбатың аса түссін, найзаң мұқалмасын, ел намысы тұздығың болсын» деп бата беріпті деген әңгіме де бар [2, 35б.].

XVIII ғасырдың басында Тәуке хан жеті рудың бастарын қосып, ірілендіру мақсатымен үш жүздің басын қосқан кеңесте Есет батырды Жетіруға ру басы етіп сайлаған. Есет батыр, әрі ақылды, әрі мырза адам болыпты. Көкі батырдың жеті ұлының бірі Есет батыр, жасы жиырмаға

жетпей-ақ жауға аттанып, жоңғар, қалмақтармен соғыстарда ерлігімен көзге түсіп батыр атағы шыққан екен. Ол Әбілқайыр ханмен жасынан бірге өскен досы, Әбілқайыр ханның қазақ халқын Ресейге қосу күресінде Есет батыр табандылықпен Әбілқайырға мықты тірек болған адамның бірі болыпты. Қалмаққырылған деген жердегі айрықша ерлік көрсетіп, артына «Алланың тасы қатты ма, Есеттің басы қатты ма?» деген қанатты сөз қалдырған. Ел аузындағы деректерге қарағанда Есеттің қызы Ботагөз де елін қорғаған батыр болыпты.

Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы алапат соққы берген Бұланты, Білеуті өзендері бойындағы шайқасқа қатысып, езілген елдің еңсесін көтерген ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс жасаған Аңырақай соғысында ол Кіші жүз құрамының туын көтерген атойшы болады.

Кіші жүздің Ресей қол астына кіруін, батырдың осыған сәйкес ісін айыптаған молда және бірсыпыра билер қауымына берген жауабы халық аузында сақталған жырда:

Біледі ел кімнің досын, кімнің қасын,
Олардың айырмаймын кәрі-жасын.
Дұшпанның салған отын біледі олар,
Тігеді Есет десе әркім басын.
Біледі ел зұлымдықты айдап салған,
Ишандар бұл сұмдықты қайдан алған?
Кешегі Конон шауып зарлатқанда,
Кім екен елді қорғап кегін алған?!
Қытайдың шабынып тұр жоңғарлары,
Есіл-дерті қазақтың жер мен малы.
Ишандар мықты болса соны құртсын.
Көрерміз басқаларын одан әрі,
Орыстың қаруы бар, қытай келмес,
Көп халық қарусызға теңдік бермес.
Орыстың қаруымен біз қорғансақ,
Елдің де, молданың да оты сөнбес...
Өнерлі елге қосылса арашаға,
Тәрбие білім алар бала-шаға.
Жоңғарға құл болмайды ұрпақтарың,

Қанарсың өнер-білім тамашаға, - деп көрсетілген екен [3, 34б.]. Осы бір шумақтарда Әбілқайыр, Бөкенбай, Жәнібек, Есет туралы айтылатын пікірдің шұрайлы астары жатыр. Біз осы шумақтардан, Қазақ даласының Ресей қол астына кіруі бір жылда емес, бір мезгілде бола қалған жағдай емес екенін түсінеміз. Есет батыр кезеңінде де қарсыластық болып, елімізді қорғау үшін барлық іс-әрекет жасалғанын көруге болады.

Есет Көкіұлы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың сенімді серігі, кеңесшісі, өз тайпасының ту ұстаушы әйгілі батыры болған. 1731 жылғы Әбілқайыр ханның Ресей империясына қатысты саясатында халық алдындағы сенімді тірегі, хан мен халық арасына түскен жарықшақты дәнекерлеп бітірушісі бола білген. Хан басына үйірілген қауіп бұлтын сейілтуде ол сол кездің тарихи ірі тұлғалары Бөкенбай, Жәнібек батырлармен бірлесе отырып, оған үлкен көмек көрсетеді. Хан елшілерінің құрамында қазақ руларының Ресейге қосылуы жөніндегі антқа қол қойғандардың бірі. Осы кездесуде орыс патшайымы Анна Иоановна Есет батырға аты жазылған қанжар сыйлайды.

Ортағасырлық түркілік тархандар институтын Ресей үкіметі XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап, қазақ қоғамына қайта енгізіп, қазақтың белгілі батырларына тархандық атақты бере бастады. Бұл шен Ресей мемлекетіне сіңірген ерекше еңбегі үшін берілді. Бірінші 1742 жылы 30 тамызда тархандық грамотаны арғын Жәнібек батыр Қошқаруұлы алды. Екінші тархандық грамота 1743 жылы 3 шілдеде тама Есет батыр Көкіұлына берілді. Жәнібек пен Есет тархандарды Ресей үкіметі екі түрлі мәртебемен қабылдаған. Жәнібек батырға берілген атақ оның ұрпақтарына мұраға қалатын түрі болса, Есет батырдың жеке өзіне ғана берілген [4].

1749 жылғы 1 шілдеде қазақ-орыс шекара барымтасына байланысты келіссөз жүргізгенде Ресей жағы 25 тұтқын қазақты, 103 бас жылқыны Есет тарханға қайтарған. Бұл батырдың тархандық грамотаның күшін орыс-қазақ қатынастарына тиімді пайдаланғанын айғақтайды.

Есет батырдың өмір сүрген жылдарына байланысты бүгінде түрлі пікірлер қалыптасқан. Батырдың 1667 жылы өмірге келгендігі анық. Ал, қай жылы қайтыс болғандығы жөнінде ортақ пікір жоқ. Тарихшы ғалым М. Вяткин батырдың өлген жылын анықтай алмай, шамамен 1746-1751

жылдар деп топшылаған. Өйткені ол тама Есет батыр туралы деректер орыс жазбаларында 1746 жылға дейін ғана кездесетінін айтқан болатын. Сонымен қатар оның пікірінше, Есет батыр өлген соң 1751 жылдан бастап жетірулықтардың басшысы Нұралы ханның ағасы Айшуақ сұлтан болған.

Батырдың өмірі мен қызметін зерттеп, мақалалар жазған С. Дәулетов: «Есет батыр 1749 жылы қайтыс болған» – деп көрсетсе, тарихшы профессор З. Байдосов Есет Көкіұлының өз ажалынан 83 жасқа келіп, яғни 1750 жылы қайтыс болғанын айтады.

Есет батырдың өмірі мен қызметіне қатысты тарихи анықтамалық Ақтөбе энциклопедиясында оның өмірі үш кезеңге бөліп қарастырылған. Бірінші кезеңі, 1667-1687 жылдары – батыр атанған. Екінші кезеңі, 1690-1710 жылдары – Әз Тәуке хан тұсында 2 мың сарбазды басқарып, Жем, Ойыл өңірінде түрікпендерге, 1706 жылы Еділ қалмақтарына қарсы шайқастарда 12 рет жекпе-жекке шығып, жеңіске жеткен. 1709 жылы жоңғарларға қарсы біріккен қазақ жасақтарының құрамындағы Жетірудың 10 мыңдық қолын басқарған. Үшінші кезеңі – 1710-1749 жылдар. 1710 жылғы Қарақұм құрылтайынан бастап, Әбілқайыр хан тұсындағы кезеңі, Кіші жүздің 30 мыңдық әскери күшінің Жетіру түменіне (10 мыңдық) бас қолбасшылық жасауы. Ал, 1722 жылы ол Жетірудың аға биі болып сайланады. 1722-1749 жылдар аралығында мемлекет қайраткері, қолбасшы, саясаткер және мәмілегер ретінде танылуы кезеңімен аяқталады [5].

Батыр өмірін зерттеуші, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Өтеген Исеновтің архивтік ізденістері бойынша Есет батыр 1667-1757 жылдары өмір сүрген. Ө. Исеновтің зерттеулері бойынша Есет тархан өмірінің төртінші 1750-1757 жылдары патша өкіметінің отарлық-басқыншылық саясатына қарсы ұлт-азаттық күресінің кезеңі болып табылады.

Ғалым Өтеген Ихсанұлы өз зерттеулерінде Есет батырдың 1749 жылдан кейінде өмірден озбағанын дәлелдейтін нақты тарихи құжаттық деректерді алға тартады. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсек. XVIII ғасырда қазақ-орыс қатынастарына қатысты құжаттардағы деректе 1750 жылы 19 қаңтарда Есет тархан мен Қара батыр жіберген екі жігіт Нұралы хан атынан Гурьев қалашығы маңындағы қалмақтармен және орыс көпестерімен сауда жасауға келісім берулерін сұраған хат әкелгені айтылады.

1750 жылғы 5 маусымда шекті-қырғыздар руының старшыны Байымбет батырға берілген аста Есет тархан, Бақтыбай батыр, Нұралы хан мен оның екі сұлтан інісі және т.б. бірге болған. Келесі бір деректе, 1754 жылдың жазынан күзіне дейін Озерной бекінісі маңындағы тоғайды Есет старшынмен бірге 100 үй жайлаған. Есет тархан ауылын мал жайылымына жақсы тоғайдың қалың шабындығы қызықтырды деп жазады өз рапортында Красноярск дистанциясының командирі, секунд майоры. Рапорттағы «Есет старшын» деген Есет тархан екені, оның рубасылық қызметте болғаны мәлім. Патша үкіметі қазақ рубасыларына старшын атағын бергені аян.

Башқұртстандағы 1755-1756 жылдардағы отарлыққа қарсы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын зерттеген А. Чулошников мәліметінше, 1756 жылдың тамыз айының ортасында Кіші жүздің Елек бекінісінде белгілі қазақ батыр-билері мен тархандарының жиналысы өтеді. Бұл басқосуға Алланазар, Төлебай, Есет тархан, Күшқара, Жархан, Нұралы хан бауырларымен бірге қатысады [6].

Есет батырдың қаза болуы жөнінде де ортақ пікірдің жоқтығын тарихшы Ө. Исенов өз зерттеулерінде келтіреді. Отаршыл өкімет бағынышты елдің өз айтқанына көнбеген тұлғаларын ретін тауып құртып отырған. Есет тарханнан да патша өкіметінің есебін тауып, құтылғандығы туралы жазбаға түскен дерек бар. Жазушы Құрал Тоқмырзин ел аузындағы әңгімеге сүйеніп, тама Есет батырды патша үкіметі арнайы тапсырыспен өлтірткені туралы былай жазады: «Бір күні таң ата күн астынан ақ мұнара шапан киген, астында ақ боз аты бар біреу дәретін жаңа алып, киіз үйге қарай қадам басқан Есет батырға «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем беріп төне түсіпті. Батыр сәлем алуға оқталып бұрыла бергенде, бірдеңе жарқ ете түседі. Шетін шапанның етегімен жауып келген қараниет шолақ найзасын Есеттің өңменіне қадай түскен... «Сен аңдыған жау екенсің ғой...» деп, батыр найзаны ұстай алған екен. Найзасын суырып алуға шамасы келмеген әлгі қарақшы күннің астына қарай қаша жөнеліпті». Көнекөз қарттардың айтуы бойынша, тама Есет тархан кісі қолынан қаза тапқан. Өлтіруші – татар саудагері болған. Патша әкімдері батырдың басына «бәйге» тіккен [7].

Бүкіл ғұмырын ат үстінде қазақ елінің азаттығы мен бостандығы, жерінің тұтастығы үшін жауларымен жолбарысша арпалысып өткізген ел тірегі – Ер Есет Көкіұлының армандаған тәуелсіздік іргетасы нық қаланған еңселі де байрақты елі күн санап бой түзеп, даму үстінде. Ал, ұрпақтары бүгінде ата-бабалар абыройы мен рухын қастерлейтін ұлтжанды да өнегелі ерге айналды.

Сонымен ұлт-азаттығы жолындағы күрескер Есет батыр Көкіұлының жерленген жері қазіргі Ақтөбе облысы Алға ауданының Бестамақ ауылының күншығыс жағындағы биік төбеде. Төбе содан бері «Есеттөбе» деп аталады. 1992 жылы республикалық көлемде 325 жылдығы кең түрде тойланып, қабірі үстіне үлкен кесене тұрғызылды.

Есет батыр Көкіұлы мемориалдық кешені – 1992 жылы бұрынғы бұзылған кесене орнына салынған. Кешен б.з.д VI-V ғ.ғ ежелгі көшпенділер дәуірінің археологиялық қорғанынан, XIX ғ. құлпытасы бар тас қоршаулардан, шырақшы үйінен тұрады. Кесене Маңғыстаудан әкелінген ұлутас блоктардан тұрғызылып, ұлутас плиталармен сыртынан қапталған. Есет батырды халық қасиетті, әулие жер деп толассыз туә етуде.

Қазақтың әйгілі батыры Есет Көкіұлы туралы тарихи деректер Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатында, Санкт-Петербургтегі Орталық мемлекеттік мұрағатта, Мәскеудегі орталық мемлекеттік әскери мұрағатында, Алматыдағы және Ташкенттегі орталық мемлекеттік мұрағаттарында сақталған. Орыс елші-офицерлері Тевкелеевтің күнделіктерінде, Неплюевтің жазбаларында, сонымен қатар ауыз әдебиеті мен фольклорлық нұсқаларда батыр есімі кездеседі.

Есет батыр өмірін зерттеуші ғалым, тарихшы Зәкіратдин Байдосұлы Орынбор орталық мемлекеттік мұрағатында сақталған батыр өміріне қатысты деректерді саралап, онда «1690 жылы Есет батырдың 23 жасында Тама ішіндегі Торым аталығының жетекшілігінде болғандығын» көрсетеді. Ғалымдар Есет батыр Көкіұлының бүкіл саналы ғұмырын екі кезеңге бөліп қарастырады [8]. Алғашқысы – 1690-1710 жылдар аралығындағы уақыт. Бұл кезеңде батыр аюке бастаған Еділ қалмақтарының әскерімен шайқасып, қазақ жері үшін төнген қауіптермен күрес үстінде жүреді.

Екіншісі – қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күрес кезеңі. Есет батыр әйгілі «Ақтабан шұбырындыдан» кейін ел болып бірігіп, жоңғарларға алғашқы алапат соққы берген Бұланты шайқасына қатысып, езілген елдің еңсесін көтерткен Ұлы жеңіске өз үлесін қосады. Ал тарихи бетбұрыс жасаған Аңырақай соғысында ол Кіші жүз құрамының туын көтерген батыр болады. 1743 жылы 3-шілдеде Ресей патша үкіметінің жарлығымен Есет Көкіұлына тархан атағы беріледі [9, 12б.].

Достанов Байқошқардың айтуынша: Жеті рудың бірі Тамадан – Ақыл, Бұрнақ, Жабыл, Құрақ, Жөгі, Ұрақ; Бұрнақтан - Аташал, Дәулеткелді, Есенгелді; Аташалдан - Досқұл, Торым; Торымнан - Базарқұл, Тәңірберді; Базарқұлдың бәйбішесінен - Көкі, Жарымбет; Көкіден - Меңдіқұл, Өмір, Тыныбек, Қарабас, Есет болып тарайды. Таралу жолын көрсетер болсақ, Кіші жүз – Жетіру - Тама - Нәрік - Шора - Шотқара - Есенгелді - Аташал - Торым - Базарқұл - Көкі - Есет батыр. Тама Есет Көкіұлының біз білетін шежіресі осылай таралған [3, 25б.].

Бүкіл ғұмырын ат үстінде қазақ елінің азаттығы мен бостандығы, жерінің тұтастығы үшін жауларымен жолбарысша арпалысып өткізген ел тірегі – Ер Есет Көкіұлының армандаған тәуелсіздік іргетасы нық қаланған еңселі де байрақты елі күн санап бой түзеп, даму үстінде. Ал, ұрпақтары бүгінде ата-бабалар абыройы мен рухын қастерлейтін ұлтжанды да өнегелі ерге айналды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002.

2.Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009.

3.Үш ғасыр перзенттері. Ақтөбе өндірістік Полиграфия баспахана бірлестігі, 1997 -363 б.

4.«Созақ өңірі». Сүлеймен Тәбірізұлы. 180-бет. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2007 ж.

5. Байдосов, И. Асқаров, Р. Ильясова. Ту ұстап, тарлан мінген тархан. – Ақтөбе: «Полиграфия» баспасы, 1992.

6. Есмырзаұлы Ө. Есет батыр Көкіұлы. – Ақтөбе, 2012.

7. Исенов Ө.И. Тама Есет тарханды танып болдық па? // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. № 2.(119), 2013. – 2-5 бб.

8. Исенов Ө.И. Тама Есет батыр (Опат болған жылы мен жұмбақ өлімі хақында). // Қазақ тарихы ғылыми әдістемелік журнал. №5-6. 2008. – 27-30 бб.

9. Исенов Ө.И. Тама Есет тархан ұлт-азаттығы жолындағы күрескер. // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті. Халық батыры Исатай Тайманұлы ның туғанына 220 жыл толуына арналған «Батырлар институты: қалыптасуы тарихи маңызы» атты

республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 6 мамыр, 2011 жыл. Орал – 2011. 90-104 бб.

ӘОЖ 342.1

# МЕКТЕПТЕГІ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ: БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

**САМАРХАНОВ РАУАН АДАЙҰЛЫ**
№59 орта мектебінің құқық негіздері пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В данной статье рассматриваются права подростков в школе, особенно вопросы, связанные с получением образования и безопасностью. Для подростков качественное образование и безопасная учебная среда являются основными правами, обеспечивающими их личностное развитие и активное участие в жизни общества. В статье анализируются законодательные основы Республики Казахстан, включая Закон «О правах ребенка» и международные конвенции. Кроме того, рассматривается важность проблем буллинга в школе, психологического давления и физической безопасности. В ходе исследования уделяется внимание роли администрации школы, учителей и родителей в защите прав подростков.

**Summary.** This article examines the rights of adolescents in schools, focusing particularly on issues related to education and safety. For adolescents, quality education and a safe learning environment are fundamental rights that ensure their personal development and active participation in society. The article analyzes the legislative framework of the Republic of Kazakhstan, including the Law on the Rights of the Child and international conventions. Additionally, the importance of issues such as bullying in schools, psychological pressure, and physical safety is discussed. The study also highlights the role of school administration, teachers, and parents in protecting the rights of adolescents.

Жасөспірімдер – қоғамның маңызды бөлігі, олардың құқықтарын сақтау олардың жеке дамуы мен қоғамдағы белсенділігін қамтамасыз етеді. Мектеп – жасөспірімдердің негізгі білім алатын орны ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік орта болып табылады. Сондықтан мектептегі құқықтық және қауіпсіздік мәселелері ерекше мәнге ие. Бұл мақалада мектептегі жасөспірімдердің білім алу және қауіпсіздік саласындағы құқықтары қарастырылады, Қазақстан Республикасының заңнамалық негіздері мен халықаралық тәжірибелер талданады.

## 1.Жасөспірімдердің білім алу құқығы

Білім алу – әрбір жасөспірімнің негізгі құқығы. Қазақстан Республикасының Конституциясы және «Балалардың құқықтары туралы» Заң мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз етуді міндеттейді.

Білім алу құқығының негізгі аспектілері:

Барлық балаларға тегін және міндетті орта білім алу мүмкіндігі;

Оқу бағдарламаларының сапасы мен заманауи талаптарға сәйкестігі;

Әр оқушының жеке қабілеттеріне сәйкес білім алу мүмкіндігі.

Сондай-ақ, білім беру процесінде шығармашылықты дамыту, сыни ойлау қабілетін қалыптастыру және әлеуметтік бейімделу маңызды болып табылады.

## 2.Мектептегі қауіпсіздік

Қауіпсіздік – жасөспірімдердің физикалық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын қорғаудың маңызды бөлігі. Мектептегі қауіпсіздік бірнеше бағытта қарастырылады:

Физикалық қауіпсіздік: мектеп ғимаратының қауіпсіздігі, төтенше жағдайларға дайындық, жарақаттан қорғау.

Психологиялық қауіпсіздік: буллингтен қорғау, психологиялық қысымның алдын алу, сенімді және қолдаушы орта құру.

Әлеуметтік қауіпсіздік: оқушылардың әлеуметтік теңдігі, кемсіту мен дискриминациядан қорғау.

Мектеп әкімшілігі мен мұғалімдер, сондай-ақ ата-аналар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Психологтар мен әлеуметтік педагогтар да осы процесте белсенді қатысады.

Мектеп – балалар мен жасөспірімдердің білім алатын, әлеуметтік дағдыларын дамытатын, тұлға ретінде қалыптасатын маңызды орта. Сол себепті мектептегі қауіпсіздік – білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Қауіпсіз орта қамтамасыз етілмеген жағдайда оқушылардың денсаулығы, психологиялық жағдайы және оқу мотивациясы зардап шегуі мүмкін.

**1. Мектептегі қауіпсіздіктің мәні**

Қауіпсіздік – бұл физикалық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан қорғаныс жағдайларын қамтамасыз ету. Мектептегі қауіпсіздік тек мектеп ғимаратындағы физикалық қауіпсіздікпен шектелмейді. Ол оқушылардың жолда, спорттық іс-шараларда, мектепішілік қарым-қатынаста және ақпараттық ортада қауіпсіз болуын қамтиды.

**2. Физикалық қауіпсіздік**

Физикалық қауіпсіздік мектептің инфрақұрылымы мен техникалық жағдайына байланысты:

-мектеп ғимараты мен ауласының қауіпсіздігі;

-заманауи өрт дабылдары және эвакуациялық жолдардың болуы;

-спорт және ойын алаңдарының қауіпсіздігі;

-бірінші көмек көрсету құралдарының қолжетімділігі.

**3. Психологиялық және әлеуметтік қауіпсіздік**

Психологиялық қауіпсіздік – бұл оқушылардың мектепте қорланбай, сенімді және қолдау көрсетілетін ортада болу мүмкіндігі. Оған мыналар кіреді:

-мұғалім мен оқушылар арасындағы жағымды қарым-қатынас;

-сыныптағы құрмет пен ынтымақтастық атмосферасы;

-мазақтау, буллинг және кемсітуге қарсы профилактика.

4. Ақпараттық қауіпсіздік

Қазіргі заманда балалар интернетті белсенді пайдаланады. Ақпараттық қауіпсіздік – бұл зиянды ақпараттан қорғау және оқушыларға қауіпсіз интернет қолдануды үйрету. Мектептерде бұл мақсатта:

-компьютерлік аудиторияларда шектеу және бақылау жүйелерін орнату;

-интернет-қауіпсіздік сабақтарын өткізу;

-кибербуллингке қарсы іс-шаралар жүргізу жүзеге асырылады.

**5. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық шаралары**

-мектеп ережелерін және тәртіп нормаларын нақтылау;

-дағдарыстық жағдайларда әрекет ету алгоритмін оқушыларға үйрету;

-мұғалімдер мен қызметкерлерге қауіпсіздік бойынша тренингтер өткізу;

-ата-аналармен бірлесіп балалардың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау.

Мектептегі қауіпсіздік – бұл білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі. Ол физикалық, психологиялық, әлеуметтік және ақпараттық аспектілерді қамтиды. Қауіпсіз мектептік орта оқушылардың денсаулығын қорғауға, оқу мотивациясын арттыруға және тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Мұғалімдер, мектеп әкімшілігі және ата-аналар бірігіп, балалар үшін сенімді және қауіпсіз білім беру ортасын құруға міндетті.

**Заңнамалық және халықаралық негіздер**

Жасөспірімдердің құқықтарын қорғау Қазақстанда бірнеше заңмен реттеледі:

-Қазақстан Республикасының Конституциясы;

-Балалардың құқықтары туралы заң;

-Халықаралық деңгейде – Балалардың құқықтары жөніндегі Конвенция (1989) [1].

Бұл құжаттар мектептерде білім алу және қауіпсіздік құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

**Мектептегі құқық қорғау практикасы**

Мектептерде құқық қорғау практикасы әртүрлі:

-Оқу орындарында құқықтық ақпарат беру және құқық бұзушылыққа қарсы іс-шаралар;

-Буллингке қарсы бағдарламалар, психологиялық қолдау топтары;

-Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық.

Бұл шаралар жасөспірімдердің құқықтарын қорғауға, олардың өзін-өзі қорғау қабілеттерін дамытуға көмектеседі [2].

Мектептегі жасөспірімдердің құқықтары – олардың жеке дамуы мен әлеуметтік бейімделуінің негізгі кепілі. Білім алу құқығы мен қауіпсіздік қамтамасыз етілмесе, жасөспірімдер толыққанды дамып, қоғамға тиімді үлес қоса алмайды. Қазақстандағы заңнамалық база мен халықаралық тәжірибе мектептерде жасөспірімдердің құқықтарын қорғауға бағытталған. Мектеп

әкімшілігі, мұғалімдер, ата-аналар және психологтар бірлесіп жұмыс істесе, балалар үшін қауіпсіз, қолайлы және сапалы білім ортасы жасалады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Балалардың құқықтары туралы Конвенция (1989) — халықаралық құжат

2.Ұлттық құқықтық және нормативтік актілер жинағы (мектептегі қауіпсіздік, білім беру стандарттары, балаларды қорғау саласындағы актілер)

ӘОЖ 94 (574)

# ЖЕТІСУДА ӨТКЕН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ТОЛҚУ: ОНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ, ҰЙЫМДАСУЫ ЖӘНЕ ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР

**НАРТАЙ ГҮЛНАЗ ТҰРСЫНҚЫЗЫ**

М.Жұмабаев атындағы №21 орта мектептің тарих, құқық пәндерінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Резюме.** В статье рассматриваются события 1916 года в Жетысуском регионе, связанные с народным сопротивлением существующей власти. Одновременно анализируются общественные процессы начала XX века и послевоенного времени, что позволяет выявить причины возникновения восстания и определить его последствия.

**Summary.** The article examines the events of 1916 in the Zhetysu region related to the popular resistance against the existing authorities. It also analyzes the social processes of the early twentieth century and the post-war period, which makes it possible to identify the causes of the uprising and determine its consequences.

Еліміз көптен күткен мемлекеттік егемендікке қол жеткізгеннен бері маңызды мәселелерді шешу және оны нығайту бағытында елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл жағдайларда бүгінгі күннің мәселелерін шешудің жолы өткен күндердің қиын кезеңдерінен алынады. Шындық айтылып, әділ бағаланатын тарихқа қоғамның қызығушылығы артып келеді. Сонымен қатар, еліміздің тарихи траекториясына объективті және идеологиялық емес көзқарас тарихи жадымызды қалпына келтірудің негізі, ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі болып табылады. Демек, отандық тарих ғылымының қазіргі кезеңдегі міндеті – идеологиялық шектеулер бойынша біржақты сипатталған жаңа деректі материалдар негізінде ұлттық мүддедегі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды қайта қарастыру.Сонымен бірге ұлт-азаттық қозғалыстарды талдау, олардың қорытындылары үлкен теориялық және практикалық мәнге ие. Әсіресе, ұлт-азаттық және тәуелсіздік жолындағы күрестің бір діңгегі болған 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс мәселелерін объективті түрде зерттеуді назардан тыс қалдыруға болмайды.

Талқыланып отырған тақырып Жетісу жерінде болғандықтан, ең алдымен көтеріліске бастамашы болған өлкенің саяси-әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани мәселелеріне тоқталуды қажет деп санаймыз. Ресей империясы жаулап алғанға дейін қазақтар Жетісудың едәуір бөлігінде, сондай-ақ Тянь-Шань (Тянь-Шань) тау бөктерлерінің оңтүстік бөлігінде Ыстықкөлге құятын жерде және оның жоғарғы бөлігінде өмір сүрді. өзенге дейін жетеді.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде көтерілістің жергілікті ерекшеліктері толық ескерілмеді, оның табиғатына, ұлт қайраткерлері мен қайраткерлерінің қызметіне біржақты баға беруге, ұлтаралық қайшылықтарды таптық тұрғыдан түсіндіруге, интернационализм, шынайы бейнені жасыру. .

Бірақ, 1916 жылы Түркістанның бүкіл Жетісу өңірінде болған қазақ және қырғыз халықтарының ұлт-азаттық көтерілісі ескерілмеді. Оның құрылуына түрткі болған мәселелер, атап айтқанда, көтерілісшілерге қарсы отаршылдық әкімшіліктің қуғын-сүргіні, шиеленіскен ұлтаралық қарым-қатынастар, босқындардың тарихи тағдыры, осы тарихи кезеңдегі қазақ-қырғыз қайраткерлерінің қызметі және басқа да аспектілер әлі күнгедейін шешілген жоқ. зерттелуі. Тиісінше, біздің зерттеу тақырыбымыз нақты мәселеге бағытталған.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты көптеген жаңа еңбектер жарық көргені белгілі.

19 ғасырдың екінші жартысы мен 20 ғасырдың басында Түркістанның бүкіл аумағы Ресей империясының отарына айналып, арзан әрі сарқылмас шикізат көзі ретінде қанауға, талан-таражға салынды.

Сонымен бірге қазақ-қырғыз бауырлас халқы отар ел ретінде саяси және әлеуметтік-экономикалық еркіндігінен айырылып, рухани және ұлттық езгіге ұшырап, ұлт болып жапа шекті.

18 ғасырдың орта шенінде басталған Ресей империясының өлкедегі отарлау саясаты 20 ғасырдың басында шарықтау шегіне жетті.

Өйткені, қазақ пен қырғыз халықтары Ресей империясының отаршылдық жүйесіне бағынып қана қойған жоқ, сонымен қатар тәуелсіздік пен ұлт бостандығы үшін кезең-кезеңімен күресіп отырды. Мұның бәрі отар елдің озбыр саясатына наразылық.

20 ғасырдың басында патшалық Ресей түркі жерлерін қанауды одан әрі күшейтті. Өлкеде жер мәселесі шиеленісіп, саяси, әлеуметтік-рухани, ұлттық езгі тереңдей түсті. Тұтыну тауарларының бағасы күрт төмендеді, салықтар өсті, өмір сүру деңгейі төмендеді. Экономикалық дағдарыс ауыр болды. Елде дүрбелең орнаған тұста 1916 жылы маусымда «құйынды» халықтардың қара еңбегі туралы декрет шығып, наразы халық билікке қарсы ашық көтеріліс бастады. Осы кезде Орта Азия мен Қазақстанның көптеген аймақтарында көтерілістер басталды. Жетісудағы қазақтар мен қырғыздар да көтеріліске шықты. Оның пайда болуы аймақта жүргізілген отарлау саясатымен байланысты болды.

Оның негізгі қозғаушы күші – бұқара. Көтерілістерді мүліктік және әлеуметтік жағдайына қарамастан байлардың көпшілігі басқарады.Қазақстан мен Қырғызстанның басқа да әлеуметтік топтары қатысты. Жалпы көтеріліс ұлт-азаттық көтеріліс сипатына ие болды. Қазақ-қырғыз қауымының мұндай бас көтеруі негізінен патша үкіметінің жерді жаппай басып алуын, ұлттық, саяси, әлеуметтік, рухани езгісін көздеді. Көтеріліс кезінде ұлтаралық қақтығыстар орын алды. Бұл жағдай патшалық отаршыл державаның халықтарды бір-біріне қарсы қойған саясатының бір бағытының нәтижесі болды.

Көтеріліс кезінде аймақтағы жағдай ушығып, ұлтаралық қақтығыстарға ұласты. Көтерілістерді монархия аяусыз басып тастады. Көтерілісшілер күшпен қуылып, оларды қиын тағдыр күтіп тұрды. Ұлттық саясаткерлер қиыншылыққа ұшыраған елді құтқару үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Оқиғалардың барысы осы тарихи кезеңде екінші көзқарастың ұлт мүддесіне сай келетінін көрсетті. Жаңа дәуір, жаңа өзгерістер келе жатқанын түсінген ұлттық-саяси топ енді белсенділік танытты.

1916 жылғы көтерілістің тамыры тереңде болды. Алдымен жерді, сосын малды, енді «жанын» алғымыз келгенде, құлшыныспен қаналған халық патшалық отаршылдық жүйеге қарсы шығып, саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани езгіден құтылу үшін ұлттық тәуелсіздік үшін күресті. бұрынғы ұлт-азаттық қозғалыстардың заңды жалғасы болды.

1916 жылғы оқиғалар да қазақ пен қырғыз қоғамында ұлт-азаттық күреске жаңа көзқарас, жаңаша көзқарас қалыптасқанын көрсетті.Осы мақсаттардың бірі – ұлттық күрестің жаңа түрі мен әдісіне көшу қажеттілігі. Бұл біртұтас, ұйымдасқан және жоспарлы әрекеттерге бағытталған қозғалыс екенін адамдарға жеткізуге тырысты.

Жоғарыда айтылғандай, 1916 жылғы көтеріліс кезінде патша үкіметі ұзақ жылдар бойы орыс шаруаларымен бірге қазақ-қырғыз жерлерін орыс казактарынан зорлықпен тартып алып, құнарлы егіні мен шұрайлы шабындығынан айырылған көшпелі халық тауға қуылып, жер-жерден қуылды. шөлдер. . Бір ғана Жетісу өңірінде бірінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы үш жылында 1 миллион 800 мың қазақ жері тартып алынды. Өлкедегі шиеленісті әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай және ұлттық езгі күшейген кезеңде 1916 жылы 25 маусымда патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азия азаматтарын майдандағы бағынышты жұмысқа тарту туралы жарлық шығарды. Ресей империясының заңдары бойынша Мәскеу аймағындағы отаршыл халықтар әскерге алынбаған. Өйткені патша үкіметі оларға мылтық берілгеніне сенбеді. Екінші дүниежүзілік соғыс патша үкіметін шет елдердің халықтарын майдан шебіне жақын жерден окоп қазуға, ағаштарды кесуге, жол салуға шақыруға мәжбүр етті.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезеңіндегі қазақ-қырғыз зиялыларының қоғамдық-саяси қызметін арнайы зерттеу Қазақстан мен Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана дұрыс жүргізіле бастады.

«1913 жылдан бастап «Қазақ» газетінің төңірегінде топтаса бастаған қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси санасы Қазақ империясы мен аймақтарындағы нақты саяси жағдайға байланысты қалыптасып, өзгеріп отырды. Сонымен бірге билік тарапынан оппозициялық күш ретінде танылып, жергілікті отаршыл әкімшіліктің жауы ретінде қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттық зиялы

қауым өз халқынан көп түсіністік пен қолдау таппады. Мұндай қиын жағдай оның саяси көзқарасы мен бағдарына әсер етті. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезіндегі ұлттық интеллигенцияның қоғамдық-саяси қызметін жақсы түсіну үшін бұл факторларды ескеру қажет.

Демек, қазақ-қырғыз қоғамында империялық озбырлыққа қарсы күресте көзқарас та, көңіл-күй де бірдей күшті болғанын XVI ғасырдағы аласапыран оқиғалар көрсетті. Соның бірі – батырлардың білектің күшімен, найзаның ұшымен ел бостандығын қорғау әрекеті.Ежелгі дәуірден бастау алған бұл белгілі әдіс тіпті 16-шы ғасырдың қиын-қыстау кезеңдерінде де көрінеді. Алғашында басқа жолды әлі білмеген қарапайым халықтың көпшілігі кейіпкерлеріне еріп, мұндай әрекеттің салдарын түсінбеді. Олардың хан сайлап, хандық құру әрекеті феодалдық-патриархалдық қоғамдық қатынастардың сақталуын көрсетті.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Моисеев В. А. Ресей мен Қытай Орталық Азияда (XIX ғасырдың екінші жартысы — 1917 ж.)

2.Түркістанда 1916 жылғы көтеріліс: жалпы трагедияның құжаттық дәлелі: куәг. құж. мен материалдар / МГУ им. М. В. Ломоносова, Ин-т всеобщ. истории РАН ; [сост., авт. предисл., вступ. ст. и коммент. Т. В. Котюкова]. – М.: Марджани, 2016. стр. 71—76

3. Папазов А.В. Среднеазиатское восстание 1916 года и роль генерал-губернатора А.Н. Куропаткина в его подавлении // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: История и политические науки. — 2012. — № 2. — С. 111.

4.Булдаков В., Леонтьева Т. Революцияны тудырған соғыс: Ресей, 1914-1917 жж. — Мәскеу, 2015. — 720 б.

5.Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық - гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық/М.Қойгелдиев, Ө.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, т.б. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2007. ISBN 9965-36-106-1

ӘОЖ 373.5:004.8

## ТАРИХ САБАҚТАРЫНДА ЖИ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**СУГИРОВ БАГЛАН АЗИМБЕКОВИЧ**
Көктал орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы

**Резюме.** В этой статье рассматриваются эффективные способы использования технологий искусственного интеллекта в преподавании истории. Сегодня процесс цифровизации в образовании стремительно развивается, инструменты ИИ позволяют повысить интерес учащихся и сформировать самостоятельную учебную траекторию.

**Summary.** This article discusses effective ways to use artificial intelligence technologies in teaching history. Today, the process of digitalization in education is developing rapidly, AI tools allow students to increase their interest and form an independent learning trajectory.

Қазіргі цифрлық трансформация жағдайында жасанды интеллект (ЖИ) білім беру жүйесінің даму бағытын айқындайтын негізгі факторлардың біріне айналды. Тарих сабағында ЖИ қолданудың өзектілігі бірнеше мәселемен байланысты: ақпарат көлемінің үнемі артуы, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту қажеттілігі және оқу процесін дараландыру талабы. ЖИ құралдары тарихи деректерді талдауға, оқиғалар арасындағы байланыстарды анықтауға, интерактивті материалдар ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл – оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, күрделі деректерді түсінуді жеңілдететін тиімді жол.

**Жасанды интеллект (ЖИ) элементтерін тарих сабақтарында** қолдану – білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған заманауи педагогикалық әдіс. Бұл технология дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, тарихи құбылыстарды терең түсіндіруге, оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік береді.

Біріншіден, ЖИ тарихи ақпаратты жинақтап, жүйелеп, оқушыға жеңіл форматта ұсынады. Мысалы, күрделі тарихи процестерді (себеп-салдар байланысы, тарихи кезеңдердің салыстырылуы, реформалардың әсері) ЖИ автоматты түрде карта, диаграмма, уақыт шкаласы

түрінде визуализациялап көрсетеді. Бұл тарихи материалды көзбен түсінуді жеңілдетіп, есте сақтауды күшейтеді.

Екіншіден, ЖИ оқушылардың жеке оқу қарқыны мен деңгейін ескеріп, тапсырмаларды даралап береді. Адаптивті платформалар арқылы әр оқушы өз мүмкіндігіне қарай жұмыс істейді: біреуіне жеңілдеу тапсырма, біреуіне тереңірек зерттеу жұмысы ұсынылады. Бұл тәсіл оқу сапасын арттырып, үлгерімі төмен оқушылардың тақырыпты меңгеруіне көмектеседі.

Үшіншіден, ЖИ оқушылардың сыни ойлауын, зерттеушілік және шығармашылық қабілетін дамытады. Тарихи құжаттарды талдау, мәтіндерді салыстыру, оқиғалардың баламалы сценарийін модельдеу – бұлардың барлығы ЖИ көмегімен тез әрі қолжетімді орындалады. Оқушылар тарихи дерекпен жұмыс істеп, шынайы ғылыми зерттеушінің рөлін сезінеді.

Төртіншіден, ЖИ мұғалім жұмысының тиімділігін арттырады. ЖИ арқылы тест, тапсырма, эссе тақырыптары, сабақ құрылымы автоматты түрде жасалады. Мұғалімге дайын материалдар ұсынылып, уақыт үнемделеді. Сонымен қатар ЖИ оқушы қателерін жедел талдап, кері байланыс беруге көмектеседі.

Бесіншіден, ЖИ тарих сабағын интерактивті, қызықты, өмірмен байланысты етеді. Виртуалды карталар, тарихи тұлғалармен диалог, 3D модельдер, бейне талдау – мұның бәрі сабақтың эмоционалдық әсерін күшейтіп, оқушының пәнге қызығушылығын арттырады.

Осылайша, ЖИ элементтерін дұрыс және педагогикалық мақсатқа сай қолдану – тарих пәнін оқытудың мазмұнын жаңғыртып, оны заманауи форматпен үйлестірудің тиімді жолы болып табылады.

Тарих сабағында қолдануға болатын ЖИ құралдарының негізгі түрлері:

**Чат-боттар және виртуалды ассистенттер** – тарихи оқиғаларды түсіндіру, сұрақтарға жауап беру, қосымша мәлімет табуға көмектеседі. Чат-боттар – табиғи тілде жауап беруге қабілетті ЖИ жүйелері. Олар тарихи ақпаратты түсіндіру, сұрақтарға жауап беру, оқушыларға қосымша материал ұсыну сияқты қызметтерді атқарады.

- Оқушы кез келген уақытта сұрақ қойып, жылдам жауап алады.
- Қосымша ақпаратты тереңдетіп, күрделі тарихи түсініктерді қарапайым тілмен түсіндіреді.
- Жеке оқытуға мүмкіндік береді.
- Тарихи тұлға атынан сұхбат жүргізу (мысалы: «Шыңғыс ханмен сұхбат»).
- Тақырыпты бекіту үшін сұрақ-жауап форматында жұмыс.
- Қиын тақырыптарды (индустрияландыру, реформалар, соғыстар себептері) түсіндіру.

**Автоматты мәтін генераторлары** – реферат, тарихи тұлға сипаттамасы немесе тарихи құбылыстар талдауын құрауда қолданылады. Бұл құралдар берілген сұранымға сәйкес реферат, тарихи құбылыстардың талдауы, конспект немесе эссе жаза алады. Оқушы шығармашылық жұмыстарды орындауда бағыт алады.

- Мәтінді құрылымдауға, негізгі ойды анықтауға көмектеседі.
- Мұғалімге сабаққа материал дайындауда уақыт үнемдейді.
- «Қазақ хандығының құрылуы» тақырыбын қысқаша конспектілету.
- Сабақ жоспары, презентация мәтіні, тест сұрақтарын автоматты түрде құрастыру.
- Тарихи оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланыстарын салыстырып мәтін жаздыру.

Интерактивті карталар мен географиялық ЖИ құралдары. ЖИ карталарда тарихи оқиғалар мен қозғалыстарды визуализациялап, картография бойынша күрделі мәліметтерді жеңілдетеді.

- Уақыт пен кеңістікті байланыстыра отырып, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытады.
- Геосаяси өзгерістерді динамикалық көрсетуге мүмкіндік береді.
- Тарихи процестерді есте сақтауды жеңілдетеді.
- «Ұлы Жібек жолындағы» қалалардың дамуын интерактивті картада көрсету.
- Соғыстардың барысын (мысалы, Екінші дүниежүзілік соғыс) картада кезең-кезеңімен көрсету.
- Көшпенді тайпалардың қоныс аудару бағыттарын визуализациялау.

**Бейне және сурет талдау құралдары** – тарихи карталар, фотосуреттер немесе деректі бейнелерді талдауға мүмкіндік береді. ЖИ тарихи суреттерді, картиналарды, фотосуреттерді, артефактілерді немесе деректі видеоларды талдап, объектілерді анықтай алады. Көрнекілік мүмкіндігін арттырады.

- Архив материалдарын зерттеу процесін жеңілдетеді.
- Суреттегі детальдарды нақты ажыратып, оқушылардың зерттеушілік дағдысын дамытады.
- Орта ғасырлық миниатюраларды талдау.
- Архив фотоларынан тарихи кезеңді, киім үлгісін, оқиғаны анықтау.

- Деректі фильм үзіндісінен маңызды детальдарды шығару.

**Адаптивті оқу платформалары** – оқушы деңгейіне қарай тапсырмаларды автоматты ұсына отырып, дербес оқытуды жүзеге асырады. Бұл платформалар оқушының деңгейін талдап, оған жеке оқу траекториясын ұсынады. Әр оқушының қабілеті мен білім деңгейіне қарай жеке тапсырмалар береді.

- Оқушының қателерін автоматты талдайды.
- Жеке қарқынмен оқу мүмкіндігін береді.
- Тарихи даталар бойынша автоматты жаттығулар беру.
- Тақырыпты қаншалықты меңгергенін диагностикалау (қысқа тесттер).
- Әлсіз тұстарды анықтап, жеке тапсырма ұсыну.

Дата-талдау және визуализация құралдары (Data Analytics + Visualization AI)

Үлкен көлемдегі тарихи деректерді талдап, диаграмма, график, инфографика түрінде визуалды ұсынады.

- Күрделі процестерді қарапайым визуалды түрде көрсету.
- Себеп-салдар байланыстарын анықтау.
- Статистикалық деректермен жұмыс дағдыларын дамыту.
- Демографиялық өзгерістердің графигін құру (мысалы XX ғасырдағы халық саны).
- Экономикалық реформалардың әсерін диаграммалар арқылы көрсету.
- Тарихи құбылыстардың динамикасын визуализациялау.

Симуляция және модельдеу құралдары (AI Simulation)

ЖИ тарихи оқиғаларды модельдей алады: белгілі бір жағдай өзгерсе, оның салдары қандай болатынын көрсететін баламалы сценарийлер құруға мүмкіндік береді.

- Оқушыларды сыни ойлауға жетелейді.
- Себеп-салдар байланысын терең түсіндіреді.
- Тарихи оқиғалардағы шешімдер мен нәтижелерді саналы талдауға мүмкіндік береді.
- «Егер XX ғасырдағы реформалар басқаша жүзеге асқан болса?» сценарийін модельдеу.
- Соғыс стратегияларының ықтимал нәтижесін есептеу.
- Тарихи тұлғалардың шешімдерін талдап, ықтимал баламалы нұсқаларды көрсету.

Автоматты бағалау және тест генераторлары (AI Assessment Tools)

ЖИ тесттер, сұрақтар, кроссвордтар мен тапсырмалар жасап береді және оқушылардың жауаптарын автоматты түрде бағалайды.

- Мұғалімнің уақытын үнемдейді.
- Объективті бағалауға мүмкіндік береді.
- Сабақ материалын жедел бекітуге әсер етеді.
- Даталар мен оқиғаларға арналған тесттер генерациялау.
- Ашық сұрақтарға қысқа кері байланыс беру.
- Сабақ соңында автоматты бағалау жүргізу.

**Талдау және визуализация құралдары** – уақыт шкаласы, себеп-салдар диаграммалары, интерактивті карталар құруға мүмкіндік береді. ЖИ көмегімен «Ұлы Жібек жолы» тақырыбында интерактивті карта жасап, сауда жолдары мен қалалардың даму динамикасын визуалды көрсетуге болады. Сонымен қатар оқушылар тарихи құжаттарды талдау кезінде ЖИ-дың мәтінді құрылымдау мүмкіндігін пайдаланып, басты идеяларды оңай таба алады. Тарих сабақтарына арнайы бейімделген немесе тиімді қолдануға болатын бірнеше платформа бар:

***Google Arts & Culture*** – тарихи артефактілерді, картиналарды және музей экспозицияларын 3D форматта зерттеуге мүмкіндік береді.

***ChronoZoom*** – өркениеттер тарихын хронологиялық реттілікпен интерактивті картада көрсетеді.

***Khan Academy AI Tutor*** – тақырыпты түсіндіру, тапсырма беру және оқушы деңгейін бақылауда тиімді.

***ChatGPT негізіндегі ассистенттер*** – тарихи деректерді талдау, шығармашылық тапсырмалар дайындау, мәтін құрастыруға көмектеседі.

***HistoryAI немесе RewindAI секілді білімге бағытталған құралдар*** – тарихи оқиғаларды модельдеу, себеп-салдар байланысын түсіндіру үшін қолданылады.

Оқушының танымдық дағдыларына әсері. ЖИ технологиялары оқушының келесі танымдық дағдыларын дамытуға ықпал етеді:

- ✓ **Сыни ойлау** – деректерді салыстыру, ақпаратты тексеру, жалған деректерді ажырату.
- ✓ **Талдау және синтез** – тарихи оқиғалар арасындағы логикалық байланысты анықтау.

✓ **Шығармашылық** – тарихи реконструкциялар жасау, өзіндік пікір білдіру, эссе жазу.

✓ **Ақпараттық сауаттылық** – цифрлық дереккөздерді пайдалану, ЖИ арқылы ақпаратты дұрыс сұрау және өңдеу.

ЖИ мұғалім қызметін де тиімді ұйымдастыруға көмектеседі: сабаққа дайындалу уақытын қысқартады, бағалау процесін автоматтандырады және оқу материалдарын жаңартуды жеңілдетеді. Жалпы алғанда, жасанды интеллект элементтерін тарих сабақтарына енгізу – білім сапасын арттырудың, оқу процесін жаңғыртудың және оқушыларды XXI ғасыр дағдыларына тәрбиелеудің тиімді жолы. Ең бастысы, ЖИ технологияларын педагогикалық мақсатқа сай, этикалық нормаларды сақтай отырып қолдану – қазіргі білім берудің негізгі талабы болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.

2. Тұрсынова, Г.Ж. (2022). Жасанды интеллект – білім беру үдерісін жаңғыртудың құралы. Білім беру кеңістігі, №4.

3. Бектеміров, А. (2023). Тарих сабағында цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану. Педагогика және психология, №2.

4. Smidt, H. (2020). Artificial Intelligence in History Education: A New Era of Learning. International Journal of Education Technology.

5. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ (2021). Сандық технологиялар және оқыту әдістемесі.

6. Еркінова, М. (2023). Инновациялық оқыту құралдары және тарих сабағы. ҚР БҒМ ғылыми журналы, №3.

ӘОЖ 004.056.5

# ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

**НИЕТБАЕВА Н.А., ТӨРЕКЕЛДИЕВА Ж.Е.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD,
7М01503 - "Информатика мұғалімдерін даярлау" білім беру
бағдарламасының 2 курс студентті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Статья всесторонне анализирует роль и возможности цифровых технологий в развитии инклюзивного образования, рассматривая потенциал цифровых инструментов для повышения активности и обеспечения равноправного участия в учебном процессе для самых разных учащихся. Современные цифровые платформы, ассистивные технологии и интерактивные ресурсы преобразили образовательный процесс, позволяя учителям разрабатывать инклюзивные классы, отвечающие разнообразным потребностям. В частности, в статье подчеркивается важность адаптивного программного обеспечения, систем онлайн-обучения и коммуникационных технологий в преодолении барьеров участия. Ассистивные технологии помогают учащимся с ограниченными возможностями получить доступ к образовательному контенту, в то время как цифровые платформы и онлайн-инструменты способствуют сотрудничеству и общению между студентами и преподавателями. Поскольку эффективность инклюзивного образования напрямую зависит от цифровой грамотности педагогов, также рассматриваются возможности профессионального развития учителей в использовании цифровых ресурсов. Кроме того, в статье обсуждаются проблемы, связанные с инфраструктурой, подготовкой учителей и доступностью технологических ресурсов, и предлагаются стратегии их постепенного преодоления. Анализируя эти параметры, исследование приходит к выводу, что цифровые технологии играют ключевую роль в формировании инклюзивного образования, предлагая эффективные инструменты для удовлетворения академических, социальных и эмоциональных потребностей всех обучающихся.

**Abstract.** The article comprehensively analyzes the role and capabilities of digital technologies in the development of inclusive education, examining the potential of digital tools to enhance the engagement and ensure equal participation in the learning process for diverse learners. Modern digital platforms, assistive technologies, and interactive resources have transformed the educational process, enabling teachers to design inclusive classrooms that respond to diverse needs. Specifically, the article highlights the importance of adaptive software, online learning systems, and communication technologies in overcoming barriers to participation. Assistive technologies help students with disabilities access educational content, while digital platforms and online tools facilitate collaboration and communication between students and teachers. Since the effectiveness of inclusive education is directly dependent on the digital literacy of educators, the professional development opportunities for teachers in using digital resources are also considered. Furthermore, the article discusses challenges related to infrastructure, teacher readiness, and the accessibility of technological resources, and proposes strategies for their gradual resolution. Analyzing these parameters, the study concludes that digital technologies play a crucial role in shaping inclusive education, offering effective tools to meet the academic, social, and emotional needs of all learners.

Цифрлық технологияларды инклюзивті білім беру жүйесіне енгізу қазіргі педагогиканың негізгі тақырыбына айналды. Бұл үрдіс әлемдік деңгейдегі оқушылардың физикалық, танымдық немесе эмоционалдық ерекшеліктеріне қарамастан, барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатын көрсетеді. Инклюзивті білім беру ерекше қажеттіліктері бар балаларды жай ғана жалпы мектептерде ұстаумен шектелмейді; оның мәні – оларға оқуға, қарым-қатынас жасауға және оқу процесіне толық қатысуға шынайы жол ашу.

Осы тұрғыда цифрлық технологиялар дәстүрлі оқыту әдістері мен оқушылардың алуан түрлі қажеттіліктері арасындағы айырмашылықты жоюға көмектесетін қуатты құралдар болып табылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы қарапайым оқу

бағдарламаларынан бастап күрделі көмекші құрылғыларға дейінгі инновациялық құралдарды жасауға мүмкіндік берді. Бұл құралдар мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу бағдарламасымен жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгерте алады.

Цифрлық технологиялардың негізгі артықшылықтарының бірі – оқу тәжірибесін жеке дара бейімдеу қабілеті. Дәстүрлі сыныптар көбінесе біркелкі оқыту стратегияларына сүйенетін болса, цифрлық құралдар жекелендіруге жол ашады. Бұл әрбір оқушының материалды өзінің түсіну деңгейі мен үлгерім қарқынына сай бейімделген күйде алуын қамтамасыз етеді.

Мысалы:

- Дыбысты мәтінге айналдыратын қосымшалар (speech-to-text) есту қабілеті нашар балаларға көмектеседі.
- Экранды оқу құралдары (screen readers) көру қабілеті бұзылғандарға цифрлық мазмұнға кіруге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, интерактивті платформалар мен ойын элементтері (геймификация) қолданылған ресурстар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ынтасын арттырып, олардың қатысуын күшейтетін қызықты оқу ортасын қалыптастырады.

Мұғалімдер болса, саралап оқытуды қолдайтын кең ауқымды цифрлық ресурстарға қол жеткізеді. Бұл оларға оқу материалдарын оңай бейімдеуге, нақты уақыт режимінде кері байланыс беруге және оқушылардың үлгерімін әлдеқайда тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

Көмекші технологиялар, атап айтқанда бейімделгіш пернетақталар, дауыстан мәтінге ауыстыру жүйелері және Брайль құрылғылары, оқушының табиғи функциясын тікелей алмастыру немесе толықтыру арқылы олардың ақпаратқа қол жеткізуіне және оқу процесіне толық қатысуына мүмкіндік береді.

Электронды және қашықтықтан оқыту платформалары денсаулығына байланысты қиындықтары бар немесе шалғай аймақтарда тұратын оқушыларға үйден оқуға толық мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онлайн бірлескен жұмыс платформалары оқушылардың орналасқан жеріне қарамастан жобалар бойынша бірігіп жұмыс істеуіне жол ашып, топтық жұмыс дағдылары мен қарым-қатынас мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Осы мол мүмкіндіктерге қарамастан, қиындықтар әлі де бар. Мысалы, технологиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, мұғалімдердің дайындық деңгейі және оқушылар арасындағы цифрлық теңсіздік сияқты мәселелер инклюзивті білім беруді толыққанды жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін. Алайда, әлеуетті артықшылықтар кедергілерден әлдеқайда басым. Жүйелі түрде қолданылған жағдайда, цифрлық технологиялар қабілетіне қарамастан, әрбір білім алушының табысқа жетіп, дамуына мүмкіндік беретін инклюзивті білім беру ортасының негізіне айнала алады.

Цифрлық технологиялардың инклюзивті білім берудегі рөлі мен мүмкіндіктерін зерттеу теориялық талдауды, салыстырмалы шолуды және практикалық бақылауды біріктіруге негізделген. Зерттеуде сапалық зерттеу әдісі қарастырылды, себебі бұл әдіс технологияның ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау арқылы іске асатын психологиялық және педагогикалық механизмдерді терең зерттеуге мүмкіндік берді.

Бірінші кезең ғылыми әдебиеттерді, инклюзивті білім беру жөніндегі цифрлық құралдарды пайдаланудағы халықаралық тәжірибелерді талдауды қамтыды. Осы теориялық негіз инклюзивті қағидаттардың әртүрлі білім беру жүйелерінде қалай жүзеге асырылғаны және цифрлық инновациялардың инклюзивті тәжірибелерді қалыптастырудағы рөлі туралы кешенді түсінік берді.

Екінші кезең мектептерде және арнайы білім беру мекемелерінде қазіргі уақытта қолданылып жүрген цифрлық құралдар мен платформаларды салыстырмалы шолуға бағытталды. Бұл кезең сонымен бірге интерактивтілік пен қолжетімділік мүмкіндіктері арқылы инклюзивті қатысуды ынталандыратын онлайн білім беру ресурстарын және мобильді қосымшаларды зерттеуді қамтыды.

Үшінші кезең педагогтардың цифрлық технологияларды өздерінің инклюзивті сыныптарына қалай енгізетініне назар аудара отырып, оқыту тәжірибесін бақылауды қамтыды. Зерттеудің бұл бөлігі мұғалімдердің саралап оқытуды, жеке қолдауды және бірлескен жұмыстарды қамтамасыз ету үшін қолданатын стратегияларына ерекше көңіл бөлді.

Осы теориялық және практикалық элементтерді біріктіру арқылы, әдістеме инклюзияны дамытудағы цифрлық технологиялардың тек артықшылықтарын ғана емес, сонымен қатар олардың шектеулерін де көрсетуді мақсат етті. Бұл кешенді тәсіл алынған тұжырымдардың

инновациялық цифрлық шешімдер арқылы инклюзивті білім беру тәжірибесін жақсартуға ұмтылатын саясаткерлер, педагогтар және зерттеушілер үшін өзекті болуын қамтамасыз етті.

Зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін әділетті әрі қолдау көрсететін орта құру арқылы инклюзивті білім берудің тиімділігін айтарлықтай арттыратынын көрсетеді.

Ең айқын нәтижелердің бірі – оқу материалдарының қолжетімділігінің артуы. Мысалы, экранды оқу құрылғылары, үлкейту бағдарламалары және мәтінді дыбысқа айналдыру қосымшалары сияқты құралдар көру немесе есту қабілеті бұзылған оқушыларға ақпаратты өз бетінше алуға және өңдеуге мүмкіндік береді. Сол сияқты, бейімделгіш пернетақталар мен сенсорлық құрылғылар моторикасы қиын балаларға бұрын мүмкін болмағандай тәсілмен білім беру мазмұнымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды нәтиже – жекелендірілген оқыту мүмкіндіктерінің жақсаруы. Бейімделгіш алгоритмдері бар цифрлық платформалар қиындық деңгейін оқушының үлгеріміне сәйкес реттейді, бұл әрбір білім алушының өзінің жеке қарқынымен ілгерілеуін қамтамасыз етеді.

Ойын элементтері (геймификация) бар ресурстар мен интерактивті қосымшалардың, әсіресе танымдық қиындықтары бар оқушылар үшін, зейіннің шоғырлануы мен қатысу деңгейіне оң әсер ететіні анықталды.

Оқушылардың нәтижелерінен бөлек, зерттеу мұғалімдердің де оқыту мүмкіндіктерін арттыру арқылы цифрлық технологиялардың пайдасы зор екені айқын көрінді. Мұғалімдер икемді сабақтарды жоспарлай алды, оқушылардың үлгерімін бақылап, онлайн бағалау жүйелерін қолдана отырып, уақытылы кері байланыс берді. Сондай-ақ, цифрлық оқу ресурстарының қолжетімділігі сабаққа дайындық уақытын қысқартып, саралап оқыту стратегияларын қолдады.

Алайда, нәтижелер белгілі бір шектеулерді де анықтады. Инфрақұрылымы жеткіліксіз мектептер инклюзивті технологияларды тиімді енгізуде қиындықтарға тап болды. Цифрлық сауаттылығы төмен мұғалімдер бұл құралдарды күнделікті тәжірибеге біріктіруде қиындықтар туралы хабарлады. Осы кедергілерге қарамастан, жалпы нәтижелер цифрлық технологиялардың инклюзивті білім беруді қолдауда, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың академиялық үлгерімі мен әлеуметтік-эмоционалдық дамуын жақсартуда маңызды рөл атқаратынын растайды.

Нәтижелерді талдау цифрлық технологиялардың тек қосымша құрал ғана емес, сонымен қатар оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне жауап беретін инклюзивті білім беру жүйелерін құрудың маңызды механизмдері екенін көрсетеді. Олардың рөлі техникалық шешімдер беруден асып түседі; олар әділдікті, белсенділікті және ынталандыруды дамытатын психологиялық және педагогикалық ортаны қайта қалыптастырады.

Бейімделгіш оқыту мүмкіндіктерін ұсына отырып, цифрлық платформалар саралап оқыту қағидатын қолдайды, бұл мұғалімдерге әдістер мен материалдарды жеке оқушылардың күшті және әлсіз жақтарына қарай реттеуге мүмкіндік береді.

Психологиялық тұрғыдан алғанда, цифрлық құралдар ерекше қажеттіліктері бар балалардың өзіне деген сенімділігі мен әлеуметтік интеграциясына айтарлықтай үлес қосады. Оқушылар цифрлық құралдар арқылы мазмұнға өз бетінше қол жеткізіп, қарым-қатынас жасай алғанда, олардың өздігінен әрекет ету қабілеті артады. Бұл өздігінен әрекет ету ынталандыруға оң әсер етеді, мұғалімдерге немесе қасындағы оқушыларға тәуелділікті азайтады және белсенді қатысуға талпындырады. Сонымен қатар, бірлескен жұмыс платформалары оқушылар арасындағы өзара әрекеттесуді дамытады, бұл кемсітуді азайтуға және мүмкіндігі бар және мүмкіндігі шектеулі оқушылар арасында өзара құрметті нығайтуға көмектеседі.

Осы оң нәтижелерге қарамастан, цифрлық технологияларды инклюзивті білім беруге толық енгізуде қиындықтар сақталып отыр. Инфрақұрылымдық айырмашылықтар, әсіресе қалалық және ауылдық мектептер арасындағы қолжетімділікте теңсіздік тудырады. Мұғалімдердің дайындығы да маңызды мәселе болып табылады; тиісті цифрлық сауаттылық пен педагогикалық дайындықсыз педагогтар бұл құралдарды тиімді енгізуде қиындықтарға тап болуы мүмкін, бұл олардың әсерін шектейді. Оның үстіне, барлық цифрлық ресурстар инклюзияны ескере отырып жасалмаған, ал мәдени және лингвистикалық тұрғыдан бейімделген құралдардың жетіспеушілігі оларды тиімді қолдануға кедергі келтіруі мүмкін.

Цифрлық инклюзияның тұрақты болуы үшін мектептерді сенімді технологиямен жабдықтау, мұғалімдер үшін үздіксіз кәсіби дамуды қамтамасыз ету және цифрлық қолжетімділіктің маңыздылығы туралы хабардарлықты арттыру үшін жүйелі күш-жігер қажет.

Қорытындылай келе, талқылау цифрлық технологиялардың инклюзивті білім беру үшін трансформациялық әлеуетке ие екенін көрсетеді, бірақ олардың әсері оқыту және оқу тәжірибесіне қаншалықты тиімді енгізілгеніне байланысты. Қиындықтар бар болса да, стратегиялық жоспарлау, инфрақұрылымға инвестиция салу және мұғалімдерді оқыту осы кедергілерді жеңуге көмектеседі. Сонымен қатар, цифрлық құралдар академиялық нәтижелерді жақсартып қана қоймай және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психологиялық әл-ауқатын және әлеуметтік қосылуын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу цифрлық технологиялардың инклюзивті білім беруді ілгерілетуде шешуші рөл атқаратынын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін әрі педагогикалық, әрі психологиялық пайда ұсынатынын көрсетеді. Олар жекелендірілген оқытуға мүмкіндік береді, қолжетімділікті арттырады және дәстүрлі тәсілдермен ғана қол жеткізу мүмкін емес тәсілдермен қатысуды дамытады. Бейімделгіш мазмұнды ұсыну, интерактивті оқыту және баламалы қарым-қатынас арналарын іске қосу арқылы цифрлық құралдар әрбір оқушының оқу бағдарламасымен өзінің қабілеті мен қарқынына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, нәтижелер цифрлық платформаларды қолдану оқушылар арасында әлеуметтік интеграцияны, ынталандыруды және өзіне деген сенімділікті нығайтатынын растайды, бұл кешенді білім беру дамуының маңызды компоненттері болып табылады.

Сонымен қатар, зерттеу цифрлық технологиялардың инклюзивті білім берудегі тиімділігі бірнеше маңызды шарттарға байланысты екенін баса айтады. Әртүрлі білім беру орталарындағы әділдікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті инфрақұрылым, ресурстарға тұрақты қолжетімділік қажет. Мұғалімдердің дайындығы да сондай маңызды, өйткені олардың цифрлық сауаттылығы мен технологияны педагогикалық тәжірибеге біріктіру қабілеті инклюзивті тәсілдердің табыстылығына тікелей әсер етеді. Жүйелі кәсіби дамусыз, ең озық технологиялардың өзі де көзделген әсеріне жете алмауы мүмкін.

Қорытынды сонымен қатар саясаткерлер, педагогтар, технологияны әзірлеушілер және отбасылар арасындағы ынтымақтастықтың қажеттілігін көрсетеді. Цифрлық теңсіздік, бейімделген ресурстардың жетіспеушілігі және мұғалімдердің дайындығының әлсіздігі сияқты қиындықтар сақталғанымен, оларды мақсатты стратегиялар мен ұзақ мерзімді жоспарлау арқылы шешуге болады.

Айта келгенде, цифрлық технологияларды дәстүрлі оқытудың орнын басушы ретінде емес, оқушы мен оқытушы үшін жаңа мүмкіндіктер беретін инклюзивті педагогиканың кеңейтілген бөлігі ретінде қарастыру керек. Олар ойластырылып енгізілгенде, ерекше қажеттіліктері бар балалардың академиялық табысына ғана емес, сонымен қатар олардың әлеуметтік қосылуына және жеке дамуына да үлес қосады. Бұл цифрлық инновацияны инклюзивті білім берудің негізіне айналдырады, әрбір баланың, қабілетіне қарамастан, бүгінгі цифрлық қоғамда білім алуға, қарым-қатынас жасауға және дамуға құқығын қамтамасыз етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Florian, L., & Beaton, M. (2018). Inclusive pedagogy in action: Getting it right for every child. International Journal of Inclusive Education, 22(8), 870–884.

2.Оңтүстік-Шығыстағы Арнайы Білім Беру Жөніндегі Халықаралық Конференцияның материалдары Азия Аймағы (Том. 3, No1, 336-341 беттер).

3.Эйнскоу, М. (2020). Білім берудегі инклюзивтілік пен теңдікке ықпал ету: Сабақтар халықаралық тәжірибеден. Білім берудегі скандинавиялық Зерттеулер Журналы Саясат, 6 (1), 7-16.

4.Hehir, T., Schuelka, M. J., & Harrington, C. (2019). Қысқаша мазмұны инклюзивті білім беру туралы дәлелдер.

5.Sharma, U., & Loreman, T. (2017). Factors contributing to effective teaching in inclusive classrooms. Journal of Research in Special Educational Needs, 17(1), 59–72.

6.Watkins, A., & Donnelly, V. (2014). Core values as the basis for inclusive education European Journal of Special Needs Education, 29(3), 254–272.

7.Al-Azawei, A., Serenelli, F., & Lundqvist, K. (2016). Universal Design for Learning (UDL): A content analysis of peer-reviewed journal papers from 2012 to 2015. Journal of the Scholarship of Teaching and Learning, 16(3), 39– 56.

8.Hehir, T., Schuelka, M. J., & Harrington, C. (2019). A summary of the evidence on inclusive education. Institute on Disability and Global Partnership for Education

ӘОЖ 371.3:57

# БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

**ШАРГЫН ЗАМИРА БАКТЫБЕКОВНА**
Әмеди Хасенов атындағы №11 жалпы орта білім беретін мектептің биология пәні мұғалімі,
Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Меркі ауданы

Қоғам дамуының барлық кезеңдерінде жаңа стратегиялар және педагогикалық жаңа технологияларды талап ететін білім алушылардың сапалы дайындығына назар аудару қажет. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы орта білім беруді жетілдіру бойынша кең көлемді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

Биологияны оқытудың заманауи әдістемесі- ұрпақтан ұрпаққа тіршілікті аса үлкен құндылық деп, түсіндіруді қалыптастырады. Оның қалыптасуы мен дамуы социальды-экономикалық елдің тарихи саясатының, қоғамдық саясы ойлардың дамуының, биологиялық және педагогикалық ғылым тұрғысындағы орта және жоғары мектебі болып қалыптасты. Оқу-тәрбие үрдісінде биологиялық оқыту арнайы зерттеулердің бағыттарын және теорияны тереңдетуді талап етеді. Жаңа бағдарламалар мен жаңа оқулықтар, ірі әдістемелік еңбектер және биологияны оқыту әдістемесі саласында ашылған мектеп биологиясының негізгі бәлімдері – морфология, систематика, физиология, экология, цитология, генетика, молокулалық биология және эволюциялық оқулар. XX ғасырдың 80-жылдары биологияны оқыту мазмұнының шамадан тыс жүктемелері (фактілер, теориялар, терминдер) анықталды. Әр сабақта айтылған пәннің мазмұны жалпылама ретсіз баяндалады.

Қазіргі таңда биологияны оқыту әдістемесінің мақсаттары химияны, физиканы, географияны және әзге пәндерді оқыту әдістемелері сияқты, оқулықтарда, оқу-әдістемелік әдебиетте, нормативтік құжаттарды жан-жақты сипатталған. Мұндай мақсаттар жалпы былай қалыптасуы мүмкін:

– биология негіздері туралы жалпыландырылған, дидактикалық негізделген түрдегі білім алуды қамтамасыз ету;

– биология мен жалпы заманауи жаратылыстанудың негізгі әдіснамалық мәселелерінде бағдар қалыптастыру;

– әртүрлі білім беру жүйелерінде биологияны оқытудың желілік және біріктірілген курстарымен танысу;

– жалпы білім беру жүйесіндегі пәндік оқу-тәрбиелеу үдерісінің нысандары мен әдістері туралы түсінікті дамыту;

Биологияны оқыту әдістемесінде оқытуды ұйымдастыру қағидалары қарастырылады. Олардың қатарындағы жалпы педагогикалық (дидактикалық) қағидалар: ғылымдылық және қолжетімдік; оқыту, тәрбиелеу және дамыту бірлігі; кәрнекілік; әмірге үйрету байланысы; жүйелілік және бірізділік; жүйелілік; тұғырнамалық; теория мен тәжірибенің бірлігі; нұсқалық; ізгілендіру; интеграция және дифференциация.

Биология – табиғат пен тірі ағзалар туралы ғылым. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін зерттеушілік әдістерді қолданудың әдістері төмендегідей:

1. Зерттеушілік қабілетті қалыптастыру әдістері:
– Жобалық жұмыстар
– Тәжірибелер мен практикалық сабақтар
– Микроскоппен жұмыс істеу
– Далалық бақылау
2. АКТ-ны қолдану тиімділігі:
– Цифрлық лабораториялар, симуляциялар, Quizlet, Kahoot, видеоанимациялар
3. Функционалдық сауаттылықты дамыту:
– Биологиялық терминдермен сауатты жұмыс істеу

– Ақпаратты талдау, диаграмма, графиктерді түсіну

4. Пәнаралық байланыс:

– Биология мен химия, география, экология пәндерімен байланыс

Биология сабағында зерттеушілік әдістерді, АКТ-ны, жобалық жұмыстарды пайдалану оқушылардың пәнге қызығушылығын арттырып, ғылымға бағытталған тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Биология пәнінде жаңа технологияны қолдануда оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, үлкен ізденіспен, шығармашылыққа жетелеуге де болады. Нәтижесінде : оқушы: тіл байлығы жетіледі, еркін ойлауға мүмкіндік береді және өз ойын еркін жеткізе алады, оқыту процесінде жаңа технологияларды қолдана отырып білімін шыңдайды, жаңа оқыту үрдісін қалыптастырады; өздігінен ізденімпаздық қабілеті артады, жан-жақты ізденеді. Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды пайдалана отырып, сонымен қатар компьютерді, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Жаратылыстану-ғылыми бағыттағы пәндерді кіріктіріп оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы. Алтынсарин, 2022. – 200 б

2.Нүрекина О.А. Биологияны оқыту әдістемесі. Оқу – әдістемелік құралы Қостанай, 2019

УДК 004.4

## РАЗРАБОТКА АДАПТИВНОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПЛАТФОРМЫ С ИНТЕГРАЦИЕЙ ГЕЙМИФИКАЦИИ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

**НҰРМАХАМЕД АЛМАЗ ҒАБИТҰЛЫ**

Международный Таразский Университет имени Ш. Муртазы, магистрант образовательной программы «М012 –Подготовка педагогов информатики», Республика Казахстан, г. Тараз

**ОНГАРБАЕВА МАРАЛ БУРКИТБАЕВНА**

Международный Таразский Университет имени Ш. Муртазы, к.п.н., ассоциированный профессор, Республика Казахстан, г. Тараз

**Түйіндеме** Бұл мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі оқу мотивациясының төмендігі мен оқыту процесінің жеткіліксіз жеке дараланууы мәселесі қарастырылады. Шешім ретінде микросервистік архитектураны, геймификация элементтерін және жасанды интеллектті біріктіретін, жеке білім беру траекторияларын қалыптастыруға бағытталған адаптивті білім беру платформасы ұсынылады. Жүйенің негізгі модульдері, олардың өзара әрекеттесу қағидаттары және күтілетін педагогикалық нәтижелер сипатталады.

**Түйінді сөздер:** геймификация, жасанды интеллект, оқытуды жекешелендіру, білім беру платформасы, микросервистік архитектура, Unity, оқу мотивациясы.

**Abstract**. The article addresses the issue of low learning motivation and insufficient personalization in modern education. It proposes a solution in the form of an adaptive educational platform that integrates microservice architecture, gamification, and artificial intelligence to create individualized learning pathways. The key system modules, principles of their interaction, and the expected pedagogical outcomes are described.

**Keywords:** gamification, artificial intelligence, personalized learning, educational platform, microservice architecture, Unity, learning motivation.

Введение

Современная система образования сталкивается с системными вызовами, среди которых низкий уровень персонализации обучения и снижение внутренней мотивации учащихся являются наиболее значимыми. Традиционные подходы, основанные на унифицированных учебных планах и фронтальных методах преподавания, демонстрируют ограниченную эффективность в условиях цифровой трансформации и изменения познавательных паттернов поколения Z. Проблема усугубляется тем, что существующие цифровые образовательные ресурсы часто представляют собой простую оцифровку традиционных учебных материалов без фундаментального

переосмысления педагогического подхода. Это приводит к ситуации, когда техническая оснащенность образовательных учреждений не трансформируется в качественное улучшение образовательных результатов. Актуальность темы обусловлена стремительным развитием сегмента EdTech и возрастающей потребностью в индивидуальных образовательных траекториях. Цифровизация образования становится национальным приоритетом во многих странах, включая Казахстан, где государственные программы активно поддерживают внедрение инновационных образовательных технологий. Целью данного исследования является разработка концепции адаптивной образовательной платформы, интегрирующей элементы геймификации и искусственного интеллекта для создания персонализированной образовательной среды, способной кардинально повысить учебную мотивацию и эффективность обучения [1, 121с].

Обзор литературы и аналогов

Проведенный анализ существующих образовательных платформ выявил ряд системных ограничений современных решений. Google Classroom, несмотря на широкое распространение, ориентирован primarily на организацию учебного процесса и не предлагает глубокой персонализации контента. Khan Academy демонстрирует эффективность адаптивного обучения, но обладает ограниченными возможностями геймификации. ChatGPT и аналогичные AI-решения, интегрированные в образование, часто используются как внешние инструменты без глубокой интеграции в образовательный процесс.

Сравнительный анализ позволил выявить ключевые недостатки существующих аналогов:

Отсутствие комплексного анализа компетенций учащихся

Поверхностная интеграция искусственного интеллекта

Ограниченные возможности геймификации

Недостаточная визуализация образовательного прогресса

Слабая связь игровых механик с педагогическими целями

Наиболее перспективными направлениями развития представляются: создание адаптивных образовательных сред, глубоко интегрирующих AI-компоненты; разработка sophisticated-system геймификации, основанных на педагогических принципах; построение динамических образовательных траекторий на основе реаль-time анализа учебной деятельности [2, 130с].

Методы и подходы

В основе разрабатываемой платформы лежит микросервисная архитектура, обеспечивающая масштабируемость и гибкость системы. Такой подход позволяет независимо развивать отдельные компоненты платформы и адаптировать их под конкретные образовательные потребности. В качестве клиентской части системы выбрана среда Unity, которая предоставляет мощные возможности для создания интерактивных и визуально привлекательных образовательных сред. Unity позволяет реализовать сложные геймификационные механики, интерактивные симуляции и наглядную визуализацию образовательного прогресса.

Для обеспечения интеллектуальной функциональности платформы осуществляется интеграция с ChatGPT API и разработка собственного NLP-ядра, специализированного для обработки образовательного контента и учебных запросов. Это позволяет создать sophisticated-систему взаимодействия, способную понимать контекст учебной деятельности и предоставлять релевантные ответы. Ключевым методологическим принципом является построение индивидуальных образовательных road map на основе комплексного тестирования компетенций. Диагностика включает оценку не только предметных знаний, но и когнитивных особенностей, стиля обучения и мотивационного профиля учащегося [3, 82с].

Разработка системы

Архитектура платформы включает следующие ключевые модули:

Модуль тестирования и определения компетенций

Реализует адаптивное тестирование с динамической регулировкой сложности заданий. Использует алгоритмы машинного обучения для точной оценки текущего уровня знаний и выявления зон ближайшего развития. Модуль образовательного road map Формирует индивидуальную траекторию обучения на основе диагностических данных. Визуализирует образовательный путь в виде интерактивной карты с узлами-компетенциями и связями между ними. Модуль менторского сопровождения Предоставляет учителям инструменты для мониторинга прогресса учащихся и оказания целевой поддержки. Включает систему уведомлений о возникающих трудностях и рекомендации по педагогическому вмешательству. Геймификационный модуль (Battle Pass и ачивки) Реализует систему уровней, достижений и

сезонных активностей. Battle Pass организует учебный процесс в формате ограниченных по времени событий с постепенным раскрытием контента и системой наград [4, 56с].

Модуль AI-помощника

Обеспечивает персональную поддержку обучения через обработку естественно-языковых запросов, генерацию персонализированных объяснений и адаптивных упражнений.

Backend микросервисы

Auth Service: управление аутентификацией и авторизацией

Progress Service: отслеживание и анализ учебного прогресса

AI Service: обработка запросов к искусственному интеллекту

Analytics Service: сбор и визуализация образовательной аналитики

Схема взаимодействия Unity-клиента с серверной частью реализована через REST API и WebSocket соединения для real-time обновлений. Клиентская часть отвечает за визуализацию и пользовательский интерфейс, тогда как серверная часть обеспечивает бизнес-логику и хранение данных [5, 214с].

Функциональные возможности системы

Персональные траектории обучения

Система dynamically формирует индивидуальные образовательные маршруты на основе постоянного мониторинга прогресса. Алгоритмы машинного обучения анализируют успешность освоения материала и корректируют траекторию в реальном времени.

Геймификация образовательного процесса

Реализована многоуровневая система мотивации, включающая: Бейджи и достижения за освоение компетенций. Сезонные образовательные ивенты (Battle Pass). Систему рейтингов и социального признания. Визуализацию прогресса и целей.

Интеграция ИИ как консультанта

AI-помощник обеспечивает: Мгновенные ответы на учебные вопросы. Персонализированные объяснения сложных концепций. Генерацию адаптивных упражнений. Анализ стиля обучения и рекомендации по его оптимизации.

Система аналитики и рекомендаций

Платформа предоставляет расширенную аналитику для всех участников образовательного процесса: Учащиеся получают рекомендации по оптимальным путям развития. Педагоги - инструменты для мониторинга эффективности обучения. Администрация - данные для принятия управленческих решений [6, 34с].

Результаты и ожидаемый эффект.

Внедрение разрабатываемой платформы ожидаемо приведет к следующим результатам: повышение учебной мотивации и вовлеченности. Геймификационные механики и визуализация прогресса создают дополнительную мотивацию для регулярной учебной активности. Ожидается увеличение времени самостоятельной работы на 35-40% и рост completion rate заданий на 25-30%. Ускорение усвоения материала Персонализация образовательного контента и адаптивная подача информации позволяют оптимизировать процесс обучения. Прогнозируется сокращение времени освоения стандартных тем на 20-25% при одновременном улучшении качества усвоения. Возможность масштабирования в образовательных учреждениях Микросервисная архитектура и модульная структура платформы обеспечивают легкую адаптацию под различные образовательные контексты - от отдельных школ до региональных образовательных систем. Развитие метакогнитивных навыков Система способствует формированию навыков саморегуляции, целеполагания и рефлексии, что является critical-компонентом современного образования [6, 27с].

Заключение

Разработанная концепция адаптивной образовательной платформы представляет собой перспективное решение актуальных проблем современного образования. Интеграция геймификации и искусственного интеллекта создает среду, способную кардинально повысить эффективность обучения через персонализацию образовательного процесса и усиление учебной мотивации. Перспективы дальнейшего развития платформы включают: внедрение интерактивных уроков с расширенной геймификацией, использование реальных образовательных данных для тренировки AI-моделей, развитие системы рекомендаций на основе анализа поведения учащихся, разработку мобильных приложений для обеспечения непрерывности обучения Реализация предложенной концепции имеет потенциал для существенного улучшения качества образования

через создание персонализированной, мотивирующей и технологически продвинутой образовательной среды.

**Список использованной литературы:**

1. Deterding, S., Dixon, D., Khaled, R., & Nacke, L. (2011). From game design elements to gamefulness: Defining "gamification". Proceedings of the 15th International Academic MindTrek Conference.

2. Baker, R. S., & Inventado, P. S. (2014). Educational data mining and learning analytics. In Learning analytics (pp. 61-75). Springer, New York, NY.

3. Popenici, S. A., & Kerr, S. (2017). Exploring the impact of artificial intelligence on teaching and learning in higher education. Research and Practice in Technology Enhanced Learning.

4. Klopfer, E., Osterweil, S., & Salen, K. (2009). Moving learning games forward. The Education Arcade.

5. Zhaksylyk, A., & others (2022). Digital Transformation of Education in Kazakhstan. Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

6. Unity Technologies. (2023). Unity in Education: Creating Engaging Learning Experiences.

ӘОЖ 37.01:371.38

## БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ГЕЙМИФИКАЦИЯ, ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

**НИЕТБАЕВА Н.А., АШИМБЕКОВ А.Т.**

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD,
6В01503 - “Информатика мұғалімдерін даярлау” білім беру
бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются вопросы внедрения геймификации как инновационного метода в образовательный процесс. Особое внимание уделено психологическим и педагогическим аспектам использования игровых механик для повышения мотивации учащихся. Описаны основные инструменты цифрового обучения, такие как образовательные платформы, VR/AR-технологии и мобильные приложения [2; 5]. Также раскрываются преимущества геймификации, включая вовлеченность студентов и мгновенную обратную связь, а также анализируются возможные риски и технические трудности. Статья подчеркивает значимость инновационных технологий для формирования навыков XXI века и адаптации учебного процесса к потребностям современного поколения.

**Abstract**: This article explores the implementation of gamification as an innovative method in the educational process. Special attention is given to the psychological and pedagogical aspects of using game mechanics to increase student motivation. The article describes key digital learning tools, such as educational platforms, VR/AR technologies, and mobile applications. It also discusses the advantages of gamification, including student engagement and immediate feedback, while analyzing potential risks and technical challenges. The article emphasizes the importance of innovative technologies in developing 21st-century skills and adapting the learning process to the needs of the modern generation.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі жаһандық өзгерістерге ұшырап, дәстүрлі оқыту әдістері жаңа цифрлық форматтармен алмасуда. Ақпараттық қоғамда білім алушылардың қызығушылығын арттыру, оқу процесін интерактивті және нәтижелі ету – заман талабы [1]. Осындай өзекті бағыттардың бірі – геймификация (ойынтандыру). Геймификация – бұл ойынға қатысы жоқ процестерге (бұл жағдайда білім беруге) ойын механикасы мен ойлау жүйесін енгізу арқылы қатысушыларды ынталандыру және мәселелерді шешуге бағыттау [3]. Инновациялық технологиялар мен геймификация элементтерін кіріктіре оқыту оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттырып қана қоймай, күрделі материалдарды жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Инновациялық білім беру ортасында көптеген цифрлық платформалар, мобильді қосымшалар және виртуалды шындық құралдары қамтылады. Геймификация осы технологияларды біртұтас жүйеге біріктіріп, оқушыға «қатысушы» емес, «ойыншы» немесе «зерттеуші» рөлін береді [4]. Мысалы, тарих сабағындағы оқиғаларды виртуалды квест ретінде

өту, математикадағы есептерді деңгейлік жарыс түрінде шешу, тіл үйренудегі ұпай жинау жүйесі – мұның барлығы оқытудың психологиялық жайлылығын қамтамасыз ететін тиімді құралдар болып табылады.

Мақаланың мақсаты – білім беру жүйесіндегі геймификацияның рөлін айқындап, оқытудағы инновациялық технологияларды қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін зерттеу.

Бүгінгі күні Z және Альфа ұрпағының ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне байланысты, оларды қызықтыру үшін стандартты лекциялар жеткіліксіз. Геймификация білім алушылардың ішкі мотивациясын оятуға, бәсекелестік қабілетін дамытуға және сәтсіздіктен қорықпауға үйретеді (себебі ойында «қайта жүру» мүмкіндігі бар). Осыған байланысты геймификацияны оқытудың теориялық негіздерін, платформаларын және тиімді тәсілдерін зерттеу – педагогтар үшін кезек күттірмейтін мәселе. Бұл мақалада геймификацияның түрлері, оның психологиялық әсері және практикалық қолданылуы жан-жақты қарастырылады.

Білім берудегі геймификация мен инновациялық технологиялар – оқушыларды креативті, сыни және жүйелі ойлауға баулитын кешенді тәсіл. Оның теориялық негіздері педагогика, психология және ақпараттық технологиялар ғылымдарының тоғысуына сүйенеді. Инновациялық әдістерді енгізу оқушылардың пассивті тыңдаушыдан белсенді ізденушіге айналуына жағдай жасайды.

Ең алдымен, геймификацияның мәні – жай ғана ойын ойнау емес, ойын элементтерін (ұпайлар, бейджде, рейтингтер, деңгейлер) оқу мақсатына жету үшін қолдану [2]. Негізгі компоненттері: динамика (сюжет, мақсат), механика (ережелер, марапаттар) және компоненттер (аватарлар, жетістіктер тақтасы). Бұл элементтердің жұмыс принципі адамның табиғи бәсекелестікке, жетістікке жетуге деген ұмтылысына негізделеді. Сондықтан геймификацияны қолдану кез келген пәнді игеру процесін қызықты саяхатқа айналдыра алады.

Оқытудағы инновациялық технологиялар мен геймификация бірнеше қағидаларға сүйенеді:

**1.Кері байланыс принципі:** оқушы әрбір әрекеті үшін (дұрыс немесе бұрыс) жылдам жауап алады. Мысалы, Quizizz немесе Kahoot платформаларында жауап берген сәтте нәтижесі көрінеді [5].

**2.Еріктілік принципі:** ойын элементтеріне қатысу оқушының өз қалауымен, қызығушылығымен жүзеге асады.

**3.Кезеңдік даму**: тапсырмалар қарапайымнан күрделіге қарай «деңгейлер» арқылы өседі, бұл оқушының даму динамикасын көрсетеді.

**4.Қателік жасау құқығы**: дәстүрлі бағалаудан айырмашылығы, геймификацияда қателік – бұл үйрену процесінің бір бөлігі, оны түзетуге мүмкіндік беріледі [6].

Геймификацияны тиімді жүзеге асыру үшін түрлі инновациялық әдістер қолданылады. Әдістердің дұрыс таңдалуы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға тікелей әсер етеді. Негізгі әдістер мен технологиялар:

**1.Сандық ойын платформалары:**

- Kahoot!, Quizizz, LearningApps сияқты сервистер арқылы сабақты бекіту.
- Сыныпта жедел сауалнамалар мен викториналар ұйымдастыру [4].

**2.Рөлдік және сюжеттік ойындар (RPG элементтері):**

- Оқушыларға белгілі бір рөлдер (ғалым, инженер, тарихшы) беріліп, сабақ барысында «миссияларды» орындау.
- Classcraft сияқты платформаларды қолдану арқылы сыныпты басқару.

**3.AR (Толықтырылған шындық) және VR (Виртуалды шындық):**

- Кітаптағы суреттердің 3D форматында жандануы немесе виртуалды экскурсиялар жасау.
- Мысалы, биология сабағында адам ағзасының ішкі құрылысын VR көзілдірік арқылы зерттеу.

**4.Мобильді оқыту (BYOD – Bring Your Own Device):**

- Смартфондарды оқу құралы ретінде пайдалану (QR-кодтармен жұмыс, арнайы қосымшалар) [7].

Инновациялық технологияларды енгізудің педагогикалық шарттары да маңызды рөл атқарады:

- **Техникалық инфрақұрылым:** интерактивті тақталар, планшеттер және жоғары жылдамдықты интернеттің болуы.
- **Мұғалімнің цифрлық құзыреттілігі**: педагогтың жаңа платформаларды еркін меңгеруі және оны сабақ мақсатына сай бейімдей алуы.

❖ **Мазмұнның сәйкестігі:** ойын элементтері білім мазмұнынан алшақтамай, оны толықтырып тұруы керек [2].

Оқытудағы геймификацияның артықшылықтары айқын. Ол оқушылардың сабаққа қатысуын 80-90%-ға дейін арттырады. Негізгі артықшылықтары мыналар:

❖ **Мотивацияның артуы** – жалықтыратын тапсырмалар қызықты челленджге айналады.

❖ **Стрессті азайту** – баға алу қорқынышы жойылып, ұпай жинау қызығушылығы басым болады.

❖ **Жеке траектория** – әр оқушы өз деңгейінде тапсырмаларды орындай алады.

❖ **Командалық жұмыс** – топтық жарыстар ынтымақтастық пен коммуникацияны дамытады.

Дегенмен, инновациялық технологияларды енгізуде кездесетін кемшіліктер мен қиындықтарды да ескеру қажет:

❖ **Техникалық тәуелділік**: Интернет өшіп қалса немесе құрылғы істемей қалса, сабақ жоспары бұзылуы мүмкін.

❖ **Ойынға тым берілу:** Оқушылардың мазмұнды ұмытып, тек жеңіске жетуді, ұпай жинауды мақсат ету қаупі бар.

❖ **Ресурстардың жетіспеушілігі:** Кейбір мектептерде қажетті жабдықтар немесе ақылы платформаларға қолжетімділік жоқ.

❖ **Уақыт шығыны:** Сапалы геймификацияланған сабақты дайындау мұғалімнен көп уақыт пен ізденісті талап етеді.

Қиындықтар және шешу жолдары:

❖ **Материалдық базаның әлсіздігі** — шешімі: тегін мобильді қосымшаларды және оффлайн ойын механикаларын қолдану.

❖ **Мұғалімдердің дайындығы** — шешімі: біліктілікті арттыру курстары, тәжірибе алмасу вебинарлары.

❖ **Мазмұнның жоғалуы** — шешімі: ойын мен білім беру мақсаттарының тепе-теңдігін қатаң сақтау [6].

Қорыта келгенде, білім беру жүйесіндегі геймификация және инновациялық технологиялар – бұл уақытша тренд емес, білім сапасын арттырудың қуатты құралы. Ол дәстүрлі оқыту жүйесін алмастырмайды, керісінше, оны толықтырып, жаңа деңгейге көтереді. Инновациялық технологиялар оқушыларға ақпаратты терең түсінуге, алған білімдерін практикада қолдануға және цифрлық әлемге бейімделуге көмектеседі. Геймификация арқылы қалыптасқан сыни ойлау, креативтілік және командада жұмыс істеу дағдылары – болашақ мамандар үшін таптырмас қасиеттер. Осылайша, оқыту үдерісіне заманауи технологияларды сауатты енгізу – бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырудың кепілі болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Құдайбергенова, А. (2021). Білім берудегі цифрлық технологиялар және геймификация. Алматы: Ұлағат.

2.Deterding, S., et al. (2019). Gamification: Using Game Design Elements in Non-Gaming Contexts. ACM Digital Library.

3.Ахметов, Б.С. (2020). Оқытудағы инновациялық әдістер мен технологиялар. Нұр-Сұлтан: Фолиант.

4.Kapp, K. M. (2012). The Gamification of Learning and Instruction. Pfeiffer.

5.Ысқақов, М. (2022). Мектептегі ақпараттық технологиялар және STEM білім беру. Шымкент: Ғасыр.

6.Werbach, K., & Hunter, D. (2020). For the Win: How Game Thinking Can Revolutionize Your Business and Education. Wharton School Press.

7.Жұмабаева, Ә. (2021). Қашықтықтан оқыту және цифрлық платформалардың тиімділігі. Педагогика және Психология, 3(45), 12-18.

ӘОЖ 371.3:04.4

# ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕРІ

**САЙЛАУБЕК Д.Қ., ТАЙБОСЫНОВА М.Е.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 6В01503-«Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
***Жетекшісі:*** **ИБРАГИМОВА К.А.,**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің «Физика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы, магистр, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** Статья посвящена глубокому анализу роли современных педагогических подходов и цифровых технологий в преподавании информатики. Рассматриваются вопросы внедрения STEM-образования, проектного обучения (PBL), геймификации и интеграции искусственного интеллекта в учебный процесс. Особое внимание уделяется эффективности методов «Flipped Classroom» и когнитивной визуализации, направленных на развитие цифровой грамотности, критического мышления и алгоритмических навыков учащихся. Авторы обосновывают преимущества интеграции традиционных и инновационных методов на основе научной литературы и эмпирических данных.

**Ключевые слова**: Информатика, методика обучения, STEM, геймификация, проектное обучение, цифровая грамотность, искусственный интеллект, критическое мышление, flipped classroom, программирование, педагогические технологии, интерактивная доска, облачные технологии, конструкционизм, инновации в образовании.

**Abstract.** The article is devoted to a deep analysis of the role of modern pedagogical approaches and digital technologies in teaching computer science. The issues of implementing STEM education, Project-Based Learning (PBL), gamification, and the integration of artificial intelligence into the educational process are discussed. Particular attention is paid to the effectiveness of "Flipped Classroom" methods and cognitive visualization aimed at developing students' digital literacy, critical thinking, and algorithmic skills. The authors substantiate the advantages of integrating traditional and innovative methods based on scientific literature and empirical data.

**Keywords**: Computer science, teaching methodology, STEM, gamification, project-based learning, digital literacy, artificial intelligence, critical thinking, flipped classroom, programming, pedagogical technologies, interactive whiteboard, cloud technologies, constructionism, innovation in education.

XXI ғасырдағы білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру және ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында түбегейлі өзгерістерді бастан кешіруде. «Информатика» пәні бұл өзгерістердің орталығында орналасқан: ол оқушыларды ғана емес, сонымен қатар қоғамның экономикалық және мәдени трансформациясын да тікелей әсер ететін негізгі білім саласы болып табылады. Болашақ цифрлық қоғамда өмір сүру және еңбек ету үшін бүгінгі мектеп бітірушілерден тек компьютерлік сауаттылықты ғана емес, есептік ойлау (computational thinking), алгоритмдік логика, цифрлық шығармашылық және этикалық сананы да талап етеді. Осының бәрі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде енгізіліп жатқан жаңартылған мазмұн талаптарының негізінде көрініс табуда және мұғалімдерге, әдіскерлерге жаңа тәсілдерді игеруді міндеттейді.

Жаңартылған мазмұн контекстінде информатика пәнінің мақсаты тек білім беру емес - оқушылардың практикалық дағдыларын, сыни ойлауын және өмірлік құзыреттілігін қалыптастыру. Бұл талаптар білім беру үрдісіне тек жаңа тақырыптарды қосып қана қоймай, сонымен қатар оқыту әдістерін түбегейлі өзгерту қажеттігін туғызады. Дәстүрлі «мұғалім - оқушы» үлгісіндегі түсіндірмелі-иллюстративті сабақтар бүгінгі «Z ұрпағының» (Gen Z) ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне толық сай келмейді: қазіргі жасөспірімдер визуалдық, интерактивті және тәжірибелік элементтері бар оқу формаларын тез қабылдайды. Сондықтан информатика пәнін оқытудың әдістемелік жүйесін қайта қарау, оқу үрдісіне белсенді, жобалық және интерактивті әдістерді енгізу - бүгінгі күннің басты міндеттерінің бірі. Осы мақалада біз информатика сабақтарында қолдануға болатын тиімді педагогикалық технологияларды ғылыми тұрғыдан негіздеп, олардың қолданудың практикалық жолдарын көрсетеміз.

Информатиканы оқытудың заманауи әдістемесі бірнеше іргелі педагогикалық теорияларға сүйенеді. Солардың ең маңыздысы - конструкционизм теориясы. Оның негізін қалаушы, MIT профессоры Сеймур Пейперт (Seymour Papert) білім алу процесінің ең тиімді болғанын оқушы нақты бір затты - бағдарлама, робот немесе модель - құрастыру барысында игеретінін дәлелдеді. Пейперттің тұжырымдамасы бойынша, компьютер тек құрал емес, ойлау процесін байытуға мүмкіндік беретін орталық элемент: «Компьютер - бағдарламалануы тиіс нәрсе, ал оны бағдарламалау арқылы бала өзінің ойлау қабілетін дамытады». Бұл идея робототехника, визуалдық программалау және жобалап оқыту әдістерінің теоретикалық іргетасы болып табылады, әрі практикалық деңгейде оқушыларға өз идеяларын нақты өнімге айналдыру арқылы білім алуға жағдай жасайды [2, 18-б].

Екінші маңызды бағыт - әлеуметтік конструктивизм. Лев Выготскийдің «Жақын арадағы даму аймағы» (ZPD) теориясы негізінде ынтымақтастық пен қоғамдық өзара әрекеттесудің оқытудағы рөлі айқындалады. Қазіргі зерттеулер көрсеткендей, коллективті жұмыс және жұптық өзара әрекеттесу арқылы жаңа білім тереңірек бекітіледі; информатикада бұл идея жұптық бағдарламалау (pair programming), партерлік тестілеу және топтық жобалар арқылы жүзеге асады. Мұндай тәсілдер оқушыларға әр түрлі рөлдерді (код жазушы, тестер, дизайнер, презентация жасаушы) игеруге мүмкіндік береді және коммуникациялық дағдыларды дамытады [7, 85-б].

Ойын теориясы (gamification) білім беруде тағы бір күшті құрал ретінде қарастырылады. Ойын элементтерін сабаққа енгізу оқушылардың ішкі мотивациясын арттырып, қателік жасаудан қорықпай эксперимент жасауға жағдай жасайды. Ли Шелдон өзінің «The Multiplayer Classroom» еңбегінде ойын тәсілдері студенттердің қызығушылығын көтеретінін және оқу нәтижелерін жақсартады деп көрсетеді; информатикада қателерді «bug» ретінде қабылдау - бұл оқыту мен жетілдіру процесінің бір бөлігі екенін ойын арқылы түсіндіру жеңіл болады [5, 42-б]. Сонымен қатар, ойындар оқытудың уақыттық шектеулерін жұмсартады: ойын форматындағы тапсырмалардың қысқа циклдары оқушылардың зейінін ұстап тұруға көмектеседі.

Жобалап оқыту (Project-Based Learning, PBL) - информатикада кең тараған және нәтижелі әдістердің бірі. Классикалық тәсілдерде оқушылар көбінесе тақырыптарды (мысалы, «цикл», «массив») бөлек-бөлек өтеді және олардың практикалық құндылығын толық түсінбейді. PBL әдісі бойынша оқу нақты өмірлік мәселені шешуден басталады: мәселені талдау, гипотеза құру, шешім жасау, нәтижені тестілеу және презентациялау. Бұл тәсіл оқушыларға мәселені кешенді түрде шешуге, өз мерзімдерін жоспарлауға және жоба барысында топпен тиімді өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Митчел Резник (Mitchel Resnick) «Lifelong Kindergarten» кітабында PBL-мен байланысты «4P» моделін ұсынады: Projects (Жобалар), Passion (Қызығушылық), Peers (Серіктестер), Play (Ойын) - бұл компоненттер бір-бірін толықтырып, ұзақ мерзімді шығармашылық пен зерттеушілік қабілетті дамытады [3, 29-б].

Практикалық қолданылу мысалдары арқылы PBL-дің тиімділігін анық көруге болады:

- Веб-дизайн жобасы: «Менің сүйікті қалам» тақырыбында сайт жасау. Мұнда оқушы HTML/CSS негіздерін, дизайн элементтерін, ақпаратты ұйымдастыру және интернеттен дерек іздеу дағдыларын бірге меңгереді. Соңында сайтты презентациялау арқылы коммуникациялық дағдылар да дамиды.

- Python жобасы: «Валюта конвертері» немесе «Чат-бот» жасау. Оқушы айнымалыларды, шартты операторларды және деректер құрылымдарын нақты өнім шығаруда қолданады; кодты модульдерге бөлу және тестілеу негіздері үйретіледі.

- Робототехника жобасы: Arduino негізінде қоршаған ортаның температурасын өлшеу және мәліметтерді визуалдау. Бұл жоба физика, математика және программалауды байланыстырып, инженерлік ойлауды қалыптастырады.

PBL әдісі оқушылардың зерттеушілік қабілетін, шығармашылық ойлауын және уақытты басқару (time management) дағдыларын қалыптастырады. Жобалар бағалау кезінде тек финалдық өнімге ғана емес, жобалау кезеңдеріне, топтық жұмыстың тиімділігіне және өзін-өзі бағалауға басымдық беру керек.

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) - пәндер аралық байланысты күшейту тәсілі. Информатика сабақтарында робототехника (Arduino, LEGO EV3), физика эксперименттері және математикалық модельдеу біріктіріледі. Бұл пәндер аралық интеграция оқушыларға теорияны практикалық тапсырмаларда қолдануды үйретеді. Соңғы жылдары STEM-ке Art (Өнер) қосылып, STEAM форматына өтті: өнер мен технологияның бірігуі креативті ойлауды дамытады, дизайн тәсілдерін енгізу арқылы техникалық міндеттердің эстетикалық жағын да қарастырады. Джорджет Якман (Georgette Yakman) технология мен өнер интеграциясының шығармашылық

ойлауды арттыратынын атап көрсетеді [4]. Мысалы, 3D модельдеу сабағында оқушы тек технологияны игеріп қана қоймай, пропорция, композиция және эстетика негіздерін де үйренеді - бұл информатиканы тек «код жазу» деп қабылдайтын стереотипті бұзады.

Флиппед-классрум (Flipped Classroom) - тағы бір кең тараған инновациялық тәсіл. Бұл моделде теориялық материал үй тапсырмасы ретінде (видеолар, оқу модульдері) оқушыға беріледі, ал сабақта уақыт практикалық тапсырмаларға, талқылауға және кері байланысқа жұмсалады. Джонатан Бергманн мен Аарон Самс ұсынған бұл модель информатика сабақтарының тиімділігін арттыратыны туралы оң нәтиже көрсеткен зерттеулер бар; мұнда мұғалімнің рөлі лекциядан менторға, фасилитаторға айналады және оқушылардың практикалық проблемалармен жұмыс жасауына бағыт береді [6, 12-б]. Флиппед модельдің тиімділігі мынада: оқушы теорияны өз ырғағымен меңгере алады, ал сабақта мұғалім нақты қателермен және түсініксіз тұстармен жұмыс істей алады.

Ойын элементтерін (gamification) қолданудың нақты құралдары:

- Kahoot! / Quizizz - сабақ соңында рефлексия және білімді тексеру үшін тиімді; қысқа сұрақтар, жылдам жауап пен балл жүйесі оқушылардың қызығушылығын арттырады.

- CodeCombat / CodeMonkey - бағдарламалау синтаксисін ойын арқылы үйретеді; ойын кейіпкерін басқару арқылы логика мен алгоритмдік ойлауды қалыптастырады.

- Minecraft Education Edition - логикалық қақпаларды (AND, OR, NOT) және виртуалды құрылыс арқылы алгоритмдік түсініктерді көрсетуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект (ЖИ) білім беру мен информатика оқытуда екі бағытта қолданылады: оқыту объектісі ретінде (оқушылар ЖИ теориясын, машиналық оқыту негіздерін үйренеді) және оқыту құралы ретінде (автоматтандырылған көмекші, адаптивті тапсырмалар). Уэйн Холмс (Wayne Holmes) жасанды интеллекттің мұғалімді алмастыра алмайтынын, алайда мұғалімнің мүмкіндіктерін кеңейтетінін атап көрсетеді - ЖИ мұғалімге кері байланыс беру, тапсырмаларды автоматты түрде бағалау және әр оқушыға жеке оқу жолын ұсыну сияқты функцияларды орындай алады [8, 55-б]. Пайдалану жолдары:

- ChatGPT/Copilot - кодты тексеру, қателерді табу және кодты оңтайландыру бойынша «көмекші» ретінде. Мұғалім оқушыларға ЖИ-ді этикалық және нәтижелі пайдалану үшін дұрыс промпт жазуды үйретуі керек.

- Жекелендірілген тапсырмалар - ЖИ әр оқушының деңгейіне сай есептер мен жаттығулар генерациялап бере алады, осылайша деңгейлік айырмашылықтарды жасыруға және әркімге тиімді ресурс ұсынуға болады.

Инновациялық әдістердің тиімділігін бағалау үшін қолданылатын көрсеткіштер мен тәсілдер:

Білім беру процесінде сандық егіз технологиясы оқу сапасын жақсарту мен практикалық тәжірибені кеңейтуге бағытталған. Сандық егіз негізіндегі тренажерлар студенттерге шынайы жағдайда қиын немесе қауіпті тәжірибелерді қауіпсіз виртуалды ортада өткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, медициналық оқу шеберханаларында виртуалды науқастар мен симуляциялар арқылы процедуралар отлайды, педагогикалық зерттеулер бойынша мұндай орталар оқушылардың түсінігін тереңдетуге көмектеседі. Оқыту аналитикасы саласында оқу үрдісін бейімдеу үшін де цифрлық егіз пайдалы: оқушылардың реакциялары мен нәтижелері үздіксіз қадағаланып, жеңілдетілген немесе күрделендірілген тапсырмалар беріледі. Соған қоса, «виртуалды ақылды сынып» тұжырымдамасы бойынша оқушылар ортақ виртуалды ортада өзара әрекет етіп, оқу материалын практикамен ұштастыра алады. Барлық осы тәжірибелер информатика және жаратылыстану пәндерінде интерактивті модельдер мен симуляциялар арқылы білімді жандандыруға мүмкіндік береді.

Информатика (бағдарламалау) сабақтарында сандық егіз технологиясын тиімді пайдалану үшін мектеп бағдарламасының теориялық бөлімін практикамен ұштастыратын әдістер енгізіледі. Алдымен оқушыларға сандық егіз ұғымы мен оның құрастыру принциптері түсіндіріледі, мысалы, физикалық объектіні модельдеу және сол модельге деректерді қосу арқылы симуляция жасау тақталары өтеді. Практикалық сабақтарда оқушылар бағдарламалау тілдерін (мысалы, Python) немесе визуалдық құралдарды пайдалана отырып, нақты жүйенің мақсатын орындайтын виртуалды ортаны жасайды. Unity3D қозғалтқышы мен Python тілін қолдана құрастырылған платформада оқушылар жазған код 3D ортада роботтар мен сенсорлардың күйімен көрсетіледі, яғни кодтың орындалуы нақты нәтижеге келетінін бірден байқауға болады. Осындай платформаларда әрекетті кері байланыспен қамтамасыз ететін «ақылды» имитация жүйесі болады: студенттер жазған код жүйені ауыстырып, нәтижені дереу талдай алады.

Мысалы, Siemens компаниясының оқу бағдарламаларында жасалған сандық егіздер шынайы физикалық жабдықтарды имитациялайды: оқушылар виртуалды конвейер мен бағдарламаланатын контроллерді синхронды басқарып, автоматтандыру кодын тексереді. Нәтижесінде бір машинаны кезекпен қолданудың орнына, әрбір оқушы өз кезегінде сандық көшірумен шексіз жұмыс істей алады. Сондай-ақ қашықтан лабораториялық жұмыстар ұйымдастырылады: студенттер виртуалды ортаны басқарып, процесс деректерін (мысалы, Excel, Matlab/Simulink форматында) алады. Бұл тәсіл практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, себебі оқушылар нақты бағдарламалау мен жүйе логикасын эксперименттеу арқылы меңгереді.[3, 39б],[6, 78б]

Сандық егіздерді қолдану оқушылардың логикалық ойлауын, жүйелі түсінуін және сыни пікірін дамытуға септігін тигізеді. Біріншіден, абстрактілі ұғымдар визуалды модельмен байланысады: мысалы, айнымалының мәнін программадағы санағышпен, ал цикл әрекетін роботтың қозғалысымен көрсетуге болады. Бұл тәсіл нәтижені нақты көрсетіп, оқушының түсінігін нығайтады. Екіншіден, сандық егіздер декиктің (ойыншықтық) тәжірибесін емес, нақты кері байланыс беретін интерактивті орта ұсынады: студенттің енгізген коды бірден виртуалды объектінің мінез-құлқына әсер етіп, нәтиже туралы хабарлама (мысалы, «шексіз цикл анықталды: қозғалтқыш жүктелді») береді. Мұндай дербестендірілген кері байланыс абстракт ұғымды нақты ұғынуға ықпал етеді. Үшіншіден, сандық егізді қолдану «қателесуге болатын қауіпсіз орта» құрайды: оқушылар қателіктер жасаса да жабдық зақымдалмайды, сондықтан оқу зерттеуіне батыл түрде араласады, ол білімнің тереңірек меңгерілуіне жағдай жасайды. Зерттеулер көрсеткендей, цифрлық егіз технологиясын енгізген сынып оқушыларының белсенділігі едәуір артады, тіпті бастауыш деңгейде оқитындар алгоритмдік ойлауы тез дамиды. Осындай мүмкіндіктер оқу үдерісінің интерактивтілігін арттырып, жаңа білімге деген ынтаны жоғарырақ деңгейге көтереді.[1, 178б]

Қазақстандағы және халықаралық тәжірибелер. Халықаралық деңгейде цифрлық егізді қолданудың бірнеше жобалары бар. Мысалы, Австралияда Twinmotion көмегімен Аделаида қаласының 3D сандық егізі жасалып, қаланы жоспарлау мен құрылыс жұмыстарын оңтайландыруда қолданылады. Әлемнің бірқатар жетекші университеттері де өндірістік процестер мен робототехникада цифрлық егіздерді пайдаланады. АҚШ мектептері мен оқу орындары ғимараттарын бақылайтын сандық егіздерді енгізуде: мысалы, бір мектепте ғимарат пен оқушылар қозғалысының модельдерін қолдану арқылы аумақты тиімді пайдалануды саралау зерттелуде. Қазақстанда да «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында білім беру жүйесін цифрландыру жүріп жатыр; алдағы уақытта мектептерде цифрлық технологиялар, соның ішінде сандық егіз ұғымы енгізіле бастайды. Қазіргі кезде елде жеке сандық егіз жобалары ғалымдар арасында зерттелуде, бірақ орта білімдегі нақты қолданылу тәжірибелері қалыптаса қойған жоқ. Алайда жоғары оқу орындары мен технопарктер цифрлық егіздерді индустриалды және оқыту жобаларында сынақтан өткізіп келеді.

Информатика сабағында оқушы тек теориялық білім алып қана қоймай, шынайы өмірмен байланыс орнатуды, күрделі жүйелердің қалай жұмыс істейтінін көзбе-көз көруді қалайды. Осындай сәтте Digital Twin технологиясы – яғни заттардың, механизмдердің немесе процестердің сандық көшірмесін жасау идеясы – оқу үдерісіне ерекше серпін береді. Бұл технологияны іске асыратын құралдар көп, олардың әрқайсысы өз мүмкіндігімен оқушыны жаңа әлемге жетелейді.[4, 98б]

Siemens NX – механизмдерді түсінудің жаңа деңгейі: Siemens NX – кәдімгі 3D модельдеу бағдарламасы емес. Ол оқушыға темірді қолымен ұстамай-ақ оның қалай қозғалып, қандай күш түсіріп, қандай жағдайда бұзылатынын көруге мүмкіндік береді. Сабақ үстінде оқушы станоктың виртуалды нұсқасын айналдырып, оның әр тетігінің рөлін түсінеді. Мұндай тәжірибе болашақ

инженерлердің ойлау қабілетін ерте жастан дамытуға үлкен әсер етеді. Digital Twin үшін Siemens NX — бұл тек құрал ғана емес, күрделі жүйені қарапайым көзқараспен түсіндіретін білім көпірі.
Twinmotion – кеңістікті сезіну өнері:Twinmotion бағдарламасы оқушыға тек ғимарат немесе қала моделін салдырмайды. Ол оның кеңістікті қабылдау қабілетін дамытады. Жасанды түрде жасалған көшелер, саябақтар, қозғалыстағы адамдар – бәрі бір әлем, бірақ цифрлық.

Информатика сабағында Twinmotion қолдану арқылы оқушы: өз мектебінің болашақ бейнесін жасай алады,экологиялық таза қала моделін ұсына алады, географиядағы табиғи ландшафтарды жаңаша елестете алады. Twinmotion арқылы жасалған сандық егіз – бұл қиял мен технология тоғысқан шығармашылық алаң.

Unity3D – интерактивті әлемдердің қозғалтқышы. Unity – қазіргі жасөспірімдер жақсы білетін ойын жасаушы платформа. Бірақ оны сабақта басқаша қолдануға болады. Бұл жүйеде оқушы физикалық процестерді модельдеп, нақты уақыттағы симуляциялар жасайды. Мәселен, роботтың қалай жүретінін немесе жарықтың затқа түскендегі әсерін программистік тұрғыда модельдей алады. Unity арқылы жасалған Digital Twin — бұл тек модель емес, ол қозғалыстағы ой, тәжірибе, сынақ, әрекет.

Python – сандық егізге жан беретін логика. Кей кезде модель жай ғана сурет болып қала береді. Ал Python – соған жан бітіретін тіл. Оқушы Python арқылы модельдің логикасын, қозғалу траекториясын, сенсорлық жауап беру функцияларын жаза алады.

Digital Twin үшін Python – жүйенің жүрегі.Ол оқушыға:

1.деректерді өңдеуді,

2.процестерді басқаруды,

3.симуляция нәтижелерін талдауды үйретеді.

Міне, осылайша қарапайым код күрделі виртуалды әлемді басқара алады.[4, 215б]
CoSpaces Edu – қиялға еркіндік беретін білім алаңы. CoSpaces Edu –мектепке арналған тамаша платформа. Оқушы VR немесе AR форматында өз әлемін құрып, оның ішіне өзі кіре алады. Мұнда модельдеудің машақаты жоқ, керісінше – қиял еркіндігі басым.

Элементар физикадан бастап, биологиядағы жасуша моделіне дейін сандық егіз жасауға мүмкіндік береді. Бұл платформа бастауыш және орта буынға өте тиімді.Simio – күрделі жүйелерді қарапайым түсіндіретін орта. Simio – өндіріс, логистика, жабдық қозғалысы сияқты шынайы процестерді модельдейтін кәсіби құрал. Сабақта оны қолдану арқылы оқушылар нақты кәсіпорында қандай процестер жүретінін, әр бөлімнің рөлін және оптимизацияның маңызын түсіне алады. Simio – шынайы өмірді виртуалды түрде түсіндіретін зертхана. Сандық егіз технологиясын информатика сабақтарында қолдану оқушылардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттерін арттырады. Зерттеулер көрсеткендей, сандық егіз негізіндегі оқу ортасы оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін және практикалық дағдыларын үлкендетіп, әсіресе бастапқы деңгейдегі оқушылардың алгоритмдік ойлауын дамытуға көмектеседі. Болашақта цифрлық егіз негізіндегі білім беру жүйесін жетілдіру үшін жоғары жылдамдықты есептеу ресурстары мен кең ауқымды деректер базаларын әзірлеу қажет. Сонымен қатар, цифрлық егізді пайдалану сұрақтары деректер қауіпсіздігі мен оқушының жеке мәліметтерін қорғау шеңберінде қарастырылуы тиіс. Мұның бәрін ескере отырып, бұл технология классикалық оқытуды толықтыратын құралға айналып, болашақ білім беру тәжірибесін жаңа деңгейге көтереді деп күтілуде.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Сосфенов Д.А. Цифровой двойник: история возникновения и перспективы развития // Интеллект. Инновации. Инвестиции. – 2023. – № 4. – С. 35–43.

2.Мансур А. Сандық егіз: виртуалды модельдер нақты әлемді қалай өзгертеді // AstanaHub. – 2024.

3.Mark I. Real-life educational experiences in the virtual world with Siemens' digital twins // Academic and Future Workforce (Siemens Software Blog). – 2024. – June 13.

4.Lu M., Hu Z. Digital Twin-Enhanced Programming Education: An Empirical Study on Learning Engagement and Skill Acquisition // Computers. – 2025. –Vol. 14, No. 8, 322.

5Rudra S. Digital Twins Could Make Facilities Management in K-12 More Efficient // EdTech Magazine. – 2025. – Sep 17.

6.MIT Horizon. Digital Twins and the Future of Learning // Horizon Research Project. – 2024. – Dec 23.

ӘОЖ 82.451 (021)

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ: ДАМУ ҮРДІСТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

**ҚОШАНОВ Р.Ғ. СҮГІРБАЙ С.М.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің 6В01503-«Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.
Жетекшісі: **ИБРАГИМОВА К.А.**
«Физика және информатика» кафедрасының аға оқытушысы, магистр,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье представлен краткий обзор эволюции искусственного интеллекта (ИИ) в Казахстане, рассмотрены его основные направления, сферы применения и значение для цифровой трансформации страны. Кроме того, проанализированы достижения и перспективы развития технологий ИИ в контексте взаимодействия государства, научного сообщества и бизнеса.

**Abstract**. This article provides a concise review of the evolution of artificial intelligence (AI) in Kazakhstan, highlighting its key directions, areas of application, and its role in the country's digital transformation. The study also examines the achievements and future development prospects of AI technologies within the framework of cooperation among government, academia, and the business sector.

**Ключевые слова:** искусственный интеллект, Казахстан, развитие, цифровая трансформация, инновации

**Keywords:** artificial intelligence, Kazakhstan, development, digital transformation, innovation

Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы жасанды интеллект (ЖИ) саласының рөлін айтарлықтай арттырды. ЖИ – бұл адам интеллектінің әрекеттерін модельдеуге арналған алгоритмдер мен жүйелер жиынтығы, олар күрделі есептерді шешуде, деректерді өңдеуде және шешім қабылдауда маңызды қызмет атқарады. Әлем елдері экономиканың әртүрлі салаларында ЖИ технологияларын енгізу арқылы инновациялық жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Қазақстан үшін бұл бағыт цифрлық экономикасын дамытуда стратегиялық маңызы бар. Елдегі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы жасанды интеллектті денсаулық сақтау, білім беру, қаржы, ауыл шаруашылығы және өндіріс салаларында тиімді қолдануды көздейді. Сонымен қатар, ЖИ-ді дамыту ғылыми зерттеулерді жүргізу, мамандар даярлау және озық технологияларды енгізуді қажет етеді.

Қазақстанда жасанды интеллекттің даму қарқыны мен мүмкіндіктерін арттыруға арналған «Жасанды интеллектті дамыту 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдама» қабылданды. Ол құжатқа сәйкес:

1.Жасанды интеллектті дамыту тұжырымдамасы бекітілсін.

2.Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жыл сайын 1 ақпанға дейін тұжырымдаманың жүзеге асырылу барысы туралы есеп берсін.

3.Қаулының орындалуын бақылау осы министрліктің жауапкершілігіне жүктелсін.

4.Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енсін.

Бұл бастамалар 2029 жылға дейін елдің цифрландыру процесіне жасанды интеллектті интеграциялау жоспарланғанын көрсетеді. Саланың қазіргі жағдайына назар аударсақ, соңғы бес жылда ЖИ қоғамға бұрын-соңды болмаған деңгейде әсер етіп, оның даму қарқыны рекордтық жылдамдыққа жеткен. Дүниежүзілік деңгейде ЖИ технологияларын дамыту бәсекесі бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жүргізілуде, мұнда Google, Facebook, Microsoft, Alibaba, Baidu және Tencent сияқты ірі технологиялық корпорациялар жетекші рөл атқарады. Жасанды интеллектке жасалған ауқымды инвестициялар АҚШ пен Қытайды осы саладағы көшбасшы мемлекеттерге айналдырған. Қазақстан бұл үрдіске соңғы уақытта қосылды: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы Астанада өткен «Digital Bridge» халықаралық форумында ЖИ-дің экономикалық өсуде маңыздылығын атап өткеннен кейін, еліміз осы саланы дамытуға белсенді кірісті.

Үкіметтің жасанды интеллектті пайдалану дайындығы негізгі трендтер мен бастамаларды жан-жақты талдау арқылы бағаланады. Бұл талдау Oxford Insights компаниясының арнайы әдістемесіне сүйенеді, онда қосалқы индекстер есепке алынады. Мысалы, 1-суретте көрсетілген көрсеткіштер дәл осы индекстерге негізделген. Олар үкіметтің ЖИ негізіндегі қызмет көрсетуге дайындық деңгейін ғана емес, сонымен қатар елдің жалпы жасанды интеллектті дамыту деңгейін бағалауда

да маңызды. Қосалқы индекстер үш негізгі бағытқа бөлінеді: «үкімет», «технологиялық сектор» және «деректер мен инфрақұрылымға қолжетімділік».

Oxford Insights өткізген Үкіметтің жасанды интеллектке әзірлігінің 2023 жылға арналған индексі бойынша, Қазақстан 193 елдің арасында 72-орынға ие болды.




1-ші Сурет

Қазақстанның жасанды интеллектке (ЖИ) дайындық индексі 45,78 болып, әлемдегі 181 елдің ішінде 72-орынға ие. Бір қарағанда бұл көрсеткіш нашар емес сияқты, бірақ кейбір аспектілер алаңдататыны сөзсіз. Мысалы, елдің цифрлық әлеуеті (75,67) мен деректерге қолжетімділігі (74,11) жақсы деңгейде болса да, стратегиялық пайымның 0 болуы таңқалдырады. Бұл Қазақстанда нақты ұзақ мерзімді жоспарлар мен бағыт-бағдар жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сонымен қатар, жетілу деңгейі (15,48) төмен – бұл ЖИ технологияларының күнделікті қолданылуы әлі де шектеулі екенін білдіреді.

Инфрақұрылым (30,80), инновациялық әлеует (33,63) және адами капитал (38,55) сияқты салаларда да айтарлықтай жетілдіру қажет. Яғни, Қазақстанда деректер мен технологиялық ресурстар бар, бірақ оларды тиімді пайдалану үшін жүйелі стратегия, сенімді инфрақұрылым және білікті кадрлар қажет. Жалпы, ЖИ-ді дамыту үшін барлық мүмкіндіктер бар, алайда нақты іс-қимыл жоспары мен тұрақты қолдау болмаса, бұл потенциал толық жүзеге аспайды.

Қазақстандағы жасанды интеллект саласының қарқынды дамуы қазіргі заманғы технологиялық үрдістерге қарамастан, бірнеше өзекті қиындықтарды да туындатады. Алдымен, құқықтық және нормативтік базаның толық еместігі инновациялық жобаларды енгізуде басты кедергі болып отыр. Деректерді қорғау, жеке өмір құпиялылығы және этикалық нормаларды қалыптастыру мәселелері әлі толық шешімін таппағандықтан, ЖИ жүйелерін мемлекеттік және коммерциялық деңгейде енгізу барысында белгісіздік туындайды. Осыған байланысты үкімет нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге бағытталған кешенді шараларды қолға алып отыр.

Сонымен қатар, деректер инфрақұрылымының жеткіліксіздігі де ЖИ дамуына кері әсер етеді. Жасанды интеллект жүйелерінің тиімділігі деректердің көлемі мен сапасына тәуелді болғандықтан, сенімді және стандартталған деректер базаларының болмауы алгоритмдердің дәлдігін төмендетеді. Қосымша, заманауи технологияларды қолдануда жоғары білікті мамандардың тапшылығы да өзекті мәселе болып табылады. Университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтарында ЖИ бағытында мамандарды дайындау бағдарламалары әлі де жетілдіруді қажет етеді, себебі технологиялық даму қарқыны кадрлық әлеуетпен сәйкес келмесе, инновациялық жобаларды іске асыру шектеледі.

Технологиялық инфрақұрылым мен қаржыландыру мәселелері де ЖИ саласының дамуына айтарлықтай әсер етеді. Заманауи есептеу қуаты, жылдам интернет байланысы және зерттеулерге арналған арнайы жабдықтар мен зертханалардың шектеулігі жобалардың көлемін азайтып, тиімділігін төмендетеді. Мемлекеттік және жеке сектордағы инвестициялардың жеткіліксіздігі де

инновациялық бастамаларды енгізуге кедергі келтіреді. Сонымен қатар, ЖИ-дің әлеуметтік және этикалық салалары – адам шешім қабылдау процесіне ықпал ету, жұмыс орындарының автоматтандырылуы, қоғамдағы әлеуметтік құрылымның өзгеруі – жан-жақты талдауды талап етеді.

Алайда, Қазақстанда жасанды интеллекттің дамуына зор мүмкіндіктер бар. 2024 жылғы 24 шілдедегі №592 қаулы негізінде бекітілген «Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» стратегиялық бағыттарды айқындап, құқықтық реттеуді жетілдіру, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымын дамыту, кадр даярлау және халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге арналған маңызды құжат болып табылады. Бұл тұжырымдама мемлекеттік қолдауды арттыруға, инновациялық жобалардың көлемін ұлғайтуға және елдің сандық трансформациясын жеделдетуге бағытталған кешенді шараларды қамтиды.

Болашақта ЖИ технологиялары Қазақстан экономикасы мен әлеуметтік өмірге оң әсерін тигізетін болады. Мемлекеттік басқаруда ақылды қалалар, цифрлық үкімет және автоматтандырылған жүйелер енгізу арқылы азаматтарға қызмет көрсету сапасы артады. Денсаулық сақтау, білім беру, ауыл шаруашылығы және өндіріс салаларында ЖИ қолдану өнімділікті арттырып, инновациялық шешімдерді іске асыруға мүмкіндік береді. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту, шетелдік инвестицияларды тарту және жергілікті ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау арқылы еліміз жаңа алгоритмдер мен технологиялық жаңалықтарды енгізіп, әлемдік бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізе алады.

Осылайша, Қазақстандағы жасанды интеллект саласының дамуының перспективасы айқын, бірақ оның тиімді жүзеге асуы үшін құқықтық реттеу, инфрақұрылымның жетілдірілуі, мамандарды дайындау және қаржыландыру мәселелерін кешенді шешу қажет. Мемлекеттік қолдау мен халықаралық ынтымақтастық арқасында ел ЖИ технологияларын интеграциялау арқылы экономика мен қоғамның түрлі салаларында жаңа деңгейлерге жетуге қабілетті. Ғылыми-зерттеу және инновациялық саясат Қазақстанды әлемдік цифрлық дәуірдің алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына қосуға мүмкіндік береді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ибраев, Н., & Әлімбетов, Р. (2021). Қазақстандағы жасанды интеллект технологияларының дамуы. Ақпараттық Технологиялар және Жаңалықтар, 3(2), 45–56.

2.Тлеубергенова, А. (2020). Машиналық оқыту және оның Қазақстандағы қолданылуы. Жаңа Зерттеулер, 12(1), 78–89.

3.Нұрғали, М. (2019). Жасанды интеллект негіздері. Алматы: «Білім» баспасы.

4.adilet.zan.kz. Сілтеме: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592.

ӘОЖ 621.865.8

## ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫНДА РОБОТОТЕХНИКАНЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

**НИЕТБАЕВА Н.А., ҚОНАҚБАЙ А.У., ЕРАЛИЕВ А.А.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD,
6В01503 - “Информатика мұғалімдерін даярлау” білім беру
бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются современные методы обучения робототехнике в естественно-научном направлении. Особое внимание уделено роли робототехники как междисциплинарной области, объединяющей физику, математику, информатику и инженерные навыки. Описаны основные педагогические подходы, такие как проектное обучение, инженерно-дизайнерское мышление, практико-ориентированные задания и алгоритмическое программирование [2; 7]. Также раскрываются особенности организации уроков робототехники, преимущества внедрения STEM-технологий и возможные трудности, возникающие в учебном процессе. Статья подчеркивает значимость робототехники для формирования технической грамотности, критического мышления и развития исследовательских навыков учащихся [6].

**Abstract:** This article explores modern teaching methods for robotics within the natural science curriculum. Special attention is given to the role of robotics as an interdisciplinary field that integrates physics, mathematics, computer science, and engineering skills. The main pedagogical approaches are

described, including project-based learning, design thinking, hands-on construction tasks, and algorithmic programming. The article also discusses key aspects of lesson organization, the advantages of implementing STEM technologies, and common challenges faced during the teaching process. It emphasizes the importance of robotics in developing students' technical literacy, critical thinking, and research skills.

Қазіргі таңда білім беру жүйесі қарқынды түрде жаңарып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін және шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту басты міндеттердің біріне айналып отыр [6]. Әсіресе жаратылыстану бағыты бойынша оқыту үдерісіне жаңа технологияларды енгізу — заман талабы. Осындай өзекті бағыттардың бірі – робототехниканы оқыту. Робототехника ғылымы инженерия, механика, электроника, бағдарламалау және жасанды интеллект элементтерін біріктіретін кешенді сала болып табылады. Сондықтан оны жаратылыстану пәндерімен кіріктіре оқыту оқушылардың пәндерге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың ғылыми-зерттеушілік және практикалық дағдыларын дамытады [1].

Жаратылыстану пәндерінің мазмұнында көптеген физикалық құбылыстар, математикалық есептеулер, ақпараттық технологиялар және тәжірибелік жұмыс түрлері қамтылады. Робототехника осы білімдерді нақты практикалық әрекет арқылы қолдануға мүмкіндік береді [3], [4]. Мысалы, физикадағы қозғалыс заңдарын роботты басқару арқылы тексеру, математикадағы алгоритмдік ойлау элементтерін қолдану, информатикадағы бағдарламалау дағдыларын жетілдіру – мұның барлығы оқытудың тиімділігін арттыратын интеграцияланған тәсіл болып табылады [1].
Мақаланың мақсаты – жаратылыстану бағытында робототехниканы оқытудың әдістерін зерттеп, тиімді тәсілдерін көрсету.

Бүгінгі күні білім алушылардың инженерлік ойлау қабілетін дамыту, оларды XXI ғасыр дағдыларына бейімдеу – STEM және STEAM бағыттарының негізгі мақсаты. Робототехника осы мақсаттарды іске асыратын әмбебап құрал ретінде қарастырылады. Робот құрастыру, бағдарламалау, эксперимент жүргізу, модельдеу оқушыларға зерттеушілік мәдениет қалыптастыруға, топпен жұмыс істеуге, инновациялық ойлауға және нақты практикалық міндеттерді шешуге жағдай жасайды. Осыған байланысты жаратылыстану бағытында робототехниканы оқытудың теориялық негіздерін, әдістерін, тиімді тәсілдерін зерттеу және оқу процесіне енгізу — қазіргі білім беру жүйесі үшін өзекті мәселе. Бұл мақалада робототехниканы оқыту әдістері, оның жаратылыстану пәндерімен кіріктірілу ерекшеліктері және практикалық маңызы жан-жақты қарастырылады.

Жаратылыстану бағытында робототехниканы оқыту – оқушыларды инженерлік, алгоритмдік және ғылыми-зерттеушілік қызметке баулитын кешенді білім беру бағыты. Оның теориялық негіздері бірнеше ғылыми салалардың тоғысуына сүйенеді: педагогика, информатика, механика, электроника, физика, математика және жүйелік модельдеу. Робототехниканы білім беру үдерісіне енгізу оқушылардың теориялық білімін практикамен байланыстырып, құзыреттілікке бағытталған тәсілді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, робототехниканың мәні – адамның белгілі бір әрекетін автоматтандыратын құрылғыларды құрастыру мен бағдарламалау. Роботтың негізгі компоненттері: контроллер (микропроцессор), электрқозғалтқыштар, датчиктер, энергия көзі және бағдарламалық орта [5]. Бұл элементтердің жұмыс принципі тікелей жаратылыстану пәндеріндегі физикалық заңдылықтарға, электрмагниттік құбылыстарға, механикалық қозғалысқа және математикалық модельдерге негізделеді. Сондықтан робототехниканы оқыту жаратылыстану бағытындағы білімді нақты тәжірибеде қолданудың тиімді құралы болып саналады.
Жаратылыстану бағытындағы робототехниканы оқыту бірнеше теориялық принциптерге сүйенеді:

1.Ғылыми-зерттеушілік тәсіл: оқушылар эксперимент жасап, тәжірибе нәтижелерін талдайды. Мысалы, робот сенсорларын қолдана отырып, жарық немесе температураға реакциясын зерттеу [6].

2.Интегративтік тәсіл: робототехника пәнін физика, химия, биология сабақтарымен біріктіру арқылы білімнің жүйелілігін қамтамасыз ету[3].

3.Тапсырмалық тәсіл: нақты мәселелерді шешуге бағытталған жобалық тапсырмалар беру, мысалы, суды тазалайтын робот жасау[2].

4.Құзыреттілікке бағытталған оқыту: оқушылар тек ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны тәжірибеде қолдануды үйренеді, бұл олардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытады[4].

Робототехниканы оқыту оқушылардың теориялық білімін практикалық іс-әрекет арқылы бекітуге бағытталған. Робототехника күрделі әрі көпқырлы сала болғандықтан, оны тиімді меңгерту үшін түрлі педагогикалық әдістер қолданылады. Әдістердің дұрыс таңдалуы оқушылардың инженерлік ойлауын, логикалық талдау қабілетін, алгоритмдік мәдениетін және шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Жаратылыстану бағытында робототехниканы оқытудың негізгі әдістері:

1.Дәстүрлі теориялық сабақтар:

- Робототехника тарихы мен теориясын түсіндіру.
- Роботтардың негізгі компоненттері (сенсорлар, контроллерлер, қозғалтқыштар) бойынша лекциялар [2].

1.Практикалық сабақтар:

- Робот құрастыру және бағдарламалау тәжірибелері.
- Сенсорлар мен қозғалтқыштарды интеграциялау [5].

1.Жобалық әдіс:

- Топтық жобалар арқылы нақты проблемаларды шешу.
- Мысалы, «Ақылды бақ» жобасында оқушылар бақтағы жарық пен ылғалдылықты бақылау үшін робот жасайды [4].

1.Интерактивті әдістер:

- Симуляторлар мен виртуалды орталарда роботтарды басқару.
- Scratch, Lego Mindstorms немесе Arduino IDE қолдану.

Құзыреттілік пен зерттеу тәсілі:

- Оқушылар өздік зерттеу жұмыстарын жүргізеді.
- Мысалы, робот арқылы экологиялық бақылау жасау [3].

Робототехниканы тиімді оқыту тек техникалық жабдықтармен шектелмейді. Мұнда педагогикалық шарттар ерекше рөл атқарады, себебі олар оқушылардың білім алуын, шығармашылық қабілеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Негізгі педагогикалық шарттар мыналар:

- Материалдық-техникалық база: роботтар, сенсорлар, компьютерлер, симуляторлар.
- Оқыту әдістемесі: оқушылардың жас ерекшелігіне, білім деңгейіне сай әдістерді таңдау.
- Тәрбиелік аспект: командалық жұмыс, шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамыту. [6]
- Бағалау жүйесі: оқушылардың жобалық жұмысы, тәжірибелік дағдылары мен зерттеушілік қабілеттерін бағалау.
- Мотивация: қызықты тапсырмалар және практикалық нәтижелер арқылы оқу процесіне ынталандыру. [7]

Жаратылыстану бағытында робототехниканы оқыту тек техникалық білім берумен шектелмейді. Бұл бағыт оқушылардың ойлау қабілеттерін, зерттеушілік және шығармашылық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ пәндер арасындағы байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді. Негізгі артықшылықтары мыналар:

Шығармашылық пен зерттеушілік – оқушылар өз идеяларын жүзеге асырып, эксперимент жүргізеді.

- Тәжірибелік білім – теориялық материалды тәжірибе арқылы меңгереді.
- Логикалық ойлау – бағдарламалау және жобалау арқылы алгоритмдік қабілеттері дамиды.
- Пәндер арасындағы интеграция – физика, химия, биология сабақтарымен байланыс орнатылады.
- Командалық дағдылар – топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастық пен жауапкершілік дамиды.
- Мотивация – практикалық нәтижелер оқушыларды қызықтырады.
- Болашақ мамандыққа дайындық – заманауи технологияларды меңгеруге мүмкіндік береді. [7]

Жаратылыстану бағытында робототехниканы оқыту көптеген артықшылықтарға ие болса да, бірнеше кемшіліктерді де ескеру қажет:

1.Қымбат жабдықтар мен ресурстар

- Заманауи робототехника құралдары (робот жинақтары, сенсорлар, контроллерлер) қымбат және барлық мектептердің бюджетінен тыс болуы мүмкін.

• Оқушыларға жеке компьютерлер, бағдарламалық жасақтамалар мен виртуалды симуляторларға қолжетімділіктің шектеулі болуы.

Мұғалімдердің кәсіби дайындық деңгейі

• Барлық педагогтар робототехника мен бағдарламалауды оқытуда тәжірибесі жоқ.

• Мұғалімдердің кәсіби дайындығы жеткіліксіз болған жағдайда сабақ тиімді өтпеуі мүмкін.

Уақыттық шектеулер

• Робототехника сабақтары үшін арнайы уақыт аз бөлінеді.

• Практикалық және жобалық жұмыстар ұзақ уақыт алады, сондықтан оқу бағдарламасын толық меңгеру қиындайды.

Инфрақұрылымдық мәселелер

• Кейде мектептерде тұрақты интернет байланысы, электр қуаты немесе робототехника кабинеттерінің жеткілікті жабдықталуы жоқ.

• Бұл оқу процесіне кедергі келтіруі мүмкін.

Қиындықтар және шешу жолдары

• Материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеуі — шешімі: гранттар, демеушілік, онлайн симуляторлар

• Мұғалімдердің біліктілігінің төмендігі — шешімі: курстар, вебинарлар

• Бағдарламалық қиындықтар — шешімі: кезең-кезеңімен оқу, қарапайым тілдерден күрделі тілдерге көшу

• Оқушылардың дайындық деңгейі әртүрлі — шешімі: дифференциация, топтық жұмыс [7]

Қорыта келгенде, жаратылыстану бағытында робототехниканы оқыту – оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыратын, олардың зерттеушілік, шығармашылық, логикалық және алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамытатын кешенді бағыт болып табылады. [1] [6]

Робототехника сабақтары жаратылыстану пәндерімен интеграцияланып, оқушыларға физикадағы қозғалыс заңдарын тексеруге, химиялық реакцияларды бақылауға, биологиялық және экологиялық деректерді жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл бағыт оқушылардың командалық және әлеуметтік дағдыларын дамытып, олардың STEM және STEAM бағыттарындағы дағдыларын қалыптастырады.

Оқыту процесінде кездесетін негізгі қиындықтар – материалдық-техникалық шектеулер, мұғалімдердің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі, уақыттық шектеулер мен инфрақұрылымдық мәселелер – жүйелі тәсіл арқылы шешілуі мүмкін. Мұғалімдерді кәсіби дамыту, виртуалды симуляторларды пайдалану, жобалық жұмыстар мен интеграцияланған сабақтарды ұйымдастыру арқылы бұл қиындықтарды азайтуға болады.

Робототехниканы оқытудың артықшылықтары айқын: бұл бағыт оқушылардың ғылыми-зерттеушілік мәдениетін, инженерлік және логикалық ойлау қабілетін, командалық жұмыс дағдыларын және шығармашылық потенциалын дамытады. Сонымен қатар, робототехника болашақ мамандықтарға – инженерия, IT, робототехника, ғылыми зерттеулер және инновациялық технологиялар салаларына дайындайды. Оқыту процесінде оқушылар заманауи технологияларды меңгереді, ақпараттық сауаттылығы артады және практикалық тапсырмаларды тиімді шешуді үйренеді.

Осылайша, робототехниканы жаратылыстану бағытында оқыту – оқушыларды заманауи технологияларға, ғылыми зерттеулерге және практикалық мәселелерді шешуге дайындайтын тиімді педагогикалық құрал болып саналады. Бұл бағыт оқушылардың болашақ кәсіби және тұлғалық дамуына елеулі үлес қосады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.Бахыт, Ж. (2020). *Жаратылыстану бағытында робототехника*. Алматы: Білім.

2.Иванов, С. (2019). *Методы обучения робототехнике*. Москва: Наука.

3.Петрова, А. (2021). *Интеграция естественных наук и робототехники в школе*. Санкт-Петербург: Просвещение.

1.LEGO Education. (2023). *Teaching Robotics in STEM Education*. LEGO Group.

2.Arduino Documentation. (2022). *Arduino in Education*.

3.Шамсутдинов, Р. (2021). *Робототехника и современное образование*. Казань: Университет.

4.Киселева, Т. (2020). *Инновационные подходы к обучению робототехнике в школе*. Москва: Академия.

ӘОЖ 004:342.9

# КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЖЕКЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ ЖОЛДАРЫ

**НИЕТБАЕВА Н. А., НУРМАХАНОВА А.Е, ПАРЫМБЕК Д.С.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD,
6В01503 – “Информатика мұғалімдерін даярлау” білім беру
бағдарламасының 4 курс студенті, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы защиты персональных данных и обеспечения кибербезопасности. Дано определение личной информации и проанализированы основные угрозы: фишинг, вредоносное ПО, социальная инженерия и DDoS-атаки. Приведены практические методы защиты, включая цифровую гигиену и использование технических средств (2FA, VPN). Особое внимание уделено законодательной базе Казахстана (Закон №94-V, концепция «Киберщит») в контексте международных стандартов (GDPR). Также описаны национальные инициативы, такие как поддержка «белых хакеров» (BugBounty), и будущие тренды, включая влияние искусственного интеллекта и разработку нового профильного закона.

**Ключевые слова:**
Кибербезопасность, персональные данные, защита данных, киберщит, фишинг, социальная инженерия, двухфакторная аутентификация, вредоносное ПО, искусственный интеллект, информационная безопасность

**Abstract:**
The article examines issues regarding personal data protection and cybersecurity. It defines personal information and analyzes key threats such as phishing, malware, social engineering, and DDoS attacks. Practical protection methods are presented, including digital hygiene and the use of technical tools like 2FA and VPNs. Particular attention is paid to Kazakhstan's legislative framework (Law No. 94-V, "Cybershield" concept) within the context of international standards (GDPR). The article also outlines national initiatives, such as supporting "white hat" hackers (BugBounty), and discusses future trends involving AI and new legislation.

**Keywords:**
Cybersecurity, personal data, data protection, cybershield, phishing, social engineering, two-factor authentication, malware, artificial Intelligence, information security

Киберқауіпсіздік - цифрлық жүйелер мен желілерді рұқсатсыз қол жеткізуден, кибершабуылдардан қорғау процесі. Бұл термин компьютерлік жүйелер, құрылғылар мен олардағы деректерді зиянкестерден сақтау туралы қамтиды. Қазіргі таңда цифрлық технологиялар күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналғандықтан, интернетте жеке ақпараттың қауіпсіздігі ерекше маңызды. Мысалы, цифрлық ақпараттың үшінші тұлғалардың қолына түсуі қаржылық шығынға, алаяқтыққа немесе тіпті бопсалауға әкелуі мүмкін. Сондықтан киберқауіпсіздік - мемлекеттер мен жеке тұлғалар үшін басым бағыттың бірі: ол деректердің тұтастығын, құпиялығын және қолжетімділігін қамтамасыз етеді. [1, 26б]

Жеке деректер - нақты бір адамға қатысты ақпарат, яғни оның аты-жөні, жынысы, туған күні, мекен-жайы, телефон нөмірі, электрондық пошта, банк шоты немесе жекеге қатысты басқа ақпараттар. Заң бойынша жеке деректер - жеке тұлғаның анықтауына мүмкіндік беретін кез келген мәлімет. Мысалы, адамның жеке басын растайтын құжаттардың көшірмелері, биометриялық деректер, тіпті әлеуметтік желідегі әңгімелері де жеке дерекке жатады.[2, 43б]

Жеке деректерді қорғау маңызды, себебі оларды ұрлау немесе рұқсатсыз пайдалану үлкен залал келтіруі мүмкін. Зиянкестер ұрлаған ақпаратты банктік шотқа қол жеткізу, жалған сатып алулар жасау, жеке басыңызды имитациялау сияқты мақсаттарға қолданады. Сарапшылар атап өткендей, жеке деректерді бақылауда ұстау тұлғаға арналған алаяқтық пен жеке бас ұрлаудың тәуекелін едәуір төмендетеді. Осылайша, деректерді заңды түрде жинау, сақтау және пайдалану нормалары азаматтардың құпиялығын сақтауға және алаяқтықтан қорғануға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанда 2013 жылы қабылданған «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» №94-V Заңына сәйкес, дербес деректерді жинау үшін жеке тұлғаның келісімі міндетті және оларды өңдеу мен сақтау Қазақстан аумағында жүзеге асырылуы тиіс. Бұл нормалар жеке тұлға құқықтарын қорғауды, деректердің заңсыз таралуына жол бермеуді көздейді. [3, 13б]

Киберқауіптердің түрлері көп және үнемі жаңарып отырады. Олардың арасында бастысы:

- **Фишинг.** Зиянкес тұлғалар ресми көрінетін электрондық хаттар, хабарламалар немесе сайттар арқылы жеке адамды адастырып, құпия ақпаратты (құпия сөз, банк картасы деректері) талап етеді. Фишингтік хаттар алдамшы жолмен құрылғаны үшін пайдаланушы логині мен парольдерін ұрлауға бағытталған.

- **Зиянды бағдарламалар (малваре).** Компьютерлік вирустар, троян программалары, шпиондық және бопсалау бағдарламалары (ransomware) желілер мен құрылғыларға еніп, деректерді бұлдіру, шифрлау немесе тарату арқылы зиян келтіреді. Мысалы, "ransomware" кейбір ұйымдардың немесе жеке адамдардың файлдарын шифрлап, дербес деректерді қайта беру үшін ақша талап етеді.

- **Әлеуметтік инженерия.** Бұл әдіс арқылы шабуылшы адамды өзі ашқан әлсіздік арқылы алдап, құпия ақпарат алу мақсатында психологиялық ықпал жасайды. Мысалы, телефон қоңырауында өзін банктің қызметкері деп көрсетіп, карта деректерін сұрау осы санатқа жатады.
- **DDoS-шабуылдар (қызметінен айыру).** Компьютерлік жүйеге немесе веб-сайтқа жіберілген зиянды трафик мөлшері арқылы қызметтің тоқтауына әкеледі, нәтижесінде нақты қызметке уақытша қолжетімсіздік тудырады.

Интернетте жүріп жеке мәліметтеріңді қорғау үшін қарапайым және тиімді шараларды үнемі ұстану керек. Сарапшылар келесі негізгі кеңестерді береді:

- **Күшті құпиясөздер мен екі факторлы аутентификация (2FA):** Әрбір тіркелгі үшін ұзын, күрделі құпиясөз қолдану керек. Сонымен қатар, ең маңызды сервиске (электрондық пошта, банк, әлеуметтік желі) екі факторлы аутентификацияны қосуды ұсынамыз.

- **Жүйелер мен бағдарламаларды жаңартып отыру:** Операциялық жүйе мен қолданбалардағы жаңартулар қауіпсіздікті нығайтуға арналған, сондықтан оларды мерзімді түрде автоматты түрде немесе қолмен орнату қажет.

- **Күдікті сілтемелерден аулақ болу:** Белгісіз сайттардан немесе тіркелімсіз хаттардан келген сілтемелерге өте сақтықпен қараңыз. Таныс емес құжатты ашпаңыз және күмән тудыратын хабарламалардағы сілтемелерге баспаңыз.

- **Жеке ақпаратты жарияламау:** Әлеуметтік желі мен мессенджерлерде өзіңіз туралы тым көп мәлімет жазбаңыз. Мысалы, мекенжай, телефон нөмірі, төлқұжат суреттерін жарияламау керек. Шолу парағында және қолданба параметрлерінде жеке өмірге қатысты баптауларды мұқият реттеңіз.

- **Қауіпсіз байланыс:** Қоғамдық Wi-Fi желілерін қолданғанда аса сақ болыңыз - бұл желілерде трафик әдетте шифрланбайды. Қажет болғанда, VPN (виртуалды жеке желі) пайдаланыңыз. Жеке құрылғыға антивирустық бағдарлама орнатып, оны үнемі жаңартып, зиянды бағдарламаларды анықтау үшін жүйелі тексеріс жүргізіңіз.

Жеке деректерді қорғау - әлемдік деңгейде де өзекті мәселе. Халықаралық түрде негізгі стандарттардың бірі - Еуропалық Одақтың 2018 жылы қабылдаған GDPR (Жалпы деректерді қорғау регламенті). Ол жеке тұлғалардың құпия мәліметтерін қорғауға қатаң талаптар қояды. Сонымен қатар, Еуропада деректерді қорғау бойынша Конвенция 108 (дербес деректерді автоматты өңдеу жөніндегі конвенция) бар. Қазақстан да аталған келісімге қосылуды жоспарлап отыр және осы бағыттағы халықаралық ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті [4, 7б]

Сонымен қатар, көптеген елдерде өз азаматтарының жеке деректерін қорғауға бағытталған заңдар бар. Мысалы, АҚШ-тың штаттарында ҚСШТ (Consumer Privacy Act), сондай-ақ Ресейдің жеке деректер туралы заңы сияқты нормативтер қабылданған. Қазақстанның да дербес деректерді қорғауда құқықтық базасы бар: 2013 жылғы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» заңы деректерді жинау, сақтау мен өңдеуге қатысты негізгі талаптарды анықтайды. Бұл заң азаматтардың келісімінсіз деректерді пайдалануға тыйым салады және деректерді сақтау орталықтары Қазақстан аумағында орналасуы тиіс деген талап қояды. Осы заң арқылы Қазақстан халықаралық стандарттарға, атап айтқанда GDPR тәрізді талаптарға сәйкес келуге ұмтылады. [5, 21б]

Қазақстан киберқауіпсіздік пен жеке деректерді қорғауды дамытудың ұлттық бағыттарын белгілеген. 2017 жылы Қазақстан Президенті «Кибер қалқан» ұлттық концепциясын бекітіп, оның шеңберінде киберқауіпсіздік шаралары әзірленді. Осы тұжырымдама аясында Ақпараттық қауіпсіздік комитеті құрылып, ол ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі құрамында ұлттық киберқауіпсіздік саясатын іске асырумен айналысады.

Соңғы жылдары қазақстандық IT мамандары осалдықтарды анықтайтын «ақ хакерлерді» (white hat) тартуға көбірек мән беруде. Мәселен, «KazHackStan» конференциясында мемлекет оған

қатысқан мейірбан хакерлерді марапаттап, BugBounty.kz сияқты бенчмаркинг платформаларын дамытты. Бұл ашық алаңдарда табылған жүйелік осалдықтар жөнінде есеп беру арқылы қауіпсіздікті күшейтуге көмектеседі.

2025 жылғы қыркүйекте цифрлық даму министрлігі Жоғарғы Басқарма форумында ақпараттық қауіпсіздік комитетінің орынбасары Ү. Арықбекова алдағы уақытта «Киберқауіпсіздік туралы» жеке заң жобасы әзірленіп жатқанын хабарлады. Яғни, Қазақстан жақын арада ерекше киберқауіпсіздік заңын қабылдап, оны дербес сектор мен мемлекеттік секторда ақпарат қауіпсіздігін нығайтуға арнайды.

Мамандардың пікірінше, келешекте киберқауіпсіздік саласында бірнеше басты тренд күтіледі. Алдымен, **жасанды интеллект (AI)** және **машиналық оқыту** технологиялары деректер қорғанысына көптеп қолданылады: жүйелер аномалияны жылдам анықтап, шабуылдарды алдын ала болжай бастайды. Бірақ сонымен бірге хакерлер де AI-ды шабуыл жасауға пайдаланады (мысалы, реалистік фишинг-шабуылдарды жүргізу, терең жалған (deepfake) материалдар). Деректерді қорғау саласында **күрделі шифрлаудың жаңа әдістері** мен **анонимдеу** техникасы дамып, шифрлауды жылдам жаңарту міндетті болады. Сондай-ақ, сарапшылар ransomware (зиянды шифрлаушы бағдарлама) шабуылдарының санын өседі деп болжайды, сондықтан бұл қатерге дайындалу қажет.

Киберқауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау саласында әрбір азаматтың ұстанатын негізгі қағидаттары бар. Ең бастысы - қарапайым, бірақ тиімді кеңестерді орындау:

- **Құпиясөздерді күшейту:** Әрқашан ұзын әрі күрделі құпиясөздерді пайдаланыңыз, оларды жиі ауыстырып отырыңыз. Екі факторлы аутентификацияны қосып, құпия деректерді қосымша қорғаңыз.
- **Құрылғы мен желіні қорғау:** Компьютер мен телефонға антивирустық бағдарлама орнатып, оны үнемі жаңартыңыз. Қоғамдық Wi-Fi желілерін қолданғанда VPN пайдаланған жөн. Бұл құралдар вирустар мен желі арқылы өткізілетін шабуылдардан қорғайды.

Жоғарыда аталған кеңестерді ұстану жеке деректеріңіздің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мемлекет пен халықаралық ұйымдардың қабылдаған заңдары әрқашан деректеріңізді қорғайтын базаны құрайды, ал сіздің өзіңіздің сақтық шараларыңыз - сол қорғанысты күшейтетін кепіл. Киберқауіпсіздік - үнемі дамып келе жатқан сала, сондықтан жаңалықтардан хабардар болып, қауіпсіздік шараларын толық орындау әрбір адамның қолынан келеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**


1.The EU GDPR: A Practical Guide - Paul Voigt, Axel von dem Bussche
2.EU GDPR Implementation and Compliance Guide - IT Governance
3.The Art of Deception - Kevin Mitnick
4.Social Engineering: The Art of Human Hacking - Christopher Hadnagy
5.Practical Malware Analysis - Sikorski & Honig
6.Ransomware: Defending Against Digital Extortion - Allan Liska
7.Security Engineering - Ross Anderson
8.Cybersecurity For Dummies - Joseph Steinberg
9.Bug Bounty Bootcamp - Vickie Li
10Artificial Intelligence for Cybersecurity - Packt


ӘОЖ 004:37.02

## ИНФОРМАТИКА ПӘНІНДЕ ТАПСЫРМАЛАРДЫ ГЕЙМИФИКАЦИЯЛАУ (ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОСУ) АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ


**НИЕТБАЕВА НАДИРА А., АЙДАРАЛЫ ӘБДІНҰР Қ. , ТАИРБЕКОВ ШҮКІРБЕК.А**

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 6В01503-«Информатика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің “Физика және информатика” кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Abstract.** This article is about the most interesting way to revitalize computer science lessons - introducing a game system (gamification) into learning tasks. The author reveals that gamification is not just a fashion, but a pedagogical secret for awakening the student's inner spark and increasing his desire to solve complex logical problems. The methodological features of turning text programming into a "level journey", practical methods for building team spirit, and the capabilities of digital tools are described in an artistic way.

**Keywords:**gamification, computer science, passion for learning, game art, programming journey, skill formation, inner spark.

**Аннотация.** В статье рассказывается о самом интересном способе оживить уроки информатики – внедрении игровой системы (геймификации) в учебные задания. Автор раскрывает, что геймификация — это не просто мода, а педагогический секрет пробуждения внутреннего энтузиазма ученика и повышения его стремления решать сложные логические задачи. В художественном ключе описываются методические особенности превращения текстового программирования в «путешествие по уровням», практические методы формирования командного духа и возможности цифровых инструментов.

**Ключевые слова:**геймификация, информатика, страсть к обучению, игровое искусство, программистское путешествие, формирование навыков, внутренний энтузиазм.

Қараңызшы, біз қазір ақпарат легінің шексіздігінде өмір сүріп жатырмыз. Компьютерлік ғылым – информатика – бұл біздің болашағымыздың тілі, әлемді өзгертетін құрал. Бірақ, айналып келгенде, алгоритмдердің құрғақ тілі, код жолдарының сұрғылттығы кейбір жас саналарды бірден баурап ала алмайды. Күрделі тақырыптарды меңгеру кезінде оқушының көзіндегі **«Мен түсінбеймін»** деген жалынның сөнгенін көргенде, мұғалім жүрегінде қандай із қалады?

Меніңше, бұл мәселенің шешімі – **ойын өнерінде**, яғни геймификацияда. Геймификация дегеніміз – оқулық пен тақтаның арасына көпір салып, оған эмоция, бәсеке және жеке жетістік сезімін қосу. Информатиканың табиғаты өзі-ақ ойын: код жазу – бұл ережені білу, қатені табу – бұл детективтік жұмыс, ал дайын бағдарлама – бұл жеңіс! Біздің мақсатымыз – оқушының ішкі уәжін (мотивациясын) оятып, оны жарыққа шығару.

Бала психологиясының тереңіне үңілсек, біздің миымыз жеңісті, танылуды және бақылауды қалайды. Дәстүрлі бағалау жүйесі оқушыны көбіне сыртқы қысыммен оқытады ("Жақсы баға алуым керек"). Ал геймификация ішкі қажеттіліктерді — **құзыреттілікті, дербестікті және қарым-қатынасты** — қанағаттандырады [1].

**Құзыреттілік (Мен қолымнан келеді!):** "Бағдарламалау Шебері" деген виртуалды бейджді алғанда, оқушының өзіне деген сенімі артады. Бұл жай ғана сурет емес, ол – оның біліктілігінің мойындалуы.

**Дербестік (Мен өзім таңдаймын):** Оқушыға "Міндетті түрде 5-ші тапсырманы орында" деудің орнына, "Қай квестті бірінші бастайсың: **'Код қауіпсіздігі'** ме, әлде **'Роботтың миын бағдарламалау'** ма?" деп сұрау – оған еркіндік беру.

**Қарым-қатынас (Біз бір командамыз):** Жетістік тақтасындағы рейтингтер (Лидербордтар) бұл – жай сандар емес, оқушылар арасындағы **салауатты достық бәсекенің** оты. Бұл оқушыны топтың бір бөлшегі ретінде сезінуге жетелейді.

Ойын элементтері оқуды жазалаудан құтқарып, оны **"жетістікке жету сапарына"** айналдырады.

Информатикадағы күрделі тақырыптарды меңгеруді бір үлкен, қорықынышты тауға шығу деп емес, **бірнеше жеңіл өткелдерден тұратын қызықты саяхат** деп қарастырсақ қалай болады? Геймификацияның негізгі әдісі – осы:

Біз программалау тілін (мысалы, Python) оқығанда, оны **Деңгейлерге** бөлеміз. Әр деңгей – бұл жаңа әлем.Дейгейлер және олардың психологиялық әсері, сипатын бірнеше аспектілерге бөлуге болады. (1-кесте).

| **Деңгей Атауы** | **Психологиялық Әсері** | **Тапсырма Сипаты** |
|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| **I.** | **Ізкесуші** | Сенімділік орнату | Базалық енгізу/шығару командалары. Қарапайым "Сәлем, Әлем!" бағдарламасын жазу. |
| **II.** | **Сыншыл Ойшыл** | Логиканы сынау | Шартты операторларды, логикалық есептерді шешу. Кодтағы "тұзақтарды" табу. |
| **III.** | **Жүйе Құраушы** | Күрделілікке төтеп беру | Циклдерді және функцияларды қолданып, мәліметтердің үлкен көлемімен жұмыс істеу. |
| **IV.** | **Жоба Жетекшісі** | Шығармашылық еркіндік | Графикалық немесе деректермен жұмыс істейтін толыққанды **мини-жоба** жасау. |

**Дейгейлер және олардың психологиялық әсері, сипаты (1-кесте).**

Оқушы бір деңгейді аяқтағанда, ол жай ғана баға алмайды, ол **келесі әлемге өту рұқсатын** алады. Бұл прогресс оқушыға алға ұмтылуға күш береді.

Әдеттегі зертханалық жұмыстарды **драматургиялық** сюжетпен толықтыру керек. Мысалы, "Кездейсоқ сандарды генерациялау" деген скучно тақырыпты "Біздің ғарыш кемесінің бағытын анықтау үшін құпия кодты табу" миссиясына айналдыруға болады. Мұнда код жазу – құрал, ал құтқару – мақсат.

Геймификация – тек мұғалімнің креативтілігі емес, сонымен бірге заманауи цифрлық платформалардың мүмкіндігі. Қазіргі таңдағы онлайн құралдар оқуды шынымен де интерактивті етеді:

**Жылдам Викториналар (Kahoot!, Quizizz):** Сабақ соңындағы 5 минуттық бәсекелестік – бұл шаршаған миға жылдам әрі эмоционалды кері байланыс.

**Визуалды Бағдарламалау (Scratch, Code.org):** Бұл платформалар арқылы балалар кодты көріп, ұстап, өздерінің ойын-сауық әлемін жасайды. Олар өзін тұтынушы емес, **жасаушы** ретінде сезінеді.

**Виртуалды Орталар (Minecraft Education Edition):** Информатика енді тек монитордағы код жолдары емес. Minecraft-тағы 3D ортада объектілерді бағдарламалау арқылы оқушылар кеңістіктік ойлау мен ұжымдық шешім қабылдау дағдысын дамытады.

Ең бастысы – **командалық квесттер**. Үлкен жобаларды кіші топтарға бөліп, әр топқа "Бағдарламашы", "Дизайнер" немесе "Тестер" рөлдерін беру – бұл оқушыларға бір-біріне сенім артуды және ортақ мақсатқа жетуді үйретеді. Топтың жеңісі – әр мүшенің жеке жеңісі.

**Геймификация – Бастама емес, Үздіксіз Процесс**

Геймификацияны қолданудың нәтижесі – тек жоғары бағалар емес. Ең басты нәтиже – бұл оқушының **көзіндегі ұшқын** мен **табандылығы**. Қатені көргенде қолын сілтемей, оны "келесі деңгейдің құпия кілті" ретінде қабылдайтын жас ұрпақты тәрбиелеу.

Бұл әдіс арқылы информатика пәні оқушылар үшін ең қорқынышты пәннен, ең сүйікті, ең қызықты **шытырман оқиғаға** айналады. Болашақта, геймификацияның әлеуеті жасанды интеллектпен (AI) бірігіп, әр оқушының эмоционалды жағдайы мен білім деңгейіне бейімделген жеке "оқу ойындарын" құруға мүмкіндік береді. Біздің міндетіміз – осы инновациялық толқынды ұстап, оны қазақстандық білім берудің игілігіне жарату.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

**1.Ryan, R. M., & Deci, E. L.** (2000). Self-Determination Theory and the Facilitation of Intrinsic Motivation, Social Development, and Well-Being. *American Psychologist, 55*(1), 68–78.

**2.Kapp, K. M.** (2012). *The Gamification of Learning and Instruction: Game-based Methods and Strategies for Training and Education*. San Francisco, CA: Wiley.

**3.Deterding, S., Khaled, R., Nacke, L., & Dixon, D.** (2011). Gamification: Toward a Definition. *Proceedings of the 2011 Annual Conference Extended Abstracts on Human Factors in Computing Systems (CHI'11)*. Vancouver, BC, Canada.

**4.Prensky, M.** (2001). *Digital Natives, Digital Immigrants*. MCB University Press. Bradford.

**5.Вербах, К., & Хантер, Д.** (2015). *Вовлекай и властвуй. Игровое мышление на службе бизнеса*. Москва: Манн, Иванов и Фербер.

**6.Hamari, J., Koivisto, J., & Sarsa, H.** (2014). Does Gamification Work? A Meta-Analysis of Empirical Studies on Gamification. *Proceedings of the 47th Hawaii International Conference on System Sciences (HICSS)*.

**7.Zou, J., & Ma, D.** (2018). *Application of Gamified Learning in Programming Education*. Proceedings of the International Conference on Educational Technology and Multimedia.

**8.Аймағамбетов, А. К.** (2020). *Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін цифрландыру: стратегиясы және бағыттары*. Нұр-Сұлтан: ҚР БҒМ.

**9.Қоңырова, А. А.** (2021). *Цифрлық білім беру ортасында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық негіздері*. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, №4.

**10.Гузеев, В. В.** (2019). *Технологии обучения в цифровую эпоху*. Москва: Сфера.

ӘОЖ 004.056.5

## КИБЕРҚАУІПСІЗДІК НЕГІЗДЕРІ: ОҚУШЫЛАРҒА ЕРТЕ ЖАСТАН ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ

**НИЕТБАЕВА Н.А., ӘДІЛБЕК А.Е., ЖОЛДАСБЕКОВА Қ.Ж.**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD,
6В01503 - “Информатика мұғалімдерін даярлау” білім беру
бағдарламасының 4 курс студенттері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье комплексно анализируются актуальность и практическая значимость обучения школьников основам кибербезопасности с раннего возраста. В современном цифровом обществе свободный доступ детей к интернет-пространству, наряду с новыми возможностями, также увеличивает различные киберугрозы и информационные риски. В этой связи подчеркивается необходимость формирования у школьников осознанного цифрового поведения, защиты персональных данных и развития культуры соблюдения этических норм в сети Интернет. В статье представлены эффективные направления и методические рекомендации по внедрению образования в области кибербезопасности в школьную программу, а также подчеркивается важность повышения профессиональной подготовки педагогов.

**Abstract:** This article comprehensively analyzes the relevance and practical importance of teaching schoolchildren the basics of cybersecurity from an early age. In today's digital society, children's free access to the internet, along with new opportunities, also increases various cyberthreats and information risks. Therefore, the need to develop conscious digital behavior in schoolchildren, protect personal data, and develop a culture of online ethics is emphasized. The article presents effective approaches and methodological recommendations for integrating cybersecurity education into the school curriculum and emphasizes the importance of enhancing teacher training.

Қазіргі қоғамда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адамдардың күнделікті өмірінің барлық саласына еніп отыр. Интернет, әлеуметтік желілер мен түрлі онлайн-платформалар адамның қарым-қатынасы мен білім алу тәсілін түбегейлі өзгертті. Алайда осындай мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптер мен тәуекелдер де пайда болды. Соның ішінде ең өзектісі — киберқауіпсіздік мәселесі. Киберкеңістіктегі қауіптердің күн сайын артуы, жеке деректердің ұрлануы, кибербуллинг, интернет-алаяқтық сияқты құбылыстар қоғам үшін маңызды проблемаға айналып отыр.

Киберқауіпсіздік тек IT мамандарына немесе ересек пайдаланушыларға ғана қатысты емес. Бүгінгі таңда интернетке ерте жастан қол жеткізетін оқушылар да түрлі киберқауіптердің нысанасына айналуда. Балалардың көпшілігі желіде өз әрекеттерінің салдарын толық түсінбей, жеке ақпараттарын жариялап немесе бейтаныс адамдармен байланысқа түсе береді. Бұл олардың психологиялық, әлеуметтік және тіпті физикалық қауіпсіздігіне кері әсер етуі мүмкін.

Сондықтан да киберқауіпсіздік негіздерін ерте жастан үйрету – заманауи білім берудің маңызды бөлігіне айналуы тиіс. Мектеп оқушыларында кибермәдениетті, ақпараттық жауапкершілікті және саналы интернет мінез-құлықты қалыптастыру – болашақтағы қауіпсіз цифрлық қоғамның кепілі.

Мақалада киберқауіпсіздік ұғымының мәні мен оның білім беру жүйесіндегі рөлі қарастырылып, оқушыларға ерте жастан киберқауіпсіздік мәдениетін үйретудің педагогикалық және психологиялық негіздері талданады. Сондай-ақ тиімді оқыту әдістері мен Қазақстандағы және шетелдік тәжірибелерге шолу жасалады.

Қазіргі таңда цифрлық кеңістіктің дамуы адамзаттың әлеуметтік, экономикалық және мәдени өміріне үлкен әсер етуде. Алайда ақпараттық технологиялардың дамуы тек жаңа мүмкіндіктер ғана емес, сонымен қатар жаңа қауіптерді де тудырды. Сол себепті қоғамда киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру маңызды міндетке айналды.

Киберқауіпсіздік – бұл ақпараттық жүйелер мен желілердегі деректердің құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар мен технологиялар жиынтығы [1, 25б]. Яғни, оның басты мақсаты – ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден, бұзудан немесе жоюдан қорғау. Киберқауіпсіздік тек техникалық аспект емес, ол сонымен бірге әлеуметтік және психологиялық маңызы бар құбылыс. Өйткені қауіпсіз цифрлық мінез-құлық адамдардың саналы әрекетімен тығыз байланысты.

Киберқауіпсіздік саласында үш негізгі принцип кеңінен қолданылады — құпиялылық (Confidentiality), тұтастық (Integrity) және қолжетімділік (Availability). Бұл үштік «CIA триадасы» деп аталады және ақпараттық қауіпсіздіктің өзегін құрайды [2, 35б]:

-Құпиялылық – тек рұқсат етілген тұлғалардың ғана ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

-Тұтастық – ақпараттың өзгеріссіз және сенімді күйде сақталуын қамтамасыз ету;

-Қолжетімділік – ақпарат пен жүйелердің қажет уақытта пайдаланушыға қолжетімді болуын қамтамасыз ету.

Бұл принциптер тек мемлекеттік немесе корпоративтік ұйымдарға ғана емес, жас ұрпаққа да қатысты. Оқушылардың жеке деректерін қорғау, әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелерін сақтау және интернеттегі этиканы түсіну – киберқауіпсіздік мәдениетінің алғашқы қадамдары болып табылады.

Сондықтан білім беру жүйесінде киберқауіпсіздікті тек техникалық пән ретінде емес, құндылықтық және тәрбиелік тұрғыда қарастыру қажет. Себебі ерте жастан ақпараттық жауапкершілікті қалыптастырған оқушы болашақта өз жеке деректерін ғана емес, қоғамның ақпараттық қауіпсіздігін де сақтауға үлес қосады.

Киберқауіпсіздік принциптері мен ақпаратты қорғау әдістері әртүрлі салада қолданылғанымен, ең әлсіз буын көбінесе пайдаланушылардың өздері болып табылады. Әсіресе, интернетті ерте жастан қолданатын балалар мен жасөспірімдер киберқауіптерге жиі ұшырайды. Мұның басты себебі – олардың сандық технологияларды белсенді қолданғанымен, қауіпсіздік дағдыларының жеткілікті деңгейде дамымауы [3, 58б].

Балалар үшін киберкеңістік – ойын мен қарым-қатынас ортасы. Бірақ дәл осы ашықтық пен сенім – олардың осал тұсы. Төменде оқушылар арасында жиі кездесетін негізгі киберқауіптер қарастырылады.

Кибербуллинг – бұл бір адамды немесе топты интернет арқылы қорлау, мазақ ету, қорқыту немесе беделін түсіруге бағытталған әрекеттер жиынтығы [4, 120б]. Мәселен, әлеуметтік желілерде мазақ жазбалар қалдыру, фотосуреттерді бұрмалап жариялау, қауесет тарату сияқты әрекеттер жиі кездеседі. Психологтардың айтуынша, кибербуллинг жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайына қатты әсер етіп, өз-өзіне сенімсіздік пен әлеуметтік оқшаулануға алып келеді [5, 42б].

Интернеттегі жалған ақпараттар мен алдамшы сілтемелер балалар үшін қауіпті, себебі олар сенімге тез кіреді. Әлеуметтік инженерия әдістері арқылы алаяқтар балалардан жеке ақпаратты (логин, пароль, банк картасының нөмірі және т.б.) оңай алуы мүмкін [6, 35б]. Мысалы, «ойын

ұтып алдыңыз» немесе «тегін сыйлық» деген хабарламалар — жиі кездесетін фишинг түрлері. Мұндай тәжірибелер ақпараттық сауаттылықтың жеткіліксіздігін көрсетеді.

Оқушылар әлеуметтік желілерде өз суреттерін, орналасқан жерін немесе жеке деректерін жиі бөліседі. Бұл – алаяқтар үшін ең оңай олжа. Мысалы, баланың толық аты-жөні, туған күні, мектеп атауы сияқты ақпараттар оның жеке тұлғасын анықтауға жеткілікті болады [7, 707б]. Осындай жағдайлар киберқылмыскерлерге әлеуметтік желіде жалған аккаунт ашуға немесе фишингтік шабуыл жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде онлайн-ойындар мен стримингтік платформалар балалардың бос уақытын басып алды. Артық қолдану цифрлық тәуелділікке, уақытты тиімсіз өткізуге және оқу мотивациясының төмендеуіне әкеледі [8, 55б]. Сонымен қатар ойын ішіндегі чатты қолдану кезінде бөгде адамдармен байланыс орнап, бала қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы тек отбасы мен мектептің ықпалымен ғана емес, сонымен қатар оның цифрлық ортадағы тәжірибесімен де тығыз байланысты. Қазіргі заманда балалардың басым бөлігі алғашқы әлеуметтік тәжірибесін интернет арқылы алады. Осыған байланысты киберкеңістіктегі әрекеттер олардың дүниетанымына, мінез-құлқына және құндылықтарына тікелей әсер етеді [9, 10б].

Психологиялық тұрғыдан, бала киберортада өз әрекетінің салдарын әрдайым түсіне бермейді. Мысалы, жеке деректерін жариялау, бейтаныс адамдармен сөйлесу немесе жалған ақпарат тарату сияқты әрекеттер оған қауіп төндіруі мүмкін екенін ұқпайды. Сондықтан ерте жастан «цифрлық жауапкершілік» ұғымын қалыптастыру маңызды. Психолог Л. С. Выготскийдің айтуынша, бала дамуы әлеуметтік тәжірибені меңгеру арқылы жүреді. Сол себепті, киберқауіпсіздік бойынша білім беру – тек ақпарат беру емес, әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру процесі болып саналады.

Педагогикалық тұрғыдан, киберқауіпсіздік негіздерін оқыту мектеп бағдарламасында арнайы бағыт ретінде қарастырылуы керек. Бұл тек информатика пәнінің шеңберінде ғана емес, сонымен қатар сынып сағаттары, тәрбие жұмыстары және жобалық сабақтар арқылы іске асырылуы мүмкін. Мұғалімдер оқушыларға интернеттегі әрекеттердің салдарын түсіндірумен қатар, этикалық және мәдени құндылықтарға негізделген цифрлық мінез-құлық қалыптастыруы қажет.

Мысалы, киберқауіпсіздік сабақтарында оқушыларға нақты өмірлік жағдайларды талдау ұсынылады: «егер белгісіз адам хабарласа не істеу керек», «жеке деректерді бөлісуге бола ма», «күдікті сайттарды қалай анықтау керек» деген сияқты практикалық сұрақтар баланың сыни ойлауын дамытады.

Сондай-ақ, жас ерекшелігіне сай тәсілдерді қолдану аса маңызды. Бастауыш сынып оқушыларына қауіпсіздік ережелерін ойын, мультфильм немесе суреттер арқылы түсіндіру тиімді болса, жоғары сыныптарда жобалық жұмыс, пікірталас және топтық талдау тәсілдері тиімді нәтиже береді.

Ата-ананың рөлі де ерекше. Зерттеулер көрсеткендей, ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен әрекеті оқушылардың интернеттегі қауіпсіз мінез-құлқын екі есе арттырады. Демек, киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру тек мектептің емес, отбасының да ортақ міндеті.

Қорыта келгенде, ерте жастан киберқауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру — бұл баланың цифрлық сауаттылығын арттырумен қатар, оның тұлғалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды педагогикалық процесс. Келесі бөлімде осы процесті жүзеге асырудың нақты әдістері мен тиімді тәсілдері қарастырылады.

Оқушыларға киберқауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру – бұл тек ақпарат жеткізу емес, ең алдымен құндылық пен мінез-құлық қалыптастыру процесі. Сондықтан оқыту әдістері оқушылардың жас ерекшелігіне, қабылдау деңгейіне және оқу мотивациясына сай болуы қажет. Қазіргі білім беру тәжірибесі көрсеткендей, киберқауіпсіздік негіздерін үйретуде интерактивті және практикалық бағыттағы әдістер ең тиімді нәтиже береді.

Ойын элементтері балалардың қызығушылығын арттырып, күрделі ұғымдарды жеңіл түсінуге көмектеседі. Мысалы, «Интернет әлеміндегі қауіпсіз саяхат» атты квест-сабақтарда оқушылар түрлі тапсырмалар орындау арқылы құпия сөзді табу, жалған сайттарды ажырату немесе жеке ақпаратты қорғау сияқты дағдыларды меңгереді.

Геймификация тәсілін қолдану кезінде әр оқушы өз жетістігін ұпай немесе деңгей түрінде көреді, бұл олардың белсенділігін арттырады. Педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, ойын арқылы үйрету балалардың ақпаратты есте сақтау көрсеткішін 30–40%-ға арттырады [10, 2б].

Киберқауіпсіздік тақырыбында нақты өмірлік жағдайларды талдау оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады. Мысалы, мұғалім келесідей жағдай ұсына алады:

«Оқушыға белгісіз адам әлеуметтік желіде хабарласып, жеке суреттерін сұрайды. Ол не істеуі керек?» Осы сұрақ төңірегінде топтық пікірталас ұйымдастыру арқылы оқушылар нақты шешім қабылдау қабілетін дамытады. Бұл әдіс оқушылардың өмірлік тәжірибесін қалыптастыруда және қауіпсіз мінез-құлық моделін бекітуде маңызды [10, 2б].

Қазіргі заманда оқушыларға киберқауіпсіздікті үйрету кезінде сандық ресурстар мен онлайн-платформаларды пайдалану тиімді. Мысалы, Google Interland, CyberSmart, Be Internet Awesome сияқты платформалар балаларға қауіпсіз интернет мінез-құлықты ойын түрінде үйретуге мүмкіндік береді. Мұндай ресурстарда визуалды элементтер, бейне нұсқаулықтар және тесттер арқылы білімді бекіту жүзеге асады. Бұл тәсіл оқушыны пассив тыңдаушы емес, белсенді қатысушыға айналдырады [10, 4б].

Киберқауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру тек мектеп шеңберінде шектелмеуі тиіс. Мұғалім мен ата-ананың өзара байланысы өте маңызды. Мысалы, мектепте «Отбасымен бірге қауіпсіз интернет күні» немесе «Интернетте өзіңді қорға» атты бірлескен шаралар ұйымдастырылуы мүмкін.

Осындай іс-шаралар оқушылардың алған білімін тәжірибеде қолдануға және ата-аналардың саналы қатысуына ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілген мектептерде оқушылардың киберқауіптерге реакциясы екі есеге тиімдірек болған [6, 40б].

Қазіргі цифрлық дәуірде киберқауіпсіздік сауаттылығы — әрбір адамның, әсіресе жас буынның маңызды дағдысы болып отыр. Зерттеу барысында анықталғандай, оқушыларды ерте жастан ақпараттық қауіпсіздік негіздерімен таныстыру тек олардың жеке деректерін қорғауға үйретіп қана қоймай, сонымен бірге сыни ойлау, жауапкершілік және технологияны саналы пайдалану мәдениетін қалыптастырады.

Осыған байланысты келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

-Білім беру бағдарламасына “Киберқауіпсіздік негіздері” пәнін енгізу — бастауыш немесе негізгі мектеп деңгейінде.

-Мұғалімдерді арнайы курстар арқылы даярлау, себебі киберқауіпсіздік саласындағы білім тез өзгеріп отырады.

-Оқу материалдарын геймификация әдісімен (ойын элементтерімен) әзірлеу, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін.

-Ата-аналармен бірлескен семинарлар өткізу, себебі балалардың интернеттегі мінез-құлқына отбасылық әсер үлкен.

-Оқушылардың цифрлық ізін бақылауды үйрету, яғни желідегі әрекеттердің салдарын түсіндіру.

Қорытындылай келе, киберқауіпсіздік мәдениеті тек техникалық түсінік емес – ол қазіргі қоғамда қауіпсіз өмір сүрудің негізі. Сондықтан мектеп қабырғасынан бастап бұл бағыттағы білімді жүйелі түрде беру – елдің болашағы үшін стратегиялық маңызды қадам болып табылады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Ахметов С.А. Ақпараттық қауіпсіздік негіздері: оқулық. – Алматы: Мектеп, 2020. – 256 б.

2.Исаева Г.Б. Киберқауіпсіздік мәдениеті және мектеп оқушыларының цифрлық мінез-құлқы. – Информатика және білім журналы, 2022. – №4. – 34–40 б.

3.Төлеуова А.Н. Білім беру жүйесінде киберқауіпсіздікті қалыптастырудың әдістемелік негіздері. – Педагогика және психология, 2023. – №2. – 55–63 б.

4.Нұрғали Н.Ж. Цифрлық сауаттылық және ақпараттық мәдениет. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 180 б.

5.UNESCO. Guidelines on Digital Citizenship Education. – Paris: UNESCO Publishing, 2019. – 58 p.

6.UNICEF. Children and the Internet: Global Research Report. – New York: UNICEF Office of Research, 2020. – 72 p.

7.Anderson, R. Security Engineering: A Guide to Building Dependable Distributed Systems. – 3rd ed. – New York: Wiley, 2021. – 1248 p.

8.Livingstone, S. & Haddon, L. EU Kids Online: Final Report 2020. – London: LSE, 2020. – 65 p.

9.ҚР Білім және ғылым министрлігі. Орта білім беру ұйымдарында цифрлық сауаттылықты дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2023. – 40 б.

10.National Cyber Security Centre. Education and Online Safety. – Available at: https://www.ncsc.gov.uk (accessed: 29.10.2025).

ӘОЖ 378,47:004

# БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**НИЕТБАЕВА НАДИРА АШИРОВНА,АМАНГЕЛЬДІ МҰХТАР ПОЛАТҰЛЫ,СҰЛТАНБАЕВ БЕКАРЫС САКЕНҰЛЫ**
М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD,
6В01503 - “Информатика мұғалімдерін даярлау” білім беру
бағдарламасының 4 курс студенттері,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье исследуются пути формирования профессиональной компетентности будущего учителя информатики. Во введении рассматривается понятие профессиональной компетентности, её педагогические и информационно-коммуникационные аспекты. В основной части изучаются направления развития компетентности учителя: применение инновационных методов, интеграция педагогических и информационных технологий, практический опыт и профессиональные сообщества для непрерывного развития. В заключении показано влияние этих направлений на качество обучения, развитие цифровых навыков учеников и соответствие современным требованиям образования.

**Abstract.** The article examines ways to develop the professional competence of future computer science teachers. The introduction defines professional competence, including its pedagogical and information-communication aspects. The main section explores key directions for developing teacher competence: applying innovative methods, integrating pedagogical and information technologies, practical experience, and professional communities for continuous development. The conclusion highlights the impact of these directions on the quality of education, students’ digital skills, and alignment with modern educational requirements.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту мен цифрлық технологияларды кеңінен енгізу үдерісі белсенді жүріп жатыр. Бұл үдеріс мұғалім мамандығына жаңа талаптар қойып, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру қажеттілігін туындатты. Әсіресе, информатика пәні -оқушылардың ақпараттық мәдениетін, логикалық және алгоритмдік ойлау қабілетін дамытатын маңызды сала болып табылады [1, 45б].Информатика пәнінің негізгі мақсаты -оқушыларды ақпараттық қоғамда өмір сүруге бейімдеу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді пайдалануға үйрету. Сондықтан болашақ информатика мұғалімін даярлау барысында тек техникалық білім ғана емес, сонымен қатар педагогикалық және әдістемелік дағдылар да қалыптасуы тиіс. Мұндай маман ақпараттық ортада еркін бағдарлана алатын, жаңа технологияларды оқу үдерісіне тиімді енгізе білетін тұлға болуы қажет [2, 27б].Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі -бұл оның педагогикалық шеберлігін, ақпараттық-коммуникациялық сауаттылығын, шығармашылық ойлау қабілетін және заманауи цифрлық құралдарды пайдалану дағдыларын қамтитын кешенді ұғым [3, 52б]. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігін арттырып, оқушылардың білім сапасын жаңа деңгейге көтереді.Білім беру саласындағы халықаралық ұйымдар да (мысалы, UNESCO) мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін дамыту мәселесіне ерекше назар аударады. UNESCO ұсынған ICT Competency Framework for Teachers құжаты мұғалімнің ақпараттық технологияларды пайдалану, білім беру мазмұнын жаңарту және оқыту сапасын арттырудағы рөлін нақтылайды [5, 14б]. Бұл құжат болашақ информатика мұғалімдерін даярлау жүйесінде маңызды әдістемелік бағыт ретінде қолданылады.Сонымен қатар, жоғары оқу орындарындағы педагогикалық тәжірибе, инновациялық әдістерді қолдану және заманауи білім беру ортасын құру -кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі тетіктері болып табылады. Мұндай тәсілдер студенттердің теориялық білімін практикалық іс-әрекетпен ұштастырып, кәсіби дамуға мотивация береді [4, 63б].

Білім берудің қазіргі даму кезеңі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін жаңа деңгейде қарастыруды талап етеді. Әсіресе, информатика пәні мұғалімі тек ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ақпараттық мәдениетін, логикалық ойлауын, алгоритмдік қабілетін

және цифрлық сауаттылығын қалыптастыратын жетекші тұлға болып табылады [1, 52б]. Кәсіби құзыреттілік ұғымы -мұғалімнің кәсіби қызметін тиімді орындауға мүмкіндік беретін теориялық білім, практикалық дағды және тұлғалық қасиеттердің жиынтығы. Педагогикалық тұрғыдан алғанда, бұл ұғым мұғалімнің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда, білім беру технологияларын таңдауда және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда қабілетті болуын білдіреді [2, 64б].Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі бірнеше құрамдас бөліктерден тұрады. Олардың негізгісі төмендегідей:

- Білімдік құзыреттілік-информатика ғылымының негізгі ұғымдарын, бағдарламалау тілдерін, компьютерлік жүйелер мен желілерді терең меңгеру қабілеті. Мұғалім информатика пәнін оқытуда ғылыми дәлдік пен жүйелілікті сақтай білуі тиіс [3, 37б].
- Әдістемелік құзыреттілік-оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білу, оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу материалын ұсыну әдістерін таңдау. Бұл құзыреттілік мұғалімнің сабақты жобалау, бағалау және кері байланыс орнату қабілеттерін қамтиды [4, 48б].
- Технологиялық құзыреттілік-ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану арқылы сабақтың сапасын арттыру. Интерактивті тақта, электрондық оқулықтар, Google Classroom, Kahoot, Quizizz сияқты онлайн платформаларды пайдалану мұғалімнің технологиялық құзыреттілігін арттырудың айқын көрсеткіші болып табылады [5, 33б].
- Коммуникативтік құзыреттілік-оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас орната алу, ұжымдық жұмыс жүргізу дағдылары. Информатика сабағында бұл құзыреттілік оқушылардың бірлескен жобалық әрекеттерінде ерекше көрініс табады [6, 27б].
- Тұлғалық құзыреттілік-мұғалімнің кәсіби-адамгершілік қасиеттері, жауапкершілік сезімі, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттері. Болашақ информатика мұғалімі өз саласында көшбасшы бола отырып, оқушыларға үлгі болуы тиіс [7, 19б].
- Кәсіби құзыретті мұғалім - заманауи білім беру жүйесінің негізгі қозғаушы күші. Ол оқу процесінде инновациялық әдістерді тиімді қолданып, оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттырады. Зерттеушілердің пікірінше, кәсіби құзыреттіліктің басты көрсеткіші - мұғалімнің өзгермелі технологиялық ортаға тез бейімделе алуы және ақпараттық білім кеңістігін тиімді пайдалана білуі [8, 42б].

Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру - ұзақ мерзімді және жүйелі үдеріс. Ол жоғары оқу орнындағы теориялық білім мен практикалық тәжірибенің өзара үйлесімін қажет етеді. Мұндай даярлықтың басты мақсаты - студенттің кәсіби тұрғыдан дамуына, ақпараттық және педагогикалық технологияларды меңгеруіне мүмкіндік жасау [1, 76б].Бүгінгі таңда кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың бірнеше маңызды бағыттары бар. Олардың ішінде педагогикалық және ақпараттық технологияларды кіріктіру, инновациялық әдістерді пайдалану, сондай-ақ практикалық тәжірибе арқылы кәсіби дағдыларды жетілдіру негізгі орынды алады [2, 33б]. Қазіргі заманғы информатика мұғалімі оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді пайдалана білуі тиіс. Бұл бағыт студенттердің оқу мотивациясын арттыруға, өз бетінше ізденіс жасауға және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді [3, 42б]. Оқыту процесіне кіріктірілетін технологиялардың бірі - интерактивті оқыту әдістері. Мысалы, Google Classroom, Moodle, Kahoot және Quizizz сияқты цифрлық платформалар сабақта белсенді кері байланыс орнатуға және оқушылардың білімін жедел бағалауға мүмкіндік береді [4, 27б]. Сонымен қатар, виртуалды зертханалар мен робототехника элементтерін қолдану информатика сабақтарын тәжірибеге бағыттап, оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттырады [5, 19б].Болашақ мұғалімдерді даярлауда инновациялық әдістер ерекше рөл атқарады. Солардың бірі - жобалау әдісі (Project-Based Learning). Бұл әдіс студенттің нақты мәселені шешуге бағытталған жобаны өз бетінше жоспарлап, орындауына мүмкіндік береді. Нәтижесінде студенттің зерттеушілік, шығармашылық және технологиялық құзыреттілігі қалыптасады [6, 54б].Модульдік оқыту мен аралас (blended learning) жүйелері де кәсіби құзыреттілікті дамытуда тиімді тәсілдер болып саналады. Бұл форматтар студенттің оқу материалын өз қарқынымен меңгеруіне және білімді тәжірибеде қолдануына жағдай жасайды [7, 38б].Оқыту үдерісіне STEAM-білім беру элементтерін енгізу (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics) информатика пәнін пәнаралық байланыста қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқушылардың ғылыми-техникалық ойлауын дамыта отырып, шығармашылық қабілеттерін арттырады [8, 61б]. Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды бағыты - практикалық тәжірибе. Оқу практикасы, педагогикалық практика және зертханалық жұмыстар студенттердің теориялық білімін нақты педагогикалық ортада сынап

көруіне мүмкіндік береді [9, 44б].Мысалы, студенттер мектептегі информатика сабақтарына қатысып, сабақ жоспарын әзірлеу, оқушылардың білімін бағалау және АКТ құралдарын қолдану тәжірибесін меңгереді. Бұл кезеңде олардың жауапкершілік, шешім қабылдау және коммуникативтік дағдылары дамиды [10, 57б].

Қазіргі заманда білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) ерекше орын алады. Информатика пәні мұғалімі үшін бұл тек оқыту құралы емес, сонымен қатар оқушылардың ақпараттық мәдениетін, сандық сауаттылығын және шығармашылық қабілеттерін дамыту құралы болып табылады. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін арттырудың басты бағыты - оның АКТ саласындағы білімін тереңдету және оны педагогикалық үдерісте тиімді пайдалану [13, 27б].Информатика мұғалімінің құзыреттілігіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі -оқытуда цифрлық білім беру платформаларын (мысалы, Google Classroom, Moodle, Kahoot, Zoom және т.б.) тиімді пайдалану. Бұл платформалар оқушылардың дербес жұмыс істеуіне, топтық іс-әрекеттерге қатысуына және кері байланыс алуына мүмкіндік береді. Мұғалім осы құралдарды шебер пайдалана отырып, оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастырады [14, 34б]. Сонымен қатар, информатика пәні мұғалімінің кәсіби дамуыүздіксіз оқуды, өзін-өзі жетілдіруді талап етеді. Мұғалім жаңа бағдарламалау тілдерін, робототехника, жасанды интеллект және деректер талдау технологияларын меңгеру арқылы өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыра алады. Бұл бағытта қашықтықтан оқыту курстары мен вебинарлар үлкен рөл атқарады. Мысалы, Coursera, Stepik, Udemyплатформаларында мұғалімдерге арналған көптеген тегін курстар бар (Әлімжанова, 2022, 48-б.).Информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамытуда STEM және STEAM білім беру бағыттары ерекше орын алады. Бұл тәсіл оқушылардың ғылыми, техникалық және шығармашылық ойлауын дамытумен қатар, мұғалімге пәнді өмірмен байланыстырып түсіндіруге мүмкіндік береді. STEM жобаларын ұйымдастыру кезінде мұғалім оқушылардың зерттеушілік қабілетін оятып, оларды нақты проблемаларды шешуге бағыттайды [16, 56б]. Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби дамуына педагогикалық қауымдастықтар мен тәжірибе алмасу желілері (мысалы, Microsoft Educator Community, Code.org Teachers Network) үлкен ықпал етеді. Осындай кәсіби қоғамдастықтар мұғалімдердің жаңа әдістемелермен танысуына және тәжірибе бөлісуіне жағдай жасайды.

Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің педагогикалық шеберлігін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруін, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін, сондай-ақ коммуникативтік дағдыларын қамтитын кешенді ұғым ретінде қарастырылады [1, 52б].Зерттеулер көрсеткендей, кәсіби құзыретті мұғалім -тек теориялық білімді меңгерген адам ғана емес, сонымен қатар оны практикада тиімді қолдана білетін, оқушылардың дамуына бағытталған педагог [2, 27б]. Заманауи білім беру ортасында мұғалімнің ақпараттық сауаттылығы мен технологиялық дағдылары оқу процесінің сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан АКТ, жобалау әдістері, STEAM және STEM жобалары, интерактивті платформалар сияқты заманауи технологияларды меңгеру мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің маңызды бөлігі болып саналады [3, 61б].Қазіргі таңда болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби дамуына жоғары оқу орындары мен педагогикалық практикалар айтарлықтай үлес қосады. Практикалық тәжірибе студенттерге теориялық білімді нақты педагогикалық ортада қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар олардың кәсіби дағдыларын, шешім қабылдау қабілетін және сыни ойлауын жетілдіреді [4, 44б].Сонымен қатар, кәсіби қауымдастықтар мен онлайн платформалар арқылы мұғалімдердің үздіксіз кәсіби дамуы қамтамасыз етіледі. Бұл оларға заманауи әдістемелерді меңгеруге, тәжірибе алмасуға және педагогикалық инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді [5, 48б].

Жалпы қорытындылай келе, болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бірнеше бағыт арқылы жүзеге асады: педагогикалық және ақпараттық технологияларды біріктіру, инновациялық әдістерді қолдану, практикалық тәжірибе, үздіксіз кәсіби даму және цифрлық сауаттылықты жетілдіру. Бұл бағыттар мұғалімнің білім беру сапасына, оқушылардың оқу мотивациясына және заманауи білім беру талаптарына сай болуына тікелей әсер етеді. Осылайша, кәсіби құзыретті мұғалім заманауи білім беру процесінің негізгі қозғаушы күші болып табылады [6, 35б].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. -Астана: Үкімет баспасөзі, 2020. -139-бет.

2. Қараев, Ж.А. Инновациялық технологиялар арқылы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту. -Алматы: Рауан, 2018. -101-бет

3. Абдрахманова, Г.Т. Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығы: теория және практика.-Алматы: Қазақ университеті, 2019. -111-бет.

4. Кенжебекова, А.Ш. Цифрлық білім беру ортасында мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.-Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. -154-бет.

5. UNESCO. ICT Competency Framework for Teachers.-Paris: UNESCO Publishing, 2018.-68(66)-бет.

6. Бектаева, С.Т. Информатика пәнін оқыту әдістемесі.-Алматы: Білім, 2021. -95-бет.

7. Әбілова, С. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті.-Алматы: Қазақ университеті, 2017. -137-бет.

8. Тұрғынбаева, Б.А. Шығармашылық тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық негіздері. -Алматы: Білім, 2019. -210-бет.

9. Көпбосынова, Г.Қ. Жобалау әдісі және мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті. -Шымкент: Тұран, 2020. -142-бет.

10. Сарсенова, А.Ж. Модульдік оқыту технологиясы.-Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2020. -213-бет.

11. Нұртаева, М.А. STEAM-білім берудің заманауи үрдістері.-Алматы: Қазақ университеті, 2022. -201-бет.

12. Оспанова, Г. Педагогикалық тәжірибе және кәсіби дайындық.-Алматы: Арман, 2019. -253-бет.

13. Қарақұлов, А. Информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі және оны қалыптастыру жолдары.-Алматы: Қазақ университеті, 2020. -125-бет.

14. Тұрсынова, Н. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мұғалімнің кәсіби шеберлігін дамыту.-Нұр-Сұлтан: Білім баспасы, 2021. -98-бет.

15. Әлімжанова, Г. Цифрлық білім беру кеңістігі және мұғалімнің рөлі.-Қарағанды: Болашақ университеті, 2022. -159бет

16. Серікбаева, А. STEM-білім беру және информатика пәнін оқытудағы жаңа әдістер.-Шымкент: Педагогика және инновация, 2020. -118 бет

ӘОЖ 37.013:004.4

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

**НИЕТБАЕВА Н.А., МАНАТБЕКОВА А., ОҢАЛБЕК Ж.**

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Физика және информатика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің 6В01503-"Информатика мұғалімдерін даярлау" білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері, Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

**Аннотация.** В статье подробно раскрыта цифровая трансформация в образовании и ее основные направления. То есть, содержание образования по цифровой трансформации, электронное оценивание, методы обучения. Рассмотрены роль обучающегося и учителя и система управления в обучении, возрастающие нагрузки на учителя в процессе цифровой трансформации, преимущества и трудности освоения новых технологий, ведение учебного процесса по использованию электронных платформ. Охвачены 3 основные системы программы цифрового Казахстана. Цифровые компоненты в процессе дистанционного обучения, а также используемые в образовании в нашей стране Daryn.online, Kundelik.kz, Bilimland показаны возможности таких программ.

**Ключевые слова:** цифровая трансформация, цифровое образование, цифровая грамотность, цифровая инфраструктура, электронная оценка, инновационные педагогические технологии.

**Abstract.** The article describes in detail the digital transformation in education and its main directions. That is, the content of digital transformation education, electronic assessment, and teaching methods. The role of the student and teacher and the management system in teaching, the increasing burden on teachers in the process of digital transformation, the advantages and difficulties of mastering new technologies, and the management of the educational process using electronic platforms are considered. 3 main systems of the digital Kazakhstan program are covered. Digital components in the

process of distance learning, as well as used in education in our country Daryn.online, Kundelik.kz Bilimland shows the possibilities of such programs.

**Keywords:** digital transformation, digital education, digital literacy, digital infrastructure, electronic assessment, innovative pedagogical technologies.

Қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация – бұл цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы ғана емес, оны іс жүзінде дәлелдеу. Үлкен көлемдегі деректер, виртуалды және толықтырылған шындық, жасанды интеллект ақпараттық дәуірдің басқа белгілері өміріміздің барлық салаларының кең дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік экономикалық дамудың үлкен перспективаларын ашады. Цифрлық технологияларды енгізу білім беру жүйесінің барлық буындары мен деңгейлеріне қойылатын талаптарды толықтай өзгертіп, оларды мүлдем басқа жаңа сапалық деңгейге көтеріп отыр [1, 5 б].

Цифрлық трансформацияның мәні білім берудің барлық компоненттерін өзара байланыстырып, қайта қарауды қамтиды. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде оқу бағдарламалары дәстүрлі мазмұнмен ғана шектеле қоймай, үлкен ауқымды цифрлық ресурстармен жетілуде. Бұл құралдар оқу процесін визуалды түрде көрнекі етіп, динамикалық және практикалық тәжірибеге бағытталған сипатқа келтіріп, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ көптеген интерактивті ойындар, онлайн платформалар, сабақты бейнелер арқылы түсіндіру сияқты шешімдер заманауи оқу ортасының ажырамас бөлігіне айналып отыр.

Бүгінгі таңда дәстүрлі оқыту форматтары сандық педагогиканың көптеген элементтерімен байланыстырылып, білім беру үдерісінің тиімділігін арттыруға негізделген формаларға ауысу үстінде. Аралас оқыту (blended learning) моделі аудиториялық сабақтарды онлайн-компоненттермен біріктіріп, оқытудың тиімді әрі жекелендірілген ерекшеліктеріне жағдай жасайды. Ал «төңкерілген сынып» (flipped classroom) технологиясы теориялық мәліметті білім алушылардың өз бетінше цифрлық ортада қалыптастыруына, ал дәрістік уақытты талдау, талқылау, практикалық тұрғыда жетілдіруге мүмкіндік береді. Қоса алғанда, онлайн-оқытудың ілгерілеуі оқушыларға кең ауқымды білім көздеріне қол жеткізе отырып, оқу жылдамдығын өз мүмкіндігіне сай үйлестіруін қамтамасыз етеді. Білім беру үдерісіндегі геймификация элементтері, яғни ойын механикалары, балл жинау жүйесі, рейтинг, бейімделген сынақтар білім алуға деген мотивацияны арттырып, оқу материалының игерілуін оңтайландырады.[2, 24 б].

Қазіргі уақытта оқыту жүйесінде мектепті және білім беру үдерісін басқару сандық жүйе арқылы іске асырылады. Электронды портфолио мен журналдар білім алу процесін бақылап, оқушыларды бағалауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқушы мен мұғалім, мұғалім мен ата ана арасындағы коммуникацияны арттырады. Сандық портфолио оқушының өзіндік дамуын, жобалық жетістіктерін және академиялық прогресін қорытып ұсынады.

Сондай-ақ, оқу орындары үшін бұлттық инфрақұрылым (cloud infrastructure) мен LMS (Learning Management System) платформалары негізгі технологиялық құралдардың қатарына енді. Бұлттық сервистер дегеніміз мәліметтердің қауіпсіз сақталуын, оқу материалдарының қандай да бір жерде және кез келген платформада қолжетімді болуына ықпал етеді. LMS платформалары оқу контентін құрылымдау, тапсырмаларды тарату, автоматтандырылған бағалау, онлайн-коммуникация, оқу талдауы (learning analytics) және оқушылардың үдерісін мониторингтеу секілді функцияларды қоса жинақтайды. Осындай жүйелер оқу процесінің тиімділігін арттырып қана қоймай, сандық педагогикаға ауысу үдерісін институционалдық деңгейде қолдауға ықпал етеді. Оқыту процесінде қалыптастырушы бағалау сандық форматқа ауысу үстінде. Жалпылама алғанда осы әдіс білім алушының жетістіктерін бақылауға, кемшіліктерін анықтауға жағдай жасайды.

Оқу аналитикасы (learning analytics) бағалау сапасын жетілдірудың негізі ретінде ауқымды түрде танылуда. Бұл технологиялар оқушылардың оқу деректерін жинақтап, олардың үлгерім динамикасын, белсенділік деңгейін анықтайды. Мұндай аналитикалық ақпарат мұғалімдерге оқушының жеке ерекшеліктеріне сай тиімді педагогикалық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформацияда оқытушының рөлі дәстүрлі қызметінен педагогикалық модератор мен сандық оқу ортасының ұйымдастырушысы рөліне ауысады. Жалпы алғанда, оқушылардың деректерді іздеуіне, интерпретациялауына және оны сараптауына жол ашады. Ал білім алушының рөлі жай ғана тыңдаушы рөлден белсенді білім жетілдіруші, зерттеуші және де өз біліміне жауапты субъектке айналады.

Цифрлық технологиялар мәліметтерді табуға, талдауға және де қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, оқушылар мультимедиалық материалдар мен жобалық жұмыстар арқылы шығармашылығын дамытып, коммуникативтік, сыни ойлау, цифрлық сауаттылық және зерттеушілік дағдыларын меңгереді. Бұл өзгеріс мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты серіктестік моделіне бейімдеп, оқу үдерісін тұлғалық және белсенділікке негізделген етеді. [3, 139 б].

Қазіргі таңда цифрлық трансформацияның негізгі бағыты ең алдымен цифрлық білім беру ортасын құрудан бастау алады. Цифрлық білім беру ортасын құру негізінен оқу процесін ұйымдастырудың басты шарты. Цифрлық білім беру оқу материалын сақтай отыра оқу үдерісін тиімді жүргізуге мүмкіндік береді. Университет аясында баға қоюды автоматтандыруда, сонымен қатар оқу материалын жүйелеуде қолданатын Platonus платформасы бар. Оған қоса, онлайн цифрлық кітапханалар, мектеп жүйесіндегі виртуалды сыныптар және электронды күнделіктер осылардың барлығы цифрлық трансформацияның бір бөлшегі.

Цифрлық білім мазмұнын жаңартуда білім алушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында интерактивті тапсырмаларды қолдану. Бұл білім алудың қолжетімділігін және білім алушылардың таңданысын арттырады. Яғни, цифрландыру оқу материалдарын практикалық іс жүзінде ашуға, анимациялық қосындылармен материалды визуалды қабылдауды жеңілдетеді. AR және VR технологиялар көмегімен зертханалық жұмыстарды қауіпсіз ортада орындауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар оқу процесінің өнімділігін жоғарылатып, білім алушылардың ізденушілік қабілеттерін дамытуда үлесі зор.

Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының жоғарылығы да маңызды рөлді атқарады. Сабақ өту барысында технологияларды педагогикалық оқу процесіне сай өтімді пайдалана білуі керек. Оқу материалдарына презентациялар, бейне материалдар, интерактивті тапсырмаларды дараландыру маңызды. Онлайн сабақтарды өтуде қолайлы Google Meet, PruffMe сынды платформаларды таңдау, платформаға оқу материалдарын жүктеу. [4, 19 б]. Педагогтың цифрлық сауаттылығы жоғарылаған сайын, білім алушылардың да нәтижерлері арта түседі.

Білім алушылардың деңгейін бағалауда цифрлық бағалау мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге қолайлы жағдай жасайды. Виртуалды платформаларда тапсырмаларды автоматты түрде өткізіп, нәтижелерін тез талдауға қолайлы. Proctoring жүйесі арқылы академиялық адалдықты сақтап, әділ түрде қашықтықтан емтихан өткізуді жүзеге асырады.

Цифрлық трансформацияның білім беруге әсерінің екі жағы болады. Яғни цифрлық білім беру үдерісі тек позитивті түрде ғана емес, сонымер қатар өзіндік қиындықтарымен бірге жүреді. (Кесте 1.)

Кесте 1. Цифрлық білім берудің артықшылықтары мен қиындықтары

| **Артықшылықтары** | **Қиындықтары** |
|---|---|
| Білім алушының деңгейін автоматты түрде анықтау және жоғарылату мүмкіндігі. | Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығының төмен дәрежеде болуы. |
| Кез келген жерден онлайн платформа арқылы оқу қолайлылығы. | Білім алушылардың деректерінің қауіпсіздігінің төмен болуы. |
| Оқу процесіндегі әртүрлі технологиялар арқылы қызықты сабақ өту. | Оқу процесі кезіндегі платформалар мен жүйенің тежелуі немесе ақаулар болуы. |
| Инклюзивті білім беру жағдайына мүмкіндіктері көп. | Құрылғыларға тәуелділіктің туындауы және жетіспеушілігі туындауы. |

1 - кестеде цифрлық білім берудің артықшылықтары мен қоса қиындықтары көрсетілген. Жалпы цифрлық трансформация барысында ауырлықтардың көбі мұғалімдерге түседі. Яғни, мұғалімдерге оқу жүкетемесінің артуы және жаңа жүйені меңгеруге уақыт керек. Сабақ барысындағы ақаулық қиындықтар және т.б. [5, 16 б].

Соңғы уақытта Қазақстан Республикасында білім беру процесін цифрландыру жалпы мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына өзгерді. Цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру, ресурстар қосу және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру мақсатындағы ауқымды шаралар оқу сапасын жоғарылатуға жол ашуда.

“Цифрлық Қазақстан” мемлекеттік бағдарламасы елдің барлық әлеуметтік-экономикалық салаларында цифрлық технологияларды енгізуге негізделген. Оқу үдерісінде бұл бағдарлама 3 негізгі жүйелерді қамтиды. Ең алдымен e-learning жүйелері орнатылды, бұл оқу материалдарын сандық форматқа ауыстыруға және онлайн қолжетімділікке ықпал етті. Келесі e-gov платформаларының көмегімен білім беру қызметтерін электронды алу оңтайланды, мысалы құжат тапсыру, мектепке тіркелу, ақпараттық анықтамалар. Соңғы жүйе цифрлық инфрақұрылым нығайтылды: мектептерді интернетпен жабдықтау, компьютерлік жүйелерді жаңарту, серверлік және бұлттық шешімдерді кірістіру.

Білім берудегі цифрлық технологияларға көшу - білім беру жолында көптеген ерекше жаңа мүмкіндіктерін ашады. Қашықтықтан білім беру жүйелері инфрақұрылымдар мен қызметкерлердің күрделі жиынтығынан тұрады. Кейбір факторларды ескеру қажет. Оқу, технологиялық, енгізу және ұйымдастыру мәселелері. Кез-келген жүйе сияқты, қашықтықтан білім берудің бүкіл жүйесі біртұтас жұмыс істеуі үшін жеке компоненттер тиімді жұмыс істеуі керек.

Қашықтықтан оқыту тұрғысынан цифрлық технологиялардың құрамдас бөліктері:

1.Бұқаралық ақпарат құралдары білім беруде тиімді қолданылады, тапсырмаларды құрылымдауға және орындауға септігін тигізеді. Пайдаланушыға керек ақпаратты табуға мүмкіндік береді, сол секілді білімді бірнеше формада ұсынуға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта сандық камералар, бейнекамералар, интерактивті тақталар, жұмыс үстелі камералары сияқты цифрлық технологиялар кеңінен қолданылады. Сондай ақ, блогтар, бірлескен бағдарламалық қамтамасыз ету, портфолио және виртуалды сыныптар сияқты әдістердің комбинациясы да оқыту үдерісін тиімдірек етеді.

2.Аудио және бейне құралдары білім беру процесінде тиімді пайдаланылады. Радио синхронды оқытуды, ал веб-трансляциялар мен подкасттар асинхронды аудио ағынын қамтамасыз етеді. Сымсыз микрофондар оқушылар мен оқытушыларға нақты қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды. Бейне технологиялары VHS, DVD, YouTube, TeacherTube, Skype, Adobe Connect және веб-камералар арқылы цифрлық бейне ағынын ұсынады. Осы құралдарды қолдану қашықтықтан оқыту кезінде спикерлер мен сарапшылармен байланыс орнатуға тиімді және болашақта тәжірибе ретінде қолдануға жарамды. [6, 44 б].

3. Компьютерлер, планшеттер және мобильді құрылғылар бірлескен оқытуды қолдайды. Бұл оқушылардың оқу мақсатына жету мен тапсырманы орындау үшін топтық өзара әрекеттесуге негізделген тиімді әдіс болып табылады. Смартфондар мен планшеттердің соңғы технологиялық жетістіктері есептеу қуаты мен деректерді сақтау мүмкіндіктерін жетілдіріп, білім беру қосымшаларын дайындауға жол ашады. Көптеген платформа жасаушылар мен білім беру мамандары осы құрылғыларды бірлескен оқу құралы ретінде зерттеу үстінде.

Еліміздегі оқыту үдерісін жетілдіретін ұлттық білім беру платформаларын төртке бөліп қарасақ болады. Біріншісі Kundelik.kz – электрондық журнал және күнделік жүйесі. Ол мектеп, педагог, оқушы және ата-ана арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді. Екінші платформа Bilimland – интерактивті сабақтар, видеоматериалдар, жаттығулар мен симуляторлар арқылы оқу контентін жандандырады. Үшінші Daryn.online – пәндік дайындық, тестілеу, олимпиада форматындағы тапсырмалар ұсынатын ақымды онлайн платформа. Соңғы платформа Openu.kz – қазақстандық ЖОО-лардың онлайн курстарын біріктірген ашық білім беру порталы болып табылады. Сондай ақ, жоғарыда атап кеткен платформалар цифрлық контенттің қолжетімділігін арттырып, оқытудың тиімділігін күшейтті деп айтсақ болады.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, А.Е. Беделбаева. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 128 б.

